

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ
ҚР ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

**Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы:
зерттеу, жүйелеу және насихаттау**

Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары

"Елтаным баспасы"
Алматы, 2017

ӘОЖ 821.512.122.0 (063)

КБЖ 83.3 (5қаз)

А 94

Жалпы редакциясын басқарған:

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филол.ғ.д., проф. *Е.Қажыбек*
ҚР Ұлттық кітапханасының директоры *Ж.Сейдуманов*

Пікір жазғандар:

филол.ғ.д., проф. *М.Қойгелдиев*,
филол.ғ.д., проф. *А.Ісімақова*

Редакция алқасы:

ҚР ҰҒА академигі *Ә.Қайдар*, ҚР ҰҒА академигі *Р.Сыздықова*, ҚР ҰҒА академигі *Ө.Айтбаев*,
филол.ғ.д., проф. *Ә.Жүнісбек*, филол.ғ.д., проф. *З.Базарбаева*, филол.ғ.д., проф. *К.Хұсайын*,
филол.ғ.д., проф. *Ж.Манкеева*

Жауапты редактор:

филол.ғ.д. *О.Жұбаева*

Жауапты шығарушылар:

А.Шормақова, Ә.Әбсаттар

А 94 Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықар. ғыл.-теор. конф. материалдары / Жауапты редакциясын басқарған – *Е.Қажыбек, Ж.Сейдуманов.* – Алматы: Елтаным баспасы, 2017. – 396 бет.

ISBN 978-601-7849-23-8

Жинаққа мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, әдебиет зерттеуші, түркітанушы, ақын, публицист, педагог, аудармашы А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына арналған «**Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау**» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары еніп отыр. Кітап қазақ тіл білімінің тарихы, алаштану, ахметтану, қазақ тілі мен әдебиеті мәселелерін зерделеп жүрген мамандарға, филология факультеттерінің докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0 (063)

КБЖ 83.3 (5қаз)

ISBN 978-601-7849-23-8

© А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты, 2017

АЛҒЫ СӨЗ

Е.З.Қажыбек

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

Бүгінгі таңда тарихымызды таразылап, рухани болмысымызды айқындауға жол ашылып отыр. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек... Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу», – дей келіп, ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту қажеттігін баса айтты. Осыған байланысты ұлттық кодтың негізі болатын Ә. Бөкейхан, М. Тынышбаев, Х. Ғаббасов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы сынды ғалымдарымыздың ғылыми мұрасын жаңа заман тұрғысынан қайта зерделеп, шынайы бағасын беретін, болашақ зерттеулердің бағыт-бағдарын айқындайтын кез туды.

Елбасымыз «Тарих толқынында» атты еңбегінде ХХ ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алғанын атап өткен еді. Сондықтан алаш зиялыларының еңбектерін жаңа заман тұрғысынан қайта зерттеп, жасампаз идеяларын болашақ ұрпақтың санасына сіңіру жастардың бойында қазақстандық патриотизм қалыптастыруға негіз болмақ.

Үстіміздегі жылы тарихымызда рухани жаңғырудың бастауы болған Екінші Жалпықазақ съезінің өткеніне, «Алашорда» үкіметінің құрылғанына 100 жыл толып отыр. Осы үкіметтің төрағасы болып сайланған Ә. Бөкейханның 150 жылдығы былтыр ЮНЕСКО көлемінде атап өтілді.

Тәуелсіз мемлекет құруды көздеген алаш зиялылары ұлттық бірегейлікті сақтап қалуды мақсат етті. ХХ ғасырдың басындағы ұлт көсемдерінің мақсаттары мен бүгінгі таңдағы даму бағдарымыздағы сабақтастық, Президентіміздің ұлттық салт-дәстүр, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымызды бойымызда мәңгі қалуға шақырған елдің ертеңін терең зерделеген сарабдал саясаты ұлт зиялыларының ғылыми мұрасын қайта зерттеуді, дендей пайымдауды қажет етіп отыр.

Мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, әдебиет зерттеуші, түркітанушы, ақын, публицист, педагог, аудармашы А. Байтұрсынұлының еңбектері ешқашан тарихи маңызын жоймайды. Бүгінгі таңда ғалымның ХХ ғасырдың басында жазған еңбектерінің қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттармен, инновациялық парадигмалармен сабақтастығы анықталып отыр. Жалпы тіл білімінде ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында ғана сөз болып, қолға алына бастаған көптеген жаңа бағыттар қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы еңбектері арқылы ХХ ғасырдың басында жан-жақты сараланып, жүйеленген. Бұл – ұлтымыздың мақтанышы.

Ахмет Байтұрсынұлына арналған өмірбаяндық еңбегінде Міржақып Дулатұлы Ахмет Байтұрсынұлының Кеңес үкіметі орнаған соң ағартушылықпен қатар түрлі жауапты қызметтер атқарғанын ескертеді. Атап айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы 1920-21 жылдары Қазақ АКСР халық ағарту комиссары қызметінде болған (яғни, Ахмет Байтұрсынұлын «білім-ғылым саласының алғашқы министрі» дегеніміз жөн), 1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922-25 жылдары Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болған.

Ғалым еңбектерін жаңаша зерттеу, идеяларын толыққанды саралау еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болып отыр. Тоқырау жылдары А. Байтұрсынұлының еңбегін бағаламақ түгілі, инициалдарының алғашқы әріптерін бергені үшін ғалымдарымыз қудалауға түсіп, еңбектері туралып кеткен. Алаш зиялыларының еңбектерін жинақтап, жүйелі түрде зерттеуге тәуелсіздігіміздің, ұлттық дербестігіміздің арқасында қол жеткізіп отырмыз. Бұл бағыттағы ізденістер алдағы уақытта да жалғасын тауып, ғалым мұрасы ел игілігіне айналмақ. А. Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы ұлттық санамызды кемелдендіру жолындағы рухани азық болары сөзсіз.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Сыздықова Р.

ҚР ҰҒА академигі, филол. ғ.д., профессор

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы

Оқу-ағарту идеясы – А.Байтұрсынұлының қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі болды. Бұл платформаны мықтап ұстауға алып келген – оның өз халқының тағдырын ойлаған қам-қарекеті. А.Байтұрсынұлы – ұлттық рухымыздың ұлы тіні. Ұлттық рух дегеніміз – ұлттық намыс, қазақ екенін сезіну. Соны бастап берген, сары маса болып ызындап, бүкіл халықты «қазақпын» деп көтерілуге шақырған – Ахмет Байтұрсынұлы.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы, ұлттық ғылымының арқауы. Неге? Басқа ұлттың ғалымдары (орыс ғалымдары): «Қалайша мектеп оқулықтарын ғылымның басы дейсіз?» – деп таңғалады. Әрине, бұрыннан оқу-жазуы бар, ғылымы бар, университеттері үш жүз, төрт жүз жыл бұрын ашылған халықтар үшін ғылымның негізін мектептен бастау оғаш көрінетін шығар. Шындығында, қазақтың нағыз ұлттық ғылымы – қазақ тілі туралы ғылым, қазақтың әдебиеті, қазақтың тарихы туралы ғылым.

Бұл пікірді бүгін ғана айтып отырған жоқпын. 60-жылдары Душанбеде конференция болды. Онда одақ бойынша түрлі ғалымдар бас қосып, коммунизм кезіндегі тілдер туралы сөз етті. Сонда сөйлеген сөзімде осы ойды айттым. А.Байтұрсынұлын атай алмадым, бірақ: «Қазақ тіл білімі – қазақ ғылымының басы болды. Қазақ лингвистикасы бастауыш мектептің оқулықтарынан басталды», – дедім. Кейін Ермахан Бекмахановтың жұбайы – Халима Адамовнамен кездескенімде: «Ерекең сіздің сол тұжырымыңызға қатты риза болып қайтты: «Рәбиға Сыздықова ғажап нәрсе айтты, жаңа, ешкім айтпаған, тың пікір айтты: «Қазақтың ұлттық ғылымы мектеп оқулықтарынан басталады», – деді. Ғаламат пікір, дұрыс пікір!» – деп сүйсінгенін жеткізгенде көтеріліп қалдым.

Осы тұста тағы бір пікір таласына тоқталуға тура келеді: мектеп оқулықтары жай ғана білім бе әлде ғылым ба, дәлірек айтсақ, белгілі бір тілдің құрылымын таныстырған алғашқы мағлұматтар сол тіл туралы ғылым саласының бастапқы көрінісі бола ма, жоқ па? Әрине, тіл туралы ғылымның мазмұны мен сипаты барлық кезеңде бірдей болмақ емес, оның тіл таныту мақсаты, зерттеу ұстанымдары, әдістері тұрғысынан қарағанда, алғашқы кезеңі мен қазіргі кезеңінде, тіпті орта тұсында айтарлықтай өзгешеліктердің болуы заңды әрі даусыз. Қазіргі кезде нағыз лингвистикалық талдауларды ғылым деп танысақ, сол талдаулардың көзі, бастауы болу керек қой. Осы орайда біз «тіл туралы ілім тілдің жалпы және тұрақты белгілерін баяндаудан қалыптасады» деген тұжырымды ұстанамыз, яғни, «мектеп грамматикаларында ғылыми сипат жоқ» деген пікірді қостамаймыз.

«Ғылым» деген сөздің негізгі мағынасы – «наука» емес. Ұлы Абайда бірнеше рет кездесетін «ғылым» сөзі «оқу-ағарту, білім» мағынасында қолданылған, «наука» мағынасында емес. «Ғылым таппай мақтанба» дегенде ол: «Ғылыммен айналысып, Эйнштейн сияқты ғалым бол!» – деп тұрған жоқ қазаққа, «оқып алмай, сауаттанып алмай, хат танымай тұрып, мақтанба!» деген ой айтады. Сол ғылымды бастаған, білімді ғылым түрінде бастаған – Ахмет Байтұрсынұлы болды.

А.Байтұрсынұлының қазақ тілі туралы білім-ғылымның негізін салуына ағартушылық идеясы себеп болды. Ол ағартушылықты өзінің азаматтық міндеті, дүниетанымының кредосы (негізі) деп санаған. Бұл ұлттық сананы көтерудің, өз сөзімен айтсақ, қазақты «өзге жұрттар өрге қадам басқанда қатарынан қалыспайтын» халық етіп ілгері бастырудың алғашқы арнасы – оқу-ағарту деп білді. Қазақтың қалың бұқарасының сауатсыз қараңғылығы рухани-мәдени дамуының бірден-бір кедергісі екенін бейнелі тілмен қазақтың намысына тигізе: «надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты», – деп ашып айтты. Ағартушылықты үгіттеген өзге қайраткерлерден Ахаңның үлкен айырмасы – ол өнер-білімге шақырумен қатар осы жолда нақты іске көшті: оқулықтар жазды, оқыту әдістерін көрсетті, 1913-1929 жылдары газет-журнал беттерінде, мәслихат-жиындарда қазақ даласындағы оқу-ағарту жайын кеңінен сөз етті, ұсыныстар жасады, 13-14 жыл бойы (1895-1909 жылдары) бала оқытты. Міне, бұл – ағартушы Байтұрсынұлының бейнесін танытатын нақты іс-әрекеттер.

А.Байтұрсынұлы қазақ балаларының сауатын ашуда бұрынғы ескі сүрлеу, тар соқпақпен жүрудің ендігі жерде ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамына қол еместігін көреді. Қазақ баласы енді сауатын

бөгде тілде емес, яғни, араб, татар, орыс тілдерінде емес, ана тілінде ашуы керек, білім-ғылыммен қазақ тілінде сусындауы тиіс деп табады. Қазақ мектептерінің болуы, бүкіл оқу-тәрбие жұмысы қазақ тіліне жүруі қажет екенін ашып айтып, күн тәртібіне қояды, өзі де қазақ мектептерінің болуы, ана тілінде оқытылуы үшін күреседі. А.Байтұрсынұлының бұл тұжырымдарын қазіргі кезде де жадымызда ұстауымыз керек. А.Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған халықтың өзі де жоғалады», – дейді. Тіл – алты-жеті қамалдың ішіндегі ең соңғы құлайтын қамал. Тіл құласа, ол тіл қызмет еткен, сол тілмен бірге аталып келген халық та құриды. Адамдар болғанмен, олар қазақ болмайды. Сол халықтың аты жойылады. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», – дейді. Шынында, қазақ халқының сақталуы тілінің сақталуына байланысты. Қазақ тілін сақталуы қазақ мектептерінің сақталуына байланысты. Мектеп табалдырығын аттаған баланың сөйлеген тілі – ана тілі болады. Баланың ең алғашқы көбірек сөйлейтіні, үй ішінде сөйлейтіні, ойлайтыны, түс көретіні бір тілде болуы керек, үш тілде емес. Сол – ана тілі болуы керек.

Мектепте ең болмағанда бастауышта орыс тілінде де емес, ағылшын тілінде де емес, тек қана ана тілінде оқыту керек! Балаға ана тілін бастауыш мектептен меңгертіп, кейін басқа тілді қосу керек. Айналасын ана тілінде танып, әр заттың қазақша атауын білген соң ғана оның орысшасын, ағылшыншасын үйренуі оңай болады. Ана тілі болмаған адамнан ешқандай ақын да, жазушы да, суретші де шықпайды. Ғалым шығар, маман шығар, тіпті атақты адам да шығар. Бірақ онда ешқандай мәдени азық болмайды. Ағылшын тілінде тамаша жазсын, орыс тілінде өлең шығарсын, бірақ ол – ана тілі емес. Сондықтан үкімет, басшылар, оқу-ағарту саласындағылар қазақ мектебін қолға алып, қамқорлық көрсетуі керек. Қазақ мектебіне немқұрайдылықпен қарайтын болсақ, үш ұрпақтан кейін ол тіл құриды...

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мектептерін ашып, оқуды қазақ тілінде жүргізу үшін, ең алдымен, ұлттық жазуы (ғылым тілімен айтсақ, графикасы, сол кездегі терминмен айтсақ, әліпбиі) болуы қажет деп біледі. XX ғасырдың 10-жылдарына дейін қазақтың өз жазуы болмаған еді. Бұл кезге дейін өзге көршілес түркі халықтары сияқты, қазақтар да араб таңбаларын қолданып келді, бірақ ол – қазақ жазуы емес, араб жазуы-тын. Халқымыздың әрі қарайғы мәдени-рухани дүниесінде жат жұрттық жазуды қолдана берудің өмір талабына сай еместігін, яғни, араб алфавиті сол күйінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай келмейтінін, бұл таңбалармен қазақ сөздерін дұрыс, сауатты жазуға мүмкіндіктің аздығын, оқыту ісінде келтіретін қиындығын анық байқаған қазақ зиялылары ана тіліміздің өз жазуын жасау керектігін сөз ете бастайды. Бұл әңгіме әсіресе XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында күшейе түседі. Әлеуметтік пікірге «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті де үн қосып, мақалалар жариялайды.

Әрине, ешбір құбылыс, оның ішінде ұлттық жазу сияқты ауқымды әрекет бірер жылда жүзеге аса қоймайтыны белгілі. Ұлттық әліпбиді жасау қолдан келгенмен, бұған ғалымның (түзушінің) білім-танымы жеткенмен, оның қажеттігін, жөн-жосығын, дұрыстық, түзулігін дәлелдеу, өзгелерге түсіндіру сияқты қыруар шаруа жасау керек. Сондықтан Ахаң 1912 жылдан бастап ғалым, зерттеуші ретінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен таңбалайтын әріптер жайындағы пікірлерін білдіре бастайды. «Айқаптың» 1912 жылғы 9-10-нөмірлерінде «Шаһзаман мырзаға» атты үлкен мақала жазып, онда қазақ дыбыстарын білдірмейтін кейбір араб таңбаларын қазақ алфавитіне енгізбеу керектігін, сөздің тұтас жіңішкелігін білдіру үшін алдына «дәйекше» дейтін таңба қою қажеттігін дәлелдейді. Осы мақалада «дыбыс», «әріп», «дәйекше», «жуан дыбыс», «жіңішке дыбыс», «қағида» т.с.с. қазақша лингвистикалық терминдерді тұңғыш рет кездестіреміз. Ахаңның үлкен жаңалығы – әліпбиге дәйекше енгізгені. Сөздің оң жақ шекесіне қойылатын дәйекше белгісі сол сөздің тұтас жіңішке оқылатынын көрсетеді, ал бұл – алфавитті қазақ тілінің ерекшелігі болып саналатын үндестік заңы – сингармонизмге икемдеу амалы екенін көреміз. Мұндай икемдестіру өте қажет, өйткені қазақтың төл сөздері тұтасымен не жуан, не жіңішке дауысты дыбыстармен келетіндігін осы дәйекше арқылы көрсетуге болады. Дәйекше тұрса, сөз ішіндегі дауыстылар жіңішке болғаны. Бұл ретте Ахаң әр тілдің ұлттық ерекшелігі болатынын жақсы білген нағыз фонолог ғалым ретінде көрінеді, қазақ тіліндегі 43 түрлі дыбысты 25 әріппен таңбалауға болатынын дәлелдейді.

«Қазақ» газетінің 1913 жылғы 34-інші және әрі қарайғы сандарында «Жазу мәселесі» деген көлемді мақала жариялап, кейбір дауысты дыбыстарды таңбалауға байланысты өз пікірін айтады. Сөйтіп, әрі қарайғы ізденістерінде араб графикасын пайдаланған қазақ жазуы үшін мынадай ұсыныстарын айтады: 1) қазақ жазуы үшін араб алфавитіндегі жуан **т, с, з, д, ғ**, х дыбыстарының таңбаларын алмау, 2) қазақ тіліндегі **ы, і, и, ұ, ү, у** дыбыстарының әрқайсысына таңба белгілеу, 3) **к, г** дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбыстармен келген сөздердің жіңішкелігін (яғни, қазіргі **ә, і, ү** дыбыстарымен айтылатынын) білдіру үшін сөздің алдындайекше таңба қою. Бұлайша түзілген алфавит сауат ашудың дыбыс жүйесіне сай келетіндігі байқалады. Ғалым өзгелермен айтысып, өз

жобасын ұсынады, оны түсіндіреді. Кезінде мұны өзге түркі халықтарының, орыстың білімпаздары мен қазақ қауымы «Байтұрсынұлы жазуы» деп атаған еді, ал Ахаңның өзі оған «қазақ жазуы» деген айдар тақты. «Қазақ жазуы» деуінің орны бар еді. Бұл әліпбидің негізі араб таңбалары болғанымен, ол «араб жазуы» деп атала алмайды, өйткені қазақтың жазба дүниесіне арналған бұл алфавит қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріліп, жаңаша түзілген, яғни, қазақ тілінде жоқ дыбыстардың таңбалары шығарылып тасталған, араб алфавитінде жоқ кейбір таңбалар қосылған, мүлде жаңа әліпби болды, қазақ әліпбиі (алфавиті) болып шықты. Демек, көрсетілген екі атаудың екеуі де дұрыс еді: «Байтұрсынұлы жазуы» деп аталуы ғалымның осы әліпбиді түзуде, қазақ тіліне икемдеуде, оның дұрыстығын дәлелдеуде сіңірген қыруар еңбегін, «маңдай терін» бағалау болса, «қазақ жазуы» деп аталуынан оның ұлттық мәдениеттің көрсеткіші екендігі танылады. «Байтұрсынұлы жазуы» 1912 жылдардан бастап қолданыла бастады.

А.Байтұрсынұлы түзген әліпбиді оның алғашқы ұсынылған кезінен бастап қазақ жұртшылығы, әсіресе сол кезеңдегі мұғалімдер қауымы еш талассыз, бірден қабылдады, оны іс жүзінде қолдана бастады. Мысалы, 1915 жылдың бір өзінде бұл жазумен (және емле тәртібімен) 15-тей кітап басылып шығыпты. Сондай-ақ Ахаң ұсынған «жаңа емле» (жаңа қазақ әліпбиін кезінде осылайша да атаған) 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ-орыс мектептерінде де қолданыла бастайды. Бұған оңды ықпал еткен жайттардың бірі – А.Байтұрсынов 1910 жылдары жазу таңбаларын түсіндіретін «Баяншы» атты құрал мен кейінірек «Әліпби астары» атты әдістемелік еңбектерді жарыққа шығаруы және 1914-1915 жылдардан бастап қазақ мектептері үшін «Оқу құралы» (қазіргі «Әліппе»), «Тіл – құрал» (қазіргі грамматика оқулықтары) атты құралдарды қоса ұсынуы болды.

Ахмет Байтұрсынұлы өзі түзген әліпбиін әрі қарай да қырпап, түзетеді, оның полиграфиялық жағынан қолайлы-қолайсыз жерлерін, оқытубарысындағы тиімді-тиімсіз тұстарын салмақтайды. Сөйтіп, араб таңбалары негізінде түзіліп, қазақ тіліне лайықталған жазу 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыланып, ресми түрде қабылданады.

А.Байтұрсынұлының бұл тәжірибесін өзге түркі халықтары сол кезде үлгі тұтып, олар да өз жазуларына өзгерістер жасай бастайды. 1929 жылы «жаңа дәуірдің», «советтік мәдениеттің», қысқасы, коммунистік саясаттың тепкінімен латын жазуына алмастырылған қазақ әліпбиінің тарихы қалың жұртшылыққа аян. Ол әліпби (графика) араб таңбаларын пайдаланған, бірақ араб жазуы емес, ұлттық қазақ жазуы болатын.

Ресейдің қол астындағы түркі халықтары жаппай латынға көшкенде оны қабылдау барысындағы жиын-жиналыстарда А.Байтұрсынұлы, М.Дулатовтардың араб таңбалы қазақтың ұлттық жазуын сақтап қалуға күш салғанын, айтыстарда дәлелдеп шыққандарын білеміз, бірақ саясат тоқпағы күшті болып, ұлттық дербестік, ұлттық мәдениет сияқты киіз қазықтар жерге кіргенін де ұмытқанымыз жоқ.

Түркі халықтардың жазуын латындандыру сияқты «қызыл» саясатқа сүйенген күрестің салдарынан қазақтың араб таңбалы тұңғыш ұлттық жазуы тарих төрінен кетті. КСРО-ны мекендеген аз ұлттардың сан ғасырлардан бері қолданып келген жазуларын тастап, латынға көшу керек деген мәселе 1926 жылдан бұрынырақ басталған-ды. Мерзімді баспасөз беттерінде, жиын-жиналыстарда алдын ала пікір айту, пікір таластар жүргізілді. Ақырында 1926 жылы Баку қаласында Бүкілодақтық бірінші түркологиялық съезд өткізіліп, түркі халықтарының жазуы, орфографияның негізгі принциптері, терминология мәселелері, түркі халықтарының тарихы, типографиясы, ана тілін оқыту әдістемесі т.б. көптеген мәселелер күн тәртібіне қойылды. Солардың ішінде талас-тартысы көбірек болғаны – түркі халықтарының тегіс латын алфавитіне көшуі жайындағы мәселе болды. Съезге Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омаров, Әзиз Байсейітов, Біләл Сүлеев, Нәзір Төреқұловтар қатысты. Қазақстаннан съезд президиумына А.Байтұрсынұлы сайланды, ол съезде жұмыс істеген бірнеше комиссияның құрамына енді. Съезде түркі халықтарының бұрыннан қолданып отырған алфавиттерін тастап, латынға көшу жөніндегі пікір таласында екі топ бөлініп шықты. Бірі – «бұрыннан пайдаланып келген әрі нақтылы ұлт тіліне лайықталып реформаланған, ресми қабылданған араб не орыс графикасын (мысалы, сол кезде якуттар қолданып отырған) латыншаға ауыстырудың ешқандай не саяси-идеологиялық, не экономикалық тиімділігі жоқ, сауат аштыру, оқыту ісінде де лайықталған араб графикасы мен қабылданбақшы латын жазуының бір-бірінен артық-кемдігі шамалы, керісінше, жазу таңбасын өзгерту сан ғасырлық жазба дүниеден, жазба дәстүрден қол үзу қаупін тудырады» дегенді айтты. Екінші тобы – «араб жазуы түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне сай келмейді, латын алфавиті түркі тілдерін Еуропа мәдениетіне жақындастыра түседі» дегендерді дәлел етті. Алғашқы пікірдегілердің бірі А.Байтұрсынұлы болды. Бұл жерде Байтұрсынұлының концепциясынан ұлтшылдық, пантюркистік немесе советке қарсылық іздеу мүлде қисынсыз: ол араб жазуы арқылы ислам дінін уағыздауды көздеген жоқ, өйткені

Байтұрсынұлы реформалаған қазақ жазуы «Құран» жазуынан мүлде алшақ екені айдан анық. «Пантюркистік пиғылда болды» деу де орынсыз, керісінше, А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің дербестігін қолдаған; үшіншіден, бұл жердегі ғалым әрекетінен антисоветизм іздеу де нанымсыз, себебі жазу таңбасының түрі идеологияның мазмұны мен бағытын өзгерте алмайтынын Байтұрсынұлы да, өзгелер де, біз де жақсы білеміз. Бірдей графика халықтар мәдениетін жақындастыратындығы сөзсіз, бірақ латынға көшкен түркі халықтары ол күнде отандас орыс халқының емес, капиталистік қоғамда өмір кешіп отырған Еуропа жұрттарының мәдениетіне жақындай түскен болар еді. Демек, ғалымның араб жазуын жақтаудағы мақсаты – 12-13 жыл бойы қолданылып, орнығып қалған қазақ тілінің дыбыстық табиғатына лайықталып өзгертілген, ресми түрде қабылданған алфавиттің қазақ мұқтажыдығын толық өтеп отырғандығы, оның дыбыс әдісімен оқыту ісінде айтарлықтай қолайлы болып шыққандығы, полиграфиялық мүмкіншіліктер жағынан да, экономикалық мүмкіндіктер тұрғысынан да бұрынғы алфавитті сақтау пайдалырақ екендігі. Әрине, қазіргі тұрғыдан келгенде, оның үстіне совет үкіметі тұсында қолға алған шараларымыздың бәрі дұрыс, бәрі прогрессивтік болды деп сан жылдар өзімізді өзіміз шатастырып келген дәстүрімізге бассaq, мүмкін, сол кезде латынға қарсы шыққандардың пікірін дұрыс емес деуге де болар, бірақ «айналасы 14-15 жылдың ішінде қазақ, өзбек, татар т.б. сияқты көне мәдениетті ірі халықтардың үш түрлі графиканың бірінен соң біріне көшірудің қаншалық қажеті болды, әсіресе бас-аяғы 13-14 жыл ғана қолданылған латын жазуы қаншалықты ұтымды болды?» деген сауал туады.

А.Байтұрсынұлы түзген «Қазақ жазуы» Қазақстанда 17-18 жылдай жақсы қолданылып, енді тұрақтай бастағанда, күшпен тарих сахнасынан түскенмен, мүлде құрдымға кеткен жоқ: ұлттық араб жазуы мол мұра қалды, қолданылған кезеңінде қазақ халқының сауатын кеңірек ашуға қызмет етті, бірнеше жүздеген кітап, өзге де жазба дүниелер жарыққа шықты, қазақ баспасөзін дамытты, қысқасы, бұл жазумен қалдырылған мол жазба дүние қазіргі мәдениетімізге де орасан зор қызмет етіп отыр. 1930 жылдарға дейін хат танығандардың күнделікті қолданысында орын алып келді. Мысалы, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов т.с.с. ілгергі буын ақын-жазушылары қолжазбаларын ең соңғы күндеріне дейін осы жазумен жазып қалдырды.

Қытай Халық Республикасындағы, Иран мен Ауғанстандағы қандастарымыздың күні бүгінге дейін «Байтұрсынұлы жазуын» қолданып отыр. Шыңжаңдағы бауырларымыз да саясаттын салқыны тиіп, он шақты жылдай латынға көшіп, араб таңбаларынан арылмақ болғанмен, тиімді-тиімсізді салмақтай білген өмір талабы қазақ халқының маңдайына біткен бірден-бір ұлттық жазуы – «Байтұрсынұлы жазуына» алып келді. Бұл күнде Шыңжаңдағы қазақ туыстарымыз бүкіл оқу-ағарту ісін, баспа дүниесін осы графикамен жүзеге асырып отыр. Ахаң түзген әліпби мен ол жасаған емле тәртібі мұнда өте жақсы қызмет етіп отыр. Қытайдағы қандастарымыздың еңбегімен жарық көріп жатқан қаншама дүние бүгінгі қазақтың тұтас жұртшылығының, яғни, қазақстандық, монғолиялық, ресейлік, түркиялық, өзбекстандық қазақтардың да баға жетпес байлығы, жоғалмас қазынасы, алдағы рухани-мәдени азығының мол қоры болып табылмақ. Осындай қазынаның иелерін бір-бірімен таныстырып, жалғастырып отырған құралдың бірі – Ахаңның тер төккен еңбегі – араб таңбалы «қазақ жазуы», ұлттық жазу. Бұл графиканың ғылым үшін де маңызы зор: алфавитті тілдің табиғатына сай етіп түзудің дұрыс үлгісін бергендігімен құнды. Бүгінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесін ғылыми негізде әрі техникалық аппараттармен зерттеуші Ә.Жүнісбек, М.Жүсіпов, Н.Уәли сияқты ғалымдар А.Байтұрсынұлының бұл табысын өте жоғары бағалап отыр. Олар Аханды бұрынды-соңды қазақ тілінің дыбыс жүйесін зерттеушілердің ішіндегі тіл табиғатын дұрыс сезген күшті ғалым, ана тіліміздің дыбыс заңдылықтарын дұрыс танып, жазуын сол заңдылықтарға бағындырып жасаған зерттеуші деп біледі.

А.Байтұрсынұлы өзіне жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі қазақ жазуын («Байтұрсынұлы жазуын») түзген, екінші, сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты оқулығын жазған. Одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылысын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, мұны орындау үшін «Тіл – құралды» жазған, төртінші, тілді дұрыс қолдана білу тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін «Тіл жұмсарды» ұсынған, бесінші, сауат аштыру, қазақ тілін оқыту әдістемесін жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншы» мен «Әліп-би астарын» жазған. Міне, бұлар – Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін зерттеудегі және оқу-ағарту майданындағы істеген істері мен жасаған еңбектері, осы салалардағы орнын көрсететін үлесі, Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың ұлттық білім-ғылымының көшбастары дегізетін тарихи мұра.

А.Байтұрсынұлы мектепте ана тілінде оқыту қажеттігіне ерекше ден қойған. Мектепте ана тілінде оқыту үшін алдымен қазақша жазу таңбаларын, яғни, алфавитін жасап шыққан. Содан соң балаларға осы таңбаларды танытып, сауатын ашатын әліппеден бастап, сол тілді пән ретінде үйрететін

грамматика оқулықтарын жазу керек болды. 1912 жылы мектеп балаларын қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазғаннан кейін көп ұзамай мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған I-бөлімі «Тіл – құрал» деген атпен алғаш рет 1914 жылы жарық көреді. Ол әрі қарай бірнеше рет басылған, 1927 жылғы Қызылордағы басылымы 7-нші деп көрсетілген. «Тіл – құралдың» қазақ тілінің морфологиясына арналған II бөлімі бұдан да бір жыл бұрын 1914 жылы баспадан шыққан, оның 1927 жылғы басылымы 6-ншы деп көрсетілген. Синтаксиске арналған III бөлімі де бірнеше басылым көрген. Оның 6-басылымы 1928 жылы Қызылорда-Ташкенттегі «Казгосиздаттан» шыққан. «Тіл – құрал» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін автордың өзі де ескертеді. Оқулықтың «Сөз басы» деп аталатын алғы сөзінде: «Тіл – құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде осындай жат көрінер, өйткені бұл – қазақта бұрын-соңды болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалатын», – деп жазады.

«Тіл – құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, «Қазіргі қазақ тілі» атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Қазақ тілін зерттеп, танып білу тарихымызда А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл – құралдарының» орны айрықша. Кезінде қазақ қауымы Байтұрсынұлы десе, «Тіл – құралды», «Тіл – құрал» десе, Байтұрсынұлын – Ахметті – Аханды танитын болған. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ фонетикасы мен грамматикасы жайындағы оқулықтары осы ғылым саласының бастамасы, іргетасы деп батыл айта аламыз.

Ғалым қазақ тілінің құрылымын жүйелеуде, біздің байқауымызша, орыстың лингвистикалық ілімін негізге алған. Бірақ оның қағидалары мен жіктеулерін дәлме-дәл көшірмеген. Бұл жерде А.Байтұрсынұлының ғалым ретінде шығармашылыққа барғанын баса айтамыз. Оның ғылыми концепциясы – әр тілді өз табиғатынан шығарып сипаттау. Атап айтқанда, қазақтілінің фонетикалық жүйесін айыруда ол орыс тілінің схемасына бармады, түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктерін ескерді. Ғалым етістіктің етіс түрлерін қазіргі *салт, сабақты, ортақ, өздік, өзгелік, ырықсыз* дегендерден басқа (бұл терминдер де Байтұрсынұлының), *дүркінді, беделді, өсіңкі етістер* деп тарамдауы да орыс тілінде етістіктер қалай жіктелсе, қазақ тілінде де солай жіктеуден аулақ болғанын көрсетеді. Міне, осы сияқты мысалдар жалпы лингвистикалық мектептің негізі бір болғанмен, көптеген таным-принциптерінде Ахаң қазақ тіл білімінің өзгешеленетін тұстарын дұрыс көрсетті. Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынұлы, бейнелі сөзбен айтсақ, қазақ тіл білімі деп аталатын үлкен ғимараттың іргетасын өруші, қабырғасын қалаушы, көп ретте есік-терезесін шығарып, төбесін жабушы деп білеміз.

Орыс тіл білімінде XX ғасырдың соңғы он жылында айта бастаған дүниелерді А.Байтұрсынұлы XX ғасырдың басында айтып кеткен. Айтып қана емес, біліп, танып кеткен. Қазіргі кезде рай төртеу, етіс төртеу деп жүрміз. Ал А.Байтұрсынұлы райдың 15 түрін, етістің 10 түрін атайды. А.Байтұрсынұлы когнитивті грамматика, коммуникативті грамматика, функционалды грамматиканың қазіргі кездегі терминдерін қолданған жоқ. Бірақ ғалымдық интуициясымен, ғалымдық сезінуі, ғалымдық талантымен жаңа бағыттарды бастап берген. Етісті, райды қазақтың ұлттық тілін негізге ала отырып талдаған.

Қазақ тіл білімінің басталар тұсындағы ізденістері мен табыстарын, жетістіктері мен кемшіндерін дұрыс тауып, мұқият зерттеу – алда тұрған міндеттеріміздің бірі. Әзірге көзіміз әбден жеткен бір ақиқат: ана тіліміздегі ғылым саласы XX ғасырдың 10-жылдарынан басталғандығы және оның іргетасын қалаған – Ахмет Байтұрсынұлы екендігі. Н.И. Ильминскийдің 1861 жылы Қазанда басылған «Материалы к изучению киргизского наречия» деген кітабы қазақ тілінің грамматикалық жүйесін танытқан тұңғыш еңбек болды. Бұл «Материалдар» орыс тілінде жазылды, онда қазақша лингвистикалық терминдер жасалған жоқ. Бұл жұмыс – атынан-ақ көрініп тұрғандай, оқулық та емес, жүйелі түрі де баяндалған грамматика құралы да емес, – шығыс тілдерін, оның ішінде өзге түркі тілдерін зерттеушілерге арналған еңбек болатын. Оның өзінде де бұл «Материалдар» қазақ тілінің өзге түркі тілдерінен (автордың жазуынша, татар тілінен) ерекшеленетін тұлғаларын көрсету мақсатымен жазылған-ды.

П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка» деген атпен I бөлімі (фонетика және этимология) 1894 жылы, II бөлімі (синтаксис) 1897 жылы шыққан құнды еңбегі – қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ғылыми негізде жүйелі түрде баяндаған тұңғыш зерттеу екендігі мәлім. Бірақ бұл да – түркі тілдерін зерттеушілерге арналған, орыс тілінде жазылған ғылыми сипатты еңбек болды. Сондықтан мұнда да қазақ тіл білімінің ұлттық терминологиясы жасалмады. Бұл ғылыми жұмыс та ана тіліндегі қазақ лингвистикасының басы болып таныла алмайды.

Осы орайда «А.Байтұрсынұлы нені зерттеді, қалай зерттеді, мақсаты қандай болды?» деген мәселелерді тереңірек зерделеуіміз керек. Оқулық жазудағы, графика жазудағы мақсаты қандай болды? Совершенный, несовершенный вид т.б. дүниелердің қазақ тілінде жоқ екенін дәлелдеу үшін А.Байтұрсынұлы кімнің еңбектеріне сүйенді, қалай пайдаланды? т.с.с. мәселелерді жан-жақты зерттеу керек. Қазақша айтқанда, қазақ ғылымының, тіл білімінің көгенбасын, ең басты, ең негізгі танымын көрсетіп кеткен А.Байтұрсынұлының ғалымдық тұлғасын әлі түгел айтып болған жоқпыз.

1920 жылдардың басында А.Байтұрсынұлы ағартушылық, ғалымдық қызметтерімен қоса, мемлекеттің басқару-ұйымдастыру жұмыстарын атқарды: 1922-1925 жылдары Қазақстан Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми-әдеби комиссияның председателі, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті председателі болды. Советтердің Бүкілресейлік 7-съезі мен 8-съезіне дейін ВЦИК мүшесі және Советтердің Бүкілқазақстандық I съезіне дейін Кирвоенкомның мүшесі болып қызмет етті. Советтердің Бүкіл қазақстандық 1-съезінен 2-съезіне дейінгі аралықта Қазақ АССР Оқу-ағарту наркомы және ҚазЦИК мүшесі, сонымен қатар Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың председателі болды. Кісілік тұлғасы ретінде үлгі алатын ерекшелігі – қай нәрсені қолға алса да, бәріне жауапкершілікпен қараған. Халық комиссары болған кезде оқулықтар жазған: М.Жұмабаевқа педагогика, М.Дулатовқа есеп құралын, Х.Досмұхамедұлына сингармонизм жазуды тапсырады. А.Байтұрсынұлының осы қырлары түбегейлі зерттелуі керек.

А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын зерттеуде, танытуда жаңа белеске көтерілу қажет. Ғалым еңбек еткен, ғылыммен айналысқан тұстағы саяси, тарихи ахуалды негізге ала отырып, А.Байтұрсынұлының ғалым, қайраткер, ғылымды ұйымдастырушы т.с.с. ретіндегі ғылыми бейнесі жан-жақты зерттелуі керек.

Айтбаев Ө.

*Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының
президенті, ҚР ҰҒА академигі,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының бас ғылыми қызметкері*

Ұлт мәдениетінің Хантәңірі

Ел басына төнген кешегі қара түнектің көбесі сетінеп, әділеттің ақ жалауы көтерілгелі бері қазақтың ұлттық мәдениеті аспанында шуақты нұрын төгіп жарқырай жайнаған рухани көсемдер туралы, олардың өмірі мен шығармашылық өнері жайлы, азаматтық болмысы мен қайраткерлік қарымы туралы біраз дүниелер жазылып, көпке беймағлұм көмескі жайлардың көзі ашылғандай. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай, рухани қазынамыздың олқы тұсының орны тола бастады. Негізгі тақырыпқа көшпес бұрын, тарих тұңғығына батып мәңгі жоғала жаздаған Ахмет Байтұрсынұлы сияқты арыстарымыздың асыл еңбектерін көздің қарашығындай сақтап, осы күнге жеткізген жеке адамдарға, архив қызметкерлеріне және бұларға жабылған жаланы жұлып тастап ақтауға атсалысқан еліміздің естияр азаматтарына жұрт риза екенін айта кеткіміз келеді.

Қазақ халқы – архив жинау ісін дағдыға айналдырмаған ел. Соған қарамастан өзімізді де, шетелдерде де халықтың тарихына, мәдениетіне, тіліне, әдебиетіне, өнеріне т.б. кәсіп, тіршілік жоралғысына қатысты дүниелердің сақталғаны – қандай олжа?! Осыдан ойға түседі: 1988 жылы күз айында сапардың сәті түсіп, осы жазба авторы Америка Құрама Штаттарына барып қайтты. Бір күні Мадисон қаласындағы университетке соғып, кітапхана қорымен таныстым. Сонда біз таңғаларлық жағдайға тап болдық: әлгі кітапханада қазақ мәдениетінің, ғылымының, өнерінің бұрынғы, қазіргі өкілдерінің бар дүниесі жинақталып, жайнап тұр. Өзімізде жоқтың бәрі осында. Компьютер арқылы бар сұрағымызға жауап алдық. Әл-Фарабиден М.Шахановқа дейін түгел жинақталған. Бір мезгілде Ахаң туралы мағлұматтар көзімізге оттай басылды. Әйгілі «Қазақ» газетінің топтамасы сонда тұр. Оныңбірнеше санын көшірме жасап ала келдік. Ол өзінше бір мұражайлық ескерткіш болып «Қазақ тілі» қоғамында сақтаулы тұр.

Қазақ – қағаз жинамаған, сөз жинап дағдыланған халық қой. Ахаңның көп дүниесі көңілде жатталып, көкейде түйіліп қалған. Соның бәрі кейін шығып жатыр. Мұның үстіне ата мұрасын індете іздеп, көп шындықтың бетін ашуға атсалысып жүрген жастар (Ғ.Әнесов, А.Мектепов) әкелген деректер бар. Ахметтану ғылымының негізін кешегі Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Смағұл Сәдуақасов, Міржақып Дулатов сынды қазақ мәдениетінің тарландары қалады десек, сексен сегізден бері қарай ол толыға түсті. Бұл – күн өткен сайын ауқымдана бермек.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол – Құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспеншілікпен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Не оқыту жүйесі, не өзіндік жазуы қалыптаса қоймаған, мал соңына ерген, малмен бірге ұйықтап, малмен бірге жусаған қалың ұйқыдағы халқының қамын жеп, сауатын ашпақ боп сары масадай ызыңдаған үлкен ақын, талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар үлгі тұтқан түрколог, қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері. Бұл санамалап отырған атақ, дәреже, лауазымдардың өзінен өзі келмегені мәлім. Ол талмай ізденіп, тамаша туындылар берген. Өмірдегі басты мақсатын – туған халқына қызмет ету деп түсінген Ахаң (Ахмет Байтұрсынұлы) – небір тар жол, тайғақ кешулерден өте келе тамаша еңбегімен қазақ халқының ары мен ұятына айналған өте күрделі де, көсем тұлға.

Оның дүниеге келер тұсы патша ағзамның бұратана елдерді билеп-төстеудің айла-шарғыларын емін-еркін іске жаратып жатқан кезі болатын. Қазақтың әлденеше ғасырға ұласқан хандық, билік құрылымының быт-шыты шығып, «күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындап» деп тұрған сәті еді. Ахметтің дүниеге келуі – қалыптаса бастаған халықтың тұтастығының береке-бірлігінің сәні кетіп, ел-жұрты «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» жүріп жатқан дәуір еді.

Торғай уезі Тосын болысына қарайтын Ақкөл жанындағы Сарытүбек деген жерде Байтұрсын шаңырағында Ахмет есімді сәби келеді дүниеге. Текті тұқым, жақсы тәрбие құнарлы топыраққа түскен дән тәрізді, жемісін молынан береді емес пе? Ахмет те тумысынан зейінді зерек бала болып өседі. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» демекші, Ахаң ең алғашқы тағылымды, жөн-жосықты өз шаңырағынан алады. Өз әкесі – Байтұрсын, оның әкесі – Шошақ – Үмбетей еліндегі көзі ашық, көкірегі ояу, пікірін ашық та айқын айта білетін өте батыл жан болғанға ұқсайды. Әуелі Шошақ, кейін Байтұрсын балаларын Араб елдерінің мәдениетінен сусындатқысы келген. Иран, Түркияға жіберіп оқытуды да ойлаған.

Сонымен бірге Шошақ әулеті, әсіресе Байтұрсындар ешқандай әділетсіздікке төзбейтін қайсар тұқым болса керек. Осы аймаққа билігін жүргізіп тұрған ояз Яковлевтің оспадар қылығына, озбырлығына шыдай алмай, Байтұрсынның қарсылық білдіргені көпшілікке аян. Яковлевтің шабармандары Байтұрсынның әділ талабына құлақ асудың орнына таяқтың астына алады. Сол кезде ол Яковлевтің өзіне: «Мына бассыздық пен заңсыздықты тоқтатыңыз!» – дейді. Сөйтсе ояз: «Сен, киргиз ит, жөніңді біл!» – деп, оның бетіне түкіріп жіберсе керек. Бұл қорлыққа көне алмаған Байтұрсын Яковлевті аттан жұлып алып, басын жарады да жандайшаптарына тұра ұмтылады.

Бұл оқиғаны бүкіл ел біліп, дүрлігеді, іс насырға шабады. Дереву жазалау отрядтары ойда жоқта шыққан қару-жарақсыз қарсылықты аяусыз жаншып, Байтұрсын Ақтас және Собалақ дейтін екі інісімен бірге ұсталып, кісенделіп, патша үкіметі 25 жылға итжеккенге айдатты. Білімсіздіктің, тіл білмеудің зардабын әбден тартқан сол Байтұрсын айдалып бара жатқан сәтінде үміт етері – Ахметке: «Аш-жалаңаш бол, қорлық көр, бәрібір, оқы, балам. Тым болмаса, артымда маған хат жазып тұратын халге жет!» – дегенін қайсыбір қариялар аңыз қып бертінге дейін айтып жүріпті.

Бүкіл елге әсер еткен бұл сұмдық оқиға көпке дейін ұмытылмайды. Ахмет онда 12-13 жас шамасында екен. Естияр баланың көз алдында болған бұл сурет оның жадында мәңгілікке қалып қояды. Сондықтан да болар, ол 1909 жылы Семей түрмесінде отырғанда жазған «Анама хат» деп аталатын өлеңінде:

...Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағыма оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей
Ұялмай не бетіммен көрге барам?!

(Өлең 1911 жылы Орынборда жарық көрген топтамасынан алынды). Осы бір-екі шумақ өлеңнен балаң Ахметтің өмір бойғы ой-арманын, мақсат-мүддесін аңғаруға болатын сияқты.

Оқуды арман еткен зерделі жас алдымен Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесін үздік бітіріп, одан соң Орынбор қаласындағы мұғалімдер даярлайтын қырғыз (қазақ) мектебін 1895 жылы тәмамдайды. Аханның ресми алған жүйелі білімі осымен шектеледі. Алайда Ахаң көтерілген биіктен оның тағылымы мол тамаша өміріне көз жіберіп, байқасақ, білімдар ұстаз, ғұлама ғалым, қоғам қайраткері т.т. болу үшін институт бітіріп, үлкен-үлкен атақ-лауазымды болу тіпті де қажет емес сияқты. Табиғат сыйлаған дарынның арқасында Ахаң онсыз да бір адамның қолынан келер кереметтей істер тындырды. Ол істері сан салалы, сан алуан: ағартушылық, оқу-білім, ғылым, әдебиет, мәдениет, тарих, тағылым т.т. Мұның бәріне тоқталып, саралап айту тұрмақ, санамалап

шығудың өзі – қиын шаруа. Дегенмен Ахаң туралы сөз болған соң оның өмір жолының ұрымтал тұстарын аттап өтуге болмайтын сияқты.

Ахаң өмірінің алғашқы қадамдарын бала оқытудан бастайды. Ол өз мақсатын:

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтың, –

деп, бейқам жатқан халқын сауаттандырып, өнер-білімге, мәдениетке жетектеу деп біледі.

Әрине, бұл тұста Ахаң тәрізді оқыған, білім алып, әлгіндей мектептерді бітірген, орысша сауат ашқан өзге де қазақтардың қарасы көріне бастаған-ды. Бірақолардың көбі халық, ел мүддесінен гөрі ұлыққа жағынып, сол халықты қанап, пайда тапсам дейтіндер болатын. Олар тілмаш болып, губернатордың кеңселерін жағалап жүргенде Ахаң ағартушылық жолына түсіп, «Қайтсем халқыма пайдамды тигізем, қалай көзін ашам, ұйқысынан қалай оятам?» – деп, күндіз-түні соның амалын қарастырады. Осы орайда қазақтың бірен-саран да болса да, көзі ашық оқыған жастарын жинап, елшілдік ұранын үдетіп, ел мұңы, халық қамы жолындағы мақсаттарының іске асуын көздейді. Жалғыз ағартушылық жолмен аса алысқа ұзап кете алмайтынын сезген Ахаң біртіндеп күрескерлік жолға түседі. Жан-жақты әрекет етуге талпыну, ізденіс 1896 жылы Аханды Алекторовқа алып келеді. Оған барудың да өзіндік сыры бар еді. Алекторов ол кезде Омбыда отырып Ақмола, Семей оқу жүйесін басқарып тұрған болатын. Онымен қазақ даласындағы бала оқыту жайы туралы кеңеседі. Бұл кездесу оған екі түрлі әсер қалдырып, көп нәрсеге көзін аша түскендей болады. Ол жайында Мұқаң (М.Әуезов): «Біреуі – Алекторовтың қазақ турасындағы отаршылдық саясатының бәсі біліп, көздеп жүрген мақсатын сезген болар, атақты Ильминскийдің жолымен қазақтың көзін ашу үшін осы оқу керек деген саясатты тұтынып жүргендігін сөздерімен білдірген Алекторовтың ниетімен жақын келіп танысқан соң Ахмет қазақ халқының халінің ауырлығын ұғып, ел турасындағы түкпірлі ойы сол кезде ояна бастаған. Алекторовпен танысудың екінші әсері – Ахаңның жолы ашылып, пікірі ашылып, бұрынғы білім-өнер жүзіндегі шала білініп, көмескілеу түсініп жүрген нәрселерін таза білуіне себеп болған».

Бұл жерде Мұқаңның өз кезінде ашып айтуға аузы бармай, астарлап отырған бір жайы бар сияқты. Ол – орыс оқымыстыларының миссионерлік мақсатының Ахаңның зердесіне жетуі, содан тіксінуі. Олар қазақтарды орысша оқыту арқылы орыстандыруды көздеген ғой. Осыдан секем алған Ахаң ширыға түседі. Қазақты өнер-білімге жетектеу – өзгелердің емес, өзі тектес оқығандардың халық алдындағы парызы деп түйеді. Ахаңның осындай мақсатты көздеп, саяси көзқарастарын шындай түсуі Қарқаралыда өмір сүрген 1896-1907 кезеңімен байланысты. Осы кезде Ахаңның айналасына әлеумет өміріне зер сала бастаған көзі ашық, оқыған қазақ зиялылары топтана бастайды.

Қазақ жерінің талан-таражға түсуі, қараңғы халықты орыстандыру саясаты т. т. сол кездегі ең дертті мәселелер болатын. Ахаң бастаған зиялы қауым бастарын бәйгеге тігіп, Ресей империясының Министрлер Советі председателіне петиция (тілек арыз) жазады. Дәл осы тұста ол И.А.Крыловтың мысалдарын аударып жүрген болатын. Төңкеріс рухында айтылған мұндай сөзді қазақ жұртының тұңғыш естуі болатын. Осыдан соң Ахаңның аты шартарапқа тарап кетеді. Алайда жұртты саналылыққа, еркіндікке үгіттейтін «Қырық мысалды» берген, патшаға қарсы петиция ұйымдастырған адамдардың бәрі де полиция режімінің, үкімет адамдарының қырын қабағына іліне бастайды. 1905 жылғы қырғыннан кейін патша үкіметінің жер-жердегі жандайшаптары құттырына түскен кезде өз елін, өз жерін шен мен шекпенге сатып, ардан безген кейбір тілмаштар мен болыстар: «Елді бүлдірер іс-әрекеттерге барды», – деп Ахандардың үстінен шағым жазып, дегендеріне жетеді. 1907 жылы Ахаң алты жолдасымен тұтқындалып, абақтыға жабылады. Он екі жылдай өмір сүрген Қарқаралысымен қоштасып, Семейге айдалғанда бүкіл қазақ баласының бойындағы арылмас дерт, арсыздық пен арамдық атаулыға сес білдіргендей, мынадай жолдарды түзеді:

Қош, сау бол, Қарқаралы жуылмаған,
Айдай бер қалса адамың қуылмаған.
Әдепті, сыпайы елдің қалпында жоқ,
Жасырын дыбыс шықты шуылдаған.
Бүркеніп, арсыздардың шайнауына
Жем тапты пісірмеген, қуырмаған.
Шыққан соң талғамайтын доңыздарың
Қасыңа қиын болар жуу маған.

Семейде сегіз айдай ешқандай тергеусіз, сотсыз тас қамауда жатқан Ахаң ақыры қазақ өлкесінен бір жарым жыл мерзімге Орынборға жер аударылады. Сол кеткеннен мол кетеді. Ол онда 1917

жылдың аяғына дейін тұрады. Жазалы адам ретінде айдалған Ахаңның бұл сапары оның өміріндегі ең нәтижелі де өнімді еңбек еткен жылдар еді деуге болады. Ол ғылым, білімге бұрынғыдан да тереңірек үңіліп, әділетсіздік жайлаған мына қоғамды бұрынғыдан да бетер ашы тілмен түйрей, шеней түседі. Қазақ балаларын оқытудың әдістерін, қазақ тілі, әдебиеті, өнері, тарихы, мәдениеті туралы өрелі ойлар айтып, бастауыш мектептерге арнап оқулықтар мен оқу құралдарын жаза бастайды. Халық мұраларын, ауыз әдебиет үлгілерін, эпос, ертегі, жұмбақтар жинап, бастырады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданады.

А.Байтұрсынұлының қазақ елінің жоғын жоқтап, санасына сәуле құюға байланысты жасап жүрген еңбектері елге тарай бастайды. Әсіресе сол кезде Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген қазақ жастарына Ахаңның туындылары, елдік істері қатты әсер етеді. Сол жастардың ұйғаруымен елден қаржы жиналып, газет шығару мәселесі қозғалады. Ол бейресми газет «Қазақ» деп аталады да редакторлыққа А.Байтұрсынұлы шақырылады. Міне, сол 1913 жылдың басынан 1918 жылға дейін бас редактордың міндетін мүлтіксіз атқарған Ахаң елге жеткізсем, ұқтырсам деп жүрген көкейіндегі көптеген мәселелерді енді хатқа түсіріп, жария етеді.

Қазақтарды надандықтың шырмауынан шығарудың бірден-бір жолы – ғылым-білімге ұмтылу, оқу-ағарту жұмысымен айналысу деп ұққан Ахаң енді осы идеясын нақты істермен дәлелдей түседі. Сол кезде шығып тұрған қазақ баспасөзіносы мақсатта пайдаланады. Әсіресе «Қазақ» газетінің рөлі айрықша болғаны мәлім. Бірақ ел билеушілер, бәлеқорлар, полицейлер Ахаңның соңына түсуін қоймайды. Газет бетінде жарияланған материалдардың бәрін цензурадан өткізіп, үнемі ақшалай айып салып отырады. Салынған айып ақының мөлшері тым асқынып кеткен кезде Ахаңның үш ай мерзімге абақтыға өз еркімен отыруға келісім берген кезі де болған. Мұны естіген газет оқырмандары тиісті ақшаны жинап төлеп, Ахаңды шығарып алған. Газеттің мұндай мүшкіл жағдайға ұшырауын күйіне отырып Ахаң:

Қалтылдап қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып кемесі жоқ.
Жел соқса, құйын қуса, жылжи беру
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ.
Кіреді тентек есі түстен кейін,
Мүшкілін халіміздің жаңа білдік, –

деп өлең жазады. Шынында, білімсіз ел теңізде жүзіп келе жатқан ескексіз қайық сияқты емес пе?! Сол кездегі қазақ елінің халі дәл осындай мүшкіл еді. Сауатсыздық салдарынан өзін, елін, жерін кім қалай саудалап, қалай иемденіп жатқанын түсіндіруге де мұршасы жоқ сорлы халық. Бұл аз дегендей, өз жағдайын таразылап тығырықтан шығу жолын бірлесе, қауымдаса ізденудің орнына алтыбақан алауыздықты өрбітетінін қайтерсіз? Ахаңды күйзелткен – қазақтың осы жағдайы еді. Осыдан да болар, ол үш ауыз өлеңмен халқымыздың бір дәуірден бір дәуірге жалғасқан қылығын ашы ажуалайды.

1911 жылы Орынборда басылған «Маса» жинағы халықты өз тағдыры үшін күреске шақырған, жұртшылықты шырт ұйқысынан оятқан дабылды топтама болатын. Ақын қалғыған халқын тым болмаса маса боп шағып оятайын, ойландырайын деген мақсат көздейді. Ол бұл жолда талай қаққы жеп, тауқымет шегерін де, тіпті өліп те кетерін білген. Бірақ біле тұра, ол алған бетінен қайтпайды:

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен
Қоймастан құлағына ызыңдаса?!

Сары маса болып ызыңдаған өзі екенін Ахаң 1909 жылы Петербургте басылған «Қырық мысалындағы» «Малшы мен маса» деген туындысында жасырмай, ашық айтады:

Мысалы, қазақ – малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды пәле делік аңдып баққан.
Пәленің түрін көрген мен – Сармаса
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.
Ойлаймын: «осы сөз де жетеді!» деп,
«Қатты айтсам, сөзім батып кетеді» деп,
Ұйқысы ашылмаған жұрт өзінді
Қорқамын сармасадай етеді деп.

Өз тағдырының түбі не боларын алдын ала болжап, көрегендікпен айтып кеткен Ахаңның түбіне жеткен, шынында да, өзіміз емес пе едік? Халықтың басына төнген қатерден қорғанудың амалын тым болмаса сауат ашу арқылы үйретпек болған асылымызды ұйқылы-ояу халімізбен аяқ-қолын байлап

бердік қой. Осыны бір ойлап, сабақ алсақ етті! Ұлттықсана мен ұлт мәдениеті жолындағы күресте опасыздық пен алауыздық салқыны әлі де жетерлік-ау деп сезіктенесің. 50-70-80-жылдар лаңы не ойлатпайды кісіге? Тәуелсіз ел болған қазіргі күйіміздің өзі көп жағдайда көңілге жұбаныш әкеле қоймайды. «Бірінді, қазақ, бірін дос көрмесен, істің бәрі бос» (Абай) екенін түгел ұғып біттік пе?!

Жаңадан тәй-тәй басып, Ахаң сияқты бірен-саран оқыған саналы азаматтардың арқасында оң-солын танып, енді-енді ес жиып келе жатқан қазақ елі үшін «Қазақ» газетінің атқарған қызметі ұшан-теңіз екенін тағы да айтсақ, артық емес. Бес жылға таяу уақыт үзбей оқырманымен қауышқан бұл газет кезінде көкейтесті мәселелерді жариялап, жұртшылықтың мағлұматын кеңейтумен болды. Қазақхалқы Қазан төңкерісіне өзінің санасын ғана емес, қоғамға, әлеуметтік өмірге деген саяси көзқарастарын да недәуір қалыптастырды десек, ондай күрескерлік қасиет осы «Қазақ» газетінің арқасында айқындала түскенін айту керек. Кезінде бұл газетке «ұлтшыл-буржуазияшыл орган» деп жала жауып, тыйым салып тастамағанда, талай тарихи шындықтың көзін ашып, халқымыздың революцияға дейінгі рухани, мәдени өмірінен мол мағлұмат беретін еді. Газеттің игі мақсат-мүдделері бірінші санындаашық айтылған. Яғни, негізгі мақсаты – жұрт пайдасына тиімді шаруамен айналысу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақсаттарды орнына келтіру үшін зақұндерді, хакімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру. Государственная дума һәм Государственный совет жұмыстары турасында жете хабар беру, ішкі һәм сыртқы хабарларды жазып тұру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, кәсіп, жер-су, егін-тарап, мал шаруасы жайынан кеңесу; оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жөн көрсету, адам һәм мал дәрігерлігі жайын жазу («Қазақ» №1, 1913, 2 ақпан).

Газет әлденеше рет жабылып, шығынданып, сотталып жатса да, «көздеген мақсатын түгелімен орындады» деп тұжырым жасауға болады. Тіпті кейде бұдан да шығыңқырап, әлемдік ой-пікірге азық болар мәселені де қозғап кеткен сәті бар.

Айта кететін бір жайт: осы газет және оның редакторы А.Байтұрсынұлы жайында жазылған материалдарда тіпті кейінгі уақытқа дейін «ұлтшыл, буржуазияшыл» дейтін ала таңба қалмай келеді. Бұрынғысы бір сәрі, ал Ахаңның ақталғанынан кейін де есімі дұрыс аталмауы, газеттің бағасы кешегі коммунистік идеология тұрғысынан қаралуы түсініксіздеу. «Газеттің олқылықтары мен кемшіліктері болып еді», – деп баяғы жалтаққа баспай, мәселенің ақиқатын ашық айтатын уақыт жеткен сияқты. Өйткені Ахаңның о бастағы рухани өмірінің қалыптасуы осы газетке тікелей байланысты. Сонда ғана біз Ахаң сияқты алыптардың ұстанған бағыт-бағдарын, оның өз халқын прогреске алып шығар дұрыс жол болғанын айқындай түсеміз.

А.Байтұрсынұлының Қазан төңкерісіне дейінгі өмір жолының қайсыбір тұстары, міне, осындай. Бұл жолдың тіпті де оңай болмағанын баяндаған азын-аулақ деректерден-ақ байқауға болар. Қит етсе, түрмеге жабу, бостандықта жүргенінің өзінде де үнемі аңдуда, тексерісте болу, тіпті басқан қадамын былай қойып, ашқан аузын, жазған сөзін бағып, қия бастырмай тұншықтыруға шыдау үшін адамға қандай күш, жігер, қайрат керек? Өстіп жүріп, тығырықта өмір кешсе де, Ахаң елім, жерім, халқым деп тыныстауын бір сәтке де тоқтатпаған, ол ел мүддесіне жарарлық, халық санасын ашарлық қыруар дүниені берді. Бұл – ел деп соққан үлкен жүректің ыстық махаббатынан ғана туындайтын қазына.

Ахаң өмірінің төңкерістен кейінгі бөлігі де тіпті күрделі, тіпті қайғылы. Жантүршігерлік азапқа бола туылған жан дерсің! Аз уақыт жаңа үкіметтің мүшесі, Қазақ автономиялық республикасының халық ағарту комиссары, ғылыми-әдеби комиссияның председателі, Бүкілресейлік ВЦИК-тің мүшесі, Кирвоенкомның мүшесі, КазЦИК мүшесі, сондай-ақ Академиялық Орталықтың председателі ретіндегі шуақты күндерді басынан кешіргені болмаса, ең ауыр, ең қасіретті, шегінен асқан сұмдық пен зұлымдықтың тақсыретін тартқан қаралы кезең – бұл. Төңкеріске дейінгі өзі айқасқан надандық пен қараңғылық жыл өткен сайын құбылып, тәсілденіп, әлденіп алғандай Ахаңның қыр соңынан қалған емес. Қайта зұлымдық пен қорқаулық, арызқойлық пен алауыздық дертін індеттей үдетуші қаскүнемдер жаңа заманның терісін айналдырып киген бөрісіндей боп, жақсылықтың ұрығын шашушы жандардың соңынан шам алып түскені мәлім. Ахаң Қазан төңкерісін саналылықпен қабылдап, Кеңес үкіметіне үлкен үміт артқан. Жаңа үкіметтің бағыт-бағдары өзінің ел мұңы, халық қамы жолындағы мақсат-мүддесімен сәйкес келіп жатқандай көрінген соң ол Кеңес үкіметіне қолғабыс етуге тырысты. Армандай болып алғызбай жүрген көп шаруаның бағы енді жанар деген үмітпен ол іске аянбай-ақ араласты. Жоғарыдағы санамалап шыққан қызметтің бәрі соны дәлелдейді. Бірақ Ахаңның ақ ниетінен арамдық іздеп, іс-әрекетінен контрреволюциялық бүлік күтуші қара ниеттілер оған аттап қадам бастырған жоқ. Басқан ізін аңдумен болды. Ол бұрын патша чиновниктерінен, болыстардан, тілмаштардан, жандармнан қаққы жесе, енді бостандық туының

астында бірге жүрген жерлестерінен, большевиктерден, қызыл жағалылардан көрді көресіні! Аңдыған жау алмай қоймайды. Ол бір емес, бірнеше рет алды.

«Мылтықтың басуына – құланның қасуы» тура келгендей, дәл осы кезде қазақтардың сорына Қазақстан тарихының қаралы беттерін толтырып кеткен Ф.И. Голощекиннің «кіші октябрі» басталады. «Кіші октябрьдің» қазақ халқына қандай қасірет әкелгені тарихтан мәлім. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын», – деп зіркілдеген Голощекиннің жендеттері негізгі күнкөрісі, тіршілігі, тынысы мал болып саналатын халықтың жанды жеріне қанжар сұқты: малын сыпырып алды. Тігерге тұяғы, ішерге тамағы болмай қалжыраған қарапайым шаруа адамы басы ауған жағына кетіп, жол-жөнекей қырылып жатты. Ахаң сияқты көреген адамдар бұл сұмдықтың боларын алдын ала сезіп, дабыл қаға бастаған. Бірақ олардың сөзіне құлақ асудың орнына «төңкеріс рухына кері әсерін тигізіп, кедергі жасап отырған байшыл-ұлтшыл «Алаш» партиясының бұрынғы көсемінің бірі бұрынғысын көкsep жүр» деген жаламен ақыры ол 1929 жылдың 4 маусымында 30 адаммен бірге қамауға алынады. Солардың басы болып қара тізімге алдымен Ахаң ілінеді. Мұның, әрине, өзіндік себебі де жоқ емес. Голощекин әлгіндей жаппай қыру саясатын емін-еркін жүргізу үшін халықтың санасын оятып, көсемдік көрсетіп жүрген осындай ірі тұлғалардың көзін алдымен жоюды көздеді. Ахаң – бүкіл қазақтың ақыл-ойы мен ар-ұятының символына айналып кеткен қоғам қайраткері әрі рухани көсемі болатын. Ахмет Байтұрсынұлы 1929 жылғы шілдеден 1931 жылдың қаңтарына дейін Мәскеудің бутырқасында отырады да содан соң Архангельск облысының барған адам жол басшысыз қайтып шыға алмас алыс түкпіріне жер аударылады. Бұдан ол «Қызыл крест» ұйымы арқылы (М.Горькийдің жұбайы Е.Пешкованың араласуымен) мерзімінен бұрын босап, 1934 жылы қайтып оралады. Бірақ бұл бостандық та қысқа болды. Небәрі үш жылға жетер-жетпес уақыттан кейін 1937 жыл 8 қазанда қайтадан қамауға алынып, ақыры атылады.

Жоғарыда ескерткеніміздей, Ахмет Байтұрсынұлының азаматтық болмысын, қайраткерлік қарымын, ағартушылық, ғалымдық қызметін, энциклопедиялық білік-білімін негізінен үш түрлі салаға бөлуге болатын сияқты. Әрине, мұның ең бастысы әрі сол кезеңдегі ең қасиеттісі де – ағартушылық қызметі болатын. Ол өзін бұл жұмысқа мектепте оқып жүргенде дайындаған тәрізді. Неге десеңіз, әр нәрседен хабарланып, батыс, шығыс мәдениетінен мағлұматы молая түскен жас жігіт өз халқының қалың ұйқыда, бейқам жатқан күйін көріп, күйзелетін. Оны оятудың, сергітудің амалын іздестіретін. 1895 жылы оқуын тәмамдап, елге келгеннен бастап ол бұл іспен түбегейлі айналысады. 1905 жылы жазылған петиция халық тағдырын ойлап, үздіксіз толғанудың серпіні сияқты шешім еді.

Елдің санасын көтеруден бұрын сауатын ашу қажет екеніне мектепте сабақ бере жүріп әбден көзі жетеді. Сауат ашар «Әліп-би» мен тіл үйретер «Тіл-құралын» жазу үшін графика мен қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дұрыстап алу қажеттігін сезінеді. 1912 жылдан бастап «Айқап» журналымен «Қазақ» газеті арқылы осы жайындағы өзінің нақты пікірлерін жұртшылыққа ұсынады. «Айқап» журналының 1912 жылғы 9-12-сандарында жарияланған «Шаһзаман мырзаға» деген мақаласы осы мәселелерді қозғайды. Сондай-ақ «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 34-інші және содан әрі қарайғы сандарында «Жазу мәселесі» деген көлемді мақала жариялайды. Осының бәрінде оның қазақ жазуын бір жүйеге түсіруге түбегейлі кіріскенін байқалады.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті бетінде көптен бері көтеріліп келе жатқан жазу мәселесіне Ахаң 20-жылдары жігі кіріседі. Ол әу бастан-ақ араб графикасына бейіл береді. Оның мұнысынан кезінде «панисламдық», «арабшылдық» сарын ізін іздеп сарсылғандар болды. Сондықтан да ол ең алдымен айыпталды да. Ғылыми принципті негізге ала отырып, қазақ жазуын қалыптастырудың алғышарты ретінде: 1) қазақ тілі дыбыстарына қажеті жоқ араб таңбаларын алфавиттен алып тастады; 2) сөздің жіңішкелігін білдіретін «дәйекше» деген белгіні енгізді.

Қазақ ұғымына икемделген, барынша қарапайым да түсінікті А.Байтұрсынұлының бұл жазуын жұртшылық, әсіресе мұғалімдер қауымы бірден қабылдап, іс жүзінде қолдана бастады. Ол Еуропа мен Азия халықтары алфавиттерінің жасалу, қалыптасу тарихын едәуір тексеріп шыққан өте зерек лингвист болатын. Мәселен, мына ұсыныс пікірлеріне зер салалықшы: 1) қазақ жазуы үшін қажеті жоқ араб алфавитіндегі жуан дыбыстарының таңбаларын алмау; 2) қазақ тіліндегі дыбыстарының әрқайсысына жеке таңба белгілеуді ұсыну. Міне, осының бәрі қазақ тілінің алфавиті өз табиғатына орай түзіліп, тіліміздегі сингармонизм заңына лайықталып жасалуының нәтижесінде қазақтың төл жазуы болып тез қалыптасты.

Бұл жазу 1912 жылдан 1929 жылға дейін сол кездегі қазақ-орыс мектептерінде, мұсылман медреселерінде қолданылды. Баспасөзде жарияланған қайсыбір материалдарда 1915 жылдың өзінде осы жазумен, яғни, осы емле негізінде 15-тей кітап басылған көрінеді. Ахаңның аталған терминдік қызмет атқара бастаған еңбектерінде және шыққан қазақша кітаптардан тұңғыш бастаған *әріп*,

дәйекше, дыбыс, жуан дыбыс, жіңішке дыбыс, қағида, түбіршек тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымша тәрізді байырғы сөздерді табамыз.

Біртіндеп өмірге жолдама алған қазақтың ұлттық графикасын А.Байтұрсынұлы іс барысында үнемі жетілдіріп отырады. Оның баспа, полиграфия талаптарына байланысты кейбір сәйкессіздіктерін реттей келе ұлттық жазуға айналдырды. Сөйтіп, бұл жазу 1924 жылы ресми түрде қабылданды. Біздіңше, бұл жазудың ең басты екі маңызын айта кеткен жөн сияқты. Біріншіден, бүкіл қазақты ұйымдастырып, ұлттық жазу жүйесі бойынша жаппай сауат ашу шарасы жүргізілді. Осы арқылы ұлттық сана мен ұлттық мәдениетіміз арналы даму жолына түсті деп айта аламыз. Екіншіден, дендеп еніп бара жатқан орыстану саясатына тосқауыл қойылды. Осыдан былай қарай орыс тілінде, орыс қарпімен оқытылып келген мектептердің бәрінде өзіміздің ұлттық төл жазуымыз қолданыла бастайды.

Айта кету керек, 1926 жылы 26 ақпан мен 6 наурыз аралығында Баку шаһарында өткен түркологиялық съезде А.Байтұрсынұлының араб алфавиті негізіндегі жаңа жазудың артықшылығын дәлелдеп, латынға қарсы шыққандағы бір себебі – бұл жазудың Қазақстанда іс жүзінде қолданыс тауып, жаппай сауатсыздықты жоюдағы атқарған нақтылы қызметі болатын. Кейін халық жауларын аулаушы «қырағылар» Ахаңның бұл әрекетіне жерден жеті қоян тапқандай қуанып, оны керемет пайдаланғанын да білеміз. Әңгіме бұл жерде Ахаңның латын жазуын мүлде іске алғысыз деп тануында емес еді. Мәселенің түп себебі – сауаты жаңа ашылып, білімді ел қатарына енді-енді қосылып келе жатқан қазақ сияқты қауымға жазуын қайта-қайта ауыстыра берудің мүлде тиімсіздігінде болатын. Мұның үстіне бүкіл жұрт тез қабылдап, өзге де түркі тілдес елдер үлгі ете бастаған бұл жазуды ауыстырып, латынға көшуді, ол түптің түбінде кириллицаға ауыстырудың баспалдағы екенін сезген болатын. Ақыры солай болып шықты.

Оқу-білім, мәдениеттің бүгінгі жеткен биігінен көз тастап байқағанда, «айналдырған 14-15 жылдың ішінде үш жазуды ауыстырып қандай мұратқа жеттік?» деген сауал туындайды. Әрине, соңғы елу жылдан астам уақыт бойы қажетімізді өтеп келе жатқан орыс графикасына негізделген жазуымызды мүлдем тиімсіз болды деп айта алмас едік. Сонымен бірге біздің халқымыз үш рет сауатсыздық шырмауында болып, үш рет қайта сауат ашқанын жасыра алмаймыз. Сонда бұл қайта-қайта жазу ауыстыру кімге тиімді, кімге тиімсіз болды? Әңгіме – осында. Бұл жағын қазір зиялы қауым түгел шамалайды деп білеміз.

Сол отызыншы жылдар соңында, одан кейін де қазақ халқының тіліне, мәдениетіне, тарихына қаншалықты нұқсан келтірер кінәраттың бірі ана тілінде оқытуға байланысты екенін алдын ала сезген Ахаң бұл іске де жанын сала кіріскен болатын. Кейінгі (80-90-жылдардағы) үш-төрт жыл бойы жүргізіліп келе жатқан тіл үшін күрес Ахаңның сол бір көрегендігін дәлелдей түскендей. Өз тілімізді ұмытып, орыстанудың аз-ақ алдында қалған бір сәтте Ахаңның арамызға қайта оралуы үлкен олжа болды емес пе?

Барымызды ұмытып, керегімізді іздеуден қалған 70 жылдан аса мерзім ішінде бүкіл бір ұрпақты қағынан жерінген құлан сияқты еткен екенбіз. Ана тілін білмейтіндер саны бұл күнде 25 пен 40 пайыз арасында ауытқи беретіні – кеңестік дәуірдің жемісі.

Енді, міне, заман түзелгендей, ел есін жиғандай болып отырған кезеңде Ахаң қалдырған мұраның мөлдірінен сусындап, әлі де мейіріміз қанар емес. Бір ғана осы ағартушылық іс саласында жазған кітаптарының өзін игеру оңайға түсіп жатқан жоқ. Өйткені «өзімізде ештеңе жоқ!» деп, өзгеге жүгініп, әбден еңсе түсіріп үйренген халықпыз ғой. «Апырай, мұндай да бар екен-ау» деп аң-таң боп жүрген ағайын да арамызда. Иә, Ахаңның істері таңдай қақтырардай. Сонау 1912 жылы Орынбордан шыққан «Оқу құралы» халық сұранысын өтегені сонша: ол әлденеше рет баспа жүзін көреді. 1925 жылы ол «Әліп-бидің» жаңа түрін жариялайды. Бұл да бірнеше рет басылады. Кезінде оған: «Мынау жаңа «Әліп-би» бұрынғысынан қай ретте болса да, аса артық. Бұл «Әліп-бидің мазмұны қазақ жағдайына қарай Мемлекеттік білім кеңесінің жаңа программасына үйлесімді болып шыққан. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық», – деп баға берілген екен. Десе дегендей, Ахаң замана ағысынан қалыспай, қатар жүріп отырады. Өлгіндей құралдарын үнемі жетілдіреді. Осындай құралдың ересектер үшін де аса қажет екенін ескеріп, «Әліп-биді» жазады. Ол оқулық әуелі 1924 жылы Орынборда, 1926 жылы Семейде басылып шыққан.

«Оқу құралы» арқылы балаларды сауаттандырып алғаннан кейін ол енді қазақ тілін жеке пән ретінде оқытудың құралын ойластыра бастайды. Бірнеше бөлімнен тұратын бұл оқулықтың әр бөлігі жеке-жеке «Тіл – құрал» деген атпен жариялана бастайды. 1914 жылы морфологияға арналған II бөлімі, 1915 жылы фонетика арналған I бөлімі, содан кейін синтаксиске байланысты III бөлімі жұртшылыққа ұсынылады. Мұның қай-қайсысы да кемінде 6-7 рет баспа жүзін көрген.

Аталмыш оқулық қазақ мәдениетінің тарихында бұрын-соңды болмаған мүлде соны құбылыс болды. Мұның тосын дүние екенін А.Байтұрсынұлының өзі де ескертіп, кітап кіріспесінде мынадай түсініктеме береді: «Тіл – құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат».

Қазақ тіл білімінің қалыптасуында айрықша рөл атқарған бұл еңбектерді саралағанда, жалпы лингвистика ғылымының өрістеуіне даңғыл жол ашқан термин жасау мәселесін тіпті де аттап өте алмаймыз. Әлгіндей оқулықтарды түзу барысында Ахаң әрбір ұғым, түсінік, нәрсе, затқа, әсіресе грамматикалық категориялардың бас-басына қазақша термин береді, атау телиді. Сол кезеңде жасалып, қазір мүлде қалыптасып, тұрақтанған *зат есім, сын есім, етістік, есімдік, бастауыш, баяндауыш, тысықтауыш, дыбыс, әріп, қағида, емле* т.т. толып жатқан терминдер – тіл ғылымын дамытудағы зор үлес. Әрбір грамматикалық категорияның өзіне тән атауын дәл тауып, жіліктеп, жіктеп, саралап беру оқу жүйесіндегі ісімізге айрықша әсер еткенін білеміз. Мәселен, сөздерді тұлғасына, мағынасына қарай бөліп, саралап, қолмен қойғандай етіп көрсетуді мамандардың қай-қайсысын да таңғалдырған. Ол жасаған терминдер жүйесі бүгінге дейін тілімізге мүлтіксіз қызмет етіп келеді. Мұның сыры неде? Оның сыры – Ахмет Байтұрсынұлы ұстанған принциптің ғылыми негізділігінде, табиғи заңдылығында. Ол – қандай принцип? Біріншіден, А.Байтұрсынұлы термин жасау процесінде қазақ тілінің өз мүмкіндігін барынша пайдаланады. Әлгі терминдердің әрі қарапайым, әрі түсінікті, дәл болуы қазақ тілінің байырғы сөз байлығын сарқа пайдалануға байланысты. Сондықтан да олар өміршең. Сонымен бірге интернационалдық терминдерді де реті келгенде қолданғанын байқаймыз. Бұған көп дәлелдің қажеті бола қоймас. *Фонетика, морфология, синтаксис, грамматика* тәрізді ұғымдардың Ахаң қолданысында сол күйінде қалуы – осыған дәлел.

Сонымен бірге А.Байтұрсынұлының қазақ тілі морфологиялық тұлға-тәсілдерін мүлде басқаша қарап түсіндіруге тырысқанын байқаймыз. Ол тілдің типологиялық ерекшеліктеріне аса зор мән береді. Әсіресе қазақ тілін зерттеген орыс ғалымдарының тілдің табиғи тегін аршып, ашып түсіне алмауынан кеткен қателіктерін анықтап, түзетіп талдай келе, өзіндік анықтамаларын береді. Ана тілінің даму ерекшеліктерін барынша ескеру принципін ұстанады. Орысша оқып сауаттанғанмен, әрбір ізденісін қазақ тілінің өз табиғатынан тартып, қазақ тілінің өз заңдылықтарына сүйеніп отыратыны көрінеді.

А.Байтұрсынұлының тағы бір аса маңыз берген мәселесі – ол қазақ тілін оқыту әдістері. Бұл жайында ол жиырма жылға таяу уақыт бойы дерлік талмай ізденіп, сол кездегі баспасөз беттерінде түбегейлі толғамдарын үздіксіз жариялап отырған. 1910 жылдан басталған тәжірибесін жинақтап, 1920 жылы Қазанда «Баяншы» деген атпен шағын кітапша етіп шығарады. 1921 жылы осы тақырыпты сөз ететін тағы бір әдістемелік құралын Ташкентте бастырады.

А.Байтұрсынұлының еңбек жолын қарап отырсаңыз, ылғи да жүйелі мақсат көздеп отырғанын байқайсыз. Басты да әуелгі мақсаты – қазақ баласының сауатын ашу болса, соны іске асыру үшін алдымен «Оқу құралы» («Әліп-биді») жазады. Тілді тереңірек түсіндіріп баяндау үшін «Тіл – құралын» түзеді. Ал «Тіл жұмсарын» алсаңыз, өзінің аты көрсетіп тұрғандай, ана тілін дұрыс қолданып, дұрыс тұтыну жолдарын қарастырады. «Баяншыны» оқысаңыз, тіл үйренудің жүйелі әдістері баяндалады. Осындай мәселеге жүйелі келудің нәтижесінде сауат ашу процесі әлдеқайда шапшаң, анағұрлым жедел жүргізілгені мәлім. Сонда өзінің алдында таза қазақ тілін оқытудың үлгі етерлік ешбір нұсқасы болмаған жағдайда тілді оқыту жайын осыншама терең біліктілікпен, барынша сауатты жүйелегеніне таңғалмауға болмайды. Басқа еңбектерін былай қоя тұрып, осынысының өзімен-ақ ол қазақ халқының мәдени тарихында өшпес із қалдырары даусыз еді.

Қазақ тілі жайында А.Байтұрсынұлынан бұрын да зерттеулер болған. Бірақ олардың бәрі де орыс тілінде жазылған еді. Олардың бірде-бірін де (Н.И. Ильминский, П.М. Мелиоранский т.б.) қазақ тілінің өзіне тән табиғаты жүйелі түрде ашылған емес. Және олар орыс тілінде жазылғандықтан, қарапайым халықтың сауатын ашуға пайдасы аз болды. Міне, сондықтан да біз Аханды **қазақ лингвистикасының бастауында тұрған басты тұлға** деп есептейміз.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің ғана емес, әдебиеттану ғылымының да негізін салушы. Осыдан-ақ оның халықтың бай ауыз әдебиетін, ертегі-аңыздарын, эпостық жырларын, шешендік сөздерін, мақал-мәтелдерін, нақылдарын да үнемі жинап-теріп, бастырып шығарғанын көреміз. Ол бұл жұмысты 1895 жылдан бастайды. Бұған «Тургайская газетінің» бетінде бастырған «Киргизская приметы и половицы» деген материал куә. 1923 жылы А.Байтұрсынұлы қазақтың айтулы эпостық жырының бірі – «Ер Сайынды» Мәскеуде бастырады. 1926 жылы Ахаң қазақ халқының басында болған қайғылы оқиғаларды сипаттайтын өзгеше бір жыр өрнегі 23 жоқтаудың басын құрастырып, «Жоқтау» деген атпен жариялайды. Бұл – халқымыздың ауыз әдебиетінде жанрлық сипаты басқашалау туынды қатарына жатады. Мұны жинағанда да ғалымның ең алдымен назар

аударатыны – жоқтау жырының тіл шеберлігі мен көркем сөз қоры. Әдебиеттің осындай сан түрлі нұсқаларын жинап, зерттеп, бастыра келе А.Байтұрсынұлы енді оның тарихына үңіліп, теориясын түзуге кіріседі. 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш», міне, осындай жүйелі ізденістер мен барлаудың әрі жалғасы, әрі жиынтығы іспетті. Аталмыш еңбек Ахаңды нағыз теоретик ғалым ретінде танытты.

Бұл кітап әлденеше жылдар бойы әдебиетсүйер қауымның қолынан түспейтін құрал болған. Өйткені мұнда ол әдебиеттің барлық жанрына, көркемдік құралдарына қалыптаса бастаған еуропалық дәстүрден кетіп, таза қазақша, соны, жаңа анықтама беріп, бәріне терминдік балама телиді. Қараңыз: *арнау(зарлай арнау, жарлай арнау) ауыстыру, әсірелеу, бүкпелеу, бейнелеу, дамыту, көрнектеу, кекесіндеу, мегзеу, теңеу, түйдектеу, теңдестіру, үдету* тәрізді жеке сөздерді, *өлең айшықтары, шумақ түрлері, тармақ толғаулары, тармақ кезеңдері, заман хат, тарихи әңгіме, саясат, шешен сөз, билік шешен сөз, қошемет шешен сөз, көсем сөз, айтыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең* тәрізді тіркесімдер Ахаң қолдауында тұңғыш рет терминдік мәнге ие болған. Ғалымның атылып кетуіне байланысты еленбей қалған *ғұрыптама, зауықтама, қалыптама, сарындама, сауықтама* сияқты қолданыстар терминденуге өзі сұранып тұрғандай. «Әдебиет танытқышта» өзінің терминдік өрісін таппай жатқан мұндай сөз үйірлері молынан кездеседі. Оны игеріп, ел игілігіне жарату, терминдер қатарына қосу – ендігі ұрпақтың міндеті. Сонымен осы қысқаша шолудың өзінен-ақ **А.Байтұрсынұлының әдебиеттану ғылымының да негізін салған тұңғыш әдебиет теориясын жазған үлкен ғалым** екенін танимыз.

Туған халқын сауаттандырып, мәдениетке жетектеу идеясы Ахмет Байтұрсынұлын ақындық әлеміне де алып келеді. Қалдырған мұрасын қарап отырсаңыз, көркемдікпен көмкеріліп ой арқалаған сөз орындарына тәнті боласыз. Бір қарағанда, бұл кісінің ақындығынан гөрі қайраткерлігі мен ғалымдығы басымырақ боп көрінуі де ықтимал. Кезінде солай деп те бағаланған (С.Сәдуақасов). «Қырық мысал» мен «Маса» жинақтарын сүзіп шыққанда, Ахаңның тек қана ғалым, тек қана қоғам қайраткері немесе ағартушы ғана емес, керемет ақын, шебер аудармашы екеніне де көзіңіз жетеді. Тіпті керек десеңіз, барлығы да қазақтың поэзиялық мұрасын тереңірек үңілуден туған тәрізді.

Жалпы оның ағартушылық, ғалымдық, қайраткерлік, ақындық, аудармашылық қасиетін саралай түскенде еріксіз мынадай ой жетегіне еруге тура келді. Ахаңның алдында қазақ халқы үшін оның болашағы үшін өлшеусіз мол қазына тастап кеткен үш алыптың – Абай, Ыбырай, Шоқанның болғанын білеміз. Бір ғажабы – осылардың мұрасын терең зерттей отырып, олар көтерген мәселелерді бар жанымен ұға отырып, ол осы үшеуінен тартылатын үш арналы жолды бір өзі бойға сіңіріп тандап алғандай. Шынында, қараңыз: Шоқанның ғалымдығы, Ыбырайдың ағартушылығы, Абайдың ақындығы мен ағартушылығы А.Байтұрсынұлының өмірлік мұратына айналған. Және бұларды заманға лайықты нақты істермен жалғастыра, дамыта түскен. Сондай-ақ тыңдаушысы мен оқытушысы аз болған үш алыптан гөрі ол – азын-аулақ болса да, өз еңбегінің нәтижесін көрген адам.

Сөйтіп, Ахаңның ақындығы мен ағартушылық өнерінің орны мүлде бөлек. Ол – өз алдына ғибрат алар ерекше бір мектеп. Бұл жолда да Ахаңның белгілі мақсат көздеп отыратынын байқаймыз. Өлеңін Абайша түрлеп, адам бойындағы надандықты шенейді, саналылыққа, ел болып бірігуге шақырады. «Сауатың ашылмай, басың бірікпесе, ел болып оңбайсың» дегенді уағыздаудан жалықпайды. «Қалғып-мүлгіп күн кешкен қайран қазақты қайтсем оятамын, қалай ел қатарына қосамын?» деп сары маса боп ыңылдауы да содан. Төл туындысы болсын, аударма дүниесі болсын, ол осы бағытынан жаңылмайды:

Бұл неткен жұрт ұйқышыл?!
Болсын кедей, болсын бай,
Жатыр бейқам, жым-жырт, жай
(«Жиған-терген»)

Қазекеннің ұйқыдан бас көтерген кезінде бітірері өзді-өзі шен-шекпенге таласып, өзгелерге жем болып жататынына күйінеді. Мұндай күйге:

...Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз
Алалық алтыбақан дертпен кірдік

немесе:

...Жан-жақты Жаратқанға күзеттіріп,
Жақынмен ырылдастық, иттей үрдік, –
(«Қазақ қалпы»)

деуінде ащы шындық жатыр. Бұл – қазіргі біздерді де толғандырып, үлкен міндет жүктеп тұрған жолдар. Абайша күңіреніс, Абайша толғаныс. Абай шыншылдығы, Абай сыншылдығы оның әрбір

өлеңін де осылайша жалғасын тауып, өзіндік жаңаша өрнектермен өзекжарды мәселелерді қозғап жатады.

Абай бірде-бір өлеңін өткен уақыттың жайын ғана жырлайтын, кезеңдік дүние деп қарай алмайтынымыз сияқты, Ахмет туындыларының да шеңбері бір ғана сәттің ауқымымен шектеліп қала алмайды. Оның әрбір сөзі біздер үшін де әсерін жоймаған барынша көркем, мейлінше мағыналы. Тіпті көп өлеңі бүгінгі тіршілігіміздің айналасындағыдай көрінеді.

Мысалы:

Тықылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп
Екпіндеп, ұшқыр атша қарқындаған.
Бос белбеу, босаң туған бозбала көп
Киіздей шала басып қарпылмаған, –
(«Қазақ салты»)

деген шумақ бүгінгі біздерді айтып тұрғандай емес пе?! Бас пайдасынан басқа уайымы жоқ, «халық», «ұлт мүддесі» деген ұғымға миығынан күліп қарайтындар аз ба қазір? Мына екі жол соларды нұсқап, дәл басып көрсеткендей:

...Жаны ашып, жақын үшін қайғырар ма
Жаны – мал, жақыны – мал, малдың құлы?
(«Досыма хат»)

Ал «Жұртыма» деген өлеңінде қазақтың тағы бір тиімсіз мінезіне қадалады:

...Келгенде өзді-өзіңе мықтымсындар,
Қайтейін өзге десе, көңгішінді!!
Сықылды сынық бұтақ төмендесең,
Кім жұлмас оңайдағы жемісінді?!

Бұл – «Күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындап»-ты (Абай) нақтылай ұластырып жатқан шумақтар. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ, қолдан шығып кеткен соң өкіндім-ай», – деп халық өлеңінде айтылатын ежелгі, дәстүрлі өлең табиғатына жаңаша нәр беріп, неге болса да тәубе етіп, неге болса да «Құдай ісі» деп, еш әрекетсіз қарап отыратын мінез-құлықтағы дертті аямай сынға алады.

Ахмет Байтұрсынұлының аудармашылық қызметінде мысал жанры өзгеше орын алады. Басқа емес, дәл осы жанрға баруының өзінде үлкен мән жатыр. Қазақ бойындағы ежелден қалмай келе жатқан әлгіндей ездiк пен бойкүйездiк, намыссыздық пен жігерсiздiк, алааяқтық пен алаауыздық, жалқаулық пен жағымпаздық т.б. толып жатқан ес жиғызбас әдеттi сынау, шенеуге келгенде ақын осы жанрды дұрыс таңдайды. Оның сыншылдығы да, сыршылдығы да осы мысал өлеңдерінде барынша ашыла түседі. Әсіресе шымшыма әзілмен әспеттелетін пәлсапалық түйін мен тағылым, тәрбиелік мәні зор тұжырымдары естен кетпей көңілде жатталып қалады. Мұның бәрі, біздіңше, өлеңдегі ой мен сөздің, мазмұн мен түрдің өзара жымдасып, қабысып жатуынан.

Сонау Эзоп пен Лафантеннен бастау алатын И.А.Крыловтан баян табатын бұл мысал әңгімелерге Абай да, Ыбырай да қызыққан. Олар да бұларды қазақша сөйлетудің керемет жолын тапқан. Ол – әлі игеріліп бітпеген тағылымдық өнегесі таусылмайтын өз алдына бір мектеп. Ахмет бұл дәстүрді де әдемі жалғастырып, көркем аударманың дамуына зор үлесін қосып кеткен.

Әрбір өлеңі бір қарағанда аударма дейтіндей күдік шақырмайды. Ал, екінші жағынан, тереңірек үңіле қараған адамға аударма екенін және оны өте шебер жасалғанын мойындауға тура келеді. Аударма екенін кейде байқамай қалатыныңыз өлеңдегі бүкіл айтылмыш ой, мазмұнның қазақы ұғымға ешбір жаттығы жоқтығынан. Ал олай болу себебі – Ахаңның қазақ сөзінің парқын мейлінше терең түсініп, оны орнымен қолдана білуінде. Өлең сөзге осыншама шеберлікпен балама табу кез келген ақынның қолынан келе бермесе керек. Мысалдың мазмұн-мағынасын ашып, көркемдік сапасын төмендетпей, шебер қаланған әсем ғимарат өсіп шығады. Қайсыбір тұстарда Ахаң өз тарапынан өнегелік түйін жасап, түсіндіріп те кетіп отырады. Бұл да – өзіндік ерекшеліктерінің бірі. Мәселен, «Арыстан, киік хәм түлкі» деген мысал өлеңінде ол былай тұжырымдайды:

...Кісіге таза жолдас табу қиын,
Көбін-ақ дос етеді мал мен бұйым.
Досыңнан, дұшпаныңнан бірдей сақтан,
Басыңда, сірә, Ахмет, болса миың.
Ойлама: «шын достарым мол екен» деп,
Сөзіне ере берме: «Жол екен!» –деп,
Досыңды қиын іске қайрап тұрған
Білгейсің шын дұшпаның сол екен деп.

Немесе «Қара бұлттағы» қаңсып жатқан далаға жаудың орнына онсыз да кемерінен асып-төгіліп жатқан теңізге барып құя салған бұлтты мүмкіндігі болса да, еліне еш пайдасы жоқ кейбір адамдарға ұқсатады. Ал «дала – бейқам жатқан қазақ», – дейді.

...Бұлттай жерге жаумай, суға жауған
Қазақта іс ететін көп адамдар.
Жұмсамай тиісті орынға мал, өнерін
Біреулер жүреді, оған не амал бар?
Мысалы, қазақ – дала, басқа теңіз,
Даланы шамаң келсе көгертіңіз.

Ахаң қандай мысалды аударса да, аяғын қалайда қазаққа әкеп тірейді. «Оянар ма екен, сабақ алар ма екен, серпілер ме екен?» деумен болады. Әйтеуір қазақтың бар қылығына теңеу табады. «Баласын аяған адам оны сүймейді» деген мазмұнда жапонның бір мақалы бар екен. Ахаңның қазақты қаншалықты сүйетіні, сондықтан да оны бар жаман қылықтардан арылтып, адал адамгершілік жолына алып шығумен әуре болатынына қайран қалып отырсыз. Сол үшін де ол ешкімді аямайды. «Миың болса, ойлан», – деп, өзін де қатты сынға алады, қайрайды.

Болмашы үлесті бөлісе алмай дауласып, үйді өртеп алған үшеудің қылығы да қазаққа келіп жатыр.

...Бұл белгі табылып тұр біздің жұрттан,
Таласып бір-бірінің жүзін жыртқан.
Алданып арадағы дау-шарына
Қатерден қапері жоқ келер сырттан.

(«Үлес»)

Сондай-ақ «Өзен мен Қарасу» мысалындағы өзенді өз елін ғылым, біліммен өркендетіп жатқан елге ұқсатады.

...Қозғалмай бұл күйіңнен жата берсең,
Боларсың Қарасудай ақырында, –

деп, қимылсыз, қарекетсіз жатқан қазақтың намысын түрткілейді.

Қаршадайынан ел деп езіліп, халқым деп қайғы жұтып, азап пен тозақтың бәрін бастан кешіріп, ақыры қара түнек надандықтың құрбаны болған аяулы да ардагер Ахаң мен сол сияқты кеменгерлер жүріп өткен жолды аузың барып қалайша жайбарақат әңгімелей аласың? Сол бір бәйгеге басын тіккен есіл ерлердің шер мен сырға толы еңбек жолы жаныңды қалай күйзелтпесін? Неге бұлай болды, қаншама халықты және саналы жолға салып, болашаққа жетелеген ел көсемдерін зәбірлеген, олардың тұқым-тұяғымен жер бетінен жойылып кетуіне кімдер себепші болған? Жалғыз Сталин бе болмаса жалғыз Голощекин бе? Бұл жауыздардың сұрқия саясатын алақайлай үдетіп, дамытып, «құлпырта» орындағандар бар емес пе? Солардың аты неге аталып, ардың, адамгершіліктің сотына неге салынбайды?! Адам баласы тарихында бұрын-соңды болмаған осынау теңдесі жоқ жауыздықтың авторлары мен орындаушыларын халық талқысына салмай, санада шөгіп қалған, бұғып жатқан арсыздық пен сатқындықтан арыла алмаспыз.

Ойлап қаралықшы, ағайын. Біздің халқымыздың басына төнген қатер – тек осы ғана ма? «Тең жартымыздан айырылды!» деп күңіренеміз. Ол рас, әрине. Бұл – бүкіл бір әлемге, бір халыққа аз қайғы емес. Бұл – өмірі толмас өлшеусіз қасірет. Бірақ біздің қазақтың көрген тозағы осы ғана ма? Ол құрбандығымен тазарып, адалданып бітіп пе еді? Жоқ, ағайын, бақсақ, біз ұлттық тәуелсіздік, ұлттық тұтастық үшін күрес алдында өз жүрегіміз бен санамызға өшпес қара дақ түсірген халықтың бірі екенбіз. «Елдің тең жартысы аштықтан қырылып, ширегі шетелге қашып құтылды», – дейміз. Рас. «Ол елде, Атамекенде аман-есен халық, ұлт атына ие болып қалғандардың бәрінің бірдей ары, жаны таза» деп айта аламыз ба? Халқымызды қырғынға ұшыратқандар, барсақелмеске айдатқандар, жауыздар, сатқындар әлі де жүрген жоқ па екен арамызда алшаң басып, ойланалықшы!

Әшейінде әділеттің ақ жолын ұстаған боп, кезеңі, реті, сәті келгенде, аянбай қимылдайтын бұлар кеше де, яғни, 1986 жылғы желтоқсанда көрсетпеп пе еді көресіні?! Ендеше, олар әлі тірі, сақ. Тек бой тасалап, жауыздығын жасырып, арамызда әлі жүр. Бар бәлені, дертті, ендеше, өз бойымыздан іздесек етті!

Халқымыздың жан саулығына өлшеусіз зор зиян келтірер осынау көр мінез бен арам пиғылдан арылмай, тәуелсіздігіміздің іргесі нық болмай ма деп қорқамыз. Ол неше алуан түрге еніп құбылады. Ол біресе қоғамшыл, біресе партияшыл, біресе ұлтшыл, халықшыл боп өрекиді.

Міне, Ахаң жайында әңгіме қозғағанда, осындай да ойлар торлайды. А. Байтұрсынұлы оқуы енді ғана басталды деп білеміз. Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін оның сауатты да білікті ел қатарына қосылуы үшін ақтық демі біткенше күрескен осынау ұлы адамның аты ұлт жүрегінде мәңгі сақталады. Сондықтан да оны **қазақтың ұлттық мәдениетінің Хантәңірі** деп бағалаймыз.

Ахметтану саласының өткені мен бүгіні

Ахметтану ғылымы бұдан 80 жыл бұрын басталған болатын. Ахмет Байтұрсынұлы көзі тірісінде-ақ қазақ халқының рухани көсемі ретінде бүкіл түркітану әлемінде мойындалған еді. 1923 жылы қазақ топырағында, қала берді бүкіл шығыс халықтарында бұрын-соңды болып көрмеген жаңа үрдіс – Ахаңның 50 жасқа толған мерейтойының өткізілуі оның мәдениетімізге сіңірген еңбегін жалпы халықтың мойындауы іспетті болғаны белгілі. Бұл мерейтойдың алдында, оны өткізу үстінде халқымыздың біртуар ұлдары – М.Әуезовтің, М.Дулатовтың, С.Сәдуақасұлының, Е.Омаровтың, С.Сейфуллиннің, Т.Шонановтың, орыс түркітанушылары – Е.Поливанов пен А.Самойловичтің Ахмет Байтұрсынұлының көп қырлы еңбегін жан-жақты бағалаған мақалалары мен зерттеулері ахметтану ғылымының алғашқы іргетасын қалады деуіміз керек. Алайда көп ұзамай шығармашылық күш-қуаты толысқан шағында Аханның өзі де, жаңа қалыптасып келе жатқан ахметтану ғылымы да сталиндік қан-қапастың құрбаны болып кете барды.

Содан 60 жыл өткенде халқы Ахаңмен екінші рет қайта қауышты. Содан бергі өткен он-он бес жыл мұғдарында ғалым мұрасы жиналып, жарияланып, жан-жақты зерттеу нысанына айналып келеді. Аханды,оның еңбектерін тереңірек зерделеген сайын ұлтымыздың рухы биіктеп, рухани санамыз өсе түскені мәлім.

Жоғарыда біз келтірген өз тұстастарының мақалаларында, негізінен, Ахаңның ағартушылық, қайраткерлік істері мен оның тіл әдебиеттану ғылымдарына сіңірген еңбегі сөз болған. Ал Ахмет Байтұрсынұлының қазақ мәдениеті мен ғылымына (оның ішінде қоғамдық ғылымдардың барлығы дерлік бар) қосқан үлесі өлшеусіз мол.Оның мақалаларында әдебиет пен тілді былай қойғанда, экономикаға, тарихқа, педагогикаға, жорналшылыққа,өнерге қатысты ой-пікірлері ұшан-теңіз.Біздің бұл жерде айтпағымыз – Ахмет Байтұрсынұлы туралы жазылған, зерттелген, әлі де зерттеуін күтіп тұрған проблемаларды тәптіштеп санап шығу емес, ахметтануға қатысты, оның мұрасын жинап, жариялап, жұртшылыққа таныстыруда, оны кешенді зерттеуді қолға алуда көшбасшы болған ғалымдардың еңбегінің өзіміз куә болған бірнеше тұстарын ғана сөз ету.

Бұның басты себебі – алаш басшылары ақталғаннан кейін «ол ақталмай тұрып, алғашқы болып, Ахаң жайында біз айтқанбыз» деген адамдар жиі көрініп қалып жүр. Мұндай мәлімдеулердің шындыққа сай келмейтінін, шын мәнінде, мұндай қадамға барғандарды көпшілік қауым, әсіресе, жас буын білуге тиіс деп ойлаймыз.

«Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерін бірінші болып мен атаған едім», – дейтін адамдардың бірі – профессор Т.Қордабаев болатын. Сонда ол кісінің келтіретіні – өзінің 1987 жылы жарық көрген «Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары» деген кітабы. Онда Ахаң аты аталмайды, бірақ оған қатысты-ау деп ойлауға келетін мынадай жолдар бар:«Ана тілінде баяндалған тіл білімі ХХ ғасырдың бас кезінде дүниеге келді. Фонетикаға, лексикология мен грамматикаға қатысты негізгі терминдер осы кезде пайда болды.Ол терминдердің басым көпшілігі орыс тіл біліміндегі атауларды калька түрінде аударып айту негізінде пайда болған»[1, 42]. Ал осы жолдардан кезінде Аханды көрген, оның кітаптарынан тәлім алған аға ғалымдар болмаса, оның оқулығы түгілі, атын естімеген кейінгі ұрпақ ана тілінде ғылым жасаған, тіл білімі терминдерін қазақша қалыптастырған кім екені жайында не ұғуы мүмкін? Оның есесіне, автор кітаптың әліппе, емле мәселелеріне арналған ІІ тарауында Ахмет Байтұрсынұлының латын жазуын енгізуге қарсы болған пікірін өлтіре сынайды:«Латын алфавитіне негізделген жазуды қабылдау мәселесі 1924 жылы болған қазақ білімпаздарының съезінде көтерілгенмен, 1926 жылдың аяғына дейін ол айтарлықтай өріс ала алмады. Оған, ең алдымен, сол кездегі басқару орындарының біразына орналасып алған **ұлтшыл арабшылар** кінәлі еді. Олар араб жазуынан айырылмаудың, жаңаны жуытпаудың барлық шараларын істеп, арпалысып бақты»[1, 32].Бұл арадағы кітап авторының «ұлтшыл арабшылар» деп отырғаны – Ахмет Байтұрсынұлы мен оның пікірлестері екені айдан анық. Шынында да, Ахаң жалпы алфавит өзгертуге қарсы болып, өзі реформалаған араб әліппесі қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, оның айтылу заңдылықтарын сақтауға әбден қолайлы екенін дәлелдеп баққаны белгілі. Ал латын жазуының қазақ тілі заңдылықтарын сақтап, дұрыс сауаттануға келе бермейтінін, тек саясат ыңғайымен, «жұрт көшіп жатыр, біз неге көшпейміз?» деген желеумен көше салудың зияндылығын көрсеткен болатын. Өмір тәжірибесі Ахаңның пікірінің дұрыстығын дәлелдеді, он жылға жетер-жетпесте одан безіп шықтық қой. Сонда«Аханды бірінші рет мен атадым» деп отырғаны – осылар ғана болғаны ма?

Бірде академиядағы Ахаң арналған бір жиналыста Төкең жоғарыдағы келтірген пікірін қайталағанда: «Кітабыңыздың қай жерінде Ахмет Байтұрсынұлының аты аталады?» – деген сұраққа: «Мен тікелей атамағанмен, сипалақтатып айттым ғой», – дегені бар. Сонда жиналыс төрағасы – академик Ә.Қайдаров:

– Сіз «сипалақтатып» жүрсеңіз, Рәбиға Сыздықова сізден он жыл бұрын Ахаңның атын сипалақтатпай-ақ, тікелей атап, ол кісінің қазақ тіл біліміне сіңірген еңбегін де қорықпай айтып берген, – деп ескерту жасаған болатын.

Енді Ахмет Байтұрсынұлына тап, ол ақталмай тұрып еңбегін ауызға алған ғалымдар туралы айтар болсақ, алдымен профессор Шора Сарыбаевты атаған болар едік. Ол 1960 жылы баспадан шыққан «Қазақ тілі білімінің көрсеткіші» деген кітабында Ахмет Байтұрсынұлының инициалымен (А.Б.) оның еңбектерінің тізімін бергені үшін кітабы таралмай жатып туралып, өзі бөлім бастығы қызметінен босатылған еді (партияда болмағандығынан ғана партиялық жаза алған жоқ).

Сол жылдары өзім куә болған тағы бір деректі де айта кеткенді жөн санадым. 1967 жылдың күз айларының бірі еді. Академияға президент болып Шахмардан Есеновтың жаңадан келген кезі болатын. Академия президиумының кезекті бір мәжілісіне институт директоры да, оның орынбасары да қалада болмай, ғалым хатшы ретінде менің қатысуыма тура келді. Сол мәжілісте қаралатын негізгі мәселелер аяқталған соң Ш. Есенов мәжілістің аяқталғанын ескертіп, тек президиум мүшелері мен қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің институт басшыларының қала тұруын сұрады. Сондағы Шәкеңнің айтқан хабарламасының қысқаша мазмұны төмендегі болды:

– Мен президент болғалы қай жерге барып, қанша халықпен кездесем де, Ахмет Байтұрсынұлының осы кезге дейін неге ақталмай жүргені туралы сұрақ қояды. Содан кейін ол кісі жайында бірсыпыра деректермен танысқанымда, оның өзінің де, әкесінің де патша үкіметінен зәбір көргеніне, ал Кеңес үкіметіне қарсы не істеген ісі, не айтқан сөзі жоқ екеніне көзім жетті. Жалғыз жазығы – Алаш үкіметінің құрамында болғаны екен. Ал оны кезінде Кеңес үкіметі кешіргені де белгілі. Соған қарамастан, осы уақытқа дейін аты аталмай, еңбектері жабық қорларда сақтаулы тұрғаны түсініксіз. Сондықтан сіздер мақұл көрсеңіздер, орта буын ғалымдарынан (аға буынды да, жастарды да қоспай) комиссия құрып, айқай-шусыз жан-жақты зерттесек: комиссияның қорытындысы дұрыс болса, жоғары құзырлы мекемелердің алдында ұсыныс жасауға болар еді.

Бұл ұсынысты президиум мүшелері – С.Бәйішев, С.Зимановт.б. қатысушылар қолдады. Бірақ бұл мәселе одан әрі жалғасын таппай, аяқсыз қалды. Оның себебі, менің ойымша, тап осы тұста болған мына оқиғамен байланысты сияқты. ҚазМУ профессоры Хайролла Махмудов дәл осы шамада студенттер алдында Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін оқып, ол жоғары жаққа мәлім болыпты. Орталық комитет ҚазМУ ректорына сөгіс жариялап, партия комитетінің хатшысын орнынан босатқан еді.

Қазақ ғалымдары Ахаңның еңбектерін атағаны үшін жазаланып жатқанда ленинградтық ғалым, белгілі түркітанушы, академик А.Н.Кононов 1974 жылы шыққан «Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов (дооктябрьский период)» деген еңбегінде кітаптың бір бетін Ахмет Байтұрсынұлына арнап, қысқаша өмірбаяны мен негізгі еңбектерін, ол туралы жазылған әдебиеттерді көрсеткен еді.

1977 жылы Кеңес үкіметінің құрылғанына 60 жыл толуына арналып, Тіл білімі институтында ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылды. Конференцияда негізгі баяндама жасаған профессор Рәбиға Ғалиқызы Сыздықова өз сөзіне азамат, ғалым, коммунист ретінде өзі жауап беретінін ескертіп алып, өз баяндамасында қазақ совет тіл білімінің 60 жылдық тарихын сөз ету үстінде сол ғылымды қалыптастыруда аянбай еңбек еткен Ахмет Байтұрсынұлын, оның еңбектерін атамай кету өз ары алдында кешірілмес күнә деп есептейтінін айтып, Ахаң еңбектеріне қысқаша шолу жасады. Бұл біздерге, сол тұстағы жас ғалымдарға, үлкен батылдық, тіпті ерліктей көрінді. Жұрт үн-түнсіз тыңдады, ешкім: не аға ғалымдар, не жастар тіс жарып, пікір айтпады. Бірақ КГБ (Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) ұзамай-ақ Р.Сыздықовадан бұл мәліметті қайдан алғанын сұрапты. Ғалым бұл мәліметтерді жоғарыда келтірген А.Н.Кононовтың кітабынан және ашық қордағы «Труды общества изучения киргизского края» (Оренбург, 1922) деген кітаптан алғанын айтып құтылыпты. Алайда конференция материалдары жарияланғанда, әрине, ол баяндама жинаққа кірмей қалыпты.

1988 жылы алаш ардагерлерін ақтау ресми қолға алынып, академия ғалымдарынан комиссия құрылғанында, оның құрамында академик Ә.Қайдаров пен профессор Р.Сыздықова болды, Ахмет Байтұрсынұлы туралы қорытындыны Р.Сыздықова даярлағаны белгілі. Ал алаш ардагерлерін ақтау туралы үкімет қаулысы шыққан бойда алғашқы болып әуелі «Социалистік Қазақстан», кейін «Қазақ әдебиеті» газеттерінде мақала жазғандар да – Ә.Қайдаров пен Р.Сыздықова еді.

Ахмет Байтұрсынұлы ақталысымен Тіл білімі институты Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Орынбор қалаларындағы мұрағат, кітапханалардан Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін жинауға адамдар жіберіп, сол жиналған материалдар бойынша Ахаңның еңбектерінің алғашқы жинағын шығарды [2]. Бұл кітапты даярлап, жалпы редакциясын басқарған да – Р.Сыздықова. Институт ғалымдары тарапынан содан бері көптеген мақала жазылып, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Р.Сыздықова Ахмет Байтұрсынұлының өміріне арналған кітапша шығарды, бірнеше конференцияда баяндамалар жасады, оның мұражайын ұйымдастыруға атсалысты. Сондай-ақ институт ғалымдары Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына орай республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізді. Конференция материалдары 1999 жылы «Ұлттық рухтың ұлы тіні» деген атпен 30 баспа табақ көлемінде жарық көрді. Оған аталған конференциядағы баяндамалар мен хабарламалардан басқа Ахаңның көзі тірісінде өткен 50 жылдық мерейтойына арналып жазылған мақалалар да кірді.

Соңғы 10-15 жылдағы Ахаң туралы мақалалар ғалымды халқымызға қайыра таныстыру, шығармаларын насихаттауға арналғаны белгілі. Ендігі жерде Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын терең зерделеу керек. Бұл салада қазақ тіл білімінен қорғалған 2-3 кандидаттық диссертациядан өзге жоғарыда аталған ғылым салаларынан жазылған көлемді еңбектер әзір жоқ. Міне, бұл – жаңадан қайта қалыптасып келе жатқан ахметтану ғылымының іргесін кеңейтіп, мұраларын халқымыздың, әсіресе жас ұрпақтың игілігіне айналдырудың басты жолы болған болар еді.

Әдебиет:

1. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы, 1987.
2. Ахмет Байтұрсынов Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.

Жұртбай Т.
филол.ғ.д., профессор

Ахмет Байтұрсынұлы және біртұтас алаш идеясы

1905 жылдан бастап аса ықтияттылықпен саяси күрес нәтижесінде жасалған, 1917 жылы «Алаш» партиясы құрылу арқылы нақты мемлекеттік идеяның негізін қалаған біртұтас алаш идеясында әрбір алаш қайраткерлерінің демі мен аңсары бар. Ал ол идеяның ұйытқысы, тарихшы Мәмбет Қойгелдиев дәл тауып айтқанындай, қазақ қоғамының Сун Ят Сені мен Махатма Ганди – Әлихан Бөкейханов болатын [1]. Әлекеңнің – Әлихан Бөкейхановтың тергеушіге берген жауабындағы: «Мен сырымды екі-ақ адаммен бөлісе аламын. Олар – Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов», – деп айтқанына жүгінсек, онда біртұтас алаш идеясының ілхамында Ахаңның да – Ахмет Байтұрсыновтың да рух-шапағаты бар. Мен бұл арада 1905 жылғы Сәлімгерей Жантөриннің «Автономия» атты еңбегінен және Мұхамеджан Тынышбаевтың 1905 жылғы 19 қарашада автономияшылардың I съезінде жасаған «Қазақтар және азаттық қозғалысы» атты баяндамасынан басталатын, Әлихан Бөкейханов тиянақтаған ұлттық тәуелсіз сана туралы тарихи тәпсірлерді қазбалап жатпаймын. Бұл идеяның тұғырын Әлихан Бөкейханов саяси тұрғыдан қалыптастырса, Ахмет Байтұрсынов идеялық негізін орнықтырды деп есептеймін. Тақырып тәпсілінің тәпсіріне орай, ұлттық идея – Алаш идеясы және Ахмет Байтұрсынов деген мәселеге, соның ішінде Ахаңның тікелей алғауы мен талғауы арқылы байыпталған, былтыр мен биылғы жылдың басты тақырыптары болып отырған бір-екі шағымды мәселеге қысқаша ғана тоқталып өтемін.

Сонымен, сіздерге жақсы таныс, 1917 жылы шілде-тамыз айларының өліарасында Жалпықазақтық I құрылтай шақырылып, «Алаш» партиясы тарих сахнасына шықты. «Алаш» партиясының ұлттық ұстанымы бес түрлі тұжырымға негізделді. Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Яғни, бұл ұстаным «Жер – Отан, ал Отанды сатуға да, жеке меншікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың тері мен қаны төгілген» деген тұжырымға саяды.

Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әр бір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.

Яғни, бұл «өз жерінің игілігін әуелі өз елі игілігіне айналдырсын, одан асса ғана жатқа салауат» деген емеуірінді танытады. Жердің астына, үстіне, аспанына иелік ете алмасаң – ырықтың кеткені сол емес пе?!

Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни, толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді. Абайдың: «Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң; атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып тірлік қылады. Бірлік сатылса, антұрғандықтың басы – осы. Ағайын алмай, бірлік қылса керек», – дегендегі бірлік – осы экономикалық бірлік.

Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек, яғни, Х.Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек, «ұлттық мәдениет үстемдігі сақталуы» тиіс болатын. Бұл – А.Байтұрсыновты «ұлт ұстазы» атандырған ұлы ұстанымның қорытынды тұжырымы.

Бесінші, түпкі мақсат: тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру.

Яғни, тағы да сол Х.Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек: бұл дегеніңіз – «тәуелсіз сот құрылымы, тең және туыстық қарым-қатынастарды қамтамасыз ететін одақтық қағидаттар (заң)» [2].

Бұл айтылған ұстанымдарды таратып жатпайын. Ол – ұзақ әңгіме. Саясат, жер саясаты, экономика, заң, қоғамдық даму дегенді былай қоя тұрып, «Қазақ» газеті арқылы Ахмет Байтұрсынов тиянақтап тұжырымдап кеткен өзіміздің тәуелсіз рухани тәрбиемізге тоқталамын.

«Қазақ» газеті – ұлт ұйытқысы болды. «Қазақ» газеті, жоғарыдағы төртінші бапта топтастырылған қазақтың ұлттық рухани идеясының мәйегін ұйытты:

бірінші және ең бастысы – қазақтың саяси көзқарасын оятып, біртұтас алаш идеясын қалыптастырды;

екінші, қазақ тілінің жазылуы мен емілесін тұрақтандырды;

үшінші, қазақ әдеби тілінің негізін қалыптастырды;

төртінші, қазақ кәсіби журналистикасының негізін орнықтырды.

Міне, мұның барлығы – тура сол тұстағы қазақтың талмалы тұсы болатын. Соның ішіндегі ең бейбіт мәселенің бірі – дәл бүгінгі күндегі сияқты әліпби мәселесі еді. Өйткені дәл қазір ықпалы залалсыз көрінгенімен де, сол бір жол айырығы тұсында ерекше мәнді а) жер мәселесі, ә) әліпби, б) грамматика, в) термин туралы пікірталаста қазақтарды татарлардың көзқарасын ұстануға қарай қақпайлаған, татар тілі иісі түрік жұртына ортақ тіл болу керектігі жөнінде тікелей талап қойған татар көпестерінің демеуімен шығып тұрған «Айқап» журналының ұстанымына қарсы тұру арқылы «Қазақ» газеті – қазақ идеясының өміршең екендігін дәлелдеді. Өздерінің түпкі мақсатына жете алмайтынын, «Қазақ» газетінің ерекше бедел алып, енді мойынсынбайтынын білген «Айқаптың» «иплаштары» біртіндеп демеушіліктен бас тартты. «Айқапты» көтермелейтін қазақ көпесі әлі қалыптаспаған еді. Сондықтан да ол журанал жабылып тынды.

Осындай нәзік мәселенің өзінен жол таба білген және бүгінгі қазақ әліпбиінің толық нұсқасын өмірге әкелгені үшін де біз «Қазақ» газетінің және оны шығарушылар – Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, демеушісі – Оразай Ахмедтің алдында тағзым етеміз.

1990 жылғы «Қазақстанның суверенитеті» туралы мәлімдемеде қамтылған жоғарыдағы бес түрлі ұлттық ұстаным бұтақтала келіп, 2002 жылғы жерді сату туралы заң жобасынан кейін қазақ мемлекеті ұлттық идеядан толық арылып, беймарал мемлекеттің құрылымына көшті. Ал «Жапония сияқты ғылымға сүйенген ұлттық-демократиялық мемлекет құру керек» деген ұстаным үшін, анық емес деректерге сүйенсек, кезінде 60 мыңдай адам «жапон шпионы» ретінде ату жазасына кесіліпті.

Қазір дәстүрсіз ұрпақ қалыптасып келеді. Бұл – үлкен рухани апат. Тәуелсіз экономика мен тәуелсіз ғылым жоқ. Ал тәуелсіз ғылымсыз тәуелсіздік те, зиялы да, болашақ та жоқ. Тағы да сол Абай: «... малды сарып қылып ғылым табу керек. Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қажылық, ешбір ғибадат орнына келмейді», – дейді. Біз сол ғылымды «малдың», яғни, бизнестің құрбандығына шалып отырмыз.

Ұлттық ұйытқының, мектептің, соның ішінде бастауыш мектептің ұлттық мәйегі ұйымаған. Ботаника пәнінен Қазақстанның шөптерінің түрі мен атауларын, зоологиядан Қазақстанның жан-жануар мен хайуанаттар дүниесін, жағырапиядан жер мен су атауларын, жер қыртысының аттарын, астрономиядан «он сегіз мың ғаламның» қазақша атауларын, тарихтан, өзгені былай қойғанда, Қазақ хандығының құрылған жылы туралы нақты мәліметті таба алмайсыз (Бұл ретте тарихшылар әлі бір тоқтамға келген жоқ).

«Саудасы – ар мен иманы» – деп Абай айтқандай, дін саясат пен бизнестің құралына айналды. Ұлттың өз дінін өзіне жиіркенішті көрсету ұстанымы жүргізіліп отыр (Дін туралы қабылданбай қалған ескі заң жобасы мен қолға алынып жатқан жаңа заңның сұлбасы солай деуге негіз қалайды).

Мемлекеттік тіл мемлекеттік қолданымнан шеттетіліп отыр. Мысал керек пе? «Кітап шығарудың қажеті қанша? Оны кім оқиды? Электрондық нұсқа бар», – дейтін министрлер мен ректорлар пайда болды.

Мемлекет өз ұлтынан ажырай бастады. Екеуінің ойы екі басқа. Енді олардың басы қайта біріге ме, жоқ па? Әй, қайдам! Бұның барлығы нені танытады? Жоғарыда атап өткенімдей, біздің тәуелсіз мемлекетімізде қарама-қарсы бағыттағы екі ұлттық ағымның қалыптасқандығын анық аңғартады. Ашығын айтайын, мемлекет халықтан ажырап қалды. Қазір мемлекет пен халық басқа: «Мемлекет тек реттеп отыруы керек. Қалғанын базардың өзі реттейді», – деп өзеурегендер енді бірер жылдан соң халықтан мүлдем қол үзіп, тағы да сол Ленин айтқандай, «халық бұрынғысынша өмір сүргісі келмейтін, ал биліктегілер бұрынғысынша басқара алмайтын жағдайға» душар болары анық. Былтыр ғана болуы мүмкін болжам, биыл, шындыққа қарай бетін бұрып отыр.

Міне, Әлихан Бөкейханов ұйытқан, Ахмет Байтұрсынов идеялық тұрғыдан байыптаған Алаш идеясының негізгі мәйектері – осындай.

Қазір ерінбеген алашшыл болып алды. Мәселе ұранда емес, соны ұлттың діліне сіңіруде. Кейде маған кеңес тұсындағы Балтық жағалауы, Өзбекстан, қазіргі Бельгия сияқты үнсіз азаматтық мойынсынбау қозғалысын үнемі санада ұстаған дұрыс сияқты да көрініп кетеді.

Кеңес тұсында да, кейінгі кезде де, қазір де «Қазақ» газетінің 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске көзқарасы үнемі екіұшты түсіндіріліп келеді. Сондай әрекеттің кесірінен ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдық (!) мерейі өткен жылы аталмай қалды. Осы уақытқа дейін 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің қарсаңында, көтеріліс тұсында, ақпан және қазан төңкерісінен кейінгі азаматтық соғыс жылдарындағы алаш қайраткерлерінің ұстанған бағыты мен саясатын екіұдай түсініп, екіұшты бағалап, бұрынғы кеңестік кезеңде қалыптасқан ығыр пікірдің ыңыршағын шығара қайталау орын алып келеді. Бұл – тек алаш идеясы мен алаш қайраткерлеріне және олардың көзқарасына ғана жасалған қиянат емес, қазақ тарихына жасалған әділетсіз қиянат. Мұндай тоғышарлық пен томырықтыққа негізделген пікірсымақтарға тарихи және мұрағаттық құжаттарды дәлелге келтіре отырып, батыл тойтарыс беретін кез жетті. Ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған ұлт заманауи қару-жарақтың тілін білуі тиіс. Өзінің жігіттік намысын қорғауы үшін «орыс, ноғай, қалмақ, бурят» ұлттарымен қатар әскери ілімді үйренуі керек. Ал майданға барудан бас тартқан жағдайда ол ұлттың жері «мәңгілік қазына есебіне өтпек», «өздері жалдамалы мұжықтың қатарына жатқызылмақ». Міне, осындай қияметті таңдаудың алдында тұрғанда басқа халықпен тең дәрежеде саяси талап қоюға мүмкіндік беретін таңдау – «қара жұмысқа баруға көну».

Ұлт көсемі – Әлихан Бөкейханов өзінің «Алаш азаматтарына!» жолдаған құлағдарында: «Көнбегенде көретін ауырлық: бағынып тұрған үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законге сүйеніп істер... Мысалы, қазақ шын қарсылық қылатын болса, ел-елге отряд шығады. Отряд шықса, елдің берекесі кетеді, бас пен малға әлегі бірдей тиеді, елдің іргесі бұзылады. «Айтқанға көне қоймадың, қарсылық қылдың!» – деп Түркістан уәлаятына военное положениені жұртқа келген бір опат деп білу керек. Военное положение иғлан етілген жерде түймедей жазыққа түйедей жаза болады. Қарсылық көрсетсек, Түркістанға болған военное положение өзге де елге болмай қалмайды... Аз қазаға, аз бейнетке» [3] төзуі керектігін түсіндірді. «Жұртқа келуге тиісті ол опат»–қандай опат еді? «Көпті қазаға ұшырататын, көпті азапқа қалдыратын азап»–қандай азап еді? Көтеріле қалған жағдайда патша ағзамның бұратана халыққа дайындап қойған қандай «сыйы» бар еді? Міне, Ә.Бөкейхановтың осы бір ғана уәжін дәлелдейтін дәйектерді көп назарына ұсынумен ғана өз пікірімізді дәйектейміз.

Иә, алаш қайраткерлері «Қазақ» газеті арқылы: пулеметпен, зеңбірекпен қаруланған патшаның жазалау әскеріне қарсы шокпармен, сойылмен, шиті мылтықпен қарсы шабатын «барымта соғысының дәуірі» өткенін, босқа қасапқа түсетінін, сондықтан да әуелі қарудың тілін меңгеру қажеттігін ашық жазды. Арандап босқа қырылып қалмау үшін және қазақ халқын қалайда заманның қару-жарағының тілін білуі үшін 1916 жылы ақпан айында Ә.Бөкейханов (бір Дума мүшесі екеуі, депутаттың атын ұмыттым) Ресейдің қорғаныс министріне арнайы жолығып, мынадай талаптар қойды:

«а) қазақтан әскер алынсын. Оны қазақ елі қостайды. Бірақ қара жұмысқа, окоп қазуға ғана алынып, зеңбіректің оғына қасап болуға қарсы. Сондықтан да қазақтардың өз еркімен әскерге баруы үшін:

- ә) қазақтарды әскери іске баулитын арнайы қысқа мерзімдік әскери курс ашылсын;
- б) жеке қазақ атты әскер батальоны мен дербес полк құрылсын;
- в) әскер құрамына қазақ өкілі әскери комиссар міндетін атқарсын;
- г) жасақтарды ауылды жерде өзіміз жасақтап, атпен және қаржымен қамтамасыз етеміз;
- ғ) дін өкілі ішінде болсын;

д) бақауыл да (артқы қосын – шаруашылық бөлімі, ас дайындайтын, кір жуатын т.б. қызметтер) қазақтардың өзінен жасақталсын. Сонда қазақтардың башқұрттар мен қалмақтардан, Кавказ халықтарынан бір де кем түспейтініне көзіңіз жетеді әрі оған ант береміз» [4-5, 7].

Алайда олардың бұл пікірін патша үкіметі мүлдем теріс қабылдады, қазақтар да байыбына бармады. Патшалық кеңес пен Әскери министрлік: «Түркиямен соғыс жүріп жатқанда түрік тектес халықтардан әскер қатарына адам алуға болмайды. Олар қаруланған соң самодержавиенің өзіне қарсы көтеріліске шығады» деген арнайы ұйғарым шығарды. Мұның екінші бір астары және бар. Оның мәнісі былай: бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Ресей жеңілістен кейін жеңіліс тауып жатқан. Ұзаққа созылған соғыстан титықтаған патша үкіметі одан құтылып шығудың амалын қарастырады. Ол амал табылады. Ғалым Қайрат Сақтың айтуынша: соғысқа қатысушы «Антанта» мемлекеттерінің шарты бойынша, соғысқа қатысушы бір елдің ішінен бүлік шықса – ол ел соғыстан шығады екен. Қазақ пен Орта Азия халықтарынан тыл жұмысына адам алынса, олардың сөзсіз көтеріліске шығатынын алдын ала білген. Осыған орай өздерінің майданда ойсырай жеңіліп жатқанына қарамастан, тек қана Жетісу өңірінде жазалау жорығын жүргізу үшін жергілікті жандармерияның әскерінен тыс 35 рота, 3900 қылышты 24 казак жүздігі, 16 зеңбірек, 47 пулемет ұстаған[6]. Батыс Сібір мен Орынбордан шығуға тиісті жазалау әскерінің саны мұнан да көп әрі соғыс тәжірибесі бар жинақы жасақ. 1916 жылы құпия жасақталып, тылдағы дайын тұрған жазалау отрядтарын алаш ардагерлері біліп, барынша ашық мәтінмен «Қазақ» газеті арқылы ескерткен. Көтерілістің қанды балағы сіздерге белгілі.

Міне, осы тылдағы жұмысқа алынғандар ел көріп, саясатпен танысып, қарудың тілін біліп, заманның аңысын түсініп, елге қайтқан соң ел ісіне араласты. «Алашорда» үкіметі кезінде Троицкіде, Семейде арнайы қысқаша әскери курс ашылды. Онда капитан Тоқтамышев және ақ гвардияның офицерлері сабақ берді. Соның ішінде: Т.Құнанбаев, Ж.Аймауытов, С.Медеуов, Жетісуда С. Аманжолов, Ж. Күдерин т.б. болды. Ж. Аймауытов пен Абдолла Байтасовтың Орынбордағы қызыл әскерлер курсына дәріс беруі де – соның ықпалы. Осы курстар арқылы әскери тәжірибеден өткен, майдан көрген алаш әскерлері 1920 жылы Мұхамеджан Тынышбаев пен Ораз Жандосовтың ықпалымен Сарқандағы алаш жасағы таратылып, шұғыл түрде Әулиеата қаласына астыртын жөнелтілді, онда тұңғыш қазақ атты полкін құрды.

Қазақ ұлтының ұлттық идеясын ұйытқан «Қазақ» газетінің көтерген мәселелері әлі де толық зерттеп, астарын ашуды қажет етеді. Оны тереңдеп зерттеген сайын ұлттық құндылықтарымыздың мағынасы ашыла түстіні анық. Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсыновтың тәлімі сонда ғана тиянағын табады.

Әдебиет:

1. Әлихан Бөкейханов және біртұтас алаш идеясы: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы // Түркістан. – 2011. – 15 қыркүйек (№37). - 9 б.; Еуразия университеті газеті. – 2011. – қазан (№105). –9-б, қараша (№106). – 9-б; Ұлт тұтастығының ұйытқылары немесе Әлихан Бөкейханов және біртұтас алаш идеясы // Ақиқат. – 2012. – №6. – 53-57-б.

2. Жұртбай Т. Ұраным – Алаш!.. Түрме әфсанасы. Жегі.- 1 том. – Алматы: Ел-шежіре, 2007, 464 б.

3. Бөкейханов Ә. Шығармаларының толық жинағы. - 1-13 том. – Астана: Сарыарқа, 2009-2013.

4. Жұртбай Т. Бейуақ. – Алматы: Қазақстан. 1990. - 304 б.

5. Сапарғалиев Г. Карательная политика царизма в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1966.

6. Елеуов Т. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. – Алматы, 1955.

7. ҚР Орталық Мемлекеттік архиві, 44, 76, 109-қорлар.

Мәңгілік тұғыр

Ұлттық сананың жаңа тұрпатта қалыптасуының қажеттілігін баса айтқан, сол үшін өздерінің парасат-пайымын, білім-білігін сарқа жұмсаған арыстарын алаш елі түгендеп жатыр. Ахмет Байтұрсынов – көркем ойымыз бен ғылымымызға қалтқысыз еңбек еткен, бар саналы өмірін ел ертеңіне бағыштаған, қазақ рухани әлемінің көкжиегін өлшеусіз кеңейтіп, танымын түлеткен, тағылымын тереңдеткен арыстар тобының көшін бастаған ұлы тұлға.

Ұстаз мұратын жан-жақты тану, зерттеу – бүгінгі ұрпақтың парызы. Біз Ахмет Байтұрсынов мұраларын қайыра талдай отырып, оның жалпыхалықтық танымдық, тағылымдық қырларын ашқанда ғана ұлттық ой-санамыздың өсіп-өркендеуін толық елестете аламыз. Өйткені Ахаңның ұлтына аманат етіп қалдырған ғылыми, шығармашылық әлемі – тұтас бір дәуірдің өзгеруін, түлеуін танытар сан қырлы, сан салалы, тұғыры биік, алып әлем. Атақты ойшылдың адамзат жаратылысындағы ерекше сыры мен жұмбағы мол құбылыс – тіл табиғатына, тілдің әлеуметтік сипаты мен қоғамдық қызметіне ден қойған зерттеулері рухани қорымыздың негізі болып табылады.

Ахмет Байтұрсынов өзі өмір сүрген орта мен қоғам талабын ескере отырып, тілтанудың ұлттық топырағымыздағы алғашқы ғылымдық жүйесін қалыптастырды. Ол айтылған ойдың сауатты, түсінікті жеткізілуіне айрықша мән бере келіп, басты мәселе сөйлеу мен сөйлем жүйесі екенін атап көрсетті.

Қазақ тілінің сөйлем жүйесін, оның сөйлеу әрекетінің түрлеріне қатысын Ахаңның бірнеше еңбектерінен кездестіруге болады. Әсіресе, сөйлеу әрекетінің түрлеріне байланысты нақтылы берілген қысқа тұжырымдар қазіргі кезде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл танытқыш» кітабы сөйлем жүйесіндегі оқу, жазу, тілдесуге қатысты іргелі мәселелерді қозғайды. Бұл еңбегінде тілші-ғалым жалпы сөйлем жүйесінің жаратылысы мен табиғатын барынша анықтай түседі. Мысалы: «Сөйлем дегеніміз – сөздердің басын құрастырып біреу айтқан ой. Сөйлегенде, жазғанда кім де болса, ойын айтады», – дей отырып, ол жалпы адамзат қатынасындағы сөйлеу процесі сөйлемді құрай білуге, ойды басқаға жеткізе білуге тікелей қатысты екенін ескертеді. Бұл – әрі қысқа, әрі нұсқа пікір.

Өйткені сөйлей білер кез келген жұмырбас пенде өзінің айтар ойын «сөздердің басын құрастырып», сөздерді тіркестіре білу арқылы ғана жеткізе алатыны ақиқат қой. Сөйлей білудің ең қажетті шарты да – сол сөздерді өз орнымен, жүйелі түрде дұрыс құрастыра білу емес пе?! Мұны да ұлы ұстаз, ұлағатты ғалым нақты түсіндіріп кеткен: «...Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады. Сондықтан сөйлемнің жаны – сөздердің басы мағыналы болып құралуы (қысқа айтқанда, сөйлемнің мағынасы). Олай болмаса, құр сөздердің басын құрап айтқанмен, сөйлем болмайды».

Демек, сөйлей білу үшін сөйлемді айта білу керек, сөйлемді айту үшін оның құрамындағы сөздерді дұрыс құрастыра, қиюластыра білу керек, сөздерді дұрыс құрастыру үшін оның заңдылығын білу – басты міндет. Бұл туралы тілші былай дейді: «Сөйлем ішіндегі сөздердің басын түсінікті етіп құрастыру, сөйлемдерді түсінікті етіп жасау туралы сөз табиғатынан шыққан түрлі заңдар, тәртіптер бар, қысқасын айтқанда, өз алдына білерлік толып жатқан білімдер бар».

Тілді үйрету үшін, жалпы қазақ тілінде біреуді сөйлету үшін атақты ғалым айтқан осы ережелердің бәрін орындау, сақтау қажет. Олардың бірі болмаса, екіншісі жүзеге аспайды. Сондықтан оқытуға қатысты «толып жатқан білімдердің» барлығын ескеруге, білуге, тануға тура келеді. Сонда ғана түпкілікті мақсатқа жетудің жолы қысқарады.

Осы тұста баса айтып, айрықша назар аударатын іргелі ой – автордың тілдің жүйелік табиғатын сол кездің өзінде-ақ тап басып танығандығы. Бұл көзқарастың, әсіресе, сөйлесуге байланысты айтылуы ғалымның тіл ерекшелігін айғақтар белгілерге аса зейін қойып зерттегенін аңғартады. Сондықтан да ол сөйлеу процесі деген сөйлемнің жеке-дара бөлшектердің құрамды тізбегі емес, белгілі тілдік заңдар мен ережелерге бағынған жиынтық ұғымдар екенін айтатын еңбегін «Сөйлем жүйесі» деп атайды. Ғалымның топшылауынша, «сөйлем – көптеген білімдер жиынтығынан тұратын, бүтіндік қасиетке ие болатын жүйе».

Ахмет Байтұрсынов тілдің қатысымдық табиғатын өте қарапайым сөзбен мейлінше ұғынықты етіп түсіндіреді. Оның айтуынша, «дүниеде өзгермейтін нәрсе жоқ». Ғылым да, тіл де, табиғат та дамиды.

Дүниенің өзгеруін «эволюция» дей келіп, ғалым оны «табиғат тағдыры» деп атайды. Болмысынан дара тұлға болып туған тілші бойындағы ұлттық ой-сананың жаратылысына, философиялық топшылаудың ұшқырлығына, дәлдігіне, бояу-реңіне қалай ғана сүйсінбессіз?! «Эволюция» деген халықаралық қалыпты терминге бір ғана сәтте қазақы ой мен тұжырымның қанаты бітіп кеткен жоқ па? Әсіресе, мұндай қолданыс сол кезең, сол дәуірдегі ұлттық аудиториямызға аса жатық ұғым болып тұрғаны айқын. Осындай дамуды, өзгерісті басынан өткеретін күрделі құбылыс – тіл екенін байыпты түрде түсіндіре келіп, Ахмет Байтұрсынов: «Тіл – адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», – деп үлкен философиялық түйін айтады.

А.Байтұрсынов оқыту процесін халықтың, елдің әлеуметтік күйімен, оның болашағымен тікелей байланысты қарастырады. Ұстаз: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі – оның білімінің, шеберлігінің керек орны: ол өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолын қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай оқу үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру үшін қажет», – деп оқытуға, үйретуге қатысты белгілерді анықтап береді.

Сөйтіп, оқытудың әлеуметтік мәніне ерекше көңіл бөлу керектігін ескертеді. Осы тұрғыдан келгенде, ойшыл-ғалымның артына қалдырған: «Елді түзетуді әуелі бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», – деген сөзі қашан да маңызды. Ғалым сөйлесім әрекетінің әрқайсысының мәнін ескере келіп, олардың өмірдегі, қоғамдық ортадағы алатын орнын айрықша атап көрсетеді. Ол тілдік қарым-қатынасты игерудің, сөйлесуді меңгерудің нақты жолдарын ұсынады.

Автор тілдік қарым-қатынастың екі түрін – «ауызбен сөйлесу» және «жазумен сөйлесу» – көрсетеді. Мысалы: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды, жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге; қай сөз қандай орнында қалай өзгеріп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек», – деген терең тамырлы, ойлы тұжырымдар төркінінде сөйлеу өнерінің табиғатын таратып айтар ұлы ойшылдықтың ұстанымы жатқан жоқ па?

Тілші сонымен қатар тіл үйренудің қандай дағдыларға байланысты екенін де атай отырып, ауызша сөйлеу мен ереженің ықпалдастығын, өзара қатысын анықтауға күш салады: «...Әр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады», – дей келіп: «...Мұғалім балалардың үйренген қағидасы, ережесі келетін сөздерді ауыздан жаздыруы тиіс. Яки кітапшадағы жорта, қате жазып қойған сөздерді дұрыстап жаздыруы тиіс. Бір қағида я ережені балалар әбден үйреніп, тиісті орында жұмсай білгеннен кейін ғана келесі қағида я ережені үйрету керек», – деген педагогтік рухтағы тағылымы мол өз әдістемесін ұсынады.

Ұстаз тағылымында тілді үйренудегі сауаттылық оқумен ғана шектеліп қоймай, жазумен қатар жүргенде ғана іске асатындығы нақты айтылады. Ол сауаттылықтың негізі – оқу емес, жазу деп атай отырып, жазуға үйрету әдісіне ерекше мән беру қажеттігін ескертеді. Бұл мәселенің бәрі автордың «Қай әдіс жақсы?» атты мақаласында кеңінен сөз болады. Мәселен: «Жаза білдіруге қолайлы әдіс оқи білдіруге де қолайлы болады, өйткені негіздік нәрсе – жазу. Оқу – жаза білумен бірге қосыла біліп кететін қосалқы күйдегі нәрсе». Ғалым: «Сауаттылықтың қажеттігін өтеуші әрекет – жазу, – дей келіп, – жаза білетін адамның оқи да білетіндігі сөзсіз», – дейді. «Сауаттылықтың негізі жазу екенін сауаттылықтың шыққан жолы да көрсетеді. Сауаттылықты оқу мұқтажыды тудырмайды, жазу мұқтажыды тудырған», – деген әлемдік тілтануда бұрын-соңды ауызға іліге қоймаған даналық тұжырым айтады.

Ғалым сөйлеу мүмкіншілігіне байланысты, сауаттылыққа қатысты оқу мен жазудың арасалмағын ажырата, анықтай келіп, олардың өзіндік ерекшеліктерін де атап-атап көрсетеді: «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек», – дейді. Осынау ойлар мен тұжырымдар тасқынын қайыра келіп, автор оқу мен жазу процестеріне қарапайым тілмен қысқаша мынандай анықтама береді: «Жазу – әріптердің сүгіретін сала тізу»; «Оқу – әріптердің тізімін айта тізу немесе жазған әріптерін дыбысымен атай білу». Оқу мен жазудың айырма-жігін осылай тарата, талдай отырып, тілші-ғалым сауат ашу әдісін және тілді меңгеру дағдысын маңызды орынға қояды. «Сауаттау әдісі дегеніміз – соны білдіруге жұмсалатын түрлі әдістердің шумағы болады, – деген ойды айта келе, – Әдісін алғанша, қай істе болса қиындық болады. Әдісін алған соң, қайсысы болса да оңайланады. Істің шапшаң істелуі күйге жетуі қайта-қайта істеліп, дағдыға айналған кезде болады», – деп тоқтамын да өзі ұсынады.

Ғалым-ұстаз оқу мен жазуды сөз ете отырып, дыбыстар мен әріптерге көңіл аудару қажеттігін баса айтады. Сөйтіп, олардың әрқайсысы оқу мен жазу процесінде қандай рөл атқарса, әр ұлт тілінде де өзіндік қасиеттері болатынына көп мән береді. Тіл үйретуге, әсіресе, дыбыс пен әріптің сәйкестігіне ерекше ден қою қажеттігін айта келіп: «Дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөздің жазылуы мен айтылуы арасындағы да сәйкестігі күшті. Орыста бір сөз дыбысына қарай жазылып, он сөз дыбысына қарамай жазылатын болса, қазақта он сөз дыбысына қарай жазылып, бір сөз ғана дыбысына қарамай жазылады. Солай болған соң, бізде сөздің ішіндегі дыбыстарын айыра білу керек» – деген тоқтамға ат басын бұрады.

Сан алуан іргелі мәселелерге қатысты айтылған ұлы ұстаз ойларының қай-қайсысы да бүгінгі күні өзекті. Аса көрнекті ғалымның бұл пікірлері, әсіресе, қазіргі рухани жаңғыруға бет бұрып, еліміздің білімі мен білігін дамыту жолында бәсекелестікке қабілеттілікті, латын әліпбиіне көшуді жүзеге асырар тұста өте маңызды екені айтпаса да түсінікті. «Ұлылық тағылымы», «ұстаздық өнегесі», «мәңгілік тұғыры» деген ұғымдардың қасиетті төркіні мен тарқамас тамыры да осында жатқан болар...

Базарбаева З.

*ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі,
филол.ғ.д., профессор*

Ахмет Байтұрсынұлы – суперсегментті фонетиканың көшбасшысы

Қазақтың төл тіл біліміндегі алғашқы зерттеулер халқымыздың тұңғыш тіл маманы – А.Байтұрсынұлы еңбектерінен басталады. Батыс және орыс әдебиетін жете білген ғалым қазақ тілінің суперсегментті фонетикасын орыс, поляк, француз, чех тілдерімен салыстыра зерттеген. Екпіннің табиғаты мен қызметін қарастырып, А.Байтұрсынұлы тілдерді «екпін буыны бірыңғай келетін тілдер және екпін буыны бірыңғай келмейтін тілдер» деп екі топқа бөлген. Екпін буыны бірыңғай келмейтін, орыс тілі сияқты, екпін сөздің әр жерінде, «көшкілеп» жүретін тілдермен салыстырып, қазақ тілі екпін буыны бірыңғай, сөз аяғында келетін француз тіліне ұқсас дейді. А.Байтұрсынұлы қазақ лингвистикасының іргетасын қалаушылардың бірі ретінде суперсегментті фонетиканың негізгі ұстанымдарын көрсетіп, арнаулы жүйеге салған. Ғалым: «Өрнекті сөйлемді айтқанда, дауыс көтеріліп, әнше оралып, қайырылып отырады, өлендегі сөз ырғақтарының үстіне өлеңнің өз ырғақтары қосылады», – деп интонацияны өте дәл бейнелеген. Тіл әуезі (интонация) сөйлемнің әр алуан түрлеріне «өрнек», айшық-ою» болып, кілемнің басына түсетін бейне-бір өрнектердей сызылатынын ескертеді.

«Әуезділік деп нені айтамыз?» – деген сұрақ қойып, ғалым өз сұрағына жауап береді: «Әуезділік деп сөз турасында айтсақ, сөздің ішіндегі дыбыстардың үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз. Сөйлеу турасында айтсақ, сөйлеу ішіндегі сөйлемдерінің үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз. Сөздің үні құлаққа жағымды болуы дыбыстарының тізілу түрінен, сөйлеудің үні құлаққа жағымды болуы сөйлемдерінің тізілуі түрінен. Сондықтан сөз әуезділігі де болады, сөйлеу әуезділігі де болады. Бірақ сөздің де, сөйлеудің де әуезді болуының негізі мәнісі бар. Екеуі де дауыс ағымына қарайды», – дейді ғалым.

Қазіргі тіл білімінде тілдің коммуникативтік, когнитивтік, прагматикалық қызметтерін жан-жақты зерделеуге бағытталған салалары қарқынды даму үстінде. Ол салалардың әрқайсысының өзіне тән ғылыми зерттеу әдіснамалары да негізделіп, қалыптасуда. Осындай жаңа бағыттардың нағыз өзегінде тіл білімінің суперсегментті фонетика саласы орналасқан. Қазіргі таңда суперсегментті фонетика, яғни, интонология интонацияны көп функциялы құбылыс ретінде қарастырады, оны тілдің басқа құралдарынан (лексика-грамматикалық) тәуелсіз деп есептейді. Қазақ интонациясының теориясы А.Байтұрсынұлының іліміне негізделген.

Қазақ поэзиясындағы ырғақты топтарды «бунақ» деп, ал өлең жолдарына «тармақ» деген атауларды берген ХХ ғасырдың 20-жылдары қазақтың фонетика жүйесін алғаш зерттеп, оның ішінде өлең жүйесін де, өлең өрнектерін де зерттеп, төл еңбектер жазған Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Байтұрсынұлы шығармаларында өлеңнің кестесі, айшығы оның шумақ, тармақ, бунақ құрылыстары жіті тексеріліп, ондағы ырғақ, интонация ерекшеліктері де әңгіме етіледі.

А.Байтұрсынұлы өлең кестесінің, өлең айшықтарының түрлі-түрлі болып келетінін, олардың бір шумақты, екі шумақты, үш шумақты, төрт шумақты, одан да көп шумақты болатынын айта келіп, оларға Мағжаннан, Абайдан мысалдар келтіреді. Шумақтың бірнеше тармақтан тұратынын, әр

тармақта бірнеше бунақ болатынын, бунақтың бірнеше буыннан тұратынын айтады. «Бунақ дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы», – дейді. Сонымен «бунақ»– кейін «ырғақты топ» деп аталып жүрген өлеңдегі бірнеше буыннан тұратын өлшем.

А.Байтұрсынұлы пікірі бойынша, сөздің өлең болып, көңілге ұнап, реттілігінен туатын қасиет сөзді айтқан кезде сағаттың жүргені сияқты, тамырдың соққаны сияқты, дауыстың бір түрлі ырғақ-ырғағы болады. Сағат пен тамыр соққанының арасы қандай бірдей болса, сөз сөйлегендегі дауыс ырғақтың арасы да сондай болады, ырғақ сөзді бірдей буынға бөледі. Сөз қамыс сияқты бунақ буыны бар нәрсе болып шығады, сөздің буындары бір қалыпта болады дейді.Басқаша айтқанда, өлеңнің буындары бір мөлшерде топтасып, қайталанып, сөз жігімен бөлініп, бунақ құрайды. Поэтикалық тілдің бунақтары буын санымен реттеліп, гармониялық көркемділікпен сипатталады. Бунақ – қазақ өлеңінің ең шағын өлшемі болып табылады, олар қосылып, универсалды семантикалық-синтаксистік, интонациялық бірлікке кіреді.

А.Байтұрсынұлы өлең құрылысын мұқият талдап, поэтикалық мәтінде дауыс ырғағы буын санымен өлшенетінін айтады. Өлең жүйесі қазақ және басқа да түркі тілдерінде буын санына негізделеді, онда үндестік заңы үлкен рөл атқарады. Үндестік заңының арқасында сөздердің буындары бірыңғай үндесіп, үйлесіп тұрады. Өлең айшықтарының ерекшеліктерін айта отырып, ғалым поэтикалық тілдің заңдылықтарын, үлгілерін қарастырып, айқындап береді.

Бірнеше дербес жай және құрмалас сөйлемдерден болған бір тақырып айналасында өрбитін сөйлемдері бар өлеңдерді күрделі синтаксистік тұтастықтарға жатқызуға болады. Бұларды Ахаң «өрнекті сөйлемдер» деп атайды. «Өрнекті сөйлемдер деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құралуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке, яки, кілемге салған түр сияқты болмағанымен, өрнек-өрнегімен айтылады<...>. Өрнекті сөйлемді иіріп-жиырып, жай сөйлемге айналдыруға болады. Жай сөйлемді жайып, өрнекті сөйлемге айналдыруға болады. Өйткені өрнекті сөйлем қанша үлкен болғанмен, яғни, ішіне кіретін сөйлемдер қанша көп болғанымен, бәріне қазық болатын бас пікір жалғыз-ақ болады. Ол пікірді көп сөйлеммен ұлғайтып айтуға болады. Ол пікірді шағындап, аз сөйлеммен айтуға да болады», – дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Ахаңның бұл сөздері соңғы кезде ғана зерттеле бастаған күрделі синтаксистік (фразалық) тұтастықтың мазмұны мен формасын анықтайды.

Күрделі фразалық тұтастық бір тақырыпқа байланысты ойды білдіріп, бірнеше сөйлемнен тұрады. Оның құрамына жай және құрмалас сөйлемдер, толымсыз фразалар да кіреді. Күрделі фразалық тұтастық арқылы бір тақырыптың көлемінде белгілі оқиғаны баяндап беруге болады. Тұтастыққа кіретін сөйлемдер мазмұн мен құрылым жағынан бір-бірімен байланысып, сөйлеушінің прагматикалық мақсатын білдіреді. Интонация компоненттері коммуникативтік мақсатқа байланысты күрделі тұтастықты безендіруде шешуші рөл атқарады. Адресант пен адресаттың арақатынасы, олардың прагматикалық бағдары, көңілкүйі просодикалық тәсілдердің құбылуынан байқалады.Күрделі фразалық тұтастықта өлеңнің рифмасы ритмге бағынады, себебі өлеңнің негізгі ұйытқысы – ритм-ырғақ, басқаша айтқанда ырғақ бір өлшемге негізделіп, белгілі ретпен қайталанып тұрады.Тармақтардың сөз, бунақтары, әр буыны айқын, қатты, созылыққы айтылатындықтан, ондағы әр сөз тыңдаушыға анық естіліп, өте әсерлі, ғалым айтпақшы, «құлаққа жағымды» болады.

Күрделі фразалық тұтастық синтагмаларының интонациясы толқынданып келіп, бунақтың соңы көтеріліп, бәсеңдеп, кейбір сөздер мағынасына қарай белгіленіп,тармақтарды безендіріп тұрған синтагмалар көтеріңкі-бәсең әуенмен сипатталып, кідіріспен бөлінеді. Қайталанып тұрған интонация өрнегі өлеңнің аяғына дейін, А.Байтұрсынұлы айтқандай, «әнше оралып», оның жалпы интонациялық келбетін сызады. Шумақтардың тармақтары тиянақты және тиянақсыз интонемалармен сипатталады.

Күрделі синтаксистік тұтастықтың бірліктері өзара байланысқа түсіп, сегменттеу ережелері бойынша топтасып, белгілі бір ойдың, Ахаң айтқандай, «бас пікірдің» нәтижесі болып табылады. Сонымен өткен ғасырдың 20-жылдарында-ақ А.Байтұрсынұлы күрделі синтаксистік тұтастық категориясына баға беріп, оны өрнекті сөйлемдердің жиынтығы ретінде таныған.

«Өрнекті сөйлемдерге» анықтама бере отырып, А.Байтұрсынұлы олардың мақсатына қарай *себепті оралым, мақсатты оралым, ұқсатпалы оралым, қайшы оралым, шартты оралым,жалғасыңқы оралым, серіппелі оралым* деп бөледі. Ахмет Байтұрсынұлы өрнекті сөйлемдердің шеңберінде қазіргі тіл білімінің категорияларын (мәтін, абзац, дискурс) шебер қолданады. Бұл – ғалымның интуициясы мен әмбебаптылығын көрсетеді.

Қазақ тіліндегі көп тармақты толғаулар, жырлар синтаксистік құрылымы жағынан жай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер түрінде де, құрмалас сөйлемдер түрлерінде де, күрделі синтаксистік тұтастықтар түрінде де кездеседі. Сөйлемдердің әуезділігі әрқашан олардың құрылымы

мен мағынасымен тығыз байланысты болғандықтан, интонациялық модельдердің (интонемалар) көбі көрінеді.

Шумақтардың ішіндегі синтагмалардың интонациясы бір өлшемде толқындалып, көтеріңкі-бәсең әуенмен ерекшеленеді, кейбір буындар ой екпінімен белгіленіп, бәсеңдеп барып тынады. Кейде тармақтарының ішінде оқшауланған сөздер, бірыңғай мүшелер болса, олар ырғақты топтармен сипатталып, тыныс белгілер арқылы бөлінеді. Өлеңдердің интонация сызығы басынан аяғына дейін бірнеше рет қайталанып, А.Байтұрсынұлы айтқандай, кілемнің, сырмақтың басына қайталап түсіп отыратын өрнегі сияқты болады. Поэзия тілінде көбінесе сөйлем мүшелерінің орны ауысып, кейде олардың біреулері айтылмай, толымды сөйлемдердің орнына толымсыз сөйлем, жалаң сөйлем, не жақсыз сөйлемдер пайда болып ықшамдалады. Мұндай өлеңде болатын құрылымдық өзгерістер, әрине, сөйлемдердің интонациясының түр-әлпетін де өзгертіп отырады.

Тағы да айтатын жағдай: Ахмет Байтұрсынұлы соңғы уақытта дамып келе жатқан функционалды грамматикаға қатысты актуалды мүшеленудің тема мен ремасы жайында да өз пікірін айтып кеткен. «Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да екіншісінде пікір баяны болады. Сондықтан бастапқы тақырыпша мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айтылады», – дейді Ахан.

Сөйлемді актуалды мүшелеу проблемасы сөйлемнің коммуникативтік мақсатына байланысты жүзеге асады. Ғалым лингвистикалық заңдылықтарды зерттеп, қазіргі арнайы қарастырылып жүрген осы мәселені сол кездің өзінде-ақ танып білгенін көреміз. Адамдар өзара қарым-қатынасындағы нақты ситуацияда өзара сөйлесіп пікір алысу барысында алдына түрлі-түрлі коммуникативтік мақсат қоюы мүмкін. Сондықтан бір сөйлем сол мақсатқа байланысты әртүрлі коммуникативтік мазмұнға ие бола алады. Сөйлем актуалды мүшелерге бөлінгенде ондағы білдірілуге тиісті жаңа информация, оның ремасында болады да темасындағы мазмұн ситуациядан немесе контекстен сөйлесушілерге белгілі болуы керек, бұған А.Байтұрсынұлының берген мысалын қарастырайық: «*Көлден ұшқан қалбаймын, // жаманның тілін алмаймын*». Қазақ тіліндегі сөйлемнің актуалды мүшеленуінің ең басты көрсеткіштерінің бірі – оның интонациялық кескіні болса, екінші көрсеткіші – оның сөздерінің екі синтагма – тема мен ремаға бөлініп, жаңа мағына беретін акценттелген сөздің (*тілін*) сөйлемнің соңындағы баяндауыштың алдына барып тұруы.

Сонымен, силлабикалық жүйелі ырғақты топтар поэзия тілінің ұқсастық заңдылықтарына икемделіп, сөздерінің буындарының санына дейін реттеліп, гармониялық көркемдікпен ерекше түзіледі. Ырғақты топтардың, бунақтардың арасында дауыс толқынының ырғағымен белгіленген сөз жігі болады. А.Байтұрсынұлы байқағандай, олар өз ретімен тармақтардың ішінде, аяғында қайталанып отырады. Соның арқасында шумақтардың, оның ішіндегі тармақтардың өзіне лайық ырғақтық және интонациялық келбеті түзілсе керек. Ырғақты топ немесе «бунақ» деп аталатын қазақ өлеңінің ең шағын өлшемі мен жалпы тіл білімінде универсалды семантикалық-синтаксистік, интонациялық ең шағын өлшем болып саналатын синтагманың қызметі санқырлы. Бұл екі өлшем әрдайым бір-біріне тура келе бермесе де, оларды кейде бірінің орнына бірі жүретін, бірдей өлшем деп те санайды.

Қазақ поэзиясындағы ритмикалық ыңғайластыққа, рифмалық ұқсастыққа, буын үйлесіміне құрылған үлкенді-кішілі өлеңдер өзіне тән семантикалық-синтаксистік ерекшеліктерімен қатар интонациялық ерекшеліктері бары ақиқат. Поэзия тілінде дауыс ырғағы буын санымен өлшенеді. Мұндай буын санына негізделген силлабикалық өлең жүйесі қазақ және басқа түркі тілдерінде қолданылады. Үндестік заңы сөздердің буындарын бір-бірімен жымдастырып, ешбір шашырауға жол бермей, буындардың дыбыстарын бірыңғай түсіріп үндестіріп, үйлестіріп тұрады. А.Байтұрсынұлы айтқандай, өлеңнің буындары белгілі мөлшерде топтасып «бунақ» (ырғақты топ) құрап, қайталанып, тұрақты сөз жігімен бөлініп тұрады және ойымызға Аханның өлең ырғағын «жорғақ» дегені түседі. Өлеңдердің буын үйлесуі және олардың мөлшерлерінің бірдей болуы, әр шумақты бір шеңбердегі біркелкі ырғақта ұстап, олардың біркелкі, көтеріңкі бәсең «жорға жүрісінің тайпалуы» сияқты толқынды интонациясын сызады.

Шумақтардың бір-біріне ұқсас интонация өрнегі өлеңнің аяғына дейін бірнеше рет қайталанып, оның жалпы интонациялық келбетін сызады. А.Байтұрсынұлы айтқандай, бұл – кілемнің, сырмақтың басына қайталап түсіп отыратын «өрнегі сияқты болады».

*Қамзабекұлы Д.
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
филол.ғ.д., профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық
университетінің проректоры*

Ұлттық аты-жөн: А.Байтұрсынұлынан С.Батыршаұлына дейін

Біз еліміз үшін, ұрпағымыз үшін аса жауапты кезенді бастан өткеріп жатырмыз. Мұны біріміз біліп, біріміз аңғармай жүрген жайымыз да бар.

Қазақтың дәстүрлі өмірінде елге, халыққа, салт-санаға, дінге, ділге жауапты тұлғалар, тіпті қоғамдық лауазым-қызметтер болатын. Елді ел еткен де – солар-тын. Өкінішке қарай, біз сол жүйеден көз жазып қалдық. Оның себебін де білеміз. Басында Ресей отаршылдық, кейінгі большевиктік-коммунистік мәңгүрттік алпауыт орыс жұртынан бастап, азаттығы үшін ғасырлар бойы арпалысқан және арпалысып жатқан ұлттар мен ұлыстарды тарихи жолынан адастырып жіберді. Біз бұл жерде «орыс жұрты», «ұлыс» дегенді орнымен қолданып отырмыз. Біріншісі түсінікті (солтүстіктің жергілікті тұрғыны «Біз кіміз? Кім болдық?») деп, ХХІ ғасырда қаңыраған деревнялары мен меніреген алқаштарына қарап зарлайды), екіншісі – ешқашан да ұлыс «народность» болмайды (әдейі қате аударылған), ол – бір кездегі мемлекеттер, хандықтар немесе олардың жұрнағы. Ресейдің бір ғалымы жазып еді: «Уралаған сауатсыз большевиктер Орталық Азияны жаулап, бағындырып: «Бұларға мәдениет әкелеміз!»– деп өзеурегенде, осында мыңдаған жылдық мәдениеттің бары ойларына да кіріп шықпады...» – деп.

Бардан айырылудың көкесін көрдік. Басқа ел туралы айтпай-ақ қоялық. Өзімізге баға беріп көрейікші. Мысалы, айтуға ауыз бармайтын бір көргенсіздік болды делік. Осыған кім жауап береді? Ешкім де! Үкімет: «Халықтың (адамның) өзі кінәлі!» – дейді, халық үкіметке сілтейді.

Күні кеше, тіпті бүгін де біраз жұрт атала жегендей дін тұрғысынан миы шайқалып қалғанда, алақандай ауылдағы ақсақалдардан: «Осы 200 үйлі шағын жұрт исламның 2-3 бағытын ұстанады екен. Бұл қалай? Неге ие болмадыңыздар?»– деп сұрағанда, күмілжіп жауап бере алмаған... Сәуегей демей-ақ қойыңыздар, «дәл осы жағдай Ресей деревнясының, Қырғызстан айылының, Өзбекстан қышлағының басында бар» деп сеніммен айта аламыз. Әрине, бірінде аз, бірінде көп. Бұл – «батпандап кірген ауру мысқалдап шығадының» кері.

Дәстүрлі қазақ ауылында төтенше бір оқиға болса, оған ең бірінші жауап беретін – ақсақалдар, ел ағалары еді. «Тон жағасыз болмас, ел ағасыз болмас» осы пәлсападан туған. Ретіне қарап төренің де, бидің де, имамның да өз орны, өз мәртебесі болды. Жау шапқанда батыр айқындалды, сөз сайысында шешен анықталды.

ХУІІІ-ХІХ ғасырдағы патшалық Ресей осы табиғи таңдауды астан-кестен еткісі келсе де, елдік ұстын, береке халықтың жанында, жүрегінде ұзақ уақыт сақталып қалды. «Намысты шүберекке түйіп сақтадық» деген – осы.

Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» атты ұлт рухын серпілткен жыр жинағында былай дейді:

Біз сонша сатып алған құл емеспіз
Әркімді төбемізге шығаратын.
«Болады әбігер заман» деген – осы,
Байқасаң, Алаш ұлы, азаматым!

Жалпы ұлтқа қатысты дүниеде «ұсақ-түйек» деген болмайды. Соның бірі әрі бірегейі – ұлттық аты-жөн. Бұл – әрбір ұлтты тілімен, ділімен бөлек етіп жаратқандай, Алланың айрықша бір нығметі. Қасиетті «Құран-Кәрімде»: «Ей, адамдар, расында, біз сендерді бір еркек (Адам) және бір әйелден (Хауа) жараттық және де бір-бірлеріңмен танысуларың үшін сендерді халықтар мен ру-тайпалар етіп қойдық», – делінген («Хужрат» сүресі, 3-аят). Осы ең ұлық кітапта әр ұлт-милләттің өзіндік жолы туралы да хабар берілген: «Сендерден әрбір ұлт үшін (жеке) шарифат және жол жасап қойдық. Егер Алла қаласа еді, барлығыңды бір үммет жасар еді» («Маида» сүресі, 18-аят).

Олай болса, Жаратқанның хақ жолын бұрмалаушылармен текетіресу – әділеттік, биік азаматтық екенін аңғарамыз. Алаш зиялылары – нағыз осы жолдағы қайраткерлер еді.

Біріншіден, олар түрлі ұлт өкілдерінен құралған пікірлестерімен бірге патшалық Ресейді түзетуді, адамзаттың демократия (халық билігі) көшіне ілестіруді армандады.

Екіншіден, туған халқының құқын, намысын, қабілетін, білігін қалпына келтіріп, әлем дамуына үлес қосқысы келді.

Үшіншіден, ұлт тілін, мәдениетін, дәстүрін қайталанбас құбылыс ретінде бағалап: «ақиретке дейін қазақ қазақ болып жасамақ», «Алаш туы астында күн сөнгенше сөнбейміз», – деді.

Бұл – кереметтей гуманизм жолы еді.

Адамның аты-жөні мен сол адамдар құрайтын ұлттың негізгі ұғымдарының атауын параллель (салыстырып) қарауға болады. Сол тұстағы актив қолданыстағы бірнеше сөз-ұғымдарға назар аударалық: *алаш, жұрт, ұлт, азамат, мұсылман, әділет, ар-ұят, білім, ағарту, тәрбие, үме, қалып, ақ жүрек, көркем мінез* т.б. Газет-журналдың, ұйымдардың ныспысына қараңыз: «Қазақстан», «Айқап», «Қазақ», «Ұран», «Сарыарқа», «Жас азамат», «Абай»... «Талап», «Жанар», «Еркін дала», «Үміт», «Ынтымақ», «Ерік», «Қызмет» т.б.

Әрбірі араб, парсы тілінен басқа бірнеше Еуропа тілін меңгерген Алаш зиялылары *демократия, прогресс, культура, цивилизация, дума, манифест, декрет* т.б. сөздердің мәнін де, көкейтестілігін де білетін. Бірақ басылым атын да, ұйым атын да олай қоймады.

Дәл сол сияқты мұсылмандықтың мәнісін, араб тілінің жеті қыртысын біле тұра қазақ түсінігімен *Алла, ишаналла, Әбдірахман, Сейіт, Садуақас* т.б. деп жазды (*Аллаһ, ишаналлаһ, Абдурахман, Сайд, Саад бин Вакас* деген жоқ).

Ұлттық аты-жөнді рәсімдеу туралы да ерте ойланды. Бұл туралы «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде ойлы мақалалар жариялады.

Осы ретте мына жайтты ескерген жөн.

Біріншіден, қазақ халқының этногенездік құрылымына сәйкес, көші-қон, орнығу мен орналасу рулық-тайпалық жүйеде жүрді. «Жеті ата» қағидаты ұлт бірлігі мен ел тұтастығын сақтады. Сондықтан дәстүрлі фамилия ру және әулет атымен белгіленді. Мысалы, *Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шатырашты Наурызбай, Кете Жүсіп, Құланаян Құлманбет*.

Екіншіден, әкесі мен атасының атымен айтылатын жүйе де орнықты. Мысалы, *Құнанбайдың Ыбырайы (Ибрагимі– Абайы), Шораяқтың Омары, Ақбайдың Жақыбы* т.б.

XX ғасыр басында өмірде де, қызметте де, білімде де Ресей әкімшілік жүйесі орныққандықтан, билік жүйесінің түрлі құрылымымен араласқан зиялылар ресми (рәсми) *Абай Құнанбаев, Алихан Букейханов, Ахмет Байтұрсунов, Мир-Якуб Дулатов, Мұстафа Чокаев, Смағұл Садвокасов* т.б. болуына тура келді. Үстем тіл нені болсын өз заңдылығымен жазары сөзсіз. Сондықтан бұл – әлді мен әлсіз күресінің бір сипаты еді.

Дей тұрғанымен, Алаш ұлт деп, ұлттың тілі, дәстүрі, мәдениеті, саясаты, тағдыры деп жаңғырды, оянды. Сондықтан тіл – қарым-қатынастың ғана құралы емес, ағарту мен ғылымның, парасат пен дамудың кілті болатыны айқындалды. Еліктеу мен солықтау аяқталған соң, намысты зиялылар ер азаматтар фамилиясының соңын«ұлы», әйел балалары фамилиясының соңын – «қызы» сөзімен жазды. Мысалы, Бөкейхан – Әлекеңнің төртінші атасы, соған қарамай «Әлихан Бөкейханұлы» деп жазылды. Яғни,«ұлы» бүгінгідей «отчество» орнына жүрген жоқ. Таңбалануда «Бөкейхан ұлы» деп бөлек жазылғанын да, «Бөкейхан-ұлы» деп сызықшамен (дефис) жазылғанын да байқаймыз.

Ұлт ұстазы, Алаш қозғалысының басында тұрған тұлға, 1920-1921 жылдары Қазақстанның №1 Халық ағарту министрі (комиссары) болған қайраткер – Ахмет Байтұрсынұлы аты-жөнді біріздендіру бағытын ұстанды. 1924 жылы 12-17 маусымда Орынборда Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі өтті (орысша «Первый съезд казахских ученых»). Бұған Мәскеуден арнайы келген Ә.Н.Бөкейхан да қатысты. Жиын қаулысында кітап шығарғанда, мақала жазғанда, құжат рәсімдегенде «фамилия қосымшасы» ретінде «-ұлы, -қызы» деп жазу міндеттелді.

Бұл ұстаным көрші парсы, араб, түркі шығыс халықтарының жүйесіне сәйкес келетін. Арабтар әкесінің атына «ибн немесе бен» қазақша «ұлы», парсы, дари тілдерінде «заде»-ні (қазақша «ұлы» дегенге сәйкеседі) қосады. Ал османлы түріктері «Мұстафа оғлы» дейтін, Түркия Республикасын құрған соң олардың көбі еуропалық үлгіге көшті. Білімпаздар сиезі де түркі дүниесіндегі жолды нұсқады: *Абай Құнанбайұлы, Сүйінбай Аронұлы, Құрманғазы Сағырбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Мұстафа Шоқайұлы, Мыржақып Дулатұлы* т.б.

XX ғасыр басындағы қазақ саяси күресінен сыр шертетін Сәкен Сейфоллаұлының «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарын оқып көріңіздер. Ұлт қайраткерлері фамилиясының бәрін «ұлы» деп жазады. Міне, сол кездегі таным-түсінік.

Алаш зиялылары 99 пайыз атылғаннан кейін,яғни, 40-жылдары «ов»-сыз жүрген екі-ақ қазақ болды. Бірі – халық батыры Бауыржан Момышұлы, екіншісі – академик Әлкей Марғұлан. Әлекең үндемей-ақ көп іс тындырды. Біздің білетініміз – ұлт ұранына, намысына айналған Бауыржан. **Ұлттық аты-жөндегі «Момышұлы феномені»** арнайы зерттеуді талап етеді. **Біріншіден**, Алаш жолына, қағидатына адалдығы (бұл туралы мәлімет күнделігінен молынан табылды). **Екіншіден**,

«ұлы»-ны алып үндемей қалмай, халыққа қозғау салып жүргені. Халық жадында сақталған бір-екеуін еске түсірейік:

«Ов-ов» деген атыңды ұрайын,
Овощ жеген аузыңды ұрайын...

Немесе орыс аудиториясына бағытталған сөзіне назар аударалық:

Пойми, мои хорошие,
«Улы»– это не форма,
Не редкость.
«Улы»– не «ев» и не «ов»,
Приспешников ваших.
«Улы»– это символ непримеримости.

[жолма-жол аудармасы:

Айналайындар, түсініңдер,
«Ұлы»– жай пішін немесе
Таңсық бірдеңе емес.
«Ұлы»– басшұлғығыштардың
«ев»-і де, «ов»-ы да емес.
«Ұлы»– бағынбаудың рәмізі].

Кеңес тұсында Момышұлы үлгісімен дәстүрлі фамилияны сақтап, «ұлы» деген қосымшаны жалғаған үш адам болды: Шона Смаханұлы (1924-1988), Балғабек Қыдырбекұлы (1929-1995), Сайлау Батырша-ұлы (1942 жылы туған). Соңғы азаматтың фамилиясын қазіргі қазақ тілінің тыныс белгі ережесін бұзып, сызықша (дефис) арқылы жаздық. Мінезді, қағидатшыл Сәкең «құжатымда осылай, оны бұзуға хақыңыз жоқ» деп талап ететінін ескердік.

С.Батырша-ұлы туралы 2016 жылы «Фолиант» (Астана) баспасынан шыққан **«Тәуелсіздік жолындағы дипломатия»** атты эссе-диалогте (авторы – М.Алмасбекұлы) ұлттық аты-жөніне қатысты біраз дерек бар.

1905 жылы туған, кейін «Қазақстанның еңбек сіңірген агрономы» атанған, республика басшысы – Д.А.Қонаевтың қабылдауында болған әкесі Батырша Қалдыбекұлы 1948 жылы баласын 1-сыныпқа бергенде, мектеп журналына «Сайлау Батырша-ұлы» деп рәсімдетіпті. Мұны Сәкең эсседе былай түсіндіреді: *«Көкемнің ұлтқа, елге деген намысы ұстап, фамилиямды бірден «Батырша-ұлы» деп жаздырды... Әкемнің намысшыл әрі көзі ашық, көрегендігі арқасында мен Бауыржан ағадан кейін қазақтың дәстүрлі аты-жөнін сақтап, сол үлгіні жалғастырдым».*

Осы жерде сұрақ туады: перзентіне «ұлы» деп фамилия берген Батырша Қалдыбекұлы күшті ме, жоқ әлде жастай фамилиясындағы «ұлы» қосымшасын бойына, ойына сіңіріп, соған сай болған Сайлау Батырша-ұлы күшті ме?

Мәселенің мәнісіне терең бойласақ, әке Батырша да, бала Сайлау да – ұлт дәстүрін жалғастырған, жауапкершілікті сезінген азаматтар. Мына сәйкестік жайдан-жай болмаса керек. Батырша Қалдыбекұлы – жәдит медресесінде (Шаян) Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» оқулығынан дәріс алған шәкірт. Бұл еңбек 1912 жылы шықса, Батыршаның мектеп-медреседе оқыған шағымен сәйкес келеді. Оның үстіне С.Батырша-ұлының естелігіне қарағанда, әкесі имандылық жолында болған және баласының араб тілі мамандығын таңдауына әсер еткен. Үйдегі тәрбие Сайлау мырзаның ұлт тарихының ұмытылған қабатына ұмтылуына, ел намысын қорғауына түрткі болған. Осы орайда **Бауыржан Момышұлы құбылысы – таңдауды негіздеуші, тәуекелді жандандырушы.** Қай жағынан алсақ та. **Біріншіден**, ел ішінде тараған батыр туралы аңыздарда ол шынайы ұлт жоғын жоқтаушы болып көрінеді. Осы жолда ешкімнен, ешнәрседен тайсалмайды. Айтқандайын, сол II дүниежүзілік соғыс жылдары өкімет дінге біршама еркіндік бергенін естен шығармалық. **Екіншіден**, халық батырының «ұлы» фамилиясы қаһармандығының куәлігіндей көрінді.

Сонымен бірге **С.Батырша-ұлын толғандырған, серпілткен бір факторды** ұмытпалық. Ол – оқыған қаласы мен университеті. Ташкент – Алаш зиялылары топтасқан, шоғырланған қала. Тіпті оның «қазақ астанасына үміткер шаһар» болғаны да белгілі. Алаштың «Алаш», «Ақ жол» газеті мен «Сана», «Сәуле» журналдары осында шықты, «Талап» ұйымы осында құрылды. 1922 жылы Түркістан зиялысы А.Байтұрсынұлын Ташкентке алдыртып, лайықты мерейтойын өткізді. С.Батырша-ұлы оқып жүрген жылдары қала да, Орта Азия университеті де Алаш жаңғырығына тұнып тұрған еді. Ұлт қайраткерлері бәтәңкесінің ізі өше қойған жоқ-ты.

Алаш атылғаннан кейін халықтың рухани жаңғыруының өзіндік кезеңдері бар. **Бірі** – II дүниежүзілік соғыс уақытындағы қазақ батырлығы (бұған келесі шепте Алаш атымен газет-журнал

шығарып, жыр жазған тұтқындар еңбегі де кіреді). **Екіншісі** – кеңестік жылымықтан кейін бүтін кеңес халқы секілді қазақ ұлтының да серпілуі. С.Батырша-ұлының азаматтық қалыптасуы осы шамаға сәйкес келеді.

Мысалы, әйгілі **Әбу Насыр әл-Фараби құбылысы**. Бұл тұлғаны ақын Мағжанның «Түркістан» өлеңінен кейін туған жері, кіндіктес жұрты ұмыта бастаған. Арада отыз жылдан кейін данышпан Ақжан Машани дабыл қақты. Тіпті Сирияға арнайы барып, моласын тауып қайтты. Қазақстан ғылымының, әсіресе философиясының фарабитану арнасы ашылды. Құдайдың құдіретімен С.Батырша-ұлының араб тіліне мамандануы және 1963 жылы оқуға Сирияға баруы осы құбылыспен ұштасып жатыр.

Мына сәйкестікті қараңыз: Сәкең Сирияға барып, білік-білімін жетілдіріп жүргенде, сондағы оқытушылар оған «Мұхтар» деп ат қойыпты. Дипломат оны «сайлау, сайланған» сөздерінің баламасы ретінде түсіндіреді. Ал енді біз большевиктердің басып алуына байланысты Ташкенттен бас сауғалап барып 1917 жылы 27 қарашада Қоқанда жарияланған Түркістан автономиясы түпнұсқада «Түркістан мұхтарияты» деп аталғанын білеміз бе? Атау да, есім де – ниет. Сайлау – «таңдау» ұғымы секілді демократияның элементі. Мұхтар «таңдаулы» деген мағынамен бірге «еркіндік», «азаттық» мәнін береді. Ендеше, осы арқылы да С.Батырша-ұлының тағдырына ұлт тәуелсіздігі үдерісінің басы-қасында жүру бұйырыпты. Ал біз «Мұхтармен» көбіне-көп М.Әуезовті ассоциацияландырамыз. Мұқаңның да Алашпен, Түркістанмен, Ташкентпен, Орта Азия университетімен, тіпті «ұлы» ұғымымен (фамилия) ұштасатын тұсы аз емес.

Тағы сұрақ қоямыз: Сайлау Батырша-ұлы әйгілі аты-жөнінен таяқ жеді ме, мақтау естіді ме? Әлбетте, мың өліп, мың тірілген халқынан тек мақтау естіді. Неге? Миллиондаған қандастары аты-жөнінің осы нұсқасын қаласа да, қоюға батылы жетпейтін. «Неге менің балам басқалардан бөлек болуы керек? Ұлт қамын мен ғана жеуім керек пе?». Ой осы болатын. Тіпті 60-жылдары мемлекетаралық келісіммен Қытайдан бері өткен қандастарымыз (оралмандардың 1-толқыны) фамилияларын тездетіп орыстандырып («ов» жалғап) алуға асықты. Оны айтасыз, ҚХР-да жүріп фамилиясына «ов»-ты жалғап алғандарды естіп, таңғалғанымыз бар...

Ноқтаға басы сыймаған Бәукең «ұлы» фамилиясы үшін безбүйрек советтен талай теперіш көргені секілді, С.Батырша-ұлын да ресми билік, дипломатия саласы мандайынан иіскей қоймаған. Эсседе жазылғандай, Қазақстан компартиясының 2-хатшысы О.С.Мирошхин: «Мұндай фамилиямен Орталық комитетке алмаймыз», – десе, республика коммунистерінің идеология хатшысы С.Н.Имашев: «Бос орын жоқ!» – деп, жақындатқысы келмеген...

Бірақ соған қарамай С.Батырша-ұлы өз біліміне сүйеніп, талабынан қайтпады. Талай жауапты қызметтің ішінде өзі қалаған дипломатияның көрігінен де өтті, Өкілетті және Төтенше елші де болды. Осылардың арасында 1991 жылы қазанда Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясы сессиясында қазақ халқының тәуелсіздікке деген ынта-ықыласын ашық жария етуі бүгінде аңыз ретінде айтылады. Дипломаттың пікірі ТАСС телеграф агенттігі арқылы әлемге тарағанда санасы «кеңестік комплекстен» арылмағандар селт етіп шошығанын білеміз.

Сәкеңнің және бір батыл қадамы 1993 жылы Өзбекстанға Қазақстанның Төтенше және Өкілетті елшісі болғанда байқалды. Бұл – әлемге тарыдай шашылған ұлтымыздың (диаспора) жинақтала бастаған кезі. С.Батырша-ұлы өзбек еліндегі талантты қазақ азаматтарын туған Отанына шұғыл тартып, қағидатты шараларды жүзеге асырады. Өзбекстан Республикасына еңбек сіңірген архитектор-дизайнер, Қазақстанның Елтаңба авторы – Жандарбек Мәлібекұлына ҚР азаматтығын беріп, тарихи отанына алып келеді. Сондай-ақ талай тарихи тұлғаларымыздың, сондай-ақ Н.Ә.Назарбаевтың бейнесін сомдаған Өзбекстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, атақты суретші Әбдімәлік Бұқарбаевқа да азаматтық әперіп, елге алдырды.

«Ұлы» фамилиясы өмірлік ұстанымын анықтаған қайраткер, дипломат, ғалым Сайлау Батырша-ұлының азаматтық тұлғасы туралы көп айтуға болады. Бір тағылым еске түсіп отыр. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның Халық жазушысы, Еңбек Ері Әбіш Кекілбаев қазақша жазғандарына «Кекілбайұлы», орысша жазғандарына «Кекилбаев» деп қол қойып жүреді. Бірде С. Батырша-ұлы Әбекеңнен: «Сіз бір мезгілде екі фамилия алып жүрсіз, сонда қайсысы тура?» – деп сұрайды. Жазушы: «Әй, бауырым-ай, несін айтасыз? Ақыры сіздің жолыңызға түстік қой», – деп жауап қайырады...

Сонымен, С.Батырша-ұлының ұлттық аты-жөнге байланысты еңбегін, жалпы тұлғалық қасиетін былайша тұжырымдаймыз:

1. Ол – сонау 1964 жылы Шетелмен байланыс және достық қоғамының жауапты хатшысынан 1990 жылы ҚазКСР Сыртқы істер министрінің орынбасары лауазымына дейін, тәуелсіздік тұсындағы барлық дипломатиялық қызметінде ұлт мүддесін бір сәт те ұмытпаған азамат.

2. Ол – 2002 жылдан бері барша ҚР Сыртқы істер министрінің кеңесшісі және Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар факультетінің профессоры ретінде дипломатия теориясын тәжірибемен ұштастырып жүрген білікті маман, осы салада қазақ тіліндегі тұңғыш рет жазылған «Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынас» оқулықтың авторы.

3. Ол – елдің ана тілін, ата дәстүрін, төл мәдениетін, тағылымды тарихын жеке үлгісімен қорғап, сақтап, дамытып жүрген отаншыл тұлға. Астана қаласы «Мемлекеттік тіл» қозғалысының төрағасы.

Міне, осы бағалар А.Байтұрсынұлынан басталып, Б.Момышұлымен өркенделіп, С.Батыршаұлымен жалғасатын ұлттық аты-жөн қадірін білу жолындағы қағидаттың өміршендігін айқындай түседі.

Бүгін Тәуелсіздік мұғдарында А.Байтұрсынұлының ақ жолына түсіп, аты-жөніне саналы түрде «-ұлы, -қызы» деген дәстүрлі қосымшаны алған азаматтарымыздың ұстанымын отаншылдық сана-сезімі көтерілгені деп білеміз.

Ісімақова А.

филол.ғ.д., профессор, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануының реформаторы

Теоретик Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми зерттеулер ғана емес, сол кездегі ғылыми сұранысты өтеген оқулықтарының күні бүгін қажет болуы – білім беру саласындағы ХХ ғасыр басындағы іскерліктің үлгісі.

«Ұлт тіліне лайықталып реформаланған араб таңбаларын латыншаға ауыстырудың тиімділігі жоқ» деген пікір айтқан А.Байтұрсынұлы бастаған зиялы топқа «ұлтшыл», «пантюркист», «панисламист», «советке қарсы» деген айыптар таңылды. Араб жазуы тікелей ислам дінімен байланыстырылып, ғалымның сан жылғы еңбегі жоққа шығарылды. Уақыт көрсеткендей, латын жазуының да тағдыры ұзаққа бармады. «Құран» әріптерінен тұратын, ғылыми негізі дәлелденген «жаңа емлені» латын әріптерімен, одан кейін кириллица таңбаларымен алмастыру халқымыздың сан ғасырлық ескерткіштері болып табылатын бағалы жазба мұраларынан қол үзіп қалуымызға әкеп соқты. Қазақ халқының әліппесі Алланың кітабы – «Құран» әріптерімен үндес екенін дәлелдеп кеткен А.Байтұрсынұлының бұл ғылыми жаңалығының мәнін біз әлі толық мойындамай келеміз. Қазақ тіл білімі ғылымының теориялық негізін қалыптастырған А.Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануының негізін қалаған іргелі «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми зерттеудің де авторы.

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышта» орнықтырған кәсіби «пән сөздері» қазақтың асыл сөз өнерінің жанрлық, стильдік ерекшеліктері мен артықшылығын танытатын түсініктер күні бүгін қажеттілігін дәлелдеп келеді. Ғалым осы іргелі зерттеуінде ежелгі әдеби мұраға және түркі әдеби ескерткіштеріне қатысты пайымдаған теориялық тұжырымдары мен өзі жетік талдап, таныған «пән сөздерін» ғылыми айналымға енгізді. Олар: «тірнек өнері», «көрнек өнері», «тиіс ғалам», «түйіс ғалам», «арамтер», «мерт», «сергелдең», «сауықтама», «сарындама», «салт сөзі», «ғұрып сөзі», «діндар дәуір», «сындар дәуір», «ділмар сөз», «билік сөз», «уағыз», «хикаят», «қисса», «жад дерек», «мінәжат», «шежіре», «заманхат» т.б. «Пән сөздері» ежелгі әдеби жәдігерлер мен классикалық қазақ әдеби мәтіндер арасындағы дәстүрлі сабақтастықты, үндестікті аңғартады.

А.Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген «біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын» (М.Әуезов) таудай еңбегін ХХ ғасыр басында Ресей академиктері А.Н.Самойлович («Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы», 1919; «Түрік халықтарының әдебиеті», 1919), Е.Д.Поливанов («Қырғыз-қазақ жаңа (Байтұрсынов) орфографиясы», 1924), А.Н.Кононов («Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы», 1924), Н.Ф.Яковлев («Әліпби құрылымының математикалық жүйесі», 1928) зерттеулерінде атап өткен. 1923 жылы ғалымның 50 жылдық мерейтойына орай Алаш қайраткерлері М.Әуезов, С.Сейфуллин, Е.Омарұлы, М.Дулатұлы, Т.Шонанұлы еңбектерінде А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасына әділ баға берілген. Совет кезінде 1977 жылы филология ғылымдарының докторы, академик Р.Сыздықова ҚазССР ҒА жалпы жиналысында жасаған баяндамасында қазақ әліпбиінің атасы, қазақ тіл білімінің негізін қалап берген А.Байтұрсынұлы екенін айтқаны үшін біраз ресми мекеменің қудалауына ұшыраған.

А.Байтұрсынұлы ақталған 1989 жылы академик Ш.Қ.Сәтбаеваның алғы сөзімен ғалымның тұңғыш шығармалар жинағы шықты. Кітаптың жауапты шығарушылары партизан-жазушы, филология ғылымдарының докторы Әди Шәріпов пен филология ғылымдарының кандидаты Сәрсенбі Дәуітұлы

болды. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» мен «Қазақтың бас ақыны» атты зерттеуін, өлеңдерін тұңғыш рет төте жазудан қазіргі қазақ әрпіне түсірген – филология ғылымдарының докторы С.Дәуітұлы.

Академик Р.Нұрғали «Ақ жол» (1991) деген атпен А.Байтұрсынұлының өлеңдерін, тәржімалары мен публицистикалық мақалаларын және әдеби зерттеулерін құрастырып шығарды.

Ғалымның пән сөздер (термин) жасау саласында атқарған ғылыми жұмыстары да ерекше назар аударуды қажет етеді. Лингвист-ғалым қазақ тілін талдап, тану және танытуда төңкеріс жасап қоймай, оның салаларына (фонетика, грамматика, синтаксис т.б.) қатысты парадигма, категорияларды қазақша сөйлетіп, әдебиеттану мен тілтанудың басты пән сөздерін ғылыми айналымға енгізді. Осы ретте академик З.Қабдолов: «Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді, қазақ әдебиеттануындағы әдеби пәнсөздердің баламаларын ойлап тапқан да – Ахаң. *Көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу...* – осылардың бәрінің түп-тамыры Ахаңда жатыр. М.Әуезовтің «Ахаң түрлеген ана тілі» дейтін әлдиінің әдебиет аясындағы бір нақты да затты көрінісі – осы». «Әдебиет танытқыштың» ең басты бағалылығы – осылайша әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы» [1], –дейді.

1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» әдебиеттану, оның ішінде әдебиет теориясы саласында қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш ғылыми еңбек екені даусыз. «Әдебиет танытқыш» деп атаудың өзі де – «литературоведение» деген пәннің тура қазақша баламасы. Әдебиет – сөз өнері болса, оның несімен халыққа қажет екенін түсіндіріп, көркемдік ерекшеліктері мен жалпыадамзаттық, яғни, ғибраттық, рухани сипаттарын таныту әдебиетшілердің, зерттеушілердің қасиетті парызы екенін А.Байтұрсынұлы осы екі-ақ сөзбен ғана айқындап берді.

Әдебиет деген не? Бұл сауалға бүгін дайын жауап бар ма? Осы орайда академик З.Қабдолов былай дейді: «Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дене бола ма? Қайтейік, «болады» деп келдік... Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында *Арнау* деген бір-ақ түр; шауып шықса, бұған *Шешендік сұрау* қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (*сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау*) қосып, құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді». Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекене сілтеме жасауға мәжбүр болдық...» [1, 72].

Қазақ өлең құрылысының теоретигі академик З.Ахметов «Әдебиет танытқыштың» құндылығын былай деп анықтады: «Әдебиет танытқышта» негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор үлкен тілші-ғалым болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны түсінікті. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, *теңеу, ауыстыру* (метафора), *алмастыру* (метонимия), *шендестіру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу* секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін, «оралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, *бунақ, тармақ, шумақ* ұғымдарын қалыптастырады» [2, 64]. Демек, қазақ өлең құрылысының, қазақ әдебиет теориясының басты терминдерін Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырғаны осылай дәлелденген.

«Әдебиет танытқышта» бұл орайда көркем сөздің тектері мен түрлері «адамның жан коштау керегінен шыққан» нәрселерге жатқызылады. «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, еуропаша – литература»... Және оның басқа ғылымдардан айырмашылығын айта кетеді: «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді». «Әдебиет танытқышта» белгілі әдебиет терминдерінің қазақша баламасы көңілге қонымды әрі сәтті түрде қолданысқа енгізілген. Әр категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалады. Мысалы: «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы». Яғни, әр тұжырымның ішкі заңдылықтары ашылып, парадигма ретінде дәлелденеді. Қара сөз бен дарынды (көркем) сөздің айырмашылығын Ахмет Байтұрсынұлы нақтылап көрсетеді: «*Қара сөз* әдебиетте *пікір, сүлде* түрінде айтылады. *Дарынды сөзде* пікір *сурет* түрінде шығады яғни, сүлде үстіне өң, ажар, жан, мінез, қылық беріліп, тұрпайы тұлға, түс, бітім, тірі нәрсе болып шығады. Сондықтан да дарынды сөз – *көркем сөз* деп аталып, қара сөздер – *жалаң сөздер* деп айтылады» [3, 264]. Ғалым мұнымен шектелмей, осы екі түрлі сөзді қалай тануды, олардың дұрыстығын қалай

айқындауға болады деген сауалдарға жауап береді: «Қара сөздің сынында пікір дұрыстығы, істің растық жағы тексерілсе, көркем сөздің сынында пікір дұрыстығының үстіне пікірге берілген сурет, сұлулық жағы да тексеріледі. Көркем сөзді әрі сүлде, әрі сурет – екі жағынан да тексеруге тиіс болғандықтан, оның сынында мынандай сұраулар боларға керек».

Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми түсініктің негізін жалғастырып, нақтылай түседі. Демек, қара сөз «шығарманың сүлде жағының сыны» болса, көркем сөзге басқа міндеттер жүктеледі: «1. Мазмұны дұрыс па? Мұрат қалып па? Кейіп қалып па? Бұл – шығарманың сүлде жағының сыны. 2. Көркем сөз табына шын қосарлық сөз бе? Қиял жасаған тұрпаттар, ойдан үйлестірілген оқиғалар пікір санасына тура келіп, дұрыс суреттеп, өндендіріп көрсете ала ма? Тілі өрнекті ме? Әуезді ме? Лұғаты таза ма? Анық па? Қысқасы, ойды өрнектеп, көрнектеп, суреттеп көрсеткендей тілінде шеберлік бар ма? Ақылдың аңдағанын, қиялдың меңзегенін, көңілдің түйгенін тілі дұрыс жеткізе алған ба?». Әдебиет теориясындағы *стиль, әдеби тіл, талдау, көркемдік, сюжет* деген категорияларды Ахмет Байтұрсынұлы осылай түсіндіріп кетті. *Көркемдік түсінігінің, көркем шығарманың белгілері қандай?* деген сауалға Ахмет Байтұрсынұлы екі түрлі талап қою керек екенін айтады: «Көркем сөзде екі тысқы, екі ішкі сын болады. *Тысқы сындар*: 1) тілдің лұғатының сыны, яғни, тілдің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны». Яғни, шығарма тілінің стильдік ерекшеліктері, бүгінгі лингвистикалық талдауға сай тысқарғы жағын бөліп айтады. Ғалым бұдан ішкі сындарды бөліп алады, демек, бұл әдебиеттану, әдебиет теориясының еншісі, теориялық талдаудың объектісін нақтылайды: «2) Суретінің сыны: кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп, суреттеуінің сыны. *Ішкі сындар*: 1) алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнімен қарағанда, дұрыс, бүтін шығу, шықпауының сыны; 2) өмір жүзінде айтылған нәрсенің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен-көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайда-зиян келтірерлік) қуаты бар-жоғының сыны. Көркем сөзді сынағанда, әдебиет түрінің осы төртеуі түгел жұмсалады».

Ахмет Байтұрсынұлы теориялық талдаудың, әдебиеттің, көркем сөздің басты мақсатын жоғарыдағы тұжырымның соңғы сөйлемінде қорытынды ретінде түйіндеген. Бүгінгі әдебиеттанудағы аксиологиялық әдістің мән-жайын ғалым осылай алға тартады. Демек, тек маңызды, ұлағатты көркем сөз ғана сынға түсуі абзал. Және оның тысқы және ішкі сынға түсуіне лайықты көрнекті түрі мен ұлағатты мазмұны болуы шарт.

Бүгінгі әдебиет теориясындағы «мазмұнды түр» – «содержательная форма» категориясының сырын Ахмет Байтұрсынұлы осылай нақтылаған. Әдебиет теориясының басты терминдерін, түсініктерін А.Байтұрсынұлы сонау ХХ ғасырдың 20-жылдары қазақ тілінде анықтап берген екен. Негізгі ғылыми мақсат «Әдебиет танытқышта» ұсынылған жаңа концепцияда. Ол біздің бүгінгі сұранысымызды өтеуге керекті эстетикалық тұжырымдарға сай екені таңғалдыра түседі.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыштағы» басты теориялық тұжырымдары:

1. Әдебиеттің өз даму заңдылықтарының бары және олар тікелей саясат, идеологиямен байланысты емес екені меңзелген. Яғни, «сөз өнері» деген термин «халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті» деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі ойдан шығарылғаны екені айтылады. Әдебиеттің ресми жазба түрі бар деп бөліп-жару соцреализмнің ойлап шығарғаны болып шықты: бір әдебиетті жоғарылату үшін екіншісін төмендету керек болды. А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебіне жүріледі»[3, 264].

2. Әдебиетті өз категориялары арқылы түсіндіруге шақырады, яғни, «пән сөздері» басты міндет атқаруын ғалым басты шарт деп санайды. Сонда зерттеу мағыналы болып, бұл зерттеушіні жалпылама, мақтау мен көпсөзділіктен сақтандырады.

3. Әдебиеттанушы көркемдік әлемнің құдіретін тікелей жазушының ішкі рухани бостандығымен байланыстырып, осы орайда Абайдың, Мағжанның шығармаларын мысал ретінде келтірудің бүгінгі мәні керемет емес пе?!

4. «Әдебиет танытқыштағы» біз бүгін ұмытқан діндар дәуір жанрлары: *мінәжат, намыс толғау* деген түсініктердің өзі ой салады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» (XIV-XVI ғ.) еңбегі: «Хақ жолындағылар тарихы» деп аталса, оның соңы «Алла Тағалаға мінәжәт айтумен» аяқталады. Совет кезінде өшірілген бұл мінәжәт жанры туралы мәлімет А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» ғана кездеседі. Бұл бізге бүгін қажетті әдеби сұрыптаудың үлгісі емес пе?!

5. «Әдебиет танытқышта» әлем әдебиеті қамтылған: «Біздің қазақ Еуропа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақ айтыс өлеңдері алаңға түсе-түсе барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды». Бүгінгі әдебиеттанудағы «синкретизм», «типология», «әдебиеттердің

қарым-қатынасы», «сюжеттердің ұқсастығы» деген ұғымдар туралы «Әдебиет танытқышта» А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Жер жүзіндегі жұрттардың түріндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көрінгені, өнегесі, үлгісі бір болған» [3, 264].

6. А.Байтұрсынұлының пайымдауынша, асыл сөздің көркемдік заңдылығы біреу ғана және ол барлық тілдегі әдебиеттерге ортақ. Демек, «*адамның жан қоштау керегінен шыққан*» әдебиет – «*асыл сөз*». Сондықтан «Сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынай біледі». Өйткені: «Жүйрік аттың белгілі сипаттары сияқты асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сөз сол сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады». *Әдеби стиль, навратив, автор мен интертекст, көркемдік шеберлік пән* сөздерін ғалым осылай таныта түскен.

7. Ресей ғалымы М.М.Бахтиннің «*роман теориясы*» бойынша, дүниежүзілік әдебиетте роман – ең соңғы жанр, ол – сол тілдегі әдебиеттің жазу жүйесінің қорытылған нәтижесі ретіндегі жанр. Сондықтан роман әр ұлттық әдебиетте өзіне дейінгі болған басты, прозалық көркем сөйлеу түрлерін жаңғыртып отыру қабілетіне ие. Демек, роман жанры – осындай жан-жақты баяндау, жазу тәсілдерін, жазба естелігін, жадын (память жанра!) меңгеріп, өзінің оларды оята білу мүмкіндігіне орай басқа жанрлық түрлерге тікелей нарративтік деңгейде әсер ете алатын бірден бір жанр.

М.М.Бахтиннің «романизация стилия» деген тұжырымымен біз 1970 жылдары танысып, таңғалып жүрсек, А.Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау ХХ ғасырдың 20-жылдары түсіндіріп кетіпті. Ғалым қазақ прозасының өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты бұл құбылысты сол кезде былайша пайымдайды: «*Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме* болып бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір, айтылу аудандарында айырма бар: *ұлы әңгіме* сөзі алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды, *ұзақәңгіме* жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды, *ұсақәңгіме* мүше алып, оралып келе қоятын аттарша бастайды». Яғни, басты мәселе «айтылу аудандарында» ғана екен.

Романның көтеретін жүгін әңгімеге де артуға болады екен. М.М.Бахтиннің «романдық стиль – повесть, әңгіме мен басқа жанрларға да үстемдік етеді» деген әйгілі қағидасын А.Байтұрсынұлы 1926 жылы Ресей ғалымынан 30 жыл бұрын айтып, дәлелдеп қойған екен.

8. Роман стилінде қорытылып, жинақталатын ұлттық сөйлеу жүйесінің жанрлық түрлері туралы қағиданы («речевые жанры») А.Байтұрсынұлының қазақ сөз өнерін талдай отырып айтқан келесі пікірінен аңғарамыз: «Ұлы әңгімеге жан беретін адамның ісі болғандықтан, мінезіне кейіп беретін тәрбие болғандықтан, тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірілі-уақты істері болатындықтан, ол істер біріне-бірі ұласып, бір-біріне оралып, байланысып, шиеленісіп жатқандықтан, осының бәрін суреттеп шығару оңай емес. Мұны келістіріп, дұрыс пікірлеп, дұрыс суреттеп, уақиғаларды жақсы қиыстырып, сыйыстырып шығару көп жазушылардың қолынан келе бермейді.

Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек». Демек, роман стилін жүйелей келе, әдебиеттанушы оны «айтылу түріне қарай: *әуезе, толғау, айтыс*» деп жіктейді. Ғалым бұл атаулардың негізін де нақтылап берген: «*Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады. Әуезе – тысқы ғалам турасындағы сөз... Толғау – ішкергі ғаламның күйі. Толғау – іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілін, күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда*» [3, 266]. Яғни, «Сөйлеу жүйесінің мақсаты – сөйлеу жүйелерін меңгеріп, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету», – деп тұжырымдайды А.Байтұрсынұлы.

9. Көркем туындыны талдағанда, оның ішіндегі осы көркемдікті тудыруға тікелей ат салысатын қатысушыларды А.Байтұрсынұлы былай деп анықтапты: «Асыл сөздің сипаттарын білу *тыңдаушыға* да қажет. Абайдан кейінгі сөзге *талғау* кіреді: *айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын* болды. Олай болғаны – Абай асыл сөздің нұсқаларын айқындап көрсеткенінің үстіне аз да болса, асыл сөз сипаттарын айтып та, жұртты хабардар қылды. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде жақсы өлеңнің сипаттары да, қазақ ақындары мен тыңдаушыларының жоғарыда айтылған асыл сөзді танымайтын надандықтары да айтылып, мағлұмат берілген».

10. А.Байтұрсынұлының еңбектерінен Әл-Фарабиден келе жатқан ғылыми сабырлылық пен сыпайылық (корректность!), әдебиетті танытуға бейімделген жоғарғы этикалық деңгейді аңғарамыз. Талдаулар мен жүйелеу тәсілдері осы ғылыми мақсатқа қызмет атқаруға бағындырылған. Ғалымның тек «пән сөзінде» сөйлеуі мен әдебиет теориясының негізін салып кеткендігін біз бүгін мойындауымыз қажет.

11. А.Байтұрсынұлы әдебиет теориясының терминдерін, талдау жүйелерін қазақша күмбірлете сөйлетіп, ғылыми тілдің деңгейін сол кезде көтеріп тастағанын біз бүгін мақтаныш ете аламыз. Қазақ тілі ғылым тілі емес дегендер «Әдебиет танытқышты» бір қарап шықсын.

«Пән сөздері» мен «сөз өнері» түсініктерін қалыптастырған әдебиеттанушы басты тұжырымдарды былай анықтаған: «Сөз өнері адамның жан қоштау керегінен шыққан». Сондықтан «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге. *Ақыл ісі* – аңдау, яғни, нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; *қиял ісі* – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суретпен ойлау; *көңіл ісі* – түйю, талғау». Көркем тіл, авторлық ұстаным, шығармашылық фантазия мен нарративті дискурс пен стиль туралы: «*Тілдің міндеті* – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарар» [3, 268].

12. М.О.Әуезов А.Байтұрсынұлының ұлттық ғылымды қалыптастыруда ұлттық мүддені басты қағида етіп ұстанғаны туралы да айтқан болатын. А.Байтұрсынұлы ресми баяндамаларында ұлттық ұстанымды да анықтап берген: «Первый всесоюзный тюркологический съезд» (Баку 26.II-6.III.1926) атты стенограмма жиылыстағы пікірталастың өрбуін көрсетеді. Мұнда А.Байтұрсынұлы тіл білімінің заңдылықтарына сай қажетті талдаулар жасау арқылы дұрыс жазудың негізін саралап берген. Профессор Щербаға сілтеме жасай отырып, түркі тілдерінің жазу тәртіптерін орыс тілі фонетикасымен салыстырып, қарастырған. Негізгі тақырып – «Как мы, казахские научные и литературные работники, строим терминологию для литературы народа, и во-вторых, какого принципа мы придерживаемся в выработке терминологии». Осы ретте ғалым бүгінгі дүниежүзілік әдебиеттануда «компаративистика» деп жүрген саланың да мәнін ашады: «Современная культура не есть создание какой-нибудь нации или расы, а результат совокупных усилий и навыков всего человечества. В культуре каждой нации, кроме собственного творения имеются заимствования, и на смешение их культуры влияют их отношения, которые различаются с точки зрения дружественного и неприязненного. Заимствования бывают и при покорении одной нации другой, и при мирном общении народов друг с другом. При этом сходные формы религии, обычаев, нравственности, общественной организации, сродность наклонностей, инстинктов, психологии и т.д. облегчают процесс заимствований и смешения культур» [3, 279].

Ұлтына, еліне, ғылымға, әдебиетке арымен беріліп, оған адал қызмет еткен А.Байтұрсынұлы еңбегінің Қазақ елі тарихында алатын орны айрықша зор екенін 26 жастағы замандасы – М.Әуезов былайша тұжырымдапты: «Ақаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып, Арқаның қоңыр желімен бірге есіп шалқып жатыр. Бұдан он-он бес жыл бұрын: «Алаштың үмбетінің бәрі мәлім, Кім қалды таразыға тартылмаған!» – деп Ақаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. Айналып келіп, «таразыға тартылған, сыннан өткен» деп Ақаңның ғана ардақты атын атаймыз...

Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын». Бұдан артық айта алмаспыз. Бұл ұрпақ бірінің қадірін бірі біліп, бір-бірін сыйлап, бағалай білген. Бұл – шынайы имани тектіліктің үлгісі екені сөзсіз. А.Байтұрсынұлының жазықсыз жазаға ұшырап, айыпталуына орай қайта құру кезеңіне дейінгі уақытта оның еңбектерін пайдалануға тыйым салынып, ғалымның аты да аталмай, ілуде еске алына қалса, тек мансұқталумен келді. Қайта құру мен жариялылық заманы орнағаннан кейін жүзеге асырылған ақтау шараларына байланысты А.Байтұрсынұлының ғылыми, әдеби мұрасы қайтадан халқының игілігіне айналды. Тәуелсіздік кездегі әдебиеттану ғылымын Алаш арыстарынан мирас болған осындай ғылыми-теориялық зерттеулерсіз елестетуге мүмкін емес.

«Жазған сөз жаным ашып Алашыма» деген өлеңнің жалғыз тармағына сыйғызылған азаматтық ұран Отан алдындағы адалдықтың жарқын өнегесін көрсеткен Ұлт Ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының қажырлы күрес және ғылыми-шығармашылық жолының Темірқазығы болып табылатыны оның кез келген еңбегінен, тіпті сөйлемінен де аңғарылатыны айқын.

Әдебиет:

1. Қабдолов З. Ахаңның әдеби қисындары // Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996.
2. Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген // Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы, 2001.
3. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – 384 б.

А.Байтұрсынұлы және абайтану

А.Байтұрсынұлы Абайтануды қазақ елі алдындағы тарихи-әдеби мәселелердің ірісі ретінде айтады да оны жастарға оқытуды, халыққа танытуды қазақ алдындығы маңызды міндет ретінде атап көрсетеді. Бұл пікірдің айтылғанына (1913) ғасырдан артық уақыт өтті. Бірақ оны іске асыруға сол жылдарда қиындық ұшан теңіз-болса, қазір де оңай көрінбейді. Мәселен, XX ғасыр басындағы кеңес үкіметінің ресми идеологиясы ұлттық тіл, мәдениет, әдебиет, ұлттық мектеп туралы пікірлерді тыңдағысы да келмеді, енжарлау қарады. Оның себептері бүгінде әркімге түсінікті.

Ахмет Байтұрсынұлы соған да қарамастан, өзі бас болып оқу-ағарту ісінде Абай шығармаларының өзегіндегі ірі ойлар мен көркемдігіндегі көз тартар көңілді оятқан келісімді қолдана бастады. «Оқу құралдарында», мерзімді басылым бетіндегі мақалаларында, қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарында арналған оқу құралдарында, оқулықтарында Абай шығармаларын қолға ала бастады. Осыдан бастап көрнекті қаламгерлер мен қоғам қайраткерлері де (С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ж.Аймауытов т.б.) бұл іске өз үлестерін қосуға кірісті.

Бірақ мәселе басқада болып шықты. Әлихан Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлының Абай шығармаларын оқудың ұлттық танымдағы ерекшелігін т.б. былай қойғанда, оқырманның эстетикалық әсерінің бағытын өзгертетінін айтты. Абай шығармаларын оқыту да, оқу да бүгінде ойдағыдай емес. Содан бері ғасырдан артық уақыт өтсе де өзгеріс замана талабына сай емес.

Неге өзгермейді? Абай шығармашылығы мен абайтануға арналған зерттеулер мен ғылыми мақалалар аз емес тәрізді ғой. Әлде абайтануда замана талабына сай жаңа зерттеулерге табан тірейтін өзгерістер жоқ па? Олай деп айтуға болмайды, әрине. Өзгеріс жеткілікті. Абай поэтикасы мен өмірбаянына қатысты жаңа деректер мен зерттеулерді былай қойғанда, ұлы ақын шығармаларына жаңа уақыт тынысы қосып отырған дара қабылдаулар туралы да қаншама қызықты зерттеулер бар?! Бірақ «бүгінгі оқырманның бәрі, әсіресе жастар оларды оқиды, ойланады, тұшынады» деп айту да оңай болмас.

Қазір қазақ қоғамдық санасы кереғар бағыттарға бет алған топтарға бөлінеді. «Қазақ тілін білмейтін, білгісі де келмейтіндер Абай шығармаларын оқиды, эстетикалық әсер алады, оның ой идеяларының көркемдігі туралы ойланады» деп кім айта алады? Өйткені Абай шығармалары түгіл, ана тіліміз, «қазақ тілінің өзі торығуға тап болған тіршіліктен енді-енді шығамыз ба?» деп отырған жайымыз бар. Оның қалай іске асарын кім білген?!

Әкімқаралар мен мансап, ақша қуған отбасылар, олардың балалары, әрине, барлығы емес, бірақ көпшілігі, енді орысыңды да қоя салып, ағылшын тіліне бас қойып жүрмесе?! Бұл құбылыс бел алып кетпесе де, соған ыңғайлана бастағандаймыз. Тілімізге қорған болар үкімет пен оның ресми өкілдері көпшіліктің айтқанына құлақ асқаннан гөрі ағылшын тілін қазақ балаларының мойнына аса салуды жөн көріп отырған сыңайлы. Артының не боларын кім білген? Кім білген дегенмен, кезінде бұл мәселелер А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларын ұлттық тіл, рух үшін ымырасыз күреске көтерген.

Ресейдің отар елдердің балаларын, жастарын орысша оқытудағы мақсаты – қоластындағы елдің бәрін бір қалыпқа түсіру – орыстандыру болғаны бүгінде құпия емес. Ғасырлар дауылдарынан, борандарынан қалт-құлт селдіреп жеткен халықтарды ондаған жылдар ішінде жоқ қылуды жоспарлау қарулы, күшті мемлекет үшін қылмыс болып есептелмейді. Дінді, тілді, жазуды т.б. өзгерту арқылы кез келген халықты 30-40 жылда жоқ қылуға болады. Бұл – Ресей тәрізді отаршыл елдердің жазылмаған, бірақ ешқашан жоспарларынан кетпейтін басты кодексі.

Осыны аңғарып, мұсылманша оқытуды қолға алған ұлтжандылардың мақсаты да ойдағыдай болмады. Өйткені А.Байтұрсынұлы, С.Көбеев тәрізділер, алдарына биік мақсат қойғандар табылмады. «Қазақша оқымайынша қазақ білімге үйренбейді» дегенді А.Байтұрсынұлы қайта-қайта айтқан, жазған пікірді басшылыққа алғандар өте аз болып шықты. Дәстүрлі мұсылманша оқытушылар Аллаға сенуді уағыздайтын жүйеден шықпады. Дәлірек айтсақ, шығуға қауқарсыз болды. Осы бағыттары үшін қазақ балаларын оқытудың екі түрі – екі бағдарламасы да озық ойлы зиялы қауым тарапынан сынға ұшырады. Орысша оқуға қарсы болғандарды патша үкіметі мен оның ресми орындары қудалап, жазалай бастады. Айыппұл салды, көнбегендерін бала оқытудан алыстатты, қамады т.б.

А.Байтұрсынұлы ұстанымдары – қазақ балаларының қазақ қамын ойлап, түсініп, танып, соған кірісулері үшін қазақша оқуы керек. Білім, кәсіпке сол арқылы жетеді. Олардың ұлт жұмысына араласқандары жұмыла кіріскендері жөн. Ұлт мүддесі – үлкен міндет. Өз билігінді, шаруанды өз қолына алу үшін ұлттық рух керек. А. Байтұрсынұлы әдеби шығармашылық және ұстаздық қоғамдық қызметін соған арнады. Осы мақсатын орындауда А.Байтұрсынұлына ұлы бағдарлама тәрізді Темірқазық болған ілім – абайтану еді.

«Абайтануды биік деңгейге көтеруде ХХ ғасырдың басындағы әдебиетіміздің аса көрнекті өкілдері – Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Бөкейханұлы, С.Сәдуақасұлы, М.Дулатұлы, Ж.Ақбайұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ғ.Қарашұлы, Х.Досмұхаметұлы, М.Тынышбайұлы т.б. үлкен еңбек сіңірді. Ұлттық рухтың Темірқазығына айналған тұлға – Абай екені олардың арнайы мақалаларынан да байқалады. Бұл – классикалық мұраны мойындап, оны түсінуге, әрі қарай дамытуға ұмтылыс еді [1].

А.Байтұрсынұлының Абай шығармаларымен танысуы 1903 жылдан басталады: «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азын түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да, түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық – Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес. Оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, – оқушыда. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды» [2].

«Қазақтың бас ақыны» (1913) атты мақалаға қойылған бұл атауды кезінде қазақ атаулының бәрі мойындады, қолдады деп айтуға болмайтын шығар. Бірақ қаламгер осы мақаласында абайтануға баратын басты жолды дұрыс айқындап, сол жылдарда елге белгісіздеу жаңа ілімнің, бәлкім, көңіл аударма қоймаған соқпақтарын ашып көрсетеді.

А.Байтұрсынұлының Әлихан Бөкейханұлының Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы жарық көрген шығармаларымен [3] жақсы таныстығы байқалады. Мысалы, Ә.Бөкейханұлы еңбегінде аталатын Спенсер, Луис, Дрепердің есімдері аталады, әсер еткен орыс қаламгерлерінен Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Салтыков-Шедрин, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писаревтер сөз болады. Сонымен қатар 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі» атты шығармасымен [3], сондағы Кәкітай Ысқақұлының Абай Құнанбайұлының өмірімен жақсы таныстығы байқалады.

А.Байтұрсынұлының 50 жылдығына арналған мақалаларды ғалымның «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында айтылатын ойлардың жалғасқанын аңғаруға болады. Мәселен, М.Дулатовтың «Абай (Ибрагим) Құнанбаев», С.Сейфуллин «Ибраһим Құнанбайұлы (Абай)» т.б.

Мақала авторы: «Ақындық талант Абайда бала кезінен болған. Бірақ ол өлеңдеріне ақын онша мән бермеген тәрізді, – деп жаза отырып, – ол өлеңдердің мазмұны – замандастарына арналған әзіл-сықақтар мен қыздарға арналған ғашықтық өлеңдері. Оларды да ересек тарта келе ел басшылығымен түрлі сипатты қарым-қатынастарға араласа бастағанда тоқтатқанға ұқсайды», – дейді.

А.Байтұрсынұлының Абай өмірбаянына байданысты деректерінде бүгінгі біз үйренген мәліметтерден алшақтық та байқалады. Бірақ бұл мәліметтер Әлихан Бөкейханов 1905 жылы келтіретін деректермен сәйкес: «Абай 10 жасынан 13 жасқа дейін қырда (демек, елде. – З.Б.) мұсылманша оқыған. 13 жасқа шығарда Семейде Ахмед Ризаның медресесінде оқыған. 4 жыл мұсылманша оқып, 3 ай орысша оқып, сонымен оқуды қойған. 15 жасында-ақ балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған. Қазақты меңгеріп, халыққа араны жүріп тұрған төрелермен әкесі – Құнанбай таласқанда Абай әкесіне серіктікке жарай бастаған» [1].

Ә.Бөкейханұлында: «Абай 10-12 жас аралығында қазақ даласында жүріп, хат таныды. Ал 12 жасында Семейдегі Ахмет Риза молданың медресіне түседі. Абай 14 жасында сонда жүріп, үш ай орыс мектебінен дәріс алады. Осы төрт жылдық медреседегі, үш ай орыс мектебіндегі дәріспен Абайдың мектептік оқуы аяқталады [3, 131].

Сонда Абайдың жоғарылығы әкесінің қасында жүріп, ел билеушілермен тартыстарға араласа бастауы шамамен 17 жас болса, үйлеседі.

Енді М.Әуезов келтірген деректерге көз салайық: «Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы «Приходский школьға» түсіп. Орысша да оқи бастаған. Бірақ мұндағы оқуы ұзақ болмайды. Бас аяғы үш-ақ аймен орысша оқуы бітеді. Үш жылмен мұсылманша оқуы доғарылады. 13 жасқа толғанда әкесі Құнанбай оқудан

шығарып алып. Ел билеу жұмысында өзіне серік қылмақ болып, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды» [1, 52].

Байқағанымыздай айырма – 3-4 жыл шамасында. Ескеруге бола ма? – Білмеймін. Қазақ жыл санауының өзіндік ерекшеліктері бар. Бірақ мұнда ойланатын да жайлар бар. Мәселен, Семей медресесіне дейін Абай сауатын қайда және кімнен ашты? Бұл – біздің ойымызша, тым мәнсіз сұрақ болмауға тиіс. Ойлау керек!

Абайдың қоғамдық қызметке араласуы әкесі – Құнанбайдың ел арасындағы әңгіме, дау-жанжалдарын шешуге қатысқан кездерінен басталатынын барлық зерттеушілер атап көрсетеді. Және осы кезден бастап Абайдың өлеңге, суырыпсалма ақындыққа деген ықыласын азайтатынын айтады.

Оның бірер себебін де атайды. Біріншіден, жоғарыда айтқанымыздай, үлкендердің қатарына кіруімен түсіндірілсе, екіншіден, ол өмір сүрген ортада өлеңшілік өнердің қадірі болмағанға ұқсайды. «Белгілі байлар мен дүмді адамдардың ел арасында айтыла бастаған ірі істерін, ағайын-тума, үрім-бұтағын мақтаумен мал табушылар, соны кәсіп қылушылар аз болмаған тәрізді. Абайдың бойындағы ақындық талантына мән бермеуі, тіпті кейбір өлеңдері үшін ел алдында қысыла бастауы – ақындықтың қадірін болмауы» деген ойларды айтады. 20 жасынан бастап ел ішінде «шешен» атала бастаған Абайдың өзге би-шешендерден бірнеше артықшылығын атайды. Ең алдымен, Абайдың Ахмет Риза медресінде оқыған мұсылманша сауаттылығы. Ел ішіндегі түрлі айтыс-таластарда дін-шарият қағидаларын орынды қолданып, талайларға бой бермейтін діни қожамолдаларды оңай тоқтатады. Екіншіден, қазақ арасына кең таралған бұрынғы билердің, шешендердің тартыстарын, сөздерін есте ұстайды, үлгілі сөздер, мақал-мәтел, аңыз т.б. есіне сақтайды. Орынды жерінде шеберлікпен қолданады. «Заман бұрынғыдай болса, – деп жазады қаламгер, – Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып жұрт билейтін заман өтіп, таспен би болатынға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген».

Абайды болыстық пен биліктен шығармашылыққа ауыстыратын – Михаэлис пен Гросс деген орыс оқымыстылары. «Орыстарға жолықпаса, бәлкім, сол күймен кетер ме еді?! Қандай асылдар тумас еді!?» – деп жазады А.Байтұрсынұлы осы кездесудің тарихи мәнін аса жоғары бағалап. Олармен арадағы әңгіме-кеңестерден кейін Абай өлеңге басқа көзбен қарай бастаған.

Бірақ бұл әлі Абайдың шығармашылық жолының басы болатын. «Айтушы да, тыңдаушы да надан. Бірен-сарандер ғана кездеседі. Жұрт мағыналы терең сөзден гөрі бос қалжыңға құмар». Осыны Абай өлеңдерінде де айтады. Өлең өнерінің адам қоғамындағы ерекше орнын көрсетіп, ерекше көркем жаңа өлеңдер жаза бастайды.

А.Байтұрсынұлы көркем шығарма, өлең жазатын адамның ерекше үш қасиетін атап көрсетеді. Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек.

1. Сөздің шырайлы, ажарлы болуы – ой шеберлігінен.
2. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек.
3. Мағыналы, маңызды болуына білім керек.

Абайдың бойында осы үшеуінің де болғанын айта келіп, басқа да ерекше қасиеттерін атап көрсетеді. Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлеңнің неше түрлі үлгісі, өрнегі бар. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, оның қазаққа жарайтынын көрсетуі – көсемдік. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңдері толық. Жақсы. Абайға дұрыс баға берген нәрсесі – жалғыз өлең емес. «Абай өлеңдерінің асыл болуы, әр нәрсенің түбін, тереңін табуына байланысты» деп қарастырады. Асылын тануынан. Арғы тегінен, асылынан, бастауынан. Мәселен, басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғаны даусыз!

Басқа ақындар білімінің аздығын сөз ажарымен толықтыруға тырысады. Абай сөз ажарына қарамай, әр сөзді дәл орнына қолданады. Мысалы: «Аттың сыны» атты өлеңде жағымсыз сөздер де кездеседі. Бірақ керегі – жылқы мүшелерінің атауы. Оны оқығанда қазаққа жақсы таныс арғымақ көз алдына келеді. Жақсы атқа бітетін мүшелердің бәрін жазған. Абай көп нәрсені жақсы білген. Білген нәрселерін жазғанда «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынада сыпайышылыққа кемшілігі болар» деп тайсақтамай, ақиқатты жазған. Бұл – Абайдың шындыққа қатынасы қандай екенін анық көрсетеді, Еуропаның, орыстың түрлі авторларын оқыған Абайдың қазақ өлеңіне әкелген жаңалықтарын арнайы зерттеу керек. Әсіресе, орыс ақындары арасынан Лермонтовты ерекше қалап оқығаны аңғарылады.

Сондықтан Абайдың терең пікірлі, бейнеге толы сырлы сөздерін қарапайым адамдар ауырсынады, ұға алмай, қиналады. Көп оқыған, қайталап оқыған жандардың ұқпайтынын көргенім бар. Тіпті «осының мағынасы не?» деп сұрағандарын көргенім де бар, – деп ойланады А.Байтұрсынұлы.

Абайтануда ойланатын мәселелер толып жатыр. Біз соның А.Байтұрсынұлы байқаған кейбір негізгілерін ғана көрсеттік. Ұлы Абай поэтикасын қабылдауда пайда болатын дискурстар қаншама?!

Қазіргі әдебиетте түсініксіз ауыр ұғымдарды пайдалану жиі кездеседі. Мұны постмодернистік стильге байланысты түсіндіреді, бірақ мұнда да толып жатқан ойлантатын жайлар бар. Оқыған, ілгері дамыған адамдардың тілдерінде ондай метафоралық ұғымдар жиі ұшырасады. Сол пікірді А.Байтұрсынұлы айтқандай, «Абай ойларында еш кемшілік жоқ, мәселе оқырманда» деп ұғуға әбден болады. Абай өлеңінде бейнеленген озық ойларды дара қабылдаудан аңғарылатын көркемдік танымның сырлы құпиялары толып жатыр. Мәселе оқырманда!

Абайды қазақ баласы тегіс түсініп білуі керек!

Бұл – ХХ ғасырдағы қазақтың ұлы перзенті – А.Байтұрсынұлының арманы ма әлде ұрпақтарына аманат-өсиеті ме?!

Әдебиет:

1. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. - 1-том. - Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 136-137-б.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны // Қазақ, 1913, № 40, 43
3. Бөкейхан Ә. Абай (Ибрагим) Құнанбаев (мұнақып-некролог) // Семипалатинский листок. - 1905, 25-27 караша.
4. Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі. Бастырған: Кәкітай, Тұрағұл Құнанбай ұғландары. - СПб., 1909.

Жүнісбек Ә.

филол. ғ.д., профессор,

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері

Тағы да А. Байтұрсынұлы мен қазақ тілінің дыбыс құрамы жайлы

Қазіргі кезде қайта көтеріліп, нақты шешімін күтіп отырған латын әліпбиін қабылдау мәселесіне қатысты қазақ тілінің төл дыбыс құрамы мен кірме таңбалардың (дыбыстардың) ара-жігін ажыратып алу өзекті мәселеге айналып отыр. «Тілдің дыбыс құрамы» деген сол тілде неше және қандай дыбыстар бар екенін айқындау. Бір қарағанда, бәрімізге түсінікті көрінген, кімнің болса да: «Осы да сұрақ болып па?» – дейтініндей, бұл сұрақтың жауабы да дайын. Мектеп бітірген кезкелген адам: «Қазақ тілінде пәлен дыбыс бар», – деп жауап бере алады. Сол жауаптың дені «қазақ тілінде 42 дыбыс бар» болып шығатыны сөзсіз. Өйткені қазақ тілінің қай оқулығының бетін ашсаңыз да, алдыңыздан 42 әріптің таңбасы түзілген кесте шыға келеді (Оның үстіне қазақтың өзіне тән деп 7 таңбаны тағы бөліп қоятынын қайтерсіз?!). Сыныптан сыныпқа өткен сайын қайталап, жылдан жыл өткен сайын үстемелей берген соң оқу бітірген жанның «қазақ тілінде 42 дыбыс бар» демеске амалы да қалмайды. «Әріпті» «дыбыс» деп, дыбыс еместі «дыбыс» деп жүрген әріптестерімізбен күнде бірге жүрміз.

Сонымен, қазіргі ересек ұрпақтың да, жас ұрпақтың да санасында «қазақ тілінде 42 дыбыс бар, оның ішінде 7 дыбыс қазақ тілінің өзіне тән» деген ұғым әбден орнығып бітті. Қарапайым көпшілікті былай қойғанда, «Әліппеден» бастап, жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу-құралдарының авторларына дейін, тіптен **тіл мамандарының** өздері де осы бір ұстанымға нық сеніп қалған. Тіптен әліпбиіміздің құрамындағы тіл бұзар кірме әріптерді қазақ тілінің «жаңа деңгейге көтерілген дамуы» деп те жүрген әріптестеріміз жоқ емес.

А.Байтұрсынұлының негізгі еңбектері әлемдік тілтанымда (лингвистикада) фонетика ғылымының пайда болып, тыңнан қалыптаса бастаған тұсына тура келеді. Осыған қарап, «Ахаң сол кездегі әлеми фонетикалық еңбектерден толық хабардар болды-ау» деген болжам жасауға болады. «Болжам» деп отырғанымыздың себебі бар. Сол кездегі орыс тілтанымында фонетика теориясына қатты көңіл бөлініп, іргелі еңбектер жарық көріп жатты (кезінде Бакудегі жиында әліпби жайлы өзі айтысқан Санкт-Петербургтегі Щерба, Қазандағы Богородицкий т.б.). Іргедегі орыс тілтанымының жетістіктерін, олардың авторларын Аханның білмеуі мүмкін емес. Соған қарамай, Ахаң еңбектерінде фонетика теориясы жайлы мәлімет жоқ. Ахаң пайдаланған теориялық ұстаным фонетикалық деңгейде болғанымен, оның зерттеу әдісі ретінде пайдаланылған-пайдаланылмағанын нақты білмейміз. Өйткені ғалым өзінің еңбектерінде зерттеу амалына тоқталмай, зерттеудің нәтижесін ғана ұсынып отырады. Сөйтіп, біздің қолымыздағы Ахаңнан қалған мәлімет – фонетикалық теорияның (үндесім, сингармонизм) өзі емес, сол теорияның нәтижесі болып отыр.

Бертін келе орыс тілтаным зерттеушілерінің назарына ілініп, аса жоғары бағаланған тұсы да А. Байтұрсынұлының фонетикалық шешімдері болған. Олар, бір жағынан: «...Применение тождественного способа сокращения числа букв в алфавите к одному из тюрко-татарских языков, – именно казакскому (быв. киргизскому), полностью сохранившему закон так называемого «сингармонизма», – способа, интуитивно изобретенного одним из местных культурных работников-казахов, Байтұрсыном... дает новое поле для совершенно безупречного употребления выведенной формулы»[1,144], – деп теориялық тұрғыдан бағаласа, екінші жағынан: «...Способ выражения парности гласных через согласные, дополненный введением особого знака смягчения, мы видим в казакской «байтұрсыновской» орфографии...»[2,158], – деп практикалық тұрғыдан бағалап жатты. Осының бәрінің негізінде Ахаңның «Қазақ сөзі екі түрлі: бір түрі жуан, екінші түрі жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жіңішке болады»[3, 390] деген қағидасы жатыр. Бұл жердегі баса көңіл бөлетін жай – «жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жіңішке болады» деген сөзі. Ең бастысы Ахаң сөздің құрамындағы дауысты-дауыссыз дыбыстардың фонетикалық мәртебесін тең көріп отыр. Ғалымның өзінің көкірек көзімен тапқан қазақ сөзінің бірегей айтылым тұрқы жайлы ойлары әрқашан басым жатады. Біз Ахаң еңбектерінің осындай сәттерін іздейміз.

Қазіргі қазақ (түркі) теориялық фонетикасының «дауысты дыбыстардың үндестігі» немесе «буын үндестігі» деген жаңсақтықтан арылып келіп отырған тоқтамы да – осы Ахаңның қағидасының арқасы. Өкініштісі – түркі теориялық фонетикасы, оның ішінде әсіресе, практикалық фонетика (қазақ тілі оқулықтары мен оқу-әдістеме құралдары) «гармония гласных» дегеннен әлі күнге дейін арыла алмай келеді.

Фонетикада тілдегі дыбыстардың басын біріктіріп, бүтін бір сөз етіп тұратын тіл заңдылығы болады. Осыған орай Ахаң сөз берейік, ол кісі «Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байласады»[3,392] дейді. «Фонетиканың дыбыстарды қарастыратынын» көптің бәрі білгенімен, дыбыстардың «қалай сөз ішінде байласатынын» да қарастыратынын екінші бірі біле бермейді. Ендеше, «тілде неше және қандай дыбыстар бар?» деген өз алдына маңызды мәселе болса, олар «өзара қалай байласады?» деген мәселе одан да маңызды болып табылады.

А. Байтұрсынұлы өзінің «фонетикалық» пайымдауын төмендегідей сөздермен баяндайды: «Тіл болса, оның заңы боларға керек... Қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жіңішке дыбыс араласып кірмейді. Бұл – тіліміздің заңы емес пе? ...Менің бұрынғы жазған сөзім хәм осы жолғы жазған сөздерім – фонетикаға тиісті сөздер. Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байласады. Біздің сөйлеп, қарастырып отырғанымыз – қазақ фонетикасы». Қазақ тілінің сондай «заңы» ретінде үндесім (сингармонизм) заңдылығын алып отыр.

А. Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі 19 дауыссыз дыбыстың «...хәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады»[3,324] дегенді қазақ сөзінің үндесім заңдылығына сүйеніп айтып отыр. Содан «қазақ тілінде 43 түрлі дыбыс» бар деген қорытындыға келеді. Ендеше, қазақ фонетикасының бастау көзі Ахаң еңбектерінде жатыр екен.

Қазақ сөзінің фонетикалық бірлігі үндесім (үндестік) екенін дәлелдейтін мысалдар Ахаң еңбектерінде жеткілікті. Соның бірі жұрнақтарға қатысты талдауынан көрінеді. Ахаң жұрнақтардың барлық айтылым (үндесім) вариантын түгел тізіп жатпайды. Мысалы, «лық» жұрнақ осы топқа кіретін үндесім түрлерінің бәріне ортақ атау болып табылады. Содан әрі қарай үндесім ереже беріледі: «Жіңішке сөздерде «лық» орнына «лік», «дық» орнына «дік», «тық» орнына «тік» болып жалғасады...»[3,184]. Мұның өзі – фонетикалық деңгейде жасалған шешім, үндесім түрлерінің арасынан негізгі үлгісін тауып, оны ортақ атау ретінде пайдаланған. Қазіргі кезде фонетика ғылымының алдында үндесім дыбыстардың қайсысын «негізгі нұсқа, қайсысын қосалқы нұсқа деп қарау керек?» деген мәселе тұр. Жалпы фонетикада тілде ең көп кездесетін түрін «негізгі нұсқа» ретінде қабылдайды. Әрине, үндесім құбылысына келгенде бұл ұстаным шартты амал болып табылады. Өйткені фонетикалық тұрғыдан үндесім варианттарының барлық түрі тең мәртебелі. Сондықтан оның бірін жоғары, енді бірін төмен қоюға болмайды. Бірақ зерттеу амалы ретінде, сондай-ақ оқу-әдістеме тұрғысынан ең көп кездесетін түрін басты нұсқа ретінде қабылдауға болады. Ахаң үлгісі осыны көрсетеді.

Қазіргі кезде «маңдайымызға жазып қойған» 42 әріптен (дыбыс емес!) арылғысы келмей немесе арыла алмай жүргендердің «қазақ тілінің төл сөздеріне лайық төл дыбыстарының басын ашып алайық» деген тіл мамандарына таңар кінәсі мол. Дұрыс-ақ болсын! Сонда да болса, бір сәт Ахаңның Шаһзаман мырзаға жазған еңбегіне көз жүгіртейік: «Сіздің жазған сөзіңізден байқаймын, қазақтың тілінде неше хәм нендей дыбыстар бар екен деп һеш уақытта ойланып қарамағансыз. Өзгелердің қазақ тіліндегі дыбыстар турасында жазғанын оқымағансыз. Дыбыс пен хәріп екеуін бір затқа санайсыз»[3,387-388]. Қазіргі біздің оқулық авторларымыз, Ахаң айтқандай, басқаны қойғанда, әлі

күнге дейін дыбыс пен әріптің басын ажырата алмай жүр. «Қазақтың өзіне тән дыбыстары» деп 7 әріпті (дыбысты емес!) бөліп алып, қалған дыбыстардың да қазаққа тән екені санаға ұяламай-ақ қойды. Қазақ тіліндегі дыбыстардың барлығы өзіне ғана тән екенін, өзге тілдердегі (мысалы, орыс тіліндегі) дыбыстардың таңбасы мен қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбасы бір-біріне ұқсағаны болмаса, айтылымында ұқсастық жоқ екені әзірге ескерілмей келеді. Оның салдары оқу-әдістеме саласында қатты білініп тұр. Кезкелген оқулық пен оқу-әдістеме құралын алсаңыз, әріпті «дыбыс» деп, буын еместі «буын» деп, тасымалдың ретін бұзып отырған бейберекетсіздікті кездестіресіз. Әлі күнге дейін толастамай келе жатқан дауысты мен дауыссыз дыбыстардың құрамы мен саны жайлы әрқилы пікірлер өз алдына.

Біз Ахаңмен дәл бүгін сөйлесіп отырғандаймыз. Қараңызшы, «Көзіңіз шатынап, шеке тамырыңыз шығып, аузыңыз көпіріп, таласқа кетіп барасыз. Таластан қазақ баласы пайда тауып жүрген жоқ. Сабырмен отырып, ойласып іс істелік. Қазақ тіліндегі дыбыстарды көп я аз деп көрсетіп, борышыма берейін деп отырғаным жоқ қой. Мақсат – сіз болып, біз болып, ақылдасып отырып, дыбыс басына харіп белгілеп, жазуымызды бір жөнге салалық...»– деп, сол Шаһзаман мырзаға тоқтау айтып отыр. Біз де: «Қазақ тілінде 17 (19) дауыссыз, 9 дауысты, барлығы 26 (28) ғана дыбыс бар», – дегенде артық таңбаларды еншілеп кетейік деп отырған жоқпыз. Қазақ сөзінің үндесім әуезі бұзылмас үшін кірме әріптерден арылатын мезгіл жетті демекпіз. Мысалы, *ми* деп жазып, қазіргі ұрпақты *мый* деп айтқыза алмай, әлек болып жүрген жоқпыз ба!?

Әлемде ешбір ғалым мен әдіскер өз ана тіліндегі әріп санының көптігін айтып мақтанбайды, керісінше, оған намыстанады. Себебі әріп саны көбейіп кетсе – «сол тілге қатысты жазу заңдылығында жаңсақтық кетті» деген сөз. Ахаңның әліпбиіне қатысты «Результаты вычисления по выведенной нами формуле для казакского языка являются еще более замечательными. Они дают возможность установить едва ли не самый «малобуквенный» алфавит в мире»[1,146] дегенді кезінде білікті орыс лингвист мамандары айтқан.

Әлі күнге дейін «қазақ тілінде неше дауысты дыбыс бар, неше дауыссыз дыбыс бар?» деп, оқулық сайын бір ұсыныс жасай берудің енді жөні жоқ. Мұның бәрінің басты себебі – бертін келе қалыптасып, дәстүрге айналып кеткен орыстақы әліпби жүйеміз болып отыр. Ендеше, әліпби ретін бір жөнге салып алу керек екендігі көпшілікке аян. Баспа беттеріндегі әліпбиге деген жанашыр пікірлердің толастамай отырғаны – осының дәлелі. Қазақ тілінің төл дыбыстарының ақиқат құрамын түгендеп, оның жүйесін анықтап алу теориялық фонетика үшін де, оқу-әдістеме бағытында да аса маңызды болып табылады.

Олай болса, сонау кездегі Ахаң бастамасының бүгінгі жалғасы – артығын алып тастап, жетпей жатқан жерін жалғап, екіұшты тұстарын бір ыңғайға келтіріп жазуды жөнге салып алу болып табылады. Әсіресе *и, у, я, ю, иц* кірме әріптеріне байланысты адасушылық көп. Бұл әріптердің әрқайсысына жеке-жеке таңбалар беріліп жатыр. Тіпті қазақ тілінде еріндік, үнді, жуысыңқы *y/[w]* дауыссыз дыбысы бар екенін білмейді. Соның нәтижесінде ол орыс тілінің *у* дауысты дыбысының баламасы ретінде жүр. Өзге әріптердің жағдайы мен дыбыс құрамы жайлы түсінік те тура осы сықылды.

Қазіргі қазақ жазуындағы *и* мен *у* таңбалары оқулықтар мен оқу құралдарында («Әліппеден» бастап) дыбыс ретінде сақталған. Ал осы екі жапсырма таңбадан құтылатын болсақ, орфографиямыз бен орфоэпиямыздың арасындағы әрқайсысына сегіз-сегізден қатысты 16 қайшылықтан арылады екенбіз.

Сауат ашу, жазып жаттығу, тасымал үстінде қиындық келтіретін, тіпті ешбір емле-ережемен жөнге салуға келмейтін, жазылым мен айтылым арасындағы осы сықылды жаңсақтықтар баршылық.

Енді не істеу керек? Жол біреу-ақ, ол – А.Байтұрсынұлы тағылымы.

Ахаңнан бір-ақ нәрсені алуды білмей жүрміз, ол – Ахаң тәрізді алдымен қазақтың төл дыбыстары мен қазақ тіліне кірме дыбыстардың басын ажыратып алу. Ахаң қалай қараған: «Дауысты дыбыс қазақ тілінде бесеу... Дауыссыз дыбыс қазақ тілінде он жеті»,– деп өз алдына бір түйіндеп қояды. «Қазақ тілінде неше дыбыс бар, олар қайсысы?» деп бас қатырудың керегі жоқ. Бәрін Ахаң өзі дайындап беріп кеткен: «Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның бесеуі – дауысты, он жетісі – дауыссыз, екеуі – жарты дауысты. Дауысты дыбыстар: *а, о, ұ, ы, е*. Дауыссыз дыбыстар: *б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, г, қ, к, г, ң, л, м, н*. Жарты дауысты дыбыстар: шолақ *у*, шолақ *й*». Бұл дыбыстардың ішінде «к» һәм «ғ» ылғи жуан айтылады. «К», «г» һәм «е» ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады» (3. 324 б.). Оның реті төмендегідей (тік жақша ішінде дыбыстардың жіңішке сыңары көрсетілген):

А [-Ә] П Б М
Ы [-І] Т Д Н
Е Қ [-К] Ғ [-Г] Ң
Ұ [-У] С З Р

О [-Ө]Ш Ж Л Й У(w)

Ахаң көрсетіп кеткен қазақ тілінің осы дыбыс құрамының сыртынан өзге дыбыс іздеп әуре болудың қажеті жоқ.

Сонымен, Ахаңнан алатын бірінші үлгі – қазақтың төл дыбыстарының басын бір ашып алу, сонан соң барып кірме әріп (дыбыс) жайын ойластыру. Бұл екеуін әсте өзара аралас қарауға болмайды.

А.Байтұрсынұлы қ-к, з-з дауыссыздарына жеке-жеке таңба берген, оның басты себебі – бұл дыбыстардың айтылым-естілім ерекшеліктерін ескергендік еді. Ғалым өзінің ойын: «Бұл дыбыстардың ішінде «қ» хәм «ғ» ылғи жуан айтылады. «К», «г» хәм «е» ылғи жіңішке айтады», – деп түйіндеген. Аталған дауыссыздардың айтылым ерекшелігінің тең екеніндігін ескергендігін аңғарамыз, алайда артикуляциялық өзгешеліктерін назарда ұстап, жеке-жеке таңбалағанды жөн көрген.

Дегенмен қандай да екі дыбыстың фонетикалық мәртебесі екі түрлі болсын, бір түрлі болсын, мәселе әдістемелік тұрғыдан шешілуі керек. Егер әдістемелік тұрғыдан қажет болып тұрса, екі таңба беру керек, әдістемеге қиындық түспейтін болса, бір таңбамен де шектелуге болады. Шындығында қ мен к, з мен с дауыссыздарының арасындағы айырмашылық өзге дауыссыздардың жуан-жіңішке түрлерінің арасындағы айырмашылықтан өзгеше. Олардың жасалу орны бір-бірінен өте алшақ жатыр, сонымен қатар естілім белгілері де бір-бірінен ерекше, құлаққа ұрып тұр.

Осы жерде Ахаң дәйекшені ойлап табады: «Бұл жіңішкелік белгісі – дәйекше». Сөз алдында дәйекше тұрса, ол сөздің хәріфтері жіңішке айтылады...». Ахаңның «дауысты дыбыстар демей, «әріптер (харіптер)» деп отырғаны тегін емес, сөйтіп, жоғары фонетикалық деңгейде қорытынды жасап отыр. Сонымен, «Жіңішкелік үшін жалғыз ғана белгі алып 43 түрлі дыбысты 24 белгімен дұрыстап жазуға болады», – дейді. Ахаңның «43 дыбыс» деп отырғанының ғылыми себебі бар. Қазақ тілінің төл 17 дауыссызы жуан/жіңішке болып айтылып – 34 дыбыс, 5 дауыстысы жуан/жіңішке болып айтылып – 9 дыбыс болады, екеуін қосқанда 43 дыбыс шығады.

Сонда А.Байтұрсынұлының көкірек көзімен аңғарып, қалыптап беріп кеткен дыбыс пен әліпби құрамы шыға келеді. «Көкірек көзімен» деген босқа айтылып отырылған жоқ, оны: «...интуитивно изобретенного одним из местных культурных работников-казахов, Байтурсином», – деп кезінде орыс ғалымдарының өздері мойындаған. Қазақ тілінің төл сөздерін жазу үшін 26 (28) таңбадан басқа ешқандай таңбаның қажеті жоқ.

Жақында жол түсіп, Бакуге барып қайттым. Жол-жөнекей ойымнан кетпегені – «сол 1926 жылғы Ахаң қатысқан әліпби жиыны өткен ғимаратты көрсем» деген ой болды. Келе сала әріптестеріме сұрау салып, сол үйді іздестірдім. Ол үйдің қайда және қандай екені жайлы ешкім ешнәрсе білмейтін болып шықты. Бірақ мен күдер үзбей, сұрау сала бердім. Содан біреу тұрып айтты: «Осында Әділ Бабаев деген профессор бар, өзі – әзірбайжан тілінің маманы, бір білсе. сол кісі білуі керек, өйткені ол кісі сол конференция жайлы зерттеу жүргізген», – деді. Сонымен, Әділ Бабаев мырзаны таптым. Көктен іздегенім жерден табылды, ол кісі сол әліпби конференциясы жайлы диссертация жазған екен. Көп сөйлестік, конференция жайлы білетіні мол болып шықты. Қазақстаннан Ахаң бастап бес адам келгенін айтты. Конференцияға қатысқан бірнеше жүз адамның өз ажалынан бес-алты адам ғана о дүниелік болғанын, қалғандарының бәрі атылып-айдалып опат болғанын да сол кісіден естідім.

Конференция өткен ғимарат – кезінде бір байдың кәметке толған баласына салып берген сыйы екен. Еңселі, зәулім, Еуропа үлгісінде салынған көрікті үй. Қазір Әзірбайжан Ғылым академиясының Президиумы орналасыпты.

Үйдің іші-сыртын түгел суретке түсіріп алып келіп, Алматыдағы Ахаңның мұражайына тапсырдым.

Мүмкін мамандығымның жақындығынан ба, Ахаңның мұрасынан тәлім алып келеміз ғой, әлде өткен қаралы тарихымызбен бетпе-бет келіп қалғандықтан ба, әйтеуір ғимаратты көргенде, несін жасырайын, көңілім босап, көзімнен жас бұрқ ете қалды. «Ахаң ұстаған тұтқа ғой!» деп, есіктің тұтқасын ұстадым, «Ахаң аттаған табалдырық қой!» деп, табалдырықтан аттадым, «Ахаң жүріп өткен дәліз ғой!» деп, дәлізді бойлай жүрдім, «Ахаң көтерілген басқыш қой!» деп, жоғары көтерілдім. Жиын өткен залға кірдік, еңсесі биік, ені кең байдың тойханасы болған. Ғимаратты аралып көп жүрдім...

Әдебиет:

1. Яковлев Н.Ф. Математическая формула построения алфавита //Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии. – М., 1970. – С.123-148.

2. Сухотин А.М., Юдахин К.К. О сокращении некоторых букв в ряде тюркских алфавитов // Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии. – М., 1970. – С. 157-162.

3. Байтұрсынов Ахмет Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.

Манкеева Ж.
филол.ғ.д., профессор,
А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты
лексикология бөлімінің меңгерушісі

А.Байтұрсынұлы терминдерінің лингвомәдени мәні

Мемлекеттік тіл мәртебесіне сәйкес қазақ тілінің қоғамдық қызметін жан-жақты жетілдіру – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Осыған байланысты ұлттық терминдік жүйенің қоғам өміріндегі маңызы бұл саладағы көптеген міндеттерді жаңаша шешуді көздейді. Соның бірі – мемлекеттік тілдің жан-жақты қоғамдық қызметіне жан беретін терминдер табиғатын *тіл мен ұлт* сабақтастығында тану. Осыған орай термин табиғатын, оның қалыптасуын, дамуын жалпы тілдік жүйе мен сол тілде сөйлеуші ұлт танымына сәйкес түсіндіру, мемлекеттік тілдің жан-жақты қоғамдық қызметіне жан беретін ұлттық терминологиялық жүйе қалыптастырудың негізгі тетігі ретінде терминдену үдерісіне ерекше мән беру, ол үдерісті оған ықпал етуші ұлттық сананың жаңғыруымен сабақтас тану мәселелердің шешіміне тиімді әсер етпек.

Қазіргі тәуелсіздік кезеңі мен жаһандану дәуірінде қазақ тілінің қолданыстық, өміршеңдік және ұлтты бірегейлендіру қызметін күшейтудің мәні ерекше. Соның барысындағы оның негізгі сипаты тілдің рухани-әлеуметтік жаңғыртуларға сай жаңа деңгейге көтеріліп, қалыптасушы ұлттық таным мен ой-өрістің мәнін мемлекеттік мүддеге ұластырып, қоғамның түрлі саласында кәсіби тілдік тұлғаның қызмет ету дәрежесін көтеруі және бағдарлауымен тығыз байланысты.

Қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметінің кеңеюі мен мемлекеттік мүддеге сай ұлттық лексиканың мүмкіндіктерін толығынан іске қосудың негізгі тетігі ретінде айқындалған терминдену үдерісі, яғни, төл тілдік балама табу үрдісі қазақ терминологиясын қалыптастырудың жаңаша көзқарасын сипаттап, ұлттық терминология қалыптастырудың ғылыми қағидасы ретінде ұлттық терминжасамның бастау көзінде А.Байтұрсынұлы белгілеген «әрбір тілдің өз байлығын сарқа пайдалану» қағидасының қазіргі таңда да жаңа сапада жаңғырып іске асуы аса маңызды.

Қоғам дамуының қазіргі жағдайында ұлттық төл мәдениет – рухани қалыптасудың негізгі көзі екені анықталған жайт. Осыған орай рухани мәдениеттен таралуға тиіс ғылым тілін қазақыландыру бағытының негізгі бастау көзін А.Байтұрсынұлы мұраларынан табамыз.

Қазіргі заманда кез келген өркениетті мемлекетте ұлттық терминологиялық жүйенің қалыптасуы – қоғам мен тіл арасындағы байланыстан, ұлттық мүдде мен мемлекеттік мүдденің тоғысуынан, мәдени-танымдық негіздерімен сабақтасуына мән беруден туындайтын, ғаламдасуға бір бөлшек боп енетін жаңаша дамудың заңды үрдісі. Нақты айтқанда, ол ғылыми түсініктерді белгілейтін тілдік құралдардың атауларын қалыптастыруда ұлттық ұғымды арқау етіп, қазақ терминдерінің төл тілдік баламаларын жасаудың, ғылым тілін қазақша «сөйлету» әрекетінің барысындағы үрдістің жаңаша даму деңгейін көрсетеді. Мысалы, қазіргі қазақ тіл біліміндегі *тіркесімділік (валентность), уәж (мотив), уәжділік (мотивированность), тілдік тұлға (языковая личность), тілдік жағдаят (языковая ситуация), үстірт құрылым (поверхностная структура)* т.б. терминдер – соның нақты айғағы.

Бірақ көп жағдайда терминдердің құрылымдық табиғилығын сақтап, төл тілдік сөздің нақты, жіктелген ішкі мазмұны тірек етілгенімен, сөздің негізгі, жалпы мазмұны, семантикалық құрылымы, ұғымдық көлемі терминдік дефиницияға толық сәйкес келмеуі мүмкін. Сондықтан терминжасамдық үдеріс барысында аталымдар жарыспалылығы мен баламалық сипатын академик Р.Сыздық «термин жасау мәселесінің құрылымдық-тілдік және ұғымдық-семантикалық екі жағы болатындығының ескерілмеуінен» [1] деп санайды. Яғни, ғылыми терминдер заттың аты ғана емес, олар ұлттық ұжымның мәдени-танымдық кеңістігінде қалыптасқан ұғымның атын білдіреді. Сөйтіп, ұлттық санадағы танымдық сабақтастықтың желісі үзілмейді. Мысалы, *тұсаукесер, құрықтау, билік* т.б.

Осымен байланысты А.Байтұрсынұлының шығармашылығындағы терминжасам ісінің негізі – адамның жан дүниесінің мазмұны вербалды сипатта жинақталған білім, ассоциация, түрлі әсерлер т.б. қорынан құралып, тіл тұтынушы танымындағы жалғастырушы, тұтастырушы арқау. Мысалы, А.Байтұрсынұлы мұрасындағы терминдену үдерісінің жарқын үлгісі – қазақ тіліндегі *көсем* сөзі. *Көсем* сөзінің бұрыннан түсініктілігі – «алда жүруші», «бастаушы» деген мағынаның тілдік санадағы ассоциациясы екі сыңардан құралатын етістік тұлғасын атайтын лингвистикалық *көсемше* терминінің қалыптасуына негіз болады: *бара жатыр, алып келді* т.б.

Қазіргі тілдік тәжірибеде тіл арқылы жалғасатын мәдени-танымдық сипаттың айшықты көрінісі терминдік қолданыс барысында жиі кездеседі. Көбінесе төл тілдік сөздің ішкі мазмұнын тірек ету үшін интернационалдық терминдердің сыртқы құрылымы, дефинициясы қазақшаланады да терминнің семантикасына балама іздестіріледі. Мысалы, қазіргі қолданыстағы *презентация*

терминінің қазақ тіліндегі баламасы – *тұсаужесер*. Бұл – ұлттық терминология қорын тарихи және лингвомәдени аспектідегі терминдену үдерісі арқылы іске асыру жолының нақты үлгісі.

Сайып келгенде, терминнің шартты белгілерден айырмасы – оның ұлттық танымға жақындығы, уәжділігі мен түсініктілігі, қызмет ету әлеуеті т.б. Соның нәтижесінде қалыптасатын терминжасам жүйесінің А.Байтұрсынұлы белгілеген қағидасының негізін қазіргі ұлттық терминжасам ісінде жаңғыртып, жаңа мазмұнда, бірақ тілдің табиғи болмысына сай болуын қадағалау – тәуелсіздік кезеңіндегі маңызды мәдени-әлеуметтік шара.

Жалпы, ұлттық термин қалыптастырудағы ең негізгі талап – мәдени, қоғамдық, кәсіби-әлеуметтік мүдде тұрғысынан қойылар талаптарға сай болу. Олай болса, қоғамдағы ғылыми қатынас құралы ретінде жаңа, күрделі ойды жеткізетін терминдерде де сөздердегі секілді халықтың ақыл-ойын, адамдық рухын, ғылыми көкжиегін, білім аясын жаңа сапада өсіру мұраты әрдайым ескерілуі тиіс. Ол үшін термин маманға ғана таныс жасанды таңбалардан ғана жасалмай, терминжасамда халықтың тарихи-мәдени кодтық жадын жаңғырту да ескерілгені жөн. Осымен байланысты оны тіл табиғатын анықтаудың негізі ретіндегі тілді тұтынушы танымымен тығыз байланысты прагматикалық, лингвомәдени танымдық тұрғысынан дәлелдеудің мәні ерекше.

Осымен байланысты жұртшылықтың лингвоәлеуметтік //мәдени// елтанымдық білімін тереңдетіп, қоғамның барлық саласында қазақ тілінде қолданыстық өріс табуы тиіс жаңа ұғымдар мен түсініктерді ұлттық мәдениеттің аймақтық, көне тілдік қолданыстарын жаңғырту арқылы балама табу терминология саласының да жаңа деңгейін көтеру ісінде ерекше қызмет атқарады. Нақты айтқанда, қазіргі адамтанымдық тіл білімінің басты ұстанымы – тілдің диалектикалық бірліктегі ең маңызды екі қызметін (танымдық және қарым-қатынас) терең ашып, тілді зерттеуді заман талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтеру.

Ұлттық терминжасам қағидаларының өзегін құрайтын халықтық рухтың жемісі ретіндегі ұлттық ерекшелік екенін ескеріп жасаған А.Байтұрсынұлы терминдерінің өміршендігі мен жасампаздығы, табиғилығы мен танымдылығы да осында. Мысалы: *көсемше, құрмалас, бастауыш* т.б.

Қазіргі терминологияда, біріншіден, бұл тектес терминдер жаңадан жасалған емес, тілдік жүйедегі қолданысы бар, бірақ ол мағынасы жаңа ұғым атауына ассоциациялық негіз болған, яғни, *терминделген* сөздер ретінде анықталады. Екіншіден, қазіргі тәуелсіздік кезеңі мен жаһандану дәуірінде қазақ тілінің қолданыстық, өміршендік және ұлтты бірегейлендіру қызметін күшейтудің ерекше мәні тілдің рухани-әлеуметтік жаңғыртуларға сай жаңа деңгейге көтеріліп, қалыптасушы ұлттық таным мен ой-өрістің мәнін мемлекеттік мүддеге ұласуына байланысты. Олай болса, бұл жағдаят қоғамның түрлі саласында кәсіби тілдік тұлғаның (терминологтың) қызмет ету дәрежесінің көтерілуіне ықпал етеді.

Себебі әлемдік мәдениеттер арасында ұлттың өзіндік табиғаты мен мәденитанымдық болмысы алдымен тіл арқылы, оның тілдік санасы арқылы танылады. Тіл ойлау мен мінез-құлық нормаларын орнатып, логикалық категориялар мен тұтас концепциялардың қалыптасуына басшылық ету негізінде адамның жеке және қоғамдық өмірінің барлық саласына еніп, оның мәдениет формаларын айқындайды. Тілдің жүйелі құрылымына негізделген ішкі бай мүмкіндіктері адамдардың мінез-құлқының психологиялық детерминанты, әлеуметтік-мәдени өзгерістердің инварианты ретінде оның ғаламдық бейнесінде қалыптасқан ұлттық ойлау үрдістері мен сан салалы қоғамдық қатынастарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Терминжасамның «ұлттық тілдің мүмкіншілігін барынша сарқып, пайдалану» қағидасына сәйкес терминдік қорды дамытатын мәдени ұғымдардың сөздіктердегі тілдік көріністері (этнографизмдердің, лингвокультуремалардың, лингвоелтанымдық бірліктердің, этномаркерленген ескіліктердің) *мәдени-терминдікұғым* ретінде санада қалыптасуы мен аталуы, сөз ретінде ұлт жадында терең сақталуына терминология саласында «тіл мен ұлт», «тіл мен қоғам» сабақтастығында қарастырыла бастады. Нақты айтқанда, терминдік жүйенің қалыптасуындағы «тіл мен ұлт» сабақтастығын арқау еткен зерттеулер тіл арқылы этнос болмысын танудың тереңіне бойлауға мүмкіндік береді.

Соған сәйкес сөз – заттың тура таңбасы емес, дүниенің тікелей бейнесі емес, адамның із белгілі бір ұлттық ұжымның дүниені тануы мен күнделікті тұрмыс пен еңбек тәжірибесі барысындағы архетиптік тілдік санасында, тілдік шығармашылық әрекет нәтижесінде туған бейнесі.

Когнитология теориясы бойынша атау жасауда қабылдау, еске түсіріп, қайта қолдану адамның жалпы және әрбір сәттегі ойлау, сезіну күйімен, ауқымымен байланыстылығын негіздейді. Осымен байланысты когнитология жеке адамның және жалпы ұлттық ойлаудың сипатын көрсетеді. Жеке адамның ойлау қабілеті, ой ісінің өнімділігі оның тілдік білігіне тәуелді болса, ұлттық ойлау ұлттық тіл негізінде жүзеге асып, соның мүмкіндігімен анықталады. Мысалы, А.Байтұрсынұлы қалыптастырған жүздеген термин белгілі. Ал солардың қалың көпшілікке етене жақын болып кетуі мен табиғилығының феноменін, біздіңше, осы танымдық негізде қалыптасқан тілі арқылы түсіндіруге болады. Олай болса, қазіргі қазақ тіл білімінде де қалыптасып, қанат жайып келе жатқан «тіл мен ұлт

біртұтас» деген қисынға сәйкес тіл табиғатын зерттеуді сол тілде сөйлеушінің танымынан тыс қарамайтын үрдіс теориялық-әдістемелік негіз ретінде терминжасам теориясында да қолдануды қажет етеді. Біріншіден, белгілі бір терминнің тіл жүйесінің қазіргі деңгейіне сай келуі/ келмеуі оның терминология жүйесінің қисындық тұтастығымен сабақтасуында[2].

Екіншіден, лингвистиканың зерттеу парадигмасына іргелес ғылымдардың, әсіресе әлеуметтік лингвистика мен когнитивтік лингвистиканың әдіснамалық амалдарының енгізілуі қоғамдағы тілдік қатынастардың нәтижелерін зерттейтін тіл білімі теориясына да жаңаша екпін алып келді. Кез келген тілдік қатынас – этноәлеуметтік-психолінгвистикалық феномен. Оның түрлі қыры бірнеше аспектіде зерттеуді қажет етеді: әлеуметтік лингвистикалық, психолінгвистикалық, этноәлеуметтік, когнитивтік, лингвистикалық. Осыған орай тек тілдің табиғатын зерттеу міндеті ғана емес, сонымен бірге оның коммуникативті-прагматикалық қызметіне де назар аударылып, соның нәтижесінде тілдік қатынастың қарқындылығы оны іске асырушылардың әлеуметтік өзара әрекеттестіктеріне байланысты екені айқындалады. Сондықтан да мұндай жұмыстардың өзектілігі белгілі бір лексикалық, терминологиялық жүйенің синхронды жағдайын зерттеу арқылы әрбір тілдің ұлттық дамуы мен өзіндік ерекшелігін айқын анықталуымен сипатталады.

Қорыта айтқанда, қоғам жан-жақты және жаңа сапада дамыған сайын онымен сабақтас тілдің де сол дәрежеде дамуы – мемлекеттік тіл мәртебесіне сәйкес тілдің қоғамдағы толыққанды қызметінің кепілі. Олай болса, ұлттың этномәдени болмысын сақтаған мемлекеттік тілдің, осы бағыттағы терминдік жүйесінің даму деңгейі бұзылмауы тиіс. Бұл – қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтың қазақ тілінің мәні мен қызметін анықтаған ғылыми тұжырымдарынан бастау алған зерделі ой.

Әдебиет:

1. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. - Алматы, 2001.
2. Манкеева Ж. А.Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері//Қазақ филологиясы: егіз негіз. - Алматы, 2010.

Смағұлова Г.

филол.ғ.д., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

А.Байтұрсынұлы қазақтың шешендік сөздері жайында

Өнердің бірнеше түрі болса, соның бірі – киелі де қасиетті сөз өнері. Шешендік өнер «бар өнердің биігі» ретінде саналған. Римдіктер сөз зергерлерін төрт топқа жүйелеген. Олар: шешендер, философтар, ақындар, тарихшылар. Кезінде Мысыр, Вавилон, Ассирия, Қытай, Үндістан елдерінде шешендік өнер айрықша дамыған. Осынау өнердің үзілмес тарихы Көне Грекиядан басталады. Шешендер тек шешендік өнерлерімен ғана танылып қоймай, әрі би, әрі қолбасшы, әрі батыр, әрі жырау, әрі философ бола білген.

Зерттеушілердің көпшілігі шешендік өнерді фольклордан бастау алатын тек қана қисынды да мазмұнды сөйлеу машығы мен шеберлігі ғана емес, бірнеше өнердің басын біріктіретін кешенді синкретті құбылыс деп таниды. Ертедегі қазақ өркениетінде де аузы әдебиеті, музыка, салт-дәстүр, тіл өзара тұтасқан синкретті өнер болғаны белгілі. Сөз өнері мен өлең-жыр, музыка өнерінің синкреттілігін дәлелдейтін жайт – бұрыннан аты қазаққа мәлім болған Төле би, Қазыбек би, Жиренше, Бұқар жырау, Махамбет, кейінгі буын Абай, Естай, Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Мәди, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ сияқты тұлғалар өз уақытында әрі ақын, әрі әнші, әрі сазгер, әрі шешен болған.

А.Янушкевич «Қазақ даласындағы күнделігі мен хаттары» атты еңбегінде: «...Осының бәрін мен дүниежүзі тағы және жабайы санайтын, далада көшіп жүретін халықтың ортасында өз құлағыммен тыңдадым ғой! Бұдан бірнеше күн бұрын өзара жауласқан екі партияның арасындағы қақтығыстың куәсі болған едім. Сонда Демосфен мен Цицерон туралы ғұмыры есітпеген шешендерге таңғалып, қол соққанмын. Ал бүгін оқи да, жаза да білмейтін ақындар менің алдымда өнерлерін жайып салды. Олардың жыры жаныма жайлы тиіп, жүрегімнің қылын қозғады, сонысымен өзімді тәтті етті. Сонда бұлар тағы, жабайылар болғаны ма? Бүкіл болашақтан мақұрым қалған, маңдайына түкке тұрғысыз бақтасы болудан басқа ештеңе жазылмаған халық осы болғаны ма? Жо-жоқ! Имандай сырым! Тәңірім бойына осыншама қабілет дарытқан халық цивилизацияға жат болып қалуы мүмкін емес, оның рухы қазақ даласына аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады» [1].

Ертедегі ділмәр шешендердің көсем де, шешен сөздері кім туралы, кімге, не мақсатпен айтылғаны әртүрлі жағдайларда жүзеге асқан. Би-шешендердің құнды ойлары тегіннен-тегін айтыла салмаған, орынды жерде, белгілі бір мақсатта жүйелі қолданыс тапқан. Мәселен, келелі мәселелер үлкен жиын-

топтарды, тіпті отбасы, ошақ қасын да қамтыған. Онда тез арада шешімін табуы тиіс мәселелер дидактикалық ақыл-өсиетке толы философиялық ой-түйіндер де молынан кездеседі.

Қазақ халқы сөздің құдіретіне табынып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жасаған. Ұшқыр да ұтымды, мағыналы сөздерді негізгі ойдың арқауы еткен. Ел ішіндегі түрлі дау-жанжал, шешімін таппас мәселелерді де қуатты оймен астасқан сөз арқылы, көрегендіктерімен, тапқырлықтарымен шешіп, әділ бағасын беріп отырған. Бүгінге дейін жалғасын тауып отырған асыл қазына шешендік сөздер тарихи оқиғаларды, халықтың тұрмыс-салты мен тіршілігін, оның ішінде жер дауы мен жесір дауын, құн дауын қазақтың ұлттық мәдениеті мен менталдық өмірін тайға таңба басқандай дәл, әрі шебер, әрі қисынды бейнелеуімен ерекшеленеді. Шешендік өнердегі негізгі тірек ұғым – «шешендік сөзге» зерттеушілер мазмұндық идеясына, қолдану қызметіне, прагматикалық ерекшелігіне қарай түрліше анықтама беріп жүр.

Ұлттық тілдің болмысын шынайы тану үшін тілдің ғана заңдылықтары тұрғысынан саралау жеткіліксіз, оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың, ғасырлар бойғы дүниетанымымен, тарихымен, тұрмыс-салтымен, әдет-ғұрпымен, этномәдениетімен, менталдық ерекшелігімен сабақтастыра зерттегенде ғана этностың шынайы болмысы ашылады. Бұл ретте алаш қайраткері, ұлт жанашыры – Ахмет Байтұрсынұлының шешендік өнерге қатысты айтқан ой-пікірлерінде қазақ шешендік сөздеріне алғаш рет берілген ғылыми сараптаулар бар. Алдымен, қара сөзбен жазылған шығармаға «Көсем сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарам б а й ы м д а м а деп аталады» деп анықтама береді. Осы «байымдама түрлерін» төмендегідей бөледі:

- пән «ғылым»;
- сын;
- шешен сөз;
- көсем сөз.

Шешен сөз қара сөз шығармалардың бөлеккей бір түрі емес, бұ да байымдама болады. Мұның байымдамадан бөлектенетін жері мынау ғана:

✓ Байымдамада жазушының пікірі – негізгі пікірін баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап, анық түсіндіріп беру.

✓ Шешен сөзде айтушының мақсаты – баяндап, сипаттап түсіндірумен қоймай, пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, бұйыту, иман келтіру болады [2,353].

Бұл ретте автордың негізгі ой-пікірін тарата, талдап айтсақ, қазіргі ғылыми терминге жүгінеміз. Сөз құдіретіне сену – қазақ ұлтына тән қасиет, ерекшелік болып табылады. Мысалы, «жақсы сөз – жарым ырыс», «батаменен ел көгереді» деген аталы түсініктер сол сөздердің сиқырлы құдіретіне сеніп, «сөз арқылы пәлені, қырсықты кетіруге, сөз арқылы жақсылықты шақыруға болады» деген сенімнен туған.

Тіл білімінде сөзбен адамды сендіру, иландыру тіпті ұйытып тастау сияқты тілдік қасиеттер **суггестиялық лингвистикада** қарастырылады. «Суггестизм» латын тілінен аударғанда, «сендіру» мағынасын береді.

Тіл білімінде суггестияға байланысты мынадай анықтама берілген:

1. Поэзияда жеке тақырыптағы ритмикалық дыбыстардың образды бірлігі арқылы оқушының қиялына, эмоциясына, санасына әсер ету.

2. Иландыру. сендіру [3, 47].

Суггестивтік лингвистикада әсер ету мен ықпал ету ерекше тірек ұғым ретінде танылады.

«Суггестия» терминінің негізі сөздің құдіреті, сөзбен сендіру дін, психология, медицинада да ерекше орын алады. Мәселен, медицинада мынадай қағида қалыптасқан: адамның ауруына шипа болатын үш нәрсе бар. Олар: шөп, сөз, пышақ.

Адамның ойына, көңіл күйіне, сезіміне, мінез-құлқына, іс-әрекетіне суггестиялық амалдар зор ықпалын тигізеді. Сөзбен сендіру, иландыру, яғни, суггестия қазақ халқында түрлі тұрмыстық жағдайларда:

- көңіл айтып жұбатқанда,
- бата бергенде,
- бал ашқанда,
- ауруды емдегенде,
- бала тербеткенде тағы басқа жағдайларда көрініс тапқан.

Сендіру – психологиялық құбылыс болып табылады.

Шешендік сөздердің уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүрек тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, көрнекті, сәнді, мәнді сөздер екенін айта келіп, А. Байтұрсынов шешен сөздің бес түрін атап көрсетеді:

➤ шешендердің жиынды аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығару мақсатымен сөйлегендері *саясат шешен сөзі* деп аталады;

- шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтау иә қаралау мақсатымен сөйлегенде сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздері *билік шешен сөздері* деп аталады;
- біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі *қошемет шешен сөзі* деп аталады;
- білімділердің, ғалымдардың мазмұнды сөйлеген сөздері *білімдар шешен сөз* деп аталады;
- дін жайынан сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі *уағыз* деп аталады [2, 354].

Шешендік өнер – тек тарихи құбылыс қана емес, қоғамдық құбылыс, өйткені әрбір қоғамның даму тенденциясына сәйкес шешендік өнер де сол тенденцияға икемделіп, қоғам мұқтаждығын атқару мақсатында өзгерімпаздық қасиетке ие болған. Осындай қоғам жүйесінің дамуына сәйкес шешендік сөздердің де өзіндік мазмұндық-тақырыптық, құрылымдық аясы кеңейіп толығып отырған.

Шешендік өнер тарихында шешендік сөздердің тақырыптық-мазмұндық озық үлгілі классификациясын орыс зерттеушісі – Г.З.Апресян есімімен байланыстырады. Әйтсе де қазақ тіл білімінің атасы, ғұлама ғалым – А.Байтұрсынұлы *саясат шешендік сөз, билік шешендік сөз, білімдар шешендік сөз, қошемет шешендік сөз, уағыз шешендік сөз* деп орыс ғалымы Г.З.Апресяннан жарты ғасыр бұрын алғаш рет тақырыптық-мазмұндық топтастыру ұсынып, олардың әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме бергенін зерттеушілердің көпшілігі біле бермейді.

Сондай-ақ Ахаң – шешендік сөздердің *бастама, ұсынба, мазмұндама, қыздырма, қорытпа* тәрізді құрылымдық бөліктерден тұратындығын да алғаш айтқандардың бірі.

А.Байтұрсынұлы «Салт сарынымен айтылатын сөздер салт сөзінің табына жатады; мәселен: мысалар, ділмар сөз (афоризм), тақпақтар, мақалдар, мәтелдер. «Бұрынғы даналардан, билерден, шешендерден қалған сөздер д і л м а р с ө з (еуропаша – афоризм) деп аталады» деген анықтамаға сәйкес ел аузында жүрген атақты би-шешендердің сөздерінен мысалдар келтіреді.

«Өр Дулат – Ұлы жүздегі бір ханға барып отырып, Қоңырат Мырзан би ханға сөз бермей, жалғыз сөйлей беріпті. Мырзан баласыз кісі екен. Соны тоқтатпақ ниетпен Дулаттың бір шешені айтыпты:

– Жалтақтап сөйлейсің жалғыз-ақ адамша, көтеріліп сөйлейсің көмегі жоқ адамша. Құйрығы жоқ, шолақ Мырзан, құлағы жоқ шұнақ Мырзан, жалғыз өзің сөйлейсі бе? – деп.

Сонда Мырзан айтыпты:

– Сен «жалғыз» деп сөксең, Құдайға тілің тиеді. «Жарлы» деп сөксең, пайғамбарға тілің тиеді. Құйрығым шолақ болса, тұлпар шығармын, құлағым шұнақ болса, сұңқар шығармын. Құйрығы ұзынды біз итке меңзейміз; құлағы ұзынды біз есекке меңзейміз; ешкі егіз табады, ит сегіз табады, шошқа тоғыз табады. Сенің бабаң егіз еді, өзің тоғыз едің. Сенің тоғызыңды алса, Құдайдың шамасы жоқ па? Маған бала берейін десе, баласы жоқ па депті? – депті.

Халық: «Мынағын тас атыңдар!» – депті.

Дулаттың биі: «Айтқанын қылып, бітімін беріңдер!» – деп шыға жөнеліпті».

Қазақ халқы шешендік өнерді, оны иеленуші адамды ерекше құрмет тұтқан. Шешендіктің арнайы мектебі дегенді білмеген қазақ даласында «би» мен «шешен» атанудың жазылмаған өзіндік қағидалары мен ережелері болған. Мәселен, «Би-шешен» дегендегі «би» сөзінің өзінің беретін мәні, атқаратын қызметі ерекше болған. Қазақ би-шешендері сөз өнерін барлық өнерден жоғары қойып, «Өнер алды – қызыл тіл», «Шеберден мін, шешеннен тіл қалады», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Тілмен байланған қолмен шешілмес» «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызып», «Қас шешендер сөз айтар», «Тілі мірдің оғындай» т.б. көптеген қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді, сөз оралымдары мен тұрақты теңеулерді тілдік қолданысқа кеңінен енгізіп, келер ұрпаққа шешендік өнердің мол мұрасын қалдырды.

А.Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» еңбегінде мысал ретінде алған талдау жаттығуларының мазмұны Абай өлеңдерінің үзінділерімен қатар «Салт сарынымен айтылатын сөздерден» құралады [4, 287]. Сол арқылы, біріншіден, қазақ тілінің бай, оралымды сөз өрнектерін насихаттау болса, екіншіден, терең мағыналы, тәрбиелік мәні бар ойлы сөздермен тіл ұстарту жағын қаперге алған сыңайлы.

Сондай-ақ Ахаң оқу құралдарын жазғанда жаттығулар мәтіні қазіргідей тасқа басылып дайын әрі көп болмағаны белгілі. Бүгінгі көзқарас бойынша, жалпыхалықтық ауызекі сөйлеудің көркем үлгісін осы «Салт сарынымен айтылатын сөздерден» келтіруі ұлт тілінің этноменталдық ерекшеліктеріне айқын дәлел болатын тілдік деректер жинағы деуге болады.

Әдебиет:

1 Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. – Алматы: Жалын, 1979

2 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2013. - 637б.

3 Смағұлова Г.Н., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә.. Шешендік сөздердің дискурсы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 168 б.

4. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.

Ahmet Baytursinov'un hayatı ve dil araştırmaları hakkında düşünceler

Kazak halkı 20 yüzyılda üç rejim değişikliği ile bir dünya savaşı görmüştür. Bu halk, Kazak hanlığının kurulmuş olduğu 15. asırdan, 19. asır ortalarına kadar kendi bozkırlarında hür bir şekilde yaşadıkdan sonra Çarlık ve Sovyet işgallerini başından geçirmiş ve 1991 yılının sonlarında tekrar bağımsızlığına kavuşmuştur. Kazakistan'ın bu bağımsızlık süreci elbette bir anda gerçekleşmemiştir. 1991 yılının 16 Aralık gününe giden yolda o zamana kadar yaklaşık 150 yıl boyunca verilen maddi ve manevi mücadelelerin payı büyük olmuştur. İşte bu mücadelelerden belki de en büyüğü merhum Ahmet Baytursinov ve arkadaşları tarafından verilmiş, sonuçları ise sonradan alınmıştır.¹

Bazı insanların dünyaya sanki belirli meslekleri icra etmesi, belirli birtakım mücadeleleri vermesi ve belirli eserleri yazması için gönderildiği düşünülür. Büyük dil alimi, edebiyat tarihçisi, gazeteci ve fikir adamı Ahmet Baytursinov, işte bu bazı insanlar arasında gösterilebilecek bir şahsiyettir. Ömrünü halkının eğitimi ve bağımsızlığına adanmış ve Kazak halkının «Ebedî Baş Öğretmeni» olmuştur.

Ülkemizde de Ahmet Baytursinov hakkında yazılmış olan makale, kitap ve tez türünden eserler bulunmaktadır. Bu çalışmada öncelikle Baytursinov'un hayatı üzerinde durulmuş ve Kazak dili ve edebiyatı sahasında kaleme aldığı eserleri tanıtılmaya çalışılmıştır.

Ahmet Baytursinov, 19. asrın sonu ile 20. asrın başında yaşamıştır. Hem Çarlık hem Sovyet dönemlerini görmüş, her iki dönemde de Kazak halkının temel meselelerini açıkça dile getirmiştir. Kazak halkının kurtuluş veya bağımsızlığının silahla değil, eğitim ve aydınlanma yoluyla gerçekleşeceğine inanmıştır.

Eğitim hayatına köyündeki din görevlisinden okuma ve yazma öğrenmekle başlamış, 1882-1884 yıllarında köy mektebinde, 1890-1894 yıllarında ise Torgay şehrindeki Kazak-Rus okulunda eğitim almıştır. 1895 yılında Orenburg'da açılan öğretmen yetiştirme kursundan (Mugallimler Semineriyası) mezun olmuş ve 1909'a kadar Kazakistan'ın Kostanay, Aktöbe ve Karkaralı şehirlerine bağlı okullarda öğretmenlik yapmıştır. 1910 yılında Çarlık idaresi tarafından sürgün edildiği Orenburg şehriden 1917 yılında ayrılmıştır [1, 375; 2, 466].²

Baytursinov'un hayatındaki dönüm noktalarından biri de 1909 yılında kendisinin başkanlığında toplanan Karkaralı Kurultayı (Karkaralı Peditsiyası)'dır. Kurultaya 14 bin 5 yüz kişi katılmış ve kurultay sonucunda Kazak halkının istikbalini ve istiklalini ilgilendiren 15 maddelik bir bildiri yayımlanmıştır. Karkaralı Kurultayı Kazak tarihindeki bağımsızlık düşüncesinin temellerinin atıldığı, usul ve yöntemlerinin belirlendiği bir başlangıç noktası durumundadır. Kazakistan'ın Kazakistan olarak kalması, halkın ekonomik durumunun düzeltilmesi, Rusya ve komşu ülkelerle olan sınır meseleleri ile eğitim ve öğretim alanında yapılması gereken yenilikler burada görüşülmüştür. Kısaca Kazak halkını yakından ilgilendiren tüm ana meseleler, ilk olarak Karkaralı Kurultayında masaya yatırılmış ve buna yönelik çözüm önerileri gündeme getirilmiştir.³

¹ Kazak bağımsızlık mücadelesi yolunda elbette Baytursinov ve arkadaşlarından sonra da girişimler devam etmiştir. Bu çabalar silahla değil, tarih ve edebiyat gibi halkın kültür hafızasını muhafaza eden sahalarda yazılan eserlerle gerçekleşmiştir. Bu anlamda Muhtar Avezov ve İlyas Esenberlin'i burada hatırlamak gerekir. Kısaca, 1917 Ekim Devriminden 1991 yılı Aralık ayına kadar Kazakistan sınırları içinde ve dışında Kazakça olarak yazılan (hatta bestelenen) her eser Kazakların bağımsızlık yolunda atılan bir adım olmuştur.

² Baytursinov 1910 yılından önce öğretmenlik yaptığı yıllarda sıradan bir öğretmen gibi olmamış, öğretmenliğin yanı sıra o yıllarda halkının içerisinde bulunduğu zorlukları, özellikle Rus Çarlığı tarafından uygulanan haksızlıkları da açıkça dile getirmiştir. Özellikle Kazakistan'ın verimli topraklarından Kazakların atılarak yerlerine Rus göçmenlerin yerleştirilmesi, Baytursinov'un en çok karşı çıktığı meselelerden biri olmuştur. Kazak halkına yapılan bazı zulümleri halk arasında dillendirmesi ve Çarlık yönetimine bu konularda mektuplar göndermesi, Torgay şehrinin valisi Yakovlev ile onu karşı karşıya getirmiştir ve sorgulanmıştır. Bu sorgulama ve yargılama sonucunda 8 ay Semey şehrinde hapis yattıktan sonra Kazakistan topraklarından ayrılması istenmiş o da kendisine yaşamak için Orenburg şehri seçmiştir. Orenburg şehri daha önceden de tanıdığı olması, yine Kazak bağımsızlık hareketinin öncülerinden ve Alaş Orda Partisinin kurucularından Alihan Bökeyhanov ve Mirjakıp Duwlatov gibi Kazak aydınlarının Orenburg veya buraya yakın yerlerde bulunması, Baytursinov'un bu şehri tercih etmesindeki sebeplerden birisidir. Baytursinov, Alihan ve Mirjakıp ile daha önce 1904 yılında tanışmış ve bu üç kişi daha sonradan Kazak bilim ve siyasi hayatının üç ulu çınarına dönüşmüştür. Orenburg bir anlamda Ahmet Baytursinov'un siyasi, fikri ve ilmi kişiliğinin de kalıplaştığı yer olmuştur.

³ 1909 yılındaki bu kurultayda Rus Çarlığından Kazakistan merkezli, kendi anayasası olan idari bir yapılanma talebinde bulunulmuştur. Kazak tarihinde Ahmet Baytursinov önderliğinde gerçekleştirilen iki girişimin çok önemli bir yeri vardır. Bunlardan bir tanesi 1909 yılında düzenlenen Karkaralı Kurultayı, ikincisi 1913 yılında Orenburg'da Ahmet Baytursinov, Alihan Bökeyhanov ve Mirjakıp Duwlatov tarafından açılan Kazak gazetesidir. Her iki faaliyet de Orta Asya'daki Rus yayılcılığının hız kazandığı bir döneme rastlamıştır.

1913 yılında Orenburg'da, Ufa / Galiya medresesinden mezun bazı Kazak gençleriyle birlikte, yayımlandığı tarihten itibaren Kazak kültür ve siyasi hayatına yön verecek olan «Kazak» gazetesini çıkarmıştır.⁴ Bu gazete ancak 1918 yılına kadar yayın hayatına devam edebilmiştir. Baytursunov, 1911-1915 yılları arasında Kazak gazetesinden başka yine başka bir millî yayın organı olan «Aykap» dergisinde de toplumsal içerikli yazılarını yayımlamıştır.

Baytursunov bu gazete ve dergide, « Okuw Jayı, Bastawış Mektep, Qazaq Jerin Aluw Turasındağı Nizam, Jawap Hat, Şaruwa Jayınan, Dosmayıl Qajığa Aşık Hat, Bu Zamannıñ Soğısı, Gubernatur Özgerilüwi, Zemstvo, Başkosuw Turgısında» gibi yazmış olduğu makaleleri, o günkü Kazak toplumunu uyandırmaya yönelik olarak kaleme aldığı makalelerdir [2, 467].

Siyasi olarak Alihan Bökeyhanov ve Mirjakıp Duwlatovla birlikte kurdukları Alaş Orda partisi, Kazak halkının tam bağımsızlığını gaye edinmiş bir fikir hareketidir. Bu hareketin mensupları 1917 sonrasında kurulan Sovyet hükümetini tanımak ve kabul etmekle birlikte bu idareye her zaman şüphe ile bakmışlardır. Bu kabul, bir anlamda mecburi olarak alınan bir taktik karardır[2, 469].⁵Alaş Orda partisinin ideoloğu, tüm maddi ve manevi usul ile yöntemlerini belirleyen kişi Baytursunov olmuştur.

Ahmet Baytursunov'un Kazaklar için en önemli tarafı, Kazak halkı için eğitim ve öğretim alanında yapmış olduğu çalışmalarıdır. 1917 Ekim Devrimine kadar Kazak halkının eğitimi ve yükselmesi için çok çalışmış ve bu yolda yeni okullar açılmasından o okullarda okutulacak ders kitaplarına kadar birçok sahada eserler vermiştir.

Baytursunov, 20. asrın başında Kazak bozkırında yaşayan halkın okuma ve yazma eğitimine çok önem vermiş, bu konu onun en büyük meselesi olmuştur. Bu nedenle yeni bir Kazak alfabesi hazırlamış, Kazak dili ve edebiyatıyla ilgili okuma-yazma, gramer ve edebiyat tarihi ile edebiyat teorisi sahalarda kitaplar yazmıştır. Bu çalışmaların tamamı Baytursunov'u Kazak halkının maddi ve manevi öğretmeni haline getirmiştir.

1921 - 1926 yıllarında Kazak Halk Araştırmaları Enstitüsünde, 1926 - 1928 yıllarında Taşkent'teki Kazak Pedagoji Enstitüsünde, yine 1928 yılında Kazak Devlet Üniversitesine bağlı olarak açılan bir yüksek okulda Kazak dili ve edebiyatı dersleri vermiştir. 1929 yılında ise halkı kıskırtmak suçundan tutuklanmış ve hapse atılmıştır [1, 375].

1931 yılında Kazak Siyasi Bürosunun almış olduğu karara göre Baytursunov'a verilen idam cezası 10 yıllık sürgün hapsine çevrilmiş, bu arada tüm mal varlığına el konulmuş, ailesi de Rusya'nın Toms şehrine sürgün edilmiştir.⁶ Kendisi ise Rusya'nın en ücra yerlerinden biri olan Arhangelsk şehrine sürgün edilmiştir. Baytursunov bir ara 1934 yılında eşi Bedrisa Hanımla birlikte Almatı'ya gelse de 1937 yılının Ağustos ayında tekrar tutuklanmış⁷ ve kurşuna dizilerek idam edilmiştir. Baytursunov'un mezarı Almatı ilinin Jañalık ilçesi kabristanlığında kendisi gibi bir şekilde sürgüne ve kırgına uğramış olan binlerce Kazak'ın arasında bulunmaktadır.

Ahmet Baytursunov külliyatı ilk defa 2003 yılında 5 cilt, ikincisi de 2014 yılında 6 cilt olmak üzere iki kez basılmıştır[3].⁸ Bu her iki basım da Baytursunov'un tüm eserlerini içine almaları açısından eksik kalmıştır. Özellikle Rus dilinde yazdığı makalelerinin Kazakça'ya tam olarak aktarılamaması gibi durumlar, bu süreci eksik bırakan sebepler arasındadır. Baytursunov hakkında bugüne kadar kaleme alınan makaleler arasında en kapsamlı ve isabetli olanı, bu külliyat içerisinde de yayımlanan Abiş Kekilbayev'in yazısı olmuştur.

⁴ Bu gazetenin ilk sayısında gazetenin çıkış amacı belirtilmiş ve Kazak halkının aydınlanması ve gelişmesi için gerekli olan adımlar tespit edilmiştir. Kazak gazetesinde ilk olarak ele alınan konuların başında Kazak kültürü ve Kazak dili meseleleri gelmektedir. Kazakçayı okumak, geliştirmek ve eğitimin Kazakça olarak yapılması buradaki en temel gaye olmuştur. (Koç K., İşina A., Korganbekov B. 2007:468).

⁵ Baytursunov ve arkadaşları Ekim devriminin Sovyet halklarına özgürlük getireceğini düşünüyorlardı. Alaş Orda partisinin Sovyet hükümetinden beklentisi, Çarlık dönemindeki yayımcılık politikalarından vaz geçilmesiydi. Fakat gerek Lenin ve gerekse Stalin'in Kazak topraklarıyla ilgili olan politikalarının Çarlık idaresinden farklı olmadığı kısa süre içerisinde anlaşıldı. Çünkü yeni kurulan Sovyet idaresi kısa süre içerisinde Çarlığın gitmiş olduğu yola düşecekti.Çarlık dönemindeki baskı ve zulümler Sovyet döneminde de devam etti. Hatta bu dönemde o kadar ileri gidildi ki Baytursunov'un evlat edindiği iki oğlu (ağabeyi Kakiş'in oğulları) Kazıkan ile Almat, bir atın kuyruğuna bağlanıp sürüklenerek öldürülmüşlerdir. Baytursunov bu haberi hapiste iken «Ahmet bekem bol, kos kanatıñ kayırıldı» diye başlayan bir mektupla öğrenecek ve o anda hayatının en acı dakikalarını yaşayacaktı.

⁶ Ahmet Baytursunov, 1897 yılında Aleksandra İvanovna adında bir Rus bayanla evlenmiş fakat bu evlilikten çocukları olmamıştır. Aleksandra İvanovna, evlendikten sonra Şuşa medresesinde okumuş ve «Bedrisa» adını almıştır. Kazak halkı arasında «Ak Gelin» olarak da tanınmış olan Bedrisa Hanım, ömrü boyunca hep Ahmet Baytursunov'un yanında olmuştur. Baytursunov'un 1937 yılındaki vefatından 10 yıl sonra kendisi de vefat etmiştir. Mezarı, Kostanay vilayyetinin Meñdigara ilçesi mezarlığında bulunmaktadır.

⁷ Baytursunov, hapiste olduğu zamanlarda Alimhan Yermekov ve Muhtar Avezov'a mektuplar yazmış ve onlara dikkat çekmemeleri için derhal Alaş Orda partisinden ayrılmasını bildirmiştir.

⁸ Ayrıca 1989 yılında Almatı'da Jazuwşı yayınevi tarafından basılan «Ahmet Baytursunov Şıgarmaları - Öleñder, Avdarmalar, Zertteveler» adlı eserle ile 1991 yılında yine Almatı'da Kazak Bilimler Akademisi üyesi Rımgali Nurgaliyev'in girişimleriyle Jalın yayınevinde basılan «Ahmet Baytursunov – Aq Jol» adlı eserler bulunmaktadır.

Baytursinov'un dille ilgili çalışmaları Orenburg'a sürgün edildiği 1910 yılı sonrasına rastlamaktadır. Bu çalışmaların başında yeni Kazak alfabesi gelmektedir. O döneme kadar tüm Türk halklarında alfabe olarak Arap alfabesi kullanılmaktadır. Ahmet Baytursinov bu alfabeyi Kazakçanın ses (ünlü-ünsüz) sistemiyle uygun hale getirmiştir. Arap harflerine dayalı olarak hazırlanan bu alfabe Kazakçanın seslerinden hareketle yeniden düzenlenmiştir.

Baytursinov bu alfabeyi hazırlamadan önce Kazakçada anlam ayırt edici en küçük ses birimler olan ünlü (fonem) ve ünsüzlerin (allafon) tamamını tespit eder. Kazakçadaki seslerin incelik ve kalınlık özelliklerini sadece ünlüler açısından değil, ünsüzler temelinde de ele alır. Buna göre Kazakçada 43 ses bulunmaktadır. Baytursinov'un yapmış olduğu bu tasnifler ve çalışmalar, o dönemde çok ilgi görmüş ve dünyada o zamana kadar alfabesi olmayan başka diller için de bu alfabenin kullanımı tavsiye edilmiştir. Alfabe 1924 yılında «*Ahmet Baytursinov Alfabesi*» olarak adlandırılmış ve Kazaklardan başka Kırgızlar, Karakalpaklar ve Başkurtlar tarafından da kabul edilmiştir.

Baytursinov, 1926 yılında Bakü'de düzenlenen Türkoloji Kurultayı'na Kazakistan temsilcisi olarak «Türk Lehçelerindeki Terminoloji» adlı bildirisi ile katılmıştır.

Kazakçanın eğitimiyle ilgili olarak, Oқuw Қuralı⁹ (1912), Til Kuralı¹⁰ (1914), Til Tanıtқыш¹¹ (1925), Til Jumsar¹² (1928), Älipbi (1924), Jaña Älipbi (1926) adlı eserleri kaleme almıştır. Bu kitaplar sadece mektep öğrencilerine değil, aynı zamanda yetişkinlere yönelik olarak hazırlanmıştır.

«Ädebiyet Tanıtқыш» adlı eseri 1926 yılında Taşkent'te basılır. Baytursinov'un bu eseri, edebiyat teorisi ve tarihi hakkındadır. Kitapta edebiyatla ilgili terimlerden söz sanatlarına, Kazak halk edebiyatının temsilcilerinden nazım bilgisine kadar birçok konuda bilgiler verilmiştir [2, 472].

Çeviri veya aktarma alanında 1909 yılında İ. A. Kirillov'dan çevirdiği «Kırık Mısal» adlı şiir kitabı, Kirillov'dan yaptığı fabl türündeki çeviriler ve bu çeviriler temelinde kendisinin yazmış olduğu şiirlerden meydana gelir. Kırık Mısal kadar kapsamlı ikinci bir şiir kitabı da «Masa» adını taşır. «Masa» Rusçada «sivrisinek» anlamında kullanılan bir kelimedir. Kitap adı olarak bu kelimeyi seçmesinin sebebi, «masa» yani sivrisineği, halkı uyandırmada kullanılan bir sembol veya araç olarak düşünmesidir.

Ahmet Baytursinov'un şiirleriyle ilgili olarak Nergis Biray tarafından 2011 yılında «*Ahmet Baytursinov Şiirleri Üzerinde Dil ve Üslup İncelemesi*» adında müstakil bir kitap yayımlanmıştır. Biray bu eserde Ahmet Baytursinov'un şiirlerinin genel teması hakkında,

«*Birkaç ferdî konulu şiiri çıkaracak olursak Baytursinov'un şiirlerinde neredeyse tek konu ve tek tema işlenmiştir. Baytursinov'un şiirlerinde seçtiği konular hemen hemen bütün şiirlerde temaya aracılık eder. Tema ve konu arasındaki ilişki o devirdeki olaylar ve sosyal şartlarla da bağlantılıdır*»(Biray, 2011:43); «*Ahmet Baytursinov'un merkezli şiirler yazmamıştır. Onun tek amacı vardır: Uyuyan Kazakları hatta bütün Türkistan'ı uyandırmaktır*» demektedir (Biray, 2011:47).

Baytursinov'un yetişme dönemi Çarlık Rusyası'ndan Sovyet Rusyası'na geçiş dönemine rast gelmiş ve özellikle Çarlık Rusyası'nın Kazak bozkırındaki zulme dayalı politikaları ve o dönemde Kazak halkının içerisinde bulunduğu zorluklar, aslında onun yetişmesindeki en büyük amillerden olmuştur. 1917 - 1920 yıllarında kısmi bir rahatlama olduysa da 5 yıl sonraki göç, yine Çarlık Rusyası'nın son dönemine benzer bir görünüm kazanmış ve Kazak aydınlarının sudan sebeplerle sorgulanarak tutuklandığı dönemler başlamıştır. Bu konular elbette Baytursinov'un şiirlerine yansımış fakat onu daha derinden üzen ve sarsan olay, kendisinden gördüğü bazı vefasızların hakkında attıkları iftiralardır. Baytursinov kendisi hakkında atılan bu iftiralara;

«*Қынамайды абақтыға жапқан,
Қиын емес дарға асқан, атқан.
Маған аяу осилардың бәрінен,
Өз аяулымың итері үріп жапқан*» dizeleriyle karşılık vermektedir.

Ahmet Baytursinov'un şiirlerindeki tema ve muhtevayla ilgili olarak;

- Doğrudan doğruya kendisini konu edindiği şiirler,
- İnsani değerler ve zaafılar / kusurlar,

⁹ Oқuw Қuralı, Kazakça okuma ve yazmayı öğretmeye yönelik hazırlanan bir ders kitabıdır. Baytursinov, Okuw Kuralı adlı kitabında, Arap alfabesini Kazakçanın ses sistemine göre yeniden düzenleyerek yeni bir alfabe ortaya koymuştur. Okumaya yönelik 24 adet hikayenin de bulunduğu bu kitap «Balalık Küy» adlı bir şiirle son bulmaktadır (Koç K., İşina A., Korganbekov B., 2007:472).

¹⁰ Til Kuralı adındaki gramer kitabı, ses, şekil ve cümle bilgisi başlıkları altında üç kitaptan oluşmaktadır. Bu kitaplar, Kazakçanın gramer yapısının ayrıntılı bir şekilde incelenerek kaleme alındığı gramer kitaplarının da başlangıcıdır. Baytursinov bu eserinde Kazak gramerinin bölümleri (ses, şekil, cümle) hakkında açıklamalarda bulunmuş ve bu sahalara ait bir çok terimi ortaya koymuştur. Bu sebeplerden de kendisi Kazak dil biliminin temellerini atan kişi olarak kabul edilir (Koç K., İşina A., Korganbekov B., 2007:473-474).

¹¹ Bir okuma kitabıdır. Kazak gramerinin bazı konuları hakkında da bilgiler bulunmaktadır (Türk, 1999:5; Biray, 2011:38).

¹² Konuşma dili ve yazı dilinin kullanımları hakkında yazılan bir kitaptır. Kızılorda şehrinde yazılmıştır (Türk, 199:35; Biray, 2011:39).

- Ümit ve Sitem,

- Hürriyet ve istiklal ile esaret, mücadele ve memleket temalarıdır (Biray, 2011: VII-VIII). Ahmet Baytursunov'un şairlik gücünü gösteren şiirlerinden bazıları, «Jurtıma, Dosınga Hat, Anamga Hat, Tilek Batam, Javga Tüsken Han Sözi, Jiyan Tergen, Jubatuv başlıklı şiirleridir [2, 471].

Son olarak Muhtar Avezov, Ahmet Baytursunov'un Kazak kültür ve medeniyetiyle ilgili «Medeniyet Tarihi» adlı bir kitabının daha var olduğunu bir makalesinde belirtse de bu eser henüz bulunamamıştır [4, 42].

Baytursunov denildiğinde, akla ilk geliveren kelimeler, eğitim ve öğretim uzmanı, dil bilimci, yazar, şair ve siyaset adamıdır. Eserlerinden edinilen intiba onun sağlam karakteri ve olaylar karşısında vazgeçmek bilmeyen, kararlı dik duruşudur. Bu vasıfları Baytursunov eserleri ve hayat hikayesine de yansımıştır. Eserlerinde kendi dönemindeki bazı şairler gibi belirli bir sınıflı savunan ideolojiler yerine o mücadelesinin başından sonuna kadar Kazak halkını ve milletini savunmuştur.

Ahmet Baytursunov, Kazak Türklerinin en büyük aydın ve devlet adamlarından birisidir. Özellikle eğitim ve öğretim alanındaki çalışmaları onu Kazak halkının manevi öğretmeni haline getirmiştir. Halkının yükselişini eğitim ve öğretim alanında gördüğü için en büyük hedefi Kazak halkı içerisinde okuma ve yazma bilmeyen kişilerin kalmaması olmuştur. Buna yönelik olarak da daha sonradan kendi adıyla anılacak olan ve Kazakçanın ses (ünlü-ünsüz) sistemine en uygun gelebilecek fonetik bir alfabe hazırlamıştır.

Dil ve edebiyat alanlarında yapmış olduğu çalışmalardan bazıları özellikle alfabe, gramer ve edebiyat teorisi üzerine olan çalışmaları kendi zamanının da ötesindedir. Söz gelimi «Ädebiyet Tanıtқыш» adlı eseri o zamana kadar görülmemiş bir eserdir. Yine dil alanında birçok gramer terimini ortaya atmış ve bu terimler halk arasında kabul görmüştür. Bazı eserlerinin ise adından bahsedildiği halde kendisi günümüze kadar bulunamamıştır.

Baytursunovla ilgili önemli bir konu da artık tüm eserlerinin bir araya getirilmesi hususudur. Eserleri şimdiye kadar ilki 5 cilt, ikincisi 6 cilt olarak iki defa basılmış olmasına rağmen aslında bu eserlerin tamamının bundan çok fazla olduğu düşünülmektedir.

Kaynaklar:

1. Aşa E., Bakbergenova R. Kazak türklerinin ilk lengüist ve metodist bilgini olan Ahmet Baytursunoğlu hakkında birkaç söz, Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi, TDK Yay., Sayı:2 Güz, s. 374-377, Ankara 1996.

2. Baytursunulı AhmetKazakların baş şairi (Türkiye Türkçesine Aktaran: Mustafa Öner)», Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi, TDK Yay., Sayı:2 Güz, s. 378-385, Ankara 1996.

3. Koç Kenan, İşina A., Korganbekov B. Kazak Edebiyatı (Sovyet Dönemi ve Bağımsızlıktan Sonraki Kazak Edebiyatı), 2. Cilt, IQ Kültür ve Sanat Yayıncılık, s. 466 - 477, İstanbul 2007.

4. Alibekiroğlu SertanKazak Alimi Ahmet Baytursunoğlu'nun Hayatı ve Eserleri(Yüksek Lisans Tezi, Danışmanı: Prof. Dr. Vahit Türk), Gaziantep Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Türk Dili ve Edebiyatı Ana Bilim Dalı, Gaziantep 2005.

Джусупов М.

*филол.ғ.д., Өзбекстан мемлекеттік әлем
тілдері университетінің профессоры*

А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі функционалдык стиль мәселесі

Қазіргі функционалды стиль концепциясының құрамы кітаби және бейкітаби (сөйлесім) стильдерден құралған. Олардың аталуында бүгінге дейін біржақты пікір жоқ. Мысалы, бірқатар еңбектерде *ғылыми стильді ғылыми-техникалық стиль* деп атайды; *ресми стильді* кейбір еңбектерде *ресми ісқағаздар стилі* деп те атайды т.б. Функционалды стильдердің құрамына бүгінде бес түрлі стиль кіреді (төртеуі – кітаби, біреуі – бейкітаби (сөйлесімдік) [1; 2].

Ғалымдар арасында функционалды стиль жайында екі түрлі көзқарас қалыптасқан: а) функционалды стильдер – әдеби тілдің түрлері; ә) функционалды стильдер – тілдесімдік құбылыс, яғни, тілдесім стильдері (тілдік емес). Екінші көзқарас – доминанттық көзқарас, сондықтан бұл пікір басым көпшілік ізденістердің ғылыми негізі болып қабылданған.

А.Байтұрсынұлының еңбектерінде функционалды стиль түрлері аталмағанмен, олар мәтін деңгейінде қалыптастырылған. Ахаң дүниеге келтірген функционалды стиль мәтіндері төртеу – *ғылыми стиль мәтіндері, публицистикалық стиль мәтіндері, ресми стиль мәтіндері, көркем стиль мәтіндері* (көркем стиль Ахаң шығармаларына дейін қалыптасқан). Яғни, біздің ойымызша, А.Байтұрсынұлының тілтанымдық ғылыми дүниесінде *функционалды стильдер* ұғымы терминмен таңбаланбағанымен, имплицитті сипатта болған. Ахаңның шығармаларын талдау барысында төмендегідей тұжырымға келдік: А.Байтұрсынұлы «функционалды стиль» ұғымын имплицитті түрде

тілдік те, тілдесімдік те деп түсінген (тек әдеби тілдің түрі емес), яғни, Ахаң терминологиясы бойынша, функционалды стиль – «сөйлесу» түрі.

Функционалды стильдердің ең негізгі ерекшеліктерінің бірі – әр стильге тиісті мәтіндерде тіл бірліктерінің сараланып қолданылуында. Сондықтан функционалды стильге тән сөздер, терминдер, терминдер тіркестері, сөйлем түрлері т.б. болады. А.Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасында әр функционалды стиль талаптарына сай жазылған мәтіннің құрамындағы тіл бірліктері сол стильдің лингвистикалық ерекшеліктерін бұзбаған, яғни, стильдік нормалар сақталған (ол нормаларды Ахаңның өзі қалыптастырған). Ахаңның ғылыми стиль мәтіндерінде қазіргі қазақ тілі стилистикасының ғылыми жанларында қолданбайтын сөздер, терминдер, термин тіркестері кездеседі. Алайда бұл – Ахаңның ғылыми мәтіндерінің мәнін төмендетпейді, себебі ол – заман талабынан туған тілдің тілдесімдік ерекшеліктері, эволюциялық өзгерістердің нәтижесі.

Функционалды стиль мәтіндері әрдайым бір түрлі болмайды, оның құрамында мәтіннің бірнеше варианты болады. Сондықтан функционалды стильдер ілімінде «подстиль» ұғымы бар. Қазіргі тілтаным стилистикасының ғылыми стилі дәстүрлі түрде үш подстильге бөлінеді: нақ ғылыми подстиль, ғылыми-оқыту подстиль, ғылыми-көпшілік подстиль. А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасының мәтіндері осы үш подстильге лайық деңгейде жазылған. Соңғы 10-15 жылда жалпы тіл білімінде ғылыми стиль сегіз подстильге жіктеледі [3]. А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерінен осы сегіз подстильдің жетеуіне сай келетіндері анықталды.

Ғалым еңбектерінің арасынан ғылыми-фантастикалық подстильдің талаптарына жауап беретін мәтіндерді кездестіре алмадық. Ахаңның кейбір ғылыми еңбектерін бір емес, екі-үш подстильдің құрамында қарастыруға болады. Мысалы, Ахаңның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі, ең алдымен, ғылыми стильдің нақ ғылыми подстиліне жатады. Сонымен қатар еңбектің жекелеген тармақтарын бірден үш подстильге (ғылыми-ақпараттық, ғылыми-ресми, ғылыми-анықтама) жатқызуға болады. Яғни, А.Байтұрсынұлының ғылыми концепциясында имплицитті түрде функционалды стильдің подстильдер ұғымы да болған.

Жанрлар – подстильдерді құрайтын және жалпы функционалды стильдерді құрайтын мәтін түрлері. Әр подстиль жанрлар жиынтығынан құралады. Әр функционалды стиль подстильдерінің құрамындағы жанрлар қорынан құралады. Бір подстильдің құрылымында бірнеше жанрда жазылған мәтіндер болады. А.Байтұрсынұлының ғылыми стилінің нақ ғылыми подстилінен екі түрлі жанрда жазылған мәтіндерді кездестіре алмадық. Олар: диссертация, автореферат, себебі Ахаң диссертация қорғамаған. Монография жанрының талаптарына сай жазылған еңбегі ретінде «Әдебиет танытқышты» атауға болады. А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасынан тағы бірнеше жанрлар деңгейінде жазылған еңбектерді кездестірмедік. Олар: конспект, оқу рефераты, ғылыми интервью, ғылыми есеп (отчет) т.б. Бұлардың бәрі (ғылыми интервьюден басқасы) – біздің ойымызша, Ахаңның шығармашылығынан орын алған, себебі ол жоғары оқу орнында дәріс берген, сондықтан осы жанрларда орындалған мәтіндерді мұрағаттардан (әсіресе, Орынбор, Ташкент мұрағаттарынан) тауып, талдау – келешектің жұмысы.

Тіл бірліктерінің қолданылуы әр функционалды стильдің, оның әр подстилінің ерекшеліктерімен де байланысты [4]. Мысалы, ғылыми стильде лексикалық бірліктердің алты түрі қолданылады:

- 1) жалпы қолданыстағы сөздер;
- 2) терминжасамдық сөздер. Бұлар үш түрлі сипатта болады:
 - а) ғылымаралық терминдер;
 - ә) жалпы ғылыми терминдер;
 - б) салалық ғылыми терминдер;

3) бейкәсіби (салалық емес, жалпы) ғылыми сөздер. А.Байтұрсынұлының талданған мәтінінде осы алты түрлі лексикалық бірліктің бәрі де кездеседі. Сонымен, ХХ ғасырдың бірінші ширегінде дүниеге келген қазақ тілі ғылыми стилі мәтіндерінің лексикалық құрамы қазіргі жалпы тіл білімінің, қазақ тілтануының ғылыми стилінің лексикалық талаптарына сай.

Ғылыми стильдің тағы бір ерекшелігі – терминдердің, терминдік тіркестердің жиі қолданылуында. Бұл – ғылыми стильге тән сипат. А.Байтұрсынұлы ғылыми еңбектерінде терминдердің қолдану жиілігі жоғары. Бұл – қазақ тілі ғылыми стилінің қалыптаса бастаған кезінің өзінде оның бір мағыналылық, нақтылылық, қысқалық сияқты негізгі ерекшеліктерінің нық болғанын көрсетеді. Мысалы, Ахаңның 20 жолдан тұратын (жарты бет) мәтінінде терминдердің қолданылу жиілігі төмендегідей:

- әдіс* – 11 рет;
- емле* – 9 рет;
- дыбыс негізді әдіс* – 4 рет;

тұтас тұлғалы әдіс – 3 рет;
дыбыс жүйелі емле – 3 рет;
тарих жүйелі емле – 2 рет қайталанған.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндері терминдердің қолданылу жиілігі жағынан да қазіргі ғылыми стильдің талаптарына, ерекшеліктеріне толық жауап береді.

Сөйлемнің мағынасы екі ұғымнан құралады: тақырып (тема), жаңа хабар (рема). А.Байтұрсынұлының ғылыми шығармаларынан бірнеше сөйлемді осы екі ұғым негізінде талдадық: барлық сөйлемде міндетті түрде тақырып (тема) және жаңа хабар (рема) бар. Яғни, Ахаңның сөйлемдері тема және рема концепциясы талаптарына толық сәйкес келеді (90 жыл бұрын пайда болса да, олар бүгінгі ғылыми стильдің негізгі ішкі және сыртқы ерекшеліктерінің талаптарына жауап беретін деңгейде жасалған).

Жазба ғылыми мәтін құрамында ғылыми білімнің қалыптасу кезеңдері болады (проблемалық ситуация (мәселенің қажеттілігі), пікір, болжам (гипотеза), дәлел, қорытынды). Жұмысымызда А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтінін осы концепция негізінде де талдадық. Талдау барысында Ахаңның жазба ғылыми мәтінінде ғылыми білімнің қалыптасу кезеңдері осы концепция ұғымдарына, талаптарына дәл келетіндігі анықталды.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерінің стилі мен қазіргі тілтанымдағы ғылыми стильдің сабақтастығы әрі терең, әрі кең, әрі жан-жақты. Қазақ тілі ғылыми стилі А.Байтұрсынұлының шығармашылығында ірі эволюциялық процестен соң ғана нық қалыптасты да, қазіргі қазақ тілі ғылыми стилінің динамикалық негізі болды.

А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерінің қазақ тілі ғылыми стилі динамикасының негізі екендігін дәлелдеу үшін Ахаңның екі оқулығының мәтіндерін стилистикалық көзқарас негізінде талдадық. Ол оқулықтар:

- 1) «Тіл – құрал» 1914 ж. Орынбор қаласында басылып шыққан;
- 2) «Тіл – құрал» 1925 ж. Қызылорда қаласында басылып шыққан.

Оқулықтардың баспадан шығу аралығы – 11 жыл. Оқулықтар бір ғылыми-әдістемелік мәселеге (қазақ тіліне оқытуға) арналған. 1914 жылғы оқулық – бірінші басылым. 1925 жылғы оқулық – бесінші басылым.

Зерттеу екі бағытта жүргізілді:

1. оқулықтардың қазақ ғылыми стилінің дамуына тигізген әсерін анықтау;
2. оқулықтардың стилистикалық ерекшеліктерінің қазақ ғылыми стилінің дамуына әсерін айқындау.

Ғылыми стильдің А.Байтұрсынұлының еңбектері мен жалпы қазақ тіл біліміндегі даму динамикасы екі оқулықтың титулдарын салыстырғанның өзінде-ақ айқын байқалады. Мысалы, 1914 жылғы оқулықта автордың аты-жөні, кітаптың аты, баспадан шыққан жылы, қаланың аты, оқулықтың оқыту процесінің қай деңгейіне арналғаны нақты көрсетілген. 1925 жылғы оқулықтың титулында мұғалім мен оқушыға хабарланатын мағлұмат толық түрде берілген, яғни, жоғарыдағы мағлұматқа қосымша мағлұмат берілген: оқулық қай мемлекетте басылғаны, оқулықты қай ұйымның баспаға ұсынғаны, нешінші рет басылғаны т.б. Яғни, 1925 жылғы оқулықтың титулы қазіргі оқулықтардың титулына ұқсас. Бұл – осы оқулық титулының қазіргі ғылыми стильдің талаптарына толық жауап беретінін және қазақ тілі оқулығының эволюциялық динамикасының негізі ХХ ғасырдың бірінші ширегінде басталғанын көрсетеді.

1914 жылғы оқулықта қазіргі қазақ тілі стилистикасында қолданылмайтын сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер бар. Мысалы: «Қазақ сөзіндегі дыбыстар *һәм* олардың *харіфтері*» [5]. 1925 жылғы оқулықта Ахаң бұл сөйлемді өзгерткен. Сөйлем қазіргі әдеби қазақ тілі стилистикасының нормаларына толық жауап беретін нұсқада жасалған («Қазақ *тіліндегі* дыбыстар: олардың *таңбалары*») [6]. Осы сөйлемде Ахаң тек стилистикалық норманы қалыптастырумен шектелмейді, қойылған мәселені, тақырыпты ғылымдандырады (ғылыми тілдесім деңгейін жалпы тілтаным деңгейіне көтереді, имплицитті түрде семиотика ғылымының негіздеріне сүйеніп жұмыс істейді). Осы және басқа да мысалдар қазақ тілі ғылыми стилінің эволюциялық динамикасы А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алып, қазақ стилистикасының нормасы ретінде қалыптасқанын көрсетеді.

1914 жылғы оқулықпен салыстырғанда, 1925 жылғы оқулықта жаңа тақырыптың презентациясы, қорытулар, тұжырымдар қатар-қатар, рет-ретімен, көрнекі түрде берілген. Мұндай өзгерістер баланың жаңа ғылыми хабарды қабылдау мүмкіндігін төмендетпейді, баланы тез шаршатпайды, оқулықтың ғылыми-әдістемелік стандарт қалпын нықтайды.

Екі оқулықта да жаттығу-тапсырмалар (дағдыландыру, сынау) берілген. 1914 жылғы оқулықта дағдыландыру тапсырмасы сынау тапсырмасынан сәл көбірек [5]. Жалпы алғанда, екі түрлі

тапсырманың саны бір-бірінен өте алшақ емес. Ал 1925 жылғы оқулықта сынау тапсырмасы дағдыландыру тапсырмасынан көбірек. Яғни, бұл оқулықта баланың білім алу дағдысын тексеруге ерекше мән беріледі. Бұл оқулықтың тағы бір ерекшелігі: тіл заңдылықтарына бағынбайтын тіл бірліктерінің айтылуы, жазылуы «Ескерту» арқылы презентацияланған. Бұл – қазақ тілі ғылыми стилінің жаңа деңгейге көтерілгенінің айғағы [6].

1925 жылғы оқулықта да қазіргі қазақ тілі стилистикасына тән емес сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер кездеседі. Алайда А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерін талдауда диахрондық ұстанымды басшылыққа аламыз. Сондықтан ондай сөз қолданыстарды сол кезге тән стилистикалық ерекшеліктер ретінде қарастырдық. Яғни, олар А.Байтұрсынұлының, жалпы XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ тілі ғылыми стилінің деңгейін төмендетпейді, себебі әр шығарма – өз заманының талабына сай жасалған туынды.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының 1914 жылғы және 1925 жылғы «Тіл – құрал» оқулықтары мәтінінің жалпы стилистикалық және функционалды стилистикалық (ғылыми стильдік) талдауларының нәтижелерін былайша сипаттауға болады:

1. Қазақ тіл ғылымы тарихында, пәнді оқыту әдістемесінің тарихында оқулық стилистикасының, оқулық моделінің, жалпы ғылыми стильдің негізгі қалпын (стандартын) жасаған ғалым – А.Байтұрсынұлы.

2. Бүгінде қазақ мектебінде қолданылып жүрген қазақ тілі оқулықтарының тілтанымдық, әдістемелік, стилистикалық (ғылыми стильдік) негіздері 1914 жылғы, 1925 жылғы (тағы басқа) А.Байтұрсынұлы оқулықтарынан басталады.

3. Қазіргі қазақ ғылыми стилінің қалыптасуына, дамуына ерекше ықпал еткен еңбек – А.Байтұрсынұлының 1925 жылы Қызылордада басылып шыққан «Тіл – құрал» атты оқулығы. Бұл еңбек қазақ тілінің ғылыми стилін және оның негізгі подстил – ғылыми-оқыту түрін жаңа (биік) деңгейде қалыптастырды.

4. Ғылыми стильдің нақтылылық, біройлылық, қысқалық, түсініктілік сияқты ерекшеліктері осы оқулық мәтінінде ерекше орын алған. Оқулық мәтінін талдау нәтижесінде ғалымның түйіндеу, қорыту сияқты дағдыларының биік деңгейде қалыптастырғанын байқауға болады.

Сонымен, қазақ тілі ғылыми стилінің ғылыми-мағыналық құрылымдары XX ғасырдың бірінші ширегінде А.Байтұрсынұлының ғылыми-әдістемелік ізденістерінің нәтижесі – оқулықтар, мақалалар мен басқа да ғылыми еңбек мәтіндерінің негізінде қалыптасқан[7]. А.Байтұрсынұлының тілтанымдық еңбектеріндегі ғылыми стиль бірден түзілмеді. Ол ұзақ эволюциялық өзгерістерден өтті. А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіні – қазіргі қазақ тілі ғылымындағы ғылыми стильдің шығу тегі, даму динамикасының негізі.

Әдебиет:

1. Стилистический энциклопедический словарь русского языка. Под общей редакцией М.Н.Кожинной. – Москва: Наука, 2003. - 696с.

2. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақтілініңстилистикасы. – Алматы, 1974. – 192-б.

3. Колесникова Н.И. От конспекта к диссертации. Учебное пособие для развития навыков письменной речи. Второе издание. – Москва: Наука, 2003. – 288 с.

4. Уәли Н. Сөз байлығын саралаудың негіздері //Қазақ әдебі тілінің сөздігі. - Алматы, 2011. – 1-том. - 7-10-б.

5. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. Орынбор, 1914 //Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. - 141-171-б.

6. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. 1-тіл танытқыш кітап. Қазақстан мемлекеттік баспаханасы. – Қызылорда, 1925 //Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 173-188-б.

7. Джусупов М.,Ибрайымов Қ. Ахмет Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика. – Алматы: Әлем, 2015.- 215 б.

Әліпби – таңба жұмағы

Жазу – адамзат қоғамы жасаған мәдениеттің биік шыңы. Пиктографиялық және идеографиялық жазулардан бастау алатын жазу тарихы адамзаттың жүріп өткен жолынан мол ақпарат беретін басты құндылық. Жазу болған жерде тарих бар, білім жүйелі, ой тиянақты, ғылымсапалы, рухани қазына жинақы. Ғылымның бар болуы жазумен тікелей байланысты, сондықтан сөйлеу мен жазудың қатынасының басты анықтағышы да, ойлаудың таразыланып, ортақ игілікке айналуының да басты әрі негізгі көрсеткіші – жазу. Елдің, ұлттың тарихы таразыланғанда, рухани мәдениетінің парқы мен нарқы зерделенгенде жазудың қадірі арта түседі. «Біздерде мынадай бар, мынадай бардың» нақты дәлелі болады. Жазумен таңбаланып, анықталмаған тарихқа мұрагерінді қалай сендірмексің, «бабадан қалған мұрам еді» деп кімді иландырарсың? Қандай формада болса да, жазумен қалған тарих – еліңнің еншісін бөлмей сақтаудың басты кепілі. Жазусыз тарих көптеген талас-тартыстарға жол ашып, елдің кешегісін көз алдына келтіре алмай, ертеңіне деген кемел сенімін әлсіретері даусыз. Осындай аса бір қажеттіліктің мәнін терең ұғып, төл жазу туғызып, төл әліпби жасаған ХХ ғасыр басындағы қазақ көсемі, біртуар кемеңгер ғалымы – Ақымет Байтұрсынұлы еді.

Алдымен, мәмілеге келетін нәрсе – А. Байтұрсынұлы түзген араб таңбасына негізделген әліпби қазақ тілінің сөйлеу тілін дәл таңбалайды; барлық емле нақтылығымен, ғылымилығымен ерекшеленеді; бүгінге дейін қолданыста бар (Қытайдағы қандастарымыздың қолданысында).

«Әліпби деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы», – деп жазған Ақымет Байтұрсынұлы әріптердің тіл дыбыстарын нақты таңбалауына, оқуға және жазуға жеңіл келуіне, үйретуге оңай болуына басты назар аударады [1]. Ғалым жасаған әліпбидің басты ерекшелігі – қазақ сөзін дәл таңбалап, әрбір таңбаның мәні мен ерекшелігін нақты сипаттауында, осы дәлдік пен нақтылықты ғылыми тұрғыдан терең талдауында дер едік.

Қазақ жазу ілімі теориясында «әріп саны фонема санымен бірдей болуы жетілген жазу екенін танытады» деген тұжырым А. Байтұрсынұлы еңбектері арқылы қалыптасты. Әріптің фонемадан аз болуы түркі тілдеріндегі сингармония заңының сөздің негізгі құрылымы мен мағыналық ерекшелігін аша алу қасиетімен байланысты. Дауыстылардың бірыңғай жуан-жіңішкелігі сөздің барлық буынында сақталатындықтан, көп таңбадан гөрі, сөздің алдына дәйекше белгісін қою арқылы жазу экономиясына жетуге болатынын табуы – Ахмет Байтұрсынұлының реформаторлығы ретінде танылады. Қазақ тіліндегі жиырма төрт түрлі дыбысты таңбалаудың өзіндік ерекше жолы мен жүйесін ұсынған ғалым «қ» мен «ғ» дыбыстарының ылғи жуан, «к» мен «г», «е»-нің ылғи жіңішке айтылатынын ескерте отырып, былай деп жазады: «Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, ... онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дәйім жуан айтылатын «қ» мен «ғ»-ны қосқанда дәйім жіңішке айтылатын «к» мен «г», «е»-лерді қосқанда, бәріне 43 белгі (харіп) керек» [2].

«Дауысты дыбыстар сөздің жаны, дауыссыз дыбыстар сөздің тәні» деп санаған Ахмет Байтұрсынұлы әрбір әріп пен оның айтылу жолын тәптіштеп түсіндіріп, жазу емлесін жасайды. «Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстардың иелігінде» [2, 328] деп түсіндірген ғалым қазақ тіліндегі үндестік заңының ерекше қасиетін айта отырып, оның айту мен жазудағы нақты әрі табиғи қалпын сақтап, дауыссыздың өзі, шындап келгенде, осы заңға бағынатынын дәлелдейді. Бұл ғылыми шындықты кейінгі ғалымдардың мойындағаны, теориялық-тәжірибелік тұрғыдан анықтағаны – тағы шындық (Ә.Жүнісбек).

«Жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Әр дыбыстың әр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін танымыз» деуінде үлкен мән бар [2]. Демек, ғалым үшін қазақ тілінің айтылымындағы фонема саны мен әріп саны шамалас, дәл келуі керек.

А. Байтұрсынұлы қазақ жазу үлгісіндегі тыныс белгілеріне де ерекше мән береді. «Әріптен басқа жазуда қолданылатын белгілерге бүгінге дейін анықтап белгілі ат қойылған жоқ еді. Сүгіретке қарап, біреу олай, біреу былай деп атайтын еді», – дей келіп, негізгі тыныс белгілеріне қазақша ат қойып, бірінші рет айдар тағады: «тыныстық (.), жапсарлық (.), қосарлық (≡), тастарлық (–), дәлдеулік (≡≡), сұраулық (?), лептеулік (!)» [2, 337]. Мұнан байқалатыны – қазақша тыныс белгілерге ат беру, олардың қойылу жолын түсіндіру автор үшін маңызды болған. Қазіргі кездегі *тыныс белгі, қосу (+), сұраулық, лептік белгі, нүкте, үтір* терім-сөздерінің алғашқы жасаушы да А.Байтұрсынұлы болғанын аңғарамыз.

Ғалым дауысты дыбыстардың графемалық қасиетін «буыншы әріп» ретінде танытады да олардың мәнін, сөз құрамындағы мазмұндық сипатын ерекше талдайды. Сөз мағынасын анықтайтын дәйекше белгінің маңызын жіті түсіндіреді.

Қазақ жазу ілімінің атасы А. Байтұрсынұлы «Дыбысқа сәйкестеп әріп алынбаса, сөздің жазылуы мен айтылуы бөлектенбей қала алмайды» деген ойын бірнеше жерде жұмырлайды, дыбыстар мен әріптер арасындағы қарым-қатынасты терең барлай келе, «дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөздің жазылуы мен айтылуының арасында да сәйкестігі күшті» екенін анықтайды [2, 359-360]. «Тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі бар болса», тәртіпті жазу болатынын қайталай ескертіп отырады [2, 380].

Қазақ жазу үлгісін ағылшын, француз, қытай жазуларымен салыстыра отырып, олардан ерекше екенін дәлел келтіре отырып анықтап, айтылу мен жазылу арасындағы сәйкестігі мол жазулардың қатарына төте жазуды да жатқызады.

Әліпби түзген, тыныс белгілерін нақтылаған, жазу үлгісін көрсетіп, графема мен фонема арасындағы сәйкестікті терең талдаған А.Байтұрсынұлы емле тәртібіне де мән береді. Әлем халықтарының емле жүйесінен мол хабары бар ғалым қазақ сөзінің ішкі болмысына сай келетін жүйені, дұрыс сауаттандыратын емлені қажет санайды. «Сауаттылық негізі – жазу» деген жолды берік ұстана отырып [2, 362], «жазу – әріптердің сүгіретін сала тізу, оқу – әріптердің дыбыстарын айта тізу» екенін нақтылайды.

Ғалым емленің төрт негізін атап көрсетеді:

- таңба жүйелі (негізі – ынтымақ);
- тарих жүйелі (негізі – дағды);
- туыс жүйелі (негізі тегіне қарай);
- дыбыс жүйелі (негізіестілуіне қарай).

Оларға жеке-жеке талдау жасай отырып, әрбірінің ерекшелігін талдап, оң тұсы мен қазақ сөзіне сәйкес келмейтін жағын ғылыми тұрғыдан саралап, зерделейді. Ең бастысы – қазақ сөзінің дұрыс жазылуына ерекше мән береді, ауызша айтылғанның бәрін сол қалпында жаза салуға да болмайтынын атап көрсетеді. «Қазақтың төл жазуы» деген түсінікті А.Байтұрсынұлы еңбектерінен кейін қолдануға мүмкіндік туды. Өйткені қазақ сөзінің өзіне тән айтылым, жазылым ерекшеліктері мен сипаты осы еңбекте жан-жақты анықталып, грамматология ғылымы талап ететін заңдылықтарға басты көңіл бөлініп, негізгі ғылыми жауабы берілді.

«Жазу туралы ғылым өзінің дербес пәнін нақтылау үшін тілдің табиғи қалпын таңбалайтын, ғылыми сипатын іздеуі керек», – десек, А.Байтұрсынұлының қазақ жазуы туралы жазған ғылыми пікірлері осы талаптарға толықтай жауап береді. Төте жазудың сөздің дыбыстық табиғатына жақын келіп, оқуға, жазуға оңай болуы үшін Ақымет түсіндіруіне қарап отырып, осы жазудың қазақ сөзінің болмысын таңбалау үшін барын салғанын аңғару қиын емес. Қазақ сөзінің дұрыс жазылуы үшін «туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қамалмай, екеуінің арасынан жол тауып беретін» Байтұрсынұлы ұсынысы бүгінгі орыс жазуына негізделген әліпбиіміздің де басты талаптарының жасалуының теориялық негізі болған. Бұл – Ақымет ұсынған сегіз ұсыныстың ғылыми негізділігі мен жүйелілігін танытса керек.

Сонымен, А.Байтұрсынұлы – қазақ жазу ілімі ғылымының негізгі ғылыми-теориялық тұжырымын жасап, тәжірибелік жолын қалыптастырған, фонема мен графема арасындағы қатынастың тереңдігін дәл тауып, айтылу мен жазу арасындағы сәйкестіктің мүмкіндігінше мол, нақты болуына басты назар аударған тұңғыш ғалым.

Грамматология ғылымына неге назар аударамыз? Грамматология – жазу туралы, жазу жүйесі туралы, жазудың генеологиялық тарихы мен даму жолдары, мәдениеттегі жазудың рөлі мен орнын саралайтын білімінің саласы. Бұл саланы алғаш жүйелеп, ғылыми тұрғыдан негіздеген ғалым – И.Е.Гельб. Ол «Опыт изучения письма (основы грамматики)» атты зерттеуінде алғаш «грамматология» терім сөзін қолдана отырып, адамзаттың жазу тарихына терең талдау жасайды [3].

Ф. де Соссюрдің пайымдауынша, сөйлеу тілі жазуға байланып қалмайды. Соссюрдің келтіретін қисынында ауызша сөйлеу, өз терім сөзімен айтсақ, «белгілеуші мен белгіленуші» ғана – тіл білімінің басты зерттеу пәні болып қала бермек. Жазу – Соссюр ұғымында, шартты белгінің жиынтығы.

Қазіргі Еуропа ғылымында жазудың маңызы мен рөлі жоғары бағаланады. Бұл туралы Жак Дериданың жазған ғылыми зерттеулерін келтіру орынды болмақ [4]. «Вопросы истории письма, процесс его постепенной фонетизации и линеаризации лежат в корнях и основаниях всех наук», – деп жазады Ж.Дерида. Жазудың табиғатын мәдени-философиялық бағытта таразылаған Жак Дерида оның мәдени дамудағы маңызды рөлін анықтайды.

Ал «жазу-сызуы кеш дамыған» деп танылып жүрген қазақ халқының тіл білімінде Ақымет Байтұрсынұлы арқылы жазудың өзі ғана емес, сонымен бірге оның ғылыми жүйесі негізделгенін, әрбір таңбаның сыры мен қыры анықталып, емлесі орныққанын және бұл жазудың сөйлеу тіліндегі дыбысталуына дәл және толық сәйкес келгенін көрсету орынды болмақ.

XX ғасырдың ең үлкен қасіреті – қазақ сынды еркін көшіп, кең жайлаған дала халқының Ф.И. Голощекиннің қолдан жасаған «көшесінде» отырам деп, малынан айрылып, ашаршылыққа тап болуы ғана емес, жиырма-отыз жыл көлемінде жазуын үш рет ауыстыруы еді. Рухани құлдырау, түпкі шын тарихынан көз жазу, сауаттылық пен сауатсыздықтың арасын мөлшерлеуден ажырау – жазудың ауысуымен тікелей байланысты деп қарауымыз қажет. Адам өзінің сезімін, ойын, түсінігін белгілі қалыптасқан шартты таңбалар арқылы, яғни, жазу арқылы бере алады. Бұл жазу не таңба барлығына түсінікті болуы керек. Ал өткен ғасырдың басындағы жазудың ауысуы қазақ халқын осындай бір-біріне түсінікті болудан, жазу арқылы бірінбірі түсінуден айырды.

Кешеге дейін жазылған ғылыми әдебиеттерде көшпенді қазақ халқының мәдениеттен, соның ішінде жазу мәдениетінен кейін қалып, кешеуілдеп дамығаны тілге тиек етілетіні жасырын емес. Ал XX ғасырдың басында жазылған Ақымет Байтұрсынұлы жазған еңбектерде қазақ жазуының жүйесі талданып, төте жазу ұсынылып, оның грамматологиялық табиғаты ашылғанын көрсету арқылы қазақ мәдениетінде жазу туралы ғылыми зерттеулердің болғанын, оның кеңестік саясатпен тұншықтырылғанын нақты деректер арқылы таныта аламыз. Тек әліпбидің жайы мен емлелердің мәні жөнінде ғана Ақымет Байтұрсынұлының жиырма шақты ғылыми мақаласы бар. Мұнда жазылған мәселелер өзінің ғылыми сипаты жағынан әртүрлі болып келеді. Заманындағы айтыс-тартыстарға жауап ретінде елге түсіндіру мақсатында жазылған ғылыми еңбектің бүгінде де өзектілігі бар. Қазақ ғылымында қазірге дейін шешілмей, үлкен полемика туғызып отырған жазу, жазу ауыстыру мәселесі сол Ақымет көтерген және жауап берген деңгейден жоғары аса алмаған.

Ғалым зерттеулерінде әліпбидің жалпы ғылыми теориялық мәселелеріне қатысты да өз пайымдауларын айтып отырады. Мәселен, «жақсы әліпбидің сыпатын таныту» үшін, оның төрт түрлі қасиетін санамалап көрсетіп, түрік әліпбиіне, латын әліпбиіне қатысты өзінің көзқарасын білдіреді. Бұл көрсетілген талдаулар қазіргі грамматологияда талданып жүрген ғылыми зерттеулердегі қисындардан артық болмаса, кем емес дер едік.

Қорыта айтқанда, Ақымет Байтұрсынұлы түзген әліпбидің Қазақ әліпбиі ретінде грамматологиялық негізі жүйелі зерттелгендіктен, қазіргі таңда да қолданыста болғандықтан да, әлемдік деңгейде жазу ғылымы тарихынан орын алуы керек. Ал қазақ тіл білімінде жазу ғылымының (грамматологияның) негізін қалаған А. Байтұрсынұлы екені – даусыз шындық.

Әдебиет:

1. Алаштың тілдік мұрасы. - Алматы, 2009. - 27-б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 324-б.
3. Гельб И.Е. Опыт изучения письма: Основы грамматики. Перевод с англ. - М., 1982.
4. Деррида Ж. О грамматологии. Перевод с франц. - М., 2000. - С. 512.

*Қосымова Г.
филол.ғ.д., Абай атындағы
ҚазҰПУ профессоры*

А.Байтұрсынұлы – мәтін теориясының негізін салушы

А.Байтұрсынұлының пайымдауында, сөз, кез келген адамның сөйлеу әрекетінен туындаған мәтін өнерге жатады. Өнер атаулының бәрі мәдениетпен байланысты. Сөзімізді бастамас бұрын андатпа ретінде алдымен «мәдениет» деген атауға түсінік бере кетейік. Мәдени антропологияны зерттеген ғалымдар «мәдениет» деген терминді әртүрлі мағынада түсініп, бірі мәдениетті «үйретілген мінез-құлық», басқалары «мінез-құлық емес, оның абстракциясы», ал бағзы біреулері «мәдениет тек адам санасында ғана өмір сүреді», – деп, кейбіреулері: «мәдениет – қоршаған ортаның сезілетін заттары мен құбылыстары», – деп бүгінге дейін таласып жатқанда, А.Байтұрсынұлы антропологтар қарастырған адам мен мәдениеттің арақатынасын былайша түсіндіреді: алдымен, қоршаған орта, болмысты екіге бөледі. Бірі– табиғи, жаратынды нәрсе, екіншісі – жасалынды нәрсе деп топтастырады да: «Орман, теңіз, тау, өзен, бұлақ – бұлар табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселер; үй, кірпіш, бақша, арық, құдық – бұлар адам ісінен шыққан жасалынды нәрселер. Табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселердің бәрі табиғат дүниесі болады; адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер

дүниесі болады; өйткені жасалынды нәрселердің істеліп шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен», – дейді. Ғалымның осы көзқарасы атақты антрополог Э.Тайлордың пікірімен сәйкес келеді. Э.Тайлор алғашқы болып «мәдениет» ұғымына анықтама берді. Ол «Алғашқы қауымдық мәдениет» деп аталатын еңбегінде: «Культура или цивилизация, в широком этнографическом смысле складывается в своем целом из знания, верований, искусства, нравственности, законов, обычаев и ... привычек, усвоенных человеком как членом общества», – деп жазады [1,123]. Биологиялық эволюция идеясына сүйене отырып, Э.Тайлор мәдени құбылыстарды табиғаттағы өсімдіктер мен жануарлардың түрлері сияқты материалды нысандар, сенімдер, әдет-ғұрып, билеу жүйесі тағы басқалар деп жіктейді. Табиғаттағы сияқты бір түрлер басқа түрлерінен дамып шығады. Садақ пен оқ жасау, тіс егеу немесе басқа да ондаған әдеттер сияқты мәдени құбылыстың бір түрі деп қарайды. Бір сөзбен айтқанда, мәдени құбылыстарды түрлеріне қарай жүйелеп, қарапайымнан күрделіге қарай орналастыру арқылы мәдени эволюция процесін қадағалауға болатынын айтады. «Осылайша, табиғат пен қоғамдағы прогрестің сипаты аз жетілген түрлерді көбірек жетілген түрлердің ығыстыруынан көрінеді» деп пайымдайды. Еуропа ғылымында ХІХ ғасырдың соңғы онжылдығы мен ХХ ғасырдың басында үстем пікірге ие болған Э.Тайлордың «мәдениет – адамның қоғам мүшесі ретінде игерген кейбір қабілеттері мен дағдыларынан, білім, наным-сенім, өнер, адамгершілік, заңдар мен әдет-ғұрыптарынан құралады» деген пайымдауы [1, 123] ХХ ғасырдың басында қазақ даласында өмір сүрген, қазақ этносы мәдениетінің негізін салған А.Байтұрсынұвтың тұжырымымен сәйкес келеді. Ғұламалардың танымындағы сәйкестіктер, ойлау мен пайымдауындағы үндестіктер таңғалдырмай қоймайды.

«Өнер түрлі болады, – дейді А.Байтұрсынұлы. – Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, киіз басады, ыдыс істейді, яғни, шаруаға керек нәрселерді жасайды. Біреулер көрікті мешіт, көрнекті там, көркем сүгірет салады. Әдемі ән, әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады. Алдыңғы өнер мен соңғы өнердің арасында айырма бар. Алдыңғы нәрселер – адамның мақұлықтық жан сақтау керегінен шыққан нәрселер, соңғы нәрселер – адамның жан қоштау керегінен шыққан нәрселер. Сондықтан алдыңғы нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер – тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер – көркемшілік үшін көрнек өнері болады». Одан әрі Байтұрсынұлы көрнек өнерін беске бөледі: дебесіншіні нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері деп табады да оны «сөз өнері» деп атайды [2, 137-138].

А.Байтұрсынұлының айтуында, өнердің ең алды «сөз өнері» саналады. Мұны ғалым қазақтың «Өнер алды – қызыл тіл» деген мәтелмен негіздейді. Бұл мәтелдің шығу себебін: «Қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан», – деп негіздеп, қазақ халқының сөйлеу өнеріне аса мән берген, «тауып айтса, мереке қылып, таппай айтса, келеке қылған» мәдени танымымен байланыстырады. Сөз өнерінің адам санасының үш негізіне – ақыл, қиял, көңіл – тірелетінін көрсетіп, ғалым мәтін (шығарма сөз) тудырудың үш межесін анықтап берді. «Ақыл ісі – аңдау; қиял ісі – мензеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу дегеніміз – суреттеп ойлау; көңіл ісі – тую, талғау» [2,141]. Осында «Мәтін лингвистикасында» анықталған мәтін тудыруға қатысатын төрт фактордың: *ойдың иесі автор, қабылдаушы оқырман, бейнеленетін болмыс, талғап, таңдап қолданылатын тілдің арақатынасы*, мұның бәрінің басын қосатын тіл екенін былайша тұжырымдайды: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың мензеуін мензегенінше, көңілдің туюін түйгенінше айтуға жарау» [2,141].

Тіл білімінің жаңа бір саласы – мәтін лингвистикасы. «Жаңа» деп біз «қай кезден жаппай зерттеу нысанына айналды, өндіріске қашаннан енгізіліп оқытыла бастады?» деген мәселе тұрғысынан айтамыз. «Мәтін» деген терминді атау шын мәнінде ХХ ғасырдың соңына қарай белсенді түрде қолданысқа енді. А.Байтұрсынұлы мәтінді ХХ ғасырдың басында «шығарма сөз» деп атады да оның адамтанудағы, сөз танудағы, адамдардың тілдік қарым-қатынасындағы маңызын жан-жақты мәселе етіп көтерді. Қазіргі тіл біліміндегі антропоэзектік, танымдық, лингвориторикалық бағыттардың негізі өткен ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінде қаланды. Бұл үшеуі де А.Байтұрсынұлы еңбегінде қарастырылған. Антропоэзектік бағытта *мәтін* сөйлеуші (автор) және оқырман арасындағы байланысты, қабылдау мен түсіністікті іске асыратын құрал болып саналады. Мәтін автор тарапынан дүниеге келеді, ол оқырман тарапынан қабылданады. Танымдық бағытта *мәтін* автор мен болмыстың қатынасын, ойдың иесі тарапынан болмыстың анықталуының, танылуының және ұғым-түсінік пен мағынаға ие болуының жолы ретінде бағаланады. Мұнда автор болмыстағы құбылысты мәселе тұрғысынан танып, шығармашылық әрекеттің нәтижесінде біртұтас мазмұнды жеткізетін аяқталған мәтін етіп шығарады. Лингвориторикалық бағытта *мәтін* автордың

тақырыпты ойластыруы, мәселелерді орналастыруы, соған сәйкес жанр түзуі, сөз таңдауы деген ерекшеліктерді көрсетеді. Мұнда автордың дара стильдік ерекшелігі ашылады.

Тіл – таным құралы, қарым-қатынас құралы, адам ойының жарыққа шығуының тәсілі ретінде адамзат мәдениетінің ең басында тұрады. Осы айтылғандардың бәрі тілдің мәтінтүзушілік қызметінде орындалады, яғни, мәтін – мәдениеттің көрсеткіші. Антропоэзектік бағытта *мәтін* – автор мен оқырманның арасындағы қарым-қатынаста идеяларды, эмоцияны, мәдени қатынастарды жеткізудің тәсілі, бірін бірі ұғынудың құралы, автор мен оқырманның мәдени қалпын көрсетудің жолы. Адамның символдау (рәміздеу) қабілеттерін соматикалық контексте қарастырғанда, біз үшін заттар мен құбылыстар – адамның мінез-құлқы, онымен психология ғылымы айналысады. Оларды адам ағзасына тәуелсіз, яғни, экстрасоматикалық контексте өзара байланыста қарастырғанда, заттар мен құбылыстар мәдениет элементтері, мәдени сипаттар болады [3, 24] Лингвистер сөзді адамның символдау қабілетіне тәуелді зат немесе іс-әрекет ретінде сипаттайды. Лингвистғалымдар сөзді екі түрлі контексте: соматикалық (органикалық) және экстрасоматикалық (экстраорганикалық) контекстерде қарастырады да олардың айырмашылығын «сөйлеу» және «тілдік термин» деп табады. Соматикалық контексте сөз адамның мінез-құлықтарының мәнерін көрсетеді. Сөйлеу психологиясын зерттеген ғылым сөздер мен адам ағзасының арасындағы байланысты сөздің жасалуы, мән-мағынасы, сөзге қатынас, сөзді қабылдау, сөзге жауап қайтару т.б. тұрғыдан түсіндіреді. Экстрасоматикалық контексте сөз адам ағзасына тәуелсіз бір-бірімен өзара байланыста қарастырылады. Осыдан лингвистиканың фонетика, фонемика, лексикология, синтаксис, грамматика, диалектология т.б. сияқты аспектілері келіп шығады.

Біз сөз етіп отырған мәтін – сөз өнерінің жемісі, сөйлеу әрекетінің туындысы. Мұнан сөйлеу мүшелері, сезім мүшелері, сөздегі ментальдық процестер көрінеді. «Сөйлеу психологиясы», «сөз», «мәдениет» ұғымдары бірлікте алынады. Сонымен, мәдениет экстрасоматикалық тұрғыда қарастырылатын адамның символдау қабілеттеріне тәуелді заттар мен құбылыстарды көрсетеді. Мысалы, жылқы – төрт түліктің бірі; ол – контексте айырбас құралы, ақша; ал басқа бір контексте – азық-түлік; үшінші бір контексте – көлік; төртіншісінде – табумен байланысты киелі жануар. Антропологтер адам мен мәдениеттің өзара қатынасы мәселесін оның орнынан, уақыт пен кеңістіктен іздейді. Олай болса, мәдениет экстрасоматикалық контексте қарастырылатын заттар мен құбылыстардан тұрады. Бұл А.Байтұрсынұлында «аңдау, меңзеу, көңілге түю арқылы іске асырылады» деген ой айтылғады.

А.Байтұрсынұлының «Әліппелер» деген еңбегінде келтірген мысалдары да адамның танымында символданған әрекеттер мен құбылыстарды бейнелейді. Мысалы: *малта ащы, алтын салмақты, мамық жұмсақ, шай сұйық, киік орғиды, теке қарғиды, күйкентай ұшады, кесіртке жорғалайды*. Осы мысалдарда суреттеліп отырған заттарға тән қасиеттер – адамның бала кезінен көз алдынан өтіп, санасында символданып қалған құбылыстар. Осылайша, зат пен оған тән символдық белгілерді байланыста қатар алып оқытқанда ғана сөз баланың жадында ұмытылмастай болып сақталатындығын көрсетеді.

«Тілді жұмсай білетін адамның табылуы қиын», – дегенде ғалым мәтін түзудің қиындығын айтады. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін тілмен айтып білдіру оңай емес екендігін, оған көп шеберлік керектігін, бұл асқан өнерпаздардың қолынан келетін іс екендігін баса айтады. Сөз шығаратындар көп, бірақ келістіріп айтатындар аз болатындығын «алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» деген қазақ мәтелімен растайды. «Сөз шеберлері жасаған туындыны танытатын белгі – тіл, яғни, лұғат белгісі, – дей келіп, – ол белгі әркімнің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп әдеттенуінен, салттануынан болады. Әркімнің өз салты болғанымен, ол салттар жалпы сөз тізу салттарынан, шарттарынан аса алмайды. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білуі қажет», – дейді [2, 142].

Ғалымның «сөздің асыл болуының жалпы шарттары» дегені Аристотельдің «Риторика» және Цицеронның «Шешендік туралы үш трактат» еңбектерінде көрсетілген риторикалық канондарға сай келеді. Риторикалық канондарға мыналар жатады: *сөйлейтін сөзінің мазмұнын іздеу, яғни, ойлап табу; табылған дәлелдерді тәртіптен орналастыру; осының бәрін сөзбен өрнектеу; сөзін жадында сақтап алу; сөйлейтін сөзін ықыласпен жеткізу*. Бұл айтылғандар А.Байтұрсынұлының шығарма сөз туралы айтқан белгілеріне сай келеді. Олар: *тақырыбы, жоспары, мазмұны, түрі*. «Сөйлейтін сөзді іздеп табу тақырыпты құрайды, әңгімедегі пікір не туралы болса, сол нәрсе тақырыбы болады. Сөз шығарудан бұрын шығарушы айтатын пікірін қай ретпен айтатынын не жазатынын жоспарлап алады: онысы – неден бастап, неден соң нені айтып, немен аяқталатынын белгілеп алу. Шығарманың тақырыбынан басқасы мазмұн болады. Бір нәрсе туралы ойға алған пікірді айтуға жұмсаған бүкіл

сөзіміз мазмұн болып шығады. Мазмұн аңдатудан, мазмұндаудан, қорытудан тұрады. Шығарманың мазмұны қай түрде айтылса, сол «түрі» деп аталады: жай сөйлеу түрінде, сөйлестірген түрде, хат түрінде, аралас түрде. Шығарманың мазмұнында байқалатын негіздік түрлер үшеу: 1. әуезе, 2. әліптеу, 3. байымдау. Мәселен, бір адамды сөз қылсақ, я ол адамның істеген ісін, айтқан сөзін әуезе қылып сөйлейміз; я тұлға-тұрпатын, кескінін, көркін айтып, пернесін әліптеп сөйлейміз; я болмаса ол адамның істеген істерінің, өздерінің жақсы-жаман болғанының мәнісін, себебін тексере, байымдап сөйлейміз. Осыған қарай сөйлеген сөзіміздің түрі не әуезе, не әліптеме, не байымдама болып шығады» [2, 143-144].

Мәтін теориясындағы «мәтіннің мүшеленуі» деген қағидаға А.Байтұрсынұлының жоғарыдағы айтқан шығарманың тысқы нәрселері – тақырып және аңдатудан, мазмұндаудан, қорытудан тұратын мазмұны жатады. Мәтіннің бұлайша мүшеленуі шығарманың бүтін композициясының қызметін анықтайды. Мәтіннің мүшеленуі негізінде ақпаратты оқырман жеңіл түсінеді, ақпаратты қабылдауға алғышарт жасалады, мәтіннен тыс ақпараттарды ой елегінен өткізеді, мәтін астарында жатқан автордың идеясын түйіндейді. Мәтіннің мүшеленуінің арқасында тұтастыққа алып келетін бөлшектердің арасындағы логикалық, мезгілдік, кеңістіктік, көркемдік байланыстар танылады.

Ғалымның мәтін туралы көзқарастары «Әдебиет танытқыш» еңбегінің «Тіл қисыны» деген тарауында да жан-жақты талқыланады. Мұнда Аристотельдің «ықыласпен әсерлі жеткізу» деген канонына сай келетін қисындар беріледі: «Әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде. Неғұрлым сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым үй де сәулетті әдемі болып шығатыны сияқты, неғұрлым жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі, әдемі болып шықпақ. Жақсылап үй сала білу үшін сәулет өнерпазы үй салуға ұсталатын заттардың сыр-сипатын, қасиетін жақсы білуге тиіс, олардың тиісті орнына жұмсалуды жақсы білуі тиіс. Кірпіштің түрлі қалауларын жақсы біліп, белгілеген жобамен үйдің түрін келістіріп шығару жағын жақсы білуі тиіс. Мұның бәрін жақсы білу үшін сәулет өнерінің ғылымын жақсы білуі керек. Сондай-ақ тіліндегі сөзден құрастырып, қисынын келтіріп, жақсылап бір нәрсе шығару үшін сөз өнерінің ғылымын жақсы білуі керек» [2, 148-149]. Мұндағы ғалымның пайымдауында сөйлеудегі тіл мен интеллект факторларының бір-бірімен өзара тығыз байланыстылығы түсіндіріледі. Сәулет өнерінде бұйымның сәнді болмағы кірпіштің жақсылығына ғана байланысты емес, сәулетшінің интеллектуалдық біліктілігіне де қатысты. Сол сияқты шығарма сөздің (мәтіннің) келісті болуы интеллектінің өмірлік білімі мен ақыл-ойы және сөйлеу заңдылықтарын жетік білуіне байланысты.

«Сөз өнері» деп асылында нені айтамыз? Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол «сөз өнері» болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады. «Шығарма» дегеніміз – осылай шығарған сөз», – дегенінде ғалым мәтінге тән басты белгілердің бірі байласым және тұтасым мәселесін сөз қылып отыр. Мәтін ұғынылатын болса ғана, тұтасымға ие болады. Осы пікір А.Байтұрсынұлының мына бір пікірінде жалғасын тапты: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білуі тиіс. Біз қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Әркім пікірін сөз қылып шығарғанда ана тіліндегі сөздердің әрқайсысын әртүрлі қолданады. Қысқасынан айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өзі оңтайынша тұтынады, бұл сол адамның тілі болады. Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу тіл қисыны деп аталады» [2,150]. Осылайша, А.Байтұрсынұлы мәтінді зерттеудің лингвистикалық бағытын сөз өнері ғылымының шарттары тұрғысынан негіздеді.

А.Байтұрсынұлының еңбектерінде мәтінге тән белгілер: тұтастық, аяқталғандық, бөлшектену, байланыстылық, мақсаттылық (прагматикалық) шығарма сөзге қатысты ой-пікірлерінен анық көрінеді. Олай болса, А.Байтұрсынұлы – «мәтін теориясы» ғылымының да негізін салушы.

Әдебиет:

1. Тайлор Э.Б. Первобытная культура. – М., 1989. – 573 с.
2. Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.
3. XX ғасыр мәдениетінің антропологиясы. – Алматы: Жазушы, 2005.

А.Байтұрсынұлы септік жалғауларының емлесі жайында

Қазіргі таңдағы қоғамдық-экономикалық өзгерістерге байланысты тіл ғылымы да дамудың жаңа бағытына бет бұрды. Тіл оның иесі – адаммен өзектестіріле зерттеледі, яғни, басты назар тілдің коммуникативтік қызметіне аударылады. Осыған орай антропоөзекті парадигманың ұстанымы бойынша, тілдің танымдық қызметі мен коммуникативтік қызметін жан-жақты терең ашуға бағытталады. Антропоөзекті бағыттағы зерттеулерде адам сөйлеуші, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады. Тіл адамғатаным құралы, қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді.

Алаш ардақтысы – Ахмет Байтұрсынұлы адам баласын қоршаған ортаны «жаратынды» және «жасалынды» нәрсе деп топтайды, табиғатқа тән дүниенің бәрі – «жаратынды», адам қолымен жасалғанның бәрі – «жасалынды», өйткені оның қалыптасуына адамның ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен. Тіршілік үшін жұмсалатын өнер – «тірнек өнері» де көркемшілік үшін жасалатын өнер – «көрнек өнері», «...нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері...«сөз өнері» болады. Өнердің ең алды – сөз өнері саналады». «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: ақылға, қиялға, көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни, нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау» [1,137-138].

«Сөз өнері» деп асылында нені айтамыз?» деген сұраққа «Сөз өнерінің ғылымы» еңбегінде жауап береді, сөз өнері іштегі ойды «тәртіптеп қисынын, қырын, кестесін келістіріп» сөз арқылы өрнектеу. Сөз өнерінің ғылымы – тіл ғылымы, тіл ғылымы «дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, ғылыми сөзөнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады» [1,148]. Осыған орай А.Байтұрсынұлы сөзді өнер деңгейінде қолдана білу үшін ең қажеттісі *тіл қисыны* санайды. «Тіл қисыны» дегеніміз – асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым». «Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу – тіл қисыны». Тілдің қисынын келістіріп қолданудың басты ұстанымы – «сөз талғау» деп есептейді. Шығармаға таңдап алынатын сөз мағынасына қарай үйлесімді, нақты, өңді, ұнамды болуы қажет, сондықтан сөз талғаудың да өзіндік шарттары көрсетіледі:

- сөз дұрыстығы;
- тіл тазалығы;
- тіл (лұғат) анықтығы;
- тіл дәлдігі.

Тілдің қисынын келістіретін әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Бұл үшін, *алдымен*, «сөздердің тұлғасын мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну; *екіншіден*, сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру; *үшіншіден*, сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орындастыру» [1,150-б.], – деп атап көрсеткен екен.

Дүниенің тілдік бейнесі тілдік бірліктер арқылы жасалып, тілдің ұлттық ерекшелігі ретінде лексикада көрініс табады, оны адамның қатынас құралына айналдыратын – тіл табиғатын танытатын грамматикалық амал-тәсілдер, заңдар, шарттар. А.Байтұрсынұлы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек» [1,141-б.], – деп, тілді қолдана білуге үлкен мән бергені белгілі. Ғалымның пайымдауынша, тілді қолдана білу – айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білу және сол сөздерді сөйлем ішінде орын-орнына дұрыстап қоя білу» [1,149-150-б.].

А.Байтұрсынұлы «Қазақша сөз жазушыларға» атты еңбегінде аталған ойларын таратып түсіндіреді. Ғалымның пайымдауынша, тілді қисынын келтіріп қолдану емлеге сүйенеді, ал емле тілдің табиғатына сай болуы қажет. «Емле – жазу үшін шығарылған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарылған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек».

Сөйтіп, тілдің қисынын келістіретін әр сөздің, әр сөйлемнің білдіретін мағынасының көңілге қонымдылығы оны құрап тұрған сөздердің тұлғалық және синтаксистік жақтан үйлесімді

қолданылуы екен. А. Байтұрсынұлы оның да жолдарын көрсеткен, ол – «сөздердің тұлғасын мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну». Бұл тұжырым сөйлемде сөздердің арасындағы алуан түрлі синтаксистік қатынастарды көрсетіп, өзі жалғанған сөзге әртүрлі грамматикалық мағына үстеп, сөз бен сөзді байланыстыруда үлкен орын алатын затесімнің парадигмалық түрлену жүйесінің бірі – *септік жалғауларына көбірек* қатысты болатыны белгілі.

С.Исаев септік жалғауларының мәнін ашатындай тұжырымды бір анықтама беру қиын екенін ескертеді, өйткені септік жалғаулары зат пен қимыл, зат пен зат, зат пен сын арасындағы субъекті-предикаттық, тура және жанама объектілік, меншіктілік, мекендік-мезгілдік, көлемдік, амалдық-құралдық тәрізді алуан түрлі қатынастарды жүзеге асырады. Бұл қатынастарды кейде өзі тікелей ұйымдастырса, кейде тәуелдік жалғауы, жіктік жалғауымен байланысып барып атқарады. Осы қызметтеріне орай С.Исаев қазақ тілі грамматикаларында септік жалғауына берілген анықтамаларды сараптай келе былайша түйіндейді: «Септік жалғауларына (категориясына) зат пен оның іс-әрекеті (қимылы), я зат пен заттың (сынның) арасындағы субъектілік, объектілік, меншіктілік-қатыстық, мекендік-мезгілдік, көлемдік, амалдық-құралдық, себеп-мақсаттық сияқты қатынастарды білдіріп, заттықмән үстеп тұратын түрлену тұлғасы деген анықтама беруге болады. Септік жалғау жүйесінің басқа жалғаулардан күрделілігі де осында» [2, 120-121]. Белгілі ұлттық ұжымда қалыптасқан тілді тұтынушының санасындағы грамматикалық құрылымнан әр тілдің өзіндік ерекшелігі, ұлттық дүниетанымы көрінеді, сондықтан әлемнің тілдік бейнесін жасауда грамматикалық категориялар маңызды болады. Осындай ерекшелігі мол категория қатарына септік категориясы жатқызылады. Септік категориясы болмыстағы нысандардың арақатынасы туралы білімдерге негізделеді, өйткені септік категориясы адамның қарым-қатынас барысындағы түрлі қатынастарды зерделеп құруы нәтижесінде пайда болады. О.Жұбаеваның пайымдауынша, септік категориясының мазмұны тілдік қатынастардың қалай пайда болғанын білдіріп, ғалам туралы білімді, олардың тілде қалай көрініс тапқанын, морфологиялық септік категориясында тоғысатын грамматикалық мағыналар мен көрсеткіштерді қамту, морфологиялық жолмен берілетін қатынас туралы энциклопедиялық білімдердің тілде қалай кодталатынын көрсету [3, 258-259].

Сөздердің синтетикалық байланысу тәсілдерінде септік жалғауларының рөлі басқа жалғау түрлеріне қарағанда күрделірек. Септік жалғаулары жалғанған сөздер өздері тіркесетін сөздермен, біріншіден, сабақтаса байланысса, екіншіден, солбайланыстың нәтижесінде қосымша грамматикалық мағынаға ие болады. Септік жалғаулары сөз бен сөзді байланыстырумен қатар, түрлі-түрлі синтаксистік қатынастарды да білдіреді. Мағыналық қатынастар тек жалғау жалғанған сөздердің лексикалық мағынасының әртүрлі болуынан ғана тумайды, тұтас сөз тіркесінің қарым-қатынасынан пайда болады. Оны мына мәтіндегі байланыстардың мағыналық қатынастарынан көруге болады: *Күндізгі алау аптаптың лебі кешке қарай қапырықтанып, күн де батып бара жатты. Күн батар сол сәтте Мойынқұм атырабының үстіндегі биікте бір топ аққұйрық қарақұсұшып жүреді. Ептеп мұнар тұтқан бұлтсыз ашық аспанның қоңыр салқын құшағында әлгі қарақұстар еріккеннен жай қалықтап, рахаттана ұша береді. Мына жер мен мына аспанның мызғымас мәңгілік пішінін* бейнелегісі келгендей, *бірінің соңынан бірі тізіліп, бір бағытта шеңберлене ұшады. Қарақұстарды быс шығармай, қанаттарының астындағы жер бетінде не болып жатқанын міз бақпай* бақылайды. *Осы бір паң-сері жыртқыш құстар тек көздерінің өткірлігінен де баябан даланың аспанын* мекендейді. *Күнәһар жердің бетінде олар тек қу тамақ үшін, тек түнемел үшін* гана қонақтайды, *көбінесе көк жүзінде* ұшып жүреді (Ш. Айтматов).

Мұнда:

- *предикаттық қатынас* атау септігі мен жіктік жалғауының;
- *меншіктік қатынас* ілік септігі мен тәуелдік жалғауының;
- *толықтауыштық қатынас* табыс септігі мен заттық мағынадағы барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің;
- *пысықтауыштық қатынас* көлемдік мағынадағы барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің байланысы арқылы жасалады.

Сөз тіркестерінің синтетикалық байланысу тәсілдерінде атау септіктен басқа септік жалғауларының ерекше қызмет атқаратыны белгілі. Септік жалғаулары сөз бен сөздің арасында сабақтастық байланыс тудырумен қатар, сол сөздер байланысының нәтижесінде грамматикалық қосымша мағынаны да байқатады. Синтетикалық байланыс тәсілінің мұндай түрлерін тіл білімінде *матасу, меңгеру* деп атау қалыптасқан.

Адам коммуникативті мақсат үшін тілдік құралдарды пайдаланады, өйткені тілдік қатынас қоғамдық құбылыстарды, заттарды, қоршаған ортаны мүмкіндігінше тілдік бірліктердің көмегі

арқылы беруге тырысады. Сондықтан сөйлеу әрекетінде тілдік бірліктер қатысымдық бірліктерге айналып, сыртқы орта жайлы ақпаратты мазмұнына жинақтайды «Қазақ тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылымы, олардың сөз тудыру және грамматикалық форма тудыру тәсілдері мен жүйелері мыңдаған жылдар бойына сол тілде сөйлеуші халықтың өзара сөйлеу үдерісінде қалыптасқан. Әр тілдің грамматикалық құбылыстарының қалыптасқан жүйелі тәртібі – азғана жылдың жемісі емес, ол – сол тілде сөйлейтін халықтың өмір тарихымен байланысты мыңдаған жылдың жемісі. Тілдің грамматикалық құбылыстары ұдайы бір қалыпта тұра бермейді, олар өзінің даму процесінде өзгеріп, сұрыптала түседі» [4,146-147],– дей келе, Ы. Маманов тілдің морфологиялық құрылымының маңызын анықтаумен қатар, қазақ тілінде түбір сөздер мен сол сөздің грамматикалық формаларының ара-жігін, шегін дұрыс ажыратуға бөгет болып жүрген нәрсе – қосымшалардың грамматикалық қызметіне қарай дұрыс топтастырылмауында екенін ескертеді. Грамматиканың осы аса күрделі мәселесіне қатысты ой-пікірлерді саралай келе: «...Мұндай пікір алалығын жою үшін түркі тілдерін зерттеуші авторлардың алдында тұрған басты міндет – морфологияға қатысты ең маңызды екі мәселенің басын ашып алу қажет сияқты. Оның біріншісі – қазақ тіліндегі қосымшаларды орыс тілінің үлгісімен сөз түрлендіруші (словоизменение), сөз тудырушы (словообразование) және форма тудырушы (формообразование) деп үшке бөліп қарастыру керек пе, жоқ әлде оларды жаңа мағыналы сөз тудыру және сөздің грамматикалық формасын тудыру қызметіне сәйкес *сөз тудырушы* және *форма тудырушы* деп екі топқа бөліп қарастыру керек пе? Қазақ тілінің материалы екінші принципті қуаттайды. Сөйлемде грамматикалық формалармен түрленетін толық мағыналы атауыш сөздер (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) тек қана екі түрде: не түбір сөз түрінде, не қосымша жалғанған формада қолданылады. Былайша айтқанда, қазақ тіліндегі қосымша жалғанған сөздер не тілдің сөздік құрамына енетін туынды түбір сөз (лексикалық бүтін), не белгілі бір сөз табына тән грамматикалық форма болып қалыптасады», – дейді [4,148].

Сөйтіп, форма тудыратын қосымшалардың белгілі бір жиынтығы парадигмалық түрлену жүйесінің сыртқы көрінісі мен соған сәйкес ішкі мазмұн жағынан грамматикалық мағына білдіруі арқылы грамматикалық категория құрайды, енді бір тобы бөлігі бір сөз табының өз ішінде семантикалық топтарын жасайды. Қосымшалардың бұл негізгі мәні мен грамматикалық сипаты грамматикаларда *форма тудырушы* (немесе сөз түрлендіруші) *жұрнақтар* және *жалғаулар* деп аталып жүрген қосымша түріне тән болып келеді. Форма тудырушы жұрнақтар мен жалғаулардың грамматикалық мағына білдіруі мен сөз түрлендіру қасиеті жағынан айырмашылығы жоқ болып есептеледі, алайда жалғаулардың сөзге жалғану өрісі кең және басқа форма тудыратын қосымшалардан синтаксистік қызметі жағынан үлкен айырмашылығы бар, жалғаулар сөйлем ішінде сөз бен сөзді байланыстырып, сөзге үстейтін грамматикалық мағыналары сол байланысқан сөздер арасындағы қатынастар негізінде айқындалып отырады. Мұндай қызметтік қасиеттер жалғаулардан басқа форма тудыратын қосымшаларға тән емес. Сол себепті Ы.Маманов жалғауларды форма тудыратын қосымшалар қатарына қосқанымен, олардың синтаксистік-қатысымдық қызметінің маңыздылығына қарай, *жалғаулар* деп бөліп атайды [4,146-148].

С.Исаев қосымшалардың сөздерді байланыстыра отырып, үстейтін мағыналары мен олардан туындайтын қызметіне қарай жіктемесін жасаған. Бұл жіктемеде форма тудырушы қосымшаларды, алдымен, *жұрнақтар* және *жалғаулар* деп, жалғауларды: *субстантивтік*, *субстантивтік-адвербиалдық* және *предикаттық* деп бөледі. *Субстантивтік* жалғаулар тек заттық мағынамен байланысты болады және өзге сөз таптарын заттандыру қасиетіне ие. Сол себепті С. Исаев субстантивтік жалғаулар қатарына *тәуелдік* жалғау мен *грамматикалық септіктерді* жатқызады. *Субстантивтік-адвербиалдық* жалғаулар заттық мағынаға қоса үстеулік мағына жасайды, яғни, үстеу тудырады және үстеудің қызметін атқарады. Бұл топқа көлемдік септіктер: барыс, жатыс, шығыс септіктері енеді [5, 230].

Дәл осылайша синтетикалық байланысқа түсетін, сөз тіркестеріндегі діңгек компонент болып табылатын кез келген сөз өзге сөздердің онымен байланысқа түсу дәрежесіне байланысты өзіндік семантикалық ерекшелікке ие болады. Қазіргі қазақ тіліндегі септік жалғау жүйесі көне түркі тіліндегі және қазіргі түркі тілдеріндегі септік жалғау жүйесімен сәйкес келуі заңды құбылыс саналады, өйткені олардың төркіні, қалыптасу кезеңдері, сипаты ортақ болып келеді, сондықтан қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде *атау*, *ілік*, *барыс*, *табыс*, *жатыс*, *шығыс* септік жалғауларының сыртқы тұлғалары да, мағыналары да, қызметтері де негізінен ұқсас. С.Исаев оны қазақ тіліндегі септік жалғау жүйесінің өте ерте кезде қалыптасып, сөз түрлендіру, парадигмалық сипаты, тұлғалық түрлері, әрқайсысының мағыналық шеңбері, сөйлемде атқаратын қызметі мен сөздер арасындағы грамматикалық қатынастары тұрақталып, кейін жекелеген түркі тілдерінде үлкен өзгеріске түспей

енгендігін байқатады деп есептейді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі **көмектес септігі** болып табылады [5, 92].

Сөйтіп, түркі тілдерінде септік жалғауларын *грамматикалық* және *көлемдік* септіктер деп екіге бөлуге болатын негіз: олардың білдіретін мағынасы, атқаратын қызметі, шығу, даму тарихымен бірге септік тұлғаларының сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөз тіркесінің типін құрау мәнінің ерекшелігінен де көрінеді. Э.В. Севортян түркі тілдерінде септіктер *грамматикалық* және *көлемдік* септіктерге шартты түрде бөлінегінін ескертеді, бұлай бөлуден бас тартуға да болады деп есептейді. Бұл екі топқа бөлінетін септік жалғаулары кейде *барыс-бағыттық* болса да, әрі грамматикалық, әрі көлемдік септік қатарында жүрсе де, өзіндік ерекшеліктері бары байқалады. Бұл – оларды грамматикалық және көлемдік септік деп екіге бөлудің ғылыми негізі барын білдіреді деп тұжырымдайды [6, 45].

Грамматикалық септіктерге *атау, ілік, табыс* септіктері, *көлемдік* септіктерге: *барыс, жатыс, шығыс* септіктері жатқызылады. Грамматикалық септіктер заттық мағынамен байланысты болып, бір ғана қызмет атқарса, көлемдік септіктер екі түрлі мәнде: заттық және адвербиалдық мәнде, екі түрлі қызмет атқарады; бірде зат есімнің грамматикалық көрсеткіші болып, жанама объектіні білдірсе, бірде өзі жалғанған сөзге бағыттық, мекендік, мезгілдік мағына қосып, пысықтауыш қызметін атқарады, осындай қызмет оларды «**көлемдік септіктер**» деп бөліп атауға негіз болады. С.Исаев септіктерді бұлайша бөлу кейбір түркологтардың еңбектерінде орын алғанымен, қазақ тілі морфологиясы бойынша зерттеулерде жалғасын таппағандығын көрсетеді [5, 96-97].

Э.В. Севортян септік жүйесіндегі бұл ерекшеліктермен қатар, көне түркі, көне ұйғыр, көне және жаңа өзбек ұйғыр тілдерінде *көлемдік* септік тұлғаларының есімдік сөз табында *грамматикалық* септік тұлғаларының үстіне жалғанатынын көрсете келе, осы аталған тілдер үшін *грамматикалық* септік тұлғаларының қалыптасуы – алғашқы, *көлемдік* септіктердің одан кейінгі құбылыс екендігін айтады [6, 50].

Бұны қазақ тіліндегі өзіндік үлкен ерекшелігі бар көмектес септігінің қалыптасу жолы арқылы түсінуге болады. Басқа түркі тілдерінде көмектес септігінің мағынасы көбіне септеулік шылау арқылы беріледі. Қазақ тіліндегі көмектес септік тұлғасы: **-мен, бен, пен** септеулік шылаудан қалыптасқан: **бірлән, білән** > *бінән, мінән, бынан* > *-мынан, -менен, -пенен* > **-мен, -бен, -пен** [5, 96-97]. С. Исаевтың пайымдауынша, «сыртқы тұлғасы жағынан бұл **мен, бен, пен** жалғаулық шылауларына ұқсас болғанымен, одан жасалмаған. Жалғаулық шылау мен септеулік шылау төркіндес болып, бір сөзден тарап, бөлек-бөлек қалыптасып, дамуы мүмкін.

Көмектес септік жалғауы кейін қалыптасып, септік жалғау жүйесіне кеш енді. Оның бұл ерекшелігін көмектес септік жалғауының сырт тұлғасы да аңғартады: *біріншіден*, сингармонизм заңына бағынбайды, жалғаулардың жуан буынды нұсқасы жоқ, *екіншіден*, дыбыс үндестігіне қарай нұсқалануы да ерекше... Көмектес септіктің осындай ерекшеліктері жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелуінен де көрінеді; көмектес септігі тікелей түбірге жалғанбайды: **мен + і + мен, сен + і + мен** т.б. Бұл жердегі түбір мен көмектес жалғауының арасындағы **-ны, -ні** тұлғасы ілік септік сөздің түбіріне ғана емес, ілік септік тұлғасына жалғанған болу керек деген тұжырым тудырады» [5, 92-93].

Бұл тұжырымнан септік жалғауларының қалыптасу үдерісі тарихының көріністері аңғарылады. Грамматиканың заңы бойынша, сөз түрлендіруші қызмет атқаратын қосымшалар сөзге бір рет жалғанады, бірінің үстіне бірі жалғанбайды, бұл олардың сөйлемдегі атқаратын қызметіне байланысты, грамматикалық мағына түрленгенімен, негізгі қатысымдық мағына шешуші рөл атқарады. Мысалы: *Бөгенбай батырдың қанталаған дөңгелек көзінен от шашырағандай жалт-жұлт етеді. Әйтсе де баптап-таптап сөйлеген сөзі мен ажар-әлпетінен аса сабырлы-салмақтылық аңғарылады. Ұзақтың әңгімесі аяқталысымен жұрт гуілдесіп кетті. Айтқаныңныңбәрі дұрыс. Екеуінің аузынан шыққан сөзді Жүсіп қағып алып, ерсілі-қарсылы аударып тұр (Қ. Жұмаділов).* Мұндағы бірінші сөйлемде шығыс септігі жеке сөйлем мүшесі бола алмайды, ол тұрақты тіркес құрамында тұр, ал екінші сөйлемде адамға тән «салмақтылықтың» нысанын көрсетіп, жанама толықтауышжасап тұр.

Бұдан қазақ тіліндегі көмектес септік жалғауынан басқа септіктердің қатысым әрекеті қажетіне орай функционалдық қызметтерінің сараланғаны, ал көмектес септігінің қалыптасу үдерісінде екендігі байқалады. Түркі тілдерімен шығу тегі бір бола тұра, қазақ тілі септік жалғаулары қалыптасуындағы бұл ерекшеліктер қазақ тілінің өзіндік табиғатын танытатын фактор саналады. Көмектес септігі көлемдік септіктерге қызметі жағынан ұқсас болғанымен, синтаксистік мағынасы жағынан ерекшеленеді, соған орай ол **құралдық септік** аталады.

Қазақ тілінің септелу жүйесі: *жай септеу* және *тәуелді септеу* болып бөлініп, оның септелудегі ерекшеліктері айқындалып, емлесі қалыптасып нормаға түскені де белгілі. Септелу жүйесінде қазақ

тілінің табиғатына қайшы келер жайт байқалмаған. Мысалы, жіктеу есімдіктерінің септелуі (*мен, ме+нің, маған, ме+ні, менде, ме+нен, мен+і+мен*), тәуелді септеудегі өзгерістердің (*добым, добым+ның, добым+а, добым+ды, добым+нан, добым+мен; добың+а, добы+на, добы+нт.б.*) себебі тарихи-семантикалық тұрғыдан түсіндіріліп келеді. Септік жалғауларының тіл иесі үшін үйлесімді, әуезді болуының себебі оның қазақ тілінің табиғатына сәйкестендіріле емлеге түсірілгенінен. Оған А.Байтұрсынұлы мұраларын қайта-қайта зерделеу арқылы көз жеткізуге болады.

А.Байтұрсынұлының септік жалғауларының емлесі турасында: «Қазақтың тілі «өзгерген тіл» деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де «қисық» деп айтуға жол жоқ: қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ»,– деп, сөзге **барыс** және **жатыс, шығыс** септіктерінің жалғану ерекшелігі туралы төмендегіше тұжырымдайды:

біріншіден, «малдай», «малда» деп жазған соң «малыдай», «малыда» деп жазсақ болмай ма деген сықылды... Сөздің ұшығы бірде дауысты дыбысқа тіркеледі, бірінде дауыссыз дыбысқа тіркеледі. Дауысты, дауыссыз дыбыстың ауанына қарай сөздің ұшығы да өзгереді. Қазақ бұл екі орнын да айырады. Тілдің табиғатынан қарағанда, қазақтың солай істеуі дұрыс: «мал»– «малдай» дегенде **«н»** жоқ; «малды»– «малындай» дегенде неге **«н»** қосылады? Әрине, «малы» деген сөздің аяғы дауысты дыбыс болғандықтан қосылып тұр. «Малы» дегеннен шыққан ұшықтарды «мал» дегеннен шыққан ұшықтармен бірдей істеу керек»,– десек, тіл табиғатына дұрыс келе ме? Сондай-ақ «бала», «ана», «ата», «мал», «нан», «ат» деген сөздердің бәріне де «-лар» бірдей болу керек» деген емес. Қазақта жазу-сызу болмаған соң жалғыз-ақ табиғаттың заңына ерген, сондықтан тілі азбаған»,– дей келе, көптік жалғауының **-лар, -дар** нұсқаларының қолданысын салыстырады: «малдар» мен «маллар». «Малдар» дегенде тілде кідіріс жоқ, тек жеңіл өте шығады, «маллар» дегенде, «тертеге оралған шыбыртқыдай тілімізді қайтып алуымыз қиын», өйткені қос дауыссыз тіл таңдайдың алдына тіреліп, ауыз қуысын бітеп тастайды. «Қамаудағы дыбыс пен ашықтағы дыбыс екеуі бірдей болмайды. Ашықтағы дыбыс ашық, көркем шығады, қамаудағы дыбыс ажарсыз шығады»[7,91-94],– деп, тіл әуезділігі дыбыстың артикуляциясы мен акустикасында екеніне назар аудартады;

екіншіден, қазақ тілінің табиғаты бойынша тәуелді септеудің үшінші жағына барыс және шығыс септіктерінің жалғануы туралы дәлелдерінде А.Байтұрсынұлы: «Табиғатына қарамай, жолға түсіру керек болса: «атасына» демей, «атасыға» деп жазу керек, «атасынан» демей, «атасындан» деп жазу керек. «Атасыға» деп жазған таталарды көрмеген соң біз де «атасынан» деп жазып жүрміз. ...Татарлар неге «атасыға», «атасыдан», «атасыдай» деп жазбай, «атасына», «атасындан», «атасындай» деп жазады? *Атасыға– атасыдан– атасыдай* деп жазса, түсінбес пе? Әрине, түсінеді, бірақ солай жазбайды. Олай жазса, татарша болмайды. Қазақ та солай: **-ның, -ны, -лар, -лық, -лы** орынсыз жерде келсе, ол сөз қазақша болмайды; жөнге тілдің өзі табиғаты тартуынша әрқайсысын өз орнына қойған»[7,94-95], – деп, тәуелді септеудегі барыс септігінің қалай жалғануы керектігін көрсеткен.

- 1) *атасы – атасыға – атасы+на*
аты – атыға – аты+на
қолы – қолыға – қолы+на
- 2) *атасы – атасындан – атасы+нан*
аты – атындан – аты+нан
қолы – қолындан – қолы+нан

Мұндағы үшінші қатар тіл «табиғаты қалауынша» қазақ тілінің заңдылығы екені анық, сонымен қатар тіл «табиғаты тартуынша» ол берік байланыс саналатын матасуды құрайды, дыбыс үндестігі жалаң емес, тәуелдік жалғауының үшінші жағы (**-ы/сы**) білдіретін меншік мағынасы да бар, ол заттың үшінші жақтағы субъектіге қатысын танытады. Ал қазіргі кезде «қазақша болмайтын», тіл табиғатын түсінетін жандардың құлағына түрпідей тиетін, жас ұрпақтың тілін бүлдіретін, әсіресе жасанды акцент жасап «сән» қуып жүргендерді мүлдем жатқылатын, қалыптасқан норманы бұзушылық байқалады:

біріншісі – жоғарыда аталған барыс, жатыс, шығыс септіктерінің қолданысы: *Елбасы+ға хат жолдады. Бірнеше отбасы+ға көмек берілді. Асуман ханым бүгін Рашидтің иарапханасы+на ән салады* («Гүллі ханым»). *Отбасы+да ойдың ала-құлалығы шығып қалмай ма?*

екіншісі – көмектес септігінің қолданысы: *Стоматологтер ассоциациясы+мен ұсынылған. Президенттің теле-радио кешені+мен әзірленген* (Тележарнама).

үшіншісі – шығыс септігінің қолданысы: *Ашуыңды мен+нен алдың* («Жүрек жарған»). *Сен+нен ұят болды* («Көңіл күй»).

төртіншісі - көмектес септігінің қолданысы: *Мен+і+мен ересің* («Жаужүрек мың бала»).

Бұлардың бәрі де БАҚ құралдарынан алынған.

Тілдегі *әлембейнесі* адамның сезім мүшелері қабылдайтын санасы арқылы түйсініп, ақпаратты өңдеу нәтижесінде түзіледі. Тіл – ақиқат болмыстың бейнесі, адамның әлем туралы білімінің қалыптасу, өмір сүру формасы. Әлем бейнесі – адам дүниетанымының басты элементі, шынайы болмыс туралы адамның түсінігі[3,18-19], одан әлемнің ұлттық бейнесі түзіледі. Тіл – сол ұлттық бейне көрінісі.Тіл иесі қоғаммен бірге азды-көпті өзгеріске ұшырайды, көп жағдайда ол «тіл табиғаты қалауынша», белгілі заңдылықтар бойынша жүзеге асады. Ол – *ықшамдау* құбылысы екені белгілі.

Осы құбылыстың бір ғана көрінісі – *барады ма? болады ма? келеді ме? т.с.с. Шаптарыңыз түседі ме? Олар үйге келінті ме?*Қазіргі кезде бұл жаппай қолданысқа айналып барады деуге болады. Ықшамдау құбылысының мақсаты – тіл әуезділігі, тілді қисынына келтіріп жұмсау. Жоғарыда келтірілген мысалдар актив қабатқа жатады, жастар күніне неше рет естіп, қолданылып жүр.А.Байтұрсынұлы: «Адам ана тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң тіл танытқыш кітаптардан оқиды. Онан әрі үлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып, өзі іс жүзінде иә ауызша айтып, иә жазып қолданумен біледі.Біздің қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды», – демекші, қазіргі ұрпақ кімнен үйреніп, тіл иесі болар екен?

А.Байтұрсынұлы сынды ұлт жанашырының: «Тілдің өзінің қойған орнынан басқа орынға қойса, онда ол қойғанымыз ол тілше болмайды. Ол тілше болмаған соң оның түбі тілді бұзу, өзгерту болады. Қазақ тілін өзгертіп, татар тіліне қосу болса, онда солай деп ашып айтарға керек. Емлесін қата десек, тастап бізге келер деген ой қата: ол – «жақсы мен жаманды, қисық пен түзудіайырарлық қазақта көз жоқ» дегендік болады», – деген сөзі бүгін қазақ аспанында жаңғырып тұрған тәрізді.

Әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер.- Алматы:Жазушы, 1989.-320 б.
2. Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы: Өнер, 2007.- 336 б.
3. Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы.-Алматы: Қазығұрт, 2014.-392 б.
4. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері.- Алматы: Арыс, 2007.- 488 б.
5. Исаев С. Қазақ тіліндегі сөздердің лексика-грамматикалық сипаты.- Алматы: Рауан, 1998. - 304 б.
6. Севортян Э.В. Фонетика турецкого литературного языка.-М.: Наука, 1955.-38 с.
7. Алаштың тілдік мұрасы.-Алматы, 2009.- 15-96-б.

Құрманбайұлы Ш.
ҚР ҰҒА корр. мүшесі,
филол.ғ.д., профессор

Ахмет Байтұрсынұлының аудармаларындағы балама сөздер («Қырық мысал» негізінде)

Ахаң туралы: «Сан салалы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы туған тілдің, туған мәдениеттің басында тұрды. Туған тілдің әдеби нормасын жасады. Бірде-бір бөгде тілдің сөзін қоспай, бірде-бір цитата келтірмей, таза, мөлдір тілмен өзі тапқан қисынды баламалармен «Әдебиет танытқышты» жазып шықты» – деп, Ахаң туған топырақта дүниеге келген қазақтың көрнекті ақыны Сырбай Мәуленов жазғанындай, оның қаламынан туындаған шығармаларының қай-қайсынан да қас зергердің қолынан шыққан әсем бұйымдай мінсіз, қисынды баламалар молынан табылады. Тіл, әдебиет зерттеушілері Ахаң жасаған атауларды сала-салаға жіктеп, ол жөнінде айтып та, жазып та жүр. Оның сөз тудыру шеберлігі мен қазақтың сөзжасам, терминжасам саласының дамуына қосқан үлесі, тәжірибесі туралы арнаулы зерттеу еңбектері де жазылды. Соған қарамастан, Ахаңның шығармашылығына үңілген сайын оның қаламынан туындаған өз заманының жаңа атаулары мен қолданыстары әлі табыла береді. Осының өзі біздің тіл мамандарының, Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығын зерттеуші ахметтанушылардың алдында әлі де ғалым мұрасын жан-жақты әрі терең зерделей түсу міндеті тұрғанын аңғартады.

Ұлт ұстазының соңына қалдырған мұраларының елеулі бөлігі – оның көркем аудармалары. Осы аудармаларында да кестелі сөз өрнегі, Ахаңа ғана тән айшықты қолданыстар мен ұлт ұғымына сай жасалған ұтымды баламалар бар. Тіл ғұламасының, сөз жасау шеберінің қаламынан жаралған ондай қолданыстарды, ол түрлеген әр сөзді елеусіз қалдыруға болмайды.

Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы аударған И.А.Крыловтың мысал өлеңдерінің бір тобы «Қырық мысал» деген атпен жеке кітап болып жариялануы алаш жұртының рухани өміріне серпіліс берген елеулі оқиға болғаны көпшілікке аян. Көркемдік деңгейі жоғары, тағылымдық мәні зор, ХХ ғасыр басындағы әдебиетімізден жеткен шоқтығы биік мұраларымыздың бірі – «Қырық мысал» көп

жыл қапаста жатқаннан кейін халқына қайта оралып, құнын жоймаған қалпында бүгінгі қазақ қауымының рухани қажетін өтеп жатыр. Біз төменде осы «Қырық мысалдағы» Ахаң туындатқан сол кезеңнің жаңа сөздері мен аударма авторының айрықша қолданыстары жөнінде сөз қоғамдық. Ал ол аударған А.С.Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармалары мен И.И. Хемницердің «Ат пен есек», орыс ақыны С.Я. Надсон өлеңдері – келесі әңгіменің арқауы. Сондай-ақ ғалымның Т.Шонанұлымен бірлесіп жазған «Оқу құралында» (1927) да авторлары көрсетілмеген бірқатар аудармалар бар. Олардың арасында да «Оқу құралының» авторларына тиесілі аударма мәтіндер болуы мүмкін. Бұл да – анықтауды, арнайы зерттеуді қажет ететін мәселенің бірі.

«Қырық мысалға» келер болсақ, Ахаң тәржімелеу барысында өз тарапынан орыс мысалшысының өлеңіндегі бірқатар сөздердің баламасы ретінде жаңа атаулар жасаған.

Ахмет Байтұрсынұлы осы әйгілі «Қырық мысалында» И.А.Крыловтан аударған «Пустынник и медведь» мысалының атауын «Кісі мен аю» деп аударды да өлең мәтінінде «пустынник» сөзінің қазақшасын «жеке-тақ» деп алады. Мысалдарға жүгінілік:

Жеке-тақ, жапан түзді қылды тұрақ...

Жеке-тақ қапаланды жалғызсырап...

Жеке-тақ әңгімеге жоқ кісі еді...

Сонда оған аю айтты: «Жеке-тақ жан!

Айттайын мен бір ақыл, құлағың сал!

Жеке-тақ жолдасының тілін алды...

Қорылдап ұйықтап кеткен Жеке-тақтың..

Ұрған тас дәлдеп тиді Жеке-таққа... [1, 56-57].

Берілген мысалдарда көрсетілгендей, Ахаңның «жеке-тақ» сөзін аударма мәтінінде алты рет қолдануы – оның бұл сөзді «пустынниктің» баламасы ретінде мақсатты түрде жасағаны еш күмән туғызбайды. «Діни наным-сенімдеріне байланысты адамдармен, айналасымен қарым-қатынастан бас тартып, адам аяғы жетпейтін шөл далаға кетіп, оқшау өмір сүретін адам» деген ұғымды білдіретін «отшельникпен» мағыналас «пустынник» сөзінің орнына Ахаң «жеке-тақ» деген жаңа сөз ұсынған.

Түпнұсқадағы сөз мағынасын негізге алып қарасақ, бұл сөзді жасаудағы Ахаң ойының қисынын пайымдауға болатын сияқты. Оның «жеке-тақ» сөзін «өз билігі өзінде, ешкімге бағынбайтын, өзін жеке тақтың иесі сезінетін адам» деген мағынаны тірек етіп ала отырып туындатқаны байқалады. Егер ол орыс тіліндегі сөздің тұлғасы мен сол «пустынник» атауынан туындайтын мағынаға сүйенгенде қазақ тіліндегі баламаны «шөл» сөзінен өрбіткен болар еді. Алайда оған бармаған. Ол «пустынник» атауының негізгі әрі жалпы мағынасын есепке алған. Орыс тіліндегі сөз бен оның қазақша жасалған баламасын байланыстырып тұрған ортақ сема – оқшаулану. Ахаң орыс сөзінің мағынасындағы «жеке кету, бөлектену» деген ұғымның негізгі белгілерін дөп басып ұстай білген. Ал айырмашылығы – орыс сөзінің мағынасында «елден безу, жұрттан жырақтану» ұғымы басты орында тұрса, қазақта ол жоқ. Ахаңда «жеке билік құрушы, дербестікке қол жеткізуші, дара өмір сүруші» деген ұғым алға шығып тұр. «Тақ» – қазақ ұғымында ең жоғарғы билік иесінің тұрағы, лауазымының, билігінің нышаны. Орыс православ шіркеуі мен дінтанушыларының жазғандарында, діни аңыздарында сонау IV ғасырда Мысырдағы шөлдің құдығындағы жыландар мен бақа-шаяндар өздері мекен еткен құдығын Иоанн әулиеге босатып беріп, ол сонда 30 жыл жеке иелік етіп ғұмыр кешкенін айтады. Преподобный Иоанн пустынник айдаладағы сол құдыққа жеке иелік еткені туралы баян етіледі. «Пустынник» ұғымының пайда болу түп-тарихына қарағанда, «Ахаң мәселенің осы жағына да үңіліп, «оқшау күн кешіп, жеке өзіне ғана билік жүргізетін адам» деген мағынаны сөзіне өзек етіп алған екен-ау» деген тұжырымға келіп тіреле бердік. Оның кез келген мәселенің беткі жағына, сыртына ғана мән беріп қоймай, әріден ойлайтын, ненің де болса астарына, түпкі жағына мән беретін терең ойлы тұлға екенін осыдан аңғаруға болады.

Әрине, тілімізде «тақ» сөзінің «жүппен алмасып келіп отыратын сан» дегеннен өзге «жеке, дара, жалғыз» деген ауыспалы мағынасы да бар екені мәлім. Ахаң «жеке» сөзімен мағыналас осы сөзді жұптастырып, «пустынниктің» баламасы ретінде «жеке-дара» сөзі сияқты «жеке-тақ» деген қос сөз жасаған деуге де болар еді. Мағынасы жағынан бұл екі сөздің бірігіп «пустынник» сөзіне балама болуға негізі жоқ дей алмаймыз. Тек екеуінің де сын есім болып, бір ғана мағынаны қайталап тұрғандығы олардың атауыштық қасиетін жоққа шығарып тұрғандай. «Бұл жерде Ахаң дефисті екі сын есімді біріктіріп, бір сөз табына айналдыру мақсатында қойды ма екен?» деген ой да туындайды. Алайда елден безудің арғы жағында «Құдайға ғана құлшылық ету, Жаратушыны ғана мойындау, адамдар жасаған заңдар мен олардың билігіне мойынсынбай, өз билігі өзінде болу» мағынасы жатыр. Сондай-ақ «жеке» және «тақ» деген екі сын есімді тіркестіруден гөрі «жеке» сын есімі мен «тақ» зат

есімін тіркестіріп немесе біріктіріп атау сөз туғызу әлдеқайда қисындырақ. Осы тұрғыдан келгенде, біз сын есім + зат есім үлгісімен жасалған «жеке так», «жекетак» атауы көңілге қонымдырақ деп пайымдаймыз.

И.Крыловтың «Пустынник и медведь» мысалын Ыбырай Алтынсарин де аударған. Ыбырай аудармасының ерекшелігі – ол мысал өленді қарасөзбен тәржімелеген. Аударма өте еркін жасалған. Оқиға желісі де түпнұсқамен сәйкесе бермейді. Ұлы ағартушы бұл мысалдың атауын да өзінше өзгертіп, «Ақымақ дос» деп береді.

«Бұлбұл мен есек» («Осёл и соловей») мысалының аудармасында мынандай жолдар бар:

Мақтаулы бар зой әнпаз әрбір тұста.

Солардың баршасы да әдемі әнге

«Тауықтың айғырындай емес ұста [1, 34].

Осы өлең жолдарында Ахаң «певец» сөзінің баламасы ретінде «әншіні» емес, Абай өлеңдерінде қолданылған «әсемпаз», «өнерпаз» сөздерінің үлгісімен **-паз** кірме жұрнағын жалғау арқылы жасалған «әнпаз» сөзін қолданады. «Бұл сөзді Ахаң жасады» деп кесіп айту қиындау. Алайда оған дейінгі авторлардан, XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген әдебиеттерден «әнпаз» сөзін кездестірмедік. 1913 жылы жазылған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Өлең һәм айтушылар» атты мақаласында «Маған салса, майы тамып тұрсын, әнсіз құр өлеңмен жақсылық сездіргенің сол, жұртты өздеріңнен бездіріп аласың. Соның үшін бізден басқа бақытты, талайлы жұрттардың әнпаздары өнегелі өлең, үлгілі тақпақтарды жаттап алады» және «Өлең айтушы әнпаз адамдарды жұртқа есерсоқ деп көрсетпей, «есті» деп қадірлі етіп көрсетуге тырысу керек» деген сөйлемдерінде «әнпаз» сөзі екі рет қолданылған [2]. Міржақып Дулатов та «Адам баласы да солай. Жұрттың бәрі шешен, әнпаз, ақын, данышпан болып туа бермейді», – деп, 1914 жылы жазған. 1911-1915 жылдары жарық көрген «Айқап» журналы мен басқа басылымдарда «әнпаз» сөзі қолданылады. Ал Аханьның «Қырық мысалы» 1909 жылы осылардың бәрінен бұрын жарық көрген. Бізге белгілі деректер бойынша, сөз қолданысына хронологиялық тұрғыдан қарағанда Ахаң бәрінің алдында тұр. Сол себепті оның бұл сөздің авторы болуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды.

Тілімізде «шегірткенің айғырындай», «суырдың айғырындай» деген қолданыстардың бар екені белгілі. Ал И.Крыловтың осы мысалындағы «петух» сөзінің орнына Ахаң «тауықтың айғыры» деген жаңа тіркес қолданады. Әтешті «тауықтың айғырындай» дегенді Ахаңнан өзгеден кездестірмедік. Ол «петухты» дәл аударып, «әтеш» дей салмай, түпнұсқадағы «А жаль, что незнаком Ты с нашим петухом» деген жолдарды қазақ оқырманына одан да әсерлі, мысқылға, иронияға толы етіп жеткізген.

«Маймыл мен көзілдірік» («Мартышка и очки») мысалында «Ашу мен жарымдықтан пайда бар ма?» деу арқылы ол «невежда» сөзін «білімсіздік», «надандық» демей, оған балама ретінде «жарымдық» сөзін қолданады [1, 46].

Тіліміздегі «надандық» сөзі «білімсіздік, қараңғылық» деген мағынаны білдірсе, тіл білімпазы қолданған «жарымдық» сөзінің семантикасында «кемтарлық, ғаріптік, мүгедектік, жарымжандылық, жарыместік» деген мағына жатыр. Ұлы ағартушы-ақын қазаққа білімсіздіктің, қараңғылықтың қаншалықты ауыр кесел екендігін барынша ұғындыра түсу үшін бұл сөзді мақсатты қолданғаны көрініп тұр. Ол орыс мысалшысының өлеңіндегі маймылдың надандығын, қараңғылығын қазаққа кемтар, ештеңеге жарамсыз, масыл бейнесінде жеткізеді. С.Торайғыров қараңғылықпен «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып Күн болам» – деп күресе, ағартушы-ұстаз Ахаң халқына білімсіздіктің нағыз кемтарлық екенін мықтап ұғындырғысы келеді. Өз қаламынан туған шығармасы, аудармасы арқылы мәселені бұлай қоюы, елді білім алуға үндеуі – ұлы ағартушының өмірлік мақсатына, азаматтық ұстанымына, ұлт ұстазының міндетіне толық сәйкес келеді.

Ахаң «Қасқыр мен мысық» («Волк и кот») мысалындағы Степан, Васька, Демьян, Клим, Трофим сынды кісі есімдерін сол қалпында алмай, олардың орнын *Қоянкөз, Құрамыс, Көпберген, Қисықбас* есімдерімен алмастырады. Мысалды қазақ топырағына бейімдеп, қазақ ұғымына сәйкестендіреді. Сөз болып отырған мысалда «Зарардан басқа нәрсе істедің бе?» және «Зараргер жұртқа тегіс болып әбден» деген жолдар бар [1, 66]. Ахаң «зиян келтірдің» демей, «зарар» сөзін қолданумен қатар, «зараргер» деген жаңа сөз жасайды. «Зараргер» сөзін ол «вредитель» сөзінің баламасы ретінде ұсынады. Аударма мысалда бұл сөз қазіргі кезеңде жиі қолданылатын «зиянкес» мағынасында жұмсалады. Осы мысалды түйіндейтін «И правы, – сам себя вини: Что ты посеял – то и жни» деген жолдарды «Не ексең, соны орасың» деген сөз бар, Ор енді егініңді піскенінде!» деп өте дәл де, ұтымды аударады.

Ағартушы-ақын И.Крыловтың «Лиса и крестьянин» атты мысал өлеңін «Түлкі мен қарашекпен», «Крестьянин и овца» мысалын «Қарашекпен мен қой» деп аударады. Алдыңғы өлеңде «Жолығып, айтты бір күн Қарашекпен», «Сөйлейді сонда тұрып Қарашекпен» десе, кейінгі өлең мәтінінде де

«Шакырды Қарашекпен қойды сотқа» түрінде «крестьянин» сөзі «қарашекпен» түрінде алынады. Қазақ орыс крестьяндарын «қарашекпен» деп атағаны белгілі. «Қарашекпен» сөзі ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әдебиеттерде де кездеседі. Бұл сөзді Абай да қолданған. Оның 1898 жылы И.Крыловтан аударған мысал өлеңі «Қазаға ұрынған қарашекпен» («Крестьянин в беде») деп аталатыны белгілі. Бұл деректер «қарашекпен» сөзінің қазақтың жазба тіліне де еркін енгенін, ХХ ғасыр басындағы алаш оқығандары да оны жатсынбай қолданғанын көрсетеді. Оны Ахаң шығармашылығы да айғақтап тұр.

Осы өлеңнің мына төмендегі бір ғана шумағында бірнеше жаңа атау кездеседі:

Түлкі екен судьясы теңшіл деген,

Атақтан сау емес ед жемшіл деген.

Бір күні талапкер мен жауапкерге

Шақыру қағаз шықты «келсін» деген [1, 74].

Түпнұсқаға өз тарапынан қосып, еркін аударылған бұл шумақтағы «теңшіл» сөзін ол орыс тіліндегі «беспристрастный», ал «жемшілді» «взточник» сөзінің баламасы ретінде қолданғаны байқалады. Соңғысының орнына қазір «жемқор», «парақор» сөздері жиі қолданылатыны мәлім. Ал алдыңғы «теңшіл» сөзін «екі жаққа да тең қарайтын, теңдікті сүйетін, ешкімді бөліп-жармайтын әділ» мағынасында жұмсаған.

«Запрос ответчику, запрос истцу» деген жолдардың осы мысал өлеңде «Бір күні талапкер мен жауапкерге» деп аударылуы – бүгінгі күнге дейін заң, құқықтану терминологиясында қолданылып жүрген терминдердің қайдан бастау алып жатқанын, оларды кім жасап, алғаш қолданысқа қалай түскенін көрсететін жарқын мысал. «Талапкер» сөзі осы мысал өлеңнің «Талапкер Мұжық айтты», «Терісімен талапкерді риза етіп, Ап келіп тапсырыңдар, етін сотқа» [1, 75] деген жолдарында тағы да екі рет қолданылады. Ал жоғарыда мысалға келтіріліп отырған шумақтағы «шақыру қағаз» тіркесі сотқа шақырылғандығын білдіретін «повестка» сөзінің баламасы екенін бағамдау қиын емес. Бұл мысалдардан ұлт тілінде жасалған терминдердің көркем мәтінде, поэзия тілінде еш қиындықсыз ұйқасып, қосымша түсініктемесіз-ақ жұмсалуды бейім болатынын аңғару көп ізденісті қажет етпейді.

И.Крыловтың «И приговор Лисы вот, от слова до слова» деген өлең жолдары Ахаңда «Ал сонда Түлкі қалай хүкім етті» [1, 75], – деп келеді. Мұндағы «хүкімнің» бастапқы бір әрпі түсіріліп, «приговор» терминнің баламасы ретінде қолданылып жүрген қазіргі «үкім» сөзі екені баршамызға белгілі. Яғни, қазіргі терминологиямыздағы қолданысы әбден орныққан «үкім» сөзі де бізге Ахаңдардан жеткен. «Жарлы бай» мысалында «әмиян» мен «шилан» сөздеріне аудармашы-автордың «ақша салатын ыдыс» деп түсініктеме бергеніне қарағанда, бұл атаулардың да ХХ ғасырдың басындағы қауымға түсініксіз Ахаң тарапынан түпнұсқадағы «кошелёкке» балама ретінде ұсынылған жаңа атаулар екенін көрсетеді. Оның үстіне И.Крыловтың бұл мысалын дәл осы атпен Ахаңа дейін тәржімелеген Абай аудармасында «кошелёк» орнына «дорба» сөзінің қолданылуы да соған дәлел бола алады. Жүсіпбек Аймауытов 1924 жылы «Ақ жол» газетінде жарық көрген «Күмәжнек» әңгімесінің атауын, жақша ішіне «әмиэн» деп берген. Бұл да – «әмиян» сөзінің жаңа екендігін айғақтап тұр. Ж.Аймауытов орыс классигі – А.Чеховтың «Бумажник» әңгімесіндегі оқиға желісін жалпы сақтағанымен, өз тарапынан едәуір өзгеріс енгізген. *Смирнов, Попов, Балабайкин* деген үш кезбе актердің орнына ол *Қойбағар, Түнқатар, Майталау* деген үш жолаушы жігітті алады. Мәтін мейлінше еркін түзілген. Өз тарапынан алып-қосқан тұстар аз емес. Бұл әңгімені «аударма» демей өз сөзімен айтқанда «Чеховке еліктеп» деуінде үлкен мән жатыр.

«Пруд и река» мысалының атауын Ахаң «Өзен мен қара су» деп аударыпты. «Пруд» атауының баламасы ретінде ол «қара су» сөзін қолданған.

И.Крыловтың қырық мысалы қазіргі заманда орыс тілінен қазақшаға аударылса, оның ішінде құрығанда орыстың қырық сөзі кездесе, еш таңғалмаған болар едік. Ал Ахаңда бар болғаны аударылмай алынған екі-ақ сөз, дәлірек айтқанда, бір-ақ сөз кездеседі. Ол – «Өзен мен қара су» мысал өлеңіндегі «план» сөзі. Қазіргі қолданысымыздағы – жоспар. Ахаң: «Планда орынды да көп алмаймын», –депті. «План» сөзін ол «По карте не тянусь я через целый лист» деген өлең жолындағы «карта» сөзінің орнына қолданыпты. Ал екіншіге жатқызбай отырған сөзіміз – «сөтке». «Иттің достығы» мысалындағы «Бір сөтке татулық жоқ арамызда» деген жолдардағы «сөтке» сөзін Ахаң өзі айтқандай «қазақтың шапанын жауып, тымағын кигізіп» қазақы кейіпке келтіріп алған. Бүгінде бұл сөз тілімізде «тәулік» түрінде немесе ол қабылдаған қалпында «сөтке» деп те қолданылып жүр.

Орыс сөздеріне қарағанда, Ахаң аударған мысал өлеңдерде мағыналық-дыбыстық ерекшеліктері көзге бірден шалынатын *аслан, жиһад, жәһид, жәһидтенді (ниеттенді), михнат, фаһам, хүкім, һәр, һәман* сияқты араб сөздерінің қарасы көбірек ұшырасады.

«Бұлбұл мен есек» және «Шал мен жұмыскер» мысалдарына жасаған өз түйінінде «Көзі тар, көңілі соқыр жамандардың», «Көзі тар, көңілі соқыр надандарға!» деген жолдардағы «көзі тар» тіркесі де көңіл аудартады. Тіл ғұламасының бұл тіркесті «аяғының астынан өзгені көрмейтін, айналасын, алысты болжай алмайтын» деген мағынада қолданғаны байқалады. Сондай-ақ «Қырық мысалдағы» *ауырмалдық, замалдас, қайсарып, қоршалап, тауықшы, хана* сөздерінің мағынасы оқушыға түсінікті болса да, қолданысы ерекше.

Ахаң түрлеген ана тіліміз оның алашына қалдырған асыл мұрасына мұқият үңілген сайын тағы да байып, түрлене түсеріне еш күмәніміз жоқ. Бұл тұрғыдан келгенде, Ахаңның шығармашылығын, оның еңбектерін әлі де жан-жақты зерттеу қажеттігі еш дау туғызбайды. Халқына қалтқысыз қызмет етіп, сөз сырына, тіл табиғатына терең бойлай білген ғұлама ғалымның құнды мұрасын аса ыждағаттылықпен зерделеу әр ахметтанушы маманның алдындағы зор міндет болып қала береді.

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. I. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. 56-57-б.
2. Торайғыров С. Толық шығармалар жинағы. - 2-том. - Алматы: Ғылым, 1993.

Ермекова Т.
филол.ғ.д., ҚазМемҚызПУ профессоры

А. Байтұрсынұлы мұрасына заманауи көзқарас

Ел тәуелсіздігі үшін күрескен ұлт қайраткері, қазақ руханиятының көсемі – А. Байтұрсынұлының есімі қазақ әліппесі мен грамматикасының, терминологиясының және әдебиет теориясының негізін қалаушы ғалым, ақын, жаңашыл педагог-реформатор, саясаткер, аудармашы, фольклорист, журналист, публицист, сондай-ақ композитор ретінде елімен қайта қауышқан сәтте ұлт зиялылары: «Ахмет Байтұрсынұлының ел үшін еткен еңбегі Үндістандағы Махатма Ганди, Қытайдағы Сун-Ятсен сынды ұлт-азаттық қозғалыс көсемдерінің қызметінен бір де кем емес», – деп баға бере бастады [1]. Біздіңше, әділетті баға. Гандидің де, Сун-Ятсеннің де елі үшін еткен еңбегі мен қайраткерлік қызметін жарыса жазған, ұлықтаған, әлемдік деңгейде атын асқақтатқан – алдымен, шетелдіктер емес, өз отандастары, тарихшылар мен зерттеушілер, журналистер мен зиялы қауым. Олай болса, ел тәуелсіздігі мен ұлт болашағы үшін өмірін қиған алаш зиялыларының еңбегін әлемдік деңгейде насихаттау – бүгінгі зерттеушілер еншісіндегі абыройлы іс болмақ. Әрине, алаш зиялыларының мұрасын зерттеуде біраз іс атқарылды, қыруар архивтер ақтарылып, талай шындықтың беті ашылды, қоғамдық-саяси қызметіне баға беріліп, кітаптары қайтадан жарияланды, есімдері оқулықтарға енгізіліп, кездесулер мен басқосулар, түрлі конференциялар ұйымдастырылуда. Бірақ соның бәрі тек ел ішінде, ары кеткенде ТМД көлемінде ғана. Тәуелсіз мемлекетіміздің абырой-беделі артып, әлем жұртшылығының назары «Қазақстан» деген асқақ абыройға ұмтылған елге ауып тұрған қазіргі кезеңде «ұлт қайраткерлерінің еңбегін, мұрасын зерттеу ісі жаңа биікке көтерілуі тиіс» деп санаймыз.

Қазақ лингвистика ғылымының көшбасшысы – Ахмет Байтұрсынұлының артында қалдырған мол мұрасының ішінде синтаксис ғылымына қосқан үлесі қандай? Алдымен, қазіргі нормативті және академиялық грамматикаларда қолданылып жүрген синтаксис терминдерінің 90 пайызы – Ахаң енгізген төлтума атаулар (*сөйлем, сөйлем мүшелері, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, нысықтауыш, қыстырма сөздер, қаратпа сөз, жалаң сөйлем мен жайылма сөйлем, толымды, толымсыз, болымды, болымсыз, сұраулы, лепті сөйлемдер, құрмалас сөйлемдер мен оралымды сөйлемдер* т.т.). Академик Р. Сыздықтың сөзімен айтсақ: «Бұлардың барлығы дерлік – қазақ сөзінің не байырғы мағынасын жаңғырту (өзгерту), не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген атаулар, көбі жасанды сөздер. Сонылығына, жасандылығына қарамастан, әрқайсысы сол атап тұрған тілдік категорияны дәл білдіретін термин («пән сөзі») болып шыққан. Бұлардың өте сәтті жасалғандығын күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі дәлелдейді [2, 21] Екіншіден, олардың грамматикалық сыр-сипаты мен түрленіміне қатысты айтқан пікірлері де қазіргі грамматикадағы талдаулардан да алшақтап кете қойған жоқ. Үшіншіден, ғұлама дарынның айтқан пікірлері кемеліне келген қазақ тіл білімінің қазіргі шағындағы жаңа бағыттағы зерттеулер аясында негізгі қайнаркөз ретінде танылуы да кездейсоқтық емес.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тіл білімінің грамматика саласы құрылымдық аспект аясынан шығып, бастауында еуропалық ғалымдар тұратын жаңа бағыттарға – антропоцентристік парадигма аясындағы функционалды грамматика мен коммуникативті грамматикаға, онымен астарлас

прагматика мен дискурстық зерттеулерге ден қоя бастады. Мұндай зерттеулердің алдыңғы легінде формалды грамматиканы функционалды-коммуникативті грамматикаға ұластыра зерттеген Прага лингвистикалық мектебінің тұрғаны жасырын емес. Құрамында В. Матезиус, Б. Трнка, Б. Гавранек, Й. Вахек, Я. Мукаржовский, кейінірек В. Скаличка, Й. М. Коржинек, П. Трост және Мәскеу университетінің тәлімгерлері – Н. С. Трубецкой, Р. О. Якобсон, Женева мектебінің өкілдері кірген бұл мектептің лингвистика тарихында алатын орны ерекше. Аталған мектептің құнды идеяларының бірі сөйлемді функционалды-коммуникативті грамматика ұстыны негізінде талдаудан туған сөйлемнің актуалды мүшелену теориясын енгізуі. Басты қағида – сөйлемнің грамматикалық құрылымының функционалды мүмкіндігі тұрғысынан «т е м а» және «р е м а ғ а» мүшеленуі [3]. В. Матезиустың анықтамасы бойынша, тема – «это исходная точка [или основа] высказывания», дәлірек айтсақ, сөйленістің бастапқы бөлігі, Ахаңша айтсақ, бастауышы. Ал рема – «то есть то, что говорящий сообщает об исходной точке высказывания» немесе бастапқы бөлімде айтылған жайт туралы сөйлеушінің хабарлауы, А. Байтұрсынұлы терминімен айтсақ, баяндауышы. Тіл табиғатын терең түсінген сұңғыла ғалым сөйлемнің бастауышы мен баяндауышын анықтауда оның формальді белгілерін гөрі сөйлеу ағымындағы маңызына, қазіргі лингвистикалық түсінік бойынша, «сөйлемнің актуалды мүшеленуіне сүйенген» деп айтуға толық негіз бар. Әрине, Ахаң «Тіл – құрал» еңбегінде: «Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері екеу: 1) бас мүше, 2) баяншы мүше. Бас мүше дейміз – сөйлем ішіндегі сөздер байланатын қазық сөзін, сөйлем иесін. Жеңілдік үшін бас мүше – бастауыш деп, баяншы – баяндауыш деп аталады», – дейді. Бірақ бастауыштың үнемі сөйлемді бастап тұратын мүше емес екендігін Ахаң жақсы білген. Оны 1925 жылы Қызылорда қаласында басылып шыққан «Тіл–құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» еңбегінде өзі келтірген төмендегі мысалдары да дәйектейді: *Берерменге бесте көп, аларманга алты да аз* [4, 269]. *Ас қадірін ашыққан білер, ат қадірін асыққан білер* [4, 287]. *Қаратаудың басынан көш келеді* [4, 290] т.т. Ахаң келтірген мысалдардағы *бес, алты, асыққан, ашыққан, көш* бастауыштарының бірі де сөйлемді бастап тұрған жоқ. Өзі бас мүшеге анықтама беруде қолданған, сондай-ақ өзге түркі тілдерінде бастауышқа терминдік атау ретінде телінген *ие* сөзі де алынбады. Салыстыру үшін өзге тілдердегі осы ұғымның терминдік аталымына назар аударайық:

1-кесте. Бастауыш пен баяндауыштың өзге тілдердегі аталымы:

тілдер	терминдік аталымы	
қазақ	бастауыш	баяндауыш
өзбек	<i>эга</i>	<i>кесим</i>
қырғыз	<i>ээ</i>	<i>баяндооч</i>
түрікмен	<i>еуе</i>	<i>habar</i>
орыс	подлежащее	сказуемое
ағылшын	subject	predicate

Өзге түркі тілдеріне бастауышқа терминдік аталымға негіз ретінде *ие* лексемасының алынуы сөйлемнің логикалық табиғатын танудан туса, орыс тіліндегі *подлежащее* атауы таза құрылымдық аспектіден баяндауыштың сөйлемдегі негізгі құрылымдық орталық екендігін, ал бастауыштың оған бағынышты мүше екендігін көрсетуден туындаған. Ал баяндауышқа атау беруде барлық тілде жақындық байқалады, бұл – оның коммуникациядағы негізгі ақпарат беру табиғатын танудан болса керек. Олай болса, Ахаң сөйлеу ағыны арқылы берілетін сөйлемде ақпараттың екі бөлігі – бастапқы бөлікте белгілі жайт пен жаңа ақпарат – баяндауышта шоғырланатынын байқаған. Сондықтан да А. Байтұрсыновтың сөйлемнің бас мүшелеріне атау беруде сөйлемді актуалды мүшелену теориясының ұстанымдарын негізге алуы ғалымның лингвистикалық түйсігінің еуропалық ғалымдармен деңгейлес болғандығын көрсетсе керек.

Француз лингвисті Э. Бенвенист енгізген «тілдегі субъектілік» теориясының мәні «сөйлеуші «мен» арқылы тілді өзіне түгелдей меншіктейді» деген тұжырымға саяды [5]. А. Байтұрсыновта айтылған «басым жақ» идеясының төркіні де осы тұжырымға алып келеді. Дискурс теориясына апарар алтын қақпа секілді бұл тұжырымдарды Э. Бенвенист өткен ғасырдың 60-жылдарынан кейін жазғанын ескерсек, А. Байтұрсынұлы идеяларының одан қаншама жыл бұрын туындағанын атап өтпеуге болмайды.

А. Байтұрсынұлы «Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты еңбегінде сөйлем түрлеріне қатысты түсінік береді: «Сөйлемдер арасында екі түрлі жақындық болады. Бірі – ішкі, бірі – тысқы. Ішкі жақындық – мағына жүзіндегі жақындық. Мағына жақындығынан басқа жақындық жоқ сөйлемдер «іргелес «деліп, мағына жақындығынан басқа қисын жақындығы бар сөйлемдер

«құрмалас» деп аталады» [4, 280-291]. Автор іргелес сөйлемдерге: 1) *Күн ашық. Торғайлар шат. Бің-жың орман.* 2) *Күн кеш болды. Ат болдырды, ел көрінбеді. Батыр сасайын деді* сияқты мысалдарды келтіре отырып, мұндай сөйлемдердің алғашқы тобында арасында жақсы күннің жайын сөйлеген ой іргесінің; ал екінші мысалға алынған сөйлемдер аралығында кеш уақытта болған уақиға жайын сөйлеген ой іргесінің ғана біркелкілігі бар екенін ескертеді. Байқап қарасаңыз, Ахаң жай сөйлем табиғатын тануда нүктеден нүктеге дейінгі аралықты алып тұрған жоқ. Орыс лингвистикасына М.А. Пешковский, Ф.И. Буслаев т.т. ғалымдар арқылы енген «сөйлем табиғатын тануда одан да ірі бірліктер арқылы зерттеу» идеясынан туындаған күрделі синтаксистік тұтастық пен мәтін теориясына апарар идея жоғарыдағы жолдардан айқын көрініп тұр.

Автордың құрмалас сөйлемді тану принципі мүлде басқаша. Тіл біліміндегі қалыптасқан үстем теория «құрмалас сөйлемдер – жай сөйлемдер эволюциясының нәтижесінде қалыптасқан дербес бірлік» деген қағидаға мүлдем үйлеспейді. Автордың сөйлемдер деп отырғаны – дербес сөйлем емес, контекстегі, мәтіндегі сөйлемдер. Ұзақ жылдар бойы құрмалас сөйлем теориясындағы көптеген түйткілді проблеманың өзі оны мәтіннен, контекст аясынан бөліп қараудан туындағанын А.Байтұрсынов еңбектерін қайта парақтау арқылы түсінуге болады.

Құрмаластарды өз ішінде «сыйыса құрмаласу» және «қиыса құрмаласу» деп бөліп қарастырады. Автордың «сыйыса құрмаласу» деп берген сөйлемдері (*Қарабай мен Сарыбай аңға шықты. Екі дос бірін-бірі сүйді, құшты*) қазіргі замандағы тілдік таным тұрғысынан талдағанда, «бірыңғай мүшелі жай сөйлем» деп танылғанымен, аталған сөйлемнің оны құрмалас сөйлеммен барабар ететіндей әлдебір тілдік заңдылықтың негізінде қалыптасқандығын жоққа шығара алмаймыз (салыстырыңыз: *Қарабай аңға шықты, Сарыбай аңға шықты. Екі дос бірін-бірі сүйді. Екі дос бірін-бірі құшты*). Тілдегі қалыптасқан тұжырым бойынша, сөйлемнің бірыңғай мүшелері сөйлем іргесін кеңейтуші фактор ретінде саналып келсе, Байтұрсыновтың «сыйыса құрмаласуы», керісінше, бірыңғай мүшелі жай сөйлемдердің құрмалас сөйлем компоненттерінің ықшамдалу үдерісінің нәтижесінде пайда болу мүмкіндігін айқын көрсетіп тұр.

Қиысқан құрмаластарды «салалас», «сабақтас» деп жіктеп, салаластарды мағынасына қарай «жайылыңқы» (*Үлкен бастар, кіші қостар*), «қайырылыңқы» (*Мен бардым, сен үйде болмадың*), «айырыңқылы» (*Не сен тұрасың, не мен тұрамын*), «сұйылыңқы» (*Сабыр түбі – сары алтын: сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұятқа*) және «қойылыңқы» (*Не өгіз өлер, не арба сынар, екінің бірі болар*) деп бөлсе, сабақтастарды «бастауыш бағыныңқылы», «анықтауыш бағыныңқылы», «толықтауыш бағыныңқылы», «мезгіл пысықтауышының бағыныңқысы», «мекен пысықтауышының бағыныңқысы», «сын пысықтауышының бағыныңқысы», «себеп пысықтауышының бағыныңқысы», «мақсат пысықтауышының бағыныңқысы», «шартты бағыныңқы», «ереуіл бағыныңқы» деп бөледі. Кейіннен қазақ лингвистика ілімінің саңлақтары – Қ. Жұбанов пен Н.Сауранбаевтың ілгері дамытуы нәтижесінде аталған жіктелім сол кездегі өзге түркі тілдерінің грамматикасын түзуге де ықпал етті. Айталық Н.З.Гаджиеваның әзербайжан тіліндегі, А.Н. Баскаковтың түрік тіліндегі, Е.И. Убрятованың якут тіліндегі, Л.А. Покровскаяның гагауз тіліндегі құрмалас сөйлемдерді жіктеуіне [6] негіз болған, бірақ құрылымдық грамматика үстемдік құрған кезде шеттетілгенімен, қазіргі функционалды-коммуникативтік грамматиканың аясында қайта оралған Ахаң бастаған ғалымдар ұсынған бұл жіктелім тілдің синтаксистік жұмсалымдық табиғатын танытатын классификация екендігін танытып келеді.

Қысқасы, А. Байтұрсынов мұрасы – аршыған сайын олжаға кенеле беретін қазынасы мол көмбе іспетті. Ал бұл олжаның мұрагерлерінің бірі – қазақ лингвистері. Қазіргі қоғам назарын қазақ әдебиеттану ғылымының алыбы, академик З. Қабдоловтың Ахмет Байтұрсынұлының таным тереңдегіне бойлай айтқан мына сөзіне аударғым келіп тұр: «Ахаң көзінің тірісінде өзге халықтардың бірде-бірінің тіліне таңғалған жоқ; қазақ тілінің байлығын, сұлулығын, икемі мен мүмкіндігін қазақ еместердің бірде-бірінің тілінен артық болмаса, кем көрген жоқ; өзге тілдердің қай-қайсысында қандай қиын сөз болмасын, қазақ тілінде оның баламы болмауы мүмкін емес деп білді және өзінің осы ұғымын іс жүзінде дәлелдеп кетті» [7, 67-68].

Шағын мақаланың мақсаты – ауылдан шыққан қазақ ұлының ғылыми зердесі еуропалық озық университеттерді тамамдаған, есімдері әлем лингвистеріне кеңінен танымал шетел ғалымдарынан бір мысқал да кем болмай, тіпті кейбір пайымдаулары олардан уақыты жағынан озық екендігіне ғылыми қауымның назарын бұру. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ лингвистика ғылымының дәстүрлі салаларының негізін қалаушы ғана емес, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында «жаңа бағыт» деп танып, «америкалық, еуропалық ғалымдар негізін қалады» деген когнитивті лингвистика, функционалды және коммуникативті грамматика, этнолингвистика мен линвомәдениеттану, лингвоэкология мен лингводидактика т.т. салалардың да көшбасшысы. Оның

әдебиеттану мен көркем әдебиетке, аударматану мен публицистикаға қосқан үлесі де бүгінгі күн мінберінен қарағанда, әлемдік үрдістерден кейін қалмағандығын көрсетіп отыр. Бірақ есте ұстайтын бір мәселе: А. Байтұрсынұлының өткен ғасыр басындағы өтпелі кезең, жаңа формация кезіндегі сан салалы қызметі оның филологиялық еңбектерінің тасасында қалмауы тиіс. Елі мен халқы үшін аянбай қызмет еткен Ахмет Байтұрсынұлы сияқты тұлғаны еске алуға қатысты шараларды филологтерге, оның ішінде лингвистерге ғана еншілей салуға болмайды. Оның ел мүддесі үшін жасаған көп тарапты қызметі, жанқиярлық еңбегінің мәні мен маңызы көпәспектiлi кешендi талдауды қажет етедi. Ахаң айтқан «олжалы жерде үлестен қағылмай, ордалы жерде орыннан қағылмай, жоралы жерде жолдан қағылмай» идеясы қазіргі кездегі тәуелсіз қазақ елінің басты ұстанымымен үйлесіп тұрған жоқ па? «Өрге басқан өзге жұрттың қатарынан қалыспау» идеясы Елбасы ұсынған «Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі» мақсат-мұратпен үндесіп тұрған жоқ па? Ендеше, қазақ руханиятына, ел тағдырына зор үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлын өз ортамызда танып қою жеткіліксіз, оның есімін әлемге әйгілеу – ұрпақ парызы.

Әдебиет:

1. Сағадиев К. 25.11. 2010. <http://www.inform.kz/kaz/article/2325838>
2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов (өмірі мен қызметі туралы) // Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Матезиус В. О так называемом актуальном членении предложения // Пражский лингвистический кружок: Сборник статей. - М.: Прогресс, 1967. - С. 239-245
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.
5. Бенвенист Э. Общая лингвистика. - М., 1974.
6. Гаджиева Н.З. Типология придаточных предложений в современном азербайджанском языке // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Синтаксис. - Москва: Изд-во АН СССР, 1953. Баскаков А.Н. Предложения в современном турецком языке. - Москва: Наука, 1984. Убрятова Е.И. Исследования по синтаксису якутского языка. Сложное предложение. - Новосибирск: Наука. Сибирское отделение, 1976. Покровская Л.А. Синтаксис гагаузского языка в сравнительном освещении. - Москва: Наука, 1978.
7. Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996.

Асқарбекова Н.

ҚР Ұлттық кітапхананың Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімінің бас маманы

ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек қорындағы Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы

1931 жылы Мемлекеттік көпшілік кітапхана құру туралы Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің қаулысы қабылданды. Сол жылдарда жазба ескерткіштерді, әсіресе ғасырлар қойнауынан жеткен қолжазбаларды, көне баспа кітаптарды бір жерге іріктеп, жинақтап, оларды болашақ ұрпаққа жеткізудің амалдары қарастырыла бастайды. Сондықтан 1938 жылы алдымен «Қазахстаника» бөлімі, кейін Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімі құрылды.

Сирек кездесетін кітаптар және қолжазбалар қоры жұмысты екі бағытта жүргізеді: оқырмандарға, негізінен ғалымдар мен зерттеушілерге қызмет көрсету және сирек басылымдардың тарихын зерттеумен айналысу. Алдын ала жоспарлау осы екі бағытты дамыту ісін жаңа жағдайда жұмыс істеу тәсілімен ұштастыруды қарастырады. Сонымен қатар кітапхананың негізгі мақсаттарының бірі – ескіріп, тозып бара жатқан басылымдар мен қолжазбаларды сақтау мәселесі. Осы орайда оқырманға көбінде микрофильм, микрофиша, ксерокөшірме, CD-DVD-ге жазылған электрондық көшірмесі беріледі де түпнұсқа құжаттар арнайы жағдайда, қалыпты температурада сақталады.

2005 жылдан бері Ұлттық кітапханада басылымға еш зиян келтірмейтін суретке түсіру әдісімен электрондық көшірме жасайтын Бейнелеу студиясы орнатылды. Алдымен «Еңбекші қазақ» (1924-1932), «Қазақ» (1913-1917) газеттері, «Шолпан» (1922), «Айқап» (1911-1915), «Абай» (1918) журналдары түсіріліп, электрондық нұсқалары оқырманға ұсынылды. Сол сияқты басқа да құнды мерзімді басылымдардың, қолжазбалар мен қазақ кітаптарының электрондық нұсқасын дайындау жұмысы үздіксіз жүргізілуде. Құнды басылымдардың электронды көшірмесін пайдалану оқырманға ыңғайлы, әріптері анық көрінеді әрі бұл тәсіл түпнұсқаны сол қалпында сақтау үшін қажет.

Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, публицист, түркітанушы, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – А.Байтұрсыновтың қолжазбалары, кітаптары, қолжазбалары және мерзімді басылымдар беттеріндегі еңбектері Ұлттық кітапхананың Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында, ал кириллицамен қайта басылып шыққан еңбектері жалпы қорда сақтаулы. А.Байтұрсыновтың көзі тірісінде жарияланған еңбектерді сақтау мақсатында Сирек қордағы ғалымның кітаптары мен қолжазбалары түгелдей электронды көшірмеге түсірілген.

Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі қоғамдағы ең елеулі, тарихи оқиғалардың бірі – Кеңес өкіметі тұсында оқуға рұқсат етілмей, тыйым салынған кітаптардың ашылуы, бүгінгі ұрпаққа оралуы болды. 1991-1992 жылдары ҚР Ұлттық кітапханасының «Арнаулы сақтау» деп аталатын жабық қорында жатқан, «СХ» («спецхран») деген мөрі бар басылымдар Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорына ауыстырылды. Бұл қорда 1930-38 жылдары репрессияға ұшыраған алаштың асыл тұлғаларының жойылып, тәркіленген еңбектерінің біразы сақталған екен. Атап айтсақ: Жүсіпбек Аймауытовтың «Сылаң қыз» (1922), «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Тау еліндегі оқиға», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар» (1925), «Жан жүйесі мен өнер таңдау», «Қанапия мен Шарбану», «Қартқожа», «Психология», «Рәбиға», «Шернияз» (1926), «Жаман тымақ», «Комплекспен оқыту жолдары», «Көк өгіз» (1929), «Жаңа ауыл» (1929, 1930); Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» (1922, 1923), «Бастауыш мектепте ана тілі» (1923), «Ақ боз ат» (1925), «Сауатты бол» (1926, 1928-1930); Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1913, 1914, 1920-1923, 1925, 1927), «Тіл – құрал» (1914, 1918, 1920, 1922-1928), «Қазақ тілі грамматикасы» (1922, 1924), «Қырық мысал» (1922), «Әдебиет танытқыш» (1927), «Әліппе үлкендер үшін», «Сауат ашқыш» (1926), «Әліп-би» (1924, 1926-1928) «Жаңа әліппе», (1927), «Тіл жұмсар» (1928, 1929); Міржақып Дулатовтың «Есеп құрал» (1914, 1921, 1922, 1925-1928), «Шума қандай ауру?» (1927) т.б. көптеген қазақ кітаптары сирек қорға өткізілді. Содан бері тағдыры тәлкекке түскен ұлы тұлғалардың шығармалары жан-жақты зерттеліп, ғылыми айналымға түсуде. Біраз шығармалар кириллицаға түсіріліп, баспадан шығарылды, Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасымен шыққан көптомдықтарға енді. Сирек қор осындай құнды дүниелермен толығып, маңызы арта түсті.

Сирек қордағы қазақ қолжазбаларының ішінде А.Байтұрсыновтың «Арнаулы сақтау» жабық қорынан табылған араб графикасымен жазылған «Шаруалық өзгеріс» және «Маса: өлеңдер жинағы» атты екі қолжазба сақтаулы. Жазылған жылдары белгісіз. Екі қолжазба да кітапханаға 1940 түскен екен, «СХ» («спецхран») деген мөрі бар.

Ғалымның «Шаруалық өзгеріс» атты 102 беттік қолжазбасы 7 тараудан тұрады. Алғашқы тарауларда адам баласының тұрмыс-тіршілігіне, өмір сүруіне, дамуына қажетті дүние туралы жалпылама ойлар, табиғат жағдайы, климат (ауа райы), жер түгі мен жан-жануарларға қажетті ауа, су, жарық, жылы мен суық, азық, үй, киім-кешек туралы, бұрынғы шаруашылық пен қазіргінің айырмашылығы жайлы сөз болады. Келесі тарауларда бұрынғы тіршілігімен бүгінге дейін жабайы түрде өмір сүріп отырған халықтарға қарағанда оқу-жазуы бар, мәдениеті жоғары, жерінде жиі орналасқан халықтардың тіршілігінде шаруалық өзгерістердің болуы заңды екені және олардың арғы-бергі тарихын білуге мүмкіндіктері бар екені айтылады. Әрі қарай демография, дүниежүзіндегі халықтардың саны, тіршілікке керекті құрал-жабдықтар, мемлекетаралық қатынастардың сол елдердің шаруашылығын дамытуға әсері, мемлекет қамы, саясат, таптық құрылымдар туралы сөз саптайды. 7-тарауында қазақтың отырықшы болу-болмауы турасындағы пікірталас, шаруалық өзгеріп, өңделіп, мәдениет жолында ілгері басуға жол іздеу жайы қарастырады. Қазақ шаруалығының өзгеруіне осы жоғарыда аталған амалдардың қайсысының себепкер болары және оның маңызы мен мәні туралы ой қозғайды.

93 беттік «Маса: өлеңдер жинағы» аталатын қолжазбасына: «Сөз иесінен», «Жазушының қанағаты», «Туысыма», «Жадовскаядан», «Қожа Насреддин ақылы», «Оқуға шақыру», «Нәбек аты», «Сорлы болған мұжық», «Қаздар», «Есек пен үкі», «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Достыма хат», «Жиған-терген», «Анама хат», «Тілек батам», «Көк есектерге», «Жұртыма», «Жұбату», «Н.Қ. ханымға», «Ақын ініме», «И.Б. жездем хатынан», «Жауап хаттан», «Ғылым», «Надсоннан», «Бақ», «Пушкин (Вольтерден)», «Данышпан Аликтің ажалы», «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Лермонтовтан» атты өлеңдері мен аудармалары енген.

ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімі қордағы қазақ кітаптарын зерттеушілерге таныстыру мақсатында каталогтер дайындап, баспадан шығарды. Олар: Қазақ кітаптары: жиынтық каталог (1806-1917) /Құрастырған Ж.Н.Кәріева.- Алматы, 1998; Араб графикасымен басылған қазақ кітаптарының каталогі (1841-1932) / Құраст.: Н.М.Асқарбекова, Т.А.Замзаева.- Алматы, 2006; Латын графикасымен басылған қазақ кітаптарының каталогі. 2 томдық / Құраст.: Н.М.Асқарбекова, Т.А.Замзаева.- 1-т. (1928-1941). - Алматы, 2007; 2-т. (1928-1942). -

Алматы, 2011. Осы дереккөздер арқылы Сирек қордағы А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын іздеп табуға болады.

Қорыта айтқанда, ҚР Ұлттық кітапханасы еліміздің сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорының көлемді, маңызды әрі негізгі бөлігін сақтап отыр. Кітапхана қорды республика көлемінде таптырмайтын құнды басылымдармен толықтыра түсу мақсатында республика көлеміндегі және әлемдегі ірі кітапханалармен ынтымақтастықты жылдан-жылға арттырып отыр. Әсіресе, тарихы тамырлас түркі елдеріндегі кітапханалармен тығыз байланысқа шығу арқылы тарихи ортақ туындыларға, орта ғасырлардағы Қазақ даласынан шыққан ғұламалардың еңбектеріне қол жеткізуге бар мүмкіндік жасауда. Сондай-ақ халықаралық, республикалық, аймақтық бағдарламалар мен жобалар бойынша ғылыми, мәдени іс-шараларға қатысып, өз тарапынан да мұндай іс-шараларды жоспарлы түрде өткізіп, нәтижелі қызмет атқарып отыр. Қазақ елінің және әлемдегі басқа елдердің тарихы, ғылымы, әдебиеті, мәдениеті, әлеуметтік-тұрмысы туралы басылымдар кітапхананың ұлттық қорын құрайды, сондықтан бұл қор – бүгінгі халықтың және келер ұрпақтың қазынасы. ҚР Ұлттық кітапханасының негізгі міндеттерінің бірі – сирек қорға мүмкіндігінше барлық құнды басылымды жинақтау, жүйелеу, сақтау, насихаттау, зерттеу, зерделеу, оларды толықтай келер ұрпаққа жеткізу.

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Шаруашылық өзгеріс. Қолжазба. Араб графикасымен жазылған. Жылы белгісіз. - ҚР Ұлттық кітапханасы. Сирек қор. №480. - 102 б.
2. Байтұрсынұлы А. Маса. Қолжазба. Араб графикасымен жазылған. Жылы белгісіз. - ҚР Ұлттық кітапханасы. Сирек қор. №215. - 93 б.
3. Қазақ кітаптары: жиынтық каталог (1806-1917) / Құрастырған Ж.Н.Кәріева. - Алматы, 1998. - 177 б.
4. Араб графикасымен басылған қазақ кітаптарының каталогі (1841-1932) / Н.М.Асқарбекова, Т.А.Замзаева. - Алматы, 2006.- 176 б.

Күзекова З.

*филол.ғ.д., Назарбаев
университетінің профессоры*

А. Байтұрсынұлының сөйлем мүшелерін топтастыруы туралы

Көрнекті тілші ғалым, академик Р. Сыздықова Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» кітабына кіріспе мақаласында ғалымның «оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты санағанын» атап айтады. Ол қызметі мен уақытын сан түрлі кедергілер кездескеніне қарамастан, өзінің осы азаматтық міндеті мен өмірлік мақсатын орындаудан айнымады. Р.Сыздықова айтып отырғандай, «қазақтар үшін өз алфавитін жасау әрекетіне де, тілін зерттеп, оқулықтар жазуына да, тыңнан жол салып, бай терминология дүниесін жасауына да, қоғамдық-әкімшілік істеріне араласуына да алып келген – өзі дйттеген ағартушылық мақсаты» [1, 15].

Америкалық зерттеушілер де, Байтұрсынұлының еңбектерін зерттеуге қызығушылық танытқан. Белгілі кеңестанушы – Эдвард Олуорттың редакциялық басқаруымен шығарылған «Орыс басқарған ғасырдағы Орталық Азия» ұжымдық монографияда Байтұрсынұлы туралы деректер бар. Америкалықтардың монографиясында А.Байтұрсынұлына жан-жақты, дәйекті баға берілген, ғылыми еңбектері де назардан тыс қалмаған, ғалымның қазақ әліпбиін жетілдіріп, ұлттық әдебиетті дамытудағы рөлі ерекше атап өтілген. Осы монографияда Орта Азия халықтарының, соның ішінде қазақтардың 1860 жылдан бергі экономикалық, саяси және мәдени даму жолы баяндалады, сондай-ақ «Қазақ» газетіне де ерекше назар аударған [2, 175-411].

Оның қазақ мәдениетіне қосқан сүбелі үлесі – ірі теоретик ретінде қазақ тіл білімінің негізін қалағаны деп білеміз. Ахмет Байтұрсынұлы – араб графикасын қазақ сөзінің ыңғайына келтіріп, жаңа әліпби жасаушы, қазақ тілін түрлендіруші. Оның қаламынан «Әліппе», «Үлкендерге арналған әліппе», «Тіл – құрал», «Сауат ашқыш», «Баяншы», «Оқу құралы» («Хрестоматия», Т.Шонанұлымен бірге) және тағы басқа бірқатар қомақты еңбектері шыққан. Қазақтың рухани өмірінде ол – тек қана ағартушы емес, сондай-ақ ағартушы ғалым, жай ғана ұстаз емес, ғалым әрі тәлімгер бола білді. Жай ғана ғалым емес, араб графикасын түрлендіру тәсілін ұсынған реформатор (жаңартушы) болды. Аханды графика саласындағы аса беделді тұлға академик Поливанов «кемеңгер» деп таныған [3, 321-322].

Ахмет Байтұрсынұлы мұрасының қазіргі зерттеушілерін айта келе, белгілі ғалым, академик Рымғали Нұрғалиев туралы еске ала кеткен жөн. Ол Ахаңның лингвистикалық жаңалықтарын айрықша бағалап, ұлттық ғылымды дамытуға қосқан үлесінің өлшеусіз екенін айтады [4].

Қазақ тіл біліміндегі негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып, өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін, сөз жүйесін, сөйлем жүйесін қалыптастырған ұлы еңбегі бүгінде өз бағасын алып жатыр.

Біз А.Байтұрсынұлының қазақ синтаксисіндегі сөйлем мүшелерін топтастыруы жайлы бірқатар ойларымызды баяндамақпыз. Сөйлем мүшелері – жай сөйлем синтаксисінің ең күрделі мәселесі. Синтаксистің бұл саласына ғылыми жағынан да, практикалық жағынан да мектеп, педучилище, жоғары оқу орындарына арналған еңбектерде бірқатар зерттеулер бар. Сөйлем мүшелерінің зерттелуі қазақ тіл білімінде немесе түркологияда ғана емес, көптеген басқа тілдерде де әртүрлі кезеңдерде орын алып отырғаны белгілі. Қазақ тіліндегі сөйлем мүшелерінің зерттелуін Қазан революциясына дейінгі еңбектерден де кездестіреміз. Алайда сөйлем мүшелері туралы Қазан төңкерісіне дейінгі және Қазан төңкерісінен кейінгі зерттеулерде елеулі айырмашылық бар. Оның өзі, біріншіден, сөйлем мүшелерінің саны жағынан, зерттелу тәсілі жағынан көрінсе, екіншіден, оның жасалу жолдары туралы өзгеше сипат барын айтуға болады.

Қазан революциясына дейінгі сөйлем мүшелері туралы П.Мелиоранский [5], М.Тереньев, И.Лаптев еңбектерінде, бір топ авторлардың алтай тілі жөніндегі зерттеулерінде айтылғанмен, ондағы сөйлем мүшелері дәл қазіргідей 5 түрге топталып, жете зерттелген емес. Дегенмен олардың еңбектерінде бұл мәселелердің кейбір қырларының аз да болса, атап өту орынды.

А. Байтұрсынұлының «Тіл танытқыш» оқулығында сөйлем мүшелеріне арнайы тоқталып, қазіргіше жіктегенін көреміз [6]. Автор бұл еңбегінде сөйлем мүшелерін *бастауыш*, *баяндауыш*, *анықтауыш*, *толықтауыш*, *пысықтауыш* деп беске бөледі. А. Байтұрсынұлы – синтаксистің басқа салаларына қарағанда, сөйлем мүшелерінің аталуын да, жасалу жолдарын да, күллі түркологияда әрі нақты, әрі жүйелі көрсеткен ғалым.

Одан кейінгі уақытта сөйлем мүшелері туралы түрліше көзқарастар айтылды. Бұл тұрғыда Қ. Жұбановтың, Т. Бәйтеновтің, Х. Басымовтың, С.Аманжоловтың, Ә. Ермековтің, М. Балақаевтың еңбектерін атауға болады. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Балақаев көбіне сөйлем мүшелерінің ғылыми жүйеленуіне назар аударса, басқа ғалымдар жасалу жолдарына көбірек көңіл бөлген. Сөйлем мүшелері туралы жаңаша пікір білдіре отырып, Қ. Жұбанов сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері туралы өзіндік жаңа ұсыныстар береді. Ол «Жаңа грамматикалық жаңалықтары жайынан» [7, 1-3], «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» [8] деген еңбектерінде сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері туралы өзінен бұрынғы авторларды талдай келіп, сөйлем мүшелерін топтастыруда тұлғалық принципті басшылыққа алады. Тұрлаусыз мүшелерді «айқындауыш» деп атағанды жөн көрген оның өз пікірін келтірелік: «Сөйтіп, жаңа грамматикада «анықтауыш», «толықтауыш» делінген категориялар – мағынасына қарай жіктеуден туған емес, сөздердің бір-бірімен байланысу амалына, екінші сөзбен айтқанда, сыртқы белгісіне қарай ғана жіктелгенінен туған топтар» [8.211].

Қ. Жұбанов сөйлем мүшелерін *бастауыш*, *баяндауыш*, *айқындауыш* деп үш топқа бөле келіп, айқындауышты екі жікке – *толықтауыш*, *анықтауышқа* айырған: «Жалғаусыз тура күйде тұрып-ақ айқындауыш болғандарын «анықтауыш» дедік, жалғау не жалғаудың күшімен басқа бір сөзге жетектеліп, соны айқындап тұратын болса, ондайларын «толықтауыш» дедік» [8, 210]. Қ. Жұбановша ілік жалғаулы сөздер де толықтауыш болып отыр. «Бұрын толықтауыш қатарына қосылатын сөздердің бірқатары бізде анықтауыш болып кетер еді. Мысалы: *бүгін келдім* дегендегі *бүгін* сөзді анықтауышқа қосып отырмын. Өйткені бұл – жалғаусыз сөз» [8, 211]. Сонымен, Қ. Жұбановтың сөйлем мүшелері туралы топтаулары сөйлем мүшелерінің табиғатын толық ашып бере алмаса керек. Қазақ тіліндегі сөйлем мүшелерін туралы С.Аманжолов та бірқатар еңбектер жазған: өзіндік топшылау, жіктеуін ұсынады: *бастауыш*, *баяндауыш*, *анықтауыш* деп, үш топқа бөлумен шектеледі [9, 5-11]. С. Аманжолов сөйлем мүшелері туралы әр кезде әртүрлі пікірде болғанымен, кейінгі еңбектерінде *оларды бастауыш*, *баяндауыш*, *анықтауыш*, *толықтауыш* және *пысықтауыш* деп топтастырып бергені белгілі [10].

Сөйлем мүшелерін топтастыру туралы Х. Басымовтың да бірнеше мақалалары жарық көрген [11, 15-18]. Автор сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін қазіргіше атай отырып, «Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері мағыналары және сөйлем ішіндегі алатын орындары жағынан үшке бөлінеді: анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш», – деп дұрыс бөле білген [11, 15].

Сөйлем мүшелері туралы еңбектерді шола келе аңғарғанымыз: ол белгілі дәрежеде зерттелгенімен, басқа тілдермен салыстырғанда, бұл салада кенжелеу қалып отырмыз.

Сөйлем мүшелері туралы С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Р.Әміров, М.Томанов, О.Төлегенов, Т.Сайранбаев едәуір еңбектер жариялаған. Осы авторлардың еңбектерінде де сөйлем мүшелері кейде негізінен жасалуы жағынан қаралса, енді бір еңбектерде семантикасына баса назар аударылады. Сол себепті де сөйлем мүшелерінің зерттелуінің өзі әртүрлі дәрежеде. Әсіресе, олардың ішіндегі күрделісі – пысықтауыш. Сөйлем мүшелерінің ішінде ең жиі қолданыста болатыны да – пысықтауыш.

Сөйлем мүшелерінің лингвистикалық атауларының қалыптасуы туралы Қ.Мұсаев: «Бұл бес сөйлем мүшесінің атауларының түп төркіні – *баста, баянда, анықта, толықта, пысықта* бұйрық райлы етістіктер. Сол бұйрық райлы етістіктерге **-уыш** жұрнағының қосылуы арқылы енді олар *бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш* және *пысықтауыш* деген грамматикалық терминге ауысқан» [12, 213], – деп түсініктеме береді.

Қазақ филологиясы мен өнертануының негізін салушы ғалым – А.Байтұрсынұлының еңбегіндегі пысықтауыш туралы анықтамасына назар аударалық: «Пысықтауыш сөздер» деп амал пысықтау үшін айтылатын сөздерді айтамыз. Сөйлем ішіндегі нәрсенің амалын көрсететін сөз – баяндауыш. Сондықтан пысықтауыш сөздер баяндауышты пысықтайтын сөздер болып шығады. Бұлар баяндауышты қалай пысықтайды? Әуелі баяндауыш көрсетіп тұрған амалдың мезгілін айтып, екінші – орнын айтып, үшінші – сынын, сыйқын айтып, төртінші – себебін айтып, бесінші мақсатын айтып, пысықтайды. Сондықтан пысықтауыш сөздердің өзі бес топқа бөлінеді. Пысықтау мәнісіне қарай *мезгіл пысықтауыш, мақсат пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, себеп пысықтауыш* деп аталады» [1, 213]. Міне, пысықтауышты А. Байтұрсынұлы өзінің ғылыми еңбектерінде ғылыми дәлдікпен тұжырымдама айтып, түрлеріне дейін көрсетіп берді. Бүгіндері қолданып жүрген жүйенің негізін салғандығы осындай тұжырымдармен дәйектелген.

Сталиндік репрессиядан кейінгі уақыттарда пысықтауыш туралы түрліше көзқарастар айтылып келді. Қазақ тіл білімінде 1939 жылдары сөйлем мүшелері туралы талай пікірталастар болғаны белгілі. Міне, сол кезде тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелері туралы да құнды-құнды пікірлер айтылды.

С. Аманжолов «Сөйлем мүшелерін топтастыру» деген мақаласында сол уақытқа дейінгі сөйлем мүшелері туралы мақалаларға шолу жасай келіп, біраз ескертпелер жасайды. Мұнда автор жаңа жіктеу жобасы бойынша, сөйлем мүшелерін *бастауыш, баяндауыш* және *анықтауыш* дей келе, анықтауышты *сынды анықтауыш, деректі анықтауыш, мекенді анықтауыш, мезгіл анықтауыш, себеп анықтауыш, есепті анықтауыш, мақсатты анықтауыш* сияқты жеті түрге бөледі де *толықтауыш* және *пысықтауыш* деген терминді қолданбайды [13].

С. Аманжоловтың бұл талдауынан көрініп отырғандай, пысықтауыш қызметіндегі сөздер мен оның түрлерінің бәрі *анықтауыш* деп аталған. Алайда автор кейінгі еңбектерінде пысықтауышты арнайы сөйлем мүшесі ретінде қарастырады [14].

Пысықтауышты арнайы сөйлем мүшесі ретінде қарастырып, оның негізгі сипаттарын, жасалу жолдарын, түрлерін алғаш рет ғылыми айналысқа түсірген, құнды пікір айтқандардың бірі – Х.Басымов [11]. Автордың пысықтауыш жөніндегі бұл пікірлері күні бүгінге дейін өзіндік құнын жойған жоқ. Сол сияқты І.Бәйтенев те сөйлем мүшелері туралы жазған мақаласында бұл мәселеге тоқталып өткен [15].

Пысықтауыштың бірде жеке сөйлем мүшесі ретінде қаралып, бірде басқа сөйлем мүшелерімен бірігіп қарастырылуы журнал беттерінде пікірталастар тудырған. А.Байтұрсынұлының анықтамасынан, Байтұрсынұловша атаудан жасқанды ма, 1937 жылдардағы еңбектерден грамматикада формализмнің орын алғандығы көрініп тұр. Осы формализмнің көрінісі туралы айта келіп, Ә.Ермеков «*пысықтауыш* деген категория қалыптасқан мәдениетті тілдердің бәрінде де бар», – деп, пысықтауышты арнайы қарау керектігін дұрыс қорытындылайды [16].

Біз бұл шағын мақалада сөйлем мүшелерінің өз ұғымына сай аталуына негіз болған, бүгінгі қалыптасқан синтаксистік терминдердің түп қазығы А.Байтұрсынұлыдан басталатындығын сөз еттік. Репрессия жылдары да, одан кейініректе де сөйлем мүшелерін Байтұрсынұлының атаудан ғалымдарымыз қаншама қашса да, мұндай негізсіз тәсілдің өрісі тар, ғұмыры қысқа болатындығын уақыт дәлелдеп берді. Қорыта айтқанда, ғұлама ғалым А. Байтұрсынұлының қалдырған мұрасын таратып, талдап зерттеу – бүгінгі, кейінгі ұрпақтың парызы.

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Edward Allworth. Central Asia 120 years of Russian Rule. – Duke University Press Durham and 1989.pg 606.
3. Поливанов Е.Д. Основные формы графической революции в турецких письменностях СССР // Новый Восток. - М. 1928.

4. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // Бес арыс. – Алматы. 1992. – 253 б.
5. Мелиоранский П. Грамматика казах-киргизского языка. -СПб., 1897.
6. Байтұрсынов А. Тіл танытқыш. – Орынбор, 1924.
7. Жұбанов Қ. Жаңа грамматикалық жаңалықтар жайынан // Ауыл мұғалімі. - 1937. - №1-3.
8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. - 210 б.
9. Аманжолов С. Сөйлем мүшелерін топтастыру мәселелері // Тіл мәселелері. – 2- жинақ. – Алматы, 1936. – 5-11- б.
10. Аманжолов С. , Сауранбаев Н. Қазақ тілінің грамматикасы. - II бөлім. - Алматы, 1939.
11. Басымов Х. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері туралы // Халық мұғалімі. - 1939. - №2.
12. Мусаев К. Некоторые наблюдения над развитием морфологии казахского языка в послеоктябрьской период // Исследование по тюркологии. – Алма-Ата , 1959. - С. 213.
13. Аманжолов С. Қазақ тілінің грамматикасы. - II бөлім. Синтаксис. - Алматы, 1939.
14. Аманжолов С. Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқа курсы. - Алматы, 1940.
15. Бәйтенов І. Сөйлем мүшелері туралы // Халық мұғалімі. - 1939. - №15 - 16.
16. Ермаков Ә.Пысықтауыш және бұл жөніндегі кейбір түсініксіз мәселелер туралы // Халық мұғалімі. - 1939. - №9. - 37 б.

Момынова Б.
филол.ғ.д., профессор,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының бас ғылыми қызметкері

«Қазақ» газеті – өз заманының рухани үдерістері мен әдеби тілге ықпал етуші ақпараттық құрал

Бес жыл бойы халықтың «көзі, құлағы, үні» болған «Қазақ» газетіне белгілі тарихшы ғалымдар төмендегідей баға берді: «Дегенмен «Қазақ» алғашқы сандарынан бастап-ақ сырт көзге мен мұңдалап тұрғаны анық, айқын, позициясы түсінікті, көздеген мақсаты бар газет болатын... Ол мақсат – қазақ қоғамын ояту, оны жарыққа жетелеу, ұлт-азаттық езгіге қарсы күрес жолына алып шығу еді. Ауыр отарлық езгі, Столыпин реформасы нәтижесінде жер үшін күрестің шиеленісуі, шаруашылық дағдарыс, саяси-әлеуметтік правосыздық жағдайында «Қазақ» жалпы ұлттық мәселелерді көтеріп, сол үшін күресті. «Қазақ» газетінің ұстанған позициясы сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының табиғатынан туындап жатқан еді, оның сол кезеңдегі ең бірінші кезектегі талап-тілегін, ұлт ретіндегі мақсат-мүддесін білдіретін еді. Газеттің жалпы ұлттық басылым ретінде ерекшелігі де, әлеуметтік шектеулігі де осы қырынан тікелей байланысып жатты» [1]. Міне, сол себептен де ұлы М. Әуезов: «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын», – деп жазған еді ертеректе [2]. Ал газеттің тұңғыш санындағы бас мақалада оның шығарушысы – А.Байтұрсынов: «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аты деп, газетамыздың есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету – қазақ баласына міндет... Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенше, ғұмыр жеткенше істеп кетелік. Малша оттап, асап ішіп, халық үшін қам қылмай, қарын тойғанына мәз болып, мал өлімінде өлмейік!» [2], – деп толғанады. Біз пікірлер «Қазақ» газетінің жалпыхалықтық, шын мәнінде ұлттық газет екенін дәлелдейді және газет қамтыған мәселелер, тақырып ауқымдылығы, тілі т.б. осы ойды нақтылай түседі. Атап айтсақ, 1913-1918 жылдар арасында «Қазақ» газеті бетінде қазақ жұртшылығы, қазақ қауымы үшін өзекті, өмірлік мәні бар тақырыптардың көтерілмегені жоқ. Бұл тұрғыдан, «Қазақ» газеті «өз кезінің кішігірім энциклопедиясы» деп батыл айтуымызға әбден болады. Өз заманында бір өзі қазіргі ондаған басылымның (мәселен, күнделікті ақпараттық, әдеби, қоғамдық-саяси т.б.) рөлін атқарған «Қазақ» бүгінгі ұрпақ үшін осы жағынан да құнды деп білеміз.

«Қазақта» мынадай тақырыптар, мәселелер қамтылған:

- көркем әдебиет үлгілері. Оның өзін іштей үш топқа бөліп, сараладық:
 - а) көркем поэзия; ә) аударма; б) көркем проза. Енді сөзімізді нақтылай түсу үшін осы үш тақырыпқа қатысты жазылған материалдардың кейбірін атап өтейік:
 - поэзия – «Туған жер» (М.Жұмабаев, 1913, №5); «Жұт» (М.Дулатов, 1913, №8); «Жазғы дауыл» (Ғ.Шоқаев, 1913, №6); «Елім-ай» (М.Д., 1914, №52); «Жанға» (С.Дөнентаев, 1915, №103); «Жарыма» (Мағжан, 1915, №121); «Жаз» (С.Дөнентайұғлы, 1915, №122); «Байлыққа» (Б.Майлин, 1915, №132); «Әуе» (Бейімбет, 1915, №135); «Жылқыға» (Ай, 1916, №164); «Алашордаға» (Бимұхамед Майлин,

1918, №262) т.б. Бұл аталған өлеңдердің ішінде Б.Майлиннің «Алашордаға» атты өлеңін бұрын еш жерден кездестірмегенбіз. Бұл – Бейімбет шығармаларын зерттеушілер үшін, бейімбеттанушылар үшін теңізге қосылған тамшыдай болса да жаңа мағлұмат болды.

Бұл өлеңдер «Өлең-жыр» айдарымен тұрақты түрде жарияланып отырған. «Өлең-жыр» айдары көбіне-көп екінші немесе үшінші беттің аяғына қарай орналастырылған. Авторлар кейде толық аттарын, кейде лақап аттарын көрсеткен.

- Аударма – «Ешкітану» (Н.Маркстан тәржімелеген – Қыр баласы); «Герейдің жойылуы» (Қыр баласы); «От» (В.Короленкодан тәржімелеген – Қыр баласы) т.б.

- Көркем проза – «Жазықсыз тамған қан» (Торайғыр, 1916, №168); «Қуанышты күн» (Мадияр, 1916, №174); «Надандық құрбаны» (1916, №175) т.б. Көркем проза үлгілері көбінесе «Оқшау сөз» айдарымен жарияланып тұрған.

- Ғылыми материалдарды да іштей бірнеше топтарға бөлдік:

- медицинаға байланысты жазылған материалдар: «Чума» (Е.Қасаболатов, 1913, №8); «Ден саулығы жайынан» (Ж.Тілеулин, 1913, №9, 19, 20, 21, 30, 32; 1914, №47, 49, 57, 58); «Тамыр дәрі хақында» (Х.Досмұхамедов, 1913, №13, 14); «Құрт ауруы» (Қыр баласы, 1913, №15); «Аурудың аз болуына не көмек» (Арғын, 1913, №33); «Чума жайынан» (М.Д., 1914, №49); «Трахома» (Қыр баласы, 1914, №56); «Жұқпалы аурулар хақында» (Халел, 1914, №60, 62, 63); «Сары кезік-сүзек» (Халел, 1914, №64, 65); «Арақ пен темекі зияны» (Е.Қасаболатов, 1914, №76, 77); «Неміс аптегі» (Қыр баласы, 1915, №104); «Күл кезік» (1915, №110) т.б.

- мал-дәрігерлік тақырыбына жазылған ғылыми мақалалар: «Мал індеті» (1913, №10); «Сиыр малы тұқымын асылдандыру турасында» (1913, №27); «Мал хақында» (1913, №40, 41, 43); «Мал турасында» (1914, №49) т.б.

- ғылыми-техникалық тақырыптағы мақалалар «Соғыстағы машиналар» (1941, №91); «Бұл заманның соғысы» (1914, №73); «Теңіз соғысы. Еуропадағы славиян һәм неміс» (1914, №78); «Аспанда ұшып жүретін машиналар һәм Еуропа соғысы» (Қазақ инженер, 1914, №81); «Соғыс кемелері һәм мина» (Қазақ инженер, 1914, №90); «Соғысушы падшалардың қару-жарақтары» (Қазақ инженер, 1915, №113); «Сүңгуір қайық» (Қазақ инженер, 1915, №122); «Нева суында сым темір» (Қазақ инженер, 1915, №124); «Түрік ұшушыларының өлімі» (Ж.Жәнібеков, 1914, №53); «Сымсыз телеграфты іздеу» (1915, №124); «Улы газ туралы» (1915, №135) т.б.

- Ғылыми-зерттеу мақалаларының үлгілерін іштей бірнеше топтарға бөлдік:

- әдеби-сын мақалалар: «Манап драмасы» (М.Д., 1914, №82, 83); «Қазақ әдебиеті жайынан» (Р.Мәрсеков, 1915, №113); «Қара қыпшақ Қобыланды» (Қыр баласы, 1915, №126, 127, 128, 129) т.б.

- Танымдық ауқымы кең мақалалар (бұл мақалаларда жекелеген танымал адамдардың, өнер, қоғам қайраткерлерінің еңбегі туралы мәліметтер және өмірбаяндық деректері беріліп отырған) – «Ғабдолла Тоқай» (М.Д., 1913, №9); «Белбел» (Қыр баласы, 1913, №26); «Қазақ ақыны» (Азамат, 1913, №30); «Қазақтың бас ақыны» (А.Б., 1913, №42, 43); «Петр Петрович Семенов» (Қыр баласы, 1914, №54); «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан» (М.Д., 1914, №71, 73, 76, 77); «Жан Жорес» (Қыр баласы, 1914, №74); «Ы.Гаспрински» (опатынан соң) (Түрік баласы, 1914, №80); «Гаспрински хақында» (1914, №81); «Ы.Гаспрински» (1914, №82); «Е.Трубецкой хақында» (Қыр баласы, 1914, №89); «В.Л.Буртсев» (1915, №102); «Николай Лукич Скалозубов» (Ғали хан, 1915, №105); «Виктор Петрович Обнински» (Ғали хан, 1916, №175) т.б.

- Ғылыми-зерттеу мақалалар – «Қазақтың тарихы» (Түрік баласы, 1913, №7, 9); «Жазу мәселесі» (А.Б., 1913, №34, 35, 36); «Роман не нәрсе?» (Арысұғлы, 1914, №48); «Школдарда ана тілмен оқу» (1915, №116); «Қазақ мактабы» (1914, №66); «Школдарда ана тілмен оқыту» (1915, №117); «Бала тәрбиесі» (Жаңа байбақты, 1915, №119); «Мақалдар» (А.Баржақсин, 1915, №120); «Жазу мәселесі» (Желкек, 1915, №62); «Емле туралы» (Н.Күзембаев, 1915, №116); «Бастауыш мактаб» (1914, №61) т.б.

- Салт-дәстүрге байланысты жазылған зерттеу мақалалар: «Наурыз» (1913, №5); «Тоқым қағар» (М.Д., 1915, №101); «Қыз тартып алу» (1915, №117) т.б.

- Саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты жазылған мақалалар газетте өте көп кездеседі. Тақырыбы да әртүрлі, көтерген мәселелері де санқилы бұл мақалалар сол кезеңдегі күн тәртібінде тұрған өткір проблемаларды көтеріп отырған. Енді солардың кейбіріне тоқталып кетейік: «Бөкей қазағына шығатын закон проекті» (Қыр баласы, 1913, №8); «Жер мәселесі» (Басқарма, 1913, №10); «Төртінші дума һәм қазақ» (Қыр баласы, 1913, №25); «Қала болған қазақтар жайынан» (1913, №27); «Земство не нәрсе?» (М.Д., 1913, №29, 31, 32, 33, 34, 38, 41, 44); «Қазаққа бөлек мүптілік керек пе?» (Р.М., 1913, №43); «Жер жұмысына дін жұмысын қыстырмалау» (1914, №46); «Аңдаспаған мәселе

турасында» (А.Б., 1914, №48); «Государственни Думада» (1914, №48); «Дума маңында неге кісіміз жоқ» (А.Жандалин, 1914, №48); «Мұғалім һәм мұғалималар хақында закон» (1914, №50); «Духовное собрание» (1914, №58); «Ескі һәм жаңа билер» (С.Шорманов, 1914, №59); «Орыс мейірманшылығы» (1913, №35); «Қазақтан солдат алына ма?» (М.Д., 1914, №60); «Би һәм билік туралы» (Шәкәрім, 1914, №65); «Қазақ ақшасы» (М.Д., 1914, №70); «Закон жобасы» (1914, №76, 77, 78); «Жаңа уақ қарыз серіктігі» (1915, №128); «Соғыста қазақ тұрмысы» (1915, №130) т.б. [4]. Сонымен қатар «Қазақ» бетінде статистикалық материалдар, жарнамалар, әртүрлі мерзімді басылымдар беттеріне шолулар, қаражаты тапшы, мұқтаж оқушыларға жәрдем, жаңа кітаптар туралы тың мәліметтер көптеп кездеседі. Сол кездегі қазақ оқығандарының «Ашық хаттарына» да орын беріліп, әртүрлі пікірталастар ұйымдастырылып отырған. «Мұғалім орын іздейді» рубрикасымен мұғалімдерге жұмыс тауып беру проблемасымен де шұғылданған.

Бұл санамалап өткен қысқаша мәліметтер газеттің жалпыхалықтық болғандығын, ұлттың барлық шаруасына да көңілін бөліп, атсалысып отырғандығын тағы да дәлелдей түседі. Аталып өткен материалдардың тақырыптарына қарап отырып, газет бетінде әдеби тіліміздің әрі қарай дамуына негіз болған функционалдық стильдердің бәрі де бар екендігіне көз жеткіземіз. Атап айтсақ, газет бетінде қоғамдық-публицистикалық стиль аясында ғылыми-көпшілік стиль, ғылыми стиль болғандығын көреміз. Көркем әдебиет жанрларының әр түріне байланысты (аударма, поэзия, проза) осы стиль әбден нығайып, буыны қатайған. Сондай-ақ ресми іс-қағаздар стилінің тамаша үлгілері мен эпистолярлық стильге (немесе подстиль) тән дүниелердің жеткіліктігі көз қуантады. «Қазақ» газетінің әдеби тілді дамытудағы аса зор рөлі стильдік тармақтарды жетілдіру жолындағы қызметімен де ұштасып жатқандығын, оның өзі бір бөлек мәселенің жүгін арқалайтындығын айта кету керек.

Қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдыздарының бірі – ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов 1895-1909 жылдар аралығында ауылдық, болыстық бастауыш мектептер мен бес-алты жылдық екі кластық училищелерде мұғалім бола жүріп, ана тілінде оқыту жүйесін жетілдірумен, төл оқулықтар, тілашарлар дайындаумен тікелей айналысады. Осы жолда қазақ балаларының сауатын қазақша аштыратын «Әліппе», өзге де оқулықтардың жоқтығына көзі жетеді, өзі оларды жаңадан түзбекші болады. Осы мақсатта талаптана жүріп, жалпы қазақ тілінің ғылыми тұрғыдан зерттелмегеніне, жүйеленбегеніне көңіл аударады. Сондықтан ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық құрамын зерттеуге кіріседі. Сонан соң өзі анықтаған қазақ тілінің дыбыстық, өзге де грамматикалық заңдылықтары негізінде жаңа алфавит, жазу үлгісін жасайды. Өзіне дейінгі қазақ жұртының пайдаланып, тұтынып келген араб жазуынан қазақ тілі үшін қолайсыздықтардың бар екенін дәлелдеп, жазуды жетілдіріп, «дәйекшені» енгізеді. 1912 жылы алғашқы әліппесін – «Оқу құралын» [5] бастырып шығарады. Сол жылдарда осы даулы мәселеге арналған «Жазу тәртібі» (Айқап, 1912, №9-10), «Жазу мәселесі» («Қазақ», 1913, №34-35) сияқты мақалаларын жариялайды.

Оның графика саласындағы бұл табысына, жетістіктеріне белгілі ғалым, академик Р.Сыздық [6] мынадай баға берген: «Әрі қарайғы ізденістерінде араб графикасын қазақ жазуы үшін былайша лайықтап алуды ұсынады: 1) араб алфавитіндегі жуан дыбыстарының таңбаларын алмау; 2) қазақ тіліндегі **ы, е, и, о, ү, у** дыбыстарының әрқайсысына таңба белгілеу; 3) **к, ғ** дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбыстармен келген сөздердің жіңішкелігін (яғни, қазіргі **ә, е, і, ү** дыбыстарымен айқындалатындығын) білдіру үшін сөздің алдынан дәйекше таңба қою. Бұлайша түзілген алфавиттің сауат ашудың дыбыс жүйелі әдісіне сай келетіндігі байқалады. Дегенмен газетте жазудың ескі қадим үлгісі де әлі күшін жоймағаны байқалады. Мысалы, мына жарнамадағы («Қазақ» газеті, №141) кейбір сөздердің жазылуы арабшадағы жуан дыбыстардың таңбасын алмауды көздегендікті және қадимдік үлгіні, яғни, тек дауыссыз дыбыстарды ғана жазудың жалғасып жатқанын көрсетеді:

Мәлм орн іздейді

Мол тғлымнан хбардар, 6-7 жл бала оқытқан тжрибелі мәлм қсқа қарсы тәур орн іздейді. Оқыған жері Қазандағы мдрсе хмдие. Жақсы оқытқандығына екі жерден алған куәлік қағазы бар. Адресі: ст. Ильинская, Оренб. губ. Тереклинскому управителю мәлм Кенже Ғали Ғбдалле Ауғлин.

Тағы бір ерекшелігі ретінде бұл мәтінде (жарнамада) **а, ы, ұ** жуан (мыс.: *қсқа – қысқа* сөзінде**ы**-ның, *хбардар – хабардар*, *тғлым – тағлым* сөзіндегі **а**-ның, *жл – жыл* сөзінде **а**-ның жазылмауы) дыбыстарынан бөлек *медресе (мдрсе)* сөзіндегі жіңішке **е**-нің, *тәур – тәуір* сөзіндегі **і**-нің түсірілуі емлелік норманың әлі де болса әрі-сәрі күйде екенін байқатады. Бұл – болашақта лингвистикалық мәтіндерді қай үлгімен беру керектігіне байланысты сұрауларды туындатады. Яғни, толық сөзді жазу керек пе болмаса тек дыбыстар тіркесін алу керек пе? Әрине, оқу барысында сөйлем ыңғайына, ойға және оқу инерциясына байланысты біз сөздерді толық оқимыз. Ал жазуда қиындық орын алады. Бұл мәселеге байланысты әлі де болса, ойлану керек.

Келесі жарнама былай жазылған:

Киім тігушілерге

Өз жұмысын ілгері басқызып, кеңейту үшін кирек білмді тігіншіден 3 тиынды аймаңыз. Өзіңіздің һәм таныстарыңыздың адрестерін жазыңыз: Рига. «посредник для портных» 355.

Мұндағы *тігуу* сөзінің екі бірдей у-мен жазылуы, сол сияқты газеттегі *ел тарту* сөзінің екі у-мен жазылуы (*ел тартуу*) газет тіліндегі сол кездегі жазу нормасының үлгісін көрсетеді. Сол сияқты *һәм* шылауы үнемі *һм* түрінде жазылып, газеттегі қадимдік үлгіден әлі де толық іргені ажыратудың жүзеге аса қоймағанын көрсетеді. Әрине, ескіден үзілді-кесілді бірден бас тарту, әсіресе жазу үлгісінің бірден қолданыстан шығып кетуі қиын, өйткені халық арасында бұрыннан қалыптасқан жазу дағдысы сол кездің өлшемімен алғанда кең таралған еді және мысалға қарасақ, *медресе, һәм* сөздері мен адам аттарының, мысалы, *Ғбдалле* сияқты негізі араб сөздері, діни лексика элементтері болуы әсер еткен сынды. Мұндай ерекшеліктер бір-екі мысалмен бітпейді. Газеттегі ерекшеліктердің келесі үлкен тобы орыс сөздеріне, тыныс белгілеріне т.б. байланысты.

А.Байтұрсыновтың араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір дау-дамайсыз қабылдады. Себебі Байтұрсыновтың алфавитке жасаған реформасы әрі қазақ тілінің табиғатына сүйеніп, әрі ғылыми негізде жасалған болатын. Сонымен, 1912 жылдардан бастап А.Байтұрсыновтың осы алфавитті негізге алып жасаған жаңа жазуы (ол «Жаңа емле» деп аталады) іс жүзінде қолданыла бастады.

Міне, «Қазақ» газеті осы «жаңа емле» жүйесімен жарық көрген еді және жаңа басылым көтерген мәселелер әлеуметтік жүгімен қоса оқуға оңай емле жүйесімен де бұқараны баурап алды. Ал бұл жаңа жазу жүйесінің 1924 жылы Қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 12 маусым) бекітілуі, латын алфавитіне көшу кезінде А.Байтұрсынов, М.Дулатов т.б. қазақ зиялыларының оны шырылдап қорғауы – басқа бір өзекті әңгіменің арқауы, жеке зерттеудің жүгі деп білеміз.

«Қазақ» газетінің тілі, жазу жүйесінің жеңілдігі, жетілгендігі туралы сөз қозғағанда оның бетіндегі барша мақала, хат-хабарлар тілінің сөйлеу тіліне жақын, бұқара халыққа түсінікті, ұғынықты түрде берілгендігін айта кету артықтық етпейді. Яғни, барлық материал шығарушылар тарапынан сол тұстағы заман деңгейіне сай редакцияланып, қырланып, жонылып, тілі ұшталып отырған. Жалпы газеттің тілі жөнінде оның шығарушысы А.Байтұрсынов былай деп жазады: «Ғарабы, парсы сөздер көп кіріскен тіл – әдеби тіл (яғни, кітаби тіл – Б.М.). Неғұрлым ғарабы, парсы сөздер көп қосылса, неғұрлым қара халық түсінуге ауыр, тіпті түсінбейтін болса, соғұрлым әдебирек болады деп тұтынған жолдан шыққан тіл. Бұл тіл – халықтан тумаған, жаны жоқ тіл... Әдеби тілді сүйетін бауырларымызға газетті қазақтың қара тілімен жазғанымыз ұнамсыз көрінсе, ол кемшілігімізге кешу өтінеміз. Жұрт үшін шығарылған нәрсе жұртқа жақын болуы тиіс» [7].

Сонымен бірге ол «Шора» журналына жазған (1913, №4) «Қазақша сөз жазушыларға» деген мақаласында да ойын былайша нақтылай түседі: «Қырық мысал», «Маса» турасында айтатыным: олар – халық үшін жазылған нәрсе, халық айтуынша жазылған. Өз тілімізден шығарып, емле түзгенше, халықтың айту ауанынан шықпаймыз. «Басқаларда даяр емле бар ғой, соны алайық» – деп, қисық емлеменен тілімізді қисайтпаймыз. Тілдің ауанына қарамай, харіптің, емленің ауанына бұрып, «тілдің көркін бұзған, әдеби тілімен жазамыз», – деп, жат тілмен жазып, өз тілінен айырылған басқа түріктердің ізіне түсіп, тілімізді аздырғанды мақұл көрмейміз. «Вахыт» пен «Шора»-ны оқығанда қолымызға лұғат кітабын алып отырып оқимыз... Біздің қазақтың ісі жаңа басталып келеді. Не болары белгісіз. Қазақ я құрып жоқ болар, я өз тілімен де өзгелердей тіршілік етер. ХХ ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай, асыл қалпында алып келген, тіл турасындағыт абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін қолымызға алып, быт-шытын шығарсақ, ол – ұнамды іс болмас».

Осы тұстағы, қосып айта кетер бір жайт – Ахмет Байтұрсынов бастаған қазақ зиялылары о бастан-ақ қазақ әдеби тілінің (яғни, оқығандар тілінің – Б.М.) қабырғалы қазақ тілінен, яғни, қалың жұртшылықтың (көпшілігі хат танымайтын) ауызекі тілінен ауытқып, алшақтап кетпеуіне көп көңіл бөлді. Орыс және Еуропа тілдеріндегі «ақсүйектер» тілін, олардың халық тілінен мүлдем қашықтап, жат болып кеткенін білетін Ахмет Байтұрсынов сынды зиялылар әу бастан-ақ бұл бағытқа қарсы күрес ашты, әрбір мақала, сөйлеген сөздерінде оған тойтарыс беріп отырды. Халық тілі мен ғылым тілін (яғни, оқығандар тілін – Б.М.) жақындастырудың, жымдастырудың жолы ретінде термин сөзді қалың көпшілікке түсінікті халық тілінен алу ұсынылды. А.Байтұрсынов бұл ойын съезде шығып сөйлеген сөздерінің бәрінде үнемі қайталап отырды. Сол арқылы әдеби тіл тым «ақсүйектеніп», қалың бұқарадан алыстап кеткен өзге туыстас түркі жұртының ғалымдарына ой салғысы келді. Мәселен, ол бір жарыссөзге шыққанында былай деп өз ойын нығыздай түсті: «Мы, казахи, с самого

начало возникновения своего печатного слова стали держаться иного принципа, чем другие. Мы имели ввиду всегда народную массу и старались, чтобы произведения печати были в полной мере доступной всем мало-мальски грамотным казахам, а через них и неграмотным. Мы старались, чтобы каждая мысль, брошенная в толщу населения, могла быть подхвачена каждым, чтобы зародить в массе интерес к знанию и зарядить его знанием для правильного понимания окружающей действительности. Первым условием, необходимым для достижения этой цели, мы считаем, доступность языка произведению для массы. В силу этого приходилось выражать на родном языке и такие понятия и идеи, которых раньше у народа не было и которым теперь поневоле пришлось облечься в казахские слова и выражения» [8].

Қорыта келгенде, «Қазақ» газетінің емлелік ерекшеліктері туралы әлі де айтар жайлар бар және ол емле мәселесіне байланысты алда туындайтын сауалдардың кейбірінің шешім табуына көмегі тиюі мүмкін.

Әдебиет:

1. Сармұрзин А., Қойгелдиев М. Халықтың жарық жұлдызы. «Қазақ» газетінің шығу тарихынан // Жұлдыз. – 1990. - №9. - 193-б.
2. Әуезов М. Ақаңның елу жылдық тойы // Байтұрсынұлы А. Ақ жол. - Алматы, 1991. - 17-б.
3. Момынова Б. «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика.-Алматы: Арыс, 1998.
4. «Қазақ» газеті. – 1913. - №2 (бас мақала).
5. Байтұрсынов А. Оқу құралы (усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба). - I кітап. - Орынбор, 1912. - 40-б.
6. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов (өмірі мен қызметі туралы) // А.Байтұрсынов Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 9-б.
7. Байтұрсынов А. Түрікшілдер құрылтайы // Жаңа мектеп. – 1926. -№7-8. - 45-б.
8. Первый Всесоюзный тюркологический съезд. Стенографический отчет. - Баку, 1926.

Ысқақұлы Д.

филол.ғ.д., С. Демирел атындағы университеттің профессоры

А. Байтұрсынов – қазақ терминологиясының атасы

Қазақ тіл білімінде термин мәселесі өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап, қолға алына бастады. «Қазақ терминологиясының мәселесі ең алғаш рет 1924 жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы – Орынбор қаласында өткен ғылыми қызметкерлердің республикалық I-съезінде сөз болған екен» [1].

Қазақ терминологиясының негізін қалаған – Ахмет Байтұрсынов. Ол өзінің қазақтың тіліне, әдебиетіне арнап жазған ғылыми еңбектерінде алғаш рет терминдер жасап, оны жан-жақты негіздеді. А. Байтұрсынов біз қазір қолданып жүрген «терминнің» орнына «пән сөз» атауын қолданған. Ахмет ұсынған «пән сөз», кейде «пән сөздері» түрінде жиырмасыншы жылдары кеңінен қолданылды. Отызыншы жылдардан бастап, халықаралық терминге айналған ағылшынның «термин» атауы қолданылып келеді. Сонымен бірге осы уақыттар ішінде «терминнің» орнына «пән сөзімен» бірге «пән атаулары», «атау», «аталым», «атаусөз», «ұғымсөз», терминнің қазақшаланған нұсқалары «термін», «термен» атаулары ұсынылып, кейбіреулері біршама қолданыс тапқанымен де, бүгінгі күнге жете алмады.

Өткен ғасырдың басында Ахметтің қазақ әліпбиінің, қазақ жазуының негізін қалаған «Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліппе» (Орынбор, 1912), «Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба». Бірінші кітап. (Орынбор, 1912), «Оқу құралы. Қазақтан басқа түркі, ғараб, фарсы сөздеріне жазылған әріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген. Алифбаға жалғас» (Орынбор, 1913), «Қазақша әліппе. Оқу құралы» (Орынбор, 1914), «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық (Орынбор, 1914), «Оқу құралы. Усул сотиемен тәртіп етілген қазақша әліппе». Бірінші жылдық (Орынбор, 1915), «Оқу құралы. Усул сотиемен тәртіп етілген қазақша алифба» (Орынбор, 1916), «Оқу құралы. Бастауыш мектепте екінші жыл оқылатын қирағат кітабы» (Орынбор, 1916), «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы) (Ташкент, 1918, 1920, 1922; Қызылорда, 1925, 1926), «Әліппе астары» (Орынбор, 1924), «Тіл – құрал түрлері» (Қызылорда, 1924), «Оқу құралы» (Қызылорда, 1921; Ташкент, 1922; Орынбор, 1925)), «Әліп-би. Жаңа құрал» (Ташкент, 1927) т.б. кітаптары шықты. Қазақ терминологиясының негізі өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары жарық көрген А. Байтұрсыновтың «Тіл – құрал», «Әліппе», «Әдебиет танытқыш» атты іргелі еңбектерінде берік қаланды.

Термин жасаудың негізгі ұстанымдарын анықтау, терминдерді біріздендіру мәселесі – терминологияның негізгі даму бағытын, мазмұнын айқындайтын негізгі орталық мәселе. Осы проблема дұрыс шешілсе, бұл тек терминжасамның ғана емес, жалпы тіл білімінің дұрыс бағытта дамуының бірден-бір кепілі болып табылады. Сондықтан да «Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау...Жалғыз-ақ біздің қашатынымыз – жатшылдық (жат сөзшілдік). Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт «өз тілінде жоқ» деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып, сөз табуымыз керек» [2], – деп білген А.Байтұрсыновтың филологиялық еңбектерінде бірде-бір шет сөзді термин ретінде қолданбаған. Термин жасауда ана тілінің бай мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, қазақ тілінің ғылым тілі бола алатындығын дәлелдеп берді. Ал шет сөздерді «жат сөздер» атап, тілде баламасы болмаған жағдайда ғана қабылдауға болады, онда да қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сәйкестендіріп алу керектігін ескерткен. Ахмет мұндай сөздерді жайдан-жай айта салған жоқ. Ол өзінің ұзақ жылдар бойғы ғылыми ізденістері барысында қазақ терминологиясының негізін салып, негізгі қағидаларын анықтап қана қоймай, оны іс жүзінде жүзеге асырған. Қазақ білімпаздарының Орынбор қаласында өткен бірінші съезінде (1924) және 1926 жылы Бакуде болған түркітанушылардың бірінші құрылтайында жасаған баяндамаларында терминжасамның негізгі қағидаларын ұсынды. Олар төмендегіше анықталды:

- алдымен, ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөзі алынуы керек;
- ондай сөз табылмаған жағдайда ондай сөзді туыстас тілдерден алу;
- кең тараған халықаралық терминдер қабылданғанда, олар қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес өзгертіліп алынады;
- қазақ тілінің табиғатына сәйкес келмейтін өзге тілден енген сөздер қазақша айтылуына сәйкес өзгеруі тиіс [3].

«Ана тілі» атауын алғаш енгізген Ахмет «Тіл – құрал» оқулықтарында 310 лингвистикалық термин қолданыпты. Оның ішінде 108-і фонетикаға, 11-і лексикологияға, 109-ы морфологияға, 64-і синтаксиске, 18-і жалпы тіл біліміне қатысты [4]. Осылардың ішінде 118 термин қазіргі тіл білімінде қолданылып жүр екен. *Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, нысықтауыш, жалғау, жалғаулық, есімдік, есімше, көсемше, жұрнақ, дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, дауысты дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, буын, рай, мүше, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем* секілді терминдер қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркологияда өте сәтті жасалынған, оған қойылатын барлық талапқа толық жауап беретін терминдер қатарында.

Академик Ө. Айтбаевтың анықтауынша, А. Байтұрсынұлы төмендегідей терминдерді жасап, оны өзінің еңбектерінде қолданған: *буын, дыбыс, дыбыс жүйесі, жарты дауысты дыбыс, ымыралы дыбыс, ымырасыз дыбыс, қатаң дыбыс, таңба, қаріп, дәйекше, дауысты, дауысыз, сөз, қос сөз, сөз жүйесі, қосалқы сөз, түбір сөз, туынды сөз, сөйлем, сөйлем жүйесі, тіл, түбіршік тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл, демеу, демеу сөз, сызықша, ұяң, қосымша, үндестік заңы, түбір сөз, туынды сөз, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, жалғау, одағай* т.б. [5].

«А. Байтұрсынұлы ұсынған (жасаған) лингвистикалық терминдердің сәттілігі, қолайлылығы соншалық, олар тез қалыптасып, орнығып, мейлінше өміршең болып шықты. Автор «жау» атанып, атын тарихтан сызып тастаған кезеңдердің (1929-1988) өзінде ол терминдердің барлығы дерлік сол калпында қолданылып келді, қолданылып отыр» [6].

А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқышы» арқылы әдебиеттану терминдерін де қазақ тілінде алғаш рет қолданып, қалыптастырды. Қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің шын мәніндегі жолын ХХ ғасырдың басындағы А.Байтұрсыновтан бастайды. Ахметтің «Әдебиет танытқышы» (1926) әдебиет теориясынан жазылған алғашқы монографиялық зерттеу болумен бірге оның терминдерін де ғылыми тұрғыдан негіздеп, анықтап, қолданысқа қосқан тарихи еңбек болды. Сондықтан да қазақ филологиясының атасы – А.Байтұрсынов оның терминологиясының да бастауында тұр.

Ахметтің «Әдебиет танытқышта» қолданған әдебиеттану терминдері 327 болса, соның 57-сі ғана бүгінгі күні термин ретінде сақталған. Олардың ішінде *көріктеу, меңзеу, әсерлеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсірелеу, мезгеу, арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, кекесіндеу* сияқты терминдер бар. Бұлардың кейбіреулері қазір орыс тілінен енген терминдерге синоним ретінде қолданылып жүр. Мысалы, Ахандағы «көріктеуді» *эпитет*, «алмастыруды» *синекдоха, метонимия*, «бейнелеуді» *аллегория*, «әсірелеуді» *ұлғайту, кішірейту*, «мезгеуді» *метонимия, синекдоха*, «қайталақтауды» *сөз қайталау*, «кекесіндеуді» *сатира, юмор* деп жүрміз. Осыларды салыстыра қарағанда, Ахмет қолданған қазақша атаулардың терминнің мағынасын дәл беріп тұрғандығы байқалады. Мұның өзі – алдағы уақыттарда ойланарлық мәселе болса керек.

Жалпы терминологияның дамуында ұлттық және интернационалдық бағыттар қатар жүріп отырады. Терминжасамда осы екеуінің бір-бірімен үйлесе, бір-бірін толықтыра отыруы – табиғи, жемісті жол. Десек те осы тепе-теңдіктің бұзылып, бір жағына қарай ауытқып отыратын жағдайлар жиі кездеседі. Объективтік және субъективтік жағдайларға байланысты бұлардың кейде бірі алға шығып, екіншісінің жолын кесіп отыратын кездері де болады. Біздіңше, ұлттық терминология ұлттық даму бағытында болып, қажет болған тұстарда ғана халықаралық терминдерге жүгінуі қажет. Ахмет Байтұрсыновты «қазақтың ұлттық терминологиясының атасы», «негізін салушы» дейтініміз де сондықтан.

Терминологияда ұлттық пен интернационалдың ара-жігі, арақатынасын анықтап алу – тіл білімінде осы күнге дейін ғылыми шешімін таппай келе жатқан аса маңызды мәселелердің қатарында. Солардың бірі – қандай атауларды «интернационал термин» дейміз? Бұл туралы ғалымдар түрліше пікірде. Бір ғалымдар интернационал терминге көп тілде кездесетін атауларды жатқызса, енді біреулері нақтылай түсіп, оның екі, үш немесе бес (ағылшын, неміс, француз, испан, итальян) әлемдік тілдерде қолданылуын шарт санайды. Енді біреулері оның қанша тілде қолданылатынына емес, семантикалық мағынасы интернационалдық сыпатта болуы шарт деп біледі. О.Есперсен: «термин қай тілден алынса, сол ұлттың басымдығын көрсетеді», – дейді [7].

Ахметтің филологиялық терминдерінде шет сөздерден жасалғаны жоқтың қасы. Соған қарамастан, ол жасаған терминдер осы саладағы классикалық үлгілердің қатарында. Мұның басты себебі – біріншіден, ғалымның қазақтың бай тіліне тұңғыш рет ғылымның түренін салып, термин жасау мүмкіндіктерін, тіл заңдылықтарын барынша орынды пайдалана білгендігі болса керек. Сондықтан да А. Байтұрсынов жасаған филологиялық терминдердің ұлттық сыпаты басым. Ахмет салған терминологиядағы ұлттық жол түрлі кедергілерге қарамастан, кеңінен қолдау тауып, өмірге еніп жатты. Ахмет бастаған қазақ терминжасамындағы ғылыми дәстүрді қазақ әдебиетінің тарихын зерттеп, алғаш рет монографиялар жазған Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқанов шығармашылықпен дамытып алып кетті.

А.Байтұрсынұлы Бакуде түркітанушылар құрылтайында сөйлеген сөзінде: ...Басқа түріктер «әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса, көркем болады» дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөздеріне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу дәрежеге жеткен... Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты» – десе, тағы бірде: «Өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала берсе, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөліктеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жібереді», «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт «өз тілінде жоқ» деп, мәдени жұрттардың даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып, сөз табуымыз керек» [8], – деген пікірлер білдірді.

Осы сияқты пікірлерді орыс терминологиясына қатысты Д. С. Лотте де айтыпты: «Кірме терминдерді дайын күйінде қабылдау, әрине, басқа тәсілдермен салыстырғанда жеңіл екені белгілі. Осы «жеңілдік» орыс тіліндегі ғылыми техникалық терминологияға негізсіз көптеген кірме терминдерді енгізуге әкеп тіреді». Мұны айтып отырған тіл басқыншылығының алдыңғы шебіндегі әлемдік алпауыт тілдердің қатарындағы орыс тілінің өкілі екендігіне назар аударсақ, термин мәселесінің ұлт өміріндегі қаншалықты маңызды екендігіне көзіміз жете түскендей болады.

Сонымен, сөзіміздің соңында қорыта айтарымыз, кезінде Ахмет Байтұрсынов ұсынған терминжасамның «алдымен, ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөзі, ондай сөз табылмаған жағдайда ондай сөз туыстас тілдерден; кең тараған халықаралық терминдер қабылданғанда, олар қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкестіріліп, алынуы керек» деген ұстанымдары қазірге дейін өзінің ғылыми да, практикалық та маңызын жойған жоқ. Ахаң бұлай жасау «тілді варваризмнен сақтайды», – деп ескертуді де ұмытпаған. Ахаң анықтап берген халықаралық терминдерді қабылдауға қойылатын осы өлшемдер күні бүгінге дейін өзінің дұрыстығын дәлелдеп келеді.

Әдебиет:

1. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2007. - 214-б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. - Алматы, 1989. - 151-б.
3. Алаштың тілдік мұрасы. - Алматы, 2009. - 45-46-б.
4. Ахметтану бастамалары. - Алматы, 2005. - 14-15-б.
5. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2007. - 211-б.
6. Сыздықова Р.. Термин жасау – Ахмет Байтұрсынов көтерген тарихи жүктің бірі // Туған тіл. – 2008. - №1.
7. Jespersen J. Paper in international language. - L. 1921. - S. 142.
8. Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы, 1991. - 350-351-б.

Ахмет Байтұрсыновша, жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ...

А.Байтұрсынов оқу құралдарында тілдік материалдарды оқушылардың эмпирикалық (I кезең), теориялық (II кезең), шығармашылық ойлауын (III кезең) қалыптастыру мақсатында жүйелейді [1, 434]. Ғалымның әдістемелік жаңалығы бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоймағандығы байқалады. Себебі теориялық ойлау мен шығармашылық ойлау – ең жоғарғы ойлау сатысы. Ол эмпирикалық ойлаудың негізінде қалыптасады.

Баланың шығармашылық қасиеті кішкентайынан көріне бастайды. Себебі шығармашылық – бала дамуының қалыпты жағдайы. Шығармашылықпен тұрақты және саналы айналысатын және өз мүмкіндігін жүзеге асыра алатын адам өмір талабына, өзгермелі еңбек шартына, өзін өзі тәрбиелеуге, өзін өзі жетілдіруге бейімделеді. Шығармашыл адам жаңашыл, ізденімпаз болады, өмірі қызық, мақсаттарын жүзеге асыру барысында өз жолын өзі ашып, кедергілерді жеңе алады, үздіксіз алға жылжып отырады. Сонымен, шығармашыл тұлға болу дегеніміз – дүниені тану және жаңарту арқылы тұлғаның болмысқа деген өз көзқарасын айқындауы.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні «шығару», «ойлап табу» дегенге саяды. Демек, «жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу» деп түсіну керек. Философиялық сөздікте: «Шығармашылық – қайталанбайтын, тарихи қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», – деп түсіндіріледі. Психолог Л.Выготский шығармашылық деп жаңадан ашатын әрекетті атаған [2, 18]. Ал осы мәселені терең зерттеген психологтердің бірі – Я.Пономарев оны «даму» ұғымымен қатар қояды [3, 47]. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе, интеллектуалдық тұрғыда болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді. Бұл пікір бүгінгі педагогиканың талаптарына сәйкес келетіндіктен, көңілге қонымды.

Шығармашылық – өте күрделі психологиялық үрдіс. Әрі ол адамға ғана тән. Шығармашылыққа деген қажеттілік – күрделі рухани қажеттілік. Әзірге ол барлық адамда бірдей деуге болмайды. Ал қоғамдағы жаңару үрдістері әр адамнан күнделікті шығармашылық қайтарымды талап етіп отыр. Ал шығармашылық әрекетке зерттеушілер әртүрлі анықтама береді. Мысалы, ғалым И.Лернер «шығармашылық әрекет» деп білім, білік, дағдыны жаңа жағдайға тасымалдай білуді, нысанның жаңа қызметін көре білуді, жаңа шешім табуы белгілейді [4, 52]. Ғалым А.Лук шығармашылық әрекетті мәселені шешудегі көрегенділікке балайды, идеяларды іске асыру (генерация жасай білу), болжай білу қабілеттерін атайды [5, 27].

Шығармашылық қабілеттер шығармашылық ойлау арқылы қалыптасады. Ал шығармашылық ойлауға ойдың жылдамдығы, ұшқырлығы, икемділігі, тапқырлығы, дәлдігі жатқызылады. Шығармашылық қабілеттің дамуы, оны дамыту жолдары ойшылдарды ертеден толғандырды. Мәселен, Жүсіп Баласағұн, Әл-Фараби, Абай өз еңбектерінде адамның жеке басын, қабілеттерін дамытудың жолдарын іздестірді. Оқушы шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген – М. Жұмабаев.

Әр жылдың ұсынары бар. Сондықтан заман ағымынан қалмай ілгері жүру – ұлы мұрат. Ақыл-ойдың алыбы Абайдың: «Ғылым іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілдім», – дегеніндей, тез жетілудің амалын іздестірген абзал. Оқытудың жаңа жолдары мен әдіс-тәсілдері, үздіксіз өзгерістер, жаңа жобалар озық елдерде жасалынып, қолға алынып жатқаны мәлім. Оның нәтижелері де жоқ емес. Ендеше, оқытуда бізде де ғылыми басқару әбден қажет. Бұл – «білім беру ісін жүйелі жаңарту» деген сөз. Жүйелі жаңартудың мақсаты білім берудің жеке тұлға мәртебелілігін нақтылаудың дидактикалық, әдістемелік механизмдерін негіздеуді қажет етеді. Осы бағытта еліміздің жалпы білім беру саласында жүріп жатқан жаңартулардың нәтижелілігі ұстаздар қауымының ғылыми дүниетанымының кеңеюіне, рухани дүниесінің баюына, кәсіби әрекетінің жаңаша ұйымдастырылуына байланысты. Демек, оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды кеңінен қолдана отырып, білімді терең және жан-жақты игертудің жолдары, әр пәннің ғылыми негіздерін меңгерту мәселелері, шәкірттің өзіндік ойлау қабілеті мен шығармашылық әрекетін дамыту сияқты оқытудың ең тиімді түрлерін қарастырғанымыз жөн.

Ғалымдар педагогикалық жаңалықтарды үшке бөліп қарайды:

✓ Жаңалық ретінде бұрын еш жерде, еш уақытта қолданылмаған білімдік идеялар. Мүлде жаңа идея. Практикада ондай жаңалық өте сирек кездеседі.

✓ Белгілі бір кезде, белгілі бір ортада көкейтестілігімен ерекшеленген, қайта орын алып отырған, жаңа жағдайға бейімделген идеялар. Бұл қазіргі педагогикалық жаңалықтардың көп бөлігін құрайды.

✓ Практикада бұрын болған, тек мақсатын өзгертіп пайдалану негізінде жаңа нәтижелер беретін жаңалықтар.

Оқыту үдерісінде қолданылып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген инновациялық технологиялар қатарында П.М.Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы, Ш.А.Амонашвилидің ізгілікті-тұлғалық технологиясы, М.Чошановтың модульдеп оқыту технологиясы, В.П.Беспальконың деңгейлеп оқыту технологиясын атауға болады. Немесе «ұжымдық оқыту әдісі» деп танылып жүрген интербелсенді оқыту әдісі. Оның негізгі қағидалары ретінде орта қалыптастыру, бірлескен әрекеттер арқылы үйрету, өмірмен байланыстыру, өзіндік дербестілікке баулу сияқтылар аталады. Осы ретте: «Бұл мәселелер жаңалық па?» деген заңды сұрақ қойылады. Жоғарыда аталған инновациялық технологиялар «оқытудың тың әдістемесі немесе оқытудың мүлде жаңаша жолдарын қарастырады» деп түсінбеу керек. Оқыту мен тәрбие беру үдерісінде ешқандай «науқандық», өтпелілікті көтере алмайтыны белгілі. Әсіресе, Қазақстан үшін. Сондықтан инновациялық технология – оқыту мен тәрбиелеудің ең озық, тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту болып табылады. Бұған А.Байтұрсынов негізін салған мына жұмыс түрлері дәлел бола алады.

Ол қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық мәселелерін айқындауда төмендегі мәселелерді көтерген:

➤ Оқыту әдістерінің маңызына тоқталып, олардың шығу тарихын, ұтымды жағын қарастырып, алғаш пікір айтқан.

➤ Тұңғыш рет үлестірмелі материалдарды қолданудың жолын көрсетіп, оны оқулық бетінде жариялаған. Әдістің бұл түрі күні бүгінге дейін өз мәнін жоймай, ізденімпаз, озат мұғалімдердің тәжірибесінде қолданылып жүр.

➤ Ахмет Байтұрсынов көрнекілік әдісіне де ерекше мән беріп, оны жасауға қойылатын оқушы назарын ауытқытпау, жалықтырмау, оқушыны қызықтырып отыру, жазуға тез үйрету, оқушының сауатын ашуды жеңілдету, тездету сияқты негізгі талаптарды көрсеткен.

➤ Тілдік тақырыптармен байланыста тіл дамыту әдістемесі тұрғысынан тіл дамыту жұмыстарын жүргізуде жеңілден ауырға қарай ұстанымын басшылыққа алған.

Бұдан ғалымның дидактиканың заңдылықтарын терең біліп, оны оқулықта шебер қолданғанын көруге болады.

Біріншіден, ол ғалым ұсынған үлестірмелі карточканың мақсатынан көрінеді. Мәселен, 1-карточка ойын түрінде беріліп, сөзді шырпымен жазу ұсынылады; 2-карточкада жазуға жаттығу, санақ үшін ұпай ойыны беріледі; 3-карточкада сөйлем құрастырып, сөздерді алмастырып қосып, алты сөзден оннан аса сөйлем құрастыру мақсат етіп қойылады. Бұдан біз ағартушының тіл дамыту, тілдік тақырыптарды дамыта оқыту жолында жеке сөздермен таныстыру принципін ұстанғанын, осыдан барып жекелеген тақырыптар арқылы оқушылардың сөздік қорын байытуды мақсат еткенін байқаймыз.

Екіншіден, А.Байтұрсынов тілдік тақырыптарды түсіндірумен байланыста бала тілін дамытуға аса қажетті материалдар ретінде жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, жұмбақтарды береді де осыдан кейін сюжетті мәтінге көшеді. Қазіргі эссе жазудың талабына сәйкес келеді. Жаңылтпашты жаттап, мақал-мәтелдің мазмұнын ашып, жұмбақтың шешуін таба білген балаға одан кейін берілген өтірік өлең, сюжеті қысқа мәтіндердің мазмұнын түсіну қиындық келтірмесі сөзсіз.

Үшіншіден, ғалымның тілдік тақырыптармен байланыста бала тілін дамытуда қолданған әдістерінің бірі – сөз ұқсастығын пайдалану, яғни, дыбыстардың алмасуынан сөз мағынасының өзгеретінін таныту, мысалы, *ол, олар, орлар, шаш, шаша, шашақ, керек, кезек, терек, төсек, елік, есек, зор, Ораз, ор, ора* т.б.

Бұл жерде қайталау әдісінің материалды есте сақтауда маңызының зор екенін, сөздерді ұмытпай есте сақтауы, жеке қолданыста, сөйлемде, жаттығу кездерінде қолдана білулері үшін ең керек әдіс екенін байқаймыз. Әрі оқушы дыбыс алмасқан сайын сөз мағынасының өзгеретінін, сонымен қатар кез келген дыбыс тіркесі сөз жасамайтынын, оның өзінің заңдылығы бар екендігін берік есте сақтайды.

Сонымен қатар ғалым тілдік материалды тек теориялық тұрғыдан ғана үйретіп қоймай, оқушылар күнделікті өмірде білімдерін кеңінен қолдана алатын дағдыларды қалыптастырудың негізін қалаған. Әсіресе, ғалым оқулықтарында тілдік материалдарды оқушыларға меңгертуде дидактикалық ойындарды кеңінен қолданғаны байқалады. Мұның себебін ол: «бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны, өздігінен алатын

тәжірибелі білімнің ұзақ жолын қысқарту үшін, сол жолдан балалар қиналмай өту үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беруінен, бетін белгілеген мақсатқа түзеп отыруынан», – деп түсіндіреді.

Ғалым оқулықтарын құрастырған кезде теорияның тәжірибемен байланысы ұстанымын басшылыққа алған. А.Байтұрсынов оқушының меңгерген білімін тәжірибеде орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін тілдік материалдарды үш кезеңде ұғындыру жұмыстарын жүргізу қажеттігіне ерекше назар аударған:

Бірінші кезеңде тіл білімінің сыртқы болмысын таныту жұмыстары жүргізіледі. Мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді орынды пайдалана отырып, тіл заңдылықтары мен ережелерінің болмысын меңгертеді.

Екінші кезеңде оқушылардың тәжірибеде өз білімін қолдана алу дағдылары мен біліктерін, білімдерін бекіту үшін «Дағдыландыру» және «Сынау» жұмыстары жүргізіледі. Сөздердің мағыналары қандай, олар сөйлемде қалай орналасады, бір-бірімен қалай тіркеседі, сөйтіп, тіл білімінің заңдылықтары тәжірибе жүзінде танытылады.

Үшінші кезеңде оқушыларды шығармашылық ойлауға дағдыландыру үшін дидактикалық ойындар қолданылады. Бұл ойындарды қолданудағы басты мақсаты – оқушының жаңа білім жөнінде түсінігін қалыптастыру, білімін жетілдіру, баланың тілдік ережелерді өздігінен ізденіп қолдануға үйрету.

Дидактикалық ойындарда оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытатын тапсырмалар беріледі.

Көріп отырғанымыздай, жоғарыдағы аталған ойлау сатылары айқын көрінеді. Себебі оқыту оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда мүмкіндік жасай алуы тиіс.

Инновациялық педагогикалық технологиялар кез келген пәнді оқыту барысында пән мұғалімдерінің ой-өрісін кеңейтіп, кәсіби деңгейін көтеріп, шығармашылықпен жұмыс істеуге, жаңашыл ойларды кеңінен пайдалануға және оқушыларға білім беруді жаңашылдық тұрғысынан жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жаңа технология оқыту үдерісіне дәстүрлі әдістемені модернизациялау, ұстаз бен оқушы арасындағы қарым-қатынастарды ізгілендіру әрі демократияландыру негізінде, оқушының іс-әрекетін белсендіру мен интенсификациялаудың негізінде енгізіледі. Осы тұрғыдан келгенде, әр мұғалімнің алдындағы мұраты, ең қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлға қалыптастыру және өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланың мүмкіндігін ашу, оны шығармашылық тұлға болуға жетелеу.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, оқыту мен тәрбие беру үрдістері ешқашан «науқандықты» көтере алмайтыны белгілі. Бірақ адамзат баласының өз ұрпағын оқыту, тәрбиелеудегі ең озық, тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тағы да тың жолдар іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңа заман талабына сай дамыта отырып, еңбектену жалғасқаны жөн. Себебі ұрпақтың сауатсыз қалуы әбден мүмкін. Білім беру жүйесі сынақ алаңы емес.

Тіл ғылымы мен әдістеме ғылымы үнемі дамып, толысып отырады. Әдістеменің бір жылғы жаңалығын игерудің өзі өлшеусіз көп уақытты талап етеді. Оны игермеген, игере алмаған пән мұғалімі әдістеме ғылымының даму қарқынына ілесе де алмайды. Тіл мен оны оқыту әдістемесі ғылымының даму қарқынына ілесе алмаған пән мұғалімінің тіл ғылымы туралы білімі, мәліметі шектеулі болатыны рас. Мұның, әрине, қазақ тілі пәнін оқыту сапасына да қатысы бар. Сондықтан да қазақ тілі мұғалімінің бос уақыты түгелдей оқу, үздіксіз ізденіс үстінде өтеді. Бұл – оның ұстаздық еңбегінің шығармашылық даралығын көрсетеді. Негізінен ғылыми және практикалық нәтижелілігі өте жоғары сабақтар болады. Сабақтың құрылым-жүйесінің белгіліден белгісізге, жалқыдан жалпыға бастайтын сатылар бойынша немесе керісінше таратылуы, оқытушының талдау мен дәлелдеу тәсілдерінің байлығы, шешендігі, тақырыптың ғылыми тереңдігі мен эмоциялық әсерлілігі оқушыны шығармашылық ойлауға дағдыландырады. Мұндай сабақ оқушыға тиянақты білім берудің бірден-бір ғана жолы емес. Себебі бойға қонған білімнің бәрі де жақсы. Ал оқушының өз бетімен ізденіп, ойын қозғап, ақылына жүгініп, еңбекпен тапқан білімі одан да қымбат.

Оқуға, білімін өздігінше жетілдіруге деген саналы сұранысы жоқ оқушыға қандай тамаша ұстаздан да көп нәрсе ауыса алмайды. Ал осындай сұранысты оятып, қалыптастыруда тебіреніс, толқу туғызған сабақ пен оқушының өздігінше орындайтын белсенді оқу жұмыстары арасындағы жалғастық жетекші рөл атқарады. Осыған орай информациялық сипаттағы сабақтарды азайту есебінен оқушылардың өздігінше орындайтын жұмыстарына бөлінген уақытты арттыру орынды.

Ұлтымыздың көсемі – Ахмет Байтұрсынов айтқандай, «үйрену хәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Үйретушінің де жігері құм болмайды. Ісі ілгері оңай жылжыған сайын көңілденіп оқытуға жаһады зорайып шабыттанады» [1, 323]. Осы тұрғыдан келгенде, мемлекеттің білім беру тұжырымдамасы міндеттерінің бірі – білім беру жүйесі мен

оқытудың сапасын арттыру, сабақтың әдістері мен мазмұнын жетілдіру, методологиялық жағынан дамыту болып табылады. Сондықтан бүгінгі оқу-ағарту саласында жиі айтылып, күн тәртібіне қойылып отырған басты мәселелердің бірі – пәндік материалдарды жаңаша оқыту технологиясы арқылы қалыптастыру.

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
2. Выготский Л.С. Собрание сочинений. В 6-ти томах. -Т I. – Москва, 1984. - 400 с.
3. Психология творчества: школа Я.А.Пономарева. – Москва, 2006. - 348 с.
4. Лернер И. Я. Проблемное обучение. - Москва: Знание, 1974. - 239 с.
5. Лук А.Н. Мышление и творчество. - Москва: Политиздат, 1976. - 144 с.

Шаханова Р.

*п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ,
филологиялық пәндерді оқыту
әдістемесі кафедрасының меңгерушісі*

Сейсенбаева Ж.

филол.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің бүгінгі қазақ тілін оқытудағы маңызы

Қазақ тіл білімі ғылымының негізін қалаушы, ұлы реформатор – А.Байтұрсынұлының қазақ халқының тілдік мәдениетіне қосқан үлесі орасан зор. Ғалымның қай еңбегін алып қарасақ та, қазақ халқының сауатын ашып, тілдік құндылықтың сақталып, ел ертеңіне деген азаматтық жанашырлығына көз жеткіземіз. Өткен ғасырда жазып кеткен ғылыми еңбектерінің бүгінгі күнде де тіл дамыту жұмыстарында ғылыми маңызы артып, бүгінгі ғылымның дамуына пайдасы бар екеніне айтып өтуге болады. Соның ішінде біз бүгінде білім беру бағдарындағы қазақ тілін оқыту әдістемесіне ғалымның қосқан үлесі туралы сөз қозғамақпыз. Бұл тақырыпқа ғылыми сараптама жасауда тілдің дамыту аясы мен тілді оқытудың тиімділігін арттыру жолдарына А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерін пайдалана отырып, қазақ тілін оқыту әдістемесін кеңейту жолдарын саралауды мақсат тұттық.

Еліміздің Президенті – Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» бағдарламасында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және тұрғыда жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау», – деп нақтылаған болатын. Ендеше, осы бағытта бүгінгі ұрпаққа білім беруде ертеңге пайдасы келер, алған білімін өмірде пайдасына асырар өзіндік көзқарасы қалыптасқан тұлға дамытуды мақсат тұта отырып, білім беру үдерісінде оқыту әдісіне ерекше көңіл бөлу қажет. А.Байтұрсынұлы: «Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», – деген [1]. Тілді оқытуда да, дамытуда да әдіс түрлерін жан-жақты қамтып, түрлендіріп отырған абзал.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңашыл ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір оқытушы жадында сақтауы тиіс. Үздіксіз білім алып, біліктілікті арттырып отырғанда ғана нәтижеге жете аламыз. Ахмет Байтұрсынұлы – халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салған ғалым. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі – жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық», – деп [1], 1912 жылы қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі – «Оқу құралын» жазды. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылған. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Ахмет Байтұрсынұлының реформалаған араб жазуы негізіндегі әліпбиі – заманында қазақ халқының мәдени дүниесінде зор серпілістер әкелген құнды еңбек. Қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына зор ықпал жасады. А.Байтұрсынұлы – қазақ тілінің тазалығын сақтау мақсатында жан-жақты зерттеулер жүргізіп, бүгінгі күнде маңызы жоғары құнды әдістер ұсынып кеткен ғалым.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі мен қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізгі іргетасын қалаушы. Ғалым бұл салада 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материал жариялаған. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында «Ана тілінің әдісі», «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы», «Жалқылаулы-жалпылау әдісі», «Қай әдіс жақсы?», «Ана тілінің әдісі» деген әдістеме мәселелерін сөз ететін бірнеше мақала жариялайды. Ағартушы ғалымның 1928 жылы «Жаңа мектеп» журналында «Қай әдіс жақсы?» деген атпен жариялаған мақаласында тілді оқыту әдістерінің ғылыми маңыздылығына ерекше тоқталған. Содан бері ғасырға жуық уақыт өтсе де, А. Байтұрсынұлының мақаласына арқау болған мәселе өзектілігін жоймаған. Керісінше, бүгінгі қазақ тілі мамандары үшін де күн тәртібіндегі аса бір маңызды, күрделі мәселелер қатарында саналып отыр. Әрине, Ахмет Байтұрсынұлының әдіс туралы көпшілікке ой салып, пікір айтудағы мақсаты мен біздің бүгінгі мақсатымыз арасында елеулі айырмашылықтар бар. Соған қарамастан, А.Байтұрсынұлының әдіс және оның ерекшелігі туралы айтқандары қайталап оқыған сайын әрқайсымызға тың ой салары хақ. Осы мақаласында Ахмет Байтұрсынов: «Әдіс керекшіліктен шығады», – дей келе, сол керекшілікке қарай тілді дамыту жолдарын нақтылап өткен.

Бүгінде қазақ тілінің даму бағдарын қайта қарап, оқыту әдістерін нақтылаудың қажеттілігі де, қазақ қоғамын қазақша сөйлетудің қиындығынан болып отыр. Яғни, тілді оқыту әдістерін ағартушы ғалымның еңбектеріне сүйене отырып, бүгінгі күн талабына сай дамытудың маңызы зор. Мемлекеттік тілді білуге мүдделі Қазақстан азаматтары мен шетелдіктерге тіл үйретуде сапалы қызмет көрсетумен байланысты қазақ тілін оқыту бағдарына ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Сапалы қызметтің кепілі – тіл үйретудің ұтымды әдістерін іздеп табу, қажет болған жағдайда қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын тың әдіс түрін жасап қолдану және оны өзгелерге үйрете отырып, білікті әдіскерлерді даярлау. Тілді оқытуда әдіс түрлерін тиімді пайдаланып, жақсы-жаманын қалай ажыратуда Ахмет Байтұрсынұлының «...Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген тұжырымын басшылыққа алған абзал. Осы орайда «бүгінде мұғалімдер сол әдістерді ұтымды қолданып жүр ме?» деген сұрақ көкейге ұялайды.

Мектеп балаларына арналған оқулықтарында А.Байтұрсынұлы иллюстративтік материалдарды қатар ұсынуда үлкен тәрбиелік әрі тіл ұстарту мүддесін көздеген. Автор жалпы оқулыққа тән «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге» принципі ұстанып, білім беру бағдарындағы ерекшелігін нақтылаған. Бастауыш мектептің балаларына арналған материалдарды аса түсінікті етіп беруді көздеген ғалым оқу материалдарына мысалдарды қазақ баласына таныс (үлкендердің аузынан сан рет естіп, құлақтары үйренген) мақал-мәтел, нақыл сөздерден, мысалдардан ала отырып, оның тиімді әдіс екендігін зерделеген. Ұсынылған мысалдардың барлығы дерлік адамгершілікті, адалдықты, еңбексүйгіштікті ұлттық құндылықтарға негізделген қасиеттерді уағыздайтын дидактикалық мәні зор мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, өлең-жыр жолдарын ұсына отырып, тәрбиелік маңызына ерекше көңіл бөлген. Ал белгілі бір тақырыпқа лайықтап, өзі жасаған мәтіндер ауыл балаларының күнделікті тұрмысынан алынып, олардың арман-тілегін, талап-талпынысын т.б. танытатын шағын әңгімелер түрінде берілген шығармалары баланың тілдік білімімен қатар ойлау дүниетанымын дамытатындығына мән берген.

Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жанаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойнымызда. Барлық кедергіні жеңу, табысқа талпыну өз қолымызда. Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту процесінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту процесінде компьютерге негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты тиімді қолданылуы қажет.

Қазақ тіл біліміне қатысты терминдердің жасалуы, жалпы терминдік жүйе ретінде қалыптасуының даму бағдары да А.Байтұрсынұлы еңбектерімен де тығыз байланысты. Ұлттық терминологияның қалыптасуында А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал», «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл жұмсар» т.б. еңбектерінде тіл біліміне қатысты терминдер мен термин жөніндегі ойларының маңызы зор. Ғалым Ж.Манкеева «А.Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері» деген мақаласында: «Терминнің шартты белгілерден айырмасы – оның ұлттық танымға жақындығы, уәжділігі мен түсініктілігі, қызмет әлеуеті т.б. негізінде тілдің бұзылмай, жаңаша дамуы. Міне, кезінде А.Байтұрсынұлы шығармашылығындағы термин жасау ұстанымының да негізгі арқауы – осы. Себебі термин қалыптастырудағы ең негізгі талаптар: ұлттық, қоғамдық, әлеуметтік мүдде тұрғысынан қойылар талаптарға сай болу. Олай болса, қоғамдағы ғылыми қатынас құралы ретінде жаңа, күрделі ойды жеткізуші терминдер де сөздер секілді халықтың ақыл-ойын, адамдық рухын, ғылыми

көкжиегін, білім аясын жаңа сапада өсіру мұратын есте тұтады. Ол үшін термин маманға ғана таныс жасанды таңбалардан ғана жасалмай, терминжасамда халықтың тарихи-мәдени кодтық жадын жаңғырту да ескерілгені жөн екенін жалпы тіл табиғатын анықтауға негіз ретіндегі когнитивтік лингвистика тұрғысынан дәлелдеудің мәні ерекше. Осы жаңа ғылыми бағыттар (мысалы, психолінгвистика) тұрғысынан саралап қарасақ, осы қисынға сәйкес терминжасам А.Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың қазақ тілінде термин түзуді ұлттық тіл мүддесі мен таным тұрғысынан, ана тілінің табиғатына сай жасауға ұмтылыстарынан басталғанын байқаймыз», – деген пікір айтады [2]. Тіл білімі саласындағы тілдік бірліктер білім-ғылымға ұмтылған өзге де адамдарға мейлінше түсінікті болуы қажет. Сондықтан А.Байтұрсынұлы – бастауыш мектеп оқулықтарынан және осы мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралдарынан өзге еңбектерінде жаңа сөздердің түсінікті болу жағын басты назарда ұстап, терминдердің барлығында да ұғым дәлдігіне қатты назар аударған ғалым.

Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, яғни, оқушыға оқу материалын тиімді сипаттайтындай қабылдау механизміне тәуелді болады. Осыған байланысты оқу іс-әрекетін тиімді қамтамасыз ету бәрінен бұрын оқушылардың өзіндік іс-әрекетін, оқытушының әрбір оқушымен жеке тұлғалық оқу іс-әрекетін сүйемелдеуді және жобалар мен оқу жұмыстарын оқытушылармен бірге ұйымдастыруды жобалайды.

Соңғы кезеңде қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту үрдісі ақпараттық-коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңалаған жолмен ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. Білім сапасы мұғалімдер қызметінің сапасына тікелей байланысты. Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынов: ... «Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Демек, білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі». Шығармашылық қызметі дегеніміз – білім беру бағдарындағы әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдаланып, дұрыстап, орнымен қолдана білудегі тапқырылығы.

Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы анық. Тілші-ғалымдар Ахмет Байтұрсынұлы тұжырымдамаларын «қазақ тіл білімінің бастауы» деп танып, оны ғылыми тұрғыда жүйелеп, бүгінде білім беру бағдарында пайдалануда.

Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану теориясының негізін салушы, ұлт мектебінің ұлы ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиін ұлтымызға жасап кеткен мұра екенін ұмытпай, тілді оқыту әдістемесіне қалдырған еңбектерінің бүгінде маңызды екендігін айта келіп, сол ойды дамыту бағдарында жұмыс жасап, қазақ тілін оқыту жолдарын тереңдету қажет.

Әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
2. Манкеева Ж. А. Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері // «А.Байтұрсынұлы және казак филологиясының мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы: Арыс, 2004. - 15-18-б.

*Оразалиева Э.
филол.ғ.д., Назарбаев университетінің профессоры*

Тың ойлардан бастау алған тілтаным *(А.Байтұрсынұлы еңбектері негізінде)*

Қазақ тіл білімінде тілге тек құрылымдық ерекшелік ретінде емес, «адамзат болмысының өзгеше бір бөлшегі» деп қарау – ХХ ғасырдың басынан бастау алған ғылыми қағидалардың бірі. Адамзат атаулына тән тіл мен ойлау арақатынасымен анықталатын зейін қою, жадыда сақтау, елестету, қиялдау, шығармашылық деңгейді таныту, образды түрде қабылдау әрекеттерінің барлығын тіл табиғаты мен қызметін анықтайтын мәселелер қатарына жатқызған зерттеушілер лингвистикалық ізденістердің өзгеше мақсат-міндеттерін сұрыптады. Кез келген ой түйінінің астарында адамның табиғи қабілеті, жан-жақты тану әрекеті жататындықтан, антропоцентристік тұжырымдардың негізін, алдымен, адамның субъективтік болмысын қоршаған әлем заңдылықтарымен байланыстырар себептер анықтады. Олар жекеленген тұлғалардың есту, көру қабілеттерімен айқындалатын адамның

ойлау, саралау, пайымдау, талдау мүмкіндіктерін танытар ерекшеліктерге негізделді. Екі жақты кодтау теориясын дамытушы А. Павионың айтуына қарағанда, адам хабарды, заттар мен құбылыстарды қабылдап ұғынғанда, екі түрлі процесті – көзбен көруді және вербалды немесе тілдік амалдармен бекітуді ескеру керек [1, 112]. Олай болса, субъективтік факторларға ғалымдардың қабілеті, мүмкіндігі, ішкі сезімі, өзіндік дүниетанымы, біліп-тану дәрежесі жатқызылса; объективтік мәселелер қоршаған орта заңдылықтарымен, себеп-салдарлық байланыстармен, мәселелердің тарихи даму эволюциясымен сұрыпталды. Бұл қатарда:

- ✓ таным нысанын құрайтын заттар мен құбылыстардың универсалды табиғатын;
- ✓ ғылымдар тоғысын құраған ұғымдық синкретизмнің қалыптасуын, тіл философиясы принциптерінің үстем болуын;
- ✓ қазақ тілінің ғылыми негізде қалыптасуының жалпы теориялық ілімдердің дамуымен қатарласа жүзеге асуын;
- ✓ алғашқы қазақ зерттеушілерінің Ресей лингвистикалық мектебінде дәріс ала отырып, ана тілін өзге тілдермен салыстыра-салғастыру мүмкіндігіне ие болуын; жеке және жалпы тіл білімі проблемаларының тығыз байланыста зерделене бастауын;
- ✓ Қазақстанның ішкі қоғамдық өмірі мен ғылымдағы ізденістерін ғылыми танымға негіздеу қажеттілігін атаған орынды.

Нәтижесінде қазақ зерттеушілері «Тіл – құрал» деген ұстанымды басшылыққа ала отырып, тілдің әлеуметтік, психологиялық, танымдық қызметтеріне назар аударып, тілдік мәселелердің кең көлемде әдеби, пәлсапалық, логикалық ұстанымдарды айқындауға қатыса алатындығын дәлелдеді. Филологиялық мәселелерді әдіснамалық және пәнаралық байланыстарға сүйену негізінде шешу мақсатын көздеген тілші-ғалымдар тілдік фактілерді адам болмысын, оның физиологиялық, психологиялық табиғатын пайымдап түсіндіруге мүмкіндік беретін амалдар тізбегі деп қарастырды. «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры...», – деген А.Байтұрсынұлының пікірі сол маңызды бастаманың алғышарты деп танылды.

«Тіл – құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат...» [2, 142], – деп басталған А. Байтұрсынұлының еңбектері ойды ойға жалғайтын, тіл табиғатын қызметімен өзектейтін тілдік «экскурстардың» (Ө.Қайдар) құндылығын анықтады. Тілдік материалдарды таза теориялық қағидаларға ғана емес, идеялық-рухани тәрбиеге, халықтық дүниетаныма арқау еткен А.Байтұрсынұлы қазақ тілін «адамзат табиғатын айқындайтын ғылымның маңызды тармағы» деп саралады. Белгілі тілші Р.Сыздықова «Тіл – құралды» «...қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс» [2, 20], – деп жоғары бағалады. Қазақ тіл біліміне ғана емес, қазақ мәдениетіне қосылған зор үлес, халық қабылдауына жақындатылып жазылған туынды – біріншіден, терең этнолингвистикалық зерделеудің үлгісін көрсетсе, екіншіден, кез келген тілдің барша адамзатқа ортақ «есепсіз бөлшектер» жиынтығынан тұратынын дәлелдеген кешенді зерттеу болды. Үшіншіден, бұл жұмыс ғылыми ортада «тілдің ойлау жүйесімен байланысын өзге қырынан талдаған жаңалық» деп қабылданды.

Айтушы мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынастың ерекшелігіне тоқтала отырып, А.Байтұрсынұлы ой мен сөздердің «қиындасуын» маңызды фактор ретінде қарастырды: «...Айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық даражада түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады... Сөйлегенде, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да олардың басын құрап, біріне бірінің қырын келтіріп, қиындастырады» [2, 263-264]. Аса қажет психологиялық мінездеме ретінде тілші «бұйрық, өтініш, үгіт, жай тілек» секілді адам көңіл күйінің эмоционалды-экспрессивтік реңктерін білдіре алатын тілдік құралдарға шолу жасады, оның барлығын «көңіл тілегі» [2, 298], – деп топтады. Ғалым «адам санасының» үш негізін барлық тілтанымдық фактіге арқау етіп, тілдің міндетін осы үш арнадан өрбіте талдады. Олар – ақыл, қиял, көңіл. «Ақыл ісі – аңдау, яғни, нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып райлау, қиял ісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау, көңіл ісі – түйю, талғау» [3, 141], – дей отырып, зерттеуші тілтанымның мақсат-міндетін, негізгі ұғымдарын өзектеді. Адам болмысының сан қилы мүмкіндіктерін оның сөз өнерімен, шығармашылық қабілетімен ұштастырған автор: «Сөздің өзін танытатын белгі – тіл, яки, лұғат белгісі болады. Ол белгі әркімнің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп әдеттенуінен, салттануынан болады» [3, 142], – деген қорытынды жасады. «Сөз өнері» деп асылында нені айтамыз?» деген сұрақтың жауабын тілші біздің пікірімізден, қиялымыздан, көңілімізден, соны білдірер сөйлеу әрекетімізден іздеді, сондықтан «Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару – «сөз шығару» болады» [3, 148], – деп жазды.

Тілтанымда адам қоғам мүшесі, психофизиологиялық ерекшеліктерден құралатын индивид, ойлау мен тану әрекеттері арқылы өзі іспеттес басқа субъектілермен қарым-қатынас жасайтын тұлға ретінде ұғынылады. Оның антропологиялық тұжырымдары өз алдына жеке емес, өзге ғылыми жүйелермен, теориялармен байланыса өрбиді (қатысымдық прагматика, дискурс теориясы, когнитивтік

антропология, әлеуметтік психология, жасанды интеллект, сөйлеу актісінің теориясы және т.б.). Аталған ілімдердің қай-қайсысы да тіл мен танымның өзегін құрайтын адамдық фактордың құндылығын дәйектеуге мүмкіндік береді, өйткені қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі – А.Байтұрсынұлы атап көрсеткендей, адам мен оның өзіндік әлемі сана мен танымның барша жетістіктерін айқындайтын маңызды амалдардың бірі болып табылады.

«...Адамда екі ғалам болады – ішкі ғалам, тысқы ғалам. Ақыл, көңіл, қиял сияқты адамның рухына қараған жағы – ішкі ғалам болады да онан басқалары – басқа адамдар, мақлұқтар, нәрселер, бүтін дүние тысқы ғалам болады» [3, 225] деген тұжырым негізінде ғалым адамның ішкі және сыртқы ғаламдық белгілерін зерделей отырып, тілдік талдауларда кеңінен пайдаланады. Автор ойына сүйенсек, адамның рухани әлемі мен қоршаған дүние негіздері өзара тығыз байланыста дами келе, оның ойлау, сөйлеу, тану, қабылдау әрекеттерін түсіндіруге, қатысымдық болмысын уәждеуге және белгілі бір тақырыптық идеялық мазмұнда өрбітуге жол ашады. Бір-біріне ауыса отырып әрі бір-бірін толықтыра дамитын бұл екі ғалам адамның барлық болмыс-бітімін, тұрмыс-тіршілігін, мақсат-міндетін анықтаумен қатар, оның «ес және іс әрекеттерін» де, қиял-арманын да талдап көрсетуде, олардың себеп-салдарын дәлелдеуде шартты қажеттілік деп танылады. Айтылған пікірдің шындыққа ұласу деңгейін сұрыптау мақсатында тілші: «...Адамның ілтипаты тысқарғы ғаламға, бірде ішкергі ғаламға көбірек ауатын орындары болады... Кейде тысқарғы нәрсе өте қорқытса, яки өте қуантса я болмаса өте тамаша күйде болып таңдандырса, адамның ісін алып, ілтипатын өзіне аударып кетеді. Кейде қайта адам өз ойы, өз қиялы, өз көңілінің күйімен болып, айналасындағы болып жатқан уақиғаларды, істеліп жатқан істерді, тамашалы тысқарғы ғаламды байқамай қалады. Бұл – адамның ілтипатын тысқарғы ғаламнан ішкергі ғалам аударып алып кеткен уақытта болады. Кейде тысқарғы, ішкергі екі ғаламның да күші бірдей болып, ілтипатымызды бірдей түсіреді» [3, 227], – дей отырып, адамның ішкі не сыртқы әлемінің үстем болуы негізінде байқалатын ерекшеліктерге тоқталады. Бірде адам көңілін билейтін не болмаса белгілі бір сыртқы жағдайлардың әсері сезілетін фактілерді басшылыққа алған ғалым тілдік құралдарды да, сөз өнері үлгілерін де антропологиялық зерттеулер мен қорытындылардың дереккөзіне айналдыра сипаттайды. Осы негізде зерттеуші екі ғаламның «түйісу» [3, 294] нормаларын таным мен тілдік дамудың арасындағы «зор іліктіктің» [3, 226] нәтижесі деп түсіндіреді.

Когнитивтік лингвистика – ХХ ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап кең өріс алған лингвистиканың саласы. Ол танымдық құрылымдардың лингвистикалық сәйкестіктері мен мүмкіндіктерін анықтау, белгілі бір тілдік жағдайды мақсатқа, әсер етуші себеп-салдарға орай әртүрлі тілдік құралдар арқылы сипаттау, олардың әр деңгейде қабылдану өзгешелігін зерделеу немесе «тілді жалпы танымдық механизм ретінде қарастыру бағыты» [4, 21] деп танылып келеді. «Дүниедегі нәрсенің қайсысы туралы сөйлесек те, бір жағынан ғана емес, әр жағынан алып сөз қылуға болады» [3, 147] деген А.Байтұрсынұлының ғылыми ұстанымы да сол «танымдық механизмді» жүйелеуге мүмкіндік берген ордалы ойдың бастамасын құрады. «Анайы заман» мен қазіргі уақыт туындыларын салыстыра талдаған ғалым тіл өркендеуін өзектейтін шарттар қатарында адамның танымдық болмысын табиғи қажеттілік деп есептеп, әр заманның шығармасын сол кездегі «тысқы ғаламды» қабылдап бейнелеудің құралы ретінде талдады: «Адам бала күнінде тысқы ғаламдағы көзге көрініп, денеге сезіліп тұрған нәрселерді ғана танумен болады. Есі әбден кіргенше өзгеден өзін айырмайды. Өзгенің істегенін істеп, дегенімен болады. Есейген сайын өзінің өзгеден басқалығын біліп, өзіне ұнағанын істеп, ұнамағанын істемей, қиықтық шығара бастайды... Өз алдына мұны, мұраты, мақсаты, мүддесі болып, сол мұрат-мақсатына жету талабына кіріскен жерде тысқы ғаламға тиісті жердің шегіне келіп, ішкі ғалам мен тысқы ғалам екеуі кездеседі...» [3, 294].

Ғылыми айналымда кеңінен қолданыс тапқан «когниция» ұғымының астары да тілші талдауларына арқау болған танымдық үдерістердің тоғысқан бірлігін айқындады. Когниция–танымның өзгеше сипаты, ол – қоршаған шынайы болмыс туралы жан-жақты мәлімет беретін, сезім, эмоция, жады, қиял, қабылдау, зейін, ақыл-парасат сияқты әрекеттермен бірлікте дамитын құбылыс [5, 196] болғандықтан, ғалымдар «логикалық танымға қарағанда, когниция әлемді танудың түрлі амал-тәсілдерін, олардың заңды сабақтастығын басшылыққа алатын құбылыс» деп. тұжырымдады. «Бүгінгі күні «когниция» ұғымы – адамзаттың рухани болмысын сипаттайтын білім, сана, ақыл-ой, ойлау, шығармашылық, жоспарлау, логикалық қорытынды жасау, сәйкестендіру, армандау, қиялдау әрекеттерінен ғана емес, сонымен қатар қабылдау, еске түсіру, көңіл бөлу, тану процестерінен де құралады» [6, 15] деген ғылыми пікірлерге сүйенсек, когниция адам атаулыға тән барлық әрекеттің үйлесімді сабақтастығынан басталатын маңызды танымдық бірлік болып табылады. Тілшінің «Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркем сөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әлпіне түсіріп айтады... Жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады. Көркем сөз болуға ықтимал деген нәрселерді де алып сөз қылады... Жоқ нәрсені барға ұйғарып сөз қылады» [3, 210] деген сипаттамаларының негізгі желісі де ес пен зейін, «ішкі пікір мен тысқы тіл», «я нәрсеге тиісінше ойлау, я көңілінің түйісінше ойлау» [3, 209] сияқты бірліктер мен ұғымдардың

мағыналық өрісін айқындаған тілтанымдық тұжырымдармен құнды. «Қара сөзден адам тек ұғым алады дедік. Ұғымның өзі керекті орнына қарай екі түрлі болады: 1. ес ұғымы, яғни, еске керек ұғым; 2. іс ұғымы, яғни, іске керек ұғым» [3, 211]. Ұғым арқылы сипатталатын қара сөздер бірде «дүниедегі нәрселердің бәрін, задын, сырын, сипатын, мүдетін, мұратын тануды» көздесе, бірде «табиғат ісін, күшін, нәрселерін қалай пайдаланатын жолын білуге бағытталады» деген автор тұжырымының өміршендігі де қабылдау мен түсінудің, пайымдау мен зерделеудің, тану мен қолданудың өзара байланысқан жүйесінің тіл арқылы, тілдік құралдар мен әдеби оралымдар арқылы көрініс табатын өзгешелігінде жатыр. «Ішкі ғаламның» субъективтік мүмкіндіктерін, өзіндік даму жүйесін анықтауда «тысқы ғаламның» элементтерін ұтымды пайдалана білген ғалым тілдік құралдарды, адамның сөйлеу әрекетін оның ойының жемісі ретінде қарастыра отырып, «жүрек лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі» [3; 226] сияқты сөздер байланысын бүгінгі «когниция» ұғымының шеңберімен тоғыстыра зерделеуге мүмкіндік берді.

А.Байтұрсынұлы адамды қоршаған әлемдегі заттар мен нәрселер табиғатын «сипатты» қабылдаудан өткізе келе, әрқайсысын «бойындағы қасиеттеріне» қарай «жағымды, жағымсыз» әсерлер арқылы таразылады. «Нәрсе түрлі сипатты болады. Ол сипаттардың біреулері бойына біткен сипат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған сипаттары болады. Мәселен, нәрсенің бірін «жылы», бірін «суық», бірін «тегіс», бірін «бұдырмақ», бірін «қатты», бірін «жұмсақ» дейміз. Бұл сипаттар – нәрсенің бойында бар сипаттар. Бұл сипаттаудың біреулері адамға ұнайтын болар да біреулері ұнамайтын болар... Бұлардың біреулерін «жағымды», «сүйкімді» деп, екіншілерін «жағымсыз», «сүйкімсіз» деп сипаттау – нәрсені тиісінше сипаттау емес. Адам өз көңілінің түйісінше сипаттау болады» [3, 209] деген тұжырымға сүйенер болсақ, дүниенің өзі адам санасына «шынайы жағымен», яки, табиғи болмысымен әсер еткенде оның тек «тиіс» белгілері ескеріледі де жеке психологиялық тұрғыдан не болмаса субъективтік бағалау мен коннотациялық реңк тұрғысынан оған өзіндік көзқарасыңды білдіру негізінде алып қарағанда, тысқы ғаламдық заттар «түйістің» елегінен өте қабылданып, «көңілдің түйген, қиялдың меңзеген» қалпын «әліптейді» [3, 210]. Олай болса, ғалымның пайымдауынша, сол әсерлер жігін адам ғана «...уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүрек тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, көрнекті, сәнді, мәнді тіл» арқылы баяндап жеткізе алады, яки, кез келген құбылысқа өз қарым-қатынасын білдіру мүмкіндігіне ие болады.

1928 жылы С.А.Аскольдов «**концепт**» терминін алғаш қолдана отырып, оның табиғатын «ой құрылымы» деп қарастырса [7], қазіргі таңда бұл ұғымның аясы кеңейе отырып, анықтамалық мазмұн адамның барша психикалық ресурстары, сана қызметі, жинақталған тәжірибе сияқты мәселелермен толығып келеді. «Концепт – жадының, концептуалды жүйенің, адам психикасында көрініс тапқан әлемдік бейненің, ментальді қордың оперативті бөлшегі» болғандықтан, оның негізінде тіл білімінде «концептуалды жүйе», «концепттік ая» сияқты ұғымдар қалыптасып, қолданыс тауып отыр. Тілшілер концептуалды жүйені «адам ақылы меңгерген барша тұжырымдар жиынтығының ментальні деңгейі» деп сипаттаса, «концепттік ая» деп. белгілі бір тіл де сөйлеушінің дүниетанымын қалыптастыратын, универсалды немесе жалпыхалықтық ілімдермен индивидуалды таным сабақтастығынан жинақталатын тұжырымдар ескеріледі [6, 15-16]. Концепт – адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі. «Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде» оған: «жадының, ментальді қордың, тұжырымдау жүйесінің әрі адам санасында көрініс табатын бүкіл әлемнің мазмұнды да белсенді бірлігі» [8, 90] деген анықтама берілді. Тұжырым жасау арқылы адам ойлау әрекетін ғана жүзеге асырып қоймайды, ол әлемді танудың негізін құрайтын тәжірибе мен білім жүйелерін талдауды, олардың болмыс-табиғатын пайымдауды міндет етеді.

А. Байтұрсынұлы «Адам дүниедегі көрген-білген нәрселерін тек байқап, тек пікірлеп, тек саңлаулап қана қоймайды. Ол нәрселермен қатар адамның көңіліне күй де жасалады. Адам көрген-білген нәрсенің я ісінің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, бірінен сескенеді, бірінен шошынады. Сезіліп тұрған тысқарғы ғаламмен, сезіп тұрған ішкергі ғаламның екі арасы санаға келіп түйіскен жерде жыртылып айрылғысыз болып бірігеді», – деп атап көрсетеді. Белгілі бір құбылыстар мен заттарды нысанға алу кезінде кез келген тұжырым «дедуктивтік не болмаса индуктивтік деректер мен хабарлар жиынтығы» десек, ғалым сипаттаған «адамның санасы» – сол деректер қорының үлгісі, ақпарат өңдеудің жаңа моделі ретінде талданады. «Адамның санасы – фотография (сүгірет машинасы) емес, нәрсенің тұрпатын ғана түсіріп қоятын нәрсенің саңлауы келіп адамның санасына түскенде, адамның ойын да, көңілін де бірдей оятады» [3, 226] деген тұжырымдарда сол маңызды лингвистикалық зерттеулердің бастау алуына негіз болды.

Бүгінгі таңда А.Байтұрсынұлының зейін қызметіне берген анықтамалық классификаторы да өзгеше рөл атқарады. Мысалы, ғалым жіктеуінде «адамның зейіні»:

✓ бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын, яки, бар деп ұйғарылған нәрсенің бар-жоқтығын танып, белгілі бір қарарға келгенде адамға бір үлкен ұғым пайда болады. Сол

ұлы ұғым жүйесі «даналық» деп аталады. Даналық мақсаты – бүтін ғаламды танып, бүтін ғалам атанған дүниенің жұмбағын шешпек;

✓ Құдайды тану жағына жұмсалып, Құдай турасындағы мәселені шешпек болғанда, дін пайда болып, ұғым жүйесі жасалса, ол «ғақаид» деп аталады;

✓ табиғат құбылысын тану жағына жұмсалып, табиғаттың түрлі заңдарын тауып, қасиеттерін біліп, әбден көз жеткенде пайда болатын ұғым жүйесі «ғылым» деп аталады;

✓ әлеумет мәселесіне жұмсалып, әлеумет ісіне жол сілтегенде, «көсемдік ұғым жүйесі» пайда болады;

✓ табылған білімді басқаларға үйрету жолына жұмсалғанда, үгіт-«тәрбие ұғым жүйесі» пайда болады;

✓ басқаның ісін таразыға тартып, ұнамды, ұнамсызын тексергенде, «сын ұғымының жүйесі» пайда болады.

Зейін хабарды өңдеу барысында айқын байқалатын әрі сол хабарға не болмаса объектіге, яки, процеске назар аударуға мүмкіндік беретін танымдық қабілеттердің бірі болып табылады. Талдау, сипаттау, жіктеу амалдарының қолданысы, адам ойында көрініс табатын шынайы болмысты саралау, оның белгілі бір ерекшелігін шектеп айқындау, зейіннің негізгі түйінін хабардың құрамды бөлігі немесе бөлшегі арқылы дәйектеу – барлығы дерлік адам миында қалыптасып, жүзеге асатын білімнің белсенділігін арттыруға, сырттан келіп түсетін хабарлар жүйесін реттеп отыруға жағдай жасайды. Адамзат болмысына қатысты, яғни, оның табиғатына тәуелді деңгейде өңдеуден өтіп отыратын хабарлар желісі жеке тұлғалардың еркі мен эмоциясына, тәжірибесіне, жадыда сақталатын мезеттік және мәңгілік деректер тізбегіне орайласа айғақталатындықтан, адамның зейіні де бір саладан екінші салаға ауыса келе, танымдық процестердің жеделдігін, бір бағытқа бағыныштылығын қамтамасыз етуге үлес қосады. У.Найссер қабылдау кезінде алдын ала зер салу мен тыңғылықты зейін қоюдың маңыздылығына тоқтала отырып, олардың жүзеге асу амалдарын көру процесіне қатысты айқындады. Сол себепті алғашқы мезеттен бастап, адамдардың танымында әлем объектілердің жиынтығы ретінде сипатталып, олардың біреулері алғы шепте, ал кейбіреулері артқы шепте тұратын нысандар деп ұғынылады [8, 16].

Қорыта келгенде, жалпыадамзаттық таным арқылы қалыптасқан халықтық ойлау үлгілері қоғамдық-тарихи және этникалық тәжірибенің үлгісін құрайтынын ескерген А. Байтұрсынұлы тілтанымдық фактілерді тіл мен әдебиет мәселелерін талдауға арқау ете отырып, «адамның қиялында орын алған нәрселерді» түсіндірудің өзгеше бағытын негіздеді. Нәтижесінде адамды барша табиғи болмыстың бөлшегі деп қарастырған лингвистикалық саланың алғашқы логика-пәлсапалық бастауы, аса құнды тұжырымдар тізбегі дүниеге келді. Сол арқылы гештальт, фрейм, концепт мәселелерінен ертерек қалыптасқан ұқсату, яки, аналогия, ассоциация немесе балау, метафора немесе «адамның ойына өң бере, көңіліне күй түсіре... бернелі сөйлеу» табиғаты өзгеше танымдық арналарды тілмен өрнектеуге мүмкіндік берді. Бір объектіні екінші объектімен салыстыру, салыстыра ұқсату, сөйтіп, бұрыннан таныс сөз мағынасына жаңа семантикалық кеңістік үстеу негізінде дүниеге келген бұл ұғымдар, бір жағынан, когнитивті лингвистиканың ментальді-танымдық нысанын айқындаса, екінші жағынан, лексикология мен семасиологияның бірлігі ретінде сөз бен мағыналық өріс арасын жалғаған өзгеше талдаулар кеңістігін сұрыптады. «Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ» [3, 154] фактілермен түсіндіру мақсатын көздеген бұл табиғи таным заңдылықтары бүгінгі таңда тіл туралы ғылымның маңызды бағытына айналды [9].

Әдебиет:

1. Андерсон Джон Р. Когнитивная психология. 5-ое издание. – М., СПб., Нижний Новгород. Воронеж. Ростов-на-Дону. Екатеринбург. Самара. Киев. Харьков. Минск: Питер, 2002. – 496 с.

2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.

3. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989.- 320 б.

4. Демьянков В.З. Когнитивизм, когниция, язык и лингвистическая теория. // Язык и структуры представления знаний. – М., 1992. – С. 39-77.

5. Алефиренко Н. Поэтическая энергия слова. Синергетика языка, сознания и культуры.- М.: Academia, 2002. – 394 с.

6. Маслова В.А.Когнитивная лингвистика. – Минск: ТетраСистемс, 2004.- 256 с.

7. Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность: Антология. Под ред. В.Н.Нерознака. – М.:Academia, 1997, с.267-280.

8. Краткий словарь когнитивных терминов. Под общей редакцией Е.С.Кубряковой. – М., 1996 – 245 с.

9. Raymond W. Gibbs Jr. Why many concepts are metaphorical. //Cognition 61 (1996) 309 – 319.

А. Байтұрсынұлы көтерген білім беру саясаты: кеше және бүгін

XX ғасыр басындағы өліара кезеңде аспан астындағы өмір сүру құқығынды қорғау үшін ақ найза мен ақ білектің күші жетпейтінін біліп, күрестің саяси-ағартушылық бағытын ұстанған А.Бөкейхан бастаған ұлт зиялылары «Алаш» саяси партиясын құрып, Алашорда үкіметі өз жұмысын жүргізді. Өмірі қысқа болса да, Алаш қозғалысы ұлттың ұлы арман-мақсаттарын өз бағдарламаларында көрсете білді. Алаш қозғалысы – бүгінгі тәуелсіздік бастауы, қайнар көзі. Биыл 100 жылдығы аталып отырған Алаш қозғалысының, оның көшбасшыларының саяси-құқықтық, ұлттық құндылықтарға қатысты көзқарастарын, тұжырымдарын зерделеп, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мұраттарымен сабақтастығын қарастыру өте маңызды. «XX ғасырдың басында ұлттың зиялылары азаттық үшін болған көп ғасырлық күресте маңызды рөл атқарды. «Алаш» алғашқы саяси партиясы және Алашорда үкіметінің пайда болуы азаматтық кемелденген және халықтың болашақ тағдырын шеше алатын қазақтың саяси зиялыларының жоғарғы әлеуетін көрсетті», – деп атап өтті Иманғали Тасмағамбетов. Алаш арыстарын айтқанда ұлттың ұлы ұстазы, рухани көсемі – Ахмет Байтұрсыновты еске аламыз. Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылық мұрасы мол, сан-салалы. Ол – тілші, әдебиеттанушы ғалым, ұстаз, аудармашы, ақын, жидашы, өткір тілмен, ақиқат сөзбен сананы оятқан көсемсөзші, ел үшін күрескен ердің сойы.

Ахаң патша заманында-ақ қуғын-сүргін көріп, 1938 жылы жазықсыз атылғанға дейін «асыл адам айнымас» дегендей ұлт мүддесі үшін саяси, ағартушылық күрес жүргізді. Ақаңның ізін басып, көктеген қазақтың ұлы жазушысы – М.Әуезовтің Ахаң туралы «оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі» деген сөзі – нақ шындық. Ол қазақ тілінің әліппесін түзіп, негізгі грамматикалық жүйесін реттеп, қазақ мектебінің іргесін қалады. 1923 жылы 28 қаңтарда Орынборда қазақ зиялыларының арасында тұңғыш рет А.Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойы өткізілді. Мәжілісті Қазақ АССР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы – С.Сейфуллин ашып, өз сөзінде «Ахмет Байтұрсынұлы – қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан өз заманында патшаның арам құлықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, даусын шығарған кісі. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады. Ахмет Байтұрсынұлы ... ұлттың сүюдің зорлығынан «Алаш» партиясында болды, сол ұлт қамы үшін коммунист партиясына да кірді. Байын, кедейін айырмай, қазақты ғана сүйетін адал жүрек таза ұлтшыл, жазушысы аз, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына «Оқу хәм құралдарымен» қылған қызметі таудай», – деп баға берді.

Әр халықтың дербес білім жүйесі болу керек. Әлемдік тарихта дербес білім беру жүйесінен айырылу кейбір ұлттық мемлекеттердің жойылуына әкеп соғады. Оған тарих куә. Елдің болашағы, оның оқу жүйесіне тікелей байланысты. Сондықтан да Ақаң: «Әуелі, біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстықта, билікте, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі», – деген еді [1].

Кешегі өткен кеңестік білім жүйесі қазақ ұлтының кәсіби мамандарын даярлауда, ғылым-білімді игеруде сапалы қайнар көз болғанын жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен кемшін тұстары да жоқ емес еді. Ал «Тәуелсіз Қазақстан тұсындағы білім беру саласындағы сансыз реформалар не берді?» деген күрделі сұраққа білім беру саласындағы атқамінгендер бір сәт ойланды ма екен? Жас ұрпақтың алдында бәріміз жауаптымыз. Педагогика ғылымдары академиясының президенті – Асқарбек Құсайыновтың пікірі ащы шындық: «Алдымен білім беру саласын дамытудың ғылыми жүйесін жасауымыз керек еді. Өкінішке орай, ондай жұмыстар дер кезінде атқарылмады. ...Өкінішке орай, одан кейінгі жылдарда жүргізілген барлық реформалар да ғылыми негізсіз жүргізілетін болды» [2]. А.Құсайынов әлемдік тәжірибелерді сараптай келе оқушылары үнемі жоғары нәтиже беретін Шанхай (Қытай), Сингапур, Гонконг (Қытай), Финляндия, Оңтүстік Корея, Жапония, Тайвань, Канада және Жаңа Зеландия елдерінің ғылыми негізде дайындалған білім беру саясатына тоқталады. Олардың басты мақсаттары – ұлттық ерекшеліктер мен мәдениетті, ана тілін сақтап дамыту, рухани бай адам тәрбиелеуді іске асыру және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін көтеру. Бір сөзбен айтар болсақ, басты мақсат – адам тәрбиесі. Осы елдердің тәжірибесіне сүйеніп, мемлекет құраушы ұлттың санының өсуі экономикаға, ал сапасы білім беру жүйесіне тәуелді екенін есте ұстаған жөн. Ақаң айтқан бала оқыту ісін әлі түзете алмауымыз – елдігімізге сын.

Елбасы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауында **адами капитал** сапасын жақсартуға басымдық беріп отыр. «Ол үшін білім беру жүйесінің рөлін өзгертіп..., IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек» [3]. Ұлттың сапасын жаңғырту білім беруге тығыз байланысты екеніәу бастан

білген А. Байтұрсынов бір ғасыр бұрын жан айқайын білдірді: «...Әр халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни, қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек... Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек [1].

Ұлт ұстазының осы сөздерін қазіргі ана тілінің уызына жарымағандар не түсінбейді, не мүлде оқыған жоқ. Елбасы: «Ұлттық тілмен ұлттық сана қалыптасады», – деп отыр. Балабақшадағы сәбиге, бастауыштағы бүлдіршінге үш тілді үйрету – дүбәра азамат қалыптастыру, ұлттың тамырына балта шабу. Науқаншыл халықпыз ғой. Кейбір балабақшалар үш тілді үйретуге кірісіп кетті. Бүгінгі кей ата-аналар соның нәтижесін көріп жатыр. Мысалы, немересі мамасына: «Мама, сенің көзің бұлу (ағылшыннан аударсақ, «көк») екен ғой, – депті. Әжесіне немересі: «Әже, есік алдында уайд жатыр, уайд (ақ) жатыр», – деп қоймаған соң әжесі: «Бұл не айтып жүр?», – деп қараса, есіктің алдында ақ балшық жатыр екен. Бұл – үш тілді ғылыми негізсіз оқытудың нәтижесі. Баланың ойлау санасындағы бытысып жатқан ақпараттар жүйесі – жаһанданудың алғышарты. Д. Ысқақовтың пікірінше, жаһанданудың басты міндеттерінің бірі – ұлттық тамырынан ажырап қалған мәңгірттерді, ұлтынан жеріген, өздерін ұлттан жоғары санайтын космополиттерді, ешқандай ұлтқа жатпайтын «жаңа адамды» тәрбиелеп шығару. Қазір Батыстың бүкіл ақпарат құралдары, білім, тәрбие беру жүйелері осы мақсатқа жұмылдырылған [4].

Мәжбүрлі түрдегі қостілділік (қазақ-орыс, орыс-қазақ емес) қазақ қоғамында ұлттың тұтастануынан гөрі қарама-қайшы топтарды қалыптастырғанын көріп отырмыз. Үстем тіл бір ұлттың екінші бір ұлттан басымдығын жүзеге асырады. Демек, қостілділік ана тілінен екінші бір тілге, яғни, өз ұлтынан басқа бір ұлттың рухани әлеміне өткеріп жіберетін көпір рөлін атқарады. Ғалым Дэвид Кристал «Тіл ажалы» атты кітабында: «Бір тілді немесе ұлтты жоқ қылып жіберу үшін оларға қостілділікті енгізсе, жетіп жатыр», – деп жазыпты. Сонда сөйлеушілерінің саны көп, басым, яғни, басқыншы тіл өзінен әлсіз тілді ассимиляциялап, жұтып жібереді екен.

Біз қанша тіл үйренсек те, ана тілді бірінші орынға қоюымыз керек. Елбасының соңғы жолдауындағы «Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді» [3], – деген сөзі көңілімізге зор медеу. Ақаң тағы жүгінсек: «Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы» [1]. Осы ұлағатты ойларды ескерместен, «жоғары сыныптарда жаратылыс пәндерін ағылшын тілінде оқытамыз», – деп жоспарлап отырмыз. Кейбір жоғары оқу орындарының ректорлары: «Үш тілде оқытуға дайынбыз!» – деп қол көтеріп отыр. Бұл да – науқаншылдық, жалған ақпарат беру. «Егер біз жаратылыстану ғылымдарын тек ағылшын тілінде өткіземіз», – десек, онда біз тілден айырылдык» деп есептеңіз» (А. Жұмәділдаев). Кешегі кеңестік заманда да қазақ мектебінде жаратылыстану ғылымдары қазақша оқытылып, ғылыми ақпарат қалыптасты, қаншама ғалымдар шықты. Өткеннің бәрін жоққа шығарып, қазақ тілін ғылым саласынан ығыстырсақ, Қ. Сәтпаев сияқты ғұламалар қайдан шығады? Ғылым өз тілінде болғанда ғана жұғымды, түсінікті болады. Қазақ тілінің ғылыми әлеуеті ұшан-теңіз.

«Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» [1]. Ұлт қамын ойлаған Елбасы өз жолдауында: «Үш тілді оқуға кезең-кезеңмен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірленсін» [3], – деді. Ұсыныстар әзірлейтін болсақ, Ақаң айтқан тұжырымдарды ескеруіміз керек: «Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз» [1].

Осы тұжырымдарға сүйенсек, он екі жасқа дейін бала орта мектепте қазақ тілінде оқып, ұлттық тәлім-тәрбиенің ұрығы егілуі қажет. Ал орта сыныптарда орыс тілін кезең-кезеңмен оқытуға болады. Жоғары сыныптарда ағылшын тілін түсінісе алатын, қарым-қатынас жасай алатын деңгейлерде меңгертсе де жетеді. Ағылшын тілін терең меңгеруді көздеген жастар жоғары оқу орындарында арнайы оқу мүмкіндігі бар. Ал жоғары сыныптарда жаратылыс пәндерін ағылшын тілінде оқыту еш нәтиже бермесі хақ.

Әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991.
2. Құсайынов А. Білім саласындағы реформалардың ғылыми негізі // Abai.kz
3. Назарбаев Н. Қазақстан халқына жолдауы. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік // Егемен Қазақстан. 2017 жыл, 31 қаңтар.
4. Ысқақұлы Д. Көп тілді үйретудің... берері мен безері // Abai.kz

А.Байтұрсынұлы және қазіргі лингвистикалық парадигмалар

А.Байтұрсынұлының лингвистикалық мұралары екі нәрсенің бастамасы болып табылады: біріншіден, «тіл туралы білімнің» бастамасы, екіншіден, «тіл туралы ілімнің» бастамасы. Біріншісін ғалым еңбектерінің оқу-ағарту саласындағы орны құраса, екіншісін қазіргі кемелдене түскен тілдің ғылыми салаларының өз бастауын Байтұрсынұлы пікірлерінен алатындығы құрайды [1].

А.Байтұрсынұлы – терминтанушы. Қазақ тіліндегі ғылыми дәстүрді Байтұрсынұлы жалғастырушы емес, бастаушы болғандығы мәлім. Бастаушы болғаннан кейін ғылым салаларының ұғымдық аппаратын Ахаңның өзі жасауға, қалыптастыруға тура келді. Кез келген ғылыми сала ең әуелі, оның ғылым ретіндегі қаңқасын құрайтын негізгі ұғымдардан, терминдерден тұрады. Ғылым дамыған сайын негізгі ұғымдар бөлшектене түсіп, жаңа салалар, жаңа ұғымдар пайда болады, олар тың терминдік мағынаға ие болады. А.Байтұрсынұлы лингвистикалық білім саласы бойынша бүкіл терминдік жүйені жасаған: *дыбыс жүйесі, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі*. Бұл терминдік жүйелер өз ішінен тар мәндегі өзге ұғымдарға ажырап, парадигмалық қатар құрайды.

А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің ғана емес, әдебиеттану, әдістеме сияқты ғылым салаларының терминдік жүйесін түзді. Ғылыми сипаты бар терминдік ұғымдарды ұлт тілі арқылы бейнелеп берудің жарқын үлгісін көрсете білді. Ең бастысы, ұлттың психологиясын, дүниетанымын, талғамын, сауаттылық деңгейін, әдет-ғұрпы мен ділін (менталитетін) ескере отырып, терминдік атаулану үрдісін жүзеге асырды. Бір ғана мысал ретінде тіл біліміндегі *етістік* терминін алайық. Сол кезеңдегі (әлі күнге дейін) түркі тілдерінің көпшілігінде бұл сөз табына қатысты «фиил», «фигиль» терминдері қолданылады. Байтұрсынұлы мұны білмеді деп айта алмаймыз, солай бола тұра қазақы атау *етістікті* ұсынған, мұндағы келтіретін уәжі – «заттардың еткен-етпеген ісін білдіретін сөздер *етістік* деп аталады. Немесе *фонетика, морфология, синтаксис* салаларын Ахаң *дыбыс жүйесі, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі* деп қолданған.

А.Байтұрсынұлы өз кезеңінің сұранысымен, талғамымен, адресаттың талап-тілегімен санасып, термин қалыптастыруда өзіндік жол ұстанған. Ғалымның термин қалыптастырудағы осындай уәжді іс-әрекетін қазіргі *уәжтану* (мотивация) саласының негізі ретінде қабылдауға болады. Өйткені ғалым белгілі бір сөздің ерекшелігін ескере отырып, терминдік атау ретінде сол лексикалық бірлікті мағыналық жағынан дамытты, дәлірек айтсақ, сөздің терминдік мағынасын тұйықтай білді. Оның жасаған немесе қалыптастырған терминдерінің табиғи, өміршең болып келетіндігі осыдан. Тіпті қазіргі ғылымда қолданылмайтын терминдерінің өзінде айқын уәж бары сезіліп тұрады. Айталық, ғалым құрмалас сөйлемнің бес түрін ажыратады: *жиылыңқы, қайырыңқы, айырыңқы, сұйылыңқы, қойылыңқы*. Неге бұлай атағандығы я болмаса топтастырғандығы мынадан көрінеді: ғалым құрмалас сөйлем сыңарлары арасындағы мағыналық қатынастармен бірге айтылу интонациясын да ескерген. Ахмет Байтұрсынұлы келтірген сөйлемдерге байыптап қарасақ, айтылу ырғағы берілген сөйлемдерге сай келіп отырады. Мысалы, сұйылыңқы салалас сөйлемге келтірген мысалының әуені сөйлемнің соңына қарай сұйылыңқы болып келеді: *Сабыр түбі – сары алтын, сарғайған жетер мұартқа, асыққан қалар ұятқа*. Ал қойылыңқы сөйлемнің аяқ шенінде ойдың маңыздылығы арта түседі: *Не өгіз өлер, не арба сынар – екеуінің бірі болар*.

Уәжтану тұрғысынан А.Байтұрсынұлы мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырды деуге болады: тілдік тұлға ретіндегі жеке ұстанымының (позициясының) беріктігі, адресаттың ойлау деңгейін назарға алып отыруы, терминдік атауға ие болған ұғымның қасиеттерінің толық ескерілуі т.т. Ғалымның терминге байланысты қазіргі зерттеулерде үнемі еске алынатын мына пікірі бар: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт «өз тілінде жоқ» деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып, сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалған болады». Бұл қағида қазіргі қазақ терминологиясының басты ұстанымы болуы қажет.

Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы – қазіргі кезде тіл білімінің бір саласын құрап отырған қазақ терминологиясының негізін қалаушы. «А.Байтұрсынұлы – терминтанушы» жобасының аясында осындай ғылыми маңыздылығы жоғары бағдарларды ұсынуға болады.

А.Байтұрсынұлы – әлеуметтік тіл білімінің негізін қалаушы. Бұл тұжырым профессор Б.Хасановтың «Қазақ тілін дамытудың Ахмет Байтұрсынұлы негіздеген жолдары және тілдің мемлекеттік мәртебесін жүзеге асыру жолдары» атты мақаласында жан-жақты талданады [2]. Осы

еңбекке сүйене отырып, А.Байтұрсынұлының әлеуметтік тіл білімі үшін өзекті пікірлері мен пайымдауларын баяндаймыз.

Профессор Б.Хасановтың айтуынша, ахаңтану ғылымының күретамамыры – социолингвистикалық тұжырымдамалары. «А.Байтұрсынұлы социолингвистикалық мәселелерді сезім (интуиция) арқылы қабылдаған, түйсінген. Бұл – әбден заңды, өйткені социолингвистика тіл мен қоғамның өзара байланысын зерттейді. Ахаң қоғамның тілдік қажеттілігін өмірден байқаған, сезе білген» [2, 115]. Бұдан әрі ғалым Ахмет Байтұрсынұлының тілге берген («Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі») анықтамасын дәйек ете отырып, оның әлеуметтік мәнін баса көрсетеді. «Ахаңның «Тіл – құрал» атауының өзі социолингвистикалық сипатты атау» деген тұжырым жасайды.

Ғалымның пікіріне қосыла отырып, бұл анықтамалардың коммуникативтік аспектісін де атап өткіміз келеді. Тіл үнемі жаңарып отыратын қоғамдық құбылыс екендігі мәлім. Тілді статикалық қалыпта зерттеу – мәселенің бір жағы ғана. Тілді сөйлеу барысында, қолданылуы тұрғысынан қарастыру тілдің барлық мүмкіншіліктерін айқара ашып көрсетпек. Қорыта келгенде, Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде әлеуметтік тіл білімінің негізі қаланған.

А.Байтұрсынұлы және когнитивтік бағыт. Соңғы уақытта тілді танымдық тұрғыдан зерттеу өріс алып отыр. Ахаңның лингвистикалық идеяларының ұшқырлығы сонда: сол дәуірдің өзінде тілдің антропоөзектік табиғатын дәл байқап, анық аңғарған. Дәлел ретінде А.Байтұрсынұлының ілгеріде келтірген сөзін аламыз. Ахаң «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» дегенде орталық тұлға етіп «адам»-ды алып отыр. А.Байтұрсынұлы тілге тек құрылымдық ерекшелік ретінде емес, адам баласының болмысына, танымына, қарым-қатынас жасау үдерісіне қажетті бір бөлшек ретінде баға береді. Сондықтан зерттеуші Э.Оразалиеваның «А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін өз алдына оқшауланып тұрған, бір халықтың игілігіне ғана қызмет ететін қазына ретінде ғана емес, тіл туралы ғылымның іргелі бір тармағы есебінде, жалпыадамзаттық құндылықтың жүйелі көрсеткіші сияқты зерттеу керектігін алғаш дәлелдеген ғалымдардың бірі» [3, 22] деген пікірімен толық қосыламыз. Осы орайда Э.Оразалиеваның «Тіл – құралға» қатысты түйген пікірлерін келтіре кету артық емес: біріншіден, терең этнолингвистикалық зерделеудің үлгісін танытты; екіншіден, «Тіл – құрал» атауының өзі жеке қазақ тілінде емес, жалпы тіл ұғымына, оның қызметіне арналып тағайындалған; үшіншіден, ғалым тіл табиғатын зерделей келе тілдің ойлау жүйесімен байланысына ерекше мән береді [3, 23-24].

Профессор Ж.Алтайұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінің тілтану саласындағы орнын жоғары бағалай отырып, еңбектегі көзқарастар жүйесін «психолингвистиканың, психопоэтиканың, бұлардың келелі мәселесі менталды лексиконның қазақ филологиясындағы бағдарламасындай әсер етеді» [4, 8], – деп жазады. Ғалымның зерттеуі одан әрі былай жалғасады: А.Байтұрсынұлы мұрасында діл мен лексиконның байланысының түсіндірмесі былайша беріледі: «Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. «Тілді қолдана білу» деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады».

А.Байтұрсынұлы ділдік лексикондағы таным мен сөйлеу үдерісінің тығыз байланыста болатынын орыс академигі Щербадан ширек ғасыр бұрын байқаған... [4, 9].

Келтірілген дәйексөздің барлығы қазақ тіл ғылымындағы когнитивтік ізденістердің бастауы А.Байтұрсынұлы еңбектері екендігін айқын аңғартады.

Реті келгенде айта кеткен жөн, жалпы қазіргі когнитивтілік мәселелері ХХ ғасырдың бас шеніндегі қазақ зиялыларының сөздерінде нақты көрінеді. Когнитивтіліктің бір саласы – тілдік тұлғаға қатысты назар аударарлық тұс қазақ топырағындағы алаш зиялыларының көзқарастарында жатыр. Бұны зерттеушілеріміз жазып та жүр. «Когнитивтік лингвистика» оқу-әдістемелік құралының авторлар ұжымы (Ш.М.Мәжітаева, С.А.Кенжеғалиев, Ә.К.Шадыкенов) А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтың таным негіздеріне қатысты ой-тұжырымдары мен көзқарастарын талдауға алады [5, 14-17]. Оқу құралында А.Байтұрсынұлының таным үдерісінің жалпы сипатына беретін пайымдаулары, сөзді қолданудағы тұлғаның танымында болатын өзектендіру, ойды сөзбен хабарлаудың алгоритмдік өңделуі туралы алғашқы көзқарас болып табылатын пікірлер қарастырылған. Сонымен бірге Мағжан Жұмабаевтың тіл, ой, сананың бірлігі арқылы дүниетанымды сипаттауы, Ж.Аймауытұлының тілдің шығуын психологиялық, танымдық негізден іздеуі когнитивтік лингвистиканың бастауы боларлық көзқарастар екендігі баяндалады. Алаш зиялыларының лингвистикалық мұралары енді-енді зерттеліп жатқанын ескерсек, олардың когнитивтік бағыттағы тұжырымдары алда талай сөз болатындығына күмән келтірмейміз.

А.Байтұрсынұлы және тіл мәдениеті. А.Байтұрсынұлы тіл мәдениетіне де көп көңіл бөлген. Тіл мәдениетінің негізгі сапалары ғылыми тұрғыдан алғаш А.Байтұрсынұлының еңбектерінде сөз болды. Ғалым тілдің қолданылу заңдылықтарын зерттейтін саланы «тіл қисыны» деп атайды: «Тіл қисыны дегеніміз – асыл сөздің болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Лебіз ғылымының мақсаты – асыл сөздің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың

шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын көрсету» [6]. Тіл қисынының «тіл тазалығы», «тіл дәлдігі», «тіл анықтылығы» тәрізді талғамдық шарттарын ұсынған:

«Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау». «Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады». «Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтіндей болса, тіл анықтылығы дегеніміз сол болады».

Тіл мәдениетінің ең бір жанды жері – сөздің коммуникативтік сапасы (Н.Уәлиев). Бұл өлшем адресант, адресат факторы, коммуникативтік құзіреттілік т.т. терминдермен тығыз байланысты. Қарым-қатынас жасау барысындағы сөздік коммуникативтік сапасы қарым-қатынасқа дейінгі және одан кейінгі кезеңде де ескеріліп отырады. Біздің ойымызша, А.Байтұрсынұлы өз пікірін ғылыми терминдер арқылы жеткізбесе де, сөйлеу актісінде орын алатын бұл мәселелерді жақсы түсінген. Бұған дәлел ғалымның мына сөзі: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілді жақсы қолдана білуі тиіс. Яғни, әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білуі тиіс».

Осы орайда мәтіндік сипаттағы санаттың бірі – *тіл орамдылығы* жайында сөз қозғауға болатын тәрізді. Бәрімізге белгілі, мәтін – сөйлемдердің кездейсоқ жиынтығы емес. Ол – мазмұндық, логикалық, композициялық жақтан ұйымдасқан күрделі сөйлеу бірлігі. *Тіл орамдылығы* дегенді «сөйлемдер арасындағы логикалық байланыстың айқын көрінуі, ойдың (әсіресе, ғылыми, ғылыми-көпшілік мәтіндерде) композициялық қозғалысының мәтінде нақты бейнеленуі, көрініс табуы» деп түсінеміз. А.Байтұрсынұлы былай деп жазады: «Ұзын айтқанда ой дәуірлеген бетімен барып, қайтатын түрі болады. Сөйлеудің сондай түрлері «орамды» деп аталады» [7, 310]. Бұған қарағанда, «тіл орамдылығы» ұғымын ғылыми айналымға алғаш енгізген А.Байтұрсынұлы деуге толық негізіміз бар. Қазіргі зерттеушілердің міндеті – айтылған ғылыми пікірлерді бүгінгі ғылым тезіне салып, толыққанды баяндау болмақ.

Қорыта келгенде, А.Байтұрсынұлының лингвистикалық идеялары ұшан-теңіз, оларды бүгінгі тіл білімінің талабына сай ұштастыра зерттеу қажет. Жаңа білім бұрынғыны жоққа шығару арқылы емес, керісінше, ескі білімнің негізінде жаңаның пайда болуы арқылы жүзеге асатынын ескерсек, А.Байтұрсынұлының тілдік мұрасы – ешқашан сарқылмайтын қайнар іспеттес.

Әдебиет:

1. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов (өмірі мен қызметі туралы) // Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). - Алматы: Ана тілі, 1992. - 8-30-б.

2. Хасанов Б. Қазақ тілін дамытудың Ахмет Байтұрсынұлы негіздеген жолдары және тілдің мемлекеттік мәртебесін жүзеге асыру мәселелері // Мемлекеттік тіл: бүгінгі мен болашағы. А.Байтұрсынұлының 125 жылдығына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Астана: Елорда, 1998.

3. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. - Алматы: Ан Арыс, 2007.

4. Алтайұлы Ж. Тіл мен ділдің байланысына арналған барлаулар (мәселенің қойылысы мен тарихына) // Ментальділіктің тілдегі көрінісі: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Ақтөбе, 2008.

5. Когнитивтік лингвистика. Оқу-әдістемелік құрал. - Қарағанды, 2008.

6. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1989.

7. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

Ильслова Н.

филол.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ доценті

А.Байтұрсынұлының қазақ грамматикасын анықтап-белгілеудегі ұстанымы әлемдік лингвистика деңгейінде

А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты еңбегін әлемдік лингвистика деңгейіндегі еңбек ретінде ерекше бағалауға болады. Ғалымның 1914 жылы жарық көрген бірінші кітабында: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Нәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде нәм сондай басқалық болады», – деген [1,143]. Осы бір ғана тұжырымның өзінен тіл біліміне тән бірнеше ерекшеліктерді анықтап-белгілеп бергенін көруге болады: біріншіден, тарихтың үлкен сахнасында халықтың өмірі мыңдаған жылдармен өлшенетін болса, сол жылдар

бойы халықтың тұтынып келе жатқан сөздері ұлттық тілдің ұйытқысы болады; екіншіден, жүйелі түрде қисынын тауып, дағдылы жолға түскен сөздер ғасырлар бойы халық тұтынуға арқау болады; үшіншіден, халықтың түрінде, ділінде, мінезінде қандай ерекшелік болса, тілінде де дәл сондай ерекшелік болады. Ендеше, «халық тілінің негізінде ұлттық тіл қалыптасып, дамиды» деген әдеби тілдің тарихында айтылып жүрген тұжырымның бастау көзін А.Байтұрсынұлы анықтап-белгілеп берді» деуге негіз бар.

Ұрпақтанұрпаққа мирас болған халық тілін лингвистикалық тұрғыда саралай білген ғұлама ғалымның теориялық тұжырымдары тіл білімінің құрылымдық жүйесіне де, салыстырмалы-тарихи жүйесіне де, антропоэлектілік жүйесіне де бағыт-бағдар бола алады. А.Байтұрсынұлы тілімен айтқанда, «мыңдаған жылдар бойы халықтың дағдылы түрде тұтынып келе жатқан сөздерін» құрылымдық лингвистикада «сөздік қор» деп, салыстырмалы-тарихи лингвистикада «тілдің генетикалық, типологиялық жақтан шығу тегін тарихи тұрғыда анықтайтын тіл құралы», антропоэлектілік лингвистикада «ұлттың танымын, болмысын анықтайтын концептілер» деп тануға болады.

«Әлемдік лингвистикада ХХ ғасырдың 20-50-жылдарында «күрделі синтаксистік тұтастық» және «фразалық тұтастықтағы тілдік бірліктер» табиғаты алғаш рет назарға алынды» деп келеміз. Мағыналық жақтан әртүрлі айтылымдарға негізделген синтаксистік тұтастықтар жөнінде орыс зерттеушілері Л.В.Щерба, В.А.Фигуровский сынды ғалымдардың тұжырымдары негізінде «70-жылдары тіл ғылымына дискурс ұғымы енді» деген қорытындыға да келгеніміз белгілі. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде: «Дискурс (франц. Discours – сөз, сөйлеу) – прагматикалық, мәдени әлеуметтік, психологиялық т.б. экстралингвистикалық факторлармен, шындық өмір уақиғасымен байланысты нақты мәтін. Дискурс көне жазба мәтіндерінде, нақты өмірмен байланыссыз мәтіндерде қолданылмайды. ХХ ғасырдың 60-70-жылдарында дискурс теориясы, даму үрдістері соған қатысты басқа мәселелер зерттелді. Дискурстың теориялық негіздері, оны талдау әдістері неміс, америка т.б. ғалымдардың еңбектерінде ашылған [2, 94]. Шетел ғалымдары арасында дискурс туралы біраз уақыт талас болды. Э.Бенвенист, Р.Годель сынды ғалымдар «дискурс» сөзін лингвистика ғылымында қолдану тілдің таңбалық құрылымын айқындай алмайтындығын ескеріп, ол ойлаумен, сөйлеумен байланысты ұғым екенін ескеру қажеттігін назарға алды. Э.Бенвенист: «Вместе с предложением мы покидаем область языка как системы знаков и вступаем в другой мир, мир языка как орудия общения, выражением которого является дискурс», – дейді [3, 130].

ХХ ғасырдың 70-жылдарында әлемдік лингвистикада жаңадан назарға алынып, шешімін таппай жатқан мәселе А.Байтұрсынұлының 1914 жылы «Тіл – құрал» атты еңбегінің 1-кітабында-ақ практикалық тұрғыда көтерілген. А.Байтұрсынұлы оны «дискурс» деп атамағанымен, осы бірінші кітабының сөйлеу мен сөйлемді айырудың жолдарын белгілейтін «Сөйлеу һәм сөйлем» деп аталатын бөлімшеде: «1) *Жер жұтуға тоймайды; от отынға тоймайды; құлақ естуге тоймайды; кісі ойға тоймайды, бөрі қойға тоймайды.* Бұл сөйлеуде бес сөйлем бар. 2) *Еділ бойы тоғай бар, тоғай толған ноғай бар, бұрыл атта бұғау бар, оны да кесер егеу бар, сом темірге балға бар, сом сынғанға алла бар.* Бұл сөйлеуде алты сөйлем бар» деп көрсетеді [1,144]. Зер салып қарасак, ғалым «сөйлеу» деген ұғымды қазіргі тіл білімінде айтылып жүрген тұжырым тұрғысында қарастырмаған. Қазіргі тіл білімінде «адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Сөйлеу анатомиялық мүшелердің қатысуымен іске асқанымен негізінен, адамның психикалық қабілетіне, қоғамдық тәжірибесіне сүйенеді... Сөйлеу процесі айтылатын пікірдің мазмұнына, пікір айтудың жағдайына (пікірді ауызекі немесе жазбаша айту, екі-үш адам қатысқан диалог түрінде сөйлесу, көпшілік алдына шығып сөйлеу т.б.) сай түрліше құралады» [4, 368] деп танылса, А.Байтұрсынұлы бұл мақсатта емес, логика-грамматикалық байланыста жұмсалатын бір сөйлемнен артық сөйлемдерден құралған күрделі синтаксистік тұтастықты немесе сөйленімді (речь) «сөйлеу» деп көрсеткен. Мұны қазіргі таңда тіл білімінде өзекті мәселе ретінде қарастырылып жүрген «дискурс» ұғымының синонимі деп қарауға болады. А.Байтұрсынұлының сөйлеуге тән ерекшелікті айқындау мақсатында ұсынып отырған мысалдарына назар аударсақ, коммуникативті-прагматикалық мақсат көздейтінін байқауға болады. Біріншіден, кез келген мәлімет емес, мәліметті іріктеп ұстану қағидасын; екіншіден, мәлімет қабылдаушының назарына (эмоциясына) әсер ету қағидасын; үшіншіден, қабылдаушының көзқарасын қалыптастыру қағидасын басшылыққа алған. Сонда ғалымның «сөйлеу» деп отырғаны – құрылысы жағынан ықшам, қолданысы жағынан көркем, мағынасы жағынан терең ой, кең мазмұнды қамтитын, асқан шеберлікпен жасалынған сөз өрнегі.

Бүгінгі күнге дейін ел аузында сақталған, тұтастай алғанда елдің өз өткені туралы пайымы мен ұғымын аңғартатын, өзгеше бір таным көзі, дерек қоры болып табылатын мәтін (дискурс) эксплицитті тәсілге негізделеді. Құрамындағы сөйлемдер ашық айтылып, нақты түсіндірулерге негізделеді. Сондықтан олардың құрамынан қай сөйлемді алып тастасақ та, мәтіннің мазмұн тұтастығы жоғалмайды. Мұны А.Байтұрсынұлының сөйлеуге берген мысалымен дәлелдеуге де болады: *Жер жұтуға тоймайды; от отынға тоймайды; құлақ естуге тоймайды; кісі ойға*

тоймайды, бәрі қойға тоймайды. А.Байтұрсынұлының тілімен айтқанда, *сөйлеудің мәнін анықтайтын осы мәтін құрамынан қай сөйлемді алып тастасақ та немесе мәтінді қысқартып тастасақ та, мазмұн тұтастығы жойылмайды. Сондықтан сөйлеудің бұл түрі «мәні, мазмұны ашық эксплицитті тәсілге негізделген»* деген қорытынды жасауға болады. Олардың қатарына *адал еңбек елге жеткізер, арам құлық елден кеткізер; ұрыс ырысты қашырар, ынтымақ халықты асырар; ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса, ас көп* т.б. сияқты мақал-мәтелдерді де жатқызуға болады. Олардың құрамындағы сөйлемдердің жігін бөліп жеке-жеке айтсақ та, әр сөйлемде семантикалық тұтастық, мағыналық мазмұн сақталып, олар тілдік қатынас қызметін атқаруға қабілетті болады. А.Байтұрсынұлы ұсынған сөйлеудің бұл түрін «мәліметті іріктеп ұсынуды (ақпараттық ұстанымды) мақсат ететін дискурс» деп танымыз. Дискурстың бұл түрінде сөйлеуші айтылған ойды қорытындыламайды, мәтіндегі берілген хабардың шегін аяқтауды мақсат етпейді, сөйлеуші өз ойын әрі қарай жалғастырып айту мүмкіндігіне ие болады. Себебі сөйлемдер арасындағы логикалық байланыс белгілі бір тақырып аясына байланысты ассоциацияланады. Негізінен, логикалық байланыс жақсылыққа негізделеді. Жақсылық ассоциациясы шын жүректен шыққан ізгі тілек болғандықтан, дискурстың бұл түрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, тілдік қатынаста адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігін, мейірім-шапағатын, ынтымақ-бірлігін, болашаққа деген мақсат-мүдделерін белгілейді. Тек теріс батада ғана логикалық байланыс жамандыққа негізделеді. Жамандық адамдардың жан-дүниесіне кері әсер ететін құбылыс болғандықтан, бұл тақырыптағы дискурстың тілдік қатынастағы қызметі солғын болады. Тілде өте сирек қолданылады.

Дискурсқа тән мән мәтін ішіндегі байланыс, өзара тұтастық (Леонтьев), тексттің бөлшектенуі (Жинкин) мағыналық толықтық (автосемантизм) (Леонтьев), интеграция және аяқталғандық (Гальперин) біртұтасқұрылымдық (Звигенцев) белгілерімен айқындалады. Бұл ұғымдардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты болып, дискурс жағдаятқа және оған қатысушыларға байланысты экстралингвистикалық, этномәдени факторлар, сондай-ақ коммуниканттардың мақсат-міндеттері басшылыққа алынады. Осы аталған тұжырымдардың барлығы да А.Байтұрсынұлының мысалдарында анық көрініс тапқан.

А.Байтұрсынұлының сөздерді топтастыруын саралайтын болсақ, қазіргі функционалдық тіл білімі қағидаларына негізделгенін байқауға болады. Ғалым сөздерді *атауыш сөздер* және *шылау сөздер* түрінде екі топқа бөледі. Атауыш сөздердің қатарына зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік – бесеуін жатқызады. Зат есімді «нәрсенің өзін атайды», сын есімді «нәрсенің сынын атайды», сан есімді «нәрсенің санын атайды», етістікті «нәрсенің істейтін ісін атайды» деп көрсетеді. Ғалымның жасаған тұжырымынан атауыш сөздердің бойындағы функционалдық ерекшеліктерді дөп баса білгенін көруге болады: біріншіден, атауыш сөздерді «белгілі бір нәрсеге қатысты сөздер» ретінде таныған; екіншіден, сөздерді білдіретін ұғымына қарай сөз таптарына жіктеген; үшіншіден, атаулық қызмет атқаратынын көрсеткен.

«Атауыш сөздер» деген терминнің өзі сөздердің семантикалық ерекшелігіне байланысты қойылған деуге болады. Ғалым атауыш сөздерді анықтағанда лексикалық мағынаның түрлеріне қарай емес, керісінше, сөздерді ұғымдық жақтан яғни, семантикалық ерекшеліктеріне қарай топтастырған. Оларды белгілі бір *нәрсенің өзіне қатысты ұғымды білдіретін сөздер* ретінде бөліп алған. Нәрсенің өзіне қатысты заттық ұғымды білдіретін сөздерді *зат есім*, нәрсенің өзіне қатысты сындық ұғымды білдіретін сөздерді *сын есім*, нәрсенің өзіне қатысты сандық ұғымды білдіретін сөздерді *сан есім*, нәрсенің өзіне қатысты қимылдық ұғымды білдіретін сөздерді *етістік* деп тануы да сондықтан.

А.Байтұрсынұлы шылау сөздерді *үстеу*, *демеу*, *жалғаулық*, *одағай* түрінде топтастырады. Үстеуге «басқа сөздердің мағынасын толтыру үшін үстеу болатын сөздер», демеулерге «екі сөздің, яки, екі сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын сөздер», жалғаулықтарға «басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шығармайтын сөздер», одағайларға «басқа сөздерден оңаша, одағай айтылатын сөздер» деп сипаттама береді. Оларды атауыш сөздермен салыстырсақ, мынадай айырмашылықтарға ие екенін көруге болады: атауыш сөздер белгілі бір нәрсеге қатысты сөздер болса, шылаулар нәрсеге қатысты емес, олар айтылатын ойды толықтыру мақсатында жұмсалады; екіншіден, атауыш сөздер дербес қолданылуға қабілетті болса, шылау сөздер дербес қолданылмайды, олар ойға қатысты айтылатын сөздердің мағынасына қосымша мән үстеу мақсатында қолданылады; үшіншіден, атауыш сөздер атаулық қызмет атқарса, шылау сөздер жұмсальымдық қызмет атқарады.

Сөзіміз дәлелді болу үшін А.Байтұрсынұлы көрсеткен мысалдарға сүйене отырып талдап көрейік. Ғалым былай дейді: «*«әрең келдім» дегенде «әрен» демесем де келгенім көрініп тұр, бірақ «әрең»-ді қосқанда келгендік үстіне қалай келгендік көрініп тұр»* [1, 194]. Расында, «әрең» сөзі «келдім» деген етістіктің шылауында тұрып, сөйлемнің мағынасын толықтыру қызметін атқарады. Бұл сөзді атауыш сөздер сияқты *белгілі бір ұғымды білдіретін сөздердің* қатарына да жатқыза алмаймыз. Себебі ол – нәрсенің өзіне қатысты емес, нәрсенің істейтін ісіне қатысты сөз. Ол істің қалай болған амалын білдіру мақсатында айтылатын ойға қосымша мағына үстейді. Үстеу нәрсенің өзіне қатысты ұғымды білдіру қызметін атқара алмайды, ол істің амалын, мезгілін, мекенін т.б. білдіретін мағынада

жұмсалады. Осы жерде мағына мен ұғымның арасындағы айырмашылыққа да мән бергеніміз жөн сияқты. Ұғым лексикалық мағынаның жалпылануынан туындайды. Мәселен, «кел (келу)» сөзінің лексикалық мағынасы – «көздеген жерге жету, бару» болса, білдіретін ұғымы – қимыл-әрекет, іс. «Кер (керу)» сөзінің лексикалық мағынасы – «затты жазу, тарту, созу»: білдіретін ұғымы – қимыл-әрекет, іс. Сондықтан да бір ұғымды білдіретін сөздердің жиынтығы бір сөз табы ретінде қарастырылған. Етістікке жататын сөздердің барлығы – қимыл, іс-әрекетті білдіру ұғымында жұмсалады. Бірақ олардың әрқайсысының мағынасы әртүрлі. Мағына сөйлемдегі айтылатын ойды, ақпаратты беруге қызмет атқарады. А.Байтұрсынұлының үстеуді нәрсенің өзіне қатысты ұғымды білдіретін сөздердің қатарына қоспай, шылау сөздердің қатарына қосуы да осыған байланысты. Үстеуде нәрсенің өзіне қатысты ұғым жоқ, бірақ мағына бар. Үстеудің мағынасы сөйлемдегі айтылатын ойдың мағынасын толықтыруға қызмет атқарады. Сондықтан дербес тұрып, атауыш сөздер сияқты қолданылмайды. Мәселен, *кітап, дәптер* десек, олар жеке тұрғанда да белгілі бір затқа қатысты атау ретінде дербес ақпараттық мәнді білдіре алады. Ал, *әрең, кеше, әбден, бұрын* десек, олар жеке тұрғанда дербес ақпараттық мәнді білдіре алмайды екінші бір сөздің қатысын талап етіп тұрады. *Кеше келді, әрең айтты, әбден шаршады, бұрын келді* түрінде қолданғанда ғана екі сөздің мағынасы бірін-бірі толықтырып, қатыстық ақпараттық мәнді білдіруге қызмет атқарады.

А.Байтұрсынұлы шылау сөздердің қатарына *да, де, не, немесе, әлде, әйтпесе* деген сөздерді жатқызуы, «Демеу дегеніміз – екі сөз, яки, екі сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын сөздер» [1, 195] деп көрсетуі тектен-тек емес. «Екі сөз, яки, екі сөйлемнің арасын жалғастыруға бұл сөздер қай жағынан демеу болып тұр?» деген сұрақ туындайды. Әрине, мағына жағынан. Бұл сөздер сөйлемге демеулік мағына үстейді. Ғалымның берген мысалдарына назар аударайық: «*Мен де, сен де сонда болдық*», «*ол оқиды да, жазады да*». Мұнда «да, де»-ні алып тастасақ, сөйлемнің мағынасы солғындайды. Дәл осы күйінде тұрғанда, яғни, «да, де»-ні қосып айтқанда сөйлемдегі айтылған ой (ақпараттың мазмұны) нақты, дәл, бұлтартпастай мағынаны білдіреді. «*Не ол тұрар, не мен тұрармын*», «*Бұл жұмыс не бітер, не бітпес немесе осы күйінде қалар*» деген сөйлемдегі *не, немесе* деген сөздер сөйлемдегі айтылатын ойға (ақпараттың мазмұнына) екіұштылық мағына үстеп тұр. «*Мен саған ұрыстым ба? Әйтбесе, сөктім бе? немесе соқтым ба?*»; «*Балаң қазақша оқи ма? Орысша оқи ма? Әлде, тіпті, босқа жүр ме?*» деген сөйлемдегі «ма, ме» сөйлемдегі айтылатын ойға (сөйлемнің ақпараттық мазмұнына) сенімділік мағына үстеп тұр. Сонымен, А.Байтұрсынұлы тіліміздегі сөздерді топтастырғанда олардың функционалдық ерекшеліктерін басшылыққа алғанын көреміз.

Қорыта келгенде, А.Байтұрсынұлы әлемдік лингвистикадағы әдеби тіл, дискурс, функционалды тіл білімі теориясына тән ұстанымдарды «коммуникативті-прагматикалық», «семантикалық», «кумулятивтік» деп атамаса да, теориялық тұжырымдары осы мақсатта уәжделіп, ХХ ғасырдың бірінші жартысында, 1914 жылғы «Тіл – құрал» атты еңбегінде практикалық тұрғыдан дәлелдеп кеткен деуге толық негіз бар.

Әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Сөздік-словарь, 2005. - 440 б.
3. Бенвенист Э. Общая лингвистика. - М.: Прогресс, 1974. - 444 с.
4. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. - 509 б.

Шарапатұлы Ш.

*филол.ғ.д., ҚР ИМ Б.Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының профессоры*

Ахмет Байтұрсынұлының көсемсөздеріндегі тіл мәселесі

Ғасырлар тоғысындағы қазақ тілінің тағдыры жайындағы толғаныстарды «Айқап» журналы, «Қазақ» газетіндегі мақалалардың, Алаш партиясы, Алашорда документтерінің алаш көсемі – А.Байтұрсынұлы, М.Дулатовтардың еңбектерінің тарихи шешуші мұраттар атқарғаны аян болып отыр. Ал арнайы жинақ болып басылған еңбектегі [1] Клапрот, А.Құрманбаев, Д.Сұлтанғазиндердің мақалаларынан байқалары – үстіміздегі ғасырдың нәтижелері. Ендеше, «А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары тіл тазалығын сақтау, әдеби тілді қалыптастыру және ұлттық тілдің көркемдік деңгейін, қоғамдық өмірдегі рөлін көтеру жолында жанашыр ғана емес, жасаушысы да болды» деуге толық негіз бар.

А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ұйымдастырғанға дейін «Айқап», «Шора» журналдарында жарияланған еңбектерінде Ы.Гаспринскийдің 1884 жылы ұсынған «усул жадидін» қолданғанымен,

оның көзсіз еліктеушісі болмай, араб әліппесі негізіндегі қазақ жазуы қазақ тілінің төл дыбыстық жүйесіне сүйенетіндігін, тіліміздегі арабизм, парсизм, татаризмдерге қарсы шықты [2, 387-395, 432-434; 3: 223-326].

С.Мұқановтың 1932 жылдың өзінде: «Қазақ» газеті «Айқап» шала пісірген нәрселерді дұрыс пісірді, көмескі пікірлерді айқындап, сонымен қатар «Қазақпен» қазақтың тілі туды, таза қазақ тілінде шыққан баспасөз «Қазақ» газеті ғана болды... Көпшіліктің пікір көші «Айқаптан» «Қазаққа» ауды» [4, 52] деуінен газеттің қазақ тілі мәселелерін сөз етіп қана қоймай, өзі үлгі бола білгендігін бағамдаймыз.

А.Байтұрсынұлы 1912-1926 жылдар аралығында қазақ тілінің келелі мақсат-міндеттер жайында «Жазу тәртібі», «Шаһзаман мырзаға», «Жазу мәселесі», «Қазақша сөз жазушыларға», «Қазақша оқу жайынан», «Оқыту жайынан», «Бастауыш мектеп», «Шекіспей, бекіспейді» атты мақалаларын жарияланды. Араб әліппесін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне қарап түзу мәселесін 1912 жылы «Айқап» журналында жарияланған «Жазу тәртібі» атты мақаласында [2, 380-385] алғаш көтеріп, тұңғыш қадам жасады. Қазақ тілінің 43 дыбысын 28 таңбадан тұратын араб әліппесі негізіндегі қазақ жазуын ұсынды. Ахаң жасаған әліппенің Енисей, Орхон, Талас (бұдан былай – ЕОТ) жазулары мен М.Қашқаридың еңбектерімен үндес сабақтастықта, салаластықта бағамдауға болады:

1) ЕОТ жазуларында дара дыбыстар саны – 12 [5, 5;16] (А мен Е, Ы мен І, Ө мен Ү әріптері 4-ақ таңбамен белгіленген). М.Қашқари ұйғырлар туралы айта келіп: «Олар 24 дыбыстан тұратын түркі жазуын пайдаланады» [6, 13], – дейді. Әріптердің ЕОТ жазуында 22, М.Қашқари заманында 24, А.Байтұрсынұлыда 28 болуы – Ү-ҮІІІ, ХІ және ХІХ ғасыр соңы, ХХ ғасыр басында түбі бір түркі тілдерінің дыбыстық құрамы өзгергенімен, көп алшақтай қоймағандығы, түркі тілдік артикуляциялық базаның берік болғандығының айғағы.

2) ЕОТ жазуы негізінен силлабикалық (буындық) және фонетикалық (дыбыстық) жазу түрлеріне негізделгендіктен, сөздердің дыбыстық құрамының жуан не жіңішке екендігі қатар келген дауыссыз дыбыстардың жуан не жіңішкелігіне қарай ажыратылады, себебі сөз мағыналарын ажыратуда дауыссыз дыбыстар шешуші рөл атқарған [5, 20]. Байтұрсынұлының әліппелік реформасында керісінше: «Дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынбақшы. Яғни, дауысты дыбыстар жуан айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмақшы; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақшы» [2, 381]. Себебі Ахаң тек қана фонетикалық жазуды басшылыққа алған. ЕОТ жазуы, М.Қашқари пайымдауы мен А.Байтұрсынұлының қазақ әліппесін негіздеуіндегі ең басты ортақтық – сингорманизм, ассимиляция заңдылықтары түркі тілдерінің айнымас ережесі болғандығын дәлелдеулері.

3) М.Қашқари араб әліппесі түркі тілдерінің дыбыстық құрамын толық қамтамасыз ете алмайтындығын ХІ ғасырда-ақ атап көрсетсе [6, 15], А.Байтұрсынұлы осы мәселенің шешімін қазақ тілінің негізінде канондық қасиетте деп саналып келген араб әліппесіне 938 жылдан соң өзгеріс енгізуі – ерлікке пара-пар іс.

«Шаһзаман мырзаға», «Жазу мәселесі» атты «Айқап» журналында жарияланған мақалалары – Ш.Жияшев пен Ғ.Мусилердің қазақ әліппесіне қатысты қарсы да қияпастау пиғылдағы жарияланымдарына жазған жауаптары. Ш.Жияшев өз мақаласында Ахаңның араб әліппесіне қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес келмейтін дыбыстарына графикалық өзгеріс енгізу арқылы жаңа әліппе түзуін «бірге қозғалмаудың», «бұра тартудың белгісі» деп түсінеді. «Белгілі бір тілге әліппе құрастыру – жеке адамдардың еркі емес, «тіл болса, оның заңы боларға керек. Менің ... жазған сөздерім фонетикаға тиісті сөздер» [2, 391-392], – деп, тілдік фактілерден пайымдалған теориялық тұжырымдар екенін баяндайды. «Сізден білімі кем емес» «Бөкейханов й және у дыбыстарына «Англия тілінде» де өз алдына әріптер алынбайтынын, себебі олар дауысты дыбыстардан кейін келгенде жарты дауысты болатынын [2, 393] сіз секілді күлкіге көтермей кеңес етіп айтты» деп салиқалы пікір алысу мен әдептен озбауға шақырады. Екінші мақалада [2, 385-387] Ғ.Мусиге **у, о, ы, е** дыбыстарын жазуда графикалық таңбаларды белгілеуде қазақ тілінің табиғатын ескергенін түсіндірді.

1926 жылы «Жаңа мектеп» журналында жарияланған мақаласында Ахаңның өзі де профессор Яковлевке жақсы әліппе 2 талапқа: 1) тіл дыбысына әріптер түгел жетуі керек, 2) әріп белгісі аз болуы керек. Бұл қасиеттер қазақ әліппесінде бар екендігін айтқанын баяндайды [2, 413].

А.Байтұрсынұлы жасаған әліппе ғылыми және практикалық жағынан негізделген іс екендігін өз заманында, кейінгі кезеңдерде небір білімпаздар ерекше бағалап жүр. Оған дәлел: А.В.Луначарскийдің жауапты редакторлығымен 1929-1931 жылдары шыққан «Әдебиет энциклопедиясының» І және V томдарында «Казакский алфавит» деген кесте беріліп, «Байтұрсынұлының алфавит» деп көрсетеді. Орыс лингвисті Н.Ф.Яковлев 1928 жылы «Математическая формула построения алфавита (Опыт практического применения лингвистической теории)» атты мақаласында Ахаң еңбегін «лингвистикалық тапқыр жаңалық» («лингвистическое изобретение») деп, Е.Д.Поливанов: «Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году я во

всяком случае считаю уже не нуждающейся, в поправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы, как крупным культурным завоеванием» [7, 36], – деп бағалаған. Байтұрсынұлы әліппесін А.А.Реформатский, А.М.Барулин [8, 7], А.Н.Кононовтар [9,115], Германия, АҚШ ғалымдары жоғары бағалап, оның өміршеңдігі сондай Қытай, Түркия, Монғолия, Иран қазақтары әлі күнге дейін қолданады. А.А.Реформатский Байтұрсынұлының сингармоорфография принципі орыс және АҚШ лингвисті, әдебиеттанушы Р.О.Якобсонның дыбысты графика арқылы беру методынан көп бұрын жасалғанын ескертеді. Өзбекстандағы қазақ профессор – Махамбет Жүсіпов Ахаң жайындағы тұңғыш монография жазып, А.Байтұрсынов әлемдік лингвистика тарихында алғашқы соны жаңалық – сингармоалфавит пен сингармоорфографияның негізін қалап, сингармониялық тілдердің әліппелерін әуелде латын, содан кейін кириллица негізінде құрауға түпқазық болды [8, 5] деген батыл да байсалды пікір айтады.

«Шора» журналындағы (1913) «Қазақша сөз жазушыларға» атты мақаласының мазмұны «түркі тілдеріндегі емле де түрік-татар тілдерінің жөнімен жүруі керек» деген ойға жауап іспетті. Онда «емле – жазу үшін шығарған нәрсе. Олай болса, тілді ... емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» [2, 395], «Гаспринскийдің сөзін тірілтеміз» десек, ұлығ іс үшін ұсақ намысты қойып, түріктің тұнық тілін, түзу емлесін алу керек» [2, 399], – дейді.

«Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында «мұғалімдердің көбі қазақ тілінде қанша һәм қандай дыбыстар бар екенін жақсы білмейді, көбі қазақ тіліндегі дыбысты араб харыфына қарап есептейді. Араб харфы дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде де бар болса да, жоққа санайды» [2, 434], – деп, дыбыс пен әріпті, оның ішінде араб және қазақ тілдерінің дыбыстық жүйесін айыра білмегендерді сынға алады. Екінші кемшілігі ретінде оқуды, сауаттандыруды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтындығын айтып, «Оқыту жайынан» деген мақаласында у с у л - ж а д и т (төте оқу) жүйесімен сауаттандырудың 2 түрлі әдіске: у с у л м ә д и е – әріп таныту арқылы сауаттандыру, у с у л с о т и е – дыбыс таныту арқылы сауаттандыру болып бөлінетінін, оның ішінде графикалық әдіспен (усул мәдие) емес, фонологиялық әдіспен (усул сотие) үйретудің тиімді екенін ескертеді [10, 77]. Ахаңның 1912 жылдан бастап бірнеше рет қайта басылған оқу құралдары усул сотие әдісімен жазылғаны белгілі.

«Бастауыш мектеп» атты мақаласында [2, 435-438] патша үкіметінің бодан елдер мен отар халықтардың ана тілдеріне деген қитұрқы саясатын сынап, бастауыш мектептің оқу тілінің қандай болуы керек екенін мәселе етіп қояды. Мәселен, Россиядағы орыстан басқа елдерде «бастапқы білім, алғашқы екі жыл ана тілінде болуға тиіс» деген ереже мен жарлықтың екі рет (1906 жыл 31 наурыз; 1913 жыл 14 маусым) шыққанына қарамастан, оқу министрінің «бірден орыс тілімен оқытуды ұнатуы», «хүкіметке керегі – мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болғанын» ұнату саясатын жүргізіп отырғандығына, ал «әр халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуы сақталу» деген мұратты қарсы қояды. «Араб әрпі дінмен бірге келіп, қазаққа арналған. Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды. Қазаққа газет, журнал, кітаптар жоқ кезінде жоғалмаған тіл газет, журналы шығып, кітаптары басылып ... жатқанда, қазақ тілі жоғалмас», – дейді. Алдымен, араб әліппесінен, содан соң дінінен айыру Кеңес өкіметінің отаршыл патшалық Ресейден алған авантюристік шовинизм мұрасы болғандай. Дінмен байланысқан жазу жоғалғандықтан, дін жоғалды, екеуі жоғалғандықтан, тіл жоғалуға бет алды... 11 жылдың ішінде (1929-1940 жылдар аралығында) бір халықты үш рет сауатсыздандыру, яғни 3,5 жыл сайын әліппе ауыстыру, халық зердесін жадыбастандырудың «жетілген» түрі болды. Осы тұста «Ұлы Октябрь революциясына дейін қазақтың 2%-і ғана сауатты болды» деген жала фактіні Ахаңның 1914 жылы жазған мақаласындағы «қазақша хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары» [2, 435] деген пікірімен салыстырсақ, «арабша хат танығандар сауатсыздарға жатқызылған ба?» деген ой туындайды. А.Байтұрсынұлы мақаласын түйіндей келіп: «Бастауыш мектеп екі жаққа да зиянсыз, пайдалы болуы үшін бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін 5 жылдық боларға тиіс. Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек. Соңғы екі жылда кілең орысша оқу керек», – дейді. «Қазақ тілінде үйретілетін пәндер оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы» деген нақты ұсыныстар жасайды.

Осы кезеңдегі (1914-1916) тілге қатысты түйткілдердің бірі – татар зиялыларының 1914 жылы Петербургтегі мұсылмандар съезінде «рухани мекеме қағазы (баспасөз ісі – Ш.Ж.) татар тілінде болсын» деп ұсыныс жасап, ақыры «татар-түрік тілімен» жазылатын болып қабылдануы. Бұл жөнінде Ә.Бөкейханов 1914 жылы «Қазақ» газетінің бірнеше санында жазып [10, 156-157], жақтасы – Жаһанша Досмұхамедов, қарсыласы – Бақытжан Қаратаев болғандығына налып жазды. Келесі бір «мүйіздеудің» сорақысы – тағы да осы татарлардан 1916 жылы шықты. Қазақ тіліндегі «рухани мекеме қағаздарының» татар баспаханаларына кіріптарлығын пайдаланып, басына түскісі келіп, олар мұсылмандар съезінің шешімін қазақ тіліндегі баспа өнімдерінен талап етті. Алаштың ардақтыларының бірі, орыстарға қазақ тілін үйретудің негізін салушы Телжан Шонановтың 1923

жылы жазғанындай: «Ол кезде мәдени жағынан жоғары тұрмыз» деп есептеген татар интеллигенциясы өзге түркі халықтарын татарландыру, ішінде қазақ та бар, басқа да ұсақ түркі тайпаларын да «ешқандай себеп-салдарсыз татар тектес жұртшылық татар тілін қабылдасын» дегеннен басталған еді. Кезек қазақ тіліне де таянған еді» [11, 126]. А.Байтұрсынұлы өзінің «Шекіспей, бекіспейді» атты мақаласында [10, 157-158] мұндай пиғылдардың «сыбағасын» берді.

Байтұрсынов 1926 жылы Түркологтардың I съезінде 1905 жылғы революцияға дейін қазақ тілінде баспасөздің болуына рұқсат етілмегендігін өкінішпен еске алады [2, 422]. Қазақ баспасөзінің кенжелеп қалыптасуы, Ахаңның алғашқы оқу құралының 1912 жылдан бастап қана жарық көруі – осы зұлмат фактінің кесапаты.

Алаштың айбынды ардагерлерінің бірегейі – Міржақып Дулатов 1912-1926 жылдар аралығында қазақ тілінің түрлі мәселелерін қозғаған «Жазу тәртібі» (1912), «Мұғалімдерге», «Манап» драмасы (1914), «Тіл – құрал» (1915), «А.Байтұрсынов» (1922), «Қазақ-қырғыз білімпаздарының I съезінде сөйлеген сөзі» (1924), «Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға» (1925), «Қазақ тілінің мұңы» (1926) деген мақалалары жарық көріп, оларда істің, сөздің бәрі А.Байтұрсынұлымен байланыстырыла баяндалған.

«Жазу тәртібі» [3, 223-226] – Ш.Жияшевтің «Бірге қозғалайық!» атты мақаласына қарсы жазылған мақала. Мұнда М.Дулатов А.Байтұрсынұлына жақтастықтың жөнімен емес, өзіндік пікірлерімен ой тастайды. А.Байтұрсыновтың қазақ тілінде неше дыбыс болса, сонша әріп белгілегенін, сөйтіп, артық әріптерді кемітіп, қазақша оқуды оңайлатқаны; не айтылса, соның жазылуы керек екенін ұстанғанын айта келіп, «қазақ әліппесіне **ф** және **х** әріптері де кірсе екен» деген ұсыныс білдіреді. Ш.Жияшевқа «кемшілігімізді көрмей, қатемізді түземей, құр «біз де түркі баласымыз» деп атаның аруағына сүйенумен қазіргі өнер-білімнің қызу заманында бәйгеге қосыла аламыз ба?» [3, 222-225] деген сауал-жауап береді.

«Тіл – құрал» атты мақаласында А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» оқулығы қазақ тілінің жалпы қағидаларына сүйеніп, жүйелі тәртіппен баяндалғанын, Ш.Жияшевтің Ахаң *дауысты, дауыссыз* деп бөлген дыбыстарын оның барлығы *жарты дауысты* деп «еш уақытта естілмеген жаңа хабар» жеткізіп отырғанын айта келіп, Бұқара, Мекке, Мәдине, Стамбулда оқып қайтқандардың арабшылап, сартшылап, ноғайшылап қайтып жүргенін, олардың шәкірт тіліне кері әсер етіп жүргенін; тіпті өзінің «Оян, қазақты» жазып жүргенде әлгі «әдеби тілдерді» көбірек кіргізгенін, Абайды, Ахметтің «Қырық мысалын» оқып, өзінен-өзі ұялғанын, адасып жүргенін; сол кезеңдегі шын қазақша жазып, «тіл мәселесін қолына ала туған» «Қазақ» газеті екенін сөз етеді.

М.Дулатовтың Е.Омаровпен бірігіп жазған «А.Б.Байтұрсынов» атты орысша мақаласы – ұлы ғалым жөніндегі ең алғашқы биографиялық очерк. Очеркте Ахаңның өмірлік кредосы «Қазақ» газетінің алғашқы санындағы бағдарламалық мақаласында өз тәуелсіздігімізді сақтау үшін бар күшімізді біріктіріп, білім мен мәдениетке жетуге ұмтылуымыз керек; бұл үшін алдымен ана тіліміздегі әдебиетті дамытуымыз қажет болғанын ерекше атап өтеді.

Қазақ тілінің қадір-қасиетін арттыруда «Алашорда» мен «Алаш» партиясы орасан еңбек етті. Алаш қозғалысы, «Алашорда» үкіметі, «Алаш» партиясы және Алаш автономиясының құрылуы – тарихи қажеттілік болды. Тілдің жалпы мәселелері тілдің әлеуметтік-қызметтік (функционалдық) рөлін айқындаудан, яғни тіл мен оның иесі болып табылатын халықтың қарым-қатынасы мен қоғамдық өмірдегі қызметтерін айқындаудан басталады. Осы тұрғыдан алғанда, А.Байтұрсынов бас болып бағдарламалы түрде қолға алған қазақ тілінің мәселелерін оның ұлттық әдеби тіл болуын, әдеби тіл болудың басты шарттарының бірі – жазбаша түрде дамуын, жазу мәдениеті даму үшін жетілген әліппенің болуы керек екенін; ұлттық әдеби тіл қалыптасып даму үшін қоғам өміріне белсене қызмет етуі қажет екенін, ұлттық мемлекетке қызмет ету үшін көркем әдебиет, ғылыми-педагогикалық еңбектер (мектептен бастап жоғары оқу орындарының оқулығына дейін және ғылыми-көпшілік кітаптардың жазылуы) мемлекеттік құрылымның іс қағаздарының тіліне айналуы керек екенін, демек, тілдің қоғамдық-әлеуметтік және тарихи функциясын жете түсініп, жетілдіре түсуге бүкіл ғұмырын сарп еткендігіне жоғарыда баян еткен еңбектерінің мазмұнынан-ақ зерделеуге болады.

Әдебиет:

1. Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1993. - 232б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 488 б.
3. Дулатов М., Омаров Е. А.Байтұрсынов (библиографический очерк) // Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. - 295-302-б.
4. Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. - Қызылорда, 1932. - 180 б.
5. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986. - 182б.
6. Кононов А.Н. М.Кашгарский и его «Дивани луғат ит-турк» // Советская тюркология. – 1972. - №1. - С. 3-17.

7. Поливанов Е.Д. Новая казак-киргизская (Байтурсиновская) орфография // Бюллетень Средазиатский гос. университет. - Вып. VIII. - Ташкент, 1924.
8. Джусупов М. Фонемография А.Байтурсинова и фонология сингармонизма. - Ташкент: 1995.
9. Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов. До октябрьский период. Подготовил Кононов А.Н. - Москва: Наука, 1974.-300 с.
10. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993. - 168 б.
11. Шонанов Т. А.Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында // Жұлдыз. -1992. - №2. - 123-128-б.

Күдерінова Қ.
филол.ғ.д., Сүлеймен Демирел атындағы
университеттің қауымдастырылған профессоры

А.Байтұрсынұлының емле ұстанымы, орфограммалау тәсілдері

А.Байтұрсынұлының тіл біліміндегі алатын орнын ғалым Н.Уәлиев бір сөзбен былай деп түйген еді: «Жалпы тіл білімінде «тұңғыш фонолог» деп әдетте әліпби түзушілерді атайды (олардың фонологиялық зерттеу жазуы – шарт емес). Олай болса, қазақ тіл біліміндегі алғаш фонолог – А.Байтұрсынұлы» [1, 38]. А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің өзге салаларындағы еңбегі бір төбе болса, әліпби, жазу теориясы, емле жайындағы еңбегі – бір төбе. А.Байтұрсинов әліпбиінің фонологиялық негіздері, ондағы «инвариант-вариант» қисыны бойынша «әріптердің фонемалық мәнді бере отырып, дыбыстық мәнді де (жуан-жіңішке әуезін) білдіріп, біте қайнасып тұрған ішкі құрылымдық ерекшелігі туралы да бірегей зерттеу Н.Уәлиевтің «Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері» атты еңбегінен табылады [1, 43]. Онда Бодуэн де Куртенэ, Л.В.Щерба салған жалпы жазу теориясының фонологиялық негіздері А.Байтұрсынұлының «бес дауыстыға» құрылған жазуындағы әріптердің белгілі бір фонеманы таңбалай отырып, оның жуан-жіңішке екі тембрін қоса бейнелейтін сингарможазуында көрініс тапқаны толыққанды дәлелденгендіктен, біз А.Байтұрсынұлының жазу теориясына қатысты өзге де пікірлері мен ұсыныстары туралы сөз қозғағанды жөн көреміз.

Ең бірінші, А.Байтұрсынұлы жазудың негізі екеу (таңба негізді және әріп негізді), ал жүйесі төртеу (таңбаша, дағдыша, туысша, дыбысша) деп көрсетуі [2, 361] жалпы жазу теориясының ортақ қағидаттарымен сәйкес келетінін айтқан жөн. Мысалы, Л.В.Зиндер жазудың тегі семасиографиялық немесе идеографиялық және фонографиялық болып бөлінетінін ескертеді [3, 52].

Ал *таңба жүйелі емле, тарих жүйелі емле, туыс жүйелі емле, дыбыс жүйелі емле* – орфографиядағы тарихи принцип, этимологиялық принцип, морфологиялық, фонетикалық принциптерді атағаны. Бүгінгі ағылшын жазуын «дәстүрлі немесе тарихи принциппен жазылады» дегеннен гөрі, әр сөздің жазылуын жаттауға тура келетін идеографиялық принципке жақындайды» деген пікірлер [4] де ғалымның осы көзқарасын растайды [3, 100]. Л.В.Щерба «этимологиялық принцип» деген морфеманы сақтап жазу, яғни, морфологиялық принцип, бір жағынан, тарихи принципке жақын деген [5, 104]. Сонда таңба жүйелі емле (Байтұрсынұлы) – тарихи принцип (Л.В.Зиндер), тарих жүйелі (Байтұрсынұлы) – этимологиялық принцип (Л.В.Зиндер), туыс жүйелі (Байтұрсынұлы) – морфологиялық (Л.В.Зиндер) принцип болып сәйкеседі.

«Қазақ жазуының алғашқы кезеңі емле принципін айқындап алу қиындылығымен өлшенді» десек, бұл шешуші міндетті ғалым «туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қиналмай өтетін, екеуінің арасынан жол тауып беретін» төмендегі ұсыныстар арқылы шешкен:

1. Әрбір өз алдына түбірі бар сөз оңаша айтылғандағы естілуінше жазылу.
2. Азған сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу.
3. Үйлестікпен дүдәмәл естілетін болған дыбыстар айқын орындардағы естілуінше жазылу.
4. Қосымшалар қосылатын сөздермен бірге жазылу.
5. Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз – бәрі де қосарлық белгімен жазылу.
6. Жалғаулықтар бөлек жазылу орындарынан басқа жағы жалғау ережесінше болады.
7. Үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылу.
8. Көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылу» [6].

Бұл – «полагаю, что практически для тюркских народов самое правильное было бы комбинация фонетического и этимологического принципов, комбинация в каждом отдельном случае своеобразная и разная, ибо правил общих тут никак нельзя дать» деген Л.В.Щербаның сөзімен үндеседі [7, 50]. Және бүгінгі емлемізді айқындаған фонематикалық принциппен сай келеді.

Жалпы, бәрімізге белгілі, 70-80-жылдары фонетика, орфографияға қатысты оқулық, емле сөздіктерінде «Қазақ орфографиясының негізгі ұстанымым орфологиялық, өйткені сөзді естілуінше емес, түбір тұлғасын сақтап жазамыз» деген көзқарас орныққан болатын. Бұл – Бодуэнде Куртенэннің фонема туралы ұғымын басқа бағытта қарастырып кеткен беделді ғалымдардың (Л.Л.Щерба, Л.В.Зиндер) еңбегіне де байланысты. Алайда бұл жайында кейінгі зерттеулермен пайымдаулар арасында қайшылық көріне бастайды. Соңғы уақытта «Фонематический принцип предполагает мотивированность написания звуковым обликом обозначаемого слова или морфемы без учета их словообразовательных связей. Действие фонематического принципа проявляется там, где в разных словоформах одна и та же морфема пишется по-разному, если в ней происходит живое позиционное чередование: *игра – розыгрыш, безделье – беспокойство*» [3, 82] деген және «Фонематический принцип имеет большую объяснительную силу, чем морфологический: понятие фонематический принцип полностью покрывает понятие морфологический принцип и, сверх того, объясняет те факты, которые не могла быть объяснены в терминах морфологического принципа, а именно, неизбежные отступления от единообразной передачи морфем в случае морфологических чередований» [8, 10] деген тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, қазақ орфографиясының негізгі принципі фонематикалық екенін алғаш дәйектеген Н.Уәлиев қазақ емлесінің негізгі ұстанымын белгілі бір фонеманың дыбыс түрленімдері ішінен фонетикалық ортаға неғұрлым тәуелсіз түрін жазу болып табылады деп анықтады [1, 72].

Әлді позициядағы дыбыс тіркесімдері жазуға біршама сәйкесекендігі, әлсіз позиция әлді позициядағы тұрпатымен тексеріліп, негізгі реңкі айқындалатыны қазіргі емленің басты әдіс-тәсілдеріне жатады. Бұл әдісті кезінде А.Байтұрсынұлы: «Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда бір түрлі, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады. ...Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді», – деген екен: «Сондықтан емлемізді туыс жүйесіне қатысқан жүйелеріне қарамай, көпшілігіне қарап, «дыбыс жүйелі» деп атап келдік. Дыбыстар үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі тексерілмей, ауыздан шығуынша жазылсын» деген ұсыныстар барын айтады ғалым [6].

«Туыс жүйені де, дыбыс жүйені де «аралас тұтыну керек деушілер: керегіне қарап, екеуін де тұтыну керек дейді... Сөйтіп, сөз басына ереже жасайды... Ондай емле оңай болып табылар ма?» – дейді А.Байтұрсынұлы. [6,6].

А.Байтұрсынұлының орфограммасын шешіп алуды алдына мақсат еткен әріп қатары «үйлестік пен дүдәмал естілетін» **б-п, т-д, ж-ш, з-с, ш-з** фонемалары болды [6, 7]. Бұлардың ішінде **б-п** гиперфонемаларын ғана морфонологиялық негізге сүйеніп, қалай естілсе, солай жазатын принципті ұстанамыз: *сап – сабы, сап – сапы; қақ – қағы, қақ – қақы*. Ал қалған гиперфонемалар фонематикалық принцип бойынша қалай естілсе де, инвариант нұсқасы сақталып жазылады.

Бүгінгі емлемізде қосымшалардың түбірдің соңғы дыбысына немесе түбірдегі дауыстыға үйлесіп жазылуы проблема тудырмайды. Аффикстік морфемалар болсын, сөз тудырушы, түрлендіруші жұрнақтар болсын, бірнеше (әдетте жазуда 6-ға дейін, сөйлеуде 9-ға дейін) нұсқада жүреді.

Ал А.Байтұрсынұлы, мысалы, жедел өткен шақ жалғауын ұяң вариантымен ғана жазуды дұрыс көрген. «Сондай орындарда күңгейленбейтін айқын жерге келтіріп айтып, сондағы естілуінше жазу. Мәселен: «Қасекең сау күндегі әнге басты» дегенде «басты» деген жіктік жалғауында «т» естіле ме, «д» естіле ме» – дүдәмал, ашық емес. Қасындағы «с» дыбысының әсерімен күңгейленіп, анық естілмей тұр. Күңгейленіп тұрған дыбыстан аулақ, басқа жерге қойып айтып көру керек. Мәселен, «Қасекең сау күндегі әнге салды» десек, қай дыбыс екені анық естіледі. Сол сияқты септік жалғаулары да көмескі естіліп, дүдәмалдік танытатын жерлерде, аяғында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керек дейді [6, 7]. Позициялық әсері болмайтын дыбыстарға **л, р, з** фонемаларын жатқызады. Мысалы: *балдың, қардың, қозда*. Бұл дыбыстардың неге позициялық әсері болмайтынынан бұрын, алдымен, ғалымның осы жазу арқылы қазақ тілінің типологиялық сипатын айқындап алғысы келгенін байқайтын сияқтымыз. Яғни, тілдің қатаң дыбысталуынан гөрі жұмсақ, үнді болып естілуін қалаған сыңайлы. Осы дәйексөз алған мақаланы жазған жылы А.Байтұрсынұлы *Алма-Ата* қаласының атын *Алматы* етіп жөндеуді ұсынған Т.Шонанов екеуінің хатында «**-ты** вместо современной **-лы, -ды** свойственно тюркским языкам в частности казахскому ... **-ты**, в казахском языке является более древним чем другие формы этого рода», – деп, қазақ даласында *Шідерті, Қалдығайты, Бұлдырты, Мойынты* деген жер атаулары ұяндамай сақталып отырғанын айтады.

Бұларда мәселе ғалымның бір мәселеге екі түрлі көзқарасы болғанын көрсету үшін емес, болмаса жазу нормасын негіздеуде «дүдәмал» жерге иек артқанын қателікке шығару үшін емес, жалпы қазақ

жазуында қосымшалардың немесе шылаулардың позицияға тәуелді реңктері таңбаланғандарын, морфонологиялық құбылыстар ғана емес, фонетикалық құбылыстар да таңбалағанын айтқымыз келді.

Ғалымның шартты рай жұрнағы **-ca/-ce** ме, әлде **-ша/-ше** ме дегенді анықтау үшін неғұрлым тәуелсіз позиция ретінде *қонса, сепсе, келсе, қуса, қанса* тұлғаларын таңдап алуы – *кешше* (кешсе), *пішше* (пішсе) сөздерінде бұлар әлсіз позицияда алдыңғысында әлді позицияда тұрғанын анықтағаны [6, 7]. Сондай-ақ ғалым *Қорғамбай – Қорғанбай, Арғымбай – Арғынбай, Тасқымбай – Тасқынбай, қоңған – қонған, жоңған – жонған, жаңған – жанған, көңген – көнген, өңген – өнген, сеңген – сенген, күңге – күнге* тұлғаларының соңғылары дұрыс, өйткені сөздің түбірі «*қорғам*», «*арғым*» «*тасқым*» емес *қорған, арғын, тасқын* болады деп анықтайды. Сондай-ақ [н] дыбысын **к, ғ, г** дыбыстарының әсерінен айырсақ, дүдәмалдық жоғалады, «*қоныс*», «*қондық*», «*жону*», «*жондым*», «*жанып*», «*жанды*», «*көніп*», «*көнді*», «*өніс*», «*өнім*», «*мініп*», «*мініс*», «*сеніп*», «*сенім*», «*күнде*», «*күндік*» дегенде, «н» емес, «ң» екені айқындалады [6, 7], – дейді ғалым. А.Байтұрсынұлының бұл ойлары емлені әлді позицияға қойып тексеру әдістері арқылы негіздейтін бүгінгі орыс жазу нормасында енді айтылып жүр [8, 16].

Ғалымның келесі негіздеген мәселесі – жалғаулықтардың сөздің аяққы дыбысына қарап айнып келуі жайында [6, 8]. Автор мұнда *мен, менен, бен, бенен, пен, пенен* шылауларының ұяң, үнді варианттарына артықшылық беріп, «қатаң вариант позициялық өзгерістің әсері» дегенді айтқан. Қайталап айтсақ, ғалымның қазақ сөздерін жұмсартып айту жағын қатты назарға алғанын байқаймыз. Оған дәлел: «*Аспанба?*», «*асбанба?*» – дүдәмал екен, жоғарыдағы айтылған жолмен айқынға шығарып алу болмайды екен. Сол сияқты сөздер өте көп болмағанмен, қазақ тілінде ұшырайды: *дұспан – дұсбан, оқпан – оқбан, кетпен – кетбен, шекпен – шекбен* тағысын тағылар. Бұлардың «п» мен «б» дүдәмал болған орындағы ашылуы ылғи «б» жағына болғандықтан, «б»-мен жазу. Түбін қарап тексергенде де, солардың көбі «б»-мен жазылуға тиіс болып шығады. Мәселен: «асбан», «дұсбан», «данышбан», «кетбен» дегенсөздер «асман», «дұшман», «данышман», «кетмен» деген сөздерден шыққан: «м» дыбысы «б» дыбысымен алмасып отырады. «Қақбан», «қақба», «қақбақ», «өкбе», «оқыбан» секілді сөздерде «қақбан», «қақба», «қақбақ», «екбе», «оқбан» дегеннен дыбыстары алмасумен «б» дыбысты сөз екені көрініп тұр» [6, 9] деген жолдар. Жалпы мұнда жазу тарихы, жазудың өзіндік ерекшелігі тұрғысынан келсек, А.Байтұрсынұлының араб жазу дәстүрін үзбеу, жазу дәстүрін сақтау жағына көбірек көңіл бөлгенін байқаймыз.


Қазіргі қазақ жазуының бір проблемасы **ы, і** әріптерінің емлесі болса, бұл жайында Ахаңның мына көзқарасы жазу тарихы үшін маңызды: «Оны қалдырмастан жазамыз сөздің аяғында. Ортасында я басында ашық естілетін орында һәм жазбасақ кемшілік болып жоқтығы еленетін орында. Мысалы: *жаны – жанына*», – дейді ғалым [2, 327]. Ал түбір ішінде, сөз басында **ы-ны** жазса да, жазбаса да солай оқитын орындарда, жазбағанда оқуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажеті жоқ деп табады [2, 327]. Мысалы: *қн* (қын), *қр* (қыр), *жлм* (жылым), *жлтр* (жылтыр), *мсқ* (мысық), бірақ *мсығы, қры, жлымы, жлтры*. Бұл қазақ әліпбиіндегі әріптердің атауы туралы айтқан Н.Уәлиұлының мына пікірлерінде жалғасын тауып жатады: «Қазақ дауыссыздары әдетте жалаң түрде дыбысталмайды..., біздің аңғаруымызша, сол тоғыз түрленудің ішінен фонетикалық жағдайға неғұрлым тәуелсізі **-бы**» [1, 50]. Қазақ тіліндегі әрбір дауыссыз дыбысты жеке дыбыстағанда қасына **ы, і** (**к, г** әріптерін атағанда) қосып айтамыз. Олай болса, Қ.Жұбанов айтқандай, «бұл дауысты дыбыстарды буын не тасымал үшін жазамыз» деген дұрыс емес, «әр ережеге өзінің әдісін шығарып алуға болады».

Бірақ ғалым **ы** әрпінің бітеу буындардан қалмай жазылатынын ескертеді: *қарт– қарыт, арт – арыт, жұрт – жұрыт*. «Бітеу буынға **ы** жазсақ, «бірдей естіледі» деген болып шығады» [6, 9].

Тегінде, А.Байтұрсынұлы жазу нормаларын тиянақтағанда ауызша тілге табан тіреп отырған: «Емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе [2, 395]. Олай болса, тілді бұзып, емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» [2, 328]. «Негізгі жол: айтылуы басқа сөздерді (мағнасы басқа болсын, бір болсын) басқа жазу, айтылуы бірдей сөздерді (мағнасы басқа болсын, бір болсын) бірдей жазу» [2, 329],– деп, ауызша тілмен жазуды мейлінше жақындатуға тырысқан. Ендеше, жоғарыдағы сөздердің қазақ тілінің бұрынғы сөз сазында солай айтылуы ғажап емес.

Енді лабиалды сингармонизмнің таңбалануы туралы А.Байтұрсынұлының көзқарасына қысқаша тоқтала өтсек, ғалымның қазақ тілі үндестігі тек екі түрлі: бірі жуан, екінші түрі жіңішке [2, 390], – деп, тек лингвалды сингармонизмді қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі екенін айқындағанын көреміз. Ғалым: «**о** – дыбысы сөздің бас буынында ғана естіледі. Басқа буындарында һәм дауысты дыбыстардан соң қазақ өзгеше **у** әрпі **йу, іу** дыбыстарының тіркесінен тұрады», – дейді. «*Алып* демей сөзінде һеш орында естілмейді, сондықтан бас буыннан басқа орында, яки, дауысты дыбыстан соң (**о**) жазылса, (**ұ**) қылып оқу тиіс» [2, 150],– дейді.

Қазақ жазуының кезеңдерінен <Ұ>, <Ү>, <У> дыбыстарының фонемалық мәртебесін анықтау қиынға соққаны белгілі. Бұған араб графикасындағы ұ, ү, у, о, ө дыбыстарына бір таңба арналуы себеп болды. Дыбыстардың еріндік, қысаң интегралауыш белгілерінен бөтен, өзара жуан-жіңішкелік (ұ-ү, о-ө) дифференциалды белгісі және еріндік реңкі күшті, әлсіз, орта, орталау белгілері бар. Сондықтан олар сөзайырымдық, сөзтанымдық қасиетке ие фонема деңгейінде қарала алатынын айқындаған А.Байтұрсынұлы бұл бес фонемаға үш таңба арнайды. Олар жуан-жіңішке белгісі арқылы ажырайды:



Ғалым: «о мен ұ екеуіне зор ілтипат керек. Бұлардың жазылуы ұқсас болғанмен, айтылуы ұқсас емес. Қой (мал) деген сөзбен құй (шай құй) деген сөздердің мағыналары қандай басқа болса, айтылуы һәм сондай басқа. Ұ көмескі айтылса да, қалдырмай жазу керек. Ұтұр, жұрт, құм деген сөздерде т-ның ж-ның қ-ның соңынан қандай дыбыс естіледі, сол – дыбыстың белгісі. Бұл дыбыстың қарпін о-дан айыру үшін, үстіне () қоямыз. Ұ-ны оқығанда һәм оқытқанда сол естілген қалыпта айтарға тиіс» [2, 326], – деген. Бірақ сонда да <Ұ> мен <У>-дың арасын айыру қиындығы болғанға ұқсайды: «у – азу, қару, жабу деген сөздерде з-ның р-дың, б-ның соңында естілетін дыбыстың белгісі. У, ү сөздің бас буынында қысқа һәм көмескі естіледі. Құрау, құлақ, құрғақ деген сөздер ішіндегідей. Сөздің басқа жерінде ұзын һәм анық айтылады. У-дан ұ-ны айыру керек. Қысқасы, сөздің басқы буынында у ұзын һәм анық естілсе, екі әріппен жазарға тұра, тұмас, буһ, бууаз дегендей. У-ды ұ-дан айыру үшін үстіне () қоямыз. Себебі у менен ұ-ның жазылуы ұқсас болғанмен, айтылуы ұқсас емес» [2, 383]. Профессор М.Жүсіпов «А.Байтұрсынұлы ілімінде қысаң езуліктің төрт түрі (ы, і, ы^н, і^н) қысаң еріндіктің төрт түрлі (ұ, ү, ұ^н, ү^н) варианты бар» [10] деген. Оған А.Байтұрсынұлының «Сіздер у бар дерсіз, жоқ. Ол уауға сәкін болады» [11, 125] дегені дәлел. «Ал сөз ортасында я басында анық һәм ұзын естілетін жерлерде екі /ʉ/ жазуға тиіс. Мысалы, тура, туыс деген сөздерде. Басқа түркі тілінде екінші ұ орнына ғ келеді. Мысалы, тұғра, тұғыш» [2, 325] деп, «ұу, үу тіркесін ұу, үу арқылы беру керек» деп топшылайды. Сөз басында айтылса, екі таңба сөз аяғында қалай естілсе де, жалғыз у әрпімен беруді ұсынады [2, 383]. Мысалы, ашу, ашулану, тату, татулық, татуласу. Бұдан А.Байтұрсынұлының объектіні бір деңгейде, объективті түрде сипаттайтынын көреміз. Мысалы, ашулану деген сөздегі бірінші у әрпі ортаңғы буын болғанмен, ол ашу сөзінде соңғы буында тұр деген сияқты.

У әрпі туралы қазіргі тұжырымдардан, алуб десек, келіб демей, келуб десек, онда алуу, баруу деуге болады. Оның үстіне алыуды – алыс, барыуды – барыс, келіуді – келіс деген сөздермен алмастыруға болады. Ендеше, у-дың алдына ұ, ү әріптерін салудың еш қысыны жоқ» [6, 10]. Сонда ғалымның ойынша, дүдәмалдық ы жағына қарай шешіліп отырады. Алайда ғалым уақыт сөзін ұуақыт, уақ сөзін ұуақ деп айтылатынын ескертіп, өз пікіріне қарсы шығады.

Сөз басындағы үнділердің алдынан келетін қысандар туралы ғалым былай дейді: р, л, у, и әріптерінің алдында «ы» әрпі жазылу-жазылмауы естілуінше: естілсе – жазылады, естілмесе – жазылмайды. Мәселен: лыпа, леп, лепес, лапқойды, лаулапжанды, лоқы, лықылдап, Ленин, Лепсі деген сөздердің алдында келген «л» тап-таза «ы»-сыз естіліп тұр. Оған «ы» жазудың керегі жоқ. «Ылай, ылайық, ылаж, ылау, ілім, ілік, ылғи» деген сөздерде «л» алдында «ы» анық естіліп тұр [6, 10]. «Ал күмәнданатын жердің тексеру әдісі өлең өлшеуі болады», – деген.

Ғалым «h әрпін қазақ тілінде бар дыбыстың таңбасы», – деген. «Шаршағанда– уh, жақтырмағанда түh, өкінгенде – ah және әh, үһлеу, үһлеген, ahламақ дейміз», – деген.

«Қолданылатын реті аз болса да, тілде бар дыбыс болған соң, жоқтығы сезіледі», – дейді. Ал х дыбысын қ-ның реңкі деп табады. Өйткені ғалым х-ның мағына айыратын қызметі шамалы дегенге саяды. Мысалы: халық – қалық, құрметті – хұрметті, хажы – қажы деген сөздердің қайсысын қолдансақ та түсінікті дейді [2, 88]. Автор көрсеткен бұл сөздердің ішінде тек халық сөзі ғана бүгінде х әрпімен таңбаланады. Ал құрметті, қажы сөздері негізгі реңкке көшкен. Бұл қатарды дастархан– дастарқан, дихан – диқан, рахмет – рақмет деген сияқты, екінші сыңары жазуда кодификацияланып кеткен сөздермен толықтыра беруге болады. Ендеше, әліпби құрамын өзгертудің қазіргі қарсаңында h әрпін алып тастау туралы ойлану керек. Қақарман, жиқаз, гауқар сөздерін алдын ала дайындалған артикуляциямен айтсақ [9], қазақ тіліндегі басқа дауыссыздары сияқты төрт әуезбен тоғыз түрлі реңк те түрлене алмаса [1, 29], оны к – фонема-инвариантының варианты деп тану, әрі к, г-ні инвариант-фонеманың варианттары деп тану бірауызды бола қоймай отырғанда ертелеу сияқты. Қ.Жұбанов: «Одағайларды айтқанда небір дыбыс құбылыстары шығып отырады, оның бәрін таңбалай беру мүмкін емес», – деген. Болса да тілдік қызметі бар құбылыстардың жазуда таңбалау мүмкіндігі

табылып отырса, «ол – графикамыздың жетістігі» деп ойлаймыз. *Ah, yh, tūh, aһылау, үһілеу* сөздерін *ақ, ұқ, түқ, ақылау, үкілеу* деп жазып, **h**-мен айтамыз десек, онда жазба тіл мен ауызша тілдің айырмашылығын көрсететін басқа да көптеген құбылыстарды көрсетуге болады деген сөз. Мысалы, *мсқ* деп жазып, *мысық* деп айтамыз деген сияқты, болмаса *кол, гана* деп жазып *қол, гана* деп айтамыз дегендей (яғни, **қ, ғ**-ны әліпбиден алып тастау).

Ал жарты дауысты <**й**> фонемасы туралы, зерттеуші «жарты дауысты тек дауыстылардың жанында ғана айтылады. Қай жерде **й** тұрса, оның алдында [**ы**], [**і**]-нің біреуі болады» деді. Сондай-ақ **й**-дің алды, артынан да **ы** естілсе, алдыңғысы жазылмайды да соңғысы жазылатынын көрсетті, мысалы: *қиын, тиын, киім, киік* [2, 327].

А.Байтұрсынұлы «е жазылады сөздің бас буынында. Мысалы *ер, ерік, еркін, мен, менің, менікі, ерке, серке, келеке*. Қосылмайтын харіфтердің соңынан () орнына () жазылады. Мысалы, *кіре, тізе, керек, кедей* сияқты жазылған сөздердің алдына дәйекше () қойылмайды. Себебі бұл дыбыс – ол болмаса да жіңішке айтылатын дыбыс», – деді [2, 328].

Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы әліпбиінде /e/ графемасының үш мәні бар болып шығады:

е $\left\{ \begin{array}{l} <{}^i e>{}^i \text{ер, } {}^i \text{ерік, } {}^i \text{еркін.} \\ <э> \text{есэк, шелэк, кемэ, төбэ, келэке.} \\ <е> \text{кіре, кедей, керек.} \end{array} \right.$

Жалпы, ғалым дауыстылар жүйесінің таңбалануын былай бөлген. Бірінші, <**ы**> дыбысына қатысты жазу үнемділігін жасаған. Екінші, <**е**> дыбысының таңбасын үнемі бейнелеп отыру керек, өйткені сөз мағынасына әсер етеді. <**о**>, <**ө**> қысаң еріндіктердің таңбасы сөз аяғында ресми түрі **е**-мен ауыстыру [11, 125]. Үшінші, **и** дыбысына екі таңба алу.

А.Байтұрсынұлы әліпбиінде <**к**>, <**ғ**>, <**к**>, <**г**> фонемаларының арнайы таңбалары бар. Ғалым оның себебін «**қ, ғ** әрдайым жуан айтылады, жіңішке айтуға көнбейді. <**к**> һәм <**г**> дәйім жіңішке айтылады, жуан айтуға келмейді. **қ** мен **ғ** жазылған сөздердің алдында дәйекше қойылмайды, оны қойғанмен, бұл хәріптер жіңішке айтылмайды. **к** мен **г** алдында дәйекше қойылмайды, оны қоймаса да айтылатын болған соң» [2, 329], – деп анықтайды.

Төте жазу орфографиясының бір өзгешелігі – <**ш**> орнына **ч** әрпінің қолданылуы. Оның себебін А.Байтұрсынұлы былай ашады: «**ш** дыбысы **с**-дан гөрі **ж**-ға жақын, олай болғанда **ш** әрпінің түрі де (**ж**-ға) жақын болғаны ұнамдырақ көрінеді. Осы айтылған оймен қазақ тілінде **ш** харпі алынбай, **ч** харпі алынды. Мұны алғаннан кемшілік аз, ұнамы көп. Мысалы, *екінші, үшінші, бесінші* һәм басқа сондай **ш** келетін сөздерді *екінші, үшінші, бесінші* деп жазсақ, бастапқылары ұнамдырақ көрінеді. Себебі, менің ойымша, мынау боларға: **ш** араб тілінде **с**-ға жақын дыбыс боларға керек, сондықтан басқа түркі тілінде біздің **с** орнына жұмсалады. Мысалы, *бас – баш, тас – таш, қас – қаш* деген сөздерде» [2, 329]. Сонда ғалымның ойынша, араб тілі мен қазақ тіліндегі **ш**~**с** сәйкестігінен, **ш** дыбысын **ч** әрпімен таңбалап айыруға болады. «Әлбетте, харіп – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса, харпі жоқ деп, тілдегі дыбысты жоғалту емес, ол дыбысқа жоқ харіпті іздеп табарға керек. Ол жалғыз бізде емес, өзге жұртта да болған, харіпке бола тілді бұзбайды, тілге бола харіпті бұзып өзгертеді» [2, 388]. Бұл – «**h** дыбысы одағайларда ғана естілетін дыбыс болса да, әріп арналу керек» деген пікіріне келеді.

XX ғасырдың басында қазақ тіл дыбыстарының инвентарін анықтау қиындығы А.Байтұрсынұлының фонема-әріп теориясы арқылы шешімін тапқаны ақиқат. Өзге графиканың (араб графикасы) әліпбиін (араб әліпбиін) өз тілінің дыбыстарына арнау керісінше әрекеттің, төл дыбыстарды өзге тіл әліпбиінің құрсауына байлап беру қаупін төндіретін еді. Бірақ А.Байтұрсынұлы араб әліпбиі қазақ тілі үшін шығарылған жоқ, араб тіліне арналған әліппе, сондықтан «араб графикасына негізделген әліпби қазақ тілі фонемаларын ғана беруі керек» деп топшылады. Кейбір оқымыстылардың **о, а, ұ** фонемаларын жарты дауысты, ал **ы** фонемасын мүлде жоқ деген көзқарастарына пайымды қарсылығын білдірді [2, 388].

Ғалым дәстүрлі жазуда қолданылған туыс жүйелі емледен гөрі «табиғат қалауынша» жазу, яғни, *атасыға, атыға, қолыға* орнына *атасына, атына, қолына* деп жазуды дұрыс [12, 98] көрді. «Хасыл кәләм менің ойым: сөз жазылу керек айтылатұғын түрінше, яғни, сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әрпін жазу, естілген дыбыстың әрпі жазылмай басқа әріп жазу керек болса, не үшін ол керекті ғылым наху я ғылым сарф жолыменен ыспат етілсін» [2, 382], – дейді. Сондықтан ғалым бірінші әліпбиді жөндеу керек, әліпби жөнделмесе, емледе ала-құлалық басталады. Ал «әліпби деген – асылына адам ақылы жетпейтін нәрсе емес. Әліпбиде бірден мәдениет түрінің төбе басына шығарып жіберетін адам білместей айрықша қасиет те, жасырын сыр да болмасқа тиіс» [2, 400], – деп санады.

Бұрынғы араб графикасынан қалған жазу емлесі қосымшалардың барлық түркі халықтарына ортақ бір ғана вариантын (инвариантын) жазып, әр халық өз тілінің ауызша жүйесімен әрқалай оқып жүрсе, ол жергілікті ерекшелігі көп бір тіл ішіндегі әдеби норманың жазылуы сияқты болды. Ендігі жерде әр ұлттың дербес жазу-сызуы болған күнде «туысша» жазу принципін сақтаудың қажеті жоқ екенін сезген А.Байтұрсынұлы: «Түркі халықтары сөз төркінімен емес, халықтың сөйлеу тілімен санасуы керек» [2, 418], – деді. Сондықтан «Көптік -лар-ды қалған варианттарының орнына жазу қараймын, сөйлеймін деген соң бараймын болмаса, малдай, малда деген соң малындай, малында деп, болмаса маллар, нанлар, атлар деп неге жазбаймыз дегенмен бірдей» [2, 396], – деп, тіл қатынастарын бір деңгейде қарастыру керектігін айтады. Ал ғалымның «Сауаты ашылған адам жазылған я басылған сөзді әрпіне қарап оқымайды, бүтін тұрған сүгіретін танып оқиды. Таныс адамды көргенде «мынау – пәленше, анау – түгенше» деген сияқты әр сөзді тұрпатына қарап танып айтады» [2, 412] дегенін тілдің таңбалық сипатын жазуға да қолдану керек, ауызша тілдің өзгерістеріне сай жазу емлесін өзгертудің перспективасы жоқ деп түсінеміз.

Жалпы, А.Байтұрсынұлы әліпбиі туралы Н.Уәлиевтің: «Таңба теориясы тұрғысынан алғанда, бұл жазу жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан жалпыхалықтық тілдің бір формасы болып табылатын ауызша әдеби тілдің дыбыс бірліктерін, ал мазмұн межесі тұрғысынан тілдің мағыналық бірліктерін белгіледі» деген сөзінің маңызы бар [7, 269].

Сонымен, А.Байтұрсынұлы – қазақграмматикасыменәліпбиін, емле ұстанымымен орфограммала уәдістерін саралаған алғашқы лингвистердің бірі.

Әдебиет:

1. УәлиевН. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. ... автореф. - Алматы, 1993. – 162 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. – 414 б.
3. Зиндер Л.В. Очерк общей теории письма. Л.: Наука, 1987. –111 с.
4. Амирова Т.А. К истории и теории графемики. – М.:Наука, 1977. – 190 с.
5. Щерба Л.В. Теория русского письма. – Л.: Наука, 1983. – 134 с.
6. БайтұрсынұлыА. Емлетуралы // ҚРБҒМҒАХабарлары. – 2000.– №3.
7. Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку. - М., 1957. – 189 с.
8. Кузьмина С.М. Теория русской орфографии. – М.: Наука, 1981. – 264 с.
9. Джунисбеков А. Проблемы тюркской словесной просодики и сингармонизм казахского слова:дисс... докт.фил.наук. – Алма-Ата, 1988. – 328 с.
10. Джусупов М. Фонемография А.Байтұрсынова и фонология сингармонизма. – Ташкент, 1995. – 176 с.
11. Байтұрсынұлы А. Жазу мәселесі // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1993. – 232 б.
12. Байтұрсынұлы А. Қазақша сөз жазушылар дикқатына сөз жазушыға // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1993. – 232 б.

Жолшаева М.
филол.ғ.д., СДУ профессоры

А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі «тіл – сөйлеу – оқыту» мәселелерінің сабақтастығы

Ахмет Байтұрсынұлының баға жетпес құнды еңбектері сан қырлы саланы қамтиды. Ғалымның қай сала бойынша айтқан ой-тұжырымдары болмасын, қанша уақыт өтсе де құндылығын жоймай, уақыт өткен сайын бағасы арта түсіп, жаңа бағыт және ғылым мен тәжірибедегі соны саналатын пайымдауларға негіз-бастау болу арқылы өз өміршеңдігін әлденеше рет мойындатты.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілінің құрылымдық жүйесін зерттеуші ғалым.Оныңбұл бағыттағы зерттеулері қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен бастап, сөз, сөздің құрамы, сөйлем жүйелерін қамтиды. Бұл саладағы зерттеулері оның «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын еңбегінде көрініс тапты. Сәйкесінше, кітаптың бірінші бөлімі қазақ тілінің дыбыстық жүйесін қамтыса, екінші бөлімі қазақ тілінің морфологиялық құрылымына арналған. Ал үшінші бөлімде синтаксис мәселелері, сөйлем мен сөйлем жүйесі нысанға алынған. Бұл аталған еңбек қазақ тілін пән ретінде оқытатын оқулық болып табылады және әр бөлімі алғашқы жарық көрген кезеңінен бастап, фонетикаға арналған бірінші бөлімі 1915 жылы шыққан, бірнеше рет қайта басылған.

А.Байтұрсынұлының «Тіл – құралда» көрініс тапқан қазақ тілінің грамматикалық құрылымын талдау, сөздерді топқа біріктіру, сөздердің тұлғаларын ажырату, сөздердің септелуі мен көптелуі, тәуелденуі, жіктелуіне қатысты тұжырымдары қазақ тілінің құрылымдық жүйесін тұлғаға бағытталған ұстаным негізінде саралап береді. Сонымен қатар «Тіл – құралда» қазақ тілінің грамматикалық құрылымын саралап көрсетуде А.Байтұрсынұлы тұлғаны ғана емес, сол тұлғаның

функционалды-семантикалық ерекшеліктерін де негізге алады. Бұл ғалымның еңбектерінен бірнеше тұстарда анық көрініс тапқан.

Біріншіден, кейбір грамматикалық тұлғаның аталымы, термині сол тұлғаның қолданыста беретін мағынасымен байланыстырыла алынуынан көрінеді. Мысалы: А.Байтұрсынұлы көсемше түрлерін ажыратуда да олардың мағыналық қырын негіз етіп алған. Ғалым көсемшені былайша анықтайды: «Көсемшедейміз екі етіс қосарынан сөйлегенде, алдында айтылатын етістіктің қысқа түрін» [1, 245]. Бұл анықтамада көсемшенің жеке қолданылмайтындығы (қосарлы етістіктің алдында келуі), тиянақсыздығы (алдында айтылған етістіктің қысқа түрі) сияқты басты ерекшеліктері қамтылған. Ғалым көрсеткен көсемшенің түрлері: 1) үнемді көсемше; 2) үнемсіз көсемше; 3) ниетті көсемше: «Үнемді көсемше созымды істі көрсету үшін айтылады. Мәселен, *айта берді*. Үнемсіз көсемше созымсыз бірден бітетін істі көрсету үшін айтылады. Мәселен, *айтып берді*. Ниетті көсемше – істеуге ниеттеніп тұрғанды білдіретін сөз түрі. Мәселен, *барғалы тұрмын*» [1, 245].

Екіншіден, А. Байтұрсынұлы 1915 жылы жарық көрген «Тіл – құрал» еңбегінің екінші бөлімінде етістік категорияларына (етіс, рай, көсемше, есімше) тоқталып, оларға сипаттама беруде тілдік таңбаның мағыналық жағын негізге алған. Олай дейтін себебіміз «тұлғадан мағынаға қарай» ұстанымын басшылыққа алатын дәстүрлі грамматикада етіс категориясының төрт түрі көрсетіледі: *өзгелік етіс, өздік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс* [2, 507]. А.Байтұрсынұлы еңбегінде етіс категориясына анықтама бермегенімен, оның келтірген мысалдарынан және етіс түрлерін санамалап жіктемесін жасай отырып, оны дәйектеуге берген тілдік деректерінен «етіс» деп «іс-әрекетті жүзеге асырушы субъект пен жүзеге асатын іс-әрекеттің өзі, яғни, нысан арасындағы қатынасты түсінген» деп топшылауға болады. Сөйтіп, етістің төмендегідей *сабақты етіс; салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс* он түрін көрсетеді.

Қазіргі қазақ тілі морфологиясына қатысты еңбектерде А.Байтұрсынұлы *салт етіс* және *сабақты етіс* деп көрсеткен етістің түрлері етістік сөз табының шеңберінде өз алдына *салт етістіктер* және *сабақты етістіктер* деген атпен жеке категория ретінде бөліп қарастырылса, *дүркінді етіс* және *өсіңкі етіс* түрлері мазмұн межесі жағынан етістіктің қимылдың өту сипаты категориясына сай келеді. Автор тарапынан етістердің қатарында қаралатын дүркінді етіс пен өсіңкі етіске берілген анықтамалар мынадай: «Дүркінді етіс дейміз қайта-қайта істелетін істі, мәселен, *хат жазғыладым, мылтық атқыладым, қолынан жүлқыладым*. «Жазғыладым», «атқыладым», «жұлқыладым» деген сөздер істің бір рет емес, бірнеше рет істелгенін көрсетеді», – десе, «Өсіңкі етіс дейміз күшейген істі. Мәселен, *ат жүріңкіреді, су тасыңқырады, бала ұйықтаңқырады*. «Жүріңкіреді» дегенде жүру күшейгені көрінеді, «тасыңқырады» дегенде тасқын күшейгені көрінеді, «ұйықтаңқырады» дегенде ұйқы күшейгені көрінеді» [1, 233-234]. Бұл анықтамалардан айқын көрініп тұрғандай, дүркінді етістегі амалдың бірнеше рет жасалуы, өсіңкі етістегі әрекеттің үдемелік сипаты – бәрі де қимылдың жасалу тәсілдеріне қатысты мағыналар болып табылады.

Ал етістің басқа түрлеріне талдау жасар болсақ, мәселен, істі біреу арқылы істеуді «беделді етіс» деп атайды да оған мынадай мысал береді: *хат жаздырды, өлең айттырды, үй салдырды, кітап алдырды* [1, 233]. Осындағы тілдік форманың ішкі мазмұнына үңілер болсақ, субъект пен оның іске асырылуы арасындағы қатынас үшінші адамның ықпалымен жүзеге асып отыр. Ал ғалым өзгелік етіс деп көрсеткен етістік келесі бір түріне берілген анықтама мен дәйектеу мысалдарына назар аударатын болсақ, сөзге қосылған қосымшаның тұрпаты (формасы) бірдей болғанмен, екі етіс түрінің (беделді етіс және өзгелік етіс) мағыналарының мүлде екі басқа екендігін аңғару қиынға соқпайды. «Өзгелік етіс» дейміз біреудің ісіне себепкер болуды, мәселен, *атты жүргізді, қойды өргізді, түйені тұрғызды* дегенде аттың жүруіне, қойдың өруіне, түйенің тұруына себептер болғанды көрсетеді» [1, 232], – деп жазады. Яғни, екі етіс түрінің арасында мағыналық жақтан, субъект әрекетіне және нысанға қатысты ерекшеліктердің бар екендігі анық байқалады. Сондықтан да ғалым бір тұлғада тұратын сөзді, ішкі мағыналық ерекшелігіне қарай етістің екі түрі ретінде алып қараған. Бұл – грамматикалық тұлғаның өзі қосылатын сөздің мағыналық ерекшелігіне қарай атқаратын қызметінің тағы бір қыры, яғни, зерттеу нысаны *грамматикалық форма және оның тілдік қызметтері* болып табылатын функционалды морфологияның мәселелері. Ал қазіргі қазақ грамматикасында А. Байтұрсынұлы өзіндік мағыналық ерекшеліктерге ие болып келетін екі тілдік мәселе ретінде алып қарастырылған жайт бір ғана өзгелік етістік аясында қаралады.

Ғалым-ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы тілді құрал ретінде ғана емес, осы құралды қалай қолдануға қатысты да еңбек жазған функционалист ғалым. А.Байтұрсынұлының өз сөзімен айтар болсақ, автор: «Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. «Тілді қолдана білу» деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді айтамыз», –деп түйіндейді. Бұл тұстағы ғалымның тұжырымы бүгінгі таңда прагматика термині аясына енетін түсінік, сондай-ақ коммуникативтік талап мәселесі турасында болып отыр. Адам тілдік құралдарды

пайдасына жаратпас бұрын мақсатын айқындап, соған сәйкес келетін тіл бірліктерін өзара ұйымдастыра отырып, сөйлеу бірлігін тудырады.

Ғалым «Тіл жұмсар» еңбегінің дәйектемесінде тілді құрал ретінде танығанда, оның толып жатқан есепсіз бөлшектері бар және ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын сан қырлы тетіктері көп үлкен мәшинеге теңейді. Яғни, тіл мәшине секілді құрал болса, оны пайдаланудың екі жолы немесе жұмсаушысы екі түрлі болатындығын айтады. Осы тұстағы ғалымның тұжырымын өз сөзімен берсек: «Қандай құрал болса да, оны жұмсаушысы екі түрлі болмақ. Біреуі – құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліп, олар қалай бір-біріне үйлесіп, үйлескенінен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы. Екіншісі – олардың бәрін білмей-ақ құралдың жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, жұмсау әдісін үйреніп алып жұмсаушы. Ішкі бөлшектері мен тетіктерін бұл таныс құралды жұмсап жүріп, онымен көп істес болып барып, тәжірибе арқылы таниды» [3, 294]. Ғалым тіл жұмсаушының екеуінің де, бір қарағанда, тілді құрал ретінде тануы мен жұмсауы бірдей болып көрінгенімен, шын мәнісінде, олай еместігін салыстырмалы түрде былайша түсіндіреді: «Мәшине жүрісінде кемшілік біліне бастаса, оның неден екенін анау бірден білсе, мынау тіпті білмеуі мүмкін». Осылайша, ғалым кез келген нәрсенің терең мәнін түсіне игерудің көп тәжірибе арқылы келетіндігін айтады. Бұл тұста А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің құрылымдық грамматикасын ғана емес, оның қолданылуы, яғни, жұмсалымдық сипатын түсіндіріп, функционалды грамматика мәселесіне де қарастырушы ғалым болып табылады.

Тілдің жұмсалымдық қырларын түсіндіру лингводидактика мәселесімен де тікелей сабақтасып жатыр. Бұл орайда тілші-ағартушы А.Байтұрсынұлы – осы тілді үйретуге қатысты лингводидактика мәселелерімен де айналысып, қазақ тілін оқыту әдістемесі саласының да іргетасын қалаушы ғалым. Ғалымның жалпы оқыту, білім беру саласына қатысты «Жаңа мектеп» журналына 1927-1928 жылдары «Қай әдіс жақсы?», «Жалқылау (айырыңқы) әдіс», «Жалқылаулы-жалпылау әдіс» атты әдістеме саласына тікелей қатысты мақалалар мен «Тіл жұмсар», «Баяншы» атты еңбектер жазған [3, 279-344]. А.Байтұрсынұлы 1920 жылы Казан қаласында шыққан «Баяншы» еңбегінде бұл құралды он төрт жыл бойы бала оқытқан тәжірибесіне сүйеніп шығарып жазғандығын айтады.

А.Байтұрсынұлы әдістемеге қатысты «Тіл жұмсар» еңбегінде баланы оқытудың немесе үйретудің табиғи жолы тәжірибе арқылы білім алатын жол екендігіне баса назар аударады. Ғалым былай деп жазады: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өту үшін керек білімін кешікпей керек кезінде алып отыру үшін балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп жүру» [4, 496]. Өткен ғасырдың басында айтып кеткен А.Байтұрсынұлының бұл тұжырымы қазіргі кездегі білім беру саласында өзгерістердің бірі болып табылатын оқытудың бағалай жүйесіне қатысты болып келеді.

Білім беру жүйесімен сабақтасып бірге жүретін мәселе – бағалау. Оқыту нәтижесінің жоғары болуын қамтамасыз ететін бағалаудың түрі – формативті бағалау. Бағалаудың бұл түріне қатысты басқа да бірнеше термин қолданылады: *қалыптастырушы бағалау, оқыту үшін бағалау*.

Мұғалімнің міндеті – оқушыға білім беру ғана емес, жоғарыда А.Байтұрсынұлы атап көрсеткендей ең бастысы оқушыны мақсатына қарай бағдарлау, оқушының оқу деңгейінің шамасын анықтау, мақсатқа жету жолында оның атқаратын іс-әрекеттерін үйлестіру болып табылады. Яғни, ғалымның сөзімен айтқанда, «балаға жұмысты шағындап беру, тәжірибе арқылы білімді игерту». Бұл – бүгінгі білім беру жүйесіндегі жаңа сапа мен жаңа сипаттағы бағалау әрекетінің басты түрі, білім алушының өзінің оқудың қай деңгейінде тұрғандығын анықтау және сол деңгейден жоғары көтерілудің жолдарын айқындаумен байланысты мұғалімдер тарапынан қолданылатын үдерістер түрінде анықталатын формативті бағалаудың мақсаттарымен қабысады. Яғни, формативті бағалау оқушының оқуын дамыту үшін пайдаланылатын бағалау болып табылады. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлының әдістеме туралы жазған мақала-еңбектерінде берілген мысалдардың біріне назар аударалық. Мәселен, «Шәкірт әңгімесінен» дегенде мұғалім мен оқушының арасындағы диалог былайша өрбиді:

«Мұғалім сабақ сұрағанда, Мұрат білмеді.

– Сабақты неге білмейсің? Оқымадың ба?

– Қолым тимеді, ағатай!

– Не істедің?

– Үй шаруасына айналыстым.

– Сенен басқа үй шаруасын істейтін адам болмады ма?

– Әкем үйде жоқ. Жолаушы кеткен. Апам ауырып жатыр.

– Отыра ғой, шырағым» [4, 518].

Бұл шағын диалог арқылы біз қазіргі кезде формативті бағалау үдерісінде түрлі сипатта көрініс табатын мұғалім әрекетінің бір қырын көреміз. Оқу үдерісіндегі формативті бағалаудағы мұғалімнің рөлі мен әрекеттеріне төмендегілер жатқызылып жүр: *оқушының жетістігін айтып отыру*;

қателескен жерде демеп жіберу; оқшау қалған баланы оқу үдерісіне тарту; сыныпта жағымды ахуал қалыптастыру; оқу үдерісіне деген қызығушылықты тудыру және оны арттыру т.б. [5].

Міне, бүгінгі білім беру жүйесінің ерекшелігі болып табылатын білім алушының түрлі күзiреттiлiктерiн дамыту, қалыптастыруға бағытталған бағалаудың қалыптастырушы деп аталатын түрiнiң бiрқатар мақсат-мiндеттерi «Ұлт ұстазы» атанған А.Байтұрсынұлының еңбектерiнде өткен ғасырдың басында-ақ көрiнiс тапқан.

Әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Тiл тағылымы. - Алматы, 1992. - 448 б.
2. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. -784 б.
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – 3-том. - Алматы: Ел-шежiре, 2013. - 384 б.
4. Байтұрсынұлы А. Қазақ тiл бiлiмi мәселелерi. - Алматы: Абзал-Ай, 2013. - 640 б.
5. Жақсылықова К.З., Тайтанова Н.К., Кемешова А.М. Қалыптастырушы бағалауды қолдану бойынша пән мұғалiмдерiнiң кәсiби күзiреттiлiгiн арттыру. Әдiстемелiк құрал. - Алматы, 2016. - 64 б.

Имаханбет Р.
филол.ғ.к., Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ доценті

Ахмет Байтұрсынұлы мұрасының зерттелуі: дерек пен дәйек

Бұл күні тәуелсіз мемлекет болып танылған Қазақстанның өткені, бүгiнi, келешегi туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың айтқан айшықтары аясында халқымыздың iргелi ел болып қалыптасуында ерен еңбек еткен тұлғалардың аяулы есiмдерi алтын әрiптермен жазылып, Отан тарихынан өздерiнiң тиiсiлi орнын алуда. Жүзжылдықтар тоғысында тәуелсіз елiнiң тарапынан қазақ тiл бiлiмi мен әдебиеттану ғылымының негiзiн қалаушы, реформатор-ғалым, қоғам және мемлекет қайраткерi Ахмет Байтұрсынұлы «Ана тiлдiң айбары» омырау медалi және «Ғасыр саңлағы» алқа белгiсiмен марапатталды. Ғалым есiмi оралған 1988 жылдан бастап шығармалары қайта басылып, тәуелсіздік кезеңнiң ғалымдары танымдық алғысөздер жазып келедi. Сондай-ақ филолог, әдебиетшi, тарихшы, заңгер, журналист, философ, педагог т.б. мамандықтары бойынша шығармашылығы, ағартушылық, қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлiгiне қатысты 50-ге жуық кандидаттық, 20-дан аса докторлық диссертация қорғалды. Әлбетте, бұл жазылған ғылыми зерттеулер бiлiктiлiгi жағынан өз салалары бойынша толық меңгерiлген тақырыптар екенi даусыз.

Тарихи тұлғаның шығармашылық мұрасын тiкелей зерттеп, кеменгердiң кемел бiлiм-iлiмiн келешек ұрпаққа таныту мақсатында жасалған жұмыстар легi өсуде. Ғалым мұрасы мен ғұмырына арналған бiрнеше кiтап жарық көрдi. Атап айтсақ, тiлшi-ғалым Р.Сыздықова (Ахмет Байтұрсынұлы. 1990. - 52 б.), Ахаңның немере iнiсi С.Кәкiшев (Ахаң туралы ақиқат. 1992. - 112 б.), Өзбекстан елiнiң ғалымы М.Джусупов (Фонемография Ахмета Байтурсынова и фонология сингормонизма. 1995. - 176 б.), физик-ғалым М.-Х.Сулейманов (Яркий носитель духа человечности. 1997. - 18 с.), филолог-ғалым Байтелесова Ж. (Негасимая звезда в пляде казахской интеллигенции. 1998.-78 с., Публицистика Ахмет Байтурсынова. 1998. - 78 с.), тiлшi, әдiскер-ғалым А.Қыдыршаев (Ахмет Байтұрсынұлының әдiстемелiк мұрасы. 1998. - 132 б.), жазушы Б.Лияс (Алтын бесiк. 1998. - 260 б.), ақын-журналист Н.Бектемисұлы (Ахмет ұшқан ұя. 2001. - 128 б.), әдебиеттанушы-ғалым А.Исiмақова (Возвращение пляды. 2002. - 294 с.), түркiтанушы ғалымдар Ф.Ашнин, В.Алпатов, Д.Насилов (Репрессированная тюркология. 2002), жазушы Қ.Сәрсекеев (Ұлт ұстазы немесе алаштың Ахметi жайлы ой-түйiн. 2003. - 80 б.), журналист-ғалым С.Оспанұлы (Ахмет өскен ақындық орта. 2004. - 204 б.), әдебиеттанушы-ғалым Ө.Әбдиманұлы («Қазақ» газетi. 1993. – 168 б., Ахмет Байтұрсынұлы: зерттеу-эссе. 2007. - 296 б.), әдебиеттанушы Ұ.Еркiнбаев («Әдебиет танытқыштың» теориялық негiзi. 2008. - 136 б.), Р.Имаханбетова (Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. 2010. - 304 б.), А.Ойсылбай (Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнерi мен поэтика мәселелерi. 2015. - 164 б.) т.б. тарихшы ғалымдардың көлемдi тақырыпта қарастырған ғылыми зерттеулерi – бiр төбе. Бұдан бөлек академик-ғалымдар: М.Қозыбаев, К.Нұрпейiс, З.Ахметов, З.Қабдолов, Р.Нұрғали, С.Қирабаев, Т.Кәкiшев, К.Сағадиев, М.Жұрынов т.б. талдаған ғылыми-зерттеу мақалалары бар.

Мұрағат деректер бойынша қарастырсақ, ахметтанудың ғылыми тұжырымдалуы 1919 жылдан басталады. Мәселен, өзге ұлт өкiлдерiнен 1919 жылы А.Н.Самойлович «Байтұрсынұлы Ахмет Байтұрсынұлы» деген ғылыми мақала жазса, кейiн бұл үрдiс жалғасын табады [1]. Самойловичтiң осы мақаласы кейiн 1930 жылы А.Байтұрсынұлы түрмеде отырған тұста Мәскеудiң «Литературная энциклопедия» атты жинағының 1-томына кiредi [1, 305-306]. Бiр ғажабы – орыс ғалымдарының арасында жеке адам баласының басында болып жататын түрлi қайшылыққа қарамастан, ғылымдағы

жетістіктері жоғары бағаланған. Өз Отанымызда А.Байтұрсынұлының қазақ жұрты үшін жасаған жұмыстары қасақана «халық жауы» деп қараланып жатқанда, орыс ғалымдары аталған жинақтың 1931 жылы жарық көрген 5-томына Қазақ әліпбиін «Байтурсуновский алфавит» деп енгізеді [2, 23]. Міне, нағыз ғылымдағы адалдық, ғылыми жетістіктің бағалануы!

1924 жылы Е.Д.Поливанов «Қазақ-қырғыздыңжаңа(Байтұрсынов) орфографиясы» [3], 1928 жылы Н.Ф.Яковлев «Әліпби құрылымының математикалық жүйесі» туралы ғылыми мақалалар жазды [4]. 1974 жылы А.Н.Кононов «Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы» атты ғылыми анықтамалық-мәліметтер бергені тарихтан мәлім [5, 115]. А.Самойлович мақаласында Ахметтің ғалымдық қайраткерлігін биографиялық анықтамалық шолуға сыйғызған, қазақ ғалымын: «...қазақ тілі орфографиясының реформаторы, қазақ грамматикасы және қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы», – деп жазды [1]. Осы ғылыми тұжырымды негізге алып, ахметтануды 1922 жылғы М.Дулатұлы мен Е.Омаровтың мақалаларынан да ертерек, 1919 жылдан бастаған дұрыс. Себебі жоғарыда аталған А.Самойлович мақаласында Ахметтей қоғам қайраткерінің 1919 жылға дейін жасаған сан алуан жұмыстарын ғылыми анықтамалыққа сыйғызған. Зерттеуші мәліметіндегі: «көрнекті қазақ ақыны», «журналшы», «педагог» деген танымдық сипаттаулар дәл сол уақытта қазақ ағартушысының атқарған негізгі жұмыстары болатын. Ал қазақ зиялылары тарапынан 1922 жылдан бастап зерттеліп, бағаланып жүрген «Қазақ» газеті туралы А.Самойлович «...қазақ халқының қоғам-мәдени санасын оятушы басылым» деп айрықша атап айтты. Бұл күні әдебиеттану ғылымында «төлтума» деп тануды ұсынған «Қырық мысалдағы» қазақы сипат пен өрнекті тілі: «Байтұрсыновтың тілі лирикалық шығармаларында қарапайым, өзінің бай, көркем, поэтикалық мәнерімен ерекшеленеді», – дейді. Міне, өзге ұлт өкілі орыс ғалымы берген нақты әрі құнды ғылыми тұжырымдаманың қазақ зиялыларынан 3 жыл бұрын айтылғанын мойындауға міндеттіміз[1].

Қорыта айтқанда, А.Самойловичтің сипаттамасы – алғашқы танымдық ғылыми бағалау. Бұл – А.Байтұрсынұлының ғылымдағы қайраткерлігіне айтылған тұңғыш анықтама. Зерттеуші Ахан туралы айшығын «қазақтың бірінші көрнекті лингвист-ғалымы» деп түйіндеген [1, 305-306].

1924 жылы Қазақ әліпби жөнінде профессор Е.Д.Поливанов Орта Азия мемлекеттік университетінің бюллетенінде жариялаған мақаласында: «Енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика», – деп бағалайды [3, 35-43]. Ғалымға берілген осы бағаны отандастары қалай қабылдады? Бұл жөнінде бір жыл бұрын, 1923 жылы тұлғаның рухани шәкірттері (М.Әуезов, Т.Шонанов, Е.Омаров) мақалаларында: «Ақаң түрлеген ана тілі», «Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына, ...әлемдік мәдениетпен араласуға, ...халық мектептерінің өркендеу жолына алып адым жасағаны анық», «Қазақ әліпбиі» мен «Қазақ тілінің дыбыс және сөз жүйесі атты оқулықтарының өн бойына сыйғызған өзекті өзгерістерінің өзі қазақ грамматикасына бөлекше реңк әкелді», – деп, өз тұсында қазақ жұртшылығы тарапынан зор қошеметтелгенін айтады.

1928 жылы Н.Ф.Яковлевтің «Математическая формула построения алфавита» атты мақаласының мән-маңызын ашып, ғылыми айналымға түсіру – бүгінгі қазақ тілі ғылымындағы лингвист-ғалымдардың еншісіндегі міндет. Осы мақаланың Байтұрсынұлы әліпбиіне қатысты тұстарына тоқталсақ, мұнда зерттеуші Ахметтің әліпби түрлеу, түзу барысында үндестік заңын толық сақтағанын, дыбыстарды жүйелеуде өте икемді қалып тапқанын айтады [4]. Жалпы, қоғам қайраткерінің өмірі мен қызметіне қатысты мақалалар өз елімізде негізінен, оның 50 жасқа толу мерейтойы қарсаңында жазылып, мерзімді баспасөзде жарияланды. Мәселен, тұлғаға деген ең алғашқы құрмет 1922 жылы 2 тамызда Ташкенттегі Қырғыз-қазақ институтында алты алаштың баласы бас қосқан салтанатты жиында тұңғыш рет көрсетілген. Деректерге сүйенсек, А.Байтұрсынұлының Ташкентке сапарының басты мақсаты – Түркістандағы екі облыс – Жетісу мен Сырдарияны Қазақстанға қосу болған. Бірақ сол жылғы Ташкент қаласында шыққан «Ақ жол» газеті бетіндегі «Лайықты қошемет» атты мақалада Ахмет Байтұрсынұлының іссапарынан гөрі оның жеке басына көрсетілген ықылас, игі тілек туралы жазылған [6]. Мақаланы 10 қыргүйекте Алматыда шығатын «Тілші» газеті қайта көшіріп басады. Аталған мақалаларды журналист-ғалым Т.Қожакеев пен әдебиеттанушы Д.Қамзабекұлы 1991 жылы орыс жазуына түсіріп, ғылыми ортаға тың дерек әкелді. Әрине, ізденіс барысында бірлі-жарым кемшіліктер жіберіліп жатады. Мысалы, Т.Қожакеев «Тарихи деректер бұрмаланбасын» атты мақаласында Д.Қамзабекұлының «Социалистік Қазақстан» газетінің 12 қаңтардағы «Лайықты қошемет» атты мақаласының қайта жарияланымдағы кеткен қателіктерге ескерту (материалдың орынсыз қысқартылуы, мақала соңындағы «А.Ж.» белгісінің автор ретінде дұрыс көрсетілмеуі) жасады. Жасалған ескерту еленіп, Д.Қамзабекұлы «Қазақ әдебиеті» апталығына «Ақаңның алдында», «А.Байтұрсынұлының Ташкентке сапары» атты мақалаларын жазды. Соңғы мақаласы жан-жақты талданып, 1997 жылы жарық көрген «Руханият» деген ғылыми зерттеуіне енді.

Асылы, мұрағаттағы деректерді сұрыптауда аса сақтық пен табанды ыждаһаттылықты басты нысанада ұстаған жөн. Мәселен, осы «Лайықты қошемет» атты мақаланы ғалым еңбектеріне

жатқызып жүр. Нақтырақ, 2001 жылы «Ұлттың ұлы ұстазы» библиографиялық анықтамалықтың 250-бетінде: «96-реттік нөмірде, яғни, «Лайықты қошемет //Тілші. – 1922, 10 қыргүйек. Ташкенттегі қазақтарды көшіріп әкелу» деген көрсеткішпен А.Байтұрсынұлының еңбектері тізіміне енген. Бұл – жаңсақ пайым. Өйткені кітаптың 190-бетінде: «А.Байтұрсынұлының өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер» қосымшасының 362-реттік нөмірінде: «Лайықты қошемет //Социалистік Қазақстан. - 1991. 12 қаңтар. Бұдан 68 жыл бұрын. Материалды газетке әзірлеген – Д.Қамзабекұлы» деген мәлімет береді. Демек, қос материалдың аты айтып тұрғандай әрі басылым көру мерзімінің біркелкілігі, оның түрлі авторға тән еместігін айғақтайды.

Т.Қожакеевтің «Халқымен қайта қауышты қайран ерлер» мақаласында осы аталған материалдың, яғни, ғалымға көрсетілген құрметтің зерттелуіне сүйенсек, мақала авторы – А.Байтұрсынұлы емес, тұлғаға жасаған зор ілтипатты «Лайықты қошаметке» сыйғызған өзге қаламгер. Атын көрсетпеген. Мақалаға «Ш-н» деп қол қойған [6, 191-205]. Мақаланың авторы әлі күнге ашылмағанын әдебиетші Д.Қамзабекұлы: «Мақала соңындағы «Ш-н» қаламгердің кім екендігін біле алмадық», – дей келе, өз ой-тұжырымын: «1922 жылдың тамыз айында ташкенттіктер А.Байтұрсынұлын саясат адамы емес, ғалым ретінде қарсы алды. Бұл – қазақ ғылымының абыройының артқандығын көрсетеді. ...сапарында А.Байтұрсынұлы Түркістандағы екі облысты Қазақстанға қарату мәселесін тиісті орындарда сөз еткен де болуы керек. Бұл қосылудың қажетті екенін зиялыларға дәлелдеген де шығар. Бірақ ол жағы «Ақ жол» газетінде жазылмапты. Қалай дегенде де газет А.Байтұрсынұлын ғалым есебінде және бір мәшһүр етуді көздеген тәрізді», – деп қорытады [7]. Зерттеушінің айтуынша, Мәскеудің «Әдебиет энциклопедиясы» басылымына «Абай мен Ахмет» туралы деректі Смағұл жіберген. Әдебиетшінің пайымына сүйенсек, «...С.Сәдуақасұлы А.Байтұрсынұлының тұлғасын «ұлт руханиятына сапалы өзгеріс әкеліп отырған жаңа кезең, тарихи асу» деп санаған», – дейді. Баяндама туралы танымын «ғылыми айналымға түспеген (түсу бұйырмаған), жұқанасы жазушы, санаткерлердің естелігінде қалған А.Байтұрсынұлының елу жылдық мерейтойында жасаған С.Сәдуақасұлының «Ақанның алдында» атты баяндамасы – Кеңес тұсындағы «инерциялы ағартушылықтың» бағдарламасы (Ахмет програмды – «жосық» депті) сынды еңбек болған» деп жазады. Баяндаманың түпнұсқасы әлі күнге табылмады [7, 99-107].

Тарихи баяндама хақында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – С.Мұқанұлының «...Сәдуақасұлы Байтұрсынұлын мақтай жөнелмей, сатылап жетті. Оның баяндауынша қазақ халқының бес көсемі бар, олар: Кенесары, Шоқан, Ыбырай, Абай, Ахмет. Смағұлдың «сатылауына» негіз бар болатын. Хан Кене – тәуелсіздік үшін күресте мойымаған, рухы жеңілмеген қайраткердің, Шоқан, Ыбырай, Абай – күрескер рухты қағазға түсіре алған, дара шапса да, жалғыздығын білдірмеген, халқының намысы болып жанған ағартушылардың, Ахмет қателіктен сабақ алған толқынның, білім мен бірлікті, білік пен байыпты қатар ұстаған зиялылардың рәмізі еді. Сондықтан С.Сәдуақасұлы «сатысын» – жүйелеу деп қараған орынды», – деген пікір айтқанын жазады Д.Қамзабекұлы талдау мақаласында [7].

Қазақ зиялыларының көзін көріп, сөзін естіген Ғ.Ахмедов: «Осы баяндамада С.Сәдуақасұлы Аханның өмірі мен ғылыми, әдеби еңбектері жайында өте мазмұнды пікірлер айтты», – дейді [8, 23-37]. Сол 1923 жылғы Ахаң арналған жиынның бас-аяғына дейін түгел қатысқан зерттеуші: «Жиында кейбіреулердің аузынан айтылып жүрген өрескел жағдайдың» болмағанын, өзінен басқа Қ.Бадыровтың қатысқанын, әрі оның сөзін растайтынын айтады. «С.Сәдуақасұлы Аханды замандасымыз ғой» деп өз қатарымызға қойып, өзімізбен теңестіріп қарауға болмайды. Бұл кісі – «қазақ халқының алғашқы алфавитін жасап берген, бұрын әркім қалай болса, солай жасап жүрген емлемізді түзеп, бүкіл халқымызға ұстаз болған адам. Сондықтан бұл кісіні «ұстазымыз» деп қарап, өзімізден әлдеқайда жоғары ұстап, қадірлей білуіміз керек деп қорытындылады сөзін», – дейді әдебиетші-ғалым Ғ.Ахмедов [9, 32-33].

Ахмет Байтұрсынұлы мен оның серіктеріне Ташкенттегі зиялылар тарапынан қонақасы берілгені, бұл рәсімнің тойдан гөрі, ойдың мерекесі болғаны жөнінде «Ақ жол» газетінің тілшісі: «Банкетте жеті түрлі халықтың адамы болды: қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, ноғай, орыс. Қонақта болғандар – әр елдің ... өкілетті елшілері хүкімет мүшелері, профессорлар, білім комиссиясы һәм газет басқармасы сықылды мекемелердің адамдары», – деп жазады [9, 193-196]. Түркістандық И.Табынбаев қайраткердің өмір жолы, ортасы, шығармашылығы жөніндегі баяндамасын газет уәкілі түгелдей хатқа түсірген. И.Табынбаевтың лебізіндегі «...Ахмет ағай – қазақ халқының бірінші мұғалімі, ұстазы. Бірінші рет басталған, бұрын ешкім ескермеген жұмыстың (...) ауыртпалығы Аханның басына түсті. Бірақ Аханның қайраты таспаса, қайтпады, ақылы аспаса, саспады. ...тізесін түрменің терезесіне үстел қып, Ахаң қаламын тартпай жазумен болды» деген жүрекжарды ілтипаттарынан замандастарының А.Байтұрсынұлын зор құрмет тұтқанын көреміз. Қоғам қайраткерінің ерекше қасиеттерін даралай көрсетіп, жеке-жеке атап көрсетеді: «1) қазақтың әдеби тілінің негізін салушы. Қазақты «А» деп бастап оқытып, надандықпен күресуші бірінші ұстазымыз; 2) оқу ісіне, жазуға жаңалық кіргізген данамыз; 3) патша үкіметінің зұлым саясатымен күресіп, қарсы пікірін таратқан

қаһарманымыз; 4) қазақ халқының қай жағынан болса да көсемі» деп, танымдарын «Ақ жол» үнқағазында паш ете отырып, Ахметті Темірқазыққа теңеген [9, 103].

1922 жылы Орынборда шыққан «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамы еңбектері» басылымында М.Дулатұлының «Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов», Е.Омаровтың «А.Байтұрсынұлының ғалымдық қайраткерлігі» мақалалары жарияланған. Бұл материалдардың 1922 жылы жариялануы кездейсоқтық емес еді. Қос мақаланың кейін А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты жазылған зерттеулерге негіз болғанын айту ләзім. Шындығында, ахметтану мәселесінде – М.Дулатұлы мен Е.Омаровтың мақалалары дереккөзі болған. Мәскеулік басылымдар: «Әдеби энциклопедия» мен А.Кононовтың түркітанушылар сөздігіндегі сілтемелік көрсеткіш – соның айғағы. Е.Поливанов, Н.Яковлевтердің зерттеулеріне де осы материалдар негізгі болғаны дәлелдеуді қажет етпейді. Бұл деректер отандық ғалымдардың да еңбектерінде кеңінен пайдаланып жүргендігі баршаға аян.

Әдебиетші академик Р.Нұрғали: «Алаштың екі алып азаматы – Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы ауылдас, аталас, ең бастысы бұлардың ұлы күрес жолындағы рухани туыстығы – қазақ тарихындағы қымбат та қастерлі беттердің бірі», – деп бағалайды [10, 12-35]. Ол: «М.Дулатұлы – ахметтанудың негізін салушы», «Міржақып – алғашқы ахметтанушы», – деген тұжырым жасады. Әлбетте, М.Дулатұлы қазақ ортасынан шыққан бірінші ахметтанудың негізін салушы екені даусыз. Ал Міржақыптың алдына одан бұрын Ахмет туралы жазған А.Самойловичті шығарсақ, мұнан Міржақыптың ахметтанушылығы төмендемейді. М.Дулатұлының очеркімен қатар Е.Омаровтың мақала жазғаны аталғаны болмаса, ғылыми ортада қажетті дәрежеде талданып, таратылмай келеді.

Е.Омаров «Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдық қайраткерлігі» деген мақаласында қайраткер туралы: «...күллі қазақ даласы біледі, оның талантын жоғары бағалап құрмет тұтқанымен, бәрібір оны дұрыс түйсініп, бағалай білмейді» деп жазады [11, 26-38]. Елдес Ахметтің қазақ грамматикасына ерекше өзгерістер кіргізіп, баға жетпес жаңалық әкелгенін қазақ жұртының санасы әлі түсініп те, түйсініп те болмағанын ескертеді. А.Байтұрсынұлының қаламынан ертеден келе жатқан қазақ тілінің ережелері қамтылған қағидалар мен көп томдықтар жазылмаса да, оның «Қазақ әліпбиі» мен «Қазақ тілінің дыбыс және сөз жүйесі» оқулықтарының өн бойына сыйғызған өзекті өзгерістерінің өзі қазақ грамматикасына бөлекше реңк әкелгенін тілші-мамандарға ғылыми жүйеде талдап, түсіндіреді. Қазақ грамматикасында ертеде қаншама оқулықтар жазылса да, олардағы өзгерістердің аңғарылмайтынын, ислам дінімен кірген араб жазуының қадимшеленген нұсқасының да қазақ дыбыстарының ерекшеліктерін қамти алмағанын айтады. Ал Ахметтің көлемі шағын ғана оқулықтарына аз сөзбен, саз жүйені сыйғызған жаңалығы, реформатор тарапынан түрленген қосар дыбыстардың қазақ тіліне тән түрлі дыбыстарды дәл бере алатынын нақты деректермен көрсетеді.

Ғалымның үзеңгіліс замандасы – Т.Шонанұлы да 1923 жылы тұлғаның ғылыми қайраткерлігі туралы «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсынов в области народного просвещения и литературы» деген ғылыми мақала жазған. Мақала жарияланбаған. Т.Шонанұлының қолжазбасын мемлекеттік мұрағаттың қорынан алып, жұртшылыққа ұсынған – мұрағат қызметкері, филолог ғалым Б.Байғалиев. Ол материал 1992 жылы жарық көрді. Деректі мақаланы «Әдеби мұра» ретінде ұсынған «Жұлдыз» журналының редакциясы: «Оқырман назарына ұсынылып отырған мақала 1923 жылы Ахмет Байтұрсыновтың 50 жасқа толған мүшелтойына арнап жеке кітап ретінде шығару мақсатымен орыс тілінде жазылған. Бірақ жарық көрмеген. Мақала қолжазбадан аударылып беріліп отыр. Қолжазбаны Қазақ ССР Мемлекеттік Орталық архивінің №544 қорынан алып жариялауға дайындаған – Бейсенбай Байғалиев» деген мәлімет береді [12, 123]. Осы ақпараттық мәлімдеме біріншіден, 50 жасты «мүшелтой» деп жаңылысады, бұл – негізінен мерейтой. Мұсылмандардың жыл қайыруына сүйенсек, алғашқы мүшел – «13 жас», осыған 12-ні қосып отырасыз. Сонда келесі мүшел – «25, 37, 49» болып жалғаса береді. Мақаланың қолжазбадан дайындалғаны айтылғанымен, түпнұсқаның тағдыры туралы ақпарат бермеген... «Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» деп аталатын бұл мақаланың ғылыми ортаға беретін жаңалықтары аса құнды. Лингвист Т.Шонанұлының мақаласындағы ерекшелік – А.Байтұрсынұлының өлеңдерінен алынған үзінділердің орыс тіліне аударылуы мен олардың шығу тарихына түсінік талдау беруі. Сондай-ақ тұлғаның қазақ халқына жасаған қызметі туралы: «Қиын кезеңде Ахмет алғашқы болып дауыс көтеріп, қазақ мектебін, бір жағынан, дүмше молдалардан, екінші жағынан, патша миссионерлері ықпалынан құтқару үшін қызмет етті», – деп жазады [12, 125]. Оның тіл саясатында кемеңгер күрескер екені және қазақ үшін жаңа әліпбиді тұңғыш рет түзудегі ірі құбылыстың тізгінін ұстағанын ғылыми тұрғыдан дәлелдейді. Т.Шонанұлы жаңа әліпбидің ерекшеліктерін былайша жіктейді: «Біріншіден, А.Байтұрсынұлы әліпбиі тіліміздің таза сақталуына, екіншіден, әлемдік мәдениетпен араласу жолын жеңілдетуі, үшіншіден, халық мектептерінің өркендеуіне алып қадам жасағаны анық», – деп жазады. 1915-1916 жылдары түркі халқының тілі таласқа түскенде Ахметтің ана тілімізді қорғап, «Шекіспей,

бекіспейді» деген мақаласы мен «Туған тілім» деген өлең жазғанын айтады. Ғылыми талдауында мақала мен өлеңнен үзінділер келтірілген.

1998 жылғы «Қазақ» газеті басылымында «Шекіспей, бекіспейді» деген мақала мен «Туған тілім» атты өлеңнің 1916 жылы «Қазақ» газетінің 167-санында жарық көргенін, мақаланың авторсыз жарияланғанын, өлеңнің «Байқаушы» деген бүркеншек есіммен берілгені туралы қысқаша ақпараттық мағлұмат берілген [13, 505-524]. Мақала жинақтың 265-267-беттерінде беріледі, өлең мәтіні қарастырылмаған. Ғылыми зерттеулерді сараптау барысында «Туған тілім», «Дағдарыс» атты өлеңдері жөнінде әдебиетші Б.Байғалиевтің 1989 жылы «Жетісу», «Коммунизм таңы» облыстық газеттерде танымдық мақалаларын кездестірдік [13]. Өлеңдер Ахметтің аты ақталғаннан кейін жарияланғанына қарамастан, алғашқы қайта жарық көрген 1989, 1991 жылдардағы әдеби шығармалар жинағына енбеді.

Т.Шонанұлының мақаласы «Ұлттық рухтың ұлы тіні» атты ғылыми жинақта: «Мақала әуелгі, орыс тіліндегі нұсқасында тұңғыш жарияланып отыр. Қолжазба Қазақ КСР Мемлекеттік Орталық архивінен алынды: №544 қор, 1-тізбе, 104-б.» деген ерекше ескертумен жарияланды [13, 39]. Осы жерде назар аударатын жайт: осындай сілтемені Б.Байғалиев 1995 жылы тарих ғылымының докторы, профессор Қ.Тәкеновпен бірге дайындап шығарған Т.Шонанұлының «Жер тағдыры – ел тағдыры» атты қайта басылған кітабының 216-бетінде: «Т.Шонанұлының мақалалары» атты хронологиялық тізімде де 6-реттік кезекте айрықша атап өтеді. Мұнда «104-б» дегеннің орнына «іс» деп көрсеткен. Көрсетілген сілтемелер бойынша қолжазбаның түпнұсқасымен танысу үшін КРОММ «544-қор, 1-тізбе, 104-б.»-ке сұраныс жасағанымызда, папкінің бос екендігі анықталды. Құнды дерек қолды болған. Өкініштісі, тарихи деректі құжаттармен танысуда мұндай суыққолдылық жиі кездеседі. Мұндай келеңсіздіктің белең алуы ұлттық мәдени болмыстың төмендігінен. Болмаса «менде ғана болсын» деген мешеуліктен туған пендешілік. Басқаша теңеу жоқ. Осыған ұқсас ахуалдар Республикалық ұлттық кітапханада да орын алған. Мәселен, «Байтұрсынов Ахмет түрмеде жатқанда чекіспен әңгіме» атты мақаламен танысу үшін «Торғай таңы» газетінің 6 маусымдағы 85-нөмірін, 1991 жылғы тікпені көтерткенімізде «сұраныс жасаған нөмір» орнында жоқ болды. Н.Машақанованың «Байтұрсын мен Ақтас» деген мұрағат құжаттарын сөйлеткен деректі мақаласын мемлекеттік мұрағаттағы тарихи деректермен салыстыра оқу үшін «Жұлдыз» журналының 1990 жылғы 10-нөмірінің 200-203-беттерінің қырқылғанын көріп, қатты қынжылдық. Мұндай дерекі өрескелдік – адамдардың адалдығының кемдігі, мәдениетінің жадаулығы.

Мәселен, «Туған тілім» атты өлеңнің Т.Шонанұлы мақаласында берілетін алты жолды, яғни, «Кенің бай, келімің мол туған тілім, Дыбыстың сөз теріп буған гүлін. Қайырған қайдағыны жүйрік ең сен. Мен ... құтыла алмас қусам білім. Мен болман болдырамын татар десен, Мен жатпан босағанда жатар десен» деген үзінді 1916 жылғы нұсқамен салыстырғанда өлеңнің бірінші шумағы мен соңғы шумағының екі жолы қамтылғаны анықталып, бұл өлеңнің авторы бір адам екені белгілі болды. Өлеңді 1989 жылы Б.Байғалиев бірнеше рет БАҚ-та жариялады.

Орыстілді ортаға (аудиторияға) ұғынықты болсын деген ниетпен осы өлеңді Т.Шонанұлы былай аударған: «...Богат и гибок мой родной язык, Звуки образуют чудный букет слов. Ты быстр, обгоняешь бегунов, Ты несешь нам культуру. Тебя ничем не заставит отатариться, Тебя не заставит валяться в передней». Салыстырып-сараптауда бірінші шумақтың 4-тармағындағы оқылмай көп нүкте қойылған екінші сөздің «тосып» деген сөз екенін, жетінші шумақтың 2-тармағындағы «босағанда» деген сөздің «бірбөлменде» деп жазылғанын анықтадық. Дегенмен бұл болмашы өзгерістер өлеңнің мазмұнына нұқсан келтірмейтінін, қайта «босағанда» деген сөздің мәндірек, тіпті ұйқас буын болып, жатық оқылатынын аңғардық. Т.Шонанұлы бұл сөзді «жуан буын» жасау үшін әдейі өзгертсе керек. «Алмастың ажарын алмас ашады» деген ғұлама Гейненің ғибратына жүгінсек, Телжанның Ахметті, Ахметтің Телжанды «түзетулері» жарасымды емес пе?! Телжанның осы арнау мақаласы – бүгінгі тәуелсіздік кезеңнің әдебиеттану ғылымындағы қалыптаса бастаған ахметтанудың бағыт-бағдарларын анықтауда нағыз көмекші. Сондықтан Т.Шонанұлын «ахметтанушылардың бірегей білгірі» деп тануымыз орынды.

1923 жылы тұлғаның 50 жасқа толу мерейтойына орай, С.Сейфуллин, М.Әуезовтер мен «Ақ жол» газетінің басқармасы тарапынан танымы терең құттықтау мақалалар жазғаны, бұл мақалалардың ахметтану мәселесінде үлкен рөл атқарғанын бүгінгі ғалымдар зерттеу еңбектерінде таратып талдап, жазып жүр. Мақалалардың құндылығы соншалық, бірнеше рет басылым көргенін атасақ та жеткілікті. Осы материалдардағы мәліметтерді негізге алушылар А.Байтұрсынұлының туған жылын «1873» деп жүр. Естелік-мақалалардың берері мол, тағылымы терең екенін теріске шығармаймыз. Бірақ онда келтірілген датаны «қатып қалған қағида» көзіне айналдыру, оны кейінгі жинақтарда үнемі негіз етіп алу – бүгінгі жетілген ғылымдағы жетістіктерге мін болып тиетінін аңғару, оны ғылыми ортаға аңғарту, тіпті «терісті терістеу» заңына сүйеніп, ақиқатын айту – зерттеудің міндеті. Өйткені тәуелсіздіктің арқасында «көмбеде» жатқан мұрағаттармен танысу мүмкіндігі туды. Ал тарихи деректердегі құнды құжаттар мен соны айғақтарды сөйлету – ең өзекті мәселе.

Жоғарыда аталған ғылыми зерттеулер мен мақалалар – «қазақ тілі» деген үлкен ұғымды, бір ұлттың ықылым заманнан келе жатқан атауын қасақана ысырған «саясаттан» тайсалмаған тұлғаның туындыларын қамтыған теңдесі жоқ материалдар. Бұл мақалалардың мәтініне қайта үңіліп, мазмұнына терендер болсақ, ахметтану мәселесіндегі тұлға келбетін байыта түсері сөзсіз.

Сонымен, ахметтанудағы негізгі бағытты бірнеше салаға бөлуге болады: қазақ тіл білімі, әдебиеттану, педагогика, тарих, заң, философия, экономика, экология, көсемсөз т.б. Осылардың ішінде қазақ филологиясының әдебиет кафедраларында ғана ахметтану ілімі факультатив ретінде оқытылып жүр. Аталған салалар бойынша жазылған еңбектер жеткілікті. Ахметтану курсы ЖОО-да міндетті пән ретінде оқытатындай зерттеу жұмыстарының қоры жинақталды.

Алаш арыстары ақталғаннан кейін шығармалары қайта басылып, әдебиеттану ғылымына «Алаш әдебиеті» деген үлкен арна қосылды. Осыдан бастап А.Байтұрсынұлының ғұмырбаяны, шығармашылығы зерттеліп келеді, оны келер ұрпаққа танытуаясында тілші, әдебиетші, тарихшы, педагогика т.б. мамандар ғылыми-зерттеу жұмысын қорғап, монографиялық еңбектер жарық көруде. Әлбетте, олардың зерттеу нысандары – ғалым замандастарының мақалалары. М.Дулатұлы, Т.Шонанұлы, Е.Омаров, С.Сейфуллин, М.Әуезовтей әдебиет алыптарының мақалалары – бүгінгі ұрпаққа ғалымның өмірнамасын, шығармаларын жан-жақты танытуда негізгі дерек көзі. Демек, ахметтану, ғалымның әдеби, ғылыми шығармашылық мұрасын таныту – өзі өмір сүрген кезеңнен бастау алатыны басы ашық нәрсе.

Әдебиет:

1. Самойлович А. Литература турецких народов // Литературы Востока. Вып. I. - Петербург, 1919.; А.Б.Байтұрсынов. Краткая биографическая справка. Подпись: А.С. // Литературная энциклопедия. – Москва, 1930. - Том I. - С. 305-306.

2. Казакский (Байтұрсуновский) алфавит // Литературная энциклопедия. - Т. 5. - Москва, 1931. - С. 23.

3. Поливанов Е. Новая казак-киргизская (Байтұрсыновская) орфография // Бюллетень Среднеазиатского государственного университета. - Вып. 7. – Ташкент, 1924. - С. 35-43.

4. Яковлев Ф. Математическая формула построения алфавита // Культура и письменность Востока. - Книга I. - Москва, 1928. - С. 41-64.

5. Кононов А. Байтұрсунов Ахмед Байтұрсунович // Библиографический словарь отечественных тюркологов (дооктябрьский период). – Москва: Наука, 1974. - С. 115.

6. Қожакеев Т. Қым-қуыт іздер. - Алматы: Санат, 1999. 328-330-б.

7. Лайықты қошемет (Ахана жасалған құрмет жайында. Мақаланы дайындаған: Қамзабекұлы Д.) // Социалистік Қазақстан. – 1991, 12 қаңтар

8. Қамзабекұлы Д Ақаңның алдында // Қазақ әдебиеті. – 1996, 12 наурыз; Қамзабекұлы Д. Руханият. - Алматы: Білім, 1997. - 272 б.

9. Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда. - Алматы: Жалын, 1996. - 224 б.

10. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. - 528 б.

11. Омаров И. Ученая деятельность А.Байтұрсунова // Труды Общества изучения Киргизского края. - Выпуск 3. - Оренбург, 1922.

12. Шонанұлы Т. Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында. 1923, наурыз. Дайындаған: Байғалиев Б. // Жұлдыз. – 1992. №2. 123-128-б.

13. Байғалиев Б. Ахметтің кейбір өлеңдері мен аудармалары // Жетісу. 1989, 13 қаңтар; Коммунизм таңы. – 1989, 21 қаңтар

Шаяхмет А.

*филол.ғ.к., Ахмет Байтұрсынұлы
атындағы Қостанай мемлекеттік
университетінің доценті*

Араб таңбасы – Ақаң «Әліпбиінің» негізі

Ахмет Байтұрсынов еңбектерін оқып жатқан бүгінгі ұрпақ, сөз жоқ, бақытты. Мен Ахметтің есімін ең алғаш бұдан қырық жыл бұрын әкемнің аузынан естіген едім. Сол кезде мұғалім болып қызмет атқарған әкеміз: «Біз балаларға бас қатыратын *шана, шаңғы* деген сөздерді жаттатып, үйретіп жүрсек, Ахмет мектепте сабақ бергенде тақтаға «ш» әрпінің араб таңбасын салып, оның жанына шал мен шабақтың және қасқырдың суретін бейнелеп:

«Балалар, қараңдар!

Бұл – аш шал!

Бойына назар сал!

Сақал-шашы ақ,

Қайраты қайтқан шақ.

Ауқаты – шабақ,
Сусыны – шалап,
Қатқан аш, арық,
Бұл – сондай шатақ шал!» – дейтін.

Содан кейін бұл әріпті ешбір шәкірт өмірі ұмытпайтын», – дейтін. Бұл шумақта ұстаз ақынның тапқырлығымен бірге ұрпаққа айтқан тағылымы да жатыр. «Шал неге шабақ жейді? Неге аш? Қазақтың төрт түлік малы тұрғанда, шабақты қайтеді?» – деген сауал туады. Сол тұстағы аштықты, қазаққа деген қастықты Ахмет Байтұрсынов емеурінмен білдіріп тұр ғой», – деуші еді. Ауыз біреу, қол екеу, Ол неліктен бұлай?! Көп істеуші, аз жеуші, жаратқаны ол солай», – деген жолдар да балалар әдебиетінің озық үлгісі емес пе?!

«Ахмет Байтұрсынов өз «Әліппесін» неге араб жазуы негізінде жасады?» деген сауалға жауап издесек, бұл жазудың, біріншіден, төл тарихымызбен, ислам мәдениетімен тығыз байланысты екенін, екіншіден, оның қазақ балаларының хат тануына өте жеңіл екенін аңғарамыз.

«Латын жүйелі әріппен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің жүретін бағдарына қарсы келіп отырады», – дейді Ақаң. Сол ыңғайына қарай жазу жолы да солдан оңға қарай жүреді. Ал араб әрпімен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің бағдарымен бірыңғай келіп отырады. Сол ыңғайына қарай жазу оңнан солға қарай жүреді. Мәшине айналдырған жұмыскерге, қол мәшинемен тіккен елдерге қарап тұрсақ, бәрі сағат тілінің бағдарымен айналдырады. Қалай да, қолмен айналдыра – үйірлідіре қайта-қайта істелетін жұмыстардың бәрі де, мәселен, инемен тігу, арқан есу сағат тілінің бағдарымен істеледі, оңнан солға қарай жүреді. Оның бұлай істелетіні қол талмау үшін. Қайта-қайта көп рет қимылдағанда ыңғайсыз жағына қимылдаса, қол тез талады. Мәселен, орысша жазғанда қолдың талғаны білінеді, қазақша жазғанда білінбейді. Ойлап қараңдаршы, қарды жаюдан жыю жеңілірек» [1].

Ақаң екі әріптің қайсысы баспа ісіне қолайлы, қайсысын үйрету оңай, барлығына жан-жақты тоқталып: «Латын әрпінен енетін үлкен пайда түгіл кішкене де пайда жоқ, ендеше, бұл сияқты мәселені көтеріп, уақытын шығын қылып жүргендер болса, оны еріккен адамдардың ермегі есебіндегі құр қиял деп білемін», – деп өз шешімін кесіп айтады.

Ақанның жан серігі болған алаш ардақтысы – Елдес Омарұлы «Араб таңбасы» туралы еңбегінде «ескішілдік деген не?» деген сауал қойып алып, іле-шала: «Ескішілдік деген – бұрыннан үйреншікті болып, бойына сіңіп қалған әдет. Үйренген әдеттен бұрылып шығуға болмайды. Бұрын орысша оқып, үйреніп қалған қазақ жігіттері қазақша жаза алмайды. Пішіндемеде кездесетін түрлі атауларды қазақ әрпімен белгілесек, олар бұрын түйе көрмеген жылқының түйеден үріккеніндей оскырынып қарайды... Міне, ескішілдік деген – осы. Өзінің үйреніп қалғанынан басқаға оскыра қарайтындық» [2], – дейді. Осынау сөздер күні бүгін де мағынасын жоймаған, біздің қазақ қауымына арнап айтылған сөз секілді әсер етеді. Кезінде қазақ зиялылары осындай сөздерге құлақ қоймағаны өкінішті, әрине!

Қазақша жазу туралы жаңа ережелерді де Елдес Омарұлы дайындап, оған Қазақстан Республикасының сол тұстағы оқу комиссары – Нұғыман Балаұлы, қазақ комиссиясының бастығы – Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ комиссиясының жаршысы (секретарь) – Елдес Омарұлы қолдарын қойған. 1926 жылы Баку шаһарында өткен түркішілердің бірінші құрылтайына қазақ елінен Ахмет Байтұрсынұлы, Әзиз Байсейітұлы, Біләл Сүлейұлы және Елдестің өзі, сонымен бірге Мәскеуден Нәзір Төрөқұлұлы арнайы шақырылып, әлемге әйгілі академиктер – Бартольд, Ольденбург, Малов, Яковлев, Ашмарин, Ибрагимов тағы басқа білгір мамандардың алдында Ахмет пен Елдес те мінбеге бірнеше рет шығып, қазақ тілінің ғылыми зерттелуі, түркі халықтары тілдері арасында алатын орны туралы өз қисынын баяндаған.

«Латын әрпін аламыз» деу – тек сыртына қызыққандық. Біз латынның әрпін аламыз дегенше «Йауропаның мәдениетін қалай аламыз?» деп кеңесуіміз керек. Мәдениетсіз біреудің іші қуыс тонын киюден пайда шамалы. Біз не нәрсенің де сәніне қызықпай, дәніне қызығуымыз керек. Латын әрпіне ентелегенше, біз қазіргі қолданып келе жатқан әріптерімізді түзетіп, баспахана қызметкерлеріміз – әріп түзеушілерді даярлап, баспа істерімізді жөндеуге кірісуіміз керек. Нәзір айтқандай, басқа түріктер 25 жылдан бері жазу мәшinesін дұрыстай алмай жүрген болса, біз қазір оны жасап, жазып та отырмыз. Әлде де болса орынсыз латыншаны ортаға салғанша өз әріптеріміздің кемшілігін толықтыралық, соны қолданалық. Бізді мәдениетке жеткізбей, бөгеп жүрген – түрік әліпбиі емес, сондықтан оны жазықсыз құрбан қылудың орны жоқ» [3], – деген Елдестің уәжі саналы адамдар санасына сәуле түсіргендей еді.

«Ақаң әрпін түзетуге көп ақша шықты» деу дұрыс емес. Шығын болмай іс бола ма? Ақаң әрпін түзетуге көп пұл шықса, бүгін соның арқасында әрпіміз түзеліп отыр. Енді түзелген әріпті тастай беріп, «әзірбайжан алды, пәлен алды, түген алды» деп латын әрпіне көшсе, тағы шығын шықпай ма? Әлде латын әрпі тегін келіп, біздің латын әрпімен қайта басылатын толып жатқан кітаптарымыз тегін басыла ма? Мұны да ойлау керек қой. Әзірбайжанда «оқығандар табы» деген тап бар. Олар –

ақсүйектер, бұқарадан артық болғысы келетіндер. Латын әрпін алып отырған, алдырып отырған – сол елден жырылып кеткен оқығандар. Оларға біз еліктемеуіміз керек. Латын әрпі қазақ әрпінен артық емес. Сондықтан қазақ еліне оның керегі жоқ!» [4].

Елдес Омарұлы «қазақтар араб жазуын қолданғаны дұрыс па әлде латын әрпіне көшуі қажет пе?» деген пікірталаста сөйлеген сөзінде араб таңбасының артықшылығын ғылыми тұрғыда дәлелдейді: «Тағы да жазуға келгенде, біздің оңнан солға жазуымыз әбден дұрыс, – деп жазады ғалым, – өйткені адамның табиғаты жаратылысында солай. Мәселен, жіп иіргенде қазақтың әйелдері оңнан солға қарай иіреді. Солдан оңға қарай иіруге олардың табиғаттары көнбейді, ыңғайлары келмейді. Жазу да осы сияқты. Тек біздің орысша жазып үйреніп қалғандарымыз ғана оңнан жаза алмайды. Сонан соң солдан жазуды мақтап, жорта «жылдам жазылады» деп, тәжірибесіз демагогтікке салынады».

Елдес Омарұлы: «Мәскеуге барған қазақтың жігіттері мен әйелдерінен: «Қай ұлттан боласың?» – деп сұрасаң, «қазақпын» деуге арланып, «жапонмын» дейді», – дей келіп: «Бұл – не?! Қазақтан жиренгендік. Ақылы соған өлшенгендік. «Латын әрпін аламыз» деушілер де қазақтың қазіргі әрпінен жиренеді. Ол – олардың орысша үйреніп қалған әдеттерінен шыға алмай, сырты сұлуға еліктегенінен шыққан әдет» [5], – деген қорытынды жасайды.

«Латын әрпін алғаш шығарған латын елі осы күні мүлде жоқ. Латын – бұл кезде жоғалған ел. Осы күнгі Еуропа елі әуелде өзі бастап өздерінің надан кезінде әріпті арабтан үйренген. Олар қазіргі қолданып отырған әріптерінің негізін арабтан алып, бергін келе, мәдениеті өсе келе, араб әрпін өзгертіп алған. Мәдениетті ел өнерді, табиғатты өздеріне икемдеп, сыртқы түрлерін өз ыңғайларына қарап өзгертіп алады. Біз сияқты мәдениетсіз бейшара елдер оны білмейді. Өнерді, мәдениетті, техниканы өз тұрмысына ыңғайландырып өзгертіп алудың орнына «өнерге, табиғатқа өлшеп, өздерін өзгертеміз» деп әуреленеді. Егер бұлай болса, бара-бара «қазақтың тілін де өзгертеміз» дер. Енді сөзімді басқа ойға бытыратуды осымен тоқтатып, Әбдірахманның баяндамасына келейін. Әбдірахман: «Басқа күншығыс елдерінің бәрі де латын әрпіне көшті. Біздің олардан қалып қоюымызға болмайды», – дейді. Басқа: әзірбайжан, қырғыз, өзбек сияқты елдердің «латын әрпіне көшеміз» деп дайындалып жатқаны рас. Бірақ «олар көшті» деп, біздің ойламай, ауыр мен жеңілді салыстырмай көшуіміздің керегі жоқ. Әуелі сол латын әрпін алған елдер неге алып отыр? Алуларына қандай себептер болды? Олардағы себеп бізде бар ма? Міне, осы мәселелерді шешуіміз керек» [7], – деген Елдес сөзі Ақаң ойымен сабақтас, өзектес.

Бейсенбай Кенжебаев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» деп аталатын кітабында «Айқап» журналының алғашқы шығарушысы – Мұхаметжан Серәлиннің рөлін ерекше бағалайды. «Журнал шығарудағы мақсатымыз – тек қана жұрттың көзі, құлағы болмақ еді» [8], – деген Серәлин сөзін кейін Ахмет Байтұрсынов іліп алып кеткенін білеміз.

Қазақ басылымдары арасында ұлт ұйтқысы болуға талпыныс жасаған және діндеген мақсатына жеткен басылым «Қазақ» газеті болатын. Орынбордағы қазақ шәкірттерінің ынтасымен, қолдауымен жарық көрген газеттің ыстығына күйіп, суығына тонған Ақаң болған. «Қазақ» газеті жабылып қалар қысылтаяң сәт туғанда айыбын төлеп, Ақаңды абақтыдан құтқарып қалған қазақ оқығандарының іс-әрекеті олардың Ахмет Байтұрсыновтың жеке тұлғасына деген құрметін ғана емес, сонымен бірге газетке деген сүйіспеншілігін де көрсетсе керек.

«Біздің газетіміздің таңбасы – «Қазақ», яғни, қазақтығымызды сақтау. Қазақтық, әрине, аты мен тілі жоғалмаса – сақталады. Бұл айтқанымыз – «русша (орысша) я басқаша оқымасын» деген емес, русша тілін де білу керек. Бірақ өз тілінен жиренбеске керек» деген сөз. Тұтынбаған нәрсе жоғалады. Он жыл, он бес жыл еңбек етіп, қиналып, рус, яки, әдеби тілдерді үйренгендерге «өз тілімен жазуды үйрену қиын» деп ешкім айта алмас» деген Ақаң сөзі тағы ойға оралады. Қостанайлық Уәлиолла Халили «Айқап» журналында жарық көрген «Тіл сақтаушылық» деген мақаласында: « Бізге бұл күнде басшы болған, халыққа үлгі көргізген жігіттеріміз жоқ емес қой. Мынау «Маса» мен «Қырық мысалды» жазушы Ахмет Байтұрсынов секілді ерлерді халық қызметшісі деуге болады», – деп жазады.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1931 жылғы 24 шілдедегі санында Бахтияр деген ақын «Жаңа әліп жолында» деген өлеңінде: «Арабшы, жаңа әліпші Екі жақ боп тартысты. Ахмет, Елдес, Мұхтарлар Арабқа жұмсап бар күшті», – деп жазғанында да сол кездегі саясат пен уақыттың табы бар.

Біләл Асфандияров өзінің естелігінде ағарту мекемелерінің ашылуы туралы айта келіп: «Бәрінен де қазақ мектептері көп қиындық көрді. Ол баяу қалыптасып, қателер де жіберіп отырды. Қазақ мектептерінің көптеген мұғалімдері тек ескі араб жазуын ғана білетін. Қазақ тілінде реформа жасалып, ескі араб жазуының жаңа араб таңбасымен, одан кейін латын таңбасымен ауыстырылуы мектептерді жұмысты басынан бастауға, ал мұғалімдерді әліппені оқытудың методикасын іздеуге мәжбүр етті. Оқулық пен көрнекі құралдар шығарып үлгіру қиын болды. Оның үстіне көптеген мектеп жабдықтары мен оқу құралдары жетіспеді. Бұл кезде политехникалық білім беруді ойлаудың өзіне мүмкіндік жоқ-ты» [9], – деп жазған болатын.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, араб таңбасы – Ақаң «Әліпбиінің» негізі, төте жазу сол кездегі қазақ баласының сауатын ашуда тура жол болды. Бұл жазуды келешекте пайдалана білу еш уақыт маңызын жоймақ емес.

Әдебиет:

1. Ахмет Байтұрсынов Ақжол. - Алматы: Жалын, 1991.
2. Ахмет Байтұрсынов Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Абзал-ай, 2013.
4. Ахмет Байтұрсынұлы Бес томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Алаш, 2006. – 4-том.
5. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. Бірінші қырғыз ғылыми съезінің еңбектері. - Орынбор, 1925.
6. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1985.
7. Алаш көсемсөзі: тіл мәселесі. - Алматы, 2014. – 2-том.
8. Елдес Омарұлы Шығармалар. - Қостанай, 2015.
9. Асфандияров Б. Образование Букеевской орды и ее ликвидация. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007.
10. XX ғасыр басындағы қазақ тіліне қатысты зерттеулер. - Алматы: Қазығұрт, 2010.
11. Шаяхмет А. Тайбағар. - Астана: Фолиант, 2011.

Жұбаева О.

филол.ғ.д., А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты грамматика бөлімінің меңгерушісі

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі инновациялық бағыттардың

А.Байтұрсынұлы еңбектерімен сабақтастығы

А.Байтұрсынұлы еңбектері мен кейінгі оқулықтарды өзара салыстыра отырып, ғалымның көптеген категориялардың еңбектерінде басқаша сипатталғанын, бірқатар өзгешеліктер барын байқаймыз. Қазақ тіліндегі жақ категориясының анайы/сыпайы түрге жіктелуі ментальділіктің (ұлттық діл) көрсеткіші бола алады. Бұл туралы А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Сыпайылап сөйлегенде, сөйлеуші өзін *мен* деудің орнына *біз* дейді, тыңдаушыға *сен* деудің орнына *сіз* дейді, бөгде кісіні ол деудің орнына *ол кісі* дейді. Сондықтан *біз* – I жақ, *сіз* – II жақ, *ол кісі* – III жақ болады» [1, 226]. А.Байтұрсынұлы еңбектерін зерделей отырып, ғалымның тәуелдеу мен жіктеуді, ең алдымен, анайы және сыпайы түрге бөліп алғанын көреміз. Анайы түрін іштей I жақ (мендік), II жақ (сендік), III жақ (бөгделік), сыпайы түрін I жақ (біздік), II жақ (сіздік), III жақ (оларлық) түрінде бөліп алған.

III жақ адамға қатысына қарай I, II жаққа қарсы қойылады. Ол көбінесе нөлдік тұлғада келеді: *Мен студенттін, сен студентсің, ол – студент*. А.Байтұрсынұлы адамға қатысты қолданылатын III жақты *ол кісі* түрінде даралаған. Жақ категориясы өз ішінен оппозиция құрап, адамға қатысты қолданылуына қарай I, II жақ III жаққа қарсы қойылады. III жақ өз ішінен адамға да, затқа да қатысты қолданылуы бойынша жіктеледі. Сонымен қатар қазақ тіліндегі *ол* есімдігі жіктеу есімдігі ретінде де, сілтеу есімдігі ретінде де қолданыла береді. Мысалы: *Ол бүгін келеді* деген сөйлемде *ол* – жіктеу есімдігі ретінде қолданылса, *Ол ағашқа тиіспе* деген сөйлемде *ол* – сілтеу есімдігі ретінде қолданылып тұр. Жіктеу есімдігі мен сілтеу есімдігінің арасында тұлғалық айырмашылық жоқ. *Ол* есімдігі *бұл, сол, анау, мынау* т.б. есімдіктермен қатар сілтеу есімдігі ретінде қолданыла береді. Бұл басқа түркі тілдеріне де тән.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде анайы жіктеудің I жақ көпше түрі жоқ екені айтылады. Қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктерінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес, *сен* есімдігінің көпше түрі *сендер* болғанмен, *мен* есімдігінің көпше түрі *мендер* бола алмайды. Ал кейінгі грамматикаларда көрсетіліп жүргендей, *біз, біздер* есімдігіне ауысса, ол сыпайы жіктеуге айналып кетеді. Анайы жіктеудің I жақ көпше түрінің *біз*-ге ауыса алмайтыны тәуелдеудің анайы-сыпайы түрін салыстырғанда, ерекше көзге түседі.

Анайы түрі:

I жақ *анам аналарым*

II жақ *анаң аналарың*

III жақ *анасы аналары*

Сыпайы түрі:

I жақ *анамыз аналарымыз*

II жақ *анаңыз аналарыңыз*

III жақ *анасы аналары*

А.Байтұрсынұлы анайылық түр – оңаша тәуелдеу, сыпайылық түр – ортақ тәуелдеу болатынын айтады. Сондай-ақ ғалым жіктік жалғаулары I, II жақта өзара ымыраласып, III жақтың көпше түрінде ымырадан шығып кететінін ескертеді. Тәуелдеудің анайы түрі жекеше *менің атам* болса, көпшесі

менің аталарым түрінде болады; соған сәйкес сыпайы түрі жекеше біздің атамыз болса, көпшесі біздердің аталарымыз түрінде болады. Осыдан-ақ айқын көрініп тұрғандай, анайы жіктеудің көпше түрі қазақ тілінің заңдылығы бойынша *біз*, *біздер* түріне ауысып кете алмайды, ауысқан жағдайда бүкіл жүйе бұзылады. Ендеше, А.Байтұрсынұлының «анайы жіктеудің I жақ көпше түрі жоқ» деген тұжырымымен толық келісуге болады.

Қазақ тіліндегі анайы және сыпайы түрдегі жіктеу үлгісі.¹³

Анайы жіктеу		
жекеше:		көпше:
I жақ	<i>мен келдім</i>	—
II жақ	<i>сен келдің</i>	<i>сендер келдіңдер</i>
III жақ	<i>ол келді</i>	<i>олар келді</i>
Сыпайы жіктеу		
жекеше:		көпше:
I жақ	<i>біз келдік</i>	<i>біздер келдік</i>
II жақ	<i>сіз келдіңіз</i>	<i>сіздер келдіңіздер</i>
III жақ	<i>ол кісі келді</i>	<i>ол кісілер келді</i>

Мен есімдігінің (I жақ) ерекшелігі түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінің материалдары негізінде өте айқын көрінеді. Сөйлеуші (I жақ) әрдайым жекеше түрде қолданылады. I жақтың көпше түрі *біз*-ге ауысатын болса, оның құрамы *мен+мен+... + мен* емес, *мен+сен* немесе *мен*, *ол* т.б. түрінде келеді. I (сөйлеуші) жақ пен II (тыңдаушы) жақ ерекше референтті білдіріп, өзара қарсы қойылады. I, II жақтың көпше түрі бірдей адамдардың көптігін емес, әртекті референттердің жиынтығын білдіреді. Ендеше, *сендер* әртекті референттен құралуы мүмкін болғанмен, *мен* (I жақ) әртектілік құрай алмайды. Соған сәйкес *сен* есімдігінің көпше түрі *сендер* болғанмен, *мен* есімдігінің көпше түрі *мендер* бола алмайды. Бұдан I, II жақ «бірегейлік/жиынтық» корреляты бойынша қарсы қойылғанда, олар өзара тең түсе алмайтынын көреміз, яғни, сөйлеуші әрдайым біреу ғана болғандықтан, ол көптік тұлғада қолданыла алмайды. Осы жағынан келгенде, I жақ (*мен*) референтінің өзіндік ерекшелігі байқалады. Сондықтан қазақ тіліндегі I жақ көптік формасы инклюзив/экслюзив коррелятында қолданыла алмайды.

Үндіеуропа тілдерінде, оның ішінде орыс тілінде I жақ көпше түрі (*мы*) *я+не я* түрінде жалпылық мәнге ие болғанмен, бұл заңдылық қазақ тіліне сәйкес келмейді. Қазақ тілінде *мен+мен емес* мәні *мендер* тұлғасында емес, *біздер* тұлғасында қолданыс табады. Сонымен қатар орыс тілінде *вы* есімдігі қазақ тіліндегі *сендер*, *сіз*, *сіздер* тұлғаларында бірдей қолданылады, яғни, екінші сөзбен айтқанда, қазақ тіліндегі анайы көпше (*сендер*), сыпайы жекеше (*сіз*) және көпше (*сіздер*) тұлғаларының орнына орыс тілінде бір ғана форма (*вы*) қолданылады. Қазақ тілін зерттеген орыс тілді ғалымдар көбінесе осы тұста орыс тілінің заңдылықтарына түсіп кетіп отырған. Қазақтар арасында болып, олардың сөйлеу мәдениетімен жақын танысқан Н.Ильминский: «Жасы үлкен адам мен жасы кіші адам сөйлескен кезде *мен*, *сен* есімдіктері қолданылмайды. Қазақтар сыпайылық сақтап, тыңдаушысын сыйлап *мен*, *сен* есімдіктерінің орнына *біз*, *сіз* есімдіктерін қолданады. Қазақ тіліндегі бұл екі сөзді жекеше, сыпайы түрге жатқызу керек», – дегенмен [2], қазақ тіліндегі жіктелу үлгісін беруде орыс тілінің заңдылығына түсіп кеткен. М.Терентьев, П.Мелиоранский, И.Лаптьев т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі жіктеу үлгісі де осы сипатта, яғни, оларда анайы-сыпайы, жекеше-көпше жіктеу үлгілері өзара шатастырылып, *вы* есімдігінің қазақ тілінде үш түрлі тұлғада көрініс табатыны ескерілмеген. Келтірілген деректер қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін, яғни, орыс тіліндегі *мы*, *вы* тұлғалары қазақ тілінде де сол үлгіде қолданыла алмайтынын көрсетеді.

Осыған байланысты қазақ тіліндегі жіктелу жүйесін дұрыс түсіну үшін, ең алдымен, анайы жіктеу мен сыпайы жіктеуді өзара ажыратып алу керектігі көрінеді. Сонда ғана жіктеу жүйесінің табиғаты толық ашылады. Орыс тілінде бірегейлік/жинақтылық корреляты бойынша *я*, *ты* есімдіктері бірегейлік қатарында танылса, қазақ тілінде бірегейлік қатарында *мен*, *сен* (анайы жіктеудің I, II жағының жекеше түрі), *біз*, *сіз* (сыпайы жіктеудің I, II жағының жекеше түрі) есімдіктері қолданылады. *Біз*, *сіз* есімдіктері – Н.Ильминский дұрыс көрсеткендей, көптік ұғымда емес, жекелік ұғымда қолданылады, яғни, сыпайы жіктеудің жекеше түрлері. Сол себепті де *біз* құрамына *мен*, *сен*

¹³Бұл жерде А.Байтұрсынұлының жіктеу парадигмасын негізге алып отырмыз.

есімдіктері, *сіз* құрамына *сен, сен* есімдіктері кіре алмайды. *Біз, сіз* сыпайы жіктеу тұлғалары *мен, сен* анайы жіктеу тұлғаларымен өзара сәйкес келіп, бірегейлік қатарын құрайды, жиынтық қатарында *біздер, сіздер* есімдігі танылады.

Тәуелдік, жіктік жалғауларының сыпайы түрі тек II жақпен ғана шектелмейтінін тіл фактілері де көрсетіп отыр. Мәселен, ресми стильде *мен* орнына *біз* қолданылатын тұстар баршылық. Тіл — тұтас жүйе болғандықтан, оның әрбір мүшесі сол жүйеге бағынып тұрады. Сондықтан анайылық жөннің үш жақта көрінетіні сияқты, сыпайылық жөн де осы үлгімен берілуі қажет деп ойлаймыз.

«Жіктеу» жалғаулары дегеннің орнына «айқындық» жалғаулары деп қолданғанмен, Қ.Басымұлының еңбектері де жіктеулерді анайы-сыпайы түрге бөлуі жағынан А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерімен сарындас. Т.Шонановтың «Самоучитель казахского языка для русских» деген еңбегіне пікір жазушы Байменов пен Қасымов та автордың жіктеудің көпше түрі етістік түбіріне **-ыңыз** қосымшасы жалғану арқылы жасалады (*алыңыз*) деген тұжырымына қарсылық білдіріп, *алыңыз* деген сөз сыпайы жіктеудің жекеше түрі болатынын, *ал* етістігінің анайы, көпше түрі, *алындар* болуы керектігін айтады [3, 45].

Т.Шонанов тәуелдік жалғауларын түсіндіруде М.Терентьев, П.Мелиоранский, И.Лаптев, Н.Созонтов еңбектерін басшылыққа алады да көпше түрі **-ыз/-із** қосымшалары жалғану арқылы жасалады деп (*баламыз, қаламыз*) түсіндіреді [4]. Осы үрдіс кейіннен І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев еңбектерінде жалғасын тапқан. А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Басымұлы оңаша тәуелдеу мен анайылық жөн, ортақ тәуелдеу мен сыпайылық жөн бірдей айтылады деп түсінсе, І.Кеңесбаев, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінен бастап тәуелдеу оңаша, ортақ түрге сараланғанмен, сыпайылық жөн II жақпен ғана шектеледі. Бұл кейінгі еңбектерде де сабақтастық тауып, мектеп оқулықтарында, «Қазақ тілінің грамматикасында» [5, 168-178], А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» [6, 408], С.Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» [7, 304] т.б. еңбектерде жіктеу мен тәуелдеудің сыпайылық жөні II жаққа байланысты ғана түсіндіріледі.

Қазақ тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңде А.Байтұрсынұлы жолымен Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Басымұлы, Байменов, Қасымов сияқты ғалымдардың жіктеулерді анайы және сыпайы түрге ажыратқанын көреміз. Алайда кейіннен бұл ғалымдар назарынан тыс қалып, сыпайы түрі екінші жаққа ғана қатысты сөз бола бастайды. Ондай еңбектердің қатарына І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, С.Исаев еңбектері мен «Современный казахский язык», «Қазақ тілінің грамматикасы» т.с.с. жинақтарды жатқызуға болады. Жіктеуді анайы және сыпайы түрге сараламаудың нәтижесінде аталған еңбектерде I жақ анайы жіктеудің көпше түрі мен осы жақтағы сыпайы жіктеудің жекеше түрінің орындары ауысып кеткен. Анайы жіктеудің I жақ көпше түрі (*мендер*) болмағандықтан, А.Байтұрсынұлы еңбектерінде етістіктердің жіктелу үлгісінде де осы ұстаным сақталған. Оны бұйрық райдың жіктелу үлгісінен де байқауға болады.

Анайы жіктеу		
жекеше:		көпше:
I жақ	-йын/-йін	-
II жақ	етістік түбірі	-ндар/-ндер
III жақ	-сын	-сын /-сін
Сыпайы жіктеу		
жекеше:		көпше:
I жақ	-йық/ -йік	-лық/-лік
II жақ	-ңыз/-ііз	-ңыздар/-ііздер
III жақ	-сын/-сін	-сын/ -сін

Байқап отырғанымыздай, бұйрық райдың анайы, көпше түрінің I жағы жоқ (дұрысында да, *сен айт* дегеннің көпше түрі *сендер айтындар* болғанмен, *мен айттайын* дегеннің көпше түрі ретінде *мендер айттайындар* деген қолданыс тілімізде мүлде жоқ). Қазіргі грамматикаларда I жақтың көпше түрі ретінде көрсетіліп жүрген **-йық/ -йік** жалғауы А.Байтұрсынұлы еңбектерінде *сыпайы жіктеудің I жақ көпше түрі* ретінде берілген, ал А.Байтұрсынұлы жіктеулеріндегі сыпайы жіктеудің I жақ көпше түрі ретінде берілген **-лық/-лік** тұлғалары кейінгі грамматикаларда мүлде көрсетілмеген. А.Ысқақов, С.Исаев сынды ғалымдар жіктік жалғауының көпше түрі кейде **-лық/-лік** тұлғасында қолданылатыны туралы айтып кетеді. Мысалы, А.Ысқақов Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев өлеңдерінен мысалдар келтіре отырып, қазіргі көркем әдебиетте **-лық/-лік** формасы қолданыла беретінін айта келіп: «Бірақ әдеби тіліміздің қазіргі бағытында бұл формадан гөрі **-йық/-йік** формасы

көбірек қолданылып, бірте-бірте негізгі нормаға айналып бара жатқан сияқты», – дейді [6, 73]. Екінші сөзбен айтқанда, тілімізде бұрыннан бар, әлі де қолданылып келе жатқан **-лық/-лік** формасы грамматикаларда жіктеу парадигмасынан өз орнын таппай келеді. Оның себебі – анайы-сыпайы жіктеуді қатаң сараламаудың салдарынан және анайы жіктеудің I жақ көпше түрін шатастырудан деп ойлаймыз. Тілде үнемдеу құбылысы – үнемі үздіксіз жүріп жататын үрдіс. Сондықтан басы артық нәрсе онда көп тұрақтана алмайды. Ал **-лық/-лік** формасының жойылып кетпей, әлі де қолданыла беруі – тілімізде бұрыннан бар тұлға болуына байланысты деп ойлаймыз.

А.Байтұрсынұлы тұжырымдарының кейінгі еңбектерден ерекшелігі:

а) ғалым анайы жіктеудің I жақ көпше түрі болмайтынын көрсетеді;

ә) билік райдың (бұйрық рай) сыпайы жіктеуінің түрі жекеше түрі I жақта **-йық/-йік**, көпше түрі **-лық/-лік** жалғаулары жалғану арқылы жасалатынын айтады;

б) басқа райларда сыпайы жіктеудің жекеше түрі мен көпше түрінің I жағы ерекшеленбейтінін (*жазамыз, жазсақ, жаздық* т.с.с.); II жағында ғана өзгерістері болатынын (*жазасыз – жазасыздар, жазсаңыз – жазсаңыздар, жаздыңыз – жаздыңыздар* т.с.с.) көрсетеді.

Ал кейінгі зерттеулер мен оқулықтарда анайы жіктеу мен сыпайы жіктеу деп сараланбай, сыпайылық жөн II жаққа қатысты ғана сөз болып жүр. Соған байланысты сыпайы жіктеудің II жағының ерекшеліктері көрсетілгенмен, I жағының өзгешеліктері ескерусіз қалған. Сол сияқты анайы түрінің I жақ көпшесі ретінде сыпайы жіктеудің I жағы көрсетіліп жүр.

А.Байтұрсынұлының жіктеу табиғатын түсіндіруі мен кейінгі ғалымдардың еңбектерінде сәйкес келмейтін тұстар қазақ тілінде жіктеу ерекшеліктерінің әлі де толық танылып бітпегенін, талас тудыратын тұстарының кездесетінін танытады. Ұлттық дүниетаным мен сөйлеу мәдениетіміздің айнасы іспетті жіктеу мен тәуелдік жалғауларының өзіндік болмысын әлі де зерделей түсу қажеттігі даусыз.

Функционалды грамматикада арнайы зерттеліп жүрген категориялардың бірі – белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы. Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы арнайы зерттеу нысанына алынып, Н.Сәрсенбаева, А.Тураева сияқты зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінде сөз болып келеді. Белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы атауды арнайы қолданбағанмен, А.Байтұрсынұлы есімдіктерді топтастырғанда, осы категорияның өзіндік белгілерін, ерекшеліктерін толық түсінгені анық байқалады. Қазіргі оқулықтарда есімдіктер жеті топқа жіктеліп жүр: жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, жалпылау, болымсыздық, белгісіздік. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде есімдіктің бес түрі ғана көрсетілген. Ғалымның есімдіктерді жіктеуінен белгілілік/белгісіздік категориясының өзіндік ерекшеліктерін терең түсінгені байқалады. А.Байтұрсынұлы есімдіктерді **жіктеу, сілтеу, сұрау, шектеу, танықтық** деп жіктейді. «Шектеу есімдігі» деп аталатын есімдік түрін ғалым: «Нәрсенің шегін айта сөйлегенде айтылатын сөздер, мәселен, *бәрі, барша*», – деп сипаттаса, танықтық есімдігі деп аталатын есімдік түрін: «Нәрсенің жоқтығын, яки анық белгілі еместігін, яки түгел еместігін көрсеткенде айтылатын сөздер. Мәселен, *ешкім, ештеме, дәнеме, ешбір*. Бұлар жоқтықты көрсетеді; *кей, қайсыбір* – бұлар түгел еместігін көрсетеді; *біреу, әлдекім, әлдене* – анық белгілі еместігін көрсетеді», – деп айқындайды [1, 73]. Ғалымның шектеу есімдіктер деп отырғаны – **белгілілік** мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер де, танықтық есімдік деп аталатын есімдіктер – **белгісіздік** мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер, яғни, А.Байтұрсынұлы қазіргі кезде оқулықтарда өздік есімдігі, жалпылау есімдігі ретінде танылып жүрген есімдіктерді – **шектеу есімдігі** деп, болымсыздық, белгісіздік есімдіктері ретінде беріліп жүрген есімдіктерді **танықтық есімдіктері** деп біріктірген. Есімдіктерді топтастыруда ғалым мағыналық реңктеріне ерекше назар аударған, яғни, белгілілік/белгісіздік мәндерін негізге алған.

Функционалды грамматика ұстанымдары бойынша, белгілілік /белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы сөз болып отырған нәрсенің, адамның т.с.с. сөйлеуші мен тыңдаушыға қаншалық белгілі/белгісіз болуына, таныс/бейтаныс болуын айқындайды. Бұл жерде А.Байтұрсынұлы есімдіктерді жіктеуде осы ерекшелікке ерекше мән берген. Ғалымның шектеу және танықтық есімдіктерін белгілілік/белгісіздік мәндерін білдіруіне байланысты өзіндік оппозиция құрай алатынын ескергені байқалады.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде, ғалымды өзіне ұстаз тұтқан Қ.Кемеңгерұлының еңбегінде [8] функционалды грамматиканың нышандары байқалады. Кейін ғалымдардың репрессиялануына байланысты еңбектеріне тыйым салынып, ғылымда көптеген бұрмалаулар, еуроцентристік бағыт үстемдік алғаны мәлім.

А.Байтұрсынұлы	Қ.Кемеңгерұлы
Жіктеу	Личные
Сілтеу	Указательные
Сұрау	Вопросительные
Шектеу	Определительные
Танықтау	Неопределенные

А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде өздік есімдіктері есімдіктің бір түрі ретінде жеке шығарылмаған. А.Байтұрсынұлы есімдіктің бұл түрін *әркім, әрқайсысы, бәрі, барша* т.б. есімдіктерімен қатар шектеу есімдігі ретінде көрсетсе, Қ.Кемеңгерұлы оны анықтау (определительные местоимения) есімдіктерінің ішінде түсіндіреді. А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы есімдіктерді жіктеуде белгілілік/белгісіздік оппозициясын негізге алған, яғни, жеке адамды немесе топты көрсетсе – *шектеу* (А.Байтұрсынұлы), *анықтау* есімдігі (Қ.Кемеңгерұлы), нәрсенің жоқтығын, белгілі еместігін немесе түгел еместігін білдірсе – *танықтық* (А.Байтұрсынұлы), *танықтау есімдігі* деп атаған. Екінші сөзбен айтқанда, ғалымдар бүгінгі таңдағы өздік есімдігі, жалпылау есімдігі деп танылып жүрген есімдіктердің басын қосып, *шектеу, анықтау есімдігі* деп атайды да белгісіздік, болымсыздық есімдіктерін *танықтық, танықтау есімдігі* деп атайды. Есімдіктерді жіктеуде Қ.Кемеңгерұлы А.Байтұрсынұлы топтастыруын басшылыққа алса, Т.Шонанов П.Мелиоранский еңбегіне сүйенген.

Кейінгі зерттеушілер анықтау, танықтау есімдіктерін ұсақ бөлшектерге жіктеуге тырысқан, яғни, А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде танықтау есімдігі нәрсенің жоқтығын (*ешкім, ештеңе, ешбір*), анық белгілі еместігін, (*әлдекім, әлдене*) немесе түгел еместігін (*кейбір, қайсыбір*) білдіретіні сөз болса, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінде нәрсенің жоқтығын білдіретін сөздер «болымсыздық есімдіктері», анық белгілі еместігін білдірсе, «белгісіздік есімдіктері», түгел еместігін білдірсе, «алалау есімдіктері» деп аталып, танықтау есімдігінің мағыналық ерекшеліктеріне сәйкес өз ішінен одан әрі таратыла түскен:

Қ.Жұбанов	С.Аманжолов	Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев
Жіктеу	Жіктеу	Жіктеу
Сілтеу	Сілтеу	Сілтеу
–	Сұрау	Сұрау
Болымсыз	Болымсыздық	Болымсыздық
Белгісіз	Белгісіздік	Белгісіздік
Алалау	–	–
–	Тәуелдеу (өз) Жалпылық	Тәуелдеу Жалпылау

Кейінгі оқулықтардағы есімдіктердің берілуі С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев жіктеулеріне ұқсас. «Тәуелдеу есімдігі» деген атаудың орнына «өздік есімдігі» деп аталғаны болмаса, басқа өзгешелік жоқ.

«Қазіргі қазақ тілі»	«Современный казахский язык»	«Қазіргі қазақ тілі»	А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі»
Жіктеу	Личные	Жіктеу	Жіктеу
Сілтеу	Указательные	Сілтеу	Сілтеу
Сұрау	Вопросительные	Сұрау	Сұрау
Белгісіздік	Определительные	Белгісіздік	Белгісіздік
Болымсыздық	Отрицательные	Болымсыздық	Болымсыздық
Жалпылау	Обобщительные	Жалпылау	Жалпылау
Өздік	Возвратные	Өздік	Өздік

А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы ұстанымдарын толық қуаттай отырып, өздік есімдігінің мағынасы, қызметі мен қолданысын тексеру нәтижесінде жеке сөзді (*өз*) есімдіктің мағыналық тобы ретінде танығаннан гөрі мағыналық ұқсастығына, қызмет ортақтығына, қолданысына байланысты басқа есімдіктермен біріктіру қажеттігін ескертеміз. Өздік есімдіктеріне: «сөйлеушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге субстанциялар мен құбылыстардан бөліп алып көрсетуші сөздер» түрінде берілген

анықтамаға [9, 117] жіктеу есімдіктері де, *әркім, әрқайсысы, әрбір* т.б. есімдіктер де толық жауап бере алады. Ендеше, сыртқы тұлғасына байланысты өздік есімдіктерін жеке топ ретінде танығаннан гөрі өзара мағыналас есімдіктер қатарына қосқан жөн тәрізді. Осыған байланысты өз тарапымыздан А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлының есімдіктерді топтастыруымен толық келісе отырып, белгісіздік, болымсыздық есімдіктерін – танықтау; өздік, жалпылау есімдіктерін – анықтау есімдіктері ретінде топтастыра берген дұрыс болуы керек деп ойлаймыз:

А.Байтұрсынұлы «Тіл – құрал»	«Қазақ грамматикасы»
Жіктеу	Жіктеу
Сілтеу	Сілтеу
Сұрау	Сұрау
Шектеу	Жалпылау, Өздік (<i>өз, әркім, әрқайсысы, бәрі, барша</i>)
Танықтау	Белгісіздік, Болымсыздық (<i>ешкім, ештеңе, ешбір, әлдекім, әлдене, кейбір, қайсыбір</i>)

Кейінгі грамматикаларда белгісіздік есімдіктері *бір, әр, әлде* сөздерінің ұйтқы болуымен жасалатыны сөз болады. Ал А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде *әр* сөзі анықтау (шектеу) есімдігі ретінде танылады. *Кейбір, қайсыбір, әлдекім, әлдене* т.с.с есімдіктермен салыстырғанда, *әр* есімдігімен бірігу арқылы жасалған *әркім, әрбір, әрқайсысы* сияқты есімдіктерде белгісіздік мәннен гөрі нақтылық басымдау сияқты¹⁴. Бұл ерекшелік *әр* сөзінің зат есіммен тіркесуінен айқын көрінеді: *әр адам, әр оқушы, әр ай, әр зат* т.б. Ендеше, *әр* сөзінің қатысуымен жасалған есімдіктерді белгісіздік есімдігінің қатарына қосуға келмейтін тәрізді. Оның үстіне болымсыздық есімдігі ретінде танылып жүрген *ешкім, ешқайсы, ешбір, ештеңе* т.с.с *еш* сөзінің ұйтқы болуы арқылы жасалған есімдіктердің орнына белгісіздік есімдіктері де жүре алады: *ешкім* келмеді – *біреуі де* келмеді, *ешқайсысы да* айтпады – *бірі де* айтпады, *ештеңе* қалмады – *бірдеңе* қалмады т.б. Ендеше, өзара мәндес, шектес мұндай есімдіктерді жіктемей-ақ, топтастырып берген дұрыс. Сонымен қатар *әлде, әр* сөздерінің қатысуымен жасалған *әрқалай, әрқашан, әлденеше, әлдеқайда, әлдеқалай, әлдеқашан* т.с.с. әрі есімдік, әрі үстеу қатарында аталып жүрген сөздерді тек үстеу ретінде ғана танып, есімдік қатарынан шығару керек. Себебі бір сөздің екі түрлі категория аясында қарастырылғаны, яғни, екі түрлі сөз табы ретінде танылуы дұрыс болмайды, яғни, А.Байтұрсынұлының еңбектеріндегі жіктеулердің өзіндік уәжділігі бар.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде сан мен шама онтологиялық категориялары өзара жіктелгенін байқаймыз. Оған ғалымның мына тұжырымдары дәлел бола алады: «Нәрсенің дәл *санын* білуге сұрағанда *неше?* деп сұраймыз. Мәселен: «Неше кісі келеді?» – «Үш кісі келеді». Нәрсенің дәл санын білуге емес, *шамасын* ғана білуге сұрағанда *қанша?* деп сұраймыз. Мәселен: «Қанша күн жүресің?» – «Үш-төрт күн жүремін» [1, 32]. Ғалымның ойлары кейін М.Балақаевтың еңбектерінде сабақтастық тапқан.

Кейінгі еңбектерде тұлғаға ғана мән беріліп, мағыналық ерекшелігі назардан тыс қалса, А.Байтұрсынұлы оқулықтарында кейбір тұлғалардың өзіндік мағыналық ерекшеліктері болатыны ескеріліп, соған байланысты жіктеліп отырған. Осындай ұстаным ғалымның сан есімдерді топтастыруынан да анық байқалады. Бүгінгі таңдағы оқулықтарда сан есімнің алты түрі көрсетіліп жүр. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде сан есімнің төрт түрі ғана берілген, яғни, қазіргі оқулықтардағы топтау сан есімдері мен болжалдық сан есімдер ғалымның еңбектерінде аталмайды. Топтау сан есімдері мен болжалды сан есімдер сан есімге көптік жалғауы шығыс септік жалғауы, *-лап/-леп* тұлғаларының қосылуы арқылы жасалған. Аталған тұлғалардан басқа сан есімге *-нікі, -дағы/-дегі, -дай/-дей, -сыз/-сіз, -лы/-лі, -лық/-лік* т.с.с. қосымшалар да жалғана береді. Алайда ол қосымшалар жалғанған сөздің бәрін сан есімнің мағыналық топтарына қоса беруге болмайды. Кейінгі оқулықтарда топтау сан есімдері деп танылған *екеулеп, он-оннан, бір-бірлеп* т.с. с. сөздер үстеу ішінде де сөз болып, топтау (я саралау) үстеулері, кейде мөлшер үстеуі ретінде беріліп жүр, яғни, бір форма екі түрлі сөз табының аясында қарастырылуда. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде болжалды сан есім мен топтау сан есімдері сан есімнің мағыналық топтары ретінде қарастырылмай, сан есімнен жасалатын басқа сөз таптарының қатарында, үстеу ретінде берілген, яғни, ғалымның оқулықтарында қазақ

¹⁴Бүгінгі таңда *әрқайсы, әрбір, әр нәрсе, әрнеше, әрнәрсе, әркім, әрне* есімдіктері белгісіздік есімдігі ретінде танылып жүр //Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. - 491-б.

тілінің өзіндік ерекшеліктері, нақты табиғаты берілген. Қазақ тіл білімінде өзіндік із қалдырған ғалым – Ы.Маманов көлемдік-мекендік септіктер мен көптік форманың контекстке немесе түбір сөздің мағынасына байланысты әртүрлі мағыналық қырлары болатынын айта келіп, сан есімнің шығыс септік формасы (*бестен, бес-бестен*) мен көптік формасын (*ондар, жүздер*) мағынаға бағындырып, сан есімнің лексика-семантикалық топтарына жатқызудың ғылыми тұрғыдан негізсіз екендігін айтады [10, 83-84].

Функционалды грамматика мәселелері орыс тіл білімінде ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана қолға алынып, арнайы зерттеу нысаны болды. Алайда А.Байтұрсынұлы еңбектерінде, яғни, ХХ ғасырдың басында ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кездің өзінде-ақ ғалымның функционалды грамматиканың көптеген мәселелерін терең зерделеп, түсінгені байқалады. Ғалым функционалды грамматикаға қатысты қазіргі кезде қолданылып жүрген атауларды қолданбағанымен, функционалды грамматиканың негізгі ұстанымдарын, функционалды-семантикалық категория, өріс, семантикалық инвариант, ұғымдық категориялардың өзіндік ерекшеліктерін терең түсінген. А.Байтұрсынұлы тұжырымдарының бүгінгі таңдағы ғылым жетістіктерімен сәйкескелуі, біржағынан, ХХ ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің қаншалықты құлаштап алға басқаны нкөрсетсе, екінші жағынан, репрессия зардабының кесірінен ғылым дамуының қаншалықты тежелгенін де танытса керек.

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. - Семей, 1927. –27-32 б.
2. Ильминский Н. Материалы к изучению киргизского наречия. -Казань, 1860. –С.16.
3. Орталық Мемлекеттік мұрағат. - 81-қор. - 1-тізім. - 1313-іс. - 43-46-б.
4. Шонанов Т. Самоучитель казахского языка для русских. - Қызылорда, 1929. - 113с.
5. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Ғылым, 1967. -168-178б.
6. Ысқақов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Мектеп, 1974. - 408 б.
7. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. - 304 б.
8. Кемеңгерұлы Қ. Оқу құралы. - I кітап. - Ташкент, 1928. - 134 б.; II кітап. - Қызылорда, 1929. - 194 б.
9. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. - 783 б.
10. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. - 488 б.

Ойсылбай А.

филол.ғ.к., М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері

«Әдебиет танытқыштағы» пән сөздерінің жүйеленуі

Тәуелсіздік алған уақыттан бері «Ұлтымыздың Ұлы Ұстазы» атанған Ахмет Байтұрсынұлының әдеби, ғылыми және шығармашылық мұрасы әдебиеттанушылардан басқа журналист, заңгер, психолог, педагог (педагогика саласы бойынша), тарихшы, тілші ғалымдар тарапынан да жан-жақты зерттеліп келеді. Ғалым қазақ тілінің ғылыми пән ретінде өзінің төл атауларын, яғни, ереже, қағидаларын қалыптастыруға, ұлттық ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосты. «Әдебиет танытқыш» [1] тұңғыш ғылыми-теориялық зерттеу ретінде өз кезеңінде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің қалыптасуына ықпал етіп қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына да негіз болды. Қазақ пән сөздерін (терминология) ғылыми деңгейде (әр ғылым саласы бойынша) қалыптастыру үрдісі ХХ ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш ғалымдарының араласуымен бір жүйеге түсе бастады.

Ғалымның «Әдебиет танытқышы» (1926), М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), Х.Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1928) атты еңбектері қазақ әдебиетінің тарихын, қалыптасуын, теориялық негіздерін сонау ХХ ғасырдың басында қазақ тіліндегі пән сөздері арқылы зерттелгендігін алаштанушы ғалым – А.Ісімақова «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану» (2016) атты монографиясында жазады: «Совет әдебиеттануы осы үш кітапсыз күн кешкені сол ғылымның дәрежесін аңғартады. Осының нәтижесінде біз «Әдебиетіміз қашан туған, қалай қалыптасқан, келешегіміз қандай?» деген сауалға жауап бере алмай, он ғасырлық көркем сөзі бар әдебиетті «младописьменный» [2, 63] деп, тек советтік тоталитарлық көзқараспен шектелдік. «Әдебиет танытқышта» ғалым қазақ әдебиеттануының төл бастауларын айқындаған.

Ахмет Байтұрсынұлытұңғыш рет қазақ тілінде ғылыми-теориялық пән сөздердің жүйесін тіл білімі саласында жасай отырып, қазақ әдеби тілінің тазалығына да көңіл бөлді. Қазақ тілінің табиғатын ашатын алғашқы пән сөздер мен ұғымдар жүйесі «Оқу құралы» және «Тіл – құралдан» басталады.

«...Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім тарататын кітаптар керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білімі жарысы», – деп өзі жазғандай, ұлтты тәрбиелейтін оқу құралы мен білімге аса мән беріп, биік талап пен талғам үдесінен шығуды мақсат етті.

Аталған оқу құралдардағы грамматикалық пән сөздер, яғни, *буын, дыбыс, үтір, дауысты дыбыс, жарты дауысты дыбыс, жіңішкелік белгісі, зат есім, сын есім, үстеу, қосымша, жұрнақ пен жалғау, бастауыш пен баяндауыш, септік, шылау* және тағы басқаларын түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдарға ат қоя білген. Ғылыми ұғымдарға ат қою оңай іс емес, табандылықты, көп жұмысты талап етеді. Ұлт ұстазының ғылыми айналымға ендірген қазақ тілінің ұғымдары, анықтамалары мен пән сөздері бүгінгі қазақ тілтану мен әдебиеттану саласының қайсысында болса да ерекше сипатқа ие.

А.Байтұрсынұлының ресми түрде ақталған алғашқы жылында тілші ғалым Өмірзақ Айтбаев «Қазақ терминологиясының атасы» (1989) аттығылыми мақаласын жариялады. Ғалымның пән сөздерді жасаудағы еңбегін бағалай отырып, автор былай дейді: «...Ахмет Байтұрсынов «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің беттерінде араб емлесіне лайықтап икемделген жаңа нұсқа туралы жұртшылыққа түсіндіріп, мақалалар жазады. Ол жасаған жаңа жазу үлгісі ел көңіліне бірден жетеді де, қабылданады. ...Қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің кейбір ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар: *дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), буын, әліппе, сөз басы, сөз аяғы, дауысты дыбыстар, дәйекше*. Бұлар қазақ тілінде бұрыннан бар болғанмен, белгілі бір ғылыми ұғым есебінде нақты атауға иелік жасап отыруы тұңғыш рет» [3, 8].

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген «біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын» (М.О.Әуезов) таудай еңбегін орыс ғалымдары – А.Н.Самойлович (1919), Е.Д.Поливанов (1924), А.Н.Кононов (1924), Н.Ф.Яковлев (1928) [4] жоғары бағалап, өз зерттеулерінде көрнекті түркологтердің қатарында еске алады.

«Әдебиет танытқышта» әлем және орыс ғалымдарының есімдері мен еңбектерінің аты аталмаса да, теориялық зерттеудің басты қағидаларының қазығы Әл-Фараби, Аристотель, Гегель, Лессинг, Буало, Б.Кроче, Ломоносов, Тредьяковский, А.А.Потебня, Д.Н.Овсяннико-Куликовский, А.Н.Скафтымов, В.Шкловский, А.Н.Веселовский, В.Я.Пропп, Р.Якобсон, В.М.Жирмунский, Б.В.Томашевский, Б.М.Эйхенбаум, О.М.Фрейденберг, Ю.Н.Тынянов, М.М.Бахтин, Л.С.Выготский, В.В.Виноградов, Г.О.Винокур, И.А.Виноградов, Ю.Лотман, Б.И.Ярхо, Л.Якубинский сияқты ғалым, әдебиеттанушылардың көзқарастарына бойлайтыны анық. Әлемдік әдебиеттану ғылымында өнердің және өнер түрлерінің сипаттамасы Аристотель, Әл-Фараби, Гораций, Буало, Гегель, Лессинг, В.Г.Белинский, Н.Г.Чернышевский, М.Ломоносов, В.Г.Тредьяковский т.б ғалымдардың ғылыми еңбектерінде де анықталған. Ал А.Байтұрсынұлының еңбегі басқа ғалымдардан өзгеше, яғни, барлық ой-тұжырымдарын қазақ оқушысына ұлттық рухы биік өз ана тілімізде жеткізіп берді. Осы жағынан келгенде, ғалым әлем әдебиетімен өте етене таныс екендігін байқатады.

Көрнекті алаштанушы ғалым А.Ісімақова «Әдебиет танытқышты» әлем әдебиеттануы контекстінде қарастырып, келесі тұжырымын айтады: «Л.Гинзбургтің лириканы: «Адамның ішкі әлемінің күйі», – деуіне риза болушы едім. Ал А.Байтұрсынұлының лириканы: «Жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі», – дегені қандай дәл және нақты. Л.Гинзбург пен М.Бахтин: «Әдебиет – адамның жаны, оның ішкі әлемінің өзгеруі, санасының көркем бейнеленуі», – десе, А.Байтұрсынұлы: «Әдебиет – асыл сөз – адамның жан қосшауының қажетінен туған» [5, 168] – дейді. «Асыл сөздің үлгілісі өмірдің ғибратты болуын алға тартатыны», – дей келе Х.Досмұхамедұлы: «Әдебиет – халықтың түрлі қимылдарының айнасы», – дейді. М.М.Бахтин: «Әдебиет – адамның істері, қылықтарының табиғатын, себебін танытатын өнер түрі», – десе, А.Байтұрсынұлы: «Асыл сөз адам санасының үш негізіне тіреледі – ақылға, қиялға, көңілге», – дейді. Себебі «ақыл ісі – андау, яғни, нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау» [1, 268]. Осы тұрғыдан қарағанда, А.Байтұрсынұлы, М.Бахтин, Х.Досмұхамедұлы үшін әдебиет – адамзаттың мәңгілік сауалдарына жауап іздеуші ілім.

Тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеулердің бір бағыты – ұлттық әдебиеттанудың теориялық деңгейін әлемдік әдебиеттану аясында айқындау болып табылады. Әдебиеттанушы А.Ісімақовадан кейін жас ғалым Ұ.Еркінбаев ««Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі» (2008) атты еңбегінде «Әдебиет танытқыштың» ғылыми-теориялық деңгейін XX ғасыр басындағы Ресей әдебиеттануымен салыстыра зерттеді. XX ғасыр басында сөз өнерінің поэтикасын үш бағытта, яғни, поэтикалық семантика, поэтикалық синтаксис және поэтикалық фонетика бағытында қарастырды.

«Әдебиет танытқыш» деген атауда тұрған «Әдебиет» деген не, оны не үшін «таныту» керек? деген екі сөзде тұрған жауап – біздің бүгінгі әдебиеттанудың анықтап айта алмай келе жатқан күрделі

ғылыми-танымдық мәселесі. Қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымына қатысты ұғымдарды, сонымен бірге сан алуан жанрлық түрлерді сипаттайтын ұғым-атауларды орнықтыруға айрықша бағалы еңбек сіңірген тағы да – Ахмет Байтұрсынұлы. «Әдебиет танытқышта» сөз өнеріне, халық поэзиясына, жалпы әдебиетке қатысты ұлттық сипаттағы көптеген пән сөздерді орнықтырып, тұңғыш рет жүйелеп берді.

А.Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттануы мен тіл ғылымын дамытудағы еңбегі туралы әдебиеттанушы ғалым Ш.Елеукенов «Жаңа жолдан» (1986) атты зерттеуінде: «...А.Байтұрсынұлы терминология саласында ізденуде айрықша талант көрсеткен. Ол «келсе – келсін, келмесе – қойсын» деп төтеннен бір сөз ойлап таппайды. Жаңа термин жасағанда қазақ тілінің сол ұғымға байланысты табиғи түсініктерінен қарайластырады. Мысалы, архитектураны «сәулет» деп аударады. ...Сөйтіп, ол «сәулет» деген сөзді қазақ тілінде баяғыдан қалыптасқан тұрақты тіркестен алып отыр. Осы ретпен ...скульптураға, музыкаға да балама тапқан. Өнер тарауларының Ахаң туғызған бірсыпыра термині тілімізге сіңісіп те кеткен. Кейбірі интернационалдық атаумен аталып жүр» [6, 105], –деп жазады.

Пән сөздердің күнделікті өмірде араласпайтын саласы жоқ, күнделікті өзара қарым-қатынас құралына да айнала бастағанын байқап жүрміз. Осы орайда пән сөздердің анықтамасына, оның мәніне, жасалу принципіне келгенде әр алуан пікір, түсініктер бар. Термин жайында бүкіл түркология, оның ішінде қазақ тіл білімін, сондай-ақ орыс лингвистикасын зерттеушілер де біраз пікір өрбіткен. ХХ ғасырдың басында қазақ ғалымы Құдайберген Жұбанов «Термин сөздердің спецификасы жөнінде» [7] Мемлекеттік термин комиссиясы Бюллетенінің 1935 жылғы № 3 санында пән сөздердің мәні мен мазмұны, ғылым, білім игеруде жасайтын септігі жайында ғылыми еңбектер жазған. Ғалым пән сөздердің өзіндік өзгешелік сипатын анықтау барысында олардың терминдік мағынасына емес, лексикалық мағынасына назар аудару керектігін бірінші орынға қойып, оған өзі аса мән береді. Мысалы, аударуға келмейтін терминдердің аударылуын (*психология – жан жүйесі, коммунист – ортақшыл, геометрия – пішіндеме*) қате деп санайды.

XIX ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында қазақ тілінде термин сипатты, дербес мағыналы сөздердің арнайы жасалып, кең түрде қолданыла бастауы, тұрақты түрде жазыла бастауы ерекше көрініс берді. Осы кезде қазақ тілінде «Айқап», «Дала уалаятының газеті», «Қазақ» газеті сияқты мерзімдік, әдеби басылымдар мен шығармалар, алғашқы оқу құралдары, бір және екі тілдік сөздіктер, іс қағаздары басқа да қатынастық хат-хабарлардың көбеюіне негізделеді. Бұл тұста ешкім арнайы түрде сала атауларын түзіп, түгендеумен айналыспағанымен, жұрттың түрлі мақала, еңбек жазуы барысында тілдің сөзжасамдық тәсілдері негізінде сөз тудыру, сөздерді күрделендіре қолдану істері қағазға түсіп, жаңаша қарқынмен дамыды.

ХХ ғасыр басында ғылыммен айналысқан алаш қайраткерлері мен зиялыларының бәрі де мүмкіндігінше ғылыми ұғым-атауларды қазақшалап, ұлттық тіл табиғатының бұзылмауына аса мән беріп, қатты көңіл бөлген. Мысалы: Н.Құлжанова «Мектепке дейінгі тәрбие» (1923), «Ана мен бала» (1927), М.Жұмабаев «Педагогика» (1927), Ж.Аймауытұлы «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдауы» (1926), «Комплексті оқыту жолдары» (1929), «Жаңа ауыл» (1930), Х.Досмұхамедұлы «Табиғат тану» (1922), «Оқушылардың саулығын сақтау» (1925), «Адамның тән тірлігі» (1927), «Жануарлар» (1928), «Қазақ халық әдебиеті» (1928) зерттеулерінде пән сөздерін қазақ ұғымына лайықтап жазды.

Пән сөздері (термин) деген сөздің әдебиеттану ғылымында алатын орны ерекше, ол кең мағынада қолданылады. Әдебиеттану саласында, әдебиет теориясында қолданылатын ең қажетті ғылыми ұғымдар мен терминдер жүйесі жүйелі түрде тұңғыш рет академик З.Ахметовтің құрастыруымен «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» жарық көрді. Сөздіктің аңдатуында: «...Арнаулы зерттеулер негізінде, ғылыми принциптерге сүйеніп жасалған осы «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» атты еңбек әдебиеттану ғылымының қазіргі деңгейін танытады, сөз өнеріне, тарихи-әдеби процеске бүгінгі көзқарасты айқындайды» [8, 3], – делінген.

Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған пән сөздердің көпшілікке етене жақын болып кетуін, табиғилық феноменін, біздіңше, танымдық негізде түсіндіруге болады. Қазіргі қазақ тіл білімінде «тіл мен ұлт біртұтас» деген қисынға сәйкес тіл табиғатын зерттеуді сол тілде сөйлеушінің танымынан тыс қарамайтын үрдіс теориялық-әдістемелік ретінде терминжасам теориясына да қолдануды қажет етеді. Тілтанушы ғалым Ж.Манкеева А.Байтұрсынұлы қалыптастырған пән сөздерінің танымдық негіздері жайында былай дейді: «...Терминжасамның тілдік тетіктері субъективті факторды жоққа шығарып, объективті сипат бермек. Бұл арада танымдық негіздің ұлттық ерекшеліктерінің де (шешендік, бейнелілік, т.б.) мәні ерекше. ... Мысалы, А.Байтұрсынұлы қалыптастырған *көсемше* термині *көсем* сөзінің қазақ танымындағы мәні белгілі. Ал оның лингвистикалық, грамматикалық

қызметіне сай мәндік сабақтастығы (психолінгвистикалық философия, логика, лингвистика), дәлдігі дау тудырмайды» [9, 17].

Ахмет Байтұрсынұлының негізгі әдебиеттанулық ұстанымы туралы ғалым Р.Нұрғали: «Әдебиет танытқышта» А.Байтұрсынов әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітапқа тыйым салынғанына қарамастан, әдеби тілге кіріп кетті. Интернационализмді желеу етіп, шет тілді зорлап ендіру науқаны тұсында әдебиеттанудың да шұбарланғаны анық. Әрине, қазір *роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс* деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ Ахмет Байтұрсынов жасаған бірталай терминдер, сөздер қолдануға сұранып тұр» [10, 35-36], – дейді.

Шынында да, А.Байтұрсынұлының әдебиеттану саласына енгізген пән сөздерінің бәрі де өз орнын дәл тауып, атауын дәл танытып тұрғаны анық. Бұған еш талас жоқ. Біздің санауымыз бойынша, ғалым «Әдебиет танытқышта» әдебиеттануға қатысты 500-ден аса пән сөзін ғылыми айналымға енгізіп, қалыптастырды. Ғалымның ғылыми ұстанымыбүгінгі тәуелсіз қазақ әдебиеттануының теориялық талаптарына толық жауап береді және асыл сөз өнерінің теориясына қатысты «ана тілі», «андату», «андау», «асыл сөз», «әдебиет танытқыш», «әдеби тіл», «бастары», «тірнек өнері», «көрнек өнері», «жаратынды нәрсе», «жасалынды нәрсе», «сөз өнерінің ғылымы», «сөз әуезділігі», «сөйлеу әуезділігі», «лұғат», «тіл қисыны», «сөйлеу түрлері», «қорыту», «мазмұндау», «арнау», «шумақ», «өрнекті сөйлем», «өлеңді сөйлем», «құрмалас сөйлем», «сөз талғау», «кітаби тіл», «тіл көрнекілігі», «айтушы», «айшық», «сөз табы», «шығарманың тілі», «шығарманың түрі», «шығарманың тегі», «шығарма сөз», «путыршы», «оралым», «буын», «бунақ», «екпін», «ырғақ», «тармақ», «өлең тақтасы», «өлең кестесі», «жорғақ», «толғау», «әуезе», «айтыс-тартыс», «шұбыртпа», «әліптеме», «әлектеніс», «әуреленіс», «азаптаныс», «шешен сөз», «билік сөз», «уағыз сөз», «ұлы әңгіме», «ұзақ әңгіме», «ұсақ әңгіме», «мысал», «насихат», «мінәжат», «қалып сөзі», «салт сөзі», «салттама», «зауықтама», «ғұрып сөзі», «ғұрыптама», «үгіт өлең», «үміт өлең», «терме», «сарындама», «ділмар сөз», «жоқтау», «жарамазан», «мінәжат», «шежіре», «жын шақыру», «дерт көшіру», «заманхат», «бата», «діндар дәуір», «сындар дәуір», «кітаби тіл», «әдеби тіл», «ертек», «ертегісімек», «намыс толғау», «марқайыс толғау», «күліс толғау», «сап толғау», «сарын», «пәнді әліптеу», «сәнді әліптеу», «жалпылай әліптеу», «ойлау оңтайы», «талдама оңтай», «терме оңтай» т.б. пән сөздерінің жүйесі әлемдік әдебиеттануда қалыптасқан ғылыми-теориялық тұжырымдармен сәйкес.

«Әдебиет танытқышта» өнертану, әдебиеттану, фольклортану салалары бойынша пән сөздерінің жүйесін қалыптастырған А.Байтұрсынұлының кемеңгер білімпаздығын таныған ғалымдар – Ж.Смағұлов пен Ш.Жалмаханов мынадай статистика ұсынады: «...Иерминдердің жасалу жолына лингвистикалық тұрғыдан қарағанда 67 термин дара тұлғада, 223 термин күрделі тұлғалы (2 сөзден 7 сөзге дейін) болып келеді. Белгілі бір сөз өнер құрылысына берілген атау, термин сол құбылыстың адам, қоғам өмірінің рухани-әлеуметтік табиғатынан туындап жатқандықтан да (атау, терминдердің мағыналарына құбылысты телу емес), ойға оралымды, көңілге қонымды болып шыққан. Мұнда әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданылған болса, оның 60-ы (18%) осы күнге дейін пайдаланылып жүр, 267-сі (80%) қазір қолданылмайды» [11, 26].

Жаңа атаудың термин болып тілге енуіне қойылатын қағидаттар мұнымен шектелмейді. Оның өміршендігін қамтамасыз ететін төмендегідей талаптарға жауап беру керектігін ғалым Ш.Құрманбайұлы ескертеді. Олар: 1) терминнің бір мағыналылығы; 2) термин мағынасының дәлдігі; 3) терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы; 4) терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі; 5) терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы; 6) терминде эмоционалдылық пен экспрессиялықтың болмауы; 7) эстетикалық талаптарға сай келуі [12, 58-60]. Осындай талаптарға жауап бере алған жаңа термин ғана тілге судай сіңіп, сол тілдің заңды бір мүшесі ретінде өзіне жүктелген міндеттерін толық орындай алады.

«Әдебиет танытқышта» белгілі әдебиеттануға қатысты пән сөздердің қазақша баламасы көңілге қонымды әрі сәтті түрде қолданылған. Әр категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалады. Мысалы: «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы», яғни, әр тұжырымның ішкі заңдылықтары ашылып, парадигма ретінде дәлелденетінін әдебиеттанушы А.Ісімақова айтып та, жазып та жүр.

«Әдебиет танытқыштағы» ғалым қалыптастырған, қолданған, енгізген пән сөздерге де тыйым салынды. Ғалымның қазақ тілі мен әдебиет саласында орнықтырған филологиялық пән сөздерінің жүйесі де өзімен бірге репрессияға ұшырап, еленбей, ескерілмей қалды. XX ғасырдың 1920 жылдары жазылған бұл еңбек авторының репрессияға ұшырауына байланысты бірқатар пән сөздер ғылыми айналымнан шығып қалғанын жоғарыда атап өттік. Ал бірқатар пән сөздерді әдеби-ғылыми

процестен қасақана алынып тасталды. Соның өзінде «Әдебиет танытқышпен» таныс ғалымдардың арқасында «аман қалған» филологиялық пән сөздер қазақ әдеби-ғылыми тілінің қалыптасуына белгілі дәрежеде ықпал етті.

Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған пән сөздердің біразын «орыс тілінің үлгісімен жасалған» деген сылтаумен өзгерткісі, қолданыстан шығарып тастағысы келгендер де болған. Бұл әрекеттен ештеңе шықпады, бұдан артық үлгіні қанша әрекет еткенмен, жасай алмайтындарына көздері жетіп, ғалымдардың бәрі де Ахмет Байтұрсынұлы жүйелеген пән сөздерін негізге алған. Қазіргі таңда мектеп пен жоғары оқу орындарында пайдаланылып келе жатқан оқулықтардағы пән сөздер жүйесі түгелімен ғалым есімімен тығыз байланысты.

Ахмет Байтұрсынұлы ғалым Р.Нұрғали жазғандай: «Төңкерістер дәуірінде өмір сүрсе де, тіл, әдебиет мәселелеріне күнделікті науқандық жайттарды, түрлі қаулы-қарарды, партиялық нұсқау, талаптарды араластырмайды, негізінен ғылыми өлшем, биік талғам таразысы» тұрғысынан назар аударып білді.

А.Байтұрсынұлы пайымдаған әрбір ұғым немесе сол ұғымның жүгін көтеретін пән сөздер негізінен үш тағанмен бірлікте қаралады: сөздің *генезисі* мен *семантикасы*, яғни, пән сөздердің мәндік, мағыналық теориясы және оның асыл сөз жүйесіндегі *қызметі*. Осы тұрғыдан болсын, ғылымдағы өзге де жүйелілік қағидасы тұрғысынан болсын, «Әдебиет танытқышта» ғалым қалыптастырған пән сөздерін зерттеу – бүгінгі күннің талабы.

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – 1-том. - Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
2. Ісімақова А. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану. – Алматы: Дәстүр, 2016. – 384 бет.
3. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының атасы // Қазақстан әйелдері, 1989. - № 4. - 6-7-б.
4. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.
5. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
6. Елеуқенов Ш. Жаңа жолдан. – Алматы: Жазушы, 1989. – 317 б.
7. Жұбанов Қ. О специфике слов-терминов // Бюллетень гостерминкома. – Алматы, 1935. – № 3.
8. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
9. Манкеева Ж. А. Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері // Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы мәселелері. – Алматы: Арыс, 2004. – 208 б.
10. Нұрғалиев Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
11. Смағұлов Ж., Жалмаханов Ш. А. Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін салушы. – Қарағанды, 1997.
12. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. – Алматы: Атлас, 2006. – 244 б.

Мамырбекова Г.

филол. ғ. к., А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты тіл тарихы бөлімінің меңгерушісі

А.Байтұрсынұлы әліпбиіне қатысты қоғамда орын алған пікірталастар

Өз заманының өзекті мәселесінің бірі болған әліпби (алфавит) тартысы мен айтысы қазақ қоғамында төрт түрлі бағытта жүрген болатын:

- бірінші, бұрыннан қолданылып келе жатқан араб жазуын өзгертпей, сол қалпында қолдану;
- екінші, керісінше, араб жазуына өзгерістер енгізіп тілімізге икемдеу;
- үшінші, араб әліпбиін тастап латынға көшу;
- төртінші, миссионерлердің орыс әліпбиін ендіруге деген талпынысы.

«Әліпбиге» қатысты бұл бағыттағы қызу пікірталастардан «ұлым» деген ұлы тұлғалардың ешқайсысы да сырт қалған жоқ. Себебі жазу мәдени-рухани дүниенің негізгі кілті болатындығын, сондықтан әліпби халықтың болашағымен тығыз байланысты екендігін барлық зиялылар ұғынып, оны өз пікірлерінде ашық түрде білдіріп те отырды. Десек те қазақ халқы үш түрлі әліпби жүйесін бірінен соң бірін қабылдауына тура келді. Бір халықтың бұлайша үш алфавит жүйесін басынан өткерудің өзіндік себептері бар еді. Мәселен, шоқындыру арқылы орыстандыруды қарқынды дамыту үшін Қазан қаласында «Рухани академия» құрылып, оның ішінен «Противомусульманская кафедра» ашылады. Ол жердегі миссионерлер ислам дінін жоймайынша, саяси әрекеттері жүзеге аспайтынын түсініп, бұл үшін «ең алдымен араб жазуын қолданыстан шығарып тастау қажет» деп табады. Алайда ұзақ ғасырлар бойы күллі түркі халықтары пайдаланып келген араб әліпбиін жою оңайға соқпайды.

Сондықтан бірден орыс әрпіне көшірсе, жәдидшілдердің қолдауымен жаппай халық арасында көтеріліс болып кетуінен қауіптеніп, 1929 жылы зорлықпен латын әліпбиін қабылдаттырады да он жылдан кейін жаппай түркі халықтарын орыс жазуына көшіріп, өз ойларын іске асырады. Жалпы түркі халықтарын орыс жазуына көшіру үшін орыс миссионерлері барынша атсалысып, ол үшін орысша оқыған қазақтарды өз мақсаттарына пайдалануға тырысып баққан болатын. Бұған Н.И.Ильминскийдің: «Орыс мектептерінде тәрбие алған қазақ жастары арасында, сөз жоқ, мұсылман дініне салқын қарайтын, өз ана тілдерін жанын сала сүйетіндер бар. Соларға орыс алфавитін «қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін сақтаудың негізгі амалы» деп ұғындыра алсақ, олар қырғыз тіліне орыс алфавитін енгізуде көп нәрсеге көмектесе алар еді», – деген мәлімдемесі нақты дәлел бола алады [1]. Тіпті 1876 жылы 29 сәуірде Қазан университетінің жанындағы тарих, этнография қоғамының мәжілісінде «араб жазуына қарағанда, орыс әліпбиі осы қалпында қазақ тіліне жарайды» деген тұжырым да шығарылған болатын.

Қазақ зиялылары тарапынан араб жазуының кемшіліктері туралы ұсыныс-пікірлер 1890 жылдардан бермен қарай айтыла бастаған болатын. Мәселен, «Дала уалаяты» газетінің 1896 жылғы 31 санындағы Д.Сұлтанғазин «Қазақ тілінше жазу турадан» деген мақаласында: «Қазақтар көп заманнан бері араб харіфтеріменен жазады, алай болса да қазақ сөздерінде һәр түрлі жұмсақ әуездер көп болған себебінен араб харіфтері жазуға анық толымды болмайды», – дей отырып, орыс білімділерінің орыс жазуын ендіру үшін талпынғандарын да айта кетеді: «Бағзы бір білімді адамдар, мәселен Григорьев, Ильминский дегендер қазақ сөздерін араб харіфтері менен жазғаннан орыс харіфтеріменен жазса келісімді болар еді», – деп жаһад қылғандар еді». Ал Р.Дүйсенбаев «Дала уалаяты газетінің» 1897 жылғы 10 санында «Қазақ алфавиті туралы мәселе» деген атпен мақала жариялап, қолданыстағы араб жазуын толықтырып, жаңа әліпби жасау қажеттілігін көтереді.

Негізінен қазақ зиялылары басқа әліпбиге көшуден гөрі қолданыстағы араб әліпбиіне өзгерістер енгізу қажеттілігін көбірек көтерген еді. Бұл көзқарастағылардың негізгі ұстанымы «қазақ білмейтін бір бөтен алифби шығарғанша, бұрынғысын түзеткені жақсы», яғни, «қазақтардың не заманнан бері ғадет алып үйренген» араб жазуын тілімізге икемдеу ұтымды болмақ» дегенге саяды (Дала уалаяты, 1899, №22, 23). Осындай принципті басшылыққа алған зиялылар қауымының көшбасында А.Байтұрсынұлы тұрды, Ахаң араб әліпбиін өзгерту мәселесін сөз жүзінде ғана айтып қоймай: «Мен харіфтерді өзгерткенде, халық жатсынбай, хат білетін адамдар үйретпей-ақ оқып кетерлік болғандай ғып өзгерттім», – деп нақты іс жүзінде көрсете отырып, өзінің әліпби жүйесін «Жазу тәртібі» деген атпен, «Айқаптың» 1912 жылғы 4 және 5-сандарында жариялап, халық талқысына ұсынады. Осыдан кейін баспасөз беттерінде, жиындарда жаппай әліпби айтысы басталып кетеді. Бұл орайда Аханның жазу жүйесін даттағандар да, жақтағандар да, ақтағандар да баршылық еді. Тіпті жөнсіз сынаушылар да, дәлелсіз мін тағушылар да, қисынсыз дау айтушылар да табылады. Осылай қарсы шыққандарға Ахаң: «Таластан қазақ баласы пайда тауып жүрген жоқ. Сабырмен отырып, ойласып іс істелік. Қазақ тіліндегі дыбыстарды көп я аз деп көрсетіп, борышыма берейін деп отырғаным жоқ қой. Мақсат – сіз болып, біз болып, ақылдасып отырып, дыбыс басына харіп белгілеп, жазуымызды бір жөнге салалық деген», – деп, босқа даурықпауға шақырады, «осы күні һәркім һәр түрлі жазып жүр, бір жөнменен жазылатұғын жазу жоқ. Жазғанымыздың қата, дұрыстығын айырарлық емле жоқ. Оның жоқтығы қазақ тіліндегі дыбыстарға ашып-арнаған харіфтер жоқ. Бір сөзді екі кісі екі түрлі жазады», – деп, әліпбиді еріккеннен өзгертпегенін түсіндіреді (Айқап, 1912, №9, 10).

Жөнсіз дауласушыларға қатысты Міржақып Дулатұлы да өз пікірін білдіреді. Ол: «Жазуды тәртіпке салу деген оңай емес. «Оқушылар сынасын» дегенде әркім басына келгенін жазатұғын болса, еш уақытта ойды бір жерге қорытып болмайды, орынды, орынсыз сын айта беру – мақсат емес», – дей отырып, Аханның жазу тәртібінің дұрыс екендігін алға тартады [2, 111]. М.Дулатұлы Аханның әліпби жасау шеберлігін былайша бағалайды: «Араб әріптерінің өзгеріп отырғаны рас. Бірақ қалай өзгертілген, – әңгіме сонда болу керек қой. Араб әріптерінің 14 ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болу керек қой. Ойдан шығарылған әріптерді жұртқа үйретіп, оқытып жату керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ, ендеше, бұны «өзгертушінің шеберлігі» деп біліңдер. Бұларды өзгерткенде әр әріптің бұрынғы тұлғасын жоймай, өзгерткенін сездірмей, хат танитын адам бөгелместен оқып кетерлік қылып өзгерткен» [3, 77].

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің құрастырған әліпби жүйесіне қатысты қоғамда орын алған екі түрлі көзқарастың екеуіне де дәлелді әрі ғылыми негіздегі тұжырымдарын айтумен болды. Оның біріншісі – араб әліпбиіне өзгеріс ендірмей қолдана беруді жақтаушыларға ғалым қазақ балаларының тез сауаттануы үшін ұлттық әліпби мәселесін дұрыс шешу керектігін, араб графикасында қазақ тілі үшін қажетсіз таңбалардың көп екендігін алға тартса, екіншісі – араб жазуын мүлде тастап, латынға көшуді қолдайтындарға мәдени-рухани дүниеміздің қайнар көзі болып табылатын араб жазуының ислам

дінімен біте қайнаскандығын әрі өзі реформалаған жазу жүйесінің қазақ халқының барлық мұқтажын өтеуге қауқарлы екендігін, осындай алфавит бола тұра, «басқасына көшеміз» деудің еш қисыны жоқтығын алға тартқан еді. Алайда астыртын саяси идеологияның ықпалынан араб жазуын тастап, латынға көшу мәселесі күн сайын күшейе берді. Тіпті араб жазуын жақтаушыларға діншілдер, исламшылдар т.б. деген қара күйе жағылып, ашықтан-ашық айыптала бастады. Көп жиындар мен баспасөз беттерінде латынға көшуге үгіттеп, насихаттау белең алды. Әліпби мәселесіне қатысты өткен жиындардың бірінде Ахмет Байтұрсынұлы: «Менің алдымдағы баяндаманың ғылымдық пішіні болмады, үгіт пішінді баяндама болды. Бұл – ғылымдық мәселе болғандықтан, бұған ғылым мұнарасынан қарауымыз тиіс. «Араб әрпінің орнына латын әрпін алу» деген мәселе тұрмыс жүзінде өте керек болғандықтан, туып отырған мәселе емес. Мұнда өте керектік түгіл, әншейін керектік те жоқ. Тұтынып отырған әрпіміз қай жағынан да болса, басқалардың әрпінен артық болмаса, кем емес», – деп, латынға деген мұқтаждықтың жоқтығын айтады және әліпби өзгертудің зияны мен қиындығын: «Түркі халқының араб әрпі негізінде жүргізген жазу мәдениеті бар. Жазу мәдениеті бар жұрттарға бір әріптен екінші әріпке көшу оңай жұмыс емес. Жайлап көшуге көп қаржы, уақыт, көп күш керек, өйткені екі әріппен іс жүргізуге екі есе қаржы, екі есе күш керек болады. Ондай қуат түркі жұртының бірінде де жоқ. ... «Өнерлі жұрттың ортақ әрпі екен», – деп орыстар алмай отырғанда, ортақтығынан дәмелі болып біз аламыз деуге болмас», – деп ескертеді (Еңбекші қазақ. 1926, 19 желтоқсан). А.Байтұрсынұлының латын жазуына қарсы шыққандағы негізгі ойлағаны – елдің мәдениеті мен экономикалық жағдайы еді. Ахаң латынға көшу арқылы бүкіл қазақ халқы біріншіден, рухани-мәдени дүниесінен айырылатындығын, екіншіден, оқулық шығару, баспа ісі т.б. латындандыру үшін орасан көп қаржы керек болатындығын қатты ескертумен болады.

Сол кезеңдегі жазуға қатысты пікірталастар «Әліппе айтысы» деген атпен 1927 жылы Қызылорда қаласында кітап болып басылып шығады. Бұнда А.Байтұрсынұлының пікірін М.Дулатұлы, Е.Омарұлы, А.Байтасұлы, І.Ахметұлы т.б. қолдап, сөз сөйлейді. Мәселен І.Ахметұлы: «Қазақстаннан шыққан Ахмет бұрынғы араб әліппесін өзгертіп, қазақ әліппесін жазды. Неше жылдай қазақ елін шоқындырмақ болған миссионерлер, қазақ еліне үлгі көрсетіп, әліппе жасап бермек болған орыс білімпаздарының қолынан келмеген нәрселер Ахаңның ғана қолынан келді. Ахаңның дәйекшесін орыс білімпаздары да ілім жолындағы үлкен табыстың біріне қосып отыр», – дейді.

Бұл «Әліппе айтысында» латынды жақтаушылар А.Байділдаұлы, Т.Шонанұлы, Ә.Ермеқұлы т.б. өз пікірлерін дәлелдеуге тырысып бағады. Алайда бұлардың қай-қайсысы да А.Байтұрсынұлы жазуын жоғары бағалайтындығын өз сөздерінде білдіре отырып, латынға көшудің қажеттіліктері туралы айтады. Мәселен, Т.Шонанұлы: «Бізде Ахаң еңбегімен, білім ордасының жігерімен жасалған жақсы емле бар. «Емлеміз жақсы» дегенге қосыламыз. Бірақ «Таңбамыз, әліппеміз, әрпіміз жақсы» дегенге қосылғым келмейді», – десе, Ә.Ермеқұлы: «Ахаң емлені түзеп, қазақ тілінің негізін орнатқанына біз түгіл орыстар да қарсы емес. Емлеміздің дұрыс шешілгендігі, басқа елдердің көбінікінен артық екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Сондықтан біз: «Ахаң мәселенің қиынын шешті», – дейміз. Ендігі талас әріптеріміздің таңбасы туралы», – деп, латын мен араб таңбаларының айырмашылықтарын сөз етеді. Латынды қолдаушылардың «Әліппе айтысында» айтқан негізгі уәждері латын әрпімен газет, журнал, кітап шығарғанда шығынның аз болатыны, араб жазуымен шығарса шығынның көп кететіндігі.

«Байтұрсынұлы жазуы» ең оңтайлы әліпби болып табылғанымен, құл халыққа істелген озбыр саясат өз дегеніне жетіп, латынға негізделген жаңа әліпті қолданысқа ендірді. 1929 жылы 24 қаңтарда Қазақстан Орталық Кеңес Комитетінің IV сессиясында бұл жаңа әліп «Латын әрпі негізінде құрылған жаңа қазақ әліпбиі деп саналсын» деген қаулы қабылданып, барлық мекеме мен ұйымдарды жаппай латын жазуына көшуге міндеттейді. Тіпті, латын әрпінен бас тартқысы келгендер заң алдында жауап беретін дәрежеге жетеді. Бұған жоғарғы үкімет атынан ресми түрде халыққа таратылған хабарлама дәлел болады. Онда «Жарияланып отырған жиырма күннің ішінде бүкіл кеңсе ісі жаңа әліпке көшірілетін болсын. «Жаңа әріпті білмеймін» деген қызметкерлер «жаңа әліптің жасырын жауы» деп саналып, сотқа тартылсын», – деп көрсетілген [4].

Бұл жазуды насихаттау бағытында 1929 жылдың қаңтар айынан бастап «Жаршы» журналын шығарса, 1935 жылдан бастап «Төте оқу» газеті шыға бастайды. Бұл газет 1939 жылдан бастап атын «Сауатты болуға көмекші» деп өзгертеді. Бір әріпті тастап, екінші әріпке дереу көшу саяси-экономикалық жақтан да, мәдени-әлеуметтік жақтан да өте тиімсіз болса да, қызыл империяның негізгі мақсаты – түркі халықтарының рухани дамуын тежеп, бағындыру және сол арқылы орыс жазуына көшіру болатын. «Халықтың күллі рухани дүниесі араб жазуында жатыр», «араб жазуы – тарих тамыршысы», «халық қазынасының қоймасы» деп, оны жан-тәнімен қорғап, шырылдаған зиялылар қауымы «арабшылдар», «ескішілдер», «қадымшылар», «керітартпалар», «ұлтшылдар»,

«діншілдер», «молданың шашбауын көтерушілер» деп айыпталды. Өзі құрастырған жазу жүйесін барынша қорғаштаған А.Байтұрсынұлы Кеңес үкіметінің араб жазуынан айыру арқылы тұтас бір халыққа өткенін ұмыттырып, ұлттық игіліктерді саналарынан өшіру әрекетін жасап отырғанын жақсы түсінді.

Ал латын жазуынан орыс жазуына көшу мәселесі алаш көсемдерінің, ұлттың қамын ойлаған ұлы тұлғалардың көзін біржола құртқаннан кейін, яғни, 1937 жылдары қайта көтеріле бастайды. Бұл кезде ұлт болашағы үшін жанын берген азаматтардың барлығының көзі жойылғандықтан, қарсылық көрсетер зиялы қауымның болмауы себепті орыс жазуын «халықтың сұрауы бойынша» деген сылтаумен еш қиындықсыз қабылдата салады. 1940 жылы 13 қарашада «Латындырылған қазақ жазбасын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданады. Онда «Қазақ елінің өтініштері негізінде орыс графикасына көшірілу қанағаттандырылсын» деген мазмұнда көрсетіліп, ешқандай зорлықсыз, керісінше, «халық қалауы бойынша орыс әліпбиін қабылдады» деген тұрпатта көрсетіледі:

«Идя навстречу желанию трудящихся Казахской ССР о переводе казахской письменности с латинизированного на новый алфавит на основе русской графики и учитывая огромное политическое и культурное значение нового алфавита, являющего средством дальнейшего подъема культуры, развития казахского литературного языка и еще большего укрепления нерушимой дружбы народов СССР. Пятая Сессия Верховного Совета Казахской Советской Социалистической Республики ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Удовлетворить просьбу широких масс колхозников, рабочих и интеллигенции Казахской ССР о переводе казахской письменности с латинизированного на новый казахский алфавит на основе русской графики.

2. Утвердить внесенный Совнаркомом Казахской ССР проект нового казахского алфавита в количестве 41 буквы, из них 32 буквы русского алфавита с теми функциями, с какими они употребляются в русской письменности и 9 дополнительных букв, выражающих специфические звуки казахского языка.

3. Установить следующие сроки перехода на новый алфавит:

а) государственных учреждений и общественных организаций – с февраля 1941 года;

б) начальных школ (1-4 классы) – с 1 сентября 1941 года;

в) газет и журналов (частично) – с 1 февраля 1941 года;

г) неполных средних и средних школ и других учебных заведений – с 1 сентября 1942 года;

д) школ грамоты – с марта 1941 года.

4. Организовать при Совнаркоме Казахской ССР правительственную комиссию для практического руководства и проведения в жизнь намечаемых мероприятий по переходу на новый алфавит [5, 180].

Қорыта айтқанда, сол кезеңдердегі қазақ қоғамында әліпбиге қатысты екі түрлі бағыттың талас-тартысқа түскендігін көруге болады: біріншісі – миссионерлік бағыт, екіншісі – ұлттық бағыт. Миссионерлік бағыттың мақсаты – «араб жазуы жарамсыз» деген желеумен орыс жазуын қолданысқа енгізу болса, ұлттық бағыттың мақсаты – мәдени-рухани құндылықтардан ажырамау үшін араб жазуын қолданыста қалдыру еді.

Әдебиет:

1. Ильминский Н.И. Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. - Казань, 1883. - С. 20.

2. Айқап. Құрастырған: Сұбханбердина Ү., Дәуітов С. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 1995. - 366 б.

3. Әліппе айтысы. - Қарағанды: ҚарМУ баспаханасы, 1990. - 106 б.

4. Еңбекші қазақ. 1931, 25 мамыр.

5. Языковая политика в Казахстане (1921-1990 годы). Сборник документов. - Алматы: Қазақ университеті, 1997. - 325 с.

Қобланова А.

филол.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ доценті

А.Байтұрсынұлы – қазақ грамматикасының негізін қалаушы

Тіл немесе тілдік таңбалар негізгі екі жүйеден құрылады: біріншісі – тілдің ішкі әлемдік жүйесі. Тілдің ішкі әлеміне оның грамматикасы жатады. Ол сыртқы әлеммен, яғни, тілдік емес әлеммен тікелей байланысты болмайды, «өз ішіндегі» қатынастардың ырқында болады. Екіншісі – тілдің

сыртқы әлемдік жүйесі. Оған лексика-фразеологиялық бірліктер жатады. Лексика-фразеологиялық бірліктер ақиқат, бейақиқат дүниедегі зат, нәрселердің референттері болып саналады.

Тілдің ішкі әлемінің құрылысы грамматикалық формалардан (септік, тәуелдік, жақ, шақ, шырай, рай категориялары), сөзжасамдық бірліктер мен синтаксистік бірліктерден (сөз тіркесі, сөйлем түрлері) құралады. Бұлардың бәрі индивидтің еркінен тыс конвенционалды, әлеуметтік жағынан детерминделген сипатта болады. Басқаша айтқанда, грамматикалық бірліктер тілдік ұжым мүшелерінің баршасына ортақ болып келеді. Сол себептен тіл иелмендері бір-бірімен сөйлескенде айтылған сөзді еш қиындықсыз ұғады. Грамматиканың құрылымы тілдік ұжым мүшелерінің баршасына ортақ, бұлжымас заң іспетте болады. Оған тіл иелмендерінің әмірі жүрмейді. Тіл иелмендері грамматиканың ырқына бағынады. Осымен байланысты тілді дұрыс қолдануда негіз, негізгі тірек болғандықтан, біз грамматиканы «тілдің ортологиялық базасы» деп алдық.

Тілдің грамматикалық құрылысы (строй) мен құрылымы (структурасы) – ежелден келе жатқан жүйе. Оның даму жолдары көне дәуірден бастау алатын категориялардан парадигмалық (вертикал) және синтагмалық қатынастағы түзілімдерінен тұрады. Ал грамматиканың бас-аяғы түгелденіп, сараланып, кітап түрінде хатқа түсуі ұлттың мәдени тарихында «теңдесі жоқ аса зор уақиға» деп танылады. Өйткені грамматикадағы «дүниеліктердің» сараланып, белгілі бір жүйеге салынуын, яғни, грамматикалық бірліктердің тезге түсуін (кодификациялануын) «баршаға ортақ норма ретінде танылуы» деп түсінеміз. Қазақ грамматикасының құрылысын, құрылымын жүйелеп, алғаш рет кітап форматында түзген ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы болды. Қазақ грамматикасының жүзжылдық тарихы А. Байтұрсынұлынан басталады.

Тілдің грамматикасын жазу – өркениетті қоғамдағы тілдік қарым-қатынасты (коммуникацияны) жетілдіру, дамытып мәденилендіру үшін жасалатын аса қажетті лингвистикалық және мәдени-әлеуметтік маңызды ғылыми шаралардың бірі саналады. Адамзат тарихындағы грамматикалардың тұңғыш үлгісі, зерттеушілердің көрсетуінше, біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасырлар шамасында Үндістан мен Грекия елінде жазылған екен. Таяу Шығыстағы Иран, Араб өркениетінің ежелгі заманнан бері өз грамматикасы болғаны мәлім. Сөйтіп, грамматика тек тіл білімінің ғана емес, жалпы ғылым атаулының көшбасшы саласына айналды.

Ғылымдағы грамматика әлеміне орыстың ұлы ғалымы М.В.Ломоносовтың 1757 жылы шыққан атақты «Ресей грамматикасы» («Российская грамматика») делініп, мемлекеттің атауымен аталды. Бұлай деп аталуы себепсіз емес еді. Ресейдің сол тұстағы күллі зиялы қауымы бұл оқиғаны «орыс ғылымының ұлы жеңісі» деп аса жоғары бағалап, ұлттық құндылықтар дүниесіне қосты.

Ал қазақ грамматикасына келетін болсақ, оның «Тіл – құрал» деген атпен дүниеге келгеніне ғасырдан астам уақыт өтіпті. 1913 жылы А.Байтұрсынұлының тасқа басылып жарық көрген бұл кітабы «қазақ грамматиканың атасы» болды [1, 448]. Алтынмен апталып, күміспен күптелмесе де, аталмыш грамматика сауат ашқан әр адамның, мұғалімнің қолы мен қолтығынан түспей жүрді. Бұл грамматика ағартушылықтың қиыр-шиыр жолын тастап, төте жолына мықтап бет бұрған қазақ қоғамында сауат ашудың шамшырағы іспетті болды. «Кітап тек тасқа басылған түрде ғана емес, көшірме түрде тараған» деген ауызекі дерек бар. Әрине, А.Байтұрсынұлының грамматикасына дейін түркі тілдерін, оның ішінде қазақ тілін зерттеген елеулі еңбектер болды. Әсіресе орыс ғалымдарының ішінде қазақ тілінің грамматикасын тексерген Н.И.Ильминский, П.М.Мелиоранский сынды түркітанушы ғалымдарды атап айтуға болады. Сондай-ақ бұл ретте академик В.В.Радлов, М.Терентьев, И.Лаптев, В.В.Катаринский сынды зерттеушілердің еңбектері, сөз жоқ, түркітану ғылымына қосылған елеулі үлес болғаны белгілі. Дегенмен бұл еңбектердің, яғни, өзге ұлт өкілдері жазған зерттеулердің, жалпы алғанда, зерттеушілер үшін қазақ тілінің грамматикалық табиғатын таныту мақсатындағы онтологиялық мәні жоғары болғанмен, қазақтардың өздері үшін, қазақ ұлты үшін «тіл грамматикасының онтологиялық табиғатымен қатар ортологиялық жайын білдіріп, танытатын грамматиканың түрі» деуге болмайды. Зерттеушілер мен өзге ұлт өкілдері үшін жазылған грамматиканың типі бір басқа да, тіл иелмендері үшін жазылған грамматиканың типі бір басқа. Сауат ашуға, ағартушылыққа, білім мен ғылымға ден қойған сол кездегі, яғни, XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы тіл иелмендері үшін ана тілінің табиғаты мен болмысын танытатын, сонымен қатар ортологиялық (дұрыстық) сипатын көрсетіп, білдіретін грамматика аса қажет болды. Бұндай грамматиканы, жан-тәнімен, ақыл-парасатымен сезіне отырып, тұңғыш рет А.Байтұрсынұлы жасады. А.Байтұрсынұлы грамматикасының қоғамдық, мәдени-әлеуметтік, тілтанымдық (лингвистикалық) маңызы өлшеусіз екені даусыз. Өйткені грамматика қазақтардың өздері үшін жазылды. «Тіл – құрал», біріншіден, ана тілінің грамматикалық құрылымын, оның болмысын қазақтың санасы мен зердесіне танытатындай деңгейдегі, екіншіден, сөйлеген, қалам ұстаған жұртшылыққа тіл дұрыстығын көрсетіп, білдіретін құрал болды. Сондықтан А.Байтұрсынұлының грамматикасының онтологиялық,

ортологиялық сипатын аша түсу – қазақ тіл біліміндегі және әдістемелік теориясындағы өзекті мәселелердің бірі саналады.

А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынбор қаласында шыққан «Оқу құралы» атты «усул сотие жолымен тәртіп етілген» қысқаша әліпбиі жарық көрді [2]. Әліпби қасиетті «Құран» сөзімен ашылып, Ахмет Байтұрсынұлының насихат мазмұнындағы өлеңі берілген:

*Балалар! Бұ жол басы даналыққа.
Келіңдер, түсіп, байқап қаралық та!
Бұ жолмен бара жатқан өзіңдей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер іздеп тауып алалық та!*

Бұл оқулықты зерттеушілеріміз айтқандай, «қазақ әліпбилерінің атасы» деп білеміз және «Ағарту мен білім саласындағы төлбасы оқулық» деген құрметті мәртебеге әбден лайық деп ойлаймыз. Ғұлама ғалымның бұдан да басқа да оқулықтары қазақ ағарту майданында білімнің шамшырағы болып, жарық шашты, білімге іңкәр жұрттың көзін ашты.

А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы, Тіл – құралдары» С.Аманжолов, І.Кенесбаев, Н.Т.Сауранбаев, М.Балақаев сынды өзінен кейінгі ғалымдардың есімімен байланысты оқулықтарға алтын арқау болды. Бұл жерде біздің айтпағымыз – грамматикалық категориялардың, ұғымдардың, лингвистикалық, әдіскерлік ұстанымдардың жалпы мәселесі емес, солардың бір парасы, үстеу сөздің оқулықта ғылыми танымға айналуы. «Үстеу» деп аталатын сөз табының іргесін анық айқындау аса күрделі болса керек. Дегенмен төлбасы оқулықтарда, аға буын оқулықтар мен қазіргі заман оқулықтарында бұл категорияның ұғымдық мазмұны ашыла түскен. Олай дейтін себебіміз – А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің оқулығының, ең алдымен, іргетасын дұрыс қалаған. Сол іргетастың, сірә, дұрыс қалағанынан болар, қазіргі қолданыстағы оқулықтарымыз ана тіліміздің табиғаты мен болмысына лайық деуге болады. Бұлай болуы, ең алдымен, А.Байтұрсынұлының берген бағдарына байланысты.

А.Байтұрсынұлы, жұртшылыққа белгілі, грамматикалық категориялар, ұғымдар жүйесінің терминологиясын жасады. Оларға ат қойып, атау берді. Халық тіліндегі *шылау, септеу, үстеу* т.б. ондаған жай ғана қатардағы сөздерге терминдік мағына үстеп, ғылыми ұғымдар санатына қосты. Атап айтқанда, *үстеу* сөзі әуелде «бір нәрсенің үстіне қосылған үстеме, қосымша зат (мал, ақша)» [2, 87] деген тұрмыстық ұғым шеңберінде жұмсалынатын атау болған. Осы аталған лексикалық мағынаға ғалым терминдік сипат беріп, ғылыми ұғым деңгейіне көтерді, яғни, үстеуді алғаш рет сөз табы санатына қосқан ғалым – Ахмет Байтұрсынұлы.

А.Байтұрсынұлы, ең алдымен, грамматикалық ойтанымының бастау көзін ашып, қазақ тіл білімінің негізін қалады. Ол жазған қазақ тілінің грамматикалары, төлбасы оқулықтары, жазба әдеби тілдің грамматикалық, орфографиялық нормаларын ереже түрінде кодификациялаушы болды. Қазақ әдеби тілін кодификациялау А.Байтұрсынұлының жазған грамматикаларынан басталады. Әдеби тілдің ереже түрінде заңдастырылған нормаларын біртуар ғұлама ғалым өзінің оқулықтары мен грамматикаларында алғаш рет айқындап берді. Бұл – ғалымның рухани қайраткерлік тұлғасының бір қыры.

Қ.Жұбанов Қазақ ССР оқу комиссариатының ғылым, оқу-әдістеме кеңесінің төрағасы, Мемтерминкомның төрағасы, Республика халық ағарту комиссариатының коллегия мүшесі т.б. оқу-ағарту, ғылыми ұйымдастыру қызметін атқара жүріп, жоғары мектепке арналған ғылыми грамматиканың қажеттілігін өткір мәселелердің бірі етіп күн тәртібіне қойды. Сол кездегі зиялы қауымның грамматикалық ой-санасына (грамматическое мышление) сындарлы түрде қозғау салды. Қ.Жұбанов қазақтың өз ішінен шығып, қазақ тілін зерттегендер Байтұрсынұлы Ахмет, Кемеңгерұлы Қошке, Омарұлы Елдес, Шонанұлы Телжан, Досмағамбетұлы Халел сынды қазақтың ескі оқығандары болғанын жаза келіп: «Қысқасы, бүгінге дейінгі қазақ тілін тексерулерімізде Ахмет Байтұрсынұлының дәрежесінен әлі көш жер кейін жатырмыз. «Тазын жасырған жазылмайды». Біз мұны бойымызға қанша мін болса да, жасыра алмаймыз», – деп, мәселені ашық айтады [3, 358-359].

Қ.Жұбанов өз кезінде А.Байтұрсынұлы грамматикасының маңызын ешкімнен кем таныған жоқ. Сонымен қатар Басымұлы Қажым, Аманжолұлы Сәрсен, Шонанұлы Телжан сынды тіл мәселесіне белсене атсалысып жүрген жаңа буын зерттеушілердің жазғандарына өз бағасын бере отырып, олардан – Басымұлы Қажым, Аманжолұлы Сәрсеннен үміт күтетінін де айтады, бірыңғай мазмұншылдық пен формашылдыққа ұрынбауды да ескертіп отырады. Сөйте келе қазақ тілінің ғылыми грамматикасын жазу керектігін, грамматикадағы алғашқы басқыш болып саналатын «Тіл –

құралдың» аясынан шыға алмай жүрген жайтты «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялардың» беташарында былайша сипаттайды:

Шынында, неге осы уақытқа дейін Байтұрсынұлының кітаптары қолданылып келеді? Неге оның «Тіл – құралдары» 1-басқыштан бастап жоғары дәрежелі мектептерге (ВУЗ-ға) дейін бәріне де «жарам» жүр. «Тіл – құралмен» оқыту тыйылған бола тұрса да, мұғалімдеріміз неге әлі күнге дейін оны «Құрандай» қолтықтап, сабаққа сонан дайындалады? Кім бұған айыпты? Әлде сол мұғалімдер ме? – Жоқ. Бұған біз, тіл зерттеушілері айыптымыз. Бүгінге шейін қазақ тілі жайында жазылған жолбасшы кітаптарымыздың бәрі де «Тіл – құралдан» кем болған. Біздің шығарған кітаптарымыздың кеудесіне нан піскендей менмендігі болғанмен, іші қуысырақ соққан. Білімге сусаған қалың мұғалім бұлардан шөлін қандыра алмаса, бірқатар жоғы «Тіл – құралдан» табылып тұрса, ол сусынды содан іздемей, қайдан іздесін? Біздің кітаптарымыз, шынында да, мүгедек туған. Өйткені бұлар «жеңілдетілген». Жеңілдеткенде сөз табы 9 екен, оны ауыр көріп, алтауын кесіп түсіріп, үшеуін қалдырған. Етістіктің жіктеулері, райлары, етістері көп екен, «жеңілдетіп» азайтқан, жұрнақтар көп екен, «жеңілдетіп» санын кеміткен.

Мұндай «жеңілдетуге» алғыстан бөтен еш нәрсе айтпас едік-ау, егер де қазағы түскірдің аузына қақпақ қойып, сол артық сөз таптарын, артық рай, шырайларды, жұрнақтарды айтпайтын қылып, бұлар қазақ тілінен біржөла алыстап қуылса. Бірақ не пайда?! Кітап бетінде тұжырып, кесіп тастағанмен, тіл өмірінде ол «артықтар» баршылығын қоймайды екен. Сонысын-ақ жеңілдемейді екен.

Барды «жоқ» деп жасырғанмен, жоқ болмайды екен. Сонысын-ақ бұл жасырынбақ ойнаудың арты – жеңілдету емес, ауырлату болады екен. Ауырлық басып баратқансын, «суға кеткен тал қармар», «сасқан үйрек артымен ұшып», «жаудан жақсылық күту – тарыққанның салдары» болса да, тарыққан мұғалім байғұс «артымен ұшып», артта қалған «талды қармап», «Тіл-құралдан» сусын күткен екен.

Қ.Жұбанов сол бір қиын кезеңдегі зерттеулерді осылайша сын тезіне ала отырып, қазақ тілінің ғылыми грамматикасын жазып шықты. Аталмыш еңбек 1933 жылы «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар» деген атпен «Политехникалық мектеп» атты журналдың 7-8-нөмірлерінде жарық көрді. Сөйтіп, қазақ грамматикасы туралы ілімнің жаңа бір кезеңінің басталуы профессор Қ.Жұбановтың есімімен тығыз байланысты деуімізге болады.

Қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов із-соқпағын салған грамматикалық ілімдер жүйесі саяси-идеологиялық қысымға қарамастан, жалғаса түсті. С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев сынды ғалымдардың жазған грамматикалары жарық көрген сайын грамматикалық ой-пайымдаулар жетіле түсті. Сондай-ақ жоғары мектептерге арналған «Қазіргі қазақ тілі», «Қазақ грамматикасы» [4] атты академиялық сипаттағы грамматикалар таксономиялық-құрылымдық грамматиканың қорытындылаушысы іспетті болды.

Сөйтіп, біздің байқауымызша, қазақ грамматикасында «формадан мазмұнға» деген бағыт басымдылыққа айналды.

Бұл тұста қазіргі грамматика және оның әдістемелік негізі туралы қысқаша айтып кетуге тура келеді. Қазақ грамматикасымен орта мектеп бітірген оқырман қауым мектеп бағдарламасы бойынша таныс екені белгілі. Әрі қарайғы білім алуда орта мектеп бағдарламасы көлемінде алған білім, әрине, қазіргі ақпараттық технология заманында жеткіліксіз. Өйткені күнделікті өмірде қолданылатын тілдің қыр-сыры көп. Тілді қарым-қатынас саласында қолдануда тілдік тәжірибенің мәні ерекше десек те, тек өмір тәжірибесіне сүйенумен тілдік қарым-қатынастың қырлары бірден шешілмейді. Сондықтан теориялық білімге сүйену аса қажет екені ешбір дау туғызбайды. Көбіміз күнделікті өмірден үйренген дағдымен сөйлеп, қарым-қатынас жасай беруге болады деп те ойлаймыз. Алайда күнделікті тіл тәжірибесіне сүйенгенмен, өмірдің өзі аса күрделі. Өмірде бұрын тәжірибеде кездеспейтін нәрсе, құбылыстардың болып отыратыны сияқты тілдік қарым-қатынаста да тосын жайттар ұшыраспай қоймайтыны белгілі жайт. Өйткені тіл дегеніміз – өмірдің өзі деуге болады. Алайда өмірде болып жатқан әртүрлі, некилы жайттар тіл субъектісіне әсер етіп, оның тілдік коммуникацияда белгілі бір шешімге келуіне тура келеді. Бұл жерде біздің айтпағымыз – грамматиканы мектеп деңгейінде болсын, жоғары оқу сатыларында болсын схема, формалды, тіпті таптаурын (шаблон) түрінде оқытуымыз басым сипатта көрінетіні байқалады. Сондықтан болар, оқушылар, оқушы жастар мен студенттер грамматикаға ынта-ықыласымен қызыға қоймайды. Күрделі грамматикалық құрылымдарды тілдік коммуникацияда қолданудан қашқақтап, көбіне ой-сезімін жайдақ түрде жеткізеді. Синтаксистік үзіктер, әсіресе, студенттердің сөз қолданысында жиі ұшырайды. Өмірде, қай адам болмасын, күрделі ойды, пайымдауларын тереңдете жеткізуге тура келетін коммуникативтік жағдаяттар аз кездеспейді. Бұндайда коммуникант қате қолданысқа, сөз шорқақтығына ұрынады. Тіл тығырығынан шығудың жолын таба алмай отырады. Сонымен бірге

күрделі синтаксистік құрылымдардың ортологиялық табиғатын сезінбегендіктен, студенттер бейресми жағдаятта сөздің синтаксистік, интонациялық құрылымын кітаби формада сірестіріп те қолданады. Сөйтіп, тілді қолданудағы мәдениеті ойдағыдай бола бермейді.

Халықтың танымы мен зейін-зердесі тілдің лексика-фразеологиялық бірліктері арқылы көрінеді, бірақ сөз де, фразеологизмдер де тілде грамматиканың заңдылықтары арқылы өмір сүреді. Грамматиканың осындай қасиеті, әсіресе, жоғары оқу орындарында берілетін білімдерде ерекше ескерілуге тиіс. Олай болмаған жағдайда грамматикамыз ережелердің жиынтығындай болып көрінеді. Грамматикалық білім тек ережелердің жиынтығы іспетті болғандықтан, оқушы жастардың да, студенттердің де оны оқып-үйренуге деген қызығушылығы күрт төмендейді.

«Заттың атын білдіретін сөз табы – зат есім, заттың сынын білдіретін сөз табы – сын есім» деген «құрғақ» ережелерден оқушылардың да, студенттердің де грамматикалық категориялардың онтологиялық табиғатын тереңірек ұғына қоюы екіталай. Алдымен зат, оның сындық сипаты ақиқат дүниемен байланыстырып, ол туралы түсінік, ұғымды айту жөн емес пе?, яғни, біздің ойымызша, «мазмұннан формаға», «формадан мазмұнға» деген танымдық тәсілдерді бір-бірімен ұштастыра қолдану тиімді көрінеді.

Қазіргіше айтсақ, функционалды-коммуникативтік грамматикаға мән бере отырып, белгілі бір грамматикалық категорияны талдағанда дәстүрлі құрылымдық-таксономиялық грамматикамен екеуін бір-бірімен сабақтастыра байланыстыру тәсілін қолданғанымыз жөн болады. «Мазмұннан формаға», «формадан мазмұнға» дейтін тәсілдерге үніле зер салсақ, А.Байтұрсынұлының «Тіл – құралынан» да, Қ.Жұбановтың «Қазақ тілінің ғылыми курсынан» да, сондай-ақ құрылымдық-таксономиялық бағыттағы «Қазақ грамматикасы» атты академиялық грамматикадан да дұрыстықпен байланысты дәйекті талдауларды негізге алуға болады.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Ғ.Қалиев: «Қазақ грамматикасы» тіліміздің сол кезден (А.Байтұрсынұлы кезінен) бүгінге дейінгі ғасырға жуық аралығындағы грамматикалық құрылысы мен грамматикалық ілімнің даму және қалыптасу процесін қорытындылаған, қазақ тіл ғылымында сол жүз жылда қол жеткен нәтижелердің лайықты синтезі есепті де еңбек. – дей келіп, – Ана тіліміздің дыбыстық жүйесінен бастап бар деңгейді қамти жазған іргелі ғылыми еңбек және А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары тарапынан қазақ тіл ғылымына қосылған зор үлес», – деп бағалаған [5, 118-123].

Белгілі ғалымның осы айтқан позитивті жоғары бағалауларына қосыла отырып, біз іргетасын А.Байтұрсынұлы қалаған аталмыш академиялық грамматиканы «қазақ тілінің бірден-бір о р т о л о г и я л ы қ б а з а с ы» деп таныдық.

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Байтұрсынұлы А. Оқу құрал. - Орынбор, 1912.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1996. - 332-б.
4. Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. - Астана: Елорда, 2002. – 784 б.
5. Қалиев Г. Қазақ грамматикасы //ҚР ҰҒА Хабарлары. Филология сериясы. – 2003. - №1. - 118-123-б.

Қайыров А.

филол.ғ.к., Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің доценті

А.Байтұрсынов және қазақ тілі грамматикасының мәселелері

Қазақ филологиясының негізін салушы А.Байтұрсыновтың шығармашылық мұрасы туралы айтқанда, оның көбіне әдебиеттану ғылымына байланысты зерттеулеріне, саяси-әлеуметтік тақырыптағы ойларына көбірек мән беріліп, ғалымның грамматика саласына қатысты еңбектері тек тілші ғалымдар тарапынан ғана сөз болып жүр. Әрине, қазақ ғылымының бастаушыларының бірі ретінде А.Байтұрсыновтың ұлттық ғылымның көптеген салалары бойынша еңбек етуіне тура келді. Соның ішінде қазақ тіл білімінің негізі болып табылатын еңбектері өте маңызды.

А.Байтұрсыновтың грамматикалық көзқарастары оның 1914 жылдан бастап жазылып жарыққа шыққан үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты еңбегінде баяндалады. Еңбек алғаш «Қазақ тілінің сарфы» деп те аталып жүрді. Ғалымның өзі де: «Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің наху, сарфы да үйретілерге керек. Үш жылдық бастауыш мектептегі оқуға шамалап қазақ тілінің наху, сарфын бөліп, балаларға оқытуға ыңғайлы түрмен осы «Тіл – құрал» деген кітапшаларды шығарудамыз», – деп жазды [1, 142].

«Тіл – құрал» бастауыш мектеп шәкірттеріне арналған оқулық аталғанымен, шын мәнінде, А.Байтұрсыновтың қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық құрылысын тұңғыш рет жүйелеп

талдаған ғылыми зерттеу жұмысы еді. Еңбекте автор морфологиялық сипатына қарай тілдердің топтастырылуы сияқты жалпы тіл білімі мәселелерін де, сондай-ақ сөз таптары, сөздердің морфологиялық құрылымы, сөйлем мүшелері, сөйлем түрлері тәрізді жеке қазақ тіл білімі мәселелерін де кеңінен баяндайды. Мысалы, ғалым «Дүниядағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1. түбіршік тіл, 2. жалғамалы тіл, 3. қопармалы тіл. Түбіршік тіл түпкі қалпынан өзгермей жұмсалады, мәселен, қытай һәм жапон тілдері. Жалғамалы тіл – сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен, түрік тілдері. Қопармалы тіл – сөз түбірімен қопарылып өзгерілетін тіл, мәселен, орыс тілі, араб тілі. Біздің қазақ тілі түркі тілдің бір тарауы болғандықтан, жалғамалы тіл», – деп сипаттайды.

«Тіл – құралдың» «Сөз жүйесі мен түрлері» деп аталған алғашқы бөлімі сөз таптары, сөздің түрлері туралы қазақ тілі морфологиясының негізгі мәселелеріне арналған. А.Байтұрсынов сөздерді таптастырғанда оларды атауыш сөздер, шылау сөздер, одағай сөздер деп үшке бөледі.

1. Атауыш сөздерге зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөз таптарын жатқызып, әрбір сөз табының лексика-грамматикалық, морфологиялық сипатын жан-жақты талдайды. Жеке-жеке тоқталайық.

Зат есім. Ғалым «зат есім – нәрселердің атын көрсететін сөздер» деп анықтама береді де тегіне қарай зат есімдерді деректі, дерексіз, жалқы және жалпы зат есімдер деп бөледі. Сондай-ақ «зат есімде екі айырыс бар: 1. жекелік, 2. көптік» деп зат есімнің семантикалық сипатынан да хабар береді. Одан әрі «зат есімде екі қалып бар: 1. жай қалып, 2. тәуелді қалып» деп зат есімге тәуелдік жалғауы жалғану ерекшелігіне, оңаша және ортақ тәуелденуіне көбірек тоқталады. Морфологиялық құрылысы жағынан негізгі, түбір зат есімдерді автор «түпкі зат есімдер» деп атайды. «Түпкі затқа қатысқан екінші зат болса, ол екінші затты атау үшін түпкі заттың есіміне һәр түрлі жұрнақтар жалғанады», – деп, жиырма екі жұрнақтың түрін көрсетеді. Қазіргі қазақ тілінде ол жұрнақтар «зат есімнен зат есім, зат есімнен сын есім, зат есімнен етістік жасайтын жұрнақтар», «рең мәнін тудыратын жұрнақтар», «иелік мән тудыратын жұрнақтар» деп түрліше топтастырылады.

Сын есім. А.Байтұрсынов «нәрселердің сынын көрсететін сөздерді сын есімдер» деп анықтайды да оның екі түрін көрсетеді: 1. тек сыны, 2. сыр сыны. Келтірген мысалдарға қарағанда, автордың «тек сыны» деп отырғаны – зат есімнің алдынан келіп, сын есім мағынасында қолданылған, яғни, адъективтенген зат есімдер. Мысалы, *ағаш* аяқ, *күміс* қасық, *алтын* жүзік, *қағаз* ақша, *жез* құман, *киіз* қалпақ, *мақта* жіп. т.б. Ал «нәрсенің ішкі, тысқы сырын, реңін, түрін, түсін, тегін, тұлғасын, пішінін, жайын, күйін көрсететін сыр сыны» – сапалық сын есімдер. Сонымен қатар ғалым сын есімнің үш түрлі шырайын бөліп көрсетеді: 1. жай шырай, 2. талғаулы шырай, 3. тандаулы шырай. Ерекшелігі – **-рак/-рек** қосымшалары арқылы жасалатын талғаулы шырай қазіргі тілімізде салыстырмалы шырайға, ал *ең, нақ, тап, бек, қас* деген сөздер қосылып айтылатын тандаулы шырай асырмалы шырайға сәйкес келеді. Сондай-ақ сын есімнің морфологиялық құрылысына қатысты жеті түрлі жұрнақ анықталған.

Сан есім. Оқулықта «сан есім нәрселердің есебін һәм ретін көрсететін сөздер» делініп, оның екі түрі – есептік және реттік сан есімдер ғана берілген. Олар тұлғасы мен мағынасы жағынан қазіргімен толық сәйкеседі. Ал **-ау/-еу** жұрнақтары арқылы жасалатын жинақтық сан есімдер «жадағай есептік сандар» деп аталған. Қазіргі тілімізде бөлшектік сан есім жасайтын *жарты, жарым, ширек* сөздері «темілдік сандар» деп берілген.

Есімдік. «Есімдік дегеніміз – есім сөздердің, яғни, зат есім, сын есім, сан есімнің орнына жүретін сөздер» деген анықтама берілген. Ғалым «қазақ тілінде олар бес тарау болады», – деп, қазіргі қазақ тіліндегі есімдіктердің мағыналық жеті түрінің бесеуін көрсетеді. Олар – жіктеу, сілтеу, сұрау, жіктеу, танықтық есімдіктері. Айырмашылығы – қазіргі тіліміздегі жалпылау, белгісіздік, өздік есімдіктері «нәрсенің жігін айта сөйлегенде айтылатын сөздер» делініп, екінші аталған жіктеу есімдігінің құрамында қарастырылған. Ал болымсыздық есімдіктері «танықтық есімдігі» деген атау алған.

Етістік. «Етістік дегеніміз – заттардың еткен-етпеген істерін көрсететін сөздер», – деп, А.Байтұрсынов өз еңбегінде етістікке күрделі сөз табы ретінде мол орын берген. Сонымен қатар етістіктің етіс, рай, есімше, көсемше категорияларын саралап, олардың анықтамасын, тұлғалық, мағыналық ерекшеліктерін жан-жақты талдайды.

Ең алдымен, автор етістерге тоқталып, оның он түрін бөліп көрсетеді. Ерекшелігі, тіліміздегі сабақты және салт етістіктер бұл еңбекте етіс түрлерінің құрамында «сабақты» және «салт етістер» деп берілген. Өздік, өзгелік, ырықсыз, ортақ етіс түрлері тұлғасы мен мағынасы жағынан қазіргі тіліміздегідей, тек өзгелік етіс «беделді етіс» деп аталған. Ал қалған өзгелік, шығыс, дүркінді, өсіңкі етіс түрлері мағынасы жағынан қазіргі грамматикалық еңбектерде айтылып жүрген негізгі етіс түріне, іс-әрекеттің түрлі өту сипатына сәйкеседі.

«Тіл – құралда» етістіктің райларының мағынасына қарай он бес түрі анықталған. Солардың ішінде ашық рай, шартты рай, қалау рай жасалуы мен мағынасы жағынан қазіргі рай түрлерімен

толық сәйкес келеді. Сондай-ақ сенімді рай, теріс рай түрлері мағынасы мен тұлғасы жағынан қазіргі тілекті қалау рай түріне сәйкеседі. Қалған рай түрлері әртүрлі шақта айтылған іс-әрекеттерді атайтын етістіктің түрлі мағыналық топтарын білдіреді.

Оқулықта етістіктің көсемше, есімше түрлері де келтірілген. «Көсемше дегеніміз – екі етістік қосарынан сөйленгенде, алдында айтылатын етістіктің қысқа түрі» деген анықтама беріліп, оның **-а/-е/-й, -ып/-іп, -ғалы/-гелі** жұрнақтары арқылы жасалған үнемді көсемше, үнемсіз көсемше, ниетті көсемше деген үш түрі бөліп көрсетілген. Терминдік атаулары басқа болғанымен, мағыналық жағынан қазіргі грамматикалық зерттеулердегі осы шақ, өткен шақ, келер шақ көсемше түрлеріне сай келеді жұрнақтары да бірдей.

«Есімше дегеніміз – есім сияқты айтылатын етістіктің түрі. Есімшеге есімдер сияқты жалғаулар да, етістіктер сияқты жіктеулер де жалғанады. Жіктегенде де есімдерше жіктеледі» деген анықтама қазіргі грамматикалық еңбектерде айқындалған есімшеге тән барлық ерекшелікті қамтиды. Ғалымның есімше түрлерін «осы шақтық есімше», «өткен шақтық есімше», «ұйғарынды есімше» деп топтастыруы мен олардың жұрнақтары қазіргі зерттеулердегі есімшенің түрлерімен, жасалу жолдарымен бірдей, ерекшелігі **-атын/-етін, -йтын/-йтін** жұрнақтары арқылы жасалатын есімше түрі «ұйғарынды есімше» деп берілген.

А.Байтұрсынов назарынан етістіктің морфологиялық сипаты да тыс қалмаған. Ғалым қазіргі тіліміздегі негізгі түбір етістіктерді «сабақты» және «салт етіс» деп атайды. «Осы екі етістің түбіріне түрлі жұрнақтар жалғанып түрлі сөздер туады. Етіс жұрнақтары 1. бір етістен екінші етістік сөздер туғызады; 2. етістерден басқа есім сөздер туғызады. Сабақты етіс пен салт етістен басқалары – туынды етіс», – деп, етістіктен етістік тудыратын он жұрнақты, етістіктен зат есім, сын есім жасайтын жиырма екі жұрнақты мысалдарымен талдап көрсетеді.

2. Шылау сөздерді өз ішінен «үстеу», «демеу», «жалғаулық» деп бөледі.

«Үстеу – сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөздерді толықтыру, күшейту үшін айтылатын сөздер» деген анықтама беріліп, оның бес түрі (*мезгілдік, мекендік, нықтаулық, сынаулық, өлшеулік үстеулер*) сипатталады.

Айырмашылығы – нықтаулық үстеудің құрамында қазіргі күшейту, мақсат, сын-бейне үстеулері топтастырылған. Қазіргі мөлшер үстеуі «өлшеулік үстеу», ал сын-бейне үстеуі «сынаулық үстеу» деп аталған және оның құрамында қазіргі топтау үстеулері қоса берілген. Жалпы, үстеу түрлерінің терминдік атауларында өзгешелік болғанымен, қазіргі тіліміздегі үстеудің мағыналық топтарының барлығы да қамтылған.

Шылау сөздердің демеу және жалғаулық деген түрлерге келтірген мысалдары қазіргі тілімізде сұраулық демеулік шылауға, ынғайластық, себеп-салдар, талғаулы жалғаулық шылауларға, септеулік шылауға сәйкес келеді. Автордың әрбір теориялық тұжырымдары соңында дағдыландыру түріндегі тапсырмалармен бекітіліп отырады.

3. Ғалымодағай сөздер туралы «Одағай деймізодағайланып, оңаша айтылатын сөздерді. Қуаныш, реніш, күйініш, уайым, қайғы, жан күйзелгенде, жан рахат тапқанда, тән күйзелгенде, тән рахат тапқанда шығатын дыбыстар, дауыстар, айтылатын сөздер, жанды, жансыз заттардың дыбысын, дауысын еліктеп айтатын сөздер, хайуандарға айтылатын сөздер, дауыстар, шақырулар – бәрі одағай сөз табына кіреді», – деп жазады. Одан әрі одағайдың үш түрін көрсетеді: ілездік одағай, еліктеу одағай, шақырыс одағай. Ерекшелігі – ілездік, еліктеу одағайлар деп қарастырылған сөздер қазіргі еліктеу сөздер құрамындағы дыбыстық еліктеуіш және бейнелеуіш сөздерге жатады.

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынов тіліміздегі сөздерді мағынасына қарай тоғыз тапқа бөледі: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғаулық, одағай. Мұның қазіргі сөз таптарынан ерекшелігі – шылау сөздер «демеу» және «жалғаулық» деп екі түрлі сөз табы ретінде алынады да еліктеу сөздер жеке сөз табы ретінде емес, одағай сөздердің құрамында қарастырылған.

Қазақ тіліндегі сөз тұлғасы мәселелері де А.Байтұрсынов назарынан тыс қалмаған. Ол сөздерді тұлғасына қарай беске бөледі: түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар. Ғалым топтастырған сөздердің алғашқы үш түрі (түбір сөз, туынды сөз, қос сөз) бүгінгі тіліміздегі сөз тұлғаларымен сәйкеседі. Ал жалпылағыш және жалқылағыш қос сөздер деп бөлген қос сөздердің түрлері (*ер-тұрман, киім-кешек, қой-қозы, ер-батыр, есен-аман, қауға-шекек, құрт-құмырсқа, т.б.*) – қазіргі қосарлама қос сөздер.

«Қосалқы сөз» деп берілген сөз тұлғасы (*да, зой, гана*) – демеулік шылаулар қатарындағы сөздер. А.Байтұрсынов қосымшаларды да сөз тұлғасы қатарында қарастыра отырып, «қосымшалар екі түрлі: біреулері жалғанған сөздің тұлғасын ғана өзгертіп, мағынасын өзгертпейді. Екіншілері жалғанған сөзінің тұлғасын да, мағынасын да өзгертеді. Сондықтан бастапқы қосымшалар «тысқары жалғаулар» не тікелей «жалғау» деп аталады; екінші қосымшалар «ішкері жалғаулар» не тікелей «жұрнақ» деп аталады», – деп жазады. Осы пікірі арқылы ғалым жалғау мен жұрнақтың анықтамасы мен қызметіне қатысты нақты тұжырым жасаған. «Тіл – құралда» сөз таптарының лексика-морфологиялық

сипатымен қатар синтаксистік қызметі де қарастырылған. Ол оқулықтың «Сөйлем жүйесі мен түрлері» бөлімінде сөйлем мүшелері сипатында зерттелген.

А.Байтұрсынов сөйлем мүшелерін алғаш рет «тұрлаулы», «тұрлаусыз мүшелер» деп бөледі. Тұрлаулы мүшелерді «бас мүше», «баяншы мүше» деп атап, бастауыш пен баяндауышты жатқызады. Тұрлаусыз мүшелерді «анықтауыш», «толықтауыш», «пысықтауыш мүшелер» деп жіктейді. Ғалым әрбір сөйлем мүшесінің анықтамасын, сұрақтарын, жасалу жолдарын, мағынасы мен қызметін дәл анықтайды. Нәтижесінде сөз таптары негізінде бастауыштың тоғыз, баяндауыштың жеті, анықтауыштың алты, толықтауыштың алты түрлі жасалу жолдарын айқындайды. Сондай-ақ пысықтауыштың бес мағыналық түрі мен олардың жасалатын сөз таптары да нақты сипатталған.

А.Байтұрсынов әрбір сөйлем мүшесінің сұрақтары мен сол сұраққа сәйкес грамматикалық тұлғасын олардың «тысқы белгілері», ал білдіретін мағынасын «ішкі белгілері» деп түсіндіреді. Бұдан сөйлем мүшелерін саралап, сипаттауда зерттеуші олардың сыртқы тұлғасымен қатар мағыналық жағын да негізге алғаны байқалады. Бұны автордың сөйлем мүшелеріне берген анықтамаларынан аңғаруға болады. Мысалы, «Бас мүше дейміз сөйлем ішіндегі сөздер байланатын қазық сөзін, сөйлем иесін. Сөйлегенде бір нәрсе туралы сырын, сипатын, жайын, амалын, болмысын сөйлейміз. Сөйлем ішінде сол нәрсенің атын көрсететін сөз бас мүше болады. Ол нәрсенің сыр-сипатын, жайын, амалын, болмысын айтып баяндайтын сөз баяншы мүше болады. Жеңілдік үшін бас мүше – «бастауыш», баяншы мүше – «баяндауыш» деп аталады». Немесе: «Толықтауыш деп нәрсенің амалын, жайын, болмысын толықтыру үшін айтылатын сөзді айтамыз. Сөйлем ішінде нәрсенің амалын, жайын, болмысын айтатын сөз – көбіне баяндауыш. Солай болған соң толықтауыш баяндауышты толықтыру үшін айтылатын сөйлем мүшесі болып шығады».

Ғалым күрделі сөйлем мүшелеріне де тоқталып, оларды «қосарлы мүшелер» деп атаған. Соның ішінде қосарлы бастауыш пен қосарлы баяндауышты арнайы қарастырып, қосарлы бастауыштың зат есім мен сын есімнің, зат есім мен есімше етістіктің тіркесінен жасалатынын, қосарлы баяндауыштың есім сөздер мен етістіктің, көсемше, есімше тұлғалы негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалатынын нақты мысалдармен баяндайды. Мысалы, *Асық ойнаған азар. Тоны жаман тоңар. Жаман жүрісінен құл болады, жақсы жүрісінен пұл болады. От жанып тұр.*

А.Байтұрсыновтың грамматика саласында үлкен ықыласпен зерттеген келесі мәселесі – сөйлем, оның түрлері. Ғалым сөйлемге ғылыми анықтама бермегенмен, сөйлемдегі сөздердің өзара қатынасын, қызметін дәл анықтайды. Кез келген тіркескен сөздердің негізінде сөйлем құралмайтынын айта келіп: «Сөйлемнің жаны – сөздердің басы мағыналы болып құралуы, олай болмаса, құр сөздің басын құрап айтқанмен, сөйлем болмайды. Сөйлем ішіндегі сөздердің басын түсінікті етіп құрастыру, сөйлемдерді түсінікті етіп жасау туралы сөз табиғатынан шыққан түрлі заңдар, тәртіптер бар, қысқасын айтқанда, өз алдына білерлік толып жатқан білімдер бар», – деп жазады.

А.Байтұрсынов сөйлемді жалпы түрлеріне қарай *болымды, болымсыз, толымды, толымсыз, жалаң, жайылма сөйлемдер*, айтылуынша айырылатын түрлеріне қарай *сұраулы, лепті, тілекті, жай сөйлемдер*, құрылуынша айырылатын түрлеріне қарай *іргелес және құрмалас сөйлемдер* деп бірнеше түрге жіктейді. Ғалым өзі топтастырған сөйлемнің әрбір түрінің анықтамасы мен мағынасына байланысты нақты тұжырым ұсынады. Мысалы: «Не жайынан болса да болдыра, бар қыла сөйлеген сөйлем «болымды сөйлем» деп аталады». Немесе: «Тұрлаулы мүшелерінен басқа тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлем «жайылма сөйлем» деп аталады» т.б.

А.Байтұрсынов сөйлемдердің жасалу жолдарын арнайы бөліп көрсетпегенімен, келтірген мысалдарынан оның қандай грамматикалық тұлғалар арқылы жасалатынын көре аламыз. Мысалы, болымсыз сөйлемдердің *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе* тұлғалы болымсыз етістік пен жоқ модаль сөзінің, лепті, тілекті сөйлемдердің көтеріңкі интонация мен одағай сөздердің қатысуынан құралатыны, сұраулы сөйлемдердің *ма, ме, ба, бе, па, пе* сұраулық шылаулары мен сұрау есімдіктері, сұраулық интонация арқылы жасалатыны айқын аңғарылады.

А.Байтұрсынов құрмалас сөйлемнің табиғатына, құрылымына қатысты өзіндік ой өрбітеді. Ең алдымен, «сөйлемдердің құрмаласуы екі түрлі болады: «сыйыса құрмаласу» және «қиыса құрмаласу» деп бөліп алады да «қиысулы құрмаластағы сөйлемдер тең болса, «салалас құрмалас», ал тең болмай, бір-бірінен кем болып қиысса, онда «сабақтас құрмалас» деп аталады» деп сипаттама береді. Одан әрі салалас құрмаластың қиысуының бес түрін көрсетеді: *жиылыңқы, қайырыңқы, айырыңқы, сұйылыңқы, қойылыңқы.*

Ал «сөйлемдер сабақталып біріккенде, бірі басыңқы, екіншісі бағыныңқы болып бірігеді», – деп, сабақтас сөйлемді *бастауыш бағыныңқылы сөйлем, анықтауыш бағыныңқылы сөйлем, толықтауыш бағыныңқылы сөйлем, мезгіл пысықтауыш бағыныңқылы сөйлем, мекен пысықтауыш бағыныңқылы сөйлем, сын пысықтауыш бағыныңқылы сөйлем, себеп пысықтауыш бағыныңқылы сөйлем, мақсат пысықтауыш бағыныңқылы сөйлем, шартты бағыныңқылы сөйлем, ереуіл бағыныңқылы сөйлем* деп сөйлем мүшелері ыңғайында бірнеше түрге бөліп қарастырады.

Әрине, құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлеріне қатысты А.Байтұрсынов ұсынған бұл терминдер қазіргі грамматикалық оқулықтарда қолданылмайды. Бірақ құрмалас сөйлемдер құрамындағы жай сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық қатынасы тұрғысынан алғанда, А.Байтұрсынов зерттеген сөйлемдер тілімізде қазіргі құрмалас сөйлем түрлерімен белгілі дәрежеде сәйкеседі. Мысалы, жиылыңқы салалас ыңғайлас не мезгілдес салаласпен, қайырыңқы салалас қарсылықты салаласпен, айырыңқы салалас талғаулы салаласпен, сұйылыңқы салалас себептес салалас құрмалас сөйлемдермен автор келтірген мысалдарға қарап талдағанда, сәйкес келеді.

Ал сабақтас құрмалас сөйлемдерден шартты бағыныңқылы мен ереуіл бағыныңқылы сөйлемдер қазіргі шартты бағыныңқылы және қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем түрлеріне сай келеді. Мысалы: *Көсеу ұзын болса, қол күймейді. Тоқпағы зор болса, киіз қазық жерге кіреді. Қыс қатты болса да, мал аман шықты. Тартса да бар күштерін аямай-ақ, аслан жүк орнынан қозғалмады.*

Сабақтас сөйлемнің өзге түрлерін қазіргі бағыт бойынша салыстыра қарау барысында саралап талдау қажет. Жоғарыда талданған сөйлем түрлерінен бөлек А.Байтұрсынов *қыстырынды, келтірінді сөйлем* түрлерін де атап, қыстырынды сөйлемге *Құдай біледі, Аллаға шүкір* сияқты қыстырма сөйлемдері бар сөйлем түрлерін жатқызады. Дұрысында, мұндай құрылымды сөйлемдерді жай сөйлемдер қатарында қарастырған орынды. Сондай-ақ ғалымның арнайы бөліп қарастырған орамды немесе өрнекті сөйлем түрі қазіргі мәтінге келіп саяды. Себебі мұндай құрамды сөйлемдердің өзара мағыналық байланыстағы бірнеше сөйлемнен құралуы осының дәлелі.

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсыновтың синтаксистік ой-пікірлерінде сол кезеңге тән кейбір өзіндік ерекшеліктер болғанымен, жалпы алғанда, сөз таптарының, сөйлемнің, сөйлем мүшелерінің анықтамасы, түрлері, жасалу жолдары туралы ғылыми теориялық тұжырымдары қазақ тілі синтаксисінің негізі, бастау көзі болатыны дау тудырмайды.

Әдебиет:

1. А.Байтұрсынов Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992

Сәдуақасова Г.
филол.ғ.к., «Болашақ» университетінің
қауымдастырылған доценті

А.Байтұрсынұлы – сөйлем мүшелері ілімінің негізін салушы

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы жайында сөз болғанда, оның алғышартын ХІХ ғасырдың орта тұсынан бері қарайғы түркітанушы орыс ғалымдарының еңбектерінен бастайтынымыз бар. Әрине, қазақ тіл ғылымының қалыптасуында ол еңбектердің маңызды екендігінде дау жоқ. Өйткені сол бір өзіне дейінгі ғалымдардың еңбектерінен сусындай отырып, бар ғұмырын қазақ жастарын оқытуға, ана тіліміздің ғылыми ізге түсуіне арнаған алаш зиялыларының бірі – А.Байтұрсынұлы өзі таңдаған мұғалімдік мамандық арқылы халқына толыққанды қызмет етуді мақсат етті. Сөйтіп, ол ХХ ғасыр аталатын жаңа дәуірде «Қазақ тіл білімі» деген тұтас бір ғылымның негізін салушы, бастаушысына айналды. Өткен ғасыр басында А.Байтұрсынұлы салған соқпақтың ХХІ ғасырға ұласқан даңғыл жолға айналғанына бүгінгі ұрпақ куә. Осы ұлы жолды өзіне бағдаршам еткен қай ізденуші болса да, А.Байтұрсынұлы еңбектеріне соқпай, оның идеяларына «тәу етпей» кеткен емес, кетпейді де.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілінің басқа салаларымен бірге синтаксистің де іргетасын құйып, қабырғасын қалаушы ғалым. Бір ғана мақала ішінде оның бұл бағыттағы еңбегін саралап шығу мүмкін емес, сондықтан сөйлем мүшелері жөніндегі пікірлерін ғана негізге ала отырып, ол ойларының кейінгі ғалымдар арқылы қалайша дамып жетілгеніне зер салайық.

Ғалым сөйлем мүшелері жайында «Тіл – құралдың» «Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты үшінші кітабында сөз етеді. Ол үшін кіріспе ретінде «Сөйлем жүйесі» атты тақырыпша беріп, онда сөйлемнің анықтамасын былайша білдіреді: «Сөйлем дегеніміз – сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой. Сөйлегенде, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, біріне бірінің қырын келтіріп, қиындастырады» [1, 263]. Осында кейінгі ғалымдардың сөйлем жайындағы тұжырымдарына арқау болатын нысандардың бәрі бар: 1) сөйлем сөздердің қиындасуынан (өзара тіркесіп сөйлем мүшелеріне айналуынан) тұрады, 2) сөйлем біреудің сөйлеу әрекеті арқылы жүзеге асады (тілдің қызметі), 3) сөйлем ойды білдіреді (ойдың жемісі). Анықтамада сөйлемнің жүйесі кіші бөліктен басталып, соңы ойды білдіруімен аяқтала тұрса да (формалдық грамматиканың бағыты), ғалым алдымен ой, сосын сөйлеу (тіл), сосын барып сөйлем (жазу) екенін естен шығармайды. Сондықтан «...айтушының *ойын* тындаушы ұғарлық даражада түсінікті болып

айтылған (сөйленген) сөздер ғана *сөйлем* болады», – деп ескертеді [1, 264]. Ғұлама айтқандай, «*сөйлем ішіндегі сөздер «сөйлем мүшелері» деп аталады*». Біз осы мәселені нысана етеміз және алдымен термин мәселесіне тоқталамыз.

А.Байтұрсынұлы сөйлем мүшелерін *тұрлаулы* және *тұрлаусыз* мүшелер деп екі топқа бөліп алады да *тұрлаулы* мүшелерді *бастауыш* және *баяндауыш*, *тұрлаусыз* мүшелерді *анықтауыш*, *толықтауыш*, *пысықтауыш* деген атаулармен атап, жіктейді. Алайда бұл атаулардың терминденуі жолында басқа да көзқарастардың болғанын айта кеткен орынды. Мәселен, профессор Қ.Жұбанов 1936 жылғы оқулығында: «Көп сөзді сөйлемнің түгел ойдың бір бөлшегін білдіретін әр сөзін «сөйлем мүшесі» дейміз» [2, 153] деген тұрғыда А.Байтұрсынұвтың анықтамасын толықтыра отырып, сөйлем мүшелерін тек *бастауыш*, *баяндауыш*, *айқындауыш* деген ыңғайда қарастырады. Ал келесі «Жаңа грамматиканың жаңалықтары» атты еңбегінде өзінен бұрынғы қолданылып келген А.Байтұрсынұлы мен Т.Шонановтың кітаптарындағы сөйлем мүшелерін жіктеулеріне түрлі дәлелдермен қарсылық білдіріп, оған өз уәждерін ұсынады. Ол: «Бұрынғы грамматикалардағы бір сөзбен *тұрлаусыз мүшелер* делініп жүрген сөйлем мүшелері жаңа грамматикада *айқындауыш* деп аталған. Өйткені бұл мүшелердің өзгешелігі *тұрлаулы-тұрлаусыздығында* емес, басқа жағында, – дей келіп, – біз әуелі сөйлем мүшелерін мағынасына қарай топтастырдық. Бұл жағынан сөйлем мүшелері: *бастауыш*, *баяндауыш*, *айқындауыш* деген үш топқа айырылады. Бастауыш пен баяндауыштан басқа мүшелердің бәрін де *айқындауыш* деп атадық», – деген тұжырым жасайды. Онан кейін автор айқындауыш мүшелерді іштей жіктеу барысында сол бұрынғы *анықтауыш*, *толықтауыш*, терминдерін пайдаланып, ол терминдер мен бұл терминдердің мүлде басқа екенін дәлелдейді. Соның барысында бұрынғы анықтауыш болған сөздердің бірсыпырасы толықтауыш (*аттың жалы*), бұрынғы пысықтауыштың кейбірі анықтауыш (*бүгін келдім*) болып кетеді, яғни, ғалым өзі айтқандай, «барлық жалғаулы сөздер – *толықтауыш*, жалғаусыз сөздер – *анықтауыш* болады» [2, 220-232]. Әрине, бұл жіктелістің қазіргі көзқарас тарапынан дұрыс болмағандығы келтірген мысалдарынан-ақ байқалып тұр. Дегенмен уақыт тезіне сай ғалым осындай өзгеріс жасауға мәжбүр болған тәрізді.

Синтаксис бойынша алғашқы оқулық авторы – С.Аманжолов: «Мағына жағынан алғанда, сөйлем мүшелерін *тұрлаулы*, *тұрлаусыз* деу – өте ұшқары айтылған нәрсе. Себебі: бастауыш, баяндауышы жоқ сөйлем де белгілі мағына береді. Өйткені бір сөйлемді бір сөйлем толықтырады. Байланыссыз еш нәрсе жоқ. Олай болса, сөйлем мүшесін *тұрақты*, *тұрақсыз* деп бөлу дұрыс емес», – дей отырып, *анықтауыш*, *толықтауыш*, *пысықтауыш* атауларының шартты екенін ескертіп: «Дұрысында, бұлардың бәрі де (баяндауышты қоса – Г.С.) – бастауыштың көрінісі», – деген тұжырым айтады [3, 94-95].

Бұл жерде әр ғалымның сөйлем мүшелерінің топтастырылуы (жіктелуі) жайындағы өзіндік көзқарастары мен уәждері, оларға сараптама жасамай-ақ қойғанның өзінде, сөйлем мүшелерінің атаулары ретіндегі сөздердің термин ретінде қалыптаса бастауына өзіндік үлес болып қосылғанын айтқанымыз орынды болады. Ал осы атаулардың тұрақталып, өздеріне тән нақты белгілерімен, ерекшеліктерімен терминдік статуска күмәнсіз ие болуы М.Балақаевтың еңбектерінен бастап айқын көрінеді.

Ғалымның өткен ғасырдың 40-жылдарының орта шенінде бірнеше мақалалары мен орта мектепке арналған оқулықтарында баяндалған сөйлем мүшелері жөніндегі ой-пікірлерінің қорытындысы 1954 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» атты академиялық грамматикадан орын алды. Бұл еңбекте автор А.Байтұрсынұлының ізімен сөйлем мүшелерін *тұрлаулы* және *тұрлаусыз* деп топтайды да *тұрлаулы* мүшелер тобына *бастауыш* және *баяндауыш*, *тұрлаусыз* мүшелер тобына *анықтауыш*, *толықтауыш*, *пысықтауыш* жататындығын айтып, *тұрлаулы* мүшелерді жалаң сөйлемдерді, *тұрлаусыз* мүшелерді жайылма сөйлемдерді жасауға қатысатын құралдар ретінде таниды [4, 411]. Міне, осыдан кейінгі грамматикалардың қай-қайсысында да сөйлем мүшелерін осылай жіктеп атау үнемі сақталып келеді. Мұның өзі сөйлем мүшелеріне А.Байтұрсынұлы қойған атаулардың өткен ғасырдың орта тұсында-ақ термин ретінде қалыптасып тұрақтанғандығын білдіреді.

Енді осы терминдермен аталған сөйлем мүшелеріне А.Байтұрсынұлы берген анықтамалардың кейінгі даму жолы қалай болғандығына назар аударайық. А.Байтұрсынұлы берген анықтама бойынша: «*Тұрлаулы мүше* болады сөйлем болған жерде қалмай айтылатын сөздер немесе қалса да, қалғандығы сезіліп тұратын сөздер», ал «сөйлем ішінде бірде болып, бірде болмайтын сөздер немесе керек болған жерде айтылып, керек болмаған орында айтылмай қалып отырған сөздер, жана да қалған жерде қалғандығы ашық сезілмейтін сөздер *тұрлаусыз мүше* деп аталады» [1, 265]. Біз Қ.Жұбанов пен С.Аманжоловтың сөйлем мүшелерін бұлайша топтауға қарсы болғандығын білеміз. Сондықтан осы ғалымдардан кейінгілердің берген анықтамаларына зер салайық.

«Сөйлем құрауға негіз болатын бас мүшелерді *тұрлаулы мүшелер* дейміз. Тұрлаулы мүшелердің маңына топтанып, не тікелей соларды, не бірін-бірі анықтап, толықтап, пысықтап тұратын мүшелерді *тұрлаусыз мүшелер* дейміз» [4, 411]. М.Балақаев құрастырған бұл анықтаманың А.Байтұрсынұлы берген анықтамаға қарағанда әлдеқайда жетілген, нақтыланған, атауларына сай мазмұн-мағынаны

айқын көрсеткен анықтама деуге әбден болады. Себебі тұрлаулы мүшелердің «бас мүшелерден – бастауыш, баяндауыштан» тұратынын, олардың «жалаң сөйлем» жасауға қатысатынын біле тұрып, А.Байтұрсынұлы бұл мүшелердің өзіндік қызметтеріне сай нақты ережесін өте қарапайым тілмен құрастырған. Ал М.Балақаевта бұл ерекшеліктер біршама айқын берілген. Ғалымның осы анықтамасы кейінгі еңбегінде де қайталанады [5, 100]. Мұндағы ерекшелік – бір кезде А.Байтұрсынұлының «Сөйлем ішіндегі сөздер *сөйлем мүшелері* деп аталады» [1, 264] деген анықтамасын «Сөйлемде грамматикалық мағыналарға ие болып, синтаксистік қызмет атқарып тұратын сөздерді *сөйлем мүшелері* дейміз», – деп, кейінгі басылған «Қазіргі қазақ тілінде» (1997) осы анықтама «...өзара предикаттық қатынаста жұмсалатын» деген толықтырумен нақтыланған [5, 101].

Осы тұста белгілі ғалым Т.Қордабаевтың мына бір сөзі назарымызды еріксіз аудартады: «А.Байтұрсыновтың сөйлем мүшелері жайындағы айтқандары да, жай сөйлемдерді жіктеулері де қазіргі мектеп оқулықтарында болсын, академиялық грамматикаларда болсын, берік сақталған. Соңғылардың ғасырымыздың бастапқы 20 жылы ішінде жарық көрген «Тіл – құралдарынан» өзгешелігі – тілдік мысалдарының жаңалығы мен молдығында, баяндауларының кеңдігінде. Ал категориялардың терминдік атаулары мен классификациялық принциптері, грамматикалық түйінді анықтамалары жағынан алғанда өзгешеліктері жоқ» [6, 119]. Біздің де осы тұжырымға келіспеске амалымыз жоқ. Ғалымның пікірін дәлелдей түсетін тағы бір мысалды ең соңғы академиялық грамматикадан (2002) кездестіреміз. Онда: «Сөйлемді құрайтын сөздер сөйлем мүшелеріне жіктеледі; ...әрбір мүше өзінің формасы болумен қатар мағынасының болуымен ерекшеленеді. Сөйлем мүшелері қызметтеріне қарай екі үлкен топқа бөлінеді. Олар *тұрлаулы* және *тұрлаусыз* мүшелер деп аталады; ...сөйлем құрау, сөйлемнің негізі болу – ең басты қызметі болатын мүшелер бар. Тұрлаулы мүшелер дегеніміз, міне, осы қызметтегі сөздер болып саналады. Олар *бастауыш* және *баяндауыш* деп аталады. Қалған мүшелердің сөйлемдегі негізгі қызметі тұрлаулы мүшелердің мағыналарын нақтылау болып келеді. *Тұрлаусыз мүшелер* деп сондықтан аталған, яғни, бұл мүшелер сөйлем құрамынан түсіп қалса да, тұрлаулы мүшелер сөйлемнің негізін сақтайды. Тұрлаусыз мүшелерге *анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш жатады*» [7, 630]. Шынында да, осы анықтамалардың А.Байтұрсыновтың да, кейінгі М.Балақаевтың да берген анықтамаларын баяндау тұрғысынан кеңейткені ғана болмаса, пәлендей жаңалық қоспағанын аңғару қиын емес.

А.Байтұрсынов тұрлаулы мүшелерді: 1) *бас мүше* (бастауыш), 2) *баяншы мүше* (баяндауыш) деп ажырата отырып, оларға мынадай анықтамалар берген болатын: «*Бас мүше* (бастауыш) дейміз сөйлем ішіндегі сөздер байланатын қазық сөзін, сөйлем иесін... Сөйлегенде бір нәрсе туралы сыр-сипатын, жайын, амалын, болмысын сөйлейміз. Сөйлем ішінде сол нәрсенің атын көрсететін сөз *бас мүше* болады. ...Ол нәрсенің сыр-сипатын, жайын, амалын, болмысын айтып баяндайтын сөз *баяншы мүше* (баяндауыш) болады» [1, 265]. Ал тұрлаусыз мүшелерге: «*Анықтауыш* деп сөйлем ішінде анықтық үшін айтылатын сөзді айтамыз»; «*Толықтауыш* деп нәрсе амалын, жайын, болмысын толықтыру үшін айтылатын сөзді айтамыз»; «*Пысықтауыш* деп амал пысықтау үшін айтылатын сөздерді айтамыз» деген тәрізді қарапайым анықтамалармен шектеледі. Осы анықтамалардың қарапайымдылығы да Қ.Жұбановтың сынауына басты себеп ретінде алынған еді.

Қ.Жұбанов сөйлем мүшелерін таптастыруда «тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер» болып бөлінуіне қосылмағанымен, «бастауыш, баяндауыш» болып бөлінуін қолдай отырып, оларға мынадай анықтамалар береді: «Сөйлем ішінде біреудің не бірдеменің не қылғанын я не болғанын баяндап тұратын бір мүше болады. Оны *баяндауыш* дейміз... Сөйлемнің кімнің я ненің жайынан сөйленгендігін көрсететін мүшесін *бас мүше* немесе қысқартып, *бастауыш* дейміз» [2, 153-155]. Бұл тұста ғалым А.Байтұрсыновтың терминдерін пайдалана отырып, оның анықтамаларын мағыналық жағынан толықтырғанын көреміз. Оған дәлел – 1937 жылғы «Жаңа грамматикасында» «Сөйлемнің тұрлаусыз (айқындауыш) мүшелері» деген тақырыпша беріп, онда айқындауышты анықтауыш және толықтауыш деп бөлуге болатынын айтады [2, 220-232]. Ал өзі «айқындауыш» деп топтастырған мүшені іштей «анықтауыш» және «толықтауыш» деп бөледі де оларды өздері жетектелетін сөздеріне жалғаумен не жалғаусыз байланысуына қарай: жалғаулы айқындауышты – *толықтауыш*, жалғаусыз айқындауышты – *анықтауыш* деп есептейді [2, 161]. Басқа нақты анықтама берілмейді.

С.Аманжолов та өз кезегінде сөйлем мүшелерін «тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер» деп ажыратуға қарсы бола отырып, сөйлемнің бес мүшесі болатынын құптайды және осы бес мүшенің ішінде «...ең негіздің негізі – *бастауыш*. *Баяндауыш* – бастауыштың тура көрінісі. *Анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш* – оның бұрма көрінісі» деген ойын білдіреді. Сөйтіп, «Бастауыш – сөйлемнің ең негізгі қазығы, өйткені сөйлемнің нақтылы иесі, субъекті. Ескі грамматикаларда: «Сөйлемнің түп қазығы – бастауыш, баяндауыш» деген, ол дұрыс емес. Бастауыш пен баяндауыш тең емес; баяндауыш бастауыштың қимылын, қозғалысын... көрсетіп, бастауыштың (субъектінің) ықпалымен жүреді. Баяндауышқа бастауыш ықпалын тигізеді», – деген қорытындыға келеді [3, 95-96]. Ал *анықтауыш, толықтауыш және пысықтауыш* жөніне келгенде, ғалым бұларды «шартпен алынған термин» деп есептейді де: «...Бұлар субъектінің тура сәулесін емес, бұрма сәулесін көрсетеді. Бұларды осы

жағынан «тұрлаусыз мүше» деген дұрыс», – деп, алдыңғы ойына қарсы да келіп қалады. Әйтсе де осы үш сөйлем мүшесіне «*Анықтауыш* субъектінің болмысын, сынын, санын, түрін көрсетеді; *...толықтауыштың* объекті екендігі анық көрініп тұрады; *пысықтауыштар* – қимылды, сынды айқындайтын сөз» деген тәрізді анықтамалар бере отырып, сөйлем ішіндегі бұл мүшелерді анықтауда оларға тиісті сұраулар қоюдың рөлі айрықша екеніне ден қояды [3, 115-125]. Мұндағы ерекшелік – ғалым сөйлем мүшелерінің қызметтері мен ерекшеліктерін батыстан орыс тілшілері арқылы ене бастаған логикалық бағыттың негізінде дәлелдеуге тырысады. Ғалымның өзі де еңбектің басында: «Сөйлем мүшелерін біз тек мағынасына байланыстырып қана айырамыз», – деп ескерткен болатын [3, 94]. Мұның өзі – бұрынғы формалдық грамматикаға негізделген қазақ тіл білімі үшін жаңалық болатын.

М.Балақаев «Қазіргі қазақ тілінде» аталмыш ғалымдардың пікірлерін әрі нақтылай, әрі дамыта түседі. Ол «ойға негіз болатын, сөйлем құруға қазық болатын бастауыштың, баяндауыштың мағыналары да, қызметі де сол екеуінің грамматикалық қатынасынан туатынын» ескере отырып, оларға төмендегідей анықтама береді: «Сөйлемде айтылатын ойға негіз болатын, баяндауыш арқылы айтылған қимылдың не басқа сапаның иесі болатын мүшені *бастауыш* дейміз. Бастауыштың ісін, қимылын, кім, не екенін, қанша, қандай екенін білдіріп, сөйлемдегі ойды тиянақты етіп тұратын мүшені *баяндауыш* дейміз» [4, 412]. Ғалым тұрлаулы мүшенің ең негізгісі бастауыш болғанымен, сөйлемдегі қызметі жағынан баяндауыштың синтаксистік қызметі әлдеқайда басым екенін алғаш рет атап көрсетеді. Кейінгі еңбектерінде де ол осы пікірін өзгертпейді. Бұл ұстаным оның тұрлаусыз мүшелерге (анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштарға) берген жеке анықтамаларынан да орын алған. Мысалы, «*Толықтауыш* – қимыл процесінің объектісі болатын мүше; сөйлемде заттардың әртүрлі сынын, сапасын білдіретін сөздер – *анықтауыш...; ...пысықтауыш* – заттың қимылдық сапасының сапасын, белгісін білдіреді» [5, 142-173].

Соңғы кездегі грамматикалар мен еңбектерде бастауыш пен баяндауышқа берілген анықтамалар негізінен бұрынғы анықтамалардың мазмұнын сақтай отырып логикаға, ойға қатыстылығы тұрғысынан тереңдетіледі. Мәселен, 2002 жылғы академиялық грамматикада «Тұрлаулы мүшелердің ең басты, негізгі мүшесі – *бастауыш*», «Сөйлемнің негізі – предикативтілік категориясы. Ал предикативтіліктің негізі – бастауыш», «...бастауыштың түсіріліп қолданылатын кездері болады; ...бастауыш контекстен белгілі болып тұрады» деген сияқты ойлар айтыла келіп, «...сөйлемде айтылатын ойға негіз болатын, баяндауыш арқылы айтылатын қимылдың не басқа сапаның иесі болатын мүшені *бастауыш* дейміз» деген анықтама беріледі. Ал баяндауыштың анықтамасы былайша көрсетілген: «Предикаттық іс-әрекетті, сапаны білдіретін сөйлем мүшесін *баяндауыш* дейміз. Баяндауыш – грамматикалық формасы жағынан бастауышқа бағынышты мүше...» [7, 630-634]. Мұндағы «предикативтік» аталатын термин соңғы кездегі зерттеулерде сөйлемнің грамматикалық құрылымына да, логикалық құрылымына да ортақ, осы екі құрылымның бір-біріне сәйкес келе бермейтіндігіне қарамастан, болуға тиісті басты белгісінің термині ретінде қолданылып жүргені белгілі.

Осы еңбекте тұрлаусыз мүшелерге берілген анықтамалар да жаңа көзқарастармен, жаңа терминдермен толықтырылғаны анық байқалады. Мысалы: «...Ол (толықтауыш) субъекті қимылының жүзеге асуына себепші, оның әсеріне, ықпалына ұшырайтын, соған жанама да, тікелей де қатысты болып, субъекті әрекетін толықтырып, нақтылай түсетін объектіні білдіреді» [7, 651]; «Олар (анықтауыштар), негізінен, зат есімдерден немесе заттанған басқа сөз таптарынан болған мүшелермен атрибуттық қатынаста болады да өзі анықтайтын сөздермен интонациялық жағынан ыңғайласып, бір ритмикалық топ құрайды. *Анықтауыштар* – өзіндік лексикалық та, грамматикалық та дербестігі бар бірлік ретінде тұрақталған синтаксистік категория» [7, 654]; «Тұрлаусыз мүшенің бірі болып табылатын *пысықтауыш* сөйлемде, негізінен, етістіктен болған мүшеге қатысты болып, сол мүшені мекен, мезгіл, мақсаты, орындалу амалы жағынан нақтылап, анықтап тұрады. Нақтырақ айтқанда, анықтауыш зат есімнен болған мүшені, пысықтауыш етістіктен болған мүшені анықтайды» [7, 657]. Бұл анықтамалардың негізінде де жоғарыда аталған ғалымдардың бірсыпыра идеялары көрініс береді. Айырмашылық – жаңа көзқарастар негізінде толықтырыла, кеңейтіле баяндалуында.

Сонымен, мақалада осыдан бір ғасыр бұрын А.Байтұрсынұлы негізін қалаған қазақ тіл ғылымы синтаксисінің сөйлем мүшелеріне қатысты ой-пікірлердің кейінгі өсіп-өркендеу жолына қысқаша ғана шолу жасалды. Әрине, бір кезде А.Байтұрсынұлы енгізген синтаксистік терминдердің өміршең болып, қазіргі күнге дейін қолданылуының басты себебі – сол кездегі алаш қайраткерлерінің қазақ тіліне деген ортақ көзқарасынан туындаған ойдың жемісі. Оған мысал ретінде 1924 жылы маусымның 12-18 күндері Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде Елдес Омарұлының қазақ пән сөздерін (терминдерін) қалыптастыру жөніндегі баяндамасында: «Мәселенің қиыны: сөздің түсінікті болуында, баспасөз үшін әсіресе пән кітаптары үшін пән сөздері керек. Оны жаңадан ойлап шығару керек. ...Пән сөз қазақтың өз тілінен алынып, мағынасы аз да болса тиісті ұғымды сездірерлік болса, оны түсіну қиын болмайды. Сондықтан пән сөзді қолдан келгенінше

қазақтың өз тілінен алу керек», – деген пікірін келтіруге болады [8, 95-96]. Екіншіден, ғалым қалыптастырған сөйлем мүшелеріне қатысты атаулардың басым көпшілігі тұрақтап, терминге айналғанымен, кейінгі ғылым дамуы жолында олар жөніндегі көзқарастардың, берген анықтамалардың түрлі жаңа идеялар негізінде жаңарып, толықтырылып отырғаны біз келтірген айғақтардан белгілі. «Ескісіз жаңа болмайтынын», әр жаңа істің басталуында қиындықтар мен қателіктер болатынын ескерсек, сол ескі мен қателіктердің әрбір жаңалыққа бастама, қайнар көз болатынын да ескеруіміз қажет. Қазіргімен салыстырғанда, өте қарапайым көрінетін А.Байтұрсынұлының анықтама-пайымдаулары кейінгі жаңа идеялармен толыққан көзқарастар мен тұжырымдарға жол ашып берді.

Әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.
4. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1954. – 563 б.
5. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Санат, 1997. – 240 б.
6. Қордабаев Т. Тюркология және қазақ тіл білімі. – Алматы: Санат, 1998. – 144 б.
7. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. - 784 б.
8. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сыйезі. - Алматы, 2005. - 144 б.

Бақбергенова Р.
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
аға оқытушысы

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесінің реформаторы

XX ғасырдың басында қазақ халқына ұлттық мәдениет пен әдебиеттің туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, жарқын болашаққа ұмтылған зиялы топ қалыптаса бастайды. Халықтың рухын көтеріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Ол қазақ халқын отаршылдықтан құтқарар жол – алдыңғы қатарлы дамыған елдердің санатына қосылып, өнер-білімге ұмтылу екендігін біліп, халық арасында ағартушылықты насихаттау жұмысына кіріседі. Академик Р.Сыздық: «Өткен ғасырдың II жартысынан бастап көтерілген оқу-ағарту мәселесі қазақ қоғамы үшін әлеуметтік мәндегі үлкен проблема болса, оны іс жүзінде қолға алған тұңғыш ағартушы Ыбырай Алтынсарин екендігін білеміз. Осы салада одан кейінгі нақты іс істеген екінші адам «екінші Алтынсарин» – Ахмет Байтұрсынұлы болды», – деген пікір білдіреді [1, 15].

А.Байтұрсынұлы мен ұстазының педагогикалық ой-пікірлерін салыстыра зерделесек, қазақтың тұңғыш педагогтерінің мақсаттары мен идеяларының өзара үндестігіне таңданбасқа болмайды. Қазақ жерінде алғаш мектептер ашуға және мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізудің оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасауға, мамандар даярлауға ерекше қызмет етіп, ұлттық ділімізге негізделген төл оқулықтар мен әдістемелік құралдарды дайындаған. Ахмет Байтұрсынұлының қазақша сауат ашуға арналған «Оқу құралының» (қазақша әліппе) 7 рет қайта басылып, білім беру ісінде ұзақ уақыт пайдаланылуы – бүгінгі таңдағы тіл үйренушілерге арналған оқулықтарды даярлаушы ғалымдарға үлгі боларлық әдістеме. «Оқу құралы» терең мазмұнымен, орналасу тәртібімен, мәнділігімен ерекшелінеді. Тіліміздегі дыбыстар мен әріптер меңгертілгеннен соң тақырыптық жүйеде танымдық материалдар ұсынылады: «Туысқан – туған ілікдес», «Киімдер», «Ойын-ойыншықтар», «Тамақтар – сусындар», «Дене мүшелері», «Ыдыс-аяқ», «Үй саймандары» т.б.

Ахмет Байтұрсынұлының әліппелерінде сөз мәдениетінің төменгі сатысы – тіл дамыту жұмыстарында ауыз әдебиетінің ерекше үлгілері мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштар кешенді түрде ұсынылған. Тілдік тұлғаның лингвомәдениеттанымдық, коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыруға негізделгендігі байқалады. Оқу-ағарту саласында ұстазы – Ы.Алтынсариннің, орыс педагогі – К.Д.Ушинский, жазушы Л.Н.Толстойдың ана тілін үйрету, адамгершілік тәрбие беру, өмір, еңбек жайындағы білімдерді күнделікті тұрмыста көріп жүрген таныс жайттармен ұштастыру, табиғат жайындағы білімді айналадағы өсімдік, жан-жануар тіршіліктерімен сабақтастыра беру сияқты, яғни, жеңілден ауырға, оңайдан қиынға қарай үйрету жүйесін ұстанған А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» еңбегі қазақ тілін оқытуда негізге алынатын қазіргі инновациялық технологиядан озық мәдени мұра ретінде бағаланады.

1926 жылы Баку қаласында өткен Бүкілодақтық Бірінші Түркологиялық съезде түркі халықтарының латын графикасын қабылдау мәселесі ғана сөз болмады. Түркі тілдерінің тарихы, әдебиеті, емле мәселелерімен бірге түркі тілдерін оқыту мәселесі де қаралды. Бұл жөнінде А.Байтұрсынұлы «Түрікшілер құрылтайы» мақаласында құрылтайда қаралған мәселелерді атай келіп, профессор Щербаның «Ана тілін үйрету әдісіндегі жаңа ағымдар», Епенді-заданың «Түрік тілін оқыту әдістері» тақырыптарында баяндама жасағандарын сөз етеді [2, 411].

Әдістеме ғылымы, яғни, қазақ тілін оқыту әдістемесі лингвистикамен байланысты. Қазіргі уақытта лингвистика ғылымында тіл, негізінен екі парадигмада зерттелініп жүргені белгілі. Біріншісі – құрылымдық, екіншісі – антропоцентристік парадигма. Қазақ тілінің мұғалімі білім берудің мазмұнына сәйкес лингвистика ғылымындағы ғылыми анықтамалар мен ұғымдарды, терминдерді, ғылыми мәліметтерді жүйелі меңгеруі тиіс. Бұл ғылыми анықтамалар мен ережелерді білім алушыларға жаттап оқытпай, негізгі грамматикалық тұлғалардың формасы мен мазмұнын меңгерту мақсаты іске асырылады.

Соңғы уақытқа дейін тіл ғылымындағы білімдерді оқулыққа енгізу, оны білім алушы санасына жеткізуде құрылымдық жүйе негізге алынды. Оқулық авторлары тіл ғылымындағы «ішкі лингвистика» бағытын ұстанып, тілдің құрылымдық моделі тілдік тұлғаға берілетін білімнің негізгі мазмұны болып есептелінді. Қазақ тілінде сөйлейтін халық, ұлт, тілдік тұлға, коммуникативтік тұлға, мұғалім, оқушы «сыртқы лингвистика» ретінде аталып, екінші кезекте қарастырылды [3, 2].

А.Байтұрсынұлының инноваторлығы тілдің құрылымдық моделін білім ретінде беру бағыты антропоцентристік парадигмаға негізделіп, яғни, екі бағыттың синтезделген жүйесі түрінде болуы қажеттігі әдіснамалық ой тұжырымдарында терең қарастырылады. Лингвистика ғылымындағы теориялық ақпараттар коммуникативтік бағытта, яғни, тілдік қатысымдық (коммуникативтік) құзіреттілік, лингвомәдениеттанымдық құзіреттілік қалыптастыруға бағытталу қажеттілігін дәйектейді. Ғалымның әдістемелік еңбектерінде қазіргі әлемдік білім беру жүйесіндегі *дамыта оқыту технологиясы, деңгейлік оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, кешенді оқыту технологиясы, коммуникативтік оқыту технологиясының негіздері* толық көрініс тапқандығын дәлелді түрде айта аламыз. А.Байтұрсынұлының оқу-әдістемелік кешендері қазақ тіліндегі теориялық материалдарды практикамен ұштастырып, білім алушылардың коммуникативтік, лингвомәдени, когнитивтік және әлеуметтік-тұлғалық құзіреттіліктерін жетілдіруге негізделген. Оқу-әдістемелік еңбектерінде этнопедагогика, этнопсихология ғылымдары негізінде қазақ ұлт мектебінің тұжырымдамасын жасап, даму қағидаларын нақтылап көрсете білді. А.Байтұрсынұлы еліміздегі қазақ мектептері мен мұғалімдеріне көмек көрсету, халықтың сауат ашу және өнер-білімге тарту мәселелерімен мақсатты түрде айналысты. Ұлт мектептерінде ана тілімен қатар сол халықтың рухани мәдениеті мен тарихы, әдет-ғұрпы, тұрмысы мен салт-дәстүрлері негізінде жүйелі білім беру мәселелері жөнінде айтқан ұтымды ой тұжырымдары қазіргі уақытта да құндылығымен ерекшелінеді.

Қазіргі уақытта әлемдік білім беру кеңістігінде әдіскер ғалымдар, тәжірибелі мұғалімдер тарапынан ұтымды технология ретінде құнды болып саналып отырған сын тұрғысынан ойлау ұстанымының құндылығын А.Байтұрсынұлы сол кездің өзінде-ақ дәлелдеген болатын. Қазақ тілін оқыту тәжірибесінде *қолданған жалқылау, жалтылау, дыбысты әдіс, әңгімелесу, жүйелеу, талдау, жаттау, жинақтау, салыстыру, баяндау, сұрақ-жауап, сұхбат* т.б. негізгі әдістері сыни тұрғыдан ойлауға үйретуде қазіргі тілді оқыту әдістемесінде интерактивті әдістер қатарында қолданылып келеді.

Интерактивті оқыту технологиясындағы ең негізгі әдістің бірі – сұхбат әдісінің элементтерін тілші ғалым мүмкіндігінше пайдаланған. Пәнаралық байланыс мәселесінің қойылуын да назардан тыс қалдырмай, сұхбат әдісінің қазақ тілі сабағына қоса табиғаттану, қоғамтану сабақтарында да қолданыс табуына назар аударады. Ғалымның әдістер классификациясы туралы пікірлері 1928 жылы «Жаңа мектеп» журналында жарияланған «Қай әдіс жақсы» мақаласында толық қарастырылады [4].

Қазақ тілін оқыту әдістемесі тарихында дидактикалық әдістер қалыптасып, білім беру ісінің дамуымен байланысты дамып отырды. А.Байтұрсынұлы дидактиканың әдістер классификациясын жасауда оқытудың инновациялық технологиясында кең өріс алған интербелсенді әдіс элементтерін ұсынған. Ағартушы өзінің ғылыми-әдістемелік еңбектерінде білім беру жүйесінде теориялық білімі жетік мұғалім дидактикалық әдісті дұрыс сұрыптап, оқу үрдісінде орынды, сапалы қолданады деген тұжырым жасайды. Ғалым қазақ тілін оқыту әдістемесінде қазіргі кезеңде де актив қолданылатын дәстүрлі технологияға негізделген әдістерді өз тәжірибесінде қолданды.

А.Байтұрсынұлы *тұтас сөз әдісі, дыбысты әдіс, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалқылау-жалтылау әдісі, шағын сөз әдісі, американ әдісі* түрлерін талдап көрсетті. Ғылыми мақалаларында аталған әдістер арқылы жасалатын жұмыс түрлері жан-жақты талданады. Әдіскер ғалым «Баяншы»

еңбегінде: «Оқу үйренудегі бас мақсат – керек сөзді оқи білу, ол сөзді жаза білу. Сөз айту – дыбысты ауызбен тізу. Сөз жазу – дыбыстардың белгісін қағаз бетіне тізу. Оқуға келген бала сөйлей білсе де, дыбыстарды тізіп, сөз шығара білмейді. Сондықтан осы күнде оқуы тәртіпті жұрттар балаларға хәріп (әріп) көрсетпей тұрып, әуелі дыбыспен жаттықтырады» деген пікір білдіріп, дыбыс үйретудің жолдарын атап көрсетеді.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, әдістемеші ғалым – Ахмет Байтұрсынұлы тілді меңгертудегі сауаттылықтың негізі – оқу емес, жазу процесі екендігіне тоқталып, жазуға үйрету әдісіне ерекше мән беру керектігін айтады. Қазақ тілі оқулықтарында әрбір тілдік материалдардан соң жаттығу жұмыстарын ұсынып, оның дидактикалық негізден тиімділігін төмендегіше талдап көрсетеді: «Тіл – құралмен» балаларды оқытқанда һәр қағида я ережені оқытқаннан кейін балалар түсіну үшін сөйлем сөздерді, мақалдарды үлгіге алып, олардың ішінен қағида я ережеге келетін жерлерін балаларға таптыртып, басқалардан айыртып үйрету... Сондықтан мұғалім балалардың үйренген қағидасы, ережесі келетін сөздерді ауыздан жаздыруы керек. Яки, кітапшадағы жорта қате жазып қойған сөздерді дұрыстап жаздыруы тиіс» [2, 143].

Ахмет Байтұрсынұлының ой қорытындылауынан жаттығулардың орындалу ерекшеліктеріне байланысты ауызша және жазбаша түрлеріне ерекше мән бергендігі байқалады. Ғалым тілдік жаттығуларды «дағдыландыру», «сынау» түрлерінде екіге жіктеген. Жаттығу жұмысының «дағдыландыру» түрінде ауызша орындалатын жаттығулар берілсе, «сынау» түріндегі жаттығу жұмыстары жазбаша түрде орындатуға негізделген. «Тіл – құралдың» барлық оқулығында теориялық материалдарға жеткілікті дәрежеде ұсынылған дағдыландыру, сынау жұмыстарында қазіргі тілді меңгерту әдістемесіндегі жаттығу түрлерінің (*машықтандыру, шығармашылық, сұрақ-жауап, тексеру, көшіру* т.б.) элементтері кеңінен қолданылады. «Тіл жұмсар» әдістемелік еңбегінде ғалымның жазу дағдыларын жетілдіруге, сауаттылықты арттыруға байланысты жаттығу жұмыстарын түрлендіріп, мазмұнды жүйесін ұсынған. *Көшіріп жазу, жатқа жазу (өзі жаттаған мәтінін жазу), тапсырма бойынша жазу* жаттығуларының түрлерін ұсынып, «нұсқа» деген нұсқаумен жаттығуды орындау үлгісі көрсетіліп отырады.

А.Байтұрсынұлының жаттығу жұмыстарының шартында берілген «сөйлеу» терминін «мәтін» орнында өте орынды қолданған. Сынау, дағдыландыру жұмыстарында алынған мәтіндер мазмұнды. Жаттығу жұмыстарында мәтін сұрыптауда мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, шешендік сөздер үлгілерін жас ерекшеліктеріне қарай тиімді ұсынып, білім алушылардың коммуникативтік-танымдық құзіреттіліктерін жетілдіру бағытын ұстанған. Ғалым жаттығу жұмыстарында лингвистикалық құзіреттілікті меңгертумен бірге лингвомәдениеттанымдық және қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастыруға ерекше мән бергендігі мәтін мазмұндарынан да байқалады.

Шетелдік тіл үйренушілердің қазақша сөз мәдениетін қалыптастыруда тілді меңгеру мәселелеріне байланысты А.Байтұрсынұлының ұсынған әдістер жүйесі мен қағидалары инновациялық технологияға негізделген интерактивті әдістермен сабақтас:

- тіл үйренушілерге қазақ тілінен меңгерілетін білім жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге негізделіп, дидактикалық ұстанымдарға сәйкес оқытылады;
- тіл үйренушілерге қазақ тілін меңгертуде әліпбиден бастау міндетті;
- тіл үйренушілердің коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіруде сөз, тұрақты тіркес, сөйлем жүйесін меңгерту жұмыстарын жүргізу;
- тілді меңгертуде мұғалім әдістің бір түрін ғана пайдаланып қоймай, бірнеше интерактивті әдісті сабақтастыра білуі қажет;
- тіл үйренушілерге лексикалық минимумда мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, фразеологизмдер, өлең-жыр, ертегілерді меңгерту арқылы лингвомәдениеттанымдық құзіреттілігін дамыту.

«Иноватор – это творческая личность, обладающая инновационным мышлением и с высокой инновационной культурой инноваций» [5, 89]. «Иноватор» терминіне берілген анықтамалардың мазмұнын зерделей қарайтын болсақ, қазақ тіл білімі ғылымының негізін салған А.Байтұрсынұлының ғылыми-әдістемелік мұралары ғалымның «мәңгілік иноватор» екендігін дәлелдей түседі. Сондықтан мәңгілік иноватор – Ахмет Байтұрсынұлының ғылым, білім және мәдениет салаларында қалдырған бай мұрасы бүкіл елдік руханиятымыздың бір маңызды бөлшегі ретінде мемлекеттік қамқорлыққа алынып, оны игеру, зерттеу жұмыстары шоғырланған бір орталықтан жүргізілсе, ұлтымыздың кешегі де, бүгінгі де, ертеңгі де ұлы ұстазы алдындағы перзенттік парызымыздың ең бір лайықты өтеуі болар еді.

Қазақ ғылымының дамуына зор үлес қосқан ұлағатты ұстаз, қазақ халқының рухани көсемі – А.Байтұрсынұлының қазақ тіл біліміне қатысты теориялық тұжырымдары мен әдістемелік тәжірибесі – жаңа үлгідегі ұлттық мектеп моделін жасауда негізге алынатын жүйе. Иноватор педагог-ғалымның

ғылыми-әдістемелік тұжырымдарын зерделеу, ғылыми ізденістерді жалғастыру ұлттық педагогика ғылымының қорын үздіксіз толықтырып, ХХІ ғасырдың терең білімді, бәсекелестік жағдайда рухани өресі биік, азаматтық бет-бейнесі қалыптасқан зияткер тұлғаны тәрбиелеуде маңызды орын алады.

Әдебиет:

1. Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Елшежіре, 2014.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
3. Уәлиұлы Н. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген сөздіктердегі ақпараттарды білім беру жүйесінде қолдану туралы// Қазақ тілі: әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. – 2009. - №3 (23).
4. Байтұрсынов А. Қай әдіс жақсы? // Жаңа мектеп. – 1928. - №4.
5. Делия В.П. Инновационное мышление в ХХІ веке. –Балашиха: Де-По, 2011.

Қушқимбаева А.

PhD доктор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ғылыми қызметкері

Әлемнің тілдік бейнесін түзудегі А.Байтұрсынов өлеңдеріндегі сентенция құбылысының ерекшелігі

Тілдік тұлғаны зерттеу барысында міндетті түрде адам және оны қоршаған дүние туралы түсініктердің жиынтығы ретіндегі ғаламның тілдік бейнесі қарастырылады. В.Маслова: «Әлемнің тілдік бейнесі – ұлттың жалпымәдени игілігі, ол құрылымды, көпдеңгейлі. Дәл осы әлемдік тілдік бейне адамның ішкі әлемі мен сыртқы дүниені байланыстырушы болып табылады, адам дүниені қабылдау барысындағы танымдық қызметінің нәтижелерін тілде бекітіп отырады. Әрбір тілдің өзіндік концептуалдану тәсілі болады, сол арқылы әр тілдің өзіндік әлем бейнесі жасалады. Тілдік тұлға сол бейнеге сәйкес өз айтылымдарын ұйымдастыруға міндетті. Осы арқылы тілде бекітілген өзіндік дүниені қабылдауы айқындалады», – дейді [1, 71].

Ю. Караулов «әлемнің тілдік бейнесін нақты тілдің толық жиынтықта алынған барлық концептуалдық мазмұны» ретінде сипаттайды [2, 246].

Әлемнің тілдік бейнесі тіл туралы біліммен қатар әлемнің концептуалдық бейнесінің мазмұнын таза тілдік құралдардың көмегімен толықтыратын ақпаратты да сақтайды. «Әлем туралы білім» деп атауға болатын әлем бейнесі жеке және қоғамдық сананың негізінде жатыр. Тіл өз кезегінде танымдық үдерістің талаптарын орындайды. Әлемнің концептуалдық бейнесі әртүрлі адамдарда, мысалы, әртүрлі заман, әртүрлі әлеуметтік, жас топтары, ғылыми білімнің әртүрлі салалары өкілдерінде әрқилы болуы мүмкін. Әр тілде сөйлеуші адамдарда белгілі бір жағдайларда ұқсас немесе бір тілде сөйлейтін адамдарда әрқилы әлемнің концептуалдық бейнесі болуы мүмкін. Олай болса, әлемнің концептуалдық бейнесінде жалпыадамзаттық, ұлттық және жекелік бастамалар өзара қарым-қатынаста болады» [1, 67].

Ғалым Н.Уәли дүниенің концептуалды бейнесі негіздерін атап көрсетеді: «Тілдік бейне түріндегі концептуалды жүйе этностың заттық, мәдени тәжірибесіне тәуелді. Дүниенің концептуалды бейнесі логикалық-прагматикалық, позитивтік танымға, әлеуметтік тәжірибеге негізделеді. Концептуалды бейне дүниенің тілдік бейнесінің бір бөлігі болып табылады. Дүниенің тілдік бейнесінде мифологиялық, діни, логикалық-позитивті танымның бәрі де болады» [3, 18].

Әлемнің тілдік бейнесі ұлттық, жекелік өзгешеліктерге ие. «Ұлттық» атауы ұлт ұғымымен байланысты мәселелерге жан-жақты зерттеуді қажет етеді. «Ұлт» ұғымына қатысты мәселелер санатына ұлттық діл де кіреді. «Ұлттық діл дегеніміз – ұлттың когнитивті стереотиптерінің жиынтығымен анықталатын шындық болмысты түсіну мен қабылдаудың ұлттық тәсілі. Бір жағдай (ситуация) әртүрлі ұлттық діл шеңберінде әртүрлі қабылдануы мүмкін. Ұлттық діл көбінесе адамның қабылдау ағзаларын бір нәрсені көріп, екінші бір нәрсені байқамай қалуға мәжбүр еткендей болып көрінеді» [4, 64]. Ұлттық діл қызметінің өзіндік нәтижесі, яғни, әлемнің ұлттық бейнесін бейнелейтін көркем шығармаларды талдау сол ұлтты түсінуге айтарлықтай ықпал етері сөзсіз.

Сентенция(латынша *sententia* – пікір, ой) сөзі «1. ақыл айту, мінез-құлық туралы нақыл; 2. сот үкімінің көне аты» дегенді білдіреді. Сонымен қатар неміс және француз әдебиетінде кез келген өткір нақыл *сентенция* деп аталады. Сентенция адам жанына әсер етерлік шындықтың эстетикалық маңызын сипаттап, қаламгердің дүниетанымын, парасат-пайымын көрсетеді. «Сентенция – шығарманың оқушыға эстетикалық әсерін қоюлата түсетін, танымдық ой дүниесін биіктететін және түйсікке қозғау салатын, ақыл-уағыз айтатын терең философиялық мазмұнды, ой тұжырымы бар

сөздер» [5, 105]. Авторлық афоризмдердің ішінде драмада молырақ ұшырасып, зерттеу әдебиетінде жиірек аталатыны – сентенция. Сентенция – афоризмнің бір түрі, авторы анық көрсетілмеген афоризм, яғни, белгілі бір әдеби контекстен үзіп алуға келетін, ықшамдығымен, әсерлігімен ерекшеленетін, интеллектуалдық, эстетикалық талапқа сай келетін, көбіне философиялық, дидактикалық поэзияның жемісі, көптің көңіліне ұялағандай қысқа құрылған нақыл сөз [6, 27]. Мұндағы тұжырым қарсы пікір тудырмайтындай, терең мәнді, артық-кемі жоқ, «жеті рет өлшенген» мазмұнды болып, көбіне ашық немесе бұйрық райда айтылып, параллелизм, антитеза, қайталауларға құрылады. Сентенция философиялық мазмұны басым болса, *гнома*; дидактикалық мәні көбірек болса, *максима*; нақты бір жағдайда ойды айқындау не әсерлеу үшін айтылса, *анофтегма* немесе *хрия* деп аталады. Бұл түр, яғни, сентенция, әдетте, шығарманың соңын немесе шырқау шегін ұштай түсу үшін антикалық, қайта өрлеу және классицизм әдебиетінде кеңінен мәлім болған.

Сентенцияның ішіндегі ең көп белгілісі – максима. Максима (латынша *maxima* – жоғарғы принцип) – «белгілі бір автордың жалпыланған, терең, ықшам және ұшқыр ойы» [7]. Ол адамның өзіне қояр талабын, ұстанатын логикалық және этикалық принциптерін белгілейді. Кейіннен бұл ұғым кеңейіп, «өмірдің барлық жағын қамтып көрсететін нақыл» деген мәнде ұғынылып түсініліп жүр, яғни, афористік мәнермен қысқа, әсерлі жазуды өзіндік қолтаңбасына айналдырған, афористикалық жанрда жазған қаламгерлердің жеке туындысы ретінде қабылданады. Мұндай максималар (афоризмдер) жеке мәтін ретінде қарастырылады. Максималардың көлемі әр алуан: ықшам құрылған жай сөйлемнен бастап, құрмалас сөйлем, күрделі синтаксистік бірлік түріндегі тұжырым-пікірлерді де кездестіруге болады, яғни, ықшамдылық, көркемдік, әсерлілік сияқты нақыл сөзге қойылатын талаптар үнемі сақтала бермейді. Афоризм, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер сентенцияларға ұқсас болып келеді. Сыртқы белгілері, құрылымы, мазмұны жағынан сентенциялар мақалдарға, ал қанатты сөздер мәтелдерге барабар. «Сентенция» аталатын авторлық афоризмдерге А.Әділова мынадай анықтама береді: «Сентенция дегеніміз – белгілі авторы бар, адам, қоғам өмірінің сан алуан қырын қамтитын, терең мазмұнды, көркем, әсерлі, кітаби-жазба әдебиеттерде ұшырасатын, мәні контексте ашылатын ықшам сөйлем (синтаксистік бірлік). Мұндай сөйлемдер жай сөйлем түрінде де, құрмалас сөйлем түрінде де келе береді» [6, 34].

Әлемнің ұлттық бейнесі айшықталған сентенциялар А. Байтұрсыновтың өлеңдерінде тұнып тұр. Мысалы,

*Түсіне қарап,
Ішінен түңілме
Күшіне қарап,
Ісінен түңілме* [8, 23], –

деген төрт жолда Маса – сергектікті, қозғалыс күйді, серпіліс пен ізденісті сәулелейтін астарлы бейне екені көрінеді. Ол «үстінде ұйықтағанның айнала ұшып», қоғамның енжар, жалқау, ұйқыдағы күйден оянуына қызмет етеді. Бұл Абайдың «Түсіне қарап кісі алма, ісіне қарап кісіні ал» деген пікірімен үндеседі. «Бар пайдаң өз басыңнан артылмаса, мал ғұрлы мағына жоқ тұрысында», «Дегендер мен жақсымын толып жатыр, Жақсылық өз басынан артылмаған», «Қайырсыз неше сараң байлар да бар, Қайықтай толқындағы қалтылдаған», «Не пайда өнерің мен біліміңнен, Тиісті жерлеріне сарп ұрмаған?!», «Байға – мал, оқығанға – шен мақсұт боп, Ойлайтын жұрттың камын адам азған» т.с.с. Бұл өлең жолдарындағы философиялық тұжырымдарды жеткізуде, таным-түсінікке сай ерекшеліктерді көрсетуде сентенция тиімді амалдың бірі саналады. Бұл өлең жолдарында философиялық мазмұн басым болғандықтан, *гномага* жатады. Сентенция құбылысын сөз еткенде, А.Байтұрсынов өлеңдерінде кездесетін композициялық-стилистикалық лирикалық шегініс тәсілін де ескеру қажет. Лирикалық шегініс арқылы автор сюжеттен тыс, негізгі тақырыппен байланысы аз не мүлде жоқ естелік, арнау, оқиғалармен баяндау желісін тежей тұрып, басты тақырыпқа тікелей не жанама қатысы бар мәселелерге өзінің ойын, пікірін, көзқарасын ашық айта алады, яғни, шығарманың идеялық мазмұнын ашу үшін лирикалық шегініс үлкен қызмет атқарады. «Қазақ қалпы» өлеңіндегі «Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған, Сахара көлге қонып салқындаған» деп сонау бір кездерде қазақ халқының еркін кең далада көшіп-қонып, жайыла жүрген келмеске кеткен еркіндікті еске бір түсіріп алады да «Бір өртке қаудан шыққан душар болып, не қалды тәнімізде шарпылмаған?» деп астарлы ой тастайды. Сентенция баяндау желісінен шашау шықпай, сөз болып отырған оқиғаның мәнін дәл, ықшам да толымды ашып көрсетумен бірге ерекше бір серпімді қасиетімен де ерекшеленеді, яғни, адам санасы баяндалып отырған ойдың мән-маңызын қабылдауда талдау, салыстыру, жалпылау тәсілдерін ұштастырады. Мысал ретінде мына жолдарға назар аударайық: «Алаштың адамының бәрі мәлім: Кім қалды таразыға тартылмаған? Дегендер «мен жақсымын!» толып жатыр, жақсылық өз басынан артылмаған», – дейді де «босаң туған бозбаланы», «еңкедеп ет

андыған шалдарды», «сараң байларды», «құр түймеге жарқылдап жүрген» өзі сияқтыларды әрі салыстырады, әрі әр шумақтағы ойды мәтіннен бөліп алып, баяндалып отырған оқиғаға мүлде қатыссыз қарастыруға болады, себебі дәл осы пікірді бұл қалпында «қазақ туралы», қазақ байлары, оқығандары тағдыры туралы трактаттың құрамдас бөлігі деп есептеуге, басқа дәлелдермен толықтыруға, бұдан да үлкен тілдік пайымдауларға айналдыруға болатыны сөзсіз. Бұл – сентенция, алайда өзінен кейінгі шумақтардағы ойды өлеңнің алғашқы шумақтарындағы пікірмен байланыстырушы ретінде де қызмет атқарады, ал өлең соңындағы «Бұл бір сөз қасірет етіп хатқа жазған, Қалмаған түк қасиет, қазақ азған. Байға – мал, оқығанға – шен мақсұт боп, Ойлайтын жұрттың қамын адам азған» деген өлең жолдары оқырманды өлең желісіне қайтып әкеледі де сентенция өлең оқиғасымен, идеясымен тығыз байланысын жалғастырады. Олай болса, сентенцияның авторлық лирикалық шегіністен айырмашылығы – контекстен тыс тұруға бейімі болса да, контекспен байланысын үзбей, автор ойын нақтылай, дәлелдей түседі, яғни, сентенция абзацта не тарауда айтылатын ой, баяндалатын оқиға үшін серпін берерлік элемент ретінде қызмет етеді.

Құрылымдық ерекшеліктеріне тоқталар болсақ, сентенциялар көбіне екі бөлімнен тұрып, антитезаға негізделеді, параллельге құрылады. Мысалы:

«Қас білген досты,

Дос білген қасты,

Мұндай елді көріп пе ең?

Қыс ішінде бірер қаз

Келгенменен қайда жаз?»[8,30].

Авторды халқының бейғамдығы мазасыздандырады.

Дыбыстық, лексикалық қайталаулар айтылатын тұжырымның көңілге қонымды қабылданып, есте ұзақ сақталуына да қызмет етеді. Мысалы:

«Жан менікі» дей алмай,

«Мал менікі» дей алмай,

Ит пен құсқа азық ек,

Немесе:

«Жұрт болалық» деген жоқ.

Жұрт қайғысын жеген жоқ [8,32].

Бұл өлең жолдарындағы қайталанып тұрған сөздер автордың интенциясын білдіріп тұр, яғни, қалың жұртына жаны ашыған ақын, оның бойындағы кемшілік, мінді осылайша еселеп қайталау арқылы, «маса» боп шағып оятуға ниет етеді.

Автор дүниетанымы, әлемді көруі мен идиостилі арқылы өзін көрсетеді. Жоғарыда келтірілген сентенциялар арқылы көрінетін әлемнің көркем бейнесі – сол сентенцияны қабылдаушының санасында пайда болатын әлемнің тілдік бейнесі сияқты әлемнің қайталама бейнесі. Сентенцияда ойға, санаға әсер ете алар әрі көркем, әрі нақты ақпарат бар. А.Байтұрсынұлы шығармаларындағы сентенцияларда әлемнің көркем бейнесі жекелік сипатқа ие болғанымен, ондағы әлем бейнесінің негізгі сипаттамалары ұлттық сананың жалпы қасиеттерін бейнелейді.

Әдебиет:

1 Маслова В.А. Лингвокультурология. - М.: Академия, 2001. - 208 с.

2 Караулов Ю.Н. Русская языковая личность и задачи ее изучения. Язык и личность. – М.: Наука, 1989. - 263 с.

3 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док. ... автореф. - Алматы, 2007. - 56 б.

4 Попова З.Д., Стернин И.А. Понятие «концепт» в лингвистических исследованиях. – Воронеж: ВГУ, 2000. - 271 с.

5 Смағұлова Г.Н. Көркем мәтін лингвистикасы. - Алматы, 2007. - 152 б.

6 Әділова А.С. Сентенцияның тілдік табиғаты және стильдік қызметі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Қарағанды, 1998. – 59 б.

7 Большая энциклопедия Кирилла и Мефодия. -БЭКМ, 2007 // <http://www.km.ru>.

8 Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1989. - 320 бет.

Ahmet Baytursunuli alfabesi prensiplerindeki milli deęerler

Zamanında A. Baytursunuli sunan alfabeğe karşı olanlar ne tür deliller getirmişlerdi ve bu delillerin dilimizin tarihindeki yeri nerede meselesi analiz edilecektir. A. Baytursunuli alfabesine karşı çıkanlar nasıl Milli deęerlerimizi yok etmeye çalıştıklarına dair Kazak dili tarihine ait bu bilgileri sunmaya çalışacağız. A. Baytursunuli alfabesi sadece Kazakistanda deęil dięer Türk halklarının da yazı diline tesiri olmuştı. «Bugunde Çin Kazaklarının yazı geleneęi, Karakalpak, Kırgız dillerine tesiri hakkında yukarıda adı geęen diller konusunda bilim adamları çalışmalarından bahsedilecektir.

A. Baytursunuli alfabesi konusunda yazılan bilim adamlarının fikirlerinden A. Baytursunuli alfabesinin Milli deęerlerimizdeki rölünden söz edilecektir. Günümüzde A. Baytursunov alfabesini yaptıęında tuttuęu yol ve metod, esas edindięi prensipler deęerini hiç eksiltmedi, tersine daha çok büyük önem kazanmaktadır.

A. Baytursunuli o zamanın şartlarına göre Arap alfabesini kullanmanın öneminin farkındaydı. Bu Kazak dilinin geleceęi için gerekli şartlardan birisiydi. Zamanında Latın alfabesini kullanmaya karşı olanlar kazaklardı. Sebebi A. Baytursunuli liderlięindeki Kazak aydınları, bunun bir siyasi oyun olduęunu, bu hareketin ne tür sonuçlar getireceęinin farkında idiler. Latın alfabesinin geęici bir siyasi oyun olduęunu asıl hedef rus alfabesi olduęunu onlar bildi.

A. Baytursunuli alfabesine karşı olanların söyledikleri deliller, Milli menfaate, Kazak dilinin geleceęine, «ocaęına incir dikecek» türden idi. 1926 yılında edebiyatçı Baydildin «...Genç soviyet halkının vekilleri yeni alfabeğe destek vermektedir. Buna karşı olanlar da vardır. Onları alaşordanın gerici aydınları yönetiyor», dedi. A. Baytursunov ve onun alfabesini gerici olarak nitelendirdi. Bu konu ile ilgili Amire Kaybollaulu diyen birisi: « Rus dili bütün okulların esas dili olarak okutulmalı» dedi, ikinci birisi «... Kazak dili gereksiz dil, ... kazak dilinde okutmak milliyetçilik» diye İlyas Kabilulı gibi soviyet ideolojisinin sözünü söyleyerek, milliyetimizin deęerlerini hiçe sayanlar oldu.

Tam bugünlerde Kazak dilinin rölünü güçlendirmek o zamandaki gibi önemli meselelerden biridir.

A. Baytursunuli 1924 yılında Orınbor'da yapılan ilk kurultayda neden arap alfabesi diyen soruya şu şekilde cevap vermiş. Arap alfabesini 13 yıl öncesinden araştırdığını, alfabeğe yazım kurallarını hazırladıęını, kazak dili terimlerini yaptıęını ifade eder ve kazakların kullandıęı alfabenin en iyi alfabe olduęunu vurgular. Edebi eserlerin basıldıęını, türki halklar, özellikle, kazakların edebi miraslarını kayb etmemenin önemini belirtmişti. Bunun için arap alfabesini kullanmanın gereklilięini söyledi.

Bilim adamı A.B. Ercilasun: «Arap alfabesine dönmek, hem medeni dünyadan, hem de Türk dünyasından kopmak anlamına gelir», diye belirtmişti kazakçanın latın alfabesiyle yazılması konusunda düşüncelerinde. Bugünde kazakçanın arap alfabesiyle yazılmasını uygun görmedięimizi belirtmek istiyoruz. Bizim büyük önemle belirtmek istedięimiz ve dikkati üzerinde toplamak istedięimiz konu ustad A. Baytursunuli'nin alfabe kullanımındaki tutunduęu yol ve prensipler. Onlar bize kazak dili ve milli meselelerimizde doęru yol gösteren ışık gibi aydınlandırıp duracaęı kesindir. Lâtin alfabesine geçmeye şiddetle karşı çıkanlar Kazakistanlılar idi. Zira, A. Baytursunoęlu'nun önderlięini yaptıęı Kazak aydınları bu siyasetin asıl amacının hangi siyasî-ideolojik çıkarlara hizmet ettięini biliyorlardı. Bu Lâtin alfabesine geçme hikayesinin geęici bir hile olduęu, sonuç olarak nasılsa Ruslaştırma siyasetinin kilidi olan Rus alfabesi meselesine gelineceęi malumdu. En tehlikeli ve zararlı olanı ise, binlerce yılı aşkın zaman boyunca tarihi ve düşüncesi, dinî kaynakları, sanat eserleri Arap alfabesi ile oluşan, hem halkın tarihî hatırasını şekillendiren yazı kültürden ayırmak, halkları çökertmekle beraber, geçmişinden, oymak yazısından sonra yüz yıllarca tırnakla kazar gibi topladıęı tarihî mirasından gelecek nesillerin tamamen mahrum kalması, milli kriteriler oluşturamaması gibi tehlikelerin baş göstereceęini çok iyi bilen Rusların, bunu gayet şuurulu olarak uygulamaya koymalarıydı. Kazakistan'ın toplumsal görüşünde Lâtin alfabesine geçme karşıtı grupları, belirli siyasî sınıfın çıkarlarını gözetlemekle suçlamışlardı. Eđitimsiz, çoęu şeyden haberleri olmayan bu eđitimsiz gençleri yanıltmak o zamanlar çok kolay idi. Örneęin, edebiyatçı Baydildin 1926 yılında şöyle yazmaktadır: «...genç Sovyet halkı temsilcileri yeni alfabeğe desteklemektedir. Buna karşı çıkanlar da bulundu: Alaşordalı aydınların frenleyici liderleri onlara başkanlık edenlerdi». Arap yazısı, A. Baytursunoęlu'un reformundan sonra tüm Türk boyları tarafından en iyi sistem diye tanımlanmaktaydı, ancak zorlama siyaseti kendi dedięini yaptı. Zira, Lâtin harflerine karşı çıkanlara siyasî suçlamalarda bulunuluyor, bunlara hatta hukuk mercileri de karışmaya başlıyordu. Örneęin, «yeni alfabeğe geçme hakkında Halk Komiserleri Konseyi himayesindeki İcra komisyonu» diye adlandırılanlar, Lâtin alfabesine karşı çıkanları hukuken takip etmeye başladı.

A. Baytursunoğlu'nun reform yaptığı Arap yazısı ile kısa zamanda, hem kolay, hem de çabuk eğitim almaya başlayan Kazak halkı yine, yeniden Lâtin alfabesi ile eğitim almaya zorlandı. Üstelik, en zor olanı ise şimdi onların bin yıllarca Arap alfabesi ile yazılan geçmiş tarihi, sanatı ve edebiyatından, özellikle halkın tarihî hatırası olan dinî kaynaklarından sonsuza kadar vazgeçerek, kendisini kör birisi gibi hissetmesini sağladı. Halkının tarihî hatırası asırlarca Arap alfabesi ile şekillenen ruhanî miras kaynakları ile geleneklerini devam ettiren ipler koparılarak, gelecek nesilleri geçmiş tarihinden mahrum etti. Bunların neticesinde geçmiş ile öz halkının ruhanî özelliğine sorumsuzca yaklaşan boş vermiş, isteksiz gruba dönüşerek ruhanî köleliğe sürüklenen sonraki nesiller, oynanan oyunlar hissetmedi bile.

Ruslar Lâtin alfabesini ne kadar zorla kabul ettirmişlerdiyse de, Lâtin alfabesinin ideologları, Türk boylarının önde gelen aydınlarının fikirlerine kulak asmaya kendilerini mecbur hissettiler. Bu gerekçeyle Arap alfabesinden Lâtin alfabesine geçildiği sırada Türk lehçelerini konuşan halkların kabul ettiği Lâtin harflerinin yakınlığı, kolaylığı önemli unsur olarak ele alınmışa benziyordu. Rus yazı diline geçiş sırasında ise eskiden fikirleri dikkate alınan aydınlar grubu, 1931 ile 1937 yılları arasında kanlı bir kampanya sırasında tümü katledildikten sonra, yani halkının kaymağı olan, az da olsa geçmişi ile şimdi olup biteni anlayabilen kişilerin bilinçli bir şekilde tamamı katledildikten sonra yeni alfabeyle kullanıma koymak isteyen merkezî yönetim için ellerinin çözülmesi, içinde topladığı kını istediği kadar dışarıya atması için fırsat anlamını ortaya koymuştu[1, 104-110].

20. asrın başında aydınlar ve Türkologlar yazıyı yeniden yapılandırmayı hedefledi. Yazıyı olabildiğine halk diline yaklaştırmak istediler. Yazı sistemindeki işaretler konuşma dilindeki sesleri belirtmesi gerekiyordu. Önceki Arap alfabesini esas alan Türk yazısının şekil sisteminde ise konuşma dilinde olmayan arkaik unsurlara rastlanmakta idi. Bu tür eksiklikler, Arap alfabesinin Türk Lehçelerinin ses sistemine uygun olmadığı fikirlerini gündeme getirdi.

Kazakistan'da genel olarak halkın konuşma dilinden okuma-yazma bilen insanların kullandığı kitabî dil arasında büyük farklar vardı. Böyle eksikliklerin sonucunda aydınlar arasında dil tartışmaları gündeme geldi. Aydınların bir kısmı eski kitabî dilin yazı sistemini değiştirmeden, konuşma dilinin unsurlarına geniş yer vermeyi savundular; ikincisi ise yazıyı konuşma dilinin sistemine uygun hâle getirmek, yani yazı sisteminde köklü reformlar yapmak fikrindeydiler.

Ekim ihtilâlinde sonra Kazakistan'daki aydınların bir kısmı yazı sistemini değiştirip Lâtin alfabesine geçmeyi hedeflediler. Aydınların bir kısmı ise Baytursunoğlu'nun Arap alfabesini esas alarak yaptığı yeni Kazak alfabesini savundu. Bu iki grup arasında büyük tartışmalar meydana geldi. Hangi alfabeyle kullanmalıyız konusunda çeşitli toplantılar, dil konferansları düzenlendi. Dil tartışmaları sadece Kazakistan'da değil bütün Türk milletlerinin arasında da gündemdeydi.

A. Baytursunoğlu'nun sunduğu alfabe ile Arap yazısı Kazak Türkçesinin ses sistemine biraz uyuşmaya başladı. Arap alfabesindeki Kazak seslerini veremeyen bazı simgeleri atarak, kelimenin ince ünlülü olduğunu belirtmek için, önüne işaret koydular. A. Baytursunoğlu' un reform yaptığı Kazak alfabesi ancak, 1924 yılında Orenburg'ta geçen Kırgız-Kazak bilim adamlarının ilk kurultayında resmî olarak kabul edildi. A. Baytursunoğlu 1924 yılında Orenburg'ta düzenlenen Kırgız-Kazak bilim adamlarının ilk kurultayında, neden Arap alfabesinin taraftarı olduğunun delili olarak şunları söyler: Arap alfabesini bundan on üç sene önce Rusya Çarlık döneminde ele aldığını, alfabeyle uygun olarak imlâ yaptığını ileri sürer. Kazak dil biliminin terimlerini yaptığını ve Kazakların kullandığı alfabe en iyi alfabe sayıldığını söyler. 1905 yılına nazaran bir çok ders kitaplarının, edebî eserlerin yayımlandığını, bu yüzden Türk halkı, özellikle Kazaklar eski edebî miraslarını kaybetmemek için, bu alfabeyle kullanmanın daha da faydalı olduğunu söyledi.

Kazakistan'da alfabe değiştirme meselesi 1926 yılında Bakû'de düzenlenen Sovyetler Birliğindeki I. Türkoloji Kurultayında tekrar ele alındı. Bakû toplantısında bilim adamları Arap alfabesi ve Lâtin alfabesinin özelliklerini ortaya koydu.

Lâtin alfabesini savunanlar, Arap alfabesi okuma yazma öğrenmede, okunmasının ve yazılmasının çok zor olduğunu ileri sürüyor, iddialarını da aşağıdaki sebeplere bağlıyorlardı:

1. Bir harfin dört şekli vardır;
2. Arapçadaki harfler bir birine çok benzer;
3. Yazı sağdan sola doğru, sayılar ise, soldan sağa doğru yazılır. Bu yazıda da, matbaada da zor yazılır.
4. İlmî kitaplarda (matematik, geometri , fizik vs.) ders işaretleri Lâtince yazılır, Arap alfabesi buna uygun değildir.
5. Arap harfleriyle nota yazılmamaktadır.
6. Arap alfabesi matbaa işlerinde zorluklar doğurur, yazmak çok masraflı olur.

Arap alfabesini destekleyenler Arap alfabesini Lâtin alfabesiyle karşılaştırarak faydalı tarafları hakkında şu görüşleri ileri sürdüler:

1. Arap alfabesi Kazak Türkçesinin ses sistemini tam olarak verebilir.

2. Arap alfabesi okumada ve yazmada kolaylık sağlar.
3. Göze güzel görünür.
4. Sanat aletlerine yerleştirmek kolaydır.
5. Arap alfabesi ile yazdığımızda saat dili gibi sağdan sola doğru yazılır.
6. Yazı makinesine, matbaa makinelerine yerleştirmekte Arap a lfabesinin yenisi Lâtin alfabesinden daha kolaydır.

Arap alfabesini destekleyenlerin sunduğu delillerine rağmen, Lâtin alfabesine geçmek meselesini hükûmet tarafından destek verilmesinden dolayı kurultayda çoğunluk oyla Lâtin alfabesine geçmek fikrini sundular. Üç, dört yıla kadar uzayan Cumhuriyet basınındaki tartışmanın sonucu 1927 yılında ilk Taşkent'te, daha sonra alfabe meselesi ile ilgili olarak Kızılorda'da konferanslarda ele alındı.

Hükûmet yeni alfabe ile ilgili konferansta ele aldığı meseleleri halka tanıtmak amacıyla «Alippe Aytısı» (Alfabe Tartışması), «Jaña Alippe Jolında» (Yeni Alfabe Yolunda) adlı kitapları 1927 yılında bastırdılar. Fakat bu kitapta tebliğler sunan, söz söyleyen birçok kişileri «halk düşmanı» diye esassız suçlamalarından dolayı biz bu kitaptan uzun yıllar boyunca uzak kaldık. Kazaklar egemenliğine kavuştuktan sonra bu meseleyi tekrar ele almak için fırsat doğdu.

Bakû konferansından sonra her yerde teşkilatlar açıldı ve Lâtin alfabesine geçme işi hızlandı. 24. Ocak 1929 yılında «Yeni Alfabe Hakkında» Kazakistan Merkez Sovyet Komitesi Başkanlığı ve Halk Komiteleri toplantısının kararı boyunca Lâtin alfabesi kabul edildi[2, 286-288].

Yukarıda bahsettiğimiz gibi, Kazaklar 1929 yılında Arap esaslı Kazak alfabesini bırakıp Lâtin alfabesine geçtiler. Lâtin alfabesini yaklaşık 10-11 sene kullandık. Bu 11 sene içerisinde Lâtin alfabesinin bazı eksiklikleriyle karşılaştık. Bu eksiklikler aşağıdaki gibidir:

Terimleri Rusçada olduğu gibi yazamamak. Çünkü Sovyetler Birliğindeki bütün Uluslar arası terimleri Rus dilindeki şekliyle alınıyordu.

İmlâ kurallarının çok olması.

Rus harflerine bazı Kazak harflerinin (p, n, c, r) benzemesi Kazak öğrencilerinin harfleri karıştırmak konusunda çok zor duruma sokmasıydı.

Kazaklar dillerini böyle engellerden kurtarmak için, komşu akraba halklardan uzak kalmamak için, Rus halkına öncesinden daha da yakınlaşmak için Kiril alfabesine geçmek kararını aldılar.

Ruslar, Kazakistan'daki geçmiş ile şimdi olup biteni anlayabilen kişileri bilinçli bir şekilde 1931-1937 yıllar arasında kanlı bir kampanya sırasında hepsini katlettiler. Bu katledenlerin arasında Kazakların önde gelen isimlerinden Ahmet Baytursunoğlu da vardı. Artık asırlarca tartışılan alfabe konusu 1940 yılında Kiril alfabesine geçişle tamamlandı.

Karkaralı'daki iki yıllık okulun müdürü iken A. Baytursunoğlu, Rus askerî vâlisi Troynitçki'nin emriyle 1 Temmuz 1909 tarihinde Semey hapis hânesine hapsedilir ve mahkemesiz, hükümsüz, haksız yere sekiz ay yatar. Sonunda, Kazakistan'da ikamet etme hakkı elinden alınarak 21 Şubat 1910 tarihinde hapis hânedan çıkarılır. Aynı yılın Mart ayında Orenburg şehrine gider. Burada 1910-1917 yılları arasında halkını aydınlatmak, kalkındırmak ve Rusya'nın sömürge siyasetine karşı mücadele etmek yolunda çeşitli çalışmalar yapar. Bunlardan en önemlisi, 1913-1917 yılları arasında «Kazak» gazetesinin yazı işleri müdürlüğünü yürütmesidir. A. Baytursunoğlu «Kazak» gazetesinde yazdığı makalelerde özellikle dil ile ilgili problemleri ele aldı. Kazak dilini koruyup, geliştirmenin gerektiğini ileri sürdü. Bundan dolayı Kazak çocukları kendi ana dilinde okuması gerektiğini, okullardaki eğitim işlerinin yola konulması gerektiğini sık sık dile getirdi [3, 9-10].

Bu gazetede ve başka yayın organlarında yazdığı makalelerde Kazak halkının çeşitli meselelerini ele alıp onlara çözümler getirmeye çalıştı. İleri sürdüğü fikirlerle o devir Kazak aydınlarının manevî lideri oldu.

A. Baytursunoğlu 1920 yıllardan başlayarak çeşitli devlet dairelerinde yöneticilik işlerini yaparken de, öğretmenlik işlerine ara vermedi. O 1921-1926 yılları arasında Orenburg'taki Eğitim Enstitüsünde, 1926-1928 yılları arasında Taşkent Kazak Pedagoji Enstitüsünde Kazak Dili ve Edebiyatı derslerini verdi. 1928 yılının Eylül ayında Almatı'da Kazak Millî Üniversitesi açıldı. Bu üniversitede A. Baytursunoğlu Kazak Dili ve Edebiyatı bölümünde çalıştı.

A. Baytursunoğlu 1929 yılında milliyetçi, Turancı ve Sovyet idaresine karşı olduğu gerekçesiyle tutuklanarak hapse atıldı. 1934 yılında serbest bırakıldıysa da 1937 yılında tekrar tutuklandı ve öldürüldü. Eserleri 1929 yılından itibaren 1988'e kadar yasak idi. A. Baytursunoğlu eğitimcilik işini kendisinin vatandaşlık vazifesi ve hayatının gayesi olarak saydı. Şiirlerinde halkını uyanmaya, cehâletten kurtulmaya, hür ve bağımsız olmaya çağırır. Bununla birlikte Kazak bozkırlarındaki okulların durumunu, çocuk eğitiminin nasıl olması gerektiği konusundaki makaleleri gazete ve dergilerde yer aldı. (Baytursunoğlu, A. a. g. e., s.13). 1913 yılında «Kazak» gazetesinde «Oku Jayı» (Eğitim Durumu) adlı makalesi yayımlandı [4, 26].

Çocuk eğitiminde en mühim basamak, ilk okuldur. Bundan dolayı A. Baytursunoğlu eğitimin bu safhasına dikkat çekmiş, gereken önemi vermiştir. Bu konudaki görüşlerini 1914 yılında yazdığı «Bastauş Mektep» (İlk Okul) adlı makalesinde ele aldı [5, 61]. Ahmet Baytursunoğlu 1910 yılından itibaren Kazak alfabesi ile uğraşmaya başlar. Bu güne kadar diğer Türk halkları gibi Kazakların da kullandığı Arap alfabesinin Kazak dili için uygun olmadığını fark ederek, onu Kazak dilinin ses sistemine uygun olarak islah etme konusunu ele aldı. Onun için ilk önce Kazak dilinin ses sistemini araştırmaya başladı. Kazak dilinin ses sistemi ve onları simgeleyen harfler hakkındaki fikirlerini 1912 yılından itibaren «Aykap» dergisi ve «Kazak» gazetelerinde yayımlamaya başladı.

A. Baytursunoğlu'nun Arap yazısını Kazak diline uygun hâle getirmek üzere hazırladığı alfabetini Kazak toplumu, özellikle öğretmen cemiası hiç tereddütsüz kabul etti. Çünkü Baytursunoğlu'nun hazırladığı yeni alfabe, Kazak Türkçesinin yapısına uygun ilmî esaslara dayanan bir yazı sistemi idi. Bununla birlikte 1912 yılından itibaren onun hazırladığı yeni yazı kullanılmaya başladı. Sadece 1915 yılında bu yeni yazı ile yaklaşık on beş kitap neşredildi. 1912 yılından itibaren bu yazıyı Müslüman okulları ve Kazak-Rus okullarında kullanmaya başladı.

Böylece Arap alfabesi esas alınarak yapılan yeni Kazak yazısı 1924 yılında Orenburg'ta Haziran ayının on ikisi günü başlayan Kırgız (Kazak) alimlerinin ilk toplantısında ele alındı. Toplantıda A. Baytursunoğlu, alfabe meselesini ele aldığı «Elipbi takırtı» konulu semineri verdi. O tebliğinde Türk halklarının kullandığı yazısının olduğunu, onu bırakıp başka yazıya geçmenin kolay olmadığını fikrini bu toplantıda ispat eder.

A. Baytursunoğlu 1926 yılında Bakü şehrinde yapılan Uluslar arası Birinci Türkologlar toplantısında islah edilen Kazak yazısını tanıtarak, Kazakların Lâtin harfine geçmesine karşı çıkar. Eskiden kullanılan milletin diline uygun olarak yeniden düzenlenen Kazak yazısını bırakıp, Lâtin harflerine geçmenin siyasî-ideolojik ve ekonomik bakımdan anlamsız olduğunu ileri sürer. Aksine, yazı sistemi değiştirildiği takdirde, asırlarca yaşatılan mirastan, yazı geleneğinden uzaklaşma tehlikesini dile getirdi. A. Baytursunoğlu, Kazak çocuklarının kendi ana dilinde okuyabilmesi için çok emek veren kişidir. Bundan dolayı, Kazakça okuma yazma öğretmek amacıyla elifba kitabını yazdı. Bu «Oku Kuralı» (Okuma kitabı), ilk defa Orenburg'ta neşredildi. Bu kitap 1912-1925 yılları arasında yedi kez tekrar basıldı. Baytursunoğlu, 1926 yılında «Elifbenin» yeni baskısını hazırladı. Bu, günümüzde yazılan resimli ders kitabı idi. Baytursunoğlu, sadece okul öğrencilerine değil, büyükler için de okuma yazma öğretme gayesindeki «Elip-bi» kitabını yazdı. Bu kitap 1924, 1926 yıllarda yayımlandı [3, 16-20].

18 Mart 1929 tarihinde Ahmet Baytursunoğlu, kendisinin kaleme aldığı hayat hikâyesinde şu bilgileri verir: «Orenburg'a geldikten sonra, ilk olarak Kazak dilini, ses bilgisi, şekil bilgisi ve cümle bilgisi açılarından inceledim. İkinci olarak, yazmayı kolaylaştırmak için Kazak alfabesi üstünde çalışmalar yaptım onu geliştirdim. Üçüncü olarak, Kazak yazı dilini yabancı dillerin sultasından kurtarmak için çalışmalar yaptım. Dördüncü olarak da, yazışma dilini, gazete dilini, resmî yazışma dilini ve ilim dilini, edebî dil açısından inceleyip yanlışlıkları düzeltmeye çalıştım. Terimlerin Kazakçalarını bularak bunları belli bir sisteme koymaya çalıştım. Bütün bunlar, kendi yazdığım ders kitapları ve yazı işleri müdürlüğünü yaptığım Kazak gazetesi vâsıtasıyla gerçekleştirildi. [6, 25].

1912 yılında yayımlanan «Oku Kuralı» (Okuma kitabı) kitabından sonra A. Baytursunoğlu Kazak Türkçesinin ses, kelime, cümle sistemini öğretmek amacıyla «Til Kuralı» (Dil Kitabı) adlı üç bölümden oluşan ders kitabını yazmaya başlar. Bu kitabın birinci bölümü, yani fonetik kısmı 1915 yılında ilk defa neşredilir. Bundan sonra da bu bölüm birkaç defa eksiklikleri giderilerek tekrar basılır. Kazak Türkçesinin morfolojisi ile ilgili ikinci bölümü ise, 1914 yılında neşredilir. Bu bölüm de birkaç defa tekrar basılır. Sentaksla ilgili üçüncü bölümü ise, 1916 yılından itibaren altı defa basılır [3, 20].

A. Baytursunoğlu «Til-Kural» kitabının ön sözünde şöyle diyor: «Dil insanı insan yapan unsurlardan en önemlisi ve insanın kullandığı vâsıtalardan biridir. Yeryüzündeki insanlar dilsiz kalsalar, konuşmaz hâle gelseler ne kadar bir kötü duruma düşerlerdi. Bugün insanlar yazmayı unutsalar, yazamaz olsalardı, bu da en az dilsizlik kadar acı ve çekilmez bir hâl olurdu. Çağımız, yazı çağı; yazı ile anlaşmanın dille, ağızla anlaşma ve söyleşmeden daha önemli olduğu bir çağ» [3, 141-142]. Bundan sonra yazar, yazı ve yazıyı öğretmede karşılaşılan problemlere değinir. Kazak okullarındaki eğitim sistemini ele alır; eğitimde karşılaşılan zorlukları dile getirir. Problemleri dile getirmekle kalmaz, kendi fikir ve tekliflerini de ortaya koyar.

«Dünya dilleri aslında üçe ayrılır: 1. Tübirşek til (Tek heceli diller), 2. Jalğamalı til (Eklemeli diller), 3. Koparmalı til (Bükümlü diller). Tek heceli dillerde kelime, yeni mânâları ifâde ederken hiçbir şekil değişikliğine uğramaz. Çin ve Japon dilleri gibi. Eklemeli dillerde yeni kelimeler eklerle yapılır. Türk dili ve Fin dili gibi. Bükümlü dillerde ise yeni kelimeler, kelime kökünün bükülmesi ile yapılır. Rus dili ve Arap dili gibi [3, 143]. Biz de dilimizi korumak istiyorsak, önce başka topluluklar gibi kendi dilimizle eğitim yapmalıyız; ondan sonra başka dilleri öğrenmeliyiz ve öğretmeliyiz. İlk okullarda diğer derslerle beraber Kazak dili dersi de okutulmalıdır.

A. Baytursunoğlu dil öğretme amacıyla yazılan «Oku Kuralı» ve «Til – Kuralı» çalışmalarının dışında, gramer alıştırmalarının yer aldığı bir çalışması da vardır. Bu çalışmasını, «Til Jumsar» (konuşma) adı ile iki bölümden oluşan iki kitap hâlinde 1928 yılında Kızılorda'da neşretmiştir. Yazar, bu çalışmasının üç bölümden oluşacağını belirtmiş, fakat bitiremeden 1929 yılında tutuklanmış. «Til Jumsar» çalışmasının 35 sayfadan oluşan birinci bölümü «konuşma, okuma, uygulamalı yazı dili» bölümlerinden meydana gelmektedir. İkinci bölümünde ise, birinci bölümdeki konular genişleterek verilmiş. Ayrıca bu bölümde, çeşitli metinler, alıştırmalar, sorular vardır. Yazarın bunlardan başka «Bayanşı» (beyan eden) adlı kitabı vardır. Bu çalışması harfleri anlatmaktadır. Kitap, 1912 yılından itibaren birkaç kez yayımlanmıştır.

Bununla birlikte yazarın okuma yazma metodları ile ilgili çalışmaları da bulunmaktadır. Bu konu ile ilgili «Elip-bi Astarı» (Okuma Yazmanın Temeli) çalışması bulunmaktadır. 1927-1928 yılları arasında «Jana Mektep» (Yeni Okul) dergisinde «Ana Tilinin Edisi» (Ana Dilinin Metodları), «Zertteu men Sügiretşilik Edisi Turalı» (Araştırma ve Resim ile İlgili Metodlar), «Kay Edis Jaksı» (Metodların Hangisi İyidir) adlı metotla ilgili problemlerden bahseden birçok makale yayımlar.

Ahmet Baytursunoğlu Kazak Edebiyatı Araştırmalarının konusu da milli değerler oldu. Yazar, 1895 yılında «Turgayskaya Gazeta» dergisinin Eylül 24, 39 sayılarında «Kirgizsky Primeti i Poslovitsı» (Kırgızların İnançları ve Atasözleri) adlı makalesini yayımlamıştır. Bu makalesinde, tarımla ilgili, mevsimlerin, günlük hava durumunu tahmin eden halk arasında söylenen otuz altı atasözünden bahsetmektedir. 1923 yılında «Er Sayın» destanını Moskova'da neşreder. 1926 yılında «23 joktau» (23 ağıt) adlı eserini hazırlayıp Moskova'da yayımlar. Bu çalışmasında da halk edebiyatından örnekler vermiştir. Kazakların 400 senelik tarihini kapsayan böyle örnekleri yayımlamasının gerekçelerini kitabının ön sözünde açıklamıştır.

Edebiyatla ilgili fikirlerini «Kazak» gazetesinin 1913 yılında yayımlanan 39-41 sayılarında «Kazaktın Bas Akını» (Kazakların Baş Ozanı) adlı geniş kapsamlı makalesinde neşretmiştir. Bu makale, ulu Abay'ın eserleri ile ilgili yazılan ilk ilmî çalışmadır. A. Baytursunoğlu'un «Edebyat Tanıtıkış» (Edebiyat Tanıtıcısı) adındaki geniş kapsamlı çalışması, edebiyat tarihi ile ilgili ilk ilmî çalışma sayılmakta ve bugün de edebiyat araştırmalarının ilk önemli örneği sayılmaktadır.

Ahmet Baytursunoğlu çok güzel müzik yorumcusu idi. Millî sazları ve piyanoyu iyi şekilde çalardı. Kazak müzik sanatını ilk araştıran, dünyaya tanıtan ünlü A. Zatayeviç «Kazak Halkının Min Eni» (Kazak Halkının Bin Şarkısı) isimli 1925 yılında Orenburg'ta basılan kitabında Ahmet Baytursunoğlu'nun kendi millî şarkılarını çok iyi bildiğini ve bu şarkıları çok güzel yorumlayabildiğini hem de ustaca saz çalabildiğini yazmıştır. Ahmet Baytursunoğlu'nun sadece dil ve edebiyat alanıyla değil, etnografi ve tarih konuları ile de ilgilendiğini belirtmeliyiz. Muhtar Awezov 1923 yılında yazdığı makalesinde şöyle demektedir: «Baytursunoğlu, 1923 yılında «Madeniyet Tarihi» (Kültür Tarihi) isimli kitabı yazmış. Fakat ne yazık ki bu kitap zamanında yayımlanmamış ve günümüzde elimize ulaşmamıştır [7, 270].

Ahmet Baytursunoğlu Şiirlerine Konu Olan Milli Değerler

1927 yılında Smağul Saduakasov, « Ahmet Baytursunoğlu'na profesyonel şair demektense, onu büyük dava adamı ve âlim olarak tanımlamak daha doğrudur», diye yazmıştır. Bu, büyük bir ihtimalle son 10-15 yıl boyunca (1927 yılına kadar) Baytursunoğlu'un şiir yazmamasından, yayımlanan eserinin veya kitabının olmamasından dolayıdır. Yoksa, Ahmet Baytursunoğlu'un şairlik yeteneği, geride bıraktığı şiir kitapları onun büyük şair olduğunun kanıtıdır. Ahmet Baytursunoğlu'un şiirleri, «Masa» (Sivrisinek) «Kırık Mısal» (Kırık Mısal) isimli kitaplarında 1912-1922 yılları arasında Sank-Petersburg, Kazan, Orımbor şehirlerinde birkaç defa basılmıştır.

«Kırık mısal» (Kırık Mısal) ünlü Rus edibi İ. Krylov'un şiirlerinin tercümesi ve o tarzda yazılan şiirlerdir. Baytursunoğlu'un edebî eserlerinde bu tarzı seçmesinde büyük bir anlam vardır. Fabıl tarzının Kazak halkı için de yabancı olmadığını bilerek ve böylece halkı iyiliğe davet etmek, kötülüklerden uzak durmayı öğütlemek için en kolay yol olarak düşünmüştür.

«Masa» adıyla topladığı şiir kitabında yer alan şiirler, şâirin temel eserleridir. Zamanında, Muhtar Awezov «Kırık Mısalı» «Kalın Kazak halkının devrim ruhunda duyduğu ilk kelimeler» diye değerlendirmiştir. «Masa» kitabını ise Kazak okurlarına duyurulan ikinci milliyetçi slogan olarak nitelendirmiştir.

Ahmet Baytursunoğlu Gazeteci Yazar olarak milli değerleri kaleme almıştır.

Ahmet Baytursunoğlu, döneminin önemli yayın organlarından «Kazak» gazetesinin Genel Yayın Yönetmenliğini yapmış, «Aykap» dergisinin sayfalarında sayısız yazılar yazarak görüşlerini ortaya koymuş, toplumun yapısını tanıyabilen onun için endişelenen bir gazeteci yazar olarak hafızalarda kalmıştır.

Baytursunoğlu, genel olarak makale yazmıştır. 1911 yılında Aykap (2.sayı) dergisinde yayımlanan «Kazak Ölkesi» (Kazak Diyarı) başlıklı makalesi ile başlayarak, 1912-1914 yılları arasında Kazak gazetesinin ve Aykap dergisine yazdığı «Oku Jayı» (Eğitim Durumu), «Bastauş Mektep» (İlk Okul), «Kazak Jerin Alu

Турасындағы Низам» (Kazak Yerlerini İstila Etme Öncesi Nizamlar), «Kazak Hem Tört-Duma» (Kazak Hem Dört Duma), «Jauap Hat» (Janşa Seydalin mırzağa) (Janşa Seydalin Bey'e Cevap Mektubu), «Şarua Jayınan» (Köy Hayatı), «Bul Zamannın Soğısı» (Bu Zamanın Savaşı) gibi baş makalelerde gündeme getirdiği konular, toplumsal önemi açısından tam anlamıyla bir gazetecilik eseridir.

Ahmet Baytursunoğlu'un gazete yazıları sadece Kazakça değil Rus dilinde de yayımlanmıştır. «Jizn Natsiyonalnostey» (Milletlerin Hayatı) isimli dergide «Revoljutsia jane Kazaktar» (İhtilal ve Kazaklar) (1919, sayı 29 (37)), «Tağı da Kazakstandağı Aştık Jayında» (Bir Kez Daha Kazakistan'daki Açlık Hakkında) (1921, sayı 23 (121)) gibi makaleleri yayımlanmıştır.

Böylece, Ahmet Baytursunoğlu ilk olarak Kazak alfabesi islahatçısı ve okul kitaplarının yazarı, ikinci olarak Arap alfabesinin temel alındığı Kazak yazı dili reformcusudur. Bu yazı dili, yirminci yüz yılın ilk on yıllarından itibaren 20. yılların sonuna kadar Kazak kültürüne ve eğitimine hizmet etmiştir. Baytursunoğlu'un alfabesi, bu güne kadar kullanılmaktadır: Çin Halk Cumhuriyeti, Afganistan, İran gibi ülkelerde yaşayan Kazak kardeşlerimiz ilk eğitimlerini bu alfabe ile alarak yazılarında da bu yazı türünü kullanmaktadırlar. Üçüncü olarak Ahmet Baytursunoğlu, Kazak dili ve edebiyatını, kültür ve tarihini araştıran ilk filolog, Kazakistan ilminin temelini atan tarihçi ve âlimlerdendir.

Кайнақлар:

1. Mırzahmetov M. Kazak kalay orıstandı.– Almatı, 1993.
2. Ulttik Ruhtin Uli Tini, Majitova Ş. Kazak jazununın tarihi hakkında. - Almatı, 1999.
3. Baytursınulı A. Til taǵlımi.- Almatı, 1992.
4. Kazak gazetı. - Orınbor, 9 Mamır, 1914. - sanı 61.
5. Özdemir A. Kazak Türklerinin Büyük Edibi Milliyetçi Aydın A. Baytursunoǵlu. A.Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi Yayını, Erzurum 1995.
6. Awezov M. Ahannın 50 jıldık toyı // Akjol.- 4 şubat 1923.

Ибрамова Ж.

*Сулеймен Демирел атындағы
университеттің докторанты*

А.Байтұрсынов – қазақ әдеби тілінің негізін салушы

Мерзімді баспасөз беттеріндегі жарияланған мақалалар сол қоғам өмірінің айнасы, нақ сол уақытта қоғамда орын алып жатқан құбылыстар мен дамудың бейнесі іспетті. Осыған орай қазақ әдеби тілінің дамуы мен қолданыс аясының кеңеюі де осы мерзімді баспасөз беттерінің үлесінде деп айтуға тұрарлық. Әдеби тіліміздің тарихын түзуде газет, журналдар тілі арқылы тіліміздің лексикалық, грамматикалық тұрғыдан даму сатыларын бақылай аламыз. Осы мақсатты ұстана отырып, әдеби тіліміздің нормаланып, бастапқы қайнар көзі бола алған мерзімді баспасөздің бірі – «Қазақ» газетін қолға алып отырмыз. Газет тілі жайлы деректерді ХХ ғасыр басындағы мерзімді баспасөз беттерінің тілін зертеуші ғалымдардың еңбектерінен көруге болады. Атап айтқанда, Б.Әбілқасымовтың «Алғашқы қазақ газеттерінің тілі», Б.Момынованың «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика», Ө.Әбдіманов «Қазақ» газеті, Шара Мәжітаеваның «ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» атты еңбектерінен таба аламыз.

«Қазақ» газеті 1913 жылы қазақтың біртуар тілші ғалымы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен жарық көре бастады. Басты шығарушысы болумен қатар көптеген мақалалардың да авторы болды. Газет бетінде жарық көрген мақалаларының басым бөлігін «А.Б.» деген есіммен шығарса, кейбірлерін «Түрік баласы» деген атпен шығарған. Ал кейбіреулерінде өз атын көрсеткен. Біз қолға алып отырған мақала С.Смағұлова, Ғ.Әнес және Т.Замзаеваның құрастыруымен 1913 жылы жарық көрген «Қазақ» газетіндегі мақалалар жинағынан алынды. Осы жинақта Ахмет Байтұрсыновтың «А.Б.» деген атпен жариялаған екі ірі мақаласын таңдап алып отырмыз. Осы екі мақаланың мәтінін оқи отырып, сол кезеңдегі әдеби тілдің лексикалық және грамматикалық жақындығы мен ерекшелігін айқындау, қазіргі қазақ әдеби тілімізге қаншалықты жақын екендігін зерттеу мақсатымыз болып отыр.

А. Байтұрсыновтың еңбектерінен жан-жақты, кез келген стильді терең игерген қаламгер екендігін көруге болады. Осыны айшықтау мақсатында екі түрлі стильде жазылған екі мақаласын таңдап алдық. Олар: 1913 жылы 7 қыргүйекте №29 шыққан «Қазақ жерін алу турасында низам» және 1913 жылы 23 қарашада №39 шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласы. Алғашқысы – «ХХ ғасырдың басында қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерін негізінен үш мәселе ойландырды: жер

мәселесі, оқу-ағарту ісі, қазақ еліндегі басқару жүйесі» [2, 67], – деген Шара Мәжітаеваның тұжырымы бойынша, оқу-жазу білмейтін, қараңғы халықтың низам білместігінен қоныс жерлерінен айырылып қалу қаупінің алдын алу мақсатында жазылған болатын. *Низам* – араб тілінен алынған, «тәртіп», «жүйелілік» деген мағынаны береді [6, 897]. Осы мақалада жер мәселесін қозғау арқылы халықтың қоғамдық-саяси санасын оятуды, бір жерге жұмылдыруды көздеп отыр. Сондықтан мақаланың тілі де халықтың ой-санасына ыңғайланып жай, түсінікті сөздермен басталған. Бұлай басталу себебі осы туындап отырған мәселе халықтың сауатсыздығынан, қараңғылығынан екендігіне назар аудартуға бағытталғаннан болса керек. «Жалпақ жұрттың бәрі болмаса да, жалғыз-жарым, аз да болса пайдаланар» деген ниетпенен қазақтың жерін алу турасындағы шыққан низам, бұйрықтарды аударып, бірте-бірте жұрттың құлағына тигізбек ойым бар», – деп өз сөзімен білдіреді [1, 300]. Екінші мақалада автор ағартушылық саясатты ұстанған. Бұл – гуманистік бағытта жазылған «Қазақтың бас ақыны» деген тақырыптағы көркем әдеби мақала. Аты айтып тұрғандай, қазақтың ұлы ағартушысы – Абай арқылы халықтың көзін ашпаққа тіл төккен еді.

Екі мақаланы оқу барысында байқалатын жайт: бір ғасыр бұрын жазылған дүние болса да, тілінен жатырқау немесе өгейсіну деген байқалмайтындығы. Бұл – ненің көрсеткіші? Бұл – Ахмет Байтұрсыновтың тілінің бізге қаншалықты жақын екендігінің және де оның біздің сөз саптауымыздың бастамашысы екендігінің көрінісі деп білеміз.

Мақалалардың лексикалық ерекшеліктеріне назар аударсақ, 80%-ы – қазақтың төл сөзі болды. Бұл жайында Сәбит Мұқанов 1932 жылы шыққан кітабында «Қазақпен» қазақтың тілі туды, таза қазақ тілінде шыққан баспасөз «Қазақ» газеті ғана болды», – деген болатын [4, 52]. Қалғаны араб-парсы тілінен еніп, қазақ тіліне сіңіп кеткен сөздер тобы мен жаңадан қоғамдық-саяси жағдайларға байланысты орыс сөздерінің куәсі боламыз.

Бұл жылдардағы қазақ әдеби тілінің баю, икемді болу процесі М.Балақаевтың көрсеткеніндей, екі түрлі арнадан шығып қалыптаса бастады. Ол арнаның бірі – «ішіндегі бар күшін сыртқа шығаруға» жол алған қазақ халқының өзінің ауыз тілі де, екіншісі – орыс халқының тілі болды [2, 79]. Осы көрсеткіш бойынша, мақалада басты көзге ілінетін ерекшелік бұл жер мәселесіне байланысты орыс тілінен кірген терминдерді мольнан пайдаланылуы: *инструкция, общество, губерния, статия, десятичина, прауление, министрлер советі, сажен, через полость, производительный работы, шеноуніг, расходы, временни, комиссия, переселениески праулю, общий присутствие, волостной уапраител, протокол, план, граница, запас, волостной сиез, казенниш палата, оброк*.

А. Байтұрсынов осы низамды жазғанда орыс сөздермен қазақ сөздерін қатар алып жүрген жерлерін де кездестіреміз. Қарастырып, сұрастырып, есептеп білгеннен кейін жерді қай шаруаға жарамды, түріне қарап тілім-тілім бөледі һәм һәр тілімге өз алдына *норма* иәни пәлен десятичина жер шаруа басына иә жан басына деп *мөлшер* істейді. Бұзу *расходы*, қайтадан орнату *расходы*, сынатын, бүлінетін *шығыныменен*. Бәрі *мезгілгі (временни)* комиссияге түсіп, аталмыш мақалаларда қолданылған *мұжық, шайыр, низам, тәнбия, гайри*. Жоғарыда көрсетілген орыс сөздері уақыт талабына сай қазіргі қазақ тілінде пассивтеніп, көне сөздерге не архаизмдерге айналып кетті. Керісінше, кейбір сөздер қайта жаңарып, жаңа мазмұнда тілімізге еніп кетті (*хакім, төраға, иағни, дәфтәр*).

Бізге бейтаныс болып көрінген сөз тіркестері мыналар: *қасиетін қармай жазу, қазақтың бас адамдары* (билік басындағылар), *өлер жолы* (өлер алдында), *атын бұзу* (атын өзгерту), *халыққа араны жүру* (халыққа басшылық жасау), *алғыс береді* (алғыс айту), *құлаққа десі тиетін өлеңдер*.

Ал мақалалар тілінің грамматикалық ерекшеліктерін екшейтін болсақ, ең баста қазақ тіліндегі көмектес септіктің қосымшасы және ыңғайластық мағына беретін *мен, бен, пен* шылауымен бірге *менен, бенен* тұлғалары да жарыса қолданылған. Бұл жайлы: «Менен», «пенен» жалғаулықтар «мен», «пен» деп де қысқартылып айтыла береді», – деп А.Байтұрсынов «Тіл – құрал» деген еңбегінде көрсеткен [5, 46]. Мысалы: *үй-мүлкімізді көшіргенде дұрыстықпенен кеспеді, статияларының жөнімен болып, мұныменен көрінеді, қалып етілмес мөлшерменен көшпелілерге де жер қалдыру керек* деген жолдар 1-мақаладан алынса, *солармен таласы, қазақтан сұлтан болған, біліммен би болып, бәлки сол күйімен өліп те кетуі ықтимал, орыс ақындарымен танысып, олардың кітаптарымен таныстырған*. Осы жерде аңғарылатын мәселе – бірінші мақалада *менен, бенен* жалғауын көбірек қолданса, екінші мақалада еш қолданбаған. Бұл бірінші мақаланың сөйлеу тіліне анағұрлым жақындау стильде жазылғандығының көрінісі болса керек.

Қазіргі қазақ тілінде жиі қолданылатын *келетін, баратын* тұлғалы есімшелер аталмыш мақалаларда **-тұғын**мен де **-тын/-тін** менде қолданыла береді. Мысалы, *бағылатұғын* малы бар, *жыртатұғын* жер қанша, *айдалатұғын* жолдар, *егетұғын* егіні, *алатұғын* жерлер; *мақтамайтын* адам болмады, артық *көретін* мінезі деген жолдар кездеседі. Бұл да – көркем әдеби стильде жазылған мақаланың қазіргі тілімізге бір табан жақын екендігінің дәлелі.

Қимыл есімі ретінде қазіргі тіліміздегі **-у** тұлғалы тұйық етістігінің орнына мына формалар қолданылды:

Барыс жалғаулы **-ар/-ер, -с** жұрнақты есімше мен *керек* сөзінің тіркесі қолданылады: Ең әуелі *білуге керек, жер есебіне кіруге керек* (Қазақ №29). Өлең жақсы *болуға не керектігі, әрі сынышы боларға керек*.

Қазіргі әдеби тілдің нормасынан шығып қалған *һәркім, һәм, гәйри* шылауларын де кездестіреміз.

Я шылауы *иа, йаки* түрінде кездеседі: қанша жақын *иа* алыс, *иа* әнге салып

Сондықтан шылауының орнына *соның үшін, аның үшін, онан* шылауларын қолданылған: *онан оқығанда, сонан ғана, мұның бойынша* (қазақ №39)

Туралы, жайлы, жөнінде, жайында шылауларының орнына *тақырыпты, турасында* деген сөздерді қолданған: қазақ жерін алу *турасында*, қай жерде ақындар *жайынан* йә ақындардың сөздері *жайынан* әңгіме болса. Біз сөз етіп отырған ХХ ғасыр басындағы газет бетінде тіліміздің баяу өзгертін саласы – грамматикалық құрылысында да елеулі ерекшеліктер бар. Мысалы, қазіргі әдеби тілдің грамматикалық нормасына жатпайтын, ерсі болып көрінетін, сөйлеу тіліне тән құрылымдар көп кездеседі: *Қазақтарға қалатұғын жердің шамасын анықтап білу үшін жер министрінің әміріменен әртүрлі жұмыстар болады: жердің түрін, түгін, елінің ыңғайын, жігін, малын, шаруа қалпын білуге* [1, 300]. *Олардың отыратұғын уақытына қарап һәм соңғы жылдарда көшіп келіп жүрген үйлердің санына қарап* [1, 301]. *Мұндай артық жерді қалдырар, қалдырмас билігі министрлердің советінде* [1, 301]. *Оны жер министрiнiң мекемесi министрлердiң советiне кiргiзедi, бекiту үшiн.*

Сол кезеңдегі қазақ жазбаларына тән нормативтік құбылыс *деп* көмектес етістігіне аяқталатын төл сөзді сөйлемдер мен басыңқысы бұрын, бағыныңқысы соңынан келетін сөйлемнен мысал: *«Баяғыдан бері жазыла-жазыла қожса, молдалардан ұят болды, енді өлмесе болмас» деп* (Қазақтың бас ақыны, 398).

Қорыта айтқанда, ХХ ғасырдың басында жарық көрген «Қазақ» газетіндегі материалдардың қазақ әдеби тілінің нормалануына қосқан үлесі айрықша зор. Сонымен қатар сол кезеңді қолданылған қазіргі таңда қолданыстан шығып қалған лексикалық, грамматикалық өзгерістерді айшықтауда алар орны үлкен екендігін анықтауға мүмкіндік берді. Ал, атап айтқанда, А. Байтұрсыновтың «Қазақ жерін алу турасында низам» және «Қазақтың бас ақыны» атты мақалалары тілін талдау арқылы сол кезеңдегі тіл тұлғалардың қазіргі таңдағы тілден аса көп айырмашылығы жоқ екендігін, тілінен жатсыну болмайтынын дәлелдедік. Десек те арадан бір ғасырдан астам уақыт өткендіктен, лексикалық өзгерістер де жоқ емес. Бұл – тілдің уақыт талабына сай өзгерімпаз екендігінің айғағы.

Әдебиет:

1. «Қазақ» газеті. 1913 жыл /Құрастырған: С.Смағұлова, Ғ.Әнәс, Т.Замзаева. - Алматы: Арыс, 2009. - 480 бет.
2. Мәжітаева Ш. ХХ ғасырдың I жартысындағы қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1999. - 192 бет.
3. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы: Ғылым, 1971.
4. Мұқанов С. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. - Қызылорда, 1935.
5. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Абзал-Ай, 2013. - 640 бет.
6. Arapca-turkce sozluk. Serdar Mutcali. - Dagarcik. - 1023 s.

Сайбекова Н.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты

А.Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің негізділігі

Тіл мен мәдениеттің баға жетпес ұлттық құндылықтарды жеткізетін қазына ретінде қарастыру керектігі туралы Э.Сепир: «Тілдің бір тұғыры бар. Ол мәдениеттен тыс өмір сүрмейді. Ол дәстүр болып жалғасқан біздің тыныс-тіршілігіміз мүлде қабысып кеткен салт-дәстүр мен наным-сенімдерден мүлде арыла алмайды. Тілдегі лексика өзі қызмет етіп тұрған мәдениетті өз қалпында көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, «тілдің тарихы мен мәдениет тарихы жапсарлас дамиды» деуге болады», – дейді [1]. Тіл мен мәдениеттің байланысы «Тіл – тіл иесінің рухы» деп айтуға мүмкіндік береді. В. фон Гумбольдттің пікірінше, ұлттың өзіне тән, іштей дамитын рухы бар. Сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан ұрпаққа беруші күш – тіл. Бұл қағида ғалымның тілді адамның ойы мен санасы, мәдениеті және рухани өмірімен тығыз байланыста қарайтын тіл философиясына сай философиялық-лингвистикалық бағдарламасының негізін құрайды. Автордың пікірінше, тіл мен рух – біртұтас ұғым, себебі – тіл ұлттық рухтың жемісі, рухтың әрекеті. Тілдің шығуы мен рухани күштердің шығуына бірдей себептер әсер етеді. Әйтсе де тіл рухтың шығуына жағдай жасаушы болып қалады. Тіл мен рухани күштер бір-бірінен бөлек дамымайды, қайта интеллектуалды қабілеттің бөлінбес әрекетін құрайды [2, 47].

«Человек весь не укладывается в границы своего языка, он больше того, что можно выразить в словах; но ему приходится заключать в слове свой неуловимый дух, чтобы скрепить его чем-то, и использовать слова как опоры достижения того, что выходит за их рамки» [2, 47-49]. В.фон Гумбольдтың осы пікіріне сүйене отырып, А.А.Потебня тілді ойды туғызушы тетік, яғни, «тілде о бастан шығармашылық мүмкіндік бар» деп түсініп, «тіл – оқшау тұрған құбылыс емес, ол халықтың мәдениетімен біртұтас байланыста» деп санайды.

Тіл – халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, қадір тұтатын заттары мен құндылықтар дүниесінің, қоршаған ортаның т.б. өмір сүру үлгілерінен хабардар ететін құрал. Әр ұлттың ана тілінде оның бүкіл өмірі, тарихы, тыныс-тіршілігі, жан дүниесі, яғни, мәдениеті көрініс табады. «Тіл», «сана», «таным» және «мәдениет» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты, ал жазу – мәдениеттің ең жоғарғы деңгейдегі көрінісі және адамзаттық мәдениеттің дамуын айқындайтын әлеуметтік мәні бар зор құбылыс болып табылады.

Жазу дегеніміз не? Жазу дегеніміз – грамматология ғылымы. Грамматология (гр. gramma – жазу, гр. logos – ұғым, ілім) – жазу туралы ғылым. Қазақ тіл біліміндегі грамматология ғылымының негізін қалаған – Ахмет Байтұрсынұлы. «Әліппе» («Оқу құралы») – нағыз грамматологиялық бағытта жазылған еңбек, онда қазақ тілінде 24 дыбыс, оның ішінде 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жарты дауысты бар екені көрсетіледі.

А.Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» кітабындағы «Қазақша алифба» оқу құралына арналған бөлімінде М әрпіне байланысты 24 мысал берілген [3, 38].

		(м) م			
(мық) مق	(алма) الما	(мас) ماس	(там) تام		
(мамық) مامق	(алмас) الماس	(маса) ماسا	(тама) تاما		
(мыс) مس	(алмақ) الماق	(масақ) ماساق	(тамақ) تاماق		
(қамыс) قامس	(қалмақ) قالماق	(мол) مول	(шам) شام		
(мұз) مؤز	(салмақ) سالماق	(молы) مولى	(шама) شاما		
(мұрт) مؤرت	(талмақ) تالماق	(молық) مولق	(шамалы) شامالى		


Мал, малы, малшы, тамыр, тамыз, құм, құман, құмақ, марқа, малта, мақта, мақбал, марал, жұмсақ.
 Мал аман. Мас жаман. Тамшы тамар. Малта ашы. Алтын салмақты. Мамық жұмсақ. Сырмақ қатты. Қармақты балық қабар.

Ал Орынбор қаласынан 1914 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсуновдың казакча алифбеси» оқу құралы түпнұсқасында М әрпіне байланысты 18 мысал берілген [4,15]. Салыстырмалы түрде қарастырсақ, «Тіл тағылымы» кітабындағы «Қазақша алифба» [3, 38] оқу құралы мен 1914 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсуновдың казакча алифбеси» [4, 15] оқу құралы түпнұсқасындағы М әрпіне мысалдар берілуінде біршама өзгешеліктер бар:

- Алма Мас Там
- Алмас Маса Тама
- Алмақ Масақ Тамақ
- Мық Мол Шам
- Мұз Молы Шама
- Мұрт Молық Шамалы

Мал, малы, малшы, тамыр, тамыз, құм, құман, құмақ, марқа, малта, мақта, мақбал, марал, жұмсақ. Мыс, мысты, мысқа, мысық, қамыс, таныс.

Мал аман. Мас жаман. Тамшы тамар. Малта ашы. Алтын салмақты. Мамық жұмсақ. Сырмақ қатты. Балық қармақ қабар.



Сонымен, *архисема* – туынды сөз мағынасының белгілі бір лексика семантикалық топқа біріктіруде негіз болатын әуелгі сема. *Архисема* – түбірдің бастапқы негізгі семасы. Танымда қабылданған зат не құбылыстың ерекше белгілерінің негізінде ғана *архисема* бөлігі сақталып, атаудың өзек семасын құрайды [5]. А.Байтұрсынұлының оқу құралында берілген *там, тама, тамақ; шам, шама, шамалы; мас, маса, масақ; мол, молы, молық; алма, алмас, алмақ* сөздерінің екіншілік туынды мағыналары арқылы *архисема* арқылы қалыптасып, өзіндік ерекше мән иеленгендігін атауға болады. Мұндағы *архисемалар* – *там, шам, мас, мол, алма*.

Синкретикалық сөздер құрамында да фонетикалық өзгерістер болады. Алайда ондай өзгерістер фонетикалық конвергенция тәрізді бір сипатқа емес, олардың әртүрлі дыбысталуына әкеліп соғады. Синкретикалық түбірлердің табиғатын тануда айрықша назар аударуды қажет ететін мәселе – олардың өзара семантикалық байланыстары. Әдетте синкретикалық етістіктер мен есімдер бір-бірімен себептілік байланыста болып отырады [6]. Мысалы, *алма* етістігінен сол процестің нәтижесі болып саналатын ұғым – *алмас* есімі келіп шығады. Себептілік байланыс туынды сөздерді де қамтиды: *тама* және *тамақ, маса* және *масақ, молы* және *молық*.

Қазіргі қазақ тілінде аса жиі қолданылатын **-ма/-ме (-ба/-бе, -па/-пе)** аффиксі зат есім жасаудың тәсілі ретінде Х-ХІ ғасыр жазбаларынан ұшырасады: *сурме, кесме, ыстама* т.б., **-ма** аффиксі де құрандылардың қатарына жатады. Мысалы: *алма* сөзінің *архисемасы* – *ал*, **-м** – құбылыс, әрекет атауын жасайтын аффикс, ал **-а** – құралдық, объектілік (құрал, объектіге қатысты) мән беретін аффикс болып табылады. Сөз соңындағы **з, с** дыбыстары қолданылуындағы сабақтастық келер шақтың болымсыз түрінен айқын көрінеді: *алмас*. Қазақ тіліндегі етістіктің болымсыздық қосымшасынан кейін жалғанатын **-с** дыбысы **-з** дыбысының тарихи қатаң варианты болып табылады. Қазақ тілінде **р ~ з** сәйкестігінің екінші сыңары болатын ұяң **з** қатаңдау процесіне ұшырап, **с**-ға айналғандығын көруге болады.

Қазақ тіліндегі болымсыздық күрделі қосымшасы **-мас** құрамындағы **-с** мен келер шақ мәнін беретін **-р** қосымшалары да – дивергенцияның нәтижесі [6]. Алдыңғы тұлға (**с**) – сөз соңының қатаңдану процесінің нәтижесі (**з > с**), ал **з** – түркі тілдерінде болған **р > з** алмасуының нәтижесі. *Алмас* (келер шақ); *Тамшы тamar* (келер шақ). *Балық қармақ қабар* (келер шақ) мысалдарының арасындағы айырмашылық – *алмас* сөзіндегі болымсыздық мағына үстейтін **-ма** мен **-з** дыбысының тарихи қатаң варианты болып табылатын **-с** дыбысында.

Ал қазіргі қазақ тілінде үнсіз (қатаң мен ұяң) фонемалар жұп-жұбымен қосарласып келеді және әрбір қатаңның ұяң сыңары болады [7]. *Тамшы тamar* (келер шақ). *Балық қармақ қабар* (келер шақ) мысалдарындағы *tamar* мен *қабар* етістіктерінің бастапқы *архисемасы* *там* және *қап* болады. Себебі қатаң **п** дыбысының ұяң сыңары **б** болады. Егер *там* сөзіне **-у** тұйық етістік (қимыл есімі) жасайтын қосымшасын жалғап болсақ, *tamu* сөзін береді. Сөйтіп, **-у** тұйық етістігі *там* сөзіне жалғану арқылы іс-әрекет жасайтын мағына үстейді. *Қап* сөзі араб тілінде (хафф) «бірдемені қоршау» деген сөз. Ал қазақ тіліндегі *қап* сөзі осы мағынаға сәйкес келеді. *Балық қармақ қабар* мысалындағы *қабар* етістігінің *архисемасы* *қап* сөзінен келіп шығатындығын ескерсек, *балық қармақты қоршайды, балық қармаққа түседі* деген мағынаны береді. *Қабар* етістігінің *архисемасы* *қап*, қатаң **-п** дыбысының ұяң сыңары **б** дыбысы болуына сәйкес, *қаб* сөзіне келер шақ етістіктің **-ар** аффиксі қосылып, келер шақ мағынасын береді. *Балық* сөзінің соңындағы **қ** дыбысы көне түркілік **ғ**-ның қатаң варианты болып табылады.

Шам сөзі – иран тілдерінде кездесетін «кеш» деген сөз. Қазіргі қазақ тілінде *сам жамырады* деген тіркестер бар, яғни, **с** мен **ш** аффрикатының өзара алмасу процесі жүреді: *сам – шам. Шама* сөзі қытайдың *ча* және *мо* сөздерінің бірігуінен жасалған, *ча* – «шай», *мо* – «қалдық, қоқым». Демек, «шайдың қалдығы», «шайдың қоқымы» деген мағынаны береді. *Чамо* сөзінің *шама* болып қалыптасуы – заңды құбылыс: аффрикат **ч** дыбысы **ш**-ға ауысқанда екінші буындағы **о** дыбысы **а**-ға ауысқан. *Шама* сөзі түркі тілдеріне қытай тілінен ауысқан сияқты [8]. Көне түркілік **ч** қазіргі түркі тілдерінде әртүрлі орныққан: қазақ **-шын**, татар **-чын**, хақас **-сын**. Сөйтіп, түркі тілдері арасында **ч >ш >с** дыбыс сәйкестігі келіп шығады. *Шамалы* сөзінде есімдерден сын есімдер тудыратын өнімді жұрнақ **-лы** – жалаң жұрнақтан жасалған туынды сын есім.

Мық, мұз, мұрт. Мық, мұз, мұрт сөздерінде дауыссыз дыбыс сәйкестігі орын алады, **ы** әрпі **ұ** әрпімен алмасу арқылы сөз мағынасын өзгертіп тұр. **Ы** әрпі **ұ** әрпіне, **қ** әрпі **з** әрпіне алмасу негізінде *мұз* сөзі судың қату, судың тону, ең жоғары температурада қату үдерісін көрсетеді. Бір дыбыстың халық арасында өзгеріске ұшырап айтылуы үшін жүздеген жыл қажет. Алифбада берілген *мық* сөзіндегі **М** әрпі қазіргі таңда **Н** әрпіне өзгеріске ұшырағандығын байқауға болады. *Мық* сөзін қазіргі таңдағы *нық, аяқты нық басу* деген секілді мысалдармен беруге болады. *Мұрт* сөзінде бір-бірімен ықпалдаспаған дауыссыздар тіркесі – диссимиляция бар: **-рт**, яғни, *мұрт* сөзі – диссимиляциялық тіркеске құрылған сөз. *Малта, марқа* сөздерінде де диссимиляция ізін байқауға болады, яғни, **-рк, -лт**.

Малта аишы мысалындағы *аишы* сөзі қазақ тілінің дыбыстық табиғатына негізделіп алынған, қазіргі таңда *аишы* сөзі *аицы* деп жазылады, **ш >ч. Ш** аффрикаты **ч** аффрикатына ауысқандығын байқауға болады. *Алтын салмақты* және *Сырмақ қатты* мысалдарында фузиялық өзгешелікті байқауға болады, қатаңнан соң **-ы** жалғанатындығын ескерсек, *салмақ* сөзінің соңындағы **қ** дыбысы қатаң, *қат* сөзінің соңындағы **т** дыбысы қатаң, сондықтан түбірдің соңғы дыбысының әсерімен **-ты** жалғанады және аталған дыбыс өзгерістері түбір мен қосымша шегінде көрініс табады. *Мысты* сөзі де осы секілді, **-с** дыбысы қатаң, ал қатаңнан соң **-ты** жалғанады. *Алтын* сөзі құрамындағы **-лт** тіркесі де бір-бірімен ықпалдаспаған дауыссыздар тіркесі болып табылады. **-лт** тіркесінің алдыңғысы – түбірдің соңғы, қосымшаның басқы дыбысы. *Алтын* сөзінде де диссимиляция тіркесі көрініс табады. Сонымен қатар кейбір ғалымдар *алтын* сөзі түркі тіліндегі *алты* сөзінен шыққанын айтады. «Монғолдарда ақша ретінде жібек мата, алтайларда мал терісі жұмсалса, кейбір түркі халықтарында (болғарларда) нәрсенің құнын белгілеуші *алты тиіннің* терісі болған. Бара-бара *алты* мен *тиін* сөздері бірігіп, *алтын* болып өзгерген» деген пікір бар [8].

Мал, малы, машы сөздеріндегі архисема – *мал. Машы* сөзі есімдерден зат есім тудыратын **-шы** жұрнағы жалғану арқылы жасалынады.

Түркі тілдерінің көне дәуірінде сөздің абсолют басында протеза ретінде айтылған **й** сөз құрамына әбден сіңіп, қазақ тілі заңдылығына лайық **ж** дыбысына айналған. Қазіргі тілімізде кейбір сөздердің басында айтылатын **ж** сол протезаның өзгерген түрі болса, *мас жаман* және *мамық жұмсақ* мысалдарындағы *жаман* және *жұмсақ* сөздері протезаның өзгерген түрі болып табылуы ықтимал екендігін айтқым келеді.

Жалпы алғанда, А.Байтұрсынұлының оқу құралында берілген мысалдардан дауысты және дауыссыз дыбыстар сәйкестігі, фузиялық өзгешеліктер, протеза, архисема, диссимиляция тіркесі көрініс табады. «Оқу құралында А.Байтұрсынұлы жоғарыда аталған сөздерді мысалға ала отырып, нені айтқысы келген?» деген сауалға жауап беретін болсам, дауысты және дауыссыз дыбыстар сәйкестігі заңдылығын негізге ала отырып, сөздердің үйренушіге жеңіл жолмен түсіндірілуіне де назар аударған. Сөздерді буындап бөліп үйренген соң, сөздің әр буынындағы дыбыстарды айырып, тұтас сөздің ішіндегі дыбыстарды білген соң, дыбыстарды қосып сөз айтуды үйрету үшін әуелі дыбыстарды емес, сөздің буындарын бөлек-бөлек айтып, оларды қосқызып сөз айтқызу жөн болып табылғандықтан, үйретуге жеңіл де қолайлы етіп, архисемасы бір сөздерді мысал етіп алған. Сонымен қатар *малта аишы* сөзіндегі *аишы* сөзін **ш** аффрикатымен беру арқылы қазақ халқының таза сөйлеу процесі, қазақ халқының табиғаты мен түпсаналық деңгейдегі дүниетанымын қалыптастыру мақсатында берілген мысалдар негізінде ұлттық дүниетанымды қалыптастыру негізге алынған.

Әдебиет:

1. Уорф Б.Л. Отношение норм поведения и мышления к языку // Новое в зарубежной лингвистике. - 1960.
2. Гумбольдт В. О различии строения человеческих языков и его влияния на духовное развитие человеческого рода // Звегинцев В.А. История языкознания XIX и XX вв. в очерках и извлечениях. - Ч. I. - М., 1964.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
4. Ахмет Байтұрсуновдын казакча алифбеси. Оқу құралы. - Оренбург, 1914.
5. Салкынбай А.Б. Қазақ тілі. Сөздік құрам. Сөзжасам. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 390 б.
6. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988.

7. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 1954.

8. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. - 240 б.

Әнесұлы Ж.
тәуелсіз журналист

Ұлтына ғұмырын арнаған ұлы тұлға

Ахмет Байтұрсынов қазіргі Қостанай облысына қарасты Жангелдин ауданының Сартүбек деген жерінде 1872 жылы 5 қыргүйекте дүниеге келген. Сартүбекпен Аққұм және айдынды Ақкөл қапталдасып жатыр. Ақкөл тарих таразысынан өткен талай тарихи оқиғалардың да куәсіндей еді. Елді бордай тоздырып, еңіреткен жоңғар шапқыншылығында қалмақтар Арқа жеріне дейін еніп, осы Ақкөл, Торғай бойында қоныстаныпты. Содан Абылай хан үш жүздің басын біріктіріп, қалмақтарға қарсы соғыс ашады. Басы қосылған қазақ әскері қалмақтарды жеңіп, оларды оңтүстікке қарай ысырғанда, Абылай бастаған әскер осы Ақкөлді бойлап өткен екен. Ұлытауда Абылайды ақ киізге орап, хан көтергенде де Кіші жүз бен Арқаның басты билері, батырлары осы Ақкөлді асып барған екен сонда. Қазақ елінің азаттығы үшін Ақ патша әскерімен талай айқасқан Кенесары хан да Торғай жерінде көп тұрақтай алмай, Жетісуға қарай бет алғанда әскерімен осы Ақкөлде бірер күн аялдапты. Ахмет Байтұрсынов өзінің өлеңдері мен әндеріне осы Ақкөл мен Аққұмды арқау еткен.

Патшаның бұйрығымен 1843 жылы негізі қаланған Торғай бекінісінің картасы бойынша қарағанда, Аққұм, Ақкөл жері Торғай өзенінің арғы бетінен, шығысқа қарай жайылып, бір шеті Бетпақдаламен шектесіп жатса, Ахаң туған Сартүбек, Аққұм, Ақкөл аймағының бергі шеті Тоғай өзенімен, Тосын құмымен жағаласып жатыр. Бұл жерлерді негізінен Үмбетей руы мекен еткен. Ахаңның үлкен атасы – Шошақ, одан туған Ақтас, Байтұрсын, Данияр (Сабалак), Ерғазы, Ермағанбет аса бір дәулетті адамдар болмағанымен, ел арасында беделді кісілер болған. Арғы тегін қуалағанда, Үмбетей руы Торғай өзенінің бергі бетін жайлап жатқан рулармен туыстас, Шақшақ батырдан тарайды. Үмбетеймен туыстас бұл рулар Торғай өзенінің оңтүстік жақтағы бергі бетін, Тосын құмын және одан әрі Ырғыз жерімен шектесіп жатқан жерлерді жайлап, қыстайды. Аққұм, Ақкөл аймағы мен Торғай өзенінің бергі бетіндегі осы аталып отырған жерлер сол кездегі уезд басқару әкімшілігімен «Тосын болыстығы» деп аталған. Сөз жүзінде болыстықты басқаратын адам «елдің қалауымен сайланады» дейтін ол кезде. Бірақ іс жүзінде болыс уезд бастығының мақұлдауымен сайлаудан өтетін. Ахмет Байтұрсыновтың бала кезінде де, оның Торғай бекінісіндегі орыс қазақ мектебінде оқып жүргенде де, Тосын болысын ұзақ жылдар бойы арғы атасы – Шақшақтан, одан бергі атасы – Шақшақ Жәнібек батырдан тараған Дәуітбай ұрпақтары биледі. Ал Ақкөл, Аққұм аймағын мекен еткен рубасы Шошақ пен оның балалары өз жерінде ғана емес, Торғай бойын жайлап жатқан барлық рулар арасында беделді, сыйлы еді.

1885 жылы Қарғалы байланыс бекетінде өтіп жатқан болыс сайлауына уезд бастығы – Яковлев арнайы келіп қатысады. Болыстыққа Дәуітбай ұрпағы өтеді. Содан тас салушы сайлаушылар алдында дау туындайды. Сол даудың ортасында жүрген Шошақұлы Байтұрсын уезд бастығынан сайлаудың қайтадан әділдікпен өткізілуін талап етеді. Яковлев Байтұрсынды тыңдағысы келмей, дөрекі сөздер айтып, жүріп кеткісі келіп атын тебініп қалған кезде намыс қысқан Байтұрсын қолындағы шыбыртқыны сілтеп қалады. Оның бір ұшы Яковлевтің мойнын орап, Байтұрсын шыбыртқыны қайта тартып қалғанда, уезд бастығы атынан ұшып түседі. Бұл – орыс патшасының өкілі үшін, оның қасына ерген атты казактар үшін бұрын соңды көрмеген масқара оқиға болды. Бұл – сол кезде болыс сайлауына келген қазақтар үшін де таңғалдырған оқиға болғанымен, Шошақ ұрпақтары үшін бұл істің арты қайғылы оқиғаларға жалғасты. 1886 жылы сот шешімімен Ақтас, Байтұрсын, Данияр (Сабалак) он бес жылға Сібірге жер аударылады.

Осы уақытқа дейін мыңғырған малын ғана бағып, жаз жайлауға көшіп, қыс қыстауға бет алып, уақытын өткізіп жүрген қалың кара қазақ орыстардың Торғайға бекініп, онда әскер ұстап отырғанына көп мән бермейтін. Мына оқиғадан кейін жұрт шошынды, қазақтың орыс боданына мықтап түскенін жан-тәнімен сезінді, бірақ ол кезде отаршыларға қарсы қолдарынан еш қайран келмейтінін де білді. Кейін Ахмет Байтұрсыновтың: «Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, Бітпеген жүрегімде бар бір жарам... Адамнан туып, адамның ісін етпей, Ұялмай не бетіммен көрге барам!» деп жазғаны бар еді. Балалық шағынан әділетсіздіктің куәсі болып, жүрегі жараланған Ахаң өлеңіндегі осы сөзін ғұмырының соңына дейін қағида қылып ұстады, орыс отаршыларына қарсы, еліміздің тәуелсіздігі үшін күресті және халқының көзін ашып, сауаттандырып, мәдениеті дамыған елдер қатарына қосу үшін

жанқиярлықпен қызмет етті. Ұлы ұстаз – Ахаң өз еңбегінің алғашқы жемісін көзімен көрді де. Өзі ғылыми түзген «Қазақ әліпбиі», грамматикасы, «Әдебиет танытқышы» жарық көріп, кезінде оқу орындарында оқытылды.

А.Байтұрсынов – отаршылдыққа қарсы күрестің бастаушысы, дем берушісі. Бұл жерде «XIX ғасырда қазақ жерінде революцияшыл, яғни, төңкерісшіл идеялар болды ма?» деген сұрақтардың туындауы орынды. Ал XIX ғасырдың ортасында Кенесары хан орыс отаршыларына қарсы саналы түрде соғыс ашты. Хан үш жүздің халқынан қолдау тапқанда орыс әскерін жеңіп, орыс бодауынан шығуы да мүмкін еді. Бірақ ең далада ыдырап орналасқан елдің басы бірікпеді. Әр хан әр жаққа тартты. Кенесарының орыс отаршыларынан жеңілу себебі – осы. Бұл көтерілістің маңызы «орыс отаршыларына қарсы енді қандай жолмен күресуге болады? Оның бодауынан қалай құтылуға болады?» деген заңды сұрақтарды туындатты. Салыстырмалы түрде қарасақ, XIX ғасырдың 70-жылдарына дейін қазақ жерін отарлап отырған Ресей патшалығының өзінде де орыс революционерлері патшаны террористік жолмен құлатуды көздесе, XIX ғасырдың аяғына таман ғана олар партиялар құрып, патшалық монархияға қарсы жоспарлы түрде күресуге бет алды. Ал қазақ жерінде оқыған азаматтардың арасында төңкерістік ойлардың ұрық шашуы XIX ғасырдың аяғы еді. Оның бастауында осы Ахмет Байтұрсынов тұрды. Сөзімізді дәлелдеу үшін Сәкен Сейфуллиннің «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылғы 19 қаңтардағы нөмірінде жарияланған А.Байтұрсынов туралы мақаласында «...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді», – деген сөзін келтіруге болады. 1923 жылдың 4 ақпанындағы «Ақ жол» газеті де: «Ұлт қамы» дегенді көкसेген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен – Ақаң еді», – деп, А.Байтұрсыновтың отаршылдыққа қарсы төңкерісшілдік рухтағы қызметін атап көрсеткен.

Орыс отаршылары жыл өткен сайын қазақ жеріне тырнағын батыра түскенін, патшаның бұл саясатының әлі де тереңдей түсетінін А.Байтұрсынов ержеткен кезде, яғни, мұғалімдік оқуды аяқтап, мектепте мұғалім болып жүрген кезде, әсіресе орыстың оқымысты азаматтарымен, қазақтарды шоқындырумен айналысып жүрген миссионерлермен кездесіп, әңгімелескен кезде ұғынды. Бұл – шамамен XIX ғасырдың аяғы, 1896-97 жыл. Содан бастап Ахаң сөз түсінетін қазақты сөзбен ширатуға кірісті. Осы мақсатта И.Крыловтың мысалдарын аударуды бастады. А.Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын Кеңес Одағы кезінде зерттеген Рымғали Нұрғалиев «Алып бәйтерек» атты мақаласында: «Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген... кісілердің мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды, әсіресе патша отаршыларының зорлық зомбылығы, жуандардың тепкісі, елдің азып тозуына байланысты сарындарды Ахмет Байтұрсынов жұмбақтап, тұспалдап, кейде ашық жеткізеді», – дейді. «Қырық мысал» баспадан шыққаннан кейін ел арасында көптеп тарады. Ахаң ойлағандай, кітап өзінің насихаттық рөлін атқарып шықты. Кітап шыққанға дейін де, шыққаннан кейін де Ахаң төңкерісшілдік қызметін тоқтатқан емес еді.

XIX ғасырдың аяғында патша әкімшілігі орыстарды қазақ жеріне көптеп қоныстандыру саясатын еркін жүзеге асыра бастады. Бұрын қазақ шегарасы Орынбор, Омбыдан әрі асып жататын. Енді Ресейден бері ағылған орыстар Орал, Қостанай, Көкшетау, Павлодар, Петропавл, Семей, Өскемен, Жетісу облыстарының шұрайлы жерлеріне, Еділ, Есіл, Ертіс өзендерінің бойларына қоныстандырыла бастады, яғни, бұл кезде патша қазақ жерінде Сібір жерлері тәрізді Ресейге біржола қосып алу және халқын шоқындыру саясатын біртіндеп жүзеге асыра бастаған еді. А.Байтұрсынов патша отаршыларының бұл саясаты қазақ халқының келешегі үшін өте қауіпті екенін жүрегімен сезді, білді. Ахаң ол кезде Қарқаралыда қызмет етіп жүрген. Жергілікті басқару әкімшілігінің қазақтарға жасалып отырған қиянаттардың заңсыздығын айтып, петиция жазуға ұйғарды. Ол петицияға Қарқаралыдағы көптеген қазақ оқығандары қол қойған. Бұл – 1905 жыл болатын (Ресейде «Қанды жексенбі» болған жыл).

Содан бір жыл кейін А.Байтұрсынов Ресей Думасына қазақтар тарапынан депутат болуы туралы ел арасында сөз қозғап (орыстың сол кездегі отар елдері арасында Думада тек қазақтан ғана депутат болмаған екен), Думаға қазақтан бір өкіл өткізулері үшін көмек сұрап, башқұрлардың, татарлардың өзбектердің белді өкілдеріне хат жазады. Сөйтіп, патшалық Ресей Думасына қазақтан депутат болуын армандаған, сол үшін көп ізденген, «содан қазаққа бір жеңілдік болар» деп үміттенген бірінші қазақ – осы А.Байтұрсынов еді. С.Сейфуллиннің «... сонау патша заманында ұлты үшін дауыс көтерген кісі еді» дейтіні – сол себептен.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы төңкерісшіл ойдағы қазақ оқығандары үшін осылай басталған еді. Ахмет Байтұрсыновтың орыс отаршыларына қарсы төңкерісшілдік бағыттағы күресі

XX ғасырдың 20-жылына дейін, яғни, «Алаш» партиясының қызметі тоқтатылғанға дейін жалғасты. Ахаң әуел бастан ақ «қазақ көзі ашық, сауатты, мәдениеті дамыған ел қатарына қосылса екен, әлеуметтік теңдікті сақтаған тәуелсіз мемлекет болса екен» деп армандаған. Ахмет Байтұрсыновтың орыстарды қазақ жеріне көптеп орналастыруға қарсы петиция ұйымдастыруын, «Қырық мысалын», «Масасын», отаршылдыққа қарсы идеямен қаруланған, сол идеяның жалынымен оқырмандарын жылытқан «Қазақ» газетін шығаруын отаршылдыққа қарсы күрес жылдарындағы жемісті еңбегі деп таныған жөн. Бұл – Ахаң мен көзі ашық оқыған азаматтары үшін ғана емес, қазақ тарихындағы отаршылдыққа қарсы күрестің белді белесі болды. Отаршылдыққа арнаған күрес жылдары А.Байтұрсыновтың жеке өмірі де оңай болған жоқ. Тағдыры талай талқыға түсті. Басқасын айтпағанның өзінде, тек петиция жазуды ұйымдастырғаны үшін патша үкіметі оны екі рет түрмеге жапты, жер аударды. Сондықтан Ахмет Байтұрсыновтың XIX ғасырдың аяқ кезінен бастап, XX ғасырдың 20-жылына дейін созылған отаршылдыққа қарсы күресі революцияшылдық, төңкерісшілдік сипатта болғанын ескерген жөн.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ әліпбиінің, грамматикасының және әдебиет теориясының ғылыми негізін қалаушы. Қазақ елін сауаттандыруда тарихи рөл атқарған Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақ әліпбиінің» Орынбордан басылып шыққанына биыл жүз жыл толып отыр. Араб графикасына бейімделіп, бар болғаны 28 қаріптен тұратын бұл әліпби әдістемелік оқулығымен бірге 1912 жылы елдің қолына тиіп, ауылда балалардың сауатын ашу үшін сол жылдан бастап қолданыла бастады. Аталмыш оқулықта оқыту әдісі көрсетілгендіктен, бір жағынан, оқытушыларға да жеңіл болды, екінші жағынан, оқушы балалар бір жылда хат тану мүмкіндігіне ие болды. Бұрын араб қарпімен молдадан оқитын шәкірттер үш жылда хат тануды әрең игеретін. Ал кирилл әрпімен оқығандар өзінің қазақ қалпынан алыстай бастайтыны байқалды. Соның бір мысалы ретінде айта кетейін, сол кезде Торғайдағы орыс-қазақ мектебінде оқыған Әліби Жангелдинді кезінде миссионерлер Ресейдің христиандық діни орталығына жіберген еді.

1913 жылы төте әліпбиді игергендер саны көбеюіне байланысты Ахмет Байтұрсынов Орынбор қаласынан осы әліпбимен «Қазақ» газетін шығара бастады. Ахаң «Қазақ әліпбиіне» қоса оны оқытуға арналған бірнеше әдістемелік оқулық та әзірледі. Олар Кеңес үкіметі тұсында ашылған мектептерде де пайдаланылып, 1929 жылға дейін қолданыста болды. Елдің сұранысы мен Кеңес тұсындағы қазақ мектептерінің қажетіне орай «Қазақ әліпбиінің» оқулықтары сол тұста тоғыз рет баспадан басылып шықты. XX ғасырдың алғашқы кезеңінде «Қазақ әліпбиін» дүниеге әкелген Ахмет Байтұрсынов қазақ тарихында тағы бір ұлы қадам жасады. Ол – қазақ тілі грамматикасын (фонетикасын, морфологиясын, синтаксисін және терминологиясын) жүйелі түрде ғылыми түзген. Бағамдап қарағанда, бұлар – бірнеше адам зерттеп қана жүзеге асыра алатын филология ғылымының төрт саласы. Ахаң қазақтың дыбыс жүйесін, сөз жүйесін, сөйлем жүйесін, терминологиясын толық зерттеп, қазақ тілі грамматикасының негізін салды. Ахмет Байтұрсыновтың лингвистика саласындағы бұл ғылыми еңбектерін кезінде Орта Азия, бүкіл түрік әлемі мойындап, қолдап, Ахаңның лингвистика саласындағы зор жетістіктерін өздерінің грамматикасында пайдаланды. 1929 жылдан кейін Кеңес үкіметі саясатымен Қазақстандағы мектептер әуелі латын, кейін кирилл қарпіне көшірілгенімен, Қытай мен Монғолиядағы екі миллионға жуық қазақ осы күнге дейін Ахаңның 28 қаріпті емлесі мен грамматикасын қолданады.

Ахаңның тіл саласындағы ғылыми жетістіктерін сол кезде орыс ғалымдары да мойындаған. 1919 жылы профессор Самойлович «Литература Востока» журналында, ғалым Е.Поливанов «О киргизско-казахской орфографии» бюллетенінде жоғары баға берген. 1929 жылы Мәскеуден шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» «А.Байтұрсынов – аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогі... Ол – қазақ емлесінің реформаторы, грамматиканың және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы», – деген анықтама берген.

XX ғасырдың 20-жылдары қазақ оқығандары, интеллигенциясы, жазушылары, ақындары қазақ мәдениетінің, әдебиетінің, өнерінің іргесін қалап, бекітіп жатқан кезде Ахаң жазған «Әдебиет танытқыш» қазақ мәдениетін, әдебиетін, ғылымын тағы бір жаңа биікке көтеріп тастады. Кеңес тұсында Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалым – Рымғали Нұрғалиевке осы «Әдебиет танытқыштың» алғашқы нұсқаларының бірін ҚазМУ профессоры – Бейсенбай Кенжебаев берген екен. Кітапты 40 жыл сақтаған ол кісі: «Бұл кітаптың шарапаты тиетін күн келеді. Ол күнді мен көрмеспін, сендер көрерсіндер», – деген екен. Бірақ кітаптың соңғы тарауы болмаған екен.

Ахаң «Мәдениет тарихын» да жазған. Бірақ ол кітабы сақталмаған. Жалпы, әдебиет теориясын оқулық ретінде жазып шығу үшін философия, психология, әдебиет теориясы ғылымдарының тарихын терең білу қажет. Ең кереметі – XX ғасырдың бірінші жартысында, қазақтың көзі енді

ашылып келе жатқан кезде жарық көрген Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышын» сол кезде «қазақ әдебиетінің қалыптасуының басында жүрміз» дейтін ақын-жазушыларды былай қойғанда, көрші Ресейдегі, Орта Азиядағы, түрік тілдес елдердегі әдебиет, филология мамандары да мойындады. Олар әдебиет тарихтарында, энциклопедияларында А.Байтұрсыновтың еңбектерін атап өтті.

Ахаңның «Әдебиет танытқышы» әрбір сауатты адам түсінетіндей түрде жазылған. Онда әңгіме, роман, өлең жанрларының көптеген түрлеріне ғылыми-теориялық терең сипаттама берілген. Мұнда да Ахаң көптеген қазақы терминдерді қолданған. Оны оқып отырып, Ахаңның сөз түрлендіргіш қасиетіне таңғаласың. Ахаң түзген терминдерді көпшілік жатырқамай қабылдады.

Кеңес тұсында Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалымдар – Рымғали Нұрғалиев пен Рәбиға Сыздықова болды. Қазақстан тәуелсіздік алған соң Ахмет Байтұрсыновтың өмірі, қызметі, шығармашылығы жаңаша зерттеліп, ғылыми еңбектерін талданды. Бұл орайда З.Қабдолов, С.Қирабаев, Ә.Қайдаров, Ө.Айтбайұлы, Т.Кәкішевтің ғылыми зерттеулері ахметтануды биік белеске көтерді. Ахаңның еңбектерін зерттеуші ғалымдар көбейіп келеді. Сондай еңбектердің қатарында ғалым Ө.Әбдимановтың «Ұлттың рухани көсемі», «Ұлт азаттығын ұлықтаған ақын», «Қырық мысал төл туынды», «Азатшыл ойға көшбасшы басылым», «Қазақ тілінің ұстазы Ахмет Байтұрсынов» т.с.с. көптеген зерттеулерін атауға болады. Өткен жылы Ахмет Байтұрсынов музей-үйінің директоры – Р.Имаханбетованың «Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өмірбаяны» атты кітабы жарық көрді. Бұл да – ахметтануға қосылған үлес болды.

Ахаңның артында қалдырған мұрасы бұлақтың көзі тәрізді. Көзін ашсаң, жарқырап, жаңа қырынан көріне береді. Осы күнге дейін жазылған ғылыми зерттеулер Ахмет Байтұрсыновтың отаршылдыққа қарсы, еліміздің тәуелсіздігі үшін күрескен ұлт қайраткері, ақын, қазақ әліппесі мен грамматикасының, терминологиясының, әдебиет теориясының негізін қалаушы ғалым, аудармашы, фольклорист, журналист публицист, композитор екенін дәлелдеп шықты.

Юсуп А.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушы

Юсуп П.

ҚазМемҚызПУ-дың аға оқытушы

Алаш зиялыларының еңбектеріндегі ана тілі мәселелері

XX ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің дамуы мен қалыптасуында маңызды орын алатын алаш зиялыларының сан салалы еңбектері қазақ халқының рухани-мәдени өрлеуіне зор ықпал жасады. Олар сол кезеңдегі кеңестік жүйенің адуынды саясатына қарамастан, қазақ лингвистикасының ғылыми дамып, қалыптасуына айтарлықтай үлес қосты. «Қазақ тіл білімінің атасы» саналатын А.Байтұрсынов сынды ұлы оқымысты бастаған қазақ тілтанымы айналасы он-он бес жыл көлемінде тіліміздің дыбыстық жүйесі, сөздік қоры мен құрамы, әдеби тілі, грамматикасы, оқыту әдістемесі, терминологиясына қатысты өздерінің көзқарастарын білдіріп, келешек саналы ұрпаққа сүбелі еңбектері мен ғылыми зерттеулерін қалдырды. Осындай бай мұраға ие болған тілші-ғалымдар уақыт өте келе аталған еңбектердің әділ бағасын берері анық. Бұл туралы алаштанушы Е.Тілешев былай деп ой қорытады: «Алаш зиялылары қалыптастырған зиялы қауым өкілдерінің ана тіліміз – қазақ тіліне арналған еңбектері, тіл жолындағы күрестері сол дәуірдің тарихи мәні бар деректері ғана емес, сонымен бірге өміршең дәстүр қалыптастырар тағылымды мұра болуымен де құнды. Алаш зиялыларының тіл төңірегіндегі еңбектерінің алуандығы осы ұлт азаматтарының ізденімпаздығы мен білімпаздығын байқатады» [1, 3]. Ғалымның ойын ары қарай сабақтар болсақ, алаш зиялыларының қазақ тіл білімінде салған сара жолын төмендегідей жіктеуге болады:

- 1) қазақ тіл білімінің ғылыми негізін жасады;
- 2) қазақтілді ұлттық баспасөзді қалыптастырды;
- 3) тілдің қоғамдық-әлеуметтік, танымдық мәнін айқындады;
- 4) қазақтың жазба әдебиетін қалыптастырды;
- 5) қазақ тіл білімінде аударма теориясының негізін жасады;
- 6) қазақ терминологиясының ғылыми негізін жасады;
- 7) ресми-іскери құжаттар стилін қалыптастырды.

Осы тұрғыдан алғанда, біз өз мақаламызда негізінен алаш зиялыларының тілтанымдық ой-пікірлері мен көзқарастарын сараптауды көздедік.

Алаш зиялылары ХХ ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани, әлеуметтік, саяси, мәдени өркендеуіндегі асыл қазынасының бірі – тіл екенін жете түсінді. Олар сол рухани байлығымызды, яғни, ана тілімізді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту міндеттерін алға тарта отырып, қазақ тілінің жоғын жоқтап, оның қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне айрықша мән берді. Олардың тіліміз туралы айтқан тұжырымдары мен пікірлері қазақ тілтанымының қалыптасуына түрткі болды. Өз еңбектерінде олар тіліміз туралы алғашқы танымдық тұжырымдар жасап, осы тіл арқылы бірде қоғамтану, бірде елтану, бірде адамзаттану міндеттерін шешіп, осы ғылыми еңбектерінде жалпы құрғақ сипаттама, жалаң шолудан гөрі тіл біліміндегі өзекті мәселелерді тереңінен түсінді. Оған дәлел ретінде А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгерұлы, М.Тұрғанбаев т.б. ұлт зиялыларының еңбектеріне назар аударған дұрыс. Бұл еңбектерінде қазақ оқығандары тіліміздің мән-мағынасын ашып қана қоймай, тілді танудың маңыздылығын саралайды. Мысалы, А.Байтұрсынов «Тіл – құрал» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, оған тек құрылымдық бірлік ретінде ғана қарамай, тіл табиғатын түсіндірудің амалдарын іздестіріп, оны адамзат болмысының өзіндік бір бөлшегі ретінде қарастырады. Оның қолданған сөздері мен сөйлемдері, ол түрлеген қазақ терминологиясы қазақ тілінің төл табиғатынан шығып, ұлттық таным-түсінікті, ұлттық ойлаудың деңгейін қалыптастырды. Қазақ сөзінің қасиетін, табиғатын танытуға тырысқан ғалым тіл туралы былай дейді: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедағы адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық түсер еді» [2, 8]. Осылайша ой қорытқан ұлт ұстазы тілдің қоғамды, әлемді танудағы асыл қасиеті туралы да мынандай ой түйіндейді: «Тілдің міндеті – ақылдың андауын андағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек» [2, 343].

Бұл тұжырымдары арқылы ғалым тіл – бір адамның керегіне ғана жарататын дыбыстау мүшесінің бірі емес, жалпы адамзат баласының ойды жеткізуінің, дүниені танудың аса құнды құралы екендігін көрсетеді. Өзінің теориялық ойларын тілдік материалдармен дәлелдеген ғалым сол сөздерді танытатын белгі тіл екенін баса айтады. Мысалы, ғұлама сөз өнері туралы ойын: «Шеберлердің қолынан шыққан нәрселермен таныс адам сол шеберлердің істеген нәрселерін қай жерде көрсе де, айтпай таниды: мәселен, пышақты көріп: «Мынау – пәлен ұстаның қолы екен», – дейді; ерді көріп: «Мынау – пәлен ершінің қолы екен», – дейді. Сол сияқты сөз өнерпаздарының да шығарған сөздерін көріп оқып, лұғатына үйір болғаннан кейін оның бұрын оқылмаған, аты қойылмаған сөздерін де айтпай тануға болады. Сөздің өзі танытатын белгі... – тіл...» [2, 343], – деп, өрбітеді. Ғалым «Тіл – құралы» арқылы қазақ мәдениетінде бұрын-соңды болмаған бетбұрыс жасады. Аталған еңбекті қазіргі таңда қазақ тіл білімінде когнитивистер, этнолингвистер, социоллингвистер кеңінен пайдалануда. Оның бұл еңбегінде сол уақытқа дейін әлі жүйеленбеген, зерттелінбеген тілдің табиғаты айқындалып, дыбыстық жүйесі, тілдің лексикалық байлығы, сөз таптары мен сөз тұлғалары, сөйлем құраудың ерекшеліктері дәйектелді. А.Байтұрсынов қалыптастырған терминдер тіліміздің термин жасаудағы байлығы мен икемділігін танытты, ол жасаған терминдер қазақ тіл білімінде де, әдебиеттану ғылымында да өз өміршеңдігін байқатты. С.Шүкірұлының өзімен айтар болсақ: «Ахаңның тіл білімі – күрмелген қазақ тілінің бауырын жазды, Ахаң ілімі әдебиеттануда төрге озды, Ахаң жинап қаттаған халық әдебиеті мен мәдениетінің мұралары рухани қазынаға қосылды» [3, 96].

«Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларымыздың бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққандай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым...» Дәл осы сөздерді ХХ ғасырдың басында айтқан тағдыр талайы қиын да күрделі қазақ тілінің мұңын жоқтап, тілтанымдық ойларын дамытқан ұлт зиялыларының бірі – М.Дулатов. Ол сол кездің өзінде-ақ «қазақ, қырғыз, ноғай, башқұрт, өзбек, түрікпен секілді бұратана жұрттар үшін» зор саяси мәселелердің бірі болған тіл мәселесін көтеріп, «енді әр халық өз тілінде оқуға, өз тілінде жазуға, өз тілінде тергеуге тиіс. Мемлекет заңынан бастап, ауылнай комитеттердің ісіне шейін жазу әр халықтың өзінде болуы керек» [4, 332], – деп, үндеу салды. А.Байтұрсыновтың тілтанымдық ойларын қолдаған қоғам қайраткері қазақ тілінің мұң-мұқтажын жоқтап, мәртебесін көтеруді көздеді. Ол өзінің мақалаларында тіл саясатын күн тәртібінің ең басты мәселесі етіп алып, газет тілін қазақыландыруды, емле мәселесін ізгілендіруді, жазушылардың тілін қазақша сындыруды баса айтты. Сол себепті «қазақ тілін іске асырып, қазақ әдебиетін күшейтеміз» десек, мынадай кемшіліктерден арылуымыз керек деп көрсетті. Олар: 1) дыбыс жүйесі жағынан болатын кемшілік; 2) сөз жүйесі жағынан болатын кемшілік; 3) сөйлем жүйесі жағынан болатын кемшілік; 4) жалпы

кемшілік, яғни, «қазақ тілінде жазамын, қазақ тілінде сөйлеймін» деген тұлғаның бойында ниеті болуы керек [4, 265]. Осы тұрғыдан алғанда, М.Дулатовтың ашық айтқан тілтанымдық пікірлері сол кездегі жүргізілген кеңестік саясатқа үлкен соққы болғаны анық.

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кең тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.
Таралған түрік бауырларыңы,
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім! [5, 64] –

деп, ұлт тілінің мұңын мұндап, жоғын жоқтаған алаш зиялыларының бірі – М.Жұмабаев. Оның қазақ халқына қалдырған зерттеу еңбектерінің ішіндегі ең көлемдісі де, ең маңыздысы да – «Педагогика». Ол осы еңбегіндегі «Тіл», «Тілдің адам өміріндегі хәм ұлт өміріндегі орны», «Баланың тілі» деген тарауларында өзінің тілтанымдық ойларын саралайды. Әсіресе, тілдің ұлт өміріндегі, әлеуметтік қоғамдағы, жеке тұлғаның тұрмыс-тіршілігіндегі мән-мағынасы мен адамзат баласының өмірінде алатын орны туралы ойлары терең. «Адамның толық мағынасы мен адам аталуы да тілдің арқасында» деп ой түйген ақын тілдің мынадай қасиеттері мен қызметтерін атап көрсетеді:

- 1) тіл – ғылым, хат тану, оқу, жаза білудің құралы;
- 2) тіл – адам жанының тілмашы;
- 3) тіл – ойды сыртқа шығарудың құралы;
- 4) тіл – ұлттық ұлт болу шарты.

Ғылыми айналымда аса маңызды болған тілтанымдық ойларын осылай таратқан зерттеуші ақын былай дейді: «...Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тіл болуы. Ұлтқа тілінен қымбат еш нәрсе болмасқа тиісті» [5, 64].

Қорыта келгенде, алаш зиялыларының тілтанымдық ойлары бүгінгі таңда мемлекеттік тіл төңірегінде қордаланып отырған бірқатар өзекті мәселелерді шешуде орасан зор рөл атқарады. Алаштың тілдік мұрасының өміршеңдігі мен маңыздылығы да – осында. Бұл тілдік мұра ұрпақтан ұрпаққа таралып, қазақ халқының тіл тарихында алтын әріптермен жазылары анық.

Әдебиет:

1. Ұлағатты ұлт ұстазы. - Алматы: Сардар, 2010.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. - Алматы: Сардар, 2009.
3. Шүкірұлы С. Қолтаңба. – Алматы: Сардар, 2009.
4. Дулатов М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1991.
5. Жұмабаев М. Шығармалары. - III том. - Алматы: Жазушы, 2003.

Иманқұлова М.

Абай атындағы ҚазҰПУ магистр-оқытушысы

А.Байтұрсынұлы еңбектері – тілдік танымның бастау негізі

Қазақ тіл білімінде тілтаным теориясына қатысты мәселелер ХХІ ғасырда ғылым деңгейінде зерттелді. Дегенмен алғашқы тіл мен таным сабақтастығындағы ой-пікірлер ХХ ғасырдың І жартысынан бастап ғылыми зерттеулерде қарастырылды. Тіл мен таным сабақтастығының жалпы теориялық негізі қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тілдің танымдық қасиеті жайлы пікірлері мен тұжырымдары негізінде көрсетілген. Тіл болмысының адам баласы үшін қарым-қатынас құралы ғана еместігін ғалым бірден аңғарып, тілдің адам санасынан, тұрмыс-тіршілігінен, ұлттық ерекшелігінен, қайталанбас болмыс қасиетінен көрініс беретіндігін өзінің түйінді пікірлері мен көзқарастары арқылы жеткізген.

Әлемнің тілдік бейнесі туралы алғашқы идеялар В.фон Гумбольдттің «тілде халықтың рухы бар» деген пікірімен, А.Байтұрсынұлының: «Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады» [1, 1], – деген пайымдауы үндеседі. А.Байтұрсынұлы әр тілде сол тілді қолданушы халықтың қасиеті, ділі, тарихы сақталатындығын көрсетеді. Әр ұлт тілінде, әлем туралы түсініктер, ұғымдар түрлі тілдік дерек арқылы таңбаланып, қоршаған әлемнің тілдік бейнесі, адамдар санасындағы дүниенің логикалық бейнеленуі жағынан ұқсас болып келеді. Құбылыстар арасындағы ұқсастықтар ұғым категорияларын жасайтын лексемалардың толығына әсер етеді. Сол ұғым түрлерінің тұтастай алғандағы атаулары тілдің негізін құраса, әлемнің тілдегі бейнесінен ұлт ерекшеліктерін танып-білуге болады. Қазақ тіліндегі таным мәселесі бойынша тың зерттеулер жүргізген О.Жұбаева: «А.Байтұрсынұлы еңбектерін талдау

арқылы ғалымның тіл жүйесінің негізгі концептуалды құрауыштарын көрсетіп, олардан грамматикада көрініс тапқан ұғымдар (және концептілер) құралатынын түсінгенін, «когнитивті лингвистика», «морфологиялық концепт» т.с.с. атауларды қолданбаса да, бұл саланың өзіндік ерекшелігін терең зерделегенін байқаймыз. Ғалым зерттеулерінде адам сөйлермен, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады» [2, 97], – деп А.Байтұрсынұлының еңбектерін танымдық тұрғыда талдау қажет екендігін айтады.

XX ғасырдың басында өмір сүрген А.Байтұрсынұлының сөзімен айтсақ: «Адамда екі ғалам болады: ішкі ғалам, тысқы ғалам. Ақыл, көңіл, қиял сияқты, адамның рухына қараған жағы ішкі ғалам болады да, онан басқалары – басқа адамдар, мақұлықтар, нәрселер, бүтін дүние тысқы ғалам болады» [3, 134]. Ғалым адамның жан дүниесін, психологиясын «ішкі ғалам», ал қоршаған әлемді, табиғатты, барлық тіршілік иесін, адам өмір сүрген қоғамды «тысқары ғалам» деп ажыратады. А.Байтұрсынұлы «тысқы ғалам турасындағы сөзді» әуезе деп танып, уақиғаға құрылған көркем шығарма жайын түсіндіреді. Ғалымның жоғарыдағы көзқарасынан сөз өнері арқылы «тысқы ғалам бейнесін» көруге болатындығы байқалады. Тіл болмысының мүмкіндіктерін жоғары бағалаған А.Байтұрсынұлы сөз өнерін «өнердің ең алды» [3, 2], – деп санайды.

Тіл адамзаттың тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар дүниені тану құралы екендігін А.Байтұрсынұлы: «Тіл – құрал», «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» [1, 1], – деген дәйекті тұжырымдармен түсіндіреді. Ғалым еңбектерінде адам айналадағы табиғатты бақылап, түйсік арқылы сезініп, қабылдап, ойлап, пайымдап, ойын тіл арқылы жарыққа өзіндік танымы, түсінігі аясында білдіретіндігін айтады.

Әлемнің тілдік бейнесінің бірінші қызметін А.Байтұрсынұлы «тысқы ғалам турасындағы сөз», яғни, «тысқы ғалам бейнесінің» тіл арқылы көрінуі деп түсіндіреді. Ал екінші қызметтің орны мен мәнін А.Байтұрсынұлының «ғылым дегеніміз – дүниені, яғни, табиғатты дұрыс *тану*, ғылым жоқ болса, *дүниені тану* дұрыс болмайды» [3, 151] деген пікірінен аңғаруға болады. Ғалым әлемнің ғылыми бейнесі де тілдік тәсілдер арқылы жарыққа шығатынын меңзейді. «Дүниені дұрыс танымаған соң, дүние турасындағы мағлұмат жиысатын сана-саңлауы дұрыс болмаған соң табиғаттың күшін, ісін, қасиетін бұрынғылар теріс танып, теріс әуезе қылған» [3, 134], – деп, әлемнің ғылыми бейнесі де тілге тікелей қатысты екендігін айтады.

Таным теориясы арқылы тілдегі халықтың болмыс, тіршілігінің, мәдениетінің, таным-түсінігінің құпия сырлары, ұлттық өмірдің айнасы анықталады. Адамзат өзін қоршаған дүниедегі әлем бейнесін қалай таныса, ұлттың дүниеге деген көзқарасында сол ерекшелік тіл арқылы жарыққа шығады. Сондықтан А.Байтұрсынұлы емлеге қатысты мәселені халықтың ұлттық қасиетімен, мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен байланыстыра түсіндірді: «Асыл тіл, түзу емле қазақтарға боларға тиісті. Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ. ...Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, кәсібі, ғұрпы өзгерілмесе, «жалғыз тіл өзгерілді» деп айтуға тіпті жол жоқ. «Қазақтың тілі – өзгерген тіл», – деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де «қисық» деп айтуға жол жоқ: қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ. Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір. «Қойшы, түйеші, биеші емлесі» деген – қазақта жоқ нәрсе. Тоқсандағы шалының, тоғыздағы баласының – бәрінің емлесі біреу-ақ» [4, 110]. Ғалым өзі өмір сүрген кезеңдегі қазақ тілінің тазалығы мен бірізділігін халықтық таныммен, оның тұрмыс-тіршілігімен, ата кәсібімен, орналасқан географиялық өңірімен тығыз сабақтастықта зерделеп, адам санасындағы әлемнің концептуалды бейнесін анықтайды. Осы тұста ғалым емле мәселесіне қатысты пікірлерін, тілдің әмбебаптық қызметіндегі ғылыми ұстанымдардың негізінде түсіндіреді. А.Байтұрсынұлы адамзат тілін генеологиялық, типологиялық фактормен ғана байланыстырып қоймай, оның ареалды факторын да ескереді. Себебі «тілдік универсалий дегеніміз – генеологиялық, типологиялық немесе ареалды фактілермен анықталатын, абсолютті, яки, статистикалық деңгейде дамиды, болжалды-логикалық не болмаса нақты индуктивті амалдармен айқындалатын барлық тілге ортақ заңдылықтар мен ұстанымдар жүйесі» [5, 249] екені – белгілі қағида.

А.Байтұрсынұлы сөз өнерін: «Ақыл ісі – аңдау, яғни, нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату бернелеу, суреттеп ойлау: көңіл ісі – түйю, талғау» [3, 9], – деп, барлық танымдық әрекетке сипаттама береді. Мұнда ғалым «ақыл ісі аңдау» деп «адамның қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттарды бақылап, түйсік арқылы қабылдап, сезініп, санасында бейнелеп, елестетіп, ол заттар мен құбылыстарды ұғу» деп түсіндіреді. Себебі Қ.Жарықбаев зерттеулерінде зейінді «адам санасының

белгілі бір затқа бағыттала тұрақталуын көрсететін құбылыс» ретінде сипаттайды: «Зейін дегеніміз – айналадағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған психикалық әрекетімізді тұрақтата алу» [6, 169].

А.Байтұрсынұлы зейіннің тілге қатысын «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде: «Қара сөзден адам тек ұғым алады» [3, 132], – деп, ғалым ұғымды сипатына қарай «ес ұғымы» және «іс ұғымы» деп екіге бөледі. «Ес ұғымының арқасында дүниедегі нәрселердің бәрін, затын, заңын, сырын, сипатын, мүддесін, мұратын танимыз» «Іс ұғымы арқасында табиғат ісін, күшін, нәрселерін қалай пайдаланатын жолын білеміз» [3,132], – деп, ұғымның қалыптасуы тікелей зейінге байланысты екенін айтады. «Адамның зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын, яки, бар деп ұйғарылған нәрсенің бар-жоқтығын танып, белгілі бір қарарға келгенде, адамға бір үлкен ұғым пайда болады» [3, 133], – деп, зейіннің «бүтін ғаламды тануға» ықпалы зор екендігін көрсетеді. Әрине, «бүтін ғаламды тануға» бір зейіннің шоғырлануы аз, адам түйсіктерінің қызметі айналадағы заттар мен құбылыстардың қасиеттерін адамға сезіндіріп, ұғым қалыптастыруына, танымына ендіруге қызмет етеді. «Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерінің, сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінен пайда болған мидағы бейнелерді «түйсік» деп атайды. Түйсік арқылы заттардың түсін, иісін, дәмін, қатты-жұмсақтығын, кедір-бұдырлығын т.б. осы секілді қасиеттерді ажыратылады. Түйсіктер заттар мен нәрселердің тек жеке қасиеттерін ғана мида бейнелейді» [6, 183]. Адамның танымдық әрекеттерінің бірі саналатын түйсік әлемдегі заттар мен құбылыстардың қасиеттерін танытады. Өйткені «түйсік – таным негізі. Түйсік – материалдық дүниенің заттары мен құбылыстарының, сондай-ақ ағзаның ішкі күйлерінің жеке қасиеттерін бейнелеуде көрінетін қарапайым психикалық процесс. Бұл процесс материалдық тітіркендіргіштердің сәйкес рецепторларға тікелей әсері нәтижесінде жүзеге асады» [7, 90]. Адам заттар мен құбылыстардың сипатын, ерекшеліктерін сезім мүшелері арқылы танып, оны санаға жеткізеді. «Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адамның қажеттеріне сәйкес келуі-келмеуінің нәтижесінде пайда болып отыратын психикалық процестің түрі «сезім» деп аталады» [6, 293]. Адамның айналадағы құбылыстар мен заттарды тануы, ең бірінші, сезім мүшелері арқылы жүзеге асады. Себебі «Сезім мүшелері – сыртқы дүниені адам санасына жеткізетін каналдар. Сезім мүшелері адамның сыртқы ортада және өз ішкі күйінде бағдарлай алуына мүмкіндік береді» [7, 91]. Танымның төменгі сатысы болып табылатын сезімдік таным адамның көру, есту, ұстау, иіскеу, дәмін алу сияқты нақты физиологиялық каналдары негізінде жүзеге асады. Олар арқылы адам айналасындағы қоршаған дүниені қабылдайды. Бұл процесс мида белгілі бір нәрсе туралы түйсік тудырады. Заттардың, құбылыстардың сезім мүшелерімізге тікелей әсер еткенде олардың жеке белгілерінің санада бейнеленуі «түйсік» деп аталады. Түйсіктің нәтижесінде адам шындық болмыстағы заттардың, құбылыстардың жеке қасиеттері, сапалары туралы мағлұмат алатын болса, қабылдау кезінде заттың, құбылыстың тұтас бейнесін сезінеді, бағамдайды. Және осы түйсіктерді тануға мүмкіндік береді, «ес – бір-бірімен байланысты жеке процестерден тұратын күрделі психикалық процесс. Ес адамға қажет, ол жеке өмір тәжірибесінен жинақтап, сақтап, оны пайдалануға мүмкіндік береді» [7, 113]. Ес адамның айналасындағы заттар мен құбылыстарды, олардың қасиеттерін, белгілерін сақтап қана қоймай, оны тануына тікелей ықпал етеді. Себебі «ес» дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін процесс» [6, 221]. Сондықтан тілдегі таным ес әрекетімен өте тығыз байланысты. Осы байланыстылығын А.Байтұрсынұлы кезінде жарыққа сөз арқылы шығатын ұғыммен байланыстырып: «Ес ұғымның арқасында дүниедегі нәрселердің бәрін, затын, заңын, сырын, сипатын, мүддесін, мұратын танимыз» [3, 132], – деп, ес процесін толық түсіндіреді.

А.Байтұрсынұлы тілдің міндетін адам ақылымен байланыстырып, «ақыл ісі – ...нәрселердің жайын ұғу, тану» [3, 9], – деп, тілдің ақыл, дүниені қабылдау мәселесімен тығыз байланыстылығын көрсетеді. Тілдегі таным адамның заттар мен құбылыстарды тануы арқылы, оларға атау беріп, белгілеріне қарай атаулары да ұқсас келеді. Тануды психологиялық тұрғыда Қ.Жарықбаев былай түсіндіреді: «Тану – қайта жаңғыртудың қарапайым түрі. Тану – бұрын қабылдаған және қайтадан кезіккенде көрінетін ес процесі. Тану адамдардың қабылдау саласындағы ерекшеліктеріне қарай түрлі дәрежеде көрінеді. Объектіні дұрыс тану үшін адамның көзі төселіп үйренген, өмір тәжірибесі мол, бақылағыш болуы шарт» [6, 230].

Кез келген затты немесе құбылысты қабылдау адамда бұрыннан ұрпақ жалғасып келе жатқан тәжірибе, білім негізінде жүзеге асады. Ғалым «ақыл ісі – аңдау» деп психологияда «қабылдау» деп аталатын танымдық әрекеттің сипатын түсіндіреді. «Қабылдау – ми қабығының күрделі анализдік және синтездік қызметінің нәтижесі. Заттар мен құбылыстардың мағынасын түсінудің қарапайым түрі – тану. Нәрсені танымайынша оны аңғарып, қабылдау қиын» [6, 205]. Заттар мен құбылыстарды

кабылдаған кезде оларды түйсініп, кабылдаумен бірге біз ол заттардың қайдан пайда болғанын, олардың қасиеттерінің қандай екендігін елестетіп, түсінігімізді, ұғымымызды кеңейтіп отырамыз. Сондықтан кабылдауға түйсіктермен қатар, ой элементтері де, ес, елестер мен ұғымдар да еніп отырады.

А.Байтұрсынұлы танымның жоғары сатысы болып табылатын психикалық процесс «ойлау» әрекетін «ақылға салып ойлау» деп көрсетеді. «Ойлау дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының мида жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ойлау сезім мүшелері арқылы алынған мәліметті бейнелейді» [7, 127]. Демек, ғалым адамның дүниедегі құбылыстарды, жекелеген фактілерді кабылдай отырып, оларды ойша өңдейтіндігін, олардың әрқайсысының мәнісі мен қасиетін, өзара байланысын танып-білетіндігін, сонымен қатар осы әрекеттердің барлығы тіл арқылы жүзеге асатындықтан «сөз өнері» деп түсіндіріп отыр. А.Байтұрсынұлы ойдың дамуына тілдің ықпалын: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң ол тіл танытқыш кітаптардан таниды. Онан кейін үлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып, өзі іс жүзінде иә ауызша айтып, иә жазып қолданумен біледі. Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды» [3, 22], – деп түсіндіріп, адамның таным көріп, естіп, жазып, оқып, іс жүзінде қолдану арқылы қалыптасып ойдың дәлдігін, нақтылығын сөйлеуінде көрсететіндігін айтады. «Тілді қолдана білу» деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Бүгін пікірін айтып шығатын әңгіме ішінде түгіл, жалғыз амандасу жүзінде де әркім әр түрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп амандасады. Сол сияқты әркім пікірін шығарғанда да ана тіліндегі сөздерді әрқайсысы әртүрлі қолданады. Қысқасын айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өз оңтайлы көруінше тұтынады. Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөздер сол адамның тілі болады. Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тұзу – «тіл қисыны» деп атайды» [3, 22], – деген анықтама беріп, ғалым тіл қисыны әрдайым ойлаумен тұтастықта жүзеге асатынын баса айтады.

Ал қиял әрекетін «қиял ісі – меңзеу» деп, оны қабылданған ақпараттарды ұқсату, суреттеп ойлаумен байланыстырады. «Қиял – нақты шынайылықты білдіретін және осының негізінде жаңа көріністі түсініктерді қайта жасайтын процесс. Адам миында бұрыннан бар елестерді мәнерлеп жаңа образ жасау процесі «қиял» деп аталады» [7, 141]. Адам ойының ұшқырлығын шеберлікпен жеткізу, қиял әрекетінің жүйрік, тереңдігі танымға тікелей байланысты. Қ.Жарықбаев: «Қиял» дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жанартып, өңдеп, бейнелеуге көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс» [6, 275], – деп түсіндіреді.

А.Байтұрсынұлы «көңіл ісі» деп адамдардың рухани өміріндегі қуаныш, үрейлену, таң қалу, ұят, т.с.с. түрлі уайымдарды қамтитын адамның эмоциясын, ал «түю» деп адамның мінез-құлқын меңгере алу қабілетін меңзейді. Адамның мінез-құлқын меңгере алу қабілеті танымдық әрекеттің бірі – ерік. «Ерік» деп адамның өзінің психикасы мен қылықтарын саналы басқару қабілетінен көрінетін қасиетті атайды» [7, 164].

Сонымен, ғалым: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарар» [3, 9], – деген тіл мен ойлау, ақпаратты кабылдау және пайымдау жайында көзқарасын білдіреді. Демек, ғалым кабылдау, ойлау, тану, пайымдау, түсіну әрекеттерінің адам санасының тіл болмысымен байланысындағы басты қызмет атқаратындығын көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы тіл таразысында тартылып, ой-санасында таңбаланып қалған мол қазынаны халық танымна сәйкес термин жасау арқылы сөздік қорға қайта енгізіп, ғылыми айналымға ұсынып дәйектейді. Ол терминдердің кейбіреулері ғана стильдік өзгеріске түскені болмаса, тілдің дыбыс жүйесі, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі және жазу мәселесі салаларының терминдерінің негізін құрап, барлық қазақ тілі оқулықтарында тұрақты орын алғаны белгілі. А.Байтұрсынұлы байырғы сөздерден термин жасауға болатын терминжасамдағы ұстанымын өз үлгісі арқылы көрсеткен, терминдерді ана тіліміздің сөздік қорынан алған. А.Байтұрсынұлы және алаш зиялылары шетел терминдерін кабылдауға қарсы болмаған. Тілде баламасы жоқ жағдайда шетел терминдерін кабылдауға болатынын ескере келіп, шетел терминдерін қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сәйкестендіріп алу керек деп санаған. Алаш оқығандарының *жат сөздер* және *пән сөздері* деген атаулары терминдік ұғымдардың ішкі мәнін айқындай түседі.

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер бүгінгі таңға дейін маңыздылығын жоймай, әр терминге артылған атаулық мағына мәндік қызметін атқарып келеді. Бұл мәселе де – ғалымның терминдерді

мағыналық, танымдық тұрғыда дәл жасауының дәлелі. Зерттеулер бойынша, «қазақ тілінің дыбыс, сөз және сөйлем жүйесіне арналған «Тіл – құрал» оқулықтарында (1914, 1915, 1925) 310 лингвистикалық термин қолданылған. Оның 118-і (38,5%) қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрсе, 192-сі (61,5%) қазір қолданылмайды. Бұл терминдерді тіл білімінің салаларына қатысты жіктесек: дыбыс жүйесіне қатысты 108 термин (35,4%); мағынаға қатысты 11 термин (3,6%); сөз жүйесіне қатысты 109 термин (34,9%); сөйлем жүйесіне қатысты 64 термин (21,3%); жалпы тіл біліміне қатысты 18 термин (4,8%)» [8, 14-15].

Термин жасауда тілдің танымдық болмысына аса мән берген А.Байтұрсынұлы дыбыс жүйесінен бастап, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі, жазу мәселесі т.б. деп, әр ғылым салаларына байланысты басты ерекшеліктерді танып-біліп, соған назар аударуды қалады. Мысалы: «Бас мүше» дейміз сөйлем ішіндегі сөздер байланатын қазық сөзін, сөйлем иесін. Ол нәрсенің сырын, сипатын, жайын, амалын, болмысын айтып баяндайтын сөз «баяншы мүше» болады»[9, 4]. Демек, бастауышты «қазық» арқылы түсіндіріп, оның функционалдық қызметінің мәнін аша түседі: «Жеңілдік үшін бас мүше – «бастауыш» деп, баяншы «баяндауыш» деп аталады»[9, 5], – дей келіп, сөздердің атқаратын қызметіне сай басты ұғымды бөліп көрсетеді.

Ғалымның мұндағы сөйлемнің құраушы «мүшесі» деп танып отырғанын қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінен анықтайтын болсақ: «1) Адам, жан-жануар денесінің бөлігі. *Нұрбайдың тым құрыса қол-аяғы бүтін, ал бұл байғұс соғыста бір мүшесін беріп келді емес пе?* (Б.Тоғысбаев. Асыл адам). 2) биол. Өзіне тән құрылысы болатын және арнайы қызмет атқаратын ағзаның бөлігі. *Мүше әртүрлі ұлттардан құралады* (Қазақ тілі терминдері. Биология). 3) этногр. Сойылған мал етінің қонағына қарай тартар негізгі бөлшегі (жамбас, жілік, сүбе, бұғана, т. б.). *Бұл да еті қаттылау болғанмен, қадірлі мүше – құдаға салады* (С.Жүнісов, Ақан сері). 4) Белгілі бір ұйымның, ұжымның, отбасының құрамына енетін адам. *Камесиенің мүшелері қайта сайланды* (Х.Досмұхамедұлы). 5) Алғашқы, табиғи қалпы, уыз күйі. *Құлын мүшесі бұзылмаған*. 6) мат. Жиынның қандай бір бөлігі» [10, 398]

Сөздікте берілген түсіндірмелердің басым бөлігі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен айқын көрініс бере отырып, ұлттың тұрмыс-салтына, дәстүр-жоралғысына байланысты екенін аңғару қиын емес.

Бастауыш, баяндауыш терминдерінің өзі іс-әрекетті бастап, аяқтап тұрғандығын көрсетсе, тілшінің бастауышты «қазық» сөзімен байланыстыруы, бұл сөздің мал шаруашылығымен айналысқан халық үшін жақын ұғым екенін көрсетеді. Бұл – ғалымның термин жасаудағы таным мәселесін ескергендігінің айқын айғағы.

А. Байтұрсынұлының термин жасау ұстанымдарын ескере отырып, терминдерді таным теориясы тұрғысынан қарастыру мақсатында төмендегідей ұстанымдарды ұсынамыз:

1. Терминдерді таным теориясы тұрғысынан қарастыру барысында оның түп мағынасын анықтап, танымдық қырын ашып алу қажет (өзге тілден еніп, бейімделген; туыс тілдер тобындағы сөздер, ана тіліндегі сөздер);

2. Терминдердің ұлттық, мәдени, әлеуметтік факторлар негізіндегі танымдық сипатын айқындап, негізгі ұғымға қатысты нақты мән-мазмұнын белгілеу керек.

3. Таным теориясына қатысты психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, терминдердің күрделі синтаксистік құрылым аясындағы предикативтілік қызметін анықтау қажет (қысқалық, түсініктілік, нақтылық т.б.).

Ғалым ғылыми терминдерді жасауда қазақ тілінің болмысына терең үңіліп, сөздердің қолданысынына, мағынасына, сонымен қатар қазақ тілінің құрылымына, функционалдық қызметіне баса назар аударғандығы байқалады. Оған сол кезеңде жасалған терминдердің бүгінгі күнге дейін маңыздылығын жоғалтпай, керісінше, біте қайнасып кеткендігі дәлел. А.Байтұрсынұлы мұраларының танымдық сипаты жалпыадамзаттық құндылықтың көрсеткіші екендігін дәлелдейтіндігін Э.Оразалиева: «А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін өз алдына оқшауланып тұрған, бір халықтың игілігіне ғана қызмет ететін қазына ретінде ғана емес, тіл туралы ғылымның іргелі бір тармағы есебінде, жалпыадамзаттық құндылықтың жүйелі көрсеткіші сияқты зерттеу керектігін алғаш дәлелдеген ғалымдардың бірі»[5, 38], – деп бағалайды.

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Дыбыс заңы һәм жүйесі. - Орынбор, 1923. – 46 б.
2. Жұбаева О. А.Байтұрсынұлы – когнитивтік лингвистиканың негізін салушы // «А.Байтұрсынұлы – тіл білімінің көшбасшысы» атты ғылыми-әдіснамалық конференция материалдары. – Алматы, 2012. - 319 б.
3. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Қызылорда, – 1926. - 286 б.
4. Байтұрсынұлы А. Қазақша сөз жазушыларға // Шора. – 1914. – №4. -110-113-б.

5. Оразалиева Э. Когнитивті лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Ан-Арыс, 2007. – 312 б.
6. Жарықбаев Қ. Психология негіздері. – Алматы: Эверо, 2005. - 398 б.
7. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 230 б.
8. Ахметтану бастамалары. Оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: Болашақ, 2005. – 207 б.
9. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. – Семей, 1927. - 73б.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. - Алматы: Арыс. 2009. - Т.11. - 752 б.

Танкиева Н.
магистр пед. наук,
КазННТУ имени К.И. Сатпаева

Значение газеты «Қазақ» и ее влияния на становление терминологии казахского языка

Изучая историю человеческой цивилизации, можно заметить, что язык особенно интенсивно обогащается в периоды наибольшей социальной активности, перестройки общественных отношений. Так происходило и в начале XX века, так было и в конце XX века в период становления независимости Казахстана.

После революции 1905 года во многих окраинных землях царской России начинает активную работу по пробуждению народных масс немногочисленная национальная интеллигенция. В Казахстане этот период ознаменовался увеличением числа казахских школ, медресе, изданием различных книг на казахском языке, в том числе букварей, учебных пособий, книг для чтения, различных сборников. Издаются и широко распространяются новые газеты и журналы. И если самые первые казахские газеты «Түркістан уалаятының газеті» (1870–1882 гг.) и «Дала уалаятының газеті» (1888 г.) были официальными органами местных администраций царского правительства и переводами с русского языка, то периодические издания, выпускавшийся в начале XX века после революции 1905 года, были изданы по инициативе отдельных передовых людей своего времени, их товариществ, целью которых было не проведение царской политики, а пробуждение национального самосознания казахского народа.

В это время в свет выходит шесть газет и журналов на казахском языке, что было для Казахстана начала XX века значительным достижением («Серке» – в 1907 г. в городе Петербурге, «Қазақ газеті» – в 1907 г. в городе Троицке, «Ешім даласы» – в 1907 г. в городе Кызылжаре, «Қазақстан» – в 1911-1913 гг. в городе Орде, «Қазақ» – 1913-1918 гг. в городе Оренбурге, журнал «Айқап» – 1911-1915 гг. в городе Троицке)[1; 8]. На русском языке выходят газеты «Омич», «Иртыш», «Голос степи» под редакторством Алихана Бокейханова.

Газета «Қазақ» (1913-1918 гг.), которая стала выпускаться по инициативе передовой казахской молодёжи (по определению Мухтара Ауэзова, «қазақтың ерте оянған тобы»), получившей образование в медресе «Ғалия» в городе Уфе и пожелавшей видеть её редактором Ахмета Байтұрсынова, стала значительным событием своего времени. Основанная на деньги благотворителей, газета позднее выходила на собственные средства в течение пяти лет. За это время вышло 265 номеров газеты, что было большим достижением для периодических изданий этого времени. Газета «Серке», «Қазақ газеті», «Ешім даласы» перестали выпускаться после 1-2 номеров, «Қазақстан» – после десятка выпусков, только журнал «Айқап» выходил в свет, как и газета «Қазақ», на протяжении пяти лет [1]. Тираж газеты был 8000 экземпляров, что также было внушительным для этого периода.

Газета «Қазақ» на протяжении почти 70 лет была под запретом молчания, о ней нельзя было упоминать, также как и о её редакторе – видном учёном-лингвисте, тюркологе-литературоведе, поэте и великом гражданине своего народа Ахмете Байтұрсынове.

Только в конце 80-х годов XX века запрет был снят в связи с изменениями политического курса страны, смены государственной власти. До этого времени характеристика деятельности «Қазақ» была короткой и скупой: «Қазақ» либералдық-ұлтшылдық, контрреволюциялық бағытта болды» [1].

Но газета «Қазақ» среди всех газет и журналов, выпускавшихся в начале XX века, выделяется как подлинно национальная газета, ставившая своей целью освещение жизни казахского общества, просвещение народа, пробуждение национального самосознания, обсуждение дискуссионных вопросов на злободневные для общества темы:

«Бұл газеттің мақсаты – жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету; басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақсұттардың орнына келтіру үшін зақұндерді, хакімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру. Государственная Дума һәм

Государственный совет жұмыстары турасында жете хабар беру, ішкі һәм сыртқы хабарларды жазып тұру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу; күнелту, сауда, кәсіп, жер-су, егін-таран, мал шаруасы жайынан кеңесу; оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиеттурасында жөн көрсету; адам һәм мал дәрігерлігі жайынан жазу»[2].

И действительно, в газете поднимались вопросы, касающиеся всех сторон казахского общества. По существу, газета выполняла одновременно функции и литературного альманаха (печатались поэзия М.Жумабаева, М.Дулатова, Б.Майлина, С.Донетаева и др.; проза С. Торайгырова, Мадияра), и общественно-политического журнала (статьи о политические жизни Европы, России; остро реагировала на политические события внутри страны), и научно-исследовательского журнала (статьи, освещавшие вопросы медицины, ветеринарии, военной инженерии; статьи об известных людях эпохи, их жизни, биография; о школьном обучении) и т.д., т.е. «Қазақ» представляла в одном лице десяток современных специализированных периодических изданий.

Надо отметить, что язык первых казахских книг, первых газет – «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1902 гг.) и «Дала уалаятының газеті» (1888-1902 гг.), переводных с русского языка вызывал много спорных мнений. В.В. Радлов называл его «пестрой смесью» [3], а С.Е. Малов – «книжный мусульманско-татарский жаргон» [4]. Язык первых казахских печатных изданий, загроможденный фарсизмами, арабизмами, заимствованиями из татарского и других тюркских языков, был непонятен не только основной массе читателей, но и той ее части, считавшейся образованной, получившей мусульманское образование: «Оларды қалың бұқара былай тұрсын, қазақтың мұсылманша оқыған сауатты деген адамдардың өзі жөнді ұқпайтын» [5].

И здесь А. Байтурсынов проявил себя как истинный новатор, положив в основу языка газеты не тот язык, который считался для того времени «литературным», в котором преобладали заимствования из арабского, персидского, татарского языков, а язык, который он называл «қазақтың қара тілі»: «...Әдеби тілді сүйетін бауырларымызға газетті қазақтың қара тілімен жазғанымыз ұнамсыз көрінсе, ол кемшілігімізге кешу өтінеміз. Жұрт үшін шығарған нәрсе жұртқа жақын болуы тиіс» [6].

А. Байтурсынов так объяснил свою позицию: «Өз тіліңмен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы һеш уақытта адамы құрымай, жоғалмайды. Ұлттық сақталуына да, жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады». Далее: «Мұсылманша оқығандарымыз: «Әдеби тілмен сөйлейміз, әдеби тілмен жазамыз. Қазақша жазсақ әдеби тіл болмайды», – деп қазақ тілмен жазуға ұялады, қорынады. Ал «әдеби тіл» дегеніміз – қандай тіл? Араб, фарсы сөздер көп кіріскен тіл. Неғұрлым араб, фарсы сөздер көп қосылса, неғұрлым қара халық түсінуге ауыр, тіпті түсінбейтін болса, соғұрлым әдебирек болады» деп тұтынған жолдан шыққан тіл. Бұл тіл – халықтан тумаған, жаны жоқ тіл» [6].

Это была позиция гражданина, для которого судьба родного языка и судьба народа были неразделимы. И как видим, актуальности эта тема не потеряла и спустя век. Потому понятно, что в материалах газеты особое внимание придавалось языку: сохранению его, дальнейшему развитию, необходимости обучения детей и именно на родном языке. К тому же, сам язык газеты «Қазақ» был намного доступнее в понимании, и читая материалы газеты сейчас, спустя столько времени, можно сказать, что во многом корни современного литературного казахского языка лежат именно здесь.

«... Тілі мен стилі жағынан, бұл газет – революцияға дейінгі қазақ баспасөзінің ішінде ең бір жақсы үлгілерінің бірі, қазақ публицистика тілін қалыптастыруда және қазақ әдеби тілі нормаларын орнықтыруда «Қазақ» газетінің рөлі айрықша», – писала академик Р. Сыздыкова [7].

Многие термины, составляющие ныне ядро политической терминологии современного казахского языка, в своем современном лексическом и стилистическом оформлении стали употребляться впервые в газете «Қазақ». На страницах газеты в качестве терминов употребляется исконно казахская лексика: *халық, ұлт, шегара, ынтымақ, азаттылық, босқындар, бостандық, ұйым, бірлік, азаматтар, алаш, шаруа, жұрт, ел, нәсіл, одақ, теңдік, кеңес, сайлау, қаулы, бұйрық, жарлық, басшы* и др.

На страницах газеты употребляются и арабско-персидские заимствования, которые ныне также составляют ядерную основу политической терминологии: *өкімет, үкімет, хакім, гаскер (әскер), мемлекет, құқық, саясат (саясат), саяси (саяси), өкіл, мәжіліс, үкім* и др.

Многие термины были созданы самим А. Байтурсыновым, новшеством вследствие постоянного и активного употребления в языке, они вошли в разряд общенародной лексики, утратив свое авторское происхождение [7].

Основной принцип, которого придерживался А. Байтурсынов при терминологическом образовании, – в первую очередь, принцип максимального использования средств собственного языка, что позже послужило поводом для обвинения его в пуризм.

На страницах газеты также встречаются заимствования из русского и через русский из европейских языков, обозначающие политические понятия: *большевик, партия, социализм, социал-демократтар, фракция, автономия, совет, прения, комитет, манифест, депутат, политика, член* и др.; административные единицы: *облыс, губерния, болыс, округ, уез, селение, деревня, сельский общество, ауылнай общество, земство, край*; государственные органы управления и наименования, относящихся к ним: *Сенат, Министерство, Государственный (-ая) Дума, Государственный Совет, старшын, министр, губернатор, вице-губернатор, ішкі министр, правительство, чиновниктер, ведомство, судья, крестьянский начальник, выборщик* и др.

На страницах газеты встречаются терминосочетания, заимствованные из русского языка целиком в готовом виде: *Государственный (-ая) Дума, чрезвычайный съезд, учредительное собрание, болосной сход, аулнай общество, сельский общество, закон проект* (позже это сочетание видоизменилось и стала употребляться как *закон жобасы (закон жоба), Государственный совет, военная цензура* и др.

Некоторые термины употребляются в вариантах различного рода (грамматических, лексических и др.): *правительство – үкімет (хүкімет), суд – сот, закон – закун, бағдарлама – программа, Государственный (-ая) Дума – Г.Дума – дума, сиез – сиезд – съезд, гаскер – әскер, уезд – уез, союз – одақ* и др.

Гораздо позже, выступая в 1926 г. на I Всесоюзном тюркологическом съезде в г. Баку, А.Байтурсынов говорил о принципах терминообразования в казахском языке (термины он называл «пән сөздері»): «...Пән сөздері жағынан бастан-аяқ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды. Басқа түріктер «әдебиет тілі араб, парсы сөздермен шұбарланса, көркем болады» дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тіпті бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу дәрежеге жеткен. Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты... Тіл арасына жік түсіп айырылмас үшін, жат сөздер амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды»[8].

Но уже в 30-х годах меняется политикаведущей партии страны, и принципы А.Байтурсынова были забыты на долгие-долгие годы.

Газета «Қазақ» перестала выходить в свет из-за отсутствия средств для выпуска, но свою задачу она выполнила полностью. Вот как писал М.Ауэзов в 1923 году в журнале «Шолпан»: «Қазақ» газеті... ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жинап, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп талап қыла бастаған уақытқа келді. Бұл тұтынған жолында «Қазақ» газеті өз міндетін дөп атқарды».

Газета «Қазақ» внесла неоспоримый вклад в развитие литературного казахского языка и в формирование терминологии в частности.

Многие термины отраслевых терминосистем казахского языка в своем современном лексическом и семантическом виде впервые встречаются именно в материалах этой газеты. Язык газеты выгодно отличался от языка первых казахских книг и газет тем, что здесь для доступности основной массе читателей был использован «қазақтың қара тілі» – общеупотребительная лексика в терминологическом значении, т.е. принцип максимального использования собственных средств казахского языка при терминообразовании использовался А.Байтурсыновым в действии. Этот принцип впоследствии был подвергнут остракизму, А. Байтурсынов обвинён в пуризме, подвергнут гонениям и за многие другие «прегрешения» перед Советской властью расстрелян, а игнорирование принципа максимального использования собственно казахских языковых средств при терминообразовании и принцип употреблений заимствований только в случае крайней необходимости привело к тому что за годы советского периода развития в терминологии казахского языка процентное соотношение заимствований стало преобладать над исконной лексикой казахского языка.

Социальные потрясения, перестройка общественных отношений, обретение Казахстаном государственной независимости в последнее десятилетие XX в. оказали благотворное влияние на изменения статуса казахского языка, в особенности языка науки и техники, где принципы терминообразования, заложенные А. Байтурсыновым, были вновь взяты на вооружение и их действенность была подтверждена на деле.

Литература:

1. Кенжебаев Б., Қожакеев Т. Қазақ совет баспасөз тарихынан. - Алматы, 1962. – С. 8.
2. «Қазақ» газеті. - 1913, 2 февраль.
3. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. - III том. - СПб, 1870. – С. 119.
4. Малов С.С. К истории казахского языка // Известия АН КазССР. - Отдел литературы и языка. - Алма-Ата, 1941. - № 8. С. 99.

5. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы демократ жазушылары. - Алматы, 1958. - 20-б.
6. «Қазақ» газеті. - 1913, 10 февраль.
7. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. - Алматы, 1990. - 34-б.
8. Байтұрсынов А. Түрікшілдер құрылтайы // Жаңа мектеп. - 1926. - №7-8. - 45-б.

Маралбек Е.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының докторанты

А.Байтұрсынұлының географиялық танымы және географиялық атаулар

Қазақ руханиятының көсемі – А.Байтұрсынұлын отандық және шетелдік ғалымдар көбіне-көп тілші ғалым (лингвист) ретінде таниды. Шынында да, ғасыр ғұламасының дәуір талабына сай ден қойған, бел шешіп айналысқан саласы – осы. Мұндай пікірдің орнығуы, бір жағы, ғалымның қай ғылыми мұрасы болсын, бір ұшы тілмен сабақтасып, ұштасып жататындығында болса керек. Десе де тілден тыс жатқан мұралары да жетерлік. Бұл мұралар А.Байтұрсынұлын әртүрлі қырынан танытады. Бүгінде қазақ ғылымы ұлы ұстазды әдебиеттанушы, ақын, түркітанушы, фольклорист, публицист, аудармашы, ағартушы, мәдениеттанушы, демограф, саясаткер, идеолог, қазақ ғылымының негізін салушы және ұйымдастырушы, қазақ журналистикасының негізін салушы, ұлттық жазудың реформаторы, XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің және Алашорда үкіметі жетекшілерінің бірі, көптеген ғылыми және қоғамдық-саяси қызметті қатар атқарған универсал ғалым, біртуар тұлға ретінде мойындайды. Ғалымның бұдан бөлек ашылмай, зерттелмей жатқан қырлары көп. Солардың бірі – географиялық танымы. Географиялық терминдердің де алғашқы легін қалыптастырушы А.Байтұрсынұлы екенін көпшілік қауым біле бермес. Сондықтан бұл шағын мақала ғалымның география ғылымымен қатысын сөз етуге арналады.

Ғалым өмірінің соңына дейін бір күн де қаламын қолынан тастамай, тынымсыз жазумен, ғылыммен айналысқаны белгілі. Бірақ 1929 жылдан кейін баспа бетін көрген не қолжазба түрінде сақталған бірде-бір ғылыми мұрасы кездеспейді. Бұл оның ғылымдағы жұмбағының әлі күрмеулі екенін аңғартады. Осы жұмбақты тауып, күрмеуді шешкен сайын Ақаңның ғалымдық тұлғасы биіктей берері даусыз. Міне, сондай жұмбақ жағдайда көпшілікке белгісіз болып келген тағы бір ғылыми мұрасы – «Шаруалық өзгерісі» атты мәдениет тарихын қысқаша баяндайтын еңбегі. Қолжазба мазмұнында көтерілген саяси-экономикалық тақырыптар өз алдына, онда географиялық мәселелер де кеңінен сөз болады. Бұл еңбек А.Байтұрсынұлын ғылыми көпшілікке *географ ғалым* ретінде де танытады. Аталған еңбекте көтерілген мәдениет тақырыбы тарихпен, саяси-экономикамен, географиямен ұштасып жатады. Ғалым мұнда ғылымның бірнеше түрін өзара ұштастырып, сол кезеңде қазаққа аса қажет даулы мәселенің басын ашып берген, яғни, «Қазақ халқы сан ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан дәстүрлі шаруашылық тәсілін (мал шаруашылығы) тастап, отырықшылыққа ойысуы, егін шаруашылығы, қолөнер кәсібіне жаппай көшуі керек пе? Жоқ па?» деген сұраққа жауап іздейді. Еңбек осындай аса өзекті тақырыпқа арналғандығымен де құнды. Мұнда қасаң қағидалар, дүдәмал теория, тілді тірек еткен түрі әдемі, буыны бос тұжырымдар жоқ. Керісінше, өн бойы географиялық орта мен өркениеттің сабақтастығын философиялық деңгейде пайымдаған тұжырымдарға толы. Бұл еңбектің мақсаты мен міндеті туралы ғалым сөз басында өзі де былай дейді: «Қазақтың шаруалық қалпын өзгерту турасындағы мәселе осы күнгі даулы мәселенің бірі болғандықтан, өзгеруге себепкер болатын нәрселердің қазаққа жағдайы қандай екенін байқату үшін, бәрін болмаса да, бірсыпырасын айтып өткеніміз керексіз әңгімеден болып табылмас дейміз. Шаруалық жайы табиғат жағдайымен кіндіктес екендігі даусыз. Табиғат жағдайына саналатын нәрселер: климат (күн ауасы), жердің топырағы, беті (ой-қыры), суы, кені, түгі, жан-жануары, халық қалыңдығы. Жер жүзінде өсіп-өнетін нәрселерге, яғни, жер түгі мен жан-жануарға, онсыз болмайтын, керек заттар: ауа, жарық, жылылық һәм су. Бұлар тіршілігімізге керек заттар болған соң, тіршілік жүзінде істейтін ісіміздің бәрі де бұларға қарайды» [1]. Ғалым әрі қарай аталған географиялық ұғымдарды терең талдауға көшеді. Ақаңның географиялық танымының деңгейін және ол қалам тартқан география тақырыбының өрісін болжату үшін, әуелі, осы география ғылымы жайлы аз кем жалпылама ақпарат бере кеткеніміз артық болмас.

География (гр. γεωγραφία – жерді сипаттау) ғылымы – әртүрлі дәрежедегі географиялық орта компоненттерінің орналасуы мен өзара әрекеттесуі заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы [2]. География ғылымы өз ішінен көптеген салаларға бөлінеді. Дегенмен олардың бәрін географ

ғалымдар шартты түрде *физикалық география* және *әлеуметтік-экономикалық география* деп екі бағытқа бөледі. *Физикалық география* – жалпы жердің сыртқы қабатын, оның табиғи кешендері мен компоненттерін зерттейді. Ол өз ішінен *географиялық қабық (литосфера, атмосфера, биосфера, гидросфера платформалар), материктер мен мұхиттар географиясы, географиялық белдеулер мен зоналар, жер шарындағы климаттық белдеулер* деген салаларға бөлінеді. Ал *әлеуметтік-экономикалық география* қоғамның аумақтық бөлінуін зерттейді [2]. Ол өз ішінен тағы *экономикалық география және әлеуметтік география* болып екі бағытқа бөлінеді. Бұлардың әрбірінің өзіне тән ерекшеліктері мен зерттеу нысандары бар.

Кез келген ғылым саласының тілмен тікелей не жанамалай қатысы болатыны сияқты, география ғылымы мен оның салалары да тілмен тікелей, кейда жанамалай байланыста жатады. Еңбекте сөз болған мәселелердің көпшілігі жоғарыда айтылған географиялық ұғымдар мен оның салаларына тікелей қатысты. Әдеттегідей, А.Байтұрсынұлын география ғылымымен жақындастыратын ең басты нәрсе – тіл. Яғни, сөз жазудың Байтұрсынұлына тән дәстүріне сәйкес, ғалым табиғат тақырыбын сөз ету үшін де, ең әуелі, ондағы басты ұғымдарды анықтап, оған қазақша ат қояды. Еңбекте бүгінге дейін қолданыста жүрген мынадай география терминдер кездеседі: 1) физикалық география: *күн ауасы* (климат), *үйек* (жер белдеуі), *ыстық үйек* (ыстық белдеу, экваторлық белдеу), *жылы үйек* (жылы белдеу, тропиктік белдеу), *салқын үйек* (қоңыржай белдеу), *суық үйек* (суық белдеу, полярлық белдеу), *темір қазықтық* (жер полюсі) т.б. Ғалым жер шарын осындай бес географиялық белдеулерге бөледі де: «Біз жердің салқын үйегінде тұрмыз», – дейді. Одан әрі бұл белдеулердің өсімдік қабаты, суы мен жан-жануары климатқа, яғни, күн жылуына тәуелді болатынын қысқаша баяндайды. Ал өркениетке әсер ететін табиғат факторларына нақты нелер жататыны жайлы: «Табиғат жағдайына саналатын нәрселер: климат (күн ауасы), жердің топырағы, беті (ой-қыры), суы, кені, түгі, жан-жануары, халық қалыңдығы. Жер жүзінде өсіп-өнетін нәрселерге, яғни, жер түгі мен жан-жануарға, онсыз болмайтын, керек заттар: ауа, жарық, жылылық һәм су. Бұлар тіршілігімізге керек заттар болған соң тіршілік жүзінде істейтін ісіміздің бәрі де бұларға қарайды», – дейді [1]. Ғалымның бұл нұсқаулығында *физикалық географияның* біраз ұғымдары қамтылған. Сонымен қоса ғалым *географиялық қабық* саналатын *литосфера, атмосфера, биосфера, гидросфера* қабаттарына жататын табиғат құбылыстары мен табиғи ресурстарды ажырата біледі және оның бір-біріне әсері туралы ғылыми танымы терең. Осы ұғымдарды нақтылап алады да оның адамзат тіршілігіне, шаруашылыққа, өркениетке әсерін баяндайды: «Ауа жер жүзінде тегіс жеткілікті, қай жерде де болса бар. Өзге үшеуі бір жерде бар, бір жерде жоқ, бір жерде көп, бір жерде аз. Бұлардың көп жерінде жан-жануар көп, жер түгі бітік. Бұлар кем жерінде жан-жануар да кем, жер түгі де нашар» [1]. Ғалым күллі тіршілік иесінің, ең әуелі, жарық, жылу, ауа, су сияқты табиғат байлықтарына тікелей тәуелділігін және олардың диалектикалық бірлігі жайлы ұтымды тұжырымдар жасайды. Адамзат тіршілігінің жалғасуына, өркениетінің алға басуына ұдайы және айрықша ықпал ететін басты фактор ретінде табиғатты факторын атайды: «Мәдениет себепкері жалғыз ғана табиғат емес, бірақ себепкер нәрселердің ішіндегі ең зоры табиғат деп бұ күндегі ғылым тоқтайды» [1]. Өркениет пен табиғаттың сабақтастығы, бір жағы, Байтұрсынұлының география тақырыбына ден қоюының басты себебі болса керек. Ол қазақ өркениетінің алға жылжуында да ең басты фактор табиғат екенін жақсы түсінген. Әрі оның себебін де көрсетеді: «Табиғат әсері адам баласының ісіне неғұрлым мәдениет жүзінде төмен тұрса, соғұрлым күшті болмақ. Мәдениет жолында жоғарылаған сайын табиғат әсерінен адам баласы құтылықырамақшы», яғни, ғылымнан мешеу жатқан қазақ даласын өркениетке бастау үшін, ең әуелі, қазақ даласының географиялық жағдайын жете зерттеуді және соған сай тіршілік тәсілін таңдауды ұсынады. Ол тіршілік тәсілі мен шаруашылық формасын ғылыми жолмен өрістетуді керектігін айтады.

Ғалым бұдан әрі өркениет ошақтары мен ірі географиялық кеңістіктердің орналасу картасын және табиғат ресурстарының тіршілікке әсерін жалпылама сөз етеді де қазақ жерінің нақты географиялық картасына көшеді: «Қазақ жерінің табиғаты түрлі-түрлі. Он облысқа қараған жер түгіл, бір облыс алабындағы, тіпті бір уез алабындағы жерлер де бірдей емес. Ішкі ордалық пен Түркістан жерінің табиғатын көзбен көргенім жоқ. Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарының жерін тегіс болмаса да, бірсыпыра көргенім бар һәм олар туралы жиған мағлұматтарым да толық. Түркістан облыстары туралы да нақ толық болмаса да, мағлұматтан құр алақан емеспін. Ішкі ордалық жеріне переселен келіп жатқан жоқ, олай болған соң ол туралы талас та жоқ. Осы айтылған облыстардың ішінде, әсіресе, жақсы білетінім – туған, тұрған, көбірек аралап көрген облысым, Торғай облысы». Бұл тұжырымдарға қарағанда, А.Байтұрсынұлының қазақ даласының географиялық ерекшелігі туралы терең білімі бары былай тұрсын, мұны арнайы өзіне меншікті тақырып етіп, ұдайы назарда ұстағанға ұқсайды. Ғалым сол дәуірдегі патшалық Ресей үкіметі отарлық мақсатта ұйымдастырған көптеген

экспедициялардың зерттеу материалдарымен, мұжықтарды қазақ жеріне күштеп қоныстандыру мақсатында құрылған переселен мекемелерінің қазақ жерінің табиғаты туралы баяндалған түрлі статистикалық, ақпараттық кітаптарымен жіті танысып отырған. Сонымен қоса, өзге еуропалық оқымыстылардың ғылыми еңбектерімен де таныс екені байқалады. Өйткені еңбекте көптеген батыс оқымыстыларының есімдері аталып, теориялық тұжырымдары туралы мәліметтер беріліп отырады. А.Байтұрсынұлының жаратылыстану, саяси-экономика, философиялық бағыттағы білімінің тереңдеуіне батыс оқымыстыларының, соның ішінде неміс ғалымдары әсері айрықша болған. Осы батыстық ғылыми теория мен миссионерлердің нақты статистикалық ақпараттары өзі тумысынан таныс қазақ даласының географиялық ерекшеліктеріне қатысты білімімен ұштасқанда, қуатты географиялық танымға айналған. Міне, ғалымның қашан да құнды пікірлер айтып, дұрыс байлам жасауының құпиясы осы болса керек.

Сол дәуірде қазақ даласының географиялық ерекшелігі жайлы Ақаңнан терең білімі бар қазақ зиялысы болмаса да керек-ті. Тұтас қазақ даласының табиғатын жалпылама білу былай тұрсын, тіпті, әр өңірлерінің де географиялық ерекшеліктерін, жер көлемін, пайдаланылуға жарамды жерлер туралы статистикалық мәліметтерді мейлінше қанық біледі. Айталық: «Торғай облысы төрт уезге бөлінеді. Бірі оның – Қостанай уезі. Бұл уездегі жердің алабы – 9 жарым миллион десятина. Екіншісі – Ақтөбе уезі: мұның жері – 5 миллион десятина. Үшіншісі – Ырғыз уезі: мұның жері – 13 миллион десятина. Төртіншісі – Торғай уезі: оның жері – 15 десятина. Ырғыз бен Торғай уезінің жері егінге қанша жарайтыны қазір сыналған жоқ. Бірақ әуесіне, топырағына қарағанда, егінге жарарлық жері тілті аз көрінеді», – дейді. Сөйтіп, Торғай облысындағы 43 миллион десятина жердің 28 миллион десятинасы бірден-ақ егінге жарамсыз болып шығады. Бұл – бір облыстағы жердің үштен екісі», – дейді ғалым. Әр өңірдің тауы, тасы, суы, ағашы, малы басы, жаны, басы т.б. әр тарап ақпараттарға мейлінше қанық. Оған мына сөзі де дәлел: «Он облыс қазақ жерінің табиғаты түгіл бір облыс жердің табиғатында түптей түгел айтып шығуға әлденеше том кітап жазу керек». Бұл – қазақ жерінің әр облыстары туралы мәліметтері мейлінше мол және оны жазуға жеткілікті ғылыми дайындығы мен терең танымы бар екенін көрсетеді. Ғалым қазақ жерінің жалпы географиялық ерекшелігін жер ыңғайы мен климаттық жақындығына қарай «дала облыстары» және «Түркістан облыстары» деп екі климаттық белдеуге бөледі де табиғатын жалпылама былайша сипаттап береді: «Тау су сақтайды, су ну сақтайды, ну дым сақтайды» деп қазақтар да айтады. Қазақ облыстарында су сақтайтын тау аз. Әуені ылғалдандыратын үлкен теңіздер жоқ. Сондықтан қазақ жерінің әуесі құрғақ болады. Әуе құрғақ болған соң жауын аз болады. Қар суы я тасыған өзен сулары іркіліп тұрақтайтын жерлерде болмаса, жай жерлерде қар дым қалмай, тез кеуіп кетеді. Тау аз болған соң, қазақ жерінде өзен де аз. Ол аз өзендердің де көбінесе суы ащы болады. Көлдер өзеннен көбірек ұшырайды. Бірақ олардың суы көбінесе мал болмаса, адам ішуіне жарамайтын ащы болады. Су кем болған соң қазақ жерінде ағаш та кем, шөбі де сирек хәм бақал болады. Осы айтылған – қазақ жерінің жалпы сыны». Осы айтылған қазақ жерінің жалпы ерекшелігін ешкім де теріс дей алмас. А.Байтұрсынұлы әр өңір, әр облыстың географиялық қабатын жеке-жеке алып, жан-жақты сипаттап бермесе де, бәріне тән жалпы ерекшеліктерін мүмкіндігінше дәл көрсеткен. Жан-жақты сипаттау бұл еңбектің басты нысаны да емес. Мұнда ғалымның көздегені – қазақ жерінің жалпы ерекшелігін нақты деректермен сипаттай отырып, оған сай келетін шаруашылық түрі қайсы екенін ұғындыру.

Еңбектегі ендігі бір алуан пікірлер *экономикалық география* мәселелерін саяды. Географияның бұл бағыты да өз көптеген ішінен салаларға бөлінеді. Айталық: дүниежүзінің саяси картасы, дүниежүзінің саяси қалыптасу кезеңдері, халықтар географиясы, қалалар және урбандалу, әлемнің табиғат ресурстары, әлем шаруашылығы, халықаралық еңбек бөлінісі, дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы, халықаралық экономикалық қатынастар т.б. [2]. Осы аталған салалардың бәріне болмаса да, көпшілігінің зерттеу нысанына жататын мәселелер еңбектен көптеп кездесіп жатады. Ең әуелі, қолжазбаның өн бойынан мынадай экономикалық географияға қатысты терминдер кездеседі: *аңсымақ жұрттар* (алғашқы қауымдағы адамдар), *шаруалық қырқалары* (қоғам дамуының эволюциялық кезеңдері), *мәдениеттің жоғарғы қырқасы* (дамыған мәдениет), *мәдениеттің орта қырқалары* (даму үстіндегі мәдениет), *мәдениеттің төменгі қырқасы* (мешеу мәдениет), *кәсіп* (жеке кәсіп), *шеберлік* (өнер, иновация), *ел жиілігі* (халық тығыздығы), *өнерлік кәсіп* (өнеркәсіп, индустрия), *ауыл шаруалығы* (ауыл шаруашылығы), *қол өнер* (қолөнер) т.б. Байқағанымыздай, бұл терминдердің кейбірі бүгінде қолданыста жүр әрі әбден орныққан. Тіпті, *қолөнер*, *өнеркәсіп*, *кәсіп*, *ауыл шаруашылығы* сияқты терминдердің төл авторы Ақаң екенін көпшілік қауым ойлап та көрмеген болса керек. Мұндағы кей терминдерді қайта жаңғыртуға болатын да сияқты. Қашан да не жазса да, ондағы ғылыми ұғымдарды екшеп, оларға төл тілімізден ат қойып алып, одан әрі қарай өзекті ойлары

мен бірегей пікірлерін жүйелі түрде сабақтайтын ғалым география тақырыбында да қалыптасқан ғылыми сауатын байқатады.

Экономикалық география тақырыбын қаузағанда, өркениеттің экономикалық өсуі, адамзаттың экономикалық шаруашылығының өрістеуі тұрғысынан көбірек назар аударады. Ең әуелі, қоғамның эволюциялық даму жолын кезеңдерге бөледі. Мұнда, бір қызығы, адамзат қоғамын сипатына қарай *алғашқы қоғам, құлдық қоғам, феодалдық қоғам, капиталистік қоғам, социалистік қоғам, коммунизм* деп стихиялы түрде жіктемейді, керісінше, күн көріс, тіршілік тәсіліне қарай жіктейді. Адамзат қоғамының мәдени-экономикалық өрлеуінің эволюциялық кезеңдерін *шаруалық қырқалары* деп атап, неміс ғалымы Ф.Листтің тұжырымдарына сүйене отырып, алты қырқаға (кезеңге) бөледі.

Олар:

- 1) жеміс-жидек, аңмен тіршілік еткен дәуір;
- 2) малды қолға үйретіп, малмен тіршілік еткен дәуір;
- 3) егін егуді игеріп, дәнді дақылмен тіршілік еткен дәуір;
- 4) қолөнер кәсібін нәсіпке айналдырған дәуір;
- 5) сауда-саттықпен тірлігін тапқан дәуір;
- 6) өндіріс мәшинеленіп, өнеркәсіптенген дәуір [1].

Мұнымен қоса ғалым тағы бір неміс оқымыстысы – Бюхердің тұжырымдары негізінде қоғам дамуының кезеңдерін экономикалық қатынастар тұрғысынан:

- «1) өндірілген өнім әр отбасы тұтынуынан артылмаған заман;
- 2) өндірілген өнім әр қаланың тұтынуынан артылмаған заман;
- 3) өндірілген өнім әр елдің өзінен артылмаған заман;

4) әр елдің шаруашылығы тұтасқан заман», – деп төрт деңгейге бөледі [1]. Бұл – адамзат қоғамының экономикалық тұрғыдан жаһандануының төрт сатысы. Байқағанымыздай, бірінші түрлі жіктеуге адамдар мен адамдардың әлеуметтік қарым-қатынасынан гөрі, адамдармен табиғаттың тіршілік жүзіндегі қарым-қатынасы негіз болған. Екінші түрлі жіктеуде адамдардың экономикалық қатынастарының ұлғаюы географиялық тұрғыдан сипатталған. Екеуіне де адамзат өркениетінің дамуы географиясына экономикалық қатынастар арқау болған. Ғалымның ғылыми ұғымдарды жүйелеу мен жіктеудің өзіне тән бір ерекшелігі де осы тұста көрінеді. Ол ерекшелік – кез келген ұғымдарды зат не құбылыстың ішкі қасиеті тұрғысынан емес, қажеттілік тұрғысынан анықтау. Мұнда да экономикалық география ұғымдары адамдардың өркениет жолындағы экономикалық өсуге деген қажеттілігі тұрғысынан баяндалады.

Әлеуметтік-экономикалық географияның тағы бір өзекті салалары – халықтар географиясы (*демография, халықтардың орналасу географиясы, халық көші-қоны* т.б.). Ғалым аталған салаларға қатысты да құнды пікірлер айтып, маңызды ақпараттар қалдырады. Нақтырақ айтсақ, ел жиілігі, оның қоғамның экономикалық дамуына әсері, тұтас жер шары картасындағы халықтардың орналасу тығыздығы, халық саны, орташа табиғи өсім мөлшері т.б. мәселелер кеңінен сөз болады. Бұлардың ішінде ең әуелі сөз болатыны әлем халықтарының жалпы саны: «Жер жүзіндегі адам баласының дәл қанша екені осы күнге дейін мағлұм емес. Есептеушілердің бірсыпыралары «бір миллиард 550 миллион» деп есеп етеді. Бірсыпыралары «бір миллиард 660 миллион» деп шамалайды. Бірсыпыралары «бір миллиард 700 миллион» деп те есептейді», – дейді [1]. Ғалым демографтардың жоғарыдағыдай бірнеше болжамдар айтып, нақты бір санға тұрақтай алмауының да себептерін баяндайды. Оның басты себебі – мешеу жатқан елдер мен алғашқы қоғам сатысында өмір сүріп жатқан халықтардың нақты санын анықтаудың қиындығы деп көрсетеді.

Ғалым демография мәселесін экономикамен сабақтас фактор ретінде қарастырады. Бір өңірге басқа өңірлерге қарағанда адамдардың тығыз орналасуын *ел жиілігі* деп атап, оның өркениетке тигізер оңды және теріс әсерлерін нақты баяндайды. Бұдан жүз жыл бұрынғы әлем халықтарының саны туралы ақпаратты қазақ тілді қауымға тек А.Байтұрсынұлындай статистик қана бере алса керек. Мұнда да ғалым жалпылама ақпараттармен ғана шектелмейді, әр географиялық аймақ, құрлық, материктердегі орналасу тығыздығын жіпке тізгендей көрсетеді: «Жер жүзінде адам баласы бір қалыпты тегіс таралмаған. Бір жерде қалың болса, екінші жерде сирек. Бір жерде қалың да емес, сирек те емес, орташа күйде. Елі қалың жерлер: Қытай, Үндістан, Мысыр, Күнбатыс Еуропа, Америка Штаттарының күншығыстағылары. Бұл жерлердің алабы бүкіл жер жүзін алғанда, жетіден бірі ғана болады. Осы жердің жеті бөлігінің бірінде тұратын адамның саны бір миллиард 200 миллион, басқа алты бөліміне 400 миллион ғана адам келеді» [1]. Әлем халықтарының орналасуы мен жердің жан басына шаққандағы тығыздығын бұлайша сөз етудің өзіндік мәні бар. Ғалым мұнда танымдық ақпарат берумен қатар, жан саны тығыздығының өркениетке, қоғам дамуына тигізер ықпалын сөз етуді мақсат етеді. Мұны өз сөзімен баяндасақ: «Ел қалыңдауы мен мәдениет

жоғарылауы арасында не сабақтастық бар? Адам көп болса, ауыз көп, ауыз көбейсе, тамақ көп керек. Көп тамақ үшін көп жер керек. Егерде адам көбейген сайын жер де көбейе берсе, онда ел қалыңдау жоқ. Ел қалыңдамаса, шаруалық тұрмыс өзгерілмейді», – дейді [1]. Белгілі географиялық аймақта адам санының көбейіп, жер тарылуы тіршілікке талпынысты үдетіп, адамдар арасында бәсеке тудырады. Мұндай бәсеке ғылым мен өркениеттің ілгері басуына себепкер болады. Міне, осындай география ұғымдар аясында көрініс табатын философиялық заңдылықтарды қазақ жұртшылығына ұғындырмақ болады.

Ғалым бір өңірде халықтың көп, енді бір өңірде аз болуының да нақты себептерін көрсетуді назардан тыс қалдырмайды. Осыған байланысты демографияға кері әсер ететін басты факторлар ретінде *табиғи апат, мешеулік, соғыс, нашар экологиялық орта, саясат* сияқты факторларды атаса, ал демографияға оң әсер ететін факторлар ретінде *экономика, географиялық орта, ғылым-білім* т.б. көрсетеді. Көрсетіп қана қоймайды, әсер ету барысын кеңінен түсіндіреді. Осыған орай демограф ғалымдардың деректеріне сүйене отырып, табиғи өсімнің статистикасын да көрсетеді: «Англия данасы Томос Мальтус айтады: «Ел өсуіне басқа бөгет болмаса, бір елдің адамы 25 жылдың ішінде 2 есе кебеймек, оның арғы 25 жылдың ішінде 4 есе, онан арғы 25 жылдың ішінде 8 есе, 16 есе, 32 есе ... сол бағдармен» [1]. Бұл да – біз үшін аса маңызды танымдық ақпарат. Демография мәселесі қашаннан да ғалым назарынан тыс қалмайтыны зиялы қауымға белгілі. Жоғарыдағы нақты мысалдардан байқалғандай, А.Байтұрсынұлы қазақ емес, әлем халықтарының саны мен демографиялық өсімі жайлы ақпараттарға қанық. Қала берді, әлемнің географиялық картасында, Азия материгінің бел ортасында тарихтан бері өмір сүріп келе жатқан іргелі ұлт болғанымызды ұлттық жадтан өшіріп алғанда, «*Әлһамдулилла, аз емеспіз, алты миллион қазақпыз*» деген осыдан бір ғасыр бұрынғы айтылған Ақаң сөзі арқылы санамызда қайта жаңғыртқанымыз жасырын емес. Ұлт жанашыры қазақ халқының демографиялық өсімінің жоғарлауын халықты сақтап қалудың тағы бір жолы санап, осыған айрықша мән берген.

Еңбекте *экономикалық географияның* экономикалық мәселелері де кеңінен қамтылған. Яғни, әлем шаруашылығы, халықаралық экономикалық қатынастар, әлемнің табиғат ресурстары, дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы мен орналасуы т.б. мәселелер қажетті деңгейде сөз болып отырады. Аталған мәселелерге келгенде ғалым, ең әуелі, әлем өркениет ошақтарын және оның таралу картасын көрсетеді: «Тарих жүзінде әуелі төбесі көрінген төрт мәдениет: мұның төртеуі де үлкен дариялар бойында пайда болған. Мысалы, Мысыр мәдениеті Ніл дариясының бойында, Ассирия һәм Вавилония мәдениеті, Тигр һәм Эфрат дарияларының бойында, Үнді мәдениеті Үнді һәм Ганга дарияларының бойында, Қытай мәдениеті Гуангу (Хуанхэ) һәм Янтсикианг (Янцзы) дарияларының бойында» [1]. Автордың өзі атап өткендей, өркениеттің тууы мен дамуына ең бірінші объективті факторлар әсер етеді, объективті факторлардың ішіндегі бастысы – табиғат. Ал одан кейін оның таралуына объективті факторлардан гөрі субъективті факторлар көбірек әсер ете бастайды. Бұлардың ішіндегі ең бастысын ғалым «сыбайластық» деп көрсетеді. Мұны бүгінгі тілмен айтқанда, саяси-экономикалық қарым-қатынастар. Мұндай сыбайластық әлемнің экономикалық жаһандануының алғашқы баспалдағы саналады. Ғалым осы сыбайластықтан өрістеген мәдениеттің таралу жолын былайша көрсетеді: «Ассирия Вавилонияны бағындырып, Вавилон мәдениетін алған. Македония Грекияны бағындырып, Грек мәдениетін алған. Германия Римді бағындырып Рим мәдениетін алған» [1]; «Орта Үндістан мәдениеті арқа Үндістанға, Халдей мәдениеті Ассирияға, Ассириянікі Финикияға тарады. Финикия мен Мысыр мәдениеті Грекияға тарап, Грекиянікі Римге тарады. Римнен әрі тағы солай сыбайлас Галилия, Испанияға тарады. Күншығыстағы славяндардан ығысқан Германдалар барып Риммен сыбайлас болып еді. Оларға да Рим мәдениеті тарады. Солтүстік жағынан Римге сыбайлас болған Франция, Англиялар Рим мәдениетін алды. Күншығыс жағынан сыбайлас болған поляктер, басқа славяндар, Балти алабындағы жұрттар – олар да Рим мәдениетін алды» [1]; «Еуропа жұрты мәдениетін әуелі Солтүстік, сонан соң Оңтүстік Америкаға колонизация жолымен жайды. Онан кейін колонизация жолымен Еуропа мәдениеті жайылған жерлер: Аустралия, Жаңа Зеландия, Жаңа Гвения-Полинезия аралдары» [1]. Көріп отырғанымыздай, ғалым тарихтан бергі мәдениеттің таралуы картасы мейлінше жетік біледі. Бір бұл ғана емес, әлем елдерінің ежелгі және бүгінгі саяси картасын да қанық білетіні байқалады. Жоғарыда баяндалған мәдениет – кең ұғым. Ол жалпы мәдени құндылықтарды көрсетумен бірге сауда-экономикалық қарым-қатынастардың ықпалында өрістеген *экономикалық өсуді* де көрсетеді. Кез келген елдің экономикалық өсу деңгейі сол елде ашылған сан-салалы кәсіп түрлері мен бой көтерген ірі өндіріс ошақтарына қарай анықталады. Еңбекте әлем елдерінің экономикалық жаһандануы мен мәдени байланысының жалпы жолы, таралу бағыты ғана көрсетіліп қоймай, жекелеген елдердің қазіргі мәдениет өресі, экономикалық деңгейі, шаруашылық тәсілі, байлығы, өндіріс ошақтары жайлы да нақты ақпараттар берілген. Сол тұстағы Үндістан туралы

мынадай мәліметтер кездеседі: «Үндістанда осы күнде 5 университет бар. Онан жылына 4 мың шамалы жастар оқып шығып тұрады. 35 мың шақырымдай теміржол салынған. 125 мата фабрикасы, 97 көмір шахтасы, 100 шай егістігі, 98 әртүрлі қант заводы, қағаз фабрикасы, шұға фабрикасы сияқты нәрселер бар» [1]. Халқы мешеу, отарлық езгіде жатқан, сол заманда елеусіз деп айтуға болатын Үндістан жайлы мұншама нақты ақпараттарды білгенде, айдай әлемге белгілі Еуропа елдері туралы сан-тарау мәліметтер ғалымның таным кеңістігінде түп-түгел деп айтуға әбден болады.

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынұлы аталған еңбекте әлемнің бүгінгі және ежелгі саяси-экономикалық картасы, әлемнің және қазақ жерінің географиялық ерекшеліктері, әлем халық, этнос құрамы, демография, көші-қон, әлем шаруашылығы т.б. көптеген географиялық мәселелер турасында сөз қозғайды. Мұнда ғалым өз пікірін Еуропаның маңдайалды ғалымдарының тұжырымдарымен ұштастыра отырып, философиялық пайыммен сабақтайды. Еңбекте географиялық, экономикалық ұғымдар арқылы «табиғат» – тіршілік» – «мәдениет» – «өркениет» ұғымдарының диалектикалық бірлігі мен сабақтастығын ұтымды дәйектеледі. Міне, бұл ізденістер А.Байтұрсынұлын болашаққа географ ғалым ретінде де танытады.

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Шаруалық өзгеріс (қолжазба). – ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек қолжазба бөлімі.
2. <https://kk.wikipedia.org/wiki>
3. «Қазақ» газеті. №145-167.
4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013.
5. Байтұрсынұлы А. Жаңа низам. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. - 128 б
6. «Жұлдыздар отбасы», «Аңыз адам» журналы. – 2010. - №11.

*Хасанова А.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
жоғары санатты мұғалімі
Рахымжан Г.
Орал қалалық білім беру бөлімі Теректі
аудандық лингвистикалық гимназиясының
оқушысы, «А.Байтұрсынұлы оқулары»
байқауының жүлдегері*

Ұлттық жазудың ұлы жаршысы

XX ғасырдың басында қазақ елінің қоғамдық-саяси, мәдени, әдеби, ғылыми өміріне белсене араласып, өнімді еңбек еткен, артына құнды мұра қалдырған Ахмет Байтұрсынұлы тәуелсіздікпен бірге туған халқымен қайта табысты. Ғалым Қазан төңкерісіне дейін-ақ ағартушы, публицист, лингвист ғалым, әдебиет зерттеуші, тюрколог, оқулықтар мен оқу құралдарының авторы, дарынды ақын, аудармашы ретінде танылған еді. Халқымыздың рухани-мәдени өресі, тарихи жағдай Ахмет Байтұрсынұлы тұлғасының басты үш қырын ашты. Олар: қайраткерлік, ғалымдық, қаламгерлік қабілеттері болатын. Ғалымның қабілет-дарыны ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігімен ұштасып, тілдік тұлға деңгейіне көтерілді. Тұтас бір дәуірдің көсемі ретінде Ахмет Байтұрсынұлы халқына қалтқысыз қызмет ете отырып, өз қатарластарына да, кейінгі ұрпаққа ерекше ықпал етті. Ғалымның еңбектері қазақ ғылымының ғана емес, түркі халықтарының білім-ғылымының қалыптасып, дамуында да сүбелі үлес қосты. Ағартушының мұрасы бүгінгі таңда да ел керегіне жарауда, келешекте де маңызын жоймақ емес.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінің бір парасы қазақ сөзінің қасиетін, табиғатын танытумен байланысты. Сондықтан ғалымды қазақ тіл білімінің негізін қалаушы тұлға ретінде танимыз. Оқу-ағарту идеясын ұстанған А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәл көрсететін әрі оқытуға жеңіл таңбаларды түзді. Түркі халықтары қолданылып отырған араб таңбаларын икемдеп (реформалап), қазақ әліпбиін ұсынды. Бұл – шын мәнінде ұлттық жазу еді. Оны кезінде түркі тілдерін зерттеуші орыс, татар ғалымдары «Байтұрсынов жазуы» деп атаса, ғалымның өзі «Қазақ жазуы» деп атады, қарапайым халық «төте жазу» деген атау берді.

Ғалымның ұлттық тіл біліміндегі, қазақ мәдениетіндегі өлшеусіз еңбегінің бірі – араб әріптерін негіз ете отырып, қазақтың жаңа әліпбиін түзуінде. Халқымыздың рухани қажетін бүтіндеуші, түгендеуші болған Ахмет Байтұрсынұлы қазақ баласының білім, ғылымды игеруі үшін төл әліпби түзу қажет екендігін түсініп, қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін дәл бейнелей алатын, қазақ сөзін

дәл таңбалай алатын әліпби жасап шығарды. Бұл әліпби 1929 жылға дейін қолданылып, сол тұстағы тұтас буын сауатын осы әліпбидің негізінде ашты. «Қазақ», «Қазақстан» газеттері, «Айқап» журналы т.с.с. басылымдар осы әліпбимен басылды. XX ғасырдың басындағы ақын-жазушыларымыздың шығармалары Ахмет Байтұрсынұлы түзген әліпбимен жазылды.

Сан ғасырлық тарихы бар, өркениетті әлемге кеңінен тараған араб, латын, кирилл т.б. әліпбилері әр заманда ондаған тілдің жазба түрде қызмет етуіне негіз болып, жалпы адамзат мәдениетінің дамуына ықпал етті. Бұл туралы лингвист ғалым: «Осы күнгі жұрттардың бәрі де өзі шығарған әліпбиін тұтынып отырған жоқ. Бәрінікі де өзгеден өзгертіп алған әліпби Еуропа жұрттарының тұтынған әліпбиінің түбі – көне семмит әліпбиі. Онан грек алған, гректен латын, Еуропа жұрттары алған. Түрік әліпбиінің түбі де – көне саммит әліпбиі. Онан көпеліктер алған, көпеліктен араб өз тіліне үйлестіріп алған, арабтан иран, түрік және басқа мұсылмандар алған... Сондай өз тіліне икемдеп, өзгеріс жасап алған әліпбилеріне әрқайсысы өз аттарын қойып, «латын әліпбиі», «орыс әліпбиі» деген де түрік өз тіліне үйлестірген әліпбиін «түрік әліпбиі» деп, қазақ онан өз тіліне үйлестіріп алған әліпбиін «қазақ әліпбиі» деп атауға жолымыз болуға тиіс», – деген болатын [1].

Әліпбилердің тарихына көз жүгірсек, қазіргі қазақ тіліне негіз болған жалпы түрік тілдеріне ортақ жазба ескерткіштер көптеп саналады. Көне жазу нұсқаларының қатарында көне түркі (Орхон-Енисей), ескі ұйғыр, «Құдатғу білік», «Кодекс куманикус», Махмұд Қашқари сөздігі, араб жазуымен жазылған, жалпы түркі тілдеріне ортақ көптеген тарихи ескерткіштерді атауға болады. Көне түркі жазба нұсқаларында төмендегі сөздер тасқа қашалған: «Түркі бектері мен халқы, мұны естіндер! Қандай сөздерім бар болса, соларды мәңгі тастарға жаздырдым. Оларды көріндер, ұғындар!». Бұл – түркі тілдес халықтарының ортақ мұрасы болған көне жазулар – ұлттық жазуымыздың түп тамыры.

XV-XVIII ғасырларда Қазақ хандығы құрылған соң Қазақ мемлекеттігімен байланысты қазақ тілінде жазылған түрлі жазба мәтіндер, құжаттар болды. Демек, жазба тілдің болғаны хақ. Қазақ хан-сұлтандарының бұйрық-жарлықтары, көрші елдермен жазысқан дипломатиялық қатынас қағаздары, өзара жазысқан хаттары т.б. ескі қазақ жазба тілінің үлгі-нұсқалары болды Оған Қадырғали би Жалайыридың тарихи жазбалары, Әбілғазы баһадүрдің «Түрік шежіресі», Мәшһүр Жүсіптің жазба мұралары т.б. дәлел. 2016 жылы Қытай Халық Республикасы Бейжің қаласындағы Орталық ұлттар университеті қазақ филологиясы факультетінің доценті, Жапонияның Киото университетінде «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақша мұрағат құжаттары туралы тарихи дерекнамалық зерттеу» атты докторлық диссертациясын қорғаған тарих ғылымдарының докторы Әбділәшімұлы Дүйсенәлінің «Жүңгө бірінші тарихи мұрағатында сақталған қазақша құжаттар» атты еңбегі Қазақстанда жарық көрді. Кітапта Пекиндегі архивтен табылған қазақ хандарының, елшілердің хаттары қамтылған 67 парша құжат берілген [2]. Бұл құжаттар Қытай елінен табылғанмен, Қазақ хандығының тарихына тікелей қатысты. Сондықтан оларды да ескі қазақ жазба тілінің үлгісіне жатқызуға болады.

Ескі қазақ жазба тілі қазақтың халық тілі болмағанмен, сауатты, хат танитын адамдардың қатынас құралы болып, қоғамның мәдени қажетін өтеген. Ескі қазақ жазба тілін жоққа шығару мақсатында Н.Ильминский алғаш рет қазақ тілі материалдарын орыс жазуына түсіріп, орыс әліпбиімен берген. Ондағы көздеген мақсаты – орыс әліпбиін қазақ оқығандарының санасына сіңіру, сөйтіп, араб әліпбиін жарамсыз етіп көрсетіп, қазақ қоғамын ислам мәдениеті мен рухани дүниелерінен шеттету еді. Н.Ильминский қазақтарды ашықтан-ашық ислам мәдениетіне қарсы қою әрекетінен нәтиже шықпасын жақсы білді. Қазақ қоғамындағы ислам мәдениетінің түп тірегі жазуда екенін, бұратана халықтарды дәстүрлі діннен айыру үшін ең алдымен олардың әліпбиін, жазу-сызуын аластату қажет екенін жақсы түсінді. Қазақ қоғамындағы араб жазулы рухани дүниенің бірін «татарша», «тілі шұбарланған», «таза емес», «араб-парсы сөздерімен шұбарланған» деп қазақтың «ескі жазба тілі» деп аталатын рухани-мәдени құндылықты халық тіліне қарсы қойды.

Осының бәрін ескерген А.Байтұрсынұлы «жазу-сызудың арқауы халықтық тіл болуы» керек деген тұжырымды ұстанып, жазуды азғана оқығандардың емес, көпшіліктің білім, тәрбие құралына айналдыру, яғни, жазуды дәйекті түрде жүзеге асыруды, даналықтың дәнін себуді мақсат етті. Сондай-ақ ағартушылардың алдында екі таңдау тұрды. Біріншісі – оқу-ағарту, сауаттандыру ісінің бұқаралық сипат алу үшін араб графикасына негізделген бұрынғы әліпбиді негізге алып, ескі жазба тілдің графика емле дәстүрін сақтай отырып, қолданыстағы жазу дәстүрінен қол үзбей, азды-көпті оңтайландыру болды. Екіншісі – ескі жазба тілдің графикалық жүйесінен мүлде бас тартып, қара халықтың ауызша тіліне негізделген әліпби жүйесін жасау. А.Байтұрсынұлы екінші жолды таңдап, ғалым: «Жақсы әліпби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әліпби де қолайсыз. Бойынды қысып, тәніңді құрыстырып-тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем де әліпби қолайсыз болады», – деп тұжырымдайды.

А.Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап қазақ жазумен айналыса бастайды. Сол күнге дейін өзге түркі халықтары сияқты, қазақтар да пайдаланып отырған араб таңбалары таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы емес екендігін біліп, оны қазақ тілінің дыбыс жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алды. Ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы ескі қазақ жазба тілін күллі қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын ұсынды. Сан ғасырлар бойы әдебиетімен мәдениетін ауызша алып келген халықты жаппай сауаттандыруды, білім беруді тезірек қолға алмаса, қазақ қоғамының заман ағымына ілесе алмай, қалып қоятынын терең түсіне білген ғалым жүйесі аса күрделі ескі қазақ жазба тіліне түбегейлі реформа жасады. Осы жолға бар білімі мен күш-жігерін арнады. Алдымен, ол араб әліпбиін пайдалана отырып, халық тілінің тоғыз дауысты (**а - ә, ы - і, о - ө, ұ - ү, е**) және он тоғыз дауыссыздан (**б - п, д - т, г - к, ғ - қ, ж - ш, з - с, й, л, м, н, ң, р, у**) тұратын дыбыс жүйесін негізге алып, қазақ әліпбиін жасады. Ол жазуы халықтық тілдің сөз үлгілерін жазба тілде бірізді қолданудың жүйесін жасады. Сөйтіп, халық тіліне негізделген жазбаша тілдің тұңғыш рет оқулықта, оқу құралдарында заңдастырылған нормасын жасады, тіліміздің заңдастырылған жазу нормаларын негіздеп берді.

Араб жазуын қазақ дыбыс жүйесіне қарай икемдегенде ғалым төмендегі өзгерістерді ұсынды:

1. араб әліпбиіндегі жуан дауыссыздардың қазақ тілі үшін қажетсіз таңбаларын алмау;
2. қазақ тіліндегі **ы, е, и, о, ұ, у** дыбыстарының әрқайсысына таңба белгілеу;
3. **к, г** дыбысынан басқа дауыссыз дыбыстармен келген сөздердің жіңішкелігін білдіру үшін сөздің алдынан дәйекше таңба қою.

Бұл ұсынған әліпби негізінде жаңа жазу 1912 жылдан бастап жұртшылықтың мақұлдауымен өмірдің барлық саласында қолданыла бастады. Ұлы реформатор нәліктен араб жазу үлгісін алғандығын былайша түсіндіреді: «Араб әліппесі қазақ арасына дінмен бірге таралған, сіңген. Дінмен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру – қиын жұмыс. Бұлай болған соң араб харіфлерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек». Ғалым осы бағытта жұмыстануда бар күш-жігерін салады. Әліпби, жазу, емле мәселелеріне байланысты жиындарда ол өз әліпбиінің оңтайлы екенін дәлелдейді.

Енді осы аталмыш әліпбидің өзіне тоқталсақ: «қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Оның бесеуі – дауысты, он жетісі – дауыссыз, екеуі – жарты дауысты. Дауысты дыбыстар: ^۱ (а), ^۲(о), ^۳ (ы), ^۴ (е) و (ұ); дауыссыз дыбыстар: ^۵ (б), ^۶ غت (п), ^۷ ن(т), ^۸ ج (ж), ^۹ ش (ш), ^{۱۰} د (д), ^{۱۱} ر (р), ^{۱۲} ز (з) ^{۱۳} س (с), ^{۱۴} ع (ғ), ^{۱۵} ق (қ), ^{۱۶} ف (к), ^{۱۷} ل (л), ^{۱۸} م (м), ^{۱۹} ي (н); жарты дауысты дыбыстар: ^{۲۰} э(у), (й). Бұл дыбыстардың ішінде **қ** мен **ғ** дәйім жуан айтылады, **г, к** мен **е** дәйім жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың әрқайсысы екі түрде айтылады: бірде жуан, бірде жіңішке. Дауыссыз дыбыстардың кейі қатаң, кейі ұяң болады. Соған қарай харіптері де *қатаң* һәм *ұяң* деп аталады. Қатаң харіптер: **б, п, т, д, ш, с, ғ, к, қ, г**; ұяң харіптер: **ж, р, з, л, м, н, ң**. Ұяң харіптер өзара екіге бөлінеді: 1. *ымыралы* харіптер: ж, р, з, л; 2. *ымырасыз харіптер*: **м, н, ң**. Дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынбақшы, яғни, дауысты дыбыстар жуан айтылса – олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмақшы, дауысты дыбыстар жіңішке айтылса – дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақшы. Дауысты дыбыстарымыз жіңішке айтылуы үшін алатұғын белгіміз мына «»». Бұл белгі дәйекше болып, сөздің алдында тұрған жіңішкелік белгісін көрсетіп, ол сөздің ішіндегі дауысты дыбыстардың жіңішке оқылса, олармен қатар дауыссыз дыбыстар да жіңішке оқылады. Егерде «...бұл 19 дыбыстың жуан айтылғанына бір харіф, жіңішке айтылғанына бір харіф керек» десек, 19 дыбысқа 38 харіф керек болар еді, бұған дәйім жуан болатын **қ** менен **ғ**-ларды, дәйім жіңішке айтылатұғын **к, г** харіптерді қосқанда, һәммасына 43 харіф керек болар еді», – деп жазған әліпби жасаушы ғалым. Ғалым өзі құрастырған әліпбиіне **х, һ** дыбыстарын енгізбеген. Себебі **һ** дыбысын одағай сөздерде ғана (*ahilen, uhiilen, ah* т.б) кездеседі. Алайда кейін: «Бұл әріпті қазақ әліппесінен шығарғанда «мұнымен жазылатын сөздер аз» деп шығарып едік. Аз болғанымен, тілде бар дыбыс болған соң жоқтығы сезілетін көрінеді», – дейді. «Ал **х** дыбысы араб, парсы сөздер арқылы еніп, қазақтың өз сөздері болып кеткен, сондықтан сақтау керек», – дейді.

Біздің қолымыздағы үйреніп жүрген әліпбиде әріп саны – 33. Онда орыс тілінен енген сөздерге байланысты орыс әріптерінің де арабша үлгісі көрсетілген. Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуы оңнан солға қарай жазылады. Әр әріп төрт түрлі таңбаланады: жеке тұрғаны, сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында. Сонымен қатар өзінен кейін әріппен тіркесетін және тіркеспейтін түрлері бар. Өзінен кейінгі әріппен тіркесе алмайтын әріптер – 13 (**а, ә, в, р, з, е...**) өзінен кейінгі әріппен тіркесетін әріптер – 10 (**б, н, п, т, с...**), төте жазуда әріпке қойылатын нүктенің орны ерекше, оны дұрыс қоя білу керек, әйтпесе басқа әріпке ауысып кетеді, ол – Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиінің бірден-бір ерекшелігі.

Ахмет Байтұрсынұлы Орынбор қаласында 1924 жылы 12 маусымда басталған Қырғыз (қазақ) білімпаздарының (оқығандарының) тұңғыш съезінде әліпби тақырыбына арналған баяндама жасайды. Онда ғалым латын әліпбиі мен араб әліпбиі негізінде жасаған әліпбилерді салыстыра

отырып, түрік жазуының артықшылығына кеңінен тоқталып өтеді: «Араб әрпі латын әрпінен жазуға, оқуға оңай. Сауат ашу жүзінде араб әрпінің қолайлығы латын әрпінен артық. Мәшинелерге орнатуға араб әрпінің жаңасы латындікінен анағұрлым артық, ескісі де орнатуға келетінін іс көрсетіп отыр. Араб әліпбиінің әрпі қазақ тілінің дыбыстарына толық жеткілікті, қандай емле жасауына да келеді. Қазақ емлесі нағыз оңай, бұқараға қолайлы емле».

Түрік әліпбиінің қазақ дыбыстарына тұспа-тұс келгендіктен, өзгертусіз, ережесіз тікелей алынған әріптер: **а, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, қ, к, г, н, л, м, н, и**, барлығы – 19 әріп. Бұрын дербес иемдеген дыбысы жоқ болып бірде олай, бірде былай жұмсалып жүргендіктен, ережелеп бекітіп алып отырған әріптеріміз: **ұ**. Латын әліпбиін алуға жасаған жобаға қарағанда латын әліпбиінен қазақ дыбыстарына тұспа-тұс келгендіктен, өзгертусіз, ережесіз, тікелей алынатын әріптер: **а (а), б (в), d(д), 1(а), m (м), n (н), о (о), р (п), г (р), s (с), t (т), z (з), k (к), g (г)** – барлығы 14 әріп. Нақ тұспа-тұс келмегенмен, жуықтығы барлықтан ережелеп икемдеуге келетін әріптер: **е (е), j (ж), i (и), u (у)** – бесеу. Қазақ дыбысына жуық келетін де әріп болмағандықтан, өзгертіп алынатын әріптер: **g (ғ), k (қ), n (ң), ө (ұ)** – төртеуі. Мұның үстіне дербес бір әріп келмегендіктен, екі белгімен алынатын **ш** дыбысының әрпі **sh(ш)** бар. Бұл салыстыру жүзінде латын әліпбиінен түрік әліпбиінің анағұрлым артықтығы айқын-ақ көрініп тұр. Түрік әліпбиінде бір дыбысқа екі әріп алынбайды; латын әліпбиін алғанда болатын көрінеді. Жақсы әліпбидің екінші сипаты – «жазуға жеңілдігі» деп едік. Енді ол жағынан да салыстырып қарайық. Әріп суретінің оңай қиындығы да мүшесінің аз-көбі де қалам сермеуінен өлшенеді. Бұл жағынан салыстырғанда да түрік әліпбиінің анағұрлым артықтығы айқын екендігін көру қиын емес. Түрік әліпбиіндегі қалам сермеу саны: **а (1/2-1), б (1-2), п(11/2-2), т (11/2-2), ж (11/2-2), д (1), р (1/2-1), з (1-2), с (1/2-1-3), ш (11/2-2-3-4), ғ (1/2-1), қ (11/2-2), к (2), г (3), н (3), н (11/2-2), л (1), о (1), ұ (2), у (2), е (2-1), ы (1), и (11/2-2)**, барлығы – 33-41; оның да көбі нүкте; 2) латын әліпбиіндегі қалам сермеу саны: **а (2), б (2), р (2), t (2), j (2), sh (2), d (2), r (2), z (2), s (2), g (2), k (2), g (3), n (3), n (3), m (3), 1 (1), о (1), ө (2), u (2), e (1), у (2) 6 i (2)**, барлығы – 53 сермеу...

...Түрік әліпбиінің жазу үйреткендігі келтіретұғын тағы бір жеңілдігі – түрік әліпбиінің 14 әрпін жазып үйренген соң былайғы 10-ы үйретусіз жазылады. Түрік әліпбиінің латын әліпбиінен кем жері – баспа түрінің дара болмай, тіркес болғандығы. Баспа түрін дараласақ, ол жалғыз кемшілік те жоғалмақшы. Әріпті даралау түрік әліпбиін тастап латын әліпбиін алудан әлбетте оңай болса керек», – деп түрік әліпбиінің артықшылығына баса назар аударып, оның оқуға оңай, жазуға қолайлы жағының бүге-шігесіне дейін қарастырып, оны қолданысқа енгізу қолайлы екенін жан-жақты дәлелдей түседі. Енді қазіргі қолданыстағы әліпбимен салыстырып өтсек, Ахмет Байтұрсынұлы әліпби жүйесінің, түптеп келгенде, сол кездегі және қазіргі жазу жүйесінен өзгешелігі – әріптердің әрі дыбыстық мәнді, әрі әуезін білдіріп, біте қайнасып тұрған ішкі құрылымдық ерекшелігінде. Біте қайнасқан ерекшелік – қазіргі қазақ тілінің сингармонизм жүйесімен ерекше үйлесім табады. Реформатор түзген әліпби жүйесінде фонемалар мен әріптердің сандық қатынасы 28 фонема, 24 әріп болып шығады. Ал бүгінгі орыс алфавитіне негізделген әліпбиде 37 фонема, 42 әріпті құрайды. Оның ішінде басқа тілден енген сөзге байланысты қосарлы дыбыстар, таңбалар кіреді.

А.Байтұрсынұлына дейін араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуының тұрпаты жуан немесе жіңішкелік белгілерді дауыссыздардың ырқына бағындырып бейнелейді, яғни, дауыстылардың жуан, жіңішкелігі дауыссыздардың жуан немесе жіңішкелік таңбасына қарай оқылады. Ал орыс әліпбиіне негізделген жазу болса, біріншіден, сөздің жуан, жіңішкелігіне тән белгілерді жеке дыбыстармен «бөлшектеп» береді, екіншіден, дауыссыздар жүйесінің дауыстылар жүйесіне бағыныңқылық қатынасы ескерілмеді.

Қазіргі қолданылып жүрген орыс графикасына негізделген жазуды «ұлттық сипаттағы жазу» деп тануға болмайды, өйткені, біріншіден, әліпби құрамында қазақтың дыбыс жүйесін бейнелемейтін әріптер бар. Екіншіден, қазақтың төл сөздері қазақ тілінің дыбыс ережесімен, ал толып жатқан кірме сөздер орыс орфографиясымен жазылып жүр. Қазіргі жазуымыздағы **х** дыбысының фонемалық қасиеті жөнінде бірізділік болмауы себепті (*хабар – қабар, хош – қош*) жазуда қиындық келтіруде. А. Байтұрсынов **х, һ, ц, ч, в, ф, щ, э** дыбыстары қазақ тілінің фонемалар құрамына ендірілмеген, оларға арнайы таңба арнамаса да, қосымша әріптермен қалай жазу жолдарын көрсеткен.

Төте жазуды кезінде «бір әріптің төрт түрлі таңбалануы балалардың үйренуіне қиындық туғызады» деп ғұмырын ұзақ қылмады, әрине, оның астарында басқа нәрсе жатты, ол – кезінде Орталықтың нұсқауымен жасалған тұтас бір халықтың рухани өміріне жасаған қиянат еді. Сөзімізді түйіндей келе, «төте жазуды үйрену бүгінгі таңда жоғарыдан төмен қарай оқып, бір таңбасы бір сөз болып кететін қытай тілі мен жазуын үйренуден қиын болмас» деп ойлаймын. Сондай-ақ компьютер тіліндегі араб шрифін төте жазуға айналдыру қиын шаруа емес екені – белгілі жайт.

Әліпби – тек сауат ашу ғана емес, ілім – білім үйренудің бастау көзі, ғылымға апаратын сара жол.

М.Әуезов тілімен айтсақ, «Ақаң ашқан қазақ мектебінің» ұстанымы – қазақ баласын ана тілінде сауатын аштырып қана қоймай, оның әлеуметтік ортада ой-танымы мен талғамын қазақша қалыптастыру болды. Алайда төте жазудың Кеңес Одағындағы ғұмыры ұзаққа бармады. 1929 жылы Қазақ жазуы латын графикасына негізделген, 29 әріптен тұратын жазуға көшті. Ал 1940 жылы қараша айынан бастап латын негізінде қазақ жазуы 41 әріптен тұратын осы күнгі орыс графикасына бейімделген жазуға көшті. Ал Қытай Халық Республикасындағы миллионнан астам қандасымыз осы күнге дейін төте жазуды қолданып келеді.

Қазіргі таңда егемендігімізді алып, еңсемізді көтеріп, өзге елдермен тереземіз тең болған шақта ұлтымыздың тілі мен діні, салты мен дәстүрі, әдеті мен ғұрпын түгендей бастаған тұста ұлттық жазуды көксеуіміз де – заңдылық. Осы орайда «Ахмет Байтұрсынұлы түзген ұлттық жазуымызды мектеп бағдарламасына енгізіп, барлық оқу орындарында міндетті пән ретінде оқыту керек» деп ойлаймыз. Өзіміздің қазақы табиғатымызға жақын төте жазу, қазақтың бірден-бір ұлттық жазуын бүкіл қазақ баласы меңгерсе, ғалым еңбектерін түпнұсқадан оқыр еді. Қазақ хандығы құрылған кезеңнен бастап араб жазуымен таңбаланған дүниелерді түпнұсқадан оқуға мүмкіндік алар едік. Ғалым өзі түзген жазуды: «Араб әрпінен жасап алған әліпбиімізге жер жүзінде әліпби баласы жетпейді», – деп бағалаған болатын. Ендеше, санаулы ғұмырын ұлт мүддесі үшін сарп еткен Ұлы Даланың Ұлы Ұстазының еңбегін ұлтымыздың игілігіне жаратуымыз керек.

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – 3-том. - Алматы: Ел-шежіре, 2013. - 384 б.
2. Әбділәшімұлы Д. Жүңгө бірінші тарихи мұрағатында сақталған қазақша құжаттар. - Алматы: Елтаным баспасы, 2016.

Өмірзақ С.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті

Ахмет Байтұрсынұлының сөз өнері жайлы тұжырымдары туралы таным

Бүгінгі таңда қазақ әдебиетінің прозасы төселген, поэзиясы қалыптасқан, тарихы нақтыланған, теориясы мен сыны жүйеленген қалыпқа түскеніне осы салада талай жылдан бергі екшеленген еңбектер куә. «Әдебиет ұлтқа қызмет етуі керек» деген қағиданы ұстанған, сол жолда аянбай қызмет еткен тарихи тұлғалардың бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы. Алаштың ақиық арысы еліміздің ел болып қалуы, ұлтымыздың ұлттық сипаттан айырылмай, дербестікке жетуі, қазақ халқының мәдениеті жоғары, басқа мемлекеттермен терезесі тең, білім бәйгесінде озық елдер қатарында болуын қалаған қайраткер әрі көрнекті ғалым – саналы ғұмырында тіл жанашыры болып қана қойған жоқ, елдің тәуелсіздігі, жердің дербестігі, дін мен діл мәселесі, оқу жайы, ұлт тағдыры т.б. өз уақытында өзекті болған мәселелерді шешуде сарабал жол көрсеткен рухани көшбасшы.

Әдебиет саласындағы туындылары: «Қырық мысал» (1909), «Маса» (1911), «Ер Сайын» (1923), «23 жоқтау» (1926) «Әдебиет танытқыш» (1926), қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді көтерген бас һәм бірегей мақалалары қазақ әдебиетінің бағытын дұрыс арнаға бұрды. А.Байтұрсынұлы 1913 жылы жариялаған «Оқыту жайынан» атты мақаласында сол күндегі қазақша оқыту мәселесін қозғайды. Білім берудегі кемшіліктерді («Әуелі оқу құралы кітаптар жоқ..., екінші, қазақ мектебіне түзелген программа жоқ, онсыз оқу бір жөннен шықпайды. Үшінші, бала оқыту ғылымынан хабардар мұғалімдер аз») санамалап көрсетеді [1]. Оларды көрсетіп қана қоймай, бала оқытуға арналған оқу құралдары мен оның әдістемелік нұсқаулықтарын – «Оқу құралы» (1912), «Тіл – құрал» (1914), «Әліпби» (1914), «Баяншы» (1926), «Жаңа әліппе» (1926-1928) еңбектерін жазады.

А.Байтұрсынұлы: «Мәдениет күшейеді өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен. Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді. Оқу мен әдебиет бірін бірі қолдап, бірін бірі көтермелеп, бірін бірі сүйейді. Оқусыз әдебиеттің күні жоқ, әдебиетсіз оқудың күні жоқ, қазақта оқу да, әдебиет те жаңа ғана көктеп көзге ілінген күйде тұр. Оның өсіп, үлкейіп, гүлденуі үшін көп іс, көп күш керек. Сол көп істі қолынан келгенше істейтін, сол көп күш шамасынан келгенше сарп ететін қазақ қалам қайраткерлері», – дей келе, қазақ қалам қайраткерлерінің атқарар міндеттерінің соншалықты жауапты екендігін, ал әдебиеттің қоғам мен әлеумет, білім алу үшін, сайып келгенде, мемлекет үшін қаншалықты маңызға ие мықты қару екендігін айтады [1].

«Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ филологиясының негізін қалаушы» деген пікірдің қалыптасуына ғұламаның өз еңбектері тікелей ықпал еткені, ғалым ресми ақталғаннан кейін зерттеп, зерделеу барысында мойындалғаны баршамызған аян. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты туындысының әдебиеттану ғылымының негізін қалаған іргелі еңбек болғаны ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, әдебиетті оқыту жүйесіне дендеп орнықты. Әдебиеттанушы ғалымның осы зерттеу

еңбекті жазудағы мақсаты – ауыз әдебиетінде қалыптасып, ежелгі дәуірді басынан кешіріп, тарихтан мәлімет беретін хандық дәуір әдебиетіне айналған, енді ғана классикалық деңгейге аяқ басып келе жатқан жалпы әдебиеттің теориялық негізін қалап, бір жүйеге келтіру, оқытудың тұрақты жосығын (бағдарын) жасау еді. Еңбекте қазақ әдебиетіне байланысты мәселелер жүйеленген.

«Әдебиет танытқыштың» аңдатуында: «өнерге» анықтама береді де оны «сәулет өнері» (еуропаша – архитектура), «сымбат өнері» (еуропаша – скульптура), «кескін өнері» (орысша – живопись), «әуез өнері» (еуропаша – музыка) және «сөз өнері» (қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, еуропаша – литература) сынды бес топқа топтастырады. Осылардың ішінде сөз өнеріне кең ауқымда тоқталады да оны «өнердің ең алды» деп бағалайды. Осы жерде назар аударатын дүние – «қазіргі әдебиет» деп атап жүрген ғылымымыздың біресе «шығарма, біресе литература» деген ұғымдардың жетегінде жүргендігі туралы өзекті мәселеге былай нүкте қояды: «...Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты – шығарма сөз, ол аты қысқартылып, көбінесе «шығарма» деп айтылады. Ауызша шығарылған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі «шығарма сөз» болады. Шығарманың түрлері толып жатыр, оның бәрін шумақтап бір-ақ атағанда, арабша «әдебиет», қазақша «асыл сөз» дейміз», – дейді [3]. Мұндай қорытындыдан сөздің бағасын, қадір-қасиетінің қаншалықты құнды екендігін анық аңғаруға болады. Шығарманың танадай көзге ұрынып тұрған дүниелері деп «тақырып, жоспар, мазмұн, түрді» атап көрсетеді: «Тақырып – әңгімедегі пікір не туралы болса, сол нәрсе тақырыбы болады. Жоспар – сөз шығарудан бұрын шығарушы айтатын пікірін қай ретпен жазылатынын мерзімдеп, жоспарлап алады... Әңгіменің жоспарын шығарушы адам я ойында белгілеп алады я қағазға жазып алады. Қай шығарма сөзде де болса жоспар болады, бірақ біреуінің жоспары, тәртібі сара-сара болады. Біреуінің жоспары тәртіпсіз, былықпа, ашық болмайды. Мазмұн – бір нәрсе туралы ойға алған пікірді айтуға жұмсалатын бүкіл сөзіміз. Шығарманың тақырыбынан басқасы мазмұн болады. Түрі жөнінде шығарманың түрі қай-қай түрде айтылса, сол түрі «шығару түрі» деп айтылады.

Мазмұнды үш мүшеге: «аңдату», «мазмұндау», «қорыту»; түрді «жай сөйлеу түр», «сөйлестірген түр», «хат түрі», «аралас түр» деп топтастырады. Мазмұнда байқалатын негіздік түрлерге «әуезе», «әліптеу», «байымдауды» көрсетеді.

Кез келген кәсіптің материалы болатыны сияқты, сөз өнерінде жұмсалатын зат – сөз деп біледі. *Сөз шумағын* «тіл» деп атайды. Шығарма тілін екіге бөліп: *ақын тіліне* «айрықша оң беріліп айтылған сөз» деп, *әншейін тілге* «оң берілмей, жай айтылған сөз» деп анықтама береді. Автор тек, түр жағынан ғана бөліп қана қоймай, шығарманың екі жағы: *ішкі пікір* жағы және *тысқы тіл* жағын көрсетеді. А.Байтұрсынұлының пайымдауынша, «сөз қисыны» дегеніміз – асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Ғалым «Сөз қисынында» тек қана сөз өнеріне анықтама беріп қана қоймай, сол сөздің дұрыс қолдануын да көтереді: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтады. Сондықтан ол өзін қиналмай түсінетін қылып айту керек». Сөзді қолдана білу үшін ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білу керектігін шегелейді. Адам айтайын деген ойының жеткізуде сөздің ұнамды, өнді болуы үшін мынандай шарттарды санамалап береді: «1.сөз дұрыстығы; 2. сөз тазалығы; 3.тіл анықтығы; 4.тіл дәлдігі; 5.тіл көрнектілігі» [3].

Еңбекте тілдің стилистикалық айшықтары – көрнектеу, меңзеу, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, бернелеу, әсірелеуге, әсірелеудің тармақтарына, поэтикалық сипаттар тілдің әуезділігіне кеңінен тоқталады. Көркем сөздің жүйесі мен оның негізгі белгілерін жазып, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетті теориялық түрден сипаттайды. Бір өкініштісі – «Әдебиет танытқыштың» Алматыда сақталған нұсқаларының соңғы беттері жыртылғандықтан, әдебиеттанушы ғалымдар: Р.Нұрғали, З.Қабдолов, Т.Кәкішұлы, А.Ісімақова, Ө.Әбдиманұлы, Ж.Смағұлов т.б. ғалымдар мәтіннің түгел берілмей отырғаны туралы жазған болатын [4]. «Әдебиет танытқыштың» құрылымдық ерекшелігі – тараулардың, жекелеген тұжырымдардың реті бір-бірінен туындап отыратын қисындылығында. Ал мәтіндегі теориялық әдіске негізделген баяндау тәсілінің бірден-бір ерекшелігі – нәрсенің анықтамасын айтудан бұрын оның ерекшелігі жан-жақты сипатталған [5].

Қорыта айтқанда, «Әдебиет танытқыштың» жарық көргеніне қанша уақыт өтсе де, ол өз құндылығы мен маңызын жоғалтқан емес, тіпті қазақ әдебиеттану ғылымындағы темірқазыққа айналуға. А.Байтұрсынұлы осы еңбегі арқылы қазақ әдебиеттануының негізін қалаумен қатар болашақта да әдебиеттану ғылымының теориялық тұрғыдан дамуына жол ашары даусыз.

Әдебиет:

1. Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы, 2001. – 16-27-б.
2. Ахметтану тағылымдары. – Алматы: Ғылым, 1998. – 244 б.
3. А.Байтұрсынұлының шығармалары. – 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
4. Имаханбетова Р. Ғасыр саңлағы: А.Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. - Астана, 2010. – 304 б.
5. Еркінбаев Ұ. Әдебиет танытқыштың теориялық негізі. – Алматы, 2008. – 168 б.

ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жұбанов А.

*филол.ғ.д., профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері*

Карбозова Б.

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
кіші ғылыми қызметкері*

Метамәтіндік белгіленімдер негізінде салалық пәндердің терминологиялық қорын құрастыру

Ахмет Байтұрсынұлы мен Құдайберген Жұбанов бастап дамытқан қазақ тіліне қатысты терминдер белгілі дәрежеде қалыптасқанымен, басқа ғылыми пәндердің қазақша терминдік жүйесі әлі де жинақтауды, зерделеуді қажет ететіні белгілі. Сондықтан да оқулықтарды, сөздіктерді пайдалана отырып, олардың түсініктемесін, түсіндірілуін айқындау қажет болып отыр.

Қазіргі кезеңде қазақ тілінің сөздік қоры жаңарып, тіл білімінің арнасы кеңеюіне байланысты оқулықтар мен сөздіктер де уақытқа сай өзгеріске ұшырауда. Жарық көріп жатқан сөздіктерде соңғы жылдары пайда болып жатқан қазақ және орыс тілдеріндегі жаңа сөздер мен байырғы сөздердің түсіндірмелері мен қолданыстары енгізілуде. Сол сияқты ондай сөздіктерде қазақ әдеби тілінің нормаларына сәйкес және күнделікті қарым-қатынаста, оқыту жүйесінде жиі қолданылатын сөздер орын алуда. Айтылуы қиын қазақ немесе шет тілінің сөздері мен сөз тіркестерінің транскрипциясы беріліп, реестр сөздерінің стильдік ерекшеліктері қалыптасқан ескертпелер мен шартты белгілер арқылы көрсетіп беру жұмысы да атқарылып жатыр. Әртүрлі мақсатты ұстаным ететін сөздіктерде сөздің қолдану сипатын жан-жақты қамту үшін кеңінен таралған қазақтың мақал-мәтілдері, сөздердің негізгі және ауыспалы мағыналарын айқындайтын сөз тіркестері келтіріліп, омонимдер мен көпмағыналы сөздер қатарларына ерекше көңіл бөлу ойластырылуда.

Терминологиялық қорын құрастыруға қатысты ең алдымен айтайын дегенім – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында Қазақ тілінің ұлттық корпусы бой көтеруде. Мәтіндер корпусы деректерді іздеп-табуға арналған бағдарламалық құралдарды өз қатарына қосумен бірге, статистикалық ақпаратты алуды және пайдаланушыға алынған нәтижелерді ыңғайлы түрде ұсынуды көздейтін мамандандырылған іздестіру жүйесі деуге болады.

Мәтіндер корпустарынан қажетті ақпаратты іздеп-табу әрекеті кез келген сөз бойынша *конкорданс* құрастыруға мүмкіндік жасайды, яғни, іздеген сөздің барлық қолданысының мәнмәтіндік көрінісінің тізімін және сол қолданыстың қай дерекнамада кездескеніне сілтеме жасай алады. Сонымен бірге, корпусар жазба тілі мен сөйлеу тілінің статистикалық мәліметтері жайында және басқа да көптеген анықтамалар түрлерін алуға мүмкіндік береді. Мысалы, корпусар негізінде сөзформалардың, лексемалардың, грамматикалық категориялардың қолдану жиілігі жайында мәліметтер алуға және ондай жиіліктердің контекст пен уақыт кезеңдеріне қатысты өзгеріске ұшырауын және лексикалық бірліктердің тіркесе қолдануын және т.б. қадағалап отыруға мүмкіндік туады.

Белгілі мерзім аралығындағы тілдік деректердің тұлғалы ауқымы (массиві) тілдің лексикалық құрамының өзгеру процесі динамикасын зерттеуге, әртүрлі жанрлар мен авторлар шығармалары мәтіндеріндегі лексика-грамматикалық сипаттамаларына талдау жүргізуге жағдай жасайды.

Корпусар базасы әртүрлі тарихи және қазіргі кездегі көпәспектiлi лексикографиялық сөздіктерді дайындау кезінде жоғары деңгейдегі құрал ретінде де қызмет атқарады. Сол сияқты корпус мәліметтері тілді оқыту мақсатындағы грамматикаларды құрастыру мен оның кейбір тұстарын айқындай түсу үшін де қолданылады.

Сонымен, бүгінгі таңда корпусық лингвистика тіл біліміндегі жаңа бағыт ретінде қалыптасып, компьютерлер мен электрондық корпусар көмегімен зерттеуді және оны ақиқат өмірде пайдалануды мақсат етеді. Егер тіл біліміндегі синтаксис, семантика және әлеуметтік лингвистика сияқты салалар тілдік құрылымды сипаттау мен баға беру немесе тілдік қолданыс жақтарын қарастыруды мақсат етсе, корпусық лингвистиканы одан кеңірек ұғымда түсінген жөн, себебі оның әдіснамасын тілдік зерттеулердің көптеген аспектілеріне қолдануға болады.

Егерде корпусқа енгізілетін мәтіндерге метамәтіндік белгіленім енгізілетінін ескерсек, салалық пәндердің терминологиялық қорын құрастыруды да зерттеу мақсаты етіп қоюға болады. Метамәтіндік белгіленімдер бойынша қор құрастырушы қазақ тілінің ұлттық корпусынан қалаған салаға қатысты пәндердің мәтіндерін тауып алуына және олардағы терминдік бірліктерді де жинақтап алуына мүмкіндігі мол.

Егемен еліміздің орта және жоғары оқу орындарында салалық пәндерді мемлекеттік тілде оқыту көптеген күрделі, кезек күттірмейтін мәселелерді шешуді талап етіп отыр. Осыған байланысты басты мәселенің бірі – сөздіктер, оқулықтар мен оқу құралдарын құрастырғанда педагогикалық процеске негіз болтын қазақ тілінің жалпы лексикалық қорын және салалық пәндердің терминологиясын құрастыру.

Қазақ тіліндегі әр салалық пәндерге қатысты терминдерін қалыптастыруда орыс халқы мен туыстас түркі халықтарының озық тәжірибелеріне сүйенетін ғалым-лексикографтарды күрделі жұмыстар күтіп тұр деуге болады. Атап айтар болсақ, халық ауыз әдебиетінің бай мұрасы мен қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, салтына тән көптеген ежелгі атаулар мен терминдерді оқырманның жас ерекшелігіне, білім деңгейіне қарай сөздіктер мен оқу құралдарында орынды пайдалана білу жүзеге асар еді.

Қай ғылым саласын алсақ та, оның өзіне тән метатілі болатыны мәлім. Метатіл ұғымына тек терминдер ғана емес, жалпы ғылыми лексика да енеді. Ал мұндай метатілдің қалыптасуына сөздіктердің де әсері болатындықтан, көпшілік ғалымдар тіл білімінің лексикография саласын теориялық және практикалық негіздемесі бар ғылыми пән ретінде қарастыруды жөн санайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссиясының әр жылдары ресми бекіткен түрлі сала терминдері жинақталып, дүркін-дүркін жеке сөздік түрінде шығарып тұру да дәстүрге айналды. Осындай лексикографиялық жұмыстардың нәтижесі ретінде 1976, 1979, 1990 жылдары тілші ғалым А.Әбдірахмановтың құрастыруымен шыққан «Атаулар мен терминдер» сөздігі, 1996 жылы жарық көрген Б.Қалиев пен Ш.Құрманбайұлының «Орысша-қазақша және қазақша-орысша терминдер сөздігі», Тілдерді дамыту департаментінің 1998 жылы Т.Алпысбаев пен А.Әбдірахмановтың және 1999 жылы жарық көрген құжаттар жинағының басын қосып, 2002 жылы басылып шыққан «Терминологиялық жинақ», сондай-ақ салалық терминологиялық орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздіктердің 31 томы «Рауан» баспасынан жарық көрді (2000). Осы аталғандардың қатарына 1998 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан Б.А.Жұбановтың 25677 сөзді қамтитын көптілді (ағылшын, неміс, орыс және қазақ тілдері бойынша) «Химиялық сөздікті», А.Салқынбай мен Е.Абақанның авторлығымен «Сөздік-словарь» баспасынан 1998 жылы шыққан «Лингвистикалық түсіндірме сөздікті», Т.Момынов пен А.Рақышевтың 1999 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген орысша-қазақша «Медициналық сөздікті» жатқызуға болады. Сол сияқты М.Қазбеков пен Р. Шойбековтың «Русско-казахский словарь» атты сөздіктің (1996), 2002 жылы «Аруна» баспасы шығарған 30000 сөзді қамтитын мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «Сөздіктің» (10000-нан аса сөз, құрастырғандар: Б.Исмағұлова, Э.Ережепова, Г.Әбдіжапарова) және 2006 жылы Астанада жарық көрген З.Ө.Жантекеева мен О.Нақысбектовтың «Қазақша-орысша және орысша-қазақша оқушыларға, студенттерге арналған сөздіктің» (14000 сөз) де қазақ және орыс тілдерін оқып-үйрену кезінде аса құнды лексикографиялық еңбектер екені белгілі.

Осы бағыттағы аталған және басқа да аттары аталмай қалған көптеген басылымдардың қазақ тілін оқыту процесінде, әсіресе, жоғары білімді, білікті мамандар дайындауда игі көмегін тигізері сөзсіз. Қазіргі жағдайда оқу процесін қамтамасыз ету үшін арнайы маман-педагогтар мен ғалым-лексикографтардың араласуымен қазақ тілінің оқулықтарын, оқу құралдарын, көптілді аудармалы, түсіндірмелі және энциклопедиялық сөздіктерін сапалы құрастыру заман талабы деуге болады.

Оқу лексикографиясы жалпы лексикографияның жас саласы болып саналады. Солай бола тұра, оның да өзіне тән жақсы зерттелген тарихы мен дәстүрі бар. Оқу лексикографиясының ғылыми пән ретіндегі өзіне тән ерекшелігі, оның жалпы лексикография, лексикология, семасиология психо және элеуметтік лингвистика және т.б. салалардың тілді үйрету әдістемесіне қатысты мәселелерімен тығыз байланысты болуында. Сондықтан оқу лексикографиясы дәстүрлі жалпы лексикографияның мәселелерімен қатар, мынандай көптеген әдістемелік факторларды ескеруді қажет етеді: оқыту кезеңдеріне қатысты сөйлеу әрекетінің түрі, тілді үйренушілер үшін тілдің ана тілі (немесе аралық тіл) екендігі және қажетті тілдік ортаның болу-болмауы, жас ерекшелігі мен жалпы мәдени деңгейге қатысты болуы және т.б. мәселелер.

Осы аталған лингвистикалық және методологиялық факторлар тек бірдей (және кешенді) дәрежеде ескерілсе ғана оқу лексикографиясын пайдалануға байланысты ана тілін не шет тілдерін үйретудегі оқу сөздіктеріне қатысты дұрыс әдістемелік нұсқау беруге болады. Лексикографияның жалпы теориясы принциптерін орынды пайдалану негізінде тілді үйрету жолындағы ескірген әдістерге жол бергізбей, ішкітілдік және тіларалық баламалардың шегін анықтауға, лексика-семантикалық тіркесім және т.б. айқындауға мүмкіндік туғызады.

Әдістемелік факторларды ескеру негізінде мына жайттар анықталады[1, 309]:

- 1) сөздіктің адресаты (мектеп оқушысы, студент және т.б.);
- 2) сөздіктің типі (біртілдік немесе аударма);
- 3) сөзтізбе көлемі (минимум сөздік, орта немесе толық);

4) сөздік мақаласының құрылымы, ондағы лексикалық материалдың берілу әдіс-тәсілі (эквиваленция, дефиниция, безендірілу, лексика-семантикалық топтағы басқа сөздерге қарама-қарсылығы) синонимия, анонимия, паронимия, ассоциативтік, тіркесімдік, грамматикалық, орфоэпиялық және стильдік ерекшеліктері және т.б.

5) полиграфиялық орындалуы.

Лексикографияның жалпы теориясын дұрыс ескеру тілдік ақиқаттықты шынайы көрсете білуге мүмкіндік жасайды. Ал методикалық талаптар оқу сөздігіндегі ең маңызды деген жайттарды, мысалы, сөздіктің тілді үйренуге бағытталуын, белгілі оқыту кезеңі мен оқыту формасын қолдануын, яғни, оның қызметін анықтайды.

Оқу лексикографиясының тәуелсіз лингводидактикалық пән болуының мәні, оның тіл білімі мен методиканың өзара тығыз байланыстылығы мен өзара қатыстылығында жатыр.

Шынында да, егер қазіргі түсінікте, оқу лексикографиясы тіл білімінің ең бір жас саласы бола тұра, практикалық тұрғыдан алғанда оны бұрыннан келе жатқан сала деуге болады. Бұлай тұжырымдау үшін, кез келген сөздікті, ең алдымен, дидактикалық шығарма деп түсінген жөн. Лексикограф, яғни, сөздік авторы оқулықтың авторы тәріздес, қоғам (ұжымдық тіл иесі) мен жеке адам аралығындағы делдал ретінде қызмет етеді. Сондықтан кез келген сөздік типінің қызметі – жеке адамның санасындағы білім мен ұжым санасындағы білім аралығындағы айырмашылықты жоюға талпыныс деуге де болады.

Сонымен, оқу лексикографиясы сөздік құрастырудың алғашқы даму кезеңінің өзінде-ақ пайда болды деуге болады. Себебі бастапқы кезеңдердегі сөздіктердің аттарының өзі-ақ, олардың дидактикалық міндеттерін нұсқап отырды. Мәселен, бірінші латынша-ағылшынша сөздік «Promptorium parvulorum» деп аталған, яғни, «Балаларға арналған сөз қойма». Ертеректегі французша-латынша сөздіктер – «Commentarius ruerorum», яғни, «Жастарға арналған түсіндірме сөздік» деп және т.б. аталған. Бері келе мұндай сөздіктердің оқуға бағыттағыш сипаты екінші орынға ауысып, біріншіге – түсіндірме, тарихи, этимологиялық сөздіктер типтеріне ауыса бастайды.

Лексиканы оқыту мақсатының нысаны етіп алуға арналған әдебиеттерді талдай келе, ғалым В.В.Морковкин мынандай негізгі бес аспектіні бөліп қарастырады [2, 31-35]:

1. **Оқу сөздіктері.** Мұндай сөздіктерге қатысты мәселелер, әсіресе сөзтізбе құрылымын талдау мен оқу сөздіктерінің типтері жайлы мәселелер толық зерттелді деуге болады. Бірақ бұл зерттеулердің негізгі мақсаты әр типті сөздіктерде орын алатын ұқсастық пен айырмашылықтардың аналитикалық мәселелері, лексиканың семантикасын анықтаудың тәсілдері және т.б.

2. **Лексикалық минимум сөздіктері.** Қазіргі кезде тілдің сөздік қорын минимизациялау теориялық жағынан барынша зерттелді деуге болады. Соның нәтижесінде оқу формасына қарай көптеген лексикалық минимум сөздіктері құрастырылды. Бірақ оқу процесінде лексикалық минимумның барлық артықшылығын орынды пайдалану үшін, ол жан-жақты сипатта жүзеге асуы және оқу барысының барлық кезеңдерін түгел қамтуы қажет. Әрине, бұл аталған мәселелердің әлі де толық шешімі табылмай келеді.

3. **Лингвостатистикалық зерттеулер.** Мұндай зерттеулердің нәтижелері әдетте жиілік сөздіктер мен үлестірімді жиілік сөздіктер (қолдану жиілігі әр стиль бойынша үлестіріліп берілген) түрлерінде көрініс табады.

4. **Лексикографиялық типтегі лексикаға қатысты оқу құралдары.** Әртүрлі тілдерге арналған мұндай оқу құралдары көптеп шығарылды деуге болады. Бірақ олар, теориялық тұрғыда, әлі де болса зерттеу нысаны бола алмай отыр.

5. **Оқулықтар.** Мұндай оқулықтарда лексиканың семантикалық жақтары әр тақырыпқа қатысты сабақтық сөздіктерде, жинақтық (сводный) сөздіктерде және арнайы лексикалық жаттығуларда қарастырылады. Қандайда болсын оқулықтар үшін лексикалық аспект өте-мөте маңызды деп саналады. Бірақ мұндай оқулықтарда лексиканы семантикалау тәжірибесінің теориялық негіздемесі орын ала бермейді.

Жоғарыда көрсетілгендей, оқу сөздігі, ең алдымен, қажетті әдістемелік бағытталуымен, нақты оқу кезеңдеріне қатыстылығымен, оқудың мақсаты мен міндетіне және т.б. қарай сипатталады. Оқу сөздіктері тілдік материалды таңдау ісінде арнайы мақсат қоюмен ерекшеленеді. Яғни, болашақ лексикографиялық талдау үшін қажетті болатын тірек бірліктердің негізгі тізімін түзу ісімен ерекшеленеді. Сөздіктің сөзтізбесі әрі шағын, әрі жеткілікті сипатта болуы қажет. Бұл мақсат тек сөздің негізгі мағынасындағы квантитативті параметрлерін, грамматикалық тұрпатын және синтаксистік құрылымын, тақырыпты ашатын ең маңызды сөздер мен сөз тіркестерді таңдауды қатаң түрде есепке алу арқылы ғана жүзеге асады. Осымен бірге сөздіктің негізгі тақырыбы мен сөйлеу жағдаятын қамтуды тексеру қажеттігі де туындайды. Өкінішке орай, тәжірибе жүзінде мұндай тексеру жұмысы көбінде орын ала бермейді.

Оқу сөздігінің сөзтізбе көлемі, ең бірінші, оның типіне қарай анықталады. Мысалы, қысқаша түсіндірме сөздіктегі лексика осы тілдік ұжымның әр мүшесі үшін қалыпқа айналған сипатта болуы

қажет. Аталған мәселені шешу үшін мәдениеттің және ғылым мен өндірістік білімнің орта жиынтығы қамтылған ең кіші сөйлеу қызметінің моделі құрастырылуы керек. Мұндай түсіндірме сөздік-анықтағыш 20000-25000 сөздік мақаласынан тұратыны белгілі. Бірақ мұндай сөздік пассивті немесе жеке индивидтердің активті сөздік қорының шекаралығында тұрады да, оқу сөздігінің активті типіне жатады.

Кез келген оқу сөздігі қатаң мақсаттылықпен жүргізілген таңдаудың нәтижесі, яғни, кең түсініктегі лексикалық минимум бола тұра, ол ішкі диалектикалық қарама-қарсылыққа толы. Бір жағынан, ондай сөздік, белгілі дәрежеде, нақты бағыттағы мәтіндерді және оқыту кезеңіне қатысты кейбір қиындықтарды қамтуы қажет. Ал, екіншіден, ондай сөздіктерде кез келген мәтінді түсінуге мүмкіндік туғызатын нақты материалдар да орын алуы қажет. Бір ғана принципті (жиіліктік, тақырыптық, ситуативтік және т.б.) ұстаным ететін сөздік типі қойылған талапты орындай алмайды.

Оқу сөздіктерін құрастыру тәжірибесінен байқалатын жайт, ол «минимум сөздіктер» негізінде түзілген сөздіктер, көбінде, жасандылық пен нақтылықтың жеткіліксіздік сипатымен өзгешеленеді. Бірақ мұндай олқылықтар семантикалау әдісінің кемшілігінен емес, құрастырушылардың жіберген қателігінен деуге болады.

Оқу сөздіктері үшін аса маңызды мәселе сөздердің синтагматикалық және парадигматикалық байланысын бейнелеп көрсете білу. Үйренуге тиісті тілдің лексикасын ғана меңгеру сөйлеу тіліндегі оның дұрыс қолданылуына кепіл бола алмайтындығы белгілі. Ана тілі мен шет тілінің түйісу әсерінен үйренушінің тілінде бұрын-соңды қолданылмайтын кейбір сөз тіркестерін туындатады. Ірі филологиялық сөздіктерде сөзқолданыстардың ерекшеліктері жайлы, яғни, сөздердің тіркесімдігі жайлы мәліметтер бола бермейді. Сондықтан, тәжірибе жүзінде, осындай мәліметтер бере алатын, сөздердің ең ықтимал нормативті байланысын бейнелейтін оқу сөздіктері қажет-ақ [3].

«Парадигма» дегеніміз бір-біріне қарама-қарсы қойылған, бірақ ортақ белгісі бар немесе ұқсас ассоциация тудырушы кез келген лингвистикалық бірліктер тобы екені белгілі. Міне осындай парадигматикалық қатынастарды бейнелейтін сөздіктерде тақырыптық, синонимдік, антонимдік топтар көрініс табады.

Қазіргі кезде халықаралық қатынас нығайып, көптеген дербес ұлттық мемлекеттердің пайда болуы және бұрынғы отарлықта қалған халықтардың мәдениетінің көтерілу сипаты, қайтадан лексикографияның тіларалық қарым-қатынасқа және тілдерді оқытуға байланысты қызметтерін бірінші орынға ауыстыруына жағдай жасайды. Әлемдік өндірісті интеграциялау кезеңінде әртүрлі түсініктерді бір ізге түсіру де аса қажет болуда. Сондықтан егемен Қазақстанның халықаралық деңгейге шығуына және бірқатар жетекші елдермен қазіргі таңдағы ғылым мен технологияның әртүрлі салаларында ғылыми және өндірістік ақпараттармен алмасудың едәуір ұлғаюына байланысты, неғұрлым кең ауқымды қамтитын көптілді сөздік қажеттілігі де туындауда. Жақын болашақтағы лексикографиялық зерттеулердің негізінде оқу сөздіктерінің әр ұлттық тілдерге, соның ішінде қазақ тіліне қатысты да практикалық маңызы зор жүйесі құрылуы мүмкін.

Сонымен, мақалада сөз болған және де осы бағытқа қатысты басқа да теориялық жайттар ескерілетін болса, қазақ тілінің оқу лексикографиясына байланысты көптеген әрекеттерді компьютер көмегімен толық автоматтандырып, олардың электронды түрлерін көптеп шығару жүзеге асар еді.

Әдебиет:

1. Марусенко М.А. Учебная лексикография // Прикладное языкознание. - СПб., 1996. - 528 с.
2. Морковкин В.В. Актуальные проблемы учебной лексикографии. - М., 1977.
3. Регинина К.Б., Тюрина Г.П., Широкова Л.И. Устойчивые словосочетания русского языка. - М., 1980.

Рысалды Қ.

*филол.ғ.д., Абылай хан атындағы
Қазақ Халықаралық қатынас және
Әлем тілдері университетінің профессоры*

Қазіргі тіл білімінің когнитивтік-дискурсивтік парадигмасында семантикалық категорияларды зерттеу үрдісі туралы

Қазіргі тілді зерттеудің негізгі төрт ұстанымдарының ішінде антропоцентрилік пен функционалдықтың жаңа когнитивтік-дискурсивтік парадигмасының дамуында маңыздылыққа ие болып отыр. Тілдің әртүрлі қырларын жүйелі зерттеу ауқымындағы экспланаторлық пен экспансионизмдік ұстанымдардың өзіндік маңызы шектелмейді. Тілдің негізгі танымдық және қатысымдық қызметтерінің сыр-қырларын зерттеуде жоғарыда аталған ұстанымдардың ішінде функционалдықтың басымдылыққа ие екені айқын. Өйткені тілдің аталған екі қызметінің адам

өміріндегі маңызы зор. Аталап отырған жаңа парадигманың алғы шарттары мен негіздері тілдің басты қызметтерін арнайы ашуға бағытталған функционалды тіл білімінің зерттелу кезеңінде кеңінен айқындалады. Қазақстандық тіл білімінде осы кезеңде қазақ тілінің функционалды грамматикасының алғашқы іргетасы А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының ғалымдарының бастауымен басқа ғылыми орталықтардың, университеттердің ғалымдарымен бірлесе отырып зерттеген еңбектері, атап айтқанда, жеті ауқымды тілдік категориялар үлкен екі томдық ұжымдық монографияда қаланған [1].

Қазақ тіл білімі теориясының дамуына еңбек сіңірген ғалымдар ортасында Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі ерекше. Қазақ тіл білімінің антологиясында Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы екенін баса көрсетіп, бірінші томында ғалымның «Тіл тағлымы» көш басшысы ретінде берілген [2]. Қазақ тіл білімінің теориялық негізі осы еңбектен бастау алады. Әлем тіл білімі тәжірибесінде кездесе бермейтін, тұтас бір тілдің әдебиеті мен тілінің грамматикалық терминологиялық аппаратын өз ана тілінің негізінде қалыптастыру бағыты осы дана ғұламаның маңдайына жазылған екен. Қазақ тілінің грамматикалық терминдерінің тағдыры о бастан ұлы ғалым Ахмет Байтұрсыновтың кемеңгерлігі арқасында біржола және түбегейлі өз ана тілінің төл терминдері болып шешілген, сол арқылы қазақ тіл білімі ұлттық ғылым болып қалыптасты. Грамматикалық терминдерінің ерекшеліктерін Ахмет Байтұрсыновтың тілдік атауларға о бастан қазақтың байырғы сөздік қорынан лайықты сөздерді дәл тауып, грамматикалық категориялардың мағыналары мен қызметін терең түйсіне отырып қолданғанынан көреміз. Сонымен бірге дана ғалымның сол байырғы сөздерді жаңа да тың ауқымда қолданып, оларды ғылыми терминдік дәрежеге жеткізгені үлкен жаңашылдығымен қатар қазақ тілінің ғылым тілі бола алатын кең де терең мүмкіншілігі бар бай, әлеуетті тіл екендігін нақты түрде дәлелдеді.

А.Байтұрсыновтың грамматикалық терминдері өздерінің мотивациялық негізделуі екі тұрғыда қалыптасқан деуге болады. Бірінші жағдайда атаулар сол грамматикалық құбылыстың негізгі семантикалық категориалды сипатына сай деп басып айтылған. Мысалы, *зат есім, сын есім, сан есім*. «Тіл құралдың» 1-кітабында зат есімді: «сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды», – деп қысқа тұжырымдап, сөз табының семантикалық ауқымын нақтылы ұғыммен шектесе, сол еңбектің екінші жылдыққа арнап жазған нұсқасында зат есімнің сөз табы ретінде кең ұғымдық ауқымды қамтитынын айқындап, оның конкретті заттар мен қоса абстракты заттарды атайтынын анықтап көрсетуі қазіргі кездегі тіл біліміндегі теориялық дәрежеге сай келеді. Ой объектісі болатын кез келген ұғымдар (мысалы, *достық, байлық*) зат есім болып аталатынын автордың терең түсінгенін көрсетеді. Ал сын есімді **тек сыны** (*relative Adjektive*): мысалы, *биік, аласа*; **сыр сыны** (*absolute Adjektive*): мысалы, *жасыл, көк* деп атауы сын есімнің неміс тілі грамматисттерінің кейінгі кездегі сын есімді ішкі саралау жүйесіне сәйкес келеді. Бұл саралау сын есімнің дәстүрлі сапалық, қатыстық сын есім болып жіктелуінен өзгешелеу.

Етістіктердің *сабақты, салт* түрлері атауларының мотивациялық негізделуі өте тереңде жатыр, атаулар осы етістіктердің мән-мағынасын дәл анықтайды. *Сабақты* атауы *сабақтау* (инені сабақтау) етістігінен туынды түбір тұлғасында жасалған, *салт* атауы *салт атты* тіркесіндегі *салт* сын есімінен терминге айналып, етістіктердің жалпы категориалдық мағынасын айқын беріп тұр. Бұл 1910-13 жылдардағы А.Байтұрсынұлының терминдерінің теориялық негізделуі 1950-60 жылдарда кең өріс алған тіл біліміндегі *валенттілік теориясының* алдын алғандығын Гамбург университетінің теориялық коллоквиумында айтқанда, неміс лингвистерінің ерекше танданысын туғызған еді. Оның негізгі ұстаным теориясы кез келген сөздің мән-мағынасының толық ашылуы оның айналасына, онымен мағыналық байланысқа түсетін, сонымен мәндік сабақтас элементерге байланыста екенін ашады. Қазақ тіліндегі сабақты, салт атаулары етістіктің мағыналарын аша түсетін, сонымен семантикалық сабақтас толықтауыштың (актанттардың; *Ergänzung*) байланысуына, не ондай сабақтас элементсіз мағынаның ашылуына негізделсе, неміс және орыс тілдеріндегі осы категориялардың атауларына (*transitiv-intransitiv*; переходный/непереходный) етістік атап тұрған іс-әрекеттің басқа бір объектке өту не өтпеуі негіз болған. Бұл болса, етістіктің сыртқы ситаксистік сипаты ғана, оның когнитивтік тереңін дана ғалымымыз термин негізіне ашып отыр.

Ғалымның бұл еңбегінің тағы бір ерекшелігі төл терминдердің уәжділігі тілдің тылсымында жатқан сын қырларын деп басып, оның ғылыми теориялық негіздерін аша алатын әлеуеттілігінде жатады. Біз кейінгі кезеңде зерттей бастаған тілдің функционалдық сипатын, оның заңдалықтарын өз еңбегінде көрсетіп, алғы кеңістіктерін меңзейтінін, атап айтқанда, қазіргі кездегі жалпы тіл білімінің өзекті саласы когнитивтік лингвистиканың зерттеу бағыттарындағы категоризациялау мен концептуалдау өрістерінің теориялық негіздерінің алдын алған ғылыми тұжырымдарын кейінгі ғалымдар аша бастады. Осы бағыттағы еңбектердің ішінде филология ғылымдарының докторы О.Жұбаеваның зерттеу мақалаларын атап айтқан жөн болар [3].

Функционалды грамматиканың әдіснамалық, теориялық аясында ономазиологиялық зерттеу ұстанымында тілдің когнитивтік негізін құрайтын семантикалық категорияларды зерттеу маңызды

болды. Олар әрбір тіл жүйесінің барлық деңгейлері бірліктерінің өзара тығыз байланысында осы тілдік категориялар тұғырында түзілген тілдік жүйесі әртүрлі деңгейлер бірліктерінің бірегей семантикалық негізде функционалды семантикалық өрістер арқылы көрініс тауып, тілдің коммуникативтік қызметінде категориялық жағдаяттар тұлғасында өзіндік болмысын табады. Бұл бағыттың маңыздылығы мен мәні тілдің когнитивтік және коммуникативтік болмысын тығыз тұтастықта айқындайтынында. Осы теориялық негізді жаңа парадигма ауқымында қарар болсақ, болмысты атаудың негізі аталмыш семантикалық категориялар арқылы қалыптасып, когнитивтік лингвистиканың басты ұстанымы – категоризациялауды функционалды семантикалық өрістер ақылы жүйелейді.

Тіл иесі халықтың ғұмырында өзін қоршаған болмысты танып, пайымдау нәтижесінде түзілген семантикалық категориялар (категоризациялау негізінде) бір бірімен тығыз мазмұндық байланыста үйлесе келіп, сол халықтың санасында болмысты концептуалды түрде таныған дүниенің тілдік бейнесін құрайды [4].

Семантикалық категориялар – бұл адам санасындағы танымдық – когнитивтік семантиканың тілдегі көрінісі. Ол адамның дүние танымындағы тәжірибесінің нәтижесінде пайымдалған жемісінің тілде көрініс тапқан, ой-санасында қалыптасқан пайымы [5].

Семантикалық категориялар жүйелік бір тұтас мәтіндік құрылымның ауқымында болмыстың бір үзінгі сипаттауда өзіндік маңыздылығы мен мәндік басымдыққа ие болып, сол ортада жағдаяттың ұйымдастырушы доминантына айналады. Ол белгілі бір тілдік мәтіндерде – дискурста категориалдық жағдаят тұлғасында тілдік табиғатын табады. Ондай мәтіндер «идеалды үлгідегі құрылым», «фразадан тыс бірлік», күрделі синтаксистік тұтастық тұлғасында мәтінде, дискурста көрінеді. Жалпы тілдің қатысымдық қызметі әртүрлі дискурстық тұрғыда ашылады. Категориалдық жағдаятты (категориальная ситуация) функционалды тіл білімінің үш концептуалды негіздерінің бірі ретінде А.В.Бондарко қарастырды [6]. Кейін қалыптасып келе жатқан когнитивтік-дискурсивтік парадигманың бастауы осы теорияның аясында жатыр.

Функционалды грамматиканың негіздерінің бастысы семантикалық категорияларды айқындайтын категориалды жағдаяттар осы күнге шейін мәтіндер негізінде зерттеліп келді. Қазіргі тіл теориясында одан жоғарғы тілдік бірлік дискурстар екені айқындалып, қандай да болмасын тілдік құбылыстың осы дискурстық деңгейде өзінің мәнін, болмысын толық ашатыны айғақталып отыр.

Дискурс – сөз әрекетінің үдерісі, нақтылы бір жағдаятта, вербалды, авербалды түрде туған коммуникативтік үдеріс, коммуниканттардың тікелей байланысында бір кеңістік пен уақытта, бір элеуметтік ортада туған коммуникативтік оқиға. Бұл анықтаманың көпшілік белгілері мәтін мен дискурстың сипатын ашады. Мәтін дискурстық үдерістің нәтижесі тұрғысынан анықталады. Осы аспектіде дискурстың ерекше мәтін екенін, өзіндік грамматикасы, лексиконы, ерекше сөз қолданысы, синтаксисі, ерекше семантикасы, түптеп келгенде ерекше бір дүниесі бар мәтінде көрініс табатынын Ю.С.Степанов дәйектейді [7, 44].

Қазіргі кезеңдегі когнитивтік дискурсивтік парадигманы оның алдында өткен функционалды лингвистика теориясының заңды жалғасы ретінде қазіргі қазақ тілі теориясының даму өрісін заманауи деңгейде зерттеуге бет алған өрісі деп танып, ана тіліміздегі дүниенің тілдік бейнесін қалыптастыратын ауқымды семантикалық категорияларды зерделеу маңызды болып отыр. Қазіргі кезде жекеленген концептілерді, дискурстерді зерттеу өріс алған. Ол зерттеулердің маңызы зор, ғылыми зерттеулердің нәтижелері кең ауқымды зерттеулердің негізі болары анық.

Жоғарыда аталған қазақ тілінің функционалды грамматикасының алғашқы нұсқасында жеті-сегіз категориялар зерделенген. Алайда, ол категориялардың негізінен өзіндік категориалдық мән-мағынасы теориялық – ұғымдық-семантикалық ауқымда негізделе айқындалып, тек мәтіндік болмысында көркем шығармалар негізінде зерттелген. Соның өзінде ол категорияларға, ван Дейкше қарағанда, текстуалдық анализ жасалған. Яғни, белгілі бір категорияның тілдік болмысы функционалды-семантикалық өріс ауқымында аталмыш категорияның тіл деңгейлерінің қандай бірліктерінің бірлестіктерінде жалпы категориалдық семантикасы ашылатыны айқындалған. Ал оның когнитивтік жалпы болмысы ұғымдық категориядан тілдік тұрпатындағы негізі анықталғанмен, келесі сатысы оның қатысымдық, яғни, коммуникативтік болмысы осы кезеңге дейін негізінен мәтіндерде зерттелген. Ол категориялар функционалды грамматика теориясы ауқымында категориялық жағдаяттар деңгейінде зерделенген. Осы аталмыш терминнің өзі қазіргі дискурсты меңзейтіні айқын. Қазіргі тілдік талдауда оны дискурсты контекстуалды анализ деңгейінде зерделейді. Бұл ауқымды да кең қамтылған талдау семантикалық категориялардың нақты тілдік болмысын толығынан ашып беруі айқын.

Сын дәрежесі категориясын аталмыш бағытта қарағанда, оның текстуалдық болмысы негізделген. Ал келесі кезеңде ол дискурсивтік контекстуалды талдауды қажет етеді. Сын дәрежесі категориясының негізінде морфологиялық шырай категориясы жатыр. Ал осы шырай категориясының қазақ тілі грамматикаларында осы күнге шейін бір қалыпқа келмегені қатты

ойландырады. А.Байтұрсыновтың белгілі еңбегінде бұл категорияның үш тағанды парадигмасын келтіреді: жай шырай, талғаулы шырай, таңдаулы шырай [8, 218]. Бұл парадигманың негізінде когнитивтік-коммуникативтік ұстанымдар айқын көрінеді.

Осы мақаланың авторы кезінде функционалды грамматика теориясы негізінде шырай категориясының ғылыми негізделген парадигмасын неміс тілдерінде (кейінірек сол теориялық негізде қазақ тілінде) жаңаша негіздеп, дәйектеп қалыптастырған еді (1980). Неміс тілі грамматикасында ол категорияның парадигмасы сонау Пор-Роял грамматикасының латынша нұсқасында күні бүгінге шейін барлық дерлік оқу орындарына (университеттерге) арналған грамматикаларында, академиялық грамматикасында жалпы үндіеуропа тілдеріне (ағылшын, француз т.б. тілдерінде) ортақ болып қалған үш тағандық (позитив, компаратив, суперлатив) сол күйінде қолданылуда. Неміс тілі грамматикасының авторы У.Енцельдің еңбегінде ғана (1982) автордың дәйектеген парадигмасына ұқсас нұсқасы сипатталады. Ол жағдай тек кейін белгілі болды. Осы парадигмаға күмәнін өзінің университетке арналған үлкен грамматикасында проф. Петер Айзенберг (1989) жазған еді. Берлин университетінде кездесуде автор өз парадигмасы туралы осы ғалыммен пікір алысқанда, ол ұқпаған еді.

Қазақ тілінің академиялық грамматикасында шырай категориясының парадигмасы салыстырмалы және күшейтпелі шырай формаларымен шектелген де, жай шырай «оппозициялық қатар құрай алмайды» деген пікір негізінде тыс қалған [9, 466-467].

Автордың қазақ тіліндегі ғылыми негіздеген парадигмасы.

Сын дәрежесінің салғастыру немесе салғастырусыз жағдайында айқындалуын басты ұстаным десек, шырай тұлғаларының мынадай парадигмасын қалыптастыру осы категорияның табиғатына сай келеді деп тұжырымдаймыз.

Сын дәрежесі категориясының бірінші субпарадигмасы:

Теңдік шырай – *(сендей) күшті*

Салыстырмалы шырай – *(сенен) күштірек*

Асырмалы шырай – *(сендердің іштеріңдегі) ең күштісі*

Сын дәрежесі категориясының екінші субпарадигмасы:

Қалыпты шырай – *кіші, үлкен*

Бәсеңдік шырай – *кішілеу, қызғылт, қартаң*

Күшейтпелі шырай – *өте, аса, тым күшті*[1].

Қай тілде болмасын бұл категория табиғаты бірдей болғанмен, осы күнге шейін бірізділікке келмеген. Тілдік тұлға бәріне ортақ қасиетте, оның табиғаты мен қолданыс аясы да бірегей. Ал ғылыми пайымдалуы мен айқындалуы бірыңғайлық танытпайды. Зерттеу әдіснамасы мен әдіс, тәсілдері әртүрліліктің болуына байланысты екені көрінеді.

Семантикалық, оның ішінде, негізі болатын морфологиялық категорияларды жоғарыда айтылып отырған тіл болмысын заманауи зерттеудің теория негізінде текстуалды-контекстуалды дискурсивтік талдау тілдің түйінді мәселелерін зерттеп, оларды ғылыми негіздеуге кеңінен жол ашатыны бүгінде өзекті болып отыр.

Әдебиет:

1. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы, 2011
2. Қазақ тіл білімінің антологиясы. – Павлодар, 2008.
3. Жұбаева О. А. Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасындағы функционалды грамматиканың көріністері // yandex.kz/images
4. Кубрякова Е.С. Категоризация // Краткий словарь когнитивных терминов. - Москва: Филология, 1995. – 400 с.
5. Болдырев Н.Н. Когнитивная семантика // Введение в когнитивную лингвистику. - Тамбов, 2014. - 236 с.
6. Бондарко А.В. Теория значения в системе функциональной грамматики. - М.: Языки славянской культуры, 2002. - 736 с.
7. Степанов Ю.С. Альтернативный мир, Дискурс, Факт и принцип Причинности // Язык и наука конца XX века. - М., 1995. - С. 35-73.
8. Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
9. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. - 466-467-б.

Қытай архивтерінен табылған Көгедай гүңнің бір парша хаты туралы тарихи дерекнамалық ізденіс

Көгедай– Әбілпейіз уаңның қырғыз қызы – Тұмар ханымнан көрген тұңғышы, ол ел билігіне ертерек араласып, алғашында інісі – Сәменмен бірге бір бөлім наймандар мен керей елін билеген. Қытай жазба деректері бойынша, Көгедай – Әбілпейіз уаңның 6 ұлы, Чянлұңның 55 жылы (1790 ж.) Боғда ежен ханға (Чянлұң патша) амандаса барғанда, патша оған лағыл төбе моншақ, қос көзді ұтағат қадаттырған [1]. Ол осы кезден бастап ресми түрде он екі абақ керей еліне гүң болып тағайындалып, ұзақ жыл билік жүргізген, қайтыс болған соң үлкен ұлы – Ажы билігін жалғастырған. Оның өз ажалынан емес, кісі таяғынан алған жарақаты асқынып, 1823 жылы қаза тапқанын өзінен кейінгі інілері мен балаларының сол жылғы Іле генаралына жазған арыз хатынан толық ұғынуға болады [2].

Ендеше, Көгедай қай жылы туылған? Қай жылдары керей еліне төре болып тағайындалған? Бұл жөнінде мандымды тарихи дереккөз жоқ, қазірге дейін жинақталып жазылған аңыз-шежіре, мақалаларда әркім әртүрлі ұсыныс-пікірлерін айтқан. Көгедайдың нақ қай жылы туылғандығы белгісіз, дегенмен ол жөніндегі болжамдардың дені XVIII ғасырдың 70-жылдарына саяды. Яғни, 1770, 72, 73 жылдар көбірек ауызға алынады. Ал оның абақ керей еліне қай жылдары төре болып келгендігі де нақты жазба деректерде кездеспейді. Осыған дейінгі көзқарастардың бәрі де ел арасындағы аңыз-әңгімелер негізінде жинақталып, ортаға қойылған. 1786 жылы Жошының Тарбағатай амбандарына інісі – Қадайдың қайтыс болғанын естіртіп жазған хатында: «Ханқожа уаң, Бопы тайжы, Ағадай тайжы қырғызға қол бастап кеткен еді, мен – Жошы гүң, Қадай екеуміз үйде едік, Қадай інім Құдайдың бұйрығымен қайтыс болды», – деп анық хатталады. Бұл хатта Көгедайлардың алдыңғы ағалары түгелдей аталады да Сәмен, Жабағы – үшеуі ауызға алынбайды. Алдыңғы мақаламызда осыны дәйекке ала отырып, мынадай болжам айтқан болатынбыз: «Бұл кезде Көгедай, Сәмен, Жабағылар әлдеқашан іргесін бөліп кетті ме, жоқ әлде Жошы оларды «әлі жас» деп тоғытпай, аттарын әдейі атамады ма? Бұл жағы қазірше беймәлім [2]. Дегенмен Ханқожа уаңның 1788 жылы 12 наурыз Тарбағатай амбаны – Иұңбауға жазған хатында «Тарбағатайдағы үлкен Хыб амбанның есендігін тілеп кел!» – деп інісі Көгедайды жібергендігі, сондай-ақ оның қасында Көшімбай, Байбол деген екі ат қосшысы барлығы анық хатталған [3]. Егер көп санды аңыз-әңгімелерде айтылғандай, Көгедайлар әкесі – Әбілпейіз уаңның көзінің тірісінде керей еліне төре сайланса, бұл уақиға 1783 жылдан бұрын туылған болады. Өйткені Әбілпейіз уаң 1783 жылы қайтыс болғаннан кейін орнына үлкен ұлы – Ханқожа мұрагер болып, уаңдық лауазымды еншілейді. Бұл арада ескеретін бір жайт: қытайша дереккөздерде жазылуынша, Көгедайлар о бастан абақ керей еліне ғана төре болмаған сыңайлы. Олар найман руларының ішінен семіз найман мен қыржи найманға иелік етумен бірге кейбір керей руларын да қосып басқарған [4]. Осыған қарағанда, олар алғашында бір бөлім найман, керей руларына билік айта жүріп, 1790 жылдан кейін тек 12 атаның баласы абақ керей елін ғана өз басқаруларына түбегейлі өткізіп алған болуы ықтимал.

Шежірелік талдауларға негізделсек, қазірге дейін Көгедайдың әулеті 7 ұрпаққа жеткен. Алайда Көгедайдың өз кіндігінен тараған балалары туралы айтылған пікірлер де бірізді емес. Айталық, «Абақ керей төр шежіресінде» Көгедайдан **Қышқанбай**, Ажы (шын аты Жанғазы), Әдеке (шын аты Әділғазы), Солтанғазы тарайды [5]. Ал **жақын жылдары** ішкі материалдар есебінде басылған «Қытай қазақ төрелер шежіресінде» Көгедайдан **Тышқанбай**, Ажы, Әдеке, Солтанғазы, Тәтен тарайды әрі Ажы мен Солтанғазы ұрпақтары Алтайды, Әдеке мен Тәтен ұрпақтары Тарбағатайды мекендегендігі анық жазылады. Бірақ Тәтен ұрпақтарын тарқатпайды [6]. Жоғарыдағы екі шежірелік кітапта Тышқанбайды қоспағанда, Көгедай гүң балаларының жалпы саны ұқсамайды, алдыңғы шежіреде 3, соңғысында 4 бала өрбітеді.

Ал Жячиңның 25 жылы (1820 ж.) жарық көрген «Шинжяң туралы қысқаша шолудағы» хандар шежіресінде Көгедай және оның балалары жөнінде арнаулы тоқталған. Онда Көгедайдың 4 ұлы: Ажы (阿吉), Жанғазы (江哈斯), Әділғазы (阿迪勒哈斯) және Омарғазылардың (乌玛喇哈斯) аты-жөні толық хатқа түскен [1]. Сондай-ақ жапониялық тарихшы Акасака Цүнеакидың жазған «Жошы ұрпақтарының саяси билік тарихы» атты еңбегінде берілген қазақ хандары шежіресінде Көгедайдың ұрпақтарын жоғарыдағы қытайша тарихи материал бойынша таратады [7, 214]. «Шинжяң туралы қысқаша шолудағы» хандар шежіресі мен жоғарыдағы айтылған екі шежірелік кітапты салыстыра қарасақ, ондағы кісі аттарының кейбіреуінде ұқсамастық бар. Яғни, қытайша материалдағы екі кісі – Жанғазы мен Омарғазының аты алдыңғы екі шежіреде де аталмайды. Есесіне Солтанғазы мен Тәтен аталады. Қазақ шежірешілерінің айтып отырған «Әдеке» есімі – «Әділғазының» қысқарған тұлғасы. Мұнан сырт «Абақ керей төр шежіресінде» Ажының шын аты – Жанғазы екендігі айтылған. Бізше,

бұл – жаңсақ, екеуі – жеке-жеке кісі аттары. Мысалы, Көгедайдың інілері мен балаларының Іле генаралына жазған арыз хатында: «...Мәртебелі генаралға Көгедай гүңның інілері – Сәмен тайжы, Жабағы тайжы және балалары – Ажы, Жанғазылардың жазған хаты» деп анық көрсетілген [3]. Бұдан Ажы мен Жанғазының бір адамның аты емес, екі кісінің есімі екендігі менмұндамайды. Не үшін кейінгі шежіре кітаптарда Жанғазы мен Омарғазының аты аталмайды? «Солтанғазы» есімі қайдан шықты? Бұлар әлі де зерттеуді қажет етеді.

Тағы бір айта кетер жайт – шежіре кітаптарда Көгедай балаларының қайсысы үлкен, қайсысы кіші екендігі ескерілмей, олардың реті үнемі ауысып отырады. Жоғарыда дәйек алынған арыз хатта: «...Балалары – Ажы, Жанғазылардың...», – деп жазылғанына қарағанда, «Шинжяң туралы қысқаша шолудағы» Көгедай гүң балаларының үлкенінен кішісіне қарай реті бойынша жазылғандығын байқауға болады.

Ендеше, Көгедайдың жоғарыда аты аталған 4 ұлынан басқа балалары болған ба? Осы және өзге де кейбір маңызды мәселелерді қарастырмас бұрын, алдымен, төмендегі құжатқа зер салайық. Аталмыш құжат Көгедайдың Жячинның 23 жылы 3 айдың 6 күні (1818 жылы 10 сәуір) Іле генаралы – Жинчаңға (晋昌) жазған хаты. Хат Жячинның 23 жылы 3 айдың 27 күні (1818 жылы 1 мамыр) Тарбағатай амбаны – Гүнчүкжап (贡楚克札布) қатарлылардың патшаға жіберген мәлімдемесімен бірге жолданған. Патша мәлімдемені осы жылы 4 айдың 22 күні (1818 жылы 26 мамыр) тапсырып алған. Хаттың микрофильмдегі нөмірі: 189: 77 - 104-105. «Чиң дәуіріндегі шегара өңірлерге қатысты жазылған манжуша мұрағат құжаттардың каталогі» бойынша: 10 бөлім (Шинжяң V), – 2509 б. Хаттың түпнұсқасы қазір Қытай бірінші тарихи мұрағат қорында сақтаулы.

Төменде хаттың көшірмесі, транскрипциясы және қазіргі қазақ тіліндегі аудармасы рет-ретімен берілді. Хат микрофильмге 104, 105 нөмірмен екі бетке тартылған. Ал хат иесінің мөрі 104 нөмірлі беттің оң жақ жиегіне ала басылғаны айқын бола тұрса да, микрофильмге анық тартылмағандықтан, оның ішіне ойып жазылған кісі атын әуелгі қалпына келтіре алмадық. Сөйтсе де бұны «Көгедайдың қолтаңбасы» деп межелуге болады. Сондай-ақ құжатты транскрипциялауда біз орта және таяу заманғы түркі жазба әдеби тілінде хатталған мәтіндерді транскрипциялау әдісінен пайдаландық.

Құжаттың көшірмесі:

(1) اولوغ بغدا ایجان خان نینک یارلغ برله بویروغان خوشون نی بیلیب تورغان آمیان قنارلیق عالما اولاشوروب لازیم (۲) قلدورغان منصب دار ایله قنارلیق یرلارنی بیلیب جمعلاب تورغان (۳) اولوغ کونک جانکجون غه کجک اینی پی قراق کونک کوکادای نینک مورکوب عرض داش قلیب توتغان [ن] خطی بیز کجک غیبر؟ (۴) نینک ایله غه کلیب جانکجون بولوب بیزکا یارلغ توکوروب خط برکان جاغیدا آمان آیدوک اندین پسونک بیزکا چجک جقیب بر خاتونم (۵) ایکی اوغل بلام ایکی قز بلام اولدی اندین پسونکی بلا جاقام اول خدای تعاله ننک اینکجی (۶) اولوغ بغدا ایجان خان نینک دولتی دا ایسن آمان دورمیز اندین پسونک منک طلبم اول (۷) اولوغ کونک جانکجون آغام نینک عمر مرى اوزون بولوب دولتی کوب بولوب ایسن آمان بولغای دیب طلبیدا توردوم (۸) اندین پسونک سز اولوغ التفاتی قلیب بر خط بر صاندوق دا ایکی قند ایکی شانک مطا بیارکان ایکان سز کلیب اوجنجی آی نینک ینکی بشیدا (۹) تکی مورکوب جارلاب الدیم و ینه عرض اولدورکم بیز نینک دیک کجک کشی غه (۱۰) اولوغ بغدا ایجان خان اولوغ التفات قلیب بارالقاعالیبارغاندا کونک لوق منصب بریب اون ایکی آتاینک بلاپی کری قزاقی نی (۱۱) بولوب تور عرض جالانک بولپسه خبه آمیان بار آمیان لارغه ایتب تور دیب یارلغ قلغان ایدی اولاردین قالیسه ایله دیکان دا (۱۲) اولوغ جانکجون قوی دوم انکا ایتب تور دیب یارلغ قلیب ایدی اوزوم یورتوم بولوب بیزلار (۱۳) اولوغ بعدا خان منصب دارى الوانجی پی دیب بولمن سز نینک (۱۴) اولوغ بغدا ایجان خان دین بولک حامیز یوق بیزنی اوزکادیک کومنکز بیزنی ایسنکزکا الیب یورکایسز اندین پسونکی عرض اوزوم ننک یورتوم نینک (۱۵) اولتور دورغان یرمیز تار یرمیز دین اوت جقمایدورور بیزننک اوزکا ایش نی سمایمز مال برله کشی بولوب تورا دورغان آیل بیز امدی سز اوزنکیز؟ (۱۶) یازدا یایلایدورغان قیش قشلایدورغان قوشن تافسب برپسکز دیب امد قلب عرض داش خط توتوم اوزومیزجه کریب قونالی دیسک (۱۷) اولوغ بغدا ایجان حان ننک غضب دین قورقه دورمیز اند پسونک پزننک کونک ایکان میز راپست بولپسه بیزننک کشی لارمیز جونپسو اوتاغات (۱۸) تاقه دورغان رسمی بولورمو ایکان راسمیدا بو بشنجی جرکادا اق سوزوک جونپسو قرا اوتاغات بریب بیارینک یوق رسمی دا یوق بولپسه (۱۹) یارلغ قلیب بیارینک دیب بو اوجوری دین سز نینک دیک (۲۰) اولوغ جانکجون ننک ایسن لیکزنی طلب خط توتوم (۲۱) جایای جنک ننک یکرمه اوج نجی یلی اوجنجا ای ننک الله سپیدا

[مهر؛ لاقیرا]

Транскрипциясы:

(1) Ulug bogda ejän hänniñ yarlǵ[i] birlä buyurgan hošonnı bilip turğan, amban qatarlıq ‘alamda ulaştırurp lazim (2) qiladurğan manşabdar İlä qatarlıq yerläрни bilip jam‘lap turğan (3) ulug guñ janjunğa kiçik inisi qazaq guñ Kögädayniñ mörgüp ‘arzdaş qılıp tutğan hañı. Biz kiçik [...] (4) niñ İläğa kelip janjun bolup, pizgä yarlǵ tökörüp, hañ bergän çagıda amän edük, andin soñ bizgä çeçäk çiqip, bir hātünim, (5) eki oğul balam, eki qiz balam öldi. Andin soñqı bala-çaqam awwal hüdäy ta‘äläniñ, ekinçi (6) ulug bogda ejän hänniñ dawlatıda esän-amän durmiz. Andin soñ meniñ talabim ol, (7) ulug guñ janjun ağanniñ ‘ömr mari uzun bolup, dawlatı köp bolup, esän-amän bolğay dep talabida turdum. (8) Andin soñ siz ulug iltifati qilip bir hañ, bir şanduqda eki qanıd, eki şağ maña yibärgän ekänsiz, kelip üçünçi ayniñ yäñi beşidä (9) tikdi, mörgüp jarlap aldım. Wa yenä ‘arzum oldur kim, bizniñ dek kiçik kişiğa (10) ulug bogda ejän hān ulug iltifāt qilip baralqağalı barganda guñluq manşab berip, on eki ataniñ balası keräy qazaqini (11) bölüp tur, ‘arzhālñ bolsa hebä amban, b[atujr ambanlarğa aytıp tur dep yarlǵ qilğan edi. Olardın qalsa İlä degändä (12) ulug janjun qoydum, aña aytıp tur dep yarlǵ qilip edi. Özüm yurtum bolup bizlär (13) ulug bogda hān manşabdarı,

alwančisi dep bulamin. Sizniñ (14) uluğ boğda hāndin böläk hā[n]miz yoq, bizni özgä dek kö[r]mäñiz, bizni esiñizgä alıp yürgäysiz. Andin soñqı‘arzum, özümniñ yurtumnıñ (15) oltur durğan yerimiz tar, yerimizdin ot čiqmaydurur. Bizniñ özgä işni [ya]samaymız, mal birlä kişi bolup turadurğan elbiz. Emdi siz [...] (16) yazda yaylaydurğan, qış qışlaydurğan qoşin tafip bersäniz dep umid qılıp ‘arздаñ hāñ tuttum. Özümizčä kirip qonalı desäk (17) uluğ boğda ejän hānniñ ğazabdin qorqa durmız. An[din] soñ bizniñ guñ ekānimiz rāst bolsa, bizniñ kişilārimiz junsu, utağat (18) taqadurğan rasmı bolur mu ekān, rasmıda bu beşinči čarkada aq söziük junsu, qara utağat berip yibāriñ. Yoq, rasmıda yoq bolsa, (19) yarlıq qılıp yibāriñ dep bu Oçuridin siziniñ dek (20) uluğ jañjunnıñ esānlikiñizni tilep hāñ tut[t]um. (21) Jayayçinñiñ yigirmä üçünči yilüçünči aynıñ altısıda.

(Seal impression, illegible)

Қазіргі қазақ тіліндегі аудармасы:

Ұлық Боғда Ежен ханның жарлығымен бұйырған қосынды билеп, амбан қатарлыларды жөнге салатын мансаптар Іле қатарлы жерлерді билеп басқарып тұрған ұлық гүң генаралға кіші інісі – қазақ гүңі Көгедайдың зор ілтипатпен арыз етіп жазған хаты. ...Сіздің Ілеге келіп генарал болып, бізге жарлық түсіріп хат берген кезде аман-есен едік, одан кейін бізге шешек шығып, бір әйелім, екі ұл балам, екі қыз балам өлді, басқа бала-шағам әуел Құдай тағаланың, екінші ұлық Боғда Ежен ханның дәулетінде есен-аман. Енді менің талабым мынау: «ұлық гүң генарал ағамның өмір жасы ұзын болып, дәулеті көп болып, есен-аман болғай» деп тілеп тұрдым. Онан соң сіз үлкен ілтипат қылып, бір хат, бір сандықта екі қант, екі мата жіберген екенсіз, 3 айдың 5 жаңасында (9 сәуір) тиді, мөргүп жариялап алдым. Тағы арызым мынау: біздей кіші кісіге ұлық Боғда Ежен үлкен ілтипат білдіріп, дидарласа барғанда гүңдік мансап беріп: «12 атаның баласы керей қазақтарын билеп тұр, арызың болса, Хыб амбан, Батыр амбандарға айтып тұр, одан қалса Іле деген жерде ұлық генарал қойдым, соған айтып тұр», – деп жарлық түсірген еді. Өзім, жұртым болып «ұлық Боғда ханның мансаптысы, албатұсы» деп білемін. Сіздің ұлық Боғда Ежен ханнан бөлек ханымыз жоқ, бізді өзгелердей көрмеңіз, бізді есіңізге алып жүргейсіз. Ал ендігі арызым мынау: жұртымыздың жері тар, жерімізден от шықпай тұр. Біз өзге іс істемейміз, малмен жан бағатын елміз. Енді ... «жаз жайлайтын, қыс қыстайтын қоныс тауып берсеңіз» деп үміт қылып арыз хат жібердім. «Өзіміз біліп, кіріп қонайық», – десек, ұлық Боғда Ежен ханның тәркісінен қорқып тұрмыз. Одан кейін біздің гүң екеніміз рас болса, кісілеріміз жіңсе, ұтағат тағатын жосын болар ма екен? (Егер болса) 5 дәрежеге лайық ақ түсті жіңсе, қара ұтағат беріп жібер. Жоқ, (мұндай) жосын жоқ болса, онда жарлық қылып жібер. Сіздей ұлық генаралдың есендігін тілеп Ошырдан хат жібердім. Жячиңның 23 жылы 3 айдың 6 күні.

[мөр] белгісіз.

Жоғарыдағы құжат мазмұнына негізделіп, төмендегідей маңызды түйіндерді жинақтауға болады:

Біріншіден, 1818 жылы 10 сәуірден бұрын Көгедайдың бір әйел, екі ұл, екі қызы шешектен қайтыс болған. Егер осы екі ұлын қоссақ, Көгедайдан жиыны 6 ұл тараған болады. Алайда хатта олардың аты-жөні жазылмағандықтан, кімдер екендігі беймәлім. Шежірелерде қайтыс болған баласы ретінде айтылатын «Тышқанбай» осы екеуінің біреуі болуы ықтимал, енді біреуі мүлде ескерілмеген. Хатта «Бір әйелім...» дегеніне қарағанда, оның басқа да некелі әйелі барлығы аңғарылады. Қазірше, Көгедайдың кіндігінен қанша әйел бала тарағаны белгісіз болса да, осы хат арқылы оның кем дегенде екі қыз сүйгендігін, бірақ олардың шешектен қайтыс болғандығын анық ұғына аламыз. Міне, бұлар – қазірге дейінгі шежіре-аңыздарда айтылмай ұмыт болған аса маңызды тарихи деректер.

Екіншіден, бұрын (1790 ж.)Көгедай өзі ұлық Боғда Ежен ханға амандаса барғанда патша оған күңдік мансап беріп, 12 ата баласы керей руын билеткенін; арыз-шағым болса, Хыб амбан, Батыр амбан, одан қалса, Іледегі Іле генаралынан сұрауға кеңес бергендігі айтылады. Одан сырт өзін «ұлық Боғда Ежен ханның мансаптысы, албатұсымын» деп танитындығы жазылады.

Үшіншіден, одан да маңыздысы – Көгедай өз иелігіндегі елдің жері тар, шөбі тақыр екендігін ескертіп, Іле генаралынан жаз жайлап, қыс қыстайтын қоныс тауып беруін өтінеді. Сондай-ақ «өз беттерімен ішке кіріп қонайын» десе, патшаның қаһарынан именетіндіктерін айтады.

Төртіншіден, Көгедай гүң хатында қол астындағыларына 5 дәрежеге лайық жіңсе, ұтағат сынды лауазым белгілерін сұрап, өз билігін жалғасты бекемдей түсуді көздейді.

Бесіншіден, аталмыш хаттың жазылған уақыты Жячиң жылнамасының 23 жылы 3 айдың 6 күні екендігі нақты хатқа түскен. Яғни, Көгедайдың Іле генаралының тарту-таралғыларын тапсырып алғанының ертесі. Бір қызығы – хаттағы күнтізбе көрсеткіші қытай халқының ескі жылнамаларымен берілген. Бұдан хат жазушы адамның Чиң патшалығы тұсындағы жыл қайыру дағдысын жақсы меңгергендігі айқын байқалады.

Жинақтай айтқанда, мақаламыздың негізгі арқауы болып отырған бұл құжат – бір жағынан, біздің Қазақ хандығы мен Чиң патшалығы арасында қалыптасқан достық қарым-қатынасты ішкерілей түсініп, ғылыми талдау жүргізуімізге мазмұндық жақтан тың мәліметтер берсе, екінші жағынан, сол тұстағы қазақ билеушілерінің қоғамдық-саяси өмірін, айталық, бір бөлім ел ағаларының отбасында орнаған қайғылы жағдайлары мен ел басқарудағы үлкенді-кішілі мәселелерді шешу жолындағы талпыныстарын жыға тануымызда ерекше ғылыми мәнге ие. Тарихи деректану ғылымы – ескі қазақ

жазба тілі сынды қазақ танудағы соны тақырыптардың белін бекемдеп, көсегесін көгертуде таптырмайтын аса құнды тарихи материал.

Әдебиет:

1. 松筠 (修) 《钦定新疆识略》 (二, 哈萨克世次表条, 台北: 文海出版社, 1965年。
2. Әбділәшімұлы Д. Көгедай күннің өліміне байланысты жазылған қазақша арыз хат // Шинжяң қоғамдық ғылымы. - 2012. - №1. - 26-34-б.
3. Әбділәшімұлы Д. Қытай бірінші тарихи мұрағатында сақталған қазақша құжаттар. - Пекин: Ұлттар баспасы, 2016. - 181-183-б.
4. 松筠 (修) 《西陲总统事略》 (卷十一), 哈萨克源流, 台北: 文海出版社, 1965年。
5. Жанәбілұлы Қ., Жусанбаев Қ. Абақ керей (төр шежіресі). - Күйтүн: Іле халық баспасы, 2008. - 550 б.
6. Ақтайұлы П. т.б. Қытай қазақ төрелер шежіресі (ішкі материал) // Үйрену және ғылым. - 2012. - 111-б.
7. 赤坂恒明 : 『ジュチ裔諸政権史の研究』, 東京, 風間書房, 2005, 逆第148页。

*Алдаш А.
филол.ғ.д., профессор*

Әскери іс атауларының тарихи бастаулары

Қазақ тілтанымында соңғы ширек ғасыр көлемінде қарқынды зерделенген салалардың бастысы – қазақ терминжасамы мен терминографиясы. Ғылым мен техника, ақпараттық-ағартушылық, әлеуметтік-қоғамдық тармақтардың аталымдарын қазақыландыру үдерістері сындарлы, үйлесімді түрде жүргізіліп келеді. Осының нәтижесінде қазақ қоғамында талдануы мен тұжырымдалуы жағынан ғылыми нәтижелері жоғары салалардың (заңтану, биология, медицина, әдебиет пен тіл, мәдениет пен өнер) терминжасамын қазақыландыруда және бірізділендіруде жүйелілік, стандарттылық, қалыптандыру айқын байқалады. Аталған ғылыми тармақтардағы қазақ аталымдар тілді тұтынушылардың когнитивті санасында орныға қоймағанымен, функционалды қолданысқа түсу деңгейі жағынан, әсіресе, жазба нұсқаларда – ғылыми-ағартушылық мәтіндерде игерілуі тұрғысынан қарағанда, біршама реттеле түсу сатысында. Кең қолданыстағы ғылыми аталымдардың және күнделікті тұрмыстық атаулардың функционалды қызметінің кеңейе түсуіне сан түрлі типтегі лексикографиялық сөздіктер мен ғылыми еңбектер тарапынан қосылған үлестің де елеулі екендігін атап өткен жөн.

Бірқатар ғылыми-ағартушылық салалардағы ғылыми аталымдардың қалыптану үдерістерімен салыстыра қарағанда, әскери іс саласы бойынша терминдер мен терминорамдардың қазіргі «тағдыры» – практикада қолданысқа енуі бәсең деңгейде. Әрине, оның бірнеше себептері бар, ең бастысы – ХХ ғасырда қазақ әскери ғылымы жеке-дара қалыптаспады. Бұл саланың барлық ғылыми қисындары, практикалық бағыттары орталықтандырылды да, осының нәтижесінде қазақ әскери ғылымы атауларының негізгі ұғымдық аппараты орыс тілінің қорынан алынды. Кейінгі жылдары қазақ әскери іс саласының атауларын қазақыландыру бағыты біртіндеп қолға алына бастаған кезде жалпыхалықтық қазақ тілінің әскери іске қатысты ұғым-түсініктерді беруге мүмкіндігі төмен деген пікірлер де ұшырасты. Әскери іс-саласы – заңтану (бұл термин юриспруденция және құқық қорғау органдары салаларын тұтас, ықшам қамту мақсатында ұсынылып отыр) жүйесінен функционалды міндеттері жағынан айрықшаланады, сондықтан әскери іс-саласының аталымдары заңтану терминкорпусының құрамына енбейді, әскери іс-саласының өзіндік жүйелі атаулары бар. Бұл атаулар Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия мақұлдаған, 12 000-ға жуық термин қамтылған арнаулы сөздікке енгізілген[1]. Осы еңбекке жүргізілген статистикалық зерттеу арқылы байқалатыны – әскери іс-саласының басым дені сөзбе-сөз аударылған сөз тіркестері.

Қазақ сөзі байлығының құрамындағы әскери атаулардың қазіргі ұғым-түсініктерді беруге соншалықты бәсекелік қабілетті екендігі тарихи көздерін ұлы ағартушы ғалым А.Байтұрсынұлы еңбектерінде жүйеленген[2].

Қазақ халқының әскери-жауынгерлік табиғи атауларының бір тобы ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарында Ахмет Байтұрсынұлының бастамасымен қазақ зиялылары топтастырып жинақтап, сөздік ретінде ұсынған «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» деп аталатын еңбекте көрініс тапқан [1]. Сөздіктегі *айдаушы (досылатель), аламан (партизан), дағыра (барaban), мүйет (багор), сүңгір (подводная лодка), шапқын (атака), ергенек (рама), далагай (плац), іркін (илюз), оқиашар (пулемет), отиашар (огнемет), дүркін шабуыл (атака), түмен (дивизия), бесатар (винтовка)* типтес атаулар әскери терминдер қатарын толықтырған [1]. Алаш зиялылары іріктеген әскери атаулардың тағдыры да әртүрлі: олардың бірқатары сөз сандығына орнықты орналасып, потенциал сөз деңгейінде болса, екіншілері – *оқиашар (пулемет), отиашар (огнемет), көздедек (визировать), оқиантай*

(патронтаж), айдаушы (айдауыш түрінде) аталымдары қазіргі заманғы жаңа лексикографиялық еңбектердің лұғаты қатарынан орын алған. Бұл жайт әскери терминдерді біріздендіру жолындағы ізденістердің байыпты жүргізіліп келе жатқандығына дәлел бола алады.

А.Байтұрсынұлының аударма шығармаларында төлтума қазақтық терминдер қолданылған: *Хан өзге қол шақырды, Кіші ұлына бастатты, Күшшығысқа бет беріп, Қару, қатшық бөктеріп, Қосын артып, қол тартты*[2,120].

Академик Р.Сыздықтың зерттеулерінде *аға, айбалта, адырна, жаушы, жебе, жосын, кебенек, қорамсақ, торғауыт, шарболат, берен, көбе, сауыт, кіреуке, дулыға, қылышан, кез, жебе, аламан, айдауыл, қарауыл, жасақ, қосын, сарбаз, ұлан, шарболат, сақетер* (қылыш мағынасында) сияқты бірқатар әскери атауларға этимологиялық талдау жүргізілген [3].

Тарихи әскери атаулар және олардың сөзтөркіні, қолданылатын салалары туралы Орхон-Енисей жазбаларынан, Ш.Уәлихановтың, Е.Шипованың, Ә.Қайдардың, А.Аманжоловтың, Р.Сыздықтың еңбектерінен кездестіруге болады. Ғалымдар зерттеулерінде қазақтың ауыз әдебиеті мен батырлар жырларында ұшырасатын әскери терминдер талданады. Мәселен, академик Ә.Қайдар батырлар жырындағы әскери лексиканы 5 топқа бөліп қарастырады: 1) личное боевое оружие воина-батыра; 2) вспомогательные предметы воинского снаряжения; 3) доспехи воина-батыра; 4) боевое знамя; 5) боевые ударные и духовые инструменты [4].

Қазіргі қазақ әдеби тілінің қолданысындағы *аға ғылыми қызметкер, аға лейтенант, аға сержант, аға оқытушы* деген тіркестер құрамындағы *аға* сөзі Е.Шипова мен Р.Сыздықтың мәліметтеріне қарағанда, «басшы, қолбасшы» ұғымдарында қолданылған. Түркі тілдерінде, оның ішінде, түрік тілінде «аға» лексемасы бұдан бұрынғы тарихи кезеңдерде титул ретінде әскери адамдарға берілгені, янычарлардың бастықтарын атайтын атақ екендігі жайында тұжырымдар жасалған[1]. «Исатай деген ағам бар, Ақ кіреуке жағам бар; Сан шерулі қол болса, батырлар болар ағасы» (Махамбет) немесе «Жүрмеймісің құрдасым, Қолағалық қыламын» (Батырлар жыры) деген жолдардағы *аға* сөзі «жасы үлкен адам» емес, «әскери басшы, қолбасшы» мағынасында жұмсалғаны дәлелденген.

Тарихи әскери атауларды талдауда жалпы түркологиядағы көзқарастарды ескеру аса маңызды.

Түркі тілдері терминжасамы мен терминографиясының дамуы мен қалыптасуы тарихында түркі тілдер әулетіндегі тарихи дамулар туралы мәліметтерді жүйелейтін және басқа да түркі тілдерінің диахронды-синхронды жай-күйіне ықпалы бар[5]. Әзірбайжан, башқұрт, татар, түрік тілдерінің тілдік фактілері назар аудартады. Әзірбайжан және түрік тілдерінің төл лексикасының терминденуі жайында салғастырмалы зерделеу жүргізілген бірнеше маңызды еңбектер бар. Ғылыми тұжырымдарға қарағанда, әзірбайжан және түркі тілдері табиғи төл лексикасы түркі тілдерінің көпшілігіне ортақ лексикалық тілдік бірліктерді қамтиды, дегенмен түркітөктес түбір сақталғанымен, морфологиялық өзгерістер де кездеседі[6].

Әскери іс терминдері өзіндік нормативтік тұрақты сипатпен ерекшеленетіндігі белгілі. Негізінен аңшылық кәсібінің атауларының терминдік статус алуы арқылы қалыптасқан әзірбайжан әскери терминологиясы кейініректе араб-парсы, еуропалық тілдерден кірме сөздер қабылдау арқылы одан әрі қарағанда, әзірбайжан тілінің әскери терминдерінің негізгі бөлігін түркі сөздері құрайды[7]. Мысалы, *дабилгэкаска/шлем* мағынасында түркі тілдеріндегі дулыға сөзімен түбірлес. Сондай-ақ *галхан, дэмрэн, зараг, кириш, кедчу, субашы, суну, тиркеш, тутсаг, чарибашы, чэри, алад, гошун, орду, сабаш алаз, атлы, гошун, орду, такым, туфэнк, тапанча, топ, куллэ, барыт, гырма, гундаг* типтестер оғыз тобындағы тілдерде кеңінен қолданылады. Әзірбайжан тілінде әскери атауларды беруде фонетикалық бейімделу қалыптандырылған: *генерал-лейтенант; шинел, ракет*. XIX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдеби канонына да бұл сипат тән. Ғалым Б.Әбілқасымовтың көрсетуінше XIX ғасырдағы қазақша ресми құжаттарда *уаеннай (военный), уойскоуой (войсковой)*, сондай-ақ араб-парсы сөздері *харамилар (разбойники) гарыз, мейірбанчылық, гадаулық қылу, харакат, гаскер, йарлық, фарман, сархад* немесе *худуд (пограничная линия)* типтес адаптацияланған формалар орныққан [8, 28-30].

Башқұрт, татар, түрік, әзірбайжан тілдеріндегі әскери лексиканың ортақ ұқсастықтары көп. Бұл тілдерде ұғым-түсінікті атаудың уәжді белгілері ретінде заттың, ұғымның, бұйымның: а) сыртқы түрі: *тор* «снаряд, ядро» («домалақ зат»), *ajbalta* «секира» (жүзі ай сияқты имек), *kireuke* «панцирь» (*kireu* «оралған»); ә) көлемі : *jazajyl ja*: «үлкен садақ», *on eki tutam oq* «*tutam* – түркі тілдеріндегі этноөлшем»; б) қасиет-сапасы: *qurc* «өткір қылыш» (монғ. *xurts* «өткір»); в) неге арналғандығы: *badana* «панцирь, кольчуга» (ар. [*badan*] «дене» деген мағынада), *qolluq*; г) қайдан алынғандығы, неден жасалғандығы: *Xiua myltuq; bolat qylyc, jaryaq* (теріден жасалған); *qamys oq* және т.б. Бұлар туралы тұжырымдар белгілі түркологтер – А.Н.Кононовтың, Б.А.Серебренниковтің, Н.З.Гаджиеваның, Н.К.Дмитриевтің, К.М.Мусаевтың, М.Т.Томановтың, Н.К.Антоновтың өткен ғасырдағы іргелі еңбектерінде топтастырылған және талданған[9]. Әзірбайжан, түрік, башқұрт, татар тілдеріндегі әскери терминдердің дамуы туралы пікір-көзқарастар кейінгі зерттеушілердің – Р.Б.Гасановтың, Д.Г.Бағышовтың, Т.В.Лосева-Бахтиярованың, А.Г.Гулямовтың,

Л.Э.Шихзаманованың зерттеулерінде тереңдетілген. Алайда кейінгі түрколог-зерттеушілер тілдің бұл қабатын құрылымдық тұрғыдан ғана қарастырады[9]. Дегенмен кейбір семантикалық талдаулардан әскери терминдердің жалпы түркі тілдеріне ортақ лингвомәдени белгілерін де аңғаруға болады. Мәселен, Л.Э.Шихзаманова XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап түрік әдеби тілінің лексикасында өзгерістер басталғанын, бұл өзгерістер тілдегі реформаның нәтижесі екендігін көрсетеді. Осыған байланысты түрік тілінде бұрын дендеп еніп, орныққан араб-парсы сөздері оқу-ағарту саласында сақталғанын, басқа бағыттарда түрік тілінің төл лексикасы орныға бастағанын баяндайды. Л.Э.Шихзаманова былай деп жазады: «В результате замены старых арабских и персидских слов турецкими неологизмами, в турецком языке наблюдается такое уникальное явление, как полные синонимы, которое, однако, распространяется только на отдельно взятые лексические единицы, но не на фразеологизмы. Так, к примеру, мы имеем полные синонимы для слова «результат» - «netice» и «sonuç», но примеры из сферы фразеологии не могут быть взаимозаменяемыми во всех позициях: «sohbetlemek» («беседовать») и «konuşmak» («разговаривать»). Таким образом, арабизмы прочно закрепились в турецком языке за счёт того, что их лексическое значение шире, и они могут употребляться как в самостоятельной позиции, так и в составе фразеологизма. В то же время в турецком языке есть некоторые слова, для которых нет неологизма, например, употребляются арабские заимствования milletvekili, mebus для обозначения слова «депутат»; zaman, vakit для обозначения слова «время», а собственно турецких слов нет. Встречаются также случаи, когда в турецком языке есть синоним арабо-персидскому заимствованию, например utku для арабского zafer («победа»), но он не употребляется. Однако в большинстве случаев для обозначения какого-либо понятия в турецком языке есть как старое, так и новое слово»[10].

Түркітөктес тілдердің терминологиялық жүйесінің қазіргі дамуында, әсіресе, түрік тілі мен әзірбайжан тілінде зерттеулер көрсетіп отырғанындай, «әзірбайжандандыру», «түркілендіру» бағыттары, яғни, терминдену үдерісінде ұлттық тілдің қорын сарқа пайдалану бағыттары соншалықты қарқынды емес. Бұның бірнеше себептері бар: түрік тілінде, зерттеушілер араб-парсы тілдері мен еуропалық тілдердің, оның ішінде француз тілінің лексикасы терминқордың едәуір бөлігін құрайды деп көрсеткенімен, бұл тілдердің жазу-сызуы орныққан кезден бастап-ақ төл тілдің ресурсын игеру кеңінен жүзеге асырылған, осының нәтижесінде ғылымның қай саласында да болмасын, ұлттық тілдің терминденуі қалыптандырылған. Сонымен қатар әзірбайжан немесе түрік тілдеріндегі еуропалық тілдердің элементтерін қазақ әдеби тіліне орыс тілінің әсерімен салыстыруға болмайды, бұл арада саяси- әлеуметтік, әлеуметтік-лингвистикалық кеңістіктер елеулі түрде әр басқа екендігін атап өту қажет. Әлеуметтік лингвистика саласында «русификация», «украинизация» деген термин жұмсалды, қазақ әлеуметтік лингвистика саласында «қазақыландыру» деген термин орныққан. Қазақыландыру – Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының басым бағыттарын жүзеге асыруға байланысты пайда болған жаңа термин. Бұл термин қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тілін ғылым мен техника тіліне айналдыру, білім беру, заң және сот ісі салаларына белсенді енгізу мүдделерінде тілдің төл әлеуетін сарқа пайдалану деген ұғымды білдіреді.

Ғылымда: «Қазақ хандықтарында тұрақты армия болмағаны тарихтан белгілі. Олардың тек жаугершілік кездерінде хандардың, батырлардың басшылығымен жиналатын уақытша әскері болды. ...Әскери лексика арабтықтардан, ирандықтар және моңғолдардан ауысқан әскери лексикамен толықтырылды», – деген пікір айтылған[11,87]. Ал академик Р.Сыздық: «қаһармандық эпостардың лексикалық қазынасындағы әскери топ, яғни, ұрыс-соғыс семантикасын білдіретін қару-жарақ атаулары, қимыл-қарекетті білдіретін етістіктер мен неше алуан жеке сөз тіркестері, дублеттері мен варианттары түрлерін ...негізінен батырлар жырлары сақтап, жеткізіп отыр», – деп көрсетеді[12,114]. Академик тағы бір еңбегінде өткен ғасырлардағы қазақ лексикасындағы өзгерістер мен оларға ықпал еткен факторларды қарастыра келе, XIX ғасырдың I жартысындағы жазба әдеби нұсқаларда жаугершілікке қатысты атаулар мен образдардың кеңінен қолданылғанын, әйткенмен «осы атаулардың әдебиет үлгілерінде азая бергендігін» атап өткен болатын [13,192].

Қазіргі кезде шекараны күзету мен қорғау ісінің практикасында қазақ тілін пайдаланудың көбірек көрінетін тұсы – саптық жарғы терминдері. Таралым, сап және лек қатарларын түзу, кезекшілік міндеттер кезінде ауызша баянат беруде «Тік тұр; Еркін тұр; Түзел; Оң-ға; Сол-ға; Баяндап тұрған кезекші майор Оспанов; Саулығыңызды тілеймін; кезекші майор Оспанов тыңдап тұр» типтес стандарт құрылымдар орныққан, бірақ олар әрі қарай белсенді іске асырылатын ресми тілдегі коммуникативтік қарым-қатынастың алдында болуы тиісті проформа түрінде ғана.

Әскери іс терминдерінің коммуникативтік кеңістігін ұлғайту жөніндегі проблемаларды талдай қарағанда, бұл жайттың, ең алдымен, қоғамдағы құндылықтар жүйесіне барып тірелетіндігіне назар аудартуға тиіспіз. Қоғам мүшелері үшін басты рухани құндылық мемлекет саясатына сәйкес қазақ тілінің мәртебесін одан әрі арттыра түсу болмақ. Бұл фактор әрбір қоғам мүшесінің тілдік санасының қандайлық дәрежеде және қалай қалыптасқандығына байланысты.

Қазақ жеріндегі ұлттық-рухани құндылықтарды танып-білу елдің егемендігін, конституциялық құрылымын, ел аумағының қауіпсіздігін сақтау, қорғау мен күзету жүктелген әскери іс саласындағы қазақстандық азаматтардың әскери қызметінің маңызды құрамдас бөліктеріне айналуы тиіс. Әскери қызмет қашанда *халық – мемлекет – мемлекеттің аумағы – мемлекеттің қауіпсіздігі – елдің бейбіт өмірі* тәріздес әлеуметтік-саяси ұғымдармен тығыз байланыста, алайда әскери қызметті, әскери-жауынгерлік міндеттерді атқарудың көлемімен ғана шектеуге болмайды. Дәл осындай шектеулік қалыптасқан жағдайда және оған басымдық берілетін болса, әскери қызметші жоғарыда аталған аса маңызды біртұтас ұғым-түсініктерді жоғары саналылықпен сезіне алмайды және өзінің басты міндеттерін атқарудағы қабілеті төмен болады. Бұл ретте өзге де маңызды іс-шаралармен қатар қазақ сөзінің аса бай қоры – әскери атаулардың тарихи түсініктерін әскери маманның когнитивті санасына орнықтыру бойынша ғылыми-практикалық шараларды жандандыра түсу мейлінше өзекті болып саналады.

Әдебиет:

1. Орысша-қазақша әскерлік атаулары / Жалпы редакциясын басқарған Ш. Құрманбайұлы. - Астана: ІС-Сервис, 2005. - 136 б.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1989. - 320 б.
3. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). - Алматы: Арыс, 2004. - 232 бет.
4. Кайдаров Ә. Доспехи и вооружения война-батыра в казахском эпосе и их этнолингвистическое объяснение // Материалы международной конференции по алтаистике. – Вена, 1972. -С. 30-37.
5. Томанов М. Т. Основные вопросы исторической морфологии казахского языка: автореф. дисс... д-ра филол. наук. - Алма-Ата, 1975. - 126 с.
6. Гасанов Р.Б. Исконная лексика азербайджанского и турецкого языков в сравнительно-историческом освещении: автореф. дисс... канд. филол. наук. - Махачкала 2002. - 25 с.
7. Багышов Д.Г. Военная терминология азербайджанского языка: автореферат дисс... канд. филол. наук. - Баку, 1990. - 25 с.
8. Әбілқасымов Б. Қазақтың ескі жазба әдеби тілі. - Алматы: Қазақ тілі, 2015. – 128 б.
9. Мусаев К, М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении. - М., 1975. - 357 с.
10. Л.Э.Шихзаманова Неологизмы и старые слова в современных турецких газетных текстах // Материалы конференции «Ломоносовские чтения». - Москва, 2012.
11. Байжанов Т. Қазақ тіліндегі әскери лексика. – Алматы: Рауан, 1991. – 102 б.
12. Сыздық Р. Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. - Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 242 б.
13. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.

Ахметжанова З.

филол.ғ.д., СДУ профессоры

Баймұрзина А.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының докторанты

М.Қойгелдінің «Күрескер» мақаласына интерпретациялық талдау

Ә. Бөкейхан туралы бүгінде бірнеше том-том болып еңбектер жазылып, жүздеп мақалалар жариялануда және жазыла бермек. Ол тез өзгеріп жатқан заманда өмір сүріп, қандай билік келсе де, олардың тарпынан қолдау таппаған жан. Алайда, ол XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің қатарындағы өз елі үшін басын құрбан қылғанаса ерекше тұлға [1].

«Алаш қозғалысының тарихын, оның жетекшілерінің қызметін қорыту процесі советтік кезеңде басталып, биліктегі идеология бойынша жасалынған тұжырымдардың біразы ғылыми әдебиетте осы кезеңде орнықты. Сол сияқты, батыстық тарихнама да Алаш қозғалысына қатысты өзінің тұжырымдарын басым түрде орыстілді деректік материалдар (патшалық және советтік басқарушы аппарат қойнауынан шыққан) негізінде жасады. Міне, осы жасалынған тұжырымдарда ең кем дегенде мынадай екі дерек есепке алынған жоқ. Олар, біріншіден, революциялық өзгерістерге (1917) дейінгі және советтік билік тұсында өмірге келген Алаш зиялыларының шығармашылық мұрасы. Екіншіден, ОГПУ және НКВД тарапынан алаштық топқа байланысты жүргізілген сот процестерінің материалдары» (М.Қойгелді, тарих ғылымдарының докторы, ҰҒА корреспондент-мүшесі).

Мақаланың кіріспесі ҚР тәуелсіздік жылдары қашаннан басталғандығы және Алаш қозғалысы мен оның белсенділері туралы білімді талап етеді. Алғашқы абзац ішінде Алаш қайраткерлері мен шығармашылық иелері, яғни, Алаш үкіметі уақытындағы шығармашылық адамдары сөздері ерекше мағынаға ие. «Алаш» деген сөзді айтқандағы ең алғашқы ассоциация: Әлихан құрған «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметі және жалпы ұлттық Алаш қозғалысы көз алдыға елестейді. Алаш

зиялыларының ұлт үшін сіңірген бірегей еңбектері мен жанкешті күресі жайлы тарихи білімді де талап етеді. Жалпы оқырманнан Алаш қозғалысы жайлы білімнің болуын талап етеді. Бұл кісілердің еңбектерінің маңыздылығы «мұра» сөзі арқылы жеткізіліп отыр, яғни, ары қарай ұрпақтан ұрпаққа сақталуы тиіс мұра, қазына іспеттес.

Тәуелсіздік жылдары кедергісіз шығуы оған дейін кедергілер кесірінен жарық көре алмаған материалдар екендігін байқатады. Екінші сөйлем бірінші сөйлемнің мәнісін аша түскен. Еңбектердің кітап болып шығуы үлкен жетістік екендігі айтылады. «Жетістіктерінің бірі» деген сөз Алаш қозғалысының тарихын ашуда одан да басқа іс-әрекеттер жасалғандығы, одан да өзге нәтижелер бар екендігіне сілтеме жасайды. Сот материалдарының қолжетімсіздігі көрсетіліп тұр. «Өкінішке орай» деген сөз, егер сот материалдары болмағанда, көп мәліметті ашық жариялап, халыққа мәлім етуге болатындығын көрсетіп отыр.

Екінші абзацта оқырманнан Алаш қайраткерлерінің үстінен жүргізілген сот процесстері және «ОГПУ – Объединённое государственное политическое управление; НКВД – Народный Комиссариат Внутренних Дел» аббревиатураларының толық атауы, «Совет мемлекеті атынан жасалынған қылмыс» тіркесі, совет үкіметінің Алаш белсенділеріне жасаған озбырлығы туралы білімді талап етеді.

Келесі абзацта оқырман келтірілген құзырлы орган – ҚР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы тұрғысында ақпаратқа ие болуы тиіс. Сонымен қатар елім, жерім деген ұлтшыл ұлдардың үстінен жүргізілген іс жайлы ақпарат тарата алатындай «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінің ел жанашырларының қолдаушысы екендігін байқатады. «Комиссия қорытындысы» тіркесі ерекше назар аударуды қажет етеді. «Тәжірибе жүргізетін полигондай» пайдалануы қазақ елін адам құрлы көрмеуін көрсетеді. Совет үкіметінің халыққа қырғидай тиіп, озбырлық танытуының алапаттығы оның «әрекетінің халыққа қарсы қылмыс» болып белгіленуі арқылы келтіріліп отыр. «Режим» сөзі бұл қай уақытта болғандығын білуді талап етеді.

Төртінші абзацта келтірілген «Қазақстан халқын», «қазақ этносын» тіркестері совет үкіметінің жасаған қылмысының ұлтты жоюға бағытталған жасанды ісі екендігін аңғартады. Осы арадағы совет үкіметінің қиянатына тап болған ірі тұлға Әлихан Бөкейхан екендігін оның ұлт-азаттық қозғалыс басшысы екендігінен түсінеміз. «Қазақ мәселесі» сөзі сол кезеңдегі тарихи оқиғалар мен халықтың тұрмыс-тіршілігінен хабардар болуды талап етеді. «Қаперге алынбауы» деген сөзден совет үкіметінің қасақана түрде әрекет етуі, халық жағдайын жақсартуды ойлаған ұлт зиялыларының сөзін, ұсынысын әдейі елемей арқылы жағдайды ушықтырғаны анық көрінеді.

Бесінші абзацқа тоқталатын болсақ, оқырман қазақ халқының басынан өткен бұл зұлматтың алапаттығын байқай алады. Сонымен қатар оқырманнан адамзат тарихы, дүниежүзі тарихынан хабардар болуды талап етеді. Диктаторлық режимдердің ең ауыры, адам төзгісізі осы Совет үкіметінің орнатқан режимі екендігін ашып беріп отыр. Алғашқысы кейінгі сөйлемді толықтырған бұл абзацтан шығатын қорытынды: Совет үкіметінің режимінің өзге диктаторлық режимдермен салыстыруға келмейтін дүлей режим екендігі жай айтылған сөз емес, ақиқат нәрсе. Оған дәлел ретінде фактілік материалдар да бар екендігі сөз болып отыр. Бұл жерде оқырман білуі тиіс нәрсе – сот процесінде қолданылатын, жалпы ақиқат істі ашып айтарда келтірілетін «фактілік материал» дегеннің не екендігін білу. Келтірілмек фактілердің бір бет мақала көлеміне сыймайтындай көп нәрсе екендігін аңғарылады. «Дегенмен» деу арқылы алдыңғы сөйлемге сілтеме жасап, байланыстырып, «мына жағдайды ескерген жөн», – деп келесі сөйлемге сілтеме жасалынып, ондағы айтылатын ой маңыздылығын меңзеп тұр.

Келесі абзацта автор тарихшыларға өткен тарихты қорытуда жаңа әдістерді қолдануға үндеу тастау арқылы оқырманға бұрын жазылған тарихтың кемшін тұстары жайында ой салып отыр. Идеологиялық орталықтардың бұрмалап жазған тарихымызды, әсіресе, Алаш қозғалысы тарихын қайта қарау керектігін сөз етіп, сол тұста жазылған том-том кітаптар мен қорғалған диссертацияларға сыни көзқараспен қарап отырғандығын, сөйлемді аяқсыз, айтылмаған ойын көп нүктемен жеткізгенін көріп отырмыз.

Әрі қарай автор оқырманға «Өткен тарихымызды ескі әдістер арқылы зерделей аламыз ба?» деген сауал қойып, өзі теріс жауабын беріп, бұл мәселені шешуде жаңа методологиялық әдістердің таптырмас құрал екендігін ашып айтып отыр. «Методологиялық әдіс-құралдар», «советтік идеология», «методологиялық постулаттарды еңсеру», «жаңа әдіс-құралдар», «тарихи процестер» тіркестері арқылы автордың тарихшы ретіндегі пікірін аңғарсақ, «өткен ғасырда жүріп өткен жолымыз», «ел өміріндегі процестер», «кешегі жүріп өткен жолымыз» тіркестері арқылы елім, жерім деген, ұлт тарихының ақтаңдақтарын ашып беріп отырған ұлт ұлының жан айқайын сезе аламыз.

Келесі абзац төрт сөйлемнен құралса, оның екеуі екі үлкен сұрақтан тұрады. Бірінің мақсаты қазақ қоғамында совет кезеңінде орын алған билік түрін анықтау болса, екіншісі социалистік идея маңызын анықтауды көздейді. Осы тұста оқырманнан «большевиктер», «пролетариат диктатурасы», «социалистік идея» ұғымдары туралы білім талап етіледі.

Әрі қарай жоғарыдағы сауалдарға жауаптар келтіріледі. Әлихан Нұрмұхамедұлының үндеу жазуы сөз етіледі. Нақты уақыттың берілуі (1917жылдың 1 желтоқсаны) айқын факт ретінде көрсетілуін шегелей түседі. Оқырман білуі тиіс тұлғалар – Ульянов – Ленин және Николай патша.

Автор «...Ульянов-Ленин Николай сияқты халыққа үнсіз хайуан ретінде қарайды» деген үзінділер арқылы Әлихан Нұрмұхамедұлының халқы үшін ашынған ащы дауысын естіртеді.

Үндеу жолдаған Ә.Бөкейханмен бірге «Алаш» партиясының төңірегінде жиылған басқа да ұлт зиялыларының ұстанымы ортақ болғандығы және олардың талап еткені демократиялық билік жүйесі екендігі айтылады. Оқырман бұл арада Алаш белсенділерін білуі тиіс.

Шоқан Уәлиханов пен Әлихан Бөкейханның, сонымен қатар оларға дейінгі қазақ ойшылдары мен қайраткерлері Абай Құнанбайұлы, Исатай Тайманұлы, Кенесары Қасымұлы есімдері қатар келуі – барлығының арманы бір, мақсаты ортақ екендігін көрсетеді. Барлығы да елім, жерім деген ұлт азаматтары еді. Әр қайсысы өз уақытында әділдік үшін күрескен, Әлихан да өз заманының қаһарманы.

Әлихан Нұрмұхамедұлы барша қазақ мойындаған саяси қайраткер атанды. Автор дәлел ретінде Бақытжан Қаратаевтың хатын (1910, 30.IX) келтіріп отыр. Замандас ағасының хатын оқи отырып, оқырман Әлиханның елдің ықыласы мен сеніміне ие болған азамат екендігін түсінеді.

1896-1905жылдары ғылыми экспедицияға қатысып, халық тіршілігімен жақын танысуы – ауылшаруашылығын заман сұранысына лайық бейімдеуге қатысты тұжырымдарының маңыздылығын көрсетеді; жай ғана қағаз шимақтамай, халықтың шынайы өмірімен өз көзімен танысып, оны жақсартуға тырысқанын аңғартады.

Әлихан Бөкейхан жасаған тұжырымның алғашқысы – «Қазақ жері мал кіндігі, мұнда бұрын қандай жұрт жүрсе, мал баққан». Және де оның ескеруінше, қазақ жеріне келген өзге ұлттар қазақтан көріп, мал асырап, қазақтан асып түсіп отыр.

Австралия, Англия, Швейцария жерлері туралы дерек келтіруі – Әлихан Бөкейханның терең географиялық білімдерінен хабардар етеді.

Бұл елдердің шаруашылығын жай ғана мысал емес, қазақ еліне үлгі болсын деп айтып отыр. Яки, бұрыннан мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы ендігі жерде мал басын асылдандырып, тиімді шаруашылыққа көшу керектігін ескертіп айтады.

Ә.Бөкейханның екінші тұжырымы – қазақ мал шаруашылығымен айналысуы тиіс, оларды отырықшы халыққа айналдырмау керектігі. Дегенмен, билік бұл пікірге құлақ аспады. Бұл жайт туралы айтылған сөйлемнің леп белгісімен аяқталуы автордың эмоциясын байқатады.

Келесі абзац 1937 жылдың 26шілдесінде және 6 тамызда болған жайт хақында баяндайды. Ә.Бөкейханның совет үкіметінің билігін мойындамауын, оған қарсылығын және қарсылық ретінде Алаш қозғалысын жүргізуін, ақтық демі қалғанша өз идеясына беріктігін көре аламыз. Бұл арада оқырманға ерекше назар аудартар тұсы – Әлихан Нұрмұхамедұлының: «Мен ешуақытта совет билігін жақтырған емеспін!» – деп өзіне берілген сөзін аяқтауы. Осы сөзінен-ақ Әлиханның қайтпас қайсар мінезін анық байқай аламыз.

Автор тұжырымның дәлелденетін жері практика екендігін айтып, Ә.Бөкейхан жасаған тұжырымдардың дұрыстығын көрсететін жайттарды келтіріп отыр. Бұл арада оқырман Ә.Бөкейханның көрегендігіне көз жеткізе алады. Одан әрі автор санмен фактілер келтіріп, бұл істің барлығы ірі және орта шаруашылық иелерін әлеуметтік топ ретінде қоғамнан аластату үшін жасалғандығын ашып айтады. Бұл арада оқырманнан талап етілетін білім – «шаруашылықтарды тәркілеу туралы қаулы» және «Кулактық жер аудару» ұғымдары туралы мәлімет.

Ленин-Сталин орнатқан диктатуралық режімінің салдары мен зардаптары келтіріліп отыр: алапат ашаршылық, ұлттық интеллигенция, саяси басқарушы топ, дін қызметкерлерінің жазалануы, элитаның жойылуы.

1917жылы Қазан революциясы қарсаңында Әлихан Бөкейханның: «Есік алдынан дауыл, үй артынан жау келді! Алаштың баласы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» соң 200 жылда басыңа бір қиын іс келді», – деп ескерткені рас келді. Бұл тағы да Әлиханның көрегендігінің айқын дәлелі болып отыр.

Мақаланың сегізінші абзацында қойылған пролетариат диктатурасы және социалистік идея хақындағы екі үлкен сауалдың жауабы жиырма алтыншы абзацта былайша қорытылады: «Ресей империясы көлемінде большевиктер орнатқан диктатуралық билік жүйесі сырттан таңылған социалистік идеяның Ресейлік варианты қазақ халқы үшін қисапсыз мол азап әкелді». Осы қорытынды жалғасы ретінде тағы бір сауал туындады: «Диктатуралық жүйеге балама ретінде өмірге келген Алаш идеясы неге шындыққа айнала алмады?»

Бұл сауалға жауап табу үшін, автор ұсынысы бойынша, Ресей империясы мен совет үкіметінің билігі мен табиғатына жүгіну керек. Осы арада орыс ойшылы А.Герценнің «абақтыға» теңеген елден бәрінің қашып кеткісі келетіні жайындағы сөзі өте орынды қолданылған. Әдеби тілмен тарихи

жағдаят оқырман назарына керемет жеткізілген. Бұл арада оқырман А.Герценнің кім екендігінен хабардар болуы тиіс.

Сонымен қатар орыс философы И.Ильиннің большевизмді азғырушы ағым ретінде атағандығы келтіріледі. Автор орыс ойшылының сөздерін бекер келтіріп отырған жоқ. Өйткені совет үкіметінің орнатқан режімі барша халықты қыспаққа алып, қиянатқа ұшыратуы, озбырлық танытуы тек қазақ халқының қытығына тиіп отырған мәселе емес, адамзат тарихында өшпес із қалдырып отырған үлкен қылмыс. Алаш қозғалысының өмірінің қысқа болуының себебін автор былайша қорытады: «Большевизм жас сенгіш зиялылар тобын алдап, арбап соңынан ертті; билікке қол жеткізген соң, әлгі зиялыларды дарға асуға бұйырды. Осылайша, жалындаған от өшті де қалды».

От өшкенімен, артында қызуы қалды, яғни, зиялылардан қалған ағартушылық шығармашылық мұра. Әлихан Нұрмұхамедұлы бастаған ұлт зиялылары қазақ қоғамына ағартушылық идеясын таратып, көзін ашты. Алаш зиялылары таратқан бұл ағартушылық ескі феодалдық тәртіп пен қоғамдық қатынастарға, діни фанатизмге қарсы бағытталуымен бірге, ресейлік отарлық езгіден құтылуға, заман сұранысына лайық білім мен ғылымды игеруге үндеді. Осы мақсатқа жету жолы қазақты ұлт ретінде біржола қалыптастырып, ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту екендігін жақсы түсініп, осы бағытта жұмыс жасады.

Бүкіл саналы өмірін халқына, халқының азаттығына арнаған Әлихан Бөкейхан барлық қажыр-қайратын, білім, дарын-талантын патша өкіметінің отаршылдық, қанау кезінде қалам күшімен жазылған еңбектерінде қалың қазақтың өз ішіндегі алауыздық, жалқаулық, өтірік, ұрлық, шаруағақырсыздық сияқты кесепат мінездерді сынап, ел тағдыры үшін ең маңызды нәрсе, негізгі байлық, тіршілік көзі – жерге иелік екенін терең сезініп, осы бағытта жұмыс жасайды, ғылыми зерттеулер, мақалаларды жарыққа шығаруға жіберді [3].

Бейбіт жағдайда бұл мақсат барлық қоғамдардағыдай ұлттық тілдің, білімнің, әдебиеттің дамуына, жоғарылауына әкелуі тиіс еді. Автор атап көрсеткендей «ұйытқы элемент» болуы қажет еді. Отарлық жағдайындағы елдерде бұл ұйытқы элемент іске асуы үшін ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту – негізгі шарт. Өкінішке орай, Алаш зиялылары өмірге әкелген ағартушылық пен ұлтшылдық тағдыры зиялылар тағдыры сияқты қайғылы болды. Совет үкіметі қазақ ұлт-азаттық қозғалысын гуманизмнен мүлдем алыс әдістермен басып жаншыды. Мақала авторы қорытынды бөлімде Ә.Бөкейханның қызметіне байланысты жасаған тұжырымдары өз күшін жойды, ескірді деп айту жеткіліксіз деп түйіп, аға буынның советтік идеологиядан толық арылуы және де жас буынды алаштық таза, заман талабына сай рухта тәрбиелеуі міндет екендігіне үндеу тастап отыр.

Қорыта айтқанда, бұл мақала ұлты үшін жанын аямаған көреген «күрескер» Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялыларының көксеген арманы мен көздеген мақсаты туралы баяндайды. Халқының көкірегін оятып, көзін ашу, яғни, ағартушылық мақсатында ұлттық мемлекеттілікті орнатуға тырысқан ұлт азаматтарының совет үкіметінің адам төзгісіз озбырлығы мен қатыгездігі, әділетсіздігіне ұшырауы сөз етіледі. Бұл мақаламен танысқан әр оқырман тарихи жайттармен таныс болумен қатар, бойында ұлттық намыс пен әділеттілік орнатуға деген талпыныс пайда болғандығын сезінеді. Бұл мақала ұлт тарихымен таныстырып қана қоймай, ондағы айтылмаған ақиқат пен астарлы шындықты ашып көрсетеді.

Әдебиет:

1. Қойгелді М. Күрескер. «Қазақ әдебиеті» газеті, 04.03.2016 <http://qazaqadebieti.kz/4410/k-resker> (электронды ресурс)
2. Өскембаев Қ.С. Ә.Бөкейхан: халқы үшін жаралған тұлға // Вестник Карагандинского университета.- Серия «История. Философия». – 2016. - №1(81). -С.78-86.
3. Сақабай Т.Қ. Ә.Н.Бөкейханның ғылыми мұраларыныңотан тарихын зерттеудегі маңызы // Вестник Карагандинского университета.- Серия «История. Философия». – 2016. - № 1(81). – С. 58-64

*Абишева К.
филол.ғ.д., «Тұран-Астана»
университетінің профессоры*

Іскери қауышудың интерактивтік сипаты

Бүгінгі күнде қауышу мәселесі зерттеушілердің назарын аударып, қызығушылығын тудыруда. Ғылыми қызығушылықты арттырудың бірнеше себептерін атауға болады: 1) бұрын қауышу әрекеттесімен байланысты сұрақтар тек психология шеңберінде ғана қарастырылса, бүгінгі күнде қауышу проблемасы ауқымды деңгейде зерделенеді. Себебі қоғамдық салалардың өрбіп, өрістенуі қауышудың жаңа түрлерінің пайда болуына септігін тигізеді. 2) Іскери қауышудың онтологиялық табиғатын анықтау үшін әртүрлі білімдерді қолданудың қажеттілігі туды. XX ғасырдың аяғында, XXI

ғасырдың басында ғылыми зерттеулердің бағыты, мәселелердің бағдарлары өзгеріп, жаңа методологиялық және эпистемологиялық ізденістер басталды. Солардың нәтижесінде ғылыми қолданысқа интегративтік әдіс ендірілді.

Іскери қауышуды зерттеу барысында сан-қилы білімдерді, солардың ішінде психологиялық (*қауышудың құрамалары, түрлері, қабылдау, түсіну, әрекеттесу типтері*), когнитивтік психология (*перцепция, концепт, менталдық репрезентациялардың түрлері*), әлеуметтік лингвистика (*мәртебе, әлеуметтік қатынастар, әлеуметтік роль*), тіл білімі (*вербалдық және бейвербалдық тәсілдер, тілдік материал*), прагматика (*қатысу постулаттары, серіктестіктердің мінезіне әсер ету жолдары*), коммуникация (*коммуникация, сөздік акт арқылы қауышуын*) жүзеге асыру қолданылып, солар арқылы қауышудың құрылымын, өткерілуін зерттеп нысанды жан-жақты қарастыруға болады.

Іскери қауышудың онтологиялық табиғаты күрделі, ол бірнеше құрамаларға негізделінеді. Солардың ішінде әлеуметтік-психологиялық, психокогнитивтік құрамаларын атауға болады. Психологтардың өздері де (Б.Ф.Ломов, Г.М.Андреева) қауышуды әлеуметтік психологиялық құбылыстарға жатқызған. Олар Б.Д.Парыгиннің «қауышу тек қана психологиялық құбылыс» [1] деген көзқарасын құптамай, оның әлеуметтік-психологиялық жағына назар аударған. Ғалымдардың пайымдауынша, қауышуды әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде сипаттап, үш құрамасын: 1) интерактивтік (қауышатын адамдар бір-бірімен әрекеттеседі); 2) коммуникативтік (қауышу кезінде ақпаратпен алмасу қамтылады); 3) перцептивтік (қауышу серіктестердің түсінуін, бірін-бірі қабылдауын да қамтиды) қарастыруға болады [2].

Іскери қауышу жалпы не бірін-бірі толықтыратын мүдделерді, қажеттіліктерін қамтитын адамдардың өзара әрекеттесуі. Іскери қажеттіліктердің ішінде іскери қатынастарды орнату, іскери ақпаратпен, тәжірибемен алмасу, бір зат, іс-әрекет туралы келісімге келу. Іскери қауышу тұлғааралық қауышудың бір түрі, ол «заттық уағдаластыққа жетуге бағытталған» [3, 130]. Іскери қауышуды заттық әрекеттің бір түрі деп қарастыруға болады. Оның да заттық әрекетке тән құрамалары бар: *мотив (уәж), мақсат, бағдарлау, бағдарлама, операциялар жүйесі, психологиялық құралдарды пайдалану, субъектілер, нәтижесі*.

Іскери қауышудың мақсаты. Ол көздеген мақсатты орындауға бағдарланған. Осындай қауышудың мақсаты заттық келісім-шартты жасап, келісімге жету, іскери әрекеттесуінің әр түрлерін ұйымдастыру, оның тиімді өтуін қадағалап, іскери ақпаратпен, ойлармен, қылықтармен алмасуды қамту.

Іскери қауышудың субъекті ретінде жеке *тұлғалар не әртүрлі топтар* бола алады. Осындай қауышу әрекетінің негізгі құралы тіл және қосымша коммуникативтік тәсіл ретінде пайдаланылатын бейвербалдық тәсілдер болып табылады.

Әрекеттік операциялар. *Іскери әрекетте* келесі іс-қимылдық операциялар орындалады: психикалық әрекеттер (*ақыл-естің өнімімен, коммуникативтік ақпараттармен алмасу, серіктесті қабылдау, оған әсер ету, сендіру, иландыру, түсіну, партнермен тұрақты қатынастарды орнату*).

Іскери әрекеттің өнімі – *тілдік материал яғни, іскерлік мәтін, құжаттық мәтін, іскерлік дискурс*. Олар – қауышу серіктестерінің сөйлеу, түсіну үдерісінің зат түрінде сомдалған нәтижесі. Тілдік материал – қауышу субъектілерінің психикалық-коммуникативтік іс-әрекетінің айналдырылған формасы.

Іскери қауышудың мазмұны, формалары, құрама компоненттері, қызметтері болады. Оның мазмұны ретінде адамдардың әлеуметтік маңыздылығы бар, іс-әрекеттердің үйлесімділігін қамтитын әрбір серіктестіктің қауышудағы мақсатын, міндеттерін, ерекшелігін, өзінің рөлін, оны жүзеге асырудағы мүмкіншіліктерін, қабілеттіліктерін, өзара әрекеттесуін көрсетуге болады.

Формалары әртүрлі: *іскери сұхбат, іскери келіссөздер, іскери кеңесу, іскерлік хат алмасу*. Іскери сұхбаттасу – кейбір ақпараттар мен мәселелер бойынша пікірлермен, ақпараттармен алмасу үдерісі.

Іскери келіссөздер – қызығушылықты көрсеткен жақтардың жүзеге асыратын белгілі мақсатты (бітімдерді, шарттарды, контрактілерді жасау) үдерістері.

Іскери кеңесу – іскери әрекетке қатысы бар мәселелерді мамандар тобымен ашық түрде талқылау.

Іскери қатынасқағаздармен алмасу. Мазмұны өзгеше, іскерлік өзгешелігі бар құжаттардың жалпыланған аты. Осындай құжаттарға Б.Б.Динаева келесілерді жатқызады: *өмірбаян, түйіндеме, мінездеме, өтініш, бұйрық, бұрыштама, шарт, сенімхат, қызметтік хат, анықтама, ұсынымхат, хаттама, жеделхат, талап-арыз, вербалды нота, хабарландыру, шақырухат, еңбек келісімі* [4].

Іскери қауышудың қызметі: 1) коммуникативтік (ақпаратпен алмасу); 2) фатикалық (іскери қарым-қатынастарды құру); 3) перцептивтік (серіктестің сөзін қабылдау); 4) волонтиативтік (серіктеске әсер ету); 5) когнитивтік (танымдық іс-әрекетті жүзеге асырып, оған қатысы бар құрылымдар – фрейм, концепт, сценарий т.б. арқылы репрезентациялау); 6) реттеу функциясы (іскери қауышуды белгілі постулаттар арқылы реттеп отыру).

Іскери қауышудың заттық іс-әрекеттің бір түрі ретінде іске асырылуы оның әрекеттік, яғни, интерактивтік табиғатын дәлелдейді. Қауышу интерактивтік жағымен шектелмейді. А.А.Леонтьевтің

пікірінше, оның әрекеттік табиғаты, біріншіден, оның интенционалдығымен (өзгешелік мақсатты көздеу, уәждердің болуы); екіншіден, нәтижелілігімен; үшіншіден, әдептілік нормаларды қадағалаумен қауышуды әдептілік ережелері арқылы реттелініп отыру арқылы дәлелденуі [5].

Іскери қауышудың интерактивтік жағын мазмұны және формасы жағынан қарастыруға болады. Интеракцияның мазмұны – оның сыртқы сипаты. Ол адамдардың әлеуметтік қатынастарында, мәртебелерінде әлеуметтік рөлдерінде көрініс береді. Ал формасы адамдардың қауышуының кезінде көрсеткен мінез-сипаты (қарама-қарсылықтық іс-әрекет, соқтығыстық іс-әрекет, бірлескен іс-әрекет (кооперация), манипулятивтік іс-әрекет).

Өзара әрекеттесу кезінде серіктестер әртүрлі мақсаттарды көздейді: біреуді сендіру, оған әсер ету, айтқанына көндіру т.б. Сондықтан әрекеттесудің әртүрлерін сипаттауға болады. Солардың ішінде бірлескен әрекеттесуді (бұл жағдайда бір серіктес өзінің көзқарасын ашық білдіреді де, басқалардың көзқарасын да ескеруге тырысады), мәселен:

№1 серіктес: Мен Норвегиядан келіп отырмын. Сіздің азмөлшерлік кемелерді шығаратын кәсіпорындарыңыздан үш кеме сатып алғым келеді. Сіздердің мүдделеріңізді, қазақ, орыс, шетелдік серіктестікті құру жөніндегі ұсыныстарыңызды ескеріп отырмын.

№2 серіктес: Әлбетте, сіздің сұранысыңыз бізді қуантады. Сіз ұсынған бағамен келісеміз. Дегенмен, аздап, 10 пайызға түсірім жасасаңыз жөн болар еді.

№1 серіктес: Әрине, болашақ қазақ-орыс, норвегиялық серіктестігін құрып, қоян-қолтық жұмыс істеу туралы келісім-шарттың негізгі ұстанымдарын қолдаймыз. Келешектегі бірлескен жұмысымызды ескере отырып, соманың 10 пайызын түсіруге келісемін.

№2 серіктес: Мен сізге риясыз сенемін, себебі біз көп уақыт бірге бірлесіп жұмыс істеп келеміз. Біздің фирмалар тығыз қарым-қатынаста, байланысымыз үзілмейді.

Өзара әрекеттесудің екінші түрі – қарама-қайшылықты қауышу. Бұл жағдайда серіктестер келісімге келе алмайды, себебі бір-біріне қарсы шығып, өздерінің көздеген жеке мақсаттарын орындай алмайды, мәселен:

№1 серіктес (фирманың сауда-саттық менеджері): Қайырлы таң, Илиадис мырза! Сізді біздің офисте көргенімізге қуаныштымыз. Осымен төртінші рет кездесіп отырмыз. Осы күнге дейін келісімге келе алмадық. Сіз тағы да он бір пайыздық түсірімді сұрап отырсыз ба?

№2 серіктес (Илиадис мырса): Иә, мен келген сайын он бір пайыз түсірімді сұраймын. Сіздер келісім бермегендіктен, басқа амалды қолдануға мәжбүрмін. Сізге құпия түрде бір ұсыныс жасайын. Егерде сіз осы жалпы сомалық төлемін он бір пайызға түсірсеңіз, сізге қолма-қол отыз мың долларды ұстатамын. Бұл сома сіздің сый-ақыңыздан үш есе артық.

№1 серіктес: Жоқ, құрметті Илиадис мырза. Мен клиенттермен фирмандан тыс, өз мүддемді жақтап, келісім жасай алмаймын. Фирманың мүддесін қорғаймын. Осы сұрақты талқыламай-ақ қояйық, ғафу етініңіз!

Өзара әрекеттесудің үшінші түрі – манипулятивтік, біржақтық әрекетті жүзеге асыруы. Манипулятивтік қауышу кезінде бір серіктес басқаға көпжақты әсер етіп, өзінің айтқанына көндіргісі келеді. Екінші серіктес оның ырқына көңісі келмесе де, оған бірінші серіктес жасаған ықпалына бағынып, тойтарыс бере алмайды. Манипуляциялау психологиялық ықпалдың бір түрі, ол біржақтық ұтысқа жету үшін қолданылады.

Манипулятивтік ықпал жасау барысында келесі тәсілдер қолданылады: 1) ықпалдың көпбағыттылығы. Манипулятивтік ықпалдың жасырын түрі бірнеше мәселелерді (адресаттың назарын басқа жаққа аудару, адресаттың сыншылдығын төмендету өзінің беделін арттыру, адресатты басқа адамдардан оқшаулау) қатар шешу арқылы қамтылады; 2) психологиялық қысымды көрсету. Осындай қысымды көрсету үшін ықпалдың барлық түрлері қолданылады (өзіндік бастаманы іліп әкету, өз тақырыбын ендіру, шешім қабылдау үшін қажетті уақытты қысқарту, өзін жарнамалау, отырғандардан жәрдем алу үшін өтінім жасау); 3) сұхбаттастық адресаттың мүддесін, мұқтаждығын ескере отырып, өзіне көмек беретін адам ретінде көрсету, қорғаушы, қанатының астына алушының рөлін ойнап, дегенін істету; 4) сұхбаттастық жеке қасиеттерін пайдалану (шешімді сұхбаттастың өзі қабылдаған сияқтандыру) [6, 100].

Төменгі мысалда сөйлеуші (директор) манипулятивтік ықпалдың көпвекторлық тәсілін қолданумен қатар қарқындату және азайту, кеміту стратегияларын да пайдаланады. Ол залда отырған халыққа жақсы жұмыс істеген маманды жамандап, өз беделін көтеруге тырысады: «Жанаттың есебін талқылап, сөз сөйлеген мал өсірушілер мен орта буын мамандарының бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, осы табыстарымызға бас зоотехнигіміздің арқасында қол жеткіздік», – дегендерін естіген сайын директордың мазасы кете бастады. *Мыналардың «бас зоотехнигіміз» деген өрікпеген көңілдерін қайтсе де басып тастауы керек. Жан-дүниесі қызғанышпен қуырылған қалпы Тельман мінбеге шыққан. Тамағын бір қырнап алған Тельман Жанаттың атқарып келген бар істерін жоққа шығаруға келіскен. Мен де мал маманымын, – деген Тельман салған жерден. – Тәжірибем сіздердің бас зоотехниктеріңізден әлдеқайда артық жатыр. Бір ауданның мал шарушылығына басшылық*

жасағанмын. Бұл шаруашылықтың бас зоотехнигі ірі қараның мүйізін кесіп, тұяғын жонудан басқа дәнеңені білменгі, – деді Тельман бір сөзінде. – Етті молайту үшін шошқа өсіру жөніндегі жоғарыдан беріліп айтқан нұсқауды орындау әлі қолға алынбаған. Жанат үндемеді» (Ж.Ергалиев. Бұлтты түнгі толған ай). Бұл үзіндіде манипулятивтік қауышудың екінші тәсілі – психологиялық қысым қолданған (өзіндік бастаманы қолына алу – мінбеге шығып сөйлеу); өзінің тақырыбын кіргізу (өзін-өзі мақтау, өзіне жарнама жасау).

Манипулятивтік қауышудың бір түрі – *соқтығыстық әрекеттесу*. Бұл жағдайда бірінші серіктес сұхбаттасының жетілмегенін, кемшіліктерінің бар екенін көрсетіп, өзінің артықшылығын айқындайды. Сөйлеуші сұхбаттас екінші адамның санасына жасырын түрде ықпал жасап, психологиялық дискомфорт жағдайына келтіруге тырысады. Мәселен,

Сұхбаттас №1. Қызметкер: *Жұмысқа тұру үшін өмірбаянымды, түйіндемемді сізге жібердім. Сіздің шешіміңізді білгім келеді.*

Сұхбаттас №2. *Тәжірибеңіз бар ма? Ептіліктерің ше, дағдыларың ше? Мен бұл жұмысты талай жыл атқарамын. Тәжірибем мол, білімдерім де жеткілікті. Жұмыста менің қадір-қасиетімді бағалап, менеджер жұмысын атқаруға бұйрық берді. Ал сен кімсің? Кеше ғана ЖОО-ны бітірдің! Тәжірибең жоқ, біліміңнің деңгейі жоғары емес, дағдыларың да, икемің де жоқ.*

Искери қауышуда қабылдау үдерісі бірін-бірінің сөзін түсініп, оны бағалайтын серіктестердің арасында өтеді. Тұлғааралық қабылдаудың ерекшелігі бар: 1) адам жағымсыз заттарды қабылдау кезінде белсенділігін көрсете алмайды. Ал тұлғааралық қауышуда адамдар бірін-бірі қабылдау барысында бағалайды, серіктесі туралы пікірді құрастырады, мінез-сипаты туралы түсінікті жүзеге асырады; 2) тұлғааралық қауышуда жансыз заттарды қауышу барысында іске аспайтын үдерістер өткеріледі: идентификация (өзін біреулерге ұқсату), теңеу (өзін басқа адамдармен салыстыру), рефлексия (адам өзін басқа адамдардың қабылдауына қарап тани бастайды).

Қабылдау кезінде серіктестер бір-бірінің мақсаты, ниеттері, қабілеттері ұстанымдары, мәдени құндылықтары туралы пікірді қалыптастырады. Егерде серіктестер бір мәдениеттің өкілдері болса, онда олар тіл мен мәдениеттің құндылықтарын білу арқасында теңесіп, сәйкеседі. Бірақ шетелдік партнерді қабылдаудың ерекшелігіне назар аударған жөн, себебі бұл жағдайда итермелеу, қабылдамау жүзеге асырылады. Шетелдік серіктес «өзімдікі» деген топқа жатпайды, ол бөтен топтың өкілі, оның тілі де, мәдениеті де басқа. Басқа елдің өкілдері бір-бірімен сәйкесе алмайды. Тура қабылданудан бас тарту серіктес туралы жағымсыз пікірді тудырып, оны бөтен топтың өкілі деп санауға мәжбүрлейді. Бөтен: *бейтаныс, жсауыз, қауіпті*. Ол «өзімдікі»: *таныс, үйренішті, қауіпсіз, жақсы адам, қандас, рулас, жерлес*. Бұл жағдайда «бөтенді» қабылдау аралық эгоцентристік әсер арқылы өткеріледі [7]. Бөтен туралы теріс ұғым, жағымсыз пікір қалыптасады, қабылдау кедергілері пайда болады. Бұл жағдайда серіктестің мінез-сипаты туралы ақпарат туған мәдениеттің аралық этноцентристік әсері арқылы қабылданады. Ал туған мәдениеттің мінез-құлықтық таптауырлары, қауышу ережелері, құндылықтық бағдарлары тұлғаның санасында баяғыда құрылған. Мәселен,

Мистер Дженкинс: Құрметті, Қалимолдаев мырза! Мен сіздің жобаңызды қарап шықтым, маған ұнады. Сізге спонсор бола аламын.

Қалимолдаев мырза (ішінен): Мынау *пудинг жсеуші* не деп тұр? Ұнады дей ме жобаны? Ақшаны шотқа аударамын деп, алдап кетпей ме? Өзіміздің Отанымыздан спонсор шыға келсе, дұрысырақ болар еді. Шетелдіктер сыпайы сөйлесе де, сумандап кететіні бар. *Сене алмай тұрмын, жсау гой* – ол. Біз сияқты адал өз сөзінде тұратын адам емес сияқты. Іші-бауырыңа кіріп, тілі жылмаң-жылмаң етеді гой.

Қалимолдаев мырза (дауыстап): Бірге жұмыс істеп көрейік, бірақ сіз айтқаныңызды орындаңыз.

Искери қауышу кезінде когнитивтік факторлар басымды қызметті атқарады. Олар да серіктестердің әрекеттесуіндегі кедергілердің себебін тауып, оларды жою үшін тиімді тәсілдерді табуға мәжбүрлейді. Осындай психокогнитивтік барьердің біріне когнитивтік диссонансты жатқызуға болады. Л.Фестингер когнитивтік диссонансқа: «Серіктестердің білімдерінің сәйкеспеуінен, олардың қарама-қайшылығынан туындайтын үйлеспеушілік», – деген анықтаманы береді [8].

Ал Н.Н.Болдырев осындай феноменнің себептеріне келесілерді жатқызады: 1) «өзінің» және «басқа мәдениеттің» құндылықтық модельдерінің қарама-қайшылығы; 2) тілдік жүйелердің айырмашылығы; 4) интерпретациялар мен ассоциативтік көріністердің соқтығыстары [9].

Серіктестердің білімдерінің қайшылығы түсінбестікке соқтырады. Қараңыз: «Қараңдаршы, барлық жерде *Констебльдер*. Әрбір адым сайын *Констебльдер* кездеседі! Миссис Аллейннің қасында *тұрғандардың зәресі ұшып кетті*. Доктор сәл ғана таңғала сұрақ берді: «Сіз полицияны айтып тұрсыз ба, миссис Аллейн? Олар қайда? Мен оларды көріп тұрған жоқпын. Миссис Аллейн былай түсіндірді. Мен әйгілі суретші Констебль туралы айтамын. Оның шығармаларындағы пейзажға осы жердің пейзажы ұқсап тұр, ал сіз полицияның адамы деп ойлап қалдыңыз ба?» (О. Кайо. Барлық жерде констебльдер, 38 б.).

Өзара әрекеттесуде орын алатын когнитивтік-диссонанс серіктестердің мәдениеттік модельдерінің қайшылығынан да туындайды. Қараңыз:

№1 серіктес, қазақ: Булкокс мырза, қазақ жеріне келгеніңіз біздің жұмысымыз үшін пайдалы болар. *Сіздің іскерлік партнеріңіздің үйіне барып, әңгімені дастарқан үстінде жалғастырайық.*

№2 серіктес, ағылшын:Қалимолдин мырза мені шақырды ма үйіне?

№1 серіктес, қазақ:Шақырмаса да бара береміз. *Қазақ халқы – қонақжайлы халық «қонақ келсе – құт!»*– дейді. *Үйінің есігі үнемі қонақ үшін ашық.*

№2 серіктес, ағылшын:*Бзде қонаққа шақырусыз бармайды. Ағылшындар «my house is my castle»– дейді. Біздің үй – қамал ешкім рұқсатсыз кіре алмайды.*

Сөйтіп, іскери қауышуды ойлармен, ақпараттармен, қылықтармен алмасатын, әрекеттік табиғаты бар әрекеттестік деп қарастыруға болады. Оның интерактивтік сипаты әртүрлі әрекеттестіктердің түрлерін (бірлескен, соқтығыстық іс-әрекеттестік, манипулятивтік іс-әрекетті) жүзеге асыруында, әлеуметтік қатынастарды құруда, әлеуметтік рөлдерді атқаруда, сонымен қоса коммуниканттардың интенциясын білдіруде әрекеттестердің нәтижелілігінде, когнитивтік стратегияларды пайдалануда көрініс береді.

Әдебиет:

1. Парыгин Б.Д. Анатомия общения. – СПб, 1999.
2. Андреева Г.М. Социальная психология. – М., 2001.
3. Практическая психология для менеджеров. – М.: ИИД «Флинь». 1996.
4. Динаева Б.Б. Искерлік хат алмасу тілі. – Астана, 2014. – 296 б.
5. Леонтьев А.А. Общение как объект психолингвистического исследования//Методологические проблемы социальной психологии. – М., 1975.
6. Мананникова Е.Н. Деловое общение. – М., 2009. – 208 с.
7. Дейк ван Т.А. Язык. Познание. Коммуникация. – М., 1989.
8. Фестингер Л. Теория когнитивного диссонанса. – СПб.: Ювента, 1999.
9. Болдырев Н.Н. Структурирование опыта и интеграция смысла высказывания//Когнитивные исследования языка. - Вып. XIII. - Ментальные основы языка как функциональной системы. – М., 2013.

Тымболова А.

филол.ғ.д., ҚазМемҚызПУ Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің деканы

Мемлекеттік тілді меңгерту бағытындағы қазтест жүйесінің жетістігі

Қазақ тілін екінші немесе шет тілі ретінде оқытуда, жалпы қазақ тілін оқыту әдіснамасын стандарттау және жүйелеуде қазтест тәжірибесіне тілді үйрететін мамандардың баса назар аударып, нәтижелерін пайдаланса, еш ұтылмайды деп ойлаймыз. Себебі қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың отандық қазтест жүйесі бүгінде мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру және стандарттауда, бағдарламалар мен оқу-әдістемелік кешендерді ұсынуда көш бастап тұр.

Қазіргі таңда қазақ тілін меңгеру бағытында тіл үйренушілерге арналған түрлі әдістемелер бойынша сан алуан оқулықтар мен оқу құралдары, сөздіктер, грамматикалық анықтағыштар, тілді меңгеруді бағалаудың құралдары, ақпараттық, лингводидактикалық т.б. көптеген материалдар жеткілікті деңгейде шығарылуда. Алайда сапа, нәтижеге қол жеткізу, мемлекеттік тілге ынтаны арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру деген мәселелерге келгенде, шығып жатқан дүниелердің барлығы бірдей сұранысқа ие дей алмайтынымыз өтірік емес.

Негізі тілді ересек азаматтарға үйрету оңай емес. Ересектерге қазақ тілін оқытуда андрагогикалық негіз басты бағыт болуы тиіс. Андрагогика гректің *андрос – ересек адам, аго – жетелеймін* деген сөзінен шыққан.

Еліміз егемендігін алып, қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілмей тұрып, ересектерге қазақ тілін оқыту әдістемесі арнайы зерттеу нысаны болмады. Соған орай қиындықтар да кездесті. Сондай кедергілерді жою мақсатында Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы жасалысымен-ақ қазтест жүйесі осы шаруаны мықтап қолға алып, нәтижеге жетуге ұмтылды. Алғашқы кезеңдерден бастап-ақ орталықтың тыныс-тіршілігі білім кеңістігінде қазақ тілін үйретудің бірегей тұтастығын қалыптастыру, қазақ тілін оқытудың мазмұнын біріздендіріп, жетілдіруді көздеген жұмыстармен қайнап жатты.

Қазтесттің халықаралық жүйелермен ұқсастығы да бар. Қазтест жүйесі тілді үйретудің әлемдік тәжірибелерін зерделей отырып, ең тиімді бағыт ретінде сөйлеу әрекетінің түрлерін өзара сабақтастықта, белгілі бір жүйеде деңгейлер бойынша оқытып үйретудің әдістемесін жақсы қолданды.

Республиканың түкпір-түкпірінен жоғары бағытта жазып шығатын тәжірибелі авторлардың басын қосып, оларға тілді үйретудің оңтайлы жолдарын қарастыруға, сапалы оқу-әдістемелік кешендер жазуға тапсырыс береді. Осының нәтижесінде әлемде ағылшын тілін үйретудің ең оңтайлы әдістері ескеріліп, қазтест тарапынан тілдік дағдыны қалыптастыруға көмек беретін көптеген оқу-әдістемелік құралдар мен қазақ тілінен тест тапсыру жүйесінің кешендері жарық көре бастады.

Қазтестжүйесі ең алдымен ҚР Ұлттық стандарттарына сәйкес «Қазақ тілін оқытуға арналған Бірүлгі бағдарлама»[1]жасады. Бүгінде бұл аталмыш бірүлгі (типтік) бағдарламаның мемлекеттік тілді оқыту әдіснамасын жүйелеудің, біріздендірудің құралы болып отырғандығын сеніммен айта аламыз.

Бұл тілді оқытуға арналған типтік оқу-әдістемелік кешен ретінде 2011 жылы жарық көріп, 2016 жылы толықтырылып, өңделіп қайта басылды. Бағдарламаның артықшылығы тақырыптар тіл үйренушілердің сұранысына орай деңгейлер бойынша концентілі бағытта сабақтастықпен жүйелі түрде беріліп отырады. Яғни, тілдік материалдардың берілуінде, ең алдымен, тіл үйренушінің коммуникативтік діттемі ескерілген. Бағдарламада қоғамның әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-саяси сипаты қатаң ескеріліп, тіл үйренушілердің қазақ тілін ресми-іскери мақсатта, кәсіби біліктілігін шындау мүддесіне байланысты тұрақты сөйлеу модельдері арқылы меңгерту көзделген. Бұл ұстаным тілдерді зерттеудің, оқытудың, бағалаудың жалпы еуропалық күзіреттілік талаптарына сай келеді.

Тіл адам баласының қарым-қатынас құралы қызметін атқаратындықтан, ол әрекеттің ерекше түрі болып саналады. Тілді әрекет ретінде санау оқыту үрдісінің мақсатына сай келеді. Сондықтан тіл әрекет теориясының негізінде қаралуы керек. Тілдің әрекет ретінде қаралуы оның адамдардың тіл арқылы қарым-қатынас жасауымен байланысты. Анығырақ айтсақ, тіл әрекет ретінде қарым-қатынас қызметін атқару үстінде қаралады.

Демек, тіл үйренушінің басты мақсаты үйреніп жатқан тілінде өз ойын жеткізе алатындай дәрежеде игеру. Ол үшін орталық ең алдымен бес деңгейге арналған «Қазақ тілін меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумын»(2011) шығарды. Мұнда қарым-қатынас жасауда белсенді қолданылатын тілдік бірліктер мағыналық тақырыптар бойынша топтастырылып беріледі. Тілді оқытуда маңызды компонент болып табылатын сөздік қор сұрыпталғаннан кейін қазтест мемлекеттік тілді оқытуға арналған бірүлгі оқу-әдістемелік кешендерді шығара бастады.

Солардың бірі ретінде қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін жазылған оқу-әдістемелік «Тіл–құрал» (2011) еңбегін айрықша атар едік [2].

Оқу құралында тілдік дағдыларды қалыптастарудың тиімді жолдары айқын берілген. Тапсырмалар таза тіл меңгеру деңгейлеріне байланысты күнделікті өмір мен адамзатты қоршаған ортаға негізделіп тілдік ортада тілді қолдану мүмкіндіктеріне бағытталған. Атап айтқанда, тыңдалым, оқылым, жазылым, лексика-грамматикалық бөліктер бойынша тест тапсырмаларын талдау арқылы сөйлеу әрекетінің түрлеріне байланысты дағдылардың қалыптасуы көзделген. Сондай-ақ тапсырмаларға қатысты жаттығулар берілген. Бұл жаттығулар тіл үйренушіге сол тілдің ерекшеліктерін түсінуге, қалыптасқан дағдыларды нақтылай түсуге көмектеседі. Әсіресе жаттығу бөлігіндегі тапсырмаларда тікелей жұмыс дәптері ретінде пайдалануға болатындай мүмкіндіктер қарастырылғандығы қолдануға ыңғайлы етеді. Өйткені бұл сол тілдегі орфоэпиялық нормалардың дұрыс қалыптасуына, негізгі мән берілетін тапсырмаларды есте сақтау қабілеттерінің жетілуіне септігін тигізеді.

Қазақ тілін ересектерге оқыту тәжірибесінде акмеология әдісі көмекке келеді. Тіл үйретудегі акмеологиялық тәсілдің ерекшелігі адамның тілді үйрену жолындағы өзінің жасаған қызметінің және жеке еңбегінің нәтижелерін көре білуі мен оны қажетті арнада пайдалануына жол ашады. Тілді осы әдіс арқылы меңгертуде оқыту академиялық ереже күйінде қалмайды, бірліктерді коммуникацияда қолдана білу дағдысы қалыптасады, бастапқы деңгейде лексикалық, грамматикалық материалдар жаттамай меңгеруге әкеледі, тілдік құбылыстарды түсіндіру жаттығуларға негізделеді, үйренуші олардың мағынасын түсінеді, тілдік бірліктер мазмұны, қызметі жағынан топтастырылады, нәтижесінде сөйлеу қалыптасады.

Ұжымдық авторлықпен жарық көрген «Қазақ тілі» (2016) А1 қарапайым деңгейге арналған оқулық үздіксіз білім беру моделі арқылы қазақ тілін меңгерудің бес деңгейі бойынша әзірленген [3]. Қарапайым деңгейді меңгертуге арналғандықтан, мұндағы тапсырмалар тіл үйренушінің материалды тыңдап түсіну, оқып түсіну, жаза білу, сөйлей білу мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған. Оқулық мазмұны он екі бөлімнен, әр бөлім екі сабақтан тұрады. Мысалы, азық-түлік атты бесінші бөлімдегі 1-сабақ «Дүкенде» деп аталады. Ондағы сабақтың тақырыптары «Бір келі қант беріңізші», «Алма үш жүз теңге тұрады» деп берілген. Күнделікті өмірмен тығыз байланысты осындай тақырыптар аясындағы тапсырмалар қызықты әрі тартымды берілген. Танымдық мәні жоғары тапсырмалар легі сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша сөйлеу дағдысын ұштай түседі.

Ал А2 Базалық деңгейді меңгертуге арналған «Қазақ тілі» (2016) оқу құралында лексикалық тақырыптардың аясында грамматиканы меңгерту қосылады [4]. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің түрлі әдіс-тәсілдері қамтылған А2 деңгейде тіл үйренушінің енді пікір білдіру, ойын ойға

ұластырып диалогқа түсу мүмкіндіктерін арттыру көзделген. Қазақ тілі грамматикасының негізгі элементтерін қатыстыра отырып, сөйлеу әрекетіндегі қызметі түсіндіріледі.

Тіл үйренушіге ыңғайлы тәсілдер бойынша жылдар бойы жинақталған тәжірибені ескере отырып, ұсынылған оқу-әдістемелік құралдарда, алдымен кіріспе тест тапсыру арқылы тіл меңгеру дәрежесі анықталады, содан соң әрбір бөлік бойынша мазмұны ұқсас тапсырмаларды бірнеше рет талдау арқылы тапсырма мазмұны түсіндіріледі, осы арқылы оқулық тілдік құрылымды толық түсінуге септігін тигізеді.

Сондай-ақ 2012 жылы ұжымдық авторлықпен «Қазақ тілінің грамматикалық анықтағышы» жарық көрді [5]. Қазақ тілін шет тілі немесе екінші тіл ретінде оқытуда грамматиканың орны ерекше екендігі белгілі. Қазақ тілін оқытуға арналған грамматикалық анықтағыштың негізгі мақсаты – тіл меңгеруші тұлғаның бойында қазақ тілін үйрену барысында грамматикалық құрылымды қамтитын минималды грамматикалық қорын қалыптастыру болып табылады. Тіл үйренуші тілді үйренудің алғашқы қадамында негізгі грамматикалық құрылымдарды үйрене бастайды және айтайын деген ойын құрылымдық, стилистикалық тұрғыдан дұрыс құрылған сөйлемдермен жеткізуге талпынады. Сондықтан мұнда негізгі тілдік бірліктерді және олардың қолданылу ерекшеліктерін білу басты мәселе болып табылады.

Қазақ тілін үйренуде сөйлеу әрекеті арқылы үйрену үрдісі тиімді жол ретінде таңдалып отырғандығы белгілі. Алғашқы қадамдарда, көбіне сөйлеу әрекетінің сөйлесім түріне көңіл бөлетіні анық. Тіл үйренуші тезірек қазақ тілінде сөйлегісі келеді. Алайда сөйлеу әрекетінің түрлерін меңгеру тіл үйренушінің түрлі дағдыларының қалыптасуына тікелей байланысты.

Грамматикалық материалды әртүрлі құрылымда беру және жаттығулар жүйесін соған сәйкестендіру арқылы грамматикалық дағдыны қалыптастыруға болады. Мұндағы негізгі мәселе – таңдалып алынған грамматикалық материалды мөлшермен беру, яғни, қандай көлемде және қай уақытта беру мәселесі. Тілдік бірліктердің түрленуін бәрін бірден және күрделі құрылымдармен бірге ұсыну тілдің грамматикасын тиімді үйренуге кері әсерін тигізетіні анық. Осы ретте машықтануға арналған жаттығулар да тілдік дағдының қалыптасуына, белгілі сөйлеу үлгілерін ұқсас жағдайларда пайдалану арқылы сол тілдік құрылымның қалыптасуына ықпал етеді. Бір тақырыптың аясында болатын тілдік құрылымның бір үлгісіне дағдыланудың мысалдары мен жаттығулары дәл сол тақырыпқа ұқсас жағдайларда сол үлгі мен тілдік құрылымды дұрыс қолдануға септігін тигізеді. Осы арқылы грамматиканың табиғатын түсінуге үлкен мүмкіндік туындайды.

Грамматикалық анықтағышта алдымен тілдік құрылымның ережесі беріледі. Ережелер түсінікті тілде баяндалады; ережеге сәйкес мысал келтіріледі; әртүрлі дағдылардың қалыптасуына ықпал ететін жаттығулар беріледі және жаттығулардың үлгісі орындалып, көрсетіледі; тілдік құрылымды тиімдірек түсіну үшін келтірілген жағдаяттарға байланысты суреттер мен безендірулер беріледі; жаттығуларды орындау барысында «осында және дәл қазір» қағидасы бойынша анықтағышты жұмыс дәптері ретінде пайдалануға, яғни, берілген тапсырмаларды осы құралда орындауға мүмкіндіктер бар; грамматикалық материал құрылымдық және функционалдық тұрғыда тілді оқытудың халықаралық тәжірибелеріне негізделіп ұсынылады; тіл үйренуші ұсынылған анықтағыштан өзіне қажетті тақырыбынан бастап, тіл меңгеру деңгейін жетілдіре алады.

Қазіргі таңда қазақ тілін оқыту әдістемелерінің тиімді тәсілдері айқындалып, қолданысқа енгізілуде. Инновациялық технологиялардың негізгі қағидаларын басшылыққа алған жоғарыдағы кешендердің барлығында тілді диалог арқылы үйрету/үйрену басты орында. Диалог – адам өмірінің мәні мен мақсаты; диалог – адамгершілікті иемденудің негізгі құралы; диалог арқылы тұлғаралық қарым-қатынасқа жету басты мақсат етіп алынған.

Бүгінгі таңда білім беру оқытушыдан оқу әрекетін түбегейлі ойластыруды қажет етеді. Оқыту мақсатын жоспарлаудың, құрылымын анықтаудың өзіндік моделі бар. Сондықтан ЖОО-да Блум таксономиясы бойынша бағалау (Evaluation) мәселесіне баса көңіл бөлінеді. **Бағалау** мұнда талдау ретінде қарастырылып, **мониторингпен** (Assesment) бекітіліп отырады. Бұл оқытудың әр кезеңдерінде мақсатты дұрыс қоя білуден бастап, әрбір сабағыңызды **микрооқулық** дәрежесіне дейін көтеруге жетелейді.

Ал қазтест жүйесі бойынша осы қазақ тілін қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер дәрежесінде тіл меңгеру деңгейлерін бағалауға болады. Бұл деңгейлер халықаралық тіл меңгеру деңгейлеріне сәйкестендірілген.

Жоғарыда көрсетілген еңбектердің барлығы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының аясында шығарылған. Тест тапсыру үшін өз бетінше дайындалуға ықпал ететін оқу-әдістемелік кешендердің барлығының аудиожазбалары компакт-дискіде қосымша берілген. Бұл қосымша көмек оқу-әдістемелік құралдардың маңызын арттыра түседі.

Қорыта келгенде, республика көлемінде тілді үйрету барысында қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың отандық жүйесі – қазтест тарапынан шығарылып жатқан еңбектердің еліміздің тіл саясаты мен тіл стратегиясының жүзеге асырылуына айрықша үлес қосып отырғандығын атап өткіміз келеді.

Әдебиет:

1. Қазақ тілін оқытуға арналған Бірүлгі бағдарлама. –Астана, 2011, 2016.
2. Тіл – құрал.Оқу-әдістемелік құрал. –Астана, 2011.
3. Қазақ тілі. А1 қарапайым деңгейге арналған оқулық. –Астана, 2016.
4. А2 Базалық деңгейді меңгертуге арналған «Қазақ тілі» оқу құралы. – Астана, 2016.
5. Қазақ тілінің грамматикалық анықтағышы. –Астана, 2012.

Шалабай Б.

*филол. ғ. д., Ш.Уәлиханов атындағы
Көкшетау мемлекеттік университетінің профессоры*

Синтаксистің жұмсалымдық аспектісі

Тілдік таңбаның бір-бірімен байланысты формалық және мағыналық жағы бар екені белгілі. Соған орай зерттеу формадан мағынаға қарай және керісінше, мағынадан формаға қарай жүргізілуі мүмкін. XX ғасырға дейінгі дәстүрлі сипаттама грамматика тілдік құбылыстарды формадан мағынаға қарай зерттеу жолын пайдаланды. Бұл ұстаным тілдің терең құрылымдарын ашуға бара алмады.

Жұмсалымдық тіл ғылымында мағынадан формаға қарай, яғни, семантикалық құрылымдардан тілдік құрылымдарға қарай зерттеу тиімді нәтиже беретінін көрсетті. Әрине, керісінше бағытта зерттеу теріске шығарылмайды, ол бір семантикалық құрылымды әртүрлі тілдік құралдардың бейнелеуі тұрғысынан қарастырғанда пайдаланылады. Сонымен бірге жұмсалымды тіл білімінде тілдің функциясы өте кең контексте қаралатындықтан, басқа да қолдануға мүмкін болатын жұмсалымдық әдістерді жоққа шығаруға болмайды.

Тілдік құбылыстарды жұмсалымдық аспектіде зерттеу XX ғасыр аяғы, XXI ғасыр басындағы тіл ғылымының басым бағыты болғанымен, оның бастауында өткен ғасыр басындағы О.Есперсен, Л.В.Щербак, А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов т.б көзқарастары жатқандығын айтуымыз тиіс.

Грамматика саласында жұмсалымдық тіл ғылымының өзіндік концепциясы Петербург мектебінің өкілдеріне тән (С.Д.Кацнельсон, А.В.Бондарко т.б) [1]. Ол концепция тілдің құрылымдық және семантикалық жақтарын біріктіріп зерттеуге негізделеді. Формадан мағынаға және мағынадан формаға қарай талдау бағыттарының бірлігі жұмсалымдық-семантикалық өрістер және категориялық жағдаят мысалында толық ашылады. Бұл жерде семантикалық категория негіз ретінде алынады да белгілі бір мағынаны білдіретін барлық тілдік құралдар бірлікте қаралады. Сондай-ақ жұмсалымдық синтаксис саласында Г.А.Золотова, М.В.Всеволодова еңбектерінің орны ерекше [2,3]. Олар функционалды тәсілді пайдаланып, орыс тілінің кейбір құбылыстарын, атап айтқанда сөз таптарының жұмсалымын, етістіктердің топтасуын, кеңістік, уақыт және себеп-салдарлық қатынастардың бейнеленуін сипаттайды.

Когнитивтік грамматика бағытындағы зерттеулерде де функционалдылық негізге алынады. Осы тұрғыдан А.Е. Кибрик «Когнитивті функционалды-семантикалық парадигма» терминін енгізеді. Оның ұсынған тәсілінде сөйлеуші адамның тілдік мінез-құлық механизмі ерекше орында тұрады. Сөйлеуші адамның танымдық қызметі оның тілдік мінез-құлқы мен тілін ұйымдастырудың бастапқы себепкері ретінде танылады [4, 28].

В.А.Белошапкованың пікірінше, функционалды синтаксис – тілдік бірліктердің жұмсалымдағы көрінісі әрі сөйлеу бірліктері мен тілдік бірліктердің өзара байланысы [5].

Сонымен, функционалды синтаксистік зерттеу семантикалық құрылымдардан тілдік құбылыстарға қарай бағытталған ұстанымды басшылыққа алады. Сөйлеуші адам айтайын деген ойының (ол семантикалық категориялар арқылы беріледі) белгілі бір элементін (модальділік, шарттылық, мезгілдік т.б.) бейнелеу үшін сөзінің мағыналық бағытына сәйкес келетін тілдік құралдардың түрлерін пайдаланады. Демек, функционалды синтаксис өзінің ойын жеткізу үшін соған сәйкес келетін тілдік құралдарды пайдаланатын сөйлеуші адамның қалпын, жай-күйін бейнелейді.

Бұл айтылғаннан функционалды синтаксисте сөйлеуші адамның қатынасын, жай-күйін білдіретін семантикалық құрылымдарды сипаттауға мән берілетінін байқаймыз. Сөйлеуші адамның жай-күйіне сәйкес белгілі бір семантикалық құрылым әртүрлі синтаксистік құрылымдармен беріледі. Сөйлеу үдерісінде сөйлеуші адам өзінің ойын белгілі бір тілдік формамен береді. Ол тілдік форма соған

эквивалент болатын көптеген тілдік формалардың ішінен таңдалып алынады. Сөйлесу кезінде сөйлеушінің сөзінің мақсатына (бейсана деңгейінде) тыңдаушы да көңіл бөліп, оның сөзінің қандай тілдік құралдармен берілгеніне назар аударады.

Сөйтіп, функционалды синтаксис синтаксистік қатарлар мен парадигмаларды белгілі бір мәннің, жалпы семантикалық категорияның бейнеленуі ретінде қарастырады. Функционалды синтаксисте семантикалық категория сөйлемнің мазмұнынан жоғары тұрады, сөйлем мазмұны мағынаны дәлдейтін тек қосымша қызмет атқарады. Сондықтан функционалды синтаксистің міндеті жекелеген мағыналық құрылымдарды (сөйлемді) емес, олардың *құрылымдық схемаларын* анықтау болып табылады [6,11]. Сөйлеушіге кез келген жағдаят сөйлеудің себепкері болуы мүмкін және жағдаятты өзіне қажетті тұрғыдан бейнелеу үшін ол қажет бөлшектердің ішінен тек керегін ғана пайдаланады. Сондықтан әр жағдаят мәселені сөйлеушінің көзқарасы тұрғысынан бере отырып, субъективті болып келеді. Белгілі бір жағдаятты бере отырып сөйлеуші әрдайым сөйлемді соған сәйкес құрады (*сөз сөйледі, сөз сөйленді*).

Егер морфологиялық парадигма бір ізге түсіп, тілдің морфологиялық жүйесін таныстырудың бірден-бір жолы ретінде қалыптасып тұрақталса, синтаксистік парадигма туралы пікірлер бір ізге түсе қойған жоқ. Мазмұнды түрлендіріп беретін синтаксистік құрылымдарды, олардың туу себептерін, қызмет етуінің алғышарттарын зерттеу және олардың қолданылу мүмкіндіктерін бір-бірімен салыстыру жұмсалымдық синтаксис үшін өте мәнді мәселелер. Қандай да бір синтаксистік құрылымдардың тууы белгілі бір жағдайлармен (алғышарттармен) байланыста болады: не мағынаман, не басқа бір жағдайлардың әсерінен қалыптасады.

Қатысымдық грамматика өкілдерінің көзқарасы бойынша [7], сөйлем екі тұрғыдан қарастырылады: бірінші, нақты сөйлемнің синтаксистік өрістегі орны анықталып, ол тілдік жүйеде белгілі грамматикалық тұлғадағы негізгі (базалық) үлгі (модель) ретінде, құрылымдық-семантикалық түр ретінде, синонимдік не экспрессивті нұсқа (вариант) ретінде, көп субъектілі құрылым ретінде танылуы мүмкін; екінші, нақты мәтіншілік жағдайда алып қаралады.

Мәтінді жұмсалымдық-қатысымдық аспектіде талдауда Н.К.Онипенко сөздің (сөйлеудің) қатысымдық көрсеткіші (коммуникативный регистр речи) және мәтіннің субъектілік көрінісінің үлгісі (модель субъектной перспективы текста) ұғымдарын басшылыққа алады [8,178]. Қатысымдық көрсеткіш – сөйлеушінің көзқарасы, интенциясы тұрғысынан шартталған, белгілі бір тілдік құралдар арқылы мәтінде берілген сөйлеу қызметінің үлгісі, яғни, сөйленім түрі. Олардың мәтіншілік байланыстизбегі мәтіннің синтаксистік композициясын құрайды. Ал синтаксистік композицияны ұйымдастырушы автор бейнесінің өзіндік құрылымы болып табылады.

«Автор бейнесі» идеясы қатысымдық грамматикада мәтіннің субъектілік көрінісінің үлгісі ретінде белгіленеді. Ол бес субъектілік аймақты: негізгі базалық үлгі субъектісі, себепші-субъект, автор-субъект, сөз субъектісі (сөйлеуші) және тыңдаушы-субъект аймақтарын біріктіреді, сөйленім солардың әсерлесуінің нәтижесінде туады.

Сөйлемнің қандай да бір базалық үлгісінің синтаксистік өрісін жинақтай отырып, нақты синтаксистік құрылымның орнын (орталық не шеткері аймақта екенін) анықтап қана қоймай, оның жұмсалымдық мүмкіндіктерін де сипаттауға болады. Сол үшін де синтаксистік жүйенің өрістік ұғымы мәтіннің қатысымдық түрімен ұштасады, сөйтіп, сөйлем үлгілерінің түрлері сөйлеу қызметі үлгілерінің түрленуімен, яғни, сөздің қатысымдық көрсеткіштерінің түрлерімен сәйкеседі.

Қатысымдық грамматика әртүрлі синтаксистік парадигмаларды (грамматикалық, құрылымдық-семантикалық, синонимдік) бір синтаксистік өріске – нақты бір сөйлем үлгісіне жинақтайды, ал бұл өрістер жалпы жүйеде сөйлемнің синтаксистік өрісінің орталық және шеткері аймақтарын бірлікте көрсетеді. Сөйлем үлгілерінің орталыққа не шеткері аймаққа жататыны көп аспектілі синтаксистік талдау нәтижесінде белгілі болады.

Сөйлемнің нақты үлгісін, мәтіндік талдау нәтижелерін қорыту арқылы оның жұмсалымдық мүмкіндіктері анықталады, жұмсалымдық парадигмасы жасалады. Сөйлемнің кейбір үлгілері, мысалы, «Субъект және оның іс-әрекеті» типтік мағынасындағы үлгі (*Айбек жұмыстан келді*) әртүрлі көрсеткіштік жағдайларда қызмет ете беруі мүмкін, ал кейбіреулері, мысалы, бағалауыштық сапалық предикатқа ие үлгідегісі (*Әлияның мінезі ашық*) тек ақпараттық-сипаттама көрсеткішке ғана арналған.

Жұмсалымдық парадигманың көлемі сөйлемнің нақты үлгісінің жүйелік мәртебесін анықтаушы өлшемдердің бірі болады. Сөйтіп, қандай да бір синтаксистік құрылымның жүйелік мәртебесі, яғни, синтаксистік өрістегі орны бір-бірімен байланысты бірнеше белгілер арқылы айқындалады: компоненттік құрамның бөлшектену-бөлшектенбеуі, құрылымдық мүмкіндіктері (яғни, грамматикалық тұлғаларының, құрылымдық-семантикалық түрлену, синтаксистік синонимдерінің, көппредикациялы бола алу (күрделену) мүмкіндіктері) және жұмсалымдық парадигмасы (яки, нақты үлгінің бір не бірнеше қатысымдық көрсеткіштерде жұмсалуға арналғандығы). Сол арқылы айқындалатын жай: бір үлгінің грамматикалық, құрылымдық-семантикалық, экспрессивтік, тема-

ремалық әртүрлі нұсқалы болуы сол үлгінің нақты мәтіндік жағдайға бейімделуінің нәтижесі болып табылады, яғни, дәл сол жағдайлардан туындайды. Бұдан құрылымдық синтаксистегідей сөйлемді жеке алып қарауға болмайтыны жәнәсөйлемдегі нақты сөз тұлғаларын, сөздердің лексика-грамматикалық топтарын, морфологиялық категорияларды сөздің қатысымдық көрсеткіші мен мәтіннің субъектілік көрінісінің моделі ұғымдарынан тыс талдауға болмайтыны көрінеді.

Сөйлемнің және оның құрамындағы синтаксемалардың сөйлеу тізбегіндегі орнын айқындап қою ғана жеткіліксіз. Сөйлемнің қалай жасалғанын білу үшін нақты сөйлеуші адамның, яғни, бақылап-байқаушы, ойлаушы, ұғынушы, түсініп-білуші, ерік-жігері, эмоционалдық қайтарымы бар субъектінің бейнесін көру керек. Сөйлемдегі қандай да бір өзгерістер: базалық моделдің құрылымдық-семантикалық түрленулері (толымсыз болу, атаулы, вокативті т.б.) оның (сөйлемнің) нақты мәтіндік жағдайларға бейімделуінің, автор бейнесі құрылымының аясында белгілі бір көзқарасқа сәйкестенуінің нәтижесінде орын алады.

Балалар шомылып жүр (базалық).

Шомылуға көңіл кетіп (ауып) тұр (түрленген).

Ол сабақтан кешікті.

Сабақтан кешігу болып тұрады.

Егер «Балалар шомылып жүр» субъект және оның іс-қимылы мағынасындағы еркін үлгідегі топқа жатса (яғни, оның құрылымдық-семантикалық және грамматикалық мүмкіндіктері жоғары, бір ғана мәтіндік жағдаймен шектелмеген), «Шомылуға көңіл ауып тұр» деген оның модальдік өзгерген түріне жатады. Бұл модальді түрленіс қосымша мағыналық компонентке ғана ие емес, сонымен қатар мәтіндік қоршауы жағынан шартталған. Ол ақпараттық көрсеткішке және белгілі бір субъектілік көрініске ие, субъектілік компоненті жоқ жағдайда (*менің, оның*), мұндай құрылымдар қалып-күй субъектісі мен сөз иесі субъектісінің қосындысын білдіреді. Екі құрамды бастауышсыз-бастауышты сөйлемдер:

Жолға шығу керек (жолға шығуға болады).

Жүру керек (жүруге болады).

Келгені туралы хабар берілді (хабар берді).

Бұл синтаксистік құрылымдар қатысымдық толықтыққа ие емес әрі олар еркін де емес. Біріншісі – *Қонақтардың жолға шығуы керек. Қонақтарға жол жүру керек.* Базалық құрылымның модальдік өзгерген түрі болса, соңғысы белсенді емес, себепкерлік құрылымға жатады. Бұл синтаксистік құрылымдар субъектілік аймақтарының белгілі бір арақатынасымен шартталған «Жолға шығуға болады» сөйлемі үшін ақпараттық көрсеткіш аясында болашақ іс-қимыл иесі мен сөйлеуші-субъектінің сәйкесуі мүмкін болса, «Кеттік» сияқты волонтиативті сөйлемде болашақ іс иесі мен адресаттың үйлесуі мүмкін. Ал «Келгені туралы хабар берілді» сөйлемінде субъектілік көрініс күрделірек.

Коммуникативтік толықтығы айқын мына үлгіні алайық: «Сізге рұқсат берілген жоқ». Мұнда базалық модельдің субъектісі – іс-қимыл иесі (сіз), оның кіргізілуі-кіргізілмеуі екінші субъектімен (сөйлеуші) шартталған. Бұдан басқа, тағы бір, әлеуметтік не қызметтік дәрежесі жағынан жоғары тұрған субъекті бар, ол айтылмаған, алайда ол өзіне екі қызметті біріктіреді: субъект-рұқсат етуші және субъект-автор. Мұндай құрылым сөйлеушінің белгілі бір көзқарасымен және ақпарат беруге арналған мәтін түрімен байланысты болып келетін көпсубъектілі құрылымға жатады. Субъектілік компонент айтылмаған жағдайда сөйлеуші мүмкін болатын субъект көрінісінің бірінде тұрады: *Шегінуге бұйрық берілді* – сөйлеуші бұйрықты орындаушылармен бірге; *Сізге бұл жерден кету керек* – сөйлеуші не өзінің ұсынысын қайталайды, не ұсыныс жасаушымен бірге. Субъект синтаксеманың болмауы субъектілік аймақтардың арақатынасын көрсетеді, бұл оның синтаксистік тұрғыдан шартталғанына айғақ болады.

Әдебиет:

1. Бондарко А.В. Функциональная грамматика. - Л., 1984
2. Золотова Г.А. Коммуникативные аспекты русского синтаксиса. - М., 2007
3. Всеволодова М.В. Теория функционально-коммуникативного синтаксиса. - М., 2000
4. Кибрик А.Е. Константы и переменные языка. - СПб., 2003
5. Белашапкина В.А. Современный русский язык. Синтаксис. - М., 1977
6. Ашрапова А.Х. К вопросу функционального синтаксиса в разноструктурных языках // Филология и культура. – 2012. - №1(27)
7. Золотова Г.А., Онипенко Н.К., Сидорова М.Ю. Коммуникативная грамматика русского языка. - М., 1998.
8. Онипенко Н.К. Синтаксическое поле русского предложения и модель субъектной перспективы текста // Коммуникативно-смысловые параметры грамматики и текста. - М., 2016

Мектеп оқулықтарындағы неологизмдер және жаңа терминжасау мәселелері

Мектепте оқытылатын қазақ тілі курсының лексика тарауы тіл білімі салаларының ішіндегі мағыналы да мәнді және өзге тараулармен тығыз байланыста үнемі қайталанып отыратын өзекті саласы болып табылады. Себебі бұл тарауда тілдің негізі саналатын сөз туралы, оның басты белгісі, мағынасы туралы жан-жақты білім мен оны күнделікті өмірде қолданудың түрлі жолдары көрсетіледі. Мектеп оқулықтарындағы, соның ішінде 5-сыныптың қазақ тілі оқулығындағы, неологизмдердің (жаңа сөздердің) берілуіне көз салсақ, қолданылған жаңа сөздердің, әсіресе, терминдердің басым көпшілігінің Кеңес дәуіріндегі оқулықтарға енген аталымдарға қарағанда қазақша баламасымен ұсынылуын оқулықтың ұтымды жағы деп санауға болады. Мысалы, 5-сыныпқа арналған бұрынғы оқулықтарда «Неологизмдер» деп аталған тақырыптың «Жаңа сөздер» деп ұсынылуы және оқулықта оған берілген: «Сөздік қорға жаңадан енген сөздер *жаңа сөздер* деп аталады», – деген анықтаманың өзі осыған дәлел бола алады [1,71]. Мұның өзі бұрынғы қазақи қолданыстағы сөздердің жаңаша терминденуінің көрінісі болып табылады.

Бұдан әрі осы оқулықтағы «Кәсіби сөздер мен термин сөздер» деген тақырыпқа назар салсақ, онда: «Кәсіби сөздер дегеніміз – жұрттың бәріне бірдей түсінікті бола бермейтін, белгілі бір кәсіппен, шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдар арасында айтылатын сөздер», – деген анықтама беріледі де одан әрі термин сөздердің анықтамасы және олардың түрлері мен мысалдары былайша ұсынылады: «Термин сөздер дегеніміз – ғылым мен техника, өндіріс және т.б. саласындағы қолданылатын арнаулы заттар мен ұғымдардың атауы болатын сөздер. Қазақ тіліндегі термин сөздер екі түрлі жолмен жасалған.

1. Басқа тілден қазақ тіліне аударылған терминдер – төл терминдер: 1) жергілікті және көне сөздерден жасалған термин сөздер: *универсал – амбебап, устав – жарғы, рынок – нарық, комплекс – кешен, администратор – әкім* т.б. 2) тілімізде бар сөздерді біріктіру арқылы жасалған термин сөздер: *семья – отбасы, музей – мұражай, герб – елтаңба, гимн – әнұран, паспорт – төлқұжат* т.б.

2. Басқа тілден өзгертілмей, сол қалпында алынған терминдер – интернационалдық терминдер: *коэффициент, синус, куб, азон, аммиак, карта, материк, глобус, синтаксис, диалект, антоним* т.б.» [1, 84-85].

Осындағы мысалдардың көбісінің еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тілге енген қазақи терминдер екені қуантады. Әрине, бұрыннан тілімізге шет тілдер арқылы еніп, қазақша баламасыз қолданылып жүрген терминдер де бар екені белгілі және олардың бірсыпырасы оқулықта көрсетілген. Бұлардың да тіліміздің терминдік байлығын арттыруда маңызды екеніне сөз жоқ. Әсіресе, қазіргі жаһандану жағдайында бұл – болмай қоймайтын құбылыс. Сондықтан оқулықта кірме терминдердің тұрақталған атауларының берілуін құптамасқа болмайды. Бұл тұста осы сияқты терминдерді түсіндіруде мұғалімнің біліктілігі аса қажет-ақ. Өйткені қазақ тілі оқулықтарындағы жаттығуға арналған мәтіндерде лингвистикалық терминдермен бірге басқа ғылым салаларының терминдері де молынан кездеседі. Жаттығу барысында оқушы тілге қатысты терминдермен қоса өзге де ғылым терминдерін қоса меңгеруі қажет болады. Бұл, бір жағынан, оқушының сөздік қорын молайтса, екінші жағынан, қазіргі білім берудің жаңа жүйесіне сай бірнеше тілді меңгеруіне септігін тигізеді, үшіншіден, жоғарғы сыныптарда өтетін түрлі пәндерді игеруге бастама болады. Әрине, шет тілінен енген сөздер оқушы ұғымына ауыр тиюі әбден мүмкін, бірақ оларды, сөз жоқ, ізденіске жетелейді. Осы кезде мұғалімнің біліктілігі, әдіскерлік іскерлігі мен жетекшілік шеберлігі басты рөл атқарады.

5-сыныпта лексикалық материалдарды оқушыға меңгерткенде ескеретін бір жайт – жеке сөз ешқашан өз бойындағы бар мүмкіншілікті толық бере алмайды. Лексикалық мағынасы бар сөздердің өзін бір мағынасымен шектеу қиын. Өйткені тіліміздегі сөздердің әрқайсысы сөйлеу-сөйлесу барысында алуан түрлі мағынаны береді. Жаңа сөздердің пайда болуының басты бір жолы болып табылатын *семантикалық тәсіл* осындай қолданыстар кезінде пайда болады. Осыған байланысты сөздердің тура және ауыспалы мағынасын, көпмағыналы сөздерді, омоним, синоним, антоним сөздерді оқушыларға меңгерту – олардың тілінің қалыптасуына, ойын нақты, әрі көркем әсерлі жеткізулеріне, сөйлесу тілінде бір сөздің бірнеше қайталануын болдырмауға, нақтырақ айтқанда, шешен сөйлеуге, ойын дәл жеткізуге ықпалын тигізеді.

Оқушыларға жаңа сөзді меңгертуде грамматикалық дағдыларды қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айта білу, сөз тіркестерін дұрыс құрастыра білу, жаңа сөздерді күнделікті қолдана білу, мағынасын меңгеру, жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құру қабілеттерін дамыту жаңа сөздерді меңгертудің басты шарттары болып табылады. Жаңа сөздердің (неологизмдердің) ішінде жаңа пайда

болған терминдерді оқытудың өзіндік пайдасы мол: оқушының сөздік қоры молаяды, меңгерген сөздердің белсенді сөздік қорға айналуы іске асады.

Ғылым тілі, әсіресе, термин бірізділікті, нақтылықты талап етеді. Осы бағыттағы орыс ғалымдары мен Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Т.Жанұзақов тәрізді қазақ ғалымдарының пікірлеріне талдау жасай келіп, белгілі терминтанушы ғалым Ө.Айтбаев: «Сонда *термин* дегеніміз, ең алдымен, негізінен, *белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика* болып шығады. Оның басты белгілері: *дәлдік, қысқалық, жүйелілік*», – дей келіп, осы белгілерге түсініктер береді және «...Термин сөз нақты, қысқа, тұжырымды, дәлме-дәл және бір мағыналы болу керек...», – деген тұжырым жасайды [2, 26-33]. Сондықтан осы шарттарға сай болу үшін, яғни, синонимияға, жарыспалылыққа, көпмағыналылыққа, үндесімсіздік пен жүйесіздікке жол бермеу үшін сабақ өту кезінде терминологиялық жұмыстар үнемі жүргізіліп отыруы тиіс.

Орыс терминтанушыларының еңбектерінде бір терминнің бірнеше нұсқасы қолданылатын жағдайлар жиі кездеседі. Біздің ғалымдарымыз кейде осы терминдердің барлық нұсқаларын қабылдап, жарыспалылыққа жол беріп алып жатады. Қазақ тілі мен әдебиетті оқу, пайдалану барысында көптеген синоним терминдер бар екеніне көз жеткізуге болады. Ондай мағыналас терминдер терминтанушылардың өз арасында да қиындық туғызады. Ал бұл саланы пән ретінде жаңа оқи бастағандар мен аудармашыларды, іс жүргізушілерді, терминді қызмет барысында пайдаланушы өзге де түрлі мамандық иелерін мүлде жаңылыстырады. Мысалы, «автограф – қолтаңба», «классификация – таптастыру» тағы осы тәріздес бірсыпыра сөздердің қазақшасы Терминологиялық комиссия арқылы бекітілгенімен, мектеп оқулықтарында кірме варианты қолданылған.

Қазақ тілі терминдерінің құрамы қазір Кеңес кезіндегі өзге тіл терминдерінен біршама тазартылды. Алайда әлі де тілімізде термин алмасу ретімен келген шет тілдік терминдер баршылық және ол терминология салаларының бәріне қатысты. Мәселен, *акварель, актер, актриса, анонс, анилаг, ассисент, балет, гармония, гобелен, диалог, директор, дублер, интернет, интервал, кабаре, кадр, картина, клуб, концерт, прима, реализм, режиссер, экран, этилог, эффект* т.б. осы сияқты термин алмасу жолымен келген шетел терминдері 2000 жылғы Мәдениет және өнер сөздігінде берілген. Осылардың бірсыпырасын қазақ тілінің байырғы сөздерімен беруге болмады дегенге сенгіміз келмейді. Ең болмағанда, кезінде А.Байтұрсынов айтқандай, «...жаншып, кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алуға»[3, 395], яғни, «қазақы айтылу дәстүрі ыңғайында баламалауға болар еді ғой» деп ойлаймыз. Мысалы, оқулықта берілген *акварель, актер, диалог, директор, картина, клуб, концерт, эффект* т.б. сөздердің халық арасында қолданылып жүрген *бояу, әртіс, пікірлесу, бастық, сурет, ойын-сауық үйі, ән-күй, күшті әсер* тағы сол сияқты баламалары кездеседі. Бұл жағдайлардың бәрі алмасқан терминдер жөнінде әлі де ойланатын жайлар барын аңғартады. Бірақ бұл ойлар термин алмасу қажет емес дегенді білдірмейді. Термин алмасу қай кезде де болады, тек орынды болуы керек. Орынсыз термин алмасу тілді шұбарлау болатыны сөзсіз. Осы тұста тағы бір алашшыл ғұламаның пікірі туралы айта кету парызымыз деп ойлаймыз: «Пән сөзді (алаш ардақтылары *терминдіпән сөзі* деп атаған – Г.Ә.) өз тілімізден таба алмаған күнде, йаурыпа (еуропа) қолданған латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, оны тіліміздің заңына келтіріп алу керек... Тілдің заңына келмейтін жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады, тілдің негізгі қасиеттері, тұрлаулы заңдары бұзылады...», – деген болатын Елдес Омарұлы 1925 жылы Орынборда өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде»[4, 97]. Біз бұл жағдайды Кеңес кезеңінде басымыздан өткіздік. Қазір орынсыз алынған шетел терминдерінен біртіндеп арылу кезеңіндеміз.

Осы бағытта көп томдық сериялы сөздіктер 2000 жылдарда шығарылып, ол Мемлекеттік сыйлық алғаны белгілі. Бұл сөздіктер бірсыпыра терминдерді байырғы сөздермен ауыстырғанын да баспа бетінде пікір айтушылар атап жатты. Сонымен бірге кемшіліктер ішінде тіл байлығының толық пайдаланылмағаны да көрсетілді.

Қазақ тілінің мол байлығын орынды игере отырып терминжасамды дамыту кез келген ғылымдар жүйесіне еш кедергі келтірмесі анық. Керісінше, тілде еркін қолданылатын терминнің қазақша баламалары түрлі өзекті мәселені ашып беру жолында түсініксіздікті жоятын мол пайданың көзіне айналмақ. Бұл бағытта Тіл комитеті жанындағы Терминологиялық комиссия ғылым салалары бойынша жылма-жыл жаңадан енген сөздердің тізбесін бекітуде. Алайда ертеректе бекітілген кей сөздердің кейін пайда болған варианттары да ел ауызында қолданылуда. Кезінде Терминком «семья» сөзінің аудармасын «отбасы» деп қабылдаған, ал қазір ел ауызында оның орнына «жанұя» сөзі көбірек қолданылатыны байқалады және мұндай сөздер біреу ғана емес.

Қалай дегенде де терминдерді қазақшаландыру үрдісі жұртшылық сұранысы тұрғысынан кең қолдау табуда. Ес жиып, есейген ұлттың әлемдік өркениетіне нендей өзіндік ерекшеліктерімізбен барамыз, соған еркін апаруға тіліміздің қауқары жете ме деген саналы толғаныстан туындайтын заңды әрекет. Термин баламаларының төл тілімізден орнын иемденуі «мемлекеттік тіл мәртебесі үшін, әсіресе, оның негізгі тармақтарының бірі – ғылым тілінің қанат жаюы үшін аса қажетті шара» екендігі халыққа кеңінен түсінікті. Оған дәлел – тілімізде бұрын жалпыхалықтық сөз болған, ал қазір

физика ғылымының термині қызметін атқарып жүрген (терминденген) сөздер. Бұларға *бөлік, дыбыс, жарық, кедергі, көлем, күш, қуат, өріс, сәуле, шама* деген сияқты түбір сөздер мен *ағын, аққыштық, ауырлық, беріктік, жылдамдық, кеңестік, қаттылық, қозғалыс, қондырғыш, қысым, өткізгіш, серпімділік, сұйық, тартылыс, таратқыш, тербеліс, толқын, тұтқырлық, тығыздық, үйкеліс* деген сияқты туынды сөздерді де, *балқу, булану, жылу, кернеу, қайнау, сығылу, сыну, тұйықталу, шашырау, үдеу, үйкелудеген* сияқты етістіктің қимыл атау формаларын да жатқызуға болады. Бастапқы мағыналарын өзгертіп, терминдік қызметке көшкен бұл сөздер елімізде физика ғылымының өркендеп дамуына, ол ғылымды жастарымыздың оқып-үйренуіне, түсінуіне көмегін тигізіп келе жатқаны дәлелдеуді қажет етпейді. Оның үстіне бұл сөздердің тіліміздің байлығын арттыра түскендігін де теріс дей алмаймыз.

Осы уақытқа дейін отандық ғалымдар тарапынан жарық көрген үлкенді-кішілі терминологиялық әдебиеттерді, сөздіктерді алып қарар болсақ, оларда кездесетін қазақша терминдердің саны баршылық. Соның ішінде қазақ лингвистикасының да қалыптасқан мол терминдері бар екені белгілі. Мәселен, осыдан бір ғасыр бұрын қазақ терминологиясының атасы А.Байтұрсынұлы қалыптастырған терминдер осы күнге дейін қолданылып келе жатса, кейінгі зерттеулер мұны одан әрі байыта түсуде. Оған бір ғана мысал: Терминкомға фонетика саласындағы қазіргі терминжасам үрдісін көрсететін терминдер қатарын ғалым Ә.Жүнісбек ұсынады. Олар: *жасалым фонетика* – сөйлеу мүшелерінің дыбыс жасауға қатысын зерттейтін фонетика саласы (артикуляционная фонетика); *айтылым фонетика* – дыбыстың ауа кеңістігіндегі табиғатын зерттейтін фонетика саласы (акустическая фонетика); *естілім фонетика* – дыбыстың түйсінім белгілерін зерттейтін фонетика саласы (перцептивная фонетика); *үндесім фонетика* – дыбыстың әуез құрылымы мен жүйесін зерттейтін фонетика саласы (сингармоническая фонетика); *құрақ* – қазақ тілінің физиологиялық айтылым бірлігі; *дыбыс (буын, сөз) құрақ* – құрақтың дыбыс құрамына байланысты түрлері; *сән құрақ* – салтанатты сөйлеу дағдысына арналған Тіл – құрал; *әуен құрақ* – ән сөзін қазақы айту дағдысына арналған Тіл – құрал; *ем құрақ* – тіл-құлақ мүсін емдеуге арналған Тіл – құрал; *бедер құрақ* – қазақ зағиптарына арналған әліпби [5, 23]. Міне, осы тәрізді жаңалықтар біртіндеп мектеп оқулықтарынан да орын алуға тиіс және мұнда жаңашыл мұғалімдердің белсенділігі қажет деп есептейміз.

Сонымен, қазақ тілінің лексикалогия саласы орта мектепте арнайы оқытылатын болғандықтан және халқымыздың сөздік қорын байытудың бір жолы термин жасау осы салаға тікелей қатысты болғандықтан, мақаламыздың кіріспесін мектеп оқулығындағы терминология мәселесінен бастадық. Өйткені осы тақырыпты орта мектептің алғашқы сатысынан бастаудың маңыздылығы жоғарыда айтылды. Ал кейінгі теориялық мәселелер термин жөнінде оқушыларға толық та жан-жақты білім беру үшін мұғалімдерге қажетті мәліметтер болып табылады. Тек оны оқушылардың сынып ерекшеліктеріне қарай орынды пайдалана білсе дұрыс болады.

Әдебиет:

1. Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі. 5-сынып. – Алматы: Атамұра, 2015. – 207 бет.
2. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2006. – 624 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
4. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. – Алматы, 2005. 144 б.
5. Жүнісбек Ә. Ұсынған терминдер //Терминологиялық хабаршы. - Астана, 2003. - №4 (6)

Қасым Б.
филол.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры
Нурбекова Г.
PhD докторант

Филология мамандықтарында түбірлес сөздерді оқытудың әдістемелік негізі

Сөзжасамдық тақырыптарды тереңдете оқытуда, оның морфологиялық тақырыптардан ерекшеліктерін, өзіндік заңдылықтарын игеріп, машықтануға үйретуде тілдің «Сөзжасам» саласының өзіндік мазмұндық ішкі ерекшелігін ескеретін болсақ әрі дамыта оқыту заңдылықтарымен біртұтастықта алсақ қана оқушының өзіндік әрі абстрактілі ойлауын, ой қорытуын қалыптастыруға болады.«Сөзжасам» саласы бойынша теориялық білім мен абстрактілі ойлаудың негізін қалыптастыру үшін, оны оқытудың тұтас ғылыми әдістемелік жүйесінің (*тілдік тақырыптарды тереңдете оқытудың ғылыми теориялық әрі ғылыми әдістемелік негізі, дидактикалық ұстанымдары, сабақ түрлері, оқыту әдістері, бақылау материалдары*) жасалуы қажет.

Қазіргі уақытта оқытудың технологиясы мен модульдерінің түрлі жіктеулері бар. Бірақ олар бір жағдайда ұқсас келеді, қолданыста олардың барлығы оқытудың сынып-сабақ жүйесіне негізделеді. Бұл педагогикалық жүйелердің барлығын жалпы білім беретін орта мектептегі тұлғалық бағдарлы

оқытуды ұйымдастыруда қолдануға болады деп есептейміз. Осыған орай, еңбекте оқу жұмысын ұтымды ұйымдастырудың да өзіндік мәні сөз болады. Оқу жұмысын ұйымдастыру формасы дегеніміз – мұғалім мен оқушылардың арнайы ұйымдастырылған белгіленген тәртіп пен режимде жүргізілетін оқу-таным іс-әрекетінің үдерісі.

Оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі – сабақ. Тілдік материалды меңгерту кезеңдеріне, міндеттеріне, мазмұн, мақсаттарына қарай қазақ тілі сабағының мынадай түрлері бар: *жаңа сабақ, қайталау сабағы, бақылау сабағы, аралас сабақ.* Сабақ педагогтік шығармашылықта құрылады, сондықтан біртұтастық жүйемен оқшауланады. Кіші бөліктерінің, яғни, сабақ құрылымының өзара іштей байланысы бірігіп, оқушылар мен мұғалімнің іс-әрекеті дамуының бір тектес логикаға бейімделуіне бағыт жасайды [1, 120].

Сабақтың талабын орындау мен оны түсіну әлеуметтік сұранымға қатысты анықталады. Сабақ оқушылардың жеке басының қажетсінуіне орай құрылады. Оқытудың мақсат-міндеттері, заңдары мен ұстанымдары басшылыққа алынып, жоғарыда сөз болған оқыту үдерісінің мазмұнын айқындайды. Сөзжасамды оқытуға арналған сабақты ұйымдастыруда (*сабақтыңғылыми жетістіктерге, жаңаша озық іс тәжірибелерге, оқу-тәрбие үдерісінің негізгі заңдарына сай құрылуы, дидактикалық ұстанымдар мен ережелердің негізге алынуы, оқушылардың санасын, өзіндік әрі абстрактілі ойлауын қалыптастыруға әсер етерлік, пәнаралық, тақырыпаралық байланыстардың ескерілуі, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың белсенді түрлерінің ойластырылуы, оқушылардың өзіндік әрі абстрактілі ойлауын қалыптастыру мақсатында білім, икем қабілетін тиімді пайдалануды қалыптастыруға үйрету сияқты*) талаптар ескеріледі.

Әрбір сабақ тұтас педагогикалық үдерістің функциясын жүзеге асыруға бағытталған оқыту, дамыту, тәрбиелеу сияқты мақсаттарға негізделуі керек. Қазақ тілі сөзжасамын, сөздің жасалуына қарай түрлерін, сөз жасаудың амал-тәсілдерін дамыта, тереңдете оқытуда дәстүрлі емес сабақтарды ұйымдастырудың мәні ерекше. Сөзжасамдық тақырыптардың теориялық негізін таныта, тереңдете оқытумен байланыстырып, тіл дамыту жұмыстарын жүргізуде «Баспасөздік конференция», «Ойынды дәлелде» деген тақырыпта сын тұрғысынан ойлауға үйрету сабағын өткізу орынды. Бұл сабақ түрлері оқушылардың өздігінен жұмыс істеуін, сөйлеу қабілетін дамытып, теориялық материалдарды нақтылы жұмыс кезінде саналы, толық түсінуіне, абстрактілі ойлауының қалыптасуына жағдай туғызады.

Оқытудың мазмұнды болуы тиімді ойластырылған, іскерлікпен қолдана білген әдіс-тәсілдерге де байланысты. Сөзжасамның лингвистикалық негізін оқытуда тұлғаның білімдік-танымдық белсенділігін арттыратын жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқыту әдістері қолданылады. Қазақ тілін оқыту әдістерін тиімді қолдана білу, шығармашылық негізінде өз беттерімен жаңа әдіс-тәсілдер ойлап таба білудің мәні жөнінде алғаш сөз еткен ғалымдар Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы т.б. ғалымдар тіл білімі ереже жаттату түрінде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын таныту түрінде үйретілуі керек, сөздің тұлға, мағына жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс деген қағиданы ұстанады [2, 203]. Сөзжасамдық тақырыптарды теориялық тұрғыдан тереңдете оқытуда оқыту әдістерінің ең ұтымдысын таңдап алудың да мәні зор.

Білім жүйесіндегі оқыту әдістері: 1. Ауызша оқыту әдісі: *әңгіме, лекция, кітаппен жұмыс, әңгіме кеңес*, 2. Көрнекілік оқыту әдісі: *суретпен жұмыс, демонстрация*. 3. Практикалық оқыту әдісі: *лабораториялық, практикалық жұмыстар*:

1) түсіндірмелі-иллюстративті әдіс: *түсіндіру, сипаттау әдісі, әңгіме, лекция, оқулықпен жұмыс, жазба жаттығулары*; 2) репродуктивті әдіс: *қайталау, жаттығу, өз сөзімен қайталап айту*; 3) проблемалық әдіс: *проблемалық баяндау, экскурсия, демонстрация, оқушының дәлелді түрде баяндауы*; 4) эвристикалық әдіс: *ізденіс, әңгіме, байқау, жоспар жасау*; 5) зерттеу әдісі: *тәжірибе жасау, сыныппен жұмыс, құжаттармен жұмыс, сурет салу* сияқты әдіс түрлерін ұсынған.

Негізінен, оқушылардың білім сапасын арттыруда мынадай үш деңгейді мақсатты түрде таңдап алуға болады: *репродуктивті, конструктивті, шығармашылық. Репродуктивті* білім деңгейінің әдістері: *әңгіме, түсіндіру, үлгі бойынша жаттығулар жасау* т.б. Оқушылар оқу ақпараттарымен танысады, оны айқындайды, «дайын» анықтама береді, өздеріне белгілі ойлау іс-әрекетінің тәсілдерін қолданады. *Конструктивті* білім деңгейі – бірінші деңгейдегі білімдерді араластырып, қайта құру барысында алынған білімдер жүйесі. Бұл деңгейге оқытудың эвристикалық әдісімен қол жеткізуге болады. *Шығармашылық* білім деңгейі – білім алушылардың өз бетімен іздену іс-әрекетінде пайда болатын білім мен біліктіліктер жүйесі. Шығармашылық деңгейдегі білімдерге білім алушылардың бойында өз бетімен шығармашылық іс-әрекетін оятатын эвристикалық және зерттеу әдістері арқылы қол жеткізуге болады. Осы білім деңгейін қамтамасыз ететін ойлау тәсілдері де шығармашылық болып табылады: білім алушылар жұмыстың тақырыбын және мақсат-міндеттерін айқындайды, болжамын және іздену жоспарын түзеді, ізденіс-зерттеу іс-әрекетін жүзеге асырады.

Білімнің тұлғаға бағытталған парадигмасы мақсатты болжаудың өміршеңдігін, олардың диагностикалық құрылуын белгілейді. Мақсатты диагностикалық құрылым білім алушылардың әрекеттерімен бейнеленген, өлшеуге және тануға болатын оқыту нәтижелері арқылы айқындалады.

«Танымдық алаң» ойынының мақсаты – оқушылардың теориялық материалды еске түсіріп, тез арада жаңғырту негізінде білімді берік ету. Топ екі кіші топқа тең бөліне отырып, бәріне ортақ сұрақ беріліп, кезекпен жауабын табуы тиіс. «Сарапшы» белгіленген уақыт ішінде қай топ бұрын бітіргені және тапсырманың орындалу сапасын бақылайды. Мысалы, сұрақтар тізбегі: (5-6 сөзден атау)

- *дерексіз зат есімдерді атаңыз;*
- *заттанған сөздерді атаңыз;*
- *түбірлес зат аталымдарын атаңыз;*
- *түбірлес қатыстық сын есімдерге мысалдар (5) келтіріңіз;*
- *түбілес сөздердің семантикалық жағынан ұғымды білдіретін сөздерді атаңыз;*
- *сабақты етістіктерге мысалдар келтіріңіз т.б.*

Іскери ойындар. Болашақ маманның кәсіби әрекетінің пәндік және әлеуметтік мазмұнының жаңғыруының формасы. Мысалы, «Туынды түбірлес сөздер» тақырыбына байланысты өткізілген семинар сабағында студенттердің педагогикалық практика кезінде осы тақырыпқа сәйкес бейнетаспаға түсірілген үзінділерді көрсете отырып, сөзжасамдық тақырыпты түсіндірудегі кеткен кемшіліктер талқыланып болған соң, бірнеше студент мұғалім рөлінде тақырып төңірегінде жаңа материалды түсіндіру сәтін элементтер көрсетіліп түсіндіріледі [3, 80]. Мұндай сабақтар қазіргі заман қойып отырған маманның біліктілік моделі шеңберінде жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Мысалы, «Шеберлікке талпыну» ойынында грамматикалық тақырыптардан білім, іскерлік, дағдыны тексеру мақсатында студенттің бірі мұғалім, екіншісі оқушы рөлінде болып, студенттердің «оқушыны» тыңдап, қателерді түзете білу, ойын толықтыра білу, қосымша түсініктер беру, бақылау, бағалау секілді әрекетті орындай білуге дағдыландыруға болады. Сондай-ақ тіл ғылымының көрнекті өкілдерінің ғылыми еңбектерін өз бетімен оқып, талдап, даулы тұжырымдар төңірегінде бірнеше ғалымдардың пайымдары негізінде пікірталас ұйымдастыру үшін бірнеше студент сол автордың рөлінде өз оқығанын ортаға салып дәлелдеуге ден қояды. Мысалы, *грамматикалық тұлғалар туралы* әртүрлі көзқарастарды талдаумен байланысты С.Исаев, А. Ысқақов, М.Серғалиев, *көмекиі сөздер* туралы Н.Оралбаева, М.Оразов, Р.Әміров, А.Ысқақов, *қосымшаларды жіктеу* жөнінде Ы.Маманов, А.Қалыбаева, А.Ысқақов, С.Исаев т.б. ғылыми пайымдауларын салыстыру. Мұндай жаттығулар студенттің өздігінен жұмыс істеуіне, сыни ойлау қабілетін дамытуға, пікірлерін дәлелдеуге, кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға ықпалын тигізеді, сондай-ақ студенттің өзіндік белсенді ой-әрекеті болашақ кәсібіне қызығу, ынталандыру қызметін атқарады [4, 55].

Семинар-жоба сабағында студенттер екі аптаға созылған ғылыми жобаға жоспар бойынша тыңғылықты даярланады. Нәтижесінде жобалар бойынша ғылыми еңбектердің библиографиясын жазады, ғылыми еңбектердің жаңалықтарын талқылайды, бірнеше ғалымнан алынған сұхбаттарын (бейнетаспа, ұнтаспа) тындатады, суреттерін, еңбектерінің тізімін графопроектормен динамикалық күйде түсіндіреді, бейнетаспадан, ұнтаспадан үзінділер көрсетеді (С.Исаев туралы, оқулықтардағы мектеп оқу тапсырмалары, оқулықтар т.б.). Нәтижесінде студенттер осы тақырыптар бойынша белсенді түрде білім жинақтап қана қоймай, оны болашақ кәсіби қызметінде қолданудың амал-тәсілдерін де меңгерді.

Семинар-аукцион, теледебат түрінде алдын-ала бірнеше тақырыптар беріліп, қажетті әдебиеттер ұсынылып, жоспар көрсетіледі. Аукционға авторлық куәліктер қойылады. Куәлікті алушылар алдын-ала даярланған «сұрақтарға» жауап береді. Мұның маңыздылығы – болашақ мамандығын игеруге жаттықтыру. Сұрақтардың мазмұны жиі қолданылатын морфологиялық категорияларға құрылады. Сұрақтарға жауап беру уақытпен өлшенеді. Сұрақтарға жауап беріп, авторлық куәліктерге ие болады. Аталған семинар түрлерінен басқа тілдік талдаулар, жаттығулар орындату да практикалық сабақтың мазмұнына кіреді. Мұнда теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру, тілдік бірліктерді таныту, оларды есте сақтауды қамтамасыз ету қажет. Сөзжасам сөзжасамдық көрсеткіштерге бай және оларда омонимдік қасиет күшті болғандықтан, бір-бірінен дұрыс ажырата білуге үйретудің маңызы өте зор, сондықтан семинар сабағында жаттығулар, түрлі тапсырмаларды орындау жұмысы да орын алады. Ол жұмыста, көбіне, жаттығулар жинағы қолданылатыны белгілі. Осы жұмыс түрі сапалы орындалу үшін, сөзжасамдық талдауды студент жақсы білуі керек. Осымен байланысты студентке морфологиялық талдаудың түрлерін үйрету қажет. Қысқаша мәлімет студент үшін жеткіліксіз және сөзжасамдық талдаудың әр түріне студент әбден жаттығу керек. Сөзжасамдық талдау логикалық ойлауды қажет етеді. Ал бұл өз кезегінде білімнің жалпылық қасиетке айналуына мүмкіндік береді.

• Жаттығу түрлері қазақ тілінің сөзжасам модульге енген тілдік тақырыптарға сай 7 топқа бөлінеді.

Олар:

- шығармашылық жаттығулар;
- танымдық жаттығулар;
- проблемалық жаттығулар;
- тапқырлықты танытатын жаттығулар;
- ойлау қабілетін дамытатын жаттығулар;
- логикалық ойлау қабілетін дамытатын жаттығулар;
- ойын жаттығулары.

Сөзжасамдық тақырыптарды оқытуда жүргізілетін жаттығу жұмыстары мен деңгейлік тапсырмалардың өзіндік ерекшелігі:

- жаттығу мәтіні мен мазмұн-мақсатының тілдік тақырыпқа сәйкестілігі;
- жаттығуда берілген тілдік тапсырманың айқындылығы;
- жаттығу мәтіннің танымдық мәнінің болуы;
- жаттығу мәтінінің тәрбиелік мәнінің болуы;
- сөзжасамдық тақырыптардың оқушының шығармашылығын дамытумен байланыстылығы сияқты ғылыми-әдістемелік талаптар ескеріледі.

Жүйеленген кешенді жаттығулар, деңгейлік тапсырмалар арқылы білім алушының қабілеті анықталып, білімін тереңдетіп, белсенділігін арттыру жағы көзделеді. Сөзжасамдық тақырыптардың лингвистикалық негізін айқындап, білімді тереңдете оқытуға бағытталған кешенді жаттығулар жүйесі өтілген тақырыптарды қайталап пысықтауға арналып, студенттердің шығармашылық біліктіліктерін дамытуға негізделіп, сөзжасамдық тақырыптардың логикалық байланысы, жүйесі ескеріліп, тапқырлыққа үйрету мақсатында, қазақ тілін, тарихын танып білу, тіл мамандығын игеру, үйрету мақсатында жасалады [5, 45].

Сөзжасамдық ұғымды тексеруге арналған бақылау түрлерін семинар, зертханалық СӨЖ жұмыстарының түрлеріне қолдануға болады. Бақылау-байқау материалдары білімді меңгеруді ұйымдастыру құрылымының бірліктері ретінде саналады. Олар өтілген материалдың шоғырлануын қамтамасыз етіп, шығармашылық сипатта болады. Бұл оқыту ісінің жан-жақты, тиімді ұйымдастырылуына мүмкіндік береді. Оқу материалдарының *әртарапын* өткеннен соң, *бақылау-байқау, тапсырмалар, сынақ* материалдары ұсынылып, олардың қысқа әрі айқын, нақты жұмыс түрінің мақсаттарына сәйкес ұйымдастырылады. *Бақылау, сынақ* материалдарына қойылатын *оқу материалының мазмұнына сәйкес болуы, білім алушылардың бағдарламалық материалды тиянақты меңгеруінің қамтамасыз етілуі, оқытудағы жетістіктердің шешуші біліктіліктің сатылы және жоғарғы деңгейінде қадағалануы, білім алушылардың танымдық ұмтылысы мен когнитивтік іс-әрекеті дамытылуы* т.т. сияқты дидактикалық талаптар мақсат етіледі.

Сөзжасамдық тақырыптар бойынша қалыптасқан білімді тексеруде бақылаудың тиімді түрлері *өзара бақылау, ағымдық, аралық, тестік бақылау* түрлері пайдаланылады.

Мемлекеттің білім беру саясатының тұжырымдамасы міндеттерінің бірі – білім беру жүйесі мен оқытудың сапасын арттыру, сабақтың әдістері мен мазмұнын жетілдіру, әдіснамалық жағынан дамыту:

- «Сөзжасам» пәнінің теориялық білім деңгейлерін, қазақ тілін оқыту бағдарламасы мен оқулыққа сәйкес сөзжасам саласына қатысты білім мазмұнын іріктей, жүйелей алу біліктілігі;

- Оқытудың біліктілік модуліне сәйкес оқыту үдерісінің құрамдас бөліктерінің біртұтастықта жүзеге асуы;

- «Сөзжасам» пәні бойынша қалыптасқан білім-білік дағдыларын, сөзжасамдық ұғымдарды теориялық, практикалық тұрғыда меңгеру деңгейлері;

- *Жазбаша жұмыс түрлері*, талдау жасау.

Нәтижелері: «Сөзжасам» пәнінен берілетін білім мазмұнының соны ғылыми пікірлермен толықтырылуы, сөзжасамдық тақырыптар бойынша сауатты, түсінікті, нақты білімдік дағды қалыптастыруда білім алушының танымдық, шығармашылық іс-әрекетін арттыратын белсенді, тиімді әдістер жүйесінің негізге алынуы тиіс [6, 28].

Ғылыми, бірзділік және жүйелілік ұстанымдары бойынша сөзжасамдық тақырыптардың ішкі табиғи, практикалық мазмұны өзіндік ерекшелігіне қарай әрі тақырыптардың бір-бірімен байланысын, тарау, тарамаралық байланысты ескере отырып, жұмыс түрлерін, тиімді әдіс-тәсілдерді, сабақ түрлерін іріктеп алу, соған сәйкес *оқу жұмыс жоспарын* жасауда жинақтап бірзділікпен құру. Қай тақырып болмасын сөзжасамдық заңдылықтар, сөзжасамдық ұғымдардың негізгі қағидаларына негізделіп, білім алушының игеруіне мүмкіндік жасау. Сөзжасамдық тақырыптардың лингвистикалық негізін ашатын жаңа технологиялармен оқыту, түрлі жаңа технологияларды сөзжасам пәндік қолдану, жақсы нәтижеге жеткізеді және жаттығу жұмыстарын, тапсырмаларды бірлікте жүргізуде оқыту әдістерінің тиімділігі мен жүйелілігі ескерілуі тиіс [7, 107]. Сөзжасамдық тақырыптарды оқытуда әңгімелесу, проблемалық, жалқылау-жалпылау әдістерінің, ойын әдісінің, сын тұрғысынан ойлауға үйрету стратегиясының, жаңа технологиялармен оқыту т.б. тиімді.

Әдебиет:

1. Қазақ тілін оқыту методикасы. - Алматы: Мектеп, 1988,- 128-134-б.
2. Аханов К., Кәтенбаева Б. Қазақ тілінің методикалық нұсқауы. - Алматы: Мектеп, 1982. - 239 б.
3. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. - Алматы: Мектеп, 1989. - 95 б.
4. Қалиев Ф. Сөз тудыру - қазақ тілінің жеке саласы //Қазақстан мектебі.– 1984.- № 6. - 57-60-б.
5. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Негізгі ережелер. - Алматы: РОНД, 2002. – 88 б.
6. Есенов Қ. Тереңдете оқыту мәселелері //Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1994.- №11. – 112-б.
7. Каптерев П.Ф. Избранные педагогические сочинения. - Москва, 1982. - С.170

Исакова С.

*филол. ғ. д., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры*

Когнитивтік терминтаңымдағы тіл мен білім мәселесі

Терминтаңымның ғылыми-ұғымдық аппаратының толығы фактілері қазіргі терминологиялық ғылымның үздіксіз даму сипатын айқындайды. Тілдік бірліктердің арақатынасы мен оларда бейнеленген кәсіби (теориялық және практикалық) білімнің құрылымы арасындағы байланыс терминтаңымның басты мәселесіне айналып отыр.

Терминтаңымда когнитивтік ұғымдар мен терминдердің ықпалымен пайда болған маңызды идеялар қатарына мыналарды жатқызуға болады:

1. «Концепт», «концептуалды құрылымдар», «білім форматы» сияқты ұғымдардың терминологиялық айналысқа түсуіне байланысты термин мен ұғым арақатынасына деген көзқарастар өзгерді. Дәстүрлі құрылымдық-жүйелілік зерттеу үлгісінде термин дегеніміз – белгілі бір ғылым, білім, техника саласының заттары мен құбылыстарының атауы. Терминнің өзіндік белгілері:

1. терминдер негізінен сөз немесе сөз тіркестері болады;
2. терминдер негізінен тілдік бірліктер (символ-сөз, сан, географиялық таңба түріндегі терминдер де бар. Бірақ терминологиядағы олардың үлес салмағы термин-сөздерге қарағанда әлдеқайда төмен);
3. термин – белгілі бір терминологияның мүшесі;
4. термин деген – ұғым аты;
5. терминнің міндетті түрде анықтамасы (дефинициясы) болады;
6. терминдердің негізгі басым бөлігі жалпы есімдер, сөз табына қатысы жағынан зат есімдер болады;
7. терминдер атауыштық қызмет атқарып, негізінен ғылым тілінде, арнаулы сала шеңберінде қолданылады[1].

Терминге берілген анықтамадан байқап отырғанымыздай, терминнің ғылыми ұғым атауы екені, тілдік бірлік, белгілі бір терминология мүшесі, оның анықтамасының болатындығы, негізінен қандай сөз таптарынан жасалатыны, атауыштық қызметі, арнаулы салада қолданылатынына назар аударылған. Ал термин арқылы берілетін білім мазмұны, оның ғылыми таным арқылы пайда болатыны, белгілі бір ғалымның немесе маманның ойлау үдерісінің нәтижесі екендігі туралы айтылмаған. Соңғы жылдары пайда болып, қарқынды дамып келе жатқан тіл білімінің жаңа зерттеу үлгісі терминнің аталған қырларына ерекше назар аударып отыр. Осымен байланысты термин мен оның анықтамасына, жалпы терминдік жүйеге деген когнитивтік көзқарас қалыптасып келеді. Когнитивтік тіл білімі тілдік құбылыстарды тіл сөйлерменінің танымы мен ойлау үдерісінің нәтижесі ретінде қарастырады. Егер қарпайым жалпы қолданыстағы сөз тіл сөйлерменінің қоршаған ортаны танып, оның ерекше белгілерін негізге ала отырып, күрделі ойлау үдерісінің нәтижесінде затқа немесе құбылысқа берген атауы болса, термин белгілі бір ғылым саласындағы ғалымның немесе маманның іс-әрекеті нәтижесінде пайда болған ғылыми ұғым атауы болып шығады. Терминге атау беруде де, оның анықтамасын белгілеуде де арнаулы сала маманының күрделі ойлау үдерісі маңызды орын алады. Мысалы, *қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлем туралы алғашқы түсінікті А. Байтұрсынұлы «Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты еңбегінде береді. Оны сыйыса құрмаласу және қиыса құрмаласу деп бөліп қарастырады. Автордың сыйыса құрмаласу деп берген сөйлемдері (Қарабай мен Сарыбай аңға шықты) қазіргі замандағы тілдік таным тұрғысынан талдағанда бірыңғай мүшелі жай сөйлем деп танылғанымен, аталған сөйлемнің оны құрмалас сөйлеммен барабар ететіндей әлдебір тілдік заңдылықтың негізінде қалыптасқандығын жоққа шығара алмаймыз (салыстырыңыз: Қарабай да аңға шықты, Сарыбай да аңға шықты). Қиысқан құрмаластарды салалас, сабақтас деп жіктеп, салаластарды мағынасына қарай жиылыңқы, қайырыңқы, айырыңқы, сұйылыңқы және қойылыңқы деп бөлсе, сабақтастарды бастауыш бағыныңқы, анықтауыш бағыныңқы, тысықтауыш бағыныңқы деп бөледі[2,300-310].*

Берілген мысалдан А.Байтұрсынұлы тіл білімінің синтаксис саласының негізгі ұғымының бірі болып табылатын құрмалас сөйлем туралы түсінік беріп, оның түрлерін ажыратуы –тілшінің ғылыми тәжірибесі барысындағы ойлау үдерісінің нәтижесі. Тіліміздегі күрделенген ойды білдіретін сөйлемдердің құрмалас екенін, олардың мағынасына қарай бірнеше түрлерге бөлінетіндігін айқындап беру ғалымның ғылыми танымының, ой-өрісінің, тілдік түйсігінің жоғары екенін және үздіксіз зерттеу нәтижесі екенін дәлелдейді. Айтылғандардан шығатын тұжырым: термин – арнаулы, ғылыми білімнің тілдік таңбасы, ол ғылыми танымның вербалданған нәтижесі, шынайы дүниенің ғылыми бейнесінің көрінісі және маманның ойлау үдерісінің нәтижесіне тәуелді бірлік. Термин кәсіби дискурстың негізін құрайтын арнаулы тілдік бірлік болып есептеледі. Термин – арнаулы білімді жеткізу құралы.

2. Терминнің дәстүрлі атауыштық қызметі немесе білімді бекіту қызметімен салыстырғанда, оның когнитивтік қызметінің маңыздылығы мойындалды. Когнитивтік қызметтердің ішінде барынша маңыздысы терминнің бағыт-бағдар беру қызметі болып есептеледі [3,43-44]. Атауыштық қызмет терминге ғана емес, тілдегі сөз атаулының бәріне тән қызмет. Сөз болсын, термин болсын,өзі белгілеп тұрған ұғымды атайды.

Атауыштық таңба ретінде терминдердің ерекшелігі олардың тек ерекше семиотикалық кеңістікте, яғни, белгілі бір кәсіби іс-әрекет кеңістігінде коммуникативті және когнитивті маңызды заттарды, құбылыстарды, қатынастарды белгілеу үшін жасалынатындығында жатыр. Терминді бұлай түсінгенде біз Б.Н.Головиннің анықтамасына сүйенеміз: «Термин дегеніміз – нысандарды, олардың арасындағы қарым-қатынасты белгілі бір мамандық тұрғысынан тану және меңгеру процестерінде қолданылатын, кәсіби ұғымдарды білдіретін, жасайтын кәсіби мағынасы бар сөздер мен сөз тіркестері» [4,218]. Ғалым Ш.Құрманбайұлы бұл туралы былай деп жазады: «Кез келген ғылым саласында жаңа ұғым пайда болған сайын бір жаңа термин дүниеге келеді. Ол термин сол ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінен тиісті орын алып, терминологияның мүшесі ретінде орнығады» [5, 69]. Кәсіби сала шеңберінде ғана терминдер жүйелі болып, өздерінің басты қасиеттерін көрсетіп, оларға жүктелген көптеген қызметтерді атқарады.

Егер жалпы қолданыстағы тілдік құралдармен алынған ақпараттың негізінде адамдардың бір-бірімен, ортамен өзара қарым-қатынасы, мамандық шеңберінен тыс алынған әртүрлі тәжірибе жатса, терминдерде, ең бірінші, адамдардың нақты кәсіби іс-әрекет үдерісінде қоршаған дүниемен, заттар мен құбылыстармен өзара қарым-қатынас тәжірибесінің нәтижесінде алынған, тіл арқылы бейнеленген ақпаратты, білімді бекіту қызметі атқарылады.

Кәсіби тәжірибе – тұқым арқылы берілетін тәжірибе емес, ол тек саналы түрде ғана жинақталады. Бұл тұлғаның мақсатты іс-әрекет үдерісінде саналы ойлау арқылы жинақталатын тәжірибесі болып табылады. Аталған үдерістің қарқындылығы адамның белгілі бір кәсіби салаға деген қызығушылығымен түсіндіріледі. Кәсіби тәжірибеге өзіндік сипат тән, өйткені тәжірибе алынған жағдай әр мамандықтың өзіне ғана тән болып келеді.

Терминнің аталған қызметімен бірге соңғы кездері оның когнитивтік қызметін, яғни, арнайы білімді алу, өңдеу, сақтау және оны жеткізу қызметін атап көрсетіп жүр[6, 24-27]. Терминнің бұл қызметі адамның менталды жүйесімен тікелей байланысты. Басқаша айтқанда, терминде ғалымның немесе маманның ғылыми ойлау іс-әрекеті қалай бейнеленеді, қалай көрініс табады дегенге саяды. Бұл туралы біз В.А.Татариновтың «Терминология как один из инструментов научного познания имеет наиболее тесную связь с мыслительными категориями, являясь одновременно как формой их бытия, так и способом их осуществления»[7], – деген пікірін құптаймыз.

Терминнің когнитивтік қызметінің ішінде бағыт-бағдар (ориентирующая) беру қызметін ерекше атап көрсетуге болады. Арнаулы сала тілінің негізін құрайтын терминдерді кәсіби мамандар іс-әрекетінің когнитивтік-коммуникативтік кеңістігі тұрғысынан қарастыру оның когнитивтік қызметін анықтауға ықпал етеді. Әрбір арнаулы когнитивтік-коммуникативтік кеңістікте терминдер маманның концептуалды құралы ретінде қызмет атқарады, маманның кәсіби ойлауына бағыт-бағдар береді, кәсіби іс-әрекет пен ойлау үдерісіне түрткі болады, соның нәтижесінде ғылымда жаңа ойлар, пікірлер, ұғымдар мен түсініктер, терминдер қалыптасады. Терминнің бағыт-бағдар беру қызметі термин алғаш пайда болған кезден көрініс табады. Мысалы, А.Байтұрсынұлының жоғарыда атап көрсеткен құрмалас сөйлем туралы ғылыми тұжырымының пайда болуына, сөйлемнің түрін ажыратуына, әрине, ғалымның тек қазақ тіл білімі емес, басқа тілдердің синтаксистік жүйесіне назар аударып, олардағы құрмалас сөйлемдердің жіктелуіне, анықталуына талдау жасауы, олар туралы ой-пікірлерді қорытындылап, мысалдармен дәлелдеп, қазақ тілінде құрмалас сөйлем, оның түрлеріне т.б. терминдерге ғылыми анықтама беріп, қалыптастырғаны даусыз. Ғалым аталған терминдерді жасау барысында тек қана өзі зерттеп, талдап, қорытынды жасап қана қоймай, басқа тілші ғалымдармен пікір алысып, осы мәселелерді бірлесе талқылап, қазақ тілінің табиғатына тән атауларды термин ретінде тұрақтандыруға тырысты. Демек, ғалым когнитивтік-коммуникативтік кеңістікте кәсіби іс-әрекет нәтижесінде күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан тіл білімі терминдерін жасады.

3. Терминді үнемі даму, толығу үстінде болатын тілдік бірлік ретінде қарастырады, осымен байланысты оның анықтамасы да қатып қалған нәрсе емес, шартты болып табылады [8]. Мысалы, *А.Байтұрсынұлы қиысқан құрмаластарды салалас, сабақтас деп жіктеп, салаластарды мағынасына қарай жиылыңқы, қайырыңқы, айырыңқы, сұйылыңқы және қойылыңқы деп бөлсе, сабақтастарды бастауыш бағыныңқы, анықтауыш бағыныңқы, нысықтауыш бағыныңқы деп бөледі. Құрмалас сөйлемді «күрделі сөйлем» деп атаған Қ.Жұбанов оны салалас және сабақтас деп жіктеп қарастырады [9,104]. 1936 жылы орта мектептің 5-7 сыныптарына арналған «Қазақ тілінің программасында» құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары мен амал-тәсілдері көрсетіліп, мағыналық түрлеріне тоқталған. Құрмаласты жасайтын амал-тәсілдер салаласта: алғашқы сөйлем баяндауышы құрамындағы еді көмекші етістігі, шартты рай тұлғасы, көсемшенің -п тұлғасы, да, және, сосын дәнекерлері, сол себепті, сондықтан, сөйтіп, бірақ сөйтсе де, я, әйтпесе, не болмаса, үйткені неге десең т.б. жалғаулықтары, осы, сол, бұл есімдіктері, сабақтаста, негізінен, құрамында қатыстық сөздері бар шартты рай тұлғалы етістіктерге негізделген. Салалас құрмаластарды өз ішінде ыңғайлас, ереуіл, талғама, себеп-салдар, шарт жағдай деп бөледі де, сабақтастарды анықтауыш бағыныңқылы, толықтауыш бағыныңқылы, нысықтауыш бағыныңқылы деп саралайды [10, 359].*

Құрмалас сөйлемді зерттеуді алғаш рет практикалық мақсатта емес, ғылыми тұрғыдан қарастырған С.Аманжолов құрмалас сөйлемдерді салалас, сабақтас, аралас және тиянақсыз сабақтас деп төрт түрге бөліп қараса [11, 359], құрмалас сөйлемдерді арнайы зерттеген Н.Сауранбаев бұл мәселеде бірнеше пікір ұсынды: алғашқы топтастыруда құрмаластарды салалас және сабақтас деп жіктесе [12, 46], кейінірек салалас құрмалас, сабақтас құрмалас және іргелес құрмалас деп топтайды [13, 34-106], ал соңғы топтастыруда құрмаластарды 4-ке бөледі: салалас, сабақтас, аралас, үйірлі мүшелі сабақтастар [14,520]. С.Жиенбаев құрмаластың тек салалас және сабақтас деген 2 түрі бар екенін, ал аралас құрмаластың «өз алдына бір бөлек заңдары жоқ» екенін айтады [15,33]. Н.Сауранбаев сөйлемнің бұл түрін сабақтас, салалас, іргелес деп үш үлкен топқа бөледі. Автор құрмаластың жалғаулықсыз байланысқан түрін жеке алып «іргелес» деп қарастырады.

Берілген мысалдан ғылымның үнемі дамып, толығып, жаңарып отыратындығын аңғару қиын емес. А.Байтұрсынұлы жіктеген құрмалас сөйлемнің түрлері өзінен кейінгі тілші ғалымдарға ой салып, әрі қарай тереңірек зерттеуге жетелегені, соның нәтижесінде Қ.Жұбанов «құрмалас сөйлем» емес, «күрделі сөйлем» деген терминді ұсынып, оны «салалас» және «сабақтас» деп топтастыруға әкеледі. Одан кейінгі ғалымдардың осы мәселе бойынша ғылыми ойлау үдерістері мен когнитивтік-коммуникативтік кеңістіктегі кәсіби іс-әрекеттері құрмалас сөйлемнің анықтамасына көптеген толықтырулар енгізгенін байқау қиын емес. Демек, терминді кәсіби когниция мен кәсіби қарым-қатынастың өзара байланысы нәтижесінде пайда болған тілдік бірлік деп тануымыз қажет.

4. Терминді талдауға деген көзқарастың күрделенуі: оны жүйелілік-ұғымдықтан категориалды-матрицалық тұрғыдан түйсіну.

5. Терминді гносеологиялық (эпистемологиялық) тұрғыдан қарастырудан бас тарту, термин арқылы тек қана ғылыми (теориялық) білім ғана беріліп қоймайды, сонымен бірге кәсіби білім мен тәжірибенің нәтижесі бейнеленеді.

6. Терминнің мазмұнының дамуы мен қалыптасу үдерісі туралы ғылыми көзқарастардың тереңдеуі: арнайы білімнің стихиялық жиынтығы ретіндегі концептіден оны теориялық тұрғыдан тұжырымдап, түсінуге жетелейді.

7. Ұғым мен концептінің арасында когнитивтік негіз ретінде тығыз қарым-қатынас болады: ұғым концептінің негізінде құрылады, уақыт өткен сайын ұғымның мазмұны концептінің мазмұнына қосылады, бұл өз кезегінде ұғымның әрі қарай дамуына ықпал етеді.

Демек, когнитивтік лингвистиканың әсерінен терминологиялық зерттеулердің мақсаты кәсіби таным, кәсіби қарым-қатынас және кәсіби іс-әрекеттермен байланысты терминнің тілдік бірлік ретіндегі ішкі мағыналық табиғатынан терминологиялық және басқа арнаулы бірліктердегі білімнің берілу мәселесіне ауысты.

Когнитивтік көзқарас жаһандану контекстінде арнайы білімнің дамуы мен пайда болуын талдауға адамдардың құбылмалы когнитивтік-коммуникативтік қажеттіліктерін ескере отырып, терминологиялық (кәсіби) атау беру үдерістерінің механизмдері мен себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Осылардың барлығы терминдік жүйелердегі тарихи үдерістерді тереңірек түсінуге ықпал етеді, арнайы білім құрылымдары (және сана) мен тілдік құрылымдардың арасындағы күрделі қатынастардың дамуын анықтайды. Сонымен бірге терминтанушы ғалымдар атап көрсеткендей, аталған көзқарас термин туралы толық және жан-жақты түсінік қалыптастыруға көмектеседі, өйткені дүниенің қарапайым тілдік бейнесінде көрінетін прототиптік категорияларды ескере отырып, терминді «интеллектуалды», «толық пісіп жетілген» таңба ретінде таниды және арнайы қарым-қатынас саласында өзінің айқын шекарасы бар ұғым ретінде анықтайды [16,45-48].

Сонымен, қазіргі тіл білімінің (антропоцентризм, неофункционализм, экспансионизм) бейнесін айқындайтын жоғарыда аталған әдіснамалық қағидаттар қарқынды даму үстіндегі пәнаралық зерттеу саласы болып табылатын терминтанымға да тән. Бүгінгі таңда терминдер мен терминдік жүйелер өзімен-өзі зерттелмейді, олар адамның кәсіби танымы мен кәсіби іс-әрекетіндегі орнын ескере отырып, онда берілген білімнің түрлері мен қарым-қатынас аясындағы қызметтеріне байланысты зерттеледі. Терминтанымда алғаш рет арнайы атаулардың кәсіби тілдік тұлға типімен және оған тән когнитивтік стилмен байланысы мәселесі көтеріліп отыр [17, 16].

Термин өзгермейтін бірлік ретінде емес, өзі қолданылып тұрған дискурстың сипатына қатысты қарастырылады. Дискурстың әрбір типі онда қолданылатын тілдік бірліктердің мазмұны мен формасына өзіндік шектеу қояды. Егер бұрын терминтаным терминді талдаумен және оны бейнелейтін терминдік жүйені зерттеумен шектелсе, когнитивтік бағыт терминтанымды кең көлемдегі пәнаралық зерттеулерге «есігін ашты», яғни, терминдер мен терминдік жүйелерді мәдени контексте зерттеуге мүмкіндік берді. Осыған орай С.В.Гринев когнитивтік терминтанымды терминологиялық зерттеулердің болашағы бар бағыты деп атап көрсете келе, оның маңыздылығын «ғылыми танымның даму ерекшелігін зерттеуге ғана емес <...>, адамзат мәдениетінің және жалпы өркениеттің даму жолдарын зерттеуде» деп көрсетеді [18, 31-34].

Қорыта айтқанда, бүгінгі терминтаным фактілер мен құбылыстарды жай ғана сипаттап қоймай, оларды түсіндіруге тырысады, бұл қазіргі ғылыми білімнің көп үлгілі ерекшелігімен байланысты түсіндіріледі. Когнитивтік көзқарас терминшіге ұғымдардың қатаң құрылымдық жүйесінен шығып, дүниенің қарапайым және ғылыми бейнесінің, күнделікті және абстрактілі-логикалық білімнің арасында болатын өзара байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты когнитивтік терминтанымды жеке зерттеу бағыты ретінде емес, осы пәнаралық ғылымның даму кезеңінің заңды жалғасы деп қарастыруға болады.

Әдебиет:

1. Реформатский А.А. Термин как член лексической системы языка// Проблемы структурной лингвистики. – М., 1968.
2. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002.- 687-695-б.
3. Кубрякова Е.С. В поисках сущности языка//Международный конгресс по когнитивной лингвистике. - Тамбов, 2008. - С.43-44.
4. Головин Б. Н. Терминология // Березин Ф. М., Головин Б. Н. Общее языкознание. – М., 1979. – 347 с.
5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі – Алматы: Ғылым, 1998. – 208 б.
6. Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминологии. – М., 1961. – 158 с.
7. Татаринев В.А. Теория терминоведения. - Т.1. Теория термина: история и современное состояние. –М., 1996. - 227 с.
8. Лейчик В.М. Терминоведение: предмет, методы, структура.- М.: КомКнига, 2006. – 256 с.
9. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
10. Жубанов К. Исследования по казахскому языку. - Алматы: Ғылым, 1966. -362 б.
11. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы, 1994
12. Сауранбаев Н.Т. Грамматика казахского языка. Учебник для педучилищ. - Алма-Ата, 1944.
13. Сауранбаев Н.Т. Система сложного предложения в казахском языке. - Алма-Ата, 1948.
14. Сауранбаев Н.Т. Проблемы казахского языкознания // Избранные труды. - Алма-Ата, 1982.
15. Жиенбаев С. Синтаксис мәселелері. - Алматы, 1941.
16. Лейчик В.М., Шелов С.Д. Российское терминоведение: опыт синтеза «старой» и «новой» парадигмы//Научно-техническая терминология. – М., 2004. - Вып. 1. – С.45-48.
17. Голованова Е.И. Профессиональная языковая личность: принципы и параметры лингвистического описания//Языки профессиональной коммуникации. – Челябинск, 2009. - С.16.
18. Гринев С.В. Терминоведение на пороге третьего тысячелетия//Научно-техническая терминология. - Вып. 1. - М., 2000. – С. 31-34.

Оңалбаева А.

филол.ғ.д., ҚазМемҚызПУ профессор м.а.

Оңалбаева К.

филол.ғ.к., ААЭИС профессоры

Қазақ тілінде көңіл күйді білдіретін бейвербалды амалдардың гендерлік сипаты

Бейвербалды амалдарды, яғни, тілсіз қарым-қатынасты, паралингвистика зерттейді (гр. «para»– жанында, қасында деген мағынаны білдіреді). Паралингвистика хабарланатын ойдың, пікірдің сөзбен білдірумен қоса, бейвербалды амалдармен берілу тәсілдер жиынтығын зерттейді. Бұл терминді алғаш ұсынған американ ғалымы А.Хилл болса, жаңа ғылым саласының зерттеу аясын

белгілеген зерттеуші Дж.Трейгер.Бейвербалды қатынастың әрбір элементі маңызды, өйкені әрбір қимыл белгілі бір ақпаратты хабарлайды және басқа элементтерден ақпараттық, басқару, аффектілік қызметтерімен ерекшеленеді: жест қобалжуды білдіреді; мимика адамның ішкі жан дүниесінен хабар береді; көздің қозғалысына байланысты біз қатынастың сипатын айқындасак, поза (адамның тұрысы) бір адамның екінші адамға деген көзқарасын байқатады.

Бейвербалды амалдар арқылы берілетін ақпараттар вербалды ақпараттарға қарағанда шынайы, сенімді болады, себебі бейвербалды тіл сана арқылы басқарылмайды, ол сөйлеу барысында көбінесе еріксіз шығып, түйсікте шартты түрде туындайды.Бейвербалды амалдар коммуникативтік лингвистика ғылымының зерттеу нысанына айналып отыр, бұл салады жазылған еңбектер аз емес: когнитивтік лингвистика бойынша (Андреева, Аристов, Гоффманова, Колокольцева, Кормилицына, Мартынова, Пигрова); психолингвистикада (Залевская, Клестов, Корнилов, Кривоносов, Мечковская, Потапова); мәтін лингвистикасы бойынша (Алексеев, Анисимова, Мисонжников, Пойманова т.б.). Сонымен қатар бұл мәселені Т.М.Николаева, Г.В.Колшанский, И.Н.Горелов, Г.Г.Почепцов, Р.К.Потапова, В.В.Богданов, К.У.Геворкян, Е.М.Верещагин, В.Г.Костомаров, Н.И.Смирнова, Ю.А.Сорокин, Г.Е.Крейдлин т.б. ғалымдармен қатар отандық лингвистикада М.М.Мұқанов, С.Татубаев, Б.К.Момынова, М.П.Ешімов, С.Б.Бейсембаева, Ж.Нұрсұлтанқызы, С.Мағжан, В.Д.Нарожная қарастырды.

Таңбаның үш маңызды аспектісіне семиотика ғылымының үш тарауы сәйкес келеді: *синтактика, семантика, прагматика*. Ч.У.Моррис таңбаның үш аспектісі нақтылы мәтінде белгілі бір мөлшерде кездеседі деп есептейді.

Г.Е.Крейдлиннің зерттеулері бойынша *бейвербалды семиотика* 10 жеке ғылыми саладан тұрады. Олар:

- *паралингвистика* – бейвербалды қарым-қатынастағы дыбыстық кодтарын зерттейтін ғылыми сала;
- *кинесика* –жесттер мен дене қимылына байланысты бейвербалды амалдарды зерттейтін ғылыми сала;
- *окулесика* – көз, көру немесе визуалдық қарым-қатынаста қолданылатын бейвербалды амалдарды зерттейтін ғылыми сала;
- *аускультация* – дыбысты есту, қабылдау арқылы берілетін бейвербалды амалдарды зерттейтін ғылыми сала;
- *гаптика* – дене арқылы сезіну;
- *гастика* – тамақ пен сусынның бейвербалдық қызметін зерттейтін ғылыми сала;
- *ольфакция* – иіс арқылы берілетін ақпараттарды зерттейтін ғылыми сала;
- *проксемика* – кеңістіктегі орын арқылы берілетін ақпаратты зерттейтін ғылыми сала;
- *хронемика* – уақыт арқылы берілетін ақпаратты зерттейтін ғылыми сала;
- *системология* – адамды қоршаған ортада кездесетін заттар арқылы берілетін ақпараттарды зерттейтін ғылыми сала [8].

Сөйлеу әрекетінде вербалды компоненттер бейвербалды компоненттермен салыстырғанда белгілі бір дәрежеде тәуелді болып келеді. Ал бейвербалды компоненттер әмбебап десе де болады, олар тек мәдениетке, дәстүрге тәуелді болуы ықтимал сондықтан жалпыға ортақ әлеуметтік тіл болып саналады. Кейбір бейвербалды компоненттер әртүрлі халықтың тілінде кеңінен таралған және біртектес заттар мен құбылыстарды білдіреді, бірақ кейбір ым, ишаралар түрлі халықтарда әртүрлі мағына беретін жағдай да болады. Мысалы, *бет шымыу* абхаз халқында немқұрайлықты білдірсе, қазақ халқында бұл ым – ұялуды, таң қалуды білдіреді.

Қазақ мәдениетінде бейвербалды амалдарға үлкен мән беріледі. Тілдегі бейвербалды амалдар халықтың рухани мәдениетінен хабар береді. Вербалды және бейвербалды амалдар тілдесімде белгілі бір дәрежеде бір-біріне тәуелді болуы да, мүлдем тәуелсіз болуы да ықтимал. Тіліміздегі бейвербалды амалдар дабыстық тілмен қатар жүре отырып, вербалды компоненттермен үйлесімде қолданылып, табиғи тілдегі сөйленімдерді ауыстырады. Қазақтардың тіліндегі бейвербалды компоненттердің ішінде жестер (ым-ишаралар) маңызды рөл атқарады, олар – ұлттық ерекшеліктеріміз бен мәдениетіміздің көрінісі.

Қазақ бейвербалды тілдің коммуникативтік-функционалдық талдауы көрсеткендей, саны бойынша ең үлкен топ – бұл адамның эмоциялық реакциясы туралы мәліметті беретін бейвербалды құралдар. Эмоцияның спектрі өте кең: қуану, масаттану, өкіну, қамығу, өкпелеу, ашулану, долылық және т.б.Коммуникацияның бейвербалды құралдары ерекшеліктерінің сипаттамасы қазіргі лингвистиканың басты бағыттар қатарына жатады. Жалпы қимылдар, мимикалар, яғни, бейвербалды амалдар, коммуникативтік актінің маңызды бөлігі, кейде тіпті міндетті компоненті болып табылады.Қазақ тіліндегі бейвербалды компоненттердің ішінде жестер (ым-ишаралар) маңызды рөл атқарады, олар – ұлттық ерекшеліктеріміз бен мәдениетіміздің көрінісі. Қазақ бейвербалды тілдің коммуникативтік-функционалдық талдауы көрсеткендей, саны бойынша ең үлкен топ – бұл адамның

эмоциялық реакциясы туралы мәліметті беретін бейвербалды құралдар. Мысалы, қазақ мәдениетінде таңданулар сезімі *аузын тамсану* бейвербалды амалымен беріледі, бұл ым орыстың *причмокнуть* деген бейвербалды амалына физиологиялық ұқсас болып келеді. Бірақ орыс мәдениетінде *причмокнуть* рахаттану мағынасын білдіреді. Ашулану, наразылықтар сезімдері жерге немесе жердегі кілемге *қамшыны ұрумен* беріледі. Өкініш, қамығу сезімін *бармағын тістеу* кинемасымен (дәл айтсақ, өз саусағын тістелеу) білдіреді. Ішкі бейнелі форма бойынша тура солай өкініш, қамығу сезімін білдіретін орыстың *кусать локоть* фразеологиялық тіркесімен параллельді мағына береді. Бірақ *кусать локоть* фразеологизмі ирреальді кинемаға негізделген болса, ал қазақ кинемасы – бұл нақты ишара, сондықтан оның семантикасында «біржолата жоғалған, іске аспағандық туралы» сема бар. Эмоциялық күйді білдіретін бейвербалды құралдар топтарында гендерлік фактор әжептәуір айқын байқалады. Ер адамның эмоциялық коммуникациясы бейвербалды құрал-әрекеттермен жиі өрнектеледі. Осылайша, өкініш, қамығу сезімі *санын соғу* – ер адам кинемасымен беріледі (бөксені ұру), масаттану сезімі – аяғының үстіңгі жағын бірнеше рет ұру әрекетімен, сөйлеушіге тіл тигізу, жасалған зорлық бойынша ашулану, долылық сезімі – *от басын сабау, ошақ қамшылау* (избивать очаг) кинемасымен, қазіргі мәдениетте біреудің әрекеттеріне масаттану, қуану сезімі – шапалақтау, қол алысулармен беріледі.

Әйел адамның коммуникациясындағы эмотивтік бейвербалды құралдар қайғыру (*бетін тырнау, шашын жаю*), ұялу сезімі + теріс бағалаумен қатарласқан біреудің жүріс-тұрысы, қылықтары үшін қорқу, намыстану сезімдері (*бетін тырнау, бетін шымышу*), жек көру сезімдері (*бетке түкіру*), қорқыту сезімі (*етегін қағу, тұрып кету*), қайғы сезімдерін (*бүйірін таяну*) білдіргенде қолданылады. А.М.Байғұтова [1] «қазақ әйелі» концептісі туралы арнайы зерттеуінде қазіргі қазақ мәдениетінің шеңберлерінде ер адам коммуникациясының типінде келесі кинемалар жиі кездеседі: *креслоға шалқайып отыру* (нақты. сидеть развалившись в кресле), *аяғын кең ашып отыру* (нақты. сидеть, широко расставив ноги) деп белгілейді. Әйел адам коммуникациясына тән кинемалар ретінде А.М.Байғұтова: шешім қабылдаудың қиын жағдайында, жауап іздеу, шығу жолдарын іздестіруде *саусақтарын сыртылдату* (нақты. щелкать пальцами), *көздерін алақанымен жабу* (нақты. закрыть глаза руками) қорқуды білдіру, *алақанымен бетін көлегейлеу* (нақты. прикрыть лицо ладонью) ұялу, қымсынуда; *жүзігін әрі-бері айналдыруда* (нақты. крутить кольцо на пальце в затруднительной ситуации) көрсетеді [1, 28].

Сонымен, гендерлік фактор және коммуниканттың жас факторы бейвербалды қарым-қатынастар құралдарын таңдауға және қолдануға өте күшті әсер етеді. Қорыта келгенде, *бейвербалды амалдар* қарым-қатынастың маңызды элементі және ұлттың лингвомәдениетімен тығыз байланыста екенін айту керек. Әрбір қимылдың, ишараның өзінің тұрақты мағынасы мен лингвомәдени коды бар. Олар – ұлттық ерекшеліктеріміз бен мәдениетіміздің көрінісі.

Әдебиет:

1. Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты: филол. ғыл. канд. ... дис. : 10.02.02. – Алматы, 2008. –141 б.
2. Оңалбаева А.Т. Бейвербалды қарым-қатынас: әлеуметтік және ұлттық-мәдени контекст. Монография.– Алматы, 2010. –250 б.

Жаңабекова А.

*филол.ғ.д., А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының бөлім меңгерушісі*

Қазақ тілінің ұлттық корпусына енгізілетін метабелгіленімдер әзірлемесі туралы

Корпустар атқаратын функциясына қатысты түрлі шағын топтарға (подкорпус) бөлінеді. Әсіресе, лингвистикалық зерттеулер үшін лингвистикалық белгіленімдер қойылған аннотацияланған корпустар құрастыру өте маңызды әрі пайдалы. Осындай белгіленім қойылу-қойылмауына қарай корпустар белгіленім қойылған (аннотацияланған) және белгіленім қойылмаған (аннотацияланбаған) болып екіге бөлінеді. Белгіленім қойылған корпустар құрастыру лингвистикалық зерттеулер үшін маңызды болғанмен, ең алдымен, корпуста енгізілетін мәтіндерді сұрыптан өткізіп, олар туралы нақты ақпараттар беру қажет.

Корпуста қойылатын белгіленім түрлерін шартты түрде лингвистикалық және одан сырт түрі деп екіге бөліп қарастыруға болады. Белгіленімнің лингвистикалықтан сырт түріне мыналар жатады:

- 1) мәтінді форматтау ерекшеліктерін бейнелейтін белгіленім (тақырыптар, абзацтар, бос жер және т.б.);
- 2) автор мен мәтінге қатысты мәліметтерді бейнелейтін белгіленім.

Сонымен бірге автор жайлы мәлімет тек оның аты-жөні ғана емес, оның жасын, жынысын, өмір сүрген жылдарын және т.б. болуы мүмкін. Ал мәтін туралы мәлімет, әдетте, тақырыптан басқа оның қай тілде жазылғаны, жылы, баспа орны, аты және т.б. Мұндай ақпараттың корпуста орын алуы мәтіндер қорынан іздеу әрекетін тәптіштеп іздестіруге мүмкіндік жасайды және сонымен бірге, олар тиісті құжатты теңестіру әрекеті үшін де қажетті құрал бола алады. Мұны кейде экстралингвистикалық белгіленімдер деп те атайды, метамәтіндік белгіленім (метатекстовая разметка – метаразметка) деп те қолданылады. Лингвистикалық белгіленімдер ішкі белгіленім деп аталса, метамәтіндік белгіленімдерді сыртқы белгіленім деп бөлетіндер де бар. Олар: *мәтін және автор туралы ақпарат: автор, атауы, жылы, шыққан жері, мәтіннің жанры, тақырыбы, стилі, көлемі т.б.* Оларды библиографиялық, типологиялық, тақырыптық, әлеуметтік, формальдық (мәтін, тарау, бөлім, абзац, сөйлем т.б.) және техникалық (орындаушылар, электрондық нұсқа алынған дереккөз, өңделген күні, кодталған кезі т.б.) деп те бөледі.

Метамәтіндік белгіленімдер корпустың қай түріне болмасын енгізілуге тиісті маңызды ақпараттар болып табылады, сонымен қатар лингвистикалық белгіленімдер қойылатын корпустар құрастыру жұмысынан бұрын, корпусқа әртүрлі стильдерден алынған мәтіндерді енгізу барысында атқарылады.

Зерттеу жұмыстарының белгілі бір жүйе бойынша жүргізілетіні белгілі. Өйткені тіл – қарым-қатынас құралы, қолданыс аясы өте кең күрделі жүйе болғандықтан, тілдік зерттеулер белгілі автор шығармалары бойынша немесе белгілі бір кезеңде жарық көрген көркем не баспасөз немесе тарихи ескерткіштер бойынша, сол сияқты белгілі бір жанр, стиль немесе белгілі бір тақырып, мәселе бойынша тарам-тарам болып жіктеліп кете береді. Корпус жадына енгізілген мәтіндерді жүйелі құрылыммен беру метабелгіленімдер қоюдың теориялық және практикалық әдіс-тәсілдерін меңгергенде ғана мүмкін болады. Сондықтан корпустың қайсібір түрінде болмасын, метабелгіленімдер қою мәселесі дұрыс жүргізілуі керек.

Метабелгіленімдер – ғылыми-зерттеу жұмыстарында белгілі бір кезеңге, стильге, авторға, тақырыпқа т.б. қатысты материалдар жинаудың таптырмас дереккөзі. Метабелгіленімдер қойылған корпустардан зерттеушілер өзіне қажетті стиль, кезең, автор т.б. ақпараттар бойынша мәліметтерді тез тауып алуына мүмкіндік алады. Ал бұл жетістік қазіргі дамыған еліміздің ғылыми-зерттеушілік әлеуетін, ғылым мен білімді жан-жақты дамытатын бірден-бір күш екендігі сөзсіз.

Корпус мәтіндеріне метабелгіленімдер қою мәселесі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Қолданбалы лингвистика бөлімінде 2015-2017 жылдардағы гранттық жоба бойынша зерттеліп келеді. Сонымен қатар 2016 жылы институт А.Фазылжанованың жетекшілігімен «Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу және жасау» атты мақсаттық жоба бойынша метабелгіленім әзірлемесін дайындады. Метабелгіленім енгізушілер үшін арнайы нұсқаулық жасалды және төмендегі тармақтарға негізделген әрбір стиль, корпус түрлеріне қойылатын ұяшықтар құрастырылды. Төменде метабелгіленімдер түрлеріне кеңірек тоқталмақпыз.

Қайсыбір мәтін болмасын, оның авторы болады. Олар: а) мәтіннің нақты авторы болған жағдайда оның аты-жөні толық көрсетіледі; ә) мәтін авторлары бірнешеу болған жағдайда ұжымдық авторлардың аты-жөні беріледі. Олар, мәселен, ұжымдық монографиялар, бірлесіп жазылған мақалалар т.б.; б) жалпылама автор, мұндай мәтіндер жеке адамның емес, ұжымның, мекеменің атынан кететін мәтіндер (яғни, құжаттар, хаттар т.б. мәтіндері); в) кейбір мәтіндер авторлары белгісіз де болуы мүмкін. Бұл әсіресе газет-журналдар мәтіндерінде көп кездеседі. Мұндай мәтіндер авторлары кейде шартты есімдермен де көрсетіледі. Авторы анық емес мәтіндердің метабелгіленімдерінде автор деген ұяшық толтырылмай бос қалдырылады.

Автордың аты-жөнін беруде атын, әкесінің атын, фамилиясын толық жазу керек пе, әлде аты мен әкесінің атын қысқартып жазу керек пе дегенді де метабелгіленім жасауда алдымен шешіп алу қажет. Сонымен қатар оны фамилиядан бұрын беру немесе соңынан беру жағы да метабелгіленім қоюдағы бірізділік үшін қажет. Мысалы: *Автор: А.Қайырбекова; Автор: Қайырбекова А.; Автор: Айжан Қайырбекова т.б.*

Кейбір мәтіндерде авторға қатысты мәлімет берілмейді. Айталық, фольклорлық шығармалар ауызша тарағандықтан, белгілі бір авторы жоқ. Мұндайда автор туралы ақпарат берілетін кесте бос қалдырылады немесе авторы белгісіз деген сияқты белгіленім қоюға болады. Авторға қатысты кейде қосымша тармақтар енгізуге тура келеді. Мәселен, ертегілер ауызша тарағанмен, яғни, авторы болмағанмен, ол ертегілерді жинақтап құрастырушы автор болады. Мұндайда метабелгіленімге «құрастырушы» деген ұяшық енгізуге болады. Сонымен қатар авторға қатысты ақпарат мынадай жағдайда өзгеріске түседі. Бұл корпусқа алынған мәтін аударма болған жағдайда кездеседі. Аударылған мәтінде түпнұсқадағы автормен қоса, оны аударған аудармашы аты туралы да ақпарат беру қажет.

Мәтін авторына қатысты тағы бір мәселе газет-журналдарда берілген авторы жоқ хроникаларды беруде де туындайды. Мұндайда кейде авторы ретінде газет-журнал редакторын алуға болады, яғни, газет-журналдағы мәтін авторы болмаған жағдайда, газет редакторының аты және авторға қатысты

мәліметтер (жынысы, жасы) көрсетіледі. Метабелгіленімдер ұяшықтарында бір ғана авторға қатысты ақпаратты енгізуде әртүрлі стильдерге қатысты түрлі мәселе туындайды.

Метабелгіленімдерде кейде авторлардың жынысына қатысты да ақпарат беріледі. Автордың әйел адам екендігі немесе ер адам екендігі немесе жынысы анық көрсетілмеуі де мүмкін. Әдетте автордың жынысы мәтін авторы біреу болған жағдайда көрсетіледі, ал ұжымдық мәтіндерде автордың жынысы көрсетілмейді. Автордың жынысы анық емес болған жағдайда, «белгісіз» деген белгіленім қойылады. «Жынысқа» қатысты ұяшықты толтыруда мәтін авторының, аудармашының, редактордың, құрастырушының қайсысының жынысын көрсетеміз деген мәселе туындайды.

Метаразметканың авторға қатысты тағы бір түрі – автордың жас ерекшелігінің де көрсетілуі. Кейбір корпустарда автордың шығарманы жазған кездегі жас шамасы көрсетілсе (Британ, Чех), кейбір корпустарда автордың туған жылы, күні туралы нақты, дәл мәліметтер беріледі немесе шамамен көрсетіледі (Орыс тілінің ұлттық корпусы). Яғни, автордың туған жылы, күні туралы нақты, дәл мәліметтер санмен беріледі. Ал автордың жасын анықтау қиын болған жағдайда «белгісіз» екендігі туралы белгі қойылады. Ал ұжымдық, жалпылама, белгісіз авторлар болған жағдайда жас ерекшелігі берілмейді немесе ұжымдық авторлар болған жағдайда «әртүрлі» деген белгіленім қоюға болады. Ал кейде күнделік, жеке хаттар сияқты жеке басқа тән мәтіндер авторлары белгілі болғанмен, олардың аты-жөндері берілмей, шартты атпен беріліп, бірақ жынысы мен жасы көрсетіле береді.

Автордың жас ерекшелігін көрсетуде оның жасын нақты көрсетпей, туған күні, айы, жылын жазуға да болады. Мысалы: 18.09.1973. Ал кейбір мәтіндерде авторды алу немесе аудармашы, құрастырушыны алу мәселесін шешіп алмай, олардың жынысы, туған жылына қатысты да ақпараттарды ұяшыққа енгізуде қиындықтар туындайды. Айталық, кейбір аударма мәтіндерде авторды да, аудармашыны да көрсетуге болады. Алайда жынысқа, туған жылына қатысты ақпараттарды авторға қатысты береміз бе, әлде екеуіне де қатысты алу қажет пе дегенді де алдын ала шешіп алу қажет. Башқұрт тілінің зерттеушісі З.А.Сиразитдинов автордың, информанттың ұлтында көрсеткен [1, 32]. Ал орыс тілінің ұлттық корпусында ұлтқа қатысты белгіленім берілмейді.

Корпусқа енгізілген мәтіннің атауы да – негізгі метабелгіленімдердің бірі. Корпусқа енгізілген мәтіндердің атауының, яғни, тақырыптарының бәрі болмауы мүмкін. Егер мәтінде тақырыптар атауы берілсе, олар метабелгіленімдер жүйесіне салынады, ал тақырыптары берілмеген мәтіндердің атаулары көрсетілмейді. Бұлар әдетте газеттер мен журналдардағы бір рубрика ішінде берілетін қысқа мәтіндер, демек, корпусқа салынған мәтіндердің барлығы да табиғи тіл қолданысын сипаттайтындықтан, тақырыбы жоқ болса да алына береді, бірақ метабелгіленімдер жүйесінде көрсетілмейді немесе мақала атауы жоқ жай хроника ғана болған жағдайда «жоқ» деген белгіленім қойылады. Телеарна, радиодан алынған (ауызша не жазбаша) мәтін болса, телебағдарлама аты жазылады. Мәтін атауы дегенде басын ашып алатын мәселе кітап, жинақ мәтіндеріне қатысты да туындайды. Кітап, жинақ ішіндегі тақырыптар мәтін атауы ретінде беріле ме, әлде кітаптың, жинақтың аты мәтін атауы ретінде беріле ме? Метабелгіленімдер қоюда мәтін атауы ретінде кітап, жинақ ішіндегі тақырыпшалар алынады. Ал кітаптың, жинақтың сыртқы бетіндегі атауы метабелгіленімдер ішіндегі дереккөз (источник) деген ұяшықта беріледі. Бұл әртүрлі стиль мәтіндерінің бәріне ортақ ұстаным. Мәтін оқулық ішінен алынған тақырыптан алынса, тақырып атауы жазылады. Ал оқулық атауы дереккөзде көрсетіледі. Ғылыми мәтіндер мақала түрінде болса, мақала аты жазылады.

Мәтін туралы метабелгіленімдердің бірі – мәтіннің жазылу уақыты. Әдетте мұндай белгіленімдер автордың шығарманы жазу барысында мәтіннің соңында қалдырған мәліметтерінен алынады. Көбінесе мәтіннің жазылу уақыты библиографиялық, өмірбаяндық зерттеулерден анықталады.

Мерзімі (жазылған уақыты): 26.01.2016 жыл

Ал мәтіннің жазылу уақыты туралы нақты ақпарат болмаған жағдайда оның мерзімі 5-10 жылы аралағында шамамен алынады.

Мерзімі (жазылған уақыты): шамамен 1998-2000 жылдар

Кейде мәтіндердің жазылу уақыты туралы нақты мәлімет болмаған жағдайда корпусқа салынған мерзімі алынады. Мәтіннің корпусқа салынған мерзімі жазу кей жағдайда метабелгіленімдер қатарында арнайы жеке ұяшықта беріледі. Корпусқа енгізілу уақыты корпустың жасалу уақытымен бірдей болып келеді. Қазақ тілінің ұлттық корпусы қазіргі кездері ғана жасалып жатқандықтан, соңғы жылдар жазылады. Мысалы: 20.07.2016.

Мерзімге қатысты мәтіннің жазылған уақытынан басқа жарық көрген уақытын да метабелгіленімдердің арнайы ұяшығында беруге болады. Орыс тілі корпусында «Дата публикации» деген атаумен арнайы ұяшық берілген. Кейбір мәтіндер (шығарма, монография, оқулық т.б.) жазылған уақытында жарық көрсе, кейбірі кейін өңделіп қайта басылады. Бұл жерде кітаптың жарыққа шыққан, яғни, қайта басылып шыққан уақыты көрсетіледі.

Мерзімі (жазылған уақыты): 1963 жыл

Жарық көрген уақыты: 1991 жыл

Метабелгіленімдердің бірі – корпусқа енгізілген мәтіндердің әрбіріндегі сөзқолданыс саны туралы ақпарат. Корпусқа мәтін енгізуде стильдер арасалмағы негізінен теңгерімді болғанмен, кейбір жанрларға қатысты мәтіндер көлемі әртүрлі болып келеді. Мысалы хабарландырулар, құттықтаулар, жаңалықтар т.б. өте қысқа, олардағы сөзқолданыс саны да он шақты сөзден тұруы мүмкін. Сондықтан корпусқа енгізілген метабелгіленімдердегі мәтіндердегі сөзқолданыс саны оннан он мыңдаған сөзқолданысқа жетеді. Сөзқолданыс саны өте үлкен болып келетіндері – көбінесе корпусқа тұтастай енгізілген романдар немесе монографиялар сияқты көлемді еңбектер. Бірақ кейде мұндай шығармалар мен монографиялардың бәрі алынбай, белгілі бір тарауы ғана алынуы да кездеседі. Мәтіндердегі сөзқолданыс саны оларға берілген метабелгіленімдер жүйесінде көрсетіледі. Жеке файлда тұрған әрбір мәтінді ашқанда компьютер экранының астыңғы жағында сол мәтіндегі сөз саны шығып тұрады, осы санды метабелгіленімге енгізу керек. Сөзқолданыс санын мәтінді енгізу барысында арнайы компьютерлік бағдарламалар арқылы анықтайды. Кейбір корпустарда мәтіндердегі сөйлемдер саны туралы да ақпараттар берілген.

Корпустарда сөзқолданыс терминінің орнына сөзформа деп қолдану да кездеседі. Метабелгіленімдердің енді бір түрі мәтіннің қолданылу саласыболып табылады, ол мәтіннің ең жалпы типологиялық сипаттамасы. Мәселен, орыс тілінің ұлттық корпусында 8 функционалды қолданыс саласы көрсетілген. Олар: *оқу-ғылыми, өндірістік-техникалық, ресми-іскери, публицистика, жарнама, діни, әдеби, тұрмыстық.*

Мәтіндерді белгілі бір тақырыптық топтарға бөліп беру де метамәтіндік белгіленімдердің біріне жатады. Мысалы, *қоғамдық ғылымдар, физика, биология, саяхат, спорт, табиғат, өнер, саясат* т.б. Алайда бұлай тақырыптық топтарға бөлу кейде шартты болып келеді. Өйткені кейбір мәтіндер бірнеше тақырып аясында, бірнеше салаға қатысты қарастырыла береді. Сондықтан белгілі бір мәтіннің тақырыптық топқа қатысын көрсеткенде, олар бір салаға ғана емес, бірнеше салаға ортақ болып та келеді. Әлемдік корпустарда (Браун корпусы, Орыс тілінің ұлттық корпусы т.б.) көркем әдебиеттерде көбінесе тақырыптық топ көрсетілмейді.

Метабелгіленімдердің енді бірі – хронотоп. Кейбір мәтіндерді тақырыптық топтар бойынша бөлу қиындық тудыратындықтан, кейбір корпустарда мәтіннің жазылған уақыты мен жазылған жерін көрсету де қажет болған, яғни, мәтіннің жазылған жері мен белгілі бір кезеңге қатысы көрсетіледі. Мысалы, Алматы, 1998 жыл немесе Ресей, 1945-50 жылдары. немесе Қазақстан, Кеңес өкіметі жылдары т.б. Кейбір мәтіндерде мәтіндегі оқиғаның мерзімін, яғни, хронотопын анықтау мүмкін болмайды. Оқиғағаға құрылмаған мәтіндер де болуы мүмкін. Мұндайда метабелгіленімдер тармақтарындағы хронотоп ұяшығына «бейтарап» деген белгі қоюға болады немесе мәтінде (көркем шығармада) суреттелген оқиғаның мерзімі мен орнын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, «белгісіз» деген белгіленім қойылады.

Келесі бір метабелгіленімдердің бір түрі – мәтін типі. Мұнда мәтіннің белгілі бір жанрға қатысы көрсетіледі. Мысалы: Ғылыми стильдегі мәтін болса, мынадай типтері көрсетіледі; *мақала, монография, оқулық, реферат, оқу құралы, тезис, аңдатпа, түйіндеме, баяндама, пікір* т.б. Публицистикалық стиль бойынша публицистикалық мәтіннің белгілі бір жанрға (типке) қатысы көрсетіледі. *күнделік, репортаж, интервью, мақала, бас мақала, ақпараттық мақала, сұхбат, жарнама, хабарландыру, газеті очерк, хроника* т.б. Ресми стиль мәтіндері болса, типтері көрсетіледі: *өтініш, арыз, сенімхат, қолхат, түсініктеме, мәлімдеме, анықтама, мінездеме, шақырухат, хабарландыру, жарнама, қатынасқағаз, акт* т.б. Ауызша жазылып алған мәтіндер немесе ауызша дискурстан алынып, қағазға түсірілген әртүрлі стильдегі мәтіндер бейтарап стиль ретінде танылады да, типтері былай беріледі: *жаңалықтар, сұхбат, әңгіме, комментарий, репортаж, реплика* т.б. Көркем әдебиет стилінде көркем мәтіннің белгілі бір типке қатысы көрсетіледі. Олар: *эпопея, новелла, повесть, роман* т.б. Көркем мәтін поэзия жанры болса, оның да типтері көрсетіледі. Олар: *өлең, баллада, поэма, арнау, жыр, айтыс, терме, ән, қара өлең* т.б.

«Жанр» деген термин әдебиет саласында да өзіндік мәнге ие болғандықтан, онымен шатастырмас үшін корпус құрастыруда кейде оны «мәтін типі» деген терминмен де қолданады. Мәтін *стилін* көрсету арқылы мәтіннің тілдік формасы, әсіресе мәтіннің лексикалық құрамы анықталады. Олар: әдеби, әдеби емес стиль, бейтарап стиль, ресми стиль, арнайы (ғылыми) стиль т.б. Көркем прозада мынадай стильдер: бейтарап, аймақтық, қарапайым, жеке-авторлық стильдерді беруге болады. Алайда мәтіндерге осылайша стилистикалық сипаттама жасау корпустарда көбінесе берілмейді. Оның орнына мәтін типі мен жанрына көбірек көңіл бөлінеді.

Метабелгіленімдердің келесі түрі – аудиторияның жасын көрсету. Мәтіннің кімге арналғанын білу мәтіннің мазмұны мен онда қолданылатын тілдік құралдарды да айқындайды. Мәтіндерге мұндай жас ерекшелігіне қарай белгіленім қою балалар әдебиетін, белгілі бір жас кезеңдеріне арналған оқулықтарды табуға мүмкіндік береді. Балалар әдебиеті әдетте 1-10 жас, жасөспірімдік кезең 11-17, жастар әдебиеті 18-34 жас аралығы болып келеді. Немесе тек үлкен адамдарға арналғанын көрсететін белгіленім қойылады. Кейде мәтіндер жас ерекшелігіне қатысты көрсетілмейді, яғни, аудиториясы

бейтарап болып келеді. Әсіресе ересектерге арналған мәтіндерге белгіленім қойылмайды, аудиториясы бейтарап болып келеді. Мұндайда «бейтарап» деген белгіленім қойылады. Аудитория жасына қатысты белгіленім қоюда да параметрлерді алдын ала ойластырып алу қажет.

Метабелгіленімдердің келесі түрі – мәтіннің кімге, бұл жерде аудиторияның білім дәрежесіне қарайғы ерекшелігін көрсету. Бұл жерде мәтін аудиториясының жалпы білімі немесе арнайы білімі, сондай-ақ жоғары білімі немесе білімінің төмендігі сияқты сипаттары негізге алынады. Себебі арнайы кәсіби салада жазылған мәтіндердің өзіне тән терминологиясы болады. Ешқандай кәсіби білімсіз жалпыға ортақ мәтіндер де болады. Сондықтан аудиторияның білім дәрежесі ескеріліп, пайдаланушы ортаны көрсететін метабелгіленімдер қоюға болады. *а) жоғары білімді ортаға арналған, ә) кәсіби білімді қажет ететін, б) кәсіби білімі жоқ, жоғары білімі жоқ ортаға арналған, в) бейтарап орта мәтіндері.* Алайда корпустардың көпшілігінде аудиторияның білім дәрежесі көрсетіле бермейді. Ол бір жағы аудиторияның білім дәрежесін анықтаудың кейде қиындық тудыруына байланысты.

Метабелгіленімдердің келесі түрі –мәтіндерді пайдаланушы ортаның саны, көлемі. Кейбір мәтіндер жалпы көпшілікке арналып, яғни, мыңдаған, миллиондаған адамға арналса, отыз шақты адамнан тұратын топқа немесе бір ғана адамға арналған болуы да мүмкін. Жалпы көпшілікке арналған мәтіндер көбінесе баспа беттеріне шыққан мәтіндер, электронды қарым-қатынасқа арналған мәтіндер болса, топқа арналған мәтіндер оқу лекциялары, кеңсе құжаттары т.б., ал жеке аудиторияға арналған мәтіндер көбінесе жеке хаттар болып келеді.

Метабелгіленімдердің келесі түрі – мәтін алынған дереккөздер болып табылады. Мәтін жинаудың түрлі әдіс-тәсілдері бар. Электронды кітапханалардан, интернетке салынған сайттардан, газет-журналдар, кітаптар шығарылатын баспалардан, жеке адамдардан алуға болады немесе қолдап сканир жасалады немесе қолдан теріледі. Жарық көрмеген мәтіндер қолжазба ретінде көрсетіледі. Интернеттен алынған мәтіндерде сайт аты беріледі. Жарық көрген газет-журналдардың шыққан уақыты алынады.

Метабелгіленім параметрлерінің ішіндегі ең көлемді ақпарат берілетіні де дереккөз ұяшығы болып табылады. Онда кітап, жинақ аты, жылы, баспасы, жарық көрген жері т.б сияқты толық ақпарат беріледі. Мәселен, көркем шығарма мәтіні болса, дереккөзі ретінде ол туралы толық ақпарат (жинақ (кітап) аты, жері, баспа, жылы) жазылады.

Дереккөзі: Әуезов М. Абай жолы. 2 том. – Алматы, Ғылым, 1947.

Мәтін монография (ғылыми, іскери т.б.) ішінен алынған болса, монография туралы толық ақпарат (жері, баспа, жылы) беріледі.

Дереккөзі: Жаңабекова А. Функционалды грамматиканың метатілі. – Алматы, Дайк-пресс, 2012. – 150 бет.

Мәтіндер жарық көрген баспа атын да көрсету – метабелгіленімнің бір түрі. Бұл әсіресе кітаптарға (монография, оқулық, оқу құралы, шығарма т.б.) арналған. Баспа атына қатысты мәлімет кейбір корпустарда арнайы жеке ұяшықта берілмейді, дереккөздерінде басқа да ақпараттармен бірге көрсетіледі.

Корпусқа енгізілген мәтіннің корпусқа енгізуге дейін қандай формада (электронды, кітап, газет-журнал іскери құжат т.б.) болғанын көрсету де қажет. Мұны таралым типі деп атайды. Мәтін газет-журналдан алынған болса, таралымы типі газет не журнал болады.

Таралым типі: газет/журнал

Мәтін интернет-басылым, блок, сайттардан алынған болса, таралымы типі интернет-ресурс болады.

Таралым типі: ғаламтор-ресурс

Таралым типіне ұқсас метабелгіленімнің бірі – мәтін көзі. Корпусқа жинақталатын мәтіндер әртүрлі жолмен жинақталады. Мәтін (көркем шығарма, өлең, газет, журнал т.б.) интернеттен алынған болса, дереккөзі ретінде «интернет» (ғаламтор) деген белгіленім қойылады.

Мәтін көзі: ғаламтор-ресурс

Мәтін (көркем шығарма, өлең, газет, журнал т.б.) баспадан алынған болса, дереккөзі ретінде «баспа аты» көрсетіледі.

Мәтін көзі: «Дайк пресс» баспасы

Баспадан алынған, бірақ баспа атын анықтау қиындық тудырған жағдайда «баспа» деген белгіленім қойылады.

Мәтін көзі: баспа

Корпусқа енгізілетін мәтіндер әртүрлі пішінде (ауызша, жазбаша) болуы мүмкін. Мұны мәтін формасы деп атайды. Газет-журналдар, көркем шығарма, монография, оқулық т.б. мәтіндері жазбаша мәтіндер болғандықтан, «жазбаша» деген белгіленім қойылады.

Мәтін формасы: жазбаша

Видео/аудиожазбалар болған жағдайда «ауызша» деген белгіленім қойылады. Мәтін формасы: ауызша

Мәтінді сипаттауда тағы бір берілетін ақпарат оның қандай қаріптермен жазылғандығы туралы ақпарат. Қазақ тіліндегі мәтіндер төте, латын, кирил әріптерімен жазылғандықтан, алынған мәтіннің графикасын көрсетіп отыру да қажеттік туғызады. Алайда қазіргі мәтіндер негізінен кирил қарпімен жазылған. Корпусқа негізінен осы кирил қарпімен алынған мәтіндер алынады. Ал тарихи корпустар үшін төте, латын қаріптерімен жазылған мәтіндерді де алу қажет. Орыс тілінің ұлттық корпусында метабелгіленім енгізуші адамның аты да ұяшықта (разметчик) берілген. Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасауда да белгілеушіадам туралы ақпарат беруге болады.

Сонымен, жоғарыда метабелгіленімдердің түрлері туралы қысқаша сипаттама бердік. Бұлар алдағы уақытта Қазақ тілінің ұлттық корпусын құрастыру барысында негізге, басшылыққа алатын мәселелер болып табылады. Корпус жасауда метабелгіленімдерді енгізу қажеттігі дау тудырмайды. Олар корпусты пайдаланушыға, әсіресе тілші-зерттеушілерге кез келген қажетті ақпаратын тез әрі оңай тауып алуға мүмкіндік береді. Сондықтан метабелгінемдер енгізудің теориялық мәселелерін айқындап алу қажет.

Әдебиет:

1. Сиразитдинов З.А., Бускунбаева Л.А., Ишмухаметова А.Ш., Ибрагимова А.Д. Информационные системы и базы данных башкирского языка. – Уфа, 2013. – 116 с.

Тамаева Б.

*филол. ғ.к., профессор, Құрлық әскерлері институтының
кафедра меңгерушісі*

Тілдің прагматикалық табиғаты

Қандай болмасын тілдік қарым-қатынас барысында сөйлеуші мен тыңдаушының арасында белгілі бір прагматикалық мазмұнға сай әдеп нормасы көрініс табады. Жалпы әдеп мазмұны, тек, сөйлесім яғни, тілдік қарым-қатынаста ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қатынастың барлық саласында орын алатын адамзаттық мәдениеттің басты ерекшелігі болып табылады. Адамға тән әдеп мазмұны адамзат қоғамының бірден-бір мәдени болмысы ретінде әлеуметтік, тұрмыстық, шаруашылық, экономиканың әр саласында, кәсіп түрлерінде сан түрлі үрдіспен қалыптасып, бүгінгі күнге жеткені белгілі. Әдептің бастапқы, одан соң жаңа тұрпатты, келе-келе қалыпты сипат алу үрдісі бар. Әдеп аясы кең де, сонымен қатар қарым-қатынас аясында белгілі бір шамада ғана орындалуы да бар. Қандай дәрежеде болса да, ол алдымен көзге көрініп не болмаса сөзбен дыбысталып беріліп, психологиялық тұрғыдан қабылданып, кейде тіпті, өз деңгейіндегі бағасын алып жатады. Адамның күнделікті әрекетінің өзі сан түрлі әдептердің орындауын қажет етеді. Өйткені адам әрдайым қозғалыстағы қоғамдық өмірді игеруші, дамытушы тұлға ретінде тіршіліктің адамға тән белгісіне сай әрекет етеді.

Белгілі ақын Уилям Вордсворт 1807 жылы «Әлемде біз өте көппіз» деп айтқан пікірі ХХ ғасырда мәдениеттанушылар үшін жаңа мағынаға ие болды. ХХ ғасырдағы ғылым мен техниканың жаңа өркениеті адамға қызмет ететін машиналар, сонымен қатар сол машиналармен тұтастай қоғамдық қатынастар игерілетін машиналардың жасалуы адам қарым қатынасының мазмұндық қырын оның ішінде қатынас әрекетінің түрін кеңейте түсті. Адамзат қоғамының тарихында қай кезде болмасын әдеп мазмұны қоғамдық формация мен әлеуметтік өмірде жан жақты толысып, ескінің орнына жаңа келіп қалыптасып, даму үстінде болғаны белгілі. Әрбір дәуірдің өзіндік қарым-қатынастың сипаты (манера) сол кезеңнің өзіне ғана тән белгілері болғанын білеміз.

Күнделікті өмірде естіген бір жағымды жылы сөздің өзі адамның шаршамай сапалы өнімді еңбек етуіне қызмет етеді. Тіпті, ол сөздің мәндік салмағы жоғары болса, алдында кезескен талай ірілі-ұсақты қиындықтарды жеңуге көмектесетіні бар. Өйткені ол сөздің мәнінде адамға тән бағалау семасының барлығында болса керек. Қоғамда өзге адамды қадір тұтып сыйлау – ол адамның қадірін, қасиетін танып, түсіну болып табылады. Ал қадір қасиетке ие болған тыңдаушы сөйлеушіге де, жылы қабақ танытатыны белгілі. Өйткені тыңдаушы өзі қол жеткізген қоғамдық дәрежені ұстауға тырысатыны белгілі. Егер күнделікті тіршілікте дүкенде не болмаса тұрмыстық қатынаста аула сыпырушымен немесе трамвайдағы билет берушімен жылы қабақ танытып тіл қатыссаң, ол сенің бағанды күнде кездесетіндіктен, өз тұрғысынан бағалауға көшеді.

Қоғамдық өмірдің күнделікті тіршілігінде әдептің алар орны ерекше. Ал адамның өзін-өзі сыйлауының да өзіндік мазмұны ол көбіне өзгені сыйлап жылы сөйлесіп, әдеп танытуымен қалыптасады. Өзіне сенген адам ешуақытта жөнсіз мақтанып, орынсыз бәйек болмайды. Адам

бойындағы ең бір құндылық – адамның абыройы мен мінезі. Әрине, жер бетіндегі әр ұлттың ұлттық дәстүріне сай қалыптасқан сол ұлт өкілдеріне ортақ әдеп мазмұны бар да, адамның жеке мінез құлқымен біліміне қатысты әдеп барып. Осы екеуі де қоғамдық көріністе танылатыны белгілі. Сондықтан күнделікті өмірде кездесетін көпшілікпен жұмыс істейтін қоғам өкілдернің әдебі де белгілі бір прагматикалық табиғатта әдептің озық үлгісімен танылады. Әдептілік мазмұнында адамның күнделікті өміріндегі қоғам қатынасында ең қажетті әрекет – көңіл аудару. Байқампаздық қасиетпен берілетін дағдыға айналған моральдық форманың бір түрі көңіл бөле білушілік.

Айналадағы адамдарға көңіл бөлушілік, алдымен, адамның тәртіп мәселесін алға қоятындығымен байланысты, екіншіден, өзгеге қамқорлықты көрсете білу де адами озық қасиеттің белгісі болып саналады. Қазақ тіліндегі күнделікті тіршілікте кездесіп жататын тілектер осындай моральдық этиканы білдерді. Қазақ арасында қалыптасқан «Туысыңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілісін» немесе «Өзі жақсы адамға қай жерде де орын бар» сияқты мақалдардың пайда болуы қазақ қауымында осындай өзі тұрып өзгенің жайына көңіл бөлген адамдарға айтылған болса керек. Әрдайым өзгеге шын көңіл бөлген адам өзгеге арнап қандай лебіз арнасам, сөйтіп алдындағы адамның көңілін өсірер не айтсам, деген ойда тұратыны белгілі. Осындай табиғаттағы адам қайырымдылықтың биік шыңына жетеді. Қайырымдылық, туысқа, досқа, танысқа ғана емес, кейде үлкендер тарапынан танымайтын бейтанысқа да көрсетіліп жатады.

Қазақ арасында жасы үлкен қариялар қоғам өмірінде маңызды рөл атқарады. Ел ішіндегі іс-шаралар қарияның рұқсатынсыз өтпеген. Үлкенді сыйлаудың әлеуметтік маңызы діни-сенімнен де жоғары тұрған. Тіліміздегі «көргенді елдің баласы» деген тіркес осындай үлкені бар ортаның тәрбиесін алған мағынадан тарқатылған. Қазақ арасында жасы үлкен қарияны немесе ақсақал ер адамның құрметке бөленуінің өзі алғашқы қауымдық құрылыстағы қауымның тіршілік ету дағдыларынан өріс алып, қауымдық құрылысты басқарған салттан өрбіп уәжделгенін байқаймыз. Бұдан қазақта ер адам ғана құрметтелген деген сыңар жақ пікір тумауы қажет. Жоғарыда айтқанымыздай, ердің де әйелдің де, жасы мен үлкеннің өз жолына қарай құрметке бөленуі бар. Қазақы қоғамда адамның қарым-қатынастық белгісі – оның жасы, ер не әйел жолы. Сонымен бірге қоғамдағы атқарар қызметі сияқты әлеуметтік сипаттармен байланысты болады.

Әдеп мазмұнындағы ең басты адамға тән қасиет – шындық. Шындық ұғымы әдеп мазмұнына ең жақын ұғым. Егер адам шындық өмірді жасаушы бір сөзбен айтқанда, шындық өмірдің құрушысы болса, адамның өмір сүру мазмұнының өмірге шындап танылуы саналады. Адамның мәдени болмысының қоғамда тұрақты болуы да оның ісі мен сөзінің қабысып жатуында. Өтірік сөйлеу – мәдениеттің де, әдептің де шеңберіне жатпайтын анайы құбылыс. Ол адамның қалыптасқан мінезінен ауытқуы, жасандылықтың тууына себепкер болады. Өз ісіне мығым және шынайы өмір сүретін адам әрдайым ашық түрде ешқандай бұлтақсыз өзгемен нақты тіл табысуға жол бастай алады. Мысалы, «*Меніңше, сізге бұрынғы көйлегіңіз жақсы жарасады*», – деп жауап қатуда алдымен сөйлеушінің шындығы жатады. Сондықтан шынайылық әдептің ең негізгі озық бірлігін танытады. Егер «*Бұл көйлек сені толық етіп көрсетеді*», – деп айтылса, онда сөйлеуші тарапынан кемсітушілік білініп қалар еді. Сондықтан шындықты жариялау адам әдебінің ең басты бірлігі болып саналады.

Қоғамда адам әдебінің аясына енетін бір жағдай бар ол күнделікті өмірде қалыптасып қалған стандартты нормалар. Мысалы, күнделікті өмірде жұмыс орнына жетуде біз әрқашан бүгінгі күні кіммен жолығам, ол кісімен қандай лебізде тілдесем деген ойда боларымыз анық. Күнделікті жүріс-тұрыс, адамдардың көмегі не болмаса ер адамдардың есікті ашуы, есіктен алдымен әйел адамды жіберуге ілтипат көрсетуі, жол беруі секілді сан алуан сипаттағы әдептілік белгілер қалыпты әдеп мазмұндарға жатады. Осы әдеп мазмұндары тілде қысқа қайырымдармен не болмаса сөз оралымдармен айшықталып жатады.

Өзінің ісіне мән беріп жүретін адам үшін, мысалы, ер адам өз ұжымындағылармен сыпайы қатынас жасауға дағдыланғанып, сыпайылық әдебінің қалыпты жағдайларын іске асырады. Ер адамдар тіліндегі күнделікті айтылатын «*Есікті ашуға рұқсат етіңіз*» не болмаса, «*Ғафу етіңіз?!*» сияқты сөз оралымдары сөйлеу әдебі мазмұнының қалыптасқан үрдісін көрсетеді. Адамдар арасындағы мәдени қарым-қатынас оның ішінде жеке адамның әдеп-мәдениеті, сыпайылығы тіл арқылы көрініс табады. Мұндай жағдай әрбір ұлттық тілде өз ерекшелігімен көрінеді. Сыпайылық жұртшылыққа құрмет көрсету, кішіпейілділік таныту, айналадағы адамдарға қарым-қатынас жасауға негізделген.

Әрі күнделікті өмірде тәлім-тәрбие арқылы дағдыға енген адам мәдениетінің озық үлгісі. Сыпайылық қатынаста тілдік бірліктермен, түрлі қимыл әрекеттер де қосарланып біртұтастанып беріледі. Ғылыми тілде сыпайылықты зерттеуші ғалымдар «сыпайылық категориясы» деген ғылыми терминді де тағайындады. Мұның себебі жалпы тілде сыпайылық мағынасын беретін түрлі қосымшалар мен жеке сөздердің көп мөлшерде болуынан деп түсіндіреді зерттеушілер. Ал енді бір ғалымдар өзге ұлттық тілдерде мұндай тілдік көрсеткіштер аз болғанымен сыпайылықтың берілуі

тілде әртүрлі тәсілдер арқылы орындалатынын айтады. «Орыс тілінде және басқа да тілдерде сыпайылықтың арнайы грамматикалық көрсеткіштері жоқ. Бірақ тілде сыпайылықтың берілу жолдары мен тәсілдері бар». Қазақ тілінде сыпайылық мағынасын беретін жеке сөздермен қатар, жақ категориясының тұлғалық көрсеткіштері /жекеше, көпше/ мен бұйрық райлы етістік пен есімдердің сөйлемдегі мағыналық ерекшеліктерін атауға болады.

Сыпайылық пен сый-құрмет мағынасы дегеніміз не? Сыпайылық – айналадағы адамдарға құрмет көрсету, кішіпейілдік таныту. Сыпайылық – субъекті тарапынан тыңдаушы жаққа бағытталған құрмет. Сыпайылық – адамның ішкі сезімімен, ой-санасымен қалыптасқан мәдени қасиет. Осы ішкі қасиет сыртқа көбіне сөз арқылы танылады. Яғни, белгілі бір мағына арқылы беріледі. Қазақ арасында сыпайылықтың жолы, орны бар. Сыпайылықтың тілдегі көрінісі, сөйлеуші жақтың сөз мәнеріндегі ізеттілік, кішіпейілділік мағынасымен беріледі. Жасы кішінің жасы үлкенге, жас шамасы бірыңғай құрбылардың арасындағы, ұл мен қыздың, ер мен әйел адамдардың арасындағы тіл қатынасындағы сыпайылық көбіне осындай қарым-қатынас арқылы танылады. Қазақ рәсімінде жасы кішінің жасы үлкенге сыпайылығы ол үлкенге құрмет етуге негізделген. Ол жынысқа, қызмет дәрежесіне ғана байланысты бола бермейді. Сондықтан жасы кішінің жасы үлкенге сыпайылығы – жасы кіші жасы үлкенді көргені көп, тоқығаны толық деп қадірлесе, екіншіден, жасы үлкеннің абыройы еңбегіне орай құрметке лайықтылығын есепке алады.

Жасы кіші жасы үлкеннен әрдайым адамгершілікке негізделген қасиетті істі күтеді. Ал егер жасы кіші жасы үлкеннің абырой дәрежесіне, адамдық қасиетіне лайық емес жағдайды көрсе, онда жасы кішінің жасы үлкенге деген құрметі кеми түседі. Мұндай жағдайда жасы кіші қарсы жақтың жасы үлкендігін ескеріп, сыпайылық танытады. Сыпайылық, біріншіден, адамның жас ерекшелігін, қызмет шені мен қоғамда атқарар міндетін есепке ала отырып, екіншіден, белгілі бір ұлттың дәстүрлі мәдениетіне орайластырыла іске асырылады. Қазақ дәстүріндегі бұл жай сырт көз тарапынан бірден аңғарылады. Өйткені шығыс халықтарының ер азаматты немесе әйелді сыйлаудың өз алдына дәстүрлі жолы бар. Дәстүрлі мәдениетке негізделген бұл жол ұлттық болмыстың шынайы белгісі болып танылады. Дәстүрлі мәдениетке негізделген сыпайылық пен сый-құрметті айшықтайтын мазмұнға лайықталған сөз мағынасы қазақ тілінде көптеп саналады. Ал енді құрмет, сый-құрмет дегенге келетін болсақ, құрметтілік жолдың орындалу мазмұн сипаты сыпайылықтан гөрі өзгеше.

Сыпайылық адамның тіл қатынасына түскен сөйлеуші жақтың өз тарапынан орындалатын мәдениеттіліктің, саналылықтың, тәрбиеліліктің, жоғары адамгершілік қасиетінің көрінісі. Құрмет – сол сөйлеуші жақтың сыпайылығымен жалғасатын тыңдаушы жақтың адамгершілік қадір-қасиетін дәріптеу, құрметке лайық дәрежені сөз арқылы мәнін көтеру. Құрмет дәрежесінің сыпайылық дәрежесінен ауқымы кең. Қоғамдық ортада құрметке жету үшін әр адамды адамгершілігімен, адал еңбегімен басқа да құндылықтарымен көпшілік арасында абыройға ие болуды міндеттейді. Бұл құрметке лайықталған адамның дәрежесі, дәріптеу мазмұны болып саналады. Мысалы: 1. *Ойрат қолын ойсырата жеңіп, Шаған шатқалынан айдап шыққанда, мана ақбозға мініп дара шапқан батырдың Қабанбай екенін біліп, Абылай қатты разы болғанды. – Қайыраусыз өтер қара қылышым-ай! Даңққа жеткізген дара бозым сен екенсің зой! Егер биікке бекініп алған жау қамалына қалың қолды көтеріп сен шаппағанда, бүгінгі шайқастың немен бітері неғайбыл еді. Бүгіннен бастап, қабанбай атың хан ұранына айналып, жорықтағы есімің Дарабоз болсын! – деп құшағына алып, үстіне алатын зерлі тонын жапқан.* (Қ. Жұмаділов).

Сонау жаугершілік заманда ерен батырлығымен танылған қанжығалы Қабанбайдың ерлігіне сүйсінген Абылай хан өз аузынан батырын дара шапқан «Дарабозым» деп құрметтеуі осыны көрсетеді. Берілген мысалдағы құрмет мағынасының туу мазмұны терең екенін байқаймыз. Құрмет мағынасы сыпайылық мағынадан ажырамай өте тығыз байланыста жүреді. Құрметке лайықталған жанның қадір-қасиетіне, дәріптелу мазмұнына тиесілі құрметі сөйлеуші жағынан тілге тиек етілмесе, онда сөйлеуші жақтың сыпайылығы жетімсіз болғаны. Сол себепті құрмет көрсетудің басы адамның (сөйлеушінің) сыпайылығымен басталады. Құрмет пен сыпайылық мағынасының тілде берілуінде екеуі де бірдей реңкті тепе-тең ала бермейді. Кейде сыпайылықтың реңкі қалыңдау көрініп тұратыны бар. Бұндайда құрметтеу мағынасы мүлде жоқ деп айтуға болмайды. Өйткені сөйлеуші жақтың хабары тыңдаушы жақты құрметтегендіктен сөйлеуші жақ солай сөйлеуге хақылы. Сыпайылық адамның ішкі сезім түйсігімен түрлі қоғамдық орталарда әртүрлі мазмұнға сай орындалатын әдеп. Ал құрмет міндетті түрде екінші жаққа яғни, құрмет нысанасына іліккен жаққа бағытталады. Сыпайылық пен құрметтің тілдегі орындалуын кейбір зерттеушілер тек, ауызекі тіл қатынасына негіздеумен, сөйлеушінің өз мәдениетіне ғана байланыстырып қарастырады. Бұл біздің пайымдауымызша бір жақты ғана болар еді. Тілдегі жалпы сыпайылық пен құрмет мазмұнының сипаты қоғамдағы прагматикалық мазмұнмен өрістеледі.

Қатынасқа іліккен екі жақтың да бүкіл әлеуметтік адами, қоғамдық болмысы сөйлеуші тарапынан да, тыңдаушы жақтан да қабылдар ой- мазмұны да есепке алынуы керек. Мысалы, *құрметті ұсынушы жақ, құрметті қабылдаушы жақ* (орыс тілінде адрессив, адресат) қатынасы негіздері деп

қарастырылады. Тілде сөйлеу мәдениеті бар және сыпайылық бар. Сөйлеу мәдениетінің басты мақсаты – айтылар ойды дұрыс әрі дәлдік мағыналы сөзбен, сондай-ақ ойға қатысты тілдік бірліктермен тұлғаларды тілдің ішкі заңдылықтарына сай келтіріп, сөйлеудегі қалыптасқан тәртіппен бере білу.

Сонымен, сөйлеу мәдениеті – жалпы әдеп ұғымының қомақты бөлшегі. Жалпы адамға тән сыпайылық әдеп өлшемінде белгілі бір қоғамдық ортада адамның дұрыс айшықты сөйлеу мәдениеті де жалпы адам бойындағы мәдениетпен ұштасып жатады. Әдеп – сыпайылық ұғымының адам психологиясымен ұштасып жатқан қасиеті. Сөйлеу мәдениеті адамның әдеп, әдет, сыпайыгершілік қасиетінен туындайды. Адамның о бастағы жаратылысымен біте қайнасқан адамгершілік қасиеттің көрінісі – сыпайылық. Сыпайылығы жеткен әдебі қалыптасқан адамның сөзі ғана екінші бір тыңдаушы жақтың назарын өзіне аударуға жетеді.

Әдебиет:

1. Маслова В.А Введению в лингвокультурологию. - М.,1977.-272с.
2. Формановская Н.И Речевой этикет и культура общения. - М.,1989. -159с.
3. Чарыкова О.Н Менталитет и «образ мира»// Язык и национальное сознание. - Вып.1.– Воронеж,1998. - С.26-27.

Иванова И.

*канд. филол. наук, младший научный сотрудник
Сектора грамматики и диалектологии якутского языка
Институт гуманитарных исследований и проблем
малочисленных народов севера СО РАН*

Лексические средства выражения длины, расстояния в якутском и казахском языках (функционально-семантический аспект)

Одним из составляющих функционально-семантической категории количественности в якутском языке является микрополе величины, где первым можно выделить понятие пространственного характера – микрополе длины и расстояния. Длина – физическая величина, определяющая расстояние между двумя наиболее удалёнными точками одного предмета, измеренное горизонтально. Как известно, единицами измерения длины являются *сантиметр, метр, километр, дециметр, миллиметр, микрометр* (международная система единиц), *аршин, вершок, сажень, верста, пядь, локоть* (старые русские меры), *дюйм, фут, ярд, миля* (система английских мер) и т.д.

Как известно, тюркские народы имеют свои исконные единицы измерения, которых частично можно услышать и по сей день. Систематизацию данных мер длин начнем с самых коротких длин и будем сопоставлять с казахскими аналогичными примерами. Единицами измерения короткой длины служат, в основном, названия частей тела человека, как у многих народов [1] одним из первых счетных приборов для человека были пальцы рук, ладонь, кулак.

Елиш (тарбах) «палец» – *ели* (каз. сұқ саусақтың еніне тең ұзындық бірлігі, ≈ 2 см) [2]. *Ели* – мера длины, равная ширине указательного пальца (около 2 см). Четыре сложенных рядом пальца (от указательного пальца к мизинцу) называется *төрт ели* – *четыре ели* (около 7-8 см).

Бармақ / бармак (ширина большого пальца) $\approx 2,2-2,3$ см. Толщина сала казы, ширина орнаментов измерялись с помощью этих мер (*ели, бармак*). У бармак (бармак) есть некоторое сходство с английской мерой дюйм: бармак – ширина большого пальца, дюйм – расстояние, равное от конца большого пальца до его первой фаланги.

Тутум «мера длины, равная высоте сжатого кулака, или ширине четырех пальцев (7-9 см)». Слово образовано от глагола *тұт* «держать» и «хватать» при помощи общетюркского аффикса -м [3, 294-302], имеет значение способа действия.

якут. *Тобус тутум уһуннаах толбоннулар уһун суһуохтаах*
«С длинной косой длиной в девять кулаков».

В казахском языке *тұтам* (бес саусақпен тұтқандағы (қысқандағы) көлемге шамалас, $\approx 8-9$ см [2]) – мера длины, равная ширине четырёх пальцев: *бір тұтам* – коротенький.

Бөрсүөк «длина от верхнего сустава до нижнего сустава среднего пальца (3-4 см); вершок». Слово, заимствованное из русского языка.

Сүөм «мера длины, равная расстоянию между концами большого и указательного пальцев (18-20 см); пядь». Ср.: кумык. *сюем*, ног. *сьюем* [4, 23]. *Мунур сүөм* – мера длины, равная расстоянию между большим и согнутым средним пальцами (12-14 см).

В казахском языке есть *сүйем* (кере созылған бас бармақ пен сұқ саусақ ұштарының арасына тең ұзындық өлшемі, ≈ 17-18 см) – расстояние между растянутыми большим и указательным пальцем (≈ 17-18 см). Часто используется сынық суям (*сынық сүйем* – бас бармақ пен сұқ саусақтың екі буыны бүгілгендегі аралық, бір сүйемнің төрттен үш бөлігі, ≈ 14 см [2]) – расстояние от подогнутого сустава указательного пальца до большого пальца руки.

Харыс «пядь» – мера длины, равная расстоянию между концами до отказа раздвинутых большого пальца и среднего ≈ 20-25 см. Ср.: кумык. *къарыш*, ног. *карыс*, кирг. *карыш*, башк. *карыш*, хак. *харыс* [4, 23].

якут. [Сабы] 3-4 *харыстан* ордук уһун гымматтар.

«Нитку не делают длиннее 3-4 харыс» [ХУ ХС 36].

В казахском языке *карыс* (*қарыс* – бас бармақ пен ортаңғы саусақтың аралығымен өлшенетін ұзындық өлшемі, ≈ 19-20 см) – мера длины, равная расстоянию между широко расставленными большим пальцем и мизинцем (около 19-20 см). Широко применяется в быту и при строительных работах меры длины как *жырта қарыс*, *кере қарыс*, *сере қарыс*, *қарыс сүйем*, *қарыс-қарыс*, *сүйем-сүйем*, *қарыс жер*, *аузы алты қарыс*, *бойы бір қарыс*, *сақалы қырық қарыс*). *Кере қарыс* – бас бармақ пен ортаңғы саусақтың барынша керіле созылуы. *Сере қарыс* – бас бармақ пен шынашақтың арасы [2].

Тоголох «от локтя до нижнего сустава среднего пальца (32-35 см)»

Уллунах «мера длины, равная длине ступни ноги», каз. *табан*.

Хары «от локтя до запястья», каз. *қары* (қар (қолдың қары) – кеуденің орта тұсынан кере созылған қолдың ортаңғы саусағының ұшына дейінгі аралыққа тең ұзындық бірлігі, ≈ 80-85 см [2]) – қары – мера длины, равная расстоянию от середины груди до конца указательного пальца (около 80-85 см). Иногда для промеров кары измеряли расстояния от правого плеча через всю грудь до конца вытянутых пальцев левой руки (≈ 1 м) – Кейде оң иықтан бүкіл кеудені бойлай өтіп, кере созылған сол қолдың ортаңғы саусағының ұшына дейінгі аралық та (≈ 1 м) қары ретінде алынады.

Арсыын «мера длины от кончика среднего пальца до плеч (70-72 см); аршин» (*арсыынай табаар*; *арсыыннаа*). Ср.: кумык. *ар*, *аршыын*, ног. *аршыын*, карач.-балк. *ар*, хак. *арийн* [4, 23].

В казахском языке *аршыын* называют *кез* (шынтақтан саусақ ұшына дейінгі ұзындық [2]). Аршином измеряли привозные ткани, материалы для одежды. Такие ткани казахи называют *кездеме*.

якут. *Быһайын Хоноодой оҕонньортон үс арсыын сытыйбыт сарапыыгканы кытта чэй, табах ылбыттыт ди*

«Прошлым летом у старика Хоносоя заняли всего-навсего **три аршина** простого ситца, чай, табак» [ККТ, 20].

Былас «маховая сажень, размах» 1,76 м – старая русская мера длины, равная расстоянию между концами средних пальцев раздвинутых в стороны рук (150-180 см) [ТСЯЯ II 693]. В якутском языке термин *былас* имеет много значений и видов, например, обхват чего-либо (например, талии, бедер человека), *дубук былас* «чуть меньше маховой сажени», *кэбинэ былас* «чуть больше маховой сажени», *нуучча былаһа* «три аршина» –2,134 м; *уунар былас* «мера длины, равная расстоянию от кончика большого пальца левой ноги до третьего сустава (основания) среднего пальца вытянутой вверх правой руки» [5, 15] «косая сажень 2,48 м».

якут. *Абыс былас суһуохтаах Айталы Куо*

«Айталы Куо с восьмисаженной шелковой косой».

В казахском языке он соответствует *қулаш* (*құлаш* – иық деңгейіне сәйкес кере созылған екі қол ұшының арасына тең ұзындық бірлігі, ≈ 165-175 см [2]) – мера длины, равная расстоянию между концами пальцев обеих рук, вытянутых в противоположные стороны на уровне плеч. Широко применяется в быту и *кере құлаш* (иық деңгейінде кере созылған екі қол ұшының аралығы), *сала* (*көш*) *құлаш* (үш құлаш – расстояние, равное 3 кулаш).

Для измерения длинных расстояний используются другие термины. Длинное расстояние между предметами неудобно мерить частями человеческого тела, поэтому используются следующие термины параметрии:

Саһаан «сажень» – старая русская мера длины, равная 2,134 м, сажень. *Бэчээтинэй саһаан* «полномерная, большая сажень (210-213 см)». В казахском языке – сажын (үш кезге парпар ұзындық өлшемі, шамамен 2,13 м). В слове *сажень* присутствует древний праславянский корень **seǵь*, **seǵьenъ*, связанный с глаголом сгать «протягивать руку» [6, 110].

якут. [Быыкаанныыр] үс сүүсчэкэ саһаан сиргэ баар амтаарга бэрт эрэйинэн тиийдэ

«Быканныр еле-еле дошла до амбара, который находился в 300 саженей» [АА А 14].

Термин *саһаан* также особенно используется при измерении длины веревки, нитки, проволоки, салама и др.

якут. *Ситиини иккилитэ эрийэ-эрийэ, устата биур саһаан буолуо диэри өрүллэр* «Вережку из конской гривы плетут длиной в один сажень» [ХУ ХС 34].

Көс «якутская мера длины, равная, примерно, 10 км» [ЯРС, 182]. *Тыыллар көс* «самый большой көс» *көч*.

Э.К. Пекарский в «Словаре якутского языка» пишет, что *көс* имеет несколько видов: *сатыы көс*, *сатыы куннук* – 7-8 км, *ат көһө* «конная миля – 10 верст», *сиэлэр ат көһө* – «миля бегущей рысью лошади» – 13-14 км, *обус көһө* «бычья миля», *тиинг көһө* «беличья миля; переезд, который делает тунгус во время кочевания при охоте на белку» [ЭКП СЯЯ I 1170 ст.]. В казахском языке *көш* (козы көш жер – 15 км, көктемгі көш жер – 20-30 км, жайлау көш жер – 40-200 км, күзгі көш жер – 50-60 км, қыстауға көш жер – 30-40 км, орта көш жер – 70-80 км) [2].

якут. *Туораахтаах икки Талкы оҕонньордоох икки ардылара икки көс*

«Расстояние между балаганами, где живут Туорах и старик Талкы, **двое верст**» [К КТ 16].

Биэрэстэ «верста» – старая русская мера длины примерно 1,06 км. Ср.: хак. *версга*, ног. *шакырым*, башк. *сакрым*, кумык. *чакъырым* [4, 23]. В казахском языке – *шақырым*. *Шақырым* (*шақырым* – дауыс жетер жердегі қашықтық) – расстояние, на которое может быть услышан звук человеческого голоса.

Абыйах биэрэстэлээх сир «Не далеко, всего несколько верст». Верста – это самая распространенная единица измерения больших расстояний в России и в XIX в. [6, 108-118].

Для измерения больших расстояний обычно использовались сочетания названий времени и проходимого пространства. Особенно большие расстояния измерялись днями, переходами, привалами. Для величины день пути условно применяли расстояние (или 35-40) километров, а для конного дня пути – 50-70 километров.

Куннук сир – расстояние, проходимое путником за день (примерно с 7 часов утра до 7 часов вечера). В казахском языке данная параметрия используется активно: *күндік жер*. Также можно определить расстояние по слуховому или визуальному восприятиям: расстояние, на котором можно услышать крик человека, животных, топот коня и др. Например: *бір көш жер*, *қозы көш жер*, *қамшы салым жер*, *иек артпа жер*, *әудем жер*, *дауыс жетер жер*, *иттің үргені естілер жер*, *қара көрінім жер*,

көз ұшындағы жер, *тай шаптырым жер*, *аяқ жетер жер*, *құнан шаптырым жер*, *ат шаптырым жер*, *түстік жер*, *бір қыдыру жер*, *түстік жер* [2].

Таким образом определяли расстояние славянские, финно-угорские, тюркские и многие другие народы [6].

якут. *Үс куннук сиртэн үөгүүтэ иһилиннэ* [ОП ТА 71].

«Слышно, как кричит, из **далека, до которого дойдешь через три дня**».

Периферийными средствами выражения микрополя длины, расстояния являются параметрические прилагательные и наречия с семой *кылгас* «короткий», *уһун* «длинный», *кэтит* «широкий», *синньигэс* «тонкий», *ыраах* «далекий», *чугас* «близкий», *чизэски* «немножко далеко», с частицами *собус*, *быһыылаах* и др. В казахском языке *алыс*, *шалғай*, *қашық*, *жырақ*, *шет*, *қиыр* (далеко), *таяу*, *жақын*, *жуық* (близко). Например, *тиіп тұрған жер*, *қол созым жер*, *қарға адым жер*, *таяқ тастам жер*, *иек астындағы жер*; *ит өлген жер*, *ит арқасы қиянда*, *түйенің табаны түсер жер*, *алты айшылық жер*, *жердің түбі*, *айшылық жол* [7]. Лексический пласт параметрических прилагательных и наречий считается средством выражения качественной величины, т.е. данные средства являются точками соприкосновения двух функционально-семантических категорий, категорий количественности и качества.

В число лексических средств выражения понятий длины или расстояния входят фразеологические обороты. Например, единица *бардар бараммат* имеет значение беспредельное, безграничное расстояние для ходьбы (например, о дороге, о поле и др.): *Бардар бараммат суолунан салғы айаннаан иһэбин* [ОП ТА 57]. *Идешь по этой длинной дороге, которая никогда не заканчивается*. Данное ФЕ иногда используется для определения широкой площади. *Бардар бараммат киэн ходуһа* «Преширокое поле».

саа тэбиитэ обозначает расстояние ружейного выстрела, примерно не дальше 50 м. *Бэбэһээ кэлбит оһолор дурдалара миигиттэн биэс-алта саа тэбиитэ күөл арбаа кытыытыгар баалара* [ТСЯЯ VIII 64] «Укрытие приехавших вчера детей находится в западной стороне озера в расстоянии пяти-шести ружейных выстрела от меня». *Миэхэ саа тэбиитэ да чугаһаама!* «Не подходи ко мне (даже на ружейный выстрел) или (даже на пушечный выстрел)».

ФЕ *көстөөх сир* «далеко находящееся место» [СТСДТ 45] образно выражает довольно далекое расстояние:

Көстөөх сиртэн ытабын ди, доһор

«Дружок, целишься-то с далека» [СТСДТ 24-25].

А также в казахском языке есть и другие единицы измерения длины, расстояния:

Ат шаптырым жер – расстояние, покрываемое скакуном.

Буын –меры длины, длина двух суставов ср. пальца руки (ортаңғы саусақтың ұшынан оның ортаңғы буынына дейінгі аралыққа тең ұзындық бірлігі), ≈ 5-6 см).

Қадам // адым – мера длины, равная шагу человека (адамның бір адымына тең ұзындық бірлігі), ≈ 60-70 см.

Шынтақ – қолдың ортаңғы саусағының ұшынан шынтақтың бүгілген жеріне дейінгі аралық. Қазақстанда кең тараған Бұхар шынтағы ≈ 40-41 см.

Аттам – адымның созылыңқы шегі.

Құрық бойы деген өлшем «құрықтың ұзындығындай ғана жер» дегенді білдіреді, ≈ 4-5 м.

Тұсау бойы – жылқының алдыңғы екі аяғының арасы.

Шідер бойы – жылқының алдыңғы оң аяғы мен артқы сол аяғының арасы.

Түстік жер – ат жүрісімен шамамен 4-5 сағаттық жер.

Сәскелік жер – сәскеге дейін жететін жер.

Айлық жер – ат жүрісімен шамамен 28-30 күндік жер.

Күндік жер – ат жүрісімен шамамен ≈ 8-10 сағаттық жер.

Әудем жер – көшпелі өмірдің қажеттілігінен туындаған қашықтық өлшемінің ішіндегі сирек қолданылатын түрі. «Әу» деп айқайлағанда дауыс жететін, естілетін жер, яғни жақын жер деген мағынаны аңғартатын тіркес, ≈ 100 м

Дауыс жететін жер – ≈ 250-300 м.

Ат шаптырым жер – ≈ 25-30 км.

Тай шаптырым жер – ≈ 15 км // в некоторых источниках – 4-5 шақырым

Құнан шаптырым жер – ≈ 8-10 шақырым // в некоторых источниках – 3-4 шақырым.

Таяқ тастам жер – тым жақын жер, яғни ≈ 10-15 м.

Арқан бойы – ≈ 7-8 м.

Тепе – екі шақырым.

Иек астында – 4-5 шақырым.

Көз ұшында – 6-7 шақырым [7].

Таким образом, выявлено, что в якутском и казахском языках лексические средства выражения функционально-семантического микрополя длины, расстояния – это, во-первых, основной пласт, исконно-якутские параметрические термины. Сюда входят и исконно-якутские и заимствованные из русского и других тюркских языков термины. Второй периферийный пласт представляют параметрические прилагательные и фразеологические обороты.

Сокращения:

АА А – Аммы Аччыгыя. Атаҕастабыл. – Дьокуускай, 1995. - 116 с.

К КТ – Кундэ –Иванов А.А. Кыыһар тунат. – Якутской: Книгиздательствота, 1979. - 296 с.

ОП ТА – Ойунский П.А. Талыллыбыт айымньылар. - Үһүс том. – Дьокуускай, 1993. - 480 с.

СТСДТ – Саха тылын сомоҕо домоҕун тылдьыта. Григорьев Н.С. - Якутск: Книжное изд-во, 1974. - 128 с.

ТСЯЯ – Толковый словарь якутского языка. - Новосибирск: Наука, 1992.

ХУ ХС – Алексеев И.Е. Холумтан сылааһа: саха үгэһэ, дьарыга. – Дьокуускай: Бичик, 2013.

ЭКП СЯЯ – Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. - Л., 1959.

Литература:

1. Шозимова Т.Д. Выражение мер длины и веса в шугнанском языке и английском языках. Автореф. ... канд. филол. наук. - Душанбе, 2012. 25 с.

2. Сен білесің бе? Энциклопедия / Құраст.: Қ.Ж. Райымбеков, Қ.Т. Байғабылов. – Алматы: Аруна, 2011. - 695 б.

3. Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. Опыт сравнительного исследования. – М.: Наука, 1966. – 437 с.

4. Асадулаева П.У. Названия старинных мер измерения в кумыкском языке // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2014. №12. Часть 2. – С. 22-24

5. Алексеев А.Е. Некоторые проблемы развития якутской математической терминологии. – Якутск, 1992. – 64 с.

6. Лебединская В.Г. История русской метрологической терминологии. Дисс. ... доктора филол. наук. – М., 2014. – 475 с.

7. Қазақ сөздігі. – Алматы, 2013. - 1488 б.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы афоризмдер

Қараханидтер дәуіріндегі түркі тілдес халықтарының тілі мен әдебиетінен орын алатын ең танымал туындылар ретінде Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік», Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі» мен Ахмет Йүгінекейдің «Хибатул хакайық» еңбектерін жатқызамыз. Бұл –

көне түркі дәуірінен кейінгі XI-XV ғасыр аралығындағы жазба дүниелер аралас түркі тілдері (тайпа тілдері) негізінде жазылғаны бүгінгі таңда нақтыланған мәселе. Сол кезеңдегі қоғамдық-саяси өмірінен, ғылымы мен әдебиетінен, тілінен, әдет-ғұрпы мен наным-сенімнен т.б. аса қырыуар мол деректер беретін бірден-бір көркем туынды – Жүсіп Хас Хажиб Баласағұнның «Құтадғу білігі». Бұл тамаша ортағасырлық туынды С.Е.Малов, А.М.Щербак, Г.Ф.Благова, В.В.Бартольд, В.В.Радлов, А.З.Валидов, С.Н.Иванов К.Каримов, С.Муталибов, Н.Келімбетов т.б. әлемдік және отандық түрколог ғалымдардың назарында болып, жан-жақты зерттелді. Аталған дастанның Вена, Қайр Намангали нұсқалары белгілі. Оны Каримов өзбек тіліне (1971), Н.Гребнев (1971) пен С.Иванов орыс тіліне (1983), А.Егеубаев қазақ тіліне (1986), бір топ аудармашылар ұйғыр тіліне(1984) транскрипциялап, аударды.

Қарахан әулеті билік жүргізген дәуірде ұлан-ғайыр өлкені алып жатқан осы мемлекеттің басқару тәртібін белгілейтін ережелер, сондай-ақ, қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын тиісті заңдар болмағандықтан, елдегі осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» дастанын жазады. Демек, дастан сол кезеңдегі елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарады. Аталған шығарма – дидактикалық мазмұнда, яғни **үгіт-насихат сипатында жазылған**. Сондықтан дастанда **әртүрлі тақырыптар жөнінде әңгіме қозғалады**. Патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлері мен елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, тәуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың, т.б. қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігі жайында жеке-жеке баяндалады.

Дастанды тілдік тұрғыдан сарайлатын болсақ, ғылыми мәні ерекше. Түркологияда дастанның тілін қазіргі түркі тілдерінің қайсы тобына жатқызуға болатындығы туралы әрқилы пікірлер айтылып келеді. Мәселен, С.Е.Малов көне ұйғыр тіліне, А.М.Щербак қарлұқ тіліне, Г.Ф. Благова қарлұқ-қыпшақ тіліне жатқызады. Н.Келімбетов бұл еңбекті сол кезде Қашқардан бастап, сонау Амударияға дейінгі ұлан-ғайыр өлкелер мен уәлаяттарды өзіне қаратқан Қарахан мемлекетінде өмір сүрген түркі тайпаларының бәрін бірдей түсінікті, ортақ әдеби тілде жазғаны даусыз деген пікірге келеді [1,122].

Автор өз шығармасының кіріспесінде дастанның қайсы тілде жазғанын айта келіп, былай дейді:

Әрәбчә тәжікчә китаблар үкүш

Бізнің тлімізгә бұ иұмғу окуш

Арабша, тәжікше кітаптар көп

Ал, бұл – тіліміздегі тұңғыш даналық жинағы

Әрине, бұл кезде Жүсіп Баласағұнға өз шығармасын араб не парсы тілінде жазу әлдеқайда жеңіл болар еді. Өйткені осы кезде араб және парсы тіліндегі шығыстың классикалық әдебиеті мейлінше дамып, көркем образдар жасаудың ғажайып үлгілерін көрсетіп жатты. Оның үстіне бұл тілдерде жазылған поэзиялық, прозалық туындылармен жан-жақты таныс болды. Демек автор бұл шығармасын орта ғасырларда бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған Қарахан әулеті мемлекеті түріктерінің тілінде жазуды мақсат тұтқан.

Дегенмен шығармада ізгілікке құштарлық пен іңкәрлік, сопылық танымдағы Алланы сүю, әлем мен адам сырына терең бойлауға ұмтылушылық белгілер тән. Себебі, исламдық идеология орта ғасырларда мемлекеттік дәрежеге құлаш жайып, саяси-әлеуметтік танымға айналуы Қарахан мемлекетінің іргетасын нығайтып, мәдениетін өрістетті. Бұл жайында А.Н.Романов пен С.Н.Иванов: «Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» поэмасы – ең алғаш, ең көне, әзірше жалғыз, мұсылман идеологиясының негізінде, осы идеологияны уағыздаушы ретінде түркі тілінде жазылған шығарма», – деп баға береді [2].

«Құтадғу біліктегі» кірме араб және парсы сөздері жөнінде Қ.Сейтжанов былай дейді: «Бұл поэмада түркі поэзиясының жаңаша дәстүрінде қолданылуға тиісті араб-парсы поэтикасы заңдылықтары шектеулі түрде болса да көрініс табады. Ең бастысы, араб-парсы поэзиясы арқылы енген аруз өлең өлшемі тұңғыш рет осы поэмада қолданылады. Жүсіп Баласағұнның шығармасы ішкі мазмұнымен, дидактикалық бітімімен жалпы түркі өлең дәстүрінде ағартушылық бағыттың іргесін қалып, негізін қалыптастырған. Араб-парсы поэтикалық «Құтты білікті» толықтай шығыстық үлгідегі шығарма деп бағалау әбестік болар еді. Құтты біліктегі араб-парсылық әсер негізінен өлең

фомасымен және кейбір жанрлық шарттылықтарымен ғана шектеледі. Ал ондағы образдар жүйесі, ақынның сөз саптау салты шығыстық әсерден ада» [2]. Арузбен жазылған поэзиялық туынды болғанымен, ақын кейінгі дәуір түркі тілді өлеңдеріндегідей өлшем, ұйқас мүмкіндігі үшін кірме сөз қолдану тәсіліне бармайды. Тіпті Алла деген сөздің орнына Тәңрі, Тәңрі-тағала сөздерінен сирек қолданылған. «Құтты білік» дастанындағы образдар жүйесі шығыс поэтикасындағы дәстүрлі образдан гөрі таза көшпелі танымнан туған түркі эстетикасына етене жақын. Мұндағы троптардың басым көпшілігі ежелгі түркілердің нанымына, дәстүріне, көшпенді жұрттың санасына жақын ұғымдардан туындайды [3].

Поэмада кейінгі түркі классикалық поэзиясына араб-парсы өлең дәстүрінен енген дәстүрлі образдар мен тұрақты бейнелі тіркестер кездеспейді. Сондықтан «Құтты біліктің» шығыстық сипаты оның өлең формасы, өлшем жүйесі және кейбір жанрлық шарттылықтарында ғана деп айтуға толықтай негіз бар. Түркітану ғылымында поэманың шығыстық сипаты немесе ұлттық бітімі төңірегіндегі дау-дамай, пікір-талас толастамағынымен, «Құтты білік» түркі өлең тарихында түбегейлі бетбұрыстың, көркемдік жаңашылдықтың бастау болған бірігей туынды болып қала береді.

Дастан адамның жақсы, жаман қасиеттерін дәріптейтін гуманистік ойларымен көрініс табады. Ақын «адам» тұлғасын қалыптастыратын рухани дүниесінің тазалығын өзек етеді. Өз заманының қоғамдық-әлеуметтік жағдайына байланысты адам феноменін құрайтын негізгі жақсылық-жамандық қасиеттерді «билеушіге» (билеуші тап өкілдеріне) қатысты айтады. Себебі, ақын мәселені әмірші-патшаның өзінен бастайды. Ел-жұртты басқаратын адам – ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, білім мен өнерге жетік, қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақтамайтын жан болуы шарт екенін айтады.

Билеушілердің қатыгездік, сараңдық, надандық секілді жағымсыз мінездерін сынға алып отырып, мейірімділік пен ізгілікке үндейді. Ел-жұртты басқаратын адам ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, өнер мен білімге жетік, қолы ашық, пейілі кең, әділ билік жүргізе алу керектігін жыр жолдарының басты кредосы болып табылады. Осыған байланысты жазба мұрағатта адамның рухани байлығын құрайтын «сенім», «жомарт», «мейірім», «білім», «адалдық» микроәрістері «бақытқа» қол жеткізудің негізгі компоненттері болып табылады. Ақын жыр жолдарында *адамгершілік* аясында шоғырланған микроәрістер көне түркілік, шығыстық сарындағы тілдік бірліктермен, афоризмдермен, мақал-мәтелдермен, тұрақты теңеулермен репрезенттеледі.

Афоризм – бірінші кезекте дидактикалық поэзияның жемісі. Афоризмдердің тууына түрткі болған ең негізгі себеп қоғамдық жағдай, қоғамдық қажеттілік. Жазба ескерткіш тіліндегі афоризмдердің басты тақырыбы – адам және қоғам болса, оның ішінде адамгершілік, білімділік т.б. адам бойындағы жақсы қасиеттерді насихаттайды.

Жазба ескерткіш тілінде кездесетін афоризмдердіңені *адамгершілік* тақырыбында жазылған. Мысалы, ел басқарған әкімдерді күншілдік, ашкөздік, сауық-сайранға құштарлық, қатыгездік, кекшілдік сияқты жаман қылықтардан сақтандырады. Мысалы, *Екі түрлі ат тілде жүреді, бірі – жақсы, бірі жаман болып дүниеде қалады*, – деген Ж. Баласағұнның өсиет сөзі мәңгілікке жақсы атың қалсын десең, сүрінгенге қол ұшын бер.

Әсіресе, ақынның қазақ тілімен мәндес келетін өсиет сөздері баршылық. Мәселен, *Ұлұғ болдұң арса кішіг тұт көңіл, ұлұғқа кішілік йарашұр оғұл* деп келетін нақыл сөзі тілімізге ерксіз «Ұлұқ болсаң, кішік бол» тіркесі оралады. Сонымен қатар жазба мұрадағы *Күміш көрсә йалнұқ көңул тұтмаса, йарағай аны шын фәріште тесә* қазақ ұғымындағы «Алтын көрсе, періште жолдан таяр» дегенге сай келеді.

Ақын сөзімен айтқанда, «*Елші ердің төрт құбыласы тең болсын, елде – кісі, сыртта – бүтін ел болсын!*» – дейді. Дастанда осылайша елдегі барлық лауазым, кәсіп иелеріне қойылатын моральдік-этикалық талаптарды ақын өз тарапынан небір түйінді, тұжырымды, нақылға бергісіз қанатты сөздерді қалыптастырады.

Ескерткіштер тіліндегі рухани-адамгершілік тақырыбының бірі ретінде *білімді* насихаттауға бағытталған. Білім тақырыбы қай кезеңде болмасын өз мәнін жоғалтпаған. Ортағасыр ақындары адам баласының қадір-қасиеті білімді болғанда ғана артады деген қорытындыға келеді. Мысалы, *Білігні бәдүг біл укушны ұлұғ* – Білімді биік, ақылды ұлық деп есепте. Адамгершілік қасиеттер дегенде білімділіктен кейін сабырлыққа көңіл бөлу керектігі сөз болады. «Сабыр түбі – сары алтын» деген халық даналығы өлең жолдарында негіз етілген. Жүсіп: «*Сабыр етсең – іс байлыққа басады, шүкір қылсаң – байлық асып тасады, шүкіршілік қылғанның ырысы артады, «Сабырлы кісі тілегіне жетеді», «Асығыс түбі – өкініш»* деп жырлайды.

Дастанның тілге арналған тарауында тіл өнеріне, тіл мәдениетіне терең пайымдаулар жасаған. Мысалы, «*Біліп сөйле, сөзіңде сөл, оң болсын, сөзің түпсіз қараңғыға көз болсын», «Жамандық та, жақсылық та тілден, тілді тыйып ұстап, орынды жұмсау – білімділік, тәртіптілік».* «Тіл әдебі – барлық уақытта бар әдептің басы болып саналған», - деп ескертеді.

Ақынадамгершілікті отбасылық тәрбиемен ұштастырады. Адам бойындағы жақсы мінездің қаншалықты мәнді екенін былайша өрнектейді: «*Ақ сүтпен бірге сіңген жақсылық айнымайды алғаниша ажал қапсырып*» дегені халқымыздың «Сүтпен сіңген сүйекпен өтеді», ал «*Бала білім жолын қусын, бесігінде-ақ білім жолын көрсеңіз*» дегені «Баланы – жастан» дегенмен үндес келетіні аңғарылады. Осы сияқты «Құтты білік» дастанында көрініс тапқан мақал-мәтелдердің, афоризмдердің қазақ халқының ауыз әдебиетінде қалай жалғасын тапқандығы, өзгеріске түскендігі, мағыналық үндестігі, сабақтастығы байқалады.

Сонымен **заманы басқа дегенмен** өмір сүрген ортадағы **бұл жазба мұрағаттың** өн бойында жалпыадамзаттық рухани байлықтардың мәнін саралауда **тәлім-тәрбиелік маңызы зор асыл сөздермен өрнектелген** қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді **кездестіруге болады.** Ақынның әрбір қанатты сөздерінен, мақал-мәтелінен өмір тұжырымдарын, философиялық ойларды көруге болады. Солардың ішіндеқазіргі қазақ тілінде қаз-қалпында кездесетіндері де бар. Қазақ тіліндегі бір де бір сөз, не фраза кездейсоқ, қалай болса, солай жасала салмаған. Бәрінің де жүйесі бар, түпнегізі бар, себеп-салдары бар. Қоғам өміріндегі, халық тарихындағы неше алуан әдеби, мәдени, рухани процестердің ізі көп жерлерде тілден де орын тебеді. Мұның неше алуан дәлелін қайсыбір фразалардан да табамыз. Қазақ тіліндегі бірнеше фразалардың түптөркінін зерттеген ғалым І. Кеңесбаев бұл ойымызды былайша өрбітеді: «Әрқилы әлеуметтік факторларға байланысты туған көптеген фразалардың о бастағы мағынасы әлденеше жүздеген жылдарды артқа тастаған соң, көмескілене бастайды. Тіпті, қайсыбір компоненттері өлі мүше ретінде ғана тіркесіп, тірлік кешеді. Бұлар қай кезде, қандай жағдайға байланысты, қалай пайда болған деген мәселердің басын ашу оңай шаруа емес. Ал осылардың түптөркінін тексеріп, себеп-салдарын анықтаудың тіл тарихы мен мәдениеті үшін маңызы ерекше» [5, 75]. Бір сөзбен айтқанда, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны орта ғасырларда өмір сүрген халықтың сөз өнері мен сөз мәдениетінен мол дерек беретін аса қажетті, құнды мұра болып табылады.

Әдебиет:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2010. - 509 б.
2. Сейтжанов Қ. Алтын Орда дәуірі түркі классикалық поэзиясының көркемдік ерекшеліктері және қазақ әдебиетімен дәстүр сабақтастығы (Мұхаббат-нама, Хұсрау-Шырын поэмалары негізінде): филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.01.02. - Астана, 2003.
3. Егеубаева А. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі. – Алматы: Айкос, 1999.- 204 б.
4. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2010. – 410 б.
5. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 608 б.

Бекмағамбетов Ш.

*филол.ғ.к., Қорқыт ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік Университеті доценті*

Тілдік таңба-нышандардың пайда болуы және оқылуы (С.Қондыбай пікірлеріне орай)

«Тілдік таным негіздері және тілдік символдар»(1999) деп аталатын монографиямызда тіл пайда болуы мен дамуы мәселелерін зерттеушілерді екі бағытқа ажырата көрсеткенбіз. Олардың бірі таза тіл тарихын зерттеуші ғалымдар да, екіншісі мифологиялық бағыттағы ғалымдар болатын. Сонда біз тарихи тіл білімінің мәселеге құрылымдық зерттеулер тұрғысынан ғана келіп, сол деңгейден аса алмай отырғанын, бұл бағыттың тіл философиясына бара алмайтын себептерін көрсете келіп, мифтік бағыттағы зерттеулердің кейбір ілгері кететін тұстарына тоқталдық та былай деп көрсеттік: «Миф және тіл мәселесін тілдің (сөздің) пайда болуы тұрғысынан қарастыратын авторлардың бұл бағыттағы басты жетістігі – тілдің, оның құраушы элементі болып табылатын сөздің түп негізінде *бейнелеу амалдарының* жатқандығын тап басып тануында деп білеміз. Яки, сөзді мифологиялық тұрғыдан қарастырушылар оны «метафоралық ұқсатулар» түрінде елестетеді. Мысалы, А.Н.Афанасьев: «Слово и выражение с начала были метафорическим уподоблением, имевшим лишь поэтический смысл» [1, 9], – дегенде, әрине, мәселенің байыбына толық көз жеткізіп отырған жоқ. Автор өзінің «метафоралық ұқсату», «сөз негізіндегі поэтикалық мағына» дегенін жалпылама түрде бұлдыр елестетеді. Өйткені тілдік символ ұғымын дұрыс түсінбейінше, сөз пайда болу принципін толық ұғыну мүмкін емес. Солай бола тұра, автордың әлдебір сезімдік түйсік арқылы *сөздің бейнелік негізін* аңғаруын біз тіл табиғатын түсінудегі мифологиялық бағыттың озық қадамы ретінде бағалаймыз»[2, 10], – дей келіп, осы бағытта еңбек еткен А.Н.Веселовский, А.А.Потебня, М.Мюллер, А.Кун т.б. авторларды атап өткенбіз. Ал түркілік материалға қатысты бұл бағытта аса жемісті еңбек еткен ғалымдар ретінде «Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Пространство и

время» атты еңбектің авторларын айтар едік [3]. Әрине, бұл бағыттағы мұнан өзге ізденістер де аз емес.

С.Қондыбай еңбегіне қатысты айтқанда да біз оның сөз табиғатын түсінуге мифтер табиғатын тану арқылы келу бағытында еңбектенгенін көреміз. Автордың қазақ мифологиясының жаратылыс табиғатына қаншалықты тереңдей енгені туралы мәселенің басын әзірге ашық қалдыра отырып, біз оның тіл тұрғысындағы, жалпытүркілік (бізде ол жалпыадамзаттық деп аталады) ғаламтанымдық ойлау жүйесі туралы көзқарастарына қатысты кей пікірімізді айтпақпыз. Біздіңше, осы бағытта қаншама еңбек еткенін, бірқатар ізденістерге барғанын түсініп отырсақ та, автордың сөз пайда болуына қатысты бірқатар мәселелерге мифологиялық талдаулар арқылы жақындап бару бағытындағы ізденістері әлі де тіл табиғатын толық түсінуі де, түсіндіруі де бола алмай жатыр. Өйткені тілдің терең қабаттарын түсіну үшін зерттеуші ең әуелі тілші-ғалым болу керек және ең бері салғанда, тіл тарихының маманы болу керек.

Автор: «...Тіпті бұл жерде қазақ (жалпы түркі) сөзіне сәйкес келетін шумер, көне грек, латын, этрусск, көне қытай немесе көне герман сөздерін тауып алудың өзі істі тындыра алмайды, ең алдымен, сөзге, сөздің астары мен төркініне мифтік сана, көзқарас тұрғысынан қарай білуіміз қажет. Тек сонда ғана «сөздер сөйлеп» кетеді...» [4, 198], – дейді. Шынында да, қазіргі бірқатар зерттеушілер түркі сөзіне өзге тілден дыбыстық материалы жағынан ұқсас келетін сөздерді жинаумен айналысып келеді. Бұл кейде дұрыс мәлімет болып шығуы да мүмкін, ал көбіне олай болмай қалатын кездері де жоқ емес. Жалпы, бұл тұрғыдан келгенде, біз де С.Қондыбай пікірін толық қолдаймыз. Ал енді жоғарыда айтылған пікірдің екінші жартысында автордың «... сөздің астары мен төркініне мифтік сана тұрғысынан... қарағанда ғана «сөздер сөйлеп кетеді», – дегенімен келісу қиын. Яки, мифтік сана арқылы көптеген мәселелерге өте жақын баруға болғанымен, тілдің бүкіл мәселелерін мифтер арқылы шешіп тастауға болмайды. Біздіңше, бұл – мәселеге керісінше, теріс жағынан келу болып табылады. Теріс жағынан келу дейтін себебіміз – біздің түсінігімізде, сөз негізінде миф жасалған жоқ, мифтер сөз негізінде пайда болған.

Енді бұл мәселенің кейбір теориялық жайларының қазіргі ғылымда қарастырылуына келейік. Миф пен тілді салыстыра қараған кей орыс ғалымдары қазірде тілді (тілдік танымды) мифке (мифтік танымға) қарағанда кейінгі орынға қойып, осыған сәйкес тілдің орынын, оның ғаламтанымдық қызметін екінші орынға ығыстырып, ал мифтік танымды алдыңғы қатарға шығарып жүр: яки, әуелі адамзат баласы дүние-ғаламды мифологиялық таным арқылы таныған, ал тілдік таным кейінгі құбылыс дегенге саяды. Тіпті тілдік танымды ғылыми таным емес, қарапайым білім деп, ал нағыз ғылыми түсінік негіздері мифтік танымда жатыр дегенді айтады. Мысалы, Н.Б.Мечковская: «По своему содержанию семантическая система языка ближе всего к обыденному сознанию... Язык – это с р е д с т в о, а не содержание; семантическая оболочка общественного сознания, но не само содержание сознания... Если язык – это универсальная оболочка общественного сознания, то религия, точнее, мифолого-религиозное сознание человечества – это общий родник самых глубоких и жизненно важных смыслов общественного сознания. Из мифолого-религиозного сознания развилось все содержание человеческой культуры, постепенно приобретавшее семиотически различные формы общественного сознания (такие как обыденное сознание, искусство, этика, право, философия, наука)»[5, 36],– дейді. Біздіңше, тарихи-генетикалық қалыптасуы мен қызметі тұрғысынан тілдік сананы діни-мифологиялық санадан кейінгі орынға қою – тіл табиғатын тереңнен тани алмаудың көрінісі. Шынында, миф дегеннің бір парасы – ежелгі тілдегі әбден ұмытылып қалған сөз мағынасын қайта тану бағытындағы ізденістерден туған халық шығармашылығының жемісі.

А.А.Потебня: «В мифологии мы должны отличить два совершенно разные области: первая есть продукт мифологического объяснения явлений реального мира, вторая – продукт забвения смысла слов, затемнения речи. Содержание первой – реальный мир, изъясняемый мифически, действительность ненаучного понятия (антропоморфическое мирозерцание), содержание второй – фантастический мир мифических образов, сфера сверхъестественного, поставленная за пределами чувственного мира; первую мы называем мифическим мирозерцанием, вторую - мифологией»[6, 226], – дейді. Мысалы, креске таңылған Христос туралы миф белгілі. Шындығында, «Бұл аңыздың (мифтің) шығуы немен байланысты?» – дегенде, біз «христ» сөзі мен «крест» сөзінің ұқсастығынан, деп білеміз. Шынында, Христос сөзінің шығу негізінде һУ «құдай, жоғарғы әлем» + ур «етістік» + ус «ЕС/СӨЗ» ұғымдары тұр. Бұл жағынан, ол біздің қазіргі тіліміздегі «Құдай», «Құран» сөздеріне ұқсас. Мысалы, «құран» сөзін құ «һу – Жаратушы» +ур + ан/үн «сөзі», – деп түсіндіруге болар еді. Сондай-ақ, «Бақ қарасын, Қыдыр дарысын» деген тәмсілдегі Бақ туралы мифтік түсінік те осыған ұқсас: Бақтың екі көзін қалың қабағы жауып тұрады екен... Бірақ мұндағы негізгі мотив те сөзден шыққан деп білеміз: Бақ – *көз, қарау*, – деген ұғымды білдіретін сөз. Мұндай мысалдар көп-ақ.

Автордың мифологиялық әдіспен түсіндіріп отырмын деген сөздерінің біразы тіл теориясы тұрғысынан сын көтермейді. Бір ғана мысал: ол «Жұт» және «Кер жұтпа» сөздерін дәлелдемек болады. Алғашқы сөзді түсіндіргенде, *кіндікті шеңбер*, яки, «абак» таңбасын жұтудың бейнесі

ретінде түсіндіреді: мұндағы *шеңбер* – *ауыз* екен, ал *кіндік нүкте* «өңеш тесігі» екен, ал олардың дыбыстық негіздері «йүнт/жүнт» екен, осыдан келіп автор, қалай екені белгісіз, «жүту» ұғымы мен осы сөзді шығарады. Ал «кер жұтпа» туралы екінші мысалында: «Алтайлық түркілердің мифтерінің бірінде бас Тәңіриге Өлгеннің (ШБ: Ульгэн, Еркэн...) «ғаламдық мұхитта мекендейтін Ақ Ененің (ұлығ Ана)» бұйыруымен ғаламды жасағандығы баяндалады. Міне, оның жасаған ғаламында «Кер тютпа» (Кер тұтпа) деп аталған балық пішінді екі құбыжық жерге тіреуіш болып тұрады екен Ал В.Радловтың жазбаларында әлгі «кер тұтпа» деген бейненің есімі «кер ютпа» (кер жұтпа) түрінде берілген, осы есімдік нұсқаны (?-ШБ) дұрыс нұсқа деп есептеуге болатын сияқты...»,– дей келіп, мұндағы «кер» сөзіне кейін тоқталармыз, ... деп, *жұтпа* деп алған сөзін осының алдында ғана айтқан «жүту» сөзімен байланыстырады [4, 198]. Бірақ бұл түсіндірме мүлде қисынға келмейді. Тарихи грамматиканың қарапайым түсінігінде түркілік «кер» сөзінің «жер» ұғымын білдіретіні, ал «тұту» сөзінің «ұстау» (бұл жерде: «көтеру») мағынасы бар екендігін, яки, әлгі мифтік бейненің «жерді көтеріп тұрғандығы» туралы түсінік автордың қаперіне келмейді, оның орынына әлдебір өз қиялынан туған, бірақ ақиқатқа еш сәйкеспейтін пікірді алға тартады.

Рас, мифолог ғалымдар айтқандай, тіл негізінде метафоралық бейнелер бар. Бірақ тіл негізіндегі осы «метафоралық бейнелер» дегенді мифолог ғалымдардың өздері де әртүрлі түсінеді. Сөз негізіндегі метафоралық бейнелер дегенде, біз сөз пайда болуына негіз болып тұрған таңбанышандарды түсінеміз. Әдетте, семиотика ғылымының зерттеу объектісі болып табылатын *таңба* мәселесінің әлі де түсініксіз болып келген жайлары көп. Біздегі *таңба* ұғымы орыс және батыс ғылымында *знак* немесе *sign* терминдері арқылы түсіндіріледі. Ал осы *знак* термині мен біз айтып отырған *таңба* термині өзара мағыналық жақтан мүлде сәйкеспейді. Бұл жайлы біздің еңбегімізде жан-жақты айтылған [7, 18]. Яғни, *таңба* сөзінің қазақ тілінде білдіретін ұғымы орыс не өзге тілдерде жоқ. Біздің түсінігіміздегі *таңба* қазіргі ғылымда қалыптасып отырғандай жай ғана знак-белгілеуші емес, аса терең мағыналы, сакральды сипаттағы ерекше құбылыс.

Семиотика ғылымы – өткен ғасырдың 60-жылдарында ғана қалыптасқан өте жас ғылым деп есептеледі. Сонан да болар, қазіргі семиотика ғылымында «знак» туралы ұғымның жалпы ғылыми анықтамасының өзі нақты айқындалмаған. Бұл жердегі мәселе мынада – семиотика ғылымы жаратылыс-болмыстағы, қоғамдағы барша құбылыстарға – мәдениетке, әдебиетке, фольклорға, киноға т.б. салаларға – ортақ семиотикалық жүйені тапқысы келеді және осы жалпы семиотикалық жүйе арқылы тілдің де белгілер (знактар) жүйесі ретіндегі сипатын анықтамақ болады. Бірақ мұндай жалпыға ортақ жүйені белгілеу мүмкін болмай отырғанын семиотика ғылымы қазірде өзі де мойындайды. Тілдің таңбалық сипаты айқын анықталмаған соң, оның шынайы табиғатын түсіну де мүмкін болмайтыны белгілі.

Тілге қатысты мәселеге келгенде, біз *знак* (белгі) терминін мүлде қолданбаймыз, тек *таңба* терминін ғана пайдаланамыз. Өйткені жоғарыда айтып өткеніміздей, тілді «белгілер жүйесі» (қазіргі қолданыспен айтсақ, «таңбалық жүйе») ретінде қарастыру өз нәтижесін берген жоқ. Сондықтанда қазіргі тіл біліміндегі *тілдік таңба* деп аталып жүрген мәселе тіпті түсініксіз жағдайға тап болып отыр. Өйткені тіл таңбалық жүйе ретінде танылғанмен, тілдің осы таңбалық элементі әлі дұрыс айқындалмай отыр. Қазіргі ғылымда қалыптасып отырған «сөз – таңба» (сөйлем – таңба, мәтін – таңба) көзқарасы тілдің жаратылыс табиғатына қатысты алғанда, ешнәрсені де айқындай алмайды, өйткені таңбалық сипат тілдің бүгінгі күнгі болмысынан емес, ең әуелі, тілдің пайда болу негіздеріне қатысты қарастырылуы керек. Сонда ғана ол тілдің жаратылыс-болмысын дұрыс таныта алмақ.


Адамзат баласының барша ақыл-ой қазынасы, ең ежелгі тілжасам кезеңдерінен бастап-ақ, оның тілінде бейнеленгені бекер емес. Тіл – ойлаудың шындығы. Әрине, ғылым тарихында, тіпте күні бүгінге дейін бұған қарама-қайшы пікірдегілер де табылады. Егер тіл мен ойлау бірі мен бірі тығыз байланысты дейтін болсақ, онда ойлаудың, яки, біздіңше, ғаламтанымдық ойлаудың, негізгі принциптері адамзат тілінде көрінуі керек. Бұл жерде «тығыз байланыс» дегенді де анықтай кетуіміз керек. Біз «тығыз байланыс» деп тіл мен ойлаудың арасындағы заңдылық жүйедегі байланысты, яки, «бірі бірінің нәтижесі болатындай» байланысты түсінеміз. Қазіргі түсініктегі «тілдік таңба (сөз) – шартты белгілер ғана» дегенде мұндай тығыз байланыс жоқ. Бұл, шынына келгенде, «не болса сол не болса соны бейнелей береді» дегенге саяды.

Біздің «ғаламтанымдық ойлау» деп отырғанымыз – қазіргі түсініктегі дүниетанымдық ойлаудан мүлде өзгеше, яғни, ғаламдық-жаратылыстық болмыстың құрылымдық-семантикалық жүйесі мен заңдылықтарын тану бағытындағы ойлау болып табылады. Ал «бейнелі түрдегі таңба-нышандар» дегеніміз – ең ілкі сөзжасам негіздеріне алынған бейнелі түрдегі әмбебап тілдік таңба-нышандар. Олай болса, біздің тіл табиғатын тереңдей зерттеу мүмкіндігіміз де, мифтік материалдарға емес, тілдік материалдарға ғана қатысты болады. Ал мифтік материалдардың тіл табиғатын түсінуге жақын болатын себебі – мифтер тіл негізінде жасалған. Осы тұрғыдан келгенде, С.Қондыбайдың сөз табиғаты арқылы мифологиялық қазыналарды игеру талабын түсінуге болады, дегенмен мәселе өзінің қалыптасу жүйесі бойынша емес, қарама-қарсы бағытта алынған. С.Қондыбайдың мифтерден


тауып жүрген таңбалары әуел бастан-ақ тіл негізінде тұрған таңбалар. Мәселеге тіл арқылы келмегендіктен де автор осы таңба-нышандардың жаратылысын анық түсіне алмай, бірқатар қателіктерге жол береді. Тілдің жаратылыс-болмысында адамзаттың барша ғаламтанымдық қазынасы сақтаулы. Олардың ішінде қазірде ғылыми деп танылып жүрген салалар да, ғылыми емес, қарапайым білім деп танылып жүргендері де – бәрі де бар.

С.Қондыбай өзінің тілші ғалым емес екендігін өз еңбектеріне үнемі сөз арасында айтып отырады. Тілші маман болмағандықтан, оның бұл мәселеде талай қиындықтарға кезігуі күмәнсіз, біз мұны автордың еңбектерінен жиі аңғарып отырамыз. Автордың «абақ таңба» туралы көзқарасына назар аударалық. Шынында, бұл бейне-таңба біздің еңбегімізде де бар [2, 186]. Бірақ біз оны бұлайша атаған жоқпыз. Әдетте *абақ* сөзі кей ру атауларында (абақ керей т.б.) кездеседі, сондай-ақ ол балық шаруашылығында қолданылатын жылым жеп аталатын үлкен ау-құралдың бір негізгі бөлігі. **Абақ** — балық аулайтын жылым деп аталатын үлкен ау-құралдың негізгі бір бөлігі. Яки, жылымның орта тұсындағы аузы тарлау келген қуыс «қалтасы» әуелде абақ деп аталды. Абақ – ішіне кірген балық қайта шыға алмайтын етіп үлкен қап пішінінде жасалған бөлік.

Яки, автордың *абақ* формасы деп отырғаны – шеңбер-қоршау формасы[сызбада]. Біз мұны *шар-қоршау* деп атадық. Бірақ автордың осы сызба-бейнедегі *шеңбер* мен *нүктені* неден шығарып алғаны түсініксіз. С.Қондыбайдың *абақ* таңбасы мен біздің *шар-қоршау* таңба-нышандық бейнемізде (таңбамызда) жазықтықта кескінделуі тұрғысынан еш айырма жоқ:



С.Қондыбайдың «абақ»таңбасы.



Ш.Бекмағамбетовтің«шар-қоршау»таңбасы

Бізде«шар-қоршау» ұғымы да, «кіндік нүкте» ұғымы да нақты сөздерден, яки, тілдік деректерден шығады: УП «шар-қоршау» және УН «нәт/негіз» ұғымдарының арғы тегінде «Ғалам және Мен» ұғымы тұрады. Біз бұл таңба-бейнелерді жалпы адамзатқа ортақ бейне-нышандық сипаттағы ғаламтанымдық ойлаудың жемістері деп білеміз де, ментальдық тұрғыдан келгенде, мұндағы УП-*қоршаудың* (шар-қоршау) «Ғалам» ұғымын білдіретін бейне (таңба-нышан) екенін, ал УН-*нүктенің* ғаламды сана арқылы қабылдаушы адам – антропос («Мен») ұғымын білдіретін нышандық бейне (таңба-нышан) екенін айтамыз. Ал материалдық тұрғыдан келгенде, УП-«шар-қоршау» бейнесі бүтін затты, ал УН-«нүкте» бейнесі сол заттың шығу тегін, нәтін білдіреді деп танымыз. Бұл түсініктерді біз тілдік материалдарды терең зерттеулер арқылы айқындадық. Бұл – адамзат тілі пайда болуының негізінде жатқан ғаламтанымдық сипаттағы антропоэзектік жүйе көрінісі.

С.Қондыбайда *нүктені*«көрілмес» (нұр, абсолют, иррационал трансцендентті дүние дейді де, шеңберді «көресін» (сәуле... жаралыс...) деп түсіндіреді. Және *нүкте-абсолют* туралы мәселеге өзінің бармайтынын да ескерткен. Ол: «Мен осы доктринаның (Нұр) қандай екенін нақтылап жатпаймын. Оны «көру» пенде баласының пешенесіне жазылмаған. Сондықтан да мен осындай ақиқатты нақтылай отырып, іс жүзінде осы мәселені өз кітабымда қарастырмаймын. Мен үшін маңыздысы – трансцендентті – яки, құдайы құдыретті мойындау ғана» [4,39], – дейді. Біздіңше, «нәт/негіз» деп аталатын *кіндік* нүктені қарастырудың маңызы зор. Ол – көрілмес емес, кез келген материалдық та, ментальдық та болмыстың нәті, негізі: алма болса – дәні, тіпті дәнінің де ішіндегі *нано* бөліктері. Ал ой не сезімді алсақ, оның да бастау көзі осы УН-негізде жатыр. Яки, нәтсіз, негізсіз ештеңе жоқ. Тіпті Абсолюттің өзінің біз білмейтін абсолюттік негізі бар. Сондықтан автордың «көрілмес» деп қарастырып отырған объектісін Абсолют-Құдай деп қарастыру – өте шартты нәрсе, ол – жаратушы емес, жаралушы негіз – нәт/дән – на-на-на-на... деп тану керек. УН – *дән, нәт* болғандықтан, оны алуан түрлі ғылыми тәсілдер арқылы тану мүмкіндігі зор, тіпте оны танымай УП-ты тану мүмкін емес. Ал екінші жағынан, УН элементінің ең түпкі негіздеріне барсақ, мүмкін, жаратушылық нәт те сонда болар деген тәрізді түйсікке жол беруге болатын шығар.

Енді *шеңбер* дегенге келсек, оны біз «шар-қоршау» деп танымыз дедік. Автор оны «Ғалам» деп атаған, бізде де солай, бірақ ғаламның бейнесі шеңбер емес, «шар-қоршау» түрінде таңбаланады – ойлауда да, тілде де солай. Ал *шеңбер қоршау* – «УҚ-қоршау», оның миссиясы өзгешелеу. Серікбол өзінің «шеңберін»«нұршашу, нұртөгім, нұрғиса...» деп те атайды. Яки, бұл – көресін – рационал жолмен тануға болатын дүние. Бұл жерде автордың нүктені (УН-ды) рационал жолмен тануға болмайды деп білетіні айқындала түседі. Ал осындағы шеңберге келсек (бізде ол – «шар-қоршау) ол – шартты түрдегі ғана қоршау, өйткені ол – Ғалам, ол – біріншіден, тануға мүмкіндігі бар шектерден, екіншіден, тануға аса қиындық келтіретін, тіпті тану мүмкін болмайтын шексіздіктерден тұрады. Демек иррационалдық мұнда да бар, яки, бұл тұрғыдан келгенде, нүктенің ішкі тереңдіктері қаншалықты шексіз болса, шар-қоршаудың да сыртқы мүмкіндіктері сонша шексіздіктерге кетеді. Сондықтан біз УП шар-қоршау ұғымының негізгі мәні – Ғалам деп білеміз. *Ғалам* ұғымының осы

түсінігінде Жаратушы ұғымы да тұр: ғалам – бір, тұтас; Жаратушы да – бір, бөлінбейтін тұтастық. Жаратушы бір Алла дегенде біз екінші жағынан, осы ғаламдық біртұтастықты да түсінеміз.

С.Қондыбай УН-ды Абсолют деп танитынын айтқанбыз, ал біз оны конкреттілік ретінде (объект, бар нәрсе...) таныдық. Ал абсолюттілік оның түпкі шексіздігінде жатыр деуге болады. Шар-қоршауды біз абсолют дедік, екінші жағынан, ол – абстракт: адамзат баласы әуелде абстрактыны, яки, жалпыны таныды – ғаламды тұтасымен таныды, жеке-жеке заттардан құрап ғалам жасаған жоқ, тұтас ғаламды тану арқылы оны бөлшектерге (тараптарға, өзек пен нәтке/негізге...) бөлді. Бұл бізде – ғаламтанымдық түсінік деп аталды және ол қазіргі ғылыми танымдық түсініктермен бірдей, тіпті қазіргі ғылым ол түсініктердің біразын енді ғана ашу үстінде деп айтуға да болатын тәрізді. Мысалы, қазіргі нанотехнологиялық бағытты айтуға болар.

Шеңбер мен нүктені салыстыра келіп, автор: «Ғалам, оның шетсіздігімен, шексіздігімен, барлық тіршілігінің жиынтығымен, Баршылықтың барлық күйімен қоса алғанда, – бар болғаны, кіндік нүктенің, яғни, Нұрдың универсал жариясы, көрінерлігі ғана болып табылады. Нұр (кіндік нүкте) болмаса, Нұр (кіндік нүкте) өз нұрын шашпаса (өз сәулелерін таратпаса), мына Ғалам да (бүгінгі қазақтың келтіріміне сай айтқанда – Жалған, Пәни) болмас еді. Яғни, кіндік нүкте деп отырғанымыз – бақи, оның жариясы болған Ғалам – пәни» [2,42], – дейді. Автордың бұл салыстыруы да, біздіңше, нақты емес. Дән болмаса, жеміс болмайтыны рас, бірақ екінші жағынан келгенде, *дән* дегеннің өзі де белгілі бір тұрғыдан қарағанда, УП бүтіндік. Олай болса, біз олардың арасындағы байланысты дұрыс түсінуіміз керек. УН мен УП-ты біріне бірін қарсы қоюдың реті жоқ. Яғни, УН-ды бақи деп қарауға болмайды: ол да фәни/пәни – «предметный». Сол сияқты, шеңберді (бізше: УП «шар-қоршауды») таза фәни деу де қисынсыз. Рас, ол – Ғалам – өзінің барша шексіздігімен ұлы ғалам, ол осынысымен де УН-шексіздікпен теңдеседі, яки, бақилық та, фәнилік те екеуіне бірдей қатысты: жақын қашықтықта – екеуі де материалды, пәни, ал алыс қашықтықта екеуі де – бақи... УН және УП тілдік негіздерінің бірі мен бірінің өзара байланысы мен ерекшеліктері туралы біздің еңбегімізде тілдік тұрғыдан тереңірек айтылған[2].

«Абақ» таңбасы туралы айта отырып: «Осы таңбаның шығу уақыты адамзат тарихының ең түпкі бастауларына кетеді», – деп: «Невозможно зафиксировать временное происхождение этого изображения, так как оно часто встречается на предметах доисторической эпохи; Несомненно, в нем нужно видеть прямое восхождение к изначальной традиции», – деген Р.Генон пікірін келтіреді. Ал бізде бұл жалпы адамзат тілінің пайда болу негіздерімен өте оңтайлы байланыстырылады.

Символ мәселесіне келгенде, автор *нүкте*, *шеңбер* дегендерді символдар деп біледі, бірақ Генон түсінігіндегі символ біздің танымымызға сай емес. Ол: «Ең қарапайым, сонымен бір мезгілде, ең универсал және ең идеалды геометриялық символ – нүкте» дейді [4, 35]. Осы «нүкте» символы туралы айта отырып: «...символ өзінің символдап отырған затынан (нәрсесінен, нысанынан) міндетті түрде төмен тұрады» деген Генон пікірін алға тартады. Біздіңше, символ мен оның символдап отырған затын бұлайша салыстыруға болмайды. Біздің түсінігіміздегі бір ғана символ бір затты ғана емес, мыңдаған заттарды символдай алады. Олай болса, оның қасиетін бұлайша пәс бағалаудың еш реті жоқ, қайта бұл жағынан келгенде, символ қандай да бір өзі символдаған затының барша мәнін бейнелей алатынын түсінуіміз керек. Айталық УН- «дән/нәт» (нүкте) символының бойында кез келген нәттің (дән, атом, клетка, сана...) ішкі сипаттары мен қасиеттерін сипаттай алатын ғажайып мүмкіндіктер бар: алманың дәнінен – алма, алмұрттың дәнінен – алмұрт шығады. Жанды дүниенің генетикалық тектері нәтте кодталған, олар бірнеше ғасырлар бойы, тіпті тарихқа сыймайтын уақыттар бойы сақтала алады. Яғни, символға екі жақты қарау керек болады: біріншіден, нақты затқа келгенде, ол сол нақты затқа, яки, өзі символдайтын нәрсеге физикалық қасиеттері тұрғысынан емес, бейне-нышандық сипаты тұрғысынан балама болады, әйтпесе ол сол затты символдай алмаған болар еді. Екіншіден, нақты бір ғана затқа қатысты емес, жалпы символдық сипатына келгенде, ол өзінің мағыналық ауқымдылығымен өте құдыретті, өте қабылетті болады, яки, ол бірдей, ұқсас, біртектес (химиялық биологиялық не физикалық тұрғыдан емес) заттар мен құбылыстарды ғана емес, тіпті әр тектес, бірімен бірі мүлде ұқсамайтын заттарды да символдай алады. Мысалы, аталған монографияда УП «шар-қоршау» ұғымының 30-ға тарта логикалық ұғымдарын көрсеттік, солардың әрқайсысының өзінен біріне бірі ұқсамайтын сан алуан заттар бейнелене алатыны айқын көрінеді.

Қорыта келгенде, таңба атаулының басы – тілдік таңба-нышандарда жатыр. Тілдік таңба-нышандар табиғатын тереңнен тану арқылы ғана біз жаратылыс-болмыстағы (соның ішінде мифтік болмыстағы да) барша таңбалар табиғатын түсіне аламыз.

Әдебиет:

1. Афанасьев А.Н. Поэтические воззрения славян на природу. - М., 1965.
2. Бекмағамбетов Ш. Тіл генетикасы: тілдік таңба-нышандық жүйе. Алматы: Үш қиян, 2014. - 319 б.
3. Сағалаев А.М., Октябрьская И.В., Львова Э.Л., Усманова М.С. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Пространство и время. - Новосибирск, 1988.
4. Қондыбай С. Арғы казак мифологиясы. – Алматы: Арыс, 2008.

5. Мечковская Н.Б. Язык и религия. Учебное пособие. – Москва, 1998. - 349 с.
6. Потебня А. Слово и миф. - М., 1989
7. Бекмағамбетов Ш. Тілдік таным негіздері және тілдік символдар. - Алматы, 1999. - 218 б.

Ақбердыева Б.
филол.ғ.к. Ш.Есенов атындағы Каспий
мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университетінің доценті

Тілдегі ассоциациялық байланыстар мәселесі

Өткен ғасырдың 50-жылдары лингвистика мен психологияның түйісінде жаңа ғылым – психоллингвистика пайда болды. Бұл бағыт сөз мағынасының психологиялық жағымен шұғылданды. Яғни қабылдау, әңгімелесу, индивидтің жеке қасиеттері т.б. толып жатқан психологиялық мәселелер мен семантикалық ара қатынасын анықтаумен айналысты. Ауызекі сөйлеу актісіндегі мағынаның құрылымдық сипаты, психологиядағы мағына рөлі т.б. мәселелер бұл ғылымның маңызы жоғары екенін көрсетті. Көбіне, психоллингвистика жеке адамдар мен әр түрлі деңгейдегі адамдарға психоллингвистикалық эксперименттер жасау арқылы мағына табиғатын анықтауға тырысты. Шетел психоллингвистикасының негізін салушы ғалымдар Т.Слама-Казаку, Г.Хауэс, И.Осгуд, М.Миллер, Р.Кейсли, Дж.Диз, У.Ламберт, Н.Моор, С.Ервин, Х.Поллио және т.б. Психоллингвистика негізінен мағынаның ассоциацияларын эксперимент арқылы зерттеумен айналысқандағы мақсаты, сөздің мағыналық құрылымын айқындау. Бұл саладағы жұмыстар тілдерді, сол тілдердің диалектілерін өзара салыстыру, сұрақ-жауап түрінде анкета жүргізу т.б. психологиялық эксперименттер арқылы жүзеге асты. Бұл бағытта мына екі аспектіде қаралды: мағына – объективті, психикалық факт ретінде не мағына сөлеушінің санасына байланысты субъективті факт ретінде. Сөздердің мағыналық құрылымының компоненттеріне жекелей эксперименттер жүргізе отырып, олардың психологиялық ерекшеліктерін ашты. Адамның психо-физиологиялық сөйлеу тіліндегі өзгерістерін айқындады. Бұл бағыттың негізгі жұмысы синтагматикада жүзеге асуда, сол себепті оның шұғылданатын мәселесінің ауқымы қазіргі таңда өте кең көлемде екенін айтқан жөн.

Психоллингвистика – бұл экспериментальді ғылым, дәстүрлі лингвистика байқау әдісі арқылы дайын мәтінді тексерсе, психоллингвистика сол мәтіндердің құрылымдық жағынан түзілу үдерісін тәжірибе жүргізу арқылы анықтайды. Мұнда ең бастысы, тілді адамнан бөліп қарау емес, керісінше, тілдің адамның сөйлеу қызметінде қолданылуы [1,441].

Психоллингвистика дәстүрлі тілтанымда жинақталған теориялық материалдарды жоққа шығармайды, керісінше, оны өз тәжірибесінде пайдаланады. Ол қарастыратын басты, маңызды мәселелердің бірі - адамның сөздік қорының түзілуі. Ең алдымен, адамның тілді қолданудағы психологиялық іс-әрекеттердің жұмысын қарастыру, яғни адам не себепті сөзді түсінеді, неліктен кез келген сөзді айту арқылы оған сол мезетте жауап бере алады? Міне, осы сұрақтардың жауабын сөздік қордың реттелуі, тәртібі, жүйесінен іздеу керек [2, 8]. Сөздік қор (лексикон) белгілі бір тәртіпке келтірілген жүйе, онда алынған ақпарат сұрыпталып, ескеліп, орын-орнымен орналасқан. Сондықтан қажетті ақпарат өте оңай алынады. Тілші-ғалым Е.С.Кубрякованың айтуына қарағанда бұл жүйенің негізінде ассоциациялар жатыр. Бірақ ассоциациялар бір сөзде әртүрлі болуы мүмкін [3,99].

Тілдегі семантикалық үдерістерді психологиялық жағынан түсіндірудің қажеттілігіне алғашқылардың бірі болып XIX ғасырда көңіл аударған неміс ғалымы – В.Вундт болды. Оның негіздемесінде сөздердің мағыналарының ауысуының төрт түрлі: тарихи, логикалық, этикалық, теологиялық көзқараста қарастыру керек дейді. Ол тілдегі семантикалық құбылыстарға психологиялық тұрғыдан қарау ең дұрыс сенімді, тексерілген түрі деп есептейді [4, 78].

Сөздердің мағыналарының өзгеру заңдарын В.Вундт жалпы ассоциативті байланыстар заңы деп есептейді. Оның үш түрі бар. Біріншіден, бұл байланыс ұқсастығына, іргелестігіне (кеңістік пен уақыт) және қарама-қайшылықтығына қарай болып бөлінеді. В.Вундт семантикалық өзгерістерді регулярлық, сингулярлық (жеке) деп жіктейді. Біріншісі – жалпыпсихологиялық уәждермен шектеседі, бұған ассимилятивті өзгеру (ауысулар) жатады. Мысалы: дене мүшелерінің атауын басқа заттарға теліп айту – үстелдің аяғы, домбыраның құлағы, терезенің көзі т.б. компликативті (белгілі бір сезім органдары немесе сезімдермен байланысты сөздердің басқа сезімдік қабылдау аумағында қолданылуы) жарқын дауыстар, суық түсті бояулар т.б. яғни адам ыстық оттың жалыны қызыл, қызғылт екенін, суық мұздың түсі көкшіл, жасыл, қара көк екенін бала күнінен біледі, тіліміздегі түсі суық, өңі жылы деген тіркестердің төркіні осыған барып саяды; эмоционалды (сөз ұқсас эмоция шақыратын затқа таңылады, сондай-ақ мағынаның ассоциациялық қоюлануы) – анықтағыш өзіне өзі бірге жиі қолданылатын анықталғыш мүшенің мағынасын таңдап алады. Екінші типтегі ауысулар

жеке, өзіндік себептері бар семантикалық үдерістерді қамтиды. Мысалы: белгілі бір заттардың жасалған, шыққан жерінің атауымен аталуы және т.б.

Дж.Диз, ассоциациялық байланыстарды лексиконның қалыптасуының негізі ретінде түсініп, жеке тұлғаның жеке сөйлеу тәжірибесіне сүйене отырып қарастыруды ұсынады. Ғалым ассоциациялардың пайда болу үдерісі адамның когнитивтік қызметін қамтамасыз ететінін ескертеді [5, 53]. Ассоциациялар туралы жаңа көзқарастар экспериментальді зерттеулердің пайда болуына әкелді. Мұнда адамның лексиконының ішкі құрылымын тексеру, айқындау қолға алынады. Еркін ассоциацияларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын эксперимент сөздердің бір-бірімен байланысын, адам санасында орналасу тәртібін зерттейді. Оның мәні: адам оған берілген стимул сөзге есіне бірінші түскен сөзбен немесе сөз тіркесімен, нақты айтқанда, реакция сөзбен жауап беру керек. Сол мезеттегі адам санасында болып жатқан байланыстар, құбылыстар ассоциациялық сипатқа ие болады.

Тілдік жүйедегі сөз өзінен басқа сөздермен ассоциативтік байланыста болады. Олар тілді қолданушылардың санасында бір-бірімен тығыз байланысты элементтердің бірлігі немесе қарама-қарсы мағынадағы қатынастар түрінде сақталады. Бұл бірлікке немесе тұтастыққа бір грамматикалық класқа кіретін сөздер жатады. Сөйлеушінің санасындағы сөздердің бір-бірімен қарым-қатынасының сипаты парадигматикалық ассоциациялардан анық байқалады. Парадигматикалық қатынастарға: синонимия, антиномия, гипперонимия, гипонимия жатады. Ф.де Соссюрдің айтуынша ассоциациялық байланыс тек қана бір-бірімен парадигматикалық байланыстағы сөздердің қатарында туады [6,43]. Келтірілген сөздің семантикасы – оның синтагмалық, парадигматикалық байланыстарының бірлігімен анықталатындығы белгілі болды.

Парадигматикалық байланыс – тілде, ал синтагматикалық болса сөйленімде өмір сүреді. Синтагматикалық байланысқа – сөйлеу қызметінің синтаксистік заңдылықтары жатады. Сөз-стимул сөз-реакциямен синтаксистік қатынасқа түсіп, сөз тіркесін немесе сөйленімнің негізін құрайды. Синтагматикалық ассоциацияны сөз табының категориялары бойынша бөлуге болады. Мысалы: *зат есім-сын есім, зат есім-етістік т.б. дос-кездесу, дос-үш, дос-жақсы* және т.б. Сөз-ассоциат – бұл тек қана заттардың, құбылыстардың атауы ғана емес, сонымен қатар олар адамды қоршаған әлемнің бір бөлігі, адам санасында сәулеленуі арқылы олар сол халыққа ғана тән, сол халықтың мәдениетімен шектелген ерекше қасиеттерге ие бола бастайды [7, 64].

Сонымен, ассоциация белгілі бір тілде сөйлеушінің рухани-танымдық игілігі болып саналады. Ол адамның сөйлеу қабілетін көрсететін тіл жүйесінің тереңінде жатқан мағыналардың байланыстарын бере алады. Сөзде екі мағына бар: біріншісі, объективті-этимологиялық жақын мағына, ол заттың белгісін көрсетеді, екіншісі, субъективті алыс мағына мұнда заттың белгілері көп болады. Сөздің бірінші мағынасы ойдың біздің санамыздағы мазмұны. Егер біз субъективті мағынаны алып тастасақ, сөзде дыбысталу, сыртқы форма және этимологиялық мағына қалады, ол да форма, яғни сөздің «ішкі формасы» [8, 45]. Ол ойдың мазмұнының санаға қарым-қатынасын білдіреді, нақтырақ айтсақ, адамның өз ойының өзіне қалай елестеуін көрсетеді.

Ассоциациялық қатарлар әрбір адамда әр түрлі, яғни адамның дүниетанымы, оның тіл қолдануындағы атаулар құрылымы мен олардың арасындағы қарым-қатынастарға байланысты жеке, ерекше болады. Ассоциация сипатына сол адамның жасы, жеке басындағы ерекшеліктері, географиялық жағдайлары, мамандығы, және т.б. әсер етеді. Ал ұлттық ұжымдық сана немесе этностық санада ассоциация тұрақты болады, өйткені сөздер арасындағы байланыс ұдайы қайталанып отырады.

Қорыта айтқанда, сөйлеуші мен тыңдаушының ойлары тек сөзде ғана тоғысады. Белгілі бір сөзді айту үстінде сөйлеушілердің ойлары бірдей болмайды, себебі олар көз алдында тұрған бір затты өз таным-түсініктерінің деңгейінде ғана қабылдайды. Адамдар бір-бірімен заттардың белгілерін жеткізу арқылы емес, бір-біріндегі түйсік, елестерді, ұғымдарды қозғау арқылы, рухани аспаптарының пернелерін дөп басу арқылы түсініседі. Соның өзінде бір нәрсе туралы әр адам әр түрлі ойлайды. Сөз тек ойлау құралы емес, адамның өзін-өзі тануының бірлігі, сондықтан ол адамдар арасында саналы байланыс орнатады. Адам ойының құдіретті күші сөздің адам санасындағы бейнелерді қозғауында емес, жандандыруында, адамның өз тарихи жадысының бай қорын пайдалануына жағдай жасауында деп есептеу керек. Осы тұрғыдан алғанда, тілдің терең құрылымдарында жатқан ассоциациялық байланыстардың негіздерін анықтап, зерделеу жұмыстарын одан әрі жалғастырып, тереңдету қажет.

Әдебиет:

1. Лингвистический энциклопедический словарь. Языкознание. Под ред. В. Н. Ярцевой. - М.: Советская энциклопедия, 1990.–683с.
2. Сахарный Л.В. Введение в психолингвистику. - Л.: Изд-во Ленинградского университета, 1989.–181с.
3. Кубрякова Е.С. Человеческий фактор в языке. Язык и порождение речи.-М.:Наука, 1991.-240с.
4. Вундт В. Проблемы психологии народов. - М.: Академический проект, 2010. - 136 с.

5. Залевская А. А. Вопросы организации лексикона человека в лингвистических и психолингвистических исследованиях. - Калинин, 1978.-88с.
6. Соссюр Фердинанд де Курс общей лингвистики. Пер. с французского. М.: Едиториал УРСС, 2004. - 256 с.
7. Залевская А.А. Проблемы организации внутреннего лексикона человека. – Калинин, 1977. - 83 с.
8. Физдатов Ф.Г. Тілдік және когнитивтік үлгілердің арақатынасы // ҚР ҒМ ҒА Хабарлары. - Тіл, әдебиет сериясы. - 1996.- №4.

*Аманбаева А.
филол.ғ.к., А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты фонетика
бөлімінің меңгерушісі*

Қазақ сөйленімін синтездеудің әдіс-тәсілдері

Қазіргі таңда техниканы адамның қажеттілігіне қарай икемдеу, яғни компьютердегі жазылған мәтінді сөйлету заман талабына сай дамып келеді. Осы орайда қазақ тіліндегі мәтіндерді сөйлету және оны компьютер бағдарламасының жадына енгізу қажеттілігі туындап отыр. Сөйленім синтезін құру үшін қазіргі таңда екі модель қарастырылған. Біріншісі – жеке дыбыстардың үлгісін диктордың дауыстап оқып, жазып алуы арқылы жүзеге асатын компилятивті синтездің моделі болса, ал екіншісі интонациялық тұрғыдан жүзеге асыратын формантты-дыбыстық модель. Осы екі модель сөйленімді синтездеу үшін қажет. Осы жазылған дыбыстық жазбалардың қорын пайдалану арқылы әрі қарай модельдерді құрып, сөйленімді синтездеуге болады.

Компилятивті модельді түзуде, ең алдымен, алдын ала шағын мәтінді дайындап алып, сонан соң синтезаторға ұсынады. Ол үшін жазылып алынған сөйленімнің сапасы өте жоғары болуы керек. Сонымен қатар сапалы сөйленім синтезін алу үшін ең алдымен адамныңшынайы сөйлеген сөзі қажет. Өйткені жазылған мәтінді оқыған кезде диктор орфография бойынша оқып шықса, онда ол сәтті шықпайды. Осы орайда «тілдің ауызша формасында дыбыстар үндестік заңына сәйкес үнемі үйлесіп, жымдасып қолданылады. Егер айтуда осы үндестік заңы сақталмай, бұзылатын болса, мұның өзі айтылу мен жазылу арасын парықтай алмаудан туады. Өйткені жазу сөздің айтылуын дәл бере алмайды. Оның үстіне морфологиялық принцип басшылыққа алынатын қазақ жазуында түбірдің соңғы дыбысы көбіне өзгеріссіз жазылады. Мысалы: *жан* етістігінен өрбитін *жанды*, *жанбады*, *жанған жоқ* сияқты формаларда түбірдің бастапқы қалпы сақталып жазылады. Алайда осындағы *н* әрпі үш сөз формада үш түрлі дыбысталады» [1, 84]. Яғни *нд* тіркесімен келгенде *жанды*сөзі айтылымда өзгеріссіз *жанды*болып айтылса,*нб* мен *нғ* тіркесіөзгеріскеұшырап, *жанбады* – *жамбады*, *жанған жоқ* – *жаңған жоқ* болып келеді.Оның ғылыми тұрғыдан «қос ерін **б** өзінің алдында тіл алды **н**-ны қос ерін **м**-ға, ал тіл арты **ғ** тіл арты **ң**-ға икемделеді. Соның нәтижесінде *нб* тіркесі*мб* (*жамбады*), *нғ* тіркесі*ңг* (*жаңған*) болып айтылады, яғни **ң** дыбысы бірде **м** бірде **ң** дыбысымен алмасады. Ал оны алмастырған **м**, **ң** дыбыстарының да осы тұрғысында (*жамбады*, *жаңған*) ешқандай фонемалық мәні жоқ» деп негіздеуге болады [1, 84 б.]. Осы орайда қазақ тіліндегі вариант, вариация ережелерін де бағдарламаға дайындау қажеттілігі туындайды. Сондай-ақ қазақ тілінде *қ – ғ*, *п – б*, *б – п* дыбыстары айтылу кезінде көрші дыбыстардың әсерінен өзгерістерге ұшырап отырады. Мысалы, жазылымда *ақ ешкі*, *ақ жүн*, *қара қой*, *жас бала*, айтылымда *ағешкі*, *ағжүн*, *қарағой*, *жаспала*болып айтылады. Сондықтан синтез жасайтын бағдарламаға жазбаша мәтінді берген кезде осындай қазақ тілінің заңдылықтарын ескере отырып, сөйленім шынайы шығу үшін орфоэпиялық заңдылықтарды да қоса беру қажет. Яғни, синтезатор жазбаша мәтінді ауызша сөйлеткен кезде тілімізде болатын өзгерістерді ажыратуы үшін сөйленімнің траскрипциясын және түбір мен қосымша аралығында болатын өзгерістерді компьютер тіліне икемдеп берген дұрыс. Ол үшін компьютер бағдарламасына сөйлеу кезіндегі дыбыстардың әртүрлі өзгеріске ұшырауын және түбір мен қосымша аралығында болатын өзгерістерді, яғни морфонологиялық (метатеза, протеза, эпентеза, элизия, аферезис, гаплогия т.б.) құбылыстарды ереже бойынша беру қажет. Мәселен, қазақ тілінде түбірге қосымша жалғанғанда дыбыстың өзгеріске ұшырайтын кездері де болады. Мұны дыбыс алмасу дейді. Оған мысал ретінде *бақ – бағы*, *жақ – жағы*, *кек – кегі*, *кеп – кеуіп*,*қап – қауып*, *сақ – сағы*, *тарақ – тарағы*, *тап – тауып*, *тек – тегі*, *тақ – тағы*,*шап – шауып*, *шек – шегі*, *шеп – шебіт*.б. Яғни осындай түбір мен қосымша аралығында болатын өзгерістерді де синтезатор бағдарламасына ереже ретінде берген дұрыс.

Сонымен қатар қазақ тілінде көбінесе қысаң дауыстылар әлсіреп, көмескі айтылып редукцияға ұшырайды. Мысалы, *адыраңдау*, *аңыззақ*, *бадырақ*, *дәрігер*, *едіреңдеу*, *жадырап*, *жұмылу*, *жұдырық*, *иірім*, *көбірек*, *көбінесе*, *көкірек*, *қатынас*, *қасірет*, *құдірет*,*тәжірибе* сөзі айтылымда *ад'раңдау*, *аң'зақ*, *бад'рақ*, *дәр'гер*, *ед'реңдеу*, *жад'рап*, *жұм'лу*, *жұд'рық*, *и'рім*, *көб'рек*, *көк'рек*, *көб'несе*,

қат'нас, қас'рет, құд'рет, тәж'рибет.б. Яғни сөйленім синтезін жасау үшін қазақ тіліндегі редукцияға ұшырайтын сөздерді жүйелеп, синтезатор бағдарламасына енгізу үшін оның ережесін беру қажеттілігі туындайды.

Ал енді **формантты-дауыстық модельді** түзуде нейронды желі жүзеге асырылады. Сапалы модель түзу үшін және оның күрделі болуымен байланысты негізгі тонның жиілігі, формант саны, әрбір форманттың жиілігі сияқты негізгі параметрлері көрініс табады. Сөйлеу кезінде дыбыстардың өзгеріске ұшырап отыруымен байланысты бұл параметрлер де (формант саны ғана өзгермейді) өзгеріп отырады [2]. Сондықтан сөйленім синтезі сапалы болу үшін оның әрбірінің жеке-жеке моделін түзу қажет. Ол үшін әрбір дыбыс, буын, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін бірліктерін жіктеп шығу қажеттілігі туындайды.

Микрофон арқылы жазылып алынған әрбір дыбыс, буын, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін осы сөйленім синтезін құрудың негізгі қоры болып табылады. Әрбір микрофон арқылы таспаға жазылып алынған дыбыстан сөйленімге дейінгі үлгілері мен компьютерде терілген жазбалары сөйленім синтезін құрудың негізгі бастамы болып табылады. Сондықтан әрбір сөйлеу формаларының үлгілері модель арқылы көрсетіліп беріледі. Әрине тілімізде жазылым (орфография) бар да, оны дыбыстау кезінде әртүрлі өзгерістерге түсіріп отыратын айтылым (орфоэпия) бар. Сондықтан орфография бойынша терілген мәтіннің жазбасы мен оның аудиотаспаға жазылып алынған нұсқасын жазып алып, оның қандай өзгерістерге ұшырайтынын ең алдымен анықтап, сол бойынша жұмыс жүргізу қажет. Яғни біз әрбір сөздің орфография бойынша жазылған мәтіні мен оның транскрипциясын қатар беріп, бағдарлама түсінетіндей ереже құрастырып беруіміз қажет.

Қытай елінің тәжірибесіне сүйенер болсақ, сөйленімді синтездеу үшін бірнеше ірі Microsoft сияқты корпорацияның қолдауы қажет, оның ішінде арнайы синтезаторға мәтінді енгізу үшін дикторлардың сөйлеген сөзі үлгіге алынып, тағы да мыңдаған аламның сөйленімі жазылып алынып, синтезатор бағдарламасына Word нұсқасында басылған мәтін мен оның аудиожазбасын қатар жинап отырады. Сөйленім синтезінің бағдарламасы жұмыс істеу үшін ең кем дегенде жүз мың сөйлем жазылу керек және оны фонетикалық корпус базасына енгізу қажет. Ең алдымен синтез жасап, сонан соң сөзді танытуға (распознавание) болады.

Әрине біз сөйленім синтезін жасау үшін жекелеген дыбыстың өзін модельдеп, синтезаторға енгізе алмаймыз. Өйткені жекелеген дыбыстарды біріктіргенде синтезатордан шыққан дыбыс табиғи шықпай, робот сияқты түсініксіз сөйлейді, өйткені сөйлеу кезінде дыбыстар әртүрлі өзгерістерге ұшырап отырады. Сондықтан біз ең алдымен буын аралығындағы жәнәтүбір мен қосымша аралығында болатын өзгерістерді ажыратып алуымыз қажет. Яғни синтезаторға сөйлеу кезінде туындайтын өзгерістерді (элизия) ажыратып беру қажеттілігі туындайды. Мәселен, *ала алмады – алалмады, ала ешкі – алаешкі, айта алмайды – айталмайды, жоғары іл – жоғаріл, жақсы өнер – жақсөнер, жақсы өлең – жақсөлең, жиырма алты – жиырмаалты, қара ала – қарала, мына адам – мынаадам*.б. Яғни сөйлеу кезінде орфографияда бөлек жазылатын сөздер орфоэпияда бір деммен айтылып, арасындағы қатар келген дауысты дыбыстардың бірі түсіп қалады.

Сонымен қатар элизияға қарама-қарсы құбылыс аферезистің (бунақта қатар келген екі дауыстының түсірілмей айтылуы) де сөйленім үшін өзіндік орны бар. Яғни түбірін сақтау үшін қатар келген екі дауыстының түсірілмей бір деммен айтылуы. Қазақ тіл білімінде мұндай сөздер санаулы. Олар: **де, же, бұ (л), о (л), не**, шылау – **да, де, та, те**. Мәселен, *не алдың?, не істейін?* – деп жазамыз және сөйленімде де солай қалады. Ал бірақ шылауда басқаша. Мысалы, *жазып та алды* дегенді *жазыпталды, тұрып та ішті* дегенді *тұрыптішті, мыс па екен* дегенде *мыспенкендеп* айтамыз. Яғни мағынасы сақталып, қатар келген екі дауыстының бірі түсіп қалады [1,82 б.].

Сондай-ақ, сөздің соңғы дыбысы **с** немесе **з** болып, оған **с, ш** дыбыстарынан басталатын қосымша жалғанғанда, сөйлеу кезінде **з** дыбысы **с**-ға, **с**-дыбысы **ш**-ға айналады. Мәселен, *ауызша – ауұшша, басшы – баишы, жазсын – жассын, жұмысшы – жұмұшшұ, көзсіз – көссүз, сөзсіз – сөссүз*.б [3]. Сондай-ақ, сөздің соңғы дыбысы **н** болып, оған **ғ, г, б** дыбыстарының бірінен басталатын қосымша жалғанғанда, алдыңғы дыбыстың өзгеретінін де ажыратып беруге болады. Мәселен, *күнге – күңге, түнге – түңге, жанбайды – жамбайды, сөнбейді – сөмбейді, жанға – жаңға* т.б.

Қазақ тілінде буындардың тізбегінен сөз құралып, мағыналық жағынан жымдасып бунақ құралады. Яғни бірнеше буынның тұтасып шоғырлануынан бунақ құралады. Ғылыми негіздерге сүйенер болсақ, «бір бунаққа енген сөздердің жапсарларында (араларында) қатар келген буындар (әсіресе дыбыстар) бірімен-бірі үндесіп, кейде сандық, сапалық өзгерістерге ұшырап, кей дыбыстар бір буыннан екінші буынға өтіп кетіп жатады [1,94 б.]. Яғни қазақ тіліндегі алты түрлі буын (А, ВА, АВ, АВВ, ВАВ, ВАВВ) өзара қарым-қатынасқа түскенде бастапқы қалпын кейде сақтап, кейде өзгеріске түседі. Мысалы: $ВА+А=АВ:сар+ры+а+ла=са+ра+ла$, $ал+ты+е+лі=ал+те+лі$, $ал+ты+а+сық=ал+та+сық$; $ВА+АВ=ВАВ: е+кі+еш+кі=е+кеш+кі$, $е+кі+еу=е+кеу$, $ал+ты+ау=ал+тау$, $е+кі+ал+ма=е+кал+ма$, $е+кі+үй=е+күй$, $е+кі+ай=е+кай$; $ВА+АВ=ВАВВ: е+кі+айт+ты = е+кайт +ты$, $қа+ра+йт=қа+рәйт$; $ВАВ+А=ВА-ВА: бар+мақ+е+дім = бар+ма+$

æe+дiм т.б [1, 95]. Яғни зерттеулерге сүйенетін болсақ, сөйлеу кезінде бір бунаққа енген сөздер күрделі сөзге айналғандықтан, сөз ішіндегі буын дауыстыдан басталмай, алдыңғы буынның соңғы дауыссызын өзіне қаратып, қосып айтуға мәжбүр болады және әр буын дауыссыздан басталады. Бір бунаққа енген сөздер кірігіп, тұтасып бір ырғақпен айтылады. Осы орайда синтезаторға сөйлеу кезінде болатын осындай дыбыстардың жылысу процесін де ереже ретінде беруге болады. Мәселен, орфография бойынша жазылған *бір елі, екі ішек, төрт үй, бес есе, алты алма, жүз үш, он ай, мың алты* т.б. сөздерді синтезатор дыбыстағанда бунақтың арасын жеке бөліп айтпай, бір деммен *бі+ре+лі, е+кі+шек, төр+түй, бе+се+се, ал+тал+ма, жү+зүш, о+най, мы+ңал+ты* деп айтып шығады. Яғни, **р, к, ш, т, с, л, з, н, ң** дауыссыздары екі буынның арасын желімдеп, жымдастырып тұрады. Осы орайда дыбыстау мүшелері айтқанда жеңіл шығып, жылдам сөйлеуге жағдай жасалады да тіл және ерін қатысына қарай әртүрлі реңкте айтылады. Мысалы, *бі+рай (бір ай), бі+рән (бір ән), бі+ре+лі (бір елі), бі+ро+рүн (бір орын), бі+рө+лөң (бір өлең), бі+рұ+рұ (бір ұры), бі+рұ+кү (бір үкі), бір+ры+лақ (бір лақ), бі+ріс (бір іс)* т.б [1, 95]. Бұдан шығатын қорытында **р** фонемасы дауыстының ыңғайына қарай әртүрлі реңкте айтылады.

Сондай-ақ орфография мен орфоэпиялық жағынан салыстырар болсақ, *екіқабат – екіғабат, екісөзді – екісөздү, екітілді – екітілді, екіжақты – екіжақты*[4] дегенде **і** фонемасы сақталса, ал *екіойлы – ек'ойлұ, екіортада – ек'ортада, екіұдай – ек'ұдай, екіұшты – ек'ұштү, екіарада – ек'арада* болып, айтылымда **і** фонемасы түсіп қалады. Яғни қазақ тіліндегі осындай заңдылықтар мен өзгерістердің ережесін синтез бағдарламасына беру қажеттілігі туындайды.

Қорыта келгенде, сөйленім синтезін түзу үшін тіліміздегі орфография мен орфоэпиялық заңдылықтардың ара-жігін ажыратып, ондағы әртүрлі өзгерістерді компьютер бағдарламасының жадына ереже ретінде беруге болады.

Әдебиет:

1. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
2. Фролов А., Фролов Г. Синтез и распознавание речи. – М.: Москва, 2008 .
3. Орфоэпиялық сөздік. - Алматы, 2007.
4. Орфографиялық сөздік. - Алматы, 2013.

Жұмабаева Ж.

*филол.ғ.к., А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері*

Қазақ тіліндегі сөйленім синтезі: дауысты фонемалардың берілуі

Қазіргі таңда сөйленім синтезі тіл білімінде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. XVIII ғасырдың екінші жартысынан басталған сөйленім синтезі ең алғаш механикалық синтезатор ретінде жұмыс жасады. Кейін жетілдіріліп әртүрлі әдістер арқылы толықтырылды. Осымен байланысты сөйленім синтезінің даму жолын екі кезең аралығында қарастыруға болады.

I кезең – XVIII ғасырдың екінші жартысы (бұл кезде алғашқы синтезаторлар механикалық түрде жұмыс жасады. Мұнда жеке дыбыстар ғана айтылды).

II кезең – XX ғасыр. Бұл ғасырда синтезатордың даму жолын үш топқа бөліп қарауға болады. Алғашқы кезекте синтезатор акустикалық және артикуляциялық екі үлкен әдіске негізделді. Келесі кезекте конкатенативті синтез ұсынылды. Бұл әдісте сөздерді көптеп сақтаудың мүмкіндігі туды. Оны ғалымдардың пікірімен толықтыратын болсақ, «Конкатенативный синтез, называемый также техникой второго компьютерного поколения [Taylor , 2009], смог появиться благодаря тому, что передсоздателями систем синтеза уже не стояли такие жёсткие ограничения по объёмудоступной компьютерной памяти (как в 70-е и 80-е годы) и появилась возможность хранить большие массивы речевых данных» [1]. Үшінші кезекте конкатенативті синтезбен бірге селективті синтез негізге алынды. Селективті синтез жасырын Марков модельдеріне негізделген. Жалпы бағдарламаның алгоритмін құрудың төрт түрлі әдісі бар. Олар:

- Байесов дискриминациясына негізделген дискриминантты анализ әдісі
- Жасырын Марков модельдері
- Жасанды нейрон желісі
- Уақытша динамикалық алгоритм – динамикалық бағдарламалау.

Осы аталған әдістердің ішінде селективті синтезге жасырын Марков модельдері негіз болады. Сөйлеуді тану үрдісі екі негізгі фазаға бөлінуі мүмкін: процессингалды және кері кодтау. ...Кері кодтау фазасында сөздердің және сөз орамының барынша бірізділігі фонетикалық модель, сөздік қор,

тілдік модель базасында құрылады. Осы мәселені шешудегі негізгі құрал жасырын марков модельдеріне негізделген алгоритмдер болып табылады [2].

Сөйленім синтезі жақсы әрі сапалы болу үшін оған фонетикалық ережелердің тізімі мен олардың қолданылу реті жасалу керек екені белгілі. Алайда лингвистикалық талдау жүргізуде ең бірінші мәтіндегі сөздер жеке алынады, тыныс белгілері анықталады, сөйлемдердің аражігі ажыратылады. Нақты айтқанда, «В первую очередь синтезатор речи должен определить границы слов, выделить знаки препинания, найти границы предложений, и, при необходимости, разделить текст на абзацы [1].

Сөйленім синтезін фонетикалық деңгейде жасауда С.В.Кодзасов, О.Ф.Кривновалар жазылым мен айтылымның жігін ажыратып алудан бастауды жөн көреді. Ол үшін олардың ережесін жасауды немесе сөздердің фонетикалық транскрипциясын оның сөздік қорына енгізуді ұсынады. Л.М.Захаровтың пікіріне де сүйенсек, «Необходимой частью систем синтеза и анализа речи является автоматический транскриптор – своеобразное связующее звено между буквами письменного текста и соответствующей акустической волной, возникающей при озвучивании данного текста (человеком или машиной)» деп келтіреді. Бізге белгілі қазақ тілінде транскрипция фонетикалық және фонологиялық болып екіге бөлінеді. Фонологиялық транскрипция сөздердің дыбысталуындағы өзгерістерді ескермей, тек фонемаларды жазады, дыбыстар сөздің айтылуына жуықтап беріледі. Мысалы, ору <орұу>, қи <қый>, шикі <шійкі>. Фонетикалық транскрипцияда сөздердің айтылуындағы дыбысталу ерекшеліктері дәлме-дәл көрсетіледі: қазан қап [Қазаңғап], ортан бел [ортамбел], сейсенбі [сейсембі]. Әрбір жеке тілдің фонемалық жүйесін айқындауда фонематикалық транскрипция жұмсалса, ал фонетикалық транскрипция барлық тілдердегі дыбыстық ерекшеліктерді түгел көрсету үшін қолданылады. Оқу барысында көбіне фонологиялық транскрипцияға жүгінуге тура келеді, яғни сөздер мен сөз тіркестерін, тұтас мәтінді айтылуына біршама жуықтатып жазу қажеттігі туындайды (<https://kk.wikipedia.org/>).

Ж.Әбуов пен А.Жүнісбековтердің «Фонетическая запись казахского текста» атты еңбегінде: «В настоящее время в тюркологии нет обще- принятой оптимальной фонетической транскрипции для всех тюркских языков, где дифференцированно обозначался бы каждый звук в системе вокализма и консонантизма. Намеченное на ближайшие годы создание машинного фонда тюркских языков требует новой унифицированной фонетической транскрипции на основе МФА (Международный фонетический алфавит)», – дей келе, «Советская тюркология» журналындағы транскрипция үлгісін қолданып, оны төмендегідей көрсетеді.

жуан езулік үндестік әуенде белгі қойылмайды: « »». Мысалы, bala

жіңішкелік белгісінде дәйекші қойылады: « ' »». Мысалы, t'ɪ'ek'

жуан еріндікте дөңгелек-шеңбер белгісі қойылады: « ° »». Мысалы, q^oul^oun^o

жіңішке еріндікте екі белгі қатар қойылады: « 'o »». Мысалы, t^o ö s^o t^o ük^o

қатандық белгісі: « ^ »». Мысалы, boladı

ұяндық белгісі: « > »». Мысалы, қel

жуысыңқылық белгісі: « _ »». Мысалы, bız

Осы фонетикалық транскрипция белгілері бойынша мәтін беріледі.

er't'e zamanda / er'nazar d'eg'en' / k'ɪs'tb^ool^oup^ot^ou // er'nazardyñ öz^oü / baj b^ool^oup^ot^ou // t^oor^ot^o t^o ül^o ük^o
maly / saj b^ool^oup^ot^ou // q^oora t^ool^ogan / q^ooj^olary b^ool^oup^ot^ou // k'el'e k'el'e t^o üj^o ö^ol^o ör^oü b^ool^oup^ot^ou //
er'nazardyñ s'eg'iz' ul^o b^ool^oup^ot^ou // b'ur dzyly / ü^o k^o ö^on^o d^out^o b^ool^oup^o // el' malyn alysqa äk'et'ip't'ı.

Орыс тіл білімінде сөйленім синтезін жасау үшін фонологиялық транскрипцияны басшылыққа алады.

Ендігі кезекте қазақ тіліндегі дауысты фонемаларды компьютер бағдарламасына икемдеу үшін оның позициясын төмендегідей икемдеп беруге болады. Бұл ретте біз профессор Н.Уәлидің, профессор З.Базарбаеваның З.Баданбекқызының, Қ.Күдеринаның, А.Фазылжанованың зерттеулеріне сүйендік.

1. <А> фонемасы. Сөздің барлық позициясында кездеседі. Барлық дауыссыз дыбыспен тіркеседі. [ш] мен [й]-дің, [ж] мен [й]-дің және жіңішке буыннан кейін [й] мен іргелес жіңішке буынның алдында келгенде, <a> фонемасының дыбыстық репрезентанты [ә] түрінде болады, яғни палатализацияланады [4]. Енді осы <a> фонемасының [ә] вариантымен келетін сөздерді тіземіз. Ж<a>й – ж[ә]й, ш<a>й – ш[ә]й, м<a>йсөк – м[ә]йсөк, бид<a>й – бид[ә]й, ауж<a>й – [ә]уж[ә]й, д<a>укес – д[ә]укес, д<a>укестік – д[ә]укестік, ж<a>йбарақат – ж[ә]йбарақат, ж<a>йбарақаттану – ж[ә]йбарақаттану, ж<a>йбасар – ж[ә]йбасар, ж<a>йғастыру – ж[ә]йғастырғу, ж<a>йғасу – ж[ә]йғасу, ж<a>йғату – ж[ә]йғату, ж<a>йғызу – ж[ә]йғызу, ж<a>йдақ – ж[ә]йдақ, ж<a>йдарлы – ж[ә]йдарлы, ж<a>йдарман – ж[ә]йдарман, ж<a>йдары – ж[ә]йдары, ж<a>й-күй – ж[ә]й-күй, ж<a>йқалу – ж[ә]йқалу, ж<a>йлы – ж[ә]йлы, ж<a>йма – ж[ә]йма, ж<a>йма-шуақ – ж[ә]йма-шуақ, ж<a>йсаң – ж[ә]йсаң, ж<a>йша – ж[ә]йша, ж<a>йшылық – ж[ә]йшылық, ж<a>йсыз – ж[ә]йсыз, ж<a>йнау – ж[ә]йнау, ж<a>йт – ж[ә]йт. Сонымен қатар дауыссыз [к] дыбысынан кейін дауысты <a> фонемасының дыбыстық репрезентанты

[ə] түрінде болады, яғни палатализацияланады: қ<a>дiр – қ[ə]дiр, қ<a>дiрлеп-қастерлеу – қ[ə]дiрлеп-қ[ə]стерлеу, қ<a>дiрлеу – қ[ə]дiрлеу, қ<a>дiрлi – қ[ə]дiрлi, қ<a>жет – қ[ə]жет, қ<a>жетсiз – қ[ə]жетсiз, қ<a>стерлеу – қ[ə]стерлеу, қ<a>стерлi – қ[ə]стерлi. ... [к]-ның әдеттегі жуан тембрінен басқа жіңішке тембрлі болып келуі түрленім деңгейінде үндесім деуге болады. Сондай-ақ қауесет дегендегі [ə] соңғы буындағы [е]-нің әсерінен жіңішке реңкпен айтылады. Бірақ бұл дауыстының естілімі кәдімгі [а]-мен әдеттегі [ə]-нің аралығы деуге болады (Орфоэпиялық сөздік). Дауыссыз [н] мен [с] аралығында <a> фонемасының дыбыстық репрезентанты [ə] түрінде болады: н<a>сихат – н[ə]сiйхат, н<a>сихатшы – н[ə]сiйхатшы, н<a>сихаттау – н[ə]сiйхаттау.

Жіңішке кірме сөздердің II буынында <a> фонемасының дыбыстық репрезентанты [ə] түрінде болады: дiлд<a> – дiлд[ə], тiлм<a>ш – тiлм[ə]ш, тiлм<a>ш – тiлм[ə]штық, дiнд<a>р – дiнд[ə]р [5].

Жіңішке кірме сөздердің III буынында <a> фонемасының дыбыстық репрезентанты [ə] түрінде болады: дүб<a>р<a> – дүб[ə]р[ə] [5].

2. <O> фонемасының күшті позициядағы дыбыстық репрезентанты [o], ал белгілі бір позициядағы тәуелді дыбыстық репрезентанты [yo] вариациясы түрінде кездеседі [4]: [yo] +тан, [yo] +рман, [yo] +рта, [yo] +рамал, [yo] +рнау, [yo] +ртак, [yo] +рын, [yo] +рташа, [yo] +сал, [yo] +тағасы, [yo] +тар, [yo] +тау, [yo] +тын, [yo] +тыз, [yo] +рындаушы, [yo] +рындау, [yo] +салдық.

<Ө> фонемасының күшті позициядағы дыбыстық репрезентанты [ö], бұл фонеманың сөздің ұшар басындағы дыбыстық репрезентанты [yö]: [yö]+кіл, [yö]+лке, [yö]+гіз, [yö]+жет, [yö]+згеше, [yö]+здік, [yö]+зек, [yö]+зен, [yö]+зектес, [yö]+згелік, [yö]+згергіш [4].

<E> фонемасының күшті позициядағы дыбыстық репрезентанты [e]. Аталмыш фонеманың позицияға біршама тәуелді вариациясы [je]. [je]+гін, [je]+ден, [je]+жегей, [je]+желгі, [je]+лорда, [je]+лтаңба, [je]+лік.

М.Жүсіповтің тұжырымдауы бойынша <e>, <ы>, <i> фонемаларының ерін әуезді буындардан соң келуі әлсіз позицияға жатады, ал бұлардың дыбыстық репрезентанттары [ө], [ү], [у] варианты түрінде болады [4]. <E>, <ы>, <i> фонемаларының [ө], [ү], [у] вариантымен келетін сөздерді мүмкіндігінше толық қамтылу керек. Себебі сөйленім синтезінде сөз жатық шығу үшін компьютер жадына мейлінше осы позициядағы сөздер кіруі керек.

<E> фонемасының дыбыстық репрезентанты [ө] вариантының екінші буында келуі: жүг<e>рі – жүг[ө]рі, жүр<e>к – жүр[ө]к, өкп<e> – өкп[ө], өрм<e>кші – өрм[ө]кшү, бөлш<e>к – бөлш[ө]к, сүй<e>к – сүй[ө]к, көрп<e> – көрп[ө], төкп<e> – төкп[ө], бөлм<e> – бөлм[ө], сур<e>т – сур[ө]т, бөб<e>к – бөб[ө]к, бөгд<e> – бөгд[ө], бөг<e>т – бөг[ө]т, бөл<e> – бөл[ө], бөкт<e>р – бөкт[ө]р, бөл<e>к – бөл[ө]к, бөлм<e> – бөлм[ө], бөлш<e>к – бөлш[ө]к, бөл<e>кше – бөл[ө]кше, бөп<e> – бөп[ө], бөт<e>н – бөт[ө]н, дөң<e>с – дөң[ө]с.

<Ы> фонемасының дыбыстық репрезентанты [ү] вариантының келуі: атқаруш<ы> – атқаруш[ү], еңбекқорл<ы>қ – еңбекқорл[ү]к, жағул<ы> – жағуул[ү], жағус<ы>з – жағуул[ү]з, жазғытүр<ы> – жазғытүр[ү], жалқұйр<ы>қ – жалғұйр[ү]к, жаншош<ы>рл<ы>қ – жаншош[ү]рлық, жарла<ы>т – жарлау[ү]т, жасау<ы>л – жасау[ү]л, жор<ы>қ – жор[ү]к, жау<ы>ғу – жау[ү]ғу, жау<ы>з – жау[ү]з, жау<ы>н – жау[ү]н, жау<ы>нгер – жау[ү]нгер, жезмой<ы>н – жезмой[ү]н, желқұй<ы>н – желқұй[ү]н, бау<ы>рсақ – бау[ү]рсақ, бау<ы>р – бау[ү]р, бау<ы>рмал – бау[ү]рмал, бау<ы>ршөп – бау[ү]ршөп, бау<ы>рмүк – бау[ү]рмүк.

<I> фонемасының дыбыстық репрезентанты [у] вариантының келуі: аткөп<i>р – аткөп[ү]р, еңбексүй<i>ш – еңбексүй[ү]ш, жадыгөйл<i>к – жадыгөйл[ү]к, өрг<i>зу – өрг[ү]зуу, желбіреу<i>к – желбіреу[ү]к, желкөң<i>л – желгөң[ү]л, желпу<i>ш – желпу[ү]ш, желсәу<i>р – желсәу[ү]р, желімдеу<i>ш – желімдеу[ү]ш, жеңуш<i> – жеңуш[ү], өкшелік

Қорыта келгенде, келгенде сөйленім синтезін жасау үшін сөздердің транскрипциясын және фонемалардың позициясын ереже түрінде икемдеп беру керек.

Әдебиет:

1. Сорокин В. Н. Синтез речи. - М.: Наука, 1992. - 392 с.
2. Бөрібаева Ә.К., Шәріпбаев А. Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесін сөйлеу технологияларын жүзеге асыруда пайдалану // «Қазіргі қазақ тіл білімі: қолданбалы лингвистиканың өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы, 2012. - 30-34-б.
3. Абуов Ж., Джунибеков А. Фонетическая запись казахского текста. - Алма-Ата: Наука, 1991. - С. 84.
4. Баданбекқызы З. Қазақ тіліндегі фонемалардың дыбыс қорлары. - Алматы, 2001.
5. Күдерина К. Қазақ жазуының теориялық негіздері. - Алматы, 2006.

Қайырбекова Ұ.
филол.ғ.к., Қазақстан инженерлі-педагогикалық
Халықтар достығы университетінің доценті
Исаева Ұ.
Қазақстан инженерлі-педагогикалық Халықтар
достығы университетінің магистранты

Күнтізбе жүйесіндегі космонимдер мен табиғат құбылыстарының бейнеленуі

Аспан денелері – әлемдегі барлық денелердің кеңістіктегі жиынтығы. Аспан денелеріне Күн, Ай, ғаламшарлар, жұлдыздар, сондай-ақ кометалар мен метеориттер, астероидтар жатады. Аспан әлемін Тәңіріге санаған қазақ күнді, айды, кейбір жұлдыздарды мифке айналдырған. Мысалы, Күн – қазақта қасиетті зат. Аспанның күркіреуін қазақ «күн күркіреді» деп, оны Күн тәңірінің даусына балаған. «Күн астында Күнсұлу» ертегісіне қарағанда, Күннің де бақылаудан босатпайтын қызы бар. «Ай астында Айсұлу» да сондай. Шығыс елдерінде, оның ішінде, араб пен түркілерде, Айдың қызының аты – Зуһра. Ол – Жердің қорлығын көріп, айға қашқан қыз. «Үркер» аталатын шоғыр жұлдыздардың қызын «Жетіқарақшы» аталатын жұлдыздар қоршай аңдып, олардан қашқан Үркер аспан бойында жылжып қашып жүреді-міс. «Шолпан» да – қыз. Ол да қашып жүріп, жылына бір рет айдың бауырына паналайды. Мұны қазақтар «Шолпанның айға тоғысуы» дейді. Шолпанның сенімді сақ күзетшісі – «Темірқазық». Ол – бір орыннан жылжымайтын жұлдыз. Түнде жолаушылаған немесе көшкен қазақтар жүрер жолын, уақытын Темірқазыққа қарап немесе Үркерге қарап айыратын болған. Жұлдызға қарап бағыт-бағдар ажырату әдеті малшылардың күнделікті тіршілігінде әлі күнге дейін сақталған.

Космогониялық мифтердің өзегінде де көне сюжеттер бар, әйткенмен мифтің бұл түрі байырғы тайпаларда сирек кездеседі, себебі аспан денелерінің сыр-сипатын тану – дамыған сананың көрінісі. Сондықтан бұл мифтерде халық астрономиясының жетістіктері, яғни белгілі дәрежеде ғылыми ойлау бой көрсетеді, сол себептен олар бірізге түскені, циклденгені байқалады. Алайда осы үлгілер бертінгі дәуірлердің тумасы болғанымен, өзінен көне қабатта тұрған этиологиялық мифтермен салыстырғанда, әжептәуір қасиетті сипатта. Оның себебі – халықтың аспан денелері мен табиғат құбылыстарын ұдайы тылсым күшпен байланыста түсінетіндігінде.

Космогониялық үлгілерге көне мифтік түсініктер (мәселен, құбылу сарыны) тірек болып тұрғанымен, аспан денелерінің қимыл қозғалысына көшпелі халықтың аңшылық-малшылық тұрмыс-тіршілігі телінген. Сарындар бір-бірімен желілес, сабақтас, басқа мифтермен салыстырғанда, әжептәуір циклденген, тұтастанған. Себебі аспан денелерінің құбылысы мен өң-түсін сан ғасырлар бойы бақылаған есепшілер ұрпақтан ұрпаққа өз мұрасын көркемдеп, шымыр жеткізуге құлшынған, осы мақсатына сай мифтік сюжеттерді өңдеп, әрлеп пайдаланған. Демек, бұл тараптағы үлгілерде белгілі дәрежеде ғылыми ойлау да бой көрсетеді. Қазақ, монғол, бурят Күн мен Айды «ерлі-зайыпты ғашықтар», кейде «апалы-сіңлілер», кейде «бақталасып, бірінің бетін бірі тырнаған қыздар» деп ұққан. Ай – түнгі аспан шырақтарының ішіндегі ең үлкені. Оны адамзат баласы басқа аспан денелерімен үнемі салыстырулар жасап, тәжірибе түйген. Бұл тұрғыдан келгенде, ол Күннен мәнді, маңызды қызмет атқарған. Сондықтан да халықтың есінде Күнге қарағанда, Ай мен жұлдыздар туралы ескі әңгімелер мол сақталған. Түрік-монғол халықтары Ай мен Үркердің тоғауын есептеп, күнтізбе жасаған. Айға жанама ат қоюдың уәжі табиғат құбылысымен байланысты. Мәселен, наурыз айында қар еріп, жаңбыр жиі жауа бастағандықтан, халық арасында оны *Жылауық ай* деп атайды.

Көне ай, жұлдыз атауларын еске алсақ, ол туралы аңыз-әңгімелер немесе ырым-тыйымдар еске түседі. Мысалы, *Қаңтарда үйленбе: қаңтарылып қаласың, Қаңтарда қатқан мұздай сіресіп отыр* (ашулы мінез көрсетіп отырған кісіге айтылады), *Мамыр асып, бай болдық, Айдың тік туганы – халыққа жайлы, шалқасынан туганы – өзіне жайлы* деген ел арасындағы осы күнге дейін мәнін жоймай келе жатқан қолданыстардың негізгі қалыптасу көзі, сонау ата-бабалардың дала көшпенділері болған кезеңінде, қыс демей, жаз демей көшіп-қонып жүріп, жыл мезгілдерінің қырсырын ұғып, өз тәжірибелерінен түйген қорытындыларын осылайша сөз нақышымен жеткізуге тырысқан. Демек, ел аузында жүріп жеткен ай, жұлдыз атауларының мәнін анықтауда халықтың байырғы өмірлік болмысына үңілу керек. Оған негіз болатын – ел арасында сақталған ауыз әдебиетінің үлгілері, т.б. мәдени-әдеби мұралар.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистикалық зерттеулер нәтижесінде біршама көне сөздердің ұмытылған мағыналары жаңғыртылып, ұмыт болған төл атаулар қайтадан сөздік қордың қатарына еніп жатыр. Этнолингвистиканың негізгі мақсаты да – сол, яғни, төл сөзіміздің қатарын молайту, оларды жаңғырту, қолданымдық аясын кеңейту. Ай бетіндегі дақты да халық қиялы әртүрлі жағдайға байланыстырып түсіндірген. Түрік-монғолда ортақ кездесетін «Ай бетіндегі жетім қыз» туралы сюжет әлемнің көптеген халықтарында болса, «Күн мен Айды жауыз рух тұтқындайды, содан ол

тұтылады» деген түсінік те мол таралған. Тұтқындалған Ай мен Күнді қазақта және түрік-монғол халықтарында кейде ақылды би Кірпік шешен (жарты жасампаз қаһарман) құтқарады. Жауыз рухтың монғол-буряттағы аты – *Раху*, *Алха*, ол санскритше *graha*, яғни, «ұрлау, жұту, жалмау» деген мағынада. Демек, Раху туралы түпкі сарын монғолдарға үнді-тибеттен келген, ал түрік сюжеті төлтума күйде. Жетіқарақшы жұлдызын түрік халықтары *Жетіген*, *Жетіхан*, монғолдар *Жетіқарт*, *Жетіқұдай* деп атаған.

Түрік халықтары (қырғыз, өзбек, тува) шарапатты жеті кейіпкердің жұлдызға айналғанын аңыздаса, монғол, бурят, алтайлықтар *Таусоғар*, *Желаяқ* т.с.с. ертегілік жеті ғажайып қаһарманның жұлдызға айналғанын айтады. Олар осы жеті жұлдызды киелі санап, табыну рәсімін жасаған. Керісінше, қазақ оны «жеті ұры» деп түсінеді. Біздегі жетіқарақшыны баукеспе деп түсіндіретін сюжеттің пайда болуына әу баста мифтік тұрпаттағы «айлакер ұры» сарыны баспалдақ болады (Айталық, Үркердің қызын ұрлайтын космос ұрысы – Жетіқарақшы туралы сюжет түрік-монғолда жиі ұшырайды). Кейінгі кезеңдерде бақташылардың барымта-сырымта оқиғасы аспан денелерінің қозғалысына телінеді. Бір сөзбен айтқанда, бұл сюжетте космостық кеңістік пен көшпелі халықтың қарабайыр тұрмыстық кеңістігі тоғысып кеткен. Сол себептен де жеті жұлдыз туралы қазақ мифі қасиетті сипатынан ада болған. Ал монғол, алтай халықтарында жұлдыздарға айналған жеті қаһарман туралы сюжет кәдімгі қиял-ғажайып ертегіге (Қазақтағы «Ер Төстік», «Күн астындағы Күнікей» т.с.с.) әлдеқашан айналған. Галактиканы түрік халықтарының дені – *Құс жолы* десе, диқаншы түріктер, өзбектер, тәжіктер *Сабан жолы* деп атайды. Құс жолы туралы ұғым мордва, марий, фин, эстон, коми, мажар, литва, т.с.с. халықтарда кездеседі. Қытайдағы қазақтар, кейде монғолдар, оны «Көш жолы», қырғыздар «Қой жолы» деп те атайды. Оны ежелгі гректер «Сүт жолы» деп атаған, сол түпкі негізге Еуропа халықтары да, орыстар да иек артқаны мәлім. Тіпті осындай ұғымның бурят, монғол, қазақ халықтарында ұшқыны бар. Мәселен, бурятта «Құс жолы – Гэсэрдін анасы Манзан Гурмэн Отоодэй кемпірдің омырауынан аспанға шашқан сүті» деген ұғым бар. Ал қазақта кездесетін жеке бір сюжетте «Құс жолы Ай анасының аспанға шығып, қызын іздегенде аққан сүті» деп есептеледі. Әзербайжанда *Сүт жолы* деген атау кездеседі. Кейбір деректе монғолдар Құс жолын «Тәңір ананың омырауынан аққан сүт жолы» деп түсіндірген. Әйткенмен монғолда оны «Аспан тігісі», қазақта *Құс жолы* деу түбегейлі орныққан. *Үшарқар* (*Үшмарал*) жұлдызына байланысты космос аңшылығы туралы сюжет Еуразия, Солтүстік Америкаға дейін таралған.

Зерттеушілер түрік-монғол халықтарындағы аңшының есімі – Көгалдай, оның қуған аңы – марал (арқар), атылып қызарған оғы – Бетельгейзе жұлдызы, мергеннің көкшақпағы – Ригель жұлдызы деп асқан дәлдікпен ұқсас кепте айтатындығын бірауыздан мақұлдаған. Түрік-монғол аспанның солтүстігінде бір орында қозғалмай тұратын жарық жұлдызды ат байлайтын қазыққа теңеп, *Темірқазық* немесе *Алтынқазық* деп атаған. Монғолдар оны Көгедай мерген қос құлагер атын, буряттар бас құдай Хормуст құлагер атын, құла биесін байлайтын қазық деп ұққан. Тұлпарларды Жетіқарт (Жетіқарақшы) жұлдызы күзетеді-мыс. Монғолда «Алтынқазық жұлдызы әлем тауы Сүмэр ууланьң дәл төбесінде қозғалмай тұр, ол ауса, ақырзаман болады» деген ұғым бар.

«Темірқазық жұлдызы ауса, ақырзаман болады» деген эсхатологиялық түсінік қазақта да кездеседі. Үркер жұлдызының түрік халықтарындағы атауы негізінен ортақ болса, монғолдар мен алтайлықтар, кейде тувалар оны *мичин* (*мешін*) деп атайды. Жерде жатқан он екі үркерді сиыр баса алмай айырылып қап, содан алты ай қыс, алты ай жаз болғаны туралы сарын көшпелі халықтарға ортақ таралған [1, 25]. Жалпы, түрік-монғол халықтары сиырды суықпен байланыстыратыны айқындалды. Мысалы, сахада қыс бұқасы бар, оның демі – аяз, мүйізі – мұз. «Қаңтардың аяғында аспан перзенті – алып бүркіт келіп шақырады. Соның даусынан қаһарлы бұқаның мүйізі шарт сынып, аяздың беті қайтады», – дейді олар. Сонымен бірге «алғашқы сиыр көлден шыққан» деген ұғым да бар. Ал тува ұғымы да осыған жуық: «Көл бұқасы адамның көзіне көрінбейді, ызғарлы қарашада азанда, іңірде мөңіреп, ауық-ауық өкіреді, сол кезде өзен-көлдің мұзы толық қалындап қатады», – дейді олар. Бұл жайттардан байқайтынымыз: түрік-монғол халықтары Үркер мен сиырды суықпен байланыстырады екен. Мәселен, тувада «Үркер сооқ иесі», яғни «Үркер суық иесі» деген түсінік бар. Ал терістік суық өлкеде өмір сүретін сахалар Үркер ғана емес, «Кішіқарақшы (Малая Медведица) мен Шолпан жұлдыздары ерте заманда өте үлкен болғандықтан, жерге ызғар шашатын, оны бақсылар арбап, сындырып, кішірейткен» деп ұққан. Әдетте, жұлдыздар қыстыгүні аяз күшейгенде бақылаушыларға бадырайып, айқын көрінетін болғандықтан, солай түсінген болу керек. Ал халық «Үркерлі айдың бәрі қыс» деп бекер айтпаған. Ол аспанға көтерілген сайын күн суыған, керісінше, мамыр, маусым айларында көзден тасаланып, «жерге қырық күн түскенде» ауа райы жылынып, көк қаулап шыққан. Табиғаттың осындай құбылысын бақылаған малшы қауым «Үркер жерде жатса, мәңгі жылы болады екен» деп қиялдаған. «Осы қиялды аспан денелерінің ұзақ жыл бақылаған тәжірибесі мен біліміне біріктіріп, біз талдап отырған мифті шығарған», – деп түйін жасаймыз. Әлбетте, есепшілер үшін Үркер Айға тоғайтын практикалық маңызды аспан денесі болғандықтан,

оны ұзақ ғасырлар бойы бақылап, қажетке жаратып, ол туралы бірегей мифтік сюжеттер туғызған. Венера планетасын қазақтар әр мезгілде көріну сипатына байланысты әртүрлі мінездеме беріп, *Шолтан*, *Шопан*, *Зуһра*, *Керуен жұлдызы*, *Өмірзая*, *Тұлқатын* деп әрқилы атаған. Таңда көрінгенде таң хабаршысы – *Шолтан*, аздаңда қой өргізетін сағатты білдіретін қойшының қоңыр жұлдызы – *Шопан* немесе сапарға аттануға бағдар беретін *Керуен жұлдызы* деген. Іңірде көрінсе, қарапайым халық оны танымай, жамандыққа жорып, *Өмірзая*, *Тұлқатын* деп атаған. *Зуһра* деген араб тілінен енген атауды қазақтар аз қолданған. Сондықтан да зұлым патша ғашық болған соң одан қашып, Құдайға жалынып, *Зуһра* жұлдызына айналған қыз туралы аңыздар қазақта некен-саяқ, керісінше, әзербайжан, түрікмен, өзбек, татар, ұйғырларда мол.

Монғолдар таңғы Цолмонды (Шолпанды) қадірлеген, ал іңірдегі Шолпанды жек көріп, «Қомағай кемпір» немесе «Шет жұлдыз» деп атаған [2, 204]. Кешкі Цолмонды «Худалч Цолмон», яғни, «Өтірікші Шолпан» деп те атаған. Буряттар «Ухаа Солбон», яғни «Аққұба Шолпан» аспан падишасы – Эсэгэ Малан тәңірінің қалың қойының бақташысы» деп ойлаған. Әрине, бұл қазақтағы қойшының қоңыр жұлдызы – *Шопан* деген түсінікпен үндес. Буряттар кейде оны жылқы түлігінің қамқоршы иесі ретінде де түсінеді. Сахаларда Чолбон (Шолпан) жұлдызын аязбен байланыстырады

Әлбетте, табиғат құбылыстарын да халық тылсым рух-иелермен байланыста түсінген. Қазақ күннің күркіреуін «көк айғырдың кісінеуі» деп ұқса, монғолдар «жауын-шашын иесі – айдаһар» деп түсінген. Монғолдардағы айдаһардың бейнесі үнді-тибет мәдениетінің ықпалымен қалыптасқан. Қазақ пен бурят құйынды тірі кейіпкер ретінде елестетеді [3, 45-46]. Ал қазақ-монғол «кемпірқосақты аспандағы бай кемпірдің қойының қосағы» деп ұққан [1, 127].

Әрбір мәдени-тілдік ұжымның ақиқат дүние, өзін қоршаған орта, табиғат, жаратылыс құбылыстары туралы өзіндік түсінігі, ойлау жүйесі, логикалық қисыны, танымы болады. Бұлардың қайсыбірі сол этномәдениет (халық, ұлт, тіл, социум) үшін аса маңызды болса, екінші бір мәдениет (халық, ұлт, тіл) үшін елеусіздеуі болуы ықтимал. Бұлардың соған сәйкес тілдік репрезентациясы да әрқилы болады. Ақиқат дүниедегі құбылыстардың, объектілердің этнос өміріндегі алатын орнына қарай, олардың маңыздысы міндетті түрде тілдік таңбалармен вербалданып отырады.

Қазақ этномәдени қоғамдастығында есепшілер өзін қоршаған табиғатты, күн райының құбылыстарын, аспан әлемін, ондағы жұлдыздар «қозғалысын», айдың өзгеру циклдарын, күннің шығуы мен батуын, жыл мезгіліне орай Күн қай тұстан шыққанын, қай тұстан батқанын жиі бақылап отырған. Қазақ есепшілері (күнтізбе жасаушылар және оны күнделікті өмірде қолданушылар) табиғат құбылыстарын, аспан әлемін жай ғана бақылаушы емес, яғни, пассив субъект емес, әрқилы табиғат құбылыстарынан ақпараттар ала білген, сол ақпараттарды санада тоқи отырып жүйелеген, категорияландырған. Алынған ақпараттарды санада «сақтап» қана қоймай, қайта өңдеп, білімдер жүйесін жасаған, сол білімдерді әрі қарай басшылыққа алып, табиғат құбылыстарын өмір тәжірибесінде қолданған. Табиғат құбылыстарының тосын (стандартты емес) жағдайларынан малжаның, егін жайын аман алып шығып отырған. Сөйтіп, табиғат құбылыстарын танып білу жолында жинақтаған білім жүйесінен төлтума күнтізбесін жасаған.

Әдебиет:

1. Потанин Г.Н. Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина. – Алматы, 1972. – 512 с.
2. Самойлович А.Н. К вопросу о 12-летнем животном цикле у турецких народов. - Том 1. – Л., 1927. – 268 с.
3. Струве В.В. История древнего Востока. – Москва, 1941. – 457 с.

Аширова А.
филол. ғ. к., *Әл-Фараби*
атындағы ҚазҰУ доценті

Газет мәтініндегі тақырыптардың синтаксистік құрылымы

Қазіргі заманда ғұлама Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай «газет дегеніміз – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» ғана емес, қазіргі жаңа заманда газет дегеніміз – халықтың басты ұстазы. Әйгілі қолбасшы Наполеон өзінің бір сөзінде «менің елім үшін қарсы шығар төрт жүз мың әскерден гөрі, қарсы сөйлер төрт газеттің редакторы қауіптірек болады» деген екен. Ал саясаткер Уинстон Черчилль «кімнің қолында газет болса, соның иелігінде бүкіл әлем бар» деген екен. Біз бұл мысалдардың бәрін тегіннен тегін келтіріп отырған жоқпыз. Газет – әлемдегі ең үлкен әрі ең қауіпті қару. Бүгін біз газеттен көрген дүние жадымызда мәңгілік сақталып қалады. Бұл сөздердің барлығы газеттегі жазылған әрбір сөзге мән беру керектігінің тағы бір айқын дәлелі іспеттес.

Қазіргі біздің жаһандану заманын ақпарат алмасусыз іс бітпейді, тіпті ас батпайды деуге де болады. Ал ақпараттың ең сенімді көзі газет болып келген және алдағы уақытта да солай болып қала

бермегі айдан анық. Демек, қазіргі заманда газет – жай ғана қару емес, жай ғана бұқаралық ақпарат құралы емес, ол болашақ ұлтты тәрбиелейтін ұстаз іспеттес. Ондағы жазылған материалдардың терең мағыналылығы, тәлім-тағлымы, әдеби күллі қоғамды тәрбиелеуі тиіс. Және адам газет бетінен қажетті ақпаратты таба алатындай жан-жақты болуы шарт. Бұл газеттің адамға беретін рухани байлығы. Енді тағы бір өзекті мәселені қозғап өтейік. Газет бетінде жазылған материалдардың сауатты жазылуы қоғамдық сауаттылыққа өз әсерін тигізеді. Соның ішінде әсіресе газет бетіндегі тақырыптардың сауатты қойылуына баса назар аудару қажет. Себебі адам психологиясы бойынша біз бірінші газеттегі материалдың құрылымына қарамаймыз. Біз бірінші тақырыптың дұрыс қойылуына, тартымдылығына қараймыз. Мақалаларды да сол тақырыпқа байланысты оқимыз. Біз осы газет мәтініндегі тақырыптардың синтаксистік құрылымына тоқталып өткіміз келіп отыр.

Газет мәтініндегі тақырыптардың синтаксистік құрылымындағы ұқсастықты және олардың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екендігін көрсетіп өтейік. Алдымен газеттерде жиі қолданылатын сызықшаның қойылу ретін көрсетіп өтейік. Алдымен дұрысына тоқталайық. *«Бүгінгі реформа – ертеңгі бағытымыз»*(«Заң» газеті, 24.02.2017), бұл жердегі сызықша бүгінгі және ертеңгі сөздеріне байланысты қойылып тұр. Яғни, осы екі уақыт аралығын көрсету мақсатында қойылған.

«Тәуелсіздік – тірегіміз»(«Қазақ әдебиеті» газеті, 13.01.2017), бұл жерде тәуелдік жалғауының бірінші жатағындағы «менің» сөзі түсіп қалғандықтан оның орнына сызықша қойылып тұр. *«Араағайын – Астана – Араағайын» Қазақстан ұстанымы»* («Қазақ әдебиеті» газеті, 02.02.2017), *«Сот беделі – мемлекет беделі»*(«Алматы ақшамы» газеті, 01.10.2016), *«Жемқорлық – мемлекетке төнген қауіп»*(«Заң» газеті, 17.01.2017), *«Инвестициялық жобалар – Алматының даму негізі»* («Алматы ақшамы» газеті, 11.10.2016), *«Шахандағы апат – шағын қалалардың барлығында бар қауіп»*(«Заң» газеті, 06.01.2017) бұл жағдайлардың барлығында сызықша бастауышпен баяндауыштың арасында қойылып тұр. Яғни, бастауыш та баяндауыш та зат есімнен болғандықтан қойылып тұр. «араағайын», «сот беделі», «жемқорлық», «инвестициялық жобалар», «апат» сөздері бастауыш есебінде, ал «Астана», «мемлекет беделі», «қауіп», «беделі», «қауіп» сөздері баяндауыш орнында тұрған зат есімдер. Бұл туралы Профессор Сауранбаев өзінің «Синтаксистік қатынастар көріну тәсілі» туралы дәрісінің сегізінші бөлімінде «Баяндауыш(предикат) категориясының көріну тәсілінің тағы бір жолы – бастауыш бастауыш пен баяндауыштың орын тәртібі болады екен, баяндауыш болатын сөз сөйлемнің соңында тұруы шарт», – деп түсіндіріп өтеді. Кейде тақырыптағы ең негізгі сөз(зат есім) сөйлемнің соңында берілуі арқылы тақырыпқа көркемділік береді. Мәселен, *«Дара жолдың даңғылы – Дәуітәлі»*(«Қазақ әдебиеті» газеті, 27.01.2017), мұндағы ең негізгі сөз «Дәуітәлі» болып тұр. Алайда егер автор оны керісінше «Дәуітәлі – дара жолдың даңғылы» деп қойса, тақырыптың әсерлілігі кетіп қалар еді. Негізгі зат есім сөзді сөйлемнің соңына қою арқылы оған анықталғыш орынын беріп отырмыз. Ал «дара жолдың даңғылы» сөзі анықтауыш сөз ретінде қолданылып тұр. Бұл тақырыпта көркемдік қате бар. Бірақ оны кейінірек талдап өтерміз.

Енді сызықшаны дұрыс қолданбаған қателіктерге келейік. *«Тәжин – Президент әкімшілігінде»*(«Қазақ әдебиеті» газеті, 13.01.2017), бұл жердегі қателік «Тәжин» сөзі «кім?» деген сұраққа жауап беріп, зат есім бастауыш болып тұр. Ал «Президент әкімшілігінде» сөзі «қайда?» деген сұраққа жауап беріп, пысықтауыш қызметін атқарып тұр. Ал ереже бойынша пысықтауышпен бастауыштың арасында сызықша қойылатын жағдайлар жоқ. Демек, бұл жердегі сөйлем мүшелері арасындағы байланысқа сызықша қажеті жоқ. *«Байлық – бардың малын шашса, қайырымдылық қайда қалады?»*(«Қазақ әдебиеті» газеті, 13.01.2017), «байлық» сөзі «не?» зат есім бастауыш, ал сөйлемнің сызықшадан кейінгі бөліміндегі «бардың малын шашса» сөзі «бардың»«кімнің?» сұрағына жауап беріп, анықтауыш қызметін атқарып тұр. «Малын» сөзі тәуелдік жалғауының үшінші жағындағы «несін?» сұрағына жауап беріп, анықтауыш болып тұр. Ал «шашса» сөзі «қайтсе?» сұрағына жауап беріп, етістік баяндауыш болып тұр. Демек, бұл жерде де сызықшаның еш қажеті жоқ.

Енді сызықша қойылуы тиіс, бірақ қателік салдарынан қойылмай қалған жағдайларға тоқталайық. *«Ана алтын қазық, алтын бақ»* («Заң» газеті, 07.03.2017), мұндағы «ана» сөзі зат есім бастауыш, ал «алтын» сөзі «қандай?» сұрағына жауап беріп, анықтауыш болып тұр. Тиісінше «қазық», «бақ» сөздері баяндауыш, ал ол сөздер «не?» сұрағына жауап беретін зат есімдер. Дәл осындай тағы бір қателік «Ұлттық басылымдарға ортақ мұң – таралымның аздығы» («Заң» газеті, 17.03.2017), «мұң» сөзімен, «таралымның аздығы» тіркесі – екеуі де зат есімнен болып тұр, бірі – бастауыш, екіншісі баяндауыш.

Енді синтаксистің тағы бір маңызды бөлігі сөз тіркестеріне көшелік. Көбіне газет мәтініндегі тақырыптардың авторлары өзіндік сөз тіркестерін ойлап тауып. Болмаса бұрыннан бар тіркестерді орынсыз өзгертіп қолданып жатады. Сол жағдайларға тоқталайық. *«Тарихты қызыл тілмен жазып, өткеннен кек ала алмайсың»* («Қазақ әдебиеті» газеті, 13.01.2017), біріншіден, тақырып тым ұзақ. Екі бірдей сөйлемнен құралған тақырыпқа оқырманның қызығушылығы арта қоюы беймәлім. Екіншіден, «қызыл тілмен жазып» делінген, әрине, автор «бос сөз жазып» деген тіркестің орнына осындай тіркес ұсынып отыр. Алайда бұл қисынсыз теңеу тіркес тілдің көркемдігін кемітеді. Оқып отырған адам

«қызыл тілмен» ешнәрсе жазылмайтынын түсінеді. «Ұмтылыс ұрандаудан тұрмайды» («Заң» газеті, 10.01.2017) тақырыбы оқығанға жеңіл болсын деп, ондағы сөздерді бір әріптен бастау бұрыннан қалған тәсіл. Алайда оның қисынсыз қолданылатын осындай тұстары да болып тұрады. Автордың айтпақ болған ойы толық ашылмай қалған. «Болатын ел бірін-бірі батырым дейді» («Алматы ақшамы» газеті, 06.10.2017), қазақтың «болатын елдің балалары бірін-бірі батыр дейді» деген мақаланың өзгертілген түрі. Мақалда негізгі бастауыш «балалары» сөзін алып тастағаннан кейін ол мүлдем жұтап қалды. Бәлкім, автор жауыр болып болып айтыла беретін сол мақалды қайталағысы келмеген шығар. Алайда егер оны қойса толық қою керек еді. Болмаса, мүлдем басқа тақырып қою керек. «Дәуір дауысы, қоғамның жүрек лүпілі» («Алматы ақшамы» газеті, 04.10.2017), бұл жерде жоғары да айтылған қателік қайталанып отыр. Яғни, сөздерді бір әріптен бастау мақсатын қойып, бірақ қисынсыз сөз тіркесін ойлап тауып отыр. «Дәуір дауысы» деген сөз тіркесі болмайды. Бәлкім, бұл жерге «заман зары» делінетін бабалардан қалған тіркесті қоя салса, көркемдірек болар еді. «Дара жолдың даңғылы – Дәуітәлі» («Қазақ әдебиеті» газеті, 27.01.2017), мұндағы қателік «дара жол» сөзімен «даңғыл» сөзінің беретін мағынасы бір болғандығында болып тұр. Яғни, бір мағыналы екі сөзді қатар қойып, бірін анықтауыш, екіншісін бастауыш етіп, сөз тіркесін жасап қойған.

Тағы бір үлкен қателік – ойдың аяқталмай қалатын тұстары. Яғни, құралған сөз тіркесінің толық болмауы. Мәселен, «Аскартоғайдан ассаңыз» («Қазақ әдебиеті» газеті, 20.01.2017), негізінде кез келген тақырыптың көркін кіргізетін сөйлем мүшесі – бастауыш. Ал бұл жерде бастауыш жоқ. Бәлкім бастауыштың орнын баса алатын тыныс белгілерін қою керек пе еді. Мәселен, осы сөйлемнен кейін көп нүкте қоя салсақ, ойдың әрі қарай жалғасы бар екендігі білініп тұратын еді. «Қазыналы қарттары» («Алматы ақшамы» газеті, 04.10.2016), тақырыпты жай ғана «қазыналы қарттар» деп қою қажет еді немесе «қаланың қазыналы қарттары» деп қою керек еді. Бұл мақаладағы ойдың дұрыс жетуіне септігін тигізеді.

Газет мәтініндегі тақырыптардың синтаксистік құрылымында кездесетін тағы бір үлкен қателік қазақ тілінде кездеспейтін сөздерді жазу. Яғни, ойдан құрап сөз жазу. Ол, әсіресе, тақырыпты әсірелеу кезінде кездесіп жатады. Мәселен, «Шаруаға қырсыз, жазуға етті қиялгер» («Қазақ әдебиеті» газеті, 24.02.2017), мұндағы «қиялгер» сөзі тіліміздегі «саудагер», «кәсіпкер» сөздері секілді жолмен жасалмақ болған. Алайда сөз түбірі «сауда», «кәсіп» сөздері адамның нақты айналысатын саласын көрсетеді. Ал «қиял» сөзі адамның айналысатын ісін анық көрсетпейді. Қазақ тілінде «Қиялшыл адам», «қияли» деген сөздер кездеседі. Осы сөздердің бірін қою қажет еді. Әрине, «қиялгер» сөзі тақырыпты қысқа әрі оқуға жеңіл етіп тұр. Алайда ол оқырманның тілдік сауаттылығына кері әсер ететіні айдан анық.

«Жақсы тақырып – жарты мақала» ұғымына сай, газет мәтініндегі тақырыптардың көркемдігі оқырманның оқуға деген ынтасын арттырады. Алайда оқырманның көңілінен шығуым керек екен деп тілдің қалыптасқан ережелерін бұзуға болмайды. Барлығы тілде қалыптасқан ережеге сай болуы керек. Сонда ғана газет халыққа ұстаз бола алады және ол жай ғана рухани ұстаз болмайды, ол сауатты ұрпақ тәрбиелейтін ұстаз болады. Егерде автор тақырыпты тілдік ережелерге сай қойса, оқырманның автор сауаттылығына деген құрметі артады. Қисынсыз ұйқас қуып, қисынсыз теңеу сөздер ойлап тауып, орынсыз сөз тіркестерін шығару арқылы оқырман тарта алмаймыз. Себебі қазіргі оқырман сауатты. Ал келешек оқырманның сауатты болуы үшін бүгінгі жазуымыз түзу болуы керек. Ол үшін газеттегі тақырыптардың мәйегі мен мағынасы, түсініктілігінен бөлек, тілдік нормаларға, синтаксистік ережелерге сай келгені нұр үстіне нұр.

Әдебиет:

1. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991
2. Сағындықұлы Б., Сайрамбаев Т. Синтаксис мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2008
3. Сауранбаев Н. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2010
4. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері. – Алматы: Мектеп, 1981
5. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1992
6. Сайрамбаев Т. Қазақ тіліндегі синтаксис мәселелері // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2003. - №2.
7. <http://writers.kz/>
8. <http://almaty-akshamy.kz>
9. <http://zanmedia.kz/>

Ғылыми грамматикадағы лингвистикалық терминдердің қолданысы
(Ә.Құрышжанұлының еңбегі бойынша)

Ғылыми мақаламыздың мақсаты – профессор Ә.Құрышжанұлының 1956 жылы орыс тілінде жазылған жоғарыда аталған тақырыптағы кандидаттық диссертациясы[1] тілінде кездесетін лингвистикалық терминдерді қарастыру, септік категориясының «Кодекс Куманикус» ескерткішінің тіліндегі түрлерінің сол кезеңдегі ғылыми атауларымен таныстыру. Қазақ тілінің ғана емес, түркі тілдерінің, соның ішінде қыпшақ тілінің тарихын зерттеген ғалымның ғылыми жұмыстарының алғашқыларының бірінен саналатын осы еңбектің тілінде қаншама ақпараттар мен қазақ тіл білімі тарихына қатысты зерттеулер мен танымдық мағлұмат бар?! Ғылыми жұмыстың авторы: жұмыстың үш бөлімнен тұратынын: алғашқы бөлім – сол кезеңдегі куман халқының тарихына, «Кодекс Куманикус» ескерткіші қай уақытта жазылғаны, Ю.Клапрот, Г.Кун, В.В.Радловжәне К.Грэнбек басылымдары жөнінде мәліметтер беріледі дей келе, ескерткіш тілінен мысалдар келтіріп, куман тілі мен қазақ тілінің сөздік қорын салыстыратынын айтады [1, 5]. Еңбектің екінші бөлімінде автор: «септіктердің грамматика-морфологиялық сипатына арналып, әрбір септік түрлері жалғауларының дыбыстық нұсқалары берілгенін және солтүстік-батыс немесе қыпшақ тілдерінің ұқсас деректерімен салыстырмалы-тарихи тұрғыдан қарастырылғанын» айтып өткен. Үшінші бөлімінде септіктердің үстейтін мағыналары мен олардың жалғанатын сөздермен сәйкес келуі табиғатын қарастырған.Ғылыми мақаламызға арқау етіп отырған тілдік материал осы диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдерінде қолданылатын, әсіресе, екінші бөліміндегі септіктің лингвистикалық атаулары мен оның мән-мағыналары, яғни, осы еңбектегі *лингвистикалық терминдер, терминдердің семантикалық өрісі мен қолданыс аясы*.Мақаламыздың дереккөзі ретінде еңбектің 68-94 беттеріндегі терминдер және олардың тұжырымдалуы қарастырылды.

Жалпы, кез келген ғылыми жұмыстың ақпараттылығы оның ғылыми аппаратыны, тірек терминдеріне қатысты. Олай болса, аталған жұмыстағы қолданылған септік категориясының түрлері жеке-жеке қарастырылып, оның жасалу жолдары арқылы мазмұнды ғылыми тұжырым ұсынылады. Ә.Құрышжанұлының атаған еңбегі тұнып тұрған куман қыпшақтарының тіліндегі элементтер ғана емес, оны дәлелдеуі мен ұсынуы табиғи, әрі өте қарапайым түсінікті ғылыми стилде жазылған еңбек. Ғылыми жұмыстың 65-66 беттерінде ғалым былай дейді: «Нами куманские падежи обозначены *традиционными латинскими терминами* потому, что они имеют место и в оригинале «Кодекса» и в различных его изданиях, в которых перечисляются 6 падежей: *номинатив, генетив, датив, аккузатив, аблатив и вокатив*. Мы со своей стороны, во-первых, придерживаемся мнения А.Самойловича[2], который пишет, что особого звательного падежа в тюркских языках вообще не существует, 2 потому, что он выражает обращение, а не отношение существительного к другим словам в предложении. Во-вторых, список падежей дополняем *локативом и инструментальным падежом*»[1, 65].

Лингвистикалық ұғымдардың қалыптасу тарихы Азия жерінде арабтың үш бірдей ірі лингвистикалық мектептерінен бастау алғаны мәлім. «Басты тілдік мектептер қазіргі Ирак территориясын арабтар рухани жаулап алғаннан кейінгі Басрий мектебі – барлық мектептердің ең көнесі, Куфий және Бағдат мектептері болған» [3, 20].Лингвистикалық терминдердің қалыптасу тарихы қазақ топырағында, алдымен Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштерінен, Әл-Фараби еңбектерінен бастау алатынын, ал салыстырмалы-тарихи тіл білімі, яғни, компаративистика ғылымының негізін салушы, «Диуани лұғат-ат түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі) еңбегінің авторы М.Қашқари екені белгілі.

Лингвистикалық терминдер теориясын қалыптастыруда 1930 жылдардағы Алаш зиялыларының да өзіндік үлесі бары терминтану саласы ғалымдарының ғылыми жұмыстарынан танылып келеді[4, 93].

Ә.Құрышжанұлының 1956 жылы ғылыми ортаға ұсынылған осы еңбегінің қазіргі лингвистикамыздағы терминдер жүйесіне қосар үлесі, алатын орны ерекше.Ғалым *номинатив – атау септік*терминін былай түсіндіреді: «Интересно отметить, что Г.Кун на стр.75 и CIV своего издания СС для номинатива приводит примеры в нулевой форме слова, напр.: *at*(лошадь) и в форме множественного числа, напр.: *atlar*(лошади). Притяжательная форма слова тем не указывается, очевидно, Г.Кун ее считал не характерной для номинатива. Итак, отсутствие какого-нибудь падежного окончания в куманском языке, как и в других тюркских языках, означает номинативный падеж» [1, 67].

Қазіргі қазақ тіліндегі атау септік тұлғалы сөздерді зерттей келе, ғалымдар атау септігінің нөлдік формада келуінің өзі атаулық мағына беретіні туралы С.Исаевтың, Н.Оралбай еңбектерінен белгілі [5, 6].Ә.Құрышжанов ілік септігінің жасалу жолында оның қосымшаларына тоқталады: «Второй падеж в

Кодексе в простом и притяжательном склонении имеет окончание *ning/ning* и *ing/ing*. Они образуют закрытый слог. В нем узкий гласный *i* может быть переднего ряда при мягкой основе и заднего ряда при твердой основе. Последний звук окончания считается заднеязычным носовым согласным» [1, 68]. В.А. Богородицкий: «в куманском языке новообразовавшееся именное окончание *ның/нің* вытеснило собой в именах основное *ың/ің* и стало в этом языке единственным для данного падежа».

Қазіргі ауызекі тілімізде сақталған *сіздің үйіңіз* – *осы* деген сөйлемді, *сізің үй* – *осы* деп айту кездеседі: *сіздің // сізің*.

Ғалымның тұжырымдауынша: «Сравнительная таблица вариантов окончания генетива в некоторых тюркских языках:

Куманский *-ның/нің*.

Кашгарский *-ның/нің*.

Мищарский *-ның/нің*.

Узбекский *-ниң/ниң*.

Чагатайский *-ның/нің, -нуң/нүң*.

Крымский *-ның/нің, -нуң/нүң* /редко *-ны, ы/*.

Караимски *-ның/нің, -нуң/нүң*.

Татарский *-ның/нің, -ноң/нөң*.

Орхонский *-ның/нің, -ың/ің*.

Турецкий *-ның/нің, -ың/ің*.

Кипчакский *-ын/ін*.

Кумыкский *-ны/ни*.

Ногайский *-ның/нің, -дын/дин, -тын/тин*.

Каракалпакский *-ның/ниң, -дын/диң, -тың/тиң*.

Казахский *-ның/нің, - дың/дің, -тың/тің*.

Башкирский *-ның/нең, -дың/дең, -тың/тең, -ноң/нең, -доң/дең, -тоң/тең, -зың/зең, -зоң/зең* [1, 72-73].

Датив, яғни, *барыс септігі* туралы Ә.Құрышжанұлы былай дейді: «Окончаниями датива считается *ка/кә, га/гә* в простом склонении, *га/гә, а/ә* в притяжательном склонении» [1, 73]. Куман қыпшақтары тіліндегі *табыс септікті* ғалым былай сипаттаған: «Аккузатив в языке СС оканчивается на *ni* и *n*. *n* образует открытый слог, в котором узкий гласный в зависимости от характера основы может быть гласным переднего и заднего ряда» [1, 77]. Қарастырылып отырған ескерткіш тіліндегі *жатыс септікті* ғалым былай сипаттаған: «Локатив в куманском языке имеет окончания *ta/tä* и *da/dä*» [1, 80].

«Кодекс Куманикус» ескерткішінің тіліндегі *жатыс септікті* ғалым былай сипаттаған: «Окончание аблатива *dan/dän, tan/tän* подобно окончаниям генетива, образуют закрытый слог» [1, 82]. Сонда ескерткіштің түпнұсқаларымен танысып, таныстырып қана қоймай, әрі қарай әрбір септік жалғауының жалғану ерекшеліктеріне арнайы тоқталған, мысалы: «Приведем сравнительную таблицу вариантов окончания аблатива в некоторых тюркских языках.

Кипчакский *-дан/дән*.

Узбекский *-дан/дән*.

Куманский *-дан/дән, -дан/тән*.

Орхонский *-дан/дән, -тан/тән, -дин/дін*.

Кумыкский *-дән/ден, -дин/дін, -тин/тін*.

Турецкий *-дан/ден, -тан/тен*.

Караимский *-дан/дән, -тан/тән*.

Мищарский *-дан/дән, -тан/тән, -нан/нән*.

Казахский *-дан/ден, -тан/тен, -нан/нен*.

Татарский *-дан/дән, -тан/тән, -нан/нен*.

Ногайский *-дан/ден, -тан/тен, -нан/нен*.

Каракалпакский *-дан/ден, -тан/тен, -нан/нен*.

Кашгарский *-дан/дан, -дын/дін*.

Чагатайский *-дын/дін, -тын/тін*.

Башкирский *-дан/дән, -тан/тән, -нан/нән, -зан/зән* [1, 87].

Көмектес септікті *инструментальный падеж* деп терминдік атау береді де, оның жеке сөзден пайда болғанын атайды.

«В куманском языке инструментальный падеж функционируется при помощи послеслога *bile*, напр., *atasi bile* «атасымен» (с его отцом); *congulu bile* «көңлімен» (с его настроением); *csrus bile* (христосом); *azam bile* «азаматпен» (с человеком); *iazuk bile* «жазықпен» (с виной); *taz bile* «таспен» (с камнем); *kolim bile* «қолыммен» (с моей рукой); *ating bile* «атынмен» (с твоим именем); *balalarimiz bile* «балаларымызбен» (с нашими сновами)» [1, 87-88].

Қорыта келгенде, Ә. Құрышжанұлы аталған еңбегінде септік жалғаудың жіктелуіндегі түрлерін латын тіліндегі күйінде атап қоя салмай, оның мағыналарына, жасалуындағы ерекшеліктері мен қолданыс табиғатына терең мән беріп қарастырған. Ғалым қолданған лингвистикалық термин атаулары, ғылыми нысан еткен септік жалғауларының тұлғалары мен мағыналарының мәні әлемдік грамматикада да орны ерекше.

Әдебиет:

1. Құрышжанов А. Формы и значения падежей в языке *CodexCumanicus*. - АҚД. - 1956. - С.225.
2. Самойлович А. Опыт краткой крымско-татарской грамматики. СПб., 1916. - С.95.
3. Жүнісова М. Әлемдік лингвистика. Оқу құралы. - Қарағанды, 2016. -125 б.
4. Оразбаева Ф.Ш., Жиренов С.А., Кенжебаева Г.М., Мазиебаева Ж.О. Лингвистикалық терминдер теориясы. Оқу құралы. - Алматы: Ұлағат, 2012. – 96б.
5. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание. – М., 1952. - С. 152.
6. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы: Рауан, 1998. -304 б.
7. Оралбай Н. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Павлодар, 2011. -424 б.

Ережепова С.

филол.ғ.к., Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ доценті

Бакиева А.

Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ оқытушысы

Техникалық жоғары оқу орнында қазақ, орыс тілдерін оқытудың жаңа мазмұны

Қазіргі таңда техникалық жоғары оқу орындарында қазақ, орыс тілдерін оқыту тұлғалық-бағдарлы технологияларды қолдануға негізделеді. Бұл ретте білім алушының жеке, танымдық тұлға, өзінің жеке көзқарасы бар екендігі, оқу үрдісіне деген қарым-қатынасы, топта жұмыс істей алуы, білім алуына жауапкершілікті өзі көтере алатыны өзекті болып табылады. Студент өз жұмысын ұйымдастыра және жоспарлай алуы, пәнді үйренуде мақсат қоя білуі, өздік жұмысы дағдыларын игеруі және де ең маңыздысы, өзін-өзі бақылау және өз оқу қызметін өзі бағалай алуы қажет. З.А.Малькова білім беруде «үрдіс мазмұнын» қайта бағдарлау қажет екендігін ескертті[1]. Оқытушыларға жұмыстарында білім алушыдардың тұлғалық мотивін және өмірлік маңызы бар коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуын қамтамасыз ететін педагогикалық технологияларды қолдану маңызды.

Тұлғалық-бағдарлы технология студенттердің интеллектуалдық, тілдік құзыреттілікті қалыптастырып және дамытатындығы бәрімізге белгілі болғанындай, адамның интеллектуалды дамуына қайта бағыттауда сыни және шығармашылық ойлауына әсер етеді. Осы тұрғыдан, біздің көзқарасымызша, диалогтық оқытуға ерекше көңіл бөлу қажет. Диалогтық қарым-қатынас үрдісінде білім алушылар өз ойларын жеткізу барысында, жаңа құндылықтарды меңгеруде және оны еске сақтау кезінде әртүрлі тәсілдерді іздейді. Сабақта диалогтық оқытуды қолдану дағдыны қалыптастыруға, өз позициясын анықтай алып, өз сөзінде тұра алуға, шешендік өнеріне және лидерлік қасиеттеріне ықпал етеді. Е.Л.Мельникованың «диалогтық оқытуында» оқу мәселесін қоя біліп, және де арнайы оқытушы тарапынан ұйымдастырылған диалог арқылы білім алушының оны шешудің жолдарын іздестіре алуын жүзеге асырады [2].

Диалог түрлеріне мыналарды жатқызуға болады: мотивациялық (қарым-қатынастың диалогтық түріне, қатысушылардың тақырыпқа қызығушылығын білдіреді), сыни (диалог мазмұны негізінде сыни тұрғыдан ойлау мен пайымдауды сипаттайды, кез келген мәселені шешуде гипотетикалық тұрғыда қарастыру), шиеленіс (мәселе тудырған жағдайға тұлғаның қарсы әрекетімен ерекшеленеді), өзін-өзі презентациялайтын өзін-өзі таныстыру (өз имиджі үшін тұлғалық таныстырылым), автономдық (тұлғалық жеке қорғаныс реакцияларын жүргізетін ішкі диалог), рефлексивті (тұлғаның өз-өзіне талдау жасай алу қабілетін көрсетеді), өздігінен жүзеге асыра алатын (жекелей тұлғаны өздігінен ашыла алуы), шығармашыл (тұлға құндылықтарын іздеумен сипатталады), рухани (мазмұнға, бір-біріне терең ену). Е.Л.Мельникова диалогты жетектеуші және жеткізуші деп екі түрге бөледі. Олар әртүрлі құрылымды құрайды, әртүрлі оқу қызметін қамтамасыз етеді және білім алушының психикасын әр жақта дамытады[2].

Біз жетектеуші қарым-қатынаста проблемалық жағдаят туғызамыз, сонан кейін арнайы репликалар келтіру арқылы студенттердің проблемаға қарсы шыға алып, оны қалыптастыра алуын қамтамасыз етеміз. Соңғы кезеңде оқытушы білім алушыға нәтижені жеткізу барысында оны ары қарай жетектеп, болжамды тексереді, яғни, білімнің толық ашылуына жағдай жасайды. Жетектеуші қарым-қатынас арқылы студенттер сұрақтар мен тапсырмаларды орындау кезінде белсенді әрекет жасайды, сонымен қатар олардың логикалық ойлауының жан-жақты дамуына ықпал етеді. Диалогтық оқыту

студенттерге оқу мәселесін анықтауға көмек береді, яғни, сабақ тақырыбын құрап немесе зерттеу жүргізу үшін сұрақтар құрай алуына жағдай туғызады[3].

Осылайша студенттердің жаңа материалға қызығушылығын туғызып, танымдық мотивацияларын қалыптастырады. Одан кейін оқытушы жетектеуші және жеткізуші диалог арқылы шешім табуды ұйымдастырады, яғни, білім алушының білімін ашады, оны анықтайды. Диалог деңгейлерін де есте сақтау қажет. Бірінші деңгей – жекелей Мен диалогы, өз-өзімен, жеке ойымен қарым-қатынас жасау – бұл тұлғалық деңгей. Екінші деңгей – әртүрлі құнды-интеллектуалдық позицияның сапалы өзара әрекеттесу процесі. Үшінші деңгей – шағын диалог – бір уақыттағы көптүрлі (жан-жақты) диалог, ол 5-7 адамнан тұратын шағын топтарда белгілі бір мәселені талқылауда туындайды.

Жалпылай алғанда, оқыту әдістемесінде оқу мәселесінің үш негізгі әдісі бар: проблемалық жағдаяттан жетектеуші диалог; тақырыпқа әкелетін диалог; мотивациялық қабылдаумен берілетін тақырыптық хабарлама. Диалогтық оқытуда рефлексия жүргізу қажет. Өйткені студент өзінің дәрісханалық және дәрісханадан тыс әрекеттерінің нәтижелерін тіркей алуды үйренуі тиіс. Сонда ғана диалогтық оқыту технологиясын қолданудың жоғары тиімділігі жайлы айтуға болады.

Рефлексияның келесі функциялары бөлінеді: диагностикалық функция – педагогикалық үрдістің қатысушылары арасындағы өзара әрекеттестіктің деңгейін, берілген өзара әрекеттестіктің тиімділік деңгейін, жекелей педагогикалық құралдарды анықтау; қызметтің мақсатын анықтау; ұйымдастырушылық – өнімділік қызметінің және өзара әрекеттестіктің құралдарын ұйымдастыруды және тәсілдерін анықтау; коммуникативтік – педагог пен тәрбиеленуші арасындағы қатынастың рефлексия шарты ретінде; шығармашылық мағынасы – педагогикалық үрдіске қатысушылардың санасына жеке іс-әрекеті мағынасын қалыптастыру; мотивациялық – бағытты анықтау және мақсатты іс-әрекетті құру; коррекциялық – педагогикалық үрдіске қатысушылардың өзара әрекеттестікті жүзеге асырып, өз іс-әрекетіне түзетулер енгізе алуы[4]. Сабақта рефлексияны ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдері бар. Бұл, мәселен, сабақты қорытындылау кезінде мынандай сұрақтар қою арқылы: Не білдің? Неге үйрендің? Не түсіндің? Қиындық қай жерде туындады? Сабақта маған ең ұнағаны не болды? Мен нені орындай алдым және неге? Мен өз мақсатыма жете алдым ба? Менің ең басты нәтижем қандай? Қай тапсырмалар қызығушылық (қиындық) тудырды және не себепті?

Сабақта студенттің қанағаттану сезімін білдіретін немесе психологиялық жағдайын көрсететін сигналдық карточка-смайлдарды («көңілді», «бейтарап», «көңілсіз»), «кластер» құру (бақылау жүйелі ұғымдар арқылы оның құрамдас бөліктері), «Синквейн» қабылдауы, тезис, афоризмдер таңдау және т.б. қолдануға болады. Әдетте сабақтың ең соңғы кезеңінде жұмыстың мынандай түрлері қолданылады: шағын-сауалнама, «қошемет сөз», түйіндеме, шағын-шығарма, «рефлексивтік нысана техникасы», «бағалау парағы», «алгоритм-сұрақ» сияқты студенттердің интелектісі деңгейіне сай келетін және топтағы лидерді анықтайтын жұмыс түрлері. Мысалы, білім алушылар топта қатынастың қай түрі басым болғанын, студенттер тапсырмалар орындау кезінде қандай қиындықтар туындағанын айтады. Барлық жағдайда да топтың бірлігі сақталды ма, әлде қандай да бір сұрақтар кезінде даулы жағдайлар пайда болған уақытта келіспеушіліктердің болғандығын әңгімелейді. Рефлексия оқу материалының мазмұнын оқытуда өтілген тақырыпты түсіну деңгейін анықтауға қолданылады.

Рефлексияны жүзеге асыруда оқытушы өз іс-әрекетінің, алдына қойған мақсатының қаншалықты тиімді де дұрыс болғанын, күтілген нәтиженің қай деңгейіне жеткендігін анықтайды. Педагогикалық үрдістегі рефлексия – бұл субъектінің педагогикалық өзара әрекеттестікке туындаған педагогикалық жағдаймен өзіндік сәйкестендіру үрдісі, ол педагогикалық жағдай келесілерден тұрады: оқушылар, педагогтар, педагогикалық үрдістің қатысушыларын дамыту шарттары, қоршаған орта, мазмұны, педагогикалық технологиялар[5].

Проблемалық-диалогтық оқыту – бұл оқытушы тарапынан арнайы ұйымдастырылған диалог арқылы студенттердің шығармашылық дағдысының қалыптасуын қамтамасыз ететін оқыту түрі. Екіжақты үрдісте, толыққанды жұмыс арқылы студенттер материалды толықтай түсіне алады. Нормативтік дамуға ықпал ететін құзыреттілік (өз қызметін ұйымдастыру, мәселелерді шеше алу), танымдық (мәліметті таба алу, логикалық шешімдер жасау), коммуникативтік (адамдармен өзара қарым-қатынас жасау), тұлғалық (жағдайға моральдық баға беру, моральдық таңдауды жүзеге асыра алу) жағдай туындайды. Сабақта диалогтық оқытуды қолдану студенттердің сыни тұрғыдан ойлау, талдау, баламалы пікір айта алу, топпен бірге ойластыра әртүрлі шешімдер шығара алу, бір-бірімен, оқытушымен пікір алмаса алуына көмектеседі.

Әдебиет:

1. Малькова З.А. США: поиски решения стратегической задачи школы// Педагогика. – 2000. – №1. - С. 91.
2. Мельникова Е.Л. Проблемно-диалогическое обучение: понятие, технология, предметная специфика// Образовательная система «Школа 2100» – качественное образование для всех. - М.: Баласс, 2006. - С.144-180.
3. Мельникова Е.Л. Проблемно-диалогическое обучение как средство реализации ФГОС. Пособие для учителя. - М., 2013.

4. Кашлев С.С. Интерактивные методы обучения педагогике. - Минск: Высшая школа, 2004. - 176 с.
5. Суворова Н.Г. Интерактивное обучение: новые подходы//Учитель (Россия). – 2000. - № 1. - С. 25-27.

Жүнісова М.

филол.ғ.к., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті

Смаилова А.

п.ғ.м., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің аға оқытушысы

Модульдік оқыту технологиясының тиімділігі

Қазақстан Республикасының «Тілдерді дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» негізгі талабы – мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу. Өзге ұлт өкілдері бөлімдерінде оқытылатын қазақ тілі сабақтарының мақсаты – тіл үйренушілердің сөздік қорын дамыту, оқу техникасын қалыптастыру, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, сөйлем құрылысын меңгерту, қазақ тіліне тән дыбыстарды айтып, сөз ішінен ажырата білуді үйрету. Тіл үйренушілердің білімін арттыру үшін сабақта оқытудың жаңа технологияларын қолдана білу керек. Атап айтқанда, М.М.Жанпейісованың «Модульдік интерактивтік оқыту технологиясын» өз тәжірибемізде жиі пайдаланамыз. Бұл технологияның ерекшелігі – оның білімді меңгеруі, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үдерістерді, яғни, жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл т.б.) ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ, тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады.

«Модуль дегеніміз – қандай да бір жүйенің біршама дербес бір бөлігі» (С.И.Ожегов). Ал «технология» гректің «шеберлік» деген сөзінен шыққан. Модуль – міндетті түрде студенттің білімі мен біліктерін тексеру элементі бар оқу материалының логикалық аяқталған бөлімі. Модульді құрастырған кезде оның мазмұнының байланыстылығы, логикасы, элементтерінің бір-бірімен өзара байланыстылығы және олардың бір-бірінен даралануы, ажыратылуы, ерекшелігі негізге алынады.

Модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Модульдік оқыту – бұл тіл үйренушінің өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі.

Бұл технологияның мақсаты:

1. Тіл үйренушінің өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдайлар туғызу. Өз бетінше білім ала білуі, өзін-өзі басқара алуы;

2. Өзін-өзі анықтай алуы;

3. Өзін-өзі реттей білуі;

4. Өзіне-өзі сенімді болуға тәрбиелеу;

5. Өзіне-өзі баға бере білуі.

Міндеттері:

1. Тіл үйренушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, кешенді жұмыс жүргізу;

2. Тіл үйренушілерге өзіне сын тұрғысынан қарау түсінігін қалыптастыру. Әңгіме, пікірталас, іскерлік ойындарды, тәрбиелік жұмыстарды кеңінен пайдалану.

Модульдік оқыту технологиясының ерекшеліктері:

1. Модульдік оқытудың мақсаты – студенттің өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту;

2. Кіріспе бөлімінде оқытушы модульдің құрылымы мен оны таныстыру бағыттарының мақсаттарына, не үшін керек деген мәселелерге назар аударады.

3. Диалог кезеңі тәрбиелік мәні бар мәселелерді кешенді түрде игеруге арналады.

4. Диалог бөлімінде қайта оралу қағидаты ұсталады. Ол қайталау емес, әр қайта оралғанда тәрбиелік тақырыптардың мазмұны күрделенеді.

М.М.Жанпейісованың технологиясында модуль 3 құрамды бөліктен тұрады:

1. Кіріспе

2. Сөйлесу

3. Қорытынды

Кіріспе бөлімінде оқытушы тіл үйренушілерді оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң тіл үйретуші осы модульдің барлық уақытында есептелген оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде), сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді. Тақырып мазмұны (тұтас тақырып немесе тарау бойынша) «өсу» бағытымен – қарапайымнан күрделіге, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр оқушыға оқу

материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, ауызша және жазбаша тілін дамытады. Психологтардың пайымдауынша, әрбір дербес тарауды оқып-үйрену үш негізгі кезеңнен тұрады: кіріспе-қызықтырушылық, танымдық және рефлексиялық-бағалау кезеңдерінен тұрады.

Сөйлесу бөлімінде әр тіл үйренушімен оқу материалдарымен жұмыс істей отырып, олардың өз қабілетін, ынтасын, ойын (қабылдауын) ауызша, жазбаша тілін дамытуға мүмкіндік беріледі. Студенттердің танымдық үдерісін арттыру үшін топты 5-6 адамнан тұратын шағын топтарға бөлу арқылы негізінен студенттердің өзара әрекет етуіне бағытталаып құрылған. Тіл үйренушілердің танымдық қызметі әр сабақта үш күрделілік деңгейде берілген оқу материалын тыңдау, жазу, көру және айту мүмкіндігі болатындай етіп дайындалған. Оқытудың ойын түрінде ұйымдастырылуы және әртүрлі белсенді формаларды қолдану оқытудың міндетті шарты болып табылады. Сөйлесу бөлімінде алғашында оқу материалын қайта жаңғырту және қарапайым білік пен дағды қалыптастыру мақсатында кейіннен алынған білімді талдау, жинақтау және бағалау мақсатында оқытудың белсенді формалары қолданылады. Оқу модулінің бұл бөлімі тарауды тұтас оқып үйренудің екінші танымдық кезеңін іске асыру болып табылады.

Оқу модулінің сөйлесу бөлімін даярлағанда оқытушы оқу материалының негізгі мазмұнын бөліп құрастырмайды.

Мұнда тіл үйренушілер оқу материалына қайта оралып, пысықтап, бекітуі үшін оның әр сабақта жеке бөліктермен берілетіні есепке алынуы керек, бұл бөліктерде қысқаша сыйымды түрде тұтас тараудың мазмұны беріледі. Пысықтауды қажет ететін материалды мұғалім үш күрделілік деңгейінде дайындайды. Үш деңгейдің қайсысын тандайтынын әр студент өзі шешеді. Мысалы, 3-деңгей төменгі, 2-деңгей орташа, 1-деңгей білімі жоғары білімді студенттерге арналады. Сөйлесу бөліміндегі білім дәрежесін бағалауда өзін-өзі бағалау, топтық бағалау, бірін-бірі бағалау әдістері пайдаланады. Дарынды балалар сабақта міндетті түрде, үнемі аса жоғары күрделілік деңгейінде жұмыс істейді, бұл олардың интеллектуалдық қуатын жүзеге асыруға ықпал етеді. Көшбасшылық (лидерлік) қабілеттері бар студенттер «кеңесшілер» немесе «топ жетекшісі» рөлдері арқылы өздерін танытады. Жақсы оқитын студенттердің көпшілігі 1 немесе 2-деңгей тапсырмаларын таңдап, оны жақсы орындайды. Білім деңгейі орташа топтарда 3, 2, кейде ғана 1-деңгей тапсырмалары таңдалады. Білім деңгейі төмен студенттер әдетте 3-деңгей тапсырмаларымен жұмыс істеуден бастайды. Сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында сөйлесуді қамтамасыз ету үшін тілдік орта жағдайларын жасап, тіл үйренушілердің қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқыта-үйрету ойындары жүргізіледі. Бұл бөлімнің сабақтарын жоспарлағанда оқытушы тіл үйренушілердің өзара сөйлесуін қамтамасыз етуге баса көңіл аударады.

Қорытынды бөлім. Бұл бөлім – тарауды немесе тақырыпты оқытудың тұтас циклін анықтайтын соңғы бөлімі. Ол тіл үйренушілердің сөйлесу бөліміндегі танымдық қызметі барысында қалыптасқан білім, білік, дағдыларын бақылауға, тексеруге және бағалауға арналған. Осы бөлімде студенттер өз қызметін талдайды, яғни, баға алады, бұл соңында әр тіл үйренушінің танымдық қызметінің жалпы оқу нәтижесін анықтайды. Оқу модулінің қорытынды бөлімі – бақылау. Қорытынды бөлімінде бақылаудың бірнеше түрі бар. Біріншісі, міндеті – тестілеу. Екіншісі, оқытушының өз тандауы бойынша сынақ, бақылау жұмысы, диктант. Бұл модуль бойынша екі немесе одан да көп бақылау түрлерін қолданған дұрыс, өйткені оқу материалын игеру дәрежесін бір ғана тестілеу арқылы анықтау мүмкін емес. Білім деңгейін тексеру және бақылау тәсілі ретінде тестілеу оқыту нәтижесінің мөлшерлік көрсеткіші болып табылады, бұл аса маңызды. Сонымен қатар тестілеу тұлғаның психологиялық қорғауын қамтамасыз етеді, ішкі кедергілерін жояды, өйткені бақылаушымен қатынас жанама түрде жүреді. Бұл осындай бақылау түрінің жағымды жағы. Тестілеу бақылаудың қажетті түрі, бірақ ол бақылаудың басқа түрін қайталап қолдануды керек етеді. Оның мақсаты:

- а) білім деңгейін әділ бағалау;
- б) бағасын жақсартуға мүмкіндік беру.

Егер бақылаудың бір түрінен нашар баға алынса, бақылаудың басқа түрі оны жөндеуге мүмкіндік береді. Ал сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында оқушылардың бір-біріне көмегі, бірін-бірі оқытуы, түрлі ғылыми көздерді пайдалануы құпталаып келсе, енді қорытынды бөлімінде студент өзінің сөйлесу бөлімінде алған білімін, білігі мен дағдыларын ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс. Оқушы білімін бақылаудың формалары ретінде тестілік тапсырмалар, бақылау жұмыстары, сынақ, шығарма немесе диктант оқу пәнінің ерекшелігіне орай қолданып, оқу модулінің осы бөлімінде беріледі.

Жалпы оқытудың модульдік технологиясын жоғарғы оқу орындарында көптілді бөлімінде оқитын студенттеріне қолдану өте тиімді. Осы модульдік оқытуда оқытушы қандай жұмыстар атқарады?

1. Оқу модулінде сабақтың мақсаттары мен міндеттеріне қатысты әрбір студенттің қабілетіне, түсінуіне ерекше көңіл бөледі.
2. Тақырыпқа сай жаңа сөздерді тіл үйренушілерге меңгертеді.
3. Сөздер, сөз тіркестері арқылы сөйлем құратады.

4. Грамматиканы тірек сызба арқылы түсінікті етіп үйретеді.
5. Деңгей бойынша студенттердің қабілетіне сай тапсырма береді.
6. Тақырып бойынша өз ойларын дұрыс жеткізе білуге баулып, сауатты жазуға дағдыландырады.
7. Тіл үйренушілердің бір-бірімен диалог құру арқылы сұхбаттасуына көмектеседі.

Алтіл үйренуші өтілген модуль бойынша нені меңгеруі қажет, қалай жұмыс жасауы керек?

1. Тіл үйренушілер өтілген модуль бойынша тақырыпты өз қабілеттеріне қарай әңгімелеп беру.
2. Сөз тіркестерін сөйлемдерде дұрыс пайдалану.
3. Өтілген грамматиканың жасалу жолдарын есте сақтап, сөйлесімде дұрыс пайдалана білу.
4. Сызба арқылы сөйлем құрып, сөйлем арқылы әңгімелеу.
5. Сұрақтарға жауап беру.

Модуль жалпы мазмұнға кіретін негізгі мәселелерді жүйелі түрде көрсетіп, оны оқытушы үшін де, студент үшін де нақтылы түрде айқындап береді. Оқытушы модульдерді қандай тәртіпте оқыту керектігін білсе, тіл үйренуші модульден нені білуге, қандай жұмысты жасау керек екенін біледі.

М.М. Жанпейісованың модульдік интерактивтік оқыту технологиясының тиімділігі:

- тіл үйренушінің танымдық қабілетін дамыту;
- танымдық үдерісті дамыту;
- оқуға қызығушылық таныту;
- белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін дамыту;

Қазақ тілін оқыту процесін жандандыратын, сапасын арттыратын әдістің бір түрі осындай технологиялық оқу құралдары. Сонымен, қорыта айтқанда, қазіргі қоғам талабына сай оқыту процесін тиімді ұйымдастыру үшін жаңа технологияларды қолдану керектігі сөзсіз. Оқытушының әдістеме түрлерін әр сабақтың қоятын мақсатына сай талғап, шеберлікпен тиімді қолдануы студенттердің қызығушылығын арттырып, тілге қабілетін, өзіндік ізденістерін дамытуға ықпал етеді. Жаңа технологияларды қолдану барысында студенттердің пәнге ынтасы, белсенділігі артып, білім сапасы тереңдейді. Ізденімпаздық, дербес ойлау, өзіндік қорытындылау қабілеттері дамиды.

Әдебиет:

1. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушының дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2006
2. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы: Атамұра, 2007.
3. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Қарағанды, 2010.

Өмірзақова А.
филол.ғ.к., Қ. Сәтбаев атындағы
ҚазҰТЗУ сениор-лекторы
Татиева С.
Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ лекторы

Техникалық ЖОО-да кәсіби қазақ тілін оқытудың қиыншылықтары

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесі бірталай жаңа реформаларды басынан кешуде. Білім беру талаптары өзгертіліп, білім беру бағдарламалары жетілдіріліп, шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибелері басшылыққа алынуда. Білім беру жүйесіндегі бұл үрдістер – экономика және еңбек нарығында жаһандану құбылысының нәтижесі. Еліміздегі «Үштұғырлы тіл» саясатының мақсаты – елімізді бәсекеге қабілетті отыз дамыған өркениетті елдер қатарына қосу. Демек, болашақ жас мамандарға қойылатын талап та жоғары болмақ. Елбасы Н. Назарбаев: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді», – деп, баса айтқан [1]. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі.

Бүгінде инженер мамандарға қойылатын талаптар үнемі өсуде. Мәселен, соңғы онжылдықта ЮНЕСКО «XXI ғасыр инженеріне» қойылатын талаптарды әзірлеген болатын. Олар беделді халықаралық FEANI және ABET ұйымдарымен құрастырылған. Талаптарды саралай отырып, олардың төмендегі техникалық емес қырларын байқауға болады. Яғни, болашақ маманның:

- мамандығына, таңдап алған қызметіне деген тұрақтылығы, саналы және позитивтік қарым-қатынасы, тұлғалық және кәсіби жетілдіруге әрі өзінің интеллектуалды әлеуетін дамытуға деген талпынысының болуы;
- жоғары кәсіби құзыреттілік, қызметіне қажетті фундаменталды және арнайы білімдер мен практикалық дағдыларының болуы;
- кәсіби міндеттерді шешудегі шығармашылық көзқарасы ерекше және төтенше жағдайларға бейімделе алуы, қажетті іс-әрекеттерді жоспарлап, өздігінен әзірлеп, оны жүзеге асыра алуы;

- кәсіби (өндірістік, ғылыми-техникалық, ақпараттық) және әлеуметтік ортада жұмыс істеуге жоғары коммуникативтік дайындығының болуы және т.б. [2].

Өз ісіне шебер маман – белгілі бір саланың маманы ғана емес, ұжымда жұмыс істей алатын және үнемі даму үстінде жүретін, өзін-өзі жетілдіруге дайын тұлға. Мысалы, Швецияның Өндірістік Федерациясы өкілдерінің баяндамасында былай делінген: «өндіріске білімді ғалымдар мен инженерлер көптеп керек. Бірақ олардың саны маңызды емес, маңыздысы – мамандардағы құзыреттілік. Бір жағынан, керемет ғылыми білім керек, бірақ ол жеткіліксіз. Әлеуметтік құзыреттілік пен басқа да қасиеттерсіз мүмкін емес. Ынтымақтаса алу, шығармашылық ойлау, жауапкершілік дағдылары қазіргі заманның негізгі талаптары болып табылады. Үздіксіз тұлғалық даму білікті мамандарға өте қажет» [2]. Бұл аталған әлеуметтік құзыреттілік ішінде қызметтесе білуі, коммуникативтік шеберлігі, тілді меңгерудің жоғары деңгейі ерекшеленеді.

Бүгінгі таңда техникалық жоғары оқу орнын бітіруші жас маман тиімді қарым-қатынас жасауға қажетті әлеуметтік құзыреттіліктің жеткілікті деңгейін меңгермеген. Техникалық салада қазақ тілді қарым-қатынасты сәтті жүзеге асыру үшін болашақ мамандарға тыңдалым, сөйлесім және жазылым дағдыларын жетілдіру керек. Сонымен қатар инженерге қажетті қасиет ретінде әртүрлі деңгейде (мәдениаралық) қарым-қатынас жасай алуы қажет. Мәселен, Ұлыбритания инженерлер Кеңесі «Инженерлердің кәсіби құзыреттілігі стандарттарын» әзірленген. Берілген құжатта «қарым-қатынаста коммуникативтік және тұлғааралық дағдыларды тиімді пайдалану құзыреттілігі кездеседі». Бұл дағдыларды тәжірибеде қолдану «талқылау жүргізе алуы; презентация жасай алуы; құжаттардың әртүрлі түрлерін жаза алуы керек». Сондай-ақ, қарастырылған стандартта инженерлердің мінез-құлқы әдеби де берілген. Мысалы, «барлық адамдарға әділ, құрметпен қарауы керек... Мүмкіндігінше қызығушылықтардың қақтығысын болдырмауы...» [3].

Қазіргі заман талабына сай мемлекеттік тілді меңгеру кез келген сала маманы үшін міндетті болуы тиіс. Өйткені қазіргі заманның маманы мәдениаралық ғылыми байланыстарды орнатуға, іскерлік қарым-қатынас жасауға дайын болуы керек. Осыған орай, техникалық жоғары оқу орындарында кәсіби қазақ тілін оқыту мәселесі өзекті болып табылады. Себебі білім беру болашақ мамандардың шығармашылық бастамасына, студенттердің дербестігіне, бәсеге қабілеттілігіне бағытталуы керек.

Техникалық жоғары оқу орындарында кәсіби қазақ тілі коммуникативтік бағдарланған және кәсіби бағытталған сипатқа ие. Кәсіби қазақ тілінің негізгі мақсаты – коммуникативтік құзыреттіліктің қажетті деңгейін меңгерген жас маман тұлғасын қалыптастыру, жетілдіру және дамыту. Сонымен қатар кәсіби қазақ тілін оқыту таңдап алынған мамандық бойынша мәтіндермен жұмыс істеу процесінде лингвокәсіби бағдарды қалыптастыру негізінде болашақ мамандардың танымдық дербестігін дамытуға бағытталады.

«Бүгіндекәсіби салада оқыту негізінен сұхбат түрінде жүргізіледі, яғни, студент курс соңында өз саласына қатысты сұрақ-жауапты игеруі, сала терминдерін пайдаланып сөйлей білуі, өз саласына қатысты туындаған мәселелер бойынша сұрақтар қою және өз саласындағы барлық құжаттарды қазақ тілінде жүргізе білуге үйренеді. Студент кәсіби сөйлеу бағытында оқытылады және оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу тәсілдерін толық игереді, оқу-түсіну, ойын түсінікті етіп жаза білу, мәселеге қатысты өз ойын дұрыс жеткізу, өз саласына қатысты алған құжатты дұрыс түсіне білу, ол туралы өз ойын айту, сөйлеу барысында өз саласына қатысты күрделі сөзді қолдану арқылы ойын толық жеткізу бағытында оқытылады. Оқу материалына негізінен өз мамандығына байланысты мәтіндер алынады» [4]. Бірақ тәжірибе көрсетіп отырғандай, техникалық жоғары орындарында студенттердің қазақ тілінде ойларын баяндау қиындық тудырып жатады. Өйткені бұл лингвистикалық та, әрі психологиялық тұрғыдан күрделі процесс болып табылады. Көпшілік алдында (топ алдында) сөз сөйлеу кезінде студенттер өздерінің ойларын жинақтап, жеткізе алмай жатады. Қажетті тілдік бірліктерді таңдай ала алмайды. Олар өздеріне деген сенімсіздікке бой алдырып, қатты қобалжиды. Бұл, әрине, сөйлеу нәтижелеріне кері әсер етеді. Студенттердің көпшілік алдында қазақ тілінде сөйлей алмау қорқынышы олардың коммуникативтік дағдыларының және ана тілдерінде көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдыларының болмауынан деп санаймыз.

Алайда техникалық жоғары оқу орындарында қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға оқыту бірқатар шектеулермен байланысты. Алдымен:

1. оқу орындарындағы кәсіби қазақ тіліне берілетін сағат сандарының аздығы;
2. оқыту мерзімінің қысқалығы (15 аптада 30 сағат);
3. практикалық қарым-қатынастың жоқтығы;
4. қазақ тілінде қарым-қатынас сабақ аясында ғана жүзеге асуы т.б.

Меңгертіліп жатқан тілде қарым-қатынас жасау қажеттілігі болмаған кезде «қарым-қатынас» кейбір типтік, жағдаятқа негізделген тілдік штамптарды түсіну мен оларды жаңғырту ғана болып қала береді. Яғни, белсенді күнделікті тәжірибенің жетіспеуі қазақ тілін тиімді меңгеруде негізгі кедергі болып табылады. Өкінішке орай, техникалық жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту

белгілі бір білім көлемін жинақтау мен дағдыларды қалыптастыру ретінде қарастырылады. Яғни, тілдің үнемі даму үстінде болатын көпдеңгейлі жүйе ретіне қарастырылмайды.

Орыс тілді аудиторияда кәсіби қазақ тілін оқыту көптеген күш жігерді және күнделікті, жүйелі, уәждемі жұмысты қажет етеді. Сондықтан студенттердің қазақ тілін меңгеруге деген жеке қызығушылықтарын арттыру олардың пәнге деген уәждемесінің қалыптасуына әсер етеді. Осы уәжді қалыптастыра білу оқытушының алдында тұрған міндет деп санаймыз.

Қазіргі таңда кәсіби қазақ тілін меңгерудегі кедергі келтіретін нәрсе – тақырыптардың дұрыс ұйымдастырылмауы, тақырыптардың күнделікті өмірден, яғни, практикадан алшақтығы. Біздің ойымызша, тілді үйрену кезінде студенттер өздерінің ойларын айтып, пікірлерін дәлелдей алатын, бір сөзбен айтқанда, қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын тақырыптар алынуы керек. Кәсіби қазақ тілін оқыту студенттердің мамандықтарына бейімделген әрі практикалық мақсатта жұмсауға бағытталған материалдардан тұруы тиіс. Бұл студенттердің коммуникативтік-танымдық әрекеттерін белсенді етеді, пәнге деген қызығушылығын арттырады және студенттердің өзіндік ізденістеріне жол ашады. Бірақ сабақтарды қарым-қатынастық тұрғыда ұйымдастыру үшін студенттердің сөйлеу әрекеттерін дамыту жеткіліксіз. Қарым-қатынастың табиғи тілдік жағдаяттарын жасау студент тұлғасының, яғни, оның интеллектуалды, моральдық, жігерлі және басқа да қасиеттерінің қалыптасуына әсер етуі керек.

Психологиялық компонент жас мамандарды даярлау кезінде қалыптасатын дағдылар мен икемділікпен анықталады. Бұл дағдыларға орфографиялық, грамматикалық, лексикалық, сөйлеу дағдылары, сонымен қатар оқу мен жазу техникасының негізінде дамитын тыңдалым, сөйлесім, оқылым және жазба тіл дағдылары жатады. Білімдер, дағдылар мен икемділіктерден басқа психологиялық компонент студенттің эмоционалды-бағалаушы қатынасын, басқа лингвомәдениетті тану барысында қалыптасатын психикалық үрдістер де жатады [5].

Кәсіби қазақ тілін оқытудағы психологиялық компоненттің маңызды қыры тек қазақ тілінде сапалы қарым-қатынас жасауды меңгеру ғана емес, сондай-ақ, қазақ мәдениетін терең тану мен сол тілде сөйлейтін адамдармен еркін қарым-қатынас жасау деңгейіне жеткізу. Олай болса, студенттердің психикалық әрекеттеріне әсер ету оқу үрдісінің шынайы компонентті болып табылады. Яғни, оқытушының іс-әрекеті студенттің тілді меңгерудегі кездесетін қиыншылықтарын жеңу үшін қолайлы сыртқы және ішкі жағдайларды жасау арқылы болашақ жас маманның тұлғалық әлеуетін ашуға бағытталған болуы керек. Демек, тілді меңгерту процесінің психологиялық компоненті білім беру үрдісінің субъектілер арасындағы бірлескен келісілген әрекеттерінің өнімді өзара ұйымдастыруын білдіреді.

Қазақ тілін тиімді меңгерту студенттің қажеттілігін, оның уәждемесін, жеке және психологиялық ерекшеліктерін білу арқылы жүзеге асуы тиіс. Біздің ойымызша, егер студент тіл үйренудегі өзінің өсуі мен дамуын сезіне білсе ғана, онда ол үлкен жетістіктерге жетеді. Кәсіби қазақ тілін оқытуда уәждеменің маңызы зор. Тілді оқыту кезінде бірқатар психологиялық кедергілер кездестіреміз: жетістікке жетуге деген сенімділіктің болмауы, үрейдің басым болуы, аса ауыр міндеттерді орындау алдындағы қобалжулық, студенттердің өз мүмкіндіктерін төмен бағалауы, болашақта қазақ тілін қолдану қажеттілігінің төмен болуы. Олай болса, оқытушының міндеті – қазақ тілін меңгеруде студенттердің уәжін көтеру.

Оқыту процесінде студенттің өзін-өзі бағалауы өте маңызды. Коммуникативтік құзыреттіліктің жоғары деңгейін қалыптастыру студенттің өзін-өзі бағалауына әсер етеді. Өзін-өзі жоғары бағалайтын адамдар тілді тез әрі сәтті меңгереді. Олай болса, кәсіби қазақ тілін тиімді оқыту лингвистикалық қабілеттерді жетілдіру, тілдік әрекеттерді күрделендіру мен тұлғаны жан-жақтан дамыту арқылы жүзеге асады.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Үштұғырлы тіл» саясаты //Егемен Қазақстан.- 2006.
2. Гребнев З., Кружалин В., Попова Е. Модернизация структуры и содержания инженерного образования // Высшее образование в России. – 2003. - №4.
3. Технический стандарт технического специалиста. Технический совет Великобритании. – Лондон, 2005.
4. Нурмухамбетова К.Т. Қазақ тілін кәсіби салаларға бағыттап оқыту [Электронды ресурс] //http://group-global.org/kk/publication/3620-kazak-tilin-ksibi-salalarga-bagyttap-okytu
5. Валеев А.А., Баранова А.Р. Психологический компонент обучения иностранному языку на неязыковых факультетах вуза. // Современные проблемы науки и образования. – 2015.- № 2.

Қазақ тіліндегі етістіктің осы шағы туралы зерттелімдер

Қазақ тіліндегі етістіктің үш шағы бар. Соның бірі – осы шақ. Қазақ тіл білімінде осы шақтың түрлері, жасалу жолдары туралы пікір әртүрлі. «Қазақ тілінің грамматикасы» атты еңбекте [1] осы шақ дәл сөйлеу үстінде болып жатқан іс-әрекет ретінде сипатталған. Осы шақтағы етістіктер кейде істің, қимылдың сөйлеуші хабарлап тұрған кезеңнен бұрын басталып, үзіліссіз болып тұрғанын да білдіре алады. Осы шақ мағыналық ерекшеліктеріне қарай *нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ* болып екіге бөлінетіні көрсетілген. Осы бөлімді жазған Қ.Неталиева нақ осы шақта іс-әрекет, жай-күйдің дәл сөйлеу үстінде болып жатқаны баяндалатынын айта келе осы шақтың бірнеше жасалу жолын атап өтеді: 1) *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктері жіктеліп, дара күйінде (мысалы: *отырмын, отырсың /отырсыз, отыр*) жұмсалады; 2) осы төрт етістік **-іп/іп, -а/-е/-й** тұлғалы көсемшелермен тіркесіп айтылады. Мұндайда *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктері екінші орында тұрып (мысалы: *айтып отырмын, айтып отырсың / айтып отырсыз, айтып отыр*) жіктеліп қолданылады; 3) жатыс септігіндегі **-у** тұлғалы қимыл есімдері (мысалы: *ізденудемін, ізденудесің /ізденудесіз, ізденуде*) баяндауыш қызметінде келіп те нақ осы шақ мағынасында жұмсалады. Бұдан басқа **-улы/-улы** етістіктер жеке де, *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерімен тіркесіп те III жақтың нақ осы шақ мәнін (мысалы: *сүйеулі тұр, байлаулы тұр*) білдіреді. Автор «байлаулы тұр» дегеннен «ізденуде» дегенің айырмасы барын, соңғысы дәл сөйлеу үстінде болып жатқан, сондай-ақ бұрын басталып, осы кезде болып жатқан іс-әрекет, жай-күйді де білдіре алатынын ескертеді. Ал ауыспалы осы шақ бұрыннан болып келе жатқан, сонымен қатар сөйлеп тұрған тұста болып тұрған іс-әрекетті білдіреді, бұл шақ **-а/-е/-й** тұлғалы көсемшелердің жіктеліп айтылуы арқылы (мысалы: *барамын, барарсың / барарсыз, барады*) жасалады, бұл тұлға ауыспалы осы шақ мағынасында дара да, **-ып/іп** тұлғалы көсемшелермен тіркесіп те (мысалы: *айтып барамын, айтып барарсың / айтып барарсыз, айтып барады*) жұмсала беретінін айтады. Мұндай етістіктердің келер шақ мағынасында да жұмсала беретінін, сол себепті «ауыспалы осы шақ» деп аталатынын ескертеді. Формалық өзгешелігі жоқ бұл тұлғалардың ауыспалы осы шақ немесе ауыспалы келер шақ екендігі мәнмәтінде (контексте 语境) белгілі болады.

2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасы» (бұл – сипаттамалы және нормативті грамматика) атты еңбекте Сейілбек Исаев осы шақ сөйлеп тұрған сәтте іске асып жатқан қимыл, іс-әрекетті білдіретінін айта келіп, осы шақ болатын етістіктердің екі түрлі мағыналық ерекшелігін көрсетеді: бірі сөйлеп тұрған іс-әрекетті білдірсе, енді бірі, әрдайым қайталанып тұратын дағдылы іс-әрекетті көрсететінін айтып, осы шақтың жасалу ерекшеліктеріне тоқталады. Қалып етістіктерінің (*отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктері) [2,120] қатысын сипаттайды.

Отыр, тұр, жатыр, жүр жетекші (негізгі) етістік мәнінде немесе жетекші (негізгі) етістіктің қалып етістіктерінің көсемше **-іп/іп, -а/-е/-й** тұлғалы етістіктерге көмекші етістік ретінде тіркесуінен де жасалатынын сөз етеді. Бұлар грамматикаларда «нақ осы шақ» деп беріледі. Демек, осы шақтың бұл түрі қазіргі кезде арнайы грамматикалық тұлғалар арқылы жасалмай, қалып етістіктерінің негізінде немесе көмекші етістік мәнінде жіктеліп келуінен жасалады. Шақтық мән *отыр, тұр, жатыр, жүр* қалып етістіктерінің өз семантикасында бар. Сондықтан қосымша түсіп қалса да, қосымша білдіретін мағына түбірге ауысқан қалып етістіктері (*отыр, тұр, жатыр, жүр*) осы шақ көрсеткіші ретінде қалыптасқан. Автор осы шақтың екі түрін (нақ осы шақ пен ауыспалы осы шақ) атап, жасалу жолдарын көрсетеді. Нақ осы шақ етістіктің құрамына қарай жалаң және күрделі болып бөлінеді: 1) нақ осы шақтың жалаң түрі *отыр, тұр, жатыр, жүр* қалып етістіктерінің жіктелуі арқылы (мысалы: *отырмын / отырмыз, отырсың / отырсыз / отырсыңдар, отырсыздар, отыр*) жасалады. Болымсыз түрі қалып етістіктерінің есімдік тұлғасында (**-ған/ген**) келіп, *жоқ* сөзімен тіркесуі арқылы (мысалы: *отырған жоқпын, отырған жоқсың / отырған жоқсыз, отырған жоқ*) жасалады; 2) нақ осы шақтың күрделі түрі етістіктің **-іп/іп, -а/-е/-й** тұлғалы көсемше түрі мен *отыр, тұр, жатыр, жүр* деген қалып етістіктерінің көмекші етістік мәнінде тіркесінен (мысалы: *тыңдап тұрмын, тыңдап тұрсың / тыңдап тұрсыз, тыңдап тұр*) жасалады. Болымсыз түрі екі жолмен жасалады: 1) есімше (**-ған/ген**) тұлғалы қалып етістіктерінің *жоқ* сөзімен тіркесуі арқылы (мысалы: *отырған жоқпын, отырған жоқсың / отырған жоқсыз, отырған жоқ*) жасалады; 2) күрделі етістіктің құрамындағы жетекші етістікке **-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе** жұрнақтарының жалғануы арқылы (мысалы: *тыңдамай отырмын, тыңдамай отырсың / тыңдамай отырсыз, тыңдамай отыр*) жасалады. Ауыспалы осы шақ **-а/-е/-й** тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы (мысалы: *айтамын,*

айтасың / айтасыз, айтады) жасалады. Болымсыз түрі етістікке **-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе** жұрнақтарының жалғануы арқылы (мысалы: *білмеймін, білмейсің/білмейсіз, білмейді*) жасалады. Сондай-ақ процессуалдық (程序) мәнді білдіретін, баспасөз тілінде III жақта жиі қолданылып жүрген **-уда/-уде** тұлғасы (жатыс септіктегі тұйық етістіктің баяндауыш қызметінде келуі) да осы шақтың грамматикалық көрсеткіші ретінде беріліп жүр. Сейілбек Исаев [3] «қимыл есімі -у тұлғасына жатыс септік жалғауы қосылып (**-у-да/у-де**) баяндауыш қызметін атқаруы – совет дәуіріндегі баспасөз беттерінде жиі кездескенін айтады. Бұл тұлғаның қолданылуы негізінен совет дәуіріндегі әдеби тілімізде, әсіресе газет-журнал тілі арқылы қалыптасқанын байқаймыз.

Ғалым: «етістіктің осы шағын білдіріп, баяндауыш қызметін атқаратын жаңа тұлға – **-уда/-уде** тұлғасы өскелең өмірдің қажетіне сай ... тілімізде бұрыннан бар үлгілердің негізінде туғанын көреміз», – деп жазады. Т.Қордабаев: «Бұл форма синтаксистік жаңа рөлге ие болумен бірге тұрақты шақтық көрсеткіш болып та қалыптасып отыр. Мұның шақтық мәні – болған үстіне үстемелеп болып жатқан қарқынды іс-әрекетті білдіру. Біздің байқауымызша, сөз болып отырған форманың жаңа функциясын (қызметін) туғызған алғашқы қажеттіліктің өзі совет адамдарының дамыған үстіне дамып отыратын өршіл қарқынды еңбегін, өскелең өмірін көрсету мүддесі сияқты», – дейді. Ахмеди Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» [4, 3] атты еңбегінде өткен шақ пен осы шақтың жігін ажырату үшін сөйлеу кезі, демек, сөйлеушінің тыңдаушыға сөйлеп отырған сәті (мезгілі) шек, өлшеу етіп алынады. Яғни, осы шақ формасы сөйлесіп отырған (диалог) уақытта болатын я болып жататын амал-әрекетті суреттейді. Ал сөйлеу үстінде істеліп жататын әрекет әдетте азды-көпті бұрын басталған процесс (үдеріс) болғанымен, кейде ол процесс түрлі кедергі-кідіріске, тоқырауға ұшырағанмен, біржола тоқтап қалмай, үздік-создық болатын процесс болғандықтан, осы шақ ұғымы да мезгіл-мерзім жағынан үзіліңкі, созылыңқы, тынбай жүріп жатқан амал-әрекетті білдіреді.

Қазақ тілінде осы шақ категориясының арнаулы морфологиялық көрсеткіші жоқ. Бірақ етістік жүйесінде оның қилы-қилы мағыналарын білдіруге икемделіп, замандар бойы сол қызметтерді атқару нәтижесінде әбден орнығып қалыптасқан грамматикалық амал-тәсілдер бар. Осы шақ жалпы грамматикалақ (категориялық) сипатынан туатын мағыналық ерекшеліктеріне және оларды білдіретін амал-тәсілдерінің қызметтеріне қарай *жалпы осы шақ, нақ осы шақ, неғайбіл осы шақ* болып бөлінеді: 1) жалпы осы шақ етістік негізіне **-а/-е/-й** жұрнағы жалғануы арқылы жасалады. бұл форма көнтекестегі (манматын) қызметіне қарай, сөйлеп отырған кезде болатын амал-әрекетті де, үнемі істелетін кәсіби және басқа күнбе-күн әрекетті де, адамзатқа, ғаламзатқа тән үйреншікті, дағдылы жалпы қимыл, қозғалыс, амал, әрекет, істі де білдіреді. бұл форма тек жалпы осы шақ мағынасында ғана емес, жалпы іс-әрекетті тыңдаушының көз алдына бұрын болғандай, қазыр болып жатқандай және келешекте шүбәсіз болатындай етіп суреттеп көрсету үшін жұмсала береді. екінші сөзбен айтқанда, **-а/-е/-й** жұрнағы жалғанған етістіктер үшінші жақта тұрып өткен шақ мәнінде де, осы шақ реңкінде де жұмсалады. бұл форма осы шақ мағынасын ауызба-ауыз (дәлел) жағдайда I, II, III жақ түрлерінде тұрып та атқарады. ал ол ертең ерте келеді, кешкісін екеуміз теәтрғә барамыз дегеннен, әрине, келершәк мағынасы түсініледі. 2) нақ осы шақ көсемшенің өткен шақ **-іп/іп** және осы шақ **-а/-е/-й** түріндегі етістік формасына *отыр, тұр, жатыр, жүр* деген жай-күй етістіктерінің біреуі тіркесуі арқылы (мысалы: *айтып отырмын / көріп тұрмыз / оқып жүр / келе жатыр*) жасалады. 3) неғайбіл осы шақ екі түрлі аналитикалық формант арқылы жасалады. Біріншісі – көсемшенің келер шақ **-ғалы /-гелі** формасындағы етістікке (*барғалы /келгелі*) *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерінің бірі тіркеседі де соңғы көмекшіге жіктік жалғау жалғанып (мысалы: *барғалы отырмын / барғалы отырсың/барғалы отыр*) жасалады. екіншісі, **-йын деп/ -йін деп** форманты жалғанған етістікке *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерінің бірі тіркеседі де оған жіктік жалғауы қосылу арқылы (*барайын деп отырмын / жүрейін деп тұрсың / құлайын деп тұр*) жасалады. **-уда/-уде** тұлғасының қатысуымен жасалған *өсуде, дамуда* сияқты етістіктер оқулықтарда осы шақ ретінде танылып жүр. Бұл формада ешқандай вербалдық (□头) мағына болмайтындықтан әрі оған етістікке тән қосымшалар қосылмайтындықтан, ол етістіктің шақ формасы ретінде қаралмауға тиіс. Ы.Маманов [5, 244] бұл тұлғаның ауызекі тілімізде де, көркем шығармаларда да көп кездесе бермейтінін айта келіп, «қазақ тілінің табиғатына үйлеспейтін жасанды» форма ретінде сипаттайды. Жаң Динжиң (张定京) «Қазіргі қазақ тілінің практикалық грамматикасы» (автор аталған еңбегін дәстүрлі грамматика мен құрылымдық грамматика үйлестірілген сипаттық-практикалық мектеп грамматикасы» деп атайды) [6] атты еңбегінде осы шақтың төрт түрі көрсетеді:

1. Нақ осы шақ (现在进行时 дегенді қазірше осылай алып отырмыз. Бұл – әрине, соншалық принципті мәселе емес, терминтануда шартты түрде алынатын ұғымдар бола береді. – Ә.Ә.). «Етістік негізі + **-іп/іп** + *отыр / тұр / жатыр / жүр* + жіктік жалғауы» үлгісінде (мысалы: *оқып отырмын, оқып отырсың/оқып отырсыз, оқып отыр*) жасалады. Болымсыз түрі екі жолмен: 1) «болымсыз етістік негізі + **-й** + *отыр /тұр /жатыр /жүр* + жіктік жалғауы» үлгісінде (мысалы: *оқымай отырмын, оқымай отырсың / оқымай отырсыз, оқымай отыр*), 2) «етістік негізі + **-іп/іп** + отырған /

тұрған / жатқан / жүрген + жоқ + жіктік жалғауы» үлгісінде (мысалы: *оқып отырған жоқпын, оқып отырған жоқсың / оқып отырған жоқсыз, оқып отырған жоқ*) жасалады. Жаң Динжиң қазіргі осы шақтың болымсыз екі түрінің мағыналық жақтан әнтек айырмашылығы бар екенін: бірі объектінің (主体) іс-қимылды орындауға пейілі соқпай, іс-қимылдың орындалмай жатқанын аңғартатынын, екіншісі іс-қимылдың орындалмай жатқанын жай баяндайтынын ескертеді.

2. Қарқынды осы шақ (持续现在时 дегенді шартты түрде қазірше осылай алып отырмыз. – Ә.Ә.). «Етістік негізі + -у + -да/-де (үстінде) + жіктік жалғауы» үлгісінде (мысалы: *ізденудеміз, ізденудесің / ізденудесіз, ізденуде*) жасалады.

3. Қазіргі осы шақ (存在现在时 дегенді қазірше осылай алып отырмыз. – Ә.Ә.). «Отыр / тұр / жатыр / жүр + Ø (нөлдік форма) + жіктік жалғауы» үлгісінде (мысалы: *отырмын, отырсың / отырсыз, отыр*) жасалады. Болымсыз түрі «отыр / тұр / жатыр / жүр + -ған/-ген + жоқ + жіктік жалғауы» үлгісінде (мысалы: *отырған жоқпын, отырған жоқсың / отырған жоқсыз, отырған жоқ*) жасалады.

4. Дағдылы осы шақ (现状现在时 дегенді де қазірше солай алып отырмыз. – Ә.Ә.). «Етістік негізі + -а/-е/-й + жіктік жалғауы» үлгісінде (мысалы: *оқимын, оқисың / оқисыз, оқиды*) жасалады. Болымсыз түрі «болымсыз етістік негізі + -й + жіктік жалғауы» үлгісінде (мысалы: *жақтырмаймын, жақтырмайсың / жақтырмайсыз, жақтырмайды*) жасалады.

Көріп отырғанымыздай, қазақ тіліндегі етістіктің осы шағының түрлері, грамматикалық мағыналары, сондай-ақ олардың көрсеткіштері туралы тілгерлердің грамматикалық ұстанымының әркелкі. Ғалымдардың көзқарастарында ортақтықтармен қатар айырмашылықтары да барын байқаймыз. Демек, осы шақ тұлғаларының қайсысы норма, қайсысы норма емес екенін ішкерілей қарастырып, қазақ тілін оқыту, оқулықтар жасауға бірізді, ортақ ережелер дайындау қажет.

Әдебиет:

1. Қазақ тілінің грамматикасы. - Алматы: Ғылым, 1967.
2. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 783 б.
3. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 624 б.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 382 б.
5. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.
6. 张定京. Қазіргі қазақ тілінің практикалық грамматикасы. – Бейжің, 2004.

Ислам Д.

филол.ғ.к., А.Ясауи атындағы ХҚТУ доценті

Сатылханова Г.

Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты

Прозадағы көркемдік деталь қолданысының авторлық мақсаттағы орны

Көркемдік деталь жайында қалыптасқан белгілі тұжырымдар бар. Сол тұжырымдар аясында кез келген прозалық туындылардағы деталь-штрихтарды табуға болады. Ал солардың автор идеясын берудегі көркемдік кілт ретінде алынып, тіпті шығарма фабуласын құраушы көркемдік құрал орнындағы қызметін таныта алдық па? Көркемдік деталь шығармадағы шеберліктің шарты болатынын туындыларды талдау барысында көз жеткіздік. Деталь қолданысындағы автор мақсатын айқындау да шығарманың көркемдік табиғатын тереңінен таныта түсері анық. Осы орайда Д.Исабековтің «Қарғын», Т.Нұрмағанбетовтің «Бөрібайдың тымағын ит алып қашқан қыс» шығармаларындағы көркемдік деталь қолданысының философиялық түйіндер мен суреткерлік шешім жолындағы маңыздылығын атап өтсек. «Қарғын» шығармасындағы бас кейіпкер Жасын мен Бағила әуелі поезд купесінде ұшырасады. Купеде болған жәйт Жасын мен Қаратайдың болмыс-бітімін хабарлап өткендей ғана. «Сіздерге жаным ашыған соң ғана көндім» [1, 140], – деп вокзал бастығы соңынан шығып кетуі Жасынның кім де болса тәкаппар, паң екендігін аңғартса, Қаратайдың дегені болмаса, жай таппайтын «бастық» мінезінен сыр алдырады. Бейтаныс жігіт төсегінде бір парақ қағазды ұмытып кетуі автордың мақсатты түрде ендіріп отырған деталі. Бұл – бас кейіпкер психологиясын ашудағы алғашқы бүтіннің бөлшекті заттық көрінісі. Сондай ақ, бір парақ қағаз – бір парақ қағаздағы жазу Жасын характерін ашудағы көркемдік деталь. Осы бір парақ қағаз сюжетті, фабуланы дамытудағы тірек іспетті, бір парақ қағаздағы жазу жас қызды Жасынның жұмбақ табиғатына ынтықтыра түссе, Жасынның Бағиланы іздеуіне апаратын жол. Бір парақтағы жазу – жазушының тағдырлар философиясы арқылы айтқысы келген концепциялық түйіндерінің көркемдік кілті. Купеде болған жәйттен Қаратай болмысы, бастық біткеннің әлеумет санасына орныққан сыртқы бейнесін әдемі танытқан. Қаратайдың бейтаныс жігітке жасаған үстемдігі өз дәуіріндегі билік

пен халық арасындағы теңсіздіктің де бір көрінісі. Сол кезгі ұлт интелегенциясы мәдени көрсеткішінің бір барометрі. Бірақ Қаратай секілді бастық бейнесінің ішкі дүниесі жайлы ойлау әлі ертерек. Есесіне Қаратайдың көмекшісі Тұрғаттың Бағиламен диалогы арқылы адамзат өресіндегі Қаратай, Тұрғат орындарының биік өлшем бола алмайтыны Бағила санасындағы сұраулар ағымымен ойландырады. Жазушы поезд купесіндегі ситуацияны Бағиланың сана ағымы талқысына салып, өміртанымдық идеяларды бейнелейді. Елеусіз детальдың бірі жолаушыларды күтіп алып, бір дауыс атымен танылатын Сәргел кейіпкердің портреттік штрихы. Осы бір елеусіз штрих Сәргел характеріндегі жағымсыз әрекеттердің қанық бояуына айналып толыса береді. Сәргел мінезі адамгершілік ұғымдарын кез келген уақытта аттап өте беретін тоғышарға тән. Бағиланың қонақ бөлмені кітапханаға ұқсатуы, кітапханада шай ішкендеріне іштей жымиып, қонақтардың кітаптарды сыйламауы суреттелетін деталь – штрихтың да романның композициялық тұтастығын құрауда орны бар. Бұл балғын Бағила мен жазушы Жасын арасындағы болашақ оқиғаның сабақтастығына дәнекер предмет. Бағиланың жатын бөлмесіндегі кітап сөресі де, жоғарғы жағындағы бұғының басы да тұрмыстық детальдар. Жазушы бұғының басына «Оның көздері сарғыш торшерден түскен сәуледен жылт-жылт етіп, мына шағын дүниенің көзге көрінбейтін арғы түбінен ерекше бір құбылысты байқағандай аңтарылып қарап қапты... Оған ең маңызды нәрсе – осылай кірпік қақпастан тар дүниенің көрінбейтін алыс көкжиегінде болып жатқан белгісіз бір құбылысқа аңтарылып қарап тұра беруі» [1,163], – деп сипаттама береді. Сонымен қатар Мәликенің «Лили Иванова, Софя Ротару, Луки Маринеску Арсел Дедич, Бисер Киров, Муслим Магомаев, Дин Рид, Попура Фукуда...» [1,163] секілді әншілер пластинкаларын ұсынуы да сол дәуір мәдениетінен хабардар етсе керек. Бағиланың бұл үйдегі кітаптардың білім ретінде емес, мүлік ретіндегі қызметін аңғаруы, кітап беттерінің беймезгіл мазасын алғанға наразылығы, бұғының басына қайта жанары түскенде көлеңке тұстағы көзі бұған ұрлана қарауы, Бағиланың денесі тітіркеп, жүрегі мұздауы жәйдан-жай айтылмайды. Бағиланы да, оқырманды да романның басты фабуласына психологиялық дайындау тәрізді. Кітаптардың Сәргел үйінде мүлік ретінде тұруы Сәргелдің білім мәдениетінің айғағы. Бұғының басы мен көкжиекке қадалған көзі Жасынның дүниетанымдық кеңістігімен параллелизмде беріліп тұр.

Туындыда біршама портреттік детальдар да кездеседі. Бағиланың кескін-келбетін «...қою түннің жасымақтай бір түйірін ойып алып, мәрмәр беттің сол жақ етегіне мең етіп жабыстыра қойыпты. Қарсы көрінген қара шағаланың қанатындай шашаусыз біткен имек қас ширек шеңбер тәрізді біркелкі жұмылған кірпіктермен ерекше үйлесім тауып, табиғаттың шебер суреткер екенін осы үйлесімдік арқылы маңайға паш етіп тұрған секілді. Екі қастың ентелеп кеп қосыла алмай қалған тұсынан әдемі қыр мұрны ұстасаң үгітіліп кетердей бір-бірімен болар-болмас қиюласып жатқан томпиған балаң еріндерге бағыт сілтеп тұр. Ақ кофтасын аздап кере бастаған кеудесінің көтеріліп басылғаны болмаса оның демалып жатқаны да сезілмейді» [1, 164], – деп қанық береді. Бағилаға таңылған портреттік детальдар оның жан-дүниесіндегі тазалыққа да тән сипаттарды аша түседі. Жазушының адам бойындағы адалдық, тазалық белгілеріне көзқарасы Бағила характеріне сіңірілген. Бағиланың купедегі жәйтті еске алып, әкесінің жалған намысты иеленгені, студенттер тізімінде өзін көре алмаған қыздың ебіл-дебіл жылауы қоғам психологиясын айыптаудың бір тәсіліндей жаңғырады. Бағиланың жан мен тәніндегі сұлулықты тереңінен таныту үшін де медеудегі ресторанның таңдап алынуы, суретші жігіттің Бағила әлеміне үңілуі мақсатсыз детальдар емес. Медеу рестораны шығарманың мекендік орнын ғана емес, сол кездегі қоғамның әлеуметтік психологиясының да сан қатпарларынан сыр тартады. Ақ плавкасы көрінгенше секең қаққан, ақ денесімен таласқан ақ шашты қыздың билеген биі де, билеткен ән де оқиғаның мекендік, мезгілдік орнын да аңғартып тұр. Бағилаға суретшіні жолықтыру қыз сұлулығын асқақтата көрсетіп сезіндіру ғана емес, өнер адамы болмысы мен бағалануының өмірлік көріністе берілуі деп те қараған жөн. Суретші Бағиланың кескін-келбетін салып Сәргелдің үйіне апарғанда Сәргел, Малике суретті эскиз түрінде емес, біткен сурет деп ойлап шошына қарауын Бағиланы қорғаштау ғана деп қабылдаймыз ба? Бәлкім Сәргел мен Малике секілді ересек адамдардың өзі суреттің эскиздік нұсқасын ажырата алмауынан қоғамның да өнер биігінен пәсейіп кеткенін танытатын шығар. Бұл Сәргел секілді зиялылар санаты арқылы этно-мәдени сипатының жеткен деңгейін танытып өту болса керек.

Шығармадағы кейіпкерлер жан-дүниесінің біріне-бірі ұқсамауы, әртүрлі типтегі адамдар бейнесін ашады. Олардың өміртанымдағы қайшылықтары контраст арқылы айқындалады. «Деталь – бүтін дүниеге меңзеп тұрар түймедей бөлшек. Есесіне, деталь - көркемдік кілті, шеберлік шарты. Детальді игерген жазушы шын жазушы, шебер жазушы. Ол баяндаудың шырайын кіргізуден бастап, характер жасауға дейін атқармас қызметі жоқ оның. Шығарманың бар болмысы, тұтас табиғатына әсер етіп, шешуші роль атқаратын кішкене ғана деталь жазушы үшін қолға оңайлықпен түсе бермейтін шеберлік кілті» [2, 239]. Деталь жөніндегі осы бір тұжырымды шығармадағы Мәликенің өмір жайындағы ішкі толғанысымен де дәйектеп беруге болады. Адам туады, өседі, өледі сол-ақ екен ғой деген ой келеді Мәликеге. Сол аралықта бар мен жоқты түгелдеп жүргенде уақыт шіркін өз патшалығын құрады екен. Қартаясың, ешкімге керегің болмай қалады. Өліммен емес, кәріліктен

қорқады Мәлике. Себебі бұрынғы үйінің қасында тұрған кәрі кемпірдің күнін көрген Мәлике. Балаларының бәрі есейіп түзге қашқан «...сол байғұс айына жиырма тоғыз сом ғана пенсия алатын. Ойлап қарашы, жиырма тоғыз-ақ сом! Несіне жетеді? Күніне бір сомнан жұмсағанда жиырма тоғыз күнге созар, ал айына отыз бір күн бар ғой» [1, 175]. Мұнда юмор да, сарказм да бар. Қартайған атананы қарттар үйіне тапсырарлардың қарасы қазақ арасында да барына налыған көңілдің үні де бар. Бейнетінің зейнетін көруге жағдай жасай алмаған өкіметтің өтірігіне меңзеу де бар. Маликенің осындай толғаныстары характер табиғатын ашуға жұмсалған деталь – штрихтар деп тануға болады. Шығармада Маликенің мүгедек сіңлісі Мәнсия дейтін эпизодтық кейіпкер бар. Осы Мәнсия сіңлісін ауылдан алдыртып Сурды өз қолында тұруына көндіріп, оқуға түсіруінің өзі Маликенің адамгершілігі көз жеткен жерден де алысырақ екенін меңзейді. Жазушы Сур мен Мансты диалогқа түсіретін тұсы бар. Сюжетті өрбітуде Бағила мен жаны жаралы Мәнсияны контрастқа түсірудің не қажеттілігі болды екен деп қынжыласың. Себебі бойжеткен Мәнсияның жүрек түкпіріндегі жан-жарасы ашылып кеп бергенде жаның ауырады. Жазушының позициясы қандай болды екен деп сан түрлі ойға шомасың. Әлде, сұлулығымен Сур атанған Бағиланың Жасынға еліккен көңіліне бейтарап позиция ұстана ма? Бағила ақылымен ұстамдылық танытады. Осы бір контраст Бағила характерін ашу үшін керек болды ма екен? Бейтарап позицияда қалған жазушы Бағиланың Жасынға ынтығыуын ұлттық менталитет тұрғысынан оқырманның өз ойының талқысына қалдыруды меңзер тұсы ма? «Сенбеймін! Пальтонды ұстап көрдім, жып-жылы міне сумқанды көрейін, ол да жып-жылы! Бағана келгенсің де, биімді тамашалап тұрып, мені іштей аяғансың ғой! Аядың, күлдің, мазақтадың! Енді кеп кітап оқыған боп отыра қапсың! Сұлу! Сұлулардың бәрі залым, бәрі қу, бәрі екіжүзді! Мен оларға сенбеймін» [1, 216]. Мәнсияның (Манс) мына сөздерінен кейін Бағиланың Жасынға деген ынтық көңілін құптап отырған оқырман кенет сілкіне оянары анық. Бағиланың бұл сезіміне ақыл көзімен қарай бастар ма қалай? Жазушы оқырман көңіліне екі ұдай сезім қанатын қақтыра түседі. Шығармадағы эпизодтық кейіпкер Серботаның Бағилаға деген көңілі оқырманның дүдәмәл күйдегі сезімін шегелей түсері де белгілі. Бағиланың екі баласы бар Жасынға елігуінен Серботаға қарағанын құптар еді. Жазушының Бағиланы Серботамен жолықтыруының өзінде нендей тәлім бар екенін ойланайықшы. Бағиланың жасындағы қыздың, заты әйел қауымы психологиясының тым күрделілігін оқырманына ескерту ме? Махаббат дейтін адам болып ардақтар асыл қасиеттің тағдыр жазуында таңбаланатынын меңзей ме? Жоқ, Серботаның бойындағы жасықтықты ишаралап Жасынның биік болмысындағы күштің көшін таныту ма? Серботаның сергелдеңге түсуін көрсетуде де авторлық мақсат жатқаны айқын. Сербота арқылы автордың меңзер ойын тауып көрелік. Бағила мектепті енді бітірген асқан сұлу әрі ақылды қыз. Жасынның отбасылы екендігін біле тұра онымен кездесуді неге тоқтатпады? Қанша махаббат дегенімізбен қазақ қызына тән ұлттық тәрбие қайда? Бағиланың жүріс-тұрысынан, киім киісінен тіпті сезім жайындағы ашық ойынан орыс мәдениетіне тән белгілерді байқаймыз. Автор Бағила образы арқылы жастар арасындағы этно-мәдени деңгейімізді аңғартқысы келе ме? Ұлт санасының мәдени экспанциялануы әдебиет тарихында бар үрдіс. Ж.Аймауытовтың Ақбілегі қалада оқып келген соң, туған ауылын менсінбей, киіз үйге жиіркене қарайтынын еске түсірсек. «Күнікейдің жазығы» хикаясында салт-сананы аттап өтіп, махаббат деп оңбай алданатын Күнікейдің ісін ойланайықшы. Б.Майлиннің Раушаны да қалада алғаш ішімдіктен дәмденіп, орысша киініп қайтқанында күйеуін танымай күлкі тудыратыны бар. М.Жұмабайұлының Шолпаны «Құдайдан бала тілемей» тән қызығына түсіп есімізді шығарған. М.Әуезовтің «Кінәмшіл бойжеткен» әңгімесінде ұлттық тәрбиенің өшіп, сананың өзгеріске түскенінен шошынған едік. Аталған шығармалардың басты идеясы ұлт санасы бұзылуына әсер етуші факторларды таныту еді. Д.Исабековтің Бағиласынан сананың өздігінен мобилизациялануын көреміз. Яғни, XX ғасыр басында ұлттық сана өзгерісіне әсер еткен зорлық-зомбылық амалдары болса, Бағила кезеңінде мұның бірі де жоқ. Бағиланың батыс мәдениетін өздігінен қабылдауы бар. Орыс, батыс әуенін тындауы да этно-мәдениетіміздің өзгерісін көрсететін деталь. Автор этно-мәдени сипатымыздың жеткен деңгейін меңзейді. Мұны Бағила сынды жас оқыған ұрпақтың типажы арқылы береді. Бағиланың Серботаны менсінбеуінен ұлттық сананың теңсіздігі мен мәдени талғамның алшақтығын байқаймыз. Бағила – орыс ұлтының этно-мәдениетін бойына сіңіріп үлгерген ұрпақ. Жасын – өзге мәдениет құрбанына айналған ұрпақты сақтап қалуға ұмтылған шын зиялы. «...Жігіттің басқа біреу емес аты шулы Жасын боп кездесуі оның ар алдындағы ұятын қоюлата түсті» [1, 209], – дейді автор. Жасын – жазушы. Жазушының ұрпақ алдындағы жауапкершілігін түсіндіріп жатудың өзі артық. Жазушы – әуелі ұлт санасын ағартушы. Жасынның ағартушылық мақсатын Бағиламен әуелгі кездесуінен-ақ сезінеміз. «Сонау поездағы оқиғадан бастап сіздің таңдамай, талғамай мойныңызға іле салған тарихшының қамытына шейін айтпақ едім. – Менің тарихшы болуым орынсыз ба? – Жылқының Ахалтеке деген тұқымын білесіз бе? – Оқығам. Көргенім де бар. – Ең сұлу жылқы. Сол Ахалтеке мойнынан қамыт көрсеніз қандай күйде болар едіңіз? Ол қандай күйде тұрар еді?» [1, 210]. Жасынға айналған жазушы концепциясын кейіпкер көзімен жеткізген. Мұнда оқырман ойлануы тиіс екі деталь бар. Бірі Бағиланың тарих мамандығына түсуі. Оқуға түсірген Сәргелдің де тарихшы болуы кездейсоқтық емес. Бұл – қазақ тарихына түскен

бұғауды аңғарту. Сәргелге тарих емес атақ, мансап керек. Ғалым тарихшының сиқы осы болса, тарихымыз қалай болмақ деген сауал тұр. Сәргелдің білімді қыздың орнына Бағиланы түсіруі де тарихқа көзқарасымыздың осы қалыпта ұрпаққа ауыса беретінін айту. Қоғамның білім саласындағы жіберген кемшіліктері де сыналып отыр. Сәргел мен Бағиланың тарихшы болуының өзі тарихи дамуымыз бен тарихи сана деңгейін айқындайтын этно-деталь. Себебі тарихқа енjarлығымыздан Ахалтеке мойнына қамыт кигізілген. Тарих жазушы концепциясына орай этно-деталь қызметін арқалап тұр. Ахалтеке – ұлттық дүниетаным философиясының символы. Ахалтеке – этно-мәдени сипатымызды танытатын этно-деталь. Ахалтекенің мойнындағы *қамыт* ұлт басындағы трагедия. Адамды Ахалтекеден жаратар едім дейтін Жасын ұлт трагедиясының себеп-салдарын ашады. «...Мен тоқ адамды жек көрем. Өйткені тоқ адамның көзі соқыр, құлағы керең келеді. Оларға өнер де, ұлт та, ертеңгі күн де, дүниедегі өзгерістер де қажет емес, оларға қарын ғана қажет. Отырған орны, мінген көлігі ғана қажет. Бітті, басқаның керегі жоқ, өмірден түк сезінбей осылай өтеді. Солай өтерін өздері сезбейді соны сезініп оларға жаның ашиды» [1, 211]. Жасынға айналған Д.Исабековтің суреткерлік-философиялық концепциясының бір байламы осы. Жасын – жазушы-ағартушы миссиясын арқалаған автор Бағиланы тәрбиелеуден, ұлтқа ой салудан танбақ емес. Бағиланы парасат биігімен таңғалдырған Жасын «...Мен сізді арзан ортаға қимаймын. Неге екенін өзім де білмеймін, білсем білетін де шығармын... бар білетінім тұғырға сұңқар боп жаратылып, қарға мен жапалақтарға ілесіп бұтаққа қонып қала ма деп қимадым. Адамның тұлға боп қалыптасуы үшін оның жаратылыс берген қабілеті аз, ол қасиет араласар ортаңа байланысты» [1, 242], – деп ақылын айтады. Мұндағы *сұңқар* – текті халықтың болмысын танытушы этно-деталь. Характерді терең ашуға автор қазақтың тұрмыстық ғұрпы мен дүниетанымынан, мәдениетінен хабар беретін детальдарды да шебер пайдаланады. «Аспанды ботана бұлт түгел жапқан, жуық арада ашыла қоятын түрі жоқ», «Лағы өлген киіктей ол қиялым да суалып бітті», «Мына жанар бүгінгі таныс бейтаныстың жанарына ұқсайтын сияқты. Жебедей өткір, сүңгідей, шөлдің құдығындай терең», «...суы тартылған бассейнге сарғайған бұрымын бәз-баяғысынша жая төккен екі түп сәмбі тал сары уайымға салынып қимылсыз қапты», «тұнық көлдің бетіндегі қалтқыдай тып-тыныш» [1, 208-211]. Мұндай теңеулердің өзегі қазақы тұрмыс пен дүниетаным биігінде жатқаны сөзсіз.

Қазақтың өмір сүру тіршілігінен бой көтерген тұрмыстық этно-детальдар жазушы мақсатына орай пайдаланылған. Бас кейіпкердің Жасын аталуында да авторлық мақсат бар. Қазақтың этно-мәдени санасының бұзылуына тосқауыл қоярлық жалғыз жол, көкпен түсер найзағайдай әрекет ету. Жасынның ағартушылығы арқылы ұлттық санасы қозғап, рухын ояту автор философиясы. «Жазушы сөз бояуларын да оқиғаға орай, кейіпкерінің сол сәттегі күйіне қарай таңдап, талғап қолдана білген» [3, 133]. Романда Бағиланың әкесі Қаратай бейнесі бірден ашыла қоймайды. Медеу ресторанында отырған Бағиланың ой ағымымен Қаратайдың бақытты шаңырағы мен қызметіндегі алғашқы тартыстар бой көтеріп қалады. Қаратайдың жастау кезіндегі өткерген қызметтегі кедергілерін баяндауда Қаратай характеріне авторлық сипаттама беру ғана бар. Сірә, автор Қаратай мінезін даралап көрсетуді шығарманың негізгі желісі Бағила мен Жасын арасындағы қатынастың шарықтау шегіне жақындаған тұсына қалдырған. Қаратай қандай адам? Бастық бейнесіндегі Қаратайдың адамгершілігі қай деңгейде? Бұл сауал оқырманды екі жағдайда қызықтырады. Бірі Бағиланың әкесі ретінде, екіншісі Жасын мен Бағила махабаты мәлім болғанда Қаратай қандай әрекет танытатындығымен. Автор оқырман психологиясының осы талаптарын қанағаттандыру райында Қаратай характерінің ашылуына жағдай туғызады. Ол ауданның алыс аймағындағы малшылардың ауыр жағдайын басшы ретінде көріп қайтуы тиіс. Қасына орынбасары Тұрғатты алады. Осында Тұрғат бейнесіне де шегініс жасап өтейік. Купе дәлізінде Бағила мен Тұрғаттың диалогы естерінде болса, сол диалогтан Тұрғат білімінің таяздығы, кітап оқымайтындығы мәлімденеді. Тұрғаттың белгілі ақын-жазушылардың кітаптары тұрмақ, аттарын білмеуі Бағиланың әкесі жайында да алғаш солай ойлауын білдіретін деталь-штрих бар. Қаратай мен қойшы әйелі Теңге арасындағы диалогта балаларға ат қоюдағы этно-мәдени негіздің бұзылуын аңғартатын деталь бар. Сопия, Мария қыздарының есімі жайлы Теңге: «Ана миы ашыған шалдың қойып жүрген аттары ғой... біреуі химия дей ме, физика дей ме соны шығаратын екі қатын бопты ғой. Ана алжыған шал екі қызына солардың атын таратып берген» [1, 272]. Күлкі тудырарлық диалогтан қазақтың этно-мәдени болмысының жаттануын түсінуге болады. Автордың қоғам психологиясын ашудағы этно-деталь қолданысының бұл да бір көрінісі. Автор туғызған ситуацияда Қаратай мен Тұрғат характерлерінің ара-жігі өмір көрінісінен-ақ жалқылана түседі. Қаратай осы сапарында бір аяғы үсіп қалған грейдерші Кенжетайды құтқарады. Осында тағы бір деталь бар. Кенжетайдың тонының сыртқы қалтасындағы қылтиып тұрған кітапты байқауы. Қаратай кітапты алып көргенде автордың таныс бейнесі әрі-сәрі күйге түсіреді. Бұл кездейсоқтық па? Автордың айдалада Қаратай мен Жасынды жолықтыруында не сыр бар? Бұл детальды не мақсатта кіргізді? Біздіңше, Жасын қарапайым еңбек адамдарының да сүйікті жазушысы екендігін білдіру. Осы деталь арқылы Қаратайдың ішкі толғанысынан хабар беру. Кенжетайдың Қаратаймен қоштасарда: «Жүрегіңізде ақын, көзіңізде ақыл жатыр. Батыл айтқаным»

кешіріңіз» [1, 278], – дейтіні бар. Бұл Қаратай характерін өзінің қол астындағы еңбек адамдары ойымен бағалату тәсілі. Осы сапары жайлы Қаратайдың өзімен-өзі сөйлесуінен азаматтық болмысы танылады. «Қанша дегенмен ел ырысын жасап жатқан солар ғой, қайран жаны таза жандар ай ... балалары да ерте пысыған, ересек адамдардай, біздің балалармен салыстырудың өзі ағаттық. Олардың бала болуы керек еді ғой, ол қасиеттері қайда? Жаздың аптабы мен қыстың бораны ұрлап кеткен бе? Көздері қандай ойлы, сөздері қандай мағыналы! Даланың табиғатындай таза жүрек, таза көңіл... Әке-шешесі де солай, көңілі түссе қиналып отырып ердің құнын кешуге бар... Ақын, ақыл. Менің ойыма келмейтін сөздер. Маған айтылғандығынан емес, сөзді тере білуін айтам. Есті жігіт болуы керек. Мұндай мінездің адамдары жаман болуы мүмкін емес. Директор оған неге зекіді, ол неге бәріне зекіді? Ол не сол совхоздың орта ғасырлық қожайыны ма? Ұзата бермей мән-жайды тез анықтау керек» [1, 280]. Қаратайдың осы бір ішкі монологы арқылы характер ашар қаншама деталь көрінісі барын аңғарамыз. Осындағы Қаратай характерін ашуға да, этно-мәдени болмысымыздың табиғатын танытуға да қызмет етіп тұрған этно-деталь, дала образымен берілуінде философиялық толғаныс бар. Таза жүрек пен көңілдің дала табиғатындай болуын қазақы болмыс иесі болмаса, мұндағы метафоралы оймен өрілген концепцияны өзге ұлт өкілі түсіне қоюы неғайбыл. Көңілі түссе ердің құнын кешіре салар қазақтың дархан мінезін қайда қоясыз. Ердің құны дейтін түсініктің өзі дала заңына бағынған елдің дүниетанымын ұғындыратын этно-деталь емес пе? Қаратай – өз дәуірі интелгенциясы өкілінің бірі бола тұра ішкі қайшылығы мол тип. Ол Көлбайдың баласы кеңес заңымен қасақана күйіп, басына іс түскенде партия пәрменінен қорқып көмек көрсете алмады. Онысына кейін өкінді де. Сын сағатта азаматтығын таныта алмады. Адам азаматтығы сынға түсер сәтті таңбалайтын детальда Қаратай мінезін ашудан да биік мақсат тұр. Ол мақсат этно-мәдени сипатымыздың құлдырауына бірден-бір себеп азаматтық жауапкершіліктің жоғалуын сезіндіріп өту. Туындының бас кейіпкері – Жасын образы. Жасын – қоғамға оппозициялық бейне. Тіпті, оның дүниені түсінуі өз ортасындағы интелгенциялардан ерек. Жасын бейнесі жазушының суреткерлік концептуалдық шешімі көрініс беретін типтік тұлға. «Жазушы сөз бояуларын да оқиғаға орай, кейіпкерлерінің сол сәттегі күйіне қарай таңдап, талғап қолдана білген» [3, 133], – деген пікірді Жасын характері дараланатын көркемдік детальдың бәріне тән деп қабылдаймыз. Романдағы санаулы характерлер табиғатына ортақ көркемдік шындық шығарма соңында берілетін Жасынның монологына сыйып кетеді. Бұл – роман идеясы бейнеленуіне қатысты жазушы қолданған бір деталь. Жасынды шығарып салуға келген Мәлікенің көзіндегі екі-үш тамшының үзіліп түсуі: «Өзін шығарып салуға келген әйелдің көзінен моншақтай домалап түсе салған жас тек қимастық, достық парыздай ғана емес, ешқашан айтылмастай, көкірегінде қамауда жатып қартаяр, шілдеде жүріп шірір ерекше бір сезім толқыныстарынан екенін Жасын да байқап қалды. Бұл байқағанын да ол ешқашан сыртқа шығармайды. Осылай жүрек пен сана түбінде еріксіз сақтап жүре береді. Ол да сөзбен айтсаң сәні кетер қырық қатпар адам өмірінің бір қыры боп қала бермек» [1, 327]. Бұл – Жасынның автордың кейіпкерге айналған, бүкіл шығарма идеясының философиялық түйінін берер сөз. Бұл – сөз әр характердің ішкі дүниесіндегі жан толқынысының тебіренісі. Оның негізі этно-мәдени болмысымызды сақтауда жатыр. Ішкі арпалыс толқыны қай жағаға апарары беймәлім. Автордың психологиялық тағдырлар философиясы арқылы оқырман санасына орныққан сан түрлі сұраулардың шешімі оқырманның қабылдау психологиясынан табарын емексіткен деталь. Туындының аяқталмаған секілді әсер қалдыруының өзі философиялық-концептуальды түйіннің астарында жатыр.

Әдебиеттер:

1. Исабеков Д. Жеті томдық шығармалар жинағы. - 1-том. Роман, эссе, повесть. - Алматы: Атамұра, 2012. - 408б.
2. Ергөбек Қ. Қарасөз. Қазақ прозасы туралы ойлар. - Алматы: Ел-шежіре, 2013. - 600-б.
3. Ақшолоқов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты. – Алматы, 2001. – 338б.

Оразова Р.

ст. преподаватель КазНПУ имени Абая

Кундузбаев Ж.

магистрант КазНПУ имени Абая

Языковая политика в Казахстане: история

Универсальность языка как средства коммуникации и его национально-специфические черты делают его уникальным явлением в общечеловеческой истории, и история каждого языка неотделима от истории народа, им владеющего. Появление единых национальных языков тесно связано с образованием и расцветом государственности, и всякое изменение, связанное с динамикой развития или упадка государства, не может не сказаться на состоянии языка. Общество, высоко оценивая язык

как важнейшее средство общения в социальной жизни, пристально следит за его изменение и развитием. Являясь одним из общественных явлений, он как в зеркале отражает явление социальное. Все, что происходило и происходит в обществе, находит свое место в языке, поэтому через лексику можно представить жизнь народа, а в развитии общества увидеть развитие языка.

Через развитие общества происходит и развитие языка. Однако уровень развития отдельных слов языка не одинаков. Некоторые из них не подвергаются большим изменениям (например, *грамматические категория языка, звуковая система*). Рассматривая язык с этой точки зрения, приходишь к убеждению, что одним из показателей развитости языка является расширение и развитие социальной функции языка. Значительные изменения в развитие языка, в том числе и в его терминологический пласт вносят коренные преобразования в жизни народа, например, борьба против неграмотности, открытие новых учреждений, начальных школ, издание газет и журналов, красные уголки, красные юрты и т.д. дали толчок развитию новой лексики в казахском языке. В этот период наблюдается не только усиление и развитие собственно казахской лексики, но и расширение международной в казахском языке. В словарный состав казахского языка вошли многочисленные заимствования, оживившие социальные реалии: *социализм, коммунизм, интернационал совет, министр, комитет, радио* и т.д. [1,6].

Последние три века казахской истории наглядно отражает языковое состояние и языковую ситуацию, связанную, в первой очередь, с утерей суверенитета. 30-40 годы XVIII-столетия характеризуются отношениями вассальной зависимости Казахстана от России, как одной из начальных форм колониальной зависимости слабого государства от сильного. Внешние факторы существования казахского языка, как политические, идеологические, социальные – были явно не в пользу последнего.

Языковая политика царизма, направленная на принижение роли казахского языка, проявлявшаяся в целенаправленном сужении ареала применения языка коренной нации в административной, общественной, социальной, художественной и бытовой сферах все же не могли коренным образом повлиять на его развитие. Будучи связанным с мышлением и психологией человека, его каждодневной жизнью и общественным сознанием, а также преобладающей устной формой его реализации, казахский язык породил таких титанов как Абай, а также сотни безвестных жырышы, акынов, создавших тысячи произведений народного фольклора. Однако в советский период казахский язык существенно стал сдавать свои позиции, и в первую очередь, в сфере его делового применения. Вся совокупность мер, осуществленных в казахстане при советской власти, направлялась на изменение действующего функционального распределения казахского и русского языка в пользу последнего. Введение новых языковых условий приводило к заметному увеличению русских языковых образований в казахской речи. Такая же попытка консервации значения русского языка в суверенном Казахстане, имперские амбиции российских языковедов продолжают и по сей день. В «Лингвистическом энциклопедическом словаре (1990) утверждается: литературный казахский язык сложился в XIX- веке на базе общенародного языка. Письменные памятники с XIX-века. Письменность до 1930 года на основе арабской графики.....» [2,78]. Хотя и здесь нет ничего удивительного. В советский период лингвистика и литературоведение основывались на непреложной аксиоме: есть древнетюркские алфавиты, но казахи, узбеки, уйгуры, кыргызы к ним никакого отношения не имеют. Между тем, в Российской Академии Наук хранится 4228 древнетюркских рукописей, 8 тысяч единиц хранения имеется в германской коллекции. Известно, что существуют коллекции лондонская, парижская, японская, шведская, финская, пекинская и другие.

Древнетюркское письмо стало аванпостом европейского способа изложения мысли на Востоке, поскольку было распространено от Туркестана до Байкала, и одновременно – представителем Востока в Европе, так как зафиксировало тюркскую речь о Волги (Едиль) до Дуная. Более того, учитывая такую пространственно-временную глубину тюркской письменности и тюркского книгопроизводства, доктор филологических наук М.Барманкулов подтверждает вывод лингвистов о том, что слово «Книга» перешло в славянский издревнетюркского.

Древнетюркский рунический алфавит возник в тюркской среде не позднее первой половины VII-века, имея огромный ареал распространения от Орхона до Дуная, от Якутии до Гоби и Тибета. На нем написаны Орхон-Енисейские тексты VIII-века, «Ырк битиг» X века. Среди древнейших тюркских текстов называют фрагмент по минералогии, найденный экспедицией А.Лекока (1905-1906г.г.) на берегу реки Туяк. В Пещере тысячи будд, замурованной в 1002 году, обнаружен самый древний сборник тюркских пословиц руническим письмом. Два деловых документа рунического письма, один из которых обнаружен в Дуньхуане, а другой – на раскопках цитадели Миран, свидетельствуют о наличии военно-интендантского делопроизводства на тюркском языке в тюркской среде. Жанровое разнообразие находок подтверждает мысль о широком использовании руники в разных сферах – военной, деловой, религиозной, а также записи фольклорно-культурного характера.

Однако московские авторы в таком капитальном труде как «Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье. Этнос, язык, религии» (М., 1992) вновь отсекает тюркскую литературу от современных казахов, узбеков, кыргызов, татар и уйгуров [3,81]. В год празднования на уровне ЮНЕСКО 1000-летия Манаса, в разделе «Киргизский язык» «Лингвистического энциклопедического словаря» (1990), читаем: «Национальная письменность создана в 1924 году на основе арабского алфавита», в разделе «Уйгурский язык» утверждается: «Продолжением дренеуйгурского языка уйгурский язык не является» [2,96]. Таким образом, уже не остается сомнений в том, что эти выводы московских ученых являются логическим продолжением языковой политики в отношении тюркских языков, утвердившихся в советское время.

Период образования казахской автономии в составе РСФСР вызвал в среде казахской интеллигенции ограмные надежды на укрепление статуса казахского языка. Этот этап, с 1921 года по 1926 год можно назвать «романтическим». Документы тех лет отражает конкретные шаги государственных органов по укреплению статуса казахского языка, составлению и выпуску первых учебников при активном участии А.Байтурсынова, внедрению казахского языка в исполнительное делопроизводство, подготовку национальных кадров, широкое вовлечение их в работу госаппарата.

Однако довольно скоро, начиная с 1926 года наблюдается несколько иная тенденция в языковой политике. Акценты смещаются на проблемы государственного двуязычия (казахского и русского). Упорно и настойчиво муссируется необходимость перехода с арабского на латинизированный алфавит. Начиная с отдельных дискуссионных предложений о преимуществах латинского алфавита, с предложении о качествах алфавитов, претендующих на обслуживание казахского языка, эти меры закончились прямым призывом к «похоронам арабского алфавита» [5,4].

Сейчас трудно подсчитать тот урон, нанесенный всем тюркским языкам в целом, так как и морфология и синтаксис арабо-графических тюркских языков были взаимоприемлемы как для чтения, так и для записи текстов на любом из этих языков. Теперь же стояла проблема замены ряда букв, а также введение новых латинизированных обозначений звуков, присущих казахскому языку. Одновременно терялась связь и взаимопроникновение между тюркскими языками, резко сузилось влияние изданных на арабской графике произведений печати XIX-начала XX века. Борьба за новый алфавит была поставлена на идеологическую классовую основу. Об этом свидетельствуют документы 1928-1929 г.г. [4,81].

Следующим этапом в языковой политике в Казахстане можно считать короткое десятилетие существования латинизированного алфавита. Коренизация аппарата в начале 30-х годов, введение льгот для специалистов, владеющих казахским языком, внедрение обязательных обозначений на казахском языке наименований учреждений, организаций и предприятий породило известный интерес к языку титульной нации даже со стороны представителей нетюркских народов, в т.ч. русского, украинского и других. Думается, этот короткий этап либерального отношения к казахскому языку вызван последствиями опустошительного голода 1931-1933 г.г. унесшего около половины казахской нации (около 3-х миллионов человек), главным образом, людей преклонного и детского возрастов, с потерей которых теряется живая преемственность любого языка. Однако этот период длился недолго. Уже в 1938 году выходит постановление ЦИК СНК Казахской ССР об обязательном изучении русского языка в казахских школах, который положил начало новому направлению в языковой политике, направленному на доминирование в Казахстане русского языка.

Документы 1938-1940г.г. раскрывают ряд подготовительных мероприятий, свидетельствующих о новых тенденциях в языковой политике. Уже в апреле 1938 года выходит постановление Совнарком Казахской ССР «о реорганизации национальных школ», а 13 декабря 1940 года был опубликован закон «о переводе казахской письменности с латинизированного на новый алфавит на основе русской графики» [4, 163,189]. С этого момента языковая политика круто изменилась в отношении характера и способов разрешения языковых и лингвистических проблем на превалирование в Казахстане русского языка, выразившаяся в первую очередь в силовых методах внедрения кириллического алфавита. Тон в этих мероприятиях задавали партийные органы. Кроме того, после массовых политических репрессий 1937-1938г.г. вся интеллектуальная элита была практически истреблена, ввиду чего не было никакой оппозиции политике насильственной русификации.

Характерно, что СНК Казахской ССР постановлением от 14 мая 1941 года отменил упомянутое ранее постановление ЦИК и СНК от 1 сентября 1933г. «О льготах специалистов, владеющих казахским языком». В декабре 1941г. был ликвидирован Государственный терминологический комитет при СНК Казахской ССР. Следующий этап в языковой политике в Казахстане, связанный с уходом с политической арены И.В. Сталина, охватывает период Великой Отечественной войны до начала известной «хрущевской оттепели». В годы войны закономерно усилилась роль русского языка, как основного средства межнационального общения. Казахи-фронтовики, вернувшиеся с войны, прекрасно освоили русский язык и ими же пополнялись кадры опустевших за годы репрессий и войны аппаратов наркоматов, советских и партийных учреждений, колхозов и совхозов. Казахский

язык, особенно в глубинке, не уступал своих позиций, шел естественный процесс словотворчества и словообразования, заимствования из других языков. Для регулирования этими процессами правительство вынуждено было в феврале 1945 года возродить ликвидированный Терминком. С июня 1955 года было официально отменено изучение казахского языка в русских школах Казахстана.

Однако уже с этого времени начинается новый этап в языковой политике. За годы предвоенных репрессий, массовой депортации в Казахстан немцев Поволжья, корейцев с Дальнего Востока, чеченов, ингушей, турков-месхетинцев, курдов с Кавказа, крымских татар в республике сложилась сложная языковая ситуация.

Развенчание культа личности, оживление демократических начал в национальной политике государства, а также объективные предпосылки, связанные с интернационализацией Казахстана, вследствие подъема целины, объявления всесоюзных строек и т.д. породили надежду на развитие не только казахского, но и других языков народов, проживавших в республике. В феврале 1958 года принято постановление правительства «О мерах по улучшению делопроизводства на казахском языке в государственном аппарате, в общественных и кооперативных организациях республики». Предпоследним этапом, отражающим новые тенденции в языковой политике в Казахстане можно считать начало 60-х до конца 80-х годов. Именно в этот период появляются новые подходы в языковой политике партии и государства усиливается. В среде подрастающего поколения тяга к изучению иностранных языков. Видимо, не случайно в октябре 1961 года выходит постановление Совета Министров Казахской ССР «Об улучшении изучения иностранных языков в республике». Документ того периода представляет перечень мер по изданию учебников, улучшению преподавания казахского, русского, немецкого, английского, арабского и других языков. Несомненно, в этот период русский язык стал доминирующим в республике, стала заметна вспомогательная, второстепенная роль казахского языка, общественный статус которого упал до бытового уровня. Приемные комиссии высших учебных заведений принимали экзамены только на русском языке, из-за чего талантливые юноши и девушки из сел и аулов, как правило, не попадали в престижные учебные заведения. Делопроизводство, за исключением казахских районов, по всей республике велось только на русском языке. Эта ориентация на превалирование социально-политической роли и значения русского языка привела к появлению в городах целого поколения казахской молодежи, пренебрегающей родным языком. Появилась целая плеяда русскоязычных ученых, поэтов и писателей из среды городской казахской молодежи. Эти тенденции усиливались выдвинутой партийными идеологами доктриной о неизбежном слиянии нации, о появлении мифического «советского человека», говорящего на едином для всех русском языке.

Просчеты в языковой политике советского государства стали одной из составных причин столь быстрого распада СССР. Последний этап в языковой в Казахстане представляют документы с 1987 по 1995г.г. именно декабрьские события в Алматы стали детонатором своеобразия «цепной реакции» открытых выступлений против тоталитаризма.

Новый этап языковой политики в Казахстане связан с обретением республикой подлинного суверенитета и приданием казахскому статусу государственного языка. Русский язык, в настоящее время имеющий конституционный статус официального языка, как основного из мировых языков. В интернациональном Казахстане его роль никогда не будет снижаться, так как многовековое соседство с казахским языком, несмотря на имперскую языковую политику периода царизма и казарменного социализма, пустил русский язык глубокие корни как универсальное средство познания окружающего мира и общения между людьми.

Литература.

1. Айтбаев О. Основы казахской терминологии. – Алматы, 2000.
2. Лингвистический энциклопедический словарь. - М.,1990.
3. Восточный Туркестан в древности и раннем средневековья. - М., 1992.
4. Языковая политика в Казахстане (1921-1999 г.). Сборник документов. – Алматы, 1997.
5. Жумабекова А.К. Лексика как система. – Алматы, 2003.

Алдашева К.

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университеті*

Жана сөздердің менталды лексиконда репрезентациялану үдерістері

Адамның дамуы – аса күрделі құбылыс; даму үдерісі адамның бір жастан келесі жасқа қарай үздіксіз өтуімен ерекшеленеді. Қазақ ұғымында балалық шақ (13 жасқа дейін), жастық шақ (25 жасқа дейін), есейген шақ (37 жасқа дейін), кемел шақ (49 жасқа дейін), аталық шақ (73 жасқа дейін),

қарттық жас (97 жасқа дейін) деген шартты бөліністер кездеседі. Осы ажыратуларға сүйенсек, адам баласында білім қорының нақты қалыптасатын мерзімі – жастық шақ (25 жасқа дейін), бұл кезеңде жеке адам орта және жоғары білім алу сатыларынан өтеді. Белгілі психолог Г. Крайг адам өміріндегі жеткіншек кезең шамамен 12 жастан 18-21 жасқа дейінгі аралықты қамтитынын көрсетіп, оған «жеткіншек» (подросток) терминін қолданған [1].

Қазақ халқының ұғымында *жасөспірім / жеткіншек / өрен / жас ұлан / балғын жас / ержеткен* мағыналары синонимдес қолданылады [2]. Қазақтың ұлттық дүниетанымына байланысты көзқарастар бойынша жеткіншек – 15-17 жас аралығындағы адам; жоғары мектепте білім алатын жас мөлшері. Сол себепті біздің тарапымыздан осы жас кезеңіндегі субъектіні сипаттау үшін жеткіншек термині қолданылды.

Жеткіншек кезеңді адамның қалыптасуындағы жас ерекшелігінің айрықша бір сатысы ретінде бөліп қарау XIX ғасырдың екінші жартысында басталды. Жоғары мектеп жасы – белсенді дүниетанымдық ізденіс кезеңі, осы кезеңде жеткіншектің алдында аса маңызды мәселе өмірді тану, оған болжау, жоспар жасау тұрады. Бұл жайт жеткіншектің өзін-өзі бағалап, өзін-өзі анықтауын қажет етеді және бұл мектептің соңғы жылдарындағы білім алудың сипатына да әсер етеді. Осы кезеңде айналадағы барлық ақпараттарды, мағлұматтарды екшеуден өткізу, саралап қабылдау қалыптаса бастайды, рухани-мәдени құндылықтарды танып-білу және бағалау пайда болады. Осы жайтпен байланысты жеткіншек тілдегі өзгерістердің айқын көрінісі ретінде тілдің өз мүмкіндігі арқылы жасалған жаңа сөздерді осыған ұқсас басқа құбылыстардан айырып, оның артықшылықтарын дәйектей алады.

Жоғары сынып оқушылары ересектер сияқты «қызмет ету үшін көп оқып, еңбектену қажет екенін, өз бетімен өмір сүріп, игіліктерді өндіру оңайға түспейтінін сезе бастайды. ...табиғат пен қоғамдық өмірдің құбылыстарының мәнін ұғуға, олардың өзара байланысын және бағыныштылығын түсіндіруге ұмтылады. Әр уақытта да қоғамдағы болып жатқан құбылыстарға өздерінің көзқарастарын білдіруге, өздерінің бағасын беруге бейім тұрады» [3]. Осы тұрғыдан алғанда, жеткіншек жастағы оқушы тілді қоғамдық құбылыс ретінде қабылдай отырып, оның шынайы мәні мен қызметін түсіне алады. Қоршаған ортада орын алып жатқан әрбір өзгерістің тілге тигізетін әсері жайында өзіндік пікірін қалыптастырып, оны тұрақтандырады. Бұл әсіресе тілдегі жаңа сөздер құбылысына қатысты айқын көрініс табады, себебі жаңа сөз тілдің қоғам өмірімен тығыз байланысын таныта отырып, оны тұтынушылар мен тіл арасындағы қарым-қатынастың өзегін айқындайды. Тілдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде өзіне қажеттісін таңдай отырып, жеткіншек өз ұстанымын көрсетеді. Бұл ретте біздің тарапымыздан ұсынылып отырған таңдау пәні жоғары мектеп сатысындағы оқушының жаңа сөз құбылысы туралы дұрыс әрі жан-жақты көзқарасын қалыптастыруды көздейді. Сондықтан да аталған мақсатты жүзеге асыру және оң нәтиже алу осы жас кезеңіне сәйкестендіріліп отыр.

Лингвистикалық ілім қалыптаса бастағаннан бері белгілі бір халықтың тілін, жалпы тіл білімі мәселесін зерттеушілер тілдің философия, логика, биология, нейрофизиология, психология салаларына қатысы бар екендігін мойындап келеді. Өйткені адамның кез келген іс-әрекеті оның жүйке жүйесінің жұмысына барып тіреледі. Демек, тілші-ғалымдар үшін бұл арада сөйлеу әрекетіне байланысты мидың қозғалысында қандай мәліметтер болып жататындығын анықтау маңызды болып саналады. Ми жүйесінің және жүйке тамырларының жұмысы арқылы жеке адам қоршаған ортаны танып, біліп, алған ақпаратын сөйлеу әрекетіне қосады.

В. Гумбольдттің еңбектерінде лингвистиканың нысанасы адамның жан дүниесімен, рухымен байланысты болу керектігі көрсетілген болатын [4]. Тілді адамның ойлау қабілетінен тысқары, оқшау қарастырудың мүмкін еместігі басқа ғалымдар тарапынан да тұжырымдалған. Шындығында да тіл – белгілі бір халықтың ұлттық ойсанасын, қоршаған ортадағы пайымдауы мен қабылдауынан қалыптасқан дүниетанымын, осы дүниетанымды логикалық тұрғыдан қорытуын көрсететін, ішкі дүниесіндегі психикалық, рухани қозғалыстардың табиғатын танытатын рухани жеміс. Алайда осы тұтастай дүниетанымды, логиканы, барша рухани қозғалыстарды тіл арқылы бейнелеуде адамдардың ойлауы мен жеткізу қабілеті бірдей емес. Аталғандар адам өмір сүретін қоғамның кезеңіндегі барлық жағдайларға, адамның әлеуметтік белгілеріне, қоғамның тікелей әсеріне, сондай-ақ қоғам мүшелерінің жас ерекшеліктеріне байланысты. Осы себепті тілде пайда болған жаңа сөздердің қоғам мүшелерінің менталды лексиконындағы көрінісі психолінгвистикалық тұрғыда қызығушылық тудырады.

Жеке адамның сөйлеу, өз ойын жеткізу қызметінде, оның рухани дүниесі мен ақпаратты жеткізу қызметінің арасындағы байланысты танытатын басты тілдік бірлік – сөз болып табылады (бұл ретте жеке адам ретінде зерттеу нысанына байланысты мектеп оқушысы қарастырылады). Ал сөзге қатысты мәселеге тоқталатын болсақ, бұл – тілдің негізгі категорияларының бірі ғана емес, сонымен қатар адамдардың көзқарастарына, кәсібіне, сенім-нанымына қарамастан тікелей пайдаланатын қарым-қатынас құралы. Жеке адам ретінде оқушы өз ойын және сезімдерін сөз арқылы жеткізеді, сөз

арқылы ақпарат алады, жаңа сөздерді және басқа тілдерге тән сөздерді үйренеді, сөз үйрену арқылы білімін жетілдіреді. Сөз – материалдық (дыбыстар және нысандар) және идеялық (мағына) факторлардың күрделі бірлігі. Міне, сондықтан да қазіргі кезде тілші-ғалымдар кез келген тілдегі жеке сөзді басқа ғылыми салалармен, әсіресе психолингвистика аспектісімен тығыз қарым-қатынаста қарастырудың маңыздылығын мойындайды.

Жаңа сөздерді психолингвистикалық аспектіде қарастыру барысында ең алдымен әлеуметтік лингвистиканың статистикалар бойынша бүгінгі таңда қазақ тілді қоғам мүшелерінің екі тілді қатар меңгергендігін, нақты айтқанда, кез келген коммуникативтік жағдаятта екі тілді қатар пайдалана беретіндігін атап өту керек [5]. Бұл көрсеткіштердің құрамында мектеп оқушылары да қамтылған. Ал нейролингвистика тұрғысынан қарасақ, жоғарыда көрсетілген пайыздық мәлімет қазақы тілді қоғам мүшелерінің санасында белгілі бір ұғым-түсініктік атауын айтуда екі тілдегі ақпарат қатар жүріп отыратындығын көрсетеді. Бұл арада қалай болғанда да орыс тілін білетін тілдік құзыреті 93%-дан асатын қазақы тілді қоғам мүшелерінің коммуникативтік актіде өз ойын шапшаң жеткізу үшін бұрыннан қалыптасқан тілдік бірлікті қолдануы дәлелді болып саналады. Мысал ретінде қазақ тіліндегі баламалары бола тұра, тіпті олардың кейбіреуі әбден нормаланған болса да, *сотовый телефон, зонт, квартплата, проездной билет, остановка* сияқты сөздердің қолданысы осыны дәлелдейді. Бұл ерекшелікті ересектермен қатар оқушылардың сөйлеу тілінен де айқын байқауға болады. Жаңа сөздерді меңгерудің психолингвистикалық аспектісін зерделеуде мектеп оқушылары Қазақстандағы тілдік қауымдастықтың елеулі бөлігі ретінде қарастырылады.

Индивидуалды лексиконға жаңа сөздердің енуі адамның қоғамдағы өмірінің өн бойында жаңа білімді меңгеруімен қатар жүреді. Бұл реттегі түбегейлі ұстаным – лексиконның үздіксіз дамуын оның үнемі өзгеруі ретінде қарастыруға болады. Лексиконның үздіксіз өзгерісі, толығыуы ең алдымен мектеп қабырғасындағы оқушыларға тән құбылыс. Лексиконға енген әрбір жаңа сөз оқушылардың сөздік қорындағы жай ғана бірліктердің тек сандық арақатынасын өзгертіп қоймай, нақты бір уақыт сәтінде лексикондағы барлық деңгейдегі байланыстарға түрліше әсер етеді. Бұл әсер лексикондағы басқа бірліктердің мазмұндық жағында да көрініс береді. Болмашы өзгеріс болып көрінгенімен, әрбір сөздің шынайы мәні сол сөзбен берілетін санадағы барлық байлық арқылы анықталады. Лексиконның әрбір жаңа күйі – «аралық» – бұл «білмеуден» «білуге» қарай өтетін көпір сияқты. Осы тұрғыдан алғанда, мектептегі тілді оқыту үдерісінде оқушылардың сөздік қорын дамыту жаңа сөздерді меңгертумен тікелей байланысты.

Осы көзқарас тұрғысынан индивидуалды лексиконға тән құбылмалылықтың ұдайылығын индивидке тән «әлем бейнесін», «әлемнің суретін» толық көрсететін және кез келген соңғы өзгерістерді сезінетін, динамикалық өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе ретінде қарастыруға болады. Уақыт ағынымен және индивидуалды лексиконның дамуымен бірге кең периферия бойынша бірліктердің ауысуы орын алады, яғни, бірліктердің бірқатары лексикон ядросынан алыстаса, енді басқалары белсенділікке ие болып, тағы бір лексикон бірліктері басқа бір мәнді иеленеді, сондай-ақ маргиналдық (шектеулі) бірліктер пайда болады, түрлі перифериялық қабаттар мен деңгейлер пайда болады, адамның шынайы вербалды және басқа да әрекеттеріне байланысты бірліктердің бірқатары, мәселен, екінші немесе үшінші тілді меңгеруде лексикон ядросының бағытына орын ауыстыруы мүмкін. Бұл ерекшелік, әсіресе, оқушылардың лексиконына да тән. Оқушының индивидуалды лексиконының дамуы білім алу үдерісінде жаңғырып, толығып отырады. Жоғарыда айтқан «құбылмалылық» сипат жоғары сынып оқушыларының ерекшелігін танытады. Мидағы психикалық үдерістер осы жас кезеңінде өте сезімтал өзгеріске, атап айтқанда жаңаны тез қабылдауға, оны орнықтыруға өте бейім болып келеді. Осы тұрғыдан білім алушылардың менталды лексиконына жаңа сөздерді бейіндік мектеп кезеңінде орнықтыру оңтайлы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жоғары сынып оқушыларының индивидуалды лексиконына тән дамуды зерттеу когнитивтік және вербалды аспектілердің арақатынасы мен өзара байланысы туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді, бұл білімді кеңейтуші барлық аялар туралы түсінікке негізделеді. Жүзеге асырылған коммуникацияның табыстылығы оқушының индивидуалды санасында нысаналардың атауын бекіту үшін шешуші мәнге ие; бұл үдерістің креативтік жағы онтогенездегі индивидуалды лексиконның дамуында ерекше маңызды. Осы тұрғыдан жаңа сөздердің ерекшелігі ең алдымен индивидке бұрын таныс емес бірліктің онда бұрыннан қалыптасқан әлем бейнесімен, сәйкесінше адамның менталды лексиконындағы басқа бірліктермен өзара байланысы арқылы анықталады.

Индивидуалды лексиконның және сөйлеу-ойлау тетіктерінің қалыптасуы адам тарапынан түрлі деңгейдегі білім жүйесін меңгеру негізінде және түрлі әрекеттің, соның ішінде коммуникативтік-танымдық әрекеттің практикалық тәжірибесін игеру негізінде жүретін екі өзара кіріккен үдеріс ретінде онтогенезде орын алады. Оқушының өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы дамуы сыртқы әлемнің оған тікелей әсері арқылы жүреді; бұл үдерістің түрлі параметрлермен константты (тұрақты) байланысын ескеру керек және индивидтің дамуын бірыңғай тұтастық ретінде қарастыру қажет. Олай

болса, аталған ерекшеліктерді ескере отырып, жаңа сөздердің оқушылардың менталды лексиконында репрезентациялануы бірнеше үдерістерді қамтитындығы туралы айтуға болады.

Адам санасында ақпараттар белгілі-бір жүйе негізінде сақталады. Қарым-қатынасқа түсу барысында қолданылатын тілдік бірліктердің санадағы көрінісіне – орналасуына, сақталуына да белгілі бір қалыпқа түскен, жүйелі сипат тән. Жаңа сөздердің оқушылардың менталды лексиконына тұрақталуына да, оның тілінде көрініс тауып, қарым-қатынас барысында жұмсауына да, нормаландыруына да осы сипат тікелей ықпал етеді. Коммуникацияға түскенде жұмсалатын қатысымдық бірлік ретіндегі сөз, сөз тіркесі, морфологиялық құрылымдар, сөйлем және мәтіннің адам санасындағы көрінісі жаңа ғылыми парадигманың зерттеу нысаны ретінде танылады. Бұл ретте жаңа сөздердің индивид санасындағы көрінісі де осы салалардың аясында зерттеуді қажет етеді.

Барлық гуманитарлық ғылымдар және жаратылыстану ғылымдарының басым денінің зерттеу аспектілері мен зерттеу әдістері сана ұғымына сүйенеді. Дегенмен сана ұғымы мен адамның ойлауы терминдерінің аражігі ғылымда әлі де ажыратыла қоймаған. Оқушының санасындағы немесе менталды лексиконындағы жаңа сөздердің көрінісі немесе репрезентациялануы туралы айтқанда, ең алдымен *жалпы сана, когнитивтік сана, тілдік сана, коммуникативтік сана* ұғымдарын анықтап, одан кейін тіл бірліктерінің, соның ішінде лексикалық инновациялардың санадағы көрінісін бірқатар әдістер арқылы анықтауға болады.

Классикалық ғалымдар – В. фон Гумбольдтің «тілдік сана – ақылдың интеллектуалды түйсігі» [4]; Ф. де Соссюрдің «сөйлеу әрекетінің жүзеге асуы бізге табиғаттан берілген, олай болса тіл игерілген және шартты нәрсе» [6, с. 105-107], – деген пікірлерінің негізінде қазіргі әлемдік лингвистикада жоғарыда аталған сана түрлері біршама анықталған. Зерттеу пікірлерге қысқаша тоқталу жаңа сөздердің қазіргі қоғам мүшелерінің санасында орнығуы және осы орнығу арқылы қолданысқа түсуі туралы тұжырымдар айту үшін маңызды. «Тілдік сана» ұғымы И.А. Бодуэн де Куртенэнің қолданысында – «тілдік сезгіштік» («языковое чутье»), Е.В. Ухмылинада – «тілдік түсінушілік» («языковая сознательность»), Л.В. Щербада – «лингвистикалық түйсік» («лингвистический инстинкт») деп қолданылған.

Сонымен қатар қазіргі зерттеушілер жеке адамның тілдік санасы дегенді: а) «тілдік сана – тілді меңгеру қабілеті; ә) тіл туралы білімдердің жиынтығы» [7]; б) «тілдік кеңістікте коммуникативтік қарым-қатынаста тілде орныққан стереотипті тілдік бірліктерді қолдану» [8]; в) «күнделікті қарым-қатынаста тілдік білімге қажеттіліктің болуы»; «тілге деген қоғамдық сұраныстың болуы арқылы тілге саналы көзқарастың қалыптасуы» [9]; «тілдік сана – тілдік құралдар – сөз, еркін және тұрақты сөз тіркестері, сөйлем, мәтін және ассоциативті өрістің көмегімен қалыптасқан санадағы бейнелердің жиынтығы» [10]; «тілдік сана – тілді иеленушінің түйсігіндегі ерекше тілдік құрылымдар» [11], – деп түсіндіреді. Бұл пікірлер, біздің байқауымызша, қазіргі ұлт тілдерінің сипаттарын зерделеудің нәтижесінде қалыптасқан және осы зерттеушілер когнитивтік сананы біртұтас қарастырады. Осы пікірлер қазақ тілін, оның ішінде жаңа сөздерді жан-жақты анықтауда маңызды.

Қазіргі пайда болып жатқан жаңа сөздер қоғам мүшесінің, соның бір мүшесі ретінде оқушының тілдік санасында қалай орнығады деген сұрақ пайда болады. Өйткені ұлттың когнитивтік санасындағы өзгерістер, қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымындағы жаңа сипаттар жеке адамның тілдік санасына тікелей әсер етпей қоймайды. Тілдік сана да өзгереді. Қазіргі жағдайға байланыстыра айтқанда, тұтас қазақстандық қоғам мүшелерінің, соның ішінде мектепте білім алушылардың тілдік санасында қазақ тілінің қоғамдық маңыздылығын түсіну, қарым-қатынас үшін қажеттілігін мойындау, қазақ тілін меңгерудің қажеттілігін мойындау сияқты параметрлер бар. Қазақстандық қазіргі қоғам мүшелерінің тілдік санасын одан әрі бекіте түсу, қазақ тілінің қажеттілігін мойындату мақсаттарында пайда болған жаңа сөздерді түсіндіру, насихаттау, білім жүйесіне енгізу арқылы қазақ тіліне деген жоғары саналылықты қалыптастыру керек.

Егер қоғам мүшесінің – жеке адамның тілдік санасын нақтылай түсетін болсақ, онда жеке бірліктердің семантикасын (семантикон) және тілдік бірліктердің образды-прагматикалық қызметін (прагматикон) қамтитын білім болуы керек. Бұл жиынтық әрбір жеке адамда әртүрлі деңгейде. Өйткені жалпы сана және тілдік сана онтогенезде және филогенезде тілдің қатысуы арқылы қалыптасады, мұнда таңбалар санадағы концептілердің жасалу үдерісінде қорытудың материалдық сүйеніші ретінде қызмет етеді, алайда сана қызмет ету үшін тілге бағынышты емес, сана өз қызметін әмбебап кодтар арқылы жүзеге асырады. Тілдік сана – жеке адамның психикасына байланысты сөйлеуді жүзеге асыратын тетіктердің жиынтығы және лексикон, семантикон, прагматикон жиынтықтарының тілдік санада сақталуы; коммуниканттардың сөйлеу хабарламаларын айту және қабылдау кезінде пайдаланылатын білімі.

Қазіргі психоллингвистика, сондай-ақ коммуникативтік лингвистика немесе қатысымдық лингвистика және когнитивтік лингвистика үшін *коммуникативтік сана* категориясын анықтау және зерттеу өзекті болып отыр. Тілді тұтынушының менталды лексиконында жаңа сөздердің тұрақталуын көрсету үшін аса маңызды категория ретінде *коммуникативтік сана* – адамның коммуникативтік

қызметінің барлық кешенін қамтамасыз ететін коммуникативтік білімдер мен коммуникативтік тетіктер жиынтығы. Бұл – сананың коммуникативтік ұстанымдары, менталды коммуникативтік категориялардың жиынтығы, сондай-ақ, қоғамда қабылданған коммуникацияның нормалары мен ережелерінің жинағы.

Тілдік және коммуникативтік саналардың аражігін ажыратып көрелік, мысалы:

– *тілдік сана* белгілі бір салаға қатысты жаңа сөздерді немесе олардың бірнеше тілдегі баламалары туралы, сондай-ақ олардың жіктелген мағыналары туралы ақпаратты (яғни, кей концептілерді беруде қолданылатын тілдік бірліктер туралы) қамтиды: *төлемақы, өсімақы, кепілдеме* т.б. немесе *диета – емдәм, маскировка – алдамша* және т.б. Бұл ретте жалпы қатысымдық бірліктерге қатысты ұлттық ерекшеліктер де көрініс беруі мүмкін;

– *коммуникативтік санада* қай сөзді қолдану туралы ақпарат қамтылады.

Бұл ретте қарым-қатынас қолданысқа енетін жаңа сөздер танымдық санадан тілдік санаға өтіп, коммуникативтік санада сүзіледі. Демек, жаңа сөздердің индивидтің менталды лексиконында орнығып, тұрақталуы, оның сөйлеу тілінде жұмсалуды танымдық, тілдік, коммуникативтік саналардың қызметімен тікелей байланысты.

Демек, кез келген таным арқылы қабылданған білім, соның ішінде жаңа сөздер когнитивтік санада «материал» түрінде сақталып, тілдік санада тілдік бірліктер арқылы кодталады және тілдік білімнің жиынтығы ретінде орнығады, тілдік санада кодталған бірліктер коммуникативтік санада сараланып, қатысымда жұмсалады. Тілге енген жаңа сөзді таныту, тілдік санада орнықтыру, коммуникативтік санада дұрыс сүзгіден өтуді қалыптастыру осының айқын дәлелі. Бұл психолингвистикалық үдеріс сатылары мектептегі білім беруде жаңа сөздерді меңгерту үшін өзекті болып саналады.

Әдебиет:

1. Крайг Г., Бокум Д. Психология развития. - СПб.: Питер, 2005. - 940 с.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1978. - Т.3. – 735 б.
3. Сейталиев Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Өлке, 2009. – 232 б.
4. Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – 450 с.
5. Сулейменова Э.Д. Языковая компетенция и полиязычие // Динамика языковой ситуации в Казахстане. Монография. – Алматы, 2010. – С. 204-241.
6. Соссюр Ф. Труды по языкознанию. - М.: Прогресс, 1977. – 695 с.
7. Тубалова И.В. Показания языкового сознания как источник изучения явления мотивации слов: дис. ... канд. филол. наук. – Томск, 1995. – 249 с.
8. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
9. Белобородов А.А. Языковое сознание: сущность, статус // Современная наука и закономерности ее развития. – Вып. 4. – Томск, 1987. – С. 131-147.
10. Тарасов Е.Ф. Язык как средство трансляции культуры // Язык как средство трансляции культуры. – М., 2000. – С. 45-53.
11. Каспранский Р.С. Языковые представления и языковое сознание // Тезисы IX Всесоюзного симпозиума по психолингвистике и теории коммуникаций. – М., 1988. – С. 84-85.

Набидуллин А.

Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты

Лингвистикалық дүниетаным ұғымы: шектес категориялар vs. негізгі аспектілер

Қазақ тілі ғасырлар бойы қазақ ұлтының тұтастығының, халықтығының айрықша белгісі ретінде танылып келеді. Жаһандану дәуіріндегі түрлі кедергілерге қарамастан, ұлт тілін сақтап қалу ұлттың ең өзекті мәселесіне айналып отыр. Тәуелсіз Қазақстан халқының ұлттық құндылығы ретінде бағаланатын қазақ тілінің ұзақ мерзімді келешегін қамтамасыз ету – мемлекет саясатының алдыңғы міндеттерінің бірі.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мен тіл стратегиясының аясында жүзеге асырылатын «барлық іс-шаралар жалпыұлттық бірлікті нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді дамытудың басымдығына негізделген және азаматтардың рухани-мәдени және тілдік қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға бағытталған» [1]. Осы аталған міндеттерді жүзеге асырудың маңызды тетігі – білім беру үдерісі. Жалпы орта білім беру жүйесінде білім алушы өзі өмір сүріп отырған тілдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде мемлекеттік тілді дамытуға үлес қоса алады. Бұл – оқу үдерісінің тиімді жүзеге асырылуымен байланысты мәселе.

Қазақ тілінің «мәңгілігі», кепілді келешегі – ұрпақтың қолында. Жоғарыда аталған мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, тіл мәдениетін және қазақ тілін оқытудың әдістемесін жетілдіру міндеттерін жүзеге асыру білім беру жүйесінде оқушылардың лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру мәселесінің өзектілігін айқындайды. Адамзат дамуының қазіргі жағдайы тілді

тұтынушылардан өзі өмір сүріп отырған ортада болып жатқан құбылыстарға саналы қарым-қатынасты, әлемдік дамудың перспективалық қырын көре білуді талап етіп отыр. Адамның осындай түсінігі ең алдымен оның дүниетанымымен байланысты.

Дүниетаным – объективті болмыс туралы идеялар жиынтығы, адамның түсінігі мен білімі. Аталған категориялар адамда дүниеде болып жатқан құбылыстар мен оқиғалар туралы біртұтас түсінік қалыптастырып, дүниедегі орны мен рөлін, өмірлік ұстанымын, мақсаты мен мұратын анықтауға мүмкіндік береді. Дүниетаным жинақталған сезімдік, интуициялық түсініктер жүйесін құрайды. Осымен байланысты дүниетаным теориялық, логикалық, объективті біліммен қатар адамның сезімдік-эмоционалдық, болмысты бейнелі түрде меңгеру қабілетін танытатын субъективті тәжірибеге негізделген білімді де қамтиды. Демек, күрделі категория ретінде дүниетаным құрылымы дүниені сезіну, яғни, сезімдік, эмоционалды-психикалық аспектісінде және дүниені түсіну, яғни, рационалды, зияткерлік-танымдық аспектіде зерделенеді.

Дүниетанымның негізі – білім. Ал лингвистикалық дүниетаным – тілдік/лингвистикалық білім қоры, зияткерлік-лингвистикалық білім капиталы. Сондықтан да лингвистикалық дүниетаным – ғылыми дүниетанымның маңызды тармағы. Білім дүниетанымдық мән-маңызға ие болуы үшін тәжірибемен бекітіліп, сенімге айналуы тиіс. Сенім – зияткерлік ұстаным, тұрақты психологиялық нұсқау, өз көзқарасы мен мұратының, өмірлік ұстанымының дұрыстығына сенімнің беріктігі. Дәстүрлі түрде дүниетанымның негізгі бес формасын көрсету қалыптасқан: мифологиялық, діни, көркем, ғылыми және философиялық. Бұндай жіктеуге генетикалық-тарихи сипат тән. Осы аталғандардың қатарында лингвистикалық дүниетаным үшін өзіндік маңызға ие ғылыми және философиялық формалар болып саналады.

Философия, дін, ғылым – дүниетаным емес. Философия, ғылым, дін, өнер – қоғамдық қызмет, таным саласы. Ал дүниетаным деп әдетте индивидуалды әлем бейнесі аталады. Сондықтан да таным мен дүниетаным категорияларының үлкен айырмашылығы бар, басқаша айтқанда, біреуі «баста», екіншісі қоғамда. Айталық, дін туралы сөз болғанда діни дүниетаным жеке адамға тән, ал қоғамдық әрекет ретінде дін – танымның формасы. Ғылымды философиямен байланыстыру – қалыптасқан түсінік. Мәселен, дүниені және адамды объективті және анық тануға деген ұмтылыс бар. Алайда екеуінің айырмашылықтары мен өзіндік ерекшеліктері бар. Философия ғылымға қарағанда анағұрлым жалпы, болмыстың ауқымды заңдарын қарастырады. Мұндай таным дүниетанымдық мәнге ие, яғни, дүниеге және тұтастай адамзатқа қатысты түсініктер жүйесін қалыптастырады. Ғылым – адамзат қызметінің саласы. Ғылымдағы басты мақсат – табиғаттағы, қоғамдағы нәрселер мен құбылыстарды, олардың қасиеттері мен қарым-қатынасын, даму заңдылықтарын зерделеу. Осымен байланысты ғылым – қоғамдық сананың формасы.

Жоғарыда аталғандай, дүниетаным – жеке адамдағы әлемді қабылдауы, түсінуі, яғни, әлем бейнесі болса, лингвистикалық дүниетаным – жеке адамның тұтастай күрделі әрі бірегей феномен ретіндегі тіл туралы түсінігі, индивидум санасындағы әлем бейнесінен алатын лингвистикалық білім қоры. Тілдің адамның дүниетанымын қалыптастырудағы қызметі мен маңызын анықтау – бөлек мәселе. Айталық, британдық зерттеушілердің пайымдауынша, адамның сөйлеу тілі оның ойлауына шын мәнінде әсер етуі мүмкін. Psychological Science журналында жарияланған зерттеуде мамандар неміс-ағылшын тілдері бойынша қостілді адамдарды монотілді, яғни, бір тілде сөйлеушілермен салыстыра қарастырған. Зерттеудің мақсаты – түрлі лингвистикалық паттерндер оларды ақиқатты қабылдауына қалайша әсер ететіндігін анықтау. Еріктілерге түрлі сюжеттегі бейнебаяндар көрсетілген. Тапсырма бойынша респонденттер көрген нәрселерін сипаттап беру керек. Нәтижесінде неміс тілін меңгерген біртілді қатысушылар бейнежазбадағы нысанның әрекетін ғана емес, әрекеттің мақсатын сипаттауға бейім болған. Ал ағылшын тілін меңгерген біртілді респонденттер тек әрекетке ғана назар аударып, анағұрлым қарапайым сипаттауға ұмтылған.

Зерттеушілердің пайымынша, неміс тілінде сөйлеуші адамдар оқиғаға кешенді түрде қарайды, яғни, олардың дүниетанымы анағұрлым тұтас сипатқа ие болса, ағылшын тілділерде сипаттау ауқымы тар. Бұдан шығатыны, қатысушылардың бірінші тобы адамдар әрекетіндегі мүмкін болатын нәтижелерге назар аударуға ұмтылған, ал екінші топтағылар әрекеттің өзіне көбірек көңіл бөледі. Қостілді қатысушыларға қатысты зерттеу нәтижесінде олардың сипаттаудың бір түрінен екінші түріне ауысуы байқалған. Билингвтер пайдаланып отырған тілге байланысты түрлі эмоциялық резонанс көрсеткен. Сонымен қатар қостілділер тәуекелділікті бағалауда екінші тілде анағұрлым ұтымды экономикалық шешім қабылдауға бейім болған. Бұл ретте адамға сөйлеу тілінің, соның ішінде жекелеген тілдердің, біртілділік пен қостілділіктің дүниетанымның қалыптасуына айтарлықтай ықпалы дәлелденген [2].

Дүниетаным мен тілдің арақатынасын анықтаудағы тағы бір маңызды жай – тіл мен танымның арасалмағы. Бұл мәселеде таным жеке индивид шегінде ғана емес, ұлтқа тән құбылыс, белгі, ерекшелік ретінде қарастырылады. Тіл кең шеңберде коммуникативтік-танымдық, таңбалық жүйе ретінде танылады. Тіл қоршаған ортаны танудың құралы бола отырып, үйлесімді және тұтастай

жүйені құрайды. Тіл – адамдардың қарым-қатынас құралы, ал адамдардың ақпарат алмасу үшін пайдаланатын құралы таңбалық және семиотикалық сипатқа ие. Семиотика (грек. *Sema* – таңба) – графикалық таңбалар туралы және таңбалық формалар қатары туралы ғылым; барлық таңба – сигнификат, яғни, ол қандай да бір нәрсені белгілейді, бірақ денотат ретінде жұмсалуды міндетті емес, яғни, оған қандай да бір мағына сәйкес келуі міндетті емес. Ұрпақ сабақтастығымен таралған білім тілсіз сақталуы мүмкін емес. Бұл тұрғыда лингвистикалық дүниетанымды қалыптастырудың концептуалды-әдіснамалық негізін қазіргі атропоэзеттік парадигма шеңберіндегі жаңа лингвистикалық тұжырымдардың тармағында қарастырылуы аса маңызды.

Адамның тілі арқылы жинаған қоғамдық-тарихи тәжірибесіне ұлттық сипат та, сонымен қатар жалпыадамзаттық ерекшеліктер де тән. Алайда ұлттық тәжірибе әрбір жеке тілдің спецификалық ерекшелігін танытады. Тілді тұтынушы өз тілі арқылы белгілі бір әлемнің тілдік бейнесін иеленеді. Ал әлемнің тілдік бейнесі адамның әлемге (өзіне, айналасындағы адамдарға, табиғат құбылыстарына және т.б.) деген қатынасын қалыптастырады. Адамның ортаға деген қатынасын анықтай отырып, әлемнің тілдік бейнесі сол әлемдегі мінез-құлық нормаларын жасап береді. Әрбір тіл әлемді өзінше концептуалдайды. Осылайша бірыңғай көзқарастар жүйесі, тілді тұтынушылардың ұжымдық философиясы пайда болады. Олай болса, тіл тек ақпаратты жеткізу, қарым-қатынас қызметімен қатар, ұлттық/жалпыадамзаттық деңгейдегі маңызға ие.

Заманауи ғылыми мүдде үшін жай ғана адам емес, тұлға маңызды орынға ие. Бұл ретте тұлға – сана, тіл иесі, күрделі ішкі әлемі бар нақты адам. Адам – табиғаты жағынан әлеуметтік мәнге ие жаратылыс, адамда адамзатқа тән нәрселер оның өмірінде қоғамдық шарттарға байланысты, адамзат мәдениетінің шеңберінде туындайды. Лингвистикалық дүниетаным мәселесінің орталығында жай ғана адам емес, тілдегі адам. Себебі тіл – бізге жасырын менталды дүниеге еруге көмектесуге қабілетті жалғыз құрал. Тіл адамның өзі ойламаған адам туралы нәрселерге жеткізеді. В. Гумбольдтің «тілді зерттеудің мақсаты адамзаттың өзіне және көзіне көрініп тұрғанмен жасырын айналаға қарым-қатынасын тану» дегені осыған келіп саяды.

«Әлем бейнесі» терминіне түсініктеме беруде М. Планк практикалық және ғылыми әлем бейнесін жіктейді. Алғашқысы адамның өзіндік бастан өткеру нәтижесінде біртіндеп қалыптасқан қоршаған әлем туралы тұтастай түсінігін қамтыса, ғылыми әлем бейнесі – жекелеген тұлғалар мен бүкіладамзат ойлауынан тәуелсіз шынайы әлем моделінің абсолютті мәні [3]. Бұл ретте әлем бейнесі ұғымының төмендегі аспектілерін атап өту маңызды:

- әлем бейнесі екі полюс арасындағы аралық қалыпқа ие: ғылым мен дүниетаным немесе ғылым мен философия;
- әлем бейнесі әлеуметтік практика түріндегі дүниетаным;
- әлем бейнесі философиялық рефлексияның түрі ретінде танылады (ғылыми әлем бейнесінің неонатуралистік тұжырымдамасы);
- әлем бейнесі ғылыми білімнің түрі ретінде танылады (ғылыми әлем бейнесінің сциентистикалық тұжырымдамасы).

Біздің тарапымыздан жүргізілетін зерттеу жұмысы үшін бұл аталған категориялар, ұғым-түсініктер лингвистикалық дүниетаным мәселесінің қай аспектілерде зерделенуі тиіс екендігін бағдарлауда аса маңызды. Жалпы орта білім беру жүйесінде оқушылардың лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру осы мәселенің концептуалды, әдіснамалық жүйесін айқындап алуды, осыдан кейін әдістемелік жүйесін ұсынуды қажет етеді.

Лингвистикалық дүниетанымды қалыптастырудың концептуалды негізі жоғарыда аталған категориялардың түрлі аспектілердегі сипаты мен өзіндік арақатынасын ғылыми-теориялық тұрғыдан айқындауды талап етсе, әдіснамалық аспектіде жалпы орта білім беру жүйесінде білім алушылардың лингвистикалық дүниетанымын қалыптастырудың философиялық мәні, ұлттық мәселе деңгейіндегі маңыздылығы көрсетіліп, дәйектелуі керек. Сонымен қатар дүниетаным категориясының индивидуалдық ерекшелігін ескере отырып, білім алушылардың психологиялық және жас кезеңіне тән белгілерінің аталған мәселеге қатысын зерделеу де әдіснамалық аспекті үшін маңызды.

Аталған категорияларды ғылыми, әдіснамалық және әдістемелік тұрғыдан негіздеу лингвистикалық дүниетанымды қалыптастырудың өзектілігін дәйектей түседі. Осымен байланысты егер қазақстандық қоғамның, тілдік және білім кеңістігінің елеулі мүшелері ретінде лингвистикалық дүниетанымын қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалса, қазақ тілін оқыту үдерісіне лингвистикалық дүниетанымды қалыптастырудың жаңа технологиялық әдіс-тәсілдері енгізілсе, қазақ тілі бойынша оқу бағдарламалары жаңа әдіс-тәсілдермен толықтырылса, лингвистикалық дүниетаным қалыптастырудың әдістемелік моделі құрылса, онда білім алушылардың лингвистикалық әлеуеті көтеріледі, тіл мәдениеті артады, тілдік білім деңгейі жоғарылайды, Қазақстандағы тіл саясатының негізгі міндеттерін жүзеге асыруға үлес қосады, өз ұлтының тіліне деген құрметі артады, өйткені лингвистикалық дүниетанымы қалыптасқан оқушы лингвистикалық тұрғыдан толық құзыретті тілдік тұлға дәрежесіне жетеді.

Қорыта келе, ұлттық мәдениеттің бөлінбес бөлшегі ретінде қазақ тілі қазақстанның білім беру кеңістігінде білім алушылардың лингвистикалық дүниетанымын қалыптастырудың негізгі құралына айналуы тиіс. Дүниетаным – адамның қоршаған ортасы туралы көзқарасының қалыптасуы, ал лингвистикалық дүниетаным – тіл туралы философиялық, ғылыми-теориялық (әлеуметтік, мәдени, психологиялық, педагогикалық және т.б.) жан-жақты білім.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <http://adilet.zan.kz>
2. <https://www.moya-planeta.ru>
3. Макс П. Единство физической картины мира. – М.: Наука, 1966. - С. 73.

Қасымбекова А.

Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты

Қазақ-ағылшын ертегілеріндегі мифологиялық сипаттағы кейіпкерлер

Құрылысы жағынан әрі ықшам әрі көркем ертегілермағынасы жағынан терең ой, кең мазмұнды қамтитындығымен ерекшеленеді. Айтылмақ ойды астарлап жеткізу ертегілер мен аңыздарға тән. Ағылшын, қазақ ертегілері бірдей болады деп айту мүмкін емес. Өйткені екі халықтың тұрмысы мен тіршілігінде, даму тарихында ұқсастықтарымен қатар, ерекшеліктер де аз емес. Кейде екі тілдегі ертегілер бір-бірімен тек алынып отырған тақырып, білдіретін мағынасы жағынан ғана ұқсас болуы мүмкін. Екіншіден, ағылшынша, қазақша, орысша ертегілердің баламасы, түпнұсқасы ұқсас болуы мүмкін. Бұл ұқсастықтар тіларалық қарым-қатынас негізінде ауыздан-ауызға тарап қалыптасуына байланысты болады. Кейде ертегілер тек образдармен ерекшеленеді, кейде мағынасы жағынан үндесіп, ұқсас болады. Бұған дәлел, қазіргі замандағы ертегілер, мысалы: «Күлше қыз»– «Cinderella» ертегісін естімеген ел жоқ десек қате айтқандық емес. Бұл ертегі кез келген қоғамдағы жетім қыз өмірімен байланысты өрбіп, оның қиыншылықта өмір сүруі, рухани байлығының бай болуы арқасында, өмірінде кездескен қиыншылықты жеңуі және оған мифтік себептердің көмекші болуы арқылы арман мақсатына жету, жамандықты жақсылықтың жеңуі сияқты толып жатқан идеялардан пайда болуы көптеген халықтар арасында ұқсас келеді.

Ертегілерді негізінен екі түрде қарастырып келеді:

а) халық ертегілері;

ә) әлем халықтары ертегілері.

Ертегілерді бірнеше тілде білу өзімізге де пайдалы. Олар да түрлі тарихи жағдайларда құрылған, бірақ сонда да халықтың арманын, мақсатын, қиялы мен сезімін көрсетеді. Белгілі бір ойдың әртүрлі халықтардың, яғни, әртүрлі тілдегі қалай айтылатындығын есту қызықты. Тегінде, ертегілер – қай халықтың болсын жан дүниесінің, мінез-бітімінің, тыныс-тіршілігінің айнасы; ол сол халықтың сөздік қорының байлығын танытып қана қоймай, оның уақыт санын құны артпаса, арзымас қазына екенін сездірер белгісі. Сондықтан қай тілде болсын ертегілерді оқып, үйрену керек. Өйткені тіл өзгерсе де, сөз өзгерсе де ертегілер түпкі мағынасы, айтайын деген ойы өзгермейді. Бірақ, ең алдымен, өз тілімізді, әркім өз халқының рухани байлығын білу керек. «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» (Ғ. Мүсірепов).

Ұлт тарихындағы негізгі оқиғалар тілдің құжаттық, мәдени танымдық қарекетінің негізінде фразеологиялық, паремологиялық жүйеде, ескі мәтіндерде тарихи есімдер арқылы таңбаланып, халық санасында жатталады. Өзгеше ұлттық мазмұндық бейнедегі, мәдени ақпараттық мазмұны басым бұл атаулар лингвистикада «прецеденттік» деп анықталып, тіл мен мәдениет байланысында қарастырылады.

Қазақ тілінде прецеденттік есімдер халықтың шалымды ойы мен кемеңгерлігінен туған бай ауыз әдебиеті мен тарихынан алынған фольклорлық мәтіндерде тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, наным-сенімге қарай бірнеше топқа бөлініп зерделенеді. Мысалға, мифтік образдар: *Әзірет әли, Қожанасыр, Алдар Көсе, Қамбар батыр және т.б.*, пайғамбарлар (*Қорқыт ата, Дәуіт, Мұса, Сүлеймен*), *Қанбақ шал Қыдыр ата және т.б.*

Қасиетті пірлер және әулиелер: *Бибі Фатима, Қожса Ахмет Иассауи, Ұмай ана;*

Тарихта болған тұлғалар: *Абылай хан, Қасымхан, Қабанбай мен Бөгенбайлар, Есет батыр және т.б.*

Әдеби мәтіндердегі кейіпкерлер: *Дайрабай, Мырқымбай* (Б. Майлин), *Судыр Ахмет* (Ө. Нұрмифтік есімдерісов) *және т.б.* Осы секілді бұндай ертегі кейіпкерлерін мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда, қанатты сөздерде, бата сөздерде, нақыл сөздерде молынан кездестіруге болады.

Мысалы: *Түгел сөздің түбі бір,*

Tyn atasы – Майқы би.

Ағылшын тілінде ең танымал діни мифтік тұлға *Adam* екендігі анықталды:

Since Adam was a boy (бағзызамандардан).

Old as Adam (ескі – старокакмир).

The old Adam («тозған Адам»; адамтабиғатының күнәһарлығы).

Adam's apple (Адамалмасы; жұтқыншақ).

Келесі ағылшын сөз тіркесінде екі сөз тіркестері бір емес тіпті екі мифтік есімдер кездеседі: *When Adam delved and Eve span who was then a gentleman?*

Қазақ тілінде көптеген діни мифтік ұғымдар Алла атымен байланысты болса, ағылшын тілінде Адам атымен байланысты кездеседі:

1. *Аллаға шүкіршілік қылуы;*

2. *Алланың жазған парманы;*

3. *Атымтай [-дай] жомарт;*

Мұнда күдіреті күшті Алла тағаланың мифтік есімдеріне деген жақсылығы мен кеңдігін көрсетеді. Сонымен қатар аты жомарттығымен танымал болған *Атымтай* бейнесі тура мағынасында берілген. Бұндай есімдерге мысалдар көптеп кездеседі:

Атымтайдай жомарт бол,

Наушарбандай әділ бол.

Наным-сенімдегі мифтік тұлғада:

Ассалаумағалейкум, Адыраспан!

Бізді сізге жібереді емдік үшін Омар, Оспан.

Омар, Оспан бейнелері барша мұсылман қауымына қасиетті тұлғалар, жәрдем етуші образында қолданылады. Сөйтіп, автор прецедентті есімдерге Алла, пайғамбар, құрмет тұтатын есімдер қазіргі кезде де шығармаларда, фразеологизм, мақал-мәтел, наным-сенімдерде жиі қолданылады деген қорытындыға келеді. Профессор Е.Жұбанов қазақ ертегілеріндегі осы секілді прецеденттік антропонимдерді дәстүрлі атауыштық формулалар деп атап, солардың арасындағы кісі аттарына қатыстыларын *дәстүрлі атауыш формулалар* деп жіктейді [2]. Бұл фразеологиялық бірліктер шығуына тарихи жағдайлар тікелей әсер еткен. Оның прототипі У.Тайлер басқаруымен болған (XIV) шаруалар көтерілісінің Джон Боллға тиесілі ұраны болған. 1380-1381 жылдар Англия халқын қанаудың ең сорақы кезеңі болған: *Damon and Pythias* («Дамон және Пифиас», айнымас, айырылмас достар).

Кез келген атауды қалай болса, солай атай беруге болмайды. Егер халық құптап, бойына сіңіре алса ғана дұрыс атау дей аламыз. Уақытша аталған атаулардың маңызы аз, елеулі әлеуметтік оқиғамен байланысты атауларды, халық қоштайды. Әлеуметтік оқиға және сол оқиғадағы тарихи тұлғаларға ұқсатып кісі есімдерін қояды. Прецедентті есімдер, біріншіден, әдеби туындыға түсмифтік есімдер бұрын миф, аңыз, әңгімелерде қолданылған, екіншіден, қазіргі кезде әдеби туындылармен қатар діни, халық әдебиеті және тарихи-пәлсапалық, мифтік есімдер, саяси-публицистикалық шығармалар да мәтін санатында жүреді. Осыған айғақ С.Иманбердиеваның мақаласындағы поэтикалық шығармаларға, мақал-мәтелдерге, наным-сенімдерден келтірген прецедентті есімдерге мысалдары [1, 90]:

Ал қазақ ертегілеріндегі кісі аттары өзінің мәдени-танымдық қызметіне байланысты қиындығымен ерекшеленеді: *Ерназар, Бекторы, Шойынқұлақ, Ер Төстік, Керқұла атты Кендебай, Күн астындағы Күнікей қыз* т.б. Сонымен қоса эпостық жырларда кезігетін *Қара қытшақ Қобыланды, Қамбар батыр, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу, Қыз Жібек* т.б. этнотанымдық ерекшеліктің көріністері [3, 264]. Осындай прецеденттік мәтіндердің мәнінің астарында тарихи тұлғалардың, мифтік бейнелердің есімдерінде, яғни, антропонимдерде ұлттық болмыс мифтік есімдер мәдениет сақталған. Осы сияқты атаулардың тағы бір тобы – поэтонимдер деп аталады. Яғни, бас-көз, бет-ауыз, тіл-жақ мұрын, қол-аяқ т.б. атаулардан Г.Қортабаеваның зерттеу нәтижесінде 250-астам сатиралық юморлық поэтонимдер жасалған [5, 75]. Ағылшын прецеденттік есімдерінің фразеологиялық сөздігінен талдаулар жүргізілді [6, 175].

Ағылшын тіліне келетін болсақ, 5-8 ғасырда табылған қолжазбалардың өзінде миятік есімдер кездеседі. *Castor and Pollux* (Әулие Эльм алауы. Рим мифологиясынан, Кастор және Поллукс – Юпитер мен Леданың егіз ұлдары. Теңізшілер олардың аттарын «алау» деген). *Bacchus has drowned more men than Neptune* (Шарап адамды тоздырады – Вино погубило больше людей чем море). Мифологиялық сипаттағы прецеденттік есімдер тобына *Othello, Achilles, Cleopatra, Pandora, Penelope, Mahomet* және т.б. аттар кірді.

Мифтік сипаттағы сөз тіркестері тек жеке жалқы есімдерден тұрады. Әйел аттары мифтік есімдер арасынан 20% ғана құрайды. Бұл аттармен жасалған сөз тіркестері іс-әрекет, шарасыздық, адамдар мінез-құлқы мен мақсаттарын, заттарды көрсеті мақсатында қолданылған. Мысалы: *Bend the bow of Ulysses*. («Одиссей садағын майыстыру») яғни, өте қиын нәрсе жасау). Ағылшын сөз тіркестерінің

көп бөлігі антикалық мифологиямен де байланысты. Бұл сөз тіркестерінің басым бөлігі халықаралық сипатқа ие, себебі бірнеше тілдерде кездеседі.

Антикалық мифологиямен байланысты сөз тіркестері төмендегілерді жатқызуға болады:

the apple of discord – *керісалмасы*;

the golden age – *алтын ғасыр* (тіркес алғаш рет грек ақыны Гесиодтың «Еңбектер мен Күндер (Трудыидни)» поэмасында Сатурн ғасырын, адамдар Құдайша еш мұң-қайғысыз, ұрыс-керіссіз, соғыссыз және еріксіз еңбектенусіз өмір сүрген кезді суреттеуде қолданған);

a labour of Hercules (the labours of Hercules; a Herculean labour немесе Herculean labours) – *геркулес еңбегі*;

Lares and Penates – *ларалар мен мифтік есімдер наталар, берекелі, жайлы ошақ жасау (ларалармен мифтік есімдер наталар ежелгі рим мифологиясы бойынша – ошақ жайлылығының Құдайлары)*.

Гомерлік «Илиада» және «Одиссеймен» байланысты тіркестер:

between Scylla and Charybdis – *Сцилламен Харибда арасы, шешімі жоқ жағдайда болу*;

on the knees of the Gods – *бірҚұдайғааян (бір Аллаға аян)*;

Penelope's web – *«Мифтікесімдернелопажоспары»*, созутактикасы.

Гомер «Илиадада» және кейінірек Вергилия «Энеидада» ақындар Троя қаһармандарының ерлігін мадақтайды. Осыдан like a Trojan – *ерлік, ержүректілік, батырлық* тіркесі шыққан. Троя соғысы жайлы қалыптасқан тағы бір тіркес the Trojan horse – *троя жылқысы, жасырын қиындық*.

Ағылшын тіліндегі ертегілерде кездесетін тіркестер көбі Ежелгі Риммен тығыз байланысты. Мысалы, a bed of roses – *«райхан гүлі төселген төсек (ложе из роз)»*, *бақытты, уайым-қайғысыз өмір*. (Тіркес әдетте болымсыз мәнде жиі қолданылады life is not a bed of roses – *өмір жолы – қиын жол*. Тіркес Ежелгі Рим байларының төсектерін райхан гүлімен көмкеруімен орайластырылған салтанаттан туған. Сонымен, мифтік есімдер – әдеби туындылардағы, ертегі, аңыздарда келтірген кейіпкерлердің аттары. Прецеденттік – мифтік есімдер халық мәдениетінде, ауыз әдебиетте, тарих мифтік есімдер күнделікті өмірде де ерекше орынға ие.

Қорытындылай келе, жоғарыда айтылған мәселелерге сүйене отырып, келесі тұжырыммен шектелмекпіз. Ертегілерді зерттеу барысында өмірден алынған қарым-қатынас қызметке байланысты фактілері және де олардың көп сатылы семантикалық кеңістіктегі орнын анықтау үшін жаппай зерттеудің ыңғайлы әдістемесі қолданылуы қажет. Екітілдегі ертегілердің ұқсастығы мен айырмашылықтары бар. Ертегілердің айырмашылығы екі тілдің формаларының сыртқы белгілеріне байланысты. Сонымен бірге мағынасын анықтау үшін ертегілер мен аңыз әңгімелердің көлеміне де назар аудару қажет. Ертегілер мен аңыз әңгімелер арқылы біз әр елдің мәдени ерекшелігімен, салт-дәстүрімен және тілдік байлығымен танысамыз. Ертегілер мен аңыз әңгімелер арқылы біз әр елдің тек өзіне ғана тән ерекшеліктерін байқай отырып, барлық елге мынадай ортақ бір заңдылықты аңғарамыз: мақал-мәтел – әрбір халықтың рухани қазынасы, ұмытылмай ұрпақтанұрпаққа жаттала тарайтын өнеге, үлгі-өсиет және де адам пікірінің дәнекері, аталы сөздің жемісі.

Әдебиет:

1. Иманбердиева С. Прецедентті атаулардың мен сонимдерде қолданылуы // Тілтаным. - 2002. - №2.- 90-94-б.

2. ЖұбановЕ. Эпостілініңөрнектері. -Алматы: Ғылым, 1978.

3. Нурекешова Г.Р. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі мифтік сипаттағы прецеденттік есімдердің лингвомәдени ерекшеліктері // Молодой ученый. - 2015. -№8. -С. 57-58.

4. Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы, 1986. - 264 б.

5. Қортабаева Г.Қ. Соматикаға қатысты сатиралық юморлық поэтноимдердің тілдік табиғаты // Академик Ә.Т Қайдар және тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Дайк-Пресс, 2004.

6. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. - Алматы,1968. – 79 б.

Ерсултанова Г.

Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты

«Тілдік тұлға» ұғымының құрылымдық мәні

Тілдік тұлға ұғымын талдап, тану үшін жүйелі түрде жаңа бағыт бойынша ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу қажет. Тілдік құбылыстарды тану жолында күрделі үрдісті дамыта отырып, басқа да ғылым салаларымен (психология, философия, логика, антропология, мифология т.б.) тығыз байланыстыра отырып зерттеу – тіл ғылымының негізгі мақсаты болып табылады. Тілдің өзінің ішкі заңдылықтарының негізінде ғана танып білу жеткіліксіз. Қазіргі таңда ұлттық тіл мәселесі жиі

қозғалып, ұлттық мәдениет, ұлттық болмыс, діл мен дін сияқты ұғымдарды тоғыстыру арқылы ғана ұлттық тілдің табиғатын ашу мүмкін болып отыр. Тілді халықтың тарихымен, мәдениетімен, ой таныммен бірлікте зерттеп, тану арқылы тіл білімі саласында жаңа бағыттар пайда болып, өріс алып келеді. Тіл мен танымның бірлікте қарастырылуы – тіл иесіне қатысты тұтастықта зерделеніп, тілдік тұлғаны танып, білуге негіз болады.

Жалпы алғанда, құрылымдық тіл білімінде тіл– дүниетанымның құралы, ойлаудың ұғым, түсінік, пайымдау тәрізді түрлерінің объектенуі деп сипатталатыны белгілі. Осыған орай тілдік жүйенің құрылымына тереңдеп барудың ұлттық тілдің табиғатын шынайы танудың бір жолы тілдік таңбаларды, оны құрайтын элементтерді, олардың мазмұндық жағы мен тұлғалық жағын тілдің өз заңдылықтары негізінде қарау болса, екінші жолы оларды тілдік емес мәнділіктермен, яғни, ақиқат өмір, ойлау, танымдық тұрғыда бір-бірімен тығыз байланыста қарау болмақ [1]. Кез келген автордың шығармашылық табиғатын тану қазақ тіл білімінде соңғы жылдары қалыптасып келе жатқан жаңа бағыттың бірі «тілдік тұлға» ұғымымен тығыз байланысты. Аталған ұғым өз кезегінде лингвистиканың бір саласы ретінде танылған «ғаламның тілдік бейнесі» теориясымен сабақтасады.

«Тілдік тұлға» ұғымының тарихына тоқталып өтсек, В. фон Гумбольдтің еңбектері тілдік тұлға ұғымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Тіл мен ойлауды саралай келе, ол ойлауды белгілі бір тілге байланысты болады деген қорытындыға келеді. В. фон Гумбольдт теориясының маңыздылығы ұлттық танымда және ол өз еңбектерінде «Weltbild» терминін («әлемнің бейнесі») қолданды (Гумбольдт 1984, 78). Л.Вайсгербер В. фон Гумбольдтің идеясын әрі қарай жалғастырып, «sprachliches Weltbild» терминін («әлемнің тілдік бейнесі») енгізеді (см. [Вайсгербер 2004]). Э.Сепир мен Б.Уорфтың еңбектерін атап өтпеуге болмайды, олар «әлемнің бейнесі» мен «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымдарын ашуда өз үлестерін қосты.

Әлемнің тілдік бейнесін зерттеуде Л. Вайсгербер есімімен тығыз байланысты тағы бір жаңа ұғым, «тілдік тұлға» ұғымы, қалаптасты. Г.И. Богин «sprachliche Personlichkeit», «сөйлеуші тұлға» термині, Л.Вайсгербер еңбектерінде ең алғаш қарастырыла бастады десе, Ю.Н.Караулов болса, тілдік тұлғаны А.А.Шахматов алғаш болып синтаксистік құбылыс пен құрылымды психологиялық тұрғыдан зерттеді дейді. В.В.Виноградов болса, К.Фосслер тілдік тұлғаны стилистикалық аспектіде тілді зерттеуді мақсат етеді деп тұжырымдаған [Виноградов 1963, 27].

«Тілдік тұлға» құбылысына ХХ ғасырдың соңғы жылдарынан бастап ерекше назар аударыла бастады. «Тілдік тұлға» мәселесін зерттеуде Воркачёв, 2001; Воробьёв, 1998; Канчер, 2000; Карасик, 2002; Караулов, 1987; Седов, 2000 тілдік тұлғаны адамның сөйлеу қабілетімен байланыстыра отырып, оны шығарма тілін қабылдау мен жасаудың әлеуметтік және жеке тұлғаның сипаттамалық тұтастығы ретінде анықтайды. Ресей лингвистикасында В.Виноградов тілдік тұлғаны «автор тұлғасы» және «кейіпкер тұлғасы» ретінде қарастырып, екі түрлі ұғымды қалыптастырды [2], А.Леонтьев оны «сөйлеуші тілдік тұлға» ретінде сипаттайды [3]. Г.Богин [4] «сөзді өзі шығарып, айтуға және қабылдауға дайын» адамды тұлға деп қарастырып, оған өзінше анықтама берді. Ол тілдік тұлғаны лингводидактика үшін актуалды моделін ұсынды.

Кесте 1. Г.И.Богиннің тілдік тұлға моделі И.Богиннің тілдік тұлға моделі тілді деңгеру деңгейіне қарай жіктелген. «Лингводидактикалық модель» аталатын бұл деңгейлер былайша сипатталады:

1) жеткілікті лексикалық қоры бар, тілдің негізгі құрылымдық заңдылығын білу, белгілі бір нормаға сәйкес пікір білдіре алатын, мәтінді қабылдай алатын деңгейі анықталатын – *түзулік (дұрыстық) деңгейі*;

2) сөйлеу әрекетінің ішкі жоспарына (ойша жасалған) сәйкес сөйлесе алатын, естігенін түсініп, қабылдай алатындай білік-дағдыны анықтайтын – *интериоризация деңгейі (қоршаған орта әсері)*;

3) фонетикалық, грамматикалық, лексикалық нормаларды сақтап, тілдің көркемдегіш құралдарын шебер пайдаланатын *қанықтық деңгейі* (уровень насыщенности);

4) сөйлесу барысында (айтылымда, пікір білдіруде) қолданылатын тілдік құралдардың қызметіне қарай бағаланатын – *адекватты (сәйкес) таңдау деңгейі*;

5) тілдік тұлға туғызған мәтіннің мазмұнына және коммуникативті міндеттің барлық кешеніне сәйкестігі ескерілген – *сәйкес синтездеу деңгейі* [4, 31].

Дегенмен тілдік тұлға мәселесін орыс ғалымдары арасында Ю.Н.Караулов кеңінен зерттеп, термин ретінде ғылымға енгізді. Өзінің «Русский язык и языковая личность» атты еңбегінде тілдік тұлға теориясына қатысты тәсілдерді жинақтап, В.В. Виноградов және Г.Богиннің еңбектерінде қарастырылған «тілдік тұлға» ұғымын толықтырды. Ю.Караулов тілдік тұлғаны «мәтін түзіп, қабылдай алатын күрделі тілдік құрылым деңгейі; ақиқат дүниені терең және нақты бейнелей алатын; анық мақсатты бағыты бар адам» деп анықтайды [5]. Ю.Караулов көркем мәтінді тірек ретінде ала отырып, тілдік тұлғаның үш деңгейін атап өтті:

1) вербальды-семантикалық деңгей;

2) лингвокогнитивтік деңгей;

3) прагматикалық (мотивациялық) деңгейді көрсетеді [5, 63]. Кейінгі кездері жарық көрген ғылыми жұмыстардың барлығы да осы Ю.Карауловтың деңгейлеріне сүйене отырып, жеке тұлғаның тілдік тұлғасын, тілдік ерекшелігін аша білді.

Ф.Қожахметова өз жұмысында, «тілдік тұлға» және «адамның тілдік үлгісі» екі терминнің ғылыми әдебиетте қатар қолданылып келе жатқанын атап өтіп, бұлардың бір құбылысты білдіретіні даусыз, бірақ осы арада терминдерді нақтылауды ұсынды. Себебі тілдік тұлға – тілді нақты қолданушының жіктеме белгілерінің ғана жиынтығы емес, жалпы аялық білімнің де көрінісі, ғаламның тілдік бейнесі негізінде анықталатын суреткердің әлем үлгісі. Демек, тілдік тұлғаның жалпы аялық біліміне қоса оның дүниетанмы, білімі, рухани негізі, яғни, оған тілден тыс факторлар да әсер етеінін атап өтті [1, 11].

Жалпы, тілдік тұлға дегеніміз ұлттық тіл ортасында, ұлттық құндылықтар арасында тәрбиеленген, ұлттық рух пен ұлттық тілді толық меңгерген жеке адам, бүкіл ұлттық болмысты бойына жинақтаған индивид. Тілдік тұлға мәселесіне қатысты шетел және ресей ғалымдарымен қатар, қазақтың тілші ғалымдары да нәтижелі жұмыс атқарып келеді [2]. Белгілі ғалым Н.Уәли тілдік тұлға жайлы құнды пікірлер ұсынды: «Тілдік тұлға тек тілдің ғана емес, адресант және адресат ретінде сөздің де субъектісі; Тілдік тұлға ұлттық тілді тұтынушы ғана емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы; тілдік тұлға – сөз мәдениетінің түпқазығы» [1, 16-17]. Филология ғылымдарының докторы А.Ислам тілдік тұлғаны былайша сипаттайды: «Тілдік тұлға дегеніміз – ұлт тілі мен мәдениетінен толық ақпарат меңгерген тілдік-мәдени құзірет иесі. Ол ұлттық, аймақтық, әлемдік мәдениет ақпаратын меңгеруіне байланысты деңгейлерден тұрады. Тілдік мәдениет құзірет иесі (сатылы деңгейіне сәйкес) ұлттық реңктегі тілдік белгілер мағынасын арнайы сараптама көмегінсіз жалпы мағынасын түсінуге қабілетті», – десе, [5]. Г.Мұратова: «Өзі меңгерген ұлт тілі мен мәдениетін өзгеге таныта отырып, тілді тұтынушы ретінде әрі тілді жасаушы ретінде, тұтастай алғанда, тіл тарихына (синхронды, диахронды күйіне), тілдің дамуына қандай үлес қосқанын айқындау мәселесі – тілдік тұлға мәртебесін одан әрі бекіте түсетін немесе оның тағы бір қырын, яғни, толыққанды тілдік тұлға болмысын ашатын ұстаным болуға тиіс», – дейді [1]. Тілдік тұлға – тілдік дәстүрдің қалыптасуына үлес қоса алатын, өзіндік көзқарасы бар, өз ойын адресатқа жеткізе алатын, өзіне дейінгі тұлғалар қалдырып кеткен байлықты меңгерген, соны иеленіп, өзінше жеке тілдік құбылыстар тудыра білетін тұлға деп түйіндейміз [5, 63].

Тілдік тұлғаның даралық сипатын оның шығармаларының ерекшелігін танытатын мәтіндер негізінде зерттеуге арналған еңбектер қатары көбейе түсуде. Осы тұрғыда тілдік тұлға мәселесі қазіргі орыс тіл білімі мен қазақ тіл білімінде төмендегідей бағыттарда қарастырылып келеді деп шартты түрде белгілейміз: 1) нақты тұлғаның тілін оның когнитивтік және прагматикалық интенцияларын назарға ала отырып талдау; 2) көптеген ғылыми еңбектерде тарихи тұлғалар тілін диахрониялық тұрғыдан сараптау орын алған; 3) бөлек-бөлек мәтіндер негізінде тілдік тұлғаны модельдеуге арналған зерттеулер де пайда бола бастады; 4) шығармадағы кейіпкерлердің тілдік тұлғасын ашу арқылы шығарма авторының тілдік тұлғасына шығуды мақсат тұтқан зерттеулер де кездеседі; 5) тілдік тұлға бойындағы қасиеттерді оның ұлттық болмысына сай қарастырған еңбектер [2].

Тілдік тұлға мәселесін зерттеудегі бағыттар бойынша түрлі көзқарастар қалыптасқан, бірі, тілдік тұлға мәселесіне зерттеуші үш бағытта қарастыра алады дейді:

А) психолингвистикалық тұрғысынан;

ә) лингводидактика тұрғысынан;

б) филологиялық тұрғысынан [4, 15].

Екіншісі, тілдік тұлғаны екі бағытта зерттеу үдерісі бар дейді, бірі – лингво-мәдени бағыт, екіншісі – лингводидактикалық бағыт. Осы екі бағыт шеңберінде келесідей аспектілерді қарастыруға мүмкіндік бар: когнитивтік, прагматикалық, коммуникативтік, ұлттық.

Тіл білімінде тілдік тұлға типологиялары айқындалған: *жалпы (полилектная), жеке (идиолектная) тұлға* (В.Нерознак); *этносемантикалық тұлға* (С.Воркачев); *элитарлы тілдік тұлға* (О.Сиротина, Т.Кочеткова); *семиологиялық тұлға* (А.Баранов); *орыс тілдік тұлғасы* (Ю.Караулов); *тілдік және сөйлеу тілі тұлғасы* (Ю.Прохоров, Л.Клобукова); *шығыс және батыс мәдениеті тілдік тұлғасы* (Т.Снитко); *сөздік түзілімінің тілдік тұлғасы* (В.Карасик); *эмоциятанушы тілдік тұлға* (В.Шаховский) және т.б. [3, 23].

Тілдік тұлға – құрылысы күрделі құбылыс. В.А.Маслованың көрсетуінше, тілдік тұлғаға мынадай компоненттер енеді: 1) құндылық, дүниетанымдық, тәрбие мазмұны компоненті, яғни, құндылықтар жүйесі және өмірдің мәндері; 2) мәдениеттану компоненті, яғни, тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі; 3) жеке тұлғалық компонент, яғни, әр адамда бар терең жекелік қасиеттері. Т.Имашева «тілдік тұлға құрылымы мен шынайы тұлғалық келбеті оның барлық қырын зерделеу арқылы аңғарылады», – деген көзқарасты ұстанды [4, 21].

Тілдік тұлғаны түсіндіруге бірнеше бағытта келу үрдісі қалыптасқан:

1) тілдік тұлға болып табылатын жеке адам қалыптасуының негізгі жүйелерін анықтау (тегі, өмір сүрген ортасы, әдеби және тілдік, ұлттық-мәдени ықпал және т.б.);

2) жеке адамның тілдік тұлғалық болмысын құрайтын жеке қасиеттерін танытатын ерекшеліктерді көрсету, яғни, оны өз бетінше білім алу, өзін-өзі жетілдіру, тәрбиелеу, өз тілдік тәжірибесін ұрпақтарына мұра етіп қалдыруда жеке жауапкершілігін сезіну, білім дағдыларын игеру, шеберлік дағдыларын меңгеру, игерген білімдері мен тәжірибесін болмысты өзгерту үшін қолдану т.б. қасиеттерден тұратын күрделі, көпсатылы зерттеу нысаны ретінде оның тілінің ассоциативтік-вербалдық, лингвокогнитивтік, прагматикалық деңгейлерін сипаттаудан тұратын деңгейлік талдау арқылы қарастыру қажет екені айқындалды [2, 13].

Тілдік тұлғаның қалыптасуына мынадай алғышарттар болуы тиіс: 1) ұлттық тәрбие (отбасылық тәрбие); 2) ұлттық тілдегі өлшемдер (қабылданған, қабылданбаған құндылықтар); 3) мәдени ақпарат (салт-дәстүр, әдет-ғұрып); 4) рухани сана (дін қағидалары); 5) үлгі тұтатын тұлғалар (Абай, Шоқан т.б.); 6) озық білім жүйесі; 7) тектілік интеллектісі. Міне, осы қасиеттерді бойына жинаған индивид, саналы адам дәрежесінен тұлға, одан әрі тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алады. Тілдік тұлғаның өзінің болмысына сәйкес қалыптастырған, енгізген сөз саптауы, көзқарасы эталондық сипат дәрежесіне көшеді де оның тілі зерттеу арқауы бола бастайды. Бұл көбіне тілдік тұлғаның дәстүрлі вербалды-семантикалық деңгейінде байқалады[7].

Қорыта келгенде, мәтінде де, дискурста да – тілдік тұлға мәселесі басты орын алатыны сөзсіз. Кез келген мәтінді тілдік тұлға жазғаны белгілі. Дискурста да тілдік тұлға түсетіні айқын. Кейінгі кездері зерттеу жұмыстарына негіз болып келген тілдік тұлға ұғымы кейіпкер мен жазушы тілдік тұлғасы, автор мен аудармашы тілдік тұлғасы арасындағы айырмашылығы мен толық шешілмеген мәселелері бар қарама-қайшылықты құбылыс. Антропоэктік бағытта ұлттық мәдени құндылық ретіндегі ұлттық ділді, ұлттық тілдік мұраны, ұлттық психологияны терең меңгерген жеке тұлғаны зерттеу арқылы әлемнің тілдік бейнесін ашуда түрлі тұжырым жасауға мүмкіндік туады.

Әдебиет:

1. Қожахметова Ф. Т.Ізтілеуовтің тілдік тұлғасының дискурстық сипаты: филол. ғыл. канд. ... автореф: 10.02.02.- Алматы, 2004. – 35-б.
2. Мұратова Г. Абайдың тілдік тұлғасы: филол. ғыл. док. ... автореф: 10.02.02. – Алматы, 2009. - 303 б.
3. Ермекова Ж. М.Жұмабаевтің тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. - Алматы, 2010. – 141 б.
4. Караулов Ю.Н. Предисловие. Русская языковая личность и задачи ее изучения. Язык и личность. – М.: Наука, 1989. – 263 с.
5. Маслова В.А. Лингвокультурология: учебное пособие. – М.: Академия, 2001. - 208 с.
6. Kushkimbayeva A.S., Tumbolova A.O., Precedent texts as the basis of a pragmatic level of M. Aueзов»s linguistic personality // The Recent Trends in Science and Technology Management. L., 2013, may 9-10. P. 150-162.
7. Күшкимаева А.С. М.Әуезовтің тілдік тұлғасы: филол. ғыл. док.– Алматы, 2015.

Жұмабайқызы Ұ.

*ҚХР, Бейжіңдегі Орталық Ұлттар
университеті қазақ тіл-әдебиет
факультетінің магистранты*

«Күлтегін» құлпытасындағы дауыссыз дыбыстардың емле ережесі

1889 жылы Орхон өзенінің бойынан табылған «Күлтегін», «Білге қаған» құлпытастары – II Түрк қағандығынан қалған бірден-бір тарихи жазба мұра. Бұл тарихи ескерткіштердің табылуы ғылымда үлкен дүмпу қозғап, түркітанушылардың назарын аударды. Ғалымдар бұл ескерткіштерді оқу жұмысына кірісті. 1893 жылы 12-айдың 15-күні Дания ғалымы – В.Томсон жұмбақтың сырын ашты [1]. Ол құлпытас 38 таңбадан құралған, мұндағы 8 дауысты дыбыс 4 таңбамен көрсетілген, яғни *a* мен *ä* **ᠠ** таңбасымен; *i* мен *i* **ᠢ** таңбасымен; *o* мен *u* **ᠤ** таңбасымен; *ö* мен *ü* **ᠨ** таңбасымен белгіленеді. Ескерткіш тілінде 19 дауыссыз дыбыс бар, мұндағы *b, d, l, n, r, s, t, y* қатарлы 8 дауыссыз дыбыс үндестік заңы бойынша әрқайсысы жуан-жіңішке болып екі таңбамен таңбаланады. Мұнан тыс **ᠨᠲ** (*nt*), **ᠮ** (*lt*), **ᠰ** (*nč*) сияқты қатар келген екі дауыссыз дыбысы бір таңбамен көрсетіледі.

1. Көне түркі тіліндегі дауыссыз дыбыстардағы ең үлкен ерекшелік – *b, d, l, n, r, s, t, y* қатарлы 8 дауыссыз дыбыс ұқсамаған екі түрлі таңбамен көрсетіледі. Яғни, **ᠪ** (*b¹*), **ᠳ** (*d¹*), **ᠯ** (*l¹*), **ᠨ** (*n¹*), **ᠷ** (*r¹*), **ᠰ** (*s¹*), **ᠲ** (*t¹*), **ᠮ** (*y¹*) қатарлы 8 дауыссыз дыбыс тек жуан дауысты дыбыс *a, o, u, i* -лардың алды-артында ғана жазылады. Ал **ᠪ** (*b²*), **ᠳ** (*d²*), **ᠮ** (*n²*), **ᠷ** (*r²*), **ᠯ** (*s²*), **ᠬ** (*t²*), **ᠰ** (*y²*)-лер тек жіңішке дауысты дыбыс *ä, ö, ü, i*-лермен бірге келген сөздерде ғана жазылады. Бірақ мұндағы бір ерекше жайт – жіңішке дауыстылармен қатар келетін **ᠰ** (*s²*), **ᠳ** (*y²*), **ᠨ** (*n²*)-лер ішінара сөздерде ережеден ауытқып,

жуан дауысты дыбысты сөздермен жазылады. Төменде «Күлтегін» құлпытасындағы мұндай ережеге бағынбайтын сөздер көрсетіледі.

Жіңішке дауысты дыбыспен келетін y^2 дауыссызының жуан дауысты дыбысты сөздердің арасында келетін жағдайы түбір сөздерде және оларға жалғанған жуан дауысты дыбысты қосымшаларда үнемі кездеседі, «Күлтегін» ескерткішінде ережеге бойсынбайтын 8 сөз бар. Олар:

транскрипциясы	мағынасы	таңбасы	транскрипциясы	мағынасы	таңбасы
y ¹ iš	тау	𐰽𐰺	y ² išd ¹ a	орманда	𐰽𐰺𐰽𐰺
y ¹ ilī	жылы	𐰽𐰺𐰺	y ² ir ¹ ay ¹ a	солтүстікте	𐰽𐰺𐰺𐰺
y ² il ² qa	жылда	𐰽𐰺𐰺𐰺	y ² ir ¹ yar ¹ u	солтүстікке	𐰽𐰺𐰺𐰺𐰺
y ¹ il ¹ siγ	жылды	𐰽𐰺𐰺𐰺	y ² imšaq	жұмсақ	𐰽𐰺𐰺𐰺

Жіңішке дауысты дыбыспен бірге келетін s^2 дауыссызы жуан дауысты дыбысты сөздердің арасында келуі «Күлтегін» құлпытасында біршама жиі кездеседі. Бұл – түбір сөздерде, өткен шақ жалғауы $-mis^2$ жалғанған сөздерде, үшінші жақ тәуелдік жалғауы $-s^2i$ жалғанған сөздерде, екінші жақ баяндауыштық жіктік жалғауы $-s^2iz$ жалғанған сөздерде және болымсыз сын есім жалғауы $-s^2iz$ жалғанған сөздерде кездеседі. Мұндай 33 сөз кездеседі. Олар:

1) Түбір сөздер

транскрипциясы	мағынасы	таңбасы	транскрипциясы	мағынасы	таңбасы
s ² im ¹ a-	естіме-	𐰽𐰺𐰺𐰺	s ² ay ¹ u	сайын	𐰽𐰺𐰺
s ² iγit ¹ -	сықта-	𐰽𐰺𐰺	ačs ² iγ	аш	𐰽𐰺𐰺
b ¹ as ² iγd ¹ i	басты	𐰽𐰺𐰺𐰺	ulus	ұлыс	𐰽𐰺
b ¹ at ¹ s ² iγiŋa	батысында	𐰽𐰺𐰺𐰺𐰺			

2) Өткен шақ жалғауы $-mis^2$ жалғанған сөздер

транскрипциясы	мағынасы	таңбасы	транскрипциясы	мағынасы	таңбасы
b ¹ ošur ¹ mis ²	басқарған	𐰽𐰺𐰺𐰺𐰺𐰺	qor ¹ al ¹ mis ²	барлығын алған	𐰽𐰺𐰺𐰺
b ¹ armis ²	барған	𐰽𐰺𐰺	qon ¹ t ¹ ur ¹ mis ²	қондырған	𐰽𐰺𐰺𐰺
b ¹ ol ¹ mis ²	болған	𐰽𐰺𐰺𐰺	qayans ¹ ir ¹ at ¹ mis ²	қағансыраған	𐰽𐰺𐰺𐰺𐰺𐰺
t ¹ ut ¹ mis ²	ұстаған	𐰽𐰺𐰺𐰺	qub ¹ r ¹ at ¹ mis ²	жинаған	𐰽𐰺𐰺𐰺𐰺
t ¹ ašiqmis ²	сыртқа шыққан	𐰽𐰺𐰺𐰺	s ¹ iγt ¹ amis ²	сықтаған(жылап-сықтау)	𐰽𐰺𐰺𐰺𐰺
y ¹ oyl ¹ amis ²	жоқтаған	𐰽𐰺𐰺𐰺𐰺	ollur ¹ mis ²	отырған	𐰽𐰺𐰺𐰺
y ¹ ar ¹ at ¹ mis ²	жаратқан	𐰽𐰺𐰺𐰺	id ¹ mis ²	жіберген	𐰽𐰺𐰺
qil ¹ mis ²	істеген	𐰽𐰺𐰺𐰺	ičyīn ¹ mis ²	бағынды	𐰽𐰺𐰺𐰺
qil ¹ in ¹ mis ²	туылған	𐰽𐰺𐰺𐰺			

3) Үшінші жақ тәуелдік жіктік жалғауы ($-s^2i$) жалғанған сөздер

транскрипциясы	мағынасы	таңбасы	транскрипциясы	мағынасы	таңбасы
ayis ² i	нәрсесі	𐰽𐰺𐰺	ayis ² iŋa	нәрсесін	𐰽𐰺𐰺𐰺
at ² is ² i	әкесі	𐰽𐰺𐰺	or ¹ t ¹ us ² iŋar ¹ u	ортасына дейін	𐰽𐰺𐰺𐰺𐰺𐰺
y ¹ ayis ² i	жауы	𐰽𐰺𐰺𐰺			

4) Екінші жақ баяндауыштық жіктік жалғауы ($-s^2iz$) жалғанған сөздер

транскрипциясы	мағынасы	таңбасы			
y ¹ aŋil ¹ t ¹ ačis ² iz	жаңыласың	𐰽𐰺𐰺𐰺𐰺			

5) Басқа сөздер

транскрипциясы	мағынасы	таңбасы	транскрипциясы	мағынасы	таңбасы
ar ¹ maqčis ² in ²	алдамақ болғандарды	𐰽𐰺𐰺𐰺𐰺𐰺	y ¹ ayš ² iz	жаусыз	𐰽𐰺𐰺𐰺
y ¹ il ¹ siγ	бай, ауқатты	𐰽𐰺𐰺𐰺			

«Күлтегін» құлпытасындағы жіңішке дауыстылармен бірге келетін-*n*² жуан дауысты дыбысты сөздердің арасында келгенде түбір немесе туынды сөздерге көмектес септік жалғауы -*in*² мен ілік септік жалғауы -*n*² иу жалғанады. Мұнда ережеге бағынбайтын 17 сөз кездеседі.

1) Көмектес септік жалғауы (-*in*²) жалғанған сөздер

транскрипциясы	мағынасы	таңбасы	транскрипциясы	мағынасы	таңбасы
at ¹ in ²	атымен	ᠠᠲᠢᠨᠢ	y ¹ ayiz ⁱⁿ ²	қоңырымен	ᠶᠠᠵᠢᠨᠢ
t ¹ ašin ²	сыртымен	ᠲᠠᠰᠢᠨᠢ	qayan ¹ in ²	қағанымен	ᠬᠠᠶᠠᠨᠢᠨᠢ

2) табыс септік жалғауы (-*in*²) жалғанған сөздер

транскрипциясы	мағынасы	таңбасы	транскрипциясы	мағынасы	таңбасы
aqin ²	ағын	ᠠᠬᠢᠨᠢ	oyl ¹ in ²	баласын	ᠣᠶᠢᠯᠢᠨᠢ
ud ¹ iqin ²	жылқысын	ᠤᠳᠢᠢᠬᠢᠨᠢ	b ¹ ul ¹ yaqin ²	жаманын	ᠪᠤᠯᠤᠯᠠᠶᠢᠨᠢ
y ¹ lanjilt ¹ uqin ²	жаңылғанын	ᠶᠠᠯᠠᠨᠵᠢᠯᠲᠤᠤᠬᠢᠨᠢ	y ¹ or ¹ ičin ²	жүргенін	ᠶᠠᠣᠷᠢᠴᠢᠨᠢ
qajin ²	әкесін	ᠬᠠᠵᠢᠨᠢ			

3) Басқалар

транскрипциясы	мағынасы	таңбасы	транскрипциясы	мағынасы	таңбасы
ar ¹ maqčis ² in ²	алдағаның	ᠠᠷᠠᠮᠠᠴᠴᠢᠰᠢᠨᠢ	y ¹ oñšur ¹ t ¹ uqin ²	жарастырмағаның	ᠶᠠᠣᠨᠰᠦᠷᠲᠤᠤᠬᠢᠨᠢ
uruys ¹ ir ¹ at ¹ ay ¹ in ²	ұрпақсыз етейін	ᠤᠷᠤᠶᠰᠢᠢᠷᠠᠲᠠᠶᠢᠨᠢ	qon ¹ ay ¹ in ²	қонайын	ᠬᠣᠨᠠᠶᠢᠨᠢ
al ¹ mat ¹ in ²	алмадың	ᠠᠯᠠᠮᠠᠲᠢᠨᠢ	b ¹ ay ¹ ur ¹ qun ² uŋ	байырғының	ᠪᠠᠶᠢᠷᠭᠢᠨᠢᠨᠢ

Ескерткіште *s*², *y*², *n*²-ден тыс жіңішке дауысты дыбыспен бірге келетін *t*², *d*², мен *r*² дауыссыздары ᠲᠢᠨᠢᠬᠢ (t²in¹la-, тында), ᠬᠠᠲᠲᠢᠶᠢᠨᠢ (qat¹iyd²i, қатты, жақсы), ᠶᠠᠶᠤᠲᠤᠢᠷᠢᠨᠢ (y¹ayut¹ir²- жақындастырар-) деген үш сөзде жуан дауыстылармен бірге жазылған. Бұл – тасқа қашаушының (бәдізшінің) ағаттығы болуы мүмкін [2].

2. Көне түркі тіліндегі *oq*, *uq*, *qo*, *qu*, *q*-ларды таңбалайтын ᠯ таңбасы тек жуан дауысты дыбыс *o*, *u*-ның алды-артында, *kii*, *kö*, *kü*, *kö*, *k*-ларды таңбалайтын ᠬ таңбасы тек жіңішке дауысты дыбыс *ö*, *ü*-ның алды-артында және *iq*, *qi*, *q* ларды таңбалайтын ᠠ таңбасы жуан дауысты дыбыс *i*-ның алды-артында келеді. Мұндай жағдайда бұл таңбалардың алды-артындағы дауысты дыбыс көп жағдайда түсіріліп жазылады. Алайда «Күлтегін» құлпытасындағы бірнеше сөзде бұл таңбалардың алды-артында келген дауысты дыбыстар түсірілмей, толық жазылып, ережеге қайшы келеді.

Дауысты дыбыс – *o*, *u*-лар дауысты дыбыстардың емле ережесі бойынша сөздің басында немесе сөздің бірінші буынында келгенде көбінде түсірілмей, толық жазылады. Бірақ бұлар ᠯ-ның алды-артында келгенде көп жағдайда түсіріліп жазылады. «Күлтегін» ескерткішіндегі ᠯ-ның алды-артындағы *o*, *u* түбір, туынды және кейбір қосымшаларда түсірілмей жазылады Құлпытаста мұндай ережеге бағынбайтын 21 сөз бар. Олар :

транскрипциясы	мағынасы	таңбасы	транскрипциясы	мағынасы	таңбасы
qor	көп	ᠬᠣᠷ	qut ¹ um	құтым	ᠬᠤᠲᠢᠮ
qony	кой	ᠬᠣᠶ	qub ¹ r ¹ at ¹ d ¹ im	құрадым	ᠬᠤᠪᠢᠷᠠᠲᠠᠳᠢᠮ
t ¹ oquz	тоғыз	ᠲᠣᠭᠢᠵ	qur ¹ ipan ¹	құрып	ᠬᠦᠷᠢᠫᠠᠨ
qušu	Құшұ(адам аты)	ᠬᠤᠰᠤ	qul ¹ l ¹ uy	құлды	ᠬᠤᠯᠤᠢ
qunčuy ¹	қанша	ᠬᠠᠨᠰᠠ	qon ¹ t ¹ uqd ¹ a	қонғанда	ᠬᠣᠨᠲᠤᠬᠠᠳᠠ
qut ¹ ay	қытай	ᠬᠤᠲᠠᠶ	qon ¹ ay ¹ in ²	қонайын	ᠬᠣᠨᠠᠶᠢᠨᠢ
qun ¹ čuy ¹ uy	қаншаны	ᠬᠠᠨᠰᠠᠨᠢ	qar ¹ l ¹ uquy	қарлықты(ру аты)	ᠬᠠᠷᠢᠯᠠᠬᠢᠲᠢ
qur ¹ yar ¹ u	батыста	ᠬᠦᠷᠢᠶᠠᠷᠤ	b ¹ ay ¹ ir ¹ qu	байырғы(ру аты)	ᠪᠠᠶᠢᠷᠭᠢ
y ¹ oq	жоқ	ᠶᠠᠣᠬ	qut ¹ iŋa	құтыңды	ᠬᠤᠲᠢᠨᠵᠢ
oqun ¹	оғын	ᠣᠬᠤᠨ	qul ¹ ad ¹ mis	құлатқан	ᠬᠤᠯᠠᠳᠠᠮᠢᠰ
qur ¹ id ¹ in ¹	батыста	ᠬᠦᠷᠢᠳᠢᠨᠢ			

Дауысты дыбыс *ö*, *ü*-лердің емле ережесі бойынша, сөз басындағы немесе сөздің бірінші буынындағы *ö*, *ü* түсірілмей жазылады, бірақ бұлар ᠬ таңбасымен қатар келгенде көп жағдайда түсіріліп жазылады. Мысалы: (ᠲᠦᠨᠦᠨᠢᠷ) (y²üküntir²) деген сөздегі *k*-ның алды-артындағы *ü*

ықшамдалып жазылған. «Күлтегін» ескерткішіндегі бірнеше түбірсөзде *k*-ның алды-артындағы *ü, ö* толық жазылған. Мұндай 10 сөз кездеседі. Олар:

транскрипциясы	мағынасы	таңбасы	транскрипциясы	мағынасы	таңбасы
kök	көк	ᠬᠣᠬ	s ² üñük	сүйек	ᠰᠦᠢᠶᠡᠬ
kün ²	күн	ᠬᠦᠨ	s ² üñükün	сүйегің	ᠰᠦᠢᠶᠡᠬᠦᠨ
küč	күш	ᠬᠦᠴ	kül ² t ² egin ²	Күлтегін	ᠬᠦᠯᠲᠡᠭᠢᠨ
küs ² ü	көп	ᠬᠦᠰᠦᠰᠦᠰ	y ² üküntür ²	жүгіндір	ᠶᠦᠬᠦᠨᠲᠦᠷ
küčüg	кішкене	ᠬᠦᠴᠦᠭ	küzädü	күзетті	ᠬᠦᠵᠠᠳᠦ

«Күлтегін» құлпытасындағы күл²t²egin²сөзі мәтіннің көп жерінде ᠬᠦᠯᠲᠡᠭᠢᠨ таңбасымен беріледі, бір ғана жерінде ᠬᠦᠯᠲᠡᠭᠢᠨ таңбасымен таңбаланып, ᠬ-ның алды-артындағы жіңішке дауысты дыбыс – *ü* түсірілмей жазылады да ережеге бағынбайды.

Көне түрік тіліндегі дауысты дыбыстардың емле ережесі бойынша, сөзбасында немесе сөздің бірінші буынындағы жуан дауысты дыбыс – *i* үнемі түсірілмей, толық жазылады. Бірақ ᠠ таңбасы *qi, qü, q*-лардың орнына жұмсалатындықтан, ᠠ таңбасы келген жерде дауысты дыбыс *i* түсіріліп жазылады. «Күлтегін» құлпытасындағы ᠠ таңбасының алды-артында келген *i* дыбысы бірнеше түбірсөзде түсірілмей жазылады. Ондай 8 сөз бар. Олар:

транскрипциясы	мағынасы	таңбасы	транскрипциясы	мағынасы	таңбасы
qiz	қыз	ᠴᠢᠯ	iqid ¹ -	ықтау-, далдалау-	ᠶᠢᠴᠢᠳ
qir ¹ q	қырық	ᠬᠢᠷᠴ	qil ¹ ič	қылыш	ᠬᠢᠯᠢᠴ
qir ¹ qiz	қырғыз	ᠴᠢᠷᠴᠢᠵ	bal ¹ iq	қала	ᠪᠠᠯᠢᠶ
qit ¹ any	қытай	ᠶᠢᠲᠠᠶ	batsiqiṅa	батыста	ᠪᠠᠲᠢᠴᠢᠭᠠ

Жоғарыда көрсетілген дауыссыз дыбыстардың ережеге сай келмейтіндерінің басым көп сандысы түбірсөздерде көрінсе, аз сандылары жалғаулар арасында келген. Жіңішке дауыстылармен келетінс² дауыссызы өткен шақ формасында келіп, жуан дауысты дыбысты түбір етістікке жалғанғанда көбінде *l*-мен таңбаланады[3]. Гың Шымин мырзаның «Көнетүркі ескерткіштерінің зерттелуі» атты еңбегінде [4] пайдаланылған С.Е.Маловтың транскрипциясында өткен шақ жалғауы *-mis²* негізінен ᠶᠮ(-*mis*) түрінде транскрипцияланған, мен пайдаланған нұсқада бұл қосымша *lᠮ* (-*mis²*) түрінде жалғанып, арада парықтар болды.

Ескерткіштегі тағы бір таңқаларлық жайт – ᠠ, ᠬ, ᠠ таңбалары сөз басында келгенде одан кейінгі түсіп қалуға тиісті дауысты дыбыстар түсірілмей жазылған. Нақтылап айтар болсақ, «*o, u, ö, ü, i* дауыстылары сөздің басында немесе сөздің бірінші буынында келсе де, түсірілмей жазылады» деген дауысты дыбыс ережесіне бойсынып, дауыссыз дыбыс ережесіне бағынбаған. Бұл сөздерде екі ереже қатар қолданылып, мұндағы сөздердің басым көп сандысы дауысты дыбыс ережесіне бойсынып, дауыссыз дыбыстың ережесінен бағынбағанын байқауға болады. Мысалы, ᠴᠢᠷᠴᠢᠵ (t¹oquz) деген сөзде ᠠ таңбасының алдындағы *o* дыбыс ықшамдалған да дауыссыз дыбыс ережесіне бағынған, екінші буынындағы *u* дыбысы түсірілмеген. Бұл – дауысты дыбыс ережесіне қайшы.

Ескерткіштердің емле ережесінде бұдан тыс басқа да ерекшеліктер болуы мүмкін. Радлов, Малов, Орхон, Текін [5] қатарлы түркітанушылардың транскрипцияларын өзара салыстыра отырып, араларындағы парықтарды айқындау қажет. Көне түркі жазуының емле ережесін кемелдендіру – алдағы міндетіміз.

Әдебиет:

1. Cengiz Alyilmaz Orhun Yazitlarinin Bүgүnkü Durumu . – Ankara, 2005 (Kül Tigin 7-101)
2. Ауғалиұлы Е., Бидоллақызы Б. Көне түркі тілі лексикасының қазіргі қазақ тіліндегі өзгерісі. – Бейжің, 2015.
3. Гің Шымин Көне түркі тілі грамматикасы. – Бейжің, 2010.
4. Гің Шымин Көне түркі тілі құлпытастарын зерттелуі. – Бейжің, 2005.
5. Текін Т. Орхон түркі тілінің грамматикасы. – Индиана, 1968.

Тілекті қалау райдың қолданылуы мен жасалу жолдары

Етістіктің семантикалық-грамматикалық құбылысының ең тармақты, ең аумақты түрі – рай категориясы. Рай категориясының негізі – етістіктегі істің болмысқа, шындыққа қатынасы туралы сөйлеушінің түсінігі. Етістіктің субъектімен және басқа жағдаймен байланысты жаққа, шаққа, шартқа байланысты түрленіп құбылуы рай болады. Қытайда жарық көрген грамматикаларда қазақ тілінде рай *бұйрық рай, ашық рай, шартты рай, тұйық рай, қалау рай* болып беске бөлінеді [1]. Қазақ тіліндегі етістіктердің рай категорияларының ішінде қалау райдың орны ерекше. Қалау рай адамның ниетіне, ықыласына байланысты. Басқа райлармен салыстырғанда, экспрессивтік бояуы басым болып келеді. Қалау рай мағыналық ерекшелігі мен жасалу тәсіліне қарай *ерікті қалау рай* және *тілекті қалау рай* болып жіктеледі.

Тілекті қалау рай істің, оқиғаның болуын біреуден тілейтіндігін көрсетеді. Тыңдаушыға немесе басқа бір адамға деген тілегін сыпайы жеткізу негізінде тілекті қалау рай көп қолданылады.

Тілекті қалау райдың жасалу жолдары:

1. негізгі етістікке **-ғай /-гей (-қай /-кей)** жұрнағы қосылып, оның үстіне жіктік жалғаулары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *жазған хатыңды ертерек тапсырып алғаймын, жазған хатымызды ертерек тапсырып алғайсыз, жазған хатты ертерек тапсырып алғай* т.с.с. Кейде тілекті қалау райдың бұл түрінің үшінші жағына *еді* етістігі тіркеседі: *ойлаған армандары іске асқай еді.*

Тілекті қалау райдың бұл түрі ауызекі тілде де, жазба тілде де көп қолданылады. Ол көбінесе салтанаты жиналыстарда, басқосуларда қолданылады. Әсіресе жиын-тойлардағы бата-тілекте тілектің қалау райдың осы түрі жұмсалады: *шаңырағыңыз биік болғай, гұмыр жасы ұзақ болғай, сау денелі, атпал азамат болғай, сәлемімді қабыл алғай, сәлемдемені тапсырып алғайсыз, уағында хат қайтарғайсыз, жиі хабарласып тұрғайсыз.* Бата-тілектер негізінен етістіктің түбіріне **-ғай /-гей** жұрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғау нөлдік формада келуі арқылы жасалады. Мысалы: *орта көңілді болғай, той думанды болғай, бүгінгі кеш көңілді болғай, басқосу сәтті болғай, жастар бақытты болғай, күніміз көңілді болғай, аспанымыз ашық, істеріміз ілгері болғай, сапарыңыз сәтті болғай* т.с.с. Сондай-ақ өлең жолдарында көптеп кездеседі.

Тілекті қалау райдың бұл түрі Жаратушыдан тілек тілегенде немесе көңілінде жүрген істері туралы өтінішін, тілегін, қалауын білдіргенде қолданылады: *Алла тағала тілегіңді қабыл қылғай! Құдайдың өзі жар болғай! Алла ісіңді оңдағай!*

Онда негізінен **-ғай /-гей** тұлғалы етістіктермен қатар сөйлемде *лайым (шайым)* сөзі де қатысады. Мысалы: *Илайым Жаратушым тілегімді қабыл қылғай! Лайым Жаратушымыз істерімізге жеңілдік бергей! Лайым Алла бар істеріңді сәтті қылғай! Бұған да шүкірлік етпейсің! Илайым басымыз аман, шаңырағымыз биік болғай!*

Сонымен қатар **-ғай /-гей** тұлғалы етістіктерден кейін *еді* көмекші етістігі тіркеседі: *Арманымыз іске асқай еді! Еліне аман-есен оралғай еді!*

Тілекті қалау райдың бұл түрінің қолданысында **-ғай /-гей** тұлғасынегізінен етістіктің екінші және үшінші жағына жалғанады: *Жауап қайтаруға асықпағайсың. Басыңа бақыт құсы ұялағай! Мәңгі бақытты болғайсыздар! Елінің үмітін ақтағай! Халқының қалаулы азаматы болғай!*

Етістіктің бірінші жақ тұлғасында келуі өте сирек. Бұл **-ғай /-гей** формасының мағыналық ерекшелігіне, қызметіне байланысты болса керек. Мұндай ерекшелік етістіктің басқа тұлғаларында да кездеседі. Мәселен, бұйрық райдың I жағында бұйрықтық мағына жоқтығына байланысты бірқатар зерттеушілер қалау райға жатқызады. Мәселен, П.М.Мелиоранский «Краткая грамматика казак-киргизского языка» деген еңбегінде бұйрық райдың I жақ көрсеткішін қалау рай деп түсіндіреді [2]. Сол сияқты Қ.Кемеңгерұлы да «Оқу кұралында» бұйрық райдың I жағын «желательное наклонение в повелительной форме» деп береді [3].

Бұл мәселе қазақ тіл білімінде де қызу талас тудырды. А.Ысқақов, М.Томанов т.б. еңбектерінде бұйрық райдың I жағының мағыналық ерекшеліктері болатыны туралы айтылады. Мәселен, А.Ысқақов: «I жақ формалары (*мен бар-айың, біз бар-айық, бар-алық*) амалды жүзеге асыруды біреуге (II жаққа) бұйырудан гөрі, сөйлеуші орындауды өз міндетіне алғаны, оны істеуге өз ынтасы барлығын, оны істеуге бекігені анығырақ аңғарылады (сөйлеуші өзіне-өзі бұйырмаса керек, тек тыңдаушыға бұйрық берсе керек-ті). Өйткені бұл формалар (**-йың, -йық, -лық**) іске қозғау салмайды,

біреуге сілтемейді, сөйлеушінің амалды өзі істейтінін, яғни оны жүзеге асыруға өзі ынталанатынын, өзі бел байлағанын білдіреді», – дейді [4, 329].

Бұйрық райдың I жағының осындай мағыналық реңктеріне байланысты А.Н.Кононов, Н.К.Дмитриев, А.А.Юлдашев сияқты түркітанушы ғалымдар бұйрық райдың I жағын қалау райдың I жақ формасы ретінде таныған [3].

А.Байтұрсынұлы **-ғай/-гей** жұрнақтары жалғанған етістіктің түрін сенімді райға жатқызған [5]. 1966 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілі. (Етістік)» атты оқулығында Ы.Маманов райдың 6 түрін көрсетіп, қалау райды өз ішінен ерікті қалау рай (**-ғы кел**) және тілекті қалау рай (**-ғай**) деп жіктейді [6].

Адамның өз-өзіне бұйыра алмайтыны сияқты, өз-өзіне бата да бере алмайды. **-ғай/-гей** тұлғалы етістіктер көбінесе бата-тілектерде қолданылады. Оның II, III жақта жиі қолданылғанмен, I жақта қолданылмайтыны (болса да, сирек) осыған байланысты сияқты.

2. Тілекті қалау рай негізгі етістікке **-са/-се** жұрнағы жалғанып, одан кейін *игі* сөзі мен *еді* көмекші етістігі тіркесуі арқылы жасалады: *Істеріміз сәтті болса игі еді! Жастар бақытты болса игі еді! Қараңғы түспей жетіп алса игі еді!*

Тілекті қалау райдың бұл түрі Қытайдағы қазақтардың тілінде жиі қолданылмағанмен, Қазақстандағы қазақтардың тілінде **-са игі еді** тұлғасы мүлде қолданылмайды. Грамматикалар мен оқулықтарда тілекті қалау райдың (**-са игі еді**) тұлғасы жиі көрсетіледі.

Ауызекі тілде қолданылатын бұл форма нағайбылдық, дүдәмал мәнді білдіру үшін жұмсалады. Мұнда сөйлеуші талап-тілегін, қалауын ашық айтпай, көмескілендіріп, сыпайылықпен жеткізеді.

Тілекті қалау райының жасалу жолдарының қолданысын салыстыра келіп, жұмсалыу өрісін бірдей еместігін байқауға болады.

-ғай/-гей тұлғалы және **-са игі еді** тұлғалы етістіктердің жұмсалыуын, экспрессивтік мәнін өзара салыстыра, байыптай отырып, **-ғай/-гей** тұлғалы тілекті қалау райда (Істеріміз сәтті болғай!) қандай да бір іс-әрекеттің болуын, орындалуын, жүзеге асуын тілеу мәні басым болса, **са игі еді** тұлғалы қалау райда істің орындалуын тілеумен қатар соның сәтті болуына, орындала қоюына күмән, сенімсіздік мән бар.

Екеуі де тілекті қалау райының көрсеткіштері болғанмен, біріні орнына бірі қолданыла бермейді. Тойда *Жастар бақытты болғай! Лайым жолдары ашық болғай!* деген сияқты тілектер айтылғанмен, *Жастар бақытты болса игі еді! Лайым жолдары ашық болса игі еді!* түрінде айтылмайды. Себебі мұндай сөз іс-әрекеттің солай болуына сенімсіздікті, олай болмай қалуына алаңдаушылықты білдіреді. Әрине, екі қолданыста да солай болуын қалау мәні бар, бірақ экспрессивті мәні бөлек. Сол сияқты *Ертең ертерек келгейсің* деген сөйлем мен *Ертең ертерек келсең игі еді* деген сөйлемді өзара салыстыратын болсақ, дегенде *Ертең ертерек келгейсің* сөйлеушінің тілегі, солай болуын (ерте келуін) талап етуі бар. Яғни, сөйлеуші тыңдаушыға тапсырманы міндеттейді, солай боларына сенімді. А.Байтұрсынұлының райдың бұл түрін «сенімді рай» деп атауы да содан болса керек. *Ертең ертерек келсең игі еді* деген сөйлемде сөйлеушінің солай болатынына сенімсіздігі, алаңдаушылығы, дүдамалдығы байқалады.

Сонымен, тілекті қалау райының тіл біліміндегі танылуын, жасалу жолдарын сөз ете келіп, райдың бұл түрінің экспрессивтік бояуы тең түсе бермейтінін байқауға болады. Олардың жұмсалыу өрісі, семантикалық жүгі әр алуан екені аңғарылады. Сонымен қатар соңғы жылдары қалау райдың түрлері оқулықтар мен грамматикаларда көрсетілгенмен, қолданыс өрісі шектеліп бара жатқанын көреміз. Қалау райдың жұмсалыу өрісін әлі де дендей зерттеп, қай кезеңде қай түрі қаншалық жиі қолданылғанын, кейінгі кезеңдердегі қолданысы не себепті шектеліп бара жатқанын жан-жақты талдап, әрқайсысының ерекшелігін аша түсу қажет.

Әдебиет:

1. Қазіргі қазақ тілі. – Үрімжі, 2002.
2. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Фонетика и этимология. Составил П.М.Мелиоранский. СПб. Часть I, 1894, Часть II, 1897. –С.15.
3. Жұбаева О. Қазақ тіл білімінің қалыптасып, даму жолдары. - Алматы: Дайк-Пресс, 2011. - 272 б.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 382 б.
5. Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
6. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.

Қазақ тіліндегі айқындауыштың зерттелуі және айқындауышты тіркес туралы пікір

Сипаттамалы грамматиканың жалпы міндеті – белгілі бір тілдің кемелді грамматика жүйесін құру, осы тілдің грамматикалық мағына берудегі тілдік құрылымын, оның қалай жұмыс істейтінін түсіндіру. Кемелді грамматика жүйесі грамматиканың формалық жүйесі мен мағыналық жүйесінен құралады. Грамматиканың формалық жүйесі мен мағыналық жүйесі белгілі бір талапты ғана қанағаттандыра алады, әсте бір мезгілде түсіну мен бейнелеудей екі жақты талапты бірдей қанағаттандыра алмайды. Сондықтан грамматиканың формалық жүйесі мен мағыналық жүйесі бірлікте өмір сүріп, бірін бірі толықтағанда ғана кемелді грамматика жүйесін құруға болады. Грамматикалық форманың түркімі – грамматикалық тәсіл, грамматикалық мағынаның түркімі грамматикалық категория болған соң, грамматиканың формалық жүйесін (түсіну грамматикасы) «грамматикалық тәсілдер жүйесі», ал грамматиканың мағыналық жүйесін (бейнелеу грамматикасын) «грамматикалық категориялар жүйесі» деуге болады. Осы мақаладағы айқындауыштық қатынасты білдіретін сөздердің тіркесі орын тәртібі (грамматикалық тәсіл) тәсілімен құрылымдық қатынас (грамматикалық категория) негізінде жасалған сөздердің тіркесі болып табылады. Сондықтан айқындауыштық қатынасты білдіретін сөздердің тіркесін зерттеудің маңызы өте зор.

«Айқындауышты сөз тіркесі» деп айқындауыштық қатынасты білдіретін сөздердің тіркесін атауымызға болады. Қазақ тіліндегі айқындауыш мүше С.Жиенбаев, М. Балақаев, О. Күлкенова, Ш. Әуелбаев, Р. Сыздықова, Ан Шыңшан, Жаң Динҗиң, Кәрібай Әбдікәрімұлы, Жау Ян т. б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. С.Жиенбаев «Сөйлемнің оңашаланған мүшелері туралы» мақаласында қазақ тіліндегі айқындауыш мүшелердің құрылымдық, мағыналық, функционалдық табиғатын ашуға негіз қалады.

«Сөйлемнің оңашаланған мүшелері (оңашаланған айқындауыш) – көбінесе дағдылы орнынан тыс тұрған сөздер. Ондай оқшауланған сөздердің қызметі – бір затты я бір істі әдейілеп айту арқылы анықтау. Сөйлемде анықтау қызметін атқаратын сөздер – анықтауыштар. Олай болса, оңашаланған сөздердің функциясы да анықтауыштардың функциясымен бірдей. Бірақ оларды жай анықтауыштармен салыстырғанда, тұрған орны жағынан болсын, айтылу интонациясы немесе анықтап тұрған сөзімен байланысы жағынан болсын өзгешелігі көп. Бұлардың «оңашаланған мүше» атану себебі де осындай ерекшелігі барлығынан», – деп көрсетеді С. Жиенбаев [1, 21]. Бұл құрылымды онан соң сөз еткен ғалымдарымыз да осы тұжырымға келіседі. Мәселен, М. Балақаев: «Айқындауыш – анықтауыштың ерекше бір түрі. Ол анықтайтын сөзінің заттық не пысықтауыштық сапасын қосымша, жанама қасиет ретінде айқындайды. Бұл жағынан анықтауышқа ұқсас болғанымен, одан кейбір өзгешеліктері бар, яғни анықтауыш анықтайтын сөзінің алдында тұрып, оның өзіне тән, басқа заттан ерекше сынын, сапасын білдірсе, айқындауыш анықтайтын сөзінен кейін тұрып, көбінесе оның лексикалық мағынасын, мүшелік қызметін басқа сөздермен дәлдеп толықтырады немесе қосымша, көлденең сапасын көрсетеді» [2, 70], – дейді. Бұл тақырыпты арнайы сөз еткен О. Күлкенова: «Айқындауыштардың табиғатында анықтау – сипаттау қасиеті жататындықтан, анықтауыштарға ұқсас, соның бір түрі болып келеді. Айқындауыш туралы айтылған пікірлердің көбі де осы негізден шыққан. Бірақ айқындауыштар анықтауышқа бұл жағынан ұқсағанымен, анықтауыштар емес, олардан көптеген грамматикалық жағынан елеулі өзгешеліктері бар, басқа мүше. Біріншіден, айқындауыш жасалатын сөз табы анықтауыштан басқа. Екіншіден, құрылысы жағынан да анықтауыштан өзгеше; Үшіншіден, байланысу формалары анықтауышқа ұқсамайды, қабысу, кері қабысу, интонациялық қабысу, қиысу түрінде келеді» [3, 55], – деген пікірін мысалдар арқылы дәлелдеп береді.

С. Жиенбаевтың аталған құрылымдарды жіктеудегі ерекшелігі – оларды орын тәртібіне сай, яғни анықталатын сөз бен айқындауыштың орналасуына сай екіге жіктеу. Біріншісі, оның өз сөзімен айтсақ, «дағдылы түрі – анықтайтын сөзінен кейін келетін айқындауыш». Мысалы, «*Біздер, 19-мектеп оқушылары, балалар газеттерін үзбей оқып тұрамыз.* Ғалым «анықталатын сөз түрленгенде, сол ыңғайда айқындауыш та өзгереді» деп санайды (*біздерге, 19 мектеп оқушыларына*). Ал анықтауыш мұндай өзгеріске түспейді, бұл олардың ерекшеліктерінің бірі (*үлкен кісі – үлкен кісіге*), тұлға жағынан өзінің алдыңғы анықталатын сөзімен түрлес болуы айқындауыштарға тән жалпы ерекшелік деп қарастырған.

Айқындауыштың екінші түрі деп «анықтайтын сөздің алдында тұрып оқшауланатындарды» атайды. Мысалы:

*Одағымның бір гүлі, құс дауысты бұлбұлы –
Күләш сынды қызым бар (Жамбыл) .*

Бұлардың ерекшелігі ретінде айқындауышы бір сөз болғанымен (*гүл, бұлбұл*), олардың жанына анықтауыш сөздер (*Одағымның, құс дауысты*) ере жүретінін ескерткен. Соған сәйкес бұлар анықтауыштарға айналуға бейім, «анықтайтын сөзінің алдында келетін жалаң айқындауыштар дағдылы анықтауышқа айналады». «*Колхозшы Мергенбай келді, пионер Жәнібек модел жасады*» дегендердегі асты сызылғандарды дағдылы анықтауышқа айналғанын ескертеді.

С. Жиенбаев еңбегінде оңашаланған (айқындауыш) мүшелердің мынадай негізгі белгілерін атап өткен (терминдер С. Жиенбаевтікі): «Оңаша мүше сөйлемнің басқа бір мүшесін ерекше түрде айқындау үшін айтылады. Оңаша мүше сөйлем мүшесінің дағдылы орнында тұрмайды және бөлекше паузамен айтылады. Оңаша мүшенің тағы бір белгісі – сөйлем мүшесімен қиындасу (тіркесу), меңгеру, меңгерулі жөніндегі өзгешелігі. Оңаша айқындауыш кейде айқындауыштың дағдылы орнында да тұрады (анықтайтын сөзінің алдында). Бірақ онда жай анықтауыштың сұрағына жауап бермей, оқшауланып тұрады, біраз паузамен айтылады. Оңаша сөздердің өздері анықтауыш сөздер ертіп жүре алады. Оңаша мүшелер сызықшамен, үтірмен бөлінеді, кейбіреулеріне ешбір тыныс белгісі қойылмайды» [1, 21].

С. Жиенбаевтың ғылымдағы бұл жаңашылдығын Ш. Әуелбаев ерекше атап өтіп: «Қазақ тіліндегі алғы позицияларды атау тұлғалы оңашаланған айқындауыштар туралы кезінде дарынды ғалым С. Жиенбаевтың сөз қозғағаны белгілі. Бірақ бұл соны пікір ілгері дамытылмай, ескерусіз қалды. Қазіргі қазақ тілі оқулықтары мен пунктуациялық әдебиеттерде тек соңғы позициялы тұлғалас оңашаланған айқындауыштар ғана танылып, алғы позициялы атау тұлғалы оңашаланған айқындауыштар мен бірыңғай мүшелерден жасалған алғы және соңғы позициялы оңашаланған айқындауыштар туралы сөз болмайды» [4, 88], – дейді.

Шындығында да, бұл тақырыпта әңгіме еткендердің барлығы да «дара сөз немесе сөз тіркесі өзінен бұрынғы сөздің мағынасын дәлелденкіреп, анықтай түсіп тұрса, оңашаланған айқындауыш болады» [5, 46], «айқындауыш – анықтауыштың ерекше бір түрі. Ол анықтайтын сөзінің заттық не пысықтауыштық сапасын қосымша, жанама қасиет ретінде айқындайды. Бұл жағынан анықтауышқа ұқсас болғанымен, одан кейбір өзгешеліктері бар, яғни анықтауыш анықтайтын сөзінің алдында тұрып, оның өзіне тән, басқа заттан ерекше сынын, сапасын білдірсе, айқындауыш анықтайтын сөзінен кейін тұрып, көбінесе оның лексикалық мағынасын, мүшелік қызметін басқа сөздермен дәлдеп толықтырады немесе қосымша, көлденең сапасын көрсетеді» [2, 170], «Тілімізде өзінен бұрын айтылатын мүшені басқа сөзден айқындап түсіндіретін тұлғалар да жиі кездеседі. Мұндай сөздер «айқындауыш мүше» деп аталады» [6, 80]. «Айқындауыш – өзінің анықтайтын сөзімен тең грамматикалық байланыста тұратын сөйлемнің шартты мүшесі. Айқындауыш анықталатын сөздің жетегінде кейде қосарланып, кейде оңашаланып айтылып, өзінің алдындағы сөздің мазмұнын ашып, дәлелдеп, анықтап тұрады» [7, 681] деген анықтамаларды ұсынғанымен, барлығы да айқындауышты анықтайтын сөзінің соңында келетін анықтауыштың ерекше түрі деп қарастырған.

Айқындауыш Қазақстандағы қазақ тіл білімінде сөйлем синтаксисі құрамында қарастырылып келеді. Ал Қытайдағы қазақ тіл білімінде соңғы жылдары сөз тіркесі синтаксисі туралы жинақталып, теориясы бір ізге түсіріліп, соңғы жаңалықтарды сараптап, сұрыптап берген еңбектер көптеп жарық көруіне байланысты айқындауышты сөз тіркесі синтаксисі құрамында қарастыру керектігі жөнінде алғашқы пікірлер ұсынылып, бірлі-екілі ғалымдарымыз өз пікірлерін ұсынды. 1998 жылы Қытайда тұңғыш рет Ан Шыңшан «Қолданбалы қазақ грамматикасы» [8, 25] деген ғылыми мақаласында екі немесе одан да көп сөздің тіркесіп, белгілі бір затты көрсету үшін тіркесуін ерекше түрдегі (айқындауышты) сөз тіркесінің қатарында түсіндіреді. Сонымен қатар 2002 жылы баспадан шыққан «Қазіргі қазақ тілінің құрылымдық ерекшелігін зерттеу» [9, 133] атты еңбекте қайталап нұсқау ретіндегі сөз тіркесі деп түсіндірмелі сөз тіркесі қатарына енгізеді. Ал Жаң Динжиң 2004 жылы «Қазақ тілінің қолданылмалы грамматикасы» [10, 738] атты еңбегінде сөз тіркесінің құрылымдық түрлерінің сегіз түрін көрсетіп, айқындауыштың сөз тіркесі синтаксисі саласында қарастырылуына теориялық және практикалық жақтан негіз қалады. Осыдан кейін, 2006 жылы Кәрібай Әбдисаұлы: «Қазақ тіліндегі сөз тіркестері және оның түрге бөлінуі» [11, 15] деген ғылыми мақаласында қазақ тіліндегі сөз тіркестерін *еркін тіркес, тұрақты тіркес* және *күрделі тіркес* деп үш түрге жіктеп, айқындауыштық қатынасты білдіретін сөздердің тіркесін еркін тіркестің бірі ретінде қарап, «түсіндірмелі тіркес» (айқындауыштық тіркес) деп атады. Жау ян Жаң Динжиңнің «Қазақ тілінің қолданылмалы грамматикасы» атты еңбегі негізінде «Қазақ тілі сөз тіркестерінің ішкі құрылымдық түрлеріне талдау» [12, 13] деген еңбегін жариялап, қазақ тіліндегі сөздердің тіркесін құрылым тәсіліне, ішкі құрылымдық түрлеріне, сыртқы функциясына қарай жіктеп, айқындауыштық қатынасты білдіретін сөздердің мағыналық түрлерін атап өтті.

Айқындауыш – өте жиі қолданылатын синтаксистік бірлік. Айқындауыш өзінің айқындайтын сөзімен тең грамматикалық байланыста тұрып, айқындайтын сөздің жетегінде кейде қосарланып, кейде оңашаланып айтылып, екі немесе одан да көп зат есім және заттанған есім тіркесінен жасалып, екі заттың бір-біріне тән сапасын, заттық белгісін айқындап беріп отырады. Тұлға жағынан өзінің

айқындайтын сөзімен түрлес болады да мазмұн жағынан өзі айқындайтын жалпы, жалқы ұғымды дәлдеп, нақтылап, айқындап көрсетеді. Айқындауыш айқындауыштық қатынас арқылы жүзеге асады. Ал айқындауыштық қатынасты білдіретін сөздер бір-бірімен қабыса байланысады. Қабысу бойынша тіркескен сөздер, біріншіден, жалғаусыз, екіншіден, сөздердің орын тәртібі арқылы байланысады. Демек, сөздердің орын тәртібі қабыса байланысқан сөз тіркестерінің грамматикалық тәсілі саналады. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарлардың орны ауысса, сөз тіркесінің білдіретін мағынасы бүтіндей өзгеріп кетеді. Бұдан сөздердің орын тәртібінің мәні айрықша екенін көруімізге болады.

Қабысу формасындағы айқындауыштық қатынас қазақ тілінде үш түрлі формада көрініс тауып отырады. Яғни дағдылы бөлініп келе жатқан үш түрін атауымызға болады: *қосалқы айқындауыш, қосарлы айқындауыш, оңашаланған айқындауыш*.

Қосалқы айқындауыш дегеніміз – атрибутивтік реңктегі зат есімдердің абстрактілі зат атауларына (жалқы есімдерге) тіркесіп, көбінесе зат атауының қосымша, көлденең сапасын, яғни заттық сапасын көрсететін сөз. Қосалқы айқындауыш сөйлемде айқындайтын сөзімен ұласып, ол екеуі сөйлемнің біртұтас күрделі мүшесі болып жұмсалады. Тиісті грамматикалық қосымшалар айқындауыш сөздерге ғана жалғанады. Мысалы: *Құнанбай мырза, Хасен молда, Жұмағұл атишабар, Масақбай биешіні аруақтай сыйлайтынын көрсетті* (Әуезов).

Қосалқы айқындауыш сөйлемде орналасу қағидасы бойынша үш түрлі формада көрінеді. Бірінші, айқындауыш анықтайтын сөзінен кейін келеді. Мысалы, *Масақбай биешіні аруақтай сыйлайтынын көрсетті*. Екінші, айқындауыш анықтайтын сөзінің алдында тұрып, анықтауыш ертіп жүрсе, бірде, интонация арқылы байланысады, енді бірде тыныс белгілерінің (үтір мен сызықша) арқылы байланысады. Мысалы: *Семейдің үлкен саудагері Тінібек бай Қарқаралыға келді. Құнанбай аға сұлтан болды. Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне шәкірт бала жанын салды. Тобықты ішіне ең алғаш кірген арба осы Зеренің – Құнанбайдың кәрі шешесінің көк арбасы десе де болады* (Әуезов).

Қосарлы айқындауыш дегеніміз – семантикалық бірлестіктегі мағыналас, мәндес – синоним сөздер болып келеді, өзара мағыналас жалпы есімдердің бірі – заттың атауы, екіншісі – оның сапасы ретінде тіркесіп, күрделі бір атау жасайтын сөздер. Сөздердің әрқайсысында лексикалық мағына сақталады да жеке-дара қолданыла береді. Тіркестің әрбір сыңары – өзара теңдігін, дербестігін сақтай отырып, мағыналық және грамматикалық жақтан тығыз байланысқа түскен сөздер. «Қосарланған айқындауыш қазақ тілінің синтаксистік құрылысына тән емес бірлік» деп санауға болады. Өйткені қазақ тілінде мәндес сөздер қос сөз сияқты күрделі сөз жасайды. Ал қос сөз сыңарлары бір-бірімен айқындауыштық-айқындалушылық қатынасқа түспейді, тепе-тең қатынаста тұрады. Мысалы: *Жалғыз ұйдың қолындағы бары: жиырма-отыздай ешкі, лақ, қой-тұяқ пен бір бұзаулы сиыр, екі торпақ болатын* (Әуезов). *Инженер-технолог, би-концерт, батыр-ұшқыш*.

Қосалқы айқындауыш, қосарлы айқындауыш бір зат есімді айқындауыштар тобынан жасалып, заттың аты мен сапасының қатынасын білдіріп, күрделі атау мағынасында қолданылатын сөздер болса, оңашаланған айқындауыштар – белгілі бір ұғымды ерекшелеп көрсету, оны күшейту, соған назар аудару мағынасында жұмсалатын айқындауыштық қатынастағы сөздер тіркесі.

Оңашаланған айқындауыштар анықтайтын сөзінен кейін келіп, айқындайтын сөзімен тұлға жағынан, мағына жағынан біркелікті сақтап, үтір не көмекші сөздер арқылы (*деген, әсіресе* т. б.) тіркесіп келеді. Мысалы: *Өйке ана деген – біздің қатын. Өзге балалардан гөрі басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты. Онысы – әсіресе, әжесі* (Әуезов).

Тіліміздегі айқындауыштар құрылысына қарай жеке сөздер, сөз тіркестері, жеке сөйлемдер болып келеді. Тіл құрылымы құрылым мүшесі мен құрылым тәсілін қамтиды. Құрылым мүшелері белгілі құрылым тәсілі арқылы ғана түрлі тілдік құрылымдарды құрай алады. Құрылым мүшесі ұқсас болған жағдайда құрылым тәсілінің ұқсамауынан білдіретін мағына да ұқсас болмайды. Бұл, алдымен, әрқандай тілдің сөз тіркесінен көрінеді. Өйткені бір тілде қамтылатын барлық құрылымдық қатынас сол тілдің сөз тіркесі аясында көрініп отырады. Сондықтан қазақ тілінің кемелді грамматика жүйесін жасауда, ең алдымен, тілдік материалдарды сұрыптап, сөздердің байланысу түрлерін анықтап алуымыз керек. Бір тілдің грамматика жүйесі сол тілдің барлық грамматикалық бірліктерінің топталуынан қалыптасады.

Айқындауыштар «анықтауыштардан лексика-семантикалық жағынан да, морфологиялық жағынан да және синтаксистік белгілері мен структурасы жағынан да елеулі айырмасы бар дербес мүше» [3, 55] болса, айқындауыш құрылымдарын қайталай тануымыз қажет болады. Айқындауыштар айқындауыштық қатынаста құрылып, зат есім және заттанған есімдерден жасалып, зат пен заттың қатынасынан туындайтын заттық сапаны білдіріп, сөйлемде түрлі морфологиялық өзгеріске енеді. Яғни екі зат өзара қатыстылығы, ұқсастығы жағынын бірін-бірі толықтап, түсіндіріп отырады. Сөйлемде бір сұрауға жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқарады. Орны жағынан, айқындауыш анықтайтын сөзінің алдында тұрып қосалқы айқындауыш жасалады. Мысалы, *Үлгілі ана Ұлжанды да мақтасатын* (Әуезов). Қосалқы айқындауышта анықтайтын сөзінің алдынан

анықтауыш келетін, анықтауыш пен айқындауыштың орны ауысатын жағдайларда кездеседі, бірақ орны ауысқан жағдайда предикативтік қатынас орнайды. Анықтайтын сөзімен тең тұрып келгенде қосарлы айқындауыш жасалады. Мысалы, *Құнанбаев мырза* (Әуезов). Бұл арада екеуі де айқындауыш болып келеді. Яғни мағыналас екі сөздің тіркесі болып, бірін бірі толықтап түсіндіріп, зат атауын не нәрсені көрсетеді. Анықтайтын сөзінен алшақ тұрғанда оңашаланған айқындауыш жасалады. Мысалы, *Тіпті, былтыр боқырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға кеткенде дәл осы қоныстан, Есембайдан кеткен болатын* (Әуезов). Үтір, көмекші сөздер арқылы (деген, әсіресе, т.б.) байланысады.

Қорытындылай келгенде, біріншіден, сөз тіркесі сөйлемге талдау жасаудағы ең негізгі бірлік болып саналады. Бір тілде қамтылатын барлық құрылымдық қатынас сол тілдің сөз тіркесі аясында көрінеді. Сөз тіркесі де, сөйлем де сөздердің тіркесіп қолданылуынан жасалады. Сөз тіркесінің жасалуы үшін оның құрамындағы сөздер мағыналық және грамматикалық жақтан байланыста айтылуы шарт. Сөз тіркесі мәселесі оның қай сөз табынан жасалуын анықтаумен шектелмейді, өйткені сөз тіркесі құрамындағы сөздердің байланысу тәсілдері мен формаларын, олардың арасындағы синтаксистік қатынас түрін ажыратуымызды қажет етеді. Сондықтан айқындауыштық қатынасты білдіретін сөздердің тіркесін сөз тіркесі аясында зерттеудің маңызы зор деп айтуымызға болады. Қазақ тіліндегі айқындауышты сөз тіркесі туралы зерттеулер негізінен дәстүрлі грамматика негізінде жүргізілді. Сондықтан айқындауышты сөз тіркесінің құрамдық бөлегіне, құрылым заңдылығына, мағыналық түрлеріне ішкерілей зерттеу қажет.

Әдебиет:

1. Жиенбаев С. Сөйлемнің тыныс белгілері. - Алматы, 1941. - 27 б.
2. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. - Алматы: Санат, 1997. - 240 б.
3. Күлкенова О. Айқындауыштардың анықтауыштардан және ұқсас мүшелерден өзгешеліктері // Қазақ тілі мен әдебиеті. Мақалалар жинағы. 6-шығуы. - Алматы, 1975. -55-58-б.
4. Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. Мұғалімдеріне арналған көмекші құрал. - Алматы, 1977. - 88 б.
5. Сыздықова Р., Неталиева Қ. Қазақ пунктуациясының ережелері // Халық мұғалімі. - 1961. - 46 б.
6. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Ғылым, 1967. - 80б.
7. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. - 681 б.
8. Ан Шыңшан Қолданылмалы қазақ грамматикасы. – Үрімжі: «Шыңжаң университеті» баспасы, 1988. – 25 б.
9. Яң лин Қазіргі қазақ тілінің құрылымдық ерекшелігі. – Үрімжі: «Шыңжаң жастар өрендер» баспасы, 2002. – 133 б.
10. Жаң Динжиң. Қазақ тілі қолданылмалы грамматикасы. – Үрімжі: «Орталық ұлттар университеті», 2004. - 772 б.
11. Кәрібай Әбдиса Қазақ тіліндегі сөз тіркестері және оның түрге бөлінуі // Шыңжаң университеті ғылыми журналы. – Үрімжі, 2006. - 15-19-б.
12. Жау Ян Қазақ тілі сөз тіркестерінің ішкі құрылымдық түрлеріне талдау // Іле педогоикалық университеті ғылыми журналы. – Іле, 2009. - 13-20-б.
13. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. - Алматы: Мектеп, 1983. - 168 б.

Султанова Н., Кожанова К., Рыспанова А.

С. Аспандияров атындағы

Қазақ Ұлттық медицина университеті

Медициналық оқу орнында шет тілі сабағында қолданылатын аутенттік мәтіндер және олардың сипаттамалары

Жаңа заманның талаптарына орай, бәсекеге қабілетті, мәдениетаралық қарым-қатынас құзіреттілігі қалыптасқан, кәсіби маман-дәрігер даярлау бүгінгі білім беру жүйесінің басты да негізгі мақсаты екені даусыз. Осы мақсатты іске асыруда, ең алдымен, медициналық жоғарғы оқу орнында медициналық мәндегі аутенттік мәтіндерді кәсіби түрде оқыту арқылы студенттердің мәдениетаралық қарым-қатынас құзіреттілігін қалыптастыру басты назарда болуы тиіс. Зерттеу жұмысының өзектілігі де осы айтылғандарға байланысты айқындалады.

Медициналық жоғарғы оқу орнында студенттер прагматикалық мәтіндерді (телехабар бағдарламалары, тілін оқып отырған елдің картасы, қала жоспары, сабақ кестесі, күнтізбек, кулинарлық рецепттер, афишалар, билеттер және т.б.), эпистолярлық мәтіндерді (жеке хат, әсемхат, газетке хат және т.б.), газет және журналдан алынған мәтіндерді (хабарландыру, публикация, интервью, үзінді, проспектілер, очерктер, статистика және т.б.), көркем әдеби шығармалар (өлеңдер,

әңгімелер, ертегілер, қысқа өңгімелер, тақпақтар және т.б.), сонымен бірге елтанушылық және мәдениеттану сипаттағы публикацияларды, жеке тұлғалық қатынастар мәселелері бойынша мәтіндерді және ауру парағы, науқастың жеке карточкасы, рецепт, дәрігердің тағайындаулары сияқты мамандыққа байланысты мәтіндерді жетік түсіне білуі керек.

Оқуға үйретуге арналған аутенттік мәтіндердің түп нұсқалық мәселесіне тоқталатын болсақ, соңғы кездері шетел тілін оқыту әдістемесінде түп нұсқалық мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Жалпы түп нұсқалық және мәтіндік материалдардың түп нұсқалығы жайындағы мәселе бойынша, пікірталас шетелдік және отандық әдістемеде 80-жылдың басынан бері жүргізіліп келеді. Шетел тілін оқытудың түп нұсқалық мәселесіне ғалымдар мен педагог-практиктер көп көңіл бөліп, осы ұғымды әртүрлі тұрғыдан қарастырады. Ағылшын тілінен аударғанда бұл сөз «шын, нағыз, нақ» дегенді білдіреді. Шетел ғалымдары «шын» деп тілдің оқу мақсатында емес, сонымен бірге оқу процесінде қолданылуын есептейді.

Оқу процесінде мұғалім аутенттік мәтіннің коммуникативтік функциясын ескере отырып пайдалануы маңызды. Мәтіннің түп нұсқалық мәселесіне келетін болсақ, көптеген шетел зерттеушілерінің еңбектерінде аутенттік мәтіндерге байланысты әртүрлі терминдерді кездестіруге болады. Атап айтсақ, жартылай түп нұсқалы мәтіндер (semi authentic texts), редакциялық өңдеуден өткен түп нұсқалы мәтіндер (edited authentic texts), оқуға бейімделген түп нұсқалы мәтіндер (roughly-tuned authentic texts), түп нұсқалы мәтіндерге жақын мәтіндер (near-authentic texts), түп нұсқалы мәтіндерге ұқсас мәтіндер (authentic-looking texts) және т.б. Бұл аталған мәтіндердің кейбіреуінің анықтамаларына тоқталсақ, мысалы, жартылай аутенттік мәтіндер – ол оқу мақсатына сай (қысқарту және компиляция жолымен) бейімделген мәтіндер. Бұл мәтіндердің көмегімен оқушыларды сол тілде сойлеушілердің аутенттік сойлеу манерасына үйретуге болады.

Редакциялық өңдеуден өткен аутенттік мәтіндер-күрделі грамматикалық құрылымдары жеңілдетілген, түсінуді жеңілдету үшін жеке элементтері бар, таныс емес сөздері көп емес мәтіндер және т.б. Сонымен, аутенттік мәтіндердің негізгі сипаттамаларына келетін болсақ, әдістемелік әдебиеттерде аутенттік мәтін құрылымдық, лексикалық-фразеологиялық, грамматикалық, функционалдық түп нұсқалық белгілері бойынша ажыратылады.

Құрылымдық түп нұсқалық мәтіннің құрылу ерекшеліктерімен, логикасымен, мазмұндық және формальдық тұтастығымен байланысты. Мәтінде жеке сөйлемдер бір-бірімен байланысты, олар бірін-бірі толықтырып отырады. Сөйлемдер арасында логикалық-грамматикалық байланыстар орнатылады, тема-ремалық тізбектер мәтіннің коммуникативтік тұтастығын көрсетеді. Сонымен бірге мәтіннің тақырыбы нақты ақпаратты түсінуге және болжауға көп көмегін тигізеді. Оқу мәтінінің құрылымдық түп нұсқалығы мазмұндық, формальдық тұтастық және логикалық-грамматикалық байланыстарымен сипатталады.

Мәтіннің құрылымдық түп нұсқалығы онымен жұмысты, ең алдымен, тақырыптан бастауға, мәтін мазмұнын алдын-ала болжауға жақсы мүмкіндік туғызады, сондықтан екінші шетел тілінде оқуға үйретуде алдын-ала болжауға байланысты әртүрлі жаттығулар жасалуы тиіс. Сонымен бірге оқуға үйретуде маңызды лингвистикалық ерекшеліктердің біріне жататын коннекторлар аутенттік мәтіндерде көп кездеседі. Олар қарама-қарсы, себеп-салдар және басқа да логикалық байланыстарды көрсетеді. Ол мәтіннің логикалық тұтастығын құрайтын сөйлемдерді біріктіріп, автордың ойын байқауға көмектеседі. Тақырып белгілі бір ақпаратты қабылдауға назар аудартып, болжам жасауға көмегін тигізеді.

Аутенттік мәтін оқушыларды сол тілдің лексикасымен, фразеологиясымен таныстыруға және онымен жұмыс жасауға жақсы мүмкіндіктің бірі екені белгілі. Әсіресе, нақты мысалдармен тіларалық айырмашылықтарды көрсеткен жөн. Лексика мен фразеологияны іріктеудің негізгі критерийлері болып кез келген бірліктің түп нұсқалығы және оның жиі қолданылуы табылады. Оқушыларды әртүрлі тематика мен әртүрлі стильге жататын аутенттік лексикамен таныстыруға болады. Тілдің ерекшеліктері болып анықталатын фразеологиялық тіркестердің ұлттық өзгешелігі бар, сондықтан оны түсіну қиынға түседі, дегенмен, оқу мәтінінің мәнерлілігін, өзіндік бір сипатын көрсету үшін ол аса қажет. Мәтіндердің түп нұсқалығын жоғалтпау үшін фразеологизмдерді дұрыс іріктеудің маңызы зор. Мақал-мәтелдермен, фразеологизмдермен таныс болу оқушылардың аутенттік тілдік мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады, ал ана тілі немесе бірінші шетел тілін салыстыру пәнге деген қызығушылығын арттыра түседі. Екінші шетел тілін оқытуда ана тілі, бірінші шетел тілі және екінші шетел тілінің ұлттық өзгешеліктерін аутенттік мәтіннің лексикасы, фразеологиясы арқылы салыстыра отырып оқуға үйретуге жақсы мүмкіндіктер бар. Тіл ерекшеліктерін, ұлттық өзгешеліктерді көрсететін фразеологиялармен жұмыс ерекше ұйымдастырылуы керек. Ана тілі, ағылшын және неміс тілдерінің жалпы және ерекше белгілеріне оқушылардың назарын аудара отырып, мұғалім оқушылардың шетел тіліне аналитикалық тұрғыдан қарауын әдетке айналдырады. Тұрақсыз сөз тіркестері, фразеологиялық бірліктер мәтінге ұлттық өзгешелік пен түп нұсқалық өң береді.

Аутенттік мәтіннің функционалды түпнұсқалығы лингвистикалық құралдарды іріктеудің шынайылығын көрсетеді. Шетел тілін оқытудың маңызды міндеттерінің бірі белгілі бір жағдаятта оқушылардың өз ойын айтуда қажетті сөзді немесе сөйлемді тандау қабілеттілігін меңгеру болып табылады. Орынсыз қолданылған сөз немесе сөйлем түсінуге кедергісін тигізбесе де, шетел тіліндегі сөзді немесе сөйлемді түп нұсқасыз етеді. Оқулықтарға әртүрлі стильдегі мәтіндер енгізілуі тиіс. Аутенттік ауызекі сөйлеуде толық айтып жеткізбеушілік, қысқартылған формаларды қолдану оның шынайылығын анықтай түседі, сондықтан функционалды аутенттік мәтінмен жұмыс оқушыларды тілді шынайы жағдайларда қолдана білуге үйретеді.

Мәтіннің түпнұсқалығы айтылымдардың лексикалық-фразеологиялық және грамматикалық түпнұсқалық сипаттамаларына сай келуін ескеріп қоймай, сонымен бірге мәтіндердің мазмұндық жағына, яғни, ақпараттың жаңалығы мен практикалық құндылығына баса назар аударылуы тиіс. Бұл міндетті шешу үшін әртүрлі мәтіндерді қолдану керек, яғни, елтанушылық, көркем әдеби және т.б., өйткені оқушылар мұндай мәтіндерді үлкен қызығушылық таныта отырып құлшыныспен қабылдайды. Ақпараты мол мәтіндер кең танымдық міндеттерді шешуге бағытталған, әсіресе, жоғары сынып оқушылары оқитын елтанушылық мазмұндағы мәтіндер өзінің ақпараттылығымен ерекшеленеді.

Зарлықова Қ.

Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ лекторы

«Адам» ұғымының өзектелуі

Тілдік санада адамның біртұтас бүтін болмысы рационалды ұғымдар аясындағы материалистік, идеалистік, нақты әрі бейнелі, ғылыми, тұрмыстық, реалистік және қарабайыр, аңғал (қиял) таным-түсініктердің кешені ретінде ғана емес, сонымен қатар адамдардың этномәдени бірігуі негізінде қаланған субъективті-бағалаушытық, бейнелі, экспрессивті мәндердегі адам туралы ұғымдардың кешені ретінде түсініледі. «Адам туралы бүтін ұғым қалыптастыру ол туралы ақпараттардың үйлесімділігі мен үйлесімсіздігінің бірігуіне байланысты. Бүтінділіктің басты белгісі – бірліктің қарама-қайшылығы. Бүтінділік, біртұтастықтың қарама-қайшы болуы мүмкін емес, себебі екі дүниені бір-бірімен теңестіретін, өзара байланыстыратын нәрсе – қарама-қарсы полюстер».

Адам бейнесінің бүтіндігі уақыт пен кеңістік аясында жиналған идеялар мен сезімдер, ойлар мен таным-түсініктер тоғысының мөлшерінен жоғары болады, оны түсінудің, ұғынудың үйлесімділігі мен тұтастығы туындайды. Адам бейнесін қалыптастыратын көптеген параметрлер мен қасиет-белгілерді айқындауға негізделген көпәспектiлi тәсiлдер Н.Д.Арутюнова, Ю.Д.Апресян, А.А.Уфимцева, Г.В.Колшанский, Г.А.Золотова, М.П.Одинцова, Л.Б.Никитина, Г.Н.Скляревская, В.В.Морковкин т.б. еңбектерінде көрініс береді.

Адам бейнесін барынша кең, жаһанды сипатта таныту үлгілері М.П.Одинцованың және оның ізбасарларының (Л.Б. Никитина, Н.А. Седова, Н.Д. Федяева, О.В. Коротун) еңбектерінде ұсынылған. Олардың тұжырымдамаларында адам өздігінше дамитын жүйе ретінде және одан да жоғары деңгейдегі өздігінше дамитын басқа жүйенің элементі ретінде суреттеледі. Адам туралы рационалды ұғымдар ол туралы мифопоэтикалық таным-түсініктерден (субъективті-бағалаушытық, бейнелі, экспрессивті мағыналардан) туындайды. Демек, адам әлемнің бір бөлшегі бола отырып, өзін соған теңестіре таниды; қарапайым санада және тілдік менталитетті адам бүкіләлеммен өлшенеді және ассоциаланады, яғни, оның негізгі орталығы болып теңеледі. Бұған қоса, «адам, болашақ универсумның кіші бөлігі, өзін өзі субъективті және объективті, күтілген және кездейсоқ, тұрақты және ауыспалы, ішкі және сыртқы, түрлі деңгейде таралған кеңістіктер байланысы аясындағы ғаламдық бүтін адам болмысына тән детальдардың, қасиеттер мен белгілердің, мінездер мен параметрлердің, қызметтер мен ипостасьялардың күрделі жиынтығы» ретінде таниды. Демек, адам – субъект – екі әлемнің орталығы – физикалық (сыртқы) және рухани (ішкі)» ретінде танылады».

Адамның тілдік бейнесі мәселесі ұлттық және мәдени құндылықтардың көрінісі ретінде дүниенің тілдік бейнесі (ДТБ) ұғымымен тығыз байланысты. Бұл тіл біліміндегі когнитивтік-антропологиялық бағыттың іргелі ұғымдары болып табылады. Лингвоантропологияның негізгі пәні – адамның тілдік бейнесі және оның түрлі деңгейде, түрлі рөлде, түрлі болмыста көрінуі. Ал оның негізгі әрі маңызды орталығы – дүниенің тілдік бейнесі (ДТБ). Адамның тілдік образы – белгілі бір тілдің құрылымымен, ерекшеліктерімен, бүкіл семантикалық бірліктер жүйесімен объективтенген адам туралы таным-түсініктердің сұрыпталған маңызды мәндерінің жиынтығы. Ол басқа дүние бейнелеріне қатысты образдардың көмегімен концептіленеді, оның ішінде дүние бейнесінің техникалық мәндегі үзіктерінен туындайтын технизмдер арқылы да танылады.

Когнитивті-антропологиялық бағыт (лингвоантропология) В.фон Гумбольдтің мына тұжырымдамасынан туындаған болатын: «Тіл тек қарым-қатынас көрінісінің өнімі ғана емес, сондай-ақ ол адамның тілдік санасын, ұжымның тілдік санасын қалыптастыратын сөйленіс әрекет болып саналады». Тілдің бойында дүниетанымдық ақпарат, ой жүйесі жатыр. Сонымен қатар ол сол дүниені танытуда белсенді рөл атқарады әрі оны жүзеге асырады. Себебі әрбір бірлігінің бойындағы семантикада (мағынада) осы ақиқат дүние ақпаратын сақтайды және дүниеге деген әртүрлі «көзқарасты» ұрпақтан ұрпаққа тасымалдайды. Ал көзқарас ретінде жиналған ақиқат дүниенің бейнелері сол тілді тұтынушы не сөйлеуші адамның балалық шақтан жинақтаған жетістігі деп танылады. Демек, тіл «халық рухының сыртқы көрініс болмақ» [1]. «Тіл – адам» екі негізгі ұғым төңірегіндегі зерттеулер аспектілерінің өзара байланысын танытатын терминологиялық анықтама мынадай бағытқа негізделеді: тілдік тұлға (Ю.Н.Караулов) тілдік бірліктер мен оның құрылымы арқылы адамды танытушы әрі тілдегі адами фактор ретінде, дүниенің тілдік бейнесі ретінде, ДТБ-гі адам бейнесі ретінде ұғынылады (Ю.Д.Апресян, Б.А.Серебрянников, Н.Д.Арутюнова, В.Н.Телия, Э.Бенвенист, В.В. Колесов, М.П.Одинцова, Е.В.Урысон и др.), себебі тілдік тұлға адамның дүниені қабылдау, тану, ұғыну, сезіну, ой елегінен өткізу, тәжірибе алу нәтижелерін көрсетеді.

«Дүниенің тілдік бейнесі» және «адамның тілдік бейнесі» деген ұғымдарды логикалық тұрғыдан алғанда когнитивтік категориялар мен оның құрылымы ретінде таным құралдары мен тәсілдері ретінде қарастырған дұрыс. Сондай-ақ дүние бейнесін танытатын тіл, яғни, Гумбольдтің айтуынша «халық рухын», халықтың (ұлттың) дүниетанымын жаңғыртатын тіл осындай зерттеулерде қай қырынан танытатынын зерттеген дұрыс. Бұндай зерттеулер когнитивтік лингвистиканың негізгі қағидаларына келіп тіреледі (А.Н.Баранов, Д.О.Добровольский, А.А.Кибрик, В.С.Кубрякова, Р.И.Розина, З.Д.Попова, И.А.Стернин и др.), себебі «тілдік форма – когнитивтік құрылымдардың көрінісі, яғни, адами сананың, адами мен ойлау мен таным құрылымдарының айқын көрінісі» [2, 126]. Ал осы когнитивтік құрылымдар дүние туралы біздің білімімізді модельдей отырып, тіл арқылы жарыққа шығуын реттей отырып, когнитивтік процесстер мен тетіктердің (механизмдердің) еркін жүзеге асуына мүмкіндік береді [3].

Өзекті мәселелерді ұсына отырып, оны шешудің теориялық ережелеріне назар аударамыз. Қазіргі таңда аталмыш мәселені оңтайлы шешу үшін мынадай міндеттерді орындау қажет:

- ДТБ-дегі адам бейнесі ұғымының «қарапайым» анықтамасын айқындап алу;
- тілші-ғалымдардың еңбегінде қарастырылған адамның семантикалық өрісі туралы анықтамаларға сүйене отырып, ДТБ-дегі адам бейнесінің басты параметрлері мен белгі-қасиеттерін белгілеп алу;
- оның жүйежасаушы, айқындаушы оппозициясын нақтылау.

Таным нысаны ретінде адам ұғымының өзектелуі туралы Тейяр де Шарден былай деп жазады: «адам екі себепке байланысты ерекшелене алады: біріншіден, адам өзін жеке тұлғалық, әлеуметтік, яғни, синтетикалық күйді танытады, осы белгісі арқылы оның универсум екенін аңғарамыз, екіншіден, осы универсум тіндері (тканьдері) арқылы адам қалыптасады» [4]. Оның ойынша, осы себептердің күшімен «адамды танып білуге болады, адам әлемі қалай қалыптасады, ол әрі қарай қалай дамуы керек деген сұрақтарды анықтауға мүмкіндік туады», себебі «адам бойында біз танып-білген ақиқат дүниенің барлығы сақталады, тіркеледі, сондай-ақ адам «әлемнің статикалық орталығы емес, эволюцияның осі, шыңырау шегі» [4, 19].

«Адам» ұғымын білдіретін құбылыстар эмпирикалық сипатта, бірақ оған анықтама беру, яғни, эмпирикалық мәндеріне шектеу қойып көрсету өте қиын. Осы тұрғыдан алғанда, адамның өзі анықталуы шексіз болмыс деп танылады. Адамның қазіргі ғылыми тұжырымдамасы үш негізгі ережеге сәйкес анықталады, сол ережелер арқылы адамның шынайы болмысы айқындалады: а) әлеуметтік; б) заттық-әрекеттік; в) әмбебаптық. Адам мәнін білдіретін осы философиялық анықтаманың екіжақты байланысы адамның бүтін болмысын, яғни, адамзаттық әлемнің бүкіл қасиеттері мен белгілерін жинақтап көрсететін тұтас адам бейнесін құрайды. Адам деген не деген сұраққа келетін болсақ: Адам – бұл триада, яғни, тәнді, тәнге қарама-қарсы ұғымда қолданылатын жанды, жеке тұлғаның ішкі рухын, яғни, адамның тек материалды әлеммен ғана емес, сондай-ақ идеялық мазмұнымен байланыстыратын» құрайтын үштік.

Адам сан салалы, әржақты, сан алуан байланыстар мен қатынастарға сіңіскен және ақиқат болмыспен тікелей қарым-қатынасқа түскен, бірақ ол жеке дара біртұтас дүние ретінде өмір сүреді, яғни, бүкіл-әлемдік-тарихи процестің субъектісі ретінде тіршілік етеді. Оның тіршілік етудегі мәні шексіз және өзін өзі таныту әрекеті де еркін. Тілші-ғалымдардың ойынша, тілдегі адам бейнесінің сипатты белгілері оның концептуалды дүние бейнесіне қарағанда, «қарабайыр, аңғал» дүние бейнесіне жақын келуінде. Өйткені адам санасындағы шынайы таным-түсініктер оның ішкі қияли ой әлемімен байланысып жатады. Адамның тілдік бейнесі – ДТБ басты үзгісі. Бұл белгілі бір тіл ережелері мен құрылымы, семантикалық бірліктер жүйесі арқылы объективтенген адам туралы барлық таным-түсініктердің бір ортаға шоғырлануы, сондай-ақ ол сөздікте белгіленген концептуалды

ақпараттармен ғана анықталып қоймайды, мысалы, адам ойлай алатын, сөйлей алатын, қоғамда өмір сүру құралын өндіре алатын және оны пайдалана алатын тірі болмыс деп түсініліп қоймайды.

Әлемнің бір бөлшегі ретіндегі адамның мәдени құндылығы ол адамды қай қырынан зерттеу қажеттілігі тұрғысынан анықталу негізінде өлшенеді (параметрленеді). Мәдени тұрғыдан зат маңызды болған сайын, оның параметрлері де көп болады. Бұл жерде адам ең жоғары дәрежелі биік орынға ие: әлемдегі еш бір зат адам секілді өлшенген (параметрленген) емес. Әрбір тілдегі жүздеген сөздің өзі «адам» ұғымының атауын білдіреді, бірақ әрқайсысы әртүрлі параметрде бейнеленеді; параметр (өлшем) әр деңгейде көрініс беріп, өзінің сан алуандылығымен ерекшеленгенмен, ол үнемі жүйелі және иерархиялы сипатта танылады: осылайша анықтаушы, жүйежасаушы оппозициялардың қатарын анықтауға болады, біріншіден, ұлттық ұжымдық ойлау әрекетінің дихотомиялық сипатта болуы және екіншіден, ДТБ-дегі адам бейнесінің көпқырлы болуы: *субъект – объект, физикалық – рухани, сыртқы – ішкі, материалды – идеалды, көзге көрінетін – көрінбейтін, биологиялық – әлеуметтік, әлеуметтік – индивидуальді, интеллектуалды – эмоционалды, табиғи – жасанды, кеңтаралымды – таралмаған, тұрақты (абсолютті) – уақытша (қатыстық), жоғарғы – төменгі, оң – сол, хаосты – жүйелі, мейірімді – қатыгез, өзім – өзге* т.б. Бұнымен қоса параметрлер өзара жалпы және жалқы деп сәйкестендіріледі және әрбір параметрге адамның бойындағы қасиеттер мен белгілердің жиынтығы үйлеседі. Мысалы, биологиялық параметрге адамның сыртқы дене бітімі мен ағза мүшелерінің сыртқы және ішкі бөліктері сәйкестендіріледі, әлеуметтік параметрге – адамның мамандығы мен кәсібіне қатысты белгілері (геолог, дәрігер) сәйкестендіріледі, туысқанды және басқа да қатынастарына қарай (қызы, әкесі, бастығы) параметрлері анықталады. Бұл жерде жүйежасаушы оппозициялар бүтін – бөлшек, «сыртқы» және «ішкі» құрылымдарға негізделіп тұр. Осы параметрлер адам бейнесін жасаудағы аса маңызды өлшеуіш белгілер болып саналады. Негізгі тірек сөз-ұғымдардың, яғни, біріншіден – параметр ұғымы, екіншіден – ипостась (белгі) ұғымдарының семантикалық қатыстылығын анықтауға ерекше көңіл бөлейік. Сондай-ақ семантикалық кеңістік пен «адам» деген семантикалық өріс ұғымдарын да анықтап алған жөн.

«Параметрлер» деп біз адамның жалпылама, жіктелінген белгілерін атаймыз, ал ипостась деп белгілі бір әлеуметтік рөлін, адамның басқа қырынан танылған қасиетін «бетпердесін» атаймыз. Ал белгілі бір бүтін дүниенің бөлшегі деген ұғымның мазмұны кең әрі терең: ол бөлшектің (бөліктің) өзін танытады, ал параметр-бөліктер мен ипостась-бөліктерін түсіндіретін болсақ, адамның жалпы ішкі немесе сыртқы бөліктерін түгелдей сипаттап танытуға болады, тіпті адамның ойы мен сөйленісіндегі бөліктерді де, әрекеті мен қызметіндегі бөліктерді де атауға болады. Демек, тілдің семантикалық кеңістігін анықтайтын З.Д.Попова мен И.А.Стерниннің тұжырымдамасына: «бұл белгілі бір тілдік жүйенің тілдік таңбаларымен берілетін мағыналардың реттелген жиынтығы» сүйене отырып және жоғарыда аталған анықталамаларды ескере отырып, «адам» деген тілдік семантикалық кеңістікті біз былайша қарастырамыз: «ол тілдің барлық семантикасымен объективтенген адамның бүкіл қоршаған әлемі және ақиқат дүниені адами деңгейде танып білу кеңістігі. Бұл кеңістік лексикалық сондай-ақ грамматикалық мағыналармен жүзеге асады, яғни, тілдік және сөйленіс құралдары арқылы – семантикалық бірліктер мен категориялар, ережелер мен тәсілдер, тіл мен мәтіннің құрылымдары мен стереотиптері арқылы, айтылмақ ойды жарыққа шығаратын барлық типтенген құралдар арқылы және тілдік жүйе деңгейіндегі адам ұғымын сипаттаушы құралдар арқылы бейнеленеді. Сондай-ақ семантикалық өріс арқылы (біздің ойымызша зерттелетін өріс бірлігінің сандық құрамын көрсететін макроөріс терминін қолданған дұрыс) анықталады. Өзінің барлық өрістік жүйесімен, сипаттамаларымен, критерияларымен ерекшеленетін семантикалық өрістің негізін бірқатар ғалымдар қалаған болатын».

«Адам» ұғымының жоғары деңгейдегі өрісінің құрамы көп және ішкі құрылымы да біржақты емес, яғни, түрлі деңгейдегі лексика-семантикалық топтар мен ішкі топтар жиынтығы ретінде көрініс табады, ол ядролы және перифериялық құрылымда анықталады. Біз осы макроөрістің әбден толыққан және аяқталған құрылым үлгісін ұсынып отырмыз; бұл жерде біз үшін ең бастысы оның сыртқы шегі мен ішкі шегі лексико-семантикалық топтағы (ЛСТ) айырым (дифференциалдаушы) семалар негізінде қалай көрініс беретінін және ол технизм көмегімен ЛСТ құрамында қалай өлшенетінін (параметрленетінін) анықтау.

Өріс ядросы «адам немесе адамның бір бөлшегі» деген интегральді семаны эксплицитті танытатын кең қолданыстағы сөздерден құралады. Бұл атау денотативті бір нысандар класына жататын, яғни, «адам» денотативті нысанын тура және жанама бейнелейтін ақиқат дүниеге жатады. Жалпыдан жекеге түрлі деңгейде бағытталу жолдарын мынадай көптеген субөрістер мен микроөрістер арқылы бөлуге болады, олардың құрамында бүтін адам немесе оның ипостасын жарыққа шығаратын айырым компоненттер көрініс береді: «бүтін адам» ЛСТ құрамына адам атауын жалпылама толықтыра түсетін ақпараттар мына белгілермен анықталады, мысалы, жынысына қарай: еркек, әйел; жас ерекшелігіне қарай: қария, бала, әлеуметтік мәртебесіне қарай: мұғалім, оқытушы

т.б. ал оған қарама-қарсы қойылатын «жеке адам» ЛСТ мағынасы «физикалық» және «физикалық емес» семалармен анықталады.

ЛСТ құрамындағы «адамның физикалық бөлігі», біріншіден, адамның физикалық мүшелерінің жалпылама атаулары: дене (тәні), дене терісі, тері, ағза, екіншіден, адамды сипаттайтын биолог-физиологиялық параметрлер: бойы, салмағы, қан қысымы, жүрек соғысы, тынысы, көру қабілеті т.б. үшіншіден, адамның дене мүшелері мен ағзалары. Оны Ф.О. Вакк еңбегінде соматикалық атаулар, соматизмдер деп атайды (грек тілінен алғанда Soma - «тело»). Соматизмдер «ағзалар» ЛСТ-на бөлінеді, онда адам ағзаларының мүшелері, яғни, адамға қажетті арнайы қызметтерді атқаратын орган атаулары енгізілген: өкпе, ауыз және адам ағзасына жатпайтын, бірақ адам тәнінің бір бөлшегі болып саналатын атаулар жатады: 1) адамда болуы аса міндетті емес мүше атаулары: секпіл, таз, мең, қал иегіндегі ойық ұя; 2) адам тәнінде міндетті түрде болатын және бола бермейтін өсінділер: сақал мұрт, қас, кірпік, шаш, шаштың бірнеше үлгілері: бұрым, кекіл; 3) нормадан ауытқыған адам тәнінің сыртқы бөліктері мен болуы аса міндетті емес патологиялық мүшелер атауы: жара, бүкір, сүйел, ноғала, ақ дақ. Одан әрі қарай, «ішкі-сыртқы» сема негізінде мынадай мүшелер атауы жіктеледі: 1) «сыртқы физикалық мүшелер» ЛСТ: құлақ, көз, қол, аяқ; 2) «ішкі физикалық мүшелер» ЛСТ: тіл, жүрек, асқазан, өкпе, ми; 3) «сыртқы физикалық мүшеге жатпайтын белгілер» ЛСТ: бел, иек, бет, мойын; 4) «ішкі физикалық мүшеге жатпайтын белгілер» ЛСТ: өт, қан, сілекей, қантамырлары. Аталмыш соматизмдердің ерекшеліктері олардың метонимиялық қолданысы болып табылады, мысалы, оларды былайша атауға болады: 1) мүше ретінде де немесе мүше емес ретінде де (кеуде); 2) ішкі ағза ретінде немесе адам тәнінің ішкі «бөлігі» ретінде (бет сүйегі). Бұл төрт ЛСТ біріге отырып «нақты сыртқы физикалық мүшелер/мүше еместер» ЛСТ құрайды. Ол «ішкі кейпінің жалпылама, абстрактілі атауы» ЛСТ-на қарама-қарсы қойылады. Олардың құрамына: кейпі, бейнесі, сыртқы пішіні, бітімі, көлеңкесі, дене пішіні т.б. атаулары енеді.

«Физикалық емес мүшелер» ЛСТ-на идеалды табиғаты бар мүше атауларын былайша шартты түрде енгізуге болады: 1) психика: жүрек, жан, сана, ішкі сана, ақыл, зерде, пайымдау, жады, ерік, рух, ар-ождан; 2) фантомды: мүйіз, қанат т.б. және мүше еместер: 1) адамның физикалық емес жалпылама, абстрактілі мүшелері: іш, құрсақ, ішкі әлем; 2) психикалық тұрақтылық атаулары: (ой, сезім, эмоционалды күй мен қасиет, көзқарас, мінез белгілері): қорқыныш, сағыныш, үрей, өкініш, қуаныш, жүрек айну, ауырсыну, интеллект, шыдам, әділдік т.б. 3) заттанған әрекеттер мен белгілердің атауы: қадам, жүріс, сөйлеу, ым, ишара, күлкі, көзқарас, манера, құлық, қылық, сұлулық, келбет т.б. 4) заттанған жады, түсі, қиял бейнелері, қиялдан туған және адамның ішкі әлемінде қалыптасқан тірі заттар мен құбылыстардың атауы; 5) адамның әлеуметтік тұрақтылығын білдіретін атаулар (есімі, ипостасі, құқығы, міндеті); 6) адамның уақытша тұрақтылық белгілерін білдіретін атаулар: уақыт, махаббат, жастық, кәрілік, жас, өмір.

Адамның метариалды емес, ішкі әлемінің тілдік бейнесін сәтті қалыптастырудың оңтайлы жолдарын ашу төңірегінде көптеген басы ашылмаған сұрақтар қалып отыр. Себебі бұл жайында тілші-ғалымдардың біржақты концептуалды бірлігі болмай отыр. Отандық лингвоантропология тәжірибесін сараптай отырып, Е.В.Коськина адамның ішкі әлеміндегі тілдік бейнені зерттеудің үш қосымша тәсілін ұсынады: «бұл дүниенің бейнесі былайша танылады: 1) «анатомия» мен «физиологияның» қарабайыр, аңғал бейнесінің үзігі ретінде»; 2) микрокосм ретінде; 3) «өзге санадағы бейнелі грамматика ретінде» [5, 68-89]. Бірінші тәсіл адамды «оның сыртқы бейнесіне қарай отырып» ішкі әлемін зерттеуге бағытталады, бұл жерде көзбен көру (визуальді) арқылы қабылданған ұқсастықтар басты рөл атқарады. «Бұл жерде адамның «ішкі әлемі» оның күрделі ағза жүйесінің «рухани» өмірін» танытады (жүйе және ішкі жүйе).

Макрокосм ретіндегі адамның «ішкі әлемін» зерттеп, талдай отырып (екінші тәсіл бойынша), Е.В.Коськина мынадай бейне-метафоралар қатарын ажыратып көрсетеді (олардың көмегімен біз абстрактілі ұғымдарды түсінеміз) және «физикалық ақиқат аналогы ретіндегі» адамның ішкі әлемін танытатын модельдер типін ажыратып көрсетеді: Физикалық әлем нысандарының тобын анықтайды: әлемнің негізгі құбылыстары, адам, ас-тамақ, су т.б. үшінші тәсілді талдай отырып, автор «өзге сананың бейнелі грамматикасын» кең тұрғыдан қарастыру керек дейді: агенс, кеңістік, пациенс категорияларымен шектелмей, психиканы қалыптастыратын концептуалдау көздерін де: адамзаттық, жануар, өсімдік әлемін де қоса анықтау керек.

Бүтін адам бейнесінің параметрлерін логикалық негізде толықтай анықтап берген Н.Д.Арутюнова: «адамның ішкі қасиеттері мен белгілерін, ипостасін таңбалауда тіл аса мұқияттылықпен қолданылады» [6, 5]; бұған «адам» сенатикалық өрісі мен одан туындайтын «ішкі адам» және «сыртқы адам» семантикалық өрістерінің жеке қарастырылуы дәлел бола алады. Бұл жерде ядролық, перифериялық шектерін есептемегенде. Егер ядролық лексемалар тілдің сөздік қорына енген адам туралы физикалық (тән мүшелері, ағзалары) және идеалды, рухани мәндерін (квазимүшелерін) танытатын лексемалар болса, онда жақын периферияларға «адам», «сыртқы келбеті», «ішкі әлемі» сияқты семаларды танытатын лексемалар жатады. Бірақ бұлар коннотативті сипатта болады. Бұл

сөздер бағалауыштық-ауызекі сөйленіс, пейоративті коннотациялар болып табылады. Сондай-ақ периферия құрамына метафоралық, перифраздық, стилистикалық маркерленген (таңбаланған) жалпықолданыстағы эквивалент сөздер жатады. Бұндай жағдайда адамның айналақ қоршаған әлемді тану деңгейі мен бақылау, қабылдау қабілеті айқын көрініс береді. Көп жағдайда адам немесе оның мүшелері ұғымының екінші атауының орнына заттық атаулар, өсімдік пен жануар әлеміндегі атаулар «кірігіп» қызмет атқарады.

Сонымен, бейнелі лексемалар, екінші аталым техницизмдерге қарағанда ұлттық-мәдени ойлау нәтижесін сапалы әрі тура бейнелей алады. Адам мен оның мүшелері ұғымын техницизмдер арқылы концептілеу – бұл ДТБ-дегі адам бейнесін танытатын аспектілердің бірі болып саналады. Дегенмен, бүгінгі күнге дейін бұл мәселе тіл білімінің зерттеу нысаны бола алмай отыр.

Әдебиет:

1. Гумбольдт Вильгельм фон. Избранные труды по языкознанию. - М.: Прогресс, 1984. — 397 с.
2. Кибрик А. А., Плунгян В. А. Функционализм // А. А. Кибрик, И. М. Кобозева, И. А. Секерина (ред.). Фундаментальные направления современной американской лингвистики. Сборник обзоров. — М.: Издательство МГУ, 1997. - С. 276-339.
3. Кубрякова Е.С. Основы морфологического анализа. – М., 2007. – 320.
4. Тейяр де Шарден П. Феномен человека. - М.: Наука, 1987
5. Коськина Е.В. Внутренний человек в русской языковой картине мира (Образно-ассоциативный и прагматилистический потенциал семантических категорий: дисс. ... канд. филол. наук : 10.02.01. - Омск, 2004.- 200 с.
6. Арутюнова Н. Д. Предложение и его смысл: Логико-семантические проблемы.- М.: Едиториал УРСС, 2003. - 383 с.

*Сұлтанбаева Н.
магистрант*

Компьютерлік лексиканың ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылуы

Қазіргі кезде әрбір ғылым саласы тек өзіне ғана тән тіл не сөздік қор жасап, даму үстінде. Компьютер технологияларының қарқынды дамуына байланысты, осы саланың сөздік қоры да күннен күнге жаңаруда. Тіл мамандарының осы тақырыпта зерттеулер жүргізіп, ғылыми жұмыстар жасауының басты себебі де – компьютер терминологиясының көптеген жаңа, заманауи сөздер мен сөз тіркестеріне ие болуы. Қазіргі таңда бұл тақырыпта жүргізілген ғылыми жұмыстар, жарияланған мақалалар мен кітаптар, сөздіктер және ғылыми диссертациялық жұмыстарды әлемнің кез келген жоғару оқу орындарында кездестіре аламыз.

Ресейде бұл тақырыптағы зерттеу жұмыстары 1930 жылдың аяғынан бастап кеңінен қолға алына бастады. Г.О.Винокурдың «О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии» атты 1939 жылы жарыққа шыққан еңбегінде орыс тіліндегі техника тілінің құрылым жүйесі жайлы сөз болады. Ғалымның мақаласы осы тақырыптағы алғашқы зерттеу саналады.

Соңғы жылдары компьютерлік лексика тақырыбында жазылған еңбектердің бірі ретінде филология ғылымдарының кандидаты О.Кармызованың «Компьютерная лексика: Структура и развитие» атты еңбегін айтуымызға болады [1]. Еңбекте автор ағылшын, орыс тілдерінің компьютерлік техника лексикасының құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін анықтап көрсете отырып, дамуын сөз етеді. Зерттеуші компьютер терминдерінің кірме сөздердің тілге көптеп енуіне түрткі болуына байланысты орыс тілінің интернационализациялануының басты себепкері ретінде қарастырады. Автордың айтуы бойынша: «Кірме сөздер – орыс тіліндегі компьютер лексикасының толығу жолы. Көп жағдайда интернет тақырыбымен байланысты сөздер ағылшын тілінен орыс тіліне енуде. Компьютер лексикасындағы кірме сөздерді төртке бөліп қарастырады. Олар:

- варваризмдер;
- тікелей кірме сөздер;
- калькалау: құрылымдық, семантикалық, фразеологиялық;
- гибридік кірме сөздер.

А.Рыбакова «Структурно-семантические особенности компьютерной терминологии в современном английском языке» атты еңбегінде [2] ағылшын тіліндегі құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерімен қатар компьютерлік терминдердің жасалу жолын қарастырған. Компьютер терминологиясы үшін қолданылатын сөзтудырушы жұрнақтардың ағылшын және орыс тілдеріндегі ерекшеліктерін сипаттайды.

Аударматану саласында еңбек етіп жүрген ғалым, Суррей университетінің профессоры Питер Ньюмарк семантикалық және коммуникативтік аударма өзара тығыз байланысты екенін айтады. Кез келген аударманың коммуникативті немесе семантикалық сипаты болады [3, 10].

Түркия Республикасында компьютер атаулары 1960 жылдардан бастап қолға алына бастады. «Компьютер» сөзі түрік тіліне бастапқыда *elektronikbeyin*(электронды ми) түрінде енгенмен, кейін *bilgisayar* терминімен алмастырылды. Халық арасында үлкен қолдауға ие болған *bilgisayar* сөзі қазірге дейін компьютер саласында сәтті аударылған терминдердің бірі саналады. *Bilgisayar* атауы түрік тіліндегі компьютер лексикасының жандануына, қалыптануына, жаңа тіркестердің орнығуына зор үлес қосты: *Bilişim Devriminde Türkiye, Adı Bilgisayar Olsun, Bilişim Terimleri Sözlüğü, Dil ile Ekin және AFirst Approach to a Computerized Model for the Automatic Morphological Analysis of Turkish*. Милиса Михаилович пен Антун Халония ағылшын тілінен хорват тіліне аударылған терминдердің сапасын сөз ете келіп, 1983 жылдары жасалған аударма мен соңғы 2012 жылдан бері қарай жасалған компьютер терминдерінің аудармаларының арасында көп айырмашылық жоқ екенін ескертеді. Яғни, термин үшін ағылшын тіліндегі нұсқасы алынған.

Кез келген компьютер қолданушысы үшін, әсіресе, осы компьютер лексикасы саласында зерттеу жұмыстарын жүргізуші ғалымдар мен зерттеушілерде жоғары сапалы сөздіктің болуы да маңызды. Ағылшын тіліндегі компьютер лексикасының ең сапалы түсіндіргі сөздігі Оксфорд баспасының «*A Dictionary of Computer Science*» сөздігі болып есептелінеді. Алғашқы шығарылған баспаларында «*A Dictionary of Computing*» деп аталған бұл бестселлер толықтай компьютер мамандарының құрастыруымен, ең жаңа, сенімді және заманауи компьютер қолданушының нұсқаушысы болып есептелінеді. Мультмедия, компьютердің негізгі және қосымша құрылғылары, желі және дербес компьютер сияқты барлық ауқымды қамтиды. Сөздікте жаргон сөздері қолданылмаған, ықшамдалып құрастырылған. Ағылшын-түрік компьютер терминдері сөздігіне келер болсақ, *Türk Standardları Enstitüsü* арқылы жасақталған сөздіктер ең сенімді құрал болып саналады. 1954 жылдан бері белсенді жұмыс жасайтын институт көптеген басқа да, қазіргі уақытта қарқынды даму үстіндегі салалар үшін де термин сөздіктерді әр маусымда жаңалап, жариялауда.

Аударманы жеңіл түрде түсіну мақсатында семантикалық көзқараспен мысал келтірген Джордж Стэйнердің «*After Babel: Aspects of Language and Translation*» (Вавилондықтан кейінгі: Тіл және Аударма аспектілері) кітабында берілген мына ақпаратқа назар аударуымызға болады: «Қарым-қатынастың барлық қызметі аударма қызметімен тікелей байланысты» (All acts of communication are acts of translation). Жалпылай айтылатын болса, біздің барлық іс-әрекеттеріміз аударма үдерісімен қандай да бір жолмен, әдіспен болсын байланысты. Біздің сөйлеу, қабылдау, пікірлер, бет-әлпет, қимыл-қозғалыс және түсіндіру әдістеріміз, барлығы дерлік аударма нәтижелерінің жиынтығынан тұрады. Күнделікті тіршілігімізде аударма процесінсіз жүзеге асатын іс-әрекеттер саны өте аз десек қателеспейміз. Біз ауызша, визуалды және музыкалық интерпретацияларды аударманың бір қызметі ретінде қарастыруымызға болады. Басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде, ортадағы тақырыпты егжей-тегжейлі түсіну үшін біз дауыс пен физикалық қимыл-қозғалыс, ишараттармен аударамыз. Актер де сахна алаңында дауыс, ым-ишарат және қимыл-қозғалысты аударарды. Пианино ойыншысы пианино ноталарын, дирижер болса алдындағы саз-аспапшылар үшін аударма жасайды. Жазушылар, композиторлар және суретшілер жайлы да осы пікір айтылуы мүмкін: романдардың фильмге, музыка дыбыстарының нота суреттеріне және суреттердің музыка әуендеріне аударылуы. (Дж.Стэйнер).

Белгілі ағылшын аударматану профессоры Питер Ньюмарк аударма мәтінінің құзыреттілігі аудару саласының табиғатына байланысты деп есептеген. Оның айтуы бойынша үш негізгі аудару бағыттары бар:

- Ғылым және технология;
- Әлеуметтік, экономикалық және саяси тақырыптар аясында;
- Әдеби және философиялық шығармалар аудару саласы. (Ньюмарк, 152)

Осы топтардың ішінен әдеби және философиялық еңбектердің аударма тіліне жеткізілуі ең қиын жұмыс ретінде саналған, ал ғылым мен технологияға қатысты техникалық аудармаларды «мәдени емес үдеріс» ретінде қарастырған (Ньюмарк: 151).

Тәжірибелі аудармашы керемет нәтижеге жету үшін түрлі техника қолданады. Сол үшін аударма процесін қолайлы ету және де сапалы аударма жасау мақсатында көптеген түрлі аударма түрлері бар. 1950 жылдары *Аударматану* саласы әлі де өріс жайып, таралмаған уақытында екі француз ғалымдары Жан-Поль Вине және Жан Дарбельне аударманың лингвистикалық аспектілерін алғаш зерттеп жариялады. Олардың зерттеуі бойынша екі негізгі аударма түрі бар: тура және жанама аударма. Бұл екі әдіс жеті түрлі процедуралар арқылы жүзеге асады және олардың алғашқы үшеуі тура аударма түріне жатады:

Кірме сөздер– аударманың ең қарапайым түрі, алғашқы тілден екінші тілге еш өзгеріссіз сөздердің енгізілуі. (Вине, Дарбельне). Мысалы, ағылшын тілінен қазақ тіліне енгізілген және ең көп қолданыстағы сөздер

<i>Computer</i>	→	<i>компьютер</i>
<i>Scanner</i>	→	<i>сканер</i>
<i>Printer</i>	→	<i>принтер</i>
<i>Modem</i>	→	<i>модем</i>
<i>Algorithm</i>	→	<i>алгоритм</i>
<i>Virus</i>	→	<i>вирус</i>

және т.б. Аудармадағы *транслитерация* әдісі де «кірме сөз» орнына қолданыла алады. Өйткені жоғарыда айтылып кеткендей, транслитерация бойынша түпнұсқа сөздің аударма ретінде тек жазу қаріптері ғана өзгеріске ұшырайды. Бұл мысалдарда көрсетілгендей, латын қаріптерінен кириллге ауысқан түрі. Осыған сәйкес, сөздің не мағынасы не айтылуы үлкен өзгеріске ұшырамайды.

«Калька» терминінің өзі транслитерация әдісі бойынша французша «*calque*» сөзінің аудармасы, «кірме сөздердің ерекше түрі» шет тілдегі термин не сөздерді екінші тілге дәлме-дәл сөздермен жеткізу әдісі (Вине, Дарбельне, 85). Калькалау – басқа тілдің немесе тілдердің лексикалық-семантикалық және лексикалық-синтаксистік үлгісін пайдалану жолымен жаңа сөздер жасау немесе тілге синтаксистік құрылымның жаңа тәсілдерін енгізіп, оларды сол тілдің морфемаларымен толтыру (түсіндірме сөздік). *Copy* «көшірме», *continue* «жалғастыру», *data* «деректер», *cover page* «мұқабам», *bold button* «жуандау батырмасы» және т.б. терминдер калька әдісі бойынша тілімізге енгізілді.

Сөзбе-сөз аударма Жан-Поль Вине және Жан Дарбельне зерттеулері бойынша бір тілдік топқа жататын тілдер және ортақ мәдениет пен салт-дәстүрге ие қоғамдар үшін кең таралған аударма тәсілі болып саналады. Басқаша жағдайда бір тілдің қалыбы екінші тілге сәйкес келе бермейтіндігінен, бұл жолмен аударылған еңбектер не сөз тіркестері тартымды болып шықпау ықтималы жоғары. Олардың ойынша, сөзбе-сөз аударма жақсы тәржіме жасау үшін автордың дұрыс сөз таңдауы ең маңызды фактор болып саналады: әдіс құрылымдық және металингвистикалық шарттар мен мағынасы толықтай сәйкес келген жағдайда қолданылуы қажет әдіс. Ғалымдардың ұсынуы бойынша сөзбе-сөз аударма төмендегі жағдайларда қолданылмауы тиіс:

- басқаша мағына берсе;
- еш мағынасы болмаған жағдайда;
- құрылымдық шарттар мүмкін болмаса;
- аударма тіліндегі металингвистикалық шарттарға сәйкес болмаған және,
- тілдің басқа дәрежесіне сәйкестендірілген жайдайларында.

Дегенмен қазақ тіліне осы әдіс арқылы сапалы аударылған компьютерлік терминдер айтарлықтай көп: *бос жады* (*free memory*), *безендіру қалабы* (*design template*), *табу және қалпына келтіру* (*detect and repair*), *сандық қолтаңба* (*digital signature*), *желі дыбысы* (*dial tone*), *сандық куәлік* (*digital ID*), *талқылау тақтасы* (*discussion board*) және т.б. көптеген пайдалануға қолайлы терминдер енгізілген.

Жан-Поль Вине және Жан Дарбельне сөзбе-сөз аударма сәйкес болмаған жағдайда жанама аударма немесе еркін аударма тәсіліні қолдануға кеңес береді. Жанама аударма келесі төрт түрлі процедура арқылы жүзеге асырылады:

- Транспозициялық;
- Модуляциялық;
- Эквиваленттік не балама аударма;
- Адаптациялық не бейімдей аудару әдістері.

Транспозиция термині түрлі салаларда қолданылғанымен бірге, аударма алаңында да маңызды орын алады. Жанама аударма тәсілінің алғашқы техникасы болып саналады. Бұл әдістің ерекшелігі аударылған сөз тіркесінің не сөйлемнің мағынасы өзгертілмегендігімен, грамматикалық өзгерістерге ұшырайды, белгілі бір сөз табы аударма ыңғайына байланысты басқа сөз табына өзгертіледі. Транспозиция:

- міндетті: *қағаз тұрып қалуы- rarer jam*;

• ерікті: *интернет арқылы байланылу/ интернет қоңырау- internet call* болып екіге бөлінеді. Вине және Дарбельне транспозиция аудармашылардың ең жиі қолданатын құрылымдық өзгерісі деп қарастырады.

Модуляция түпнұсқа тілдегі сөз тіркесін не сөйлемді аударма тіліне басқа сөздермен жеткізу, бірақ екі тілде де бірдей мағынаны көрсететін аударма түрі. Мысалы: *It is difficult to send – Жеткізу оңай емес.* Сөзбе-сөз аудармасы *Жіберу қиын* сөйлемін аудармашы контекстке және оқырманға байланысты сөздерді алмастыра алады, дегенмен бірдей мағынаны білдіреді. Ғалымдар бұл процесті жақсы аудармашы маманның сынама тәсілі ретінде қабылдайды.

Эквиваленттік немесе балама аударма Вине және Дарбельне бойынша белгілі бір жағдайды түрлі стилистикалық және құрылымдық жолмен жеткізу. Балама аударма әсіресе, идиомалар мен мақал-мәтелдер аударғанға өте ұтымды. Мысалы, интернет қолданушылардың ең көп пайдаланатын сөз тіркесі *Surfing the Internet*. Сөзбе-сөз аудармасы интернетте серфинг жасау, дегенмен негізгі мағынасы *интернет пайдалану* мағынасында қолданылады. Балама аударма әдісінде аударылған тілге жатық, мәдениетіне жақын, қолданысқа қолайлы эквивалентін табу маңызды қағида болып саналады.

Вине және Дарбельненің ұсынған соңғы еркін аударма процедурасы адаптациялық немесе бейімдеу аудармасы. Адаптация екі түрлі тіл қолданушылардың мәдени айырмашылықтарына байланысты қолданылатын аударма тәсілі. Аударма жасалынғаннан кейін оны пайдаланушы оқырмандар жеткілікті түрде қиындықсыз түсіне алуы үшін пайдаланылады. Көп жағдайда мәдени айырмашылықтарға байланысты белгілі бір сөз не сөз тіркестерінің түсініксіз болуы ықтималы бар. Бұл кезекте міндетті түрде тілге жеңіл, қолайлы, түсінуге қиындық тудырмайтын, сол мәдениетке таныс болып саналатын сөздермен жұмыс жасалуы қажет. Компьютер терминдерін аударуда жиі қолданылатын тәржіме әдісі болып есептелінбейді, дегенмен біршама осы тәсілді қолдана аударылған терминдер кездеседі: *Backbone – негіз, магистральді* деген эквивалент берілген бұл терминнің тура мағынасы *омыртқа* мағынасына сәйкес келеді. Түрік тілінде болса *omurgaretінде* сөзбе-сөз аударма, калкалау әдісі қолданылған.

Көріп отырғанымыздай, ағылшын тіліндегі компьютер терминдерін қандай тілде болмасын аударып, дұрыс әрі нақты эквивалентін табу қиын іс әрі үлкен жауапкершілік. Жақсы нәтижеге жету, терминдерге өз тілімізде сапалы балама табу әрине көп қажы-қайрат, еңбек және терең білімді қажет етеді.

Әдебиет:

1. Винокур Г.О. О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии. - М., 1939. – С. 3-54.
2. Кармызова О.А. Компьютерная лексика. Структура и развитие. – М., 2003. – С. 71-72.
3. Рыбакова А.С. Структурно-семантические особенности компьютерной терминологии в современном английском языке. – М., 2004. – С. 114.
4. Jean-Paul Vinay, Jean Darbelnet/ Comparative Stylistics of English and French: A Methodology for Translation. -1995.- p.85.
5. Newmark P. About Translation (Multilingual Matters). – 1991.- p. 10-12.
6. Newmark P. A textbook of translation. - London: Prentice Hall International. - P.81.
7. Steiner G. After Babel: Aspects of Language and Translation // Third Edition. - P.216.

Игілік М.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының магистранты

Кәсіби тілдік тұлғаның психолингвистикалық ерекшеліктері

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда кәсіби қарым-қатынасқа қатысты мәселелері қарастыру өзекті болып табылады. Осы орайда «кәсіби тілдік тұлға» терминімен байланысты феноменді ғылыми зерттеу басым бағытқа айналып отыр. Зерттеушілер тарапынан «сөйлеуші адамның» кәсіби тұлғасына деген ғылыми қызығушылық тек оның ұйымдастыру мәдениеті, ұйымның коммуникативті желілері секілді құбылыстармен өзара байланысын түсінуге ғана қатысты емес, сонымен қатар болашақ маманның өзін-өзі кәсіби анықтауының тілдік механизмдерін айқындауға байланысты туындап отыр. Ал ол өз кезегінде ұжымдық еңбек қызметінің маңызды шарты және адамның еңбектік әлеуметтенуінің факторы болып табылады. Бұл үдерістерде кәсіби тіл жетекші рөл атқаратыны сөзсіз, осыған байланысты «тіл – адамның кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруы» континуумына кіретін мәселелер кешенін жете түсіну қажеттілігі туындайды. Әлемнің өзіндік бейнесін ұстанушы ретіндегі маманның кәсіби тұлғасы туралы толық түсінік қалыптастыру үшін оны нақты кәсіби салада өзіне тән сөйлеу әрекетінің стратегиямен ерекшеленетін өзіндік тілдік тұлға ретінде қарастыру қажет. Лингвист Ю.Н. Караулов атап өткендей, тілдік тұлға қалыптаспайынша, тұлғаның қалыптасуы мүмкін емес [1].

Кәсіби тұлғаның қалыптасу үдерісіндегі тілдің рөлі мәселесін қарастыру барысында, ең алдымен, бастапқы «тілдік тұлға» ұғымын анықтау, оны ғылыми зерттеудің объектісі ретінде айқындау қажет. Тілдік тұлға зерттеу объектісі ретінде лингвистикада, психология мен психолингвистикада, сонымен бірге әлеуметтік лингвистикада кең түрде қарастырылған. Ғалымдар тілдік тұлға мәселесіне ерекше көңіл аудара отырып, оны қарастырудың қажеттілігін жалпы адамды зерттеумен байланыстырады, өйткені адамды зерттеу қазіргі кездің негізгі мәселесі болып табылады. Ал адамның іс-әрекетін

зерттеудің ең тиімді тәсілдерінің бірі – тілді зерттеу. Ғылым объектісі ретінде тілдік тұлғаға көңіл аудару тіл білімінің тарихи, психологиялық, жүйелік-құрылымдық және әлеуметтік парадигмаларының әдіснамалық тұрғыда бірігуіне байланысты болды. Тілді жоғарыда аталған парадигмалардың өзара байланысы негізінде қарастыру қажеттілігі туралы алғаш рет К.Маркс өзінің «Неміс идеологиясы» еңбегінде айтқан болатын [2]. Сонымен қатар Ю.Н.Караулов атап өткендей, бір ғана тәсілдеме тұрғысында тілдің барлық қасиеттерін қарастыруға деген талпыныс сол парадигманы қалыптастыратын фактордың басымдылыққа айналуына әкеледі. Автордың пікірінше, тілдің төрт фундаменталды қасиеттерінің бірде-біреуінде оның басқа қасиеттерін қорытып шығаратындай негіздің болмауы осының себебі болып отыр. Бұл олардың бірігуіне мүмкіндік бермеді. Аталмыш мәселенің шешімі лингвистика объектісін: «...оның тілдік тұлға парадигмасына тең құқылы зерттеу объектісі ретінде, тілдің жекеленген және салыстырмалы түрде алғанда дербес қасиеттерін біріктіруге мүмкіндік беретін тұжырымдамалық ұстаным ретінде» енгізу арқылы кеңейту алаңында жатты [1]. Мысалы, этностар тілдерінің олардың бар болуының ең жоғары формасы – әдеби тілге дейін дамуы – тілдік тұлғаның тарихи аспектісін бейнелейді. В. Н. Телия: «тіл өзін ұстанушылардың мәдени-тарихи құзыреттіліктеріне байланысты және тілдің бекіту қабілетінің арқасында ұрпақтан-ұрпаққа берілетін барлығының мәнін қабылдайды» [3], – деп жазады. Біздің зерттеуіміз үшін кәсіби терминологияны этимологиялық талдауды пайдалану өндіріс саласының дамуы, еңбек құралмен жұмыс істеудің жаңа тәсілдерінің пайда болуы, нәтижесінде, әлемнің кәсіби бейнесінің өзгеруі барысында кәсіби тілдің тарихи пайда болуы мен өзгеру механизмдерін түсінуге мүмкіндік береді.

Тілдік тұлғаның психологиялық жағы индивидтің дамуын ұйғаратын уәждемелер жиынтығында (иерархиясында) көрініс табады. Ал оның әлеуметтік жағы жалпы тұлғаның, соның ішінде тілдік тұлғаның, қалыптасуы мен дамуы тек қоғамда, ондағы адамдардың тілдік өзара әрекет етуінде ғана мүмкін болуымен байланысты. Кәсіби тұлғаға қатысты тілдің психологиялық және әлеуметтік аспектілері еңбек психологиясы мен әлеуметтік психологияда көрініс тапқан, сондықтан олардың ғылыми әдіс-тәсілдерін біздің зерттеуіміздің барысында қолдануға болады. Біздің пікірімізше, көбінесе кәсіби қарым-қатынас психологиясы қарастыратын кәсіби тілдің әлеуметтік-психологиялық жағы ерекше қызығушылық тудырады. Осы орайда, сөйлейтін адам туралы жаңа пәнаралық эмпирикалық білімдердің пайда болуы нәтижесінде әрдайым даму үстінде болатын лингвистикалық зерттеудің объектісі ретінде тілдік тұлға шекараларының өзгермелі, созылымды екенін атап өту керек. Мысалы, бұрын эмоциялардың тіл ғылымына қатысты аспектілері этнопсихоллингвистика мен лингвомәдениеттанудың назарында болған. Алайда бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы, ұлттық мәдениеттердің өзара кірігуі, мәдениет аралық байланыстардың қарқынды дамуы, қазіргі заманғы адамның бойында жаһандық тілдік санасының қалыптасуы және т.б. қоғамның қарым-қатынас кеңістігінің эмоционалды жағынан толығуына негіз болды.

Біздің кәсіби тілдік тұлғаны зерттеуімізге байланысты тілдің эмоциялық аспектілерін қарастыру кәсіби қарым-қатынастың және адамның кәсіби әлемі бейнесінің қалыптасуының уәждемелік механизмдерін айқындауға мүмкіндік береді. Дегенмен кәсіби тілдік тұлғаны зерттеу барысында аффективті күйзелістердің басымдылығына толығымен сүйену сөйлейтін адамның танымдық белсенділігіне деген біздің зерттеуші ретіндегі көзқарасымыздың аясын тарылтады. Біз лингвистика пәні ауқымының тағы бір антропоцентристік тұрғыда кеңеюін тіл білімінің белсенді түрде дамып келе жатқан бағыты лингвоперсонологияның қалыптасуынан көруімізге болады. Лингвистикалық персонология немесе тілдік тұлға теориясы өзінің барлық күш-жігерін, мүмкіндігін тіл шеңберіндегі адамды кешенді түрде, оның тілге байланысты гендерлік, кәсіби, ментальдық-психологиялық ерекшеліктерін зерттеуге бағыттайды. Қазіргі кезде келешегі зор бұл бағыт өзінің дербес мәртебесін айқындап, терминологиялық аппаратын нақтылауда.

Лингвоперсонология тілдік портреттерді қалыптастырудың мәні мен механизмдерін зерттеуге, сонымен қатар субъектілердің сөйлесу барысындағы өзара әрекет ету стиліне ерекше көңіл бөлетін дискурсқа қатысушылардың типологиясын қарастыруға бағытталған. Біздің зерттеуімізге келсек, ол, ең алдымен, субъектінің объективті кәсіби болмыспен өзара байланысын талдауға, кәсіби әлемдегі адамның «Мен»«өзін-өзі» анықтауына бағытталған. Біздің кәсіби тілдік тұлға үлгімізде кәсіби қарым-қатынас оның имманентті бөлігі, яғни, оған жаратылысынан тән екенін ескерсек, онда ол субъектінің кәсіби қызметінің мәнін іздестіру ісінде тек аралық буын ретінде көрінеді. Пәнаралық зерттеудің бүгінгі таңдағы жағдайына жасалған бұл талдау кәсіби тілдік тұлға ғылыми зерттеудің объектісі ретінде ашық жүйе болып табылатынын көрсетеді. Ал ол өз кезегінде лингвистикалық, психологиялық және әлеуметтік ғылыми тұжырымдамалар мен теорияларды дәйекті түрде қолдана отырып, осы көп аспектілі құбылысты талдау үшін триангуляцияндық тәсілдемені пайдалануға мүмкіндік береді.

Тілдік тұлғаға мәндік анықтама беру үшін қолданыстағы отандық және шетелдік тұжырымдамаларды қарастырып өту қажет. Мысалы, В. фон Гумбольдт бірнеше рет: «кез келген жеке адамның тілге қатысты алынған индивидуалдылығы – әлемді көрудегі айрықша ұстаным» [4], –

деп атап өткен. Автордың бұл пікірі тілдік тұлғаны қалыптастыруда әлемнің тұрақты бейнесіне қатысты индивидуалдылықтың басым екенін көрсетеді. Й. Л. Вайсгербер, керісінше, тұлғаны қалыптастырудағы тілдің шешуші рөл атқаратыны туралы идеяны дамытқан. «Ол (тіл) адамға бүкіл тәжірибені әлемнің біртұтас бейнесіне біріктіруге мүмкіндік береді және бұрын, ол тілді үйренгенге дейін, қоршаған әлемді қабылдағаны туралы ұмытуға оны мәжбүрлейді» [5]. Б.Л.Уорф та осы көзқарасты ұстанады. Ол: «...әлем біздің көз алдымызға біздің санамыз, бұл дегеніміз біздің санамызда сақтаулы тілдік жүйе, ұйымдастыруы тиіс әсерлердің құбылмалы ағыны болып көрінеді» [6], – деп жазған болатын.

Тіл адамның қоршаған ортамен өзара әрекет етуіне негіз болатын қандай да бір призма немесе «аралық әлем» деген пікірмен келісуге болады. Ол тұлғаның қалыптасуы мен өзіндік ерекшелігін айқындайды. Алайда, психология тұрғысынан алғанда, біз тілдің ықпалына байланысты тілдік тұлғаның қалыптасуының пассивті сипатты туралы тезисті қабылдай алмаймыз, өйткені адамның филогенетикалық психикасы оның белсенді іс-әрекеті жағдайында пайда болады және дамиды. Бұл ретте тіл тұлғаны, сананы қалыптастыруда реттеу функциясын, ал әлемнің бейнесін жасауда ұйымдастыру функциясын атқарады. Біздің зерттеуіміз үшін бұл арнайы тілде нақтыланған әлемнің кәсіби бейнесі кәсіби тілдік тұлға мен кәсіби болмысты өзара байланыстыратын орталық буын болып табылатынын білдіреді. Шет ғалымдарының еңбектерінде тілдік тұлғаның қалыптасу үдерісіндегі тіл мен әлемнің бейнесінің өзара байланысының маңызы қарастырылады. И.А.Бодуэн де Куртенэ тілдік тұлғаның әлеуметтік-психологиялық табиғатына назар аударады және оны индивидуалды шығармашылықтың көрінісі емес, қоғамдық құрылым ретінде, әлеуметтік-тілдік категориялардың жиынтығы ретінде қарастырады [7]. Ф.И.Буслаев та ана тілі мен оқушы тұлғасының бірлігі ұстанымын негізге ала отырып, тілдік тұлға ұғымының лингводидактикалық аспектілерін осы бағытта айқындайды. «Ана тілі оны үйренуші әрбір адамның тұлғасымен тұтасып кеткені соншалықты, ол сонымен бірге оқушының рухани қабілеттерін де дамытады [8]. Көріп отырғанымыздай, ғалымдар тұлғаның қалыптасуында тілдің жетекші рөл атқаратынын мойындайды, сонымен бірге адамның индивидуалды іс-әрекетінің маңызын жоққа шығарады. Тілдік тұлғаның лингводидактикалық үлгісін қалыптастырған Г.И.Богин де оның табиғатына байланысты осындай көзқарас ұстанады. Г.И.Богиннің үлгісі «тілдік қабілеттердің, іскерліктің, күрделілігі әртүрлі деңгейдегі тілдік амалдарды, бір жағынан, тілдік іс-әрекеттердің түрлеріне (сөйлеу, аудирование, оқу, жазу) байланысты, екінші жағынан, тілдің деңгейлеріне, яғни, фонетика, грамматика және лексикаға байланысты жіктелетін амалдарды жүзеге асыруға дайын болудың көп қатпарлы және көп бөлікті жиынтығы» болып табылады [9].

Тілдік тұлғаның бойында индивидуалдылықтың әлеуметтіктен басым болатыны туралы идеяны бірінші болып ұсынғандардың бірі – В.В.Виноградов болатын. Ғалым тілдік тұлғаны көркем әдебиет арқылы зерттей отырып, индивидуалды тілдік құрылымды оның жеке дара құрамдас бөлігі ретінде қарастырды: «...Тілдің элементтері ғана емес, сонымен бірге сөздік ойлаудың ерекшеліктеріне байланысты оларды үйлестірудің композициялық тәсілдері де тілдік бірлестіктердің маңызды белгілері болып табылады. Ал осы субъективті салалардың әртүрлісіне енген және өзі де оларды қабылдайтын тұлға, оларды ерекше құрылымдарға үйлестіреді. Индивидуалды сөздік шығармашылық өз құрылымында өзіндік тұлғалық формалар арқылы күрделенген және өзгеріске түскен бірқатар ерекше түрде біріккен немесе сараланған әлеуметтік-тілдік немесе идеологиялық-топтық мәтіндерді қамтиды [10].

В.В.Виноградов тілдік тұлғаны параллель екі бағыт: «автордың бейнесі» және «көркемдік бейне» бойынша сараптайды. Бірінші бағыт әдебиеттің тарихы мен ішінара әдеби тілдің тарихын қарастыруға мүмкіндік береді. Екінші бағыт индивидуалды тілдік құрылымды талдауға, кейіпкерлерді тереңірек түсінудің негізін қалыптастыруға арналған. Осы параллельдердің өзара әрекеттесуі нәтижесінде тілдік тұлға «дүниеге келеді». М.М.Бахтин В.В.Виноградовтың идеяларын дамыта отырып, кейіпкер санасын дербес құндылық ретінде априорлы түрде негізге алып, үш маңызды мәселеге назар аударады:

- 1) роман кейіпкерінің сөзі тек қана жеткізілмейді, ол «көркем түрде бейнеленеді»;
- 2) «романдағы сөйлейтін адам – маңызды әлеуметтік адам»;
- 3) «романдағы сөйлейтін адам – қандай да бір дәрежедегі идеолог, ал оның сөздері – әрдайым «әлемге деген ерекше көзқараспен» байланысты «идеологема» [10].

И.А.Бодуэн де Куртенэ: «Тіл тек адамзат қоғамында ғана мүмкін болғандықтан, біз оның бойында әрдайым психологиялық қатар, әлеуметтік жағын да атап өтуіміз керек. Тек индивидуалды психология ғана емес, әлеуметтану да тіл білімінің негізі болуы тиіс» [7]. Кәсіби тілдік тұлғаның қалыптасуындағы әлеуметтік факторды бөліп қарастыру кәсіби топтардың тілдік жіктелу механизмін түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жоғарыда қарастырылған тәсілдемелер кәсіби тілдік тұлғаны іс-әрекеттік тәсілдеме тұрғысынан сипаттауға мүмкіндік бермейді. Ал «іс-әрекет–тұлға–сана» байланысы біздің зерттеуіміздің негізі болып табылады. Осыған байланысты А.А.Леонтьев:

«Әлемнің бейнесі мен адамның нақты әрекеттерінің арасында тұлға тұр» [11],– деп атап өткен. Ю.Н.Карауловтың тілдік тұлға теориясы кәсіби іс-әрекет барысындағы сөйлейтін адамды түсіндіруге ең қолайлы тұжырымдама болып табылады [1].

«Интеллект неғұрлым қарқынды түрде тілде көрініс табады және тіл арқылы пайдаланылады. Қарапайым тілдік семантика деңгейінде, сөздердің мәндік байланысы деңгейінде, олардың үйлесуі және лексико-семантикалық қатынасында индивидуалдықтың көрініс табуына әлі де мүмкіндік жоқ. Демек, тілдік тұлға интеллектуалды күштер іске кіріскен кезде, әдеттегі ауызекі тілдің арғы жағында басталады...». Ю.Н.Караулов және оның ізбасарлары тілдік тұлғаны адамның қабілеттері мен ол ойлап шығаратын мәтіндер ерекшеліктерінің бірлігі ретінде қарастырады: «Тілдік тұлға дегеніміз құрылымдық-тілдік күрделілік деңгейі, болмысты бейнелеу тереңдігі мен нақтылығы, белгілі бір мақсатты бағыттылығы бойынша бөлінетін тілдік шығармаларды (мәтіндерді) адамның қабылдауы мен ойлап шығаруын ұйғаратын оның қабілеттері мен сипаттамаларының жиынтығы [1].

Бұл тұжырым кәсіби тілдік тұлғаны зерттеу барысында бірнеше: психологиялық, іс-әрекеттік, әлеуметтік және лингвистикалық аспектілерді бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, кәсіби (жазбаша және ауызша түрдегі) мәтіндерді қабылдау үдерісін басшылыққа алу адамды әлеуметтік кәсіби қарым-қатынастың субъектісі ретінде көрсетеді. Лингвистикалық аспект кәсіби мәтіндерді жүйелі-құрылымдық түрде ұйымдастыруда көрініс табады. Кәсіби мәтіндер субъектінің объективті болмысты бейнелеуінің нәтижесі ретіндегі әлемнің кәсіби бейнесін тілдік деңгейде бекітеді. Ол өз кезегінде кәсіби тілдік тұлғаға деген психологиялық көзқарастың орын алуына негіз болады. Сонымен қатар мәтіндердегі мақсаттарды айқындау кәсіби тілдік тұлғаны тілдік іс-әрекет тұрғысынан сипаттауға мүмкіндік береді. Алайда тілдік шығармаларды қабылдау және ойлап шығару секілді құбылыстарды тілдік тұлғаны анықтауда бірізгілікте қолдану олардың өзара үйлесімділігі мәселесін қарастыруды қажет етеді. Біріншіден, «ойлап шығару және қабылдау» қабылдау жағдайының екі: бейнені бастапқы қалыптастыру және қалыптасқан бейнені тану аспектілерімен байланысты.

Қолданыстағы перцептивті теориялар сөйлеуді мәндік қабылдаудың әртүрлі бірліктерін бөліп қарастырады. Ең алдымен, моторлы теория. Ол теория бойынша, сөйлеу элементтерінің артикуляциялық белгілері сөйлеуді қабылдаудың негізін құрайды. Сенсорлық теория перцептивтік үдерістегі акустикалық, фонемдік факторлардың артықшылығын мойындайды. Қабылдаудың белсенді теориясы «синтез арқылы анализ» үлгісін ұсынады. Ол айтылған сөзді қабылдау (түсіну) бастапқыға толық немесе жартылай сәйкес болатындай оның синтаксистік үлгісін қалыптастыру деген тұжырымға негізделген. Қарастырылып отырған теорияларда қабылдауды мәндік сипаттау барысында сөйлеудің сыртқы белгілеріне ерекше көңіл бөлінеді. Алайда аталмыш тәсілдемелерді кәсіби қарым-қатынасты талдауға қолдану кәсіби мәтіндерді қабылдау туралы толық түсінік қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан мәтінге қарағанда сыртқы болып табылатын болмыс туралы білімнің көрініс табуының айрықша формасы ретінде мәтіндерді қабылдаудың ерекшелігін қарастыру қажет.

Мәндік перцепцияны талдау барысында мәтіннің екі негізгі қасиетін: оның байланыстылығы мен тұтастығын бөліп қарастырады. Егер бірнеше сөйлем байланыстылық белгілерімен сипатталынатын болса, онда мәтін біртұтас шығарма ретінде қабылданады. А.А.Брудный: «Оқылып жатқан мәтін бірінен кейін бірі ауысып отыратын сөйлемдер, абзацтар мен тараулар түрінде санада құрастырылғандай болады» [12], – деп жазады. Сонымен қатар А.А.Леонтьев мәтіннің мағыналық біртұтастығын қалыптастыруға қарағанда байланыстылық екінші орында болады деп атап көрсетеді. А.А.Леонтьев: «Байланыстылық белгілері сөйлеушінің коммуникативтік (сөйлеу) интенциясымен берілмейді, ол мәтіннің тұтастығының салдары ретінде оны ойлап шығару барысында пайда болады. Реципиент оларды мәтіннің жалпы құрылымын қалпына келтіру үшін тірек ретінде емес, осы мәтінді кезекті өңдеу тәсілін айқындайтын сигналдар ретінде ғана пайдаланады» [11], – деп жазады.

Мәтіннің тағы бір сипаттамасы оның тұтастығы адресат мәтінді қабылдау барысында пайдаланатын сөздік пікірлердің жоспарын (бағдарламасын) иерархия түрінде ұйымдастыруды ұйғарады. Реципиент тұтастықтың сыртқы белгілерін қабылданатын мәтінді толық ұсынбастан бұрын, оның көлемін, шекаралары мен мазмұндық құрылымын болжауға мүмкіндік беретін сигналдар ретінде ұстанады. Осы тұрғыда тұтастық мәтіннің мағыналық бірлігінің сипаттамасы болып табылады. Осыған орай Т.М.Дридзе мәтіннің орталық және маргиналды мағыналық құрамдас бөліктерін жеке қарастырады. Орталық бөлікті автор «негізгі ой», «предикация» деп сипаттайды, ал екінші бөлік біріншіге қарағанда шеткі болып табылады. Тілдік компрессияның әртүрлі кезеңдерінде артық (маргиналды) элементтерден біртіндеп құтылу мәтіннің орталық мағыналық бөлігін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде қабылдаудың тұтастығын ұйғарады [13].

Мағыналық бірлікті қамтамасыз ететін тұтастық кәсіби тілдік тұлғаның индивидуалды аспектісін қалыптастырудағы кәсіби мәтіндерді сипаттауда өте маңызды. Алайда оның әлеуметтік астарын түсіндіруге жеткіліксіз. Өйткені «мәтін» дегеніміз – пәнді оның кәсіби ортадағы қасиеттері мен

қатынастарының жиынтығы түрінде сипаттайтын белгілер, символдар, мағыналар жиыны. Бірақ біз өз жұмысымызда кәсіби тілдік тұлғаның қалыптасуын оның өзін кәсіби анықтауымен, яғни, субъектінің еңбек іс-әрекетінде тұлғалық мәнді іздеу үдерісімен байланысты индивидуалды-элеуметтік құбылыс ретінде қарастыратынымызды ескеру керек. Бұл жағдай біздің тұтас бір әрекет болып табылатын кәсіби қарым-қатынастың құрылымындағы кәсіби мәтіндерді қабылдауды талдауымызды қажет етеді. Себебі тек кәсіби мәтіндерді қабылдау арқылы ғана субъект кәсіби іс-әрекетте өз мәнін табуы мүмкін. Іскерлік қарым-қатынас үдерісі жағдайында мәтінді қабылдауды қарастыру біздің кәсіби дискурсқа көңіл аударуымызды талап етеді. Осыған байланысты С.А.Борисова мәтін «қарым-қатынас жасау қажеттілігімен анықталынатын және автордың түпкі ойына сәйкес сұхбаттасушыға белгілі бір ықпал жасауын ұйғаратын субъектінің тілдік санасының статикалық өнімі» [14], – деп ой қорытады. Алайда мәтін кәсіби қарым-қатынасқа қатысушылар арқылы кәсіби өзара әрекет ету жағдайына енгенде ғана мәнге, яғни, (нақты немесе ықтимал) мәтінге ие болады.

Кәсіби қарым-қатынасқа қатысушылардың кәсіби мәтіндерді және жалпы дискурсты түсінуі кәсіби қатынас үдерісінің негізгі бөлімдерінің бірі болып табылады. Л.С.Выготский «қатынастар жүйесі деп атауға болатын күрделі ішкі кеңістікте бағдар табу» іскерлігін сөздік шығарманы түсіну деп анықтайды [15]. А.А.Брудный түсіруді санада қалыптастыратын жағдайдың құрылымын бірте-бірте өзгерту және жағдайдың ойлау орталығының бір элементтен екінші элементке қарай орын ауыстыру үдерісі ретінде сипаттайды [12]. А.А.Леонтьев түсірудің трансформациялық негізін бөліп қарастырады: «Мәтінді түсіну – сол мәтіннің мәнін кез келген басқа бекіту формасына ауыстыру үдерісі өзгеше білдірілуі мүмкін нәрсе ғана». Сонымен бірге автор трансформацияның түрлерін де қарастырады: парафразалар, мазмұнын айту, аудару, мағыналық компрессия, заттың немесе жағдайдың бейнесін жасау, тұлғалық-мағыналық құрылымдарды қалыптастыру, оқиғаны эмоционалды бағалау, операциялар алгоритмін жасау және т.б. [11].

А.А.Леонтьев тұжырымдаған тілдік шығарманы түсірудің трансформациялық негізіне сүйене отырып, біз кәсіби тілдік тұлғаның анықтамасына субдискурстармен, соның ішінде жалпы кәсіби дискурспен амалдар жасау секілді маңызды сипаттаманы енгіземіз. Мәселе мынада, кәсіби білімдерді игеру болмысты өмірге деген «кәсіби көзқарас» деп аталатын қалыптасқан кәсіби бейне арқылы қабылдауды ұйғарады. Алайда бұл тезистің психикалық норма шеңберінен шықпайтынын [11] және тұлғаның кәсіби өзгеру шекарасына, оның апперцептивтілігіне дейін әрекет ететінін ескеруіміз керек. Күнделікті өмірде ересек адам басқа адамдармен кәсіби емес, әртүрлі элеуметтік: дос, жұбайы, сатып алушы және т.б. рөлдер негізінде өзара әрекет етеді. Кәсіби өзара әрекет ету қажеттілігі туындаған кезде, субъект жағдайды іскерлік деп қабылдай бастайды. Сонымен бірге, саналы түрде кодтық ауыстыру, күнделікті қарым-қатынастан кәсіби тілге ауысу орын алады. Осыған орай Р.Якобсон: «Кез келген ортақ код көп формалы және сөйлеушілер хабарламаның функциясына, адресатқа және сұхбаттасушылардың арасындағы қатынасқа байланысты еркін таңдайтын әртүрлі субкодтардың иерархиялық жиынтығы болып табылады» [16], – деп жазды. Бәрі қолданатын тілдік құралдардан кәсіби тілге ауысу арнайы терминологияны білуді ғана емес, сонымен қатар сәйкес жағдайды тани білуді және жағдайға байланысты сол білімді қолдануды ұйғарады. Басқаша айтсақ, әдеттегі ахуалды, күнделікті жағдайды кәсіби тілге ауыстыру қажет, бар мәнді арнай терминдермен қайта тұжырымдау керек. Жағдайды жалпы презентативті формадан индивидуалды түрдегі қалаулы, кәсіби формада қайта анықтау деп аталатын үдеріс жүзеге асады. Кәсіби тілдік паттерндер арқылы әдеттегі ахуалды, күнделікті жағдайды дәл осылай өзгерту маманның кәсіби болмысты түсінуінің мәні құрайды. Сондықтан біз кәсіби тілдік тұлғаны анықтауға кәсіби дискурсты қабылдаумен қатар, субдискурстық әрекет ету ұғымын енгіземіз. Субдискурстық әрекет ету дегеніміз субъектінің кәсіби мәтіннің көмегімен күнделікті болмысты саналы түрде өзгертуі. Жоғарыда келтірілген тұжырымдар кәсіби тілдік тұлғаны мамандықтың рөлдік талаптарын, кәсіби іс-әрекеттің мақсаттарын және табысты түрде өзін-өзі кәсіби татытуды ескере отырып, кәсіби-коммуникативті өзара әрекеттесудің әртүрлі жағдайларында кәсіби субдискурстарды қабылдауды және олармен әрекет етуді ұйғаратын кәсіби тілдік құзыреттіліктердің жиынтығы ретінде анықтауға мүмкіндік береді.

Ю.Н.Карулов тілдік тұлғаның құрылымын сипаттай отырып, оның үш деңгейін бөліп қарастырады: 1) вербалды-семантикалық (құрылымдық-тілдік) деңгей тіл ұстанушының табиғи әдеттегі ауызекі тілді меңгеру деңгейін көрсетеді; 2) лингво-когнитивті деңгей әрбір адам үшін айрықша «әлемнің бейнесін» қалыптастыратын ұғымдардан, идеялардан, концептерден тұрады 3) прагматикалық (уәждемелік) деңгей – бұл тілдік тұлғаның «бағалаудан сөйлеу іс-әрекетіне, әлемдегі нақты болмыстың мәнін түсінуге заңды ауысуын қамтамасыз ететін» мақсаттар, уәждемелер, мүдделер, ұстанымдар мен интенционалдық, яғни, сананың бағыттылығы [1].

Кәсіби тілдік тұлғаның құрылымына байланысты біз төмендегі деңгейлерді қарастыруымызға болады: коммуникативті-құзыреттілік, лингво-когнитивті және уәждемелік. Сонымен қатар мына дифиницалар кәсіби іс-әрекет шеңберінде тілдік тұлға құрылымының өзгеруіне негіз болады.

Біріншіден, кәсіби тілдің сөздік және грамматикалық негізінің жалпы ұлттық тілден айырмашылығы жоқ. Бұл кәсіби тілді қарым-қатынастың тұтас бір жүйесіне жатқызуға мүмкіндік бермейді.

Екіншіден, арнайы терминологияны меңгеру барысында ең алдымен ұлттық тілді білудің қалыптасқан деңгейіне сүйенеді.

Үшіншіден, субъекттер кәсіби өзара әрекеттесу кезінде кәсіби рөлдердің талаптарына сәйкес қарым-қатынас жасайды. Ол өз кезегінде әдеттегі ауызекі тілді қолдануды қажет етпейді. Осыған байланысты кәсіби тілдік тұлғаны сипаттау барысында вербалды-семантикалық деңгейді жеке бөліп қарастырудың қажеттілігі жоқ. Бұл жерде біз Ю.Н.Карауловтың сөзіне сілтеме жасай аламыз: «...тілдік тұлғаның тамырлары тезауруста жатыр» [1].

Сонымен қатар адамның кәсіби тұлғаға айналуы кәсіби іс-әрекеттің негізгі реттеушілері болып табылатын арнайы тіл мен сөйлеу мәнерін меңгерусіз мүмкін емес. Кезінде Л.С.Выготский тіл тек меңгерілгенде ғана тұлғаның бір бөлігі бола алады және іс-әрекеттің бөлігі ретінде өз мәнін ашып көрсетеді деген пікір білдірген болатын [15]. Демек, кәсіби іс-әрекетті тек арнайы тілді меңгеру арқылы жүзеге асыруға болады. Сондықтан, кәсіби іс-әрекетке қатысты әңгіме лексикон туралы емес, тіл жағынан адамды кәсіпқой маман ретінде сипаттайтын тілдік тұлғаның тезаурусы туралы болып отыр. Бұнда нақтырақ айтсақ, тілдік білімдер мен іскерліктерді меңгеру деңгейі емес, алынған кәсіби білімдерге, жинақталған интеллектуалды тәжірибеге, құндылықтар мен бейімділіктерге негізделген кәсіби іс-әрекетті сөйлету мен оны өз бетімен жүзеге асыруға қабілетті болу қарастырылады. Бұндай сипаттама субъекттің тілдік кәсіби құзыреттілігін (құзыретін) және тұлғаның кәсіби сапаларының маңызды сипаттамасы болып табылатын оның сөйлеу портретін көрсетеді.

Тілдік (коммуникативті) құзыреттілікті қалыптастыру тұрғысында кәсіби тілдік тұлға туралы айтатын болсақ, онда құзыреттілік адамның білімі мен тәжірибелік іс-әрекетінің арасындағы қатынастар саласына қатысты категория ретінде қарастырылады. Бұл кәсіби қарым-қатынас құзыреттілігін қол жеткізген арнайы білімдер, іскерліктер мен дағдылардың негізінде орындалынатын кәсіби іс-әрекеттің мақсаттары мен міндеттеріне сай, кәсіби қарым-қатынасты табысты жүзеге асыратын қабілеттіліктердің жиынтығы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осыған орай кәсіби тілдік тұлғаның құрылымына коммуникативті құзыреттілік деңгейін енгізуге болады. Келесі лингво-когнитивті деңгей тезаурус арқылы берілетін әлемнің кәсіби бейнесінде, сонымен бірге субъекттің жеке кәсіби топқа қатысты болуын сипаттайтын оның кәсіби әлемінің бейнесінде көрініс табады. Кәсіби тілдік тұлғаның уәждемелік деңгейі объективті болмысты субъектінің кәсіби тілдік санасының біржақтылығын ұйғаратын қозғаушы факторлар жүйесін білдіреді.

Сонымен, кәсіби тілдік тұлғаны талдау нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

1) Ғылыми зерттеудің объектісі ретінде тілдік тұлғаның ашық сипаты бұл құбылысты кәсіби іс-әрекет құрылымында зерттеуге мүмкіндік береді.

2) Әлемнің кәсіби бейнесі кәсіби тілдік тұлға мен кәсіби болмыстың өзара байланысының орталық буыны болып табылады, ал мәтіндер мен оларға сәйкес мәнмәтіндер жиынтығы ретіндегі кәсіби дискурс оның объективті көрініс табу түрі.

3) Кәсіби тілдік тұлға – мамандықтың рөлдік талаптарын, кәсіби іс-әрекеттің мақсаттарын және табысты түрде өзін-өзі кәсіби татытуды ескере отырып, кәсіби-коммуникативті өзара әрекеттесудің әртүрлі жағдайларында кәсіби субдискурстарды қабылдауды және олармен әрекет етуді ұйғаратын тілдік құзыреттіліктердің жиынтығы. Бұл жерде қабылдау жаңа бейнелерді қалыптастыру және дайын бейнелерді белгілеу болып табылады, ал субдискурсты әрекет ету субъекттің кәсіби-коммуникативті өзара әрекеттесу жағдайының қажеттіліктеріне сәйкес кәсіби мәтіндерді өзектендіру арқылы күнделікті болмысты саналы түрде өзгертуін білдіреді.

4) Кәсіби тілдік тұлға құрылымы үш деңгейді қамтиды:

а) коммуникативті құзыреттілік – коммуникативті жағдайдың қажеттіліктері мен кәсіби қызметтің мақсаттарына сәйкес кәсіби қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін қалыптастырылған іскерліктердің жиынтығы;

б) лингво-когнитивті тезаурус арқылы берілетін әлемнің кәсіби бейнесінде, сонымен бірге субъекттің жеке кәсіби топқа қатысты болуын сипаттайтын оның кәсіби әлемінің бейнесінде көрініс табады;

в) уәждемелік – объективті еңбек әлемін тұлғалық мәндерге сәйкес бейнелеуде субъекттің кәсіби тілдік санасының біржақтылығын ұйғаратын қозғаушы факторлар жүйесі.

Әдебиет:

1. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. - М.: Наука, 1987. - 262 с.
2. Маркс К., Энгельс Ф. Немецкая идеология.- М.: Политиздат, 1955. – 689 с.
3. Телия В.Н. Русская фразеология: семантико-прагматический и лингвокультурологический аспекты. - М.: Языки русской культуры, 1996.

4. Гумбольдт В. фон. Язык и философия культуры. - М.: Прогресс, 1985. - 451 с.
5. Вайсгербер И.Л. Язык и философия // Вопросы языкознания.- 1993. - №2
6. Уорф Б.Л. Отношение норм поведения и мышления к языку // Зарубежная лингвистика. - 1999. - Т. 1. - 106 с.
7. Бодуэн де Куртене И.А. Избранные труды по общему языкознанию. -М., 1963. - Т. 2.
8. Буслаев Ф.И. История изучения византийского и древнерусского искусства в России. - М., 1985. - 183с.
9. Богин Г.И. Модель языковой личности в ее отношении к разновидностям текстов : автореф. дисс. докт. филол. наук. - Л., 1984. - 31 с.
10. Виноградов В.В. О художественной прозе. -М.-Л., 1930.
11. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. - М., 2003.
12. Брудный А.А. Феномен понимания: когнитивный анализ. - Фрунзе: Илим, 1990. - 227 с.
13. Дридзе Т.М. Язык и социальная психология. -М.: Высшая школа, 1980. - 224с.
14. Борисова С.А. К вопросу о семантическом пространстве политического дискурса. - М., 2000.
15. Выготский Л.С. Собрание сочинений. - М., 1984.
16. Якобсон Р. Часть и целое в языке //Избранные работы. - М., 1985. - С. 301-305.

Әбсамтар Ә.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының магистранты

Қазақтың халық әндерінің лингвомәдени әлеуеті

Соңғы жылдары тіл білімінде антропоэлекті парадигманың жандануына байланысты тіл мен мәдениеттің өзара байланысы, арақатынасы туралы мәселе өзекті болып, тіл адаммен, оның ой-санасы, қызметімен тығыз байланыста зерттеле бастады. Л.Н.Мурзин осы уақытқа дейін мәдениеттанушылар мен лингвистер тіл мен мәдениетті оқшау, жеке-дара қарастырып келгенін, мәдениеттанушылар мәдениетті тілмен байланыстырмай, бөлек сипаттаса, лингвистер «тілді мәдениеттің қатысынсыз зерттеу керек, тілге мәдениеттің қатысы жоқ» деген ұстанымда болғанын ескертеді [1, 160]. Антропологиялық бағыттағы зерттеулердің жандануының нәтижесінде ғана адамға ерекше мән беріліп, адамның тікелей қатысы бар, адам тұтынатын тіл мен мәдениет сабақтастыққа қарастырыла бастады.

Тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастықта зерттеуге деген қызығушылықтың артуының өзіндік себептері бар:

- 1) халықаралық қатынастардың кеңеюі, әлемдегі саяси-әлеуметтік ахуалдың өзгеруі;
- 2) түрлі халықтардың ортақ және өзіндік ерекшеліктерін айқындауға, олардың мәдени құндылықтарын зерттеуге деген құлшыныстың артуы;
- 3) гуманитарлық ғылымдардың тоғысуы, тілдің психология, әлеуметтану, этнография, мәдениеттаным т.б. ғылым салалармен байланыста зерттелуі;
- 4) тіл білімінде антропологиялық бағыттағы зерттеулердің пайда болуы, тілді әлем туралы білімдер мен түсініктерді концептуалдайтын құрал ретінде тану (қабылдау).

Тіл мен мәдениеттің сабақтастығы XVIII-XIX ғасырларда В. фон Гумбольд еңбектерінен бастау алады. Ғалымның тұжырымдары кейін Ф.И.Буслаев пен А.А. Потебняның еңбектерінде жалғасын тапты. Кейінгі жылдары антропоэлекті парадигманың дамуына байланысты тіл мен мәдениеттің арақатынасын зерттеу, лингвистиканы тілдегі адам бейнесі, адамның тілді тұтынуы тұрғысынан зерделеу Н.Д. Арутюнова, А.Н. Баранов, Ю.Н.Караулов, Ю.С.Степанов, Б.А.Серебрянников, В.Н. Телия, В.Н.Топоров, А.Д. Шмелев т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде ерекше үрдіс алды.

Тіл мен мәдениеттің өзара қатысын зерттеуде бірнеше бағыт қалыптасты:

- 1) Тіл – мәдениеттің көрінісі, онда шынайы болмыс бейнеленеді, ал мәдениет – болмыстың бір бөлшегі ғана. Тіл мен мәдениеттің байланысы біржақты» деген ұстанымды негізге алған зерттеушілер: Г.А.Брутян, Л.Витгенштейн, Э.С. Маркарян.
- 2) «Адамдар әлемді өзінің ана тілінің негізінде, лингвистикалық сәйкестік арқылы ғана таниды» деп танушылар: Э.Сепир, Б.Уорф, Д.Хаймс.
- 3) «Тіл – мәдениеттің өнімі болумен қатар оның маңызды құрамдас бөлігі, мәдениеттің көрінісі, мәдени кодтардың қалыптасуының алғышарты» деп танушы зерттеушілер: Н.Д. Арутюнова, А. Вежбицкая, В.В.Воробьев, В.В.Красных, В.И.Карасик, В.А.Маслова, И.Г.Ольшанский, Е.О.Опарина, Б.А.Серебрянников, Ю.С.Степанов, В.Н. Телия, Е.В.Урысон т.б.

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеу нәтижесінде лингвоелтаным, этнолингвистика, лингвофольклористика, әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, поэтика сияқты ғылым салалары, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттаным, медиалингвистика, саяси лингвистика сияқты пәндер пайда болды. Қазақ тіл білімінде бұл бағыттағы зерттеп жүрген ғалымдардың қатарында Ә.Қайдар,

М.Копыленко, Е.Жанпейісов, Т.Жанұзақов, К.Хұсайын, Н.Уәли, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, А.Ислам, А.Сейілхан, Қ.Қайырбаева т.б. атауға болады.

Тіл мен мәдениетті сабақтастықта зерттеу ерекшелігі туралы профессор Ж.Манкеева: «Ұлттық рухымыз жаңғырып, салт-дәстүрлеріміз қайта жанданып жатқан қазіргі қазақ қоғамындағы рухани-әлеуметтік құбылысты дұрыс бағалап, негізін түсіну үшін ұлттық тілдің дамуының ішкі формасынан туындайтын жалпы заңдылықтарды жеке адам, ерекше тұлғалардың психикасымен (рухымен) және оның жалпы ұлттық санаға әсерімен байланысты түсіне білудің маңызы зор... Антропоэзеттік бағытта жүргізіліп жатқан зерттеулердің барысы тіл мен мәдениеттің байланысы тіл білімінің қазіргі лингвомәдениеттану саласында ерекше мәнге ие екенін көрсетіп отыр. Бұл екі фактордың тоғысуы нәтижесінде пайда болған тілдік деректер ұлт мәдениетін немесе ұлт тарихын, халықтың қоғамдық өмірін бейнелеп қана қоймай, ана тілінің сөздік қоры байлығының көрсеткіші ретінде де танылады», – деп жазады [2, 15].

Тіл мен мәдениеттің тоғысында лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттелуі қажет тілдік нысандардың бірі – қазақтың халық әндері. Халық әндерінде халықтың дүниетанымы, тарихы, сан ғасырлар бойғы тәжірибесі, мәдени жетістігі сақталған. Халық әндері тіл тарихынан мол ақпарат береді, ұлттық тілдің эстетикалық сипатын танытып, тарихи семиотиканың, семиотиканың да қызметін атқарады. Профессор Н.Уәли тіл де, мәдениет те семиотикалық жүйеге жататынын, олар әр басқа болғанмен, ортақ белгілері де барын ескерте келіп:

- мәдениет те тіл сияқты, адамның дүниетанымын бейнелейтін сананың формасы болып табылады;
- мәдениет пен тіл өзара қарым-қатынаста (диалогте) болады; тілсіз мәдениет жоқ, мәдениетсіз тіл жоқ;
- мәдениет пен тілдің субъектісі – индивид, социум, жеке тұлға, қоғам;
- мәдениетке де, тілге де нормалық тән;
- тарихилық мәдениет пен тілдің мәнді қасиеттерінің бірі», – дейді [3, 48].

Тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығы тілдің кумулятивтік қызметімен байланысты, яғни, тіл ғасырлар бойы жинақталған мәдениетті кейінгі ұрпаққа жеткізеді. Бұл орайда академик Ә.Қайдар: «Кез келген тілдің қоғамда өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі: коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажетті қызметі. Оның екінші қызметі – көркем шығарма тіліне тән, адам баласына тән образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын, эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине, қаламгердің шеберлігіне, сөз саптау мәдениетіне байланысты. Ал тілдің үшінші бір қызметі ғылыми терминмен айтқанда, аккумулятивтік қызметі деп аталады. Яғни ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиеті. ... Тіл фактілері мен деректері – тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен, содан іздеуіміз керек [4, 19 б.], – деп жазады.

Қазақтың халық әндеріндегі ұлттық кодты сақтайды. Халық әндерін лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеуде мәдени кодты айқындау мақсат етіледі. Тіл мен мәдениеттің өзара қатысын зерттеуде лингвомәдени құндылықтардың маңызды орын алады. Лингвомәдени құндылық дегеніміз – халықтың эстетикалық құндылығы көрініс табатын, мәдени коннотациясы бар тұрақты тілдік жүйе. Бұл орайда қазақтың халық әндері лингвомәдени құндылыққа жатады. Лингвомәдени құндылық ретінде тану үшін:

- онда мәдени коннотация болуы керек;
- тілдік материалда эстетикалық, жалпыадамзаттық, маңызды мәдени ұғым болуы керек;
- мәдени маңызы жоғары аямен сәйкес келуі керек;
- халықтың мәдени жадында жүйелі түрде орныққан тұрақты сипаты болуы керек.

Қазақтың халық әндері бұл талаптарға толық сәйкес келеді: халық әндері қазақтың ұлттық қазынасына, мәдени қорына жатады. Халық әндерінің тілі эстетикалық құндылыққа толы. Сондықтан ән мәтіні көркем құндылыққа жатады. Қазақтың халық әндері мәдени коннотацияға бай, онда денотативті, бейнелі қолданысты тілдік бірлік көп. Халық әндері мәдени, стильдік, бейнелі, эмоционалды-экспрессивті компонентке бай. Халық әндерінде қазақ халқы үшін ерекше маңызды саналатын ұғымдар мен түсініктер «Өмір», «махаббат», «табиғат», «жастық» т.с.с. концептілерде көрініс тапқан. Халық әндерінің құндылығы, жасампаздығы халықтың санасында, мәдениетімізде түбегейлі орныққан. Халық әндерін көпшілік қауым сүйсініп тыңдайды, қайта жаңғыртып, көненің көзіндей сақтап қалуға тырысады. Яғни, халық әндерін бағалау тәсілдері, оның критерийлері қоғамдық санада түпкілікті орныққан. Халық әндерінде «жақсылық пен жамандық», «ақ пен қара», «жомарттық пен сарандық» т.с.с. өзара қарсы қойыла отырып, тыңдаушысының жақсысын алып, жаманнан жиренуіне түрткі болады.

*Қайғысыз қара жүрек зарламайды
Екі дос бірін-бірі алдамайды.*

*Қара тас ұйқың келсе болар мамық,
Шын ғашық сұлулықты таңдамайды («Жиырма бес»).*

*Алды-артын ойлайтын ер-азамат
Дүниеге мастанып отырмайды («Абай көк»).*

*Қыз емес, қыздың аты — қызыл өрік,
Баршасы бірдей келсін мінез, көрік («Қызыл бидай»).*

Қазақтың халық әндерінен дүниенің өткіншілігі, жалғандығы туралы ойы, танымы көрінеді:

*Аха-хау, жалған,
Жиырма бес қайта айналып,
дүние-ау, келмес саған («Жиырма бес»).*

*Ойнамайын, күлмейін десем дағы, ахау,
Өтіп барады жас дәурен арманменен.
Бетер деймін ендеше, бетер деймін.
Осы бүгін көңіліңді көтер деймін.
Осы бүгін көңіліңді көтермесең
Ойнағаның, күлгенің бекер деймін («Қалқатайдың дауысы-ай!»).*

*Өлең деген немене білген құлға, угай-ай,
Ақ теңгесін кім қимас алар пұлға, угай-ай.
Оралыңның барында ойна да құл, угай-ай,
Өлгеннен соң адыра қалар тұлға, угай-ай («Угай-угай»).*

Келтірілген өлең жолдарындағы жастық шақтың зымырап өте шығатыны, өмірдің уақытша екені, жас кезде ойнап-күлу керектігі туралы ойдың терең астары бар. Бірнеше өлеңге тән мұндай сарынның философиялық мәні зор.

Халық әндерінің дәстүрлі-поэтикалық лексикасы тұрақтылығымен, халықтың мәдени-тілдік жадында бекітілген сөз орамдарының қолданылуымен ерекшеленеді.

*Айналайын көзіңнен
Күлімдеген,
Басқан ізің ешкімге
Білінбеген,
Замандас,
Кездескенде есіңе алып амандас («Замандас»).*

*Аралаймын аулыңды тарланменен,
Қарамайсың қасыңа барғанменен.
«Ойнамайын, күлмейін», - десем-дағы, ахау,
Өтіп барады жас дәурен арманменен («Сусамыр»).*

Халық әндерінің көбінде өмірдің қызығына, дүниеге бой алдырып, көрсеқызар болмауға шақырады:

*Айналайын, қарағым, хал жақсы ма?
Сала берме көзіңді әр жақсыға.
Сала берсең көзіңді әр жақсыға,
Бәрі жақсы көрінер алғашқыда («Сусамыр»).*

*Қарағым, айналайын, қал жақсы ма?!
Көзіңді сала берме әр жақсыға.
Көзіңді сала берсең әр жақсыға,
Көрінер бәрі жақсы алғашқыда («Ала қарға»).*

Сондай-ақ «жүзіңді көрмегелі көп болды», «көрмегелі көп айдың жүзі болды» т.с.с. қолданыстар ән мәтіндерінде жиі кездеседі:

*Көрмегелі жүзіңді көп күн болды,
Құмарланған көңілім қашан тынар?! («Көкем-ай»).*

*Айналайын, қарағым, алтыным-ай,
Ақ жүзіңді көргенде балқыдым-ай.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Есен-аман жүрмісің, жарқыным-ай
Ғашық жарым.
Ахау, керім, бұраң белім,
Күнде жиын, күнде той
Жүрген жерің («Ахау, керім»).*

Қызға қатысты ақ тамақ, бұраң бел, күлім көз, оймақ ауыз, қызыл ерін, өмірдің гүлі, айдын көлдің қоңыр қазы деген атауларды қолдану, жігітті лашынға, қыран құсқа теңеу – халық әндерінде қалыптасқан дәстүр. Мысалы:

*Сен де сері сәулем-ай, мен де сері, сәулем-ай,
Шын сүймесен көңліңді бермес едің, сәулем-ай.
Томағасын алдырған лашындаймын, сәулем-ай,
Сен болмасан бұл жерге, келмес едім сәулем-ай («Сәулем-ай»).*

*Боз жорға жорғаңа бас, алдыңда ел жоқ,
Ишетін шөлдегенде айдын көл жоқ,
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Ат ұстап, қарсы алатын бұраң бел жоқ («Боз жорға»).*

*Айналайын, қарағым, қиылған қас,
Сені ойласам көзіме келеді жас.
Өзіңе арнап хат жазып жіберейін,
Сағынғанда оқы да бауырыңа бас («Ақ кербез»).*

*Ағашы займкенің селдіреген,
Қалқаның екі көзі мөлдіреген.
Ән салып кешке таман жүргенінде,
Бұрмесі ақ көйлектің желбіреген («Келіншек»).*

Бұлар – нағыз қазақы танымға тән қолданыстар болса, Шығыс поэзиясының әсерімен қызды гүлге, бау-бақшаға, жігітті бұлбұл құсқа балау да кездеседі:

*Ай қараңғы аспанда түн емес пе, угай-ай,
Жақсы әйелдер өмірде гүл емес пе, угай-ай.
Қыздар гүл-гүл болғанда, жігіт бұлбұл, угай-ай,
Бұлбұл қонып гүліне түнемес пе, угай-ай («Угай-угай»).*

*Бау ішінде гүлімсің,
Айым менен күнімсің,
Тырнағым саған ілінсін («Бау ішінде гүлімсің»).*

Сондай-ақ қасты қаламға теңеу, тілді шекерге, тісті науатқа балау да, қызды «пері», «перизат» сияқты қолданыстар да – Шығыс поэзиясының ықпалынан туған. Мысалы:

*Аққұмның бір қызы бар Іңкәр атты,
Сөзі бар алуа, шекер, балдан тәтті.
Адамның өзім көрген абзалы екен,
Айтайын өлең қылып перизатты... («Аққұм»).*

*Қасың сұлу қағаздың қаламындай,
Туылғансың, жаным-ау, қалай мұндай, қалқам-ай.
Әкең сұңқар болғанда, шешен — пері,*

Бір кісіден тумамайды бала мұндай, сөйле, қалқам-ай.

*Тауға шықсам сайрайды тау кекілік,
Қар жауғанда қалады жол бекіліп, сөйле, қалқам-ай.
Тісің науат болғанда, тілің — шекер,
Қабағыңнан тұрады нұр төгіліп, сөйле, қалқам-ай («Сөйле, қалқам-ай»).*

Сұлу қызды сипаттауда халық әндерінде жаугершілік заманның белгілері орын алған. Қызды жалаулатқан найзадағы жалауға теңеу де кездеседі:

*Еркем-ай, дәнекерсің айнадағы,
Шашақсың жалаулатқан найзадағы.
Жаратқан ақ боз аттай сылаң қағып,
Бейуақыт сейілге шық жайна-дағы («Алқоңыр»).*

Мұндай айшықты бейнелер халық әндерінің қай кезеңде пайда болғанынан да мол ақпарат бере алады.

Қазақтың халық әндерінде қызды айдын көлде шомылған ақша балыққа, су бетінде ойнаған шабаққа теңеп, жігітті сол суға қармақ салған балықшыға балау да жиі кездеседі:

*Ақша балық шомылған
Айдын көлден,
Алтын қармақ салса да
Ілінбеген.
Замандас,
Жолыққанда есіңе алып амандас («Замандас»).*

*Көзіңнен айналайын қырғи қабақ,
Ойнаған су бетінде сен бір шабақ,
Салсам да алтын қармақ ілінбейсің,
Қайтейін қылығыңды, ей, ақтамақ («Әсем әнім сырнайдай»).*

Қазақтың халық әндеріндегі мұндай бейнелі айшықтар – кездейсоқ, ойламаған жерден пайда болған қолданыс емес. Мұндай тұрақты, дәстүрлі сөз қолданыстары, теңеу, эпитет т.с.с. айшықты қолданыстар халықтың мәдени жадының көрінісі. Сондықтан халық әндерінде қайталанатын мұндай бейнелі қолданыстар арқылы ол туынды халыққа етене жақын болады. Ол – халық әндерінің мәдени тетігі (механизмі) деуге болады. Ұжымдық мәдени-тілдік жад бейнелі қолданыстар кеңістігі іспетті. Бейнелі қолданыстардың тіркесімінде де белгілі бір заңдылық сақталады: *бұраң бел, қиғаш қас, ақ тамақ, күлім көз* т.с.с.

*Шөбі шүйгін төменгі көк қабақтың,
Қызы сұлу болады Көксадақтың, угай-ай.
Өлең, даусын сағынып жүргенімде,
Дауысы қайдан шығады ақ тамақтың, угай-ай.*

*Тау басында аршасы,
Басына бұлбұл қонсашы.
Оймақ ауыз, күлім көз,
Жарым сіздей болсашы («Угай-ай»).*

*Бір қамшым бар-ей қолымда жез бауырдан-ей,
Кірсем шыққым-ей келмейді қызды ауылдан-ей, бұраң бел.
Аулың алыс кеткендей-ей, қарағым-ай,
Жақсы көрдім-ей өзіңді бауырдан-ай, бұраң бел.*

*Қара-ай көз-ай, қытша бел,
Мені ойласаң-ай мұнда кел.
Еш кетпейсің-ай ойымнан,
Ұзақ таңға-ай, бұраң бел («Бұраң бел»).*

*Бұраң бел, көкем-ай,
Қасы, көзі қиылып
Қай жерде отыр екен-ай.*

*Көзімнің жанарындай сәулем едің,
Көңілімнің қуанышты дәурені едің.
Ойымнан жатсам-тұрсам еш кетпейсің,
Басымды не сиқырмен әуреледің?! («Аққұм»).*

*Күлім көз, оймақ ауыз бір сұлуды,
Тағы да алсаң тауып айдың көлдің қоңыр қазы («Аңшының әні»).*

*Уғай-ай,
Ән салшы-ай,
Бір бала-ай.
Қос етек, бұраң бел,
Қуалай соғар қоңыр жел («Бір бала»).*

А.Вежбицкая мұндай тілдік бірліктерді өзек сөзге жатқызып, мәдениеттің негізгі құндылығы ретінде сипаттайды: «Они могут привести нас в сердцеви́ну целого комплекса культурных ценностей и установок..., раскрывающих целую сеть культурно специфичных культурно-обусловленных сценариев» [5, 38]. Мұндай сөз қолданыстарды Ю.С.Степанов «константа» (лат.: constans (constantis) – «тұрақты») [6, 77] деп атаса, Титкова «рекурренттілік» (лат. Recurrete – «повторение») деп атайды [7, 85].

Қазақтың халық әндерінің бір ерекшелігі – ол бейнелі қолданысқа толы болады, айтылатын ой астарлап жеткізіледі. Мұндай көркем айшықтар эстетикалық қызмет атқарады. Профессор Ж.Манкеева этномәдени атауларды талдап, тіл мен мәдениеттің сабақтастығы туралы айта келіп: «Кез келген ұлттық мәдениеттің негізі – ортақ тілде сөйлеп, ортақ мүдде мен қағидаларға сай өмір сүріп, әрекет ететін этноқұжымда қалыптасқан шындық дүниенің тұтастығы, этностың материалдық және рухани кеңістігі. Олай болса, «тіл – ұлттың тірегі, ұлт мәдениетінің негізі» деген қағидаларға сәйкес тіл мен мәдениет арасындағы байланыстың арқауы сан ғасыр өтсе де бар асылын өз бойында сақтап, еш шашаусыз жиып, болашаққа жеткізетін тілдің күдіреті – кумулятивтік қызметі негізінде шешіледі... Демек, әр этностың өмір сүру сипаты ұлттың рухани ерекшеліктері, ойлау ұғымдары мен бағыт-байламдарын сипаттайтын тілдік жүйесі арқылы ана тілінде сақталады», – деп жазады [2, 14].

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу... Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», – деген болатын. Ұлттық рухани кодты ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін қазақтың халық әндерін тіл білімінде қалыптасқан жаңа бағыттарға сәйкес зерттеудің маңызы зор деп білеміз.

Әдебиет:

1. Мурзин Л.Н. Язык, текст и культура // Человек - текст - культура. -Екатеринбург, 1994.-С. 159-167.
2. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2010. – 382 б.
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.
4. Қайдар Ә. Этнолингвистика // Білім және еңбек 1985. №10. –18-26-б.
5. Вежбицкая А. Понимание культур через посредство ключевых слов / Пер. с англ. А.Д. Шмелева. - М.: Языки славянской культуры, 2001.-288 с.
6. Степанов Ю.С. Язык художественной литературы // Лингвистический энциклопедический словарь. Под ред. В.Н. Ярцевой. - М.: Большая Российская энциклопедия, 2002. - С. 608-609.
7. Титкова О.И. О перспективах лингвистического исследования рекуррентных единиц лексикона // Филологические науки. - 2003. -№ 2. -С.79-86.

Қазақ тілінің терминологиялық лексикасын байыту

Қазақ тілінің конституциялық мәртебе алғанына біраз жыл өтсе де, мемлекеттік тілдің қазіргі ахуалы, қоғамдық пікірге құлақ қойсақ, көпшіліктің көңілін көншітерілмейтін емес. Бұл тұрғыда түйіткіл мәселелердің бірі мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге, заңның, ғылымның және жаңа технологиялардың тілі ретінде дамытуға байланысты болып отыр. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту – тек бір ғана тілге байланысты шаралардың жиынтығы емес, ол жалпы ұлттық келбетімізді қалыптастыруға қатысты өріс алатын іргелі бағыт. Конституциялық мәртебесі бола тұра, басқару, ақпарат, ғылым-білім саласындағы әлеуметтік беделі аса жоғары қарым-қатынастық міндеттерді атқару мемлекеттік тілдің еншісіне толық тимей отыр. Ал, мемлекеттік тілдің 1) басқару, 2) ақпарат, 3) ғылым-білім саласындағы үш тағаны мықтап орнықпай, қоғам мен әлемдік қауымдастық алдындағы абыройы көтерілмейді. Егер ғалымдар ана тілінде жазбаса, азаматтардың жұмыс тілі қазақ тілінде болмаса, ол өзге ұлттың жырттысын жыртатын бейұлтты тұлғаға айналады [1].

Қазіргі кезде қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік өзгерістермен қатар тілдің демократиялануы да орын алып, оның өзгеруі жиі кездесетін құбылысқа айналып отыр. Қазақ тілі сөздерінің стилистикалық тұрғыдан бейтараптануы, мағынасы ескірген көне сөздердің (архаизмдердің) жасампаздық қасиетінің күшеюі, терминологиялық лексиканың жаңа қарқынмен игерілуі, терминдердің жалпы қолданысқа көшуі сияқты көптеген жаңалықтар тілдің демократиялануынан хабардар етсе керек [2]. Бұл мәселенің өзектілігі – тілдің демократиялануын пайдалана отыра, дәлірек айтсақ, терминологиялық лексика қорын байыту арқылы тілдегі артық шетелдік терминдер мен кірме сөздерді ығыстыру, ғылым тілін дамыту, тілдің қолданыс аясын кеңейту. Мысалы, «объект» терминін «нысан» деп аударып, «субъект» терминін сол күйінде қалдырдық өйткені оны «нысан» деп аударсақ, тіпті, күлкілі жағдай болар еді. Осы сөздерді аудармай-ақ солай, халыққа етене боп, үйреніп қалған күйінде қолдана берсек қазақ тілінің орасан байлығы ойсырап қалмауға тиісті деп санаймыз [3]. Бұл жерде айтпағымыз келесі мәселе, «Қазақ тілі терминологиясы мен жалпы күнделікті қолданыстағы сөздерді қалайша қазақыландыра аламыз?»

Қазіргі қолданысымыздағы қазақ терминологиясы, ғылым тілі бір күнде қалыптаса қалған жоқ. Ол өзінің қалыптасу тарихында бірнеше кезеңдерден өтті. Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы төраға болған «термин кемесіесінен» бүгінгі терминкомның құрылымы мен жұмыс жүргізу тәртібінің айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Терминология комиссиясының құрамында бес-алты сала маманы қызмет етіп, қыруар іс тындырған, мындаған қазақша терминдерді жасап, қолданысқа енгізген. Өткен ғасырдың басынан бастап, ғылымның түрлі салалары бойынша қазақ тіліндегі жекелеген зерттеу еңбектер, түрлі оқулықтар жазылып, қазақ баспасөзінің ел арасына ғылым-білімді кеңінен насихаттауы – қазақтың ғылым тілінің, ұлттық терминологиялық қорының қалыптасуына негіз қалады. Қазақ білімпаздары аталған мақсаттарына сәйкес жұмыстар атқарды [3]. Оны ең алдымен, ғасыр басында (20-30жылдары) Алаш оқығандарының қаламынан туындаған оқулықтар мен оқу құралдарынан анық көруге болады. А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал», «Әліппе», «Әдебиет танытқыш»; Е.Омарұлының – «Пішіндеме (Геометрия)» Х.Досмұхамедұлының «Жануарлар», «Адамның тән тірлігі», «Табиғаттану», Ж.Аймауытұлының «Психология», Ж.Күдериннің «Өсімдіктану», М.Жұмабайұлының «Педагогика», М.Дулатұлының «Есеп тану» сынды оқулықтары мен оқу құралдарындағы терминдердің орта есеппен 90 пайызы қазақ тілінің төл сөздері немесе солардың негізінде жасалған жаңа атаулар болып келеді. Кірме атаулар 10-15 пайыздан аспайды екен [3]. Олардың дені тіліміздің дыбыстық ерекшеліктерін ескеріп, үндестік заңын сақтай отырып өзгертіліп алынған. Сөз болып отырған кезеңде «Орысша-қазақша әскерлік атаулары», «Пән сөздері», «Атаулар сөздігі» сияқты қазақ тіліндегі алғашқы терминологиялық сөздіктер де жарық көрді. Сөздіктерге *жәбірленуші (потерпевший), ұғым (понятие), өкіл (представитель), үкім (приговор), қосымша (приложение), тозаң (пыльца), ерітінді (раствор), буын (слог), сөгіс (выговор), баяндама (доклад)* сынды сан түрлі саланың терминдері енгізілді. Алайда, 30-жылдары көптеген терминдер шеттетілгеніне қарамастан, 90-жылдары қайтадан қажетімізге жарата бастадық. Мысалы, мына төмендегі терминдер соңғы он-он бес жыл көлемінде терминқорымызға қайта қосылған атаулар: *хаттама (протокол), көшірме (выписка), арыз (заявление), жарнама (объявление), төраға, алқа (коллегия), салым, кепіл (залог), талапкер (истец), жасақ (отряд), кеңес (совет)* [3].

Өткен ғасырдың 20-жылдарында қазақ ағартушылары өзге тілден қабылданған сөздерді «*жат сөздер*», «*кірме сөздер*», «*бөгде сөздер*», «*қотыр сөздер*» деп атап, бұл сөздердің тілімізге көптеп кіруін тілімізді шұбарлау ретінде қабылдады. Ал 30-жылдардан бастап бұл атауларға «*интернационалдық терминдер*», «*халықаралық терминдер*» деген ат беріп, көптеген халықтардың

тілдеріне ортақтығын, ғылым-білім саласындағы қарым-қатынасты жеңілдететіндігін айта бастады [3]. Жалпы, қазақ тіліндегі терминологияны жүйеге келтіру мәселесін ең алғаш 1925 жылы Жүсіпбек Аймауытұлы «Ақ жол» газетінде жарық көрген «Пән сөздері қалай табылады?» атты мақаласында көтерген болатын. Онда халық зиялысы: «Тіл» деген нәрсе – біліммен бірге өсетін, орбитін жанды нәрсе... Мәдениетіміз күшейсе, тіліміз өзінен-өзі күшейеді. Қалай күшейеді? Жаңа сөздерді қайдан алады?» – деп, бірқатар сұрақтардың басын шалған. Ғылыми лексика қорының қай тілде болмасын көбіне шет тілдердің есебінен байып отырғаны айтпаса да белгілі [3]. Тілдер арасындағы өзара сөз алмасу, терминалмасу – қашанда болып отыратын табиғи құбылыс. Өзге тілден сөз қабылдамай, тек өз ішінен байып отыратын тілді кездестіру қиын. Әлем халықтары тілдерінің қай-қайсысы да сөз алмасу құбылысынан тыс қала алмайды. Қазақ тілі де солай. Біздің лексикалық қорымызда да әр кезеңде түрлі халықтардың тілдерінен қабылданған сөздер едәуір. Мәселен, араб-парсы, моңғол, орыс, қытай т.б. тілдерден енген сөздердің үлесі де, тілімізге қабылдануына себеп болған факторлар да әрқелкі. Алайда басты мәселе, жоғарыда айтқандай, «халықаралық» тілдердің аясы кеңіп, ұлттық тіл өз қадір-қасиеті мен әдемілігін жоғалтып алмаса болғаны. Өзге тілдерден сөз қабылдамай, сөз алмасу, термин алмасу процесіне мүлде тосқауыл қойып тастау мүмкін де, қажет те емес. Шет тілдері термин қор қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде орнымен пайдаланылса дұрыс, ал ұлт тіліндегі термин шығармашылығын шектеп, өзге тілдерден термин қабылдауға жаппай жол беріп қарап отыру – шарасыздық. Ұлт тілінің бағын байлайтын, мүмкіндігін шектейтін ондай әрекетсіздіктің жалғаса беруіне немқұрайды қарауға болмайды.

Арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде атаудың ықшам болуы, бір мағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы сияқты ерекшеліктер міндетті түрде ескерілуі қажет. «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарату. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді», – деп тілдің міндетін терең түсініп, терминология саласында ұшан-теңіз еңбек сіңірген Ахмет Байтұрсынұлы да атап өткен [3]. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі, көп жағдайда, өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға мәжбүр етеді. Алайда, жаңадан жасалып жатқан терминдердің арнаулы ұғымды дәл бере алатындарын іріктеп алып, ресми бекітуге ұсынған жөн. Өз кезегінде өзге тілден енген терминологияларды қабылдауды түркі тілдерінен ғылыми ұғымды атауға лайықты сөз табылмаған жағдайда ғана қабылдау керек деген шешімге біз де қосыламыз.

Соңғы жылдары елімізде, өз тіліміздегі терминология қорын дамытудың, біріздендірудің түрлі жолдарын ұсынып жүрген Ш.Құрманбайұлы түркі халқы бірігіп, терминологияны көршілес, бауырлас халықтардың тілі арқылы толықтыруды ұсынып жүр. Түркі тілдерінің терминдер жүйесін жақындастыру, ортақ терминдер қорын молайту кеше көтеріліп отырған тақырып емес. Бұл мәселенің қозғалғанына бір ғасырға жуық уақыт болды. 1924 жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынборда қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезі өтіп, онда терминологияны дамыту мәселелері сөз болды. Оған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрөқұлұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлы бастаған бүкіл Алаш зиялылары мен Ишанғали Арабайұлы бастаған қырғыз оқығандары қатысты. Съезд бекіткен қағидаттардың бірі – «Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер, жалпы, түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынысын» деген қағидат қабылданды. 1926 жылы Баку қаласында Бірінші Бүкілодақтық түркология съезі өтіп, оған көптеген түркітілдес халықтардың ғалымдары қатысты. Бірақ Бакудегі түркология съезінен кейін көп ұзамай қазақ зиялылары қуғындала бастады. Осылайша түркі халықтарының өзара термин алмасу мәселесін жолға қоюға бағытталған жұмыс 30-жылдардан кейін жалғасын таппай қалды.

1996-1997 жылдары қазақ-түрік лингвист-ғалымдарының ұйымдастыруымен Қазақстанның Түркістан қаласындағы Қазақ-түрік университетінде түркітілдес елдердің терминологиясына арналған мәжіліс өтті. Бұл жиынға Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Татарстан, Башқұрстан, Қарақалпақстан елдерінің тілші-ғалымдары қатысты. Бірақ күні бүгінге дейін түркі халықтары терминдер қорын тіларалық біріздендіру мәселесін шешудің тиімді тетігі қалыптаса қойған жоқ.

Лингвист ғалымдар зерттеулерінің нәтижелері қазіргі заманда кез келген тілдің лексикалық қорын байытып отырған жаңа сөздердің 80 пайыздан астамын неонимдер (жаңадан жасалған терминдер) құрайды екен [4]. Бұл – «егер біз ұлт тілінде термин жасайтын болсақ, өз тіліміздің табиғатын сақтай отырып оны байытамыз, керісінше, қай тілден көбірек сөз қабылдасақ, сол тілге жақындаймыз, онымен ортақтығымыз арта түседі» деген сөз. Осы қағиданы негізге ала отыра терминологиялық қорды байытудың тағы бір ұтымды жолы бар деп ойлаймын. Бұл мақсатта бізге әлемнің көптеген мемлекеттерінің бұрынғы және қазіргі кезеңде жүргізіп отырған саясаттары үлгі бола алады.

Мәселен, Ататүріктің билік басына келуімен түрік тілі өз тіліндегі терминдермен толығып, 30-шы жылдары Чехословакия, 60-70 жылдары ҚХДР термин тілдерін «қотыр сөздерден» тазарту жұмыстарын жүргізіп, соның жемісін осы таңда көріп отыр [5]. Тарихқа көз жүгіртсек, XVIII-XIX ғасырларда Ресейде француз мәдениетінің дәуірі орнады. Зиялы қауымның барлығы француз тілінде сөйлеп, тіпті әдебиетте де кірме сөздер кеңінен қолданылды. Ата-аналар балаларына француз тілін үйретіп, француз тәрбиешілерін жалдау сол кездегі қоғамдағы дәстүрге айналы десе де болады. Алайда Кеңес өкіметі құрылғаннан кейін тілдегі, ол аз десеңіз әдебиет пен мәдениет тіліне кіріп кеткен «бөтен сөздерді» шығару іс-шаралары қолға алынды. Осы жерде айта кеткен жөн болар, Ресей, Корея, т.б. шет елдерде «орталық тіл» деген ұғым кеңінен тараған. Яғни, сол елдің астаналарындағы қолданылатын тіл барлық нормаларға сай «негізгі» тіл болып саналып, оқулық, газет-журнал, әдебиет, саясатта қолданылады. Өткен ғасырда көрші Ресей осы қағиданы ұстанды, ал орталық Мәскеу тіліндегі жоқ сөздерді ұлан-байтақ жердің іске жарамды деген диалект (аймақтық) сөздерімен толтыра отыра сөздік жасап шығарған болатын. Біздің айтпағымыз, қазіргі таңда осы саясатты ұстанғанымыз жөн болар. Яғни, қазақ тілінің лексикологиялық қорын ішкі көздер: диалект, аймақтық, диаспора тіліндегі сөздер арқылы байыту. Қала берді, жыр-дастандар, ақын-жазушылар шығармаларынан, көне жазба ескерткіштерден тілімізді түлетуге жарайтын сөздерді іздеп тауып, қажетімізге жаратсақ болады. Мәселен, *айдауыл – конвой, торуыл – засада, құжат – документ*(Кеген, Нарынқол аудандары), *үрдіс – тенденция*(Ақтөбе, Қызылорда), *түнек – лежка, төп – барда*(малға жем ретінде пайдаланылатын спирт өндіргенде қалатын қоймалжың қалдық), *айырмашылық, нарық – различие, қаулы, бұрыштама, бұйрық, нұсқау – рапорт, приказ, ұжым – коллектив* (ШҚО), *алқа – коллегия, егемендік – суверенитет, собық – початок, қандауыр – скальпелт.б.* [5] көптеген аймақтық сөздерді ыждахаттылықпен жинақтап, талғаммен пайдалана білсек, «қазақи» сөздік қорымызды толықтырып алуға болады. Сонымен қатар, ЖОО-да жоғары курс студенттеріне оқытылып жүрген Байыңқұл Қалиұлының «Қазіргі қазақ тілі» атты пәнінде көптеген термин сөздер қазақ тілінде жазылған. Мысалы, *дыбыстаным – фонетика, тұлға – форма, үдеріс – процесс, сөзтаным – лексикология, түрпәт – вариант, мәндес сөздер – синоним, тұлғалас сөздер – омоним, қарсымәндес сөздер – антоним, сыпайы сөздер – эвфемизм, тұрпайы сөздер – дисфемизм, елтаным сөздер – этнографизм, пейілдік және сезімдік (пейілдік-сезімдік) – экспрессивті-эмоционалды, басқынишы (сөздер) – варваризм, сөз төркіні – этимология, түйдектаным – фразеология, түйдек – фразеология, т.б.*[6]. Екіншіден, шетелдегі қандас бауырларымыздың тілі арқылы байыту. Бізге Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Қырғызстан, Алтай қазақтарының тілдерінде бар сөздерді сұрыптап пайдалану жетіспейді. Сұрыптау арқылы кімде не бар екенін бағамдай отырып, бірімізде жоғымызды екіншімізден ала аламыз. Тіл мәселесіне келгенде қазақ диаспоралары бірігіп жұмыс істегені дұрыс. Мәселен, 2002 жылы шыққан «Информатика және компьютерлік техника» түсіндірме сөздігінде «мышка» сөзін орыс тілінен тікелей аударып «тышқан» деп алсақ, бір сөздіктерде әлі күнге дейін ағылшынша нұсқасы сақталған. Дәл осы терминнің баламасы ретінде Қытайдағы қазақтардың тіліндегі «тінтуір» сөзін алуға әбден болады [6]. Техникаға қатысы бар карта памяти деген сөзді де ҚХР-да қазақтар *жады* деп атап жүр. Өйткені, компьютер, ұялы телефонның сымдары, жалпы құрылысы адамның миқап пен миды жалғастыратын тамырларына ұқсайды. Өз кезегінде адам миы кез-келген ақпаратты өз жадында сақтамай ма? *Төрағалар алқасы* мен *«Алма-Арасан демалыс орталығы»* сияқты сөздерді жиі еститініміз рас. Осылардың арасын *«алқа, Арасан»* сөздерінің не мағына беретінін ойлап жатқан адам шамалы. *Арасан* деп Алтай өңіріндегі бауырларымыз минералды жылы суды атайды. Бірақ қазір бұндай сулар табиғи жолмен емес, қолдан жылытылып жасанды арасандар жасалынып жатыр. Оны *қол арасан* дейді екен. *Алқа* сөзі бізге Түрікменстан, Өзбекстан қазақтарынан келген. Бұл сөздің түп тамырының өзі *«шеңбер, ортаға алу»* дегеннен шыққан. Қазір қазақ тілінде болса «жиын, топ» ұғымының қызметін атқарып жүр. Дәл сол сияқты осы аймақтарда *айлам* деген сөз ипподром сөзінің аударма нұсқасы ретінде қолданылады. Тіпті диалектологиялық сөздікте *айлам* дегеніміз – «бәйге аттарының айналма шабысындағы жол» деп жазылған. Түрікменстан аумағынан бөлек ОҚО кей аймақтарында цинк сөзін *ақзон темір* дейді. Бұл дегені ақ темір деген сөз. Біз бұрыннан бері марля сөзін *дәкі/дәке* деп атап үйренсек, Иран, Ауғанстан қазақтары болса *тормата* деп атап жүр. Орыс тілінде порядок работы, режим работы деген тіркестер бар. Біз оларды қазақ тілінде жұмыс тәртібі деп аударып алдық. Бірақ ойланып қарасақ «порядок» пен «режим» сөздерінің арақатынасы тең емес қой. Неге режим-ді Моңғолиядағы бауырларымыздың тілінде *түзім* деп атамасқа? Қазақ тілінде қабырға суретін әдемілеп салатын рамка сөзінің аудармасын кім айта алады? Моңғолияда суретке арналған бұл құралды *жазы* деп атайды. Қазіргі таңда, тіптен, күнделікті «сметана, творог, брынза, сыр» сияқты атауларды жиі қолданғанның кесірінен ірімшігіміз бен қатығымызды айыра алмайтын жағдайға жеттік. Ал, брынза Түркімен, Ашхабад қазақтарының тілінде *пендір* екен. Ташкентте подносты *леген*, инструкцияны *көрсетте* дейді [6].

Басымдықты біз өзіміздің халыққа, басқа аймақ тілдеріне беруіміз қажет. Ғылымтанушылардың мәліметіне сүйенсек, әрбір жиырма бес жылда ғылыми пәндердің саны екі есеге артып отырады екен [3]. Осы жаңа салалардың бәрінің терминологиясын жасауда бізге бірлесе жұмыс атқару керек. Біздің тілаларлық біріздендіру жұмысымыздың болашағы да – осында. Қазақстан аймағындағы диалект сөздер мен қандас бауырлармыздың тілін қолдану жайдан туындап отырған ой емес және терминологияны байыту деген тек мәселенің бір ұшы ғана. Қытайдағы қазақтардың тілдері жергілікті қазақтарға қарағанда өзгеше екенін байқамау мүмкін емес. Салыстырмалы түрде қарасақ олар басқаша мақаммен сөйлейтіндей болып та көрінеді. Қазақстан мен қазақ диаспоралары арасында атау, терминдегі алшақтық ұлғаюда. Термин сөздерді дамыту жұмыстарын қолға алған кезде, шетелдегі қазақ диаспораларындағы тіл мамандарының пікірін, зерттеулерін ескерген жөн. Біздің де басты мақсат – ортақ тіл жасау. Өз кезегінде, тілдегі бірлік халыққа сенімділік пен өміршендік сыйлайды.

Қорыта айтқанда, заманның дамуына орай тілдегі ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы табиғи құбылыс. Ғылымды игеру де сол тілдегі негізгі кілт болып табылатын терминдерді) жұмбақ атауларды жаттаудан, жадына тоқудан басталатыны белгілі. Егер белгілі бір ұлттың тілі қоғамдық өмірдің қандай да бір саласындағы қызметін атқара алмай жатса, ол үшін тілді кінәлау мүлде дұрыс емес. Оның себептерін сол тілдің дамуына мүмкіндік бермей отырған қоғамнан іздеу немесе өз тілін қажетті деңгейде дамытып, тиісті салада қолдана алмай отырған ұлт зиялыларының өзінен көргені жөн. Сондықтан мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілін термин шығармашылығында тиімді пайдаланып, оны шын мәніндегі ғылым мен техниканың тілі ете білу өзімізге тікелей байланысты.

Әдебиет:

1. Тіл және қоғам. Альманах. – 2011. -№ 1(25)
2. Құрманбайұлы Ш. Терминдерді біріздендіру // Ана тілі. 2011, 24 қараша.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. – Алматы: Сөздік-словарь, 2004.
4. Қалиұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 2011.
5. <https://egemen.kz/2014/?p=43735>
6. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. - Алматы, 2007.

*Қайрақбаева Г., Қыдырмолдина Э., Сайынова М.
С.Аспандияров атындағы Қазақ
Ұлттық медицина университеті*

Жаңа ақпараттық технологияларды ағылшын тілі сабағында тиімді пайдалану

Жаңа ақпараттық технологияларды ағылшын тілі сабағында тиімді пайдаланудың мақсаты – ағылшын тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, студенттердің сөздік қорын молайту, сөйлеу тілінің грамматикасын қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айту, диалогтік сөйлеудің қалыптасуы, түсінгенін айта білу, сауатты жазуға дағдыландыру, дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, өмірге деген көзқарасын жан жақты дамытып, шығармашылық қабілетіне жол ашу.Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат болып отыр.Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық, коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі болып отыр.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: Компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсету. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің болашағы -жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілімен бірге шетел тілі «ағылшын тілінде» еркін сөйлеп, өз елін, халқын, мәдениетін шетелге таныстыра алатын үш тілде еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек деген еді. Компьютерлік телекоммуникациялар бүгінгі қоғамда үлкен қолданысқа ие. Мәселен бизнесте, ақпараттық құралдарда, ғылым мен білімде.

Қазіргі заман талабына сай әрбір маман өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық білімді және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек.Ағылшын тілі бүгінгі заманымыздың кілті, компьютер технологиясының кілті екені белгілі. Ағылшын тілі – ұлы әдебиет тілі. Бұл тілде әлемге әйгілі Вильям Шекспир, Джонаттан Свифт, Вальтер Скотт сөйлеген.

Біздің мемлекетімізде жаңа телекоммуникациялық құралдың дамып келе жатқаны сөзсіз. Қазіргі заман педагогтарына компьютер және мультимедиялық құралдарды қолданудың сабақ өту барсында өте тиімді тәсіл екені белгілі. Бұл құралдың қуаттылығы соншалықты онымен бірге білім жүйесіне жаңа әдістермен бірге әлемдік ойлаудың жаңа идеологиясы (шығармашылығы) енгізілді. Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы. Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялық – электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда, ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық – электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдану. Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану студенттердің сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, студенттердің есінде сақтауға көмектеседі.

Қазіргі кезде ағылшын тілімен компьютер, телекоммуникациялық құралдарды меңгеруді уақыттың өзі талап етеді, тіпті кейінгі жылдары олардың рөлі жоғарлай түсуде. Студенттердің ағылшын тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруда көп ізденіп, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруді, әр-түрлі әдіс-тәсілдерді білуді қажет деп санаймын және өз сабақтарымда қолданамын.

Жаңа ақпараттық құралдарды ағылшын тілі сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- студенттердің сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- студенттердің шығармашылығын арттырады;
- студенттерді жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- студенттердің есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- пікірталас, талдау жасау мүмкіндіктерін арттырады;
- үлгерімі төмен студенттерге көмектеседі.

Көбіне мен ағылшын тілі пәнінде компьютерді жаңа сабақ түсіндіргенде, грамматикалық құрылымдарды өткенде және қорытынды сабақта қолданамын.

Шетел тілін оқытудың басты мақсаты – студенттерге шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту. Осыған сәйкес оқыту мазмұнына қарапайым коммуникативтік біліктілікті, қажетті жағдайда ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас процессінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білік дағдылар енеді.

Шет тілді білу өмірдің өзекті мәселесіне айналды. Сондықтан өскелең ұрпақты шетел тіліне оқытуда әртүрлі әдістемелік жаңа әдістерді түрлендіре, күрделендіре түсу қажеттілігі туындап отыр. Әрине, тілді меңгеруде әлі де көптеген қиыншылықтар жетерлік. Соның бірі сөйлеу әрекеті. Бәрімізге мәлім шетел тілін меңгерудің негізгі мақсаты – коммуникативтік қатынасты дамыту. Тілді меңгерудің негізі – есту, көру қабілеттілігінің байланысын түрлі жаттығулар арқылы дамытып, оқушымен жеке жұмыс дағдысын қалыптастыру. Яғни, жеке тұлғаны қалыптастыру жолы. Шетел тілін оқытуда жеке тұлғаны қалыптастыру гуманитарлық бағытқа негізделген. Бұл принциптің негізі: оқытуда ең бірінші негізгі түйін – студент, ал ұстаз – оқытушы ғана емес – ол тану әрекетінің дамытушысы. Студент көбінесе шынайы қиындыққа қарағанда психологиялық қиындықты жиірек кездестіреді. Сол себепті көбінесе үнсіз қалады. Яғни, студент өз ойын білдіру үшін көмекші сөздерді, тілдік құралдарды таба алмағандықтан үндемейді, оқытушы мен топ алдында сөйлеуге қысылғандықтан үндемейді, өз білім дәрежесінің төмен екендігін көрсеткісі келмегендіктен үндемейді. Мұндай жағдайда студентті сөйлеу үшін қысым көрсетпей, оған сөйлеу үшін ыңғайлы, қолайлы мүмкіндік туғызылуы керек, оқушыны өз әрекеттерін тыңдай білуге үйрету керек. Оқытушы алдымен студенттерді сөйлеуге үйретуде, соның ішінде тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге ұмтылуын, студенттерде өз іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру үшін оған сай ниетін оятып әрі оқу атмосферасын орната білу керек.

Шетел тілін жаңаша оқыту соңғы жылдары жоғары қарқынға ие болды. Ұстаздардың сабақты жобалаудағы жауапкершілігі студенттердің шетел тілінде нәтижелі тілдік қарым-қатынас жасауына мүмкіншіліктер туғызады. Олар аз уақытта жаңа технология жәрдеміне үлкен жетістіктерге жете алады. Оқудың дәстүрлі үрдісіне инновациялық технологияны ендіру, оқытушылар мен студенттерге дәстүрлі формаларды және әдістерді жетілдіруге мүмкіндік береді,

сонымен қатар жаңаларды да, атап айтқанда: тренингтер, дөңгелек үстелдер, пресс-конференциялар және т.б. Оқытушылардың біліктілігі олардың педогогикалық қарым-қатынаста жағдаят жасауда көрінеді, онда оқытушылар да, студенттер де таңдау және бақылау мүмкіншілігіне ие болады. Инновация дегеніміз – тек ғана жаңалық енгізу емес, сонымен қатар жаңаны дәстүрлі оқу-тәрбие үрдісіне қолдана білу.

Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Шетел тілін оқытудың мақсаты субъектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ. Білім беру үрдісін ақпараттандыруда төмендегідей әдістемелік, педагогикалық міндеттерді шешуге болады:

- білім беруде көлемді ақпаратқа қол жеткізе алу; білім алуға мотивацияның жоғарылауы; өз бетінше жұмыс істеу; өзін-өзі бақылау және т. б.;

- жеке тұлғаны жетілдіру (тұлғаның ой-өрісі, эстетикалық тәрбие, зерттеу жұмысымен шұғылдану іскерлігін дамыту, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру және т. б.);

- әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру (компьютерлік біліктілікті қалыптастыру, белгілі бір сала бойынша маман дайындау және т. б.);

- оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру (білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыру, танымдық әрекеттің мотивін қамтамасыз ету, пәнаралық байланыстарды тереңдету және т. б.).

Сөз арқауы компьютерлік технологияны пайдалана отырып, шетел тілі сабағында интернет жүйесін қолдану мәселесі болмақ. Жаһанданған интернет жүйесін қолдану негізінде, тіл үйренушілердің сөз әрекетінің төрт түрінде де біліктілігін қалыптастыруға болады, жүйе материалдарын қолдану арқылы олардың оқу, жазу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға, сөздік қорын байытуға мүмкіндік туады. Интернет жүйесін пайдалана отырып, тілін үйренуші елдің өкілдерімен байланысқа түсе алады. Студенттердің шетел тілін үйренуге деген ынтасын арттыру олардың төмендегі шараларға қатысуы негізінде жасалынады: диспуттар, байқаулар, олимпиадалар және т.б. «Интернет» деген термин ағылшынның «international net» деген сөзінен, аудармасында «халықаралық байланыс» деген ұғымды береді. Интернет жүйесі арқылы тіл үйренуші тіл өкілімен тура, тікелей байланысқа түсе алады, шетел тілі сабағында Интернетке қосылу арқылы шынайы қарым-қатынас үлгісін жасауға болады. Табиғи тілдік ортада тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана отырып, тіл үйренушілер айтылымдарға спонтанды түрде, түрлі тілдік формулаларды қолдана отырып, жылдам жауап беруге дағдыланады.

Интернет жүйесінің келесі ақпараттық қоры мен ресурстарын шетел тілі сабағында пайдалану бірден-бір тиімді болмақ:

- электрондық пошта (e-mail), телеконференция, видеоконференция;

- жеке ақпараттарды жарыққа шығару мүмкіндігі немесе басқаша айтқанда Web

- серверге жеке шығару;

- ақпараттық каталогтар (Yahoo, InfoSeek/ UltraSmart, Galaxy) іздеу жүйесі (Alta, Vista, HotBob, Open Text), жүйе ішіндегі әңгіме (Chat).

Шетел тілі сабағында компьютермен жұмыс жасай отырып, студенттер психологиялық тұрғыдан да жеңілдіктерге ие болады. Атап айтқанда, студенттердің жасаған әрбір жұмысына берілетін бағаның, олардың жасаған қатесін қайталаулар негізінде көрсете отырып, яғни, жұмыс нәтижесін мақұлдап немесе белгілі бір дәрежеде қоштамай, өз пікірін білдіріп отыратын оқытушының тікелей қатыспауы, студенттерге өз бетінше жұмыс жасап, өзіне сенімділік болуын қамтамасыз етеді. Бұдан оқытушының шетел тілі сабағындағы орнын жоққа шығару деген түсінік туындамауы керек.

Керісінше, оқытушы тіл үйренушілердің жеке тұлға ретінде өз тапсырмаларын орындап, жұмыс қортындысын белгілейтін әлеуметтік-психологиялық жағдай туындата алатын, олардың жұмысына бағыт-бағдар беретін бірден-бір субъект. Қазіргі уақытта шетел тілін оқытудың коммуникативтігі, интерактивтілігі, аутенттігі тілді үйрену үрдісінің мәдени контексте болуы үстемдікке ие болуда. Аталған ұстанымдар коммуникативтілік қабілетінің компоненті ретінде мәдениетаралық біліктілікті дамытудың алғышартын жасайды. Шетел тілін дәстүрлі оқытуда тіл үйренушілер тілдік жаттығуларды жасап, қажетті материалды жаттаумен ғана шектеледі. Яғни, ол төмендегідей көрініске ие болады: «сөздік қор + қажетті құрылым = тіл». Алайда, тілдік құрылымды жаттаумен шектелу, тілді қарым- қатынас құралы ретінде меңгеруге толық мүмкіндік бермейді. Шетел тілінде тілдік қарым – қатынасқа үйрету үшін шынайы, өмірлік жағдаяттар туындату қажет. Ол студенттердің қажетті материалды меңгеруіне және соған сәйкес мінез-құлқын қалыптастыруға жағдай жасайды. Аталған мәселені шешуде Интернет жүйесі айтарлықтай маңызға ие. Біз дәстүрлі шетел тілі сабағын атағы да сипаттама жасайық. Көп жағдайда шетел тілін оқыту үрдісінде оқытушы студент ойын басқарады, яғни, бағыт беру немесе жетекшілік етуден гөрі, ол басшылық қызметіне ауысады. Бұл әрекет, психологтар көрсеткендей, студенттердің ойлау процесін тежейді. Мысалы,

дөңгелек үстел, пікірталас мәселесін оқытушы өзі дайындап, жоспарды беріп, студенттен сөйлеу барысында тек соған сүйенуін талап етеді. Яғни, өз ойын айтуда тұлғаға еркіндік берілмейді.

Студент мәселені түсінбей, өзіне қажетті ақпаратты ала алмай, мәселені шешуге шығармашылық тұрғыдан келу мүмкіншілігінен айырылып, өзінше ой қорытып, оны тұжырымдау және қызықты пікірлер айта алу қабілетіне ие бола алмайды. Ал мәселені шешуде жаңа ой, құнды пікір айту өте маңызды. Және ол міндетті түрде қортындыланып, көрініске ие болар болса, оның нәтижесі жоғары болмақ. Шетел тілін оқыту технологиясының тиімділігінің көрсеткіштері мыналар:

- Студенттердің моральдық психологиялық, интеллектуалдық және жас ерекшеліктерін ескеру;
- Оқуға жағымды көңіл күй қалыптастыру;
- Ұстаз бен студент арасында сөз алмасу, ғылыми қарым-қатынас және әріптестік принципін орнықтыру;
- Студенттердің еске сақтау қабілеті мен творчестволық деңгейін көтеру арқылы белсенділігін арттыру;
- Оқуды игеруге мультимедиялық және басқа да техникалық арсеналды кең іске қосу.

Білім беру технологиясының үш түрлі типі бар. Олар дәстүрлік, инновациялық және Ақпараттық. Бастысы – технологияның жиынтығы емес, оның дәрежесі. Студенттің әртүрлі ақпарат көздерін, ресурстарын пайдалану арқылы компьютерлік технологияның көмегімен өздерінің дербес ізденуі арқылы тілді игеруге кәсіби шеберлігін шындайды. Жаңа ақпараттық технологияға әртүрлі ақпараттарды электрондық әдіспен енгізу, сақтау және беру болып табылады. Оларды оқу процесінде пайдалану ерекшелігіне сай мына төмендегідей топтастыруға болады: компьютерлік оқу бағдарламалары (электрондық оқулықтар, тренажерлар, тьюторлар, лабораториялық жаттығулар, тест жүйесі). Мультимедиялық технологияға сай оқу жүйесі компьютер, видеотехника, оптикалық дискінің жиындысын пайдалану арқылы жүргізіледі. Интеллектуалдық және эксперттік жүйе. Ақпарат жиынтығы базасының қалыптасуы. Электрондық пошта, телеконференция, шоғырлы не аймақтық байланыс жүйесін біріктіретін телекоммуникациялық қондырғылар. Электронды кітапханалар. Бұл технологиялар білім саласында оларды пайдаланудан гөрі тезірек дамиды. Жоғары оқу орындарында көбіне-көп электрондық почталар жиі пайдаланылады.

Қазіргі кезде аудиоақпарат алмасу, видеоақпарат алмасу, виртуалды аудиторлық тақта, тақырыптық ақпарат енгізілген клавиатуралар, файлды алмасу, көпжақты конференциялар өткізу кеңнен таралған көпке белгілі компьютерлік видеоконференц байланыстың әдістемесіне жатқызылады. Бұл технологиялар ағылшын тілін біршама меңгерген студенттің еншісі болып табылады. Өйткені бұл материалдар тек ағылшын тілінде ғана беріледі. Компьютер жүйесі оқу процесін жетілдіру құралы болып табылады. Дегенмен, Интернет жүйесіндегі оқуға байланысты ақпараттар сирек, аз, жүйеленбеген. Оқу процесін аралық байланыс арқылы басқару электрондық почта арқылы материалдар қабылдау, жіберу, курс және диплом жұмыстарын көшіру, интерактивтік хабарлар алмасу арқылы жүргізіледі. Бүгінде бұл технологиялар оқытудан гөрі жаңа дамушылық маңызға ие. Дегенмен, түрлі ақпараттық ағымды пайдалану арқылы шет тілін меңгеруге талпыныс келешек медик-студенттерге өздерінің жан-жақты дамып, сауатты маман ретінде қалыптасуына игі ықпал етеді. Студенттердің техникалық білімінің кәсіби бағдарламаға сәйкес шет тілін меңгере отырып игеруі, олардың осы мақсатта жүйелі түрде технологиялық ақпараттарды және педагогикалық технологияны пайдалана отырып үнемі дайындығын арттыруына, ізденуіне байланысты. Жаңа педагогикалық технология студенттерді шет тілін меңгеруге жеке бағыттап, даярлық кезінде олардың қарым-қабілетін ескеруге мүмкіндік береді. Технологияның методикаға қарағанда айырмашылығы мынада: оқуды жобалау тәжірибені қортындылау негізінде емес, оқуды ғылыми тұрғыдан негіздеуге бағытталған.

Технология нәтиженің тұрақтылығына негізделген. Оқудың жағдайы мен түрлі факторларына қарамайды. Жеке іскерлік тұрғысынан педагогикалық технология жоғары нәтижеге жету үшін оқу процесіне эмперикалық инновацияны пайдалану арқылы ғылымды игеруге дидактикалық білімнің қасиетін нақтылау. Ол үшін оқудың мазмұнын, әдісін, оқу процесін ұйымдастыру формасын, оқу құралын жетілдіру қажет.

Интернет технологияның мәселелерін зерттеушілер кез келген педагогикалық технология ақпараттық екенін баса көрсетеді. Ақпараттық технология оқу процесіне кеңінен компьютерлік технологияны пайдаланумен ерекшеленеді. Оқуда жаңа ақпараттық технологияны пайдалану негізгі педагогикалық технологияның негізгі принциптерін қанағаттандырады. Шет тілін кәсіби бағдар ретінде оқып үйренуде жаңа педагогикалық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану бүгінгі күнгі білім жетілдірудің инновациялық түрі болып табылады. Педагогикалық технология деп оқудың сапасын жақсарту және жобалық қортындыға жету мақсатында оқытушы мен студенттер біріккен технологиялық іс-қимылын айтады.

Қорыта айтқанда, ағылшын тілі сабағында компьютер және т.б. жаңа ақпараттық құралдарды пайдалану заман талабы. Жаңа замандағы жаңа Қазақстанымыздың дамып келе жатқан қадамында оқу процессіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізілуі де, келешекте компьютер заманы болатынына көз жеткізеді. Инновациялық технологияларды сабақта қолдану – бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден-бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым-қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Менің айтарым, бүгінгі таңда университет қабырғасынан шығатын қазіргі заманғы буын бұрынғыдай бүкіл еңбек іс-әрекетінің ағымында өзіне бар болғаны бір кәсіпті иелік етуге мүмкіндік бермейді. Болашақ әркімнен жан-жақты болу дайындығын және ғұмыр бойы оқуды жалғастыруды талап етеді. Адамдардан, ағылшын мәтелінде айтылғандай, «to think globally and act locally» ауқымды түрде ойлау мен жеткілікті әрекет етуді талап ететін болады. Болашақ маманның тұлғалығын қалыптастыру *үздіксіз білім беруді*, кәсіптік іс-әрекеттің білімдерін, мазмұны мен құрылымын тұрақты дамытуды қамтамасыз ететін процесс болуы тиіс.

Әдебиет:

1. Китайгородская Г.А. Новые подходы к обучению иностранным языкам // Вестник МГУ. Серия «Лингвистика». – 1998.
2. Білім технологиялары. – 2006. - №2.
3. Бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелейік // Қазақстан мектебі. – 2006. - №3.
4. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. 2007, 28 ақпан
5. Әдіскер жаршысы. – 2006. - №5.

Құлабаева Р.

Қазақстан-Ресей медициналық университеті

Түркі тілдерін зерттеудің негізгі кезеңдері

Сан ғасырлық тарихы бар түркі тілдері осы кезеңге дейінгі, қазіргі және болашақ ғалымдардың зерттеулеріне арқау болғаны сөзсіз. Бұл зерттеу ғылымның түркітану немесе түркология деп аталатын іргелі саласында қарастырылады. Түркітану (түркология) – түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың тілін, әдебиетін, мәдениетін, тарихын, этнографиясын зерттейтін гуманитарлық пән. Түркітану ғылымы алғаш рет Орхон-Енисей, көне ұйғыр, манихей т.б. жазба ескерткіштерінің зерттелуіне байланысты еніп, дами бастады. Түркітану орта ғасырдағы араб, парсы, түркі тілінде жазылған тарихи жылнамаларды, филологиялық және географиялық шығармаларды зерттеу негізінде дами түсті.

Түркітану XIII ғасырға дейін шығыстану ғылымының бір саласы ретінде зерттеліп, XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап дербес ғылым ретінде қалыптасты. Түркітану жеке түркі халықтарына және олардың тілдеріне қатысты ғылыми тұжырымдардың, ой пікірлердің жиынтығы болғандықтан, жеке түркі тілдері туралы ғылымды түркітанудың бір саласы, тармағы деп атаймыз. Түркі халықтары туралы алғашқы мәліметтер Еуропада орта ғасырдың басында, Шығыс Рим империясының шекарасында Орта Азиядан көшкен тайпалардық пайда болуын басталады. Көне түркі халықтарының тұрмысы, мәдениеті, тарихы туралы пікірлер Византия дипломаттары мен тарихшыларының грек, латын тілінде жазылған еңбектерінде кездеседі деген мәлімет бар. Түркі тілдерін салыстырмалы тарихи әдіске сүйене отырып зерттеумен Еуропаның шығыстанушылары ХУІІІ ғасырда айналыса бастады. Түркітанудағы бұл әдістің бастамасы орыс швед соғысының тұтқыны, швед армиясының офицері И.Табберт-Страленберг еңбегімен байланысты. И.Страленберг – күні бүгінге дейін түркологтар арасында ғылыми айтыс тудырып жүрген Орал-Алтай теориясын ұсынған ғалым. И.Страленберг – Енисей өзені бойынан табылған руникалық жазу туралы алғашқы пікір айтқан, Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре түрік» еңбегін орыс, неміс тілдеріне аударған адам. Сөйтіп түркі тілдерінің зерттелу тарихы тереңнен тамыр алады. Х ғасырға тән «Повести временных лет» деп аталатын шығармада бұлғар, хазар, печенег тәрізді түркі тайпаларының атаулары ұшырасады. Ғалымдардың пікірінше, өзге халықтардың түркілер туралы алғашқы танымдары тілді меңгеруге дегене ұмтылыстың айналасында болған [1, 7-8].

Көптармақты түркітану ғылымының ауқымды бір саласы – түркі тілдерін зерттеу. Түркі тектес тілдердің лексикалық-грамматикалық құрылымының ортақтығы мен айырым белгілері, түркі тілдерінің шоғырлануы, саны, аймақтық орналасуы, көне түркі тілдері мен қазіргі жаңа түркі тілдерінің жай-күйі, көне түркі жазба ескерткіштерінің қазіргі жеке-дара түркі тілдеріне

қатыстылығы турасындағы көлемді монографиялық еңбектер, энциклопедиялар мен анықтамалар да бар.

Ғалымдардың пікіріне қарағанда, түркітанудың іргелі ғылым ретінде қалыптасуы ХҮІІІ ғасырдағы Ресей зерттеушілерінің есімдерімен тығыз байланысты. Бірнеше ғасырлар бойы зерттеу объектісі болып келе жатқан түркітанудың тарихы, әдетте, төрт кезеңге бөлінеді.

I кезең – ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысына дейінгі кезең. Бұл мерзімге шығыс тілдерін, оның ішінде түркі тілдерін үйрену, жазба нұсқаларды аудару, этнографиялық және эпиграфиялық жұмыстарды жүргізу тән.

II кезең – ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысы мен ХІХ ғасырдың бірінші жартысын қамтиды. Бұл кезеңді ғылыми түркітанудың бастамаасы деп атауға болады. Алғашқы еңбектің бірі – П.С.Палластың «Барлық тілдер мен наречиялардың салыстырмалы сөздігі» (1797) деген еңбегінде орыс тілінің сөзі екі жүз тілге аударылады, онда түркі сөздері де қамтылған. Осы кезеңде көптеген түркі тілдерінің грамматикалары жазылады. Мәселен, «Чуваш тілі грамматикасына қатысты ойлар» (1769), С.Халиевтің «Татар тілі азбукасы» (1778), «Орысша-татарша сөздік» (1785), И.Гигановтың «Татар тілі грамматикасы» (1801) және т.б. ХІХ ғ. алғашқы жартысында жекелеген мектептер мен гимназияларда ғана түркі тілі оқытылса, бұл жұмыс Қазан университетінде академиялық дәрежеге көтерілді. Түркітанушы мамандарды дайындау жұмысын ғылыми негізде дамыту үшін шетелдерден шығыстану ғылымының мамандары шақырылды. Немістің атақты шығыстанушы ғалымы Х.Д.Френ Қазан университетінің шығыс тілдері кафедрасын, сондай-ақ Петербургтегі «Азия музейі» (1881) деп аталатын ғылыми мекемені басқарады. 1805 ж. осын күнге дейін атын жоғалтпаған Қазан университеті ХІХ ғ. алғашқы жартысында Ресейдегі түркологиялық орталық болды. И.Халфин, И.Казам-Бек, Н.Н.Березин, Л.Д.Будагов, Н.И.Ильминский, С.Е.Малов, Ф.Е.Корш т.б. түркологтар осы университеттің түлектері, кейіннен оқытушылары болған.

III кезең – ХІХ ғасырдың екінші жартысынан Кеңес революциясына дейінгі дәуір (XX ғасырдың басы). Бұл кезеңде шығыстану орталығы Петербор қаласына ауысты. Осыған дейін шығыс тілдерін зерттеу практикалық сипатта болса, аталған дәуірден бастап ол ғылымдық, академиялық сипатқа ие болады. Елеулі лингвистикалық зерттеулер, грамматикалық талдаулар мен іргелі сөздіктер жарық көреді. Бұл тұста В.Радлов, О.Бетлинг, Н.Ашмарин, В.Богородицкий сияқты ғалымдардың еңбектері айрықша аталады.

IV кезең – 1917 жылдан басталады. Бұл дәуірде жеке түркі тілдері өз даму жолдарына түсті. Жекелеген тілдерге қатысты түркітану (қазақ, қырғыз, ұйғыр, өзбек, түрікмен, әзірбайжан т.б.) бірнеше бағытта дамыды:

- түркі тілдерінің фонетикасы мен грамматикасы;
- жеке түркі тілдерінің тарихы мен грамматикасы;
- түркі жазба ескерткіштерін зерттеу және жариялау;
- диалектография және диалектология;
- лексикография және лексикология;
- түркі халықтарының ұлттық тілдерінің дамуы мен тарихы;
- түркі тілдерін жіктеу мәселелері;
- қазіргі кезеңдегі түркі тілдерінің даму мәселесі;
- Алтаистика теориясы;
- кітапхан қорында сақталған қолжазбаларды зерттеу мен жариялау;
- отандық түркітану ғылымының салалары мен тарихын зерттеу;
- қостілділік пен әлеуметтік тіл білімі мәселелері;
- түркі филологиясының библиографиясы мәселелері және т.б. [1, 10-12]

Түркітану ғылымының тіл саласында қол жеткізген табыстары өте зор. Олар грамматика, фонетика, лексика, диалектология т.б. саласында айқын көрінеді. Мәселен, лексикология, лексикография, этимология салаларында қол жеткен табыс ретінде, әсіресе, үш еңбекті – бұдан 140 жыл бұрын алғаш дүниеге келген венгр ғалымы А.Вамберидің «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» (1861) атты еңбегін, содан тура жүз жылдан астам уақыт өткеннен кейін орыс ғалымы проф. Э.В.Севортянның осымен аттас көп томдық этимологиялық сөздігін, бұдан 35-40 жыл бұрын көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі бойынша ағылшын түркологы проф. Г. Клаусон «ХІІІ ғасырға дейінгі түркі ескерткіштері тілінің этимологиялық сөздігін» атауға болады.

ХІХ ғасырда түркітанудың дамуы одан әрі өркендеу сипатында болып, Шығыстану ғылымынан дараланып, өз сүрелеуіне түскенменен әлі де болса ХҮІІІ ғасырда зерттеу жүргізіле бастаған салалар толық қамтылмады. Шығысты зерттеген орыс ғалымдарының еңбектеріне шолу жасай келіп, В.В.Бартольд: «бұл тараптан орыс ғылымы, әсіресе ХІХ ғасырда едәуір табысқа қолы жетсе де, бірақ, өз мүмкіндігінен деңгейі әлі де төмен, Ресейдің географиялық жағдайын, халықтардың құрамы, Ұлы Петрден басталған санұрпақтың еңбегін ескергенде, бұдан қомақты болса керек еді» деп жазды. Әрине, патшалық Ресей жағдайында Түркітанудың жүйелі де жоспарлы зерттеуін күту мүмкін емес

еді. Дегенмен XIX ғасырда, одан кейін де, әсіресе түркі филологиясы саласында өте құнды зерттеу жүргізген орыс түркітанушы ғалымдарының еңбегін атамасқа болмайды. Осы кезеңде (XIX ғ.) Түркия түркітанушылары ортағасырдағы жазба ескерткіштер мен жылнамаларды зерттеп, жариялаумен көбірек айналысты. Бұл жұмыстарды Стамбул университетінде және «Осман тарихының қоғамында» (1910 ж. құрылған) түрік ғалымдары жүргізді. Мұнда түріктердің өз тарихы мен тілін зерттеумен қатар жалпы түркітануды зерттеу проблемасы да мақсат етілді. 1930 жылдан бастап Түркияда түркітанудың орталығы «Түрік тілі қоғамы», «Түрік әдеби қоғамы» және «Түрік тарихы қоғамдары» болып отырды. Сонымен қатар, Стамбул университетінің әдебиет факультеті, осы университеттің түркітану және ислам зерттеу институты, Анкара университетінің тіл, тарих, география факультеттері және соның жанындағы Түркітану институты, Эрзурум университеті т.б. ортағасырдағы қолжазбалар мен Түркияның көне тарихы және қазіргі тарихын зерттеуде ерекше орын алып келеді.

Түркияның тарихын, тілін, әдебиетін зерттеуге Еуропа ғалымдарымен қатар, соңғы ғасырда отандық түркітану да белсенді айналысуда. XIX ғасырда Ресейдегі түркітану ғылымының өзіне тән ерекшелігі – Ғылым Академиясы мен жоғары оқу орындарында зерттелумен қатар, сырттан шақырылған ғалымдар (Г.Клапрот, Х.Френ, Б.А.Дорн, А.О.Мухлинский, В.В.Радлов, К.Г.Залеман т.б.) мен Н.И.Ильминский, Н.М.Ядренцев, П.М.Мелиоранский, А.Н.Самойлович, Ф.Е.Корш, В.В.Катаринский, В.В.Бартольд, С.Е.Малов т.б. түркітанушы ғалымдардың, шығыс зерттеушілері, оның ішінде түркі тілдес халықтар мен т.б. халықтар уәкілдерінің (Ибрагимов Халфин, Александр Казембек, Магомед Оспанов, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.К.Насыров, Н.Ф.Катанов т.б.) еңбектерінде болды. Бұл ғалымдарының еңбектерімен қатар жеке түркі тілдерінің ғылыми грамматикалары жазылды. (О.Н.Бетлинг – саха тілі, В.В.Радлов – шығыс түркі тілдерінің фонетикасы, Ф.Е.Корш – Жетісужазбаларының тілі, бірнеше авторларалтай тілдері, А.Казембек – «Түрік-татар тілдерінің грамматикасы», Н.И.Ильминский – «Қырғыз-қазақ тілін зерттеуге қажет материалдар», П.М.Мелиоранский – «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы» т.б сөздіктері), (И.Н.Ашмарин – чуваш тілінде, В.В.Радлов – түркі тілдерінде, В.В. Вельяминов-Зернов – шағатай-түрік тілінде, Л.З.Будагов – «Түрік-татар тілдерінің салыстырмалы сөздігі» т.б. жазылды). Өте құнды фольклорлық-тілдік материалдар мен хрестоматиялар жинақталып, басылды (В.В.Радлов – «Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері», И. Н. Березин – «Түрік хрестоматиясы», В.М. Вербицкий – «Түркі тілдерінің алтай, аладағ наречіесі ерекшеліктерінің сөздігі», Ы.Алтынсарин – «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясы»), жекелеген түркі халықтары мен түркі тілдес аймақтардың азаматтық, генеологиялық, этникалық тарихы зерттелді. Мұражайларда мәдени-этнографиялық материалдар мен ежелгі құнды заттар жиналды [2, 240-245].

Нақтылы бір түркі тілі бойынша, атап айтқанда, қазақ тіл білімі саласында еңбек еткен, еңбек етіп жүрген тілші ғалымдар: А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Н.Т.Сауранбаев, М.Балақаев, С.Аманжолов, Ғ.Мусабаев, А.Ысқақов, Ә.Т.Қайдаров, Р.Г.Сыздықова, Ш.Ш.Сарыбаев, Р.С.Әміров, Т.Қордабаев, М.Томанов, Ә.Құрысжанов, Ғ.Айдаров, Н.Оралбаева, А.Қалыбаева, С.Исаев, Т.Исаев, Т.Сайрамбаев, Т.Жанұзақов, Ө.Айтбаев, Б.Әбілқасымов, К.Аханов және т.б. атауға болады.

Түркі тілдеріне қатысты мағлұматтарды соңғы жылдары және қазіргі таңдағы зерттеу еңбектерінен де алуға болады. Бұл салада аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздарымыздың еңбектерін де атап өткім келеді. Профессор Б.Сағындықұлы ғылыми еңбектерінің басым бөлімін түркологияға, оның ішінде түркі тілдерінің фонетикасы мен лексикасына арнады. Тілші ғалым Г.Қосымова өзінің «Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері: Шумерология және түркі(қазақ)таным мәселелері» атты монографиясында қазақ тілінің тарихын түркі тілдерінің даму тарихында қарастыра отырып, қазақ тілінің сөздік қорындағы тарихи сөздердің сипаты арқылы өзіндік даму жолын айқындауды мақсат етеді және қазақ тілінің түркі тілдеріндегі алатын орнын анықтау өте өзекті екендігін алға тартады. Профессор Қ.Қалыбаева «Түркі тілдерінің салыстырмалы фразеологиясы» атты еңбегінде түркі тілдеріндегі тұрақты тіркестерге талдау жасаса, Г.Раева «Түркі тілдеріндегі сингармониялық варианттар мен параллельдер» «Түркі тілдеріндегі жуан түбірлердің жіңішке түбірлерге айналуы» атты монографиясында түркі тілдерінің фонетикалық мәселелелеріне баса назар аударады. Сондай-ақ осы салада жазылып жатқан түрлі докторлық, кандидаттық диссертациялар түркологияны жаңа қырынан зерттеуге үлес қосатынына сеніміміз мол.

Әдебиет:

1. Алдашева А., Сүлейменова Э., Авакова Р. Түркі тілдері. Хрестоматия-оқулық. – Түркістан, ХҚТУ баспасы, 2004. – 382 б.
2. Қайдар Ә. Түркітануға кіріспе. Оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2004. – 360 б.

Тәрбиедегі ата-ана мен бала қарым-қатынасының маңызы

Баланың мектеп жасына дейінгі кезеңі өте сақтықты, қателеспеуді, сауатты тәрбиелеуді қажет ететін және бала эмоциясының нәзік кезеңі болып саналады. Мектепке дейінгі ерте жас шамасындағы балаларға ерекше қарым-қатынастар талап етіледі. Олар өте мейірімді, нәзік, сенгіш келеді. Сондықтан бұл жас шамасындағы балдырғандарды қамқорлыққа алу, мейіріммен тәрбиелеу өте маңызды. Мұндай кезеңдегі сәбиді тәрбиелеуде ешкім де анасын алмастыра алмайтыны туралы ұмытпау керек. Отбасы – адам өмір, тіршілік негіздерін алатын қоғамның бір бөлігі, шағынәлеуметтік топ. Бала отбасы мүшелерімен тікелей эмоциялық қарым-қатынаста бола отырып, тек сөйлеу мен ойлау, нысандық іс-әрекеттер мен тұлғаралық өзарақатынастар дағдысын ғана алып қоймай, қаласын-қаламасын үлкендердің мінез-құлық үлгілерін де бойына сіңіреді. Ата-аналары бала үшін оның отбасының өмірі, бір бөлшегі болып табылатын мәдениеттің шынайы әлемін білдіреді. Ата-ананың махаббаты мен қамқорлығы, баланың ата-анасына психологиялық тәуелділігі (олар оның көз алдында тек қана оған тиесілі) балаға ерте жастан білім мен дағдылар беруге оңтайлы жағдай туғызады. Мектепке дейінгі балалық шақ – денсаулықты қалыптастыру және жеке тұлғаның дамуындағы адамның өміріндегі ең маңызды кезеңі. Сонымен қатар, бұл кезде бала айналасындағы ересектерге, яғни, ата-аналары мен тәрбиешіге тәуелді. Келеңсіз жағдайлар, жүріс-тұрыс, әлеуметтік және эмоционалдық мәселелер зардаптары баланың болашағына тікелей әсерін тигізеді. Баланың іс-әрекетін сипаттайтын ең маңызды салалардың бірі негізінде нормалар және ережелерді меңгеруі оның әлеуметтік дамуы болып табылады: бір жағынан, баланың заттық әлемнің қағидаларын түсінуі қажет. Екінші жағынан, адамдарға деген қарым-қатынастың ережесі. Бала бақша тәрбиешілері, педагогтар мен психологтар осыған байланысты балалардың өмірге деген сүйіспеншілігін арттырып, қоғамда және жеке адам басындағы қорқулар, үрей, қуану, б. адамдардың сезімінде үлкен жауапкершілікпен қараулары керек. Өз эмоцияларын басқара білу – мектепке дейінгі жастағы балалардың ең басты жетістігі. Баланың өмірінің алғашқы күнінен бастап енетін отбасындағы саналуан әлеуметтік ролдері (ол бірмезгілде немере, ұл, іні, қарындасқа аға, ініге, аға, жиен, ағай т.с.с.), сондай-ақ отбасы тіршілігінің басқа да жағдайлары өмірдің ең саналуан жағдайларына беріктік пен икемділікке бейімделуді дамытады. Бұл қасиеттер қазір адамға ең қажеттілері. Ертеңгі күннің бұлыңғырлығы, негізгі әлеуметтік институттардың дағдарысы жекетұлғаға деген ерекшеліктік (бәсекеге қабілеттілік), интерналдылық (өз бетіндік, белсенділік), коммуникабельділік және басқа көптеген талаптарды қалыптастырады [1, 105].

«Ата-ана-бала» жұбындағы кез келген қарым-қатынас түрінің тәрбиелік маңызы бар. Тұлғаны қалыптастырудың маңызды факторы бола отырып, қарым-қатынас үлкен педагогикалық мүмкіндіктерге ие. Тәрбие мақсатына жету үшін ата-аналар әртүрлі әсерлерге жүгінеді: мадақтау және жазалау. Балаларды саналы түрде мадақтау нәтижесінде баланың тұлға ретінде дамуын жеделдетуге болады. Егерде жазалау қажеттілігі туындаса, онда оны тек қана қажетті жағдайда ғана қолдану керек. Өте қатал жаза нәтижесінде балада қорқыныш немесе өшпенділік болуы мүмкін. Кез келген физикалық әсер нәтижесінде балада өзіне ұнамаған жағдайды күшпен шешуге болады деген ұстанымды туындатады [2, 2]. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас мектепке дейінгі жасынан бастап баланың психикасында сақталады. Осымен ұрпақтан ұрпаққа қарым-қатынас жасау стилі ауысып, әлеуметтік мұраға жетеді: көбінесе ата-аналар өздерін бала кезінде қалай тәрбиелегендей, балаларына да сондай тәрбие береді. Сонымен бірге балаларымызбен қарым-қатынас жасау тәсілі қоғамдағы педагогикалық көзқарастарға бейімделген сәнге байланысты болып, бізді қоршаған туыстарымыз бен достарымызбен, отбасы мүшелерімізбен қарым-қатынас жасау стиліне, ата-аналардың жасына, олардың тұрмыстық жағдайына және басқа себептерге байланысты болады. Бірақ та баламен қарым-қатынас жасау оңай. Өйткені баламен қарым-қатынас жасау процесі көбінесе қуаныш әкеледі. Бала мен ересектердің қарым-қатынастары оңай және қызықты болу үшін бірнеше ережелерді қолдануға болады [3, 2].

Отбасындағы жалпы қарым-қатынас, үйдегілердің бір-біріне деген сый құрметі немесе басқалармен болған байланысы, сөз шеберліктері, яки, болмаса, жағымсыз қылықтары жас баланың қалыптасуына үлкен әсер етеді. Өсіп келе жатқан бала отбасындағы үрдісті тез және өзіне жақын қабылдайды. Отбасындағы кез келген жағдаятта ата-ана мен үйдің үлкендері бала алдындағы сөздері мен іс-әрекеттерінде әдептілік танытқаны жөн. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді дана халқымыз. Осы айтылған халық даналығына келсек, бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп, үлкендерге көмектескісі келіп өседі. Сондықтан балаға тәлім ретінде ата-ана өз іс-әрекеттері мен қарым-қатынасын, әдепті сөйлеу үлгілерін көрсеткені құптарлық жайт.

Ғалымдар әдіскерлер мен психолог мамандарға отбасымен жұмыстарда бірнеше қағидаларды басшылыққа алуды ұсынады:

1. Отбасын зерттеудің объективті сипаты;
2. Отбасының барлық мінездемелерін зерттеуге кешенді ұстаным;
3. Отбасының өзіндік ерекшеліктерін анықтау және оларды оның тәрбиелікәлеуетін күшейтуге пайдалану;
4. Шынайы ахуалды талдау;
5. Отбасын зерттеудің екіжақты сипаты;
6. Баланың жеке тұлғасын, оның тәрбиелілігін бірдей зерттеу арқылотбасындағы тәрбие қызметін зерттеу;
7. Отбасына оптимистік ұстаным жасау;
8. Отбасы мен қоғамның тәрбиелік мүмкіндіктерін іс жүзіне асырудыңзерттеумен бірлігі;
9. Отбасы тәрбиесінің пайдаланылмаған резервтерін анықтау[3].

Тәрбиелеу мен оқытудың міндеттері баланың осы іс-әрекет түрлерін қалыптастыру және оны белгілі бір мақсатқа бағыттап отыруды көздейді. Ойнау, еңбек ету, және білім алу барысында ақыл-ой, адамгершілік, физикалық және көркем тәрбие, даму процесі қатар жүреді. Бала осы кезде белгілі дәрежеде үйренеді, іскерліккөрсетеді, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға, қоғамдық өмірдің әдет дағыларын игеруге бейімделеді. Іс-әрекеттің тап осы түрлерін ғана дамыту арқылы тәрбиелеу білім беру міндеттерін шешуге, бала дамуын дұрыс жолмен бағыттап отыруға мүмкіндік туады. Жақсы ойнап, сергек, әр нәрсеге ынталы баланы ересек адамдар мен балалар қоғамында өмір сүруге қажетті қасиеттерді толық игеріп келе жатқан тәрбиелі бала деп атауы мүмкін. Жоғарыда аталып өткен іс-әрекеттің әрқайсысы бала дамуына өзіндік жіне өзіне тән үлесін қосады. Мысалы, тәрбиенің ең маңызды міндеті саналатын ақыл-ой тәрбиесінің өзі бала ойының: еңбегін және балалардың оқуын үнемі бағыттап отыру арқылы жүзеге асатыны бізге балаларды тәрбиелеу тәжірибесінен таныс. Адамгершілікке тәрбиелеу міндеттері жөнінде де осыны айтуға болады. Бала өзін-өзі көрсете білсе, ендеше ойын, оқу еңбекте адамгершілікке тәрбиеленеді деген сөз. Өйткені мұнда олардың өзара ересек адамдармен қарым-қатынасы қалыптасады. Іс-әрекеттің әрбір түрінде осылайша өзара ұштасып жататын педагогикалық мүмкіндіктерді ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тіршілік әрекеттерін, тәрбиелік мақсатқа сай ұйымдастыра аламыз. Ойын, еңбек, оқу арқылы біз балаларға белгілі бір тұрғыдан ықпал жасай аламыз. Бірақ біз іс-әрекеттер ойын, еңбек, оқыту өзара ұштасқан жағдайда ғана баланың жеке басын дамытудатолық нәтижеге жете аламыз.

Балабақшаның негізгі міндеті – баланың жеке басының бастапқы қалыптасуын қамтамасыз ету. Бұл жас баланың ақыл-ойының дамуы мен даярлығы үшін қолайлы кезең. Осы кезеңде бала оқу мен тәрбиені қалыптастыруға, өз қызметін білуге, тілдік қатынастың қарапайым тәжірибесінде өзін-өзі таныта білуге, мінез-құлық мәдениетіне, жеке гигиеналық және салауатты өмір салтының негіздеріне бағдарланады. И.Г.Песталовци: «Бала тәрбиесі, оның дүниеге келген күнінен басталуы керек. Баланың дүниені түсінуі отбасында басталып, мектепте әрі қарай жалғастырылуы шарт», – деген қағиданы ұсынды. Француздың ұлы ағартушысы Ж.Ж.Руссо бала тәрбиесінің көзі еңбекте, сондықтан баланы жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеуді отбасында еңбекке үйретуден бастау керек деп қараса, әйгілі орыс педагогы К.Д.Ушинский бала тәрбиесіне тоқтала келе: «мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің негізгі ортасы – отбасы», – деген пікірді айтқан болатын.

Жалпы баланың тұлға болып қалыптасуында шешуші рөлді қоршаған адамдармен қалыптасатын қатынастар жүйесі атқарады. Бұл жүйеде баланың ересектермен қатынастары үлкен рөлге ие екен. Ал бала тәрбиесінде қолданылатын басты әдістер, бұл – үлгі-өнеге, бірлікті еңбек, әңгіме-сұхбат, баланы қолдау мен қуаттау және қорғау. Бала ата-аналар арасындағы байланысқа, басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуына, отбасы ішіндегі тұрмыс-тіршілігіндегі жағдайларға, барша отбасылық іс-әрекеттерге қатысады. Сондықтан да баланы тәрбиелеу үшін арнайы шарт, жағдайлар жасаудың тіпті де қажеті жоқ, тек қана ата-ана мен отбасы мүшелері тарапынан дұрыс, инабатты, адамгершілік әдеби сақталған қарым-қатынас арқылы баланы тәрбиелеп, өз болашағында осы қасиеттерді басты ұстаным етіп алуын ұғындырған жөн.

Әдебиет:

1. Бодалев А.А. Психология общения. - М., 2002.
2. Исакаев Ж. Ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынас// www.massaget.kz. 2015.
3. Токанова М. Баламен қалай дұрыс қарым-қатынас жасау керек? – Алматы, 2014.

Дидактикалық ойындардың бала ой-өрісіне әсері

Ойын мектепке дейінгі жастағы балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А.С.Макаренко: «Ойын – балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады»[1],– деп балалар ойынын жоғары бағалаған. Сол сияқты А.М.Горький «Ойын арқылы бала дүниені таниды»,– десе, А.С.Сухомлинский «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге сарай ашылған үлкен терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз– ұшқын, білімге құштарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», – дейді. Шынында да бала үшін ойын– өмір сүрудің белсенді формасы, сол арқылы ересектерге еліктейді, олардың іс-әрекетін, қарым-қатынастарын үйренеді, еңбектің мәнін түсініп, адамгершілік нормаларын игереді, әлеуметтік рөлдер атқарады.

Жеке тұлғаны дамытудағы ойынның тәрбиелік маңызы:

- баланың эстетикалық сезімін дамытады;
- балаға адамгершілік тәрбие берудің негізгі құралы;
- баланың бойында еңбек тәрбиесін сіңіреді;
- баланың ақыл-ой тәрбиесін дамытады;
- қоршаған орта туралы білім беру құралы[2, 3].

Ал дидактикалық ойынның мақсаты баланы қызықтыра отырып, жаңа ақпаратты немесе өткенді берік меңгерту болып табылады. Дидактикалық ойындардың ережесі балалардың түсінуіне оңай, қарапайым әрі қысқа болуы шарт. Дидактикалық ойынды сабақта қолданғанда оның мынадай шарттарға сәйкес болуын қатаң ескеру қажет:

- ойынның балаларға беретін білімдік және тәрбиелік мәні болуы;
- баланың жан-жақты дамуына, танымдық қызметінің артуына әсер етеді;
- өтіліп отырған материалдарға қызығушылығын туғызуы;
- сабақтың мақсатын іске асыруда балаларға қажетті білік пен дағдыны қалыптастыруға көмектесетіндей болуы тиіс;
- тілдік материалдарды салыстыра алуы және қорытынды жасай білуі;
- балалардың қоршаған ортамен таныстырудағы рөлі болуы.

Балабақша бүлдіршіндерінің негізгі әрекеті ойын десек, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу-әрекетін үйренуге, оқуға бейімделе бастауы қажет. Ол сабақ барысында пайдаланатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асыралады. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді.

Дидактикалық ойынбағдарламада анықталған білім, білік, дағдыларын және түсінік беру, оларды қалыптастыру тиянақтау және пысықтау немесе тексеру сипатында болады. Балаларға бағдарлама бойынша сабақ өткенде ойынның міндеттерін ескеруді қажет етеді. Балалардың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнмен анықталады. Дидактикалық ойындар – балабақша бүлдіршіндері үшін өзіне тән жүру барысы, мақсаты, маңызы бар әрекет.

Дидактикалық ойындар ұйымдастыру қашанда төмендегідей екі мақсатты көздейді:

- танымдық, яғни, балалардың тану, іздену әрекетін дамыту;
- тәрбиелік, яғни, үлкендермен немесе өз қатарластарымен қарым-қатынас жасағанда қажетті негізгі дағдыларды, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.

Дидактикалық ойындарды ұйымдастырудың өзіндік маңызы бар. Тәрбиеші ұстаздың іріктеп қолданған ойындары сабақ жүйесінде баланы дамытушылық әрекеттерімен ерекшеленуі тиіс. Лайықты қолданған дидактикалық ойындардың мынадай маңыздылығы бар:

1. Дидактикалық ойын балабақша бүлдіршіндерінің қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтеді, оны бекітіп, нақтылай түседі.

2. Әрбір дидактикалық ойын балабақша бүлдіршіндерін ойнай білуге баулып, сөздік қорын молайтады, ақыл-ой қызметін қалыптастырады.

3. Дидактикалық ойын адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады және ұстамдылықты, тәртіпті қажет етеді.

Балабақшадағы қолданылған ойындар ойлауға, тілді дамытуға, баланың шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл-қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым-

қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным-түсінік, мінез-құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады.

Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерде педагогикалық процестер барысында баланың көңіл-күйін анықтап, психологиялық мотивтерді туындатып, жағымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Психологиялық жаттығулар баланы үлкендермен және достарымен қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеп, өз пікірлерін айтып жеткізе білуге көмектеседі. Ойын жаттығулар арқылы баланың білімділік дағдыларын күнделікті іс-әрекетте қолдана білу мүмкіндіктері қарастырылады. Психологиялық ойын-жаттығулар баланың жан дүниесінің, рухани жай-күйінің үйлесімді дамуына ықпал етеді. Баланың сезім әрекетін, әсерленушілік деңгейін анықтау үшін қолданылады. Ойындардың негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, ой-өрісі, қабылдауын дамытуға, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының іс-әрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру [1, 56]. Мейлі қандай ойын болсын, ойнау кезінде сол ойындардан үлкен де мәнді, мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Өйткені ең алдымен не нәрсенің болсын жөн бастар қайнар көзі болатыны белгілі. Сондықтан да ойын бала бойындағы қандай да бір өнердің бастауы деп білеміз.

Ойынның өзін әдіскер ғалымдар бірнеше түрге бөліп қарастырады. Олар: *дидактикалық ойындар, сюжетті-рөлді ойындар, қимыл-қозғалыс ойындары, құрылыс ойындары*. Осылардың ішіндегі біз қарастырып отырған дидактикалық ойындар балабақша бүлдіршіндерінің ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түседі, әрі пысықтауды көздейді. Бұл дидактикалық ойындар балабақша бүлдіршіндерінің сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі. Себебі ойын-оқу, еңбек, іс-әрекеттерімен бірге балалардың өмір сүруінің маңызды бір түрі. А.С.Макаренконың айтуынша, ойында баланың физикалық, психологиялық қасиеттерінің сапалары да өзгеріп отырады. Ойын баланың сабаққа ынтасын аудартуға, көңіл қойғызуға, сондай-ақ қабылдауын жеңілдетуге, білімді толық игеруге көмектеседі.

Балалардың ой-өрісін дамытатын «Санамак» ойынын алар болсақ, оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру. Атау ұйқастарын санау арқылы бала сан үйренеді, санға аты ұйқас заттарды танып біледі. Ребустар шешудің ой ұшқырлығын дамытуға әсері мол. Баланы ұшқыр ойға, тапқырлыққа жетелейтін жұмбақтарды әр сабақ сайын жүйелі пайдалану керек. Жұмбақ ойыны балалардың өздігінен ойлауына мүмкіндік жасайды, оларды дерексіз ойлаудан нақтылы ойлауға жетелей түседі. Ұлттық ойындарды да қолдану сабақ мазмұнын байыта түседі және баланың қиялдарын қозғап, зейіндерін кеңейте түседі. Математика сабағында «аз», «көп» ұғымдарын баланың зердесіне ұялату оңай нәрсе емес. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық-саусақ ойыны. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды, ағаштарды т.б көптеген бейнелерді бейнелей алады. Мысалы, *Арқан түйю* ойыны.

Балалар шеңбер жасап тұрады. Қолында арқаны бар жүргізуші топ арасынан шығады да: – Ойын басталды! – деп дауыстайды. Сонан соң арқанның түйілмеген басын ұстап шеңбер бойымен айналады, арқанды балалардың аяқтарының астынан жібереді. Балалар арқан үстімен секіріп тұрады. Кімде-кімнің аяғына арқан ілініп, секіре алмай қалса, ол бала ойынды тоқтатып өнер көрсетеді, тақпақ, өлең айтады немесе билеп береді. Ойын осылай жалғаса береді.

Допты қуып жет!

Ойын мақсаты: балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауға, тез жүгіруге, түстердің түрін ажырата білуге баулу. Ойынның шарты: бұл ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады. Тәрбиеші доптарды себетке салып алып, балалардың алдына домалатып жібереді. «Допты қуып жет» деген белгі бойынша, балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек. Ойынға қажетті көрнекі құралдар: түрлі-түсті, үлкен-кішілі доптар.

Тышқан мен мысық

Ойын мақсаты – балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету. Ойын шарты: Бұл ойынға топ балалары бәрі тегіс қатыса алады. Балаларды (қақпа қалың) дөңгелене тұрғызып, ортаға тәрбиеші көмегімен тышқанмен мысық сайланады. Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек. Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни, мысықтан құтқару үшін қақпадан тышқанды шығарып жіберіп, мысықты шығармауға тырысады. Мысық тышқанды ұстау үшін шапшаңдық керек. Мысық тышқанды ұстап алса, ойынға келесі жаңа балалар қатысып, алмаса береді. Көрнекі құралдар: мысық, тышқан бетперделері.

Мұндай балалар қимылды ойындарды балалар жақсы көреді, бірақ балаларды дер кезінде жылдам жинап ойынға жұмылдыра қою оңай бола бермейді. Баланың ойы басқа дүниеге ауған болса, ол соның әсерінен шыға қоймауы мүмкін немесе қолындағы ойыншығын қимайды. Сондықтан оларды ойынға тарту үшін қолайлы уақытты таңдай білу керек. Қолайлы уақыт деген балалардың көңіл күйі,

шаршамауы, қимыл қабілеті т.б. жағымды жағдайлар кіреді. Балалар өздерінің ойынында негізінен айналасында көргенін бейнелейтіндігі және ол ойындар балалардың өмір сүрген кезеңіне дәл келетіні ақиқат.

Сонымен, психологиялық жаттығулар баланы үлкендермен және достарымен қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеп, өз пікірлерін айтып жеткізе білуге көмектеседі. Ойын жаттығулар арқылы баланың білімдік дағдыларын күнделікті іс-әрекетте қолдана білу мүмкіндіктері қарастырылады. Ойнай отырып ойлануға бағыт беріледі. Баланың өсіп жетілуіне ықпал ететін басты құрал-ойын. Ойын арқылы бала өседі, жетіледі, ой-өрісі дамиды. Дидактикалық ойындар балабақша бүлдіршіндерінез бетінше жұмыс істей білуді дағдыландырады, ойлау қабілеттерін, ізденімпаздығын арттырады, сөздік қорын молайтуға көмектеседі.

Әдебиет:

1. Дүйсенова Ж., Нығметова Қ. Балалар психологиясы.- Алматы, 2012.
2. Қалабаева А. Ойын – баланың жан серігі. – Алматы, 2014.

Күлбарақова Ж.

Ертегілер арқылы бала шығармашылығын қалыптастыру

Еліміздегі үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы кезеңі – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Заман ағымының көшіне ілесіп, өркениетті елдер қатарынан көріну саясаты білім беру жүйесімен тікелей байланысты болып келеді. Қазіргі талап әлемдік деңгейге көтерілуге бет бұру кезеңіндегі ұлттық мәдени-тарихи, рухани құндылықтарымызды бойына сіңірген азаматтарды тәрбиелеп, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру жолында озық елдердің білім деңгейіне көтерілу қажеттігін алға тартады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз қазақ халқының санғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз. Сонымен қатар ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз етеміз»[1],– деп атап көрсеткен. Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз ететін –білім саласы. Бүгінгі таңда білім саласының алдында репродуктивті білімді, дағдыларды қайталайтын ғана емес шығармашылық бағытта жұмыс істейтін тың жаңашыл идеяларды әкелетін, өзіндік тұжырым жасай алу қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл айтылған мақсаттың бәрі – өскелең ұрпақтың оқу, тәрбиесіне тікелей қатысты үрдіс. Балалардың шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе екендігін дәлелдейді.

Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты жетілдіре тәрбиелеуде ауыз әдебиеті үлгілерінің ертегі жанры түрін қолданудың білімдікте, тәрбиелік те мәнінің зор екені сөзсіз. Ертегі арқылы адам бойына адамгершілік жақсы қасиеттерді қалыптастыруға болады[2, 4]. Балғындарды жақсы істерге ұмтылдыру, жаман қылықтардан аулақ жүру, өнегелі құндылықтарды дәріптеп, адамгершілікке кір келтіретін мінездер, әдепсіздік, жеңілтектік, екіжүзділік, көрсеқызарлық, опасыздық, өркөкіректіктен қашанда аулақ болу балалардың жастайынан санасына сіңірілген жағдайда, олардың дұрыс бағытпен өсуіне үлкен септігін тигізеді. Ал сыйластық, жасы үлкенді сыйлау, сәлемдесу, үлкеннің сөзіне жөнді-жөнсіз араласпау, кісінің алдынан кесе өтпеу, көп алдына дарақыланып күлмеу, есінемеу сияқты қылықтарды жас ұрпақ санасына отбасы тәрбиесінен басталып, балабақша тәрбиесінде жалғасын тауып, ақырындап сіңіріліп отырады. Адам баласы қоғамда өзінің адамгершілік қасиеттерімен, қайырымдылығымен, адалдығымен, әділеттілігімен ардақталады. Жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен махаббат, әділеттік пен әділетсіздік, борыш пен намыс, ар мен ождан адамның іс-әрекеті арқылы өлшенеді. Осындай құндылықтарды бүлдіршіндердің бастап игеруі балабақшадағы оқу-танымдық іс-әрекеттер арқылы сіңіріледі. Бұл орайда ертегінің алатын маңызы үлкен.

Ертегінің атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі әдеби қазына. Сондықтан ертегілік прозаның басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Балабақшада балғындардың рөлде ойнап, ертегі кейіпкерлерінің кейпіне еніп, ойнауы – балалар үшін қызықты әрекет. Рөлге ену арқылы кейіпкердің мінезін сезінеді. Жақсы қылықтарды жаны сүйіп, жаман қылықтардан бас тартуға дайын болады.

Қазақ ертегілерінің не үшін қажет екенін әдебиет зерттеушісі ғалым А.Байтұрсынов «Ертегінің кәдірі қанша деп сұрағанда, керектігіне қарай жауап беріледі. Ертегінің керек орындары:

1. Халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ. Олай болса, ертегі тіл жағынан керек нәрсе.
2. Бала әдебиеті жоқ жерде баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор кедергі бар нәрсе. Баланы қиялдауға, сөйлеуге үйретеді.

3. Бұрынғылардың сана – саңлау, қалып-салты жағынан дерек беруші үшін керегі бар нәрсе» [3], – деп айтқан болатын. Қазақ халық ертегілерімейірімділікке, адалдыққа, әділеттікке, еңбек сүйгіштікке, тазалыққа, достыққа, әдептілікке үйретеді. Жамандықтан, қулықтан, өтіріктен, зұлымдықтан аулақ болуға тәрбиелеу жолын алға қояды. Әрдайым татулық, бірлік, ынтымақ жеңетінін көрсетеді және жас ұрпақты елжандылыққа, Отан сүйгіштікке тәрбиелейді.

Балалар тілі мен шығармашылығын дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын көрсетеді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Сондықтан да, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызын еш уақытта жоймақ емес.

Балабақшада балалармен ертегілер мен әдеби шығармаларды рөлмен ойнау, қойылымдар қою жұмыстары жақсы жүргізілуде. Театрландырылған қойылымдар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, өмірлік оң көзқарастарын тәрбиелеу және шығармашылыққа баулу мақсаты көзделеді.

Бұл мақсатты жүзеге асыру барысында бірнеше міндеттер қамтылады:

- театрландырылған қойылымдар арқылы балалар тілін дамыту;
- сөздік қорларын байыту;
- ауызша сөйлегенде дыбыстарды анық айтуға үйрету;
- кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу;
- байланыстырып сөйлеуге дағдыландыра отырып, шығарма барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету;

Ертегілер дүниесіне сапар шегу балалардың қиялдау, елестету, тіпті өздері ойдан шығару қабілетін дамытады. Әдебиеттің ең озық үлгілерінің адамгершілік рухында тәрбие алған балалар өздерінің ойындарында өздерінің шығармашылығымен ойдан құрастырылған кейіпкерлермен сөйлесе жүріп, шығарған ертегілерінде немесе әңгімелерінде өздерін әділетті көрсетіп, әлсіздермен жәбірленгендерді қорғап жауыздарды жазалауға тырысады. Өйткені халқымыздың тәлім тәрбиелік мұрасы адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандылықты дәріптейді. Жас ұрпақты жастайынан тәрбиелеудің маңыздылығын қазақ халқы ерте түсінген, ешқандай жоғары білімсіз-ақ дана халқымыз тәрбиенің небір оңтайлы әдістерін бесіктен бастаған. Әңгімелер, ертегілер бала қатынасының ең нәтижелі құралы болып табылады [4, 12]. Атақты педагог Ы.Алтынсарин: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» [5, 36], – деп атап айтқан болатын. Жас балалардың өз ойынан ойын шығарып, ертегі немесе әңгіме құрап, рөлде өзі ойнап отыруының өзі осының дәлелі секілді.

«Бала мейлі жақсы, мейлі жаман іс болсын, әйтеуір бірдеме істеуі керек. Ештеңемен айналыспаған адамның жан дүниесі жөнді жетілмейді» [3], – деген Ж.Аймауытовтың бұл пікірі белгілі психолог А.Н.Леонтьевтің адам психологиясы тек іс-әрекет үстінде дамып отырады дейтін қағидасына жақын тұжырым деп есептейміз.

Ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, бала шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» үлкен рөл атқарады. «Шығармашылық тапсырмалар» атауы педагогикада белгілі, екі құрамдас бөліктен тұрады:

-біріншіден, бала дербес, өз бетімен ойдан жаңаны құрастырады;

-екіншіден, жағдай тудырушы материалдар даярлап, шығармашылыққа икемдейтін ересек адамның қатысуы қарастырылады.

Баланың шығармашылығын дамытуда педагогке жауапкершілік жүктеледі, жұмыс нәтижесі оның іскерлігіне байланысты. Шығармашылықты қалыптастыру жолдарын зерттеу тапсырмаларды күрделендірудің үш кезеңін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Халық ертегілері ішінде балалар арасында кең тарағаны, әсіресе сүйіп тыңдайтын хайуанаттар жайындағы ертегілер. Табиғат жайында ең бай материалдар, кең түсініктер балаларға алғаш осы хайуанаттар жайындағы ертегілер арқылы берілген «Бармақтай бала», «Қотыр торғай», «Мақта қыз бен мысық». Хайуанаттар жайында айтылатын ертегілер кейіпкерінің өзі қызық. Сол күлкілі, қызық кейіпкерлердің өмір сүру өмірге икемді болуы жолындағы қақтығыстармен қарым-қатынастар олардың айла-тәсілдері жас өспірімдерге өмір жолын танытады. Кішкентай, болымсыз тіршілік иелерінің өмірге икемділігін, жеңістігін көрсету тақырыбы балаларға арналған қазақ ертегілерінің барлығына да ортақ. Бұл ертегілер балалардың ой-санасын оятып, олардың өздерінің күш-жігеріне сене білуге, тапқырлыққа баулиды, мақсат жұртына жетуге үйретеді. Хайуанаттар жайындағы ертегілердің қай түрін алсақ та балалардың ұғымына сай, түсінуі жеңіл, күлкілі, қызық болып айтылады. Хайуанаттар жайындағы ертегілерде балаларды қызықтырарлық және оларға ой саларлық екі түрлі сипат бар, бірінші олардың мінез өзгешеліктерін, сырт көріністерін, күн көрісін байқайды. Есіту арқылы олар енді тікелей білуге, біле түсуге құштарланады. Екінші, хайуанаттар жайындағы ертегілер арқылы соны мысал ете отырып, адамдар арасында болатын жақсы мен жаманды байқайды.

Сондықтан халықтың шығармалары ішіндегі хайуанаттар жайында айтылатын ертегілер түгел дерлік балалар фольклорының мұрасы деп қараймыз. Бұған «түлкі мен тауық» деген ертегіні мысал етіп көрейік. Бір түлкі жортып, тамақ іздеп келе жатып, биік ағаш басында отырған тауықты көреді де, бұл тауықты алдап, қақпаныма түсірейін деп ойлайды.

Түлкі:

– Тауығым, биікте неге отырсың? Тілімді алсаң, жерге түс, дос болайық, осы жерде намаз оқып алайық, ойнап-күлейік-дейді. Тауық:

– Рас айтасың, түлкім, бесін намазының мезгілі болып қалды, анау жерде имам жатыр, оята ғой – дейді. Жердегі тауықты жеймін ғой деп жүгіріп барса, бір тазы ұйықтап жатыр екен, тұра түлкіні қуады. Түлкі қаша жөнелді. Тауық оны намазға шақырады «Байтал түгіл бас қайғы», тазы түлкіні қуып жетіп, алқымынан алады. –«Біреуге ор қазба, өз басыңа келер» деген апырмай, тауық қандай, түлкі қандай, түлкіні тауық па еді алдағандай [6]. Осының өзі балаларға үлгі өнеге боларлық терең ойлар айтылған.

Өзіміз көп үміт күтіп отырған жас ұрпақ ата-бабамыздан қалған мәдени мұра халық ауыз әдебиетінің өн бойындағы мәнділігі мен маңыздылығынан, ойшылдығы мен қиялшылдығынан, тапқырлығы мен шешендігінен, әсемдігі мен алғырлығынан тәлім-тәрбиесі мен үлгі-өнегесінен нәр алары анық. Ертегі арқылы айнала қоршалған ортаны барлай алады, табиғаттың сиқырлы сырларын сезіне біледі, халықтың әдемілік және әдептілік жайлы ұғымдарын бойына сіңіреді, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы түсінік алып, адамгершілік тәрбиесінің бастауларына ден қояды. Ертегі әрбір баланың жеке-дара ой дүниесінің ең нәзік белгілерін жанып тегістейтін жанғыш болып табылады, ал сонымен бірге ол балалардың бірінің жүрегін біріне айқара ашады, балалар ұжымында нәзік интеллектуалдың өзара қарым-қатынастарды тудырады.

Ертегінің осы бір саласы – тұрмыс-салт ертегілері және хайуанаттар туралы ертегілерінде көбінесе елдің тұрмыс-тіршіліктері суреттеледі. «Түлкі мен ешкі» ертегісінде айлакер түлкі ешкіні құрығына оп-оңай түсіре қояды. Апанға абайсызда түсіп, шыға алмай шарасызданған түлкі су іздеп шөліккеп жүрген ешкіні сол апанға алдап түсіреді. Қу түлкі «ешкі мүйізіне шығып» зытады, аңқау ешкіні алдап ұрады. Осы арқылы халық керемет ойын кемеңгерлік түйін жасаған: «Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар»,– деп аңқау жандарды сақтандырған. Ертегілерде түлкі қу, айлакер. Оқушылар ертегілердегі әрбір кейіпкерлердің жаман әдетінен аулақ болуға, жақсы кейіпкерлерге қарап қайырымды, мейірімді болуға талпынады.

Ертегілер арқылы шығармашылыққа баулу ісінде тәрбиешінің ұйымдастыру әрекеті маңызды болып келеді.

- балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты материалдарды жинақтау;
- қойылымдарға қажетті театр түрлерін іріктеп, дайындау;
- қойылымдарға керекті көрнекіліктер мен құрал-жабдықтарды дайындау (ширма, атрибуттар, костюмдер т.б.)
- ата-аналармен жұмыс: қойылымдарға ата-аналарды қатыстыру, газеттер, жылжымалы папкалар шығару, қажетті жабдықтар дайындауға көмектесу.

Жұмыстың нәтижесінде балғындар дамушылық үрдісін бастан кешіреді және бұл істі орындауда олардың қуана бар ынтасымен орындайтыны айқындалады. Жұмысты жүйелі жүргізу негізінде төмендегі нәтижелерге қол жеткізіледі:

- балалар тілі дамиды;
- сөздік қорлары толығады;
- байланыстырып сөйлеуге дағдыланады;
- дұрыс дыбыстау, мәнерлеп сөйлеу дағдылары қалыптасады;
- театр өнеріне деген қызығушылықтары артады.

Мектепке дейінгі жастағы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халық ертегілеріндегі ұнамды кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін балалар бойына сіңіру, ұнамсыз кейіпкерлердің жасаған зұлымдықтарынан аулақ болуға үйренеді. Ертегілерді оқытып, рөлдерде ойнау арқылы балалар қарапайымдылық, кішіпейілділік, қайырымдылық, адалдық сияқты қасиеттерді қалыптастырады.

Ертегі арқылы жас бүлдіршіндердің шығармашылығын қалыптастыру адамгершілік тәрбиесінің негізгі нормаларымен қатар өріледі. Қызықты да тәрбиелік маңызды жанрдың баланың құнды қасиеттерінің жағымды қалыптасып, болашақта жан-жақты азамат болуына тікелей септігін тигізеді.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. - 2006 жылғы 1 наурыз.
2. Алпысбаев Т. Қазақ халық әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1975. - 135-184-б.
3. Ахмет Байтұрсынұов Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеулер. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
4. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті.– Алматы: Мектеп, 1991. - 3-37-б.

5. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1980.
6. Қазақ ертегілері. – Алматы, 2003. - 34-53- б.

Шалабаева М.

Ұлттық ойын – ұрпақ тәрбиесі

Бала тәрбиесі қай кезеңде де өзекті мәселелер қатарынан саналады. Балабақшада берілетін тәрбие – барлық тәрбиенің бастауы әрі жан-жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалаушы. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсері мол. Балабақша олардың қуанып келіп, еркін демалып, рухани-патриоттық тұрғыдан білім алып, тәрбиеленуіне барлық жағдай жасалған екінші үйіне айналуы тиіс.

Халқымыз: «Тәрбие тал бесіктен басталады», – деп бекер айтпаған. Еліміздің болашағы – жас ұрпақты тәрбиелеуде, бірінші бесік – отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік – білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. К.Д.Ушинскийдің: «Тәрбие дәрменсіз болмауы үшін ол халықтық болуы тиіс», – деген мағыналы сөзінің астарында үлкен мән жатыр. Өсіп келе жатқан бүлдіршіндерімізді халықтық педагогика негізінде сусындатып, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш жаттатып, халықтың ұлттық ойындарымен бойын жаздырып, қазақтың сал-дәстүрімен ойын дамытудың, оларға танымдық тұрғыда ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре өсірудің маңызы зор екендігін айтқымыз келеді. Сондықтан балалар фольклорын, салт-дәстүрлерді, ойындарды, халықтық өнерді тиімді қолданса және санамақ, өтірік өлең, ертегі, балалар айтыстарын оқу-тәрбие үдерісінде жиі пайдалану баланың дүниетанымын кеңейтіп, зейінін ашып, ұлттық құндылығымызды жетілдіре түседі.

Қазақтың қайсар ұлы– Бауыржан Момышұлы бала тәрбиесінің болашағына алаңдаушылық білдіріп: «Менің үш қорқынышым бар: біріншісі – бесік жырын айта алмайтын келіндердің көбеюінен, екіншісі – немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбеюінен, үшіншіден – салт-дәстүрін сыйламайтын ұрпақтың көбеюінен қорқамын», – деген екен. Зиялы бабамыздың ойын саралап, қазіргі ата-аналар мен ата-әжелердің жанұядағы рөлін, бала тәрбиесіне қаншалықты уақытбөлетінін ескерсек, заманның тездігі, қарбаластығы, ата-аналардың жұмысбастылығы, ата мен әженің зейнеткерлікке шығу мерзімінің ұзақтығы т.б. толып жатқан себептерді тізбелей аламыз. Сондықтан үйде бесік жыры, ертегі көп айтылмаса, оның орнын толтыратын бірде бір орынның балабақша екенін сеніммен айта аламыз. Б.Момышұлы: «Халықтық тәжірибе – бүгінге ғана емес, ертеңге де керек қазына» [1, 170],– дегеніндей, сонау ертеден ата-бабамыздан алтын көпір іспетті жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиенің болашақта үзбей жалғасын тауып, жаңғыртып, одан әрі дамытудың маңызы зор. Сондықтан заман талабына лайық тәрбие мен білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді.

Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Жас ұрпаққа білім беруді жетілдіру мәселесі толассыз, күн сайын өзгермелі заманауи үдеріспен бірге жүріп отырады. Еліміздің ертеңі бүгінгі бүлдіршіндерімізді ана сүтімен бірге бойына дарыған қазақи болмысын одан әрі дамытып, ұлттық рухта тәрбиелеу ісінде тәрбиеші көп ізденуі қажет. Осы орайда бала тәрбиесінің бастауы балабақшадан ұлттық ойындар арқылы бүлдіршіндерді тәрбиелеудің маңызы зор. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие жұмысына пайдалану педагогикалық жүйенің жалпы заңдылықтарына бағынады. Ұлттық ойындар өзінің табиғатында, жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді өз бойына дарытып, толығып, жетілу арқылы өзінің жан-жақты тәрбиелік қасиетін шындай түседі. Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтарының бір түрі. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі-түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығын жақсартуда пайдалы аса күшті екені баршаға аян. Балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады, көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Яғни, қазіргі заман ағымына қарай белсене қатысады. Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Бір-ақ мысал ретінде: «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ маторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады. Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз.

М.Жұмабаев тәрбиені төрт бөлікке бөледі: *дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі* [2, 150]. Осы тәрбие түрлері балаға жүйелі берілгенде ғана бала тәрбиесі жүйесіндегі мақсатты іс-әрекеттер мен еңбектердің педагогикалық бағыттың дұрыс жүзеге асқаны. Мамандардың да басты мақсаты – баланы даму әлеміне енгізу, баланың денсаулығын сақтау, нығайту, олардың жан-

жақты дамуына жағдай жасау. Мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ережелерінің жаңа стандартының талаптарына сай, ата-бабамыздың асыл мұрасын, өнер мен өнегедегі үлгілерін бала бойына сіңіре отырып, жан-жақты тәрбиелеу мақсатында жұмыс жүргізіледі.

«Педагогика ғылымында бір-бірімен тығыз байланысты педагогикалық жүйеде алты құрылым бар. Олар: 1. оқушылар; 2. тәлім-тәрбиелік мақсат; 3. оқыту; 4. тәрбиелік мазмұн; 5. дидактикалық процесс; 6. мұғалім. Педагогикалық жүйенің бағдарлық негізі қоғамның мақсатына, білім-тәрбие беретін мекеменің мүддесіне, оқытылатын пәннің талабына үйлесімді құрылады» [3, 56], – деген теория ғалымдар еңбегінде көрсетіледі. Осы аталған педагогикалық жүйедегі құрылымдардың барлығы тұлғаның қалыптасуына қызмет етеді. Тұтас педагогикалық үдерісте тәрбиеленушілердің іс-әрекеті мен қарым-қатынасының өзара байланысты болу сипаты – тәрбиенің ең негізгі заңдылықтарының бірі. Осыған орай, тәрбие процесіндегі әр салалы іс-әрекеттерді әсіресе, таным әрекетінің, сонымен қатар ойын мен еңбек түрлерінің, көркемөнердің, спортпен шұғылданудың, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың ықпалы зор. Балалардың жағымды мінез-құл ықтары мен қарым-қатынастары ең алдымен олардың әртүрлі іс-әрекеттері педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған жағдайда ғана қалыптасады.

Ойын барысында балалардың жас ерекшелігі ескеріледі. Әртүрлі ойынның өтілу барысында, оның ережесін сақтап, яғни, 3 кезеңнен тұратынын ескеруіміз керек:

1. ойынды өткізер алдындағы дайындық жұмыс;
2. ойынның басталуы мен ойналу барысы;
3. ойынның аяқталуы.

Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсаты :

- балалардың денсаулығын нығайту;
- денені шынықтыру;
- мәдениетін қалыптастыру;
- өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру.

Ойынды ойнату мен үйретудің міндеттері:

- қажетті дене қозғалыс дағдыларын, танымдық-қозғалыс белсенділігін арттыру;
- қалыптастыратын дене жаттығуларының негізгі түрлерімен балаларды таныстыру;
- денсаулықты нығайтуға бағытталған қозғалыс әрекеттерімен дене жаттығуларының негізгі

түрлерін балаларға меңгерту;

- қызығушылығын қалыптастырып дамыту;

Тәрбие процесін табысты, нәтижелі ұйымдастыру тәрбиешілерге алдымен тәрбие заңдылықтарын жете түсінуді қажет етеді.

Тәрбие заңдылықтары:

1. баланың үнемі жетілуі, даму жағдайында болуы, бұл – табиғи заңдылық;
2. баланың өзінің түрлі әрекетінсіз және оның сыртқы орта мен табиғи қарым-қатынасынан тыс тәрбиенің болмауы жағдайы;
3. тәрбие мен дамудың бірлігі және өзара байланыстылығы;
4. тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігі және өзара байланыстылығы;
5. тәрбиеде бірыңғай дайын рецептін болмауы және оны қолдану мүмкін еместігі;
6. қоғамның үнемі өркендеп дамуы, онда өмір сүріп отырған әрбір жеке адамның күш-қуатымен өмірлік ұстанымына тәуелді екендігінде, сондықтан да тұлға тәрбиесі, бұл заңды құбылыс [4, 26].

Балабақшада балалардың әртүрлі болуы, яғни, бірі тілалғыш, бірі айтқанды істемейтін, бірі көңілшек, бірі ашық жайдарлы, бірі ерке болады. Олардан осындай аралас орта құралады. Тәрбиеші олардың жеке ерекшеліктерін ескереді. Осылардың әртүрлілігіне мән беріп, жалпы ортақ тәрбие адамгершілік тәрбиесі беріледі. Әртүрлі ойындар, шүйіркелесу, достасу, бірге отыру, бірге тамақтану, бір-бірін құрметтеу, ұрмау, жылатпау, көмектесу сияқты жан-жақты тәрбие беру тәрбиешінің қатысуымен іске асады. Баланың ойын кезіндегі белсенділігі, өзара қатынастар жасауы оның дамуына ықпал етеді. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде, іс-шараларда жүзеге асады.

Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – көк сандық», «Ақ сүйек», «Теңге алу» т.б. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Ойын үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Олар өз қатарластары арасында, өзара жарысып түрлі мінез-құлық тәжірибесін игеріп, адамгершілік қасиеттерді дамытады. Жарыс ойындарын ұйымдастыру – олардың психологиясын білуді талап ететін күрделі іс. Жарыстың мақсаттары мен міндеттерін алдын-ала анықтап, бағдарламасын құрастырып, оның нәтижелерін бағалаудың шарттары мен көрсеткіштерін қалыптастыру қажет.

Күнделікті тәрбиеге арналған бағдарлама бойынша жүргізілген іс-әрекеттер мен сабақтардағы әдіс-тәсілдер және жұмыс түрлері түрлендіріп отыруды қажет етеді. Тәрбиелеудің мұндай әдістемесі балаларды бірлескен іс-әрекетке тарту болып табылады. Бірлескен іс-әрекет оларды топтастырып, еңбектену барысындағы бірлігі нығайтып, ынта жігері өрістейді. Болашақта жалғастық табады. Ол үшін мына мәселелерге мән беру керек: қойылатын талапты орындау баланың қолынан келетіндігіне сенім білдіріп, жүзеге асырылатын міндетке байланысты ережелер мен оның деңгейін ұқтырып, иландыра білу басты шарт. Тіпті төменгі топтарда да үлкенірек топтар да атқарылатын жұмыс немесе ойын әрекеті түсіндіріліп әрі көрсетіледі. Топтағы балалардың барлығына әсерлі ықпал етерлік активист, яғни, лидер балаларды шығарып үлгі көрсетіп барып, іске асырылып отырады. Бұл топтағы балалардың жеке психикалық ерекшелігіне байланысты бірдей уақытта жүзеге аспауы мүмкін. Сондықтан оларды психологиялық жағынан демеп, кеңес беріп, бағдар сілтеп, атқарған істерін қадағалау қажет. Ұйымдастыру ісіне ертеңгі үмітке былайша айтқанда перспективаға назар аударылуға тиіс мұның теориялық негіздері мен практикалық жолдары А.С.Макаренко еңбектерінде жан-жақты сипатталған.

Ұжымның дамуын ұйымдастыру жүйесі бүгінгі, ертеңгі, болашақтағы әрекет нәтижесіне негізделсе, тұлғаны ынталандырып, іс-әрекетке деген олардың құлшынысын жебеп жігерлендіреді. Әсіресе жасы жеткен топтар үшін мектепке дейінгі тәрбие бағдарламасы олардың мектепке деген дайындығын қарастыруда әдіс-тәсілдердің озық тәжірибеден сұрыпталған, тиімділігін танытқан түрлері іріктеліп қолданылады. Олардың мектеп табалдырығын аттағанда тиісті жинаған білім қорының белгілі деңгейінің болуы басты талап. Дайындық тобында жүргізілетін сабақтардың сапасы мектепке қадам басқан бүлдіршіннің білім деңгейінен танылады. Олардың өзіндік білім қоры оның әрі қарай қиналмай білім алуына мүмкіндік туғызуы шарт.

Сонымен, Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне ену кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердің алдына салмақты жауапкершілік тұр. Мемлекеттік бағдарламаны сәтті жүзеге асыру негізінде бүлдіршіндердің ана тілінде сөйлеп, ұлттық құндылықтармен есейіп мектеп табалдырығын аттауы – біз үшін абыройлы іс. Балабақша есігін ашқан әрбір жас ұланға қазақтың ұлттық құндылықтарымен қатар, отансүйгіш, елжанды жеке тұлға етіп қалыптастыру – ынтымақты балабақшаның басты мақсаты.

Әдебиет:

1. Момышұлы Б. Қазақ афоризмдері. - Алматы, Алматыкітап, 2009.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992.
3. Қалиев Қ. Этнопедагогика. – Астана, 2003.
4. Сейталиев К. Тәрбие теориясы. - Алматы, 1986.

Бисенбаева М.

Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты

«Тіл-этнос-мәдениет» арақатынасын зерттеудің жаңа бағыттары

Қазіргі тіл ғылымының негізгі бағыты антропоэлектік зерттеулерде Адам сөйлеуші, тілді жаратушы, өзіндік әлемі, дүниетанымы бар саналы жан ретінде анықталады [1, 5]. Философтардың айтуынша: «Дүниедегі ең ғажап, керемет құбылыс – адамның рухани дүниесі, *сана, ақыл, ой*. Адамзат игілігіндегі барлық материалдық және рухани жетістіктер, зәулім құрылыстар, түрлі техникалық табыстар, өнер, дін, әдебиет, философия, ғылым – осының бәрі сол сананың құдіреті. Объективті дүниеде сананың баламасы жоқ. Ол тек адамға ғана тән» Ақыл-парасат, сезім иесі ретіндегі саналы адамның ең басты қасиеті – өзін қоршаған ортаны танып-білуге деген ерекше құштарлығы. Дүниені танып-білудің негізінде зат, құбылыстардың адам санасында бейнеленуі жатады. Адам санасындағы заттар мен құбылыстардың бейнесі арқылы қабылданған ақыл-ой ол заттардың өзі емес, солардың әсерінен пайда болған білім, ақпарат. Осыған орай, «таным дегеніміз – сыртқы заттар мен құбылыстардың, олардың қатынастарының адам санасында идеалды образдар жүйесі ретінде бейнеленуінің қайшылыққа толы күрделі процесі» [1,215]. Сананың пайда болуы екі факторға байланысты: *біріншісі* – еңбек, *екіншісі* – тіл. Тіл – сананың (ойдың), материяның көрінісі, негізі. Тілсіз сана жоқ, ал санасыз (ойсыз) адам да болмайды. Сана әрдайым тілдік негізде өмір сүреді, ол тілмен бірге дамиды. Тілге байланысты сана қоғамдық құбылыс ретінде дамып, қоғамдық рухани жеміске айналады [2,151].

А.Байтұрсынұлының пайымдауында: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: ақылға, қиялға, көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни, нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың

меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек» [2,242].

Сөйтіп, сөз өнері адам санасының үш тағанына негізіне тіреледі. Адамның осы танымдық әрекеті ақиқат болмысты тануға, қоршаған ортаны түйсініп, жинақтаған білімдер негізінде әлемдегі орнын түсінуге бағытталады. Адам қашан да әлемді танып, ондағы өз орнын айқындауға талаптанады. Тіл – сөйлермендердің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал ерекше ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі. Адамның когнитивті қызметінің нәтижесінде тіл қоршаған орта туралы әсерді ғана жинақтап қоймайды, сонымен қатар халықтың зерттеушілік ойларын да жеткізіп, халықтық, ұжымдық этномәдени санасында қалыптасқан ғалам бейнесін сақтайды[3,12-13]. Осыған орай, Ә.Т.Қайдардың тұжырымдауынша, антропоэлектік бағытта зерттеудің мақсатына қарай «этнос» терминін «этнос болмысы» ұғымымен, ал «тіл» дегенді «тіл әлемі» терминдерімен атау дұрыс, өйткені Ә.Қайдар мұнда аталған бағыттағы зерттеулер этностың жеке мәселелері емес, оның тұтас бейнесін, барша болмысын анықтайды, ал осы этнос туралы толық мағлұмат оның тіл қазынасында сақталады деген ойды тілге тиек етеді. «Этнос болмысы» – этностың сонау балаң кезінен бүгінгі есейген шағына дейінгі кешірген өмір тіршілігінің айнасы, оның тілі арқылы қалыптасып, жадында сақталып, ұрпақтан нәсілге мирас болып ауысып келе жатқан бай рухани- мәдени қазынасы. Этнос тарихында археологиялық қазба деректері, көне ескерткіштер өте маңызды, бірақ олар этнос өмірінің бір бөлігі, бір елесі, «Этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тілі арқылы ұрпақ жадында ғана сақталады екен», – деп, тілдің этнос өмір-тіршілігін бейнелеудегі ролін ерекше көрсетеді, этностың әр қырын танытатын деректердің басын біріктіріп этнос бітімі, табиғаты туралы тұтас бейне жасау, «тіл» атты құбылыстың үлесіне тиген құдірет, тіл – этностың өзі, өз суреті, сондықтан Ә.Қайдар «тіл әлемі» дегеніміз – этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті, миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі»[4,11], – дейді.

Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттілдегі қозғалыс пен өзгеріс нәтижесін тең, қатар ұстайды, тілдің қалыптасып, ұлттың байлығына, құндылығына айналған дүниелерін тіл иесінің өзінің игілігіне жаратады, яғни, оны нақты қарым-қатынастағы күйі, қызметі, қолданысы т.б. тұрғыдан жан-жақты зерделейді. Адам – әлемнің тілдік бейнесін жасаушы, әр кезеңдегі тілдегі өзгерістердің көзі. Өмірдегі жаңаның бәрі тілге жеке индивид арқылы келіп, қоғамдық сананың қабылдауынан өтеді.

XX ғасырдың басында осы кезге дейінгі ғылыми ойлар толымды тұжырымдалып, тұтас идеяға айналды: оның *бірі* – тілдің құрылымын, ішкі жүйесін, яғни, субстанционалды қасиетін зерттеу; *екіншісі* – оны тіл иесінің өмір сүріп отырған ортасымен байланыстыра зерттеу, тілдік туындыларды тіл иесінің ақыл, ой-санасының жемісі деп қарау идеясы еді. Осы екі идея тіл ғылымындағы жетекші бағыт – структурализмнің іргесін берік қалады, антропоцентризмнің негізін салды. Тіл ғылымы осы ежелгі мәселеге XX ғасырда қайта оралды [5, 66-67].

Тіл ғылымы тарихында тілді зерттеудің бағытын жаңа арнаға бұрып, адамзат тіліне қатысты көптеген мәселелердің сырын ашқан В. фон Гумбольдт еді. В.Гумбольдтің тіл философиясында, алдымен: адам – өзін қоршаған әлемнің бөлшегі, осыған орай, адам өзінің мінез-құлық ерекшелігін айқындап, адамшылық табиғатын ізгілендіру үшін өзінің адами табиғатына терең үңіліп, жете зерттеуі қажет, «...физическая и моральная природа человека составляют одно великое целое и подчиняются одним и тем же законам» [6, 144]. Өз ойы мен іс-әрекетінің бірізділігі сақталуын қажетсінетін Адам өз әрекетін құрайтын заттарды анықтау мен оның құралдарын таңдауда олардың ауқымы, өлшем мөлшері, қасиеті жайындағы үстірт келетін шартты түсінікті қанағат тұта алмайды, өйткені ол заттар әуел бастан-ақ, өзге заттарға қатысты алғанда, құндылыққа ие. Ал Адам өзінің ішкі табиғатына сай, тікелей жақын туыстық байланыста болатын біртұтас және абсолютті түпкі мақсатты көздеуі қажет. Алайда Адам мұны тек өзінен ғана таба алады, бүкіл заттың ішкі қасиеті тек оның өзіне қатысты. Адамға тән ұлықтың бәрінің таңбасы болады, ол таңба – нағыз ұлы адамшылық таңбасы; осы таңбаны тауып, оның қасиетін танып үйрену зерттеушінің басты мақсат санайды. В.Гумбольдт, шынымен, бұған жетудің екі жолын көрсетеді: *тәжірибе* жолы және *ақыл-парасат* жолы. Нағыз адам – аса зор қуат және шексіз кең ауқымда адамшылық идеясын бойына сіңірген, адамшылық шыңына көтерілген және өзгені бағалай білу қабілетіне жеткен Адам. В.Гумбольдтің пайымдауынша, адамшылық идеясы – адам бойындағы *рухтың* жасампаз күші. В.Гумбольдт қолданысындағы метафораланған «рух»(дух) термині тіл ғылымына *адамшылық идеясы, адам бойындағы жасампаз күш* мағынасын білдіретін термин ретінде енген [6, 337-343].

В.Гумбольдтің бастапқыда эстетикалық еңбектерінде сөз болған «халық та жеке адам-индивид тәрізді «организм» делінетін ойлары кейіннен тарих философиясында жалғастығын тауып, көне және жаңа тілдерді салыстыра зерттеуге арналған еңбегінде тіл тек халықты түсіну құралы ғана емес, өзге мәдениетті таныту құралы деп түйінделеді. «Язык – это не просто, как принято говорить, опечатокидей народа, так как множество его знаков не позволяет обнаружить никаких

существующих отдельно от него идей; язык – это объединенная *духовная энергия народа*, чудесным образом запечатленная в определенных звуках, в этом облике и через взаимосвязь своих звуков понятная всем говорящим и возбуждающая в них одинаковую энергию», сол себепті де адам өз тілінің шеңберіне сыймайды, адам «энергиясы» оның сөз арқылы жеткізілетін мазмұннан асып кетеді [6,348-349]. В.Гумбольдтің пайымдауынша, тілді туғызған да осы адамның ішкі әлемінің қажетін қанағаттандыру болатын, тіл тек қоғамдағы адамдар арасындағы байланысты сақтап тұратын қатынас құралы ғана емес, тіл рухы адамның өз табиғатына тән, тіл адам рухы күшінің дамуы мен дүниетанымын қалыптастыру үшін өте қажет, ал адам бұған өз ойын қоғамдық санамен байланыстыра алғанда жетеді [6,50-53]. В.Гумбольдтің тұжырымдарында, тілдің көптүрлілігі арқылы адамзат алдында әлем байлығы, оның көптүрлі қырлары ашылады; адамның болмысы мен тұрмысы кеңейеді, себебі тілдер ойлау мен қабылдаудың анық та тиімді тәсілдерін көрсетеді. Тіл қашан да тұтас халықтың ерекшелігін нақты таныта алатын құрал болып табылады. В.Гумбольдт өз дәуіріндегі ойшылдардың алғашқысы болып, тілдің ішкі құрылымын, оның тіл иесінің рухани өмірімен, ой-санасы және мәдениетімен, тарихымен байланысы дәрежесін анықтап, жан-жақты талдау жасады. В.Гумбольдтің пайымдауынша, тіл – үздіксіз даму үстіндегі құбылыс, даму – тілдің өмір сүру формасы. Тіл сөйлеу арқылы өмір сүреді, дамиды. Тіл – ойлау әрекетінің шығармашылық синтезі, ойлау әрекетінің құралы. Тіл – әрекет. В.Гумбольдтің «тіл – адам мен қоршаған ортаны жалғастырушы буын, тілге «халықтық рух» пен мәдениеттің белгісі ішкі форма тән» деген қағидасы оның философиялық лингвистикалық бағдарламасының негізін құрайды.

В.Гумбольдтің «тіл – халықтың рухы» идеясын қолдап дамытушылардың бірі элеуметтік психологизм бағытының өкілі Г.Штейнталь болатын. Г.Штейнталь тілді индивидумның әрекеті және халықтық психологияның көрінісі, ал халықтық психология халық рухы жөніндегі ілім деп түсінді. Тілдің индивидуальділігі халық рухының бірлігі мен ерекшелігінде деп есептеді. Г. Штейнталь индивидтің тілі мен ойлауының пайда болуын, дамып қалыптасу жолын түсіндіргісі келді, ғалымның пайымдауынша, адам қоғамындағы тілдің пайда болуы мен дамуының заңдары бірегей [7, 127-135]. Психологизм бағытының енді бір өкілі В.Вундт, индивидуальді психологизм идеяларын теріске шығара отырып, халықтық психология нысаны жалпы рухани даму нәтижесі болу керек деп есептейді. Бұл қатарға В.Вундт: тіл, миф, салт-дәстүр т.б. жатқызады. В.Гумбольдтан бастау алатын Г.Штейнтальдің «тіл – халық рухының бірден-бір көрінісі» дейтін пікірін қолдамайды, керісінше тілдің элеуметтік табиғатын ерекшелеп, «тілді адам қоғамының даму үдерісінде пайда болған ұжымдық рухани әрекеттің маңызды жемісі» ретінде айқындайды [8,170-174]. Осыдан бастап халық тілін зерттеудің, халықтың рухын, табиғатын, болмысын танып білудің «кілті – тіл» деген түсінік лингвистикада маңызды бола бастайды. Оны зерттейтін таза тіл ғылымы екені анықталды, тек лингвистика ғана тілді индивидуальді және қоғамдық аспектіде зерттей алады деп есептелді. Бұл антропоэлекті бағыт парадигмасының кеңеюіне негіз болды.

Тілдің мәдениетті таныту құралы екендігін көрсеткен идеялардың туындауы тілді тіл иесі этностың мәдениетімен байланыстыра зерттеу қажеттілігін айқындады. Осындай идеялардың туындауы тілді оның иесі халықтың мәдениетімен байланыстыра зерттеуге бағыттады, бұл – ХХ ғасырдың алғашқы жартысы. Лингвистика тарихында оның көрнекті өкілдері – Ф.Баос пен Э.Сепир саналады. М.М.Копыленко Б.Л.Уорфтың этнография мен социологияның шегіндегі лингвистиканың ерекше саласын қалыптастыру жайындағы үндеуінің жерде қалмағанын, американдық ғалымдар тарапынан қолдау тапқанын айтады [9,15]. Аталған теория бойынша, әр тілде сөйлейтін адамдардың әлемді көріп тануы да әртүрлі, сол себепті әр тілге тән өзіндік ойлау логикасы бар. Сөз – адамның ішкі әлемі мен сыртқы құбылыстар арасындағы белгі, сонымен қатар ерекше мазмұн [10,81].

ХХ ғасырдың соңына таман бір арнаға тоғысып келе жатқан антропоэлекті бағыт салаларының алғашқысы *этнолингвистика* болатын. О.С.Ахманова этнолингвистика ұғымына: «Этнолингвистика – тілдің өмір сүруі мен даму барысында оған тіл мен халықтың арақатынасы мен лингвистикалық, этникалық факторлардың әсерін зерттейтін макролингвистиканың саласы» [11,529], – деген анықтама берген, ғылымның бұл саласының қарастыратыны – этнос және оның тілі. Кеңестік кеңістіктегі этнолингвистика бағытының өкілі Н.И.Толстой этнолингвистиканы кең және тар көлемде қарастыру мүмкіндігі туралы айтады. Кең көлемде этнолингвистика *диалектология, фольклор тілі, тарихи диалектология* сияқты салаларды қамтиды, ал тар көлемде *тілмен этнос, тіл мен мәдениет, тілменділ, тілмен мифология* т.б. мәселелерді қарастырады [12,399], осының өзі этносты жан-жақты танып түсінуге мүмкіндік беретін *этнопсихология, этносоциология, лингвомәдениеттану* сияқты салаларды этнолингвистиканың айналасына топтастырады, сонда ғана этнос болмысы, оның тіл әлемі туралы толық сурет пайда болады. Этнолингвистиканың синхрондылығы мен синкреттілігі – осында [13, 9-10].

Этнолингвистиканы тар көлемде қарастыру мүмкіндігі ғылымды тілді мәдениет феномені ретінде зерттейтін саланың қалыптасуына жол салды. Бұл – қазіргі жаңа бағыттың бірі лингвистикамен

мәдениеттанудың тоғысында қалыптасқан *лингвомәдениеттану* саласы. Лингвомәдениеттануда халық мәдениетінің тілдегі көріністері айшықталады, сондықтан басты назар ұлттық ментальділікке аударылады [14, 13]. Лингвомәдениеттану – мәдениет пен филологияны үйрететін ғылымдар шегінде пайда болған аралық ғылым. Ол теориялық ғылым ретінде тіл мен мәдениеттің байланысы мен өзара әсерін қарастырады. В.В.Воробьевтің пікірінше, тіл мәдениетпен тығыз байланысты, мәдениет топырағында көктейді, мәдениетті танытып, бірге дамиды. Бұл тұрғыдан алғанда, тіл қарым-қатынас пен ойды жеткізу құралы ғана емес, мәдениет жайындағы білімді жинақтап, сақтап жеткізу құралы да саналады. Ұлттың басты белгісі – тіл ұлттық мәдениетті танытудың негізгі формасы және оның өмір сүруінің көрінісі болып табылады [15,42]. Тіл – халық мәдениетінің, психологиясының және философиясының айнасы, сонымен қатар халық тарихы мен рухының бірден-бір дереккөзі саналады. Осыған орай, В.И. Поставалова «Язык – зеркало культуры, отображающее лики прошедших культур, интуиции и категории миропредставлений» [16,30], – деп түйіндейді.

Жалпы мәдениет, ұлттық мәдениет көптеген ғылымдардың нысаны болып табылады, осыған орай, Н.Ф.Алефrienко лингвомәдениеттануды пән ретінде *мәдениеттанымдық* және *лингвистикалық* тұрғыда түсінуге болады деп есептейді. Мұның алғашқысында лингвомәдениеттану мәдениеттанудың саласы, сондықтан этнография, мәдени антропология, мәдениет философиясы мәдениеттану тарихы тәрізді салалармен тығыз байланыста қарастырылады. Бұлардың әрқайсысы мәдениетті өз нысандарының мақсатына қарай зерделейді. Бұл бағыттың тұжырымынша, лингвомәдениеттану зерттейтін лингвомәдени күзiреттiлiк тiл феноменi емес, мәдениет феноменi, сондықтан да лингвомәдениеттану – мәдениеттану саласы. Мәдениетті лингвистикалық тұрғыда түсiнушiлер: В. Гумбольдт, В.Вундт, Г.Шухардт, А.А.Потебня т.б. ғалымдардың лингвистикалық доктриналарының пайда болуымен ұштастырады. Бірінші бағыт өз зерттеулерінде мәдениеттанымдық әдістерді қолданса, екіншісі лингвистикалық әдістерді қолданады [17,36].

Лингвомәдениеттану назарын тілдегі адам мен қоғамның рухани күйіне аударады. Аталған ғылым салаларының деректерін ғылыми жағынан зерттеп, саралап, лингвомәдениеттанудың даму заңдылықтарын көрсетіп отырады, сонымен қатар оларға теориялық және эмпирикалық бағыт, жол сілтеуші болып табылады. *Тіл – этнос – мәдениет* арақатынасының тереңдігі мен жан-жақтылығы оны зерттеудің де жаңа бағыттары мен жолдарын қарастыруды қажет етеді. Бұл мәселеге қатысты В.В.Воробьев «тіл мен мәдениетті» зерттейтін әртүрлі бағыттардан Е.М.Верещагин мен В.Г.Костомаров негізін салған *лингвоелтаным* бағытын атап көрсетеді [15,43]. Аталған ғалымдардың тұжырымдарына қарағанда, өзге тілді үйренуші алдымен тілдік қатынастың жаңа біреуін меңгеруге ұмтылады. Тілді меңгерумен қатар, сол тілде сақталған жаңа ұлттық мәдениет әлеміне еніп, мол рухани байлықтан нәр алады [18,4]. «*Тіл – ұлт – мәдениет*» үштігі лингвомәдениеттану саласының өзегі болып табылады да, тіл мен мәдениеттің өзара әсерін тілдің өмір сүру жағдайында зерттейді, сондықтан аталған салалармен қатар *лингводидактика*, *этнопсихология* т.б. салаларымен де сабақтасып жатады.

Сөйтіп, ғылым арнасына «жаңғырып» келген *антропоөзекті бағыт* бірінші орынға тілдік қоғам (қауымдастық) мен тілдік тұлғаны шығарады. Тілді этностың әлеуметтік қоғамдық танымының жемісі деп түсіндіреді. Антропоцентризм тілді адамның саналы әрекетінің құралы, таным нәтижесін қалыптастырушы құрал ретінде қарастырады, адамның қоғамдық қызметінің, өмір сүру ортасының барлық саласымен байланыста, тұтас жан-жақты зерттейді, сондықтан бұл бағыт салалары *антропоцентристік парадигма* атауына ие болып отыр. Тіл біліміндегі заманауи бағыт бойынша зерттеулерінде Қ.Ө.Есенова: «Қазіргі тіл ғылымына әртүрлі бағыттардың тоғысуы, ұштасуы тән. Осымен байланысты ХХ ғасырдың соңында ғылымдағы қалыптасқан үрдісті өзгертіп, күн тәртібіне жаңа мәселелерді қою және оларды шешуге қатысты амал-тәсілдер жиынтығын айқындау қажеттілігі туындайды. Осы үрдіс парадигма ұғымымен сәйкеседі» [14, 7], – деп есептейді

Тіл мен таным нәтижесінде пайда болатын заттық және рухани мәдениет деректері күрделі құбылыс, өйткені олар – этностың ақыл-ойы мен дүниетанымының жемісі, «этнос болмысының» бейнесі, сондықтан оны зерттейтін ғылым салаларының өзіндік зерттеу нысаны бар, жекелей алғанда да, синкретті де, ал «этнос болмысын» оның «тіл айнасында» зерделегенде, бірімен-бірі тығыз байланыстық кешенді құрылым болып табылады.

Әдебиет:

1. Кішібеков Д., Сыдыков Ұ. Философия.- Алматы, 2008.- 360 б.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер.- Алматы: Жазушы, 1989.-320 б.
3. Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы.- Алматы: Қазығұрт, 2014.- 392 б.
4. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
5. Карлинский А.Е. Принципы, методы и приемы лингвистических исследований.- Алматы, 2003.- 184 с.
6. Гумбольдт В. Язык и философия культуры. - Прогресс, 1985.-451 с.
7. Штейнталь Г. Грамматика, логика и психология (их принципы и их взаимоотношения)// История языкознания XIX и XX веков в очерках и извлечениях.-М.: Просвещение, 1964. - С.127-135

8. Вундт В. Проблемы психологии народов // История языкознания XIX и XX веков в очерках и извлечениях. – М.: Просвещение, 1964.- С.170-174.
9. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. - Алматы,1997.-178 б.
10. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. - М.: Наследие,1993.-656 с.
11. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов.-М.:Наука,1966.-607 с.
12. Толстой Н.И. О предмете этнолингвистики и ее роли в изучении языка и этноса //Ареальные исследования в языкознании и этнографии:язык и этнос.-Л.: Наука, 1983.- С. 181-190.
13. Атабаева М. Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. – Алматы: Білім, 2006. - 288 б.
14. Есенова Қ. Медиалингвистика: мерзімді баспасөз тілін зерттеудің прагматикалық аспектісі.-Алматы: Елтаным, 2015.-352 б.
15. Воробьев В. О понятии культурологии и ее компонентах//Язык и культура. - Киев,1993.- С.42-48.
16. Постовалова И.В. Картина мира в жизнедеятельности человека//Роль человеческого фактора в языке:Язык и картина мира.-М.:Наука,1988. - С.8-70
17. Алефrienко Н.Ф. Лингвокультурология: ценностно-смысловое пространство языка.-М.:Флинта: Наука, 2016.-288 с.
18. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. - Москва: Русский язык, 1976. - 248 с.

Аманжолова А.

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу
мемлекеттік университетінің докторанты*

Оқушының тілдік тұлғасын қалыптастырудағы мектеп сленгінің қызметі

XX ғасырдың екінші жартысы әдеби тілдің әлеуметтік қоры мен құрылымындағы өзгерістерімен ерекшеленеді. Өзгерістер тілдік фактілерін бағалау мен жалпы принциптерінде көрініс тапты. Осы күнге дейін негізгі белгілері ретінде кеңістіктегі сипаттамалары маңызды болса (қайда, қай аймақта немесе қандай әлеуметтік топта солай сөйлейді), қазіргі таңда оның қызметтік сипаттамасы (не үшін, қандай жағдайда солай сөйлейді) маңызды болып табылады.Әлеуметтік диалектілердің қызметі түрлі кезеңдерде алуан түрлі болатын. Әлеуметтік диалектілер түрлі қызмет атқарады. Сондықтан біздің пікірімізше, жалпы және жеке қызметті анықтау керектігі туындады.

Әлеуметтік диалектілер (социолект) – лексикалық жүйе, олар номинативті қызметке тән болады, мектеп сленгінің пайдаланушылары үшін маңызды заттар мен құбылыстарды атау/қайта атау үрдісі анықталады.Коммуникативтік қызметі барлық әлеуметтік диалекттерге, сондай-ақ жалпы тілдің жүйелеріне ортақ болады.

Әлеуметтік диалектілерге тән жеке қызмет екіге бөлінеді:

- 1) жасырын, құпиялық, белгілі бір ақпаратты құпия сақтауға, бөгде адамдардың алдында пікір білдіруге, достарын қауіп туралы ескерту ниетіне байланысты;
- 2) эмоционалды-экспрессиялық, көптеген жаргонизмдер мен аргонизмдердің эмоционалды-экспрессивтік реңкімен байланысты [1, 4].

Жаргонның пайда болуының маңызды себептерінің бірі – құпия сақтау, бөгде адамдарға тілін түсініксіз жасау ниетінен туған. Қазіргі таңда конспиративтік қызметі екінші кезекте қарастырылып отыр, одан маңызды конспирацияның басқа түрі болады: жаргон эвфемизм қызметін атқаруда, яғни, жағымсыз шындықты жасыру мақсатында. Сөйтіп, жаргон туралы «кейде шындық талабына сәйкес келмейтін прагматикалық дәлелдің құралы» ретінде айтуға болады [2, 4].

Дегенмен криптолалиялық қызмет сленг емес, арго мен жаргонға тән. Осы тұста «криптолалия» ұғымына түсінік беру қажеттілігі туындайды.Криптолалия(крипто. греч. lalia – сөйлеу) – ауруға шалдыққандардың ақылға сыйымсыз «сөйлеуі». Ол сөздер түгелдей дерлік неологизмдерден құрала отырып, адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы бола алмайды. Мұндай сөздер шизофрения ауруына шалдыққан науқастардан байқалады [4].

Экспрессивті-эмоционалды қызметі арго үшін тән емес, ал сленг пен жаргон үшін ол маңызды болады. Жаргонизмдер арасында «жағымсыз төмендеу номинациясы басым болады» [3, 13]. Ал мектеп сленгі бірліктерінің эмоционалды-экспрессивтік реңкі сленгтің пайдалану ерекшеліктерін сипаттайтын тілдік ойындарымен байланысты болады. Сленгтің өзін мектеп оқушылары ойын, коммуникативтік және тілдік нормаларынан ауытқу ретінде қабылданады.

Мектеп сленгінің пайда болу себебі – жасөспірімдерің өздерін ешкімге тәуелсіз еместігін, өзіндігін көрсету, белгілі бір топқа: спорт жанкүйерлер, рок музыканы ұнататындар қатарына жатқызу ниеті. Бұл әлеуметтік диалектілеріне тән қызметті белгілейді – әлеуметтік ынтымақтастық қызметін: сленг бірліктерін пайдалану/пайдаланбау арқылы әңгімелесушілерден бөгде адамдарды анықтау. Психологтардың айтуынша, «сленг ортақ қарым-қатынас жасау белгілердің көмегімен топ мүшелерін өзара сәйкестендіріп арақатынастарын қысқарту арқылы «Біз» деген ұғымын сезінуге

мүмкіндік береді. Осы арада балалардың сөйлеу тілінде 5-7 сөз ғана пайдаланғаны, немесе толық сленг сөздерінен құралғаны – маңызды емес, ең бастысы осындай сөздер қарапайым этиканың нормаларын бұзып, топта пайдаланып, диалогта топ мүшелеріне белгілі бір еркіндік беріп, оның бар болуы» [4, 367]. Бұл жағдайда жаргон сөйлеушінің арнайы әлеуметтік-коммуникативтік мәртебесінің «белгісі» ретінде қарастырылады, Е.Гуц осындай қызметті белгілеуші функция деп анықтайды. Оның айтуынша, интенция болған жағдайда жаргонизмдерді пайдалануда дәл осы қызмет басым болып, «бағалау және номинативті семантикасын басып кетеді» [5, 19].

Мектеп жаргоны, нақтырақ айтқанда, кейбір оқу орындарына тән мектеп жаргондары да әлеуметтік ынтымақтастық қызметін атқарады. Бірақ жаргонизмдерді пайдалану тіл тұтынушылардың шағын тобына жататынын көрсетеді, сондықтан «бөгде адамдарға» қатысты агрессияны көрсету үшін қызмет етеді. Мектеп сленгі, кең таралу ерекшелігіне сәйкес, басқа әлеуметтік топ адамдарына танымал және ашық болғандықтан, агрессиялық реңкі төмен болады.

Жаргонға қарағанда кәсіби шектеуі жоқ сленгтің пайдалануы сөйлеушінің белгілі мәдени ұстанымын анықтайды. (Мектеп оқушылары – жұмыс түрі бойынша бірігетін адамдар тобы емес, бұл үлкен әлеуметтік топ). Яғни, сленг жоғарыда аталған қызметтермен қатар көзқарастық, идеологиялық қызмет атқарып, «ерекше көзқарасының құбылысы» болып табылады [6, 34]. Сол себептен өмір философиясын білдіретін келесі сленг клишелары-афоризмдары пайда болады: «*Тек алға!*», «*Өмір – кайф!*», «*Базар үшін жауап беру керек!*» т.б.

Сонымен, мектеп сленгі мен мектеп жаргоны, басқа да әлеуметтік диалектілер және жалпы тіл үшін келесі қызметтер тән:

- 1) номинативтік (атауыштық қызмет);
- 2) коммуникативтік (қарым-қатынас қызметі);
- 3) көзқарастық, идеологиялық;
- 4) эмоционалды-экспрессивтік;
- 5) эвфемистік қызметтердің орындалуы тән.

Сондай-ақ мектеп жаргонына б) криптолалиялық және 7) әлеуметтік ынтымақтастық қызметтері тән. Қызметтердің мән-мағынасы әртүрлі бағаланады. Мысалы, В.Ф.Лурье «сленгте әзіл бірте-бірте жоғалып, сленг сөзі номинативті бірлік ретінде қалады» [7, 401]. Жоғары айтылғандай, Е.Н.Гуц белгілеушілік қызметін бірінші орынға қойса, ал Л.П.Крысин бірінші орынға эмоционалды-экспрессивтік қызметін қояды [8, 77], ал жас ерекшеліктерінің психология маманы В.С.Мухина сленг мағынасын ойын сипатымен байланыстырып отырады [4, 383]. Біздің ойымызша, белгілі бір қызметтің басымдылығы туралы айтпай, мектеп жаргоны мен мектеп сленгінің айырмашылығын ерекше атап кеткен жөн.

Қазіргі таңда жаргон лексикасының әлеуметтік немесе кәсіби қатыстылығына, жасына, қолданыс аясына қарамастан барлық халық арасында кең етек жайып бара жатқандығы аян. Жаргон түрлерінің ішіндегі тілдік тұрғыдан ең қызықтысы жастар жаргоны немесе сленгі болып табылады. Оның себебі жастар тілінен біз қоғамда болып жатқан өзгерістерді айқын көреміз. Олар тіпті арготизмдерді де жалпықолданыстағы сөз ретінде қабылдайды. Ал олардың сөйлеу тілінде ұры-қарылардың тілінен шыққан сөздердің болу мүмкіндігін білмеуі де ықтимал. Осы кезекте «арго» және «жаргон» терминдерінің анықтамаларын салыстырып көруді жөн санадық: «Арго (франц. argot) – адамдардың белгілі бір әлеуметтік және кәсіби шағын топтарына ғана түсінікті тіл. Мәселен, ұрылар мен саудагерлердің, оқушылар мен спортшылардың, әскерлер мен дәрігерлердің т.б. жасанды тілі. Арго халықтың сөйлеу тілінен ерекше сөз және сөз орамдарымен ерекшеленеді; өзіне тән фонетикалық жүйесі, грамматикалық құрылысы болмайды; өзіндік сөз және сөз орамдарының жалпыхалық тілінде баламасы болады. Арго кейде жаргонға синоним ретінде қолданылады. Арго қазақ тілінде жете дамымаған» [9,32].

«Жаргон (франц. jargon) – шағын әлеуметтік топ қолданатын, ешқандай жеке тілдік дербестігі жоқ жалпыхалықтың тілдік тармағы. Ұрылар жаргоны. Дворяндық жаргон. Мектеп жаргоны. Солдаттар жаргоны т.б. түрі кездеседі. Жаргонның жалпыхалықтық тілден айырмашылығы – оның лексикасы мен фразеологиясында. Жаргон аргомен мағыналас, оның аргодан айырмасы жаргон жағымсыз (қорлау, жақтырмау) ұғымында қолданылады. Мысалы: супен (сүйкімсіз), ылай, көк мойын, ащы (арак), телик (теледидар), т.б.» [9,30]. Сленг терминінің анықтамасы бұл сөздікте берілмеген. Аталмыш терминнің анықтамасын орыс сөздігінен келтіреміз: «Сленг (англ. slang): 1. Яғни, жаргон, көбіне ағылшын тілді мемлекеттерде қолданылады. 2. Әдеби тіл нормасына сәйкес келмейтін ауызекі сөйлеу тілінің (сонымен бірге осы тілдің экспрессивтік реңкі бар элементтері) бір нұсқасы» [10,457].

Бұл орайда ғалым Н.Уәлидің пікірін айта кеткен жөн: «Жаргон, арготизмдер деп аталатын бейәдеби топқа жататын тілдік бірліктер белгілі бір әлеуметтік жіктің, топтың тілінде кездеседі. Олар жалақ жұртқа түсінікті бола бермейді. Байырғы кездегі қазақ қоғамында барымташылардың өздері ғана қолданатын жасырын сөздері болған. Мысалы, *салық* – «зат, мүліктерін қоятын жасырын жер» дегенді білдірсе (Ш.Уәлиханов), *мас* – бұйрық мәндегі етістігі «тұтқиылдан, көзіне көрінбей бас

сал», *жошыбайлау* – барымташылардың ұраны дегенді білдірген» – деп көрсеткен екен [11, 176]. Осы кезекте айта кететін бір жайт, ғылыми әдебиеттер мен сөздіктерде «сленг» терминіне қарағанда «жаргон» термині жиі қолданылады. Ал жаргон жастар тілінде, оның ішінде жоғары сынып оқушыларының сөйлеу тілінде көптеп кездесетіндігі байқалады. Бұл топ қолданатын сөздерге тән ерекшеліктердің бірі – ол оның заман ағымына орай өзгеріп отыратындығында. Мұның себебі мектеп оқушылары бір мезгілде әртүрлі қоғамдық ортада болады. Осыған орай олардың сөйлеу тілі де сәйкесінше өзгеріп отырады. Айталық, оқушы мектепте, сыныпта және кітапханада болғанда оқушының жаргонына тән сөздерді қолданады: *алгеброид, амеба, истеричка, физичка, училка, бас қатырушы – мұғалім, кірпіш – оқулық және т.б.*

Ал мектеп ғимаратынан алыстаған кезде ол өзінің қатарластарымен немесе өзіне етене жақын топ мүшелерімен кездеседі. Ол топ мүшелерінің өзіндік сөйлеу мәнері болады. Мысалы, *инетке барамыз ба?* дейді, яғни, ол дегеніміз *интернет орталығы, хавчик әкел – тіске басар әкел, құлаққа латиа ілді – өтірік айтты* дегенді білдіреді. Өздері қолданатын сөздерді жастар түзетуге тырысып бақпайды. Тіпті осындай сөздерді олар білім ордасында да күнделікті қарым-қатынастарында қолданады. Бұл жаңа жаргон сөздердің кең етек жаюына алып келетіні айдан анық.

Сонымен қатар көптеген сөздер бірнеше жылдар бойы өзгермей келеді. Осы лексемалар мектеп сленгінің негізін құрап, оның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бағалау сөздер мен оқу пәндері атауларының топтары өзгерістерге өте аз ұшыраған. Мысалы, *пятак – бестік баға, тройбан – үштік баға, англиш – ағылшын сабағы, литра – әдебиет, матеша – математика сабағы*. Мектеп оқушыларының лексикасында формалды емес топтардың жаргонын және арго сөздерін пайдалануы «жастар арасында жиі кездесетін қылмыс түрі – бұзақылықпен, күш пен зомбылыққа табынуға байланысты болады» [12, 81]. Мектеп жаргонында, әсіресе, бастауыш мектеп оқушылары арасында, осындай сөздердің пайдалануы үлкен алаңдатушылық туғызады. Өйткені сөйлеу деңгейіндегі зомбылықты көрсетеді: аталаған сөздерді қолдану фактісі вербалды деңгейдегі төбелестің басталуын анықтайды. Аталған топ лексемалары өзгеріске көп ұшырап, мектеп жаргонының ауыспалы компоненті болады.

Мұғалімдер мен оқушыларға қатысты атаулар тобының құрамы көп өзгереді, өйткені бұл сөздер атап қана қоймай, сөйлеушінің сөйлеу нысанына көзқарасын білдіруге арналып, үлкен әсерлігімен ерекшеленеді. Сөздердің жиі қолданылуына байланысты әсерлілігі төмендейді, сонда аталған топтың құрамы жаңарады. Ең әсерлі, ең экспрессивті окказионализмдері осы топ сөздерінің арасында кездесті. Сленг лексикасының жаңаруына танымал мультипликациялық фильмдер мен кинофильмдері өз үлестерін қосуда. Мәселен, *Томпақ, Алдаркөсе, байке* (бастауыш сынып оқушылары, сондай-ақ, сыныптастарының аттары), т.б.

Сонымен қатар мектеп оқушыларының қолданатын сленгінің қатары заманауи жоғары технологияларға да қатысты жаңа сөздер көптеп сіңіп келеді. Сондай технологиялардың бірі – компьютер саласы. Бұл жол арқылы еніп отырған сөздер қазақ тілінің сөздік қорын дамытатын өнімді жолдардың бірі. Бірақ алаңдататын жайт та жоқ емес. Өйткені енген терминдердің басым көпшілігі кірме сөз түрінде қолданылып жүр. Бұл дегеніміз туған тілімізде аудармасы бола тұра, шұбарлап сөйлейтіндердің қатары молайып келеді дегенді білдіреді. Мысалы, *зависать етіп қалды, память жоқ, сохранить ет, инет* сияқты сөздерді көптеп келтірсек болады.

Шет тілден енген сөздер де жастар тілінің сленгін құрайды. Кірме сөздердің жастар тіліне енуі түрлі жолмен жүзеге асады. Жастар жаргонын тасымалдаушылардың бір бөлігі көркем фильмдерден, әндерден, кітаптан т.б. мәліметтер жинайды. Олар өлең жолындағы бір ғана сөзді қолданбай, керісінше, толық фраза не тіркестерді пайдалантынын байқауға болады. Мысалы: *«май лав»–«менің махаббатым», «гуд бай»–«сау бол», «мэйкап»–«бетті әрлеу», «бойфренд»–«жігіт»*.

Қазіргі таңда ағылшын тіліне, сәніне еліктеу жастар арасында белгілі бір өмір сүру кезеңдерінде кірме сөздердің ықпалы қызығушылық арттырып отыр. Ағылшын тілінен басқа шет тілдерінен енген сөздер саны көп емес. Оған мысал ретінде мына сөздерді келтірсек болады: *«чао»–«сау бол», «парфюм»–«жағымды иіс», «миссие»–«мырза» және т.б.*

Қорыта келе, жеке адам үшін де, қоғам үшін де тілдің маңызы мен мәні қымбат. Тілдің ең басты қызметі – оның адамдар арасындағы қарым-қатынас жасаудың құралы екендігі. Қазіргі жоғары сынып оқушылары өз ойларын бөгде адамдар түсінбеу үшін не жасырын сөйлеу мақсатында сленгті қолданады. Ол сөздер жастардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Сонымен, жоғары сынып оқушыларының тілдік тұлғасының қалыптасуына мектеп сленгінің маңызы зор. Өйткені олардың басты ортасы – мектеп.

Сондықтан:

➤ Жоғары сынып оқушыларының ауызша сөйлеу тілінде тіл тазалығының сақталуын бақылау керек.

➤ Олардың сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына әсер ететін факторларды анықтау қажет.

- Мектеп сленгіні тілдің қосымша формасы ретінде емес, жастардың сөйлеу тілін қалыптастырудағы маңызды факторлардың бірі ретінде қарастыру қажет.
- Жасырын, құпия сөйлеу мақсатында қолданатын сөздердің тілдік тұлғасына әсерін бақылау керек.
- Ауызша сөйлеу тілінде сленгтердің ролін анықтау.
- Балаларға арналған көркем еңбектердегі тілдік тұлғаға әсер ететін факторларды зерттеу.

Әдебиет:

1. Бондалетов В.Д. Социальная лингвистика. – Москва, 1987.- 160 с.
2. Томашевская К.В. Лексическое представление ЯЛ в современном экономическом дискурсе. – СПб, 1998.- 134с.
3. <https://slovar.cc/med/psih/>.
4. Химик В. С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество. - М.: Академия, 1999. - 456 с.
5. Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология, развития, детство, отрочество. - М.: Академия, 1999.- 456 с.
6. Гуц Е. Н. Ненормативная лексика в речи современного городского подростка (в свете концепции языковой личности). - Барнаул, 1995. - 23 с.
7. Лихачев Д.С. Арготические слова профессиональной речи развитие грамматики и лексики современного русского языка. - М., 1964. –С. 311-349.
8. Русский школьный фольклор. От «вызываний» Пиковый дамы до семейных рассказов.- М., 1987.– 744с.
9. Крысин Л. П. О речевом поведении человека в малых социальных общностях (постановка вопроса) //Язык и личность. - М.: Наука, 1989. - С. 78-86.
10. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 440б.
11. Большой энциклопедический словарь. - М., 1991.
12. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.
13. Грачев М.А. Арготизмы в молодежном жаргоне//РЯШ. - 1996. - №1. С.78-85.

Тұрарова Ж.

Заң тілі ерекшеліктерін және тілдік норма талаптарын сақтау мәселесі

Мемлекетіміздегі түрлі қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу мен қорғаудың тетігі ұлттық заңнама. Ол еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және өзге де қарым-қатынас салаларын реттеуге арналған нормативтік құқықтық актілердің үлкен ауқымын құрайды. Оларға қоғамдық қатынастардың даму үрдісіне қарай түзетулер енгізіліп не жаңа актілердің қабылдануы арқылы арқылы үнемі жетілдіріліп отырады. Ұлттық заңнаманы жетілдіруге байланысты заң әзірлеу жұмыстарының үйлестіруші органы Әділет министрлігі, ал осы жұмыста Әділет министрлігімен заң жобаларын әзірлеуді бірлесе атқарып отырған Қазақстан Республикасы Заңнама институты болып табылады. Құқық шығармашылығы қызметінде 24 жылдық тарихы бар бұл мекеме алғаш «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылы 16 маусымдағы Жарлығымен жабық акционерлік қоғам болып құрылып, кейін 1998 жылғы сәуірде жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып, 2010 жылы 22 қаңтардағы № 19 қаулысымен мемлекеттік мекеме мәртебесін алды [1, 3-4].

Заңнама институтының қызметі қоғам өмірінің барлық сала бойынша заң жобаларын әзірлеу бойынша консультациялық қызмет көрсету, қорытындылар дайындау, заң жобаларының тұжырымдамаларын әзірлеу, қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыс топтарына қатысу, заңнамаға құқықтық мониторинг жүргізу, сонымен бірге халықаралық шарттар мен заң жобаларының теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету бөлігінде лингвистикалық сараптама жүргізу болып табылады [2, 11-13].

Мемлекетіміздің қызметін құқықтық қамтамасыз етудің осындай маңызды бағытында жұмыс атқарып отырған Заңнама институты заңнамаға қатысты құқық салалары бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізіп, ғылыми зерттеулердің нәтижесі бойынша құқықтық-ғылыми баспа өнімдерін шығарып, ғылыми жарияланымдарды Заңнама институтының құрылғанына биылғы жылы 10 жыл толып отырған Ғылыми-құқықтық журналда талқылауға шығарып отырады.

Институт құрылымында 2011 жылдың қыркүйек айынан бастап жұмысын бастаған Лингвистикалық орталықта қолданыстағы заңнамадағы тілдік олқылықтарды анықтау бойынша талдау жүргізу және олардың нәтижелері бойынша мақалалар жариялау, заң салалары бойынша анықтама сөздіктер әзірлеу жұмыстарын жүргізілді. Сонымен бірге, халықаралық шарттар мен заң

жобаларының теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету бөлігінде жүргізілетін лингвистикалық сараптама барысында халықаралық шарттар мен нормативтік құқықтық актілер жобалары олардың өзіндік стилі ерекшеліктерін қамтитын заң техникасының талаптарына сай болуына, орыс және мемлекеттік тілдегі жоба мазмұнынның теңтүпнұсқалығына және терминдерді дұрыс қолданылуына тексеріледі. Сарапшылар жоба мәтінінің құрылымын, стильдік және логикалық олқылықтарын анықтап, анықталған олқылықтарды әзірлеуші орган пысықтаудан өткізіп түзеткен жағдайда оң қорытынды беріледі. Сарапшы жоба мәтінінің теңнұсқалығын анықтау кезінде: 1) нормативтік құқықтық акті жобаларының баяндау логикасының сақталуы; 2) нормативтік құқықтық акті жобаларында қайшылықтардың жоқ болуы, әсіресе өзгерістер мен толықтырулар енгізу және өзге де ресімдеудің дұрыс болуы; 3) нормативтік құқықтық актіні әзірлеу кезінде терминдердің анық, дұрыс, бірізді қолданылуы; 4) заң стилі талаптарының және тілдік норманың сақталуын тексереді [3, 2].

Сараптама барысында жиі кездесетін олқылық – нормативтік құқықтық акті жобаларында стильдік, грамматикалық олқылықтарды айтпағанда, олардың мәтінін түсініксіз ететін артық сөздерді пайдалану, сөздерді мағынасына сай жазбау, сөздер мен терминдерді әртүрлі жазу, терминдердің жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілермен тұтастығын сақтамау, түзетулерді дұрыс енгізеу, енгізілетін өзгерістерді «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі бойынша қажетті нормативтік құқықтық актілерді пайдаланып ресімдеу жағдайларының жиі кездесетіндігі.

Көріп отырғанымыздай нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу әрбір маманың заң лексикасын, әсіресе, салалық заңдарда қолданылатын терминдердің сыртқы және ішкі мәнін танып дұрыс пайдалануды, оған қоса грамматикалық, стильдік нормаларды, заң техникасы талаптарын сақтауға мән беру қажеттігін талап етеді.

Заң техникасының сақталмауына мысал ретінде қолданыстағы заңдарға жүргізілген мониторинг барысында да анықталған олқылықтарды атауға болады. Мәселен, «Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 сәуірдегі № 97 Заңы мәтінінде мынадай кемшіліктер анықталды:

1) сөздердің дұрыс қолданылмауы, мысалы, Заңда пайдаланылған ұғымдарда «ничем не обусловленный» – «төлеуге ешқандай шарт қойылмаған» деген сөз «ешнәрсеге негізделмеген» деп жазылуы керек; 2-бапта «особого указания» деген сөз «Арнайы көрсету» деп емес, «Ерекше нұсқау» деп жазылуы керек; 5-бапта «может обусловить, ... будут начисляться проценты»–«процент есептеуге шарт қоя алады» деген сөздер –«пайыз есептелетіндігін негіздей алады» деп жазылуы керек; «Процентная ставка»–«проценттік ставка» деп, «Проценты»–«проценттер» деп аударылған; 6-бапта «в случае разногласия»–«қайшылықтар болған жағдайда» деп жазылған сөздер «келіспеушіліктер болған жағдайда» деп жазылуы керек; 10-бапта «последствиями обыкновенной цессии» деген сөздер «жай цессия нәтижелерімен» деген сөздермен жазылған, оны «жай цессия салдарымен» деп жазу керек; 11-бапта «ничем не обусловленным»–«ешқандай шарт қойылмаған» деген сөз «ешнәрсеге негізделмеген» деп жазылуы керек; 15-бапта «обязано отдать» – «қайтаруға міндетті» деп жазылған сөзді «беруге міндетті» деп жазу керек; «недобросовестно»–«дұрыс алмаған» деп емес, «жосықсыз алған» деген сөзбен ауыстырылып жазылуы керек; 16, 17-баптарда «в ущерб»–«зиян» деген сөзбен жазылған, оны «залал» деген сөзбен жазу керек; 21-бапта «может обусловить, что»– «тиістілігін шарт етіп қоя алады» деген сөздер «тиістілігін негіздей алады» деп жазылуы керек; 36-бапта «иные правила» деген сөз «өзге бір ережелерді» деп емес, «өзге бір қағидаларды» деп жазылуы керек; 42-бапта сөздер «может реализовать»–«жүзеге асыра алады» деген сөз «іске асыра алады» деп; «обстоятельство» деген «жағдаяты» деген сөз –«мән-жай» деп ауыстырылуы керек; 44-бапта «за ущерб» деген «зиян емес», «залал» деп жазылуы керек; 45-бапта «обстоятельство» деген сөз «жағдаятқа» деп емес «мән-жайға» деп жазылуы керек; 47-бапта «были обусловлены»–«егер шарт қойылмаса» деген сөз «егер негізделген болса» деп жазылуы керек.

2) тең нұсқалықтың сақталмауы, мысалы, 19-бапта бірінші абзацта «Индоссамент, совершенный после срока платежа, имеет то же последствие»–«Төлем мерзімінен кейін жасалған индоссаменттің нәтижесі алдыңғы жасалған индоссаменттегі сияқты болады» деп емес, «индоссамент алдыңғы индоссаментте жасалғандай салдарға ие» деп жазылуы керек; 43-бапта «сот органдарының» деген сөздің орысша нұсқасы жоқ.

3) бірізділіктің сақталмауы, мысалы, мазмұнда «формула»–«анықтама» емес, «тұжырым сөз» деп жазылуы керек, өйткені 30-бапта «равнозначной формулой» деген сөздер «бара-бар ... тұжырым сөздермен» деп жазылған; мазмұнда «плательщика»–«төлеушінің» деген сөз «төлеушінің» деген сөзбен ауыстырылып жазылуы керек, сондай-ақ «плательщик» сөзі әрі қарай: 10, 91, 54, 64, 88-баптарда «төлемші», 20, 21, 23, 24, 27, 28, 30, 38, 39, 43-баптарда «төлем төлеуші», 76-бапта «төлеуші», 83, 94-бапта «төлем жасаушы» деп әртүрлі нұсқада берілген; 18-бапта «содержит оговорку» деген сөз «ескертілсе» деп емес, «ескертпе болса» деп жазылуы керек, өйткені 17-бапта «оговорку»–«ескертпесі» деп жазылған; 43-бапта «в реестр» деген сөз «тізілімдемеге» емес, «тізілімге» деп, «с действующим законодательством» – «қолданылып жүрген заңдарына» деген

сөздер «қолданыстағы заңнамасына» деп жазылуы керек; 82-бапта «законодательством» деген сөз «заңдарда» емес, «заңнамасында» деп жазылуы керек; 90-бапта «законодательством» деген сөз «заңдарымен» емес, «заңнамасымен» деп ауыстырылуы керек; 48-бапта «процент»—«проценттерді» деген сөз «пайыздарды» деп жазылуы керек; 53-бапта «правила» деген сөз «ережесі» деп емес, «қағидасы» деп жазылуы керек; 62-бапта «Правила»—«ереже» емес «қағида» деп жазылуы керек.

4) грамматикалық кемшіліктер, мәселен, көптік не жекеше жалғауларын дұрыс пайдаланбау, мысалы, мазмұнда, «банктерде» деп көпше түрде жазған, оны «банкте» деп жекеше түрде жазу керек, «переуступку прав»—«иелену құқығының» деген сөздер «құқықтардың ... берілгенін» деп көпше түрде жазылуы керек; 76-бапта «процентах»—«проценттер» деп емес, «пайыздар» деп жазылуы керек, «полномочий» «өкілеттігін» деген сөз «өкілеттіктерін» деген сөзбен ауыстырылуы керек; 22-бапта «индоссантами»—«Индоссанттардың» деген сөз «Индоссанттар» деген сөзбен ауыстырылуы керек;

5) орфографиялық кемшіліктер, мысалы, мазмұнда «(почтовый адрес)»— (почта мекен-жайы) деп емес, «(почта мекенжайы)» деп бірге жазылуы керек; 26-бапта «адрес»—«мекен-жайды» деген сөз «мекенжайды» деп жазылуы керек;

Сонымен бірге, әріптердің көлемін әртүрлі жазу, мысалы, 1, 2 бөлім, 2, 3, 8 тарау атауы орыс тіліндегі нұсқасында үлкен әріптермен жазылған болса, қазақ тіліндегі нұсқада кіші әріптермен жазылған;

6) заң техникасының ресімдеу талаптарына сай келтіру қажет ететін сілтемелердің дұрыс ресімделмеуі бойынша олқылықтар, мысалы, мазмұнда сілтемеде «Сноска»—«Ескерту» деп, «дополнения» — «өзгерту» деп қате аударылған. Дұрысы — Сілтеме. Мысалы, «Сноска. Внесены дополнения Законом РК от 24 декабря 2001 года N 276; Законом Республики Казахстан от 9 июля 2003 года N 482.» деген сөздерде сан есімдер сөзбен толық жазылған болса, қазақ тілінде «Ескерту. Ұғымдарға өзгерту енгізілді — Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276, 2003.07.09. N 482 Заңдарымен» цифрлар реті дұрыс жазылмаған. Дұрысы: «Сілтеме. Ұғымдарға толықтырулар енгізілді — Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 желтоқсандағы N 276 Заңымен; Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі N 482 Заңымен». Осы сияқты кемшіліктер 37, 79, 80, 82, 83, 83-1, 85, 86, 87, 89, 16-1, 93, 94, 95, 97-баптарда кездеседі. 96-бапта орыс тіліндегі нұсқада сілтеме берілген болса, қазақ тіліндегі нұсқада сілтеме көрсетілмеген [4].

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердегі кездесетін мұндай олқылықтарды мониторинг нәтижелерінің ұсыныстарын нормативтік құқықтық актілерге түзетулер енгізу туралы заңдарды не жаңа заң жобаларын әзірлеу барысында ескеру қажеттігін көреміз, бұл да қолданыстағы занаманы жетілдіру үшін қажетті шара.

Нормативтік құқықтық актілер құқықтық ережелерді қамтитын, қоғамдық қатынастардың құқықтық реттеушісі болса, оның дәл болуы, қолдану үшін маңызды, өйткені ол заңдық күші бар ресми құжат. Сондықтан нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуде заң мәтінінің айқын және дәл, баяндау тілінің түсінікті, жинақы болуы, құрылымдық ресімдеуі дұрыс болуымен қатар тілдік нормаға сай жазылуы аса маңызды. Нормативтік құқықтық актілерді тек заңнама қоры ғана емес — ұлттық тілдік сөздік қорымызды толықтыру көздерінің бірі. Мұнда сөздік қорымызға еніп, қолданысқа түсіп жатқан сандарға атау сөздер, терминдер мен ұғымдар қамтылады. Ал олардың өз функционалдық талабына болуы заң сапасының кепілі.

Жалпы алғанда, тілдік норманы сақтау мәселесінде сөз, термин қолдану, сөзжасам мәселелері, қазіргі кезде ғана емес, мемлекетіміздің өткен тарихи кезеңдерінде де өзекті мәселе ретінде көтеріліп, әркез назардан тыс қалмаған. Биылғы жылы 145 жылдығын атап өткен қоғам мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, әдебиет зерттеуші, түркітанушы, педагог, аудармашы А.Байтұрсынұлы өз еңбектерінде терминология, тілдің қолданылуы, тіл тазалығы мәселелеріне қатысты құнды пікірлер қалдырғандығын білеміз.

Ол «Тіл тазалығы дегеніміз — ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, мағынасы түсінікті сөздерді алу қажет», — деп, ұғым мағынасына мән беруді ескертеді. Сондай-ақ көбінесе а) ескірген сөздерге, б) жаңадан шыққан сөздерге, п) өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан, т) жергілікті сөздерді, яғни, бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерді пайдаланудан аулақ болуды ұсынған. Терминдердің ұлт тілінде, тіл заңдылықтарын бұзбай жазылуы керектігін, тілде жат сөздердің көбеюі тілді түсініксіз етіп, норманы бұзатынын атап көрсеткен [5, 255-256].

А.Байтұрсынұлы кезінде «Сөз талғау» өз еңбегінде сөз қолдануға мынадай бес талапты қойған, бұл қазір де өз өзектілігін жойған жоқ, шығарма сөзі өңді, ұнамды болуына қоятын шарттар ретінде ол: сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнекілігі деп бес негізгі шартты атайды. Сөздің дұрыстығына қойылатын талап: 1) сөздің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқтыларды өз орнымен қолдану, 2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыластыру, 3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс

құрмаластырып, орналастыру», – деп көрсетеді. Ол «Әдебиет танытқышқа» енген «Тіл қисыны» еңбегінде «тілді қолдана білу деп – айтатын ойға сәйкес кететін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішінде орын-орынына дұрыстап қоя білуді, сөздің келісті болатын заңдарын, шарттары болатынын атап өтеді. [5, 255 -256].

Қазір өзіміз атап отырған заң техникасы міндетінің де осы шарттармен сабақтасатындығын ескерсек, бүгінгі күнгі заң жобалау жұмысын жетілдіруге қажет әдістемелік қағидаларды осы А.Байтұрсынұлы еңбектерінен табуға болады.

Әсіресе, ол бүгінге дейін өзекті терминдерді пайдалануда басшылыққа алуға болатын қағидаларды, терминжасамның негізін салған сонау А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастап қазақ терминологиясын қалыптастырушы профессор Қ.Жұбановтың, академик Ә.Т. Қайдаровтың, Ө.Айтбаевтың және өзге де ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын ескерумен, бірінші, салалық және күрделі терминдерді қолдануда лексикалық қорымызды кеңінен пайдалану, екіншіден, халықаралық тілдегі терминдерді аудару, пайдалану, біріздендіруге қатысты талаптарды қамтитын терминжасамға байланысты тәжірибені негізге алу маңызын жойған жоқ [6, 507, 535-537].

Тілдік нормаға қатысты талаптарды басшылыққа алу, заң техникасын жетілдіру, оның ішінде, заңнамадағы терминдерге қатысты мәселелер, кеңестік заман кезеңінде де көтерілген, мәселен, заң жинақтарын әзірлеу жұмыстарында тұрақты тіркестерді, ескірген терминдерді ауыстыру, нормативтік құқықтық актілердегі пайдаланылатын терминдердің жоғары тұрған актілерге сай бірізді пайдалануы туралы, заң терминологиясын құқықтық реттеу қағидаларын қамтитын ережелерді заңдық тұрғыда бекіту туралы ұсыныстармен тұжырымдалса [7, 25, 29, 31], қазіргі кезде ресейде заң жобаларына жүргізілетін лингвистикалық сараптама тәжірибесінің негізінде қалыптастырылған әдістемелік ұсынымдар да айқындалған.

Аталған нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу және оның теңтүпнұсқалығы сапасын жетілдіру мақсатында оларға лингвистикалық сараптама жүргізу барысында басшылыққа алуға болатын әдістемелік қажеттігі мамандар арасында үлкен сұранысқа ие болып отыр. Сонымен бірге заң техникасы ерекшелігін қамтитын жазу, емле, термин, оның ішінде заң стиліне қатысты өзге де көптеген мәселелер жөнінде бағыт-бағдар беретін ғылыми-әдістемелік ұсынымдар және практикада қолдануға қажет құралдарға деген сұранысты туындатып, мамандарға арналған әдістемелік тағылымдама не үйрету курстары сабақтарын үйлестіру мәселесін алға қойып отыр. Заң шығармашылығын, заң жобаларын әзірлеу ісін жетілдіру мамандардың кәсіби білімімен қоса тіл заңдылығын жақсы білуімен тығыз байланысты.

Сонымен, қорыта айтқанда, қарастырған тұжырымдардың қайсысы болмасын тілдік норманы сақтаудың маңыздылығын көрсетеді. Ал нормативтік құқықтық актілер мен халықаралық шарт жобаларын әзірлеу және олардың теңтүпнұсқалығы сапасын жетілдіру негізінен заңнамада белгіленген заң техникасы талаптарын сақтаумен, әдістемелік жетілдірумен тікелей байланысты екендігін көреміз.

Сондықтан, әзірлеуші маман нормативтік құқықтық жобаларын әзірлеуде:

- жарыспалы терминдердің қолданылуы (нақтылығы жағынан талқылауды қажет ететін сөздер мен сөз тіркестерін, дәл атауы бола тұрып орынсыз шет тілінің сөзімен алмастырылып пайдаланылуы, дұрыс аударылмаған терминдер мен мағынасы жағынан жуық әртүрлі сөздердің пайдаланылуы);

- сәтсіз жасалған терминдердің орын алуы (ресми стильге тән емес, ұғым мазмұнын дәл бермейтін терминдердің, мәніне қайшы, анық емес не заңнамада орнықпаған сөздер мен сөз тіркестердің пайдаланылуы);

- ұлт тілінің лексикологиялық қабаттары, сөзжасам, терминжасам тәсілдерінің дұрыс пайдаланылмауы (жаңа пайда болған арнайы техникалық (белгілі сала бойынша), арнайы заң (ерекше құқықтық мәнге ие) терминдерінің дұрыс пайдаланылмауы) сияқты кемшіліктерді анықтап, терминдерге қойылатын: бірмәнділік, тұрақтылық, терминнің әрбір жаңа актіде өзінің ерекше мәнін сақтауын, терминологияның біртұтастығын, терминдердің басқа да нормативтік құқықтық актіде қамтылған терминге қайшы болмауын, заң жобасын нормаларының түсінікті болуы үшін қайталауларға жол берілмей айқын, дәл, нақты, қысқа әрі толық баяндалуын, логикалық байланыстың сақталуын, құрылымдық дұрыс ресімделуі талаптарын сақталуына мұқият болу қажет. Ал бұл талаптарды сақтамау нормативтік құқықтық акті жобаларын сапасыз әзірленуіне әкеп отырғанын тәжірибе көрсетіп отыр.

Сонымен, заң жобалау қызметіне қажетті әдістемелік, әсіресе заң мәтіндеріндегі тілдік норманы сақтаудың тәсілдерін жетілдіру және оны тәжірибеде қолдану, заңнаманың сапасын арттыруға негіз болатындығы сөзсіз. Және де заңның сапалы әзірленуі маманның әдістемелік білуіне, мекеменің жұмысты дұрыс үйлестіріп, әзірлеу жұмыстарына жауапкершілікпен қарауға тікелей байланысты екендігін көреміз.

Әдебиет:

1. Заң шығару институтына 20 жыл. - Астана, 2013. - 166 б.
2. Актуальные проблемы совершенствования законодательства Республики Казахстан в условиях нового политического курса // Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 20-летию Института законодательства РК. - Астана, 2013. - 451 б.
3. Рекомендации по лингвистической экспертизе законопроекта // <http://law.tmbadm.ru/wp-content/uploads/2013/03/B5.pdf> (11.04.2017г.)
4. «Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 сәуірдегі № 97 Заңы мәтіні бойынша 2016 жылы ақпан айында жүргізілген анықтамалық талдау
5. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, Абзал-Ай, 2013. – 640б.
6. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері.– Алматы: Арыс, 2007. - 624 б.
7. Рахманина Т.Н. Вопросы унификации терминологии нормативно-правовых актов // Проблемы совершенствования советского законодательства. - М., 1986. - 65с.

Балапанова Қ.

п.ғ.м., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің аға оқытушысы

Саяжанова А.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті

«Қазақ тілі» пәнінде жаңа педагогикалық технологияны пайдалану әдістері

Қазіргі замандағы мемлекетіміздегі қозғалып отырған негізгі мәселелердің бірі – білім беру жүйесінде, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, халықаралық коммуникациялық желелерге шығу, білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану, жетістіктері мен жеке тұлғаларды қалыптастыру және қазіргі заман талабына сай білім алуға қажетті жағдайлар жасау. Білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, дүниежүзілік білім кеңестігіне енуі бүкіл заманауи әдістемелік жүйеге, оқытушылар алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Қазіргі кездегі ақпараттану жағдайында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірінің әртүрлі кезеңдері біртіндеп өзгерістер енгізуде. Қазіргі білім беру саласында өзгерістерді дұрыс қабылдап, оқытудың жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, бүгінгі заман талабына сай ұстаз болу мүмкін емес. Қазақстанның білім беру жүйесінің даму жолына да ықпалын тигізуде. Ақпараттық технологияның дамуына сәйкес электрондық оқыту деп аталатын оқытудың жаңа технологиясы қалыптасқан.

Мемлекеттік тілді интерактивті өзін-өзі оқытудың әдістемелік жүйесін жасауда оқытудың тұлғалық-бағдарлық қырының барлық талаптары тұлғаның нақты оқу міндетін шешуіне бағытталған болуы керек. Бұл жерде кез келген мемлекеттік тілді үйренушінің оқу-коммуникативтік міндеті белгілі бір оқу тақырыптық, көмекші әрекеттердің жүзеге асуы керектігін толық түсінуі қажет. Мысалы, оқу-коммуникативтік әрекет мынадай болуы мүмкін: «қажетті тілдік құралдарытандау», «айтылымды грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастыру», «өзінің сөйлеушісіне адекватты түрде әсер ету шарасын дайындау», т.с.с. Ал көмекші әрекет ретінде «қажетті сөздерді мәтіннен оқу», «теріп жазу», «астын сызу» сияқты болуы мүмкін. Сондықтан да интерактивті өзін-өзі оқытудың негізі оқу материалдары әрекеттің бағдарлық сызбасы негізінде жинақталуы керек.

Мемлекеттік тілді оқып үйренуші әрекетінің бағдарлық сызбасы дұрыс айтудың, дұрыс құрастырудың әңгімелесушімен кері байланыс құруға арналған түрлі айтылымдар, т.с.с. тілдік құралдарды меңгеруге және оларды қолдана білуге, игеруге арналған материалдар болып табылады, ал бұл материалдардың жалпы интерактивті өзін-өзі оқытудың теориясын салушылардың бірі Ю.Г.Репьев былай дейді: «Только совместная интактная работа двух полушарий двухканальной системы обработки информации двуполушарным мозгом в условиях полимодельностей (мультимедийности) предъявление учебной информации при полноценном участии логического и образного мышления обеспечивает эффективность, качество познавательного процесса» [1,35].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған: «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында ел дамуының манызды басылымдықтарының бірі ретінде білім беру мәселесін көрсетті. Қазақстан Республикасының білімді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында білім беру саласында мемлекеттің саясатты өткізудің стратегиясы, негізгі бағыттары, міндеттері мен механизмдері анықталды. Берілген құжаттардың аясында жаңа тұрпатты мамандарды даярлау педагогтардан білім беру үрдісінің оқу-әдістемелік және ғылыми қамсыздандыруын үнемі

жетілдіруді, білім алушыларға ғылыми білім мен кәсіби дағдының әдістерін, құралдарын түрлерін қолдану негізінде оқу үрдісін жүзеге асыруды мақсат етеді.

Қазіргі білім берудің стратегиялық мақсаты өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен шығармашылықпен жұмыс жасауға қабілетті, сауатты да салауатты тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін әр білім алушының қабілетін танып, біліп, шындап, жол сілтеп жоғарғы дәрежесіне көтеру керек. Ол үшін қазіргі оқу орындары қазіргі заманауи талаптарға жауап беретіндей болуы шарт. Сондықтан ұстаздар қауымы жаңашыл жұмыстарға бет бұрулары қажет.

Дәл қазіргі кезеңдегі педагогика теориясы елеулі өзгерістерге түсіп, білім беру мазмұны жаңғырып, білім беру құрылымында жаңа технологиялар пайда болып, іс-тәжірибеде пайдалануда. Педагог-ғылым В.Кларин: «Педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдардың жиынтығы», – деп түсініктеме береді. Жаңа педагогикалық технологияларды оқыту үдерсінде пайдаланатын болсақ, онда білімді демократияландыруға және ізгілендіруге, басқару сапасын жетілдіруге, білім алушыларды дамуына бақылау жасауға, соған сәйкес бағалауға ғылыми негізде жетістікке жете аламыз.

Оқыту орындары жүргізіліп отырған тәжірибелік сынақ жұмыстарының басты міндеті оқытудың педагогикалық технологиясын оқыту үдерісіне енгізу болып табылады. Мәселен, В.В.Давыдов, Л.В.Замков, Д.Б.Элькониннің бірлесе жасаған «Дамыта оқыту жүйесі» бір-бірімен тығыз байланыста, әрі мынандай ұстанымдардан құралады:

1. Жоғары қиындықтағы деңгейде оқыту;
2. Теориялық білімнің жетекші рөлі;
3. Оқу материалдарын жеделдете оқыту;
4. Оқу үрдісін білім алушының сезінуі;
5. Барлық білім алушылардың бірдей деңгейде дамуы үшін жүйелі жұмыс жүргізу.

Л.В.Замковтың оқыту технологиясында білім алушы өзін еркін сезінеді, оның әлеуметтік мүкіндігінің дамуына жағдай жасалады. Осы жүйеде білім алушы мен оқытушының арасындағы жаңаша қарым-қатынастың іргетасы түсіндіруші тұлғасында емес, білім алушының іс-әрекетін ұйымдастырушы, бағыттаушы делінеді.

Адамзат тәжірибесі жинақтаған білімді жеке тұлға өзінің өрелік күші арқылы ғана меңгеріп ішкі психикалық жоспарына енгізе алады. Нақты бір тілді меңгеруде де көрсетілген тұжырымға байланысты көптеген ізденістер жасалуда. Оны И.А.Зимняяның, Б.Ц.Бадмаевтың, И.С.Яки, манскаяның, Қ.Қадашаеваның, К.Мухлистың т.б. еңбектерінен көруге болады. И.А.Зимняя тілді оқытудағы тұлғаның рөлін былай көрсетеді: «Тұлға қызмет субъектісі болып табылады. Ол өз қызметінде өзге адамдармен қарым-қатынас жасай отырып дамиды және де ол үрдістің өту сипатын, ерекшелігін өзі айқындайды» [2,63]. Интерактивті өзін өзі оқытудың тұжырымдамасына жүгінсек, оқытудан оқудың басымдылығына бағытталған және жеке тұлға бағдарланған әдіс жүйесі жасауы тиіс екен [1,100].

Мемлекеттік тілді интерактивті өзін өзі оқыту әдісінің тұжырымдамасы, біріншіден, жалпы оқу қызметінің функциясына сүйене отырып жасалуы тиіс. Ол функциялар: оқу, ұйымдастыру, коммуникатив, өзін-өзі бақылау. Бұл жерде оқу функциясы – мемлекеттік тіл бойынша білімді игеру және дағды мен білік деңгейіндегі іс-әрекет пен қызметті меңгеру, ал ұйымдастыру-субъектінің жеке оқу қызметін өзі жасай алуы, коммуникативтік-субъектінің белгілі ортада мемлекеттік тілде ойын жеткізе білу және қарым-қатынас жасай алу әрекеті, өзін-өзі бақылау- мемлекеттік тіл бойынша алған оқу ақпаратын меңгеру және игеру деңгейін субъектінің өзі тексеруі. Кез келген оқу қызметінің жетекші функциясы оқу болып табылады. Білімнің игерілуі мен дағды, біліктің меңгерілуі субъектінің ішкі уәжінен туындайтын үрдіс екені де мәлім. Ал уәжділік – нақты бір қызмет индивид үшін тұлғалық мәнге айналу нәтижесінде болатын үрдіс, сонымен қатар ол үрдіске деген қызығушылық пайда болып, оның қызметінің сырттан берілген мақсаттары оның ішкі қажеттілігіне айналады [3,97].

Қажетті деңгейде интерактивті өзін-өзі оқытудың әдістемелік базасын жасауда негізге алынатыны оқудың еркін қызмет екенін ескере отырып, оқудың белгілі дағдысы мен білгін қалыптастыратын әдістемелік жүйенің жасалуын айтуға болады. Бұл жерде міндетті түрде «объективті және субъективті шарттарға байланысты жүріп жататын екі деңгейлік танымның психикалық үрдісіне байланысты оқу үрдісінің екі типі: ақпараттық, ойлау үрдістері» [3,35] есепке алынған жөн. Өйткені мемлекеттік тілді интерактивті өзін өзі оқыту әдісінің психологиялық негізін тек қана көрсетілген тұжырымға сүйене отырып жасауға болатынын да атап өтпекпіз.

Жалпы кез келген интерактивті оқытудың негізі де осы аталып отырған әрекеттің бағдарлық сызбасы ретінде жасалады. Осы ретте Б.Бадмаев әрекеттің бағдарлық сызбасының жалпы оқудағы рөлін былай көрсетеді: «Қалай істеу керек екенін білмей, қызметті атқару мүмкін емес; нақты бір іс

әрекет немесе оның элементі – операция; ал операцияны дұрыс жасамай әр бір әрекетінді дұрыс бағалай алмайсың және де алдағы әрекетінді бағдарлау мүмкін емес, сонымен қатар ешқандай іс-әрекетінді жалғастыра алмайсың» [4, 26].

Интерактивті оқыту негізінде жасалатын мультимедиялық құралдардың тілдік материалдар жалпы өзін-өзі оқытудың дидактикалық құралдарына қойылатын талаптарға сәйкес тандалуы керек:

➤ өзін-өзі оқытудың дидактикалық құралдары оқу субъектісі мен оқытушы арасындағы диалогты жүзеге асыру керек;

➤ өзін-өзі оқытудың дидактикалық құралдары оқушыға ойлау әрекетін қалыптастыру және оның өсу біліктілігін дамытуға тиіс;

➤ өзін-өзі оқытудың дидактикалық құралдарының мазмұны жақсы құрылымдалған болуы керек.

Интерактивті өзін-өзі оқытудың оқыту құралдарын жасау оның ақпараттық ортасын құрудың негізі болып табылады[1].Интерактивті оқытулардың тиімділігі онда берілетін оқу-әдістемелік материалдың құрылымына тиімді болады. Сондықтанда оқу материалдарын жасауға мына әдістемелік тәсілдерді қолданған жөн:

- мемлекеттік тілде сөйлеу үлгілерін меңгеруде аудиовизуальды басқару бағдарламаларының болуы;

- «диктор оқушы» жүйесіндегі ауызша сөйлеуді өзара қарым қатынасының болуы;

- Ұсынылатын проблемалық жағдайлардың көрсетілуі;

- Кәсіби-іскери және әлеуметтік-тұрмыстық ойында.

Енді жоғарыда айтылған әдістемелік тәсілдердің әрқайсысына қысқаша тоқтала кетейік. Сонымен мемлекеттік тілде сөйлеу үлгілерін жүзеге асыруда, әдетте, арнайы түсірілген диалогтар, көркем фильмдерден үзінділер алынады. Бұл сөйлеу үлгілері көрсетілгеннен кейін оқытушы-диктордың оған комментарий беруіне болады. Мемлекеттік тілде сөйлеу үлгілерін меңгеруде аудиовизуальды басқару бағдарламалары машиналық бағдарламалар сияқты болады. Диктор тапсырмаларды орындалу бойынша нұсқаулар береді, сонымен қатар білімін тексеру үшін түрлі кейіннен дұрыс жауаптар көрсетілуге тиіс. Ал «диктор оқушы» жүйесінде ауызша сөйлеу өзара қарым-қатынасы имитациялау арқылы жүзеге асады. Диктор мен оқушының арасындағы әңгіме әртүрлі болуы мүмкін. Мұндай жағдайлар тілді үйренушіге ұйымдастырылмаған сөйлеудің дағды білігін қалыптастыруға септігін тигізеді. Біз мемлекеттік тілді интерактивті оқытудағы телевидение қолдануға қысқаша тоқталық өттік, яғни, телевидениенің белсенді және орынды қолданылуы тілді оқыту мазмұны мен үрдісін басқаруды оңтайландыруға маңызды әсер ететін көрсетіп отырмыз. Ал жалпы алғанда, мемлекеттік оқытудағы интерактивті өзін-өзі оқытуда тек қана телевидениенің мүмкіндіктерін қолдану емес, сонымен қатар қазіргі кездегі жүйе екенін атап өту керек.

Сонымен, мемлекеттік тілді оқытудағы интерактивті өзін-өзі оқытуды жүзеге асырудың негізгі жолдарын былай көрсетуге болады:

- Мемлекеттік тілді оқытуғағы интерактивті өзін-өзі оқытудың тұлғалық-бағдарлық қырының нақты оқу міндетін шешуге бағытталған әдістемелік жүйені жасау;

- Интерактивті өзін-өзі оқыту міндетін шешуде маңызды болып табылатын мультимедиялық құралдар мемлекеттік тілді үйренушінің нақты әлеуметтік сұранысына жауап бере алатындай деңгейде дайындалуы тиіс.

Мемлекеттік тілді оқытудағы интерактивті оқытудың жүзеге асырылуы кең көлемді зерттеуді қажет етіп отырған өзекті мәселе. Мемлекеттік тілді оқытудағы интерактивті оқыту жолдарының жалпы ғылыми-әдістемелік негізін айқындау, солардың негізінде мемлекеттік тілді оқытудағы электрондық оқулықтар мен мультимедиялық құралдардың құрылымдары мен мазмұндарын талдау және оларға қойылатын талаптар жүйесін жасау сияқты мәселелер әлі де болса өз шешімін күтуде.

Әдебиет:

1. Репьев Ю.Г. Интерактивное обучение. -Москва, 2004.
2. Зимняя И.А. Психология обучения. – Москва, 1991.
3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии.– Москва, 1989.
4. Бадмаев Б. Психология и методика обучения. – Москва, 2002.

*Айтмағанбетова Ш.
преподаватель университета КИМЭП, МВА*

Проблемные вопросы перевода на государственный язык официальных текстов

С периода приобретения независимости Казахстаном, выхода в свет Закона «О языках», где казахскому языку был присвоен статус государственного языка, законотворчество и делопроизводство перешло на казахский язык. На начальном этапе для оформления официальных

текстов не было достаточно терминов. Неоценимый вклад в деле формирования словаря деловой лексики сыграли ученые Академии наук Республики Казахстан, практики-переводчики государственных органов, организаций, специалисты-профессионалы разных отраслей экономики. Но до сегодняшнего дня встечаются трудности при создании текстов на государственном языке от недостаточности терминов на казахском языке. Вторая проблема возникает при переводе текстов русского языка на государственный язык. Эта трудность возникает прежде всего при написании падежных окончаний у существительных, где допускаются ошибки под влиянием грамматики русского языка. Например, в официальных текстах на казахском языке, которые были переведены с русского языка, при употреблении имен существительных, отвечающих на вопрос «кайда?», в разных предложениях в одной и той же позиции с одним и тем же глаголом допускаются ошибки. Эти слова употребляются то в форме барыс септік, то в форме жатыс септік, то в форме шығыс септік. Например: *Эмблема, логотип или товарный знак (знак обслуживания) воспроизводится на бланке в соответствии с учредительными документами организации.* - *Эмблема, логотип немесе тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі) бланкіге ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес орналастырылады.*

В данном предложении слово «бланк» употреблено в форме барыс септік. *Эмблема, логотип или товарный знак (знак обслуживания) не размещается на бланке с изображением Государственного Герба РеспубликКазахстан. – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген бланкіде эмблема, логотип немесе тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі) орналастырылмайды.* В этом предложении слово «бланк» употреблено в форме жатыс септік (это – ошибка, которую разберем ниже).

Проекты распорядительных документов и другие документы по их подготовке, изменения к планам, основания к приказам помещаются в номенклатуре дел вслед за соответствующими основными документами. - *Әкімдік құжаттардың жобалары және оларды дайындау жөніндегі басқа да құжаттар, жоспарларға өзгерістер, бұйрықтарға негіздемелер істер номенклатурасына тиісті негізгі құжаттардың соңынан орналастырылады.* В этом предложении вспомогательное слово «соңынан» употреблено в форме шығыс септік.

В трех предложениях глагол «орналастырылады», от которого задается вопрос «кайда? – где?» управляет тремя разными падежами. Такое смешение происходит от того, что слова русского языка, отвечающие на вопрос «где?» при переводе на казахский язык отвечают на вопрос «кайда?» и «кайдан?». В казахском языке вопрос «кайда?» имеет два значения. На вопрос «кайда?» отвечают слова в форме барыс септік и жатыс септік. Данные падежные формы различаются по значению. Слова в форме барыс септік имеют значение «направление действия», отвечают на вопрос «кайда?», имеющее значение «куда?». Слова в форме жатыс септіки имеют значение «место выполнения действия», которые также отвечают на вопрос «кайда?», но имеют значение «где?». На вопрос «кайдан?/кайда?» - «откуда? где?» отвечают слова шығыс септік, имеющие значение «откуда/где выполняется действие».

Употребление глаголов, отвечающих на вопрос «где?» - «кайда?»

Разберем на примерах какие же глаголы употребляются со словами в форме барыс септік, а какие употребляются со словами в форме жатыс септік и шығыс септік. Примеры приведены из «Типовых правил документирования и управления документацией в государственных и негосударственных организациях» (далее – Типовые правила), утвержденные приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 22 декабря 2014 года № 144[1]. В скобках обозначены номера пунктов Типовых правил.

Употребление глаголов с существительными в форме жатыс септік

1. Баяндалу

В констатирующей **части** (преамбуле) кратко **излагаются** цели и задачи, факты и события, послужившие основанием для издания приказа(44).

Айқындаушы (кіріспе) **бөлікте** бұйрықты шығаруға негіз болған мақсаттар мен міндеттер, фактілер мен оқиғалар **баяндалады** (44).

2. Бейнелену

Государственный Герб Республики Казахстан **изображается на бланке** документа государственной организации в соответствии с требованиями, установленными законодательными актами Республики Казахстан о государственных символах Республики Казахстан(18).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы ұйымның құжат **бланкісінде** Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес **бейнеленеді**(18).

3. Дайындалу

Письма организации **готовятся на бланке**:4)

Ұйымның хаттары **бланкіде**:

как сопроводительные письма к различным документам(94).

4. Жасалу

Внутренние документы, за исключением распорядительных документов, **составляются на белых листах** бумаги(17).

Заголовок к тексту документа менее 10 строк, а также к документу, **оформленному на бланке** формата А5, не составляется(31).

6. Жүзеге асырылу

Выдача бланков, подлежащих защите, **производится** под расписку в соответствующих регистрационных учетных **формах**, предусмотренных ведомственными инструкциями организаций(94).

7. Жүргізілу

Учет печатно-бланочной продукции, подлежащей защите, в том числе с изображением Государственного Герба Республики Казахстан, и выдача **ведется в журнале** учета и выдачи печатно-бланочной продукции, подлежащей защите, по форме согласованно приложению 14 к настоящему Типовым правилам(93).

8. Қалыптастырылу

Трудовые договоры **формируются в составе** личных дел или отдельно в алфавитном порядке фамилий работников(141).

9. Қолданылу

Термин «документы» **применяется** также в **заголовках** дел, содержащих документы – приложения к какому-либо документу(124).

10. Көрсетілу

На документах, не требующих дополнительных указаний, предписываемых действий и имеющих типовые сроки исполнения, **в резолюции указывается** исполнитель, подпись автора резолюции, дата(30).

11. Сақталу

После завершения в делопроизводстве документы до передачи в архив организации в течение одного года **хранятся в делах** по месту их формирования(160).

Употребление глаголов с существительными в форме барыс септік

1. Басылып шығарылу

Документ на казахском языке и создаваемый аутентичный документ на русском или ином языке **печатаются** каждый **на отдельных бланках (отдельных листах)** и оформляются едиными реквизитами(8).

2. Қойылу

Резолюция **располагается** в верхней части первого листа документа на свободном от текста **месте**(30).

Употребление однокоренных глаголов с существительными в форме барыс и жатыс септік

1. Жазу (управляет формой барыс септік)

Делопроизводитель записывает на обложке дела название организации, название структурного подразделения и другие данные.

2. Жазылу (управляет формой жатыс септік)

4) әртүрлі құжаттарға ілеспе хат ретінде **дайындалады** (94).

Өкімдік құжаттардан басқа, ішкі құжаттар ақ **қағазда жасалады**(17).

10 жолдан аз мәтінге, сондай-ақ А5 форматтағы **бланкіде жасалған** құжатқа тақырып қойылмайды (31).

Қорғауға жататын бланкілерді беру ұйымдардың ведомстволық нұсқаулықтарында көзделген тиісті тіркеу-есепке алу **нысанында** қол қойылып **жүзеге асырылады** (94).

Қорғауға жататын, оның ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген баспа-бланк өнімдерін есепке алу және оларды беру қорғауға жататын баспа-бланк өнімдерін есепке алу мен беру **журналында** осы Үлгілік қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес нысанда **жүргізіледі**(93).

Еңбек шарттары жеке істердің **құрамында** немесе қызметкерлер тегінің әліпбилік ретімен жеке **қалыптастырылады**(141).

«Құжат» термині қандайда бір құжаттың қосымшасы бар істер **тақырыптарында** **қолданылады**(124).

Қосымша нұсқауларды, тапсырмаларды қажет етпейтін және орындалуының үлгілік мерзімдері бар құжаттардың **қарарларында** орындаушы, қарар авторының қолтаңбасы, күні **көрсетіледі** (30).

Іс қағаз жүргізу аяқталғаннан кейін құжаттар ұйымның архивіне тапсырылғанға дейін қалыптастырылған орны бойынша **істерде** бір жыл бойы **сақталады**(160).

Қазақ тіліндегі құжат және орыс тілінде немесе өзге тілде жасалатын теңтүпнұсқалы құжаттың әрқайсысы жеке **бланкіге (жеке параққа)** **басылып шығарылады** және бірыңғай деректемелермен ресімделеді (8).

Қарар құжаттың бірінші **парағына**, оң жақ жоғарғы бөлігіндегі мәтіннен бос **орынға** **қойылады**(30).

Іс қағаз жүргізуші істің **мұқабасына** ұйымның атауын және құралымдық бөлімшенің атауын тағы басқа деректерді **жазады**.

В совместных приказах указывается полное наименование должностей совместно подписывающих лиц (44).

Сокращенное наименование организации, филиала (представительства) приводится в том случае, когда оно закреплено в учредительных документах, и **размещается в скобках** ниже полного наименования(20).

3. Орналасу (управляет формой жатыс септік)

Реквизиты **на бланках располагаются** в определенной последовательности в соответствии со схемой расположения реквизитов документа согласно приложению 1 к настоящим Типовым правилам (9).

Внешнее согласование документа оформляется грифом согласования, который **располагается в левом нижнем углу** последнего листа документа (36).

4. Орналастырылу (управляет формой барыс септік)

Гриф ограничения доступа **проставляется в верхнем правом углу** первого листа с указанием номера экземпляра (27).

Отметка об исполнителе документа включает сокращенное слово «Исп.», инициал имени и фамилию исполнителя документа, номер его телефона, в том числе внутреннего, при наличии - адрес электронной почты и **располагается** на лицевой или оборотной стороне последнего листа документа **в левом нижнем углу** (39).

5. Ресімдеу (управляет формой барыс септік)

Протокол, составленный внутри организации и не выходящий за ее пределы, может **оформляться не на бланке** (45).

Первые руководители организаций, их заместители могут оформлять резолюцию **на отдельном бланке (фишке)** с указанием под подписью лица, наложившего резолюцию, входящего регистрационного номера, даты поступления и отметки о реквизитах документа, к которому относится резолюция (автор, исходящий номер и дата документа) (30).

6. Ресімделу (управляет формой жатыс септік)

В случае **оформления** таблицы **на двух** и более **страницах**, графы таблицы нумеруются, со второй страницы указываются только номера этих граф (33).

7. Тіркеу (управляет формой барыс септік)

Делопроектировщик регистрирует обращения физических и юридических лиц (предложения, заявления, жалобы, отклики и запросы) **в РКФ** (регистрационно-контрольных формах) в день их поступления в организацию (57).

8. Тіркелу (управляет формой жатыс септік)

Приказы по основной деятельности, по личному составу **регистрируются** отдельно **в соответствующих журналах (базах данных)** (44).

Документы, поступающие в адрес структурных подразделений организаций,

Бірлескен **бұйрықтарда**, бірлесіп қол қойған тұлғалардың лауазымдарының атаулары толық **жазылады**(44).

Ұйымның, филиалдың (өкілдіктің) қысқартылған атауы ол құрылтай құжаттарында бекітілген жағдайларда ғана келтіріледі және толық атауынан төмен жақша **ішінде жазылады** (20).

Бланкіде құжат деректемелері осы Үлгілік қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген құжат деректемелерінің орналасу схемасына сәйкес **орналасады** (9).

Құжаттысырттайкелісукелісугрифіменресімде леді, ол құжаттың соңғы парағының **сол жақ төменгі бұрышында орналасады** (36).

Қол жетімділікті шектеу грифі құжаттың бірінші парағының **жоғарғы оң жақбұрышына орналастырылады** (27).

Құжаттың орындаушысы туралы белгі «Орынд.» деген қысқартылған сөзді, құжатты орындаушының атының бас әрпін, тегін, оның телефон нөмірін, оның ішінде ішкі нөмірін, бар болған жағдайда электрондық поштасының мекенжайын қамтиды және бұл құжаттың соңғы парағының оң немесе сыртқы бетінің төменгі **сол жақ бұрышына орналастырылады** (39).

Ұйым ішінде жасалған және оның шегінен шықпайтын хаттаманы **бланкіге ресімдемеуге** болады (45).

Ұйымдардың бірінші басшылары, олардың орынбасарлары қарарды, қарар қойған тұлғаның қолтаңбасының астына кіріс тіркеу нөмірін, келіп түскен күнін және қарарға тиесілі құжаттың деректемелері туралы белгілерді (авторды, құжаттың шығыс нөмірі мен күні) көрсете отырып жеке **бланкіге (фишкаға) ресімдей алады**(30).

Егер кестелер екі және одан да көп **парақтаресімделсе**, кестелердің бағандары нөмірленеді, екінші парақтан бастап осы бағандардың нөмірлері ғана көрсетіледі (33).

Іс қағаз жүргізуші жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін (ұсыныстарын, арыздарын, шағымдарын, лебіздерін және сұрау салуларын) ұйымға келіп түскен күні **ТБН-ға (тіркеу-бақылау нысанына) тіркейді** (57).

Негізгі қызмет бойынша, жеке құрам бойынша бұйрықтар тиісті **журналдарда (дерекқорларда)** жеке **тіркеледі** (44).

Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің атына келіп түсетін құжаттар, құрылымдық бөлімше

переписка за подписью руководства структурного подразделения **регистрируется** соответствующих структурных подразделениях (73).

басшылығы қол қойған хат алмасулар тиісті құрылымдық бөлімшелерде тіркеледі (73).

Употребление глаголов с существительными в форме шығыс септік

1. Нумероваться

Фотографии, чертежи, диаграммы и другие иллюстративные и специфические документы, представляющие самостоятельный лист в деле, **нумеруются на оборотной стороне** в левом верхнем углу(4)-151).

Істе жеке парақты құрайтын фотосуреттер, сызбалар, диаграммалар және иллюстративті және ерекше құжаттар **сыртқы жағынан** сол жақ жоғары **бұрышынан нөмірленеді** (151- 4)).

2. Располагаться

При этом заголовки дел, содержащих постановления и приказы вышестоящих организаций, **располагаются перед заголовками** дел с приказами организации (125).

Бұл орайда жоғары тұрған ұйымдардың қаулылары мен бұйрықтарын қамтитын істердің тақырыптары ұйымның бұйрықтары бар істер тақырыптарының **алдынан орналасады** (125).

Проекты распорядительных документов и другие документы по их подготовке, изменения к плану, основания к приказам **помещаются** в номенклатуре дел **вслед** за соответствующими основными документами (125).

Өкімдік құжаттардың жобалары және оларды дайындау жөніндегі басқа да құжаттар, жоспарларға өзгерістер, бұйрықтарға негіздер істер номенклатурасында тиісті негізгі құжаттардың **соңынан орналасады** (125).

Употребление глаголов с существительными в форме көмектес септік

Печататься

Текст документа **печатается на** пишущей машинке через полтора межстрочных интервала или при помощи устройств компьютерной техники размером 14 шрифта Times New Roman через один межстрочный интервал (33).

Құжат мәтіні жазу **машинкасымен** бір жарым жоларалық интервал арқылы немесе компьютер техникасының құрылғылары көмегімен мөлшері 14 Times New Roman қарпімен жоларалық бір интервал арқылы **басылады**(33).

Нет необходимости в тексте на казахском языке употреблять в форме жатыс септік. Это сочетание не передает значение «место выполнения действия», которое присуще словам в форме жатыс септік. Они употребляются в форме атау септік. Например:

Приложение: **на 3 листах в 1 экземпляре** на казахском языке(34).

Қосымша: **3 парақ, 1 дана**, қазақ тілінде (34).

Если обнаруживается некомплектность или повреждение документа, то на нижнем поле его последнего листа, а также в РКФ проставляются соответствующие отметки и составляется акт произвольной формы **в трех экземплярах** (53).

Егер құжат түгел болмаса немесе бүлінгені анықталса, оның соңғы парағының төменгі жиегіне, сондай-ақ ТБН-ға тиісті белгілер қойылады және еркін нысанда **үш дана** акт жасалады(53).

Опись дел составляется **в двух экземплярах**, один из которых передается вместе с делами в архив организации, а второй – остается в качестве контрольного в структурном подразделении (171).

Істер тізімдемесі **екі дана** жасалып, оның біреуі істермен бірге ұйымның архивіне беріледі, ал екіншісі – бақылау ретінде құрылымдық бөлімшеде қалады(171).

Перевод прилагательных

В официальных текстах возникают трудности не только при написании падежных окончаний, но и при переводе русских прилагательных на казахский язык.

Возникает это от того, что русские прилагательные на казахский язык переводятся четырьмя способами:

1. в форме ілік септік,
2. с суффиксом -лык/-лік, -дык/-дік, -тык/-тік,
3. с суффиксом -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті,
4. без суффикса, без окончаний.

Например, как перевести словосочетание «тендерная документация»: тендер құжаттамасы, тендерлік құжаттама, тендерлі құжаттама или тендер құжаттама?

Ответ: тендер құжаттамасы.

Нужно разграничить значения прилагательных, чтобы выбрать нужную форму при переводе на казахский язык.

Разберем на примерах.

Например, словосочетания «штатное расписание, печатно-бланочная продукция» имеют **предметное значение**: это - расписание штата организации, бланки для печати, поэтому при переводе данных словосочетаний используется форма **ілік септік**.

Например:

В организации, в которой **штатным расписанием** не предусмотрено структурное подразделение, осуществляющее функции по документационному обеспечению управления, эти обязанности возлагаются на ответственное должностное лицо(4).

Планы, отчеты, сметы, лимиты и **штатные расписания** формируются в соответствующие дела того года, на который или за который они составлены, независимо от даты их составления, утверждения или поступления(143).

Учет печатно-бланочной продукции, подлежащей защите, в том числе с изображением Государственного Герба Республики Казахстан, и выдача ведется в журнале учета и выдачи **печатно-бланочной** продукции, подлежащей защите, по форме согласно приложению 14 к настоящим Типовым правилам (93).

Относительные прилагательные «нормативный, правовой, банковский, финансовый, административный, территориальный, типовой» имеют **предметное значение с оттенком признака**, поэтому употребляются с суффиксами: -лык/-лік, -дык/-дік, -тык/-тік. Например:

Словесно-цифровой способ написания даты используется в **нормативных правовых актах, правовых актах, протоколах, банковских и финансовых документах**, документах касающихся прав и законных интересов граждан, при ссылке на **нормативные правовые акты** и оформляется следующим образом «05 апреля 2014 года» (23).

Если содержание дела касается одной **административно-территориальной** единицы (населенного пункта), ее (его) название указывается в заголовке дела (7)-124)

В словосочетании «законные интересы» прилагательное «законные» имеет значение **признака**, используется с суффиксами: -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті. Например:

Словесно-цифровой способ написания даты используется в документах, касающихся прав и **законных** интересов граждан(23).

Прилагательные «входящая, исходящая, графитовый» словосочетаний «входящая документация, исходящая документация, графитовый карандаш» в казахском языке являются **прилагательными без суффиксов** «шығыс, кіріс, графит», такими как в сочетаниях «күміс қасық, металл шкаф, ағаш есік». Поэтому существительные «құжат, хат-хабар, қарындаш» в сочетании с данными прилагательными употребляются без всяки, х окончаний. Например:

Не допускается употребление в заголовке дела неконкретных формулировок («разные материалы», «общая переписка», «**исходящая корреспонденция**» «**входящие документы**»), а также вводных слов и сложных оборотов(2)-124).

Прохождение внутренних документов на этапах их подготовки и оформления должно соответствовать прохождению **исходящих документов**, на этапе исполнения – **входящих документов**(68).

Листы нумеруются черным, мягким, **графитовым карандашом**, цифры

Штат кестесінде басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше көзделмеген ұйымда бұл міндеттер жауапты лауазымды тұлғаға жүктеледі(4).

Жоспарлар, есептер, сметалар, лимиттер және **штат кестелері** олар жасалған, бекітілген немесе түскен күніне қарамастан, қай жылға немесе қай жыл үшін жасалған болса, сол жылдың тиісті істерінде қалыптастырылады (143).

Қорғауға жататын, оның ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген баспа-бланк өнімдерін есепке алу және оларды беру қорғауға жататын **баспа-бланк** өнімдерін есепке алу мен беру журналында осы Үлгілік қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес нысанда жүргізіледі (93).

Күнді сөз бен цифр тәсілімен жазу **нормативтік құқықтық, құқықтық** актілерде, хаттамаларда, **банктік** және **қаржылық** құжаттарда, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін анықтайтын құжаттарда, **нормативтік құқықтық** актілерге сілтеме жасағанда қолданылады және «2014 жылғы 05 сәуір» деп ресімделеді (23).

Егер істің мазмұны бір **әкімшілік-аумақтық** бірлікке (елді мекенге) қатысты болса, онда істің тақырыбында оның атауы көрсетіледі(124-7)).

Күнді сөз бен цифр тәсілімен жазу азаматтардың құқықтары мен **занды** мүдделеріне қатысты құжаттарда қолданылады (23).

Істің тақырыбында нақты емес тұжырымдарды («әртүрлі материалдар», «жалпы хат алмасу», «**шығыс хат-хабарлар**», «**кіріс құжаттар**» және басқалар) сонымен қатар кіріспе және оралымы күрделі сөздерді қолдануға рұқсат етілмейді (124-2)).

Ішкі құжаттардың өтуі оларды дайындау мен ресімдеу сатыларында **шығыс құжаттардың** өтуіне, ал орындалу сатысында **кіріс құжаттардың** өтуіне сәйкес болуға тиіс (68).

Ішкі құжаттардың өтуі оларды дайындау мен ресімдеу сатыларында **шығыс құжаттардың** өтуіне, ал орындалу сатысында **кіріс құжаттардың** өтуіне сәйкес болуға тиіс (68).

Парақтар қара, жұмсақ, **графит қарындашпен** нөмірленеді, цифрлар парактың

проставляются в правом верхнем углу листа оң жақ жоғарғы бұрышына қойылады (150) . (150).

Выводы

При переводе предложений с русского языка на казахский язык для определения падежного окончания существительного недостаточно задать вопрос от русского глагола, так как не всегда вопросы падежных форм двух языков совпадают. Необходимо еще определить значение глаголаиспользуемое в казахском предложении. Так, например, от глаголов: *баяндалу, бейнелену, дайындалу, жасалу, жүзеге асырылу, жүргізілу, қалыптастырылу, қолданылу, көрсетілу, сақталу* задается вопрос «қайда? – где?» со значением «место выполнения действия», который требует употребления существительного в форме жатыс септік.

От глаголов: *басылып шығарылу, қойылу* задается вопрос «қайда? – где?» со значением «направление выполнения действия», который требует употребления существительного в форме барыс септік.

Вызывают сомнения и трудности употребление существительных с глаголами: *жазылу, ресімделу, тіркелу*.

При употреблении в предложении глаголов «*ресімдеу, тіркеу, жазу*» в форме основного залога **подразумевается субъект (или он есть), который выполняет действие, направленное на объект.** Объект-существительное употребляется в форме барыс септік. Здесь сомнений быть не может. Например, *Оформите приказ на бланке. - Бұйрықты бланкіге ресімдеңіз. Зарегистрируйте акт в журнале. - Актіні журналға тіркеңіз. Напишите фамилию в анкете. - Тегіңізді анкетаға жазыңыз.*

Но при употреблении глаголов «*ресімделу, тіркелу, жазылу*» с суффиксами страдательного залога «-л/-ыл-» где в предложении **нет** и не может быть **субъекта выполнения действия**, который направлял бы свои действия. Значение глаголов меняется на «действие, которое выполняется **само по себе** в определенном месте», требующее употребления существительного в форме жатыс септік.

Например: *Акт оформляется на бланке. - Акт бланкіде ресімделеді. Приказ регистрируется в журнале. - Бұйрық журналда тіркеледі. Персональные данные работника записываются в анкете. - Жұмыскердің дербес деректері анкетаға жазылады.*

Но здесь еще кроется и другое значение: действие, выполняется само по себе в определенном месте, **при специальном направлении** его в это место. Сомнение вызывает именно этот дополнительный оттенок направления в значении, который требует употребления существительного в форме барыс септік.

Например: *Акт оформляется на бланке. - Акт бланкіге ресімделеді. Приказ регистрируется в журнале. - Бұйрық журналға тіркеледі. Персональные данные работника записываются в анкете. - Жұмыскердің дербес деректері анкетаға жазылады.*

Таким образом, с глаголами «*ресімделу, тіркелу, жазылу*» в форме страдательного залога существительные могут употребляться и в форме барыс септік и форме жатыс септік.

Такой пример мы можем встретить и в Типовых правилах. Например:

В целях обеспечения сохранности и закрепления порядка расположения документов, включенных в дело, все его листы, в том числе резолюции, **составленные на отдельном листе** (фишки) нумеруются (150).

Подпись документа включает:

1) наименование должности лица, подписавшего документ, официальное наименование структурного подразделения или организации (если документ **оформлен не на бланке**) (35).

Іске енгізілген құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету және орналасу тәртібін бекіту мақсатында оның барлық парағы, оның ішінде жеке **парақтарға ресімделген** қарарлар (фишкалар) нөмірленеді (150).

(в форме барыс септік)

Құжатта қойылған қолға:

1) құжатқа қол қойған тұлға лауазымының атауы, құрылымдық бөлімшенің немесе ұйымның ресми атауы (егер құжат **бланкіде ресімделмеген** болса) (35). (в форме жатыс септік)

Глагол «*орналасады*» имеет значение «место выполнения действия», поэтому требует употребления существительного в форме жатыс септік (см. пример выше).

А глагол «*орналастырылады*» с суффиксами өзгелік етіс «-тыр-» и ырықсыз етіс «-ыл-» имеет значение «направление выполнения действия» и поэтому требует употребления существительного в форме барыс септік (см. пример выше).

Глаголы, употребляющиеся с вспомогательными словами «*басы, алды, ортасы, аяғы, соңы*» управляют формой шығыс септік (см. пример выше).

При переводе прилагательных русского языка на казахский язык опять же необходимо обращать внимание на значение прилагательного.

Существуют четыре способа перевода русских прилагательных на казахский язык:

1) предметное значение прилагательного передается при помощи формы ілік септік: *штатное расписание - штат кестесі*;

2) предметное значение с оттенком признака при помощи суффикса «-лык/-лік, -дык/-дік, -тык/-тік»: *нормативный документ - нормативтік құжат*;

3) значение признака с помощью суффикса «-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті»: *законные интересы – заңды мүдделер*;

4) чистое прилагательное без суффиксов, без окончаний: *исходящий документ – шығыс құжат*.

Все перечисленные трудности возникают от того, что официальные документы являются аутентичным переводом с русского языка. При составлении официальных текстов на казахском языке предложения так бы не строились, для передачи мысли использовались бы совершенно другие глаголы и не было бы смешения падежных форм. На примерах, приведенных выше, можно убедиться, что система склонения в казахском и русском языках не идентичная.

Согласно пункту 8 Типовых правил текст официального документа должен составляться на казахском языке, с которого создается аутентичный перевод на любой другой язык.

Еркеғалиева Г.

Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты

Синтаксистік синтагма – білім беру философиясындағы филологиялық герменевтиканың құрамдас бөлігі

Қазақстан егеменді ел болып, тәуелсіздігіміздің ширек ғасырына аяқ басқан тұста қоғамдағы мәдени, әлеуметтік өзгерістер жаңа деңгейге көтеріле бастады. Қоғамдағы кез келген өзгеріс білім беру саласында да, ұрпақ санасында да көрініс тауып, өз әсерін тигізері анық. Сол себептен білім беру мазмұнында жаңа бағыттар, жаңа көзқарастар мен парадигмалар пайда болып, оларды жүзеге асырудың тиімді жолдары іздестірілуі – заңды құбылыс. Осыған орай оқыту-тәрбиелеу ісін тандаған ЖОО студенттері болашақ мұғалімдерге де заман талабы артып отыр. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарында жарияланған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің ролі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», – делінген[1]. Яғни, ЖОО-да маман даярлауда ескеретін жайттардың бірі – жаңашыл идеялар бастамашысы бола алатын, бәсекелестікке қабілетті, жан-жақты, өзін-өзі дамытуға дайын, шығармашылық қабілеті шыңдалған, кәсіби құзіретті тұлға қалыптастыру.

XXI ғасырда білім беру ұғымына деген көзқарас әлем бойынша өзгеріп, білім беру ісі мемлекеттің өркендеуінің негізгі қозғаушы күшінің біріне айналып отыр. Сол себептен бұрын тек педагогикалық категория болып саналған «білім беру» ұғымы бүгінгі таңда әлеуметтік құбылыс ретінде де қарастырылып зерттелуде. Білім беру әлеуметтану, психология, экономика, мәдениеттану, философия сияқты көптеген ғылымдардың ортақ зерттеу нысанына болып отырғаны да белгілі.

Қазіргі білім берудегі негізгі мақсат – білім, білік, дағдыларды қалыптастырып қана қою емес, жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды іс-әрекетке қатысуы үшін қажетті қабілеттерін дамыту. Осыған орай қазіргі отандық педагогикалық парадигмалар «білімді адам» парадигмасынан «өмірге бейімделген, шығармашылық тұрғыдан ойлай алатын, белсенді, өзін-өзі дамытуға қабілетті адам» парадигмасына ауысты. Бұл адамға білім беріп, білік, дағдыны меңгерту жеткілікті деген көзқарастың орнына адам тек дайын білімді меңгеріп, оны шығармашылықпен практикада қолдана алмаса, өзін-өзі үздіксіз жетілдіруге бейім болмаса, қоғам талабына жауап бере алмайды деген түсінік қалыптастырып отыр. Сондықтан білім беру процесі үнемі мақсаттан нәтижеге бағытталуы керек, яғни, білім алушыға дайын білім бермей, игерген білімін өмірде қолданудың жолдарын меңгертіп, оны өздігінен әрі қарай дамыта білу дағдысын қалыптастыру керек.


Білім беру – күрделі процесс. Біз оқытатын білімнің мазмұны мен өмір сүру жағдайының арасында алшақтық болмауы керек. Алынған білім шынайы өмірде жан-жақты қолданылғанда ғана оқыту, білім беру ісі нәтижелі болғаны. Осы орайда ЖОО-да қазақ тілі сабақтарында синтаксисті меңгертуде синтагманы оқыту арқылы, соның нәтижесінде сөйлеу әрекеті кезінде білім алушының синтагмалық кідірістерді дұрыс тауып, дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға болатындығына назар аудартқымыз келеді. Өйткені тіл сабақтарының негізгі мақсаттарының бірі – білім алушының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру, тілдік қатынасын дамыту. Яғни, ауызша және жазбаша тілде сөйлем құрау, сөзді дұрыс таңдау тәсілдерін үйрету, оқу материалдары бойынша дискурсқа қажетті дағдыларды меңгерту. «Ана тілі сабақтарын оқытуда тек тіл жүйелерін, құрғақ

грамматиканы білдіруді ғана көздемей, оларды дұрыс сөйлеуге, көрікті ойды көркем, ұтымды айтуға, мәнерлеп оқуға баулу керек. Тілдің коммуникативтік қызметін дұрыс түсініп, оған қоғамдық өмірдің жоғары талаптары тұрғысынан қарап білім бергенде ғана тіл мәдениетін арттыруға көмектескен боламыз»[2].

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ф.Ш.Оразбаева тілдік қатынастың негізгі мәні, мазмұны болып табылатын хабарға қатысушылар екенін айта келіп, олар: баяншы, қабылдаушы және олардың арасындағы ақпаратты жеткізетін тілдік бірліктер деп жіктейді. Сондай-ақ ғалым тілдік қатынастың бірнеше кезеңнен тұратынын атап көрсетеді. Олар: хабардың пайда болуы, хабардың сыртқа шығуы, хабардың жеткізілуі, хабардың қабылдануы, хабардың жауабы. «Тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлеу әрекетіне қажетті сыртқы дүниедегі жайттар адам санасына(баяншының) әсер етіп, ойда қорытылып, хабар пайда болады, одан соң санадағы пайымдау, ой, хабар тіл арқылы ауызша не жазбаша түрде, сөйлемдер арқылы сыртқа шығады. Сөйлеу әрекетінің келесі сатысы – хабардың қабылдануы, келген хабарды түсіну есту, көру, оқу, тыңдау арқылы жүзеге асады»[3]. «Сөйлеушінің коммуникативтік дйттемін тыңдаушының аңғара білуі диалогтің ойдағыдай өтуін қамтамасыз етеді. Коммуникативтік интонация мәтінге, яғни, вербалды деңгейге дейін, сөз тыңдаушыға жеткенге дейін қалыптасады. Әдетте тыңдаушы айтылып жатқан сөз ағымынан қалыспай, айтылған сөздің мәнін ой елегінен өткізіп үлгереді де, сөйлеушінің коммуникативтік тұспалын (интенциясын) «шешеді». Бұл жерде тілдік, психологиялық, биологиялық, физиологиялық процестер асқан шапшаңдықпен қатарлас жүреді»[4,45].

Н.Уәли автордың, яғни, баяншының «нені айтсам», «қалай айтсам», «кімге айтсам» деген мәтіндік құрылымға дейінгі ой жүзіндегі сөзі тілдік таңбалар арқылы объективтеніп, мәтін түзілетіндігін, бірақ коммуникация аяқталмайтындығын айта келе: «Коммуникация мәтінді оқырман қабылдаған соң, автордың идеясын, нені айтқанын, қалай айтқанын, кімге айтып отырғанын, не мақсатпен айтқанын игерген соң аяқталады», – дейді[4,33]. Сондай-ақ тілдік қатынастың мақсатына жетуінде маңызды рөл атқаратын нәрсе баяншының тіл бірліктерін орынды жұмсай білуі десек қателеспейміз. Тілдің жүйелік табиғатын тап басып тани білген А.Байтұрсынұлы: «Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады», – деген болатын[5].

Көңілдегі көрікті ойды көркем тілмен жеткізе білу де, өзгенің айтқанын түсіне білу де, түсінгенін баяндай біліп, қарым-қатынас орната білу де – философиядағы мәтіндерді талқылаудың теориясын зерттейтін филологиялық герменевтиканың қарастыратын өзекті мәселелері. Ғалымдар герменевтиканың негізгі басты әдіснамалық ұстанымдарының бірі ретінде Шлейермахер, Гегель сияқты философтар негізін салып кеткен герменевтикалық шеңберді атап көрсетеді. Оны былай түсіндірген жөн: бүтінді түсіну үшін бүтіннің жекелеген бөлшектерін тауып, түсіну керек, алайда жекелеген бөлшектерді түсіну үшін бүтіннің мән-мағынасынан хабарымыз болуы шарт. Яғни, сөз фразалық контекст шеңберінде, фраза абзац көлемінде, ал абзац мәтін шеңберінде түсінікті болады. Ал мәтіннің толық мазмұны осы аталған сөз, фраза, абзацтар арқылы түсініледі. Мәтінді оқушы осы шеңбердің аясында хабарды, ойды қабылдағанда ғана филологиялық герменевтиканың басты феномені болып саналатын тіл мен ойлаудың байланысы жүзеге асады. Кез келген сөйлем, мәтін, шығарма қабылдаушы (оқырман не тыңдарман) оның бөлшектерін түсінген кезде ғана толық интерпретацияланады десек, қателеспейміз.



Герменевтикалық шеңбер сөйлемді, мәтінді интерпретациялау барысындағы үздіксіз процесс болса, «герменевтикалық үштік» деп аталатын автор-мәтін-қабылдаушы арасындағы байланыс осы шеңбердің қозғаушы негізі болады. Филологиялық герменевтикадағы басты тұжырым – мәтінді толық түсіну оның бөлшегін түсініп алмай мүмкін емес деген қағида. Ал герменевтикада қарастырылатын басты мәселе – мәтінді түсінбеу. Бұл жағдай жоғарыда аталған қағиданы ескермеген кезде орын алады. Мәтін талдаудың теориялық және практикалық мәселелерін қарастыратын филологиялық герменевтика саласын зерттеуші ғалымдардың пікіріне сүйенсек, түсініксіз мәтін болмайды, тек мәтінді түсінбеуші ғана болады. Герменевтикадағы осы мәселенің бір шешімі – мәтіндегі синтаксистік синтагмаларды дұрыс тауып оқу. Ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, қосарымыз: хабарды жеткізу мақсатында баяншының санасындағы ауызша не жазбаша түрде жарыққа шыққан тілдік бірліктерді қабылдаушы естіп немесе оқығанымен, автордың айтайын деген ойын түсініп, қабылдау үшін сөйлемдердегі синтаксистік синтагмаларды дұрыс таба білудің маңызы жоғары деп ойлаймыз. Сондықтан қазақ тілі сабақтарында сөйлем мен мәтін туралы теориялық мәлімет берумен шектеліп қана қоймай, білім алушыларға сөйлемдегі, мәтіндегі синтагмаларды таба білуді үйреткен жөн. Өйткені сөйлемдегі синтагмаларды дұрыс тауып, олардың

ара жігін ажырата білу автордың айтар ойын дұрыс ұғуға, идеясын жете түсінуге көмектеседі. Қорыта келе айтарымыз, филологиялық герменевтиканың әлеуметтік мақсаттарының бірі – адамдардың әртүрлі жағдаяттағы коммуникациясына көмектесу. Олай болса, филологиялық герменевтиканың құрамдас бөлігі болып саналатын синтаксистік синтагманы оқыту бүгінгі күні кезек күттірмейтін өзекті тақырып болып қала бермек.

Әдебиет:

1. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nnazarbaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar
2. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі грамматикасы. Синтаксис. - Алматы, 1971. – 340б
3. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. - Алматы, 2009. – 368б.
4. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.
5. http://ikitap.kz/reader/axmet_bajtursynuly_alty_tomdyq_shyharmalar_zhinahy_iii_tom#

Шормақова А.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының докторанты

Қазақ тіліндегі өсімдік әлемінің зерттелуі

Адам баласы ерте заманнан-ақ табиғаттың бір бөлшегі өсімдіктер дүниесімен тығыз байланыста өмір сүріп келеді. Дәрілік шөптерді жинап, оны халықтық медицинада қолданудың тарихы өте тереңде жатыр. Зерттеушілердің анықтауынша, адамның ауруға, аштыққа төзімділігін арттыру үшін Шығыс Азия халықтары шай ішсе, Орталық Америка халықтары какао, Оңтүстік Америка халықтары мате жапырақтарын, ал ондағы Амазонка тұрғындары гуараны пайдаланған. Біздің дәуірімізге дейінгі 460-377 жылдары өмір сүрген, медицинаның атасы саналатын әйгілі грек дәрігері Гиппократтың еңбегінде 230 дәрілік өсімдіктің атауы келтірілген екен. Біздің дәуірімізден 4000 жыл бұрын мысырлықтар дәрілік өсімдіктердің 80-нен астам түрін, 3000 жыл бұрын қытайлықтар 230 түрін білген. Б.з.д. 2600 жылдары жазылған Қытайдың алғашқы дәрілік шөптер туралы кітабында (Бень Цао) 900 дәрілік өсімдік сипатталған. Кейін Әбу Әли ибн Сина өз еңбегінде 900-дей дәрілік затты пайдалану жолын жазған. Испандық Ибн Байтер оны ары қарай толықтырып, 1400 өсімдік түрін сипаттап көрсеткен[1].

Біздің халқымыздың өмірі өсімдіктермен тығыз байланысты, себебі қазақтың тарихи қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық көшпелілікке негізделген мал шаруашылығы екені белгілі. Мал жағдайына байланысты шығысы мен батысына ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-байтақ жерде көшпенді ғұмыр кешкен қазақ қауымы осы өлкелердегі өсімдіктерді де жақсы білгенін айта келіп, орыс ғалымы Ф.Щербина былай деп жазады: «Казах – превосходный ботаник: у него существует довольно сложная и разнообразная номенклатура для обозначения разного рода растений и широкое знакомство с кормовым значением каждого растения для разных видов скота и в разные времена года... Казахи вообще умеют превосходно пользоваться не только разными видами растений, но и различными частями степи [2]. Малының бабы жер түгіне байланысты болғандықтан: шаруа құлағы жусанда; қараматау болса, тоқты егіз табар т.с.с. тұрақты тіркестерді қалыптастырған. Табиғаттың тепе-теңдігін толық сақтап, оның әрбір құбылысы ғана емес, барлық жанды-жансызына ат қойып, айдар тағудағы тапқырлық таңдай қақтырмай қоймайды. Жердің төсін еміп, жемісін теріп жеген халықтың өсімдіктер әлемін зерттей бастауы қай уақыттан басталады? Биология, зоология секілді өсімдіктердің құрамын, құрылысын зерттейтін салалар өз алдына, қазақ тіліндегі өсімдік атаулары қалай жинақталды?

1388-1476 жылдарда өмір сүрген шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты атақты еңбегінде *өсімдіктерден* алынған 854 түрлі шипалық қасиеті бар емдік дәрілердің тізімі беріледі[3]. Бұл кітап –Шығыс медицинасының үлгісімен жазылған, бірнеше ғылымдардың басын біріктіретін, адам баласының ең басты байлығы денсаулықты сақтап, сырқаттарды емдеудің негізін қалаған терең де тарихи ғылымнама. Қазақтың халық шипагерлігінің осыдан 600 жылдай бұрын сонау XV ғасырда Қазақ хандығы туын тіктеген кезден бастап-ақ ілім-ғылым негізі қаланғанын қара үзген шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты медициналық энциклопедиялық еңбегі айқындап берді. Шипагерлік баян халықпен қауышқанға дейін өсімдіктердің қазақша атаулары жөнінде ақпарат беретін еңбек Н.И.Анненковтың 1878 жылы жарық көрген «Ботанический словарь» деген кітабы делініп келді. Өсімдіктердің қазақ тіліндегі халық атауларын жинап, жариялауға алғашқы кезде шетелдік ботаник-ғалымдар көп еңбек сіңірген. Мәселен, И.В.Ларин (1930), Н.В.Павлов (1947) еңбектерінде 300-ге жуық өсімдік атаулары берілген. Одан

кейін оның саны «Орысша-қазақша сөздікте» (1954) және С.Арзымбетов (1955) пен Т.Мұсақұловтың (1959, 1960) сөздіктерінде толықтырыла түскен. 9 томдық «Қазақстан флорасы» (1956-1966) деген кітапқа енген 5630 өсімдік түрлерінің 350-нің ғана қазақша атаулары келтіріліпті. Ал 1977 жылғы С.А.Арыстанғалиев пен Е.Р.Рамазановтың «Қазақстан өсімдіктері» атты кітабында республикада өсетін 126 тұқымдастың, 1024 туыстың және 5685 түрдің қазақ тіліндегі атаулары келтіріліп, 64 тұқымдасқа халық атаулары қабылданып, 25 тұқымдасқа жаңа атау ұсынылған. Одан кейін 2002 жылы С.Арыстанғалиев «Қазақстан өсімдіктерінің қазақша-орысша-латынша атаулары сөздігінде» гүлді өсімдіктердің 1022 туысы мен 5647 түрінің қазақ тіліндегі халықтық және ғылыми атаулары келтірілген [1]. 30 томдық «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздікте», 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде», 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» және өзге де ғылыми еңбектерде өсімдіктердің қазақ тіліндегі атаулары біршама жүйеленген. Өткен ғасырдың алғашқы жартысында жазылған Ілияс Жансүгіровтің «Жер түгі» деп аталатын 54 жолдық өлеңінде 30 түрлі ағаш, 60-қа жуық шөптесін өсімдіктің атаулары кездеседі. Өздерінің туып-өскен жерлеріндегі өсімдіктер дүниесін К.Әзірбаев «Шөп аттары», Ж.Шантөбетов «Қызылқұм көрінісі», С.Мұсабеков «Шөлдің түгі» деген өлеңдерінде, ал Дулат Исабеков «Дермене» повесінде жан-жақты жазады.

Өсімдіктер әлемін терминологиялық тұрғыдан зерттеп, олар туралы сүбелі еңбектер жазып жүрген халық емшісі, тамыршы Сейітқамза Қалиевтың Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары(1989), Өсімдік атаулары. Орысша-қазақша сөздік (1993), Емдік рецептер энциклопедиясы (2010) т.б. еңбектері қазақ тіліндегі өсімдік атауларынан көп ақпарат береді. С.Қалиев: «Ботаник ғалымдарымыздың есептеулері бойынша, республикамыздың аумағында алты мыңнан астам өсімдік түрі бар делінеді. Оның 760-ы басқа ешбір жерде өспейтіні де дәлелденген. Демек, қазақ жерінде өсетін барлық өсімдіктің қазақша атауы бар деген сөз», – дейді.

Жоғарыда аталған еңбектер өсімдіктердің атаулары мен олардың емдік қасиеттерінен мол мағлұмат береді. Ал өсімдіктердің тілдік сананың терең құрылымдарына, тілдің ғасырлар бойы қордаланған терең қатпарларына еніп, төл мәдениетімізбен сіңісіп кеткен *танымдық қасиеті* түгелдей танылып болды деп айта алмаймыз. Ұлттық мәдениетіміздің тіл арқылы сақталған «хабаршыларын» этнолингвистикалық арналардан іздеп, тауып, лингвомәдени тұрғыдан талдап, зерделеп, зерттеудің қажеттілігі «тіл мен ұлт» «тіл мен мәдениет» сабақтастығындағы қағидаға сәйкес кешенді зерттеу қазіргі тіл білімінде аса өзекті.

Біздің ата-бабамыз жер бедеріндегі өсімдік дүниесіне тым ерте кезден көңіл бөліп, әрбір шөпті танып, біліп қана қоймай, оның малға жұғымды-жұғымсыздығын, жарамды-жарамсыздығын ажырата білудің өмірлік мәні болғанын зерделей білген. Бұл халықтың ұлттық танымын көрсетеді. Ұлттық мәдениеттің ерекшелігін, құпия-сырын, табиғатын ашу тіл жайындағы онтологиялық көзқарасты сол халықтың жан дүниесімен, тарихымен, ой-танымымен, мәдениетімен тығыз байланыста қарауды қажет етеді. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы тіл ғылымында ерекше мәнге ие. Екі фактордың тоғысында пайда болған тілдік деректер ұлт мәдениетін немесе ұлт тарихын, халықтың қоғамдық өмірін бейнелеп қана қоймай, сол халықтың сөздік байлағының көрсеткіші бола алады. Мәдениеттің мәні тілдің ішкі мазмұнында сипатталады. Ол – адам еңбегінің нәтижесі арқылы қоғамда тілдің әр деңгейінде көрініс тауып, өзіндік зор мазмұнға ие болады. Тіл – тек қарым-қатынас пен ойлау құралы емес, мәдениеттің өміршеңдігін танытатын кумулятивті қызметі бар құрал. Тілді мәдениеттің негізгі бір категориясы ретінде танып, қазақ лексикасындағы заттық мәдениет атауының сипатын сөз еткен ғалым Ж.Манкеева: «мәдениетті тілден бөліп алып қарамаймыз. Тіл мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің арақатынасы ерекше де маңызды. Кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, кумулятивтік қызмет арқылы көрінетіні, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі» [4], – деп көрсетеді.

Өсімдік атауларында халықтың сан ғасырлық тарихы, ұлттық танымы көрініс тапқан: *бетегеден биік, жусаннан аласа; кендірмен байлама, жыңғылмен айдама, кендірмен байласаң, жыңғылмен айдасаң, мал бітер деп ойлама; қарағайға қарап тал өсер, құрбысына қарап бала өсер;* т.б. да аталы сөздер – осының дәлелі. Демек, «өсімдіктер әлемін» ұлттық мәдениетіміздің ерекше бір көрініс беретін, «қазақ даласын» танытатын сүбелі саласы деп толықтай айта аламыз. Өйткені әр тілдің өкілдері әлемді өз тілі арқылы танып, қабылдайды. Әлемнің бейнесі – адамның дүниетанымындағы негізгі элемент, адамның шынайы әлемді қабылдауы, оның тілдік әрі шынайы бейнесі, адамның өмірлік іс-әрекетінің белгісі. Көптеген зерттеушілердің пайымдауынша тілдік сана халықтың тарихи-мәдени, рухани тәжірибесі мен салт-дәстүрін өзіне сіңіреді. Онда белгілі бір халықтың немесе тілдік топтың ұлттық ерекшелігі тұжырымдалған. Тілдің танымдық қасиетін тіл табиғатынан, тіл болмысынан, тілдік бірліктердің астарынан көруге болады. Мәселен қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, қанатты сөздер, дисфемизмдер, табу сөздер т.б. тілдік бірліктердің лексика-семантикалық мазмұнының астарында қазақ халқының сан ғасырлық дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесіне қатысты танымдық ақпараттар берілген. Әсіресе, тілімізде қалыптасқан тұрақты тіркестер халықтың саяси-әлеуметтік өмірінің, дүниетанымы мен кәсібінің, тарихының айнасы

іспеттес. Мысалы ағаш атауларынан қалыптасқан: *қара емендей қасқаю; емендей мықты; қияда өскен шынардай; шынардай тік; көк шыбықтай солқылдау; кескен теректей құлады; мүйізі қарағайдай* т.б. тіркестер, немесе бұталы өсімдіктердің атауларынан қалыптасқан: *мойны ыргайдай; тауға біткен ыргайдай; көзі қарақаттай; тобылғыдай берік* т.б. тіркестер, сонымен қатар шөптесін өсімдіктер атауларынан қалыптасқан: *кәрі қыздай жабысты; бетегеден биік, жусаннан аласа; гүлді өсімдік атауларынан қалыптасқан: аришған жауқазындай; меңдуана жегендей; шытыр жеген сиырдай* т.б. тұрақты тіркестер тілімізде өте көп.

Әсіресе, халықтық дүниетанымды тілдегі алғыс пен қарғыс мәнді сөздерден айқын аңғаруға болады. Қазақ тілегінде: *көсегең көгерсін; қадамыңа гүл бітсін; өркенің өссін; құшағың гүлге толсын* десе, қарғысында: *көктей солғыр; жүрген жеріңе шөп шықпасын; жолыңа жуа бітсін; жуадай солғыр* дейді. Бұл да халықтық танымда өсімдіктердің зор мәнге ие екендігінің бір көрсеткіші болса керек. Тек соларды этнолингвистикалық арналардан іздеп, тауып, лингвомәдени тұрғыдан талдап, зерделеп, зерттеп, концептілік талдау жасау арқылы, өз халқымыздың дүниетанымдық әлеміндегі ақпараттармен танысуға мүмкіндік аламыз. Өйткені тіл әлемнің ұлттық мәдени көрінісін жүзеге асырады, вербалдандырады, сақтайды, ұрпақтанұрпаққа жеткізуді қамтамасыз етеді.

Әдебиет:

1. Ержанұлы Е.Өсімдіктердің төл атауын қалпына келтіруге бола ма? // *Qazaq Alemi*.
2. Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы Шипагерлік баян // *Wikipedia* ашық энциклопедиясы.
3. Щербина Ф. Киргизская народность в местах крестьянских поселений. - СПб., 1905. – С. 26-28.
4. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2010. – 382 б.

Абиыр Қ.
Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты

Жер-су атауларының қызметі

Жалқы есімдерге тарихтың қатынасы – олардың адам өмірімен жан-жақты байланыста болуында. Бұл тарихи дамудың алғашқы кезеңінен бастап-ақ, өмірге деген қажеттіліктен туындаған. Сондықтан болса керек, дәуір және адам танымының деңгейі атаулардан көрінеді. Жер-су аттары-ғасырлар бойы жасалып, лингвомәдени сипатқа ие болады, географиялық атаулар да тілдегі мақал-мәтел, тұрақты тіркестер тәрізді даяр күйінде жеткен бірліктер. Қоғамда топоним жасауға деген қажеттілік болғанымен, халықтың ғасырлар бойы қалыптастырған атаулары өзгертуге келе бермейді, өйткені ол атауларда сол жердің айрықша белгілері жайында ұлттық дүниетанымдық ақпарат сақталады. Т.Жанұзақовтың пайымдауынша: «Жеріміздегі мыңдаған атаулардың шығу, пайда болу, дамып өсуі – бір ғана дәуірге тән емес, талай ғасыр, тарлан дәуірлердің куәсі, біздің заманға жеткен бай қазына, асыл мұрасы. Қазіргі қазақ жерінде сақталған сан қилы тарихи оқиғалардың болып өткені, бұл қасиетті де құдіретті жерімізді талай ұлыс, тайпа, ел, халықтың жайлап мемлекет құрып, ғұмыр кешкендігі тарихтан мәлім» [1, 140]. Осыған орай, Г.Б.Мадиева қазіргі тіл ғылымында жер-су атауларының табиғатын тану мен оны теориялық жақтан ұғыну үшін олардың атқаратын қызметін анықтау маңызды болып отыр деп есептейді [2, 93].

Жалқы есімдер, оның жер-су атаулары жүйесі бойынша зерттеулерге қарағанда, топонимдердің атқаратын қызметі туралы бірегей пікір байқалмайды. А.В. Суперанскаяның пайымдауынша, жалқы есімнің арнайы ерекше қызметі жоқ. Олардың негізгі грамматикалық қызметі – сөйлемде бастауыш пен толықтауыш болу, негізгі лексикалық қызметі – атау. Бұл функциялар қолданылу аясы мен ерекшелігіне қарамастан, жалпы есімдер тәрізді жалқы есімдерге де тән [3, 276]. Жалқы есімнің «арнайы қызметі» болмағанымен, оның басты қызметі атауыштық қызмет екені жайында зерттеулердің бәрінде дерлік айтылады. «Сөз затты немесе құбылысты атайды, ұғымды білдіреді, онда белгілі мағына болады. ... Сөздер заттар мен құбылыстарды, сапа мен белгіні, іс-әрекет пен қимылды және т.б. атайды, солардың атаулары ретінде қызмет атқарады. Сөздің бұл қызметі – номинативті (атау болу) қызметі» [4, 63]. К.Д.Каймулдинованың пайымдауынша, адамзат қоғамының дамуы барысында адам өзін қоршаған ортадағы географиялық нысандарға ат беруге тырысты. Бұл адамның жергілікті мекен ортасына бейімделуінің бір көрінісі болатын. Уақыт өте келе, қойылған атаулар тұрақтанған, ал кейбіреулері тарихи жағдайларға байланысты жойылып, ұмыт болып кетеді. Осылайша, географиялық нысандардың сипатын бейнелейтін атау сөздердің тобы оқшаулана бастайды, яғни, *топонимдену* (топонимизация) үдерісі жүреді [5, 10].

Географиялық атаудың пайда болуы жалпы түсініктің нақтыланғандығын көрсетеді, өйткені бұрын *Су* деп атап жүрген өзенді *Сарысу, Ұзынсу, Қызылсу* деп атау өзеннің жеке ерекшеліктерін байқатып, объект туралы неғұрлым нақты түсінік қалыптастырады. Сонымен, топонимнің пайда болу себебінің өзі күнделікті қажеттіліктен келіп туындайды. Атауларда адамның өмір сүру ортасын

шаруашылық жағдайына қарай игеруі мен кеңістікте бағдар алуы үшін ондағы нысан туралы қажет білім жинақталады. Белгілі аймақта ұқсас нысан болған жағдайда оларды ажырату үшін нақтылау да қажет. Олай болса, топонимнің *басты қызметі* бірегей нысанды оған ұқсас нысаннан бөліп көрсету болып табылады [5,10-11]. Белгілі нысанға берілген атау – *номинация*, ол көптеген факторларға әсер етеді. Нақтылы нысанға берілген атау екіншілік номинация, енді ол жалпы есімге тән сипаттан, жалқы есімге тән жаңа қасиетке ие болады. Мысалы, *көл* – халықтық термин, апеллятив, *көл* апеллятиві арқылы жасалған: *Алакөл, Жаркөл, Шөптікөл, Көлбастау, Бескөл, Көлауы, Құбыкөл* т.б. –әрқайсысы сол өзі атау болған нысанның ерекшелігін танытып, нақты ақпарат береді. В.А.Никонов топонимнің бұл қызметін *адрестік* қызмет деп атайды [6].

Н.В. Подольская топонимдердің жоғарыда аталған: атау-салыстыру-жекелеу қызметтерін бөліп-жармай біртұтас қарастыру керек деп есептейді [7, 145]. Бұл қызметтердің әрқайсысы ономастикалық қызмет болғанымен, бірінен-бірі туындайтыны анық, олардың бәріне тірек –*номинативті* қызмет. А.В.Суперанская географиялық объектіні әлеуметтік сипаты мен қажеттілігіне қарай тіркеуді топонимдердің ерекше қызметі санайды[3]. Географиялық нысанды *әлеуметтік тіркеу*– олардың қоғамдық қолданысы, белгілі нысан түріне қатысы, оған сілтеу т.б. Әлеуметтік тіркеу – жалқы есімнің туысқандық қатынас, шығу тегі, нысанның әлеуметтік деңгейі туралы дерек береді [2, 94]. «Оңтүстік Қазақстанның топонимиялық кеңістігі» еңбегі авторлары: «Аймақтық топонимдердің өзіндік ерекшелікпен қалыптасуына мынадай негізгі үш фактор әсер етеді: географиялық, этномәдени, тарихи әлеуметтік. Осы үшеуі диалектілік процесс үстінде бірлікте болады» [8, 211],– деп есептейді. Этномәдени фактор географиялық фактормен тығыз байланысты, себебі этностың негізгі кәсібі оның шаруашылығына қатысты пайда болады және соларға қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрып белгілі географиялық ортада қалыптасады, географиялық орта оларға алғышарт және негіз болады. Сол себепті жер-су атаулары этнос дүниетанымының көрінісі, этнотаным туралы ақпарат жиынтығы болып табылады. Жер-су атауларының семантикасы туралы сөз болғанда зерттеушілер, алдымен, атау мазмұны арқылы берілген энциклопедиялық дерек туралы айтады. Мұны нысандардың экстралингвистикалық байланысына негізделген және қатысым әрекетінде атауды қатыстыруға қажет болатын нысан туралы деректер жиынтығы деп түсінуге болады [9, 328]. Ю.В.Бромлей халықтың қалыптасуы мен дамуына, оның материалдық мәдениетінің саларымен қатар, жер-су атауларының пайда болуына географиялық ортаның тікелей де жанамалай да әсер еткен көріністерін атаулардан байқаймыз деп есептейді [10, 170]. Жер-су атауларын қалыптастырушы этномәдени фактордың бірі – жергілікті халықтың наным сенімдері, бұның аймақтық топонимиядағы нақты көрінісі әулие саналатын жер-су нысандары. *Агиотопоним* аталатын мұндай атаулар қазақ жерінің әр аймағында кездеседі де, аңыздармен байланысып жатады. Осындай атаулардың бірі – Жетісу гидронимдері жүйесіне қосылатын *Сексенбай бұлағы*. «Сексенбай ата бұлағы» Ақсу ауданында Молалы ауылдық округінің Алажиде станциясынан өткенде, жолдың оң жағында, халыққа жасалған әділетсіздікпен күресіп өткен батыр атына қойылған. Халықтың түсінігі бойынша, адал ниетімен тәуіп етіп келушілерге көмектеседі, сондықтан келушілер ақтық байлап аттанады [11, 19]. Наным-сенімдердің негізінде туындаған микротопонимдер жергілікті халықтың мифологиялық, діни, этнотанымдық көзқарастары мен түсініктерінен хабардар етеді, сонымен қатар аймақтық топонимиялық ғалам бейнесінің бір үзігі болып табылады [12. 67]. Бұл тұрғыдан алғанда, топонимдердің қызметі тілдің магиялық және реттеушілік қызметтерімен байланысып жатады.

Сөйтіп, тіл адам баласының қарым-қатынас қажеттілігі үшін жаратылса, *топоним* сол қарым-қатынас құралы қажетіне байланысты пайда болған. Мұндағы қажеттілік белгілі нысан туралы білім алу, ол білім нысанға таңылған атау мазмұнында болады. А.Байтұрсынұлы: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: ақылға, қиялға, көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни, нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау» [13, 242], – деп, тілдің қарым-қатынас құралы болумен қатар, дүниетаным қызметіне де назар аудартады. Когнитивтік бағыттағы зерттеулер тілдің ақиқат болмыс туралы білімді сақтап, жеткізуші қызметін ескере отырып, тілдік категориялар мен олардың құрылымдарын жаңаша сипаттауға мүмкіндік береді. О.Жұбаева грамматикалық категориялардың антропозектілігіне байланысты зерттеуінде: «Тіл – таным құралы болса, таным – ақиқат болмыстың ойдағы көрінісі болып табылады, сол арқылы білім қоры жинақталып, ақпарат қабылданады. Тіл таным нәтижесінде түзілген әлем туралы біліммен, оның адам санасындағы көрінісімен тығыз байланысты болады. Ой сөз арқылы көрініс табады»[14,12-13],– дейді. Адамның осы танымдық әрекеті ақиқат болмысты тануға, қоршаған ортаны түйсініп, жинақтаған білімдер негізінде әлемдегі орнын түсінуге бағытталады. Адам қашан да әлемді танып, ондағы өз орнын айқындауға талаптанады. Тіл – сөйлеушілердің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал ерекше ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі. Адамның когнитивті қызметінің нәтижесінде тіл қоршаған орта туралы әсерді

ғана жинақтап қоймайды, сонымен қатар халықтың зерттеушілік ойларын да жеткізіп, халықтық, ұжымдық этномәдени санасында қалыптасқан ғалам бейнесін сақтайды [14,12-13].

Ежелгі өркениет иелері өз тіршілігін өмір сүрген кеңістікті, қоршаған ортаны танып, зерделеп, қоғам мүшелерінің қажеттілігіне сай игеріп отырған. қандай да бір кеңістікті танып, онда қоныстану қай халықтың болмасын ұлттық менталитетін қалыптастыруда айрықша роль атқарады. Ақиқат геокеңістікті қабылдау туралы адам түсінігі де ерте замандардан бастап қарапайым-тұрмыстық, архаикалық көрнекті сипаттан эволюциялық даму арқасында ғылыми, жоғары абстрактілі деңгейге дейін жетіп отыр. Жер-су атауындағы лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың үйлесім табуы тіл мен сананың, тіл мен кеңістіктің байланысын айқын байқауға мүмкіндік береді. Адамзат санасының оянып, қоршаған ортаны танудағы алғашқы қадамдары оның өзі қоныстанған қоршаған ландшафтағы дала, тау, өзен, сай, ормандардың алдымен бір бөлшегін танып игеріп, барған сайын кеңейте түскендігінен көрінеді. Қоршаған ортаны игеруді адам алғаш сол жерді өз қажеттілігіне сай пайдаланып, ат беріп, бірінен-бірін айырып, жіктеуден бастаған. Б.Тілеубердиевтің тұжырымынша, «Топонимдерді этнос дүниетанымының, психологиясының, рухани және материалдық дүниесінің тілдік көріністері арқылы ғаламның тілдік бейнесін жасайтын, «кеңістік» концептісін құрайтын ономастикалық бірлік деп тану керек» [15, 139].

Қ. Рысберген «Жалпы топонимиялық деректерді географиялық кеңістік туралы халықтық түсініктерді білдіретін дискретті кеңістікте «шашыраңқы» орналасқан тілдік бірліктерден құралған мәдени мәтін ретінде қарастыру қажет» [16, 16], – деп есептейді. Топонимдік ақпараттың түрлеріне: *тілдік, ғылыми, этномәдени, әлеуметтік, тарихи деректік* ақпарат жатқызылады.

Мекен-жайлық ақпарат – кез келген атаудың ең басты тілдік әрі әлеуметтік қызметі. *Елді мекен, қала, көше аты, теңіз, көл, ауыл* т.б. топонимдік нысанның Жер шары кеңістігінде орналасуын білдіретін тілдік белгі –идентификатор деп аталады.

Тілдік ақпарат– топонимдердің семантикалық құрылымы, сөзжасамдық (топонимжасамдық) құрылымы, фонетикалық сипаты, этимологиясы, уәжі т.б.

Этномәдени ақпарат – атау уәжіндегі этностың қоршаған ортаны игеру барысында қалыптасатын дүниетанымы, кәсібі, шаруашылық типі, наным-сенімдері мен салт-дәстүрлерінен көрініс табуы. Бұл топқа жер-су атауларына қатысты аңыз-әңгіме мен мифтік мазмұндағы ақпарат түрлерін жатқызуға болады [16,16]. Топонимдердің қызметі осы ақпараттарға сүйенеді деуге болады.

Г.Б.Мадиева топонимдердің қызметі ғана емес, жалпы тіл қызметінің көлемі толық анықтала қоймағанын айтады [2,242]. Қазіргі лингвистика тілдің коммуникативтік, экспрессивтік, атауыштық, танымдық қызметтеріне: кумулятивтік, магиялық, ақпараттық, фатикалық, реттеуіштік, прагматикалық, эмотивті т.б. қызметтерін қосып жүр. Белгілі жағдайда бұл қызметтерді топонимдер де атқарады. Жалпы алғанда, топонимдердің қызметі тілдің атқаратын қызметі мен топонимдерді қалыптастыратын факторлардан туындайтыны көрінеді. А.Байтұрсынұлы айтқандай, «Тіл қаруы–сөз», ал *топоним*– атау-сөз, сондықтан сөзге тән қызмет атқарады.

«Жер-судың аты – тарихтың хаты» демекші, жер-суға қойылған атаудың қай-қайсысының да себебі бар, ол халықтың дүниетаным деңгейімен, тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысып жатады.

Әдебиет:

1. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы.- Астана, 2006.-Т.1.-400 б.
2. Мадиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ., Мадиева Д.Б. Ономастика: теориясы мен практикасы.-Алматы:Қазақ университеті, 2016.-192 б.
3. Суперанская А.В. Семантика собственных имен//Общая теория имени собственного.-М., 1973.- С.250-255.
4. Аханов К. Тіл білімінің негіздері.-Алматы: Мектеп,1978.-494 б.
5. Каймулдинова К.Д. Топонимика.- Алматы: Дәуір, 2011.-336 б.
6. Никонов В.А. Имя и общество.-М.: Наука, 1974.- 278 с.
7. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии.-М., 1978.-198 с.
8. Керімбаев Е.А.,Тілеубердиев Б.М., Дүйсенбі Қ.Т. Оңтүстік Қазақстанның топонимиялық кеңістігі.- Шымкент:Кітап, 2007.-352 б.
9. Ратникова И.Э.Антиномия узуса и возможностей языка в ономастической семантике.-Минск:БГУ,1999.- 24 с.
10. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса.-М., 1973.-264 с.
11. Сарбасова Қ.Б., Чукенаева Г.Т. Жетісу гидронимдері.-Талдықорған, 2011.-86 б.
12. Тасполатов Б.Т. Қазығұрт өңірі топонимиясының этнолингвистикалық сипаты: филол.ғыл. канд. ...дисс.- Алматы, 2010.- 148 б.
13. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер.-Алматы: Жазушы,1989.-320 б.
14. Грамматикадағы дүниенің тілдік бейнесі.-Алматы:Қазығұрт, 2014.-400 б.
15. Тілеубердиев Б.М.Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері.- Алматы: Арыс, 2006.- 280 б.
16. Рысберген Қ. Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері.- Алматы:Дайк-Пресс, 2011.- 328 б.

Қазақ елін әлемге таныту жолы – көркем аударма

Қазақ көркем әдебиеті мен оның жан жүрегі болып табылатын тілінің жүріп өткен жолы аса мағыналы, жемісті жол деуге болады. Өйткені өз тәуелсіздігімен, егемендігімен қайта қауышқан қазақ елі туған тілі және әдебиетінің кешегі тарихы мен бүгінгі тағдырына деген көзқарастың арасында жатқан тарихи жауапкершілікпен елдік мұраттың айрықша салмағын саралай білді. Осы арқылы біз ұлттық құндылықтарымыздың бағасын таразылаған, мәңгілікке қызмет ететін ұлттық идеяның өміршеңдігін аңғартқан туындыларды қазақ көркем әдебиетінің аса құнды мұрасы ретінде қабылдауға тиіспіз. Тілде ұлттық діл болатыны өз-өзінен түсінікті, дегенмен, әлемдік өркениетке қосылу үшін кез келген ұлт өз рухын басқа бір ұлтқа жеткізуге, түсіндіруге мүдделі болады. Ал ол әрекет сол тілдегі әдебиеттің өзгі тілге аударылуы арқылы орындалады. Бұл жөнінде: «Тәуелсіз елдің қай-қайсысында болсын линвомәдениетаралық қарым-қатынас ең алдымен мемлекеттік мәселе болып саналады. Осы қатынастың басты құралы – аударма», – дейді белгілі ғалым Ж.Жақыпов [1].

Аударма іс-әрекетінің өмір сүруі ұлт тарихының көне қойнауымен астарласып жатады. Ғалымдардың пікіріне зер салсақ, өзге тілде жазылған шығармаларды түркі тіліне (оның ішінде қазақ тілі де бар) аудару және түркі тіліндегі шығармаларды өзге тілге аудару мәселелері орта ғасырдағы араб түркітанушыларының еңбегінен бастау алатын көрінеді. Сол замандағы түркі тілдерін зерттеушілер кей сөздерді, сөз өрнектерін араб тіліне қалай жеткізу керек деген мәселеге кезі келгенде назар аударып отырыпты. Орта ғасырда өмір сүрген Араб халифаты тұсындағы ғалымдардың басты мақсаты – түркі тілдерін басқа тілдермен қарым-қатынасқа түсіру, араб тілін түркі тілдеріне немесе керісінше қалай аударуға болады деген мәселеге із салу болса керек. Ресейге қосылмас бұрын Ұлы Жібек жолының керуендері басып өткен қазақ жері өзге мәдениеттерден де, тілдерден де хабардар болған. Делдалдар, яғни, тілмаштар, осы мәдениеттердің арасындағы байланысты іске асырған. Сөйтіп, сол бір кездерден басталған бұл іс тарихи жолында дами келе осы күнгі халықаралық байланыстың, әсіресе Тәуелсіздікке кеше ғана қол жеткізген біздің еліміз үшін ең зәру құралына айналып отырған аударма мәселесіне тіреліп отыр.

Аударма – бір тілде бейнеленген мазмұнды екінші бір тілге әрі дәл, әрі толық қайталай бейнелейтін тілдік қыймыл[2]. Тіл ғалымдарының деректерін негізге ала отырып, қазіргі таңда дүниеде 2796 тіл бар екенін ескерсек, аударма қызметінің маңызды екенін білеміз. Аударма әрқашанда адамдар, қауымдар, халықтар арасындағы тәжірибе алмасудың дәнекері. Аударма сөз, әдебиет, публистика ғылымдарының ажырамас бір бөлігі, әрі халықты рухани жағынан дамытудың күшті құралы. Аударма халықтың мәдени өмірінің бір саласы, халықтар арасындағы үзілмейтін үрдістің бірі. Адамзат аударма арқылы араласып құралады. Аударма бар да, оны зерттейтін ғылым бар. Бұның біріншісін екіншісінен бөліп алып қарауға болмайды және бұл – халықтың әдебиетін де, тілін де ортақ қамтитын, екеуінің бірінсіз жүзеге аспайтын ғылым.

Қазақ тіліне және қазақ тілінен аудару заңдылықтары туралы жекелеген қарапайым топшылаулар XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап «Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаятының газетінде» елеусіз болса да бой көрсете бастаған. Қазақ зерттеушілері аударма тарихын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруды ұсынады. Соның бірі – З.Тұрабеков ұсынған қазақ аудармасының жіктелуінде: алғашқы дәуір VIII-XIV ғасырлар деп белгіленген, яғни, «қазақтардың әлі де жеке халық ретінде қалыптаса қоймаған, олардың түркі халықтарының құрамындағы ру-тайпалық одақтар ретінде өмір сүру кезеңі». Екінші кезең – қазақ тіліндегі алғашқы аудармалардың «Шығыстағы әдеби туындыларды аударудың басты қағидасы – назира» әдісімен аударылу кезеңі. Үшінші кезең – Қазақстанның Ресейге қосылған кезеңінен XX ғасырдың басына дейінгі мерзім. Төртінші кезең – қазақ аудармасы қарқынды дамыған Кеңестік кезең[3].

XX ғасырдың бас кезінде аудармада, әсіресе орыс классикалық әдебиеті үлгілерін қазақ тіліне аудару ісінде едәуір тәжірибе жинақталған еді. XIX ғасырдың екінші жартысында Абай мен Ыбырай тәжірибелерінен басталған бұл игі дәстүр жаңа ғасырда Ш.Құдайбердиев, М.Сералин, Б.Өтетілеуов, М.Құнанбаев аудармаларымен, басқа да оқыған зиялы азаматтардың газет-журналдардағы тәржімаларымен толығымен түскен еді.

Абай аудармаларының тарихи-әлеуметтік мәні үлкен. Өйткені ең алдымен қазақ жұртшылығы А.Пушкин, М.Лермонтов, А.Толстой, Салтыков-Щедрин тәрізді дүниежүзілік әдебиеттің ірі тұлғаларымен бірінші рет Абай арқылы танысты. Өзінің зор талант, асқан шеберлігінің арқасында орыстың ұлы ақындарының еңбектеріндегі идея, әдеби сұлулықты қазақ оқырмандарының ой-сезіміне жеткізе аударып біліп, оларға қазақ халқының жүрегінен жылы орын әперді. Ал Абайды орыс тіліне аударуда «өз дәрежесінде аударылды десек, қателескен болар едік» дейді зерттеушілер. Өйткені

ақынөлеңдері жанрлық ерекшеліктеріне қарай түрліше көркемдік бейнелеу құралдарының қызметімен ерешеленеді. Қайсы бір жанрдағы өлеңдер тобында көркемдік бейнелеу құралдары күрделі, ұлттық реңі бай болып келсе, бір жанрлық топтағы өлеңдердің тілі қарапайым, нақты. Алғашқы жанрлық топтағы өлеңдерді басқа тілге аудару аудармашыдан үлкен еңбекті, көп ізденісті талап етеді.

Революцияға дейінгі кезеңде Асанқайғы, Шалкиіз және халық арасындағы басқа да атақты ақындардың шығармалары орыс тіліне аударылған. Бұл қазақ және орыс халықтарының өзара қарым-қатынастарын дамытуында жақсы материал болды. Басқа ұлт өкілдерінің қазақтың халық ауыз әдебиеті шығармашылығының үлгілерімен танысуы олардың қазақ мәдениетіне деген қызығушылығын оятқаны сөзсіз.

Осы кезеңде А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Дулатов тәрізді т.б. ақын-жазушылар Шығыс пен Батыс елдерінің әдебиет үлгілерін, орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға көп қызмет етті. Солардың ішінде ерекше атап өтуге тұрарлық қазақ халқының аялы азаматы, қызыл империяның құрбаны болған, арада елу жылдан астам уақыт өткен соң ғана саяси жағынан да азаматтық тұрғыдан да толық ақталып, туған халқымен қайта табысқан қоғам қайраткерлерінің бірі – Ахмет Байтұрсынов. Демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым – тілші, әдебиет зерттеушісі, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынов қалдырған бай мұраның бір саласы – оның көркем аударма дамуына қосқан үлесі, өйткені ол ақын ретінде ең әуелі аударма арқылы танылды. Ақын орыстың классикалық жазушылары И.А.Крылов пен А.С.Пушкин мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» және «Маса» деген атпен жеке кітап етіп шығарды. Бұл орыс шығармаларының қазақ тілінде, тіпті Орта Азияда десе де артық емес, тұңғыш жеке кітап болып бастырылуы еді. Айтушысы И.А.Крылов пен Пушкин болғанда, жеткізушісі А.Байтұрсынов болғандықтан да «Қырық мысал» сияқты жинақтардағы аудармалар қыр еліне қыдыр болып дарып, қазақ санасына қырық түрлі кеселдің даруындай сіңді.

Ахмет Байтұрсынов аудармаларында сюжет көбінесе сақталмайтынын, еркіндік басым екенін байқаймыз. Қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. «Жарлы бай» деген мысалда қолында дәулет жоқ кезде жомартсынып, өзі сол байлыққа ие болған күні дереу ойы бұзылып кететін тойымсыздықты суреттегенде, оның әсерін күшейте түсу үшін аудармашы оқиға желісін қазақ оқырманы түйсігіне төл мәтіннен де гөрі жақындатып береді. Крылов кедей адамның «бай болсам бүйтер едім» деген қиялын былай жеткізеді:

«Нет, если мне далось богатство не удел,
Не только бы рубля – я бы тысяч не жалел.
Чтоб жить раскошно, пышно,
И о моих мерах далеко б было слышено»
Ал А.Байтұрсыновта ол былай беріледі:
«Дариға! Мен бай болсам жұрттан асқан,
Үйлерді салдырар ем қандай тастан!
Сол түгіл мыңын бірден жұмсар едім,
Аямай нелер киім, ішер астан.
Жылқымды, қымызымды, қойымменен,
Жұмсар ем қонағыма тойымменен.
Жұртымның жабықтырмай көңілін ашып,
Күнде той, қызық ойынменен».

Мұнда ақын нағыз қазақ ұғымындағы шалқыған тұрмысты малмен, қымызбен, ағыл-тегіл қонақасымен, той-томалақпен суреттейді. Аудармашы негізгі түпнұсқа текстіне орайластырып, көркем ойға ой, суретке пікірді ұштап, жаңа сарын әуез қосып отырады.

Уақыт өткен сайын аударма жасау арқылы тілімізде сөз құраудың, ойды бейнелеудің неше алуан жаңа тәсілдері туды, жазу шеберлігі артты. Әсіресе, күрделі ойды күрделі сөйлеммен беру жағынан аударманың әкелген жаңалығы өте көп. Осындай көкейтесті мәселелерді көптеп зерттеулердің нәтижелеріне қарап, біз аударма теориясы Қазақстанда ғылыми пән ретінде қалыптасты деп күмәнсіз айта аламыз.

Еліміз тәуелсіз болғандықтан, дүниежүзілік қоғамдастыққа дербес мүше болғандықтан, қазақ әдебиетін дүние жүзінің басқа да көптеген тілдеріне аудару мәселелеріне ой жүгіртетін уақыт жетті деп ойлаймыз. Әдебиет деген алып байтеректің сандаған бұлақтардан құралатыны даусыз. Олай болса қазақ әдебиеті деп аталатын ұлы ұғымды Қазақстан көлемімен ғана шектесек сыңар жақты көзқарас болар еді. Қазақ әдебиеті әлемдегі қазақ қоныстанған барлық елде өз өркенін жайып келеді.

Қазақ елін әлем, негізінен, экономикалық өсуі, пайдалы қазбалары арқылы және рухани құндылықтарымызды төрткүл дүниеге паш етіп жүрген өнер мен спорт майталмандары арқылы таниды. Біздіңше, қазақтың елін, тегін, мәдениетін, рухани байлығын, тарихын, өнерін өзгеге танытудың тағы бір қажетті де маңызды жолы әдеби аударма екенін ешкім де жоққа шығара алмаса

керек. Мысалы, біздің Бальзакты оқымай француз тұрмысын, Юкио Мисиманы оқымай жапон тіршілігін, Толстойды оқымай орыс өмірін, Шекспирді оқымай ағылшынның махаббатқа беріктігін білемін деуіміз қалай болады. Кеңес дәуірі кезінде басқа ұлт өкілдері аударма арқылы»Абай жолындағы» аға сұлтан Құнанбай қажымен, Абай хәкіммен, Зере, Ұлжан тәрізді аналар бейнесімен, жалпы сол замандағы қазақтың өткен тыныс-тіршілігімен, қайғы-қуанышымен, арман-мақсаттарымен танысқан еді. Сол тұста«Абай жолын» оқыған Бенжамин Матип: «Қазақ неткен ғажайып халық», – деп таңырқаса, Константин Федин «өзінің қалай қазақ болып кеткенін білмей қалған». Бір кездері әлем жұртшылығы Габриель Гарсия Маркесті де білмеген. Оның шығармалары ағылшын тіліне аударылғаннан кейін оны бүкіл әлем білетін болды.

Бі.Алтынсаринді шет тілдеріне аудару арқылы қазақ елінде тұңғыш мектеп ашқан, қазақ балаларын алғаш рет оқу-білімге шақырған ұстаз екенін білдірсек, А.Байтұрсынов еңбектерін аудару арқылы қазақ тілінде алғаш қазақ мектебіне арнау оқулықтар жазып, оны оқытудың әдіс-тәсілдерін үйреткен, қазақ тілі мен әдебиеттік терминдердің негізін салушы, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс, тағы басқа ғылым салалары жайынан пайдалы мағлұматтар беруші алаштың ардақтысы екенін танытар едік.

Сонымен, қазақты, қазақтың рухани жан болымысын әлемге танытудың бірден-бір жолы әдебиетіміздің шетел тіліне, соның ішінде әлемнің барлығы сөйлейтін ағылшын тілінде сөйлетудің қажеттілігін айта отырып, осы уақытқа дейін де ағылшын тіліне аударылған қазақ ақын-жазушыларының туындылары бар екенін және олардың санаулы-ақ екенін айта кеткіміз келеді. Біздің ізденісіміз бойынша олар: Abai Kunanbayev ‘Selected poems’ to Mark the 125th anniversary of his birth (1970); Abai ‘Book of words’ (2009); Abai ‘Book of wisdom’ (2011); Mukhtar Auezov ‘Abai’; Beksultan Nurzhekeyev ‘Sinful love’ a story (2009); Abish Kekilbaeyev ‘Ballad of forgotten years’ (2008); Mukhtar Shahanov ‘The errors of civilization. The cosmo-formula of chastening memory’; Yerlan Sydykov ‘Shakarim. The life of Kazakh poet’; Mukagali Makataev ‘Selected poetry’; Dulat Issabekov ‘The little pearl and other stories’, ‘The Transit Passenger’; Berdibek Sokpakhbayev ‘My name is Kozha’ (2015); Historical novel of Ilyas Yesenberlin ‘The Nomads’ (2000); Abni-Jamil Nurpeisov ‘Blood and sweat’ and ‘Final respect’ (2013), Liberty publishing house, New York; Смағұл Елубай «Ақ боз үй» - «Lonely yurt». Осы аудармалар арқылы АҚШ пен Европа оқырмандары біздің еліміздің белді ақын-жазушыларының туындыларымен танысу мүмкіндігіне ие болды. Байқап отырсақ, бұлардың басым көпшілігі еліміз егемендік алғаннан бергі аудармалар. Тағы бір қуанарлық жайт, 2013 жылы шет ел оқырмандарына қазақ батырларының отаншылдық сезімі, туған халқының азаттығы жолындағы күрестерін жырға қосқан батырлық эпостарды проза жанрына өңдеп, жырдың негізгі мазмұнын сақтай отырып, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиерліктей ықшамдаған, балалар жазушысы Шәкен Күмісбаевтың жетекшілігімен «Алматы баспасы» арқылы қазақ-ағылшын тілдерінде «Ер Тарғын – Er Targyn batyr», «Алпамыс батыр – Alпамыс Batyr», «Қобыланды батыр – Koblandy Batyr» (2013) деген шығармалар оқырманға жол тартты.

Әрине, жоғарыдағы аудармалардың басым көпшілігі әуелі орыс тіліне, осы тілден ағылшын тіліне аударылған. Зерттеушілер кей шығармалардың орыс тілінің өзіне дәл аударылмайтынына назар аударады. Мысалы, Абай шығармаларының орыс тіліне аудармасы, беделді аудармашылардың пікірі бойынша, түпнұсқаға қарағанда нашар. Мұның себебін аудармамен айналысқан Г.Бельгердің бақылауларына сәйкес А.С.Базарбаева былайша түсіндіреді: «Абай поэзиясы ойының, кейпінің, метафорылығының, афористігінің нығыздалуы; терең ұлттық діл, ұлттық рух; әрбір Абай сөзінің дерлік көпмәнділігі, көпжоспарлылығы; тарихи-тұрмыстық нақтылықтың молдығы» [4]. Осыған қарағанда, қазақ халқына тән мол тілдік байлықты, сан қырлы, көп қатпар-қыртысты қолданыстарды басқа тілде жеткізе беру мүмкіндігі бола бермейтін көрінеді. Олай болса, аудару кезінде шет тілдерінің тіл байлықтарымен, қолданыс ерекшеліктерімен таныс болудың мәні зор және, біздіңше, аударма аралық тілдер арқылы емес, тура болуы керек деп ойлаймыз.

Аударма екі ұлт өкілдерін қалай байланыстырса, түрлі тілде сөйлейтін елдер арасын да байланыстыруға солай қызмет жасайды: бірінде жоқ нәрсені, екіншісі біледі, яғни, біздің мәдениетімізді, тұрмысымызды, әдет-ғұрпымызды, дәстүрімізді өздерінің төлсалт-дәстүрімен салыстырады, жақсысынан үйренеді, тіпті қабылдап алатындары да болады. Өз еңбектерінде С.Абдірахманов: «Көркем аударма арқылы бірін бірі тану, этностың этноспен, цивилизацияның цивилизациямен танысуы арқылы бір-бірімен тұрақты байланыста болады», – дейді[3]. Яғни, тілдер арасындағы мұндай байланыстырушы жүйенің ең қарапайым шешімі – аударма. Біздің АҚШ пен еуропалық әдебиеттің деңгейінен бір елі кем түспейтін шығармаларымыз жетерлік. Атап айтар болсақ: Ұлы даланың таудай тарихы, көлдей терең көркемдік әлемі бар екенін оқырманға жеткізген қазақ тарихи прозасының хас шебері – Дүкенбай Досжанның шығармалары; Рахымжан Отарбаевтың прозалық жинақтары, пьесалары; қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мағжан Жұмабай әңгімелері мен поэмалары; Оралхан Бөкейдің трилогия романы мен пьесалары; Қалихан Ысқақұлының драмалық пьесалары мен романдары; Түменбай Қуандықтың шығармалары, тағы да басқа көптеген қазақ

әдебиетінің түрі мен мазмұнын байытқан көрнекті жазушыларды әлі де танытуды тоқтатпасақ, сол әдебиет арқылы әлем қазақты бар қырынан таныр еді.

Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» және «Соңғы парыз» шығармаларын ағылшын тілінде оқып шыққан оқырман Н.М.Каранзиинез ойын мынадай сөзбен жеткізген: «Адам жан дүниесінің батылдығын сезіну үшін, ашық теңізде өлімнен ажырататын жұқа тақтайдай мұздың үстінде болып көруің керек»[5].

Қорыта келгенде, қазақ тілінен аударылған шығармалар арқылы шет ел оқырмандары табиғатпен астасып, дәстүрлі мәдениетімен өмір сүрген көшпелі қазақ елінің небір ел бастаған ақылды да, көреген көсемдерімен, «от ауызды, орақ тілді» шешендерімен, ел қорғауда «қар жастанып, мұз төсенген» ерлігімен даңқы шыққан батырларымызбен, өзгелерді өзіндей көріп құшағын жайған кең қолтық, қарапайым халқымызбен, оның тұрмыс-тіршілігімен таныса алады.

Әдебиет:

1. Жакыпов Ж.А. Аударматануды аңдату. Оқулық. – Алматы: InnoPRESS, 2004. - 3 б.
2. <https://kk.m.wikipedia.org/wiki>
3. Абдырахманов С. Перевод поэзии и поэзия перевода. - Астана: Аударма, 2008. – 90 б.
4. Базарбаева А. Қазақстандағы мемлекеттік тілдің қазіргі ахуалы. Монография. - Алматы, 2016. – 236б.
5. Abni-JamilNurpeisov ‘Blood and sweat’ and ‘Final respect’. Liberty publishing house.- New York, 2013

*Демеуова А.
Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты*

«Махаббат» концептісінің қазақ-ағылшын тілдеріндегі лингвомәдени көрінісі

Қазіргі тіл білімінің құрылымдық-танымдық бағыты сияқты мәденитанымдық негізін, яғни, тіл, ойлау мен мәдениетті тығыз қарастыру мен зерттеу парадигмасының маңыздылығы зор. Тіл дамыған сайын оны жаңаша бағытта қарастыру қажет болуда. Оның ішінде, тілді мәдениетпен өзара тығыз байланыста антропоцентристік қағида негізінде зерттеу бүгінгі таңда өзекті болып отыр. Қарастырылып отырған «махаббат» концептісінің қазақ-ағылшын тілдер санасындағы қолданысы мен қолданыс ерекшелігін және ұқсастықтарын тілдік бірліктер арқылы айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақ тілінде тіл мен танымдық концептілер байланысы тұрғысынан зерттеген еңбектер тапшы, оның ішінде осындай танымдық концептілерді салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы шеңберде қарастыраған еңбектер жоқтың қасы. Жалпы, тіл білімінде тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мәселесін алғаш рет ғылыми-теориялық деңгейде, неміс ғалымы В.фон Гумбольдт зерттеген болатын. Тілдік концептілердің материалды және рухани мәдениеттің ұлттық сипатының тілде көрініс табатыны, тілдік белгіге ішкі форманың тән екендігі және тілдің адам мен қоршаған орта арасын байланыстыратын дәнекерші қызметі туралы басты ғылыми негіздемелері мен ұстанымдары А.Потебня, Ш.Балли, Ж.Бандриес, Р.Якобсон еңбектерінде өз жалғасын тапты [1, 2]. Бүкіл дүниетанымдық ұғымдар тілде тілдік бірліктер-сөздер мен сөз тіркестері арқылы көрініс табады. Тілдік бірліктердің ұтымды қолданылуы сөйлеушінің менталитеті, мәдениеті, ойлауы мен жеткізу шеберлігіне байланысты туады. Бұл туралы В.фон Гумбольдт идеясының актуализациялануы, яғни, адамды адам ететін тіл, тілді адам санасымен, ойлауымен, рухани тәжірибиелік әрекетімен тығыз байланыста зерттеу В.фон Гумбольдт идеясының өзектілігін әлдеқашан анықтаған болатын.

Қазіргі тіл білімінде осы бағытта әртүрлі лингвомәдени қауымдастықтағы ұғымдарды салғастыру заман талабы болып отыр. Тіл білімінің қазіргі дамуы кезінде лингвистика ғылымы тілді салғастырмалы зерттеуге баса көңіл бөледі. Осындай салғастырмалы зерттеулерде маңызды орын алатын қазіргі лингвистиканың бір саласы-лингвомәдениеттану саласы [3]. Біз қарастырып отырған «махаббат» концептісінің мәдени-лингвотанымдық негізі өте күрделі сала. Өйткені адам сезімдерінің ішіндегі ең асылы мен пәк бөлігі – ол «махаббат» ұғымы. Қай заманда болмасын сезімнің ең пәк, таза саналық ұғымы өз қадірі мен қасиетін жоғалтпаған. Осы бағытта халық әдебиеті мен классикасының – ең ауқымды бір тақырыптық саласы болып келді және болып қала береді. Сан ғасыр бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан танымның, мәдениеттің тілдегі көрінісі уақыт өте келе тіл қолданысынан шығып, немесе мағынасы күңгірттене бастаған тілдік белгілермен қатар, заман ағымымен өзгеріске ұшыраған ұлтымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихы, этнографиясы тілші мәдениеттанушы ғалымдар тарапынан нақты ізденістерді талап етеді [4].

Лингвомәдени-танымдық тілдік мәселелерді басқа ғылым салаларымен байланыстыра қарастыру ауқымы кең зерттеулерге жол ашып, ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Тіл күрделі құбылыс ретінде адамның ойлауымен, мәдениетімен бірге қарастырылуы шартты жайт. Осындай интегративті, пәнаралық бағыттың бірі– ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болған лингвомәдениеттану

ғылымы. Жалпы, тіл мен мәдениет арақытынасы мәселелері түрлі деңгейлерде философтардың Платон, И.Гердер, Э.Кант, т.б.еңбектерінде қарастырылған. Бертін келе В.фон Гумбольдттен бастап, Э.Сепир, Б.Уорф, Кассирер, Л.Вайсгербер зерттеулерінде ғылыми іздік дәрежесінде көрініс тапты. Кеңестік дәуірде орыс ғалымдары: А.Потебня, Н.Топоров, В.В.Иванов, А.Толстой еңбектерінде, қазақстандық ғалымдар академик Ә.Қайдаров, Р.Сыздық (салыстырмалы диахроникалық (мәтіндік), Е.Жанұзақов, Ж.Манкеева т.б. ғылыми еңбектерінде этнолингвистикалық бағытта зерделенді.

Адамның тұлға ретінде дамуы, оны басқа орта адамдарынан ерекшелейтін де оның санасы мен мәдениетінің басқалардан ерекше және жоғары тұруымен сипатталады. Жалпы «мәдениет» ғымының тілмен байланысын «мәдениет» ұғымының анықтамасымен бірге қарастырып көрелік. Бүгінде «мәдениет» сөзіне мынадай екі түрлі анықтама беріліп жүр: мәдениет-адамзаттың өзіндік даму тарихында жаратқан барлық рухани және заттық байлығының жиынтығы. «Мәдениет» ұғымы күрделі ұғым. «Мәдениет» ежелгі заманнан ақ тілде, адамның әртүрлі іс-әрекеті мен басқа адамдарға қарым-қатынасынан көрініс тапқан. Бүгінгідей дамыған мәдениетті емес, адамзаттың ең ертедегі мифологиялық, аңыздық ертегілерінен бастап, оның қазіргідей озық ғылыми техникалық жетістіктері мен мәдениеттерін тұтастай қамтиды. Бұл «мәдениет» ұғымының кең мағынадағы анықтамасын ғана беріп қоймай қоғам дамуының әрбір басқышы мен кезеңдеріндегі адамдардың идеологиясы және соған сәйкес заңдары, тәртібі мен ұйымдық құрылымы бола алады [5].

Тілмәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет– оның ішкі дүниесі. Осы тұрғыдан алғанда тіл мен мәдениетті бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын тұтас бір дүние деуге болады. Осыған орай, тіл мәдениет, сөйлеу мәдениеті арнай тіл білімінің бір бөлігі ретінде жеке қарастырылып, ондағы тілдік құралдар мен экспрессивті сөйлеу, жазу тілін зерттейді. Тіл қоғаммен бірге өмір сүреді және тіл-қоғамдық өмірдің сәулесі. Одан қоғамдық өмірдің кез келген өзгерістері мен ерекшеліктері айқын көрініс табады. Әсіресе, тілдегі лексика бұл жағында өте сезімтал болып, қоғамның саяси, экономика, мәдениет, ағарту, өнер, идеология, мораль т.б. жақтарындағы өзгерістер сөз жоқ лексикада бейнеленеді [2]. Адамдар тіл ғылымының жетістіктерін пайдалана отырып, өзге ғылымдар саласында қорнекті табыстарға қол жеткізуде. Мұның басты себебі тілдің өзіне тән сәйкестік, жалпылық қасиеттерінен деуге болады.

Осындай тіл мен мәдениет көрінісі қазақ, ағылшын тілдеріндегі махаббат концептісіне лингвомәдени талдау жүргізу мақсатында көптеген тілдік бірліктерге тоқталсақ. Қазақ-ағылшын тілдеріндегі көркем шығарма, фразеологизмдер мен паремиядағы махаббат концептісіне салғастырмалы тұрғыдан лингвомәдени талдау жүргізіп көрелік. Қазақ, ағылшын тілдерінде махаббат концептісі төмендегі тақырыптарға бөлінеді:

а) *жек көру - hatred*

Ағылшындыр: «*Hatred is blind, as well as love*» десе, қазақ тілінде «*Махаббат жек көрудің арасы бір-ақ қадам*», «*Жек көре білмеген, сүйе де білмейді*», «*Сүйіспеншілік бар жерде, жеккөрушілік те бар*», деп екі сезімнің жақын тұратынын білдірген. Сонымен қатар ағылшын тілінде: *They that too deeply loved too deeply hate; Love and hate are blood relations; He that cannot hate cannot love; The greatest hate springs from the greatest love* сияқты сөз тіркестері арқылы жалпы махаббат пен жек көрудің қарама-қарсы ұғымдар бола тұра, бір біріне аралас, туыс сезімдер екенін, шын жақсы көретін адам жек көріп, оған ашулана алатынын білдірген.

ә) *қызғаныш - jealousy*

Махаббат деген сүйіспеншілік, ынтызарлық, ғашықтық деген сөздердің баламасы ретінде айтыла береді. Адамзат баласын еріксіз құдретне табндыған, бас идірген махаббатың ұлылығы туралы ақындарымыз көп жырлаған. Осы себепті махаббат қызғаныш сезімімен өте жақын келеді. Өйткені: «*Махаббат біреуге –жұбаныш, екеуге – қуаныш, үшеуге – қызғаныш*», .

Мысалы, ағылшын тілінде: «*Love is never without jealousy*»; «*Love being jealous, makes a good eye look asquint*» сияқты ұғымдар барлық тілге тән универсалдарға жатады деуге болады.

б) *тұтанған от – an old flame*

Кезінде әйгілі ақын Мұқағали Мақатаев махаббаттың от ұшқынын былай жырласа:

О, махаббат, сен әлі тірі ме едің?

Көзімнен ғайып болған күнім едің!

Гүлім едің,

Елтіген түнім едің.

О, махаббат сен әлі тірі ме едің?!

Махаббат концептісінің лингвомәдени астарын туыс және туыс емес тілдер контекстінде ұлттық дүниетанымдық құндылықтар көзі арқылы айқындалады. Осы тұста: Абай ағамыз «*Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны теңеңдер*», – деп жырлаған.

Осындай махаббат сезімін отпен теңеп, асыл сезімге балаған нақыл сөздер қазақ тілінде көптеп кездеседі: «*Ыстық сезімнің тууы, шырпының тұтанғанындай*», «*Сезім от болып жандырады, су болып сөндіреді*», «*Өзіңдікі өзіңе оттай ыстық көзіңе*» және т.б.

Ағылшын тілінде де бұндай қанатты сөздер махаббатты жаңа пайда болған, тұтанған оттай болып жаңа сезімнің пайда болатындай көрініске балайды: «*The new love drives out the old love*»; «*One love expels another*»; «*Old love will not be forgotten*»; «*It is best to be off with the old love before you are on with the new*»; «*Old love does not rust*»

с) *достық - friendship*

Қазақ тілінде ата бабамыздан қалған:

Екі жақсы қосылса,

Ай мен күндей жарасар.

Екі жаман қосылса,

Ырылдасар, таласар, – деген тамаша теңеуі бар.

Ағылшын тілінде де махаббаттың мәңгілік достықтың символы ретінде анықтайтын сөз тіркестері бар: «*Love and lordship like no fellowship*»; «*When love puts in, friendship is gone*» және тағы басқалар.

Міне осындай тақырыптық топтар, махаббат концептісінің көптеген көріністерін бере алады.

Зерттеліп отырған концептің қазақ, ағылшын лингвомәдениетіндегі жалпы және ерекше сипаттағы қолданысын ашып көрсететін болса: «Махаббат ешкімнің қорасында өспейтін, ешкімнің қолына түспейтін» баға жетпейтін, ақшаға сатылмайтын асыл қазына, мәңгілік әдемілік символы. «*Махаббатты сатуға, аққуды атуға болмайды*»; «*Love is the true reward of love*»; «*Love begets love*»; «*Love is the loadstone of love*»; «*The love of money is the root of all evil; Love without end has no end*»; «*Love is neither bought nor sold; Love is not found in the market*»; «*Love is the true price of love*».

Салыстыру нәтижесінде екі түрлі лингвомәдениеттегі ұқсастықтар айқындалады. Қазақ тілінің фразеологиялық және паремиологиялық қабаты махаббат мағынасындағы тіркестер мен мақал-мәтелдерге бай емес. Ағылшын тілінде «love» концептісі соңғы кезде, махаббатты асыл қазына ретінде көретін концептілер көптеп кездеседі:

в) Құнсыздық – priceless

«*Love lasts as long as money endures*»; «*Money is the sinews of love as well as of war*»; «*When poverty comes in at the door, love flies out of the window*»; «*Love does much, money does everything /but money goes all*».

з) *махаббат соқыр, көрмейді - love is blind*

Мысалы: «*Love is lawless*»; «*Affection blinds reason*»; «*Lovers are madmen*»; «*Love and knowledge live not together*»; «*Of soup and love the first is the best*»; «*Though love is blind, yet 'tis not for want of eyes*».

Қазақ тіліне келетін болсақ, махаббат асыл сезім ретінде оны жасырын, пәк, құпия сезім ретінде, құдайдың берген бақытының ең бір биігі ретінде бағалаған.

Ағылшындар махаббатты «*Love is blessed by God*»десе Ұлы Абай: «Сұлуды сүю – пайғамбар сүннәті», – деп өте жоғары қойған.

Қожа Ахмет Йассауи бабамыздың көрегендігі:

«*Жеңіп кетпей жеңілтек құр құмарлық,*

Аллаға аусын ғашықтың ырқы барлық» немесе «*Ғашықтың күйіп-жануы – қалауы дейді құдайдың*», – дей келе, махаббатты құдадың берген асыл қазынасына балаған.

з) *Махаббат – үнсіз*

Қазақ, ағылшын тілдеріндегі «махаббат» концептісінің тағы бір қыры – «*Love hearts feel each other without any sign or language*», яғни, «*Ғашықтың тілі - тілсіз тіл, көзбен көр де, ішпен біл*» (Абай Құнанбаев) немесе «*Ғашық адам белгі берер түспен де, ол білінер көзі көзге түскенде*» (Ж. Баласағұн) махаббаттың үнсіз ұғысып, түсінісе алатын қасиетін де қалдыруға болмайды.

Жалпы, «махаббат» концептісі сияқты эмоциональды концептерді туыс емес тілдерде салғастыра зерттеу дүниенің тілдік бейнесінің табиғатын барынша тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Яғни, тілдік бірліктердегі эмоцияны концептуализациялау теориясына өзіндік үлес қосады. Бұндай зерттеулер мен талдаулар нәтижесі салыстырмалы лингвомәдениеттану ғылымының әрі қарай дамуына өзіндік үлесін қосады. Осы зерттеу жұмысымызда, махаббат концептісін соңғы жылдары ғылымдар тоғысуында пайда болған лингвомәдениеттану шеңберінде қарастыру – жанаша көзқарастың дәлелі. Сондай-ақ, «махаббат» концептісін туыс емес тілдермен салғастыра зерттеу талдау ұлттық тілдік сананың ерекше сипаттарын ашып көрсетуге мүмкіндік туғызады. Қазақ-ағылшын тілділер санасындағы махаббат концептісінің жалпылама сипаты мен ұлттық ерекшеліктері ұқсас деуге толықтай негіз бар. Оған дәлел, екі тілдегі «махаббат» концептісінің лингвомәдени талдауы қанатты сөздер, өлең шумақтар мен тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердегі «махаббат» концептісінің логико-семантикалық сипаты ұқсастығы.

Әдебиет:

1. Павиленис Р. Проблемы смысла: Современный логико-философский анализ языка. - М., 1983. -286 с.
2. Красных В.А. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология.- М., 2002.- 284 с.

3. Есембекова Ш.Т.Қазақ-ағылшын тілдеріндегі махаббат концептісі. -Қызылорда, 2013.
4. Love A Relevant Concept in Nursing and Caring Science Novia Publications and Productions, series A: Articles, 2/2010
5. Merton T. (1985). Love and Living: (N. Stone and P. Hard. ed.). San Diego: Harcourt, Brace and Jovanich Publishers.
6. Oord T. J. (2005). The Love Racket: Defining Love and Agape for The Love-and- Science Research Program. Zygon, 40 (4).

Аязбекова Қ.

п.ғ.м., Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ лекторы

Отбасылық салт-дәстүрдің көркем шығарма өзегіндегі орны

Этнография мен әдебиеттің арақатынасын ғылыми зерделеудің өзі күрделі мәселе. Оның басты мәні қарқынды қоғам дамуындағы руханиятымызда жедел өтіп жатқан процестердің жалпы сипатын саралау, тұрмыстың, өмір тәжірибесінде қолданудан қалғанымен, халық тәжірибесінде қалыптасқан қағидалар мен салт-дәстүрлерді жас ұрпақ санасында қайта жаңғырту.Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарына қайта оралудың рөлі туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз еңбегінде былай деп жазған: «Әр халықтың өміріндегі терең имандылық пен рухани негіздерге, дәстүрлерге назар аудару керек. Оның халық өміріндегі рөлі еш даусыз. Мәдени дәстүрлер қашан да әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Өзінің тарихи-мәдени тамырларына қайта оралу – бұл, әрине оң процесс».

Қазақ халқының табиғатындағы әңгімешілдік тарихи жадының мықтылығы.Көркем прозаның күні бүгінге дейінгі асыл арналарының бірі. Қандай проза түрін алсақ та, ондағы дәстүр мен салттың, танымның ежелден бергі үзілмеген арқауы әрбір қаламгер шеберлігіне байланысты әрқилы көрініс тауып отырады. Бұл әсіресе өмір мен өлім мәселесін қозғауда айқын көрінеді.Көркем туындылардағы марқұмды аттандыру, азалау шараларының ұлттық ұғымға сай өрнектерін Т.Әбдіков сынды қаламгерлер кеңестік әдебиет тұсында да жан-жақты көрсете білген. Науқас адамның көңілін сұрау өмірге үміттендіріп, көңілін аулаудан бастап, жерлеуге дейінгі аралықтағы дәстүрлі рәсімдер жүйесін қаламгерлік шеберлікпен қиюластырған Т.Әбдіковтің «Әке» әңгімесі [2, 146]. Шығармадағы әке жайлы толғаныстар перзент ой-көзқарасымен беріледі. Халі ауырлаған қарт әкені қаумалаған ауыл адамдарының жанашыр пейілі мен ықыласы біраз үміт отын жаққандай болғанмен, науқастың есін жиып, ел-жұртымен араздасуы – оқиғаның мұнан арғы өрбуінің кілті. Ал әр шығармада әр белесінен көрінер, тағдыр жолы бұралаң бір адамның тіршілік соқпақтарын сабақтастырып жатқан сыршылдық желісін сүйсіне мойындамасқа болмайды. Әр әңгіме өз алдына басы бүтін дүние ретінде қабылдана береді.

Түрлі әдеби шектеулер мен қысымдарға қарамастан қазақ қаламгерлері қай заманда да ұлттың ой мен өрнегін жоғалтпаған. Осы шығарма соның бір дәлелі. Перзенттің әке алдындағы парызы мен қарызы дүниеден өтетін жанның тіршілікпен қоштасуы, тірілерге аманаты бүтін шығарманыңарқауына айналған. Онда көңіл сұрай келген жұртпен марқұмды жерлеп, артын күткен қалың жұрттың бүкіл іс-әрекеті этнографиялық дәлдікпен берілген.Салт бойынша, мәйітті алып шығар алдында дәстүрлі әдет-ғұрыптар сақталады. Мәселен, киім үлестіру рәсімі. Өткен ғасырдың 70-інші жылдарына дейін марқұмның киімдерін (аяқ киімі, костюм, плащ, пальто, жейде және т.б., тек шалбар, іш киімі емес) бірінші кезекте, сүйекке түсушілерге берілген. Кейде сүйекшілерге дененің қай тұсын жуса, сол тұсының киімдерін берген. Қазір сүйекшілер ез «жұмыстарына» жаңадан сатып алынған киімдер алады (сырт киімдер, жейделер). Ал марқұмның киімдерін туыстары мен жақындарына береді. Берілген «иісі бар» киімді киіп тоздыру керек. Бұны сауап болады деп есептеген. Өйткені киім аяғына дейін киілсе, марқұмға жеңіл болады деп сенеді. Қазақтарда жаңа киім кигенге: «Өзің киіп, өзің тоздыр», – деген тілек айтылады. Бұл сөздің бойында адамға ұзақ ғұмыр сүріп, киімін басқа біреудің қиюіне тура келмеуіне деген тілеу байқалады.

Әртүрлі аймақтың қазақтарында бұдан басқа жерлеу ғұрыптарында ата жолы (атасының киіті) деп аталатын әртүрлі заттар мен мата қиындыларын тарататын рәсім кездеседі. Бұрын өткен ғасырдың 60-ыншы жылдарына дейін бұл дәстүр жерлеуге қатысушы рулардың өкілдеріне бір-біріне шапан беруге байланысты шыққан. Қазіргі күнде бұл әдет-ғұрып «шапаны» деген жолмен сатып алынған мата қиындыларынан тұрады. «Ата жолын» сақтаушылардың негізінен тек қазақ тұрғындарынан тұратын ауылдар екенін атай кеткеніміз жөн. Бірақ оны беру отбасының материалдық мүмкіндігіне байланысты.

«Сүйекке салатын киімдерді бөлек салдырып қойғанмын. Былтыр Хасеннен келген саптама етік бар, оны да салыңдар. Өткен айда магазиннен алдырып қойған екі пальто, бір плащ бар...

Жетпесе, тағы да магазиннен аламыз ғой, – деді жиен ағам.

Бір айтарым – Айтбай өлгеніндей жұрттан жылу сұраушы болмаңдар. Сандықта 600 сом ақша бар. Жетпей бара жатса, сиырды саларсыңдар.

Жылуы құрысын, – деді Смағұл апама қарап. – Бірақ енді өзіміз қарап қалмаймыз ғой.

– Сүйегімді өзіміздің ескі қорымға қойыңдар деген сөзім бар еді... – деді әкем ауыр күрсініп. – Оған енді әуре болып қайтесіңдер... Шалғай жер... Елдің жиналуына қиын болар. Осында-ақ қоя беріңдер... [2, 94]. Өмірден өтер алдындағы аманат киелі саналып, ол міндетті түрде орындалған.

Жанның мәңгілік өлмейтіндігі туралы көне сенім дами келе күрделеніп, жан-жақты жетілу нәтижесінде дербес өмір сүруге қабілеті бар мәнге, аруақтар туралы ілімге дейін жетті [3, 276]. Аталар аруағына дейінгі жан әлсіз, әрекеті шектеулі деп ұғынылса, аталар аруағы белсенді әрекет пен күш иеленіп, екі түрлі жағдайда көрсетілді: жақын-жуығын қолдап, қамқорлық көрсетеді я болмаса өштесіп, залал келтіреді. Мұның барлығы тірілердің оған деген қарым-қатынасының сипатына байланысты деп түсіндірілді. Бұл жөнінде Ш.Уәлиханов: «Өлген адамның о дүниедегі хал-ахуалы жерленгендегі, жерленгеннен соңғы ырым-жоралардың салт-санаға тән бұзылмай орындалуына байланысты еді. Егер өлімнен кейінгі ырым-жоралар дұрыс орындалса, өлген адамның рухы жайбарақат күйге түсіп, өз үрім-бұтақтары мен туған-туысқандарына шапағатын тигізіп, жебеп жүреді, ал олай болмаған жағдайда жауығып, аруағы қарғап-сілейді», – дейді [4, 174].

Ең алдымен, салт бойынша өлім халіне жақындаған жасы келген я сырқат адамның алыс-жақын ағайын-туғандарына хабар беріліп, көзі тірісінде арыздасып, қоштасуға мүмкіндік тудыру, оның соңғы тілегін, тірілерге айтар аманатын естіп қалу парыз саналған. Осы сәттен бастап, адамды о дүниеге жөнелтудің дәстүрлі шарттары қатаң сақталып, бұлжытпай орындалуы қадағаланған. Ең алдымен, иман калималары айтқызылып, жанның тәннен шығуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған (аузына су тамызу, жастығын алу, көзін жабу, оқшаулау, т.б.). Өлімге байланысты, адам эмоциясының сыртқа шыққан ең алғашқы формасы дауыс болса, оның сөзбен толығы – жылау өлеңдерін, дами келе жоқтауды туғызған. Жерлеу ғұрпының жүйесінде әрбір рәсім мен деталі белгілі бір наным-сенімге негізделіп, өлім зардабын жеңуге бағытталса, ол көркем әдебиетте кейіпкердің ішкі әлемін ашудың әдісінде көрінеді.

Қайғыдағы дауыс шығару адам қасіретінің ауыр салмағын бірте-бірте серпілтеді. Өлім тұсында қысқа ғана тіл қатысып, қабақпен ғана ұғысу басты міндет саналған. Өйткені «шер мен қайғы үстінде кісі ұзақ сөйлесіп тұруға әлсіз болады. Сондықтан шын қайғы қысқа сөзбен көп мағынаны тізіп, тиімді қып айтады» [4, 78]. Бұрын азалы үйге көңіл айта келген әрбір адам қатты айғайлап, жылап келуі міндетінің мәні: марқұмның тірілердің даусын естиді деген көне түсінікпен байланысты (сүйекті шығарғандағы және көміп келгендегі айғайдың мәні де осымен өзектес). Шығармадағы осы салттық рәсім әрі қарай тереңдетіле көрсетіліп, қайғы тартқан жанның ішкі-сыртқы сипатын суреттеуге жұмсалған.

Халық дәстүрінде жыл бойына азалы үй назардан тыс қалмай, жерлеуге келмегендер келіп, көңіл айтып, жұбатып отырған. Дүниеден озған адамның жасына, жынысына, қоғамдағы орнына байланысты естіртудің, көңіл айтып, жұбатудың мазмұнында өзгешеліктер болады. Көңіл айту, жұбатудың мәні: әркім өзінің сөз шеберлігіне қарай жылы сөйлеп, марқұмға иман тілеп, артындағыларға жақсылық, тіршілік тілеу. Онда тірлікке таяныш боларлық тұжырымдар түйінделіп, қаралы көңілге жұбаныш егерлік мәні бар ойлар ғана айтылады. Яғни: «Ауыр хабар алғашқы рет естілетін жерде құр қайғының бірін айтып, жараның аузын ашып қоймай, қазақтағы бауырмалдық, туысқандық, жан күйерлік жолымен соның емі сияқты жұбату да айтылады» [1, 69]. Сейсен қарттың құрдасының айтқан көңіл жұбату сөзі – шығарманың көркемдік қуатын арттыратын тұс қана емес, адам өліміне байланысты ұзақ-сонар рәсімнің түйінделер тұсы.

Ш.Уәлиханов: «Адам өлгенде аруағына арнап, қырқына дейін қырық күнде, әр күн бір шырақтан қырық шырақ жағады немесе әр күнде он шырақтан төрт күн шырақ жағады» [3, 123], – дейді. Шырақ жағу себебі «өлген кісінің аруағы қырық күнге дейін үйіне келіп, балаларының жай-күйін біліп жүреді дегені. Сондықтан күн батып, қараңғы түскенде, есікті айқара ашып, босағаға ақ киіз төсеп, бір тостаған қымыз қояды, осылайша өлген адамның аруағын күтеді». Бұл – қырқына дейінгі жағдай. Ал қырқынан жылына дейінгі, одан соңғы жасалатын салттық рәсімдер де осы аруаққа табынуға негізделген.

Шығармада марқұмға жасалған жөн-жосық, салт-дәстүрдің қаншалықты қарбалас күрделі іс екендігіне назар аударылған:

Төрт-бес күннен кейін әкемнің жетісін бердік. Тағы да мал сойылып, нан пісіріліп, бүкіл көрші-көлем абыр-сабыр болып жүр. Көрші ауданнан да бата қылып келіп жатқандар да бар. Біз тіпті уайым-қайғыны ұмытып, бүкіл ынта-ықыласымыз жұртты шақыру, тамақты, шайды үлгерту, азаға келгендерді бөлме-бөлмеге орналастыру, тағы да сол сияқты толып жатқан шаруашылықтарға ауып кетті, – дей отырып, жазушы марқұмды аттандырудың ұзақ рәсімдерден тұратын күрделі жүйе екендігін көрсетеді.

Себебі қазақ халқы ғасырлар бойы «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген қағидаға сәйкес, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен жөн-жосықтың кісі қайтыс болғанда сақталуына ерекше мән берілген. Осы түсінік негізінде қалыптасқан жерлеу ғұрпы өзегінде көне түсініктердің сарқыншақтары

сақталғанмен, кейінгі мұсылмандықтың басымдық алуына байланысты бір ізге түсіп, жалпыға ортақ заңдылықтар ретінде қабылданған.

Оқиғаны диалог арқылы өрбітетін жазушы өмір шындығын терең дәл бере де біледі. Және қалам тілі өте қарапайым, шағын жанрда ықшамдап, аз сөзге көп мағына сыйдыруға төселіп қалған суреткер роман өрісі кең бола тұра көлем қумайды, сөзге сақ әрі сараң. Әсте бұл жерде қарапайым тілді қарабайырлықпен ұштастыруға болмайды. Бұл жазушының тілді меңгеруіндегі үлкен жетістігі, өзіндік өзгермейтін қолтаңбасы.

Жалпы, қорыта келгенде, қазақ халқының ұлттық негізі: түп-тамыры, нәр алар бастауы ауылда жатыр десек, бұра тартқанымыз емес. Біздің ұлттық ерекшелігіміз: әдет-ғұрып, салт-дәстүр, менталитетіміз ауылда қалыптасып, сақталған. Қаламгерлердің шығармаларын оқып отырып та, кейіпкерлерінің аузынан шығатын әрбір сөз бен шағын штрихтарды берудегі автордың ұлттық сипатқа ерекше ден қоятыны аңғарылмай қалмайды. Шығармасы талданған автор халықтық тіл мен әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді өте жақсы біледі. Бұл қасиет шығарманың ұлттық бояуының әбден қанығуына, нағыз халықтық сипат алуына барынша септігін тигізетіні айдан анық. Жазушы ауылдағы бүгінгі өзгерістердің мән-сипатын, күнгейі мен көлеңкесін жете тани талдауда ішкі сезіміне сүйенеді. Қаламгер ең бастысы, уақыт тынысын суреттеп отырып, жазушы халықтық рухани қазынаға бой ұрады, ұлттық мінез-болмысты қазақы салт-дәстүрмен сабақтастыра мазмұндайды. Дәстүр, дәстүр мен жаңашылдық мәселесін қоғамдық әлеуметтік, философиялық тұрғыдан қараумен қатар әдебиет пен өнердегі көрінісін тексеру, зерттеу әдебиеттану мен өнертануда ертеден келе жатқан сала.

Әдебиет:

1. Әбдіқұлы Т. Әке. – Алматы: Қайнар, 2005.
2. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. - I том. – Алматы, 1985. – 320б.
3. Пірәлиева Г. Ішкі монолог. – Алматы, 1994. – 226б.

Магнурова Р.

Қазақстан-Ресей медицина университеті

Кәсіби қазақ тілін деңгейлеп оқытудың тиімділігі

Қазақ тілі сабағында деңгейлеп оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі білім берудің қазіргі жағдайында оқытудың жаңа мазмұны мен қалыптарын іздестіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осыған орай әртүрлі педагогикалық технологиялар жасалып, мұғалімдердің тәжірибесіне енгізілуде. Ана тілімізді ұлттық құндылық ретінде дәріптеуде осы пәнді үйретуші әрбір ұстазды оқытудың жаңа үрдістері мен өзекті мәселелері ойландырмай қоймайды. Осыған орай, қазіргі таңда жиі қолданып жүрген технологияларының бірі – Ж.Қараевтың саралап-даралап оқыту технологиясы. Деңгейлеп саралап оқыту педагогикалық технологиясы – нәтижеге бағытталған білім беру құралы. Саралап білім беру қабілеті және мақсаты әртүрлі оқушылардың дамуына жағдай жасайды.

Жоғары мектепте мамандарды кәсіби негізде даярлаудың мазмұнын қайта құрумен байланысты қоғамның қазіргі дамуының өзекті қажеттіліктері Қазақстанда кәсіптік білім беру саласының алдына күрделі міндеттер қойып отыр. Жоғары кәсіптік білім беруді жаңартудың басты құжаттарында ең негізгі мақсат білікті маман даярлау деп көрсетілген. Ол жауапкершілігі мол, өз мамандығы бойынша халықаралық стандарт деңгейінде тиімді іс-әрекетке қабілетті болуы, кәсіби деңгейінің өсуіне ынталы болуы, әлеуметтік және кәсіби бейімділігі жоғары, қазақ тілін еркін меңгерген тұлға болуы тиіс. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болғалы, қазақ тілін жан-жақты үйрету, тілдің барлық байлығын игерген болашақ жастарды тәрбиелеу міндеті қойылып отыр.

Бүгінгі жастарымыздың қазақ тіліне деген ынтасын арттыру, алған білімдерін тәжірибемен ұштастыра білуге үйрету үлкен міндет болып табылады. Бүгінгі студент – ертеңгі маман, қызметкер. Ол өз мамандығы бойынша мемлекеттік тілде сөйлесе алуы, жаза білуі қажет. Сондықтан лексикалық тақырыптарды тіл үйренушінің мамандығына қарай іріктеген ыңғайлы. Студенттің таңдаған мамандығына қарай мәтіндерді, терминдерді беріп, тіл дамыту сабақтары жүргізіледі. Бұл – тіл үйренушінің ынтасын арттырудың ең тиімді жолы. Яғни, әр саланың өкілдері мен мамандық иелерін өздеріне қажетті, жиі қолданыстағы лексикасы арқылы сөйлетуге, жаздыруға болады. Грамматикалық материалдарды да мамандыққа байланысты тақырыптарға бейімдеу керек [1, 38].

Кәсіби қазақ тілін студенттерге халықаралық стандарттарға сай деңгейлеп оқыту жүйесінің мақсаты – қазақ тілінде еркін сөйлей алатын тілдік тұлға қалыптастыру. Деңгейлеп оқыту әдістемесі кәсіби қазақ тілін үйренушінің танымдық қызметін ынталандыратын, өзектендіретін ұстанымдарға

негізделіп, жеңілден күрделіге қарай бағыттталып, қазақ тілін коммуникативтік-прагматикалық дәрежеде меңгерген тілдік тұлға қалыптасыруды көздейді.

Жоғары оқу орындарында оқытылатын кәсіби қазақ тілінің міндеттері белгілі мамандықтар бойынша даярланатын маман кадрларының коммуникативтік және танымдық қажеттіліктерімен анықталады [2, 84]. Жалпы деңгейлеп саралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. Профессор Ж. Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгеруді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Бұл технология бойынша сабақта барлық оқушы тапсырманы I деңгейден бастап орындайды.

I. Репродуктивтік деңгей. I деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. Барлық оқушы бірінші деңгейлік тапсырмаларды орындауға міндетті, ал жоғары деңгейлік тапсырмаларды да орындай алуы қажет. Оқушылар жұмысты бір мезгілде бастап, білім игерудегі өз қабілеттерін анықтайды.

II. Алгоритмдік деңгей. Үйренушілік деңгейдегі білімін толықтыра отырып, оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін екінші деңгей тапсырмаларын орындау кезінде күрделі материалдарды реттеуі және жүйелеуі керек.

III. Ізденіс (эвристикалық) деңгейінде оқушылар тақырып бойынша меңгерген білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын, әртүрлі әдіс-тәсілдермен орындалатын тапсырмалар орындайды. Оқушы өзі ізденіп, материалды саналы түрде меңгеруі керек.

IV. Шығармашылық деңгей. Оқушы өзіндік шығармашылық деңгейін көрсетеді. Шығармалар, шығармашылық тапсырмалар оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Өз бетімен талдау жасау арқылы шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу.

Осылай бір деңгейден келесі деңгейге өту үшін өз білімін, білік пен дағдысын толықтырып отырады. Нәтижесінде жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр оқушының мақсатына айналады.

Деңгейлік тапсырмалар рейтинг, ұпай, балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Келесі тапсырмаларда оқушы неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін ізденіп оқытушыдан, жолдастарынан, қосымша материалдардан білім жинайды.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты болып білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру табылады. Әрбір білім алушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етуі керек. Деңгейлеп оқыту технологиясы деңгейлік тапсырмалар арқылы іске асады. Себебі сабақтың ерекшелігі және оның тиімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі – оқушыларға арналған деңгейлік тапсырмалар орындау. Оларды өздік жұмыстар, үлестірмелі материалдар, тестік және үй тапсырмалары түрінде беруге болады. Әр тарау бойынша дұрыс құрастырылған деңгейлік тапсырмалар сапалы білім негізі бола алады, өйткені ол оқушының білім сапасының дамуын, логикалық ойлауын, дағдысын қамтамасыз етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы студенттің белсенділігіне аса назар аударылады.

Оқу-әдістемелік кешен кәсіби қазақ тілінде сөйлейтін тілдік тұлғаға қойылатын талаптарын тілді меңгерту деңгейлерінің құрылымдары, білім мазмұны, сағат көлемі, сөйлеу іс-әрекеті түрлері бойынша ір деңгейдің дидактикалық талаптарына сай таңдалып, іріктелген тапсырмалар мен коммуникативтік жағдаят талаптарын қамтиды.

Кәсіби қазақ тілін деңгейлеп оқытудың мақсаты:

- студенттердің кәсіби қазақ тілін меңгеруіне қажетті оқу материалдарын іріктеу, таңдау;
- 3 деңгейдегі тіл материалдары арасындағы логикалық байланыстың сақталуы, сабақтастығы.
- Мамандығы бойынша ақпараттық және лексикалық-грамматикалық минимумдарды баяндау;
- Осы арқылы дағды мен ептілікті қалыптастыру;
- Тілдік өрнектерді сараптау;
- Үйренушінің өз мамандығына сәйкес, тілді коммуникативтік қарым-қатынаста қолдана алатындай дәрежеде біліп шығуын қамтамасыз ету;
- Сөйлеу іс-әрекетінің төрт түрінің негізі қамтылатын мәтіндерді беру;
- Елтануға қатысты материалдарды үйренушінің өз қажетіне қарай пайдалану;

- Сөйлеу жағдаятын үйренушінің мамандығына қарай бейімдеу; арнаулы терминологияның берілуін қарастыру;

- Кәсіби тілдік құзіретін қалыптастыру. Яғни, негізгі мақсат, студенттерге қажетті пән тілін меңгерту. Қазіргі уақытта студенттерді мамандығына қарай бейімдеп оқытуға талап та, сұраныс та көбейіп отыр [1, 46].

Студенттерге кәсіби қазақ тілін меңгеруде қойылатын қорытынды талаптар – студенттердің коммуникативтік, кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру. Коммуникативтік құзіреттілік – білім алушылардың қазақ тілінде еркін сөйлесіп, түрлі жағдаяттарда қарым-қатынас орнатып, қолдай алу мүмкіндігі. Бұл тілдік, әлеуметтік лингвистикалық, дискурстық, мәдени-лингвистикалық, кәсіби білік-дағдылардың жиынтығы. Лингвистикалық құзіреттілік мазмұнына коммуникативтік, кәсіптік қарым-қатынаста тіл жүйесінің дыбыстау, лексикалық-фразеологиялық, грамматикалық ерекшеліктерін білуі, қолдана алуы жатады. Дискурстық құзіреттілік – білім алушылардың белгілі бір әлеуметтік (тұрмыстық, бейресми) қарым-қатынасты белгілі бір коммуникантпен оның ниетіне сай орнатып, жалғастыра алу. Мәдени-лингвистикалық құзіреттілік – тіл үйренушілердің қарым-қатынасты қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, белгілі бір жағдаятта тиімді құруы. Кәсіби құзіреттілік сабақ үдерісінде түрлі кәсіби-әлеуметтік білік дағдылардың жиынтығын іске асыру арқылы қалыптастырылады, яғни, оқу үдерісіндегі жағдаяттық тапсырма үлгілері ақиқат қарым-қатынас үлгісіне мейлінше ұқсас, жақын болуы шарт.

Қорыта айтар болсақ, сабақты деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытудың тиімділігі: Сабақтың мазмұны мен сапасы артады. Студент өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланып, шеберлігі шыңдалады; Жауапкершілігі артады, шығармашылығы қалыптасады; жүйелі оқыту принциптері арқылы студент өзін-өзі дамытып, өзін-өзі бағалап, білім деңгейін өсіреді; студент өз қызметіне талдау жасайды, қорытынды шығарады, жаңалыққа ұмтылады. Деңгейлік тапсырмаларды пайдалану оқу процесін ізгілендіру және демократияландыруды қамтамасыз ете отырып, білім алушылардың ойлау, сөйлеу қабілетін көтеруге көмегін тигізеді.

Әдебиет:

1. Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. – Алматы: Мектеп, 2000. – 514 б.
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. – Алматы: Атамұра, 2001. – 130 б.

Шамшен Н.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының магистранты

Қазақ тіліндегі фитонимдердің лексика-семантикалық жіктемесі

Жер бетіндегі тіршілік атаулының маңызды бір факторы болып табылатын фитонимдер – тақырыптық, семантикалық және семиотикалық тұрғыдан көп аспектілі мәселе. Ол ойлау мен танымның, сананың образды, эмоционалды-экспрессивті ерекшеліктеріне ие, сондықтан фитонимдік лексика тілдік құбылыстардың ішіндегі номинациялық және семиотикалық модельдер барынша қалыптасқан тілдік бірліктер. Фитоним – адамзат өміріне қажетті ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан, күнделікті тіршілікке пайдаланылатын табиғаттағы органикалық құбылыстардың атауы.

Қазақ тіліндегі фитонимдерді жинауға арналған алғашқы еңбектерде өсімдіктердің орысша, латынша атауларынан кейін, жақша ішіне кейде біразының қазақша атаулары да келтірілген. Мәселен, Н.В. Павловтың еңбектерінде 300-ден аса қазақша атаулар беріледі [1]. Қазақ тіліндегі фитонимдер әртүрлі сөздіктерде де беріледі. Мысалы, С. Арзымбетовтың сөздігінде 668 фитоним қамтылған. Оның 559-ы – өсімдік тұқымдасының, 109-ы олардың түрлерінің атаулары [2]. С. Арыстанғалиевтің анықтама сөздігінде Қазақстан жерінде табиғи түрде өсетін гүлді өсімдіктердің 1022 тұқымдасы мен 5647 түрінің қазақ тіліндегі халықтық жүйеге түсірілген ғылыми атаулары келтірілген. Бұл сөздіктің ерекшелігі – қазақ фитонимдерімен қатар олардың орысша, латынша атауларының да берілгендігі [3].

Өсімдік атауларын жинастырушылардың тағы бір тобы – жергілікті сөз ерекшеліктерін зерттеуші қазақ диалектологтары. Мысалы, О. Нақысбеков 120-ға жуық өсімдік атауын келтіреді [4]. Профессор Б. Қалиевтің келтірген дерегі бойынша, 1861 жылы шыққан Н.И. Ильминскийдің сөздігінде небәрі 91 өсімдік атауы кездессе, одан кейінгі жарық көрген Л. Будаговтың сөздігінде – 113, В.В. Радловтың сөздігінде – 125 өсімдік атауы бар [5]. М. Бимағамбетов фитонимдерді ең алдымен: 1) екі түбірден біріккен шөп атаулары; 2) қосымшалы (жұрнақты) шөп атаулары, 3) жалаң түбірден тұратын атаулар деп үшке бөледі де, екі түбірден біріккен шөп атауларын: а) екі зат есімнің бірігуінен жасалған (*балыққоз, қоянсүйек, текесақал*) және ә) сын есімдер мен зат есімдердің бірігуінен жасалған

(*ақтікен, қарабарақ, қоңырбас*) шөп атаулары деп екіге бөліп қарастырады [6].

Өсімдік атауларына құнды зерттеулерін арнаған профессор Б.Қалиев мақалаларында өсімдік атауларын жинастыру мәселесінен бастап, оларды морфологиялық құрылымы жағынан әртүрлі топтарға бөлу (түбір тұлғалы өсімдік атаулары, туынды тұлғалы өсімдік атаулары, біріккен тұлғалы өсімдік атаулары және т.б.), әрқайсысына лексика-грамматикалық сипаттама беру, өсімдік атауларының ішіндегі әдеби, ғылыми, халықтық, жергілікті, диалектілік сыңарлары (дублеттері) мен фонетикалық варианттарының басын ашып, олардың ара жігін айқындау және өсімдік атауларының түсіндірме сөздікте берілуі, оларға анықтама беру жолдары, өсімдік атауларының орфографиялық сөздіктегі жазылуы деген сияқты мәселелерге тоқталған [7].

Сонымен қатар фитонимдерді қазақ тіл білімінің түрлі салаларында зерттеген бірқатар диссертациялар бар. Мәселен, Г.Ұйықбаева ономасиология мен мотивация «уәждеме» теориясының жалпы жақтарын; өсімдіктердің халықтық және ғылыми атауларының айырмашылықтарын; өсімдіктердің халықтық атауларының мотивациялануын; қазақ, орыс, латын тілдеріндегі өсімдік атауларының мотивациялану жүйесіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды қарастырады [8].

Зерттеуші Ш.Сейітова өсімдік атауларына байланысты тұрақты тіркестердің тілдік табиғатын зерттеу негізінде олардың ұлттық болмыс-мазмұнын анықтауға тырысады [9]. Ш.Күркебаев өсімдіктер мүшелерінің атауларына қатысты терминдерді түгелдей жиып, оларды терминология тұрғысынан қарастырып, олардың жасалу жолдарын, дамуын және қалыптасуы мен қолданылуын көрсетіп, әдеби тіліміздегі алатын орнын айқындайды [10]. Зерттеуші М.Күштаева қазақ тіліндегі «тары» және оған қатысты атаулар мен терминдерді, лексика-фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер мен қанатты сөздерді жігі зерттейді [11]. Қазақ және неміс тілдеріндегі фитонимдерді салғастырмалы тұрғыда зерттеген Г.Омарбекова олардың құрамдық, сөзжасамдық, ономасиологиялық және танымдық сипаттарын аша отырып, фитонимдерге түрткі болған уәждік белгілердің «дүниенің тілдік бейнесін» жасаған аталымдық рөлін анықтауға тырысады [12].

Біз бұл мақаламызда қазақ тіліндегі 1000-ға жуық фитонимді лексика-семантикалық тұрғыдан жіктеуді мақсат етіп, дерекқорымыздағы фитонимдерді төмендегідей бірнеше тақырыпқа (Ө.Қайдардың жіктемесі бойынша) жинақтап беріп отырмыз. Олар: 1) ағаштар; 2) бұталар; 3) шөптер мен шөптесіндер; 4) қурайлар; 5) гүл-шешектер; 6) дәнді дақылдар; 7) техникалық дақылдар; 8) бау-бақша, көгөніс; 9) жеміс-жидектер, саңырауқұлақтар.

1) Ағаштар: *абрикос, ақтал ақтерек, алқоры, алиша, анар, арша, асай-мұса, әулиеағаш // керімағаш, бадам, бадамша, бақа терек, балашық, балқарағай, барқыт ағашы, бәйтерек, бозарша, дарақ, даршын, долантопыш, долана, ерен, емен, жаңғақ, жігірдек, жиде, жөке, зәйтүн ағашы, кегей терек, көк терек, күжім ағаш, қайың, қандыағаш, қара арша, қарағай, қарағаш, қара тал қара терек, қызыл қайың, тал темір ағаш, терек, тораңғы, тұя, тұт // тұт ағашы, тығын ағашы, үйеңкі, шаған, шамшат, шаттауық, шегірішін, шетен, шеттік, шынар, шырғанақ, шырша.*

2) Бұталар: *ақтікен, ақшатай, ақ шілік, аю бадам, балауыз ағаш // балауыз шырмауық, балғын, баялыш, бетіқышық, бозқараған, бөрі жөке, бөрікөз, бөріқарақат, бүрген // бүрлен, біршабар, дүзген, ешкісабақ, жам отын, жүзген // жүзгін, жыңғыл, зерек, итмұрын, көкбұта, қандым, қарабарақ, қарабарқын, қараған, қара зерек, қарамала, қара сексеуіл, қара ырғай, қызылбұта, қызыл зерек, сарағаш, тасжарған, ұиқат, шаттауық, шәңгіш, шеңгел, шеркез, шеттік, шілік, ырғай.*

3) Шөптер мен шөптесіндер: *адыраспан, ажырық // әжірек, айбалдырған, айғыр жуа, айдаршөп, айқайың, айлауық, ақбақай, ақбас // ақбасшөп, ақбас беде, ақбас жоңышқа, ақ жапырақ, ақжүрек, ақ изен, ақмаммық, ақ мия, ақ от, ақселеу, ақ соран, ақсырттан, ақтаспа, ақтық, ақтікен, ақшатау, ақшоқан // шатыршалы теңгебас, ақшуақ, ақшұнақ, алабота, аласын шөп, алғы, алғый, алқа, алтығана, алышын, андыз, арала, арам сояу, арам таран // түкті таран, аран, арқароты, арпабас, арпабоз, арпаған, арпашөп, арықжалбыз, атқонақ, атқұлақ, атиоқай, атиоңқай, ашуатишөп, аюбалдырған, аюжүн, аюқұлақ, аютабан, айбатмия, әректікен, әсия, бабажапырақ, бағырлай, бадиян, бақаоты, бақбақ, балдыр, балдырған, балжапырақ // балатыжапырақ, балжуран, балқаңбақ, балқаш, балшықшөп, балықкөз, балықоты, балтанақ, балшөп, балшырыш, барқын, барқыт жапырақ, барқыт шөп, барсазан, батпақ аққанаты, баттауық, бауырмүк, бәрні, беде, бедебас, бессаусақ, бетеге, бидайық, биебау, биеемшек, бозбұға, бозғыл, боз жусан, боз изен, бозкілем, боз от, бозтікен, бозшөп, бозінген, бойдана, бойқалақай, борсылдақ, борық, ботташық, бошақай, боян, бояулы ойран, бояушөп, бөдене шөп, бөлтірік, бөрте жусан, бөріжөке, бұзар-түзер, бұзаубас, бұйражапырақ, бұйырғы, бұлдырықшөп, бұтақты бидайық, бүйрекшай, бұлдіргі, бүрметікен, гүлкекіре, делбешөп, дермене, дермене жусан, домалатпа, доңызоты, доңызөлең, доңызсырт, дүңгіршек, ебелек, егінек, екпе жоңышқа, екпе шөп, елекшөп, ем шырмауық, еңлік // еңлікгүл, еркек // еркекшөп, ермен, ермене, есекмия, ешкімия, жалбыз, жалбызтікен, жалмаңқұлақ, жанжабіл, жантақ, жапақ, жапырақтеңге, жарықдәрі, жасаң // жасаңшөп, жасыл от, жаужапырақ, жаужұмыр, жауқияқ, жаушалғын, жауылыша, жауыныша, жебежапырақ, жебілген, жекен, жеміл, жерсабын, жерсағыз, жолжелкен, жебір // жебірішөп, желайдар, желбас, желбас*

жусан, желбірмас, желкек, жержаңғақ, жалманқұлақ, жоңышқа, жуа, жусан, жұлдызшөп, жұмыршақ, жұпар // жұпарбас, жұңқаш, жүлкеуір, жыланбас, жыланбасты жалбыз, жыланқияқ, жылантамыр, жылаңқышөп, жылбурын, жындышөп, жыңғыл, зағыпыран, зере // зире, зерен, зерендік, изен, илан, иманжапырақ // бақажапырақ, ит желек, ит жуа, иткөсік, итқұлақ, итқонақ, итошаған, итсигек, иттабан, иттеген, иттікен, итшомырт, итшу, иір // иіртамыр, кәреней, кәріқыз, кәулен, кекек, кекіре, кекіребас, келімдәрі, келінішекбоз, кемпіршаи, кендір, кенен, кереңқұлақ, кермек, кермексабын, кермексап, кестежусан, кеуел // кеңіл, кеурек, киізкіік, киікжүн, киікоты, киікшөп // киікоты, көбенқұйрық, көде, көкбас, көкбас беде, көкбасшөп, көкбиік, көкемарал көкекоты т.б.

4) Қурайлар: айрауыққурай // кендір, аюқурай, балқурай, ешкісасыр, қалуен, қурай, уқурай, шайқурай.

5) Гүл-шешектер: айылықияқ // құртқашаи // құртқагүл, ақгүл, ақжұпар, аққурай, ақтамақ, ақшешек, баршынгүл, бозғалдақ, ботакөз, бөртегүл // мамыргүл, гүл, гүл-бәйшешек, еңлік // еңлікгүл, ерінгүл, жалынгүл, жанаргүл // гүлзардақ, жарықгүл, жауқазын, жаушүмілдік, жаушымылдық, жапыран, зәмбілгүл, көкғалдақ, көкшегүл, қалампыр, қалтагүл, қарғалдақ // бәйшешек // қожашөп, қожажай, қозыгүл // бәйшешек//наурызшешек // наурызек // сиягүл, қой қызғалдақ, қызғалдақ, қырмызыгүл, мамыргүл, меруертгүл // інжугүл, намазшамгүл, нәркес, өмірзая, райхан, раушан, сарғалдақ, сепсегүл, талгүл, таугүл, тұңғиық, түймедақ, шегіргүл, шұғынық, ымыртгүл.

6) Дәнді дақылдар: айғабақ // айқабак // күнбағар // күнбағыс // пісте // шекілдеуік // шемішке, ақбауыр тары, ақ бикеш, аққобан, ақтоқалатбұршақ // атбасбұршақ, алабүйрек тары, алағарын тары, арпа, арыс // қарабидай, асбұршақ, албидім, бадана, байдербіс, бақал // бақалақ, балбидай, балжүгері, бидай, боз жүгері, боз тұмсық, борми // норми, бұршақ, бойдақ бидай, бой жүгері, бөрібұршақ, дүмбе, ешкі бұршақ, жаздық арпа, жасымық, жауша, жүгері, көкзеңгір, көкнайза, көмбеқонақ, күздік бидай, күріш, қарабидай, қарақұмық, қобан бидай, қодыраң // қодырең, қонақтары, қоянаяқ, құмық // қарақұмық, қызыл тұмсық, маи, мақсары, мәйекті тары, меке жүгері, мекей жүгері, мекеті, нарқызыл, ноғаштық, ноқат, нұт // ноқат, поштабай тары, сүт бидай, тары, тектек, төл тары, түйе бұршақ, тікен жүгері, ұшық тары, шарлы бидай, шаржау тары, ши сабақ тары.

7) Техникалық дақылдар: атын // көкнар, арыш, дүбек, зығыр, көкнәр, күнжіт, қызылша, қылша // қызылша // ләблеме, қыша, мақсары, соя, темекі.

8) Бау-бақша, көгөніс: айуан кеді, айуан қарбыз, ақжелек, ақжеліек, аққұрық, ақнауат, ақұрық, аскеді, аскөк//әшкөк, әбінауат // ақнауат, әміре, әмір қауын, әңгелек, балдыркөк, басыпалды, бәдірен // қияр, бәйендек, бәреңгі // картоп, болболды, ботташық, бұрыш, гүрбік, данияр, діңке, жамбылша // жәмбілше, жәмше, жегелек, жералмұрты // жернәк, жуа, иттүйнек, картоп, кәді // кеді // асқабак // кеткеді // кәуе, кәмек, кемпір қауын, көкдөнен, көксерке, көктүйнек // кәмек, көкше, көк шыртылдақ, күләбі, күләсән, қабақ, қазаққа қара қауын, қам қауын // көктүйнек, қара бұрыш, қарамойнақ, қарбыз // дарбыз, қауын, қойшы қауын, қызғанақ, қызыл бұрыш, қызылұрық, қырыққабат, қыш қауын, май қауын, манты кәуе, мәлек, нас қабақ, ожау қабақ, өзбек қауын, палау кәді, патсайы // күләсан, тияз, су қабақ, сәбіз, тарна, тас кәді // тасқабақ, торлама, тұрма // тұрна // тұрып// шомыр, шалам, шалқан, шаржоу қауын, шекерпара қауын, шөмішқабақ, шыртылдақ.

9) Жеміс-жидектер, саңырауқұлақтар: ақсұлтан, алма, алмұрт, алхоры, алыша, анар, баяншырын, беже // беһе, бөріқарақат, бүлдірген, жауызақ, жүзім, зірік // бөріқарақат // сарағаш, итбүлдірген, итжидек, кереңқұлақ, көксұлтан, көмбелек, қайыңқұлақ, қан шие, қара бүлдірген, қара қарақат, қарақат, қара өрік, қарлыған, қасқыржидек, қожақат, қозықұйрық, қойбүлдірген, қойқарақат, қызыл қарақат, мейіз, нәк // алмұрт, орман бүлдіргені, өрік, саңырауқұлақ, сарымсақ, сиырбүлдірген, таңқурай, тас бүлдірген // қойбүлдірген, түйе бүлдірген, тұшала // тошала // қарлыған, шабдал // шабдалы, шие, шиесабақ, інжір.

Қазақ тіліндегі фитонимдердің лексика-семантикалық жіктемесін жасау барысында мынадай тұжырымдар жасаймыз:

- қазақ тіліндегі фитонимдер ағаштар, бұталар, шөптер мен шөптесіндер, қурайлар, гүл-шешектер, дәнді дақылдар, техникалық дақылдар, бау-бақша, көгөніс, жеміс-жидектер, саңырауқұлақтар сияқты тақырыптық топтарға бөлінді;

- қазақ тіліндегі фитонимдерді әртүрлі сипаттарына қарай әрі қарай жіктеуге болады, мысалы, ағаштарды іштей жабайы, қолдан өсірілген; жеміс-жидекті, жеміссіз, өсімдіктерді адамның тамағына, малдың жеміне жарамды, жарамсыз, яғни, ащы (улы) және тұщы, жай және ишталы (емдік) қасиеті бар шөптер және т.б. деп бөлуге болады;

- қазақ тіліндегі фитонимдер негізінен төл атаулар болып табылады және олар қазақтың ғасырлар бойғы дүниетанымына, дәстүрлі шаруашылығына, салт-санасына, әдет-ғұрпына байланысты қалыптасқан;

- қазақ тіліндегі фитонимдер бір сөзден, бірнеше сөздің бірігуінен немесе кірігуінен, екі немесе одан да көп сөз тіркестерінен құралып, бір атауды білдіреді;

- қазақ тіліндегі кейбір фитонимдер бірнеше нұсқада болып келеді:

а) әдеби тілде қолданылатын лексикалық нұсқалар: *мыңтамыр // иманжатырақ // шайыр, ақшоқан // шатыршалы теңгебас, көкекоты // жсауынгүл, тәуіндәрі // иманжатырақ, айрауыққурай // кендір, бөртегүл // мамыргүл, жанаргүл // гүлзардақ, меруертгүл // інжугүл, арыс // қарабидай, апиын // көкнар, нұт // ноқат, құмық // қарақұмықжәне т.б.;*

ә) фонетикалық нұсқалар: *бүрген // бүрлен, ажырық // әжірек, зере // зире, сарсазан // сарысазан, шалты // шампы, борми // порми, қодыраң // қодырең, қарбыз // дарбыз, беже // беһе, шабдал // шабдалы, қазтаңдай // қазтаңлай, сіргеқара // сіркеқара, аскөк // әшкөк, әбінауат // ақнауат, жамбылша // жәмбілше, саркүйік // сарыкүйікжәне т.б.;*

б) әдеби және аймақтық нұсқалар: *әулиеағаш // керімағаш, шыбынқуғыш // қалақай, қылиа // қызылиа // ләблеме, нәк // алмұрт, шағыртікен // ошаған, бәдірен // қияр, бәреңгі // картоп, жералмұрты // жернәк, патсайы // күләсан, жүзген // жүзгін // түзгінжәне т.б.;*

в) *ағаш, шөп, гүл, бас, тамыр, жусан және т.б.* сөздердің қосылып қолданылған нұсқалар: *тұт // тұт ағашы, ақбас // ақбасшөп, еңлік // еңлікгүл, еркек // еркекшөп, жасаң // жасаңшөп, жебір // жебіршөп, жұпар // жұпарбас, иір // иіртамыр, көтібос // көтібосшөп, майқара // майқара жусан, өлең // өлеңшөп, тарғақ // тарғақшөп және т.б.;*

г) құрамындағы сыңарлар ұқсас нұсқалар: *балауыз ағаш // балауыз шырмауық, арам таран // түкті таран, балжатырақ // балатыжатырақ, киікшөп // киікоты, тауықбас // ақбас, атбұршақ // атбасбұршақ, тас кәді // тасқабас, тас бүлдірген // қойбүлдірген, иманжатырақ // бақажатырақ және т.б.;*

д) аралас нұсқалар: *зірік // бөріқарақат // сарағаш, айылқияқ // құртқашаш // құртқасүл, тұрма // тұрна // тұрып // шомыр, айғабақ // айқабас // күнбағар // күнбағыс // пісте // шекілдеуік // шемішке, қарғалдақ // бәйшешек // қожашөп, қозыгүл // бәйшешек // наурызшешек // наурызек // сиягүл, кәді // кәді // асқабас // кеткәді // кәуе, көктүінек // кәмек // қам қауын тұшала // тошала // қарлығын, майкене // үпілмәлік // кенедәнжәне т.б.*

Әдебиет:

1. Павлов Н.В. Флора Центрального Казахстана. - Кызыл-Орда, 1927. - Ч. 1.
2. Арзымбетов С. Орысша-қазақша ауылшаруашылық сөздігі. – Алматы, 1955.
3. Арыстанғалиев С. Қазақстан өсімдіктерінің қазақша-орысша-латынша атаулар сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2002. – 288 б.
4. Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы сөздері. – Алматы, 1972.
5. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы: Ғылым, 1988. – 159 б.
6. Бимағамбетов М. Некоторые вопросы названий трав в казахском языке // Ученые записки. Кызыл-Ординский педагогический институт им. Н.В.Гоголя. - Серия гуманитарных наук. - Т 4. - Кызыл-Орда, 1958. - С. 155-171.
7. Қалиев Б. Өсімдіктердің бес түрлі белгісі // Қазақстан пионері. – 1971, 5 июнь; Қалиев Б. Сіз өсімдік атауларын жақсы білесіз бе? // Оңтүстік Қазақстан. – 1972, 6 октябрь.
8. Уюкбаева Г. Народные наименования растений. Рукопись диссертации. - Алма-Ата, 1982.
9. Сейітова Ш. Өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамасы: филол.ғ.к. ... дис. – Алматы, 1999. - 168 б.
10. Күркебаев Ш. Өсімдік мүшелері мен олардың құрылым-құрылысына қатысты терминдер: филол.ғ.к. ... дис.– Алматы, 1994. – 146 б.
11. Күштаева М.Т. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны: филол.ғыл.канд. ... дис.– Алматы, 2002. – 192 б.
12. Омарбекова Г.Ә. Неміс және қазақ тілдерінде фитонимдерді құрылымдық, ономазиологиялық зерттеу: филол.ғ.к. ... дис. – Алматы, 2004. – 200 б.

Молдашева А.

*Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік университеті*

Латын әліпбиі мен қазақ тілінің оқу-құралдарындағы әліпби

Қазақ тілінің оқулықтары мен оқу-құралдарын, анықтағыштары мен сөздіктерін ақтарып қарағанда кірме таңбалардың жазылым реті бірден көзге түседі. Оқулықтар мен оқу-құралдары қазақ әліпбиінің түзілуін 42 таңбаға жеткізіп отырса, анықтағыштар мен сөздіктер сол 42 таңбаның сөз құрамындағы жазылым ретін міндеттеп беріп отырады. Соның нәтижесінде таңба мен оның дыбыс мәні бір-біріне сәйкес келмей жатады. Кірме таңбалардың жазылымын реттеп отыратын икемсіз емле-ережелер қаптап жатыр. Әзірге оларды жөнге салудың амалын қарастырып жатқан не оқу-

әдістемелік орталықтар, не құзырлы басшы мекемелер жоқ. Сондықтан да білім беру, сауат ашу құралдары сол 42 таңбаны сапырыстырумен келеді.

Мәселені мысалдан бастайық. Кез келген қазақ сөздігін алсаңыз, өзінің орнын таппай «адасып» жүрген сөздердің саны мол. Ондай сөздер кей жағдайда санаулы ғана болса (*аби* – 4 сөз, *ақи* – 20 сөз, *аю* – 16 сөз т.б.), енді бір жағдайда ондап-жүздеп кетеді (*ая* – 146 сөз, *би* – 134 сөз, *бу* – 151 сөз, *су* – 145 сөз, *и* – 239 сөз т.б.). Бұл тек бас буынға байланысты мысалдар, ішкі буынға тән кездесетін мысалдардың шегі жоқ. Тіптен басы бірікпейтін *бұ(y)-бү(y)*, *бы(й)-бі(й)* буындарының іргелес тұрғанын қайтерсіз [1]. Мәселе олардың санында да тұрған жоқ. Мәселе қазақ сөзінің тізілім ретінің бұзылғанында және оны қолдан бұзып отырғанымызда болып отыр.

Қазіргі кезде ғылыми-теориялық және әдістемелік (практикалық) тұрғыдан қазақ тілі оқулықтары мен оқу-құралдарындағы қазақ тілі дыбыстарының жайы жиі пікір-талас тудырып келеді. Өйткені ғылыми тұрғыдан анықталған қазақ тілінің дыбыс құрамы мен қазіргі мектептерге арналған оқу бағдарламаларының арасында едәуір алшақтық бар. Оқу бағдарламасы және сол бағдарламаға лайық құрастырылған мектеп оқулықтары (мысалы, мектептегі бастау оқулық болып табылатын «Әліппе») қазақ әліпбиін 42 таңбадан тұрады деп көрсетеді. Оқу/әдістеме жұмыстары да осы құрамға негізделіп жүргізіледі. Соған қарап «қазақ тілінде 42 дыбыс бар» деген пікір тек оқушылардың ғана ұғымында емес, ересектердің санасында әбден қалыптасып алды. Оған «қазақ тілінде қанша дыбыс бар?» деп сұрай қалсаңыз, алатын жауабыңыз біреу-ақ [2].

Қазіргі қазақ жазуының емле/ережесі бойынша қазақ әліпбиіндегі бір топ әріптер екіұшты, яғни, екі түрлі оқылады. Мысалы, *и, у, я, ю* әріптері қазақ сөздерінің құрамында бір түрлі, ал орыс сөздерінің құрамында екінші түрлі оқылуға тиіс. Соған қарамай, «Әліппе» оқулығында сол әріптердің айтылу үлгісінің бір-ақ түрі, яғни, орыс тіліндегі үлгісі үйретіледі. Өйткені олар қазақ тілінің дауысты дыбыстарының құрамында жүр, сондықтан да олар бір дауысты дыбыс ретінде танылады.

Жоғарғы оқу орындарының болашақ қазақ тілінің мұғалімдерін дайындайтын филология факультеттеріне арналған оқу бағдарламалары мен оқулықтарының жайы да дәл осындай. Сондықтан болар жоғары оқу орнын бітіріп, мектепке баратын болашақ қазақ тілінің мамандарының өзі дауысты дыбыс пен дауысты әріптің арасын (дыбыс мәнін) ажырата алмай шығады. Мысалы, қазақ тілінің оқулықтары мен оқу-құралдарында «*и*– дауысты дыбыс» деген ереже әбден қалыптасып қалған, сөздіктерінде арнайы реестр тобы берілген.

Қазақ тілінің теориялық фонетикасы мен практикалық фонетикасының арасындағы қайшылықтардың салдары қазақ сөзінің төл айтылымына (орфоэпиясына) тікелей зиянын тигізіп жатқанын зерттеушілер соңғы кезде жиі мәселе етіп көтеріп жүр: «...мектептен бастап «мынау –*и*» деп орыс тіліндегідей жіңішке айтқызып үйретіп, сонан соң жартыкеш емлеге сүйеніп, қазақ сөзін *ми* деп жазып қоямыз. Сөйтіп, қазақтың *йй, ій* деген дыбыс тіркесін орыстың *и* деген дауысты таңбасына байлап беріп, *ми* деп жазып, кейінгі ұрпақты *мый* деп айтқыза алмай әлек болып келеміз. Осыдан кейін баланың қазақтың *мый* деген сөзін *ми* деп жіңішке айтпасқа амалы жоқ» [3]. Ал сауат ашу «Әліппеден» басталатынын ескерсек, «Әліппе» құрамындағы дыбыстардың жазылым және айтылым ережелеріне өте мұқият болу керек болады.

Балабақша және бастауыш сынып оқушылары үшін әртүрлі суретті оқу құралдары (кітапшалар, плакаттар, кестелер т.б.) шығып жатыр. Олардың мазмұн желісі қазіргі қазақ әліпбиінің тізілім реті бойынша құрылады. Сондықтан да әр таңбаға (әріпке) берілетін сөздер мен мысалдар әліпби ретін сақтайды: *а* әрпінен басталып, *я* әрпімен аяқталып жатады. Бұл, әрине, жалпы сауат ашу саласындағы қабылданған дәстүрлі амал болып табылады. Әрбір таңбаға берілетін мысалдардың да ауқымы белгілі. Мысалы, *а* таңбасына *алма, ай* немесе *ата* тәрізді сөздер алынып отырады. Әрине оқу-әдістемелік тұрғыдан бұл әдістің пайдалы екеніне күман жоқ. Қажетті дыбыстың айтылым және естілім моделін оқушы санасына сіңірудің төте жолдарының бірі – осы. Алайда, осындай оқу құралдары оқу бағдарламасына лайық қазіргі 42 таңбаны түгел қамтитын болғандықтан, қазақ тілінің төл дыбыстарының орны ауысып кетіп жатыр. Өйткені қазіргі емле тәртібі бойынша қазақ сөзінің құрамында бөгде әріптер кездесіп отырады. Сол бөгде әріптердің әсерінен қазақ сөзі де өз орнынан ауысып кетеді. Сөйтіп өзіне тән емес басқа бір таңбаның қарамағына еніп кетеді.

Орны ауысып жүрген қазақ сөздері мол [1].

1) Қазақ сөзінің әдеби айтылым үлгісі сақталатын болса, онда *ит, ине* т.б. сөздер *и* таңбасына емес, *і* таңбасына қатысты берілу керек. Өйткені *ит, ине* сөздерінің төл айтылымы *йит, йине* болып табылады. Ендеше *і* таңбасының айтылымына мысал ретінде берілетін сөздер *и* таңбасының айтылымына лайық мысал ретінде амалсыз беріліп отыр. Өйткені сөз *и* таңбасынан басталып тұр.

2) Қазақ сөзінің айтылым үлгісі сақталатын болса, онда *уық, уақыт, уыс* т.б. сөздер *у* таңбасына емес, *ұ* таңбасына қатысты берілу керек. Өйткені *уық, уақыт, уыс* сөздерінің төл айтылымы *ұуық, ұуақыт, ұуыс* болып табылады. Ендеше *ұ* таңбасының айтылымына мысал ретінде берілетін сөздер *у* таңбасының айтылымына лайық мысал ретінде тағы да амалсыз беріліп отыр. Өйткені сөз *у* таңбасынан басталып тұр.

Қазақ әліпбиінің құрамында *я, ю* таңбалары да жүр. Сөз басында кездеспегенімен, әліпби желісіндегі сөздердің орнын олар да ауыстырып жіберуге тікелей себеп болады.

1) Көрнекі құралдардағы *я* таңбасына берілген *сия, ұя* т.б. сөздердің қазақы айтылым үлгісін ескеретін болсақ, онда ол сөздер *а* немесе *й* таңбаларының мысалы ретінде берілуі керек. Өйткені *сия, ұя* сөздерінің қазақша айтылымы *сыйа, ұйа* болып табылады. Ендеше *й* немесе *а* таңбасының айтылымына мысал ретінде берілетін сөздер *я* таңбасының айтылымына лайық мысал ретінде тағы да амалсыз беріліп отыр. Өйткені сөздің құрамында *я* таңбасы тұр.

2) Көрнекі құралдардағы *ю* таңбасына берілген *аю, ою* т.б. сөздердің қазақы айтылым үлгісін ескеретін болсақ, онда ол сөздер *ұ, у* немесе *й* таңбаларының мысалы ретінде берілуі керек. Өйткені *аю, ою* сөздерінің қазақша айтылымы *айуу, ойуу* болып табылады. Ендеше *й, ұ* немесе *у* таңбасының айтылымына мысал ретінде берілетін сөздер *ю* таңбасының айтылымына лайық мысал ретінде тағы да амалсыз беріліп отыр. Өйткені сөздің құрамында *ю* таңбасы тұр.

Оның үстіне қазақ тілі әріптерінің атауы орыс үлгісімен *эм, эн, эс* т.б. болып жүр, балаларды осыған дағдыландырудамыз. Бала тілін бұзудың басы осы екенін әзір аңғармай келеміз. Тіптен «й» таңбасын «й қысқа» деп жаттықтырып жатқан оқу-құралын да кездестіруге болады. Қазақ тілінде созылыңқы/қысқа дыбыстар жоқ екені әзірге қаперімізге ілінбей келеді.

Мұндай қазақ тілінің айтылым емле-ережесіне кереғар келетін әліпби желісі сауат ашуды жаңа бастаған баланың тілін бұзары сөзсіз. Өйткені бір таңбамен берілген дыбыс тіркестерін бір дыбыс деп қабылдау қаупі бар. Сондықтан да көрнекі оқу құралдырың құрастырғанда қазақ сөзінің айтылым үлгілерін қатаң ескеріп отырған дұрыс.

Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциясын дұрыс айтып жаттықтыру, сөзді буынға бөлу, тасымал жасау үстінде туындайтын қиыншылықтармен қатар, мектепке арналған қазақ грамматикаларында дыбыстардың артикуляциялық сипаттамасын бергенде де үлкен үйлесімсіздікке ұрынып жатамыз.

Егер бұл таңбалар орыс сөздерінің құрамында келтірілсе, онда сөз жоқ. Ал қазақ сөздерінің құрамында олардың бір дауысты ретінде оқытылып, балаларға бір дауысты ретінде айтқызып жаттықтырудың, бір дауысты әріп ретінде жазғызып дағдыландырудың жөні жоқ екендігін әзірге оқулық авторлары, әсіресе бағдарлама авторлары, ескермей келеді. Әрине бұл бағытта ешнәрсе істелмей жатыр деуге болмайды. Академиялық еңбектерде [4] қазақ тілінің төл дыбыс құрамы ақиқат анықталып, артикуляциялық сипаттамалары мен жіктелім кестелері берілген

Ендеше, теориялық фонетика мамандары, теориялық әдістеме мамандары жоғары оқу орындарының оқытушылары және практик мұғалімдер болып бас қосып шешетін күрделі мәселе – мектеп оқулықтарындағы қазақ тілінің дыбыс құрамын оңтайлау, яғни, әрбір әріпке қатысты дыбыстың айтылым анықтамасын дұрыс беріп, бала тілін дұрыс қалыптастыру. Оқу-әдістеме саласының мұндай маңызды шарасы «Әліппеден» басталу керек. Олай болмаған жағдайда қазақ сөзінің айтылым үлгісінде көп ұзамай-ақ үлкен өзгерістер болуы мүмкін.

Төмендегі салыстырма кестеден қазақ тілі дыбыстарының қаншалықты күрделеніп кеткенін байқаймыз. Мұны қазақ әліпбиінің тізбек көлемінен де байқауға болады. Қазақ тілі дыбыстарының құрамы 28 дыбыс болса, қазіргі әліпбиіміз 42-ге жеткізіп отыр.

Қазақ тілінің төл дыбыс құрамы

Аа Әә Бб Ғғ Гг Дд Ее Жж Зз Йй Ққ Кк Лл Мм Нн Ңң Оо Өө Пп
Рр Сс Тт Уу[w] Ұұ Үү Шш Ыы Іі

Ең бастысы таңба ұқсастығына қарап дыбыс та ұқсас екен дегеннен аулақ болу керек. Қазақтың барлық дыбысының өзіндік айтылым үлгісі мен естілімі бар. Тіптен «а» дауысты дыбысының айтылымы қазақ тілінде өзінше, орыс тілінде өзінше. Тағы мысал: ортақ «к» әрібін қазақ тілінде бір түрлі (тіл ортасы), орыс тілінде екінші түрлі (тіл арты) дыбыстаймыз. «У» таңбасының атауы «ұу» [uw] болып, естілім жағынан орыстың дауысты дыбысына ұқсап кетеді. Содан барып қазақ тіліндегі «у» [w] дауысты деген түсінік пайда болған. Ал шын мәнінде, жағдай басқа-басқа: орыс тілінде қазақ тіліндегідей дауыссыз «у» [w] дыбысы жоқ.

Ендеше, таңба ұқсас болса, дыбыс та ұқсас болады деген жалған ұғым тумау керек.

Қазақ тілінің аралас дыбыс құрамы

Аа Әә Бб Вв Ғғ Гг Дд Ее Ёё Жж Зз Ии Йй Ққ Кк Лл Мм Нн Ңң
Оо Өө Пп Рр Сс Тт Уу Ұұ Үү Ээ Фф Хх Нн Цц Чч Шш Щщ Ъь Ьь
Ыы Іі Юю Яя

Кіріме таңбалардың құрамы
Вв, Ёё, Ии, Ээ, Фф, Хх, Цц Чч, Щщ,
Уу, Ъь, Ьь, Юю, Яя
Һ һ

Бұл құрамға араб-парсы дәстүрімен жалғасып келе жатқан «Һһ» таңбасын қосу керек. Сонда қазақ әліпбиін көпіртіп жүрген кіріме таңбалардың саны шыға келеді.

Сонымен, ең бастысы – әріп таңбаларының тұрқы өзара ұқсас екен деп олардың дыбысталуы да бірдей деген ұғым тумау керек. Сондықтан қазақ және орыс дыбыстарының жасалым/естілім (артикуляция/перцепциялық) ерекшелік-терінің басын ашып алып, оқу-әдістеме құралдарын құрастырғанда және сауат ашу үстінде қатаң ескеріп отырған жөн.

Төл әліпби құрамы мен аралас әліпби құрамын салыстырып қарағанның өзінде көлем айырмашылығы бірден көзге түседі. Ендеше латын әліпбиін қабылдау үстінде төл дыбыстарымыз бен кіріме дыбыс/таңбалардың белгілену ретіне мұқият қарау керек болады.

Әдебиет:

1. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. –Алматы: Арыс, 2004. – 781 б.
2. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. –Алматы: Арыс, 2009. –308 б.
3. Мырзабектен С. Қазақ тілі фонетикасы. –Алматы: Қазақ университеті, 2004. –247 б.; Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. –Алматы: Ғылым, 1975. –304 б.
4. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. – 783 б.

Bukharshina A.
Teacher of English language
Sayazhanova A.Zh.
Student of Karaganda State University
named on E.A.Buketov

Trilingual is a lifetime warranty at profession

At present, the approach to the Kazakhstani higher education is drastically changing. It is due to many reasons, the basic one being the 2030 Kazakhstan development program. In his 1998 Presidential Address, President Nursultan Nazarbaev stated the accomplishments and problems of the country and announced the priorities of the country's development for the period up to 2030. He expressed his belief that each citizen of Kazakhstan «has ripened a profound awareness of the fact that one can no longer live for the day only, merely in an incessant turmoil of settling present day tasks» and they had to well remember that «apart from the goals set for the period of today, our generation bears tremendous responsibility to future generations, which is, in fact, responsibility of parents and grandparents to their children and grandchildren.» Speaking about building a new state, a new market economy and a new democracy, the necessity to honestly analyze both external and internal factors of the country's development and to identify priorities and elaborate the relevant strategy on the basis of the people's general consolidation, on the basis of Kazakhstani history and unique circumstances was mentioned. The long-term priorities of the country, mentioned in the Program, were national security, country's political stability and consolidation of the society economic growth based on an open market economy with high level of foreign investments and internal savings to gain realistic, stable and steadily growing rates of economic growth, power resources, health, education and well-being of Kazakhstani citizens [1].

To accomplish the above-mentioned goals exploiting only the country's richest natural resources – vast land areas, arable lands and natural resources of enormous wealth – is not enough as it cannot promote development of the country's economy without good human resources. The President remarked that «we may be proud of a highly educated population with a pretty high standard of scientific and creative potential. This indeed is a tremendous achievement of our people... and of the former system for that matter. We must do our utmost to further develop this invaluable asset of ours and grant it ever new, ever civilized opportunities of development». But to do it, it is necessary to transform mass consciousness. Given this, support should be sought in the younger generation, which is more flexible in adapting to the new system of values and has a fresh vision of the future.

The ideas were further developed in other programs and addresses. In the 2007 Presidential Address New Kazakhstan in the New World [2], President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev stated it that to ensure the competitiveness of the country and its people, the gradual implementation of the cultural program should be realized. This objective should be approached with the development of Kazakh as the

official language, Russian as the language of communication, and English as a means of successful integration into the global economy.

Since then trilingualism as the main country's cultural program has been implemented. We should note, however, that the concept of multilingualism was not new for the country then. Kazakhstan has long prioritized learning languages of different peoples of the country. In schools, vocational schools and universities education is provided in both Kazakh and Russian. Moreover, foreign languages were taught in all educational institutions. It speaks to the effect, that in Kazakhstan bilingual education was established and trilingual education as a trend was appearing. However, for many reasons Kazakhstani educational institutions did not ensure good language proficiency in the languages taught, so a new approach to language teaching and learning had to be introduced. The current program states it that the Kazakhstani education should become high quality to enable Kazakhstani people to become competitive at the global labor market, to give them an opportunity to enter best world universities, to be mobile and able to learn all life. Doing that, one should not forget about the importance of developing a harmonious person with high moral values and national identity, a person who is world-minded, but never forgets his «roots» [3].

The program is very ambitious and many efforts have been made to achieve its goal, therefore, we consider it relevant to briefly review its main achievements and challenges. The article briefly summarizes the main steps taken and focuses on introduction of trilingualism in Kazakhstani higher education institutions.

In 2012, the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan and some universities that had made experiments in introduction of polylingual education developed the Concept of Polylingual Education Development [4] in which the current state of the Kazakhstani educational system and the possibility of introducing trilingual education were analyzed and priorities in trilingual education development were stated. The concept required a review of the language education content, developing a new strategy in teaching languages in Kazakhstani education institutions, as well as the language content, which should be scientific based, and correspond to the overall trilingual education program.

Among the main objectives of the program are training university lecturers able to give courses in trilingual education programs; enhancing prestige of using the Kazakh language; maintaining the system of language diversity in Kazakhstan; ensuring functioning of the Russian language in the communicative sphere; provision of systematic scientific and methodological support to teaching English and other foreign languages; development of polylingual education infrastructure; development of intercultural component of language education; and ensuring the intellectual growth in Kazakhstan by acquainting its people with cultural values.

The education principles in the Kazakhstani trilingual system are as follows:

¾Kazakh – Russian – English;

¾Languages are learnt separately;

¾Learning of the languages is based on the native language;

¾Teaching a foreign language is teaching how to express thoughts in a foreign language, teaching its culture;

¾Development of trilingual personality;

¾Speech development algorithm: subvocalization – oral speech - written speech;

¾Communicative ability [5].

Thus, currently a most important objective of an education institution is teaching students global cultural values enabling them to successfully communicate and interact with people of other cultures on the global level. When studying foreign culture, history, geography, literature, arts and science students will get better understanding of their own culture and language. Research and practice of interconnected teaching native and foreign languages prove its impact on the harmonious development of personality [6].

The tactics of implementing trilingual education in Kazakhstani higher education institutions include:

¾ development of regulations on implementation of trilingual education programs;

¾ training teachers for trilingual education programs;

¾ utilization of world experience, which can be adapted to trilingual education;

¾ review of level model of foreign language teaching and learning in order to develop similar models of teaching and learning the Russian and Kazakh languages, which will develop standards in teaching the languages.

¾ establishment of the national coordination center of trilingual education [5].

We can already state some visible results of the program. The Ministry of Education and Science has promoted publishing trilingual dictionaries of terms (English-Kazakh-Russian), textbooks, workbooks; it monitors the implementation of the national budget program of professional training and retraining of teachers in public education institutions. The Daryn National center holds seminars and workshops, national English Olympiads, participates in developing English courses for schools with intensive English learning. Realization of Bologna Process principles in the Kazakhstani higher education is monitored which enables

one to state the main achievements and gaps and develop a strategy for improvements. Regional programs of developing trilingualism have been designed. Links of universities with Kazakhstani and foreign organizations, enterprises and educational institutions have been reinforced. The number of English-speaking guest lecturers and professors who work in higher education institutions is rapidly increasing. More students participate in academic mobility and work programs abroad. In universities trilingual education centers which coordinate university policy in trilingual education and provide for the training and professional development of trilingual specialists, have been established. Several schools and universities of Kazakhstan have developed trilingual education programs and a number of integrated courses taught in English. New school textbooks are published in six languages: Kazakh, Russian, Yigur, Uzbek, Turkish, and German.

The implementation of trilingualism in Kazakhstani higher education institutions has been further enhanced by the A Hundred Steps to Realize Five Institution Reforms Plan of the Nation (20.05.2015) [7] and the Plan of Enhancement of Trilingual Education for 2015-2016, as of October 30, 2015 [8].

In Part III of the A Hundred Steps to Realize Five Institution Reforms Plan of the Nation a gradual transition to English language education in high school and higher education institution education (Article 79) was stated, in Part IV Identity and Unity – development and implementation of the «Nurly Bolashak» National Program and development of the mangilik el values in the school education programs were mentioned (Article 89). The Plan of Enhancement of Trilingual Education for 2015-2016, approved by the State Secretary of the Republic of Kazakhstan G. Abdylkalikova [8] is a set of organizational and informative measures taken in order to motivate Kazakhstani people of all age to learn Kazakh, Russian and English languages.

It is of great significance that the concepts of the Trilingual education are being realized on the regional level. Thus, in August 2015, in East Kazakhstan, the program of trilingualism development in East Kazakhstan region for 2015-2018 was adopted [9]. The goal of the program is to establish the necessary organizational, methodological, pedagogical, and financial support to enhance development of language competences in Kazakh, English, and Russian. The Program has three stages. During the first stage (2015-2016 academic year) the number of English lessons is to be increased and academic groups of 10-12 students are to be formed. All secondary schools of the region are to start using the same English and Kazakh textbooks and teaching materials. The second stage (2016-2017 academic year) integrated English, Kazakh (for secondary schools with instruction in Russian) and Russian (for secondary schools with instruction in Kazakh) courses in Geography, Biology, Physics, Mathematics, etc. are to be developed. The system of bonuses for the teachers of English, Kazakh (for Russian-speaking students) and Russian (for Kazakh-speaking students) who will provide for high final grades of their students will be introduced. The final stage, 2017-2018 academic year, presupposes introduction of assessing communicative competence of students in four language skills in English, Kazakh, and Russian in accordance with the European standards A1, A2, B1. The Program stipulates assistance of the British Council and Nazarbayev University and the establishment of three training centers for English teachers where 79 English native speakers will work. Though the program concerns secondary education, as a result we will get entrant students with better language proficiency, who will be ready to take trilingual education programs.

Achievements in implementation of trilingual education cannot be underestimated, however, there are some things that can hamper the accomplishment of the goals, one of them being modification of higher education in accordance with Bologna principles. The SWOT-analysis made by the Center of the Bologna Process and Academic mobility [10] states it that the state provides support for all Bologna political and educational aims, the content of graduate and post-graduate programs is changed in accordance with the Bologna Process in the majority of Kazakhstani universities, education programs are modified in accordance with the labor market and needs of the society, development of international links and partnership with foreign higher education institutions is possible, as well as greater access to European education and research facilities.

The Bologna Process enhances innovations in the Kazakhstan higher education system, however, the process is hampered by insufficient methodological and organizational support and law regulations on implementation of Bologna principles and parameters in Kazakhstani universities, low interaction of the universities and the society, difference between Kazakhstani and European educational systems, lack of regulations in free academic mobility of students, and few highly-qualified specialists, who could provide for effective cooperation with foreign education institutions. Besides, Kazakhstani academic community is not well informed of changes in higher education system in accordance with the Bologna Process, as well as of its concept. The situation is worsened by lack of institutions, which would do regular monitoring of implementation of Bologna principles in foreign higher education institutions. Therefore, to improve the situation with academic mobility of Kazakhstani students, which, in general, can enhance development of trilingual education in the country, implementation of the Bologna Principles should be accelerated and made systematic not only on the level of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, but on the university level. We do think it will only be realized if universities are

given more autonomy which is already provided for in the *A Hundred Steps to Realize Five Institution Reforms Plan of the Nation* .

A real problem in designing and developing courses for trilingual education programs is in lack of precise requirements as to the skills and competencies a trilingual specialist should have on the completion of the education program. Without filling this gap it is impossible to properly design any course of the program. Of even greater concern is the focus of those who are in charge for the realization of the Program on its social and organizational aspects. We cannot deny the importance of motivating people to learn languages, the necessity to form closer links with the world leading universities or provide professional development programs for teachers of English, however, many efforts may be in vain, if the methodology is not proper. Here there are still many problems to solve, one of which appears to be with the development of lingual personality. It is well-known that many problems with acquisition of a foreign language are connected with insufficient development of language skills in the native tongue. At the initial stage of language acquisition it is vital to properly develop phonetic skills, that is, phonemic hearing as well as connected with it word analysis and synthesis. Otherwise, it will result in numerous spelling mistakes, more difficulties in learning how to read and write not only in one's native, but also in a foreign language the person may study. Similarly, poor vocabulary, lack of knowledge in combinatory potential, stylistic stratification of words, and word-building limit the person's ability to speak and write properly in any language he/she may use. Poor knowledge of one's native language structure not only results in gross mistakes in the person's mother tongue, but can make the learning grammar of a foreign language and, consequently, development of speaking and writing in a foreign language quite difficult. At times, it is practically impossible, as lack of knowledge of the native tongue's structure will lead to language interference which cannot be compensated. Over twenty years of teaching experience in higher education institutions have shown significant decrease in first-year students' language proficiency in both their native and English languages which may be connected with the changed school program. In our opinion, successful realization of the Trilingual Program in Kazakhstan is only possible if thorough learning of a native tongue is provided at school. Another issue, which requires consideration, is design and development teaching materials for Kazakh, Russian and English courses. At present, in an attempt to develop new language textbooks, educators tend to copy the structure and the content of some best-selling course books without taking into consideration the fact that the majority of them are not designed with consideration of the native tongue of the learners, which can make the process of grammar acquisition more difficult. Practice shows it that university students who are learning English with high quality Longman, Oxford University Press and McMillan textbooks (A1, A2, B1, B2 levels) get good everyday vocabulary and enough listening practice, however, their grammar skills are not properly formed. Thus, learning foreign language teaching and learning from the world experience is necessary, but only on condition that we remember the goals of language learning in our country, the specifics of the native, Kazakh/Russian, languages of the learners, and are ready not just to use the already existing world experience but improve it in accordance with our ambitious aims.

Another challenge is design and development of integrated courses as for that not only good language proficiency, but teaching techniques used in the formation of language skills are required. Therefore, school and university teachers who are to give integrated courses should be trained both in the language and in methods of teaching a foreign language as it is the only way to make a language integrated course effective. These are only some of many challenges Kazakhstani educators face, yet there is hope that support of the state, greater autonomy of the universities and competence of educators will help realization of trilingual higher education in the Republic of Kazakhstan.

References

1. Долгосрочная стратегия развития Казахстана «Казахстан-2030»
2. Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире // Казахстанская правда. -№ 33(25278). - 2007.
3. Государственная программа развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы // edu.gov.kz .
4. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы // ru.government.kz/resources/docs/doc18.
5. Есетова Е.М. Межкультурная парадигма – новая онтология современного образования. Межкультурное обучение: истоки, содержание//<http://www.adastra.2005.narod.ru/esetova.doc> .
6. Галеев В.Н., Нигматов З.Г. Полилингвальное обучение и глобальная информатизация//<http://ito.bitpro.ru/>.
7. Распоряжение государственного секретаря Республики Казахстан №11 от 30.10.2015.
8. <http://www.inform.kz/rus/article/2777943>.
9. https://www.kt.kz/rus/society/v_vostochnom_kazahstane_razrabotana_programm
10. a_razvitija_polijazichija_na_20152018_godi_1153609471.html .
11. <http://naric-kazakhstan.kz/kz/home/o-tsentre/strategiya-razvitiya> .

Айтыс жанры мен ақын типінің пайда болу

Айтысты «қазақтың төл сөзі, төл өнері» дейміз, ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшелігі мейлінше мол түрі деп әспеттейміз. Айтысты ақын типі жеткізетінін де білеміз. Ел іші – өнер кеніші дегенімізбен, сол айтыс пен ақын сияқты жанр һәм типтер қайдан шықты, бастауы қайда, тарихы мен тағылымы нешік, осы біздің айтып жүргеніміз қай айтыс немесе қай түріне жатады екен деген сауалдарға жауап бере алуымыз әсте күмәнді (әдебиетші ғалымдарымызды қоспағанда). Айтыс, айтыс деп бер жағынан ғана қайтып, ішкі мәні мен мазмұнына барып жатпаймыз. Рухани мәдениет, әлеуметтік өмірмен байланысы бар ма, бар болса қандай? Оның *тан* пен *тұр*, *тин* пен *миф* процестерінде қаншалықты әсері мен үлесі бар дегенге тіл мен әдебиет маманы ретінде аз сөз қосқанды борыш көрдік.

Ақындықтың жөні бір бөлек. Айтыс ақындары – тобы тіптен бір бөлек этнографиялық мәнге ие фольклорлық тип. Бұның табиғи сипаты, ежелгі түп арнасы, мәдени рөлі өзгелерге қарағанда, тағы да басқашалау. Неге басқа емес, дәл айтыс туралы айтудамыз, себебі: айтыс өлеңдері – қазақ ауыз әдебиетіндегі ең мол, ең ауқымды жанрдың бірі де бірегейі. Сонымен, айтыс пен ақын жайлы кішігірім зерттеу жүргізсек, айтыстың мифтік, мәдени жағын, ежелгі арнасын, қайдан пайда болғаны жайлы.

Айтыс – қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің құнарлы бір арнасы ретінде бағзы замандарда туып қалыптасқан көне жанр. Айтыс қарсылас екі ақынның немесе топтың жиын-тойда кезектесіп қолма-қол, жолма-жол әдемі шығарып айтылған ұйқасты өлеңіне құралады. Айтыс – сөз барымтасы. Айтыс – өмірлік мәні бар оқиғаларды тартыс арқауы ете отырып, соны ақынның жеңіске жету жолындағы өз мақсаттарына орай тілге тиек етіп, белгілі бір көркемдік деңгейде кезектесе сипаттауы арқылы жасалатын кең тынысты туынды. Өзінің мәнерлі де айшықты тіл кестесімен саф алтындай күні бүгінге дейін ұмытылмай, халық жадында сақталып келуі де сондықтан. Ал енді, айтыстың ең алғашқы түріне келсек, ол елдің байырғы тұрмы-салтына байланысты айтылып келген «Жар-жар», «Бәдік» айтысына, яки, жеңіл-желпі қайымды қағысулар, әзілді шекісулерге талапкер жұрттың бәрі де өз қадарынша қатысқан. Жалпы, айтыстың негізгі ерекшелігін академик Мұхтар Әуезов дәл басып көрсеткен болатын: «Ру жігіне бөлінген ел кей кезде ұранмен бас құрасып, ұран атымен тіршілік еткенде *рудың бәйгеге қосқан атын қызықтаса, күреске түскен палуанын қызықтап намыспен сүйсе, мынау өлеңдердің тұсында сол сияқты ру таласы, ру намысы, ру бәйгесіне сөз жүйірігін қосқандай болып жік-жікке бөлініп, солардың тілеуін тілесіп, қызығын қызықтасады. Талас-тартыс тек екі ақын арасында ғана емес, бәсеке тілеуестік екі жарылған жиында да болады*». Басқаша айтсақ – тапқыр сөз, тамаша ұйқас, әсем әуен, нақышты ырғақтардан мол эстетикалық ләззат алып, көңілдерін көтеріп, рухтарын бір серпілтіп, жақсылықтарын үйреніп, жамандарынан жиреніп, тыныш, орнықты, мәдениетті қоғам құруға құлшынады. Сол себепті қазақта «айтыс болады екен» десе, жеті жасар баласынан жетпістегі шал-кемпірге дейін желпінбейтіні жоқ. Жоғарыды айтқанымыздай, айтыстың ең ескі түрі, түп бастауы сол топ-топ болып өзінше хормен айтылатын көне салт өнерінен басталады, содан бері келе жатқан ақындар айтысына өрістеп ауысқандай. Бұл пікірді С.Мұқанов, Ә.Рақымжанов қостайтынын айта кеткен жөн.

М.Қаратаев ақындар айтысын ырыми жанрлармен ғана емес, үлкен этнографиялық тағылымға, шешендік сөз өнеріне орайлас құрылғандығын айтады. Әр ғалым айтыс жанрларын әртүрліше топтайды. Мысалы, С.Мұқанов айтыстың: жар-жар, қайымдасу, жұмбақ айтсы, дін айтысы (оның ішінде бәдік айтысы мен шарифат тақырыбындағы айтыс). Міне, айтыстың шаманизмге де байланысты қыры бар екенін осы тұста аңғарып қаламыз: «Шаман дінін қолданып жүрген адамдар: малға, адамға тиетін індет ауруының иесі, құдайы бар деп түсінген және «бәдік»деп атағанын көрсетеді. Айтыс қазақта ғана емес, сонымен қатар біршама түркі тектес халықтармен қоса шет ел әдебиетінде ұқсас жанрлар бар. Бұл туралы ғалым Е.Тұрсынов айтыстың түп-тамырын зерттеп, фольклор үлгілерін жасап сақтаушы әрі таратушылардың типтерін көне заман белгілерімен салғастыра отырып, әдемі топшылаған.

Әртүрлі халықта айтыстың алуан формалары кездеседі. Осылардың бәріне ортақ сипаттар төмендегідей айтыстың дамуына орай беріледі: 1) Айтысқа бір ру немесе бір ауылға жататын адамдар түспейді (қазір де сол); айтыстың негізгі мазмұны қарсылас жақ руының, ауыл адамдарының кемшіліктерін айтып, әшкерелеу болып келеді. Демек, айтысқа түскен адамдар өздерін жеке атынан ғана емес, бүкіл ру, ауылдарының атынан сөйлейді; 2) әке жағынан туыстас қыз, келіншектермен айтысқа түспейді; айтысқа тек рулары (ауылдары) бөлек жігіттер мен қыз-келіншектер және құдалар (экзогамия салты бойынша, үйленетін жігіт пен қыздың рулары бөлек болуы шарт) түседі. Мысалы, дәстүрімізде де үйлену салтында қызды алып келеген жігіттің қасында арнайы айтысуға дайындалған ақындар келеді екен. Бірақ айтыс осымен шектелмейді. Қыз жағынан адамдарды жігіт жағын кемітуге

тырысып, неше түрлі амалдар жасайды, жігіт жолдастарының бет-пішіндерін, киген киімдерін, мінген көліктерін, сыйға тартуға алып келген заттарын т.б. тілге тиек етіп мазақ етеді, келеке қылады. Екі жақ арасында қызу сөз жарысы басталады. Бұл не деген сөз? *Айтыстың түпкі мақсаты – ұту, қарсыласын қисында да, уәжді сөзбен қапысын тауып, еріксіз тізе бүктіру.* Міне, осыдан кеп айтысушылардың қай-қайсысы болса да өз шама-шарқынша ұтудың алуан амал-жолдарын, бұлтартпас айла-тәсілдерді қарастырады. Демек, қазақтың айтыс өлеңдері халықтың қоғамдық өміріне, тұрмыс-тіршілігіне байланысты және жазу өнері болмаған кезінде туып, қалыптасқан. Айтыс жанрының шығу төркінін анықтауда мынадай мәліметтерді мәні зор болмақ: функциялық құрылыс жағынан құдалар айтысына қыз бен жігіттің айтысы жақын. Олай дейтініміз: екеуінде де айтысқа түсушілер – *потенциалды жағдайда бір-бірімен неке қатынасына түсе алатын адамдар.* Бір-бірімен туыс қыз бен жігіттің өзара айтысқа түсетін фактілер біз білетін халықтардың ешқайсысында кездеспейді. Бұл экзогамия қатынастары нәтижесі. Қыз бен жігіт айтысы қазақ, қарақалпақ, қырғыздан басқа қарашай, балқарларда бар.

Қарашайлар *оны «ийнар» және сүймеклік жырла» деп атайды екен.* Олардың екеуінде де өлеңнің алғашқы екі жолы өзгермей қайталана берді де, айтысушылар тек соңғы екі жолды өзінің ойнан шығарып отырған.

Тағы да қазақтың үйлену дәстүріндегі айтысқа ұқсас «хорызбехер» деп аталатын адыг халықтарында: өлең түрінде емес, қара сөз түрінде өтетін айтыс бар. Бұл үйлену фольклорына жатады. Бір ерекшелігі әрі ұқсастығы айтыс көңілді, қағытпа қалжыңға толы түрде өтеді. Тайландтың негізгі халқы – таилерде «плең» деп аталатын айтыс бар: 1)Ән, әуен; 2) белгілі бір әуенмен табан астында шығарылған өлең. Плеңнің де бірнеше түрі, өту әдебі, әуен-мақамы бар. Еркек пен әйелдің немесе еркектер мен әйелдер тобы арасында өтетін айтыс «лен плең» деп аталады. Лен плең екі топқа бөлінеді, олар: «сакава» (*екі кісіяки, екі топ* арасындағы айтыс). Айтысқа түсушілер өлеңді белгілі бір аспапқа не болмаса шапалақтап, әйтеуір бір ырғаққа сүйемелдеп табан астында өлеңдеп айтады. Өлеңі келіспеген адамды отырған жұрт мазақ қылып, күлкінің астына алады. *Демек, бұл жағынан да қазақ айтысына ұқсас келеді. Көңіл аударатын бір жайт: айтыстың шығу тарихында эндогамды байланыс жатыр. Демек, еркектер мен әйелдер арасындағы айтыстың түп негізі екі ру арасындағы айтыс болып шыға келеді* (Е.Тұрсынов бұны неолит дәуірімен байланыстырады). Жиын тойларда сөз жарыстыру, күш сынасу, ат жарыстыру қатар өрбіп жатады, яғни, бұлардың бәрі ата-бабаларымыздың ырым-өмірінде дуальдық мифтерді иллюстрациялау мақсатымен ұйымдастырылған *ырымдар комплексінің бөліктері.* Түрлі халықта айтыстың түрлі формалары кездеседі. Судан халықтарының «сананкуы», фульберлердің айтысы, зұлыстардың «губушеласы», ұйғырдың «лапы», қабардылардың «хорызбехері», халха, дөрбеттердің айтысы прозалық сықақ, әзіл-қалжың, мазақ түрінде өтеді. Алтайлардың «тамыры», қарашай, балқарлардың «ийнары», «сүймеклік жырлары», қазақтың қайым айтысы кезінде айтысушылар жаттанды шумақтарды пайдаланып, соңғы бір-екі жолын ғана өз ойынан шығарып қосып отырады. Айтыс өнерінің ең жетілген түрі, биік шыңы – табанасты өлең шығарып айтысу, яғни, ақындық айтыс. Ғалымдар: «айтыс өнерінің түпкі тамырын жар-жар, бәдіктен де бұрынырақ барып, фатриялардың ырым-салттарына, алғашқы қауымның әлеуметтік-экономикалық тіршілігінен іздеуіміз керек», – дейді.

Сонымен, *ақын типіне* көшпестен бұрын айтысты алуан түріне байланысты бөлген зерттеушілердің классификациясын аз-маз шолып өтелік. С.Мұқанов зерттеулерінде қазақ айтыстарын: *«1.Әдет-ғұрып; 2.Қайымдасу айтысы; 3.Жұмбақ айтысы; 4.Дін айтысы; 5.Ақындар айтысы»* деп топтастырады. Қ.Жұмалиев айтысты: *«1.Бәдік айтысы; 2.Жар-жар; 3.Мал мен адамның айтысы; 4.Өлі мен тірінің айтысы; 5.Жұмбақ айтысы; 6.Салт айтысы: қыз бен жігіт, ру айтыстары; 7.Осы күнгі айтыстар»* деп жеті топқа бөледі. Қазақ айтысындағы кейбір даулы мәселерді М.Омарханұлының зерттеулерінен нақты әрі дұрыс шешімін көреміз. Ғалым айтысты: *«1.Әдет-ғұрып айтысы; 2.Ақындар айтысы деп топтайды. Автор әдет айтысына «Бәдік» пен «Жар-жарды», ал ақындар айтысына рушылдық, жұмбақ, дін айтыстарын»* жатқызады. Сондай-ақ ақындар айтысын түре, сүре деп екіге бөледі де, бір-бір ауызсөзбен шектелетін түре айтыстың өзін «қайым өлең, қара өлең» деп тағы ажыратып береді. Ал төселген, суырыпсалма ақындар айтысына сүре айтысты қосады.

Алғашқы әлеуметтік таптардың қалыптасу, даму процесі бүкіл әлеуметтік-экономикалық өмірде болып жатқан мамандалу процестерімен астасып жатты. Ақын болсын, бақсы, дәнекерші, не жырышы болсын, жалпы өнер дәстүрінің мыңдаған жылдар бойында сатылап дамып, жетіліп, сала-сала болып бөлінуінің жемісі. *Біз фольклорлық дәстүрді тереңірек зерттемесек құрғақ баяндаушылыққа, жай гана ой-жобамен айта салушылыққа ауып кетуіміз ғажайп емес.* Қазақ ауыз әдебиетінің күрделі мәселелерін талқылап, топтастырған еңбектерде сөз өнерін жадында жаттап, дамытып, ұрпақтан ұрпаққа мұра қылып қалдырушылардың типтерін шығу төркініне қарай анықтама беріп, бөлген біраз дерек бар. Бұл мақаланың негізгі мақсаты – фольклор үлгілерін сақтап, дамытып таратушылардың ең көне типтерінің шығу тегін тексеру, зерттеу, әлі де болса беті ашылмай жатқан кейбір мәселе

фольклор үлгілерін сақтап таратушылар типтерінің арғы негізін, қалай пайда болғандығын әлеуметтік жағдаяттармен тексеру.

Кезек – ақын типінде. Көптеген ғалымдар пікіріне сүйенсек «ақын» сөзі қашан, қайдан, қалай пайда болды деген сұраққа екі жақты жауап алады екенбіз. Парсыша «ахунд» («оқыған, білімді, құрметті, ақылгөй адам») сөзінен шыққан. Бұл атаудың шығу төркініне алғаш назар аударған орыс ғалымдары Л.Будагов пен В.Радлов, Самойлович пен Смиронова еді. Ғалымдар сөздігінде: «*Ақун, ақын* (парсының ахунд сөзінен) – тумысынан суырып салмалық қасиеті бар импровизатор», – деген анықтама берілген.

Әдебиетшілердің зерттеуінде М.Әуезов пен С.Мұқановтардың пайымына қосыла отырып «ақын» сөзін ақынның өлеңі ағынын күшті судай тасып жатады, сондықтан да «ақын» сөзін «ағын», «ағылу» сөздерімен байланыстырған жөн» дейді, Е.Ысмайыловпен бірігіп жазған еңбегінде Е.Тұрсынов ойлары да осыған саяды. Дегенмен аталған екі пікірдің де даулы тұстары жоқ емес... Ақындарды жыраудан да, жыршыдан да айыратын негізгі өзгешелік бар. Ол қандай өзгешелік? Ол – айтысқа түсу. С.Мұқанов: «Шынында, айтыс жанры ақынның жазба әдебиет тумаған кезде ақынға «ақын» деген атақ әперетін ең басты поэзия «айтыс» болған», – дейді. Сөз таласы деген қашанда қиын, қызықты, аса қырағылықты танытатын өнер. Дәл сол сөз таласына түспеген адам ақын бола алмайды. Ақындарды ауыз әдебиетінің өзге де өкілдерінен оқбойы ажыратып тұратын да өзгешелік осы. Р.Бердібаев өз зерттеуінде: «Айтыс – көп жағдайда ақындыққа аттестат беретін бірден-бір сын еді», – деуі дәлел бола алады.

«Ақын» сөзінің түпкі тамырын түсінуге бірқатар түркі тілдерінде сақталған, ағышмақ – «*шабуылға шығу*», «*бірін-бірі қорғау*» нұсқалар бар. Осыларға қоса «ақын» сөзі: «барымта», «ойран салу», «шапқыншылық ету» деген сөздерге арқау бола алатындай. Кей ғалымдардың пікірінше «ақын» сөзі «барымталау», «ойран салу», «шабуылға шығу» мағынасын білдіреді. Себебі ретінде, бір руға жататын ақындардың бір-бірімен сөз жарысқа түспейтіндігін, рулары бөлек ақындардың («ақун», «еқин», «ахын») ғана түсетінін алға тартады. Өз елін барымталамайды, өз еліне шабуыл жасамайды деп ой түйеді. М.Әуезов : «...Ол айтыс үстінде сол атсыз ақын, бала ақын, қыз ақын, қыз өзімен таласушы, жарысушы әріптесіне қандайлық қатты сөз, ащы мысқыл, тіпті бас мінесу сияқты айтыстарда болатын тұрпайы ауыр сөздер айтса да ол кінә болып, айып болып саналмайды. Қайта «сөз тапқанға қолқа жоқ» дейтін, айтыс турасындағы халық құптаған нақыл бойынша, сө тауып, қарсы ақынды жеңсе сол жеткілікті... Міне, бұл айтылғандардың бәрі де айтыста шынды айтысу, ащы сөйлеу, туралап соқтығу дәстүрлерінің молдығын білдіреді», – деп жазады. *Негізгі мәселемізге келсек, ақын типі жырау типінен кейін пайда болған. Қалай? Қашан?*

С.Мұқанов: «Ақындардың ең көне – түрі жыраулар» десе, Е.Ысмайылов ақындарды жыраулар салған сара жолдың негізінде пайда болғанын айтады. Ал Н.Смирнова бұған қатысты: «Қазақтың *ақын* деген – *жыраудың* кейінгі кезде шыққан атауы», – деген тұжырым ұстанады. Осыған қарағанда, ақын типі жырау типінен кейінгі дәуірде пайда болғанға ұқсайды. Енді *жырау мен ақын* типтерін салыстырсақ: 1) Ақындар арасында ерлер де, әйелдер де бар. Тіпті, қыз бен жігіттің айтысы қызсыз өтпейді. Жыраулар болса, тек ер кісілер арасынан шығатыны баршаға мәлім. Мұның өзі патриархаттың әдбен нығайған кезінде пайда болғандығын көрсетеді. 2) Ақын – рудың өкілі. Айтыста ақын руы үшін сөйлейді. Ру атынан бәсекеге шығады.

Ал жырау ше? Жырау – бүкіл дүйім жұрттың, яки, тайпалар одағының (жүздік, хандық) өкілі. Ел атынан түседі. Осыдан біз ақындық типтің бірте-бірте бірігіп жыраулыққа ауысуын көреміз. Осыған дейінгіні қорытсақ: ақын – көне дәуір өкілі де, жырау бергін пайда болған, кейінгі дәуір тұлғасы. Жоғарыдағы пікірлерге қарама-қайшы тұжырым. Қызық, әрине. 3) Ақын – ырыми рәсімдерді атқарады, қатысатын әрі сол ырыми түрлі-түрлі рәсімдерді басқаратын адам. Ол қандай рәсімдер? *Ең көне* деп саналатын: үйлену той, (беташар айту, тойды өлеңмен бастау), кісі өліміне байланысты рәсімдердің бәрін де ақын атқарады. Ал жыраулар ше? Бұлардың ешқайсысы да оларға тән емес. Әрине, кейде мақтау өлеңдер айтады, алайда, ақынның бойында синкреттілік сипат басым. Міне, ақырындап ақын типінің қыр-сыры анықталып, нақтылына түсуде. 4) Ақындарға тән көне сипаттар осымен шектелмейді. Халық ұғымы бойынша, ақындық адамға тылсым күштердің әмірімен дариды. Бұл магиялық ұғыммен астасып жатыр. Ар жағын өзіңіз-ақ пайымдай беріңіз. Тағы бір жайт бар: ақындар өнері туралы ұғымдардың ішінде тотемдік ұғым кездеседі. Ал сол тотемдік ұғымдар ең көне наным-сенімдер қатарына жататыны мәлім. Мысалы, Жамбылдың айтуынша, «*әр ақынның аң кейіндегі жебеушісі*» болады-мыс. Бұл жебеуші тек ақын көзін көрinedі, өзге ешкімге көрінбейді. Жамбылдың жебеушісі оның көзіне «арыстан» кейінде, ал Сүйінбайдың жебеушісі «көк қасқыр» кейінде көзіне көрinedі екен. Ал жырауларда ше? Оларға тотемдік ұғым, тіпті тән емес.

Дәнекершілер – ақын типінің түп негізі. Қарастырып отырғанымыз – *әр типтің, әр фольклорлық ұғымның пайда болуы*. Өйткені фольклор өкілдерінің кейбір типтерінің терең тамырлары ерте дәуірлердің тұңғығында жатқанымен, олар жеке-жеке тип болып кейінгі дәуірлерде қалыптасуы мүмкін. Ақын типіне жататын фольклор өкілдерінің репертуарлары мен функциялары синкреттік

сипатқа ие дедік. Бұл жалпы ақындарға тән сипат. Көркем шығармашылықтың ырыми рәсімдермен байланыстығы – көнеліктің белгісі. Н.Смирнова: «*Ақындардың репертуары фольклордың барлық жанрларын: әндерді, ертегілерді, аңыздарды, жырларды, айтыстарды, ырыми және насихат поэзиясын қамтыған*», – деуі бекер емес. Осы айтылған жағдайлар қазақ ақындарына ғана емес, сонымен қатар ақын типіне жататын өзге де халықтардың фольклор өкілдеріне де ортақ. Байқасақ, қазақ ақындарының репертуарлары мен функциялары, түрікмен «шахырларының», қарақалпақ «бақсыларының» функциялары өте ұқсас болып шыққан. Ақындардың дәнекершілікпен байланысын кейбір халықтарда кейінгі кездерге дейін байқауға болады. Мысалы, алтайдың аңшылары аң аулауға шыққанда өзімен бірге әнші-домбырашылар мен жыршылардың батырлар жыры мен түрлі әндерін тыңдаған екен. Бұл табиғат иелері әнші-домбырашылар мен жыршылардың айтқанын сүйсініп тыңдайды да риза болып, аңдарды аңшыларға қарай айдап әкеп береді.

Алайда айтыскер ақындардың негізгі функциясы ырыми фольклор мен ырыми рәсімдерді атқару емес, өзге ақындармен айтысқа түсіп, өмірді түрлендіріп, жақсылыққа қарай насихаттап, халық көңілін алдарқату, яки, жақсылыққа үміттендіру болса керек. Тағы бір қосарымыз: айтыс өлеңдерінің идеялық бағыты біркелкі болмауы сияқты, оның көркемдік дәрежесі де әртүрлі. Айтыс өлеңдерінің ішінде олпы-солпы құрала салғандары да көркемдігі төмендері де бар. Мұнымен қатар, айтыс өлеңдерінде нағыз ақындық шабыттан туған асылдары, әсерлі-әдемілері, жазба поэзияға пара-пар келетіндері жетерлік. Оларды шын мәніндегі көркем, хас шебердің ақындық қиялының асыл қазынасы деп қабылдауға болады. Сонымен, қорыта келсек: *айтыс* – ақындардың негізгі жанры һәм функциясы болып табылатынына толық көз жеткіздік. *Ақын* типінің қалыптасуы – айтыс жанрының қалыптасуымен жүйелі әрі өте тығыз түрде өрбуі заңды құбылыс. Нақтыласақ, осы қос өзекті һәм өткір мәселені бір-бірінен ажыратып, бөле-жара қараудың қажеттілігі жоқтығын пайымдадық.

Әдебиет:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы, 1991.
2. Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. - Алматы, 1976.
3. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. - Алматы, 1976.
4. Рахымжанов Ә. Айтыстар. - Алматы, 1972.
5. Мұқанов С. Халық мұрасы. - Алматы, 1974.
6. Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1994.
7. Айтыс. – Алматы, 1965.
8. Қазақ әдебиетінің тарихы. - I том. - Алматы, 1960.
9. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. - Алматы, 1958.
10. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. - I кітап. - Қызылорда, 1932.
11. Ысмайылов Е. Ақындар. - Алматы, 1956.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз (Е.Қажыбек).....3

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

<i>Р.Сыздықова</i> Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы.....	4
<i>Ө.Айтбаев</i> Ұлт мәдениетінің Хантәңірі.....	9
<i>Б.Әбілқасымов</i> Ахметтану саласының өткені мен бүгіні.....	20
<i>Т.Жұртбай</i> Ахмет Байтұрсынұлы және біртұтас алаш идеясы.....	22
<i>Ф.Оразбаева</i> Мәңгілік тұғыр	26
<i>З.Базарбаева</i> Ахмет Байтұрсынұлы – суперсегментті фонетиканың көшбасшысы.....	28
<i>Д.Қамзабекұлы</i> Ұлттық аты-жөн: А.Байтұрсынұлынан С.Батыршаұлына дейін.....	31
<i>А.Ісімақова</i> Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануының реформаторы.....	35
<i>З.Бисенғали</i> А.Байтұрсынұлы және абайтану.....	40
<i>Ә.Жүнісбек</i> Тағы да А.Байтұрсынұлы мен қазақ тілінің дыбыс құрамы жайлы.....	43
<i>Ж.Манкеева</i> А.Байтұрсынұлы терминдерінің лингвомәдени мәні.....	47
<i>Г.Смағұлова</i> А.Байтұрсынұлы қазақтың шешендік сөздері жайында.....	49
<i>Hüseyin Kahraman Mutlu</i> Ahmet Baytursinov'un hayatı ve dilaraştırımları hakkında düşünceler.....	52
<i>М.Джусупов</i> А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі функционалдық стиль мәселесі.....	55
<i>А.Салқынбай</i> Әліпби – таңба жұмағы.....	59
<i>Г.Қосымова</i> А.Байтұрсынұлы – мәтін теориясының негізін салушы.....	61
<i>М.Атабаева</i> А.Байтұрсынұлы септік жалғауларының емлесі жайында.....	65
<i>Ш.Құрманбайұлы</i> Ахмет Байтұрсынұлының аудармаларындағы балама сөздер («Қырық мысал» негізінде).....	70
<i>Т.Ермекова</i> А. Байтұрсынұлы мұрасына заманауи көзқарас.....	74
<i>Н.Асқарбекова</i> ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек қорындағы Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы.....	77
<i>З.Күзекова</i> А. Байтұрсынұлының сөйлем мүшелерін топтастыруы туралы.....	79
<i>Б.Момынова</i> «Қазақ» газеті – өз заманының рухани үдерістері мен әдеби тілге ықпал етуші ақпараттық құрал.....	82
<i>Д.Ысқақұлы</i> А. Байтұрсынұлы – қазақ терминологиясының атасы.....	86
<i>Б.Жахина</i> Ахмет Байтұрсынұлы, жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ... ..	89
<i>Р.Шаханова, Ж.Сейсенбаева</i> Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің бүгінгі қазақ тілін оқытудағы манызы.....	92
<i>Э.Оразалиева</i> Тың ойлардан бастау алған тілтаным (А.Байтұрсынұлы еңбектері негізінде).....	94
<i>М.Сабыр</i> А. Байтұрсынұлы көтерген білім беру саясаты: кеше және бүгін.....	99
<i>С.Әлісжан</i> А.Байтұрсынұлы және қазіргі лингвистикалық парадигмалар.....	101
<i>Н.Ильясова</i> А.Байтұрсынұлының қазақ грамматикасын анықтап-белгілеудегі ұстанымы әлемдік лингвистика деңгейінде.....	103
<i>Ш.Шарапатұлы</i> Ахмет Байтұрсынұлының көсемсөздеріндегі тіл мәселесі.....	106
<i>Қ.Күдерінова</i> А.Байтұрсынұлының емле ұстанымы, орфограммалау тәсілдері.....	110
<i>М.Жолшаева</i> А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі «тіл – сөйлеу – оқыту» мәселелерінің сабақтастығы.....	115
<i>Р.Имаханбет</i> Ахмет Байтұрсынұлы мұрасының зерттелуі: дерек пен дәйек.....	118
<i>А.Шаяхмет</i> Араб таңбасы – Ақаң «Әліпбиінің» негізі.....	123
<i>О.Жұбаева</i> Қазіргі қазақ тіл біліміндегі инновациялық бағыттардың А.Байтұрсынұлы еңбектерімен сабақтастығы.....	126
<i>А.Ойсылбай</i> «Әдебиет танытқыштағы» пән сөздерінің жүйеленуі.....	132
<i>Г.Мамырбекова</i> А.Байтұрсынұлы әліпбиіне қатысты қоғамда орын алған пікірталастар.....	136
<i>А.Қобланова</i> А.Байтұрсынұлы – қазақ грамматикасының негізін қалаушы.....	139
<i>А.Қайыров</i> А.Байтұрсынұлы және қазақ тілі грамматикасының мәселелері.....	143
<i>Г.Сәдуақасова</i> А.Байтұрсынұлы – сөйлем мүшелері ілімінің негізін салушы.....	147
<i>Р.Бақбергенова</i> Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесінің реформаторы.....	151

<i>А.Кушкимбаева</i> Әлемнің тілдік бейнесін түзудегі А.Байтұрсынұлы өлеңдеріндегі сентенция құбылысының ерекшелігі.....	154
<i>Ш.Әуелбекова</i> Ahmet Baytursinuli alfabetesindeki milli degerler.....	157
<i>Ж.Ибраимова</i> А.Байтұрсынұлы – қазақ әдеби тілінің негізін салушы.....	162
<i>Н.Сайбекова</i> А.Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің негізділігі.....	164
<i>Ж.Әнесұлы</i> Ұлтына ғұмырын арнаған ұлы тұлға.....	168
<i>А.Юсуп, П.Юсуп</i> Алаш зиялыларының еңбектеріндегі ана тілі мәселелері.....	171
<i>М.Иманқұлова</i> А.Байтұрсынұлы еңбектері – тілдік танымның бастау негізі.....	173
<i>Н.Танкиева</i> Значение газеты «Қазақ»и ее влияние на становление терминологии казахского языка.....	178
<i>Е.Маралбек</i> А.Байтұрсынұлының географиялық танымы және географиялық атаулар.....	181
<i>А.Хасанова, Г.Рахымжан</i> Ұлттық жазудың ұлы жаршысы.....	186
<i>С.Өмірзақ</i> Ахмет Байтұрсынұлының сөз өнері жайлы тұжырымдары туралы таным.....	190

ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>А.Жұбанов, Б.Карбозова</i> Метамәтіндік белгіленімдер негізінде салалық пәндердің терминологиялық қорын құрастыру.....	192
<i>Қ.Рысалды</i> Қазіргі тіл білімінің когнитивтік-дискурсивтік парадигмасында семантикалық категорияларды зерттеу үрдісі туралы.....	195
<i>Д.Әбділәшімұлы</i> Қытай архивтерінен табылған Көгедай күннің бір парша хаты туралы тарихи дерекнамалық ізденіс.....	199
<i>А.Алдаш</i> Әскери іс атауларының тарихи бастаулары.....	202
<i>З.Ахметжанова, А.Баймурзина</i> М.Қойгелдінің «Күрескер» мақаласына интерпретациялық талдау.....	205
<i>К.Абишева</i> Іскери қауышудың интерактивтік сипаты.....	208
<i>А.Тымболова</i> Мемлекеттік тілді меңгерту бағытындағы қазтест жүйесінің жетістігі.....	212
<i>Б.Шалабай</i> Синтаксистің жұмсалымдық аспектісі.....	215
<i>Ж.Сәдуақасұлы, Г.Әбенова</i> Мектеп оқулықтарындағы неологизмдер және жаңа терминжасау мәселелері.....	218
<i>Б.Қасым, Г.Нурбекова</i> Филология мамандықтарында түбірлес сөздерді оқытудың әдістемелік негізі.....	220
<i>С.Исакова</i> Когнитивтік терминтанымдағы тіл мен білім мәселесі.....	224
<i>А.Оңалбаева, К.Оңалбаева</i> Қазақ тілінде көңіл күйді білдіретін бейвербалды амалдардың гендерлік сипаты.....	227
<i>А.Жаңабекова</i> Қазақ тілінің ұлттық корпусына енгізілетін метабелгіленімдер әзірлемесі туралы.....	229
<i>Б.Тамаева</i> Тілдің прагматикалық табиғаты.....	234
<i>И.Иванова</i> Лексические средства выражения длины, расстояния в якутском и казахском языках (функционально-семантический аспект).....	237
<i>А.Сейтбекова</i> Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы афоризмдер.....	241
<i>Ш.Бекмағамбетов</i> Тілдік таңба-нышандардың пайда болуы және оқылуы (С.Қондыбай пікірлеріне орай).....	243
<i>Б.Ақбердыева</i> Тілдегі ассоциациялық байланыстар мәселесі.....	248
<i>А.Аманбаева</i> Қазақ сөйленімін синтездеудің әдіс-тәсілдері.....	250
<i>Ж.Жұмбаева</i> Қазақ тіліндегі сөйленім синтезі: дауысты фонемалардың берілуі.....	252
<i>Ұ.Қайырбекова, Ұ.Исаева</i> Күнтізбе жүйесіндегі космонимдер мен табиғат құбылыстарының бейнеленуі.....	255
<i>А.Аширова</i> Газет мәтініндегі тақырыптардың синтаксистік құрылымы.....	257
<i>М.Жунисова</i> Ғылыми грамматикадағы лингвистикалық терминдердің қолданысы (Ә.Құрышжанұлының еңбегі бойынша).....	260
<i>С.Ережепова, А.Бакиева</i> Техникалық жоғары оқу орнында қазақ, орыс тілдерін оқытудың жаңа мазмұны.....	262
<i>М.Жүнісова, А.Смаилова</i> Модульдік оқыту технологиясының тиімділігі.....	264
<i>А.Өмірзақова, С.Татиева</i> Техникалық ЖОО-да кәсіби қазақ тілін оқытудың қиыншылықтары.....	266
<i>Ә.Әбілғазыұлы</i> Қазақ тіліндегі етістіктің осы шағы туралы зерттелімдер.....	269

<i>Д.Ислам, Г.Сатылханова</i> Прозадағы көркемдік деталь қолданысының авторлық мақсаттағы орны.....	271
<i>Р.Оразова, Ж.Кундузбаев</i> Языковая политика в Казахстане: история.....	275
<i>К.Алдашева</i> Жаңа сөздердің менталды лексиконда репрезентациялану үдерістері	278
<i>А.Набидуллин</i> Лингвистикалық дүниетаным ұғымы: шектес категориялар vs. негізгі аспектілер.....	282
<i>А.Қасымбекова</i> Қазақ-ағылшын ертегілеріндегі мифологиялық сипаттағы кейіпкерлер.....	285
<i>Г.Ерсұлтанова</i> «Тілдік тұлға» ұғымының құрылымдық мәні.....	287
<i>Ұ.Жұмабайқызы</i> «Күлтегін» құлпытасындағы дауыссыз дыбыстардың емле ережесі.....	290
<i>Ж.Оралқызы</i> Тілдікті қалау райдың қолданылуы мен жасалу жолдары	294
<i>А.Әбілемет</i> Қазақ тіліндегі айқындауыштың зерттелуі және айқындауышты тіркес туралы пікір.....	296
<i>Н.Сұлтанова, К.Кожанова, А.Рыспанова</i> Медициналық оқу орнында шет тілі сабағында қолданылатын аутенттік мәтіндер және олардың сипаттамалары.....	299
<i>Қ.Зарлықова</i> Адам ұғымының өзектелуі	301
<i>Н.Сұлтанбаева</i> Компьютерлік лексиканың ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылуы.....	305
<i>М.Игілік</i> Кәсіби тілдік тұлғаның психолінгвистикалық ерекшеліктері	308
<i>Ә.Әбсаттар</i> Қазақтың халық әндерінің лингвомәдени әлеуеті.....	314
<i>А.Бураханова</i> Қазақ тілінің терминологиялық лексикасын байыту.....	320
<i>Г.Кайрақбаева, Э.Кыдырмолдина, М.Сайынова</i> Жаңа ақпараттық технологияларды ағылшын тілі сабағында тиімді пайдалану.....	323
<i>Р.Құлабаева</i> Түркі тілдерін зерттеудің негізгі кезеңдері.....	327
<i>А.Бекқали</i> Тәрбиедегі ата-ана мен бала қарым-қатынасының маңызы.....	330
<i>А.Төрәлиева</i> Дидактикалық ойындардың бала ой-өрісіне әсері.....	332
<i>Ж.Күлбарақова</i> Ертегілер арқылы бала шығармашылығын қалыптастыру	334
<i>М.Шалабаева</i> Ұлттық ойын -ұрпақ тәрбиесі.....	337
<i>М.Бисенбаева</i> «Тіл-этнос-мәдениет» арақатынасын зерттеудің жаңа бағыттары.....	339
<i>А.Аманжолова</i> Оқушының тілдік тұлғасын қалыптастырудағы мектеп сленгінің қызметі	343
<i>Ж.Тұрарова</i> Заң тілі ерекшеліктерін және тілдік норма талаптарын сақтау мәселесі.....	346
<i>Қ.Балпанова, А.Саяжанова</i> Жаңа педагогикалық технологияны қазақ тілі пәнінде пайдалу әдістері.....	350
<i>Ш.Айтмағанбетова</i> Проблемные вопросы перевода на государственный язык официальных текстов.....	352
<i>Г.Еркеғалиева</i> Синтаксистік синтагма – білім беру философиясындағы филологиялық герменевтиканың құрамдас бөлігі.....	359
<i>А.Шормақова</i> Қазақ тіліндегі өсімдік әлемінің зерттелуі.....	361
<i>Қ.Абиыр</i> Жер-су атауларының қызметі.....	363
<i>Ұ.Бекназарова</i> Қазақ елін әлемге таныту жолы – көркем аударма	366
<i>А.Демеуова</i> «Махаббат» концептісінің қазақ-ағылшын тілдеріндегі лингвомәдени көрінісі.....	369
<i>Қ.Аязбекова</i> Отбасылық салт-дәстүрдің көркем шығарма өзегіндегі орны.....	372
<i>Р.Магнурова</i> Кәсіби қазақ тілін деңгейлеп оқытудың тиімділігі.....	374
<i>Н.Шамшен</i> Қазақ тіліндегі фитонимдердің лексика-семантикалық жіктелімі.....	376
<i>А.Молдашева</i> Латын әліпбиі мен қазақ тілінің оқу-құралдарындағы әліпбиі.....	379
<i>А.Вухаршина, А.Саяжанова</i> Trilingual is a lifetime warranty at profession.....	382
<i>А.Құнанбай</i> Айтыс жанры мен ақын типінің пайда болуы.....	386

«Елтаным баспасы»-ның баспаханасында басылды.
050052 Алматы қ-сы, Садовый бульвар к-сі, 1 үй.
E-mail: eltanym@mail.ru.
Тел.: +7 701 698 25 49
+7 777 246 91 21

Көлемі 24,75 б.т. Офсетті қағаз. Пішімі 60x84/8.
Таралымы 100 дана.